Бүгінгі жаскелең ұрпақ – ертеңгі біздің мемлекетімізідің тұтқасын ұстайтын бәсекеге қабілетті білікті маман



Білім қазынасы - адамзат баласының қол жеткізген ұлы игіліктерінің бірі. Біздің білімге беретін сипатымыздың өзі әртүрлі. Оны біз ұрпақтан - ұрпаққа ауызша, жазбаша түрде немесе көркем әдебиет арқылы да жеткізіп келдік. Білімнің нәрі кітап. Сан ғасырлық ақыл – ойының жемісі, тарихы мен тағылымының алтын сандығы. «Кітап дегеніміз – алдыңғы ұрпақтың артқы ұрпаққа қалдырған рухани өсиеті. Кітап оқудан тиылсақ, ой ойлаудан да тиылар едік» - деген еді Ғабит Мүсірепов. Олай болса, неғұрлым кітап көп оқысақ адамзат баласының көзі ашық, көкірегі ояу болатыны хақ. Осы орайда қазіргі жастарымыздың кітап оқи ма деген сауал келеді? Жастарымыз кітап оқығаннан гөрі көбірек ұялы телефонға үңілгенді жөн көреді. Біз оны заман талабы ма, әлде балаларымыздағы жаман әдет пе түсіне алмай, қоғамға, ортаға жабамыз. Кітапты таңдап талғап оқи білу, оны түсіну мен түйсіну, алған әсеріңді өмір қажетіне жарата білу – әрбір адамның білігі мен білімін, пайымы мен парасатын айқындайтын бірден-бір айқындығы. Әр заманда қабілетті маман дайындау. Шығармашыл, ізденімпаз мұғалімнің шығармашылығындағы ерекше тұс - оның сабақты түрлендіріп, тұлғаның жүрегіне жол таба білуі. Ұстаз атана білу, оны қадір тұту, қастерлеу, арындай таза ұстау - әр мұғалімнің борышы болып табылады. Ол өз кәсібін, өз пәнін, барлық шәкіртін, мектебін шексіз сүйетін адам. Өзгермелі қоғамдағы жаңа формация мұғалімі – педагогикалық құралдардың барлығын меңгерген, тұрақты өзін-өзі жетілдіруге талпынған, рухани дамыған, толысқан шығармашыл тұлға құзыреті. Жаңа формация мұғалімі табысы, біліктері арқылы қалыптасады, дамиды. Нарық жағдайындағы мұғалімге қойылатын талаптар: бәсекеге қабілеттілігі,

жастарға білім берудің негізгі құралы болып келеді. Білім алуға және ғылымға ұмтылыс халық санасының терең ішінен әрдайым орын алды. Білімнің мәнін «Ақылдан қымбат байлық жоқ», «Ақылды сатып ала алмайсың», «Ақыл - тозбас киім, білім - сарқылмас бұлақ» деген халықтың даналық сөздерінен-ақ байқауға болады. Білімді ұрпақ біздің болашағымыз. Білім нәрімен сусындыратын біздің ақылшы –ұстаздарымыздың мыңжылдық еңбектерінің арқасы. Тәуелсіздігімізді алғаннан бері еліміздің экономикалық және әлеуметтік дамуымен қатар білім беру жүйесін жаңғырту мақсатында кезең-кезеңімен реформалар жүргізіп келеді. Сол білім беру жүйесіндегі реформаларды жүргізу Егемен Қазақстанның алғашқы құқықтық құжаттарының бірі-Тәуелсіздік Декларациясында бекітілген болатын. Қазіргі білім беру жүйесінің мақсаты - бәсекеге білім беру сапасының жоғары болуы, кәсіби шеберлігі, әдістемелік жұмыстағы шеберлігі тәуелсіздік алғалы бері жыл сайын жүргізіліп, білім жүйесіне енгізіліп отырған реформалар біздің болашағымызға салынып жаткан даңғыл жол деп айтуымызға болады. Даму жолы яғни экономикалық-әлеуметтік жағдайына тікелей апарар жол – сол елдің білімінің дамуы болып табылады. Яғни, болашақта бәсекеге қабілетті мемлекеттер қатарына ену міндеті бәсекеге қабілетті жас маман мойнына жүктелетін абыройлы да, жауапты міндет болып отыр. Бүгінгі жаскелең ұрпақ – ертеңгі біздің мемлекетімізідің тұтқасын ұстайтын бәсекеге қабілетті білікті маман, ел тағдырын ойлайтын шешуші азамат екенін естен шығармасақ!

Асия БОТАБЕКОВА,
Кентау көпсалалы колледжінің информатика пәнінің оқытушысы.

тушия күні



ы халық дегінген.
биліктің иесі ретінде
ренитетінің көрінісі
желей республикасын
йлау арқылы жүзеге
бірге білік жүргізуді
ндарға тапсырады
ғын айшықтайтын
нормалары мен
а емес, бекітілген
ы да қоғам мен
дамыған елдердің
ді. Сол себепті
еке тұлғалардың,
ндардың және
рдың Республика
деген дастұрлі

ЕНБЕККЫЗЫ,
сей қызметкері.

Бүгінгі жаскелен ұрпақ – ертенгі біздің мемлекетімізідің тұткасын ұстайтын бәсекеге кабілетті білікті маман



Білім қатынасы - адамзат баласының кол жеткізген ұлы жетістіктерінің бірі. Білім - ұрпақ беретін сипаттамыздың ең негізгі. Оны бір ұрпақтан - ұрпаққа дұрыс жауапша түрде немесе көркем әдебиет арқылы да жеткізіп келеді. Білімнің нәрі кітап. Сан ғасырлық ақыл – ойының жемісі, тарихы мен тағылымының алтын қазынасы - Кітап дегенімізі - адамзық ұрпақтың артқы ұрпаққа қалдырған рухани мирасы. Кітап оқудан тыйылсақ, ой шұғылдан да тығылар едік» - деген еді ғафит Мүсірепов. Одай болса, негұрлым кітап көп оқысақ адамзат баласының көзі ашық, көкірегі ояу болатыны хақ. Осы орайда қазіргі жастарымыздың кітап оқи ма деген сауал келеді. Жастарымыз кітап оқығаннан гөрі көбірек ұялы телефонға үңілгенді жөн көреді. Бұл оның заман талабы ма, әлде балаларымыздағы жаман әдет пе түсіне алмай қалдық. ортаға жабамыз. Кітапты таңдап, талғап оқи білу, оны түсіну мен түйсіну, алған жеріңді өмір кажетіне жарата білу – әрбір адамның білігі мен білімін, пайымы мен парасатын айқындайтын бірден-

кәсіптегі маман дайындау. Шығармашылық үдерістегі мұғалімнің шығармашылығындағы ерекше тұс - оның сабақты түрлендіріп, тұсқаның әуретіне жол таба білуі. Ұстаз атана білу, оның қатар тұрған кәсіптерден ерекшелігін таныта ұстау - әр мұғалімнің борышы болып табылады. Ол өз кәсібін, өз пәнін, барлық шәкіртін, мектебін шексіз сүйетін адам. Өзгермелі қоғамдағы жаңа формация мұғалімі – педагогикалық құралдардың барлығын меңгерген, тұрақты өзінің жетілдіруге талпынған, рухани дамыған, толысқан шығармашыл тұлға құмырсқа. Жаңа формация мұғалімі, табысы, білімдері арқылы қалыптасады, дамиды. Нарық жағдайындағы мұғалімге қойылатын

«Білім айнасы» газетінің қосымшасы желтоқсан 2022 ж. №12 (1067-журнал)
Приложение к газете «Білім айнасы» декабрь 2022 г. №12 (1067-журнал)

Қазақстан Республикасы ұстаздарының ашық сабақтар, баяндама, сценарийлер жиынтығы.
Разработки уроков, занятий и внеклассных мероприятий, сценариев, докладов учителей РК.

Қазақстан Республикасының Мәдениет және Ақпарат министрлігі Ақпарат және Мұрағат комитетінде №14080-Г, 30.12.2013 жылы тіркелген.
Поставлен на учет в Министерстве Культуры и Информации Республики Казахстан, и в Комитете информации и Архивов за №14080-Г от 30.12.2013 г.

Аты: «Білім айнасы» республикалық ғылыми-танымдық газеті.
Название: Республиканская научно-познавательная газета "Білім айнасы".

Тілі: қазақша, орысша.
Язык: казахский, русский.

Негізгі тақырыптық бағыты: білім саласына арналған танымдық газет.
Основное тематическое направление: научно-познавательная газета для образовательной сферы.

Таралу аумағы: Қазақстан Республикасы
Территория распространения: Республика Казахстан

Редакция авторлардың пікірімен келісе бермейді. Сөздік, басқа да мәселелер бойынша авторлар өздері жауапты.

Мнение авторов и редакции может не совпадать. Ответственность за опубликованный материал несет сам автор.

Астана, 2022 жыл

Мазмұны:
Содержание:

1. **Акишева М.К.** – Дәрігермен сұхбат.....3
2. **Иманкулова А.К. –** Virtual reality.....6
3. **Кокулова Т.Ж. –** Білім беруде ақпараттық-коммуникативтік технологиялардың мүмкіндіктері.....8
4. **Досаманова Э.М. –** Инклюзивті білім беруде ППҚҚ әдістері және аутистік спектрі бұзылған балалардың коммуникативтік дағдыларын қалыптастыру.....10
5. **Айдарбекова А.А.** – Табиғат қорғаушылары.....13
6. **Смагулова Ш.Т.** – Электр қуаты.....14
7. **Ашимбекова Т.А.** – Ақпараттық процестермен жұмыс.....20
8. **Тасжанова М.Д.** – Қазақ тілін оқытудың әдістемесі.....24
9. **Альмуратова Г.К. –** Құрлық суларының түрлері мен қалыптасуы.....27
10. **Какимова Ж.Б.** – Бейінді оқытуды психологиялық үйлестіру.....32
11. **Нәжім М.Б. –** Кемеңгер жазушы.....35
12. **Сахарбаева М.Ә**. – Инклюзивті білім беру жағдайында оқыту үрдісін ұйымдастыру.....41
13. **Мусаева В.М.** – Отан отбасынан басталады.....44
14. **Юсупова К.А.** - Қазақ тілі сабағында оқушылардың сабаққа қызығушылығын арттыру.....48
15. **Ботабекова А.Е.** - Ақпараттық технология элементтерін тиімді қолдану тәсілдері..51
16. **Садыкова А.Т.** - Менің отбасым.....54
17. **Бауыржанова А.Б.** - Балуан Шолақ ескерткішінің шығу тарихы.....56
18. **Шакирьянова Г.А.** - Базарлық.....58



Акишева Мария Кудайбергеновна
Ұлытау облысы Жаңаарқа ауданы
Мұқажан Жұмажанов атындағы ауылдық округы
«Жаңаарқа ЖББМ» КММ
қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі

Дәрігермен сұхбат

Білім беру ұйымының атауы	Жаңаарқа жалпы білім беретін мектебі	
Пәні:	Қазақ тілі	
Бөлім:	Денсаулық – зор байлық	
Педагогтің аты-жөні:	Акишева М.К.	
Күні:	12.10.2022ж	
Сынып: 7	Қатысушылар саны:	Қатыспағандар саны:
Сабақтың тақырыбы:	**Дәрігермен сұхбат**	
Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаты:	7.2.5.1 мәтін бойынша проблемалық сұрақтар құрастыру; 7.4.1.1 жалғаулар мен шылаулардың ерекшелігін ескере отырып, үндестік заңына сәйкес орфографиялық нормаға сай жазу	
Сабақтың мақсаты	*Барлық оқушылар үшін*: «Дәрігермен сұхбат» тақырыбын меңгеріп, мұғалімнің көмегімен мәтін бойынша сұрақ құрастырып, жалғаулардың ерекшелігін еске түсіреді; *Көпшілік оқушылар үшін: мәтін* бойынша проблемалық сұрақтар құрастырып, жалғауларды талдау кезінде ажырата алады, орфографиялық нормаға сай жазады *Кейбір оқушылар үшін:* жалғаулардың түрлерін ажыратып, үндестік заңына сәйкес орфографиялық нормаға сай жазады; мәтін бойынша проблемалық сұрақтар құрастырып, талдайды.	
Ойлау дағдыларының деңгейі	Қолдану, талдау	
Бағалау критерийлері	Мәтін бойынша проблеманы анықтай алады. Проблемалық сұрақтар құрастырады. Жалғауларды үндестік заңын ескере отырып жалғайды. Орфографиялық нормаға сай жазады.	
Құндылықты дарыту	«Зайырлы қоғам және жоғары руханият» (3 құндылық) шығарманы оқыту арқылы шынайы сезімге, адал махаббатқа, өнерге деген құрметке, сыйластыққа және ізгілікке тәрбиелеу.	
Пәнаралық байланыстар	Биология	
АКТ қолдану дағдылары	Тапсырмалар, интербелсенді тақта, бейнеролик, таным тақтасындағы көрнекіліктер.	
Бастапқы білім	**Иммунитет**	

Сабақтың барысы				
Сабақтың кезеңі//уақыты	**Педагогтің әрекеті**	**Оқушының әрекеті**	**Бағалау**	**Ресурстар**
Ұйымдастыру Өзін-өзі тексеру Өткен білімді еске түсіру	**I. Ұйымдастыру кезеңі.** Оқушылар түгенделіп, сабаққа назары аударылады. Оқушыларды **«Жылулық шеңберіне»** тұрғызады. Топқа бөледі. Топтарға өзін - өзі бағалау парағы таратылады. **1-топ «Дәрігерлер»** **2-топ «Мейіргерлер»** **3-топ «Фармацевттер»** Таным тақтасына ілінген көрнекіліктер арқылы алдын-ала дайындалған ауылымыздың тумасы, балалар дәрігерімен жүргізілген сұхбат аудиожазбаны тыңдату арқылы өткен сабақты пысықтап, жаңа тақырыпты ашады. Мұғалім жаңа сабақтың мақсатымен таныстырады. **Дескриптор** өткен тақырыпты еске түсіреді; жаңа тақырыпты ашады. **🕮Оқылым тапсырмасы** **Топтық жұмыс** **«Конверттегі сұрақ» әдісі.** Мәтін мазмұны бойынша топтық талқылау жүргізіп, бір нақтылау сұрағын құрастырады. Сұрақтарын жазып, конвертке салып, келесі топқа береді. Конверт алған топ сұрақты оқып, оған жауап жазады да өздері бір нақтылау сұрағын құрастырып, келесі топқа береді. **Дескриптор:**	**«Өрмекшінің торы»** әдісімен бір біріне жылы лебіздерің білдіреді Оқушылар сұхбат арқылы өткен тақырыпты еске түсіреді, сұрақтарға жауап береді. Мұғалімнің көмегімен жаңа тақырыпты болжайды. Оқулықтағы 1-оқылым мәтінін оқып, «Конверттегі сұрақ» әдісімен тақырып бойынша проблемалық сұрақтар дайындап, өзара	«Өрмекшінің торы»  Мадақтау сөздер   ҚБ 	Оқулық, дәптер  https://youtu.be/RNpUfmmbKrs «Конверттегі сұрақ» әдісі

Жаңа білім Бекіту Сабақтың соңы Кері байланыс	мәтінді оқиды; ой қорытып, проблемалық сұрақтар құрастырады; **2. Жеке жұмыс.** Оқылым мәтінінен жалғаулы сөздерді тауып, кестеге жазыңдар. **Дескриптор:** мәтіннен көптік жалғаулы сөзді табады; тәуелдік жалғаулы сөзді табады; септік жалғаулы сөзді табады; жіктік жалғаулы сөзді табады. **2. Жеке жұмыс.** Кесте түсірілген ақ парақ таратылады. Кестеде берілген ой-пікірдің дұрыс-бұрыстығын анықтайды. **Дескриптор:** Дұрыс ақпаратты анықтайды; Бұрыс ақпаратты анықтайды; **4. Жұптық жұмыс. «Автор орындығы» әдісі** «Аурудың себептері және одан сақтану» деген тақырыпта төменгі сынып оқушысына нұсқаулық жазып, үздік нұсқауды «Автор орындығында» оқыңдар. **Дескриптор:** нұсқаулық жазады; **Кері байланыс:** **«Термометр» әдісі** 38 – қызықсыз, күрделі 36,6 – қызықты да түсінікті 34 - пайдасыз, құнды емес. **Үй тапсырмасы:** 5-тапсырма	ой бөліседі, сұрақтарға жауап береді. Мәтіннен жалғаулы сөздерді тауып, үндестік заңына сәйкес кестеге орфографиялық нормаға сай жазады. Кестеде берілген ой-пікірлердің дұрыс-бұрыстығын анықтайды. Топтағы оқушылар жұптасып төменгі сынып оқушыларына нұсқаулық жазып, топ ішінде үздік нұсқаулық талқыланып «Автор орындығында» оқиды.	ҚБ  Өте жақсы Жақсы ҚБ «Одағай лар» әдісі  Ооооо! – тамаша жауап;  Ойййй! – төмен жауап ҚБ  	Жеке жұмыс. «Тер мо метр» әдісі




Иманкулова Айжан Кажибеккызы
Алматы қаласы Әуезов ауданы,
«№ 173 мектеп-лицей» КММ
ағылшын тілі пәні мұғалімі


Virtual reality

LESSON 29 **Unit 3: Virtual reality**		School-lyceum: № 173	
Grade: 10		Number present:	Number absent:
Theme of the lesson:	***Virtual reality***		
Learning objectives	10.1.1 - use speaking and listening skills to solve problems creatively and cooperatively in groups; 10.2.1 - understand the main points in unsupported extended talk on a wide range of general and curricular topics, including talk on a limited range of unfamiliar topics; 10.5.7 use appropriate subject-specific vocabulary and syntax to talk about a range of general and curricular topics 10.6.4 - use a wide variety of determiners and pre-determiner structures on a wide range of familiar general and curricular topics;		
Lesson objectives	**All learners will be able to:** use some target vocabulary successfully in opinion tasks and show some gist understanding of the appropriate situation **Most learners will be able to:** use most target vocabulary successfully inn opinion tasks and show some gist understanding of the appropriate situation **Some learners will be able to:** use most target vocabulary successfully in opinion tasks, read effectively for gist and identify all specific information		
Criteria	Learners have met the learning objective (C10 / S7) if they can: speak about the problems and suggest the solutions to some of the problems in the pictures		
Previous lesson	VR-ART: Create Noosa		

Plan

Plannedtimings	**Plannedactivities**	**Learners' activities**	**Evaluation**	**Resources**
Begining 5 min	GREETINGS **Module Objectives** Read the title of the module *Virtual reality*and ask Ss to suggest what they think the module will be about.Go through the objectives list to stimulate Ss' interest in the module.	*Learnersdivided into two groups and answer that the module is about applications of virtual reality, materials & substances, mobile apps and computer accessories & gadgets* Students see "Check this words"		Video https://youtu.be/ub2UHnywordPI0Q Wordlist

	Vocabulary **To introduce the topic of virtual reality** Read the definition aloud and explain/elicit the meanings of any unknown words. Then ask what Ss know about VR and what we use it for.	Ss to discuss in pairs and then ask share their answers with the class. *Suggested Answer Key* VR uses computer technology to create realistic images and sounds that allows someone through a headset to feel like they are in a virtual or imaginary environment.	*Verbal evaluation*	
Middle 30 min	**To practise vocabulary relating to applications of virtual reality** Ask Ss to work in pairs or small groups and match the pictures to the applications. Elicit answers from around the class. Play the video for Ss and elicit their comments. **To match applications to their related fields** •Explain the task and read out the example. •Give Ss time to make similar sentences and check Ss' answers around the class. **To express an opinion** Ask Ss to consider the questions, then elicit ansv from various Ss around the class with reasons.	Watching video “How VR works”. Answer the questionsAnswer the questions  1.How is the headset connected to the console? 2.How do our brains get the 3D images? 3.What does the headset follow and why? 4.Why can’t we hear what is happening in the real world? 5.What will make us feel the virtual environment in the future? Find words and fill in the table  Project work. Students protect their works Fishbone method ‘2d & 3d games advantages/disadvantages’	*Verbal evaluation* *Mutual avaluation* *Individualev aluation*	https://youtu.be/0NziaqnC-Fg Student’s Book p45 Table Poster

		 Quiz-show. Team A and team B Teams choose the correct answers. At the end a winner who scores many points Task and exercises with online web-resource Learningapps		Whiteboard CD Learningapps.com
End 5 min	REFLECTION Students reflect on the lesson completing the sentences **Homework:** to learn new vocabulary units **Saying goodbye**	Today at the lesson I … The most useful and interesting thing was … I was good / bad / active at …	*Self-assessment*	




Кокулова Толқын Жумагуловна
Астана қаласы
«№25 орта мектеп» КММ
бастауыш сынып мұғалімі

Білім беруде ақпараттық-коммуникативтік технологиялардың мүмкіндіктері

Мақсаты: Ерекше білімді қажет ететін балаларды оқытуда әртүрлі технологиялар арқылы дамыту.

Қазіргі таңда педагогтың инновациялық үдерісіндегі әдіс-тәсілдерінің негізгі бағыттарын басшылыққа ала отырып, жеке тұлғаның даму ерекшеліктерін қазіргі заман психологиясы мен педагогикасына сай тәрбиелеп, білім мен тәрбиені қатар меңгертудеміз. Осыған орай, баланың дұрыс жетіліп дамуы үшін оның өміріне қолайлы жағдай жасау, тәртібін, іс-әрекет дағдыларын, танымдық ерекшеліктерін қалыптастыру, эмоциялық көңіл-күйін, баланың жеке басының әлеуметтік статусын көтеру, яғни танымдық қызметін дамытуда оқытушылар және арнайы маман иелері (дефектолог, логопед, психолог т.б) түрлі заманауи технологияларды қолданып келеді. Соның ішінде ең көп кездесетін технологиялардың бірі **Монтессори әдісі, ойын терапиясы, арт терапия, құм терапиясы т.б.** Сонымен қатар интерактивті құралдардың көмегімен мұғалімнің, оқушының шығармашылықпен жұмыс істеуіне жол ашылып отыр.





Құм терапиясы. «Құммен ойын». Құм ойыны арқылы бала қиындықты жеңе білуді үйренеді, қорқыныш, ұялшақтық сезімнен арылып, өмірді танып біледі. Құмнан түрлі мүсіндер жасау арқылы бала өзінің ішкі жан дүниесін, қобалжуын, қорқыныш сезімін жеңе алады.

Сабақ барысында АКТ-ны қолдануды жоспарлаудың негізгі талаптары:

* Психологиялық ахуал туғызу, дамуындағы кемшіліктің ескеру;
* Оқушылардың сабаққа деген қызығушылығын ояту;
* АКТ-мен жұмыс істей білуге үйрету;
* АКТ-мен орындалатын жұмыстардың қызықты болуы;
* Топ оқушыларының білім деңгейі мен танымдық қабілеттері ескерілуі қажет;
* Тапсырмалардыорындаудаестімейтін оқушыға таныс емес сөздер мен сөз тіркестерін болдырмау;



* Оқушылар өзінің үйренгенін ортаға салып, бірлесе талқылап, олар туралы пікір алысуға мүмкіндік жасау.

Сонымен қатар Мектеп жасына дейінгі балалардың өзіндік реттелуі: Зерттеудің алғы шарттары туралы Л. Выготскийдің ЖАДА туралы идеясы, Флейбелдің метатану үлгісімен таныстым. Мұнан соң АКТ-ны сабақ беруде пайдалану, демалыс және қарым-қатынас үшін АКТ-ны сенімді және сыни тұрғыдан пайдаланушыға айналатынын, интернет желісінде бірлескен жұмысқа қатысу үшін аса қажет нәрсе екенін түсіндім. Осындай дағдылар негізінде АКТ туралы білім, олардан ақпаратты алу, бағалау, сақтау, өндіру, ұсыну, алмасу үшін қолдану міндетті түрде қажет екендігін түсіндім.

Өзгеріске, жаңалыққа толы бүгінгі заман талабы мұғалімге алдында отырған бірі шапшаң, бірі баяу, енді біреулері төмен қабылдайтын зейіні, қабылдауы, есте сақтауы, ойлауы әр қилы шәкірттердің жүрегіне жол таба білетін білім біліктілігі жоғары, жаңашыл, ізденімпаз ерен қасиет иесі болуды міндеттейді. Әлемдік оқу үрдісінің өзегі – жаңа технологиялар екені мәлім. Әрбір технология өзіндік жаңа әдіс-тәсілдермен ерекшеленеді. Әдіс-тәсілдерді мұғалім ізденісі арқылы оқушы қабілетіне, қабылдау деңгейіне қарай іріктеп қолданады интерактивті модульдік технология қағидаларын іске асыру барысында оқушылардың танымдық белсенділіктерін, білім сапасын жоғарлатуға көмектеседі. Биік жетістіктерге жету үшін, мұғалім баланың мінез-құлқын, сана-сезімінің жетілу дәрежесін таным үрдістерінің (түйсігі, қабылдауы, ес, ойлау, сөйлеу, зейінінің) дұрыс бағытта қалыптасып, дамуын қадағалап әрі дамытып отыру керек.

Сонымен қатар ерекше білімді қажет ететін балаларды оқытудағы ақпараттық–коммуникациялық технологияларды қолдану: біріншіден, оқушылардың білімін берік

меңгерту құралы болса, екіншіден, балалардың сабаққа деген қызығушылығын, белсенділігін арттырып, білім сапасын көтеру болып табылады.

Қазіргі кезде елімізде, мектептерде ерекше білімді қажет ететін балалардың білім деңгейін көтеріп, өмірге қажетті білім, білік, дағдысын, тәртібін қалыптастыруға байланысты түрлі шаралар жасалуда.

Балалармен жұмыс жүргізу барысында жоғарыда аталған әдіс тәсілдерді, АКТ мен жұмыс, танымдық ойын түрлерін өз жұмысымда қолданып, ойын арқылы бала сенім-сезімдерін, танымдық іс-әрекеттерін дамытудағы нәтижелерім бала бойынан көрініп, оң нәтиже танытып келеді.

Болашақ ұрпақ бойына адами құндылықтарды сіңіріп, тәрбие өлшемдеріне сыйластық ниетпен қарауға, осы арқылы педагогикалық инновациялар мен жаңа технологияларды игерген үйлесімді болашақ тұлғаны қалыптастыруға міндеттіміз.



Досаманова Эльмира Мұратбекқызы
Астана қаласы
«№25 орта мектеп» КММ
педагог-дефектолог

Инклюзивті білім беруде ППҚҚ әдістері және аутистік спектрі бұзылған балалардың коммуникативтік дағдыларын қалыптастыру

«Бала кемістігінің даму деңгейі неқұрлым төмен болса, соғырлым мұғалімнің білім деңгейі жоғары болу керек» - дейді неміс педагог-дефектологы П.Шуман. Расында қазіргі таңда барлық әлем жұртшылығының назарын аударып отырған мәселе балалардың жеке сұраныстары мен ерекшеліктеріне ортаның, отбасының қатысуымен білім беру үрдісіне толық қосуды қарастыратын ол инклюзивті білім беру болып табылады.

Жыл сайын әлемде аутистік спектрі бұзылған балалар саны артып келеді. Клиникалық көріністің әртүрлілігімен, осы бұзылыстың асқынған формаларының үлкен пайыздық үлесінен, сондай-ақ түзету-тәрбие жұмысының күрделілігімен үйлескен кездесулердің жоғары жиілігі аутистік спектрдің бұзылуын тек қана медициналық тұрғыдан ғана емес, сонымен қатар өте маңызды әлеуметтік ретінде қарастырылып келеді. Аутизм жеке тұлғаның психикалық дамуындағы ауытқушылық ретінде қарастырылады, сыртқы әлеммен өзара іс-қимыл процесінің бұзылуы және басқа адамдармен эмоционалдық қарым-қатынастың қалыптасуындағы қиындықтарымен көрініс береді.

Қазіргі уақытта сөйлеу кемістігі бар балалар мектеп жасына дейінгі тәрбиеленушілері ғана емес мектебімізде де оның ішінде бастауыш сыныптарда да дамуында ауытқуылары бар балалардың, жалпы сөйлеу тілінің бұзылуы – сөйлеу тілінің жетілмеуі де жетерлік.

«Сөйлеу тілінің жалпы жетілмеуі» СТЖЖ терминімен балаларда қалыпты есту қабілеті мен ақыл-ойында оның дыбыстық және семантикалық жағына байланысты сөйлеу жүйесінің барлық компоненттерінің қалыптаспауы аясында туатын күрделі сөйлеу бұзылыстары түсініледі.


Шын мәнінде, аутизмі бар барлық балаларға оның коммуникативтік бағыттағы тапшылығында сөйлеу дамуының ерекше ерекшеліктері тән. Аутизм кезінде коммуникацияның бұзылуы қатты түрленеді: сөйлеудің толық болмауын яғни толықтай сөйлеу қабілетіне дейін, бірақ сөйлеудің прагматикалық жағынан ерекше ерекшеліктері болуы.

Сөйлеудің спецификациалық ерекшеліктері әдетте баланың сөйлеу реакциясының болмауында (бала тіпті өз атына жауап бермейді); әдеттегі сөздерді ерекше контексте қолдануда; түсініктерді қолдану мен мағынасын түсіну қиындықтарында; диалогты бастау және қолдау қабілетсіздігі; есімдерді ауыстыруда; сөйлеу дамуының кідірісі немесе тоқтап қалуы; бейвербалды коммуникацияның бұзылуында байқалады. Қалыпты дамуы бар балалаларда диалог монолог алдында болатыны және осы үрдіс бала үшін әлеуметтік маңызы бар екендігі жақсы мәлім. Аутистік спектрі бұзылған балалардың психологиялық-педагогоикалық түзету жүйесінде сөйлеу және коммуникатвтік дағдыларды қалыптастыруға үлкен мән беріледі.

Төменде балалардың сөйлеу және коммуникативтік дағдыларын қалыптастыру үшін мұғалімдердің сабақтарында қолданылатын ойын әдістері мен тәсілдері сипатталған. Оқыту кезінде сенсорлық сфераның ерекшеліктері де қиыншылық мәселесін тудырады: киімдегі немесе тамақтағы таңдау, тактильді әсерге жоғары сезімталдық, әртүрлі қорқыныш сезімдері; баланың іс-әрекетіндегі сәтсіздіктер кезінде ақылға қонымсыз реакциялар, қиыншылық туындаған кезде іс- әрекеттерді орындаудан бас тарту үрдісі. Аутистік спектрі бұзылған балалардың коммуникативтік қабілеттерін дамытуда әртүрлі тәсілдері бар: мінез-құлықтық терапия; ТЕАССН-тәсілі; эмоциялық-деңгейлік тәсілі және т.б. көбіне педагогтар осы үш тәсіл амалдарын қолданады.








Бала деңгейіне қарай

Алдымен бала кабинетте отырғаны үшін әдемі смайликтер, стикерлер көңіл күйді көтеретін, сурет немесе мақтау сөздерін алады, кей мереке күндері тәтті конфет беріледі, кейіннен бекіту қажеттілігі жойылады. Алдымен бала өзінің жетістігін сезінуден, содан кейін педагог ассистентімен немесе дефектологпен ойын барысында қарым-қатынас үрдісінің өзіне рахат алуға үйренеді.

Баланың оқу мінез-құлқын біз оның эмоционалдық саласының дамуынан үздіксіз қалыптастырамыз. Сенімді қарым-қатынас қалыптасқан баламен әр сабақты эмоционалды көңіл-күйде бастауға тырысамыз. Баланы оқу үрдісіне ерекше экспрессия арқылы тартамыз. Мысалы: «Ах, қандай доп! Сен оны маған әкелдің! Қандай жақсы, Санжар!». Таң қаламыз, бала іс-әрекетінің нәтижелеріне қуанамыз. Онымен бірге күліп, алақанымызды шапалақтаймыз: «Алақай!, Тамаша!». Баланың ересектерімен ынтымақтастығы барысында

біз табысқа жету жағдайын жасаймыз, бұл баланың жеке дамуы үшін маңызды шарт болып табылады. Табысқа жету жағдайын ұйымдастыру дамуында ерекшеліктері бар баламен түзету жұмысында оптимистік тәсіл принципін іске асыруға мүмкіндік береді. Мәліметтің эмоциялық күрделілігін есепке алу принципі де маңызды. Жағымды көңіл-күйді сақтауға тырысу және оның балаға бере білу қабілеті, баланың жетістіктеріне шоғырлана білу және оның сәтсіздігін байқамау маңызды болып табылады. Коммуникативтік саланы, сондай-ақ қарым-қатынас дағдыларын дамыту үшін саусақ және сөйлеу тілін дамытуға арналған ойындар жақсы.



Саусақ жаттығуларын жасағанда жаттығуға сай әуендер немесе көңілді музыка қосуға,санамақ өлеңдерін айтуға, сәйкес келетін шағын тақпақ сонымен қатар жаңылтпаштар айтуға болады.

Осыған орай эмоционалдық жауап қайтару және көзбен де қарым-қатынасты күшейтуде тактильді ойындардың да маңызы зор. Мысалы: «кішкентай аяқтар жолмен жүгірді» деген сөздерді естігенде, педагог-дефектолог алдымен баланың қолы мен арқасынан саусақпен «жүгіре жөнеледі», ал бала батыл болған жағдайда, оның саусақтары да педагогтың қолымен «жүгіре» бастайды. Осындай ойындар баланы қуантады және қызықтырады, бұл бала мен арнайы маман арасындағы қарым-қатынасты дамытуға ықпал етеді.

Аутистік спектрі бұзылған балалардың тағы бір сүйікті іс-әрекеттерінің бірі құрастыру қызметі. Ол қарым-қатынас пен коммуникативтік дағдыларды қалыптастыру үшін кеңінен қолданылады. Ойын барысында бала өз құрдастарымен және арнайы мамандармен өзара қарым-қатынас жасауға, мүмкіндігінше қарапайым және күрделі нұсақауларды орындауға мәжбүр болады. Қарым-қатынас қабілетін ерекше оқытуды қажет ететін балаларда басқа балар сияқты дамытуға болады. Мысалы: 1. Сабақты өткізгенде оның барлық элементтері бірыңғай сюжетпен байланысты және нақты мағынаға ие болатындай; 2. Әр дағдыны үйрету және оны баланың қызығушылықтары мен құмарлығына байланыстырып бекіту; 3. Сабақтың стереотипін нақты жоспарлау және біртіндеп қалыптастыру (яғни, алдымен баланы допты лақтыруға үйрету, содан кейін - доппен мақсатқа дәл тиюді үйрену және т.б). Бұл тәсілдер қарапайым немесе өте қарапайым болып көрінуі мүмкін, бірақ олар ойластырылған және жүйелі түрде пайдалану кезінде ауыр бұзылыстары жағдайында да дағдыларды қалыптастыру кезінде өзінің тиімділігін дәлелдейді. Осылайша түзету тәсілдері, тәжірибе барысында кейбір нәтижелерге қол жеткізуге мүмкіндік береді.

Қорытындылай келе, Выготскийдің мынадай керемет сөзімен аяқтағым келіп отыр: «Әр баланың өзінің деңгейі болатындай, әр балаға берілетін тапсырманың көлемі оның деңгейіне лайықталып беріледі. Әр баланы өзінің даму зонасында жетілдіру керек».



Айдарбекова Асель Аманжоловна
Астана қаласындағы
№ 62 мектеп-лицейінің
қазақ тілі пәнінің мұғалімі

Табиғат қорғаушылары

Бөлім	Қоршаған ортаны қорғау
Педагогтың аты-жөні	Айдарбекова Асель Аманжоловна
Сынып 4	Қатысушылар саны: Қатыспағандар саны:
Сабақтың тақырыбы	99-сабақ. Табиғат қорғаушылары
Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаттары	4.3.2.1 бейтаныс сөздер кездесетін шағын мәтіндегі негізгі ойды түсіну 4.3.4.1 мұғалімнің қолдауымен мәтін мазмұнын және кейіпкерлердің іс-әрекетін бағалауға бағытталған сұрақтар (неліктен? не үшін?) құрастыру және оған жауап беру 4.4.1.1 шағын сюжетті комикс/буклет/ коллаж/ жарнама/ презентацияны сөйлемдермен толықтыру
Сабақтың мақсаты	бейтаныс сөздер кездесетін шағын мәтіндегі негізгі ойды түсінеді; сұрақтарға жауап береді; суретті сөйлемдерді анықтайды; жарнаманы сөйлемдермен толықтырады.

Сабақтың барысы:

Сабақтың кезеңі/ уақыт	Педагогтің әрекеті	Оқушының әрекеті	Бағалау	Ресурстар
Сабақтың басы (3 мин)	**(Ұ) Психологиялық ахуал.** Аялы алақан». Мақсаты: жылылық, сенімділік пен еркіндікті дамыту. 	Оқушы жанындағы парталасының қолын алады, сәттілік тілейді, жылы лебізін білдіреді.	**ҚБ:** бір-біріне жақсы тілек айтады.	шеңбер бойымен отырғызу
Сабақтың ортасы (20 мин)	**Жаңа сөздермен жұмыс.** Жәшік, дымқыл, қоқыс тазарту. **Мәтінмен жұмыс.** 	Жаңа сөздерді қайталайды. Сурет бойынша естеріне сақтайды. Сәйкестендіру тапсырмасы. **Дескриптор:** жаңа сөздерді қайталайды; мәтінді оқиды;	**ҚБ:**«Дүркін шапалақ»	сюжетті сурет 

	Мәтінді оқы. Балалар қандай қателік жасады? Анықта. **«Табиғатты қорғайық!»** тақырыбында жарнама жаз. Құрметті достар! Баршаңызды «Табиғатты қорғайық!» атты акцияға қатысуға шақырамын. Кәне, бәріміз бірге: ағаш бұталарын кесейік; өзенді қоқыстан тазалайық; жануарларға қамқор болайық;...?	мәліметтерді сәйкестендіреді. **Сергіту сәті.** Жатқа оқу. Мәтіндегі дұрыс/бұрыс ақпаратты анықтайды. Дұрыс:... Бұрыс:... **Дескриптор:** мәтінді түсініп оқиды; сұрақтарға жауап береді; дұрыс ақпаратты анықтайды; бұрыс ақпаратты анықтайды.	**ҚБ:** Қолпаштау **ҚБ:** 	слайд
Сабақтың соңы (2 мин.)	**Кері байланыс.** «Табыс сатысы»	Мен..... БІЛЕМІН, Мен..... ТҮСІНЕМІН, Мен..... ЖАСАЙ АЛАМЫН		




Смагулова Шынар Тилековна
«Есіл ауданы білім беру бөлімінің
С.Сериков атындағы
жалпы орта мектебі» КММ
қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі

Электр қуаты

Бөлім:	Қуат көзін үнемдей білеміз бе?	
Мұғалімнің аты-жөні	Смагулова Ш.Т.	«С.Сериков атындағы ОМ» КММ
Күні:	09.11.22.	
Сынып: 6 «В»	Қатысушылар саны:	Қатыспағандар саны:
Сабақтың тақырыбы	Электр қуаты	
Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаттары	6.1.5.1 –тірек сөздер, жетекші сұрақтар, мәтін тақырыбы арқылы негізгі ойды анықтау; 6.5.1.4 – өздік, болымсыздық, белгісіздік,жалпылау есімдіктерін жазба, ауызша жұмыстарда орынды қолдану;	

Сабақтың мақсаты	*Барлық оқушылар:* тірек сөздер, жетекші сұрақтар, мәтін тақырыбы арқылы негізгі ойды анықтай алады; *Көптеген оқушылар:* тірек сөздер, жетекші сұрақтар, мәтін тақырыбы арқылы негізгі ойды анықтай алады; өздік, болымсыздық, белгісіздік,жалпылау есімдіктерін жазба, ауызша жұмыстарда орынды қолдана алады *Кейбір оқушылар:* тірек сөздер, жетекші сұрақтар, мәтін тақырыбы арқылы негізгі ойды анықтай алады; өздік, болымсыздық, белгісіздік,жалпылау есімдіктерін жазба, ауызша жұмыстарда орынды қолдана алады

Сабақтың барысы

Сабақтың кезеңі/ уақыт	**Педагогтің әрекеті**	**Оқушының әрекеті**	**Бағалау**	**Ресурстар**
Сабақтың басы	**Психологиялық ахуал** Оқушылар шеңбер құрып, бір-біріне жақсы тілектер айтады. Топқа бөлу. Топқа бөлгеннен кейін әр топтың спикерін сайлау. Әр топтың спикеріне бағалау парағын беру. **Тест сұрақтары арқылы тексеру** 1.Заттың атын, сынын, санын білдіретін сөздердің орнына жұмсалатын сөз табы қалай аталады? А) зат есім Б) етістік Ә) есімдік В) сын есім 2. Жіктеу есімдігін табыңыз: А) өзім Б) анау Ә) ешкім В) олар 3. Жалпылау есімдігін табыңыз: А) бәрі Б) бұл Ә) біз В) біреу 4. Энергия үнемдеуші шамдар шамдар электр қуатын неше пайыз үнемдейді? А) 100 % Б) 80% Ә) 50 % В) 30 % 5. Қандай шамдар қарапайым шамдарға қарағанда электр қуатын 5-6 есе аз тұтынады? А) үнемдеуші шам Б) электр қуаты Ә) қарапайым шам В) энергия	Шеңбер құрады, бір-біріне жақсы тілектерін айтады. Стикер түстерімен топқа бөлінеді. Өз топтарының ішінен спикер сайлайды. Тест сұрақтарына жауап береді. Дескриптор арқылы бір-бірін бағалайды.	Жарайсыңдар! Жақсы Жаман емес	Интерак-тивті тақта  Стикерлер (қызыл, жасыл) Бағалау парағы 1 2 3

	Бағалау критерийі: Берілген тест сұрақтарына дұрыс жауап беру. **Дескриптор:** Берілген тест сұрақтарына дұрыс жауап береді. Сұрақтың 5 дұрыс жауабы -5 балл. Сұрақтың 4 дұрыс жауабы - 4 балл. Сұрақтың 3 дұрыс жауабы – 3 балл. Сұрақтың 2 дұрыс жауабы – 2 балл. Сұрақтың 1 дұрыс жауабы - 1 балл Оқушылар қағаздарын бір - бірімен ауыстырып, тескерген соң, бағалайды. **Ой қозғау.** Алфавит арқылы сабақтың тақырыбын табады *Сабақтың тақырыбын табады. Сабақтың мақсатымен таныстыру.* **Саяхат сабақ.** Бүгінгі сабағымызда электр қуаты тақырыбын әрі қарай жалғастырамыз. Көріп отырғандай бізде бағандар тұр. Сендер берілген тапсырмаларды орындау арқылы осы бағандардың басындағы шамдарды жағасыздар.			Алфавит Плакат (Тоқ бағандарының суреті салынған)
Сабақтың ортасы	**(Т) 1-тапсырма. Мәтінді тыңдайды.** Электр қуаты-тіршілік көзі. Электр жарығының тарихы 1870 жылы қызу шамын (лампа накаливания) ойлап табудан басталды. Бұл шамдар әлемнің көптеген көшелерінде, алаңдарында және үй-жайларында жарқырап тұрды. Көп ұзамай, алғашқы станциялар пайда болып, жақында ғана қиял-ғажайып нәрсе болып көрінетін құбылыс, адамзаттың таптырмас көмекшісіне айналды. XIX	Сұрақтарды топта талқылайды. Мәтіннің не туралы екенін анықтайды. -Мәтіннің негізгі және қосымша ақпараттарын анықтайды.	Жарайсыңдар. Жақсы. Жаман емес.	Аудио жазба. (мәтін жазылған)

ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басында, ол өндірістің әр түрлі салаларына кеңінен енгізіле бастады. Нәтижесінде, қозғалтқыштар, генераторлар, телефон, телеграф, радио және т.б. заттар ойлап табылды. Қазіргі таңда өте көп нәрселер электр қуаты арқылы жүзеге асады,мысалы қарапайым қолымызда күнделікті ұстап жүрген телефонымыз, үйдегі жарық,үйімізге қажетті құрылғылардың бәрі электр қуаты арқылы жүзеге асады.Одан бөлек электр қуатынсыз пойыз, автомобильдер және тағы басқа заттар жылжи алмайды.Сондықтанда электр қуаты тіршілігіміздің негізгі көзі болып табылады.

Бағалау критерийі: Тыңдаған мәтіннің мазмұны негізінде сұрақтарға жауап беру.

Дескриптор: Тыңдаған мәтіннің мазмұны негізінде сұрақтарға жауап береді (шамды жағу)

«Жалған - Шын» тапсырмасын орындап болған соң, екі топ, тапсырмаларын ауыстырып тексереді.

Ақпарат	ж	ш
Электр қуаты – тіршілік көзі		
Электр жарығының тарихы 1970 жылдан басталады		
Электр қуаты адам үшін қауіпсіз, электр құрылғыларымен ойнауға болады		
Электр энергиясының өте қауіпті екенін естен шығарады.		

Бағалау критерийі: Тыңдаған мәтін бойынша 2 жалған, 2 шын

Түймедақ сұрақтарына жауап берді. Спикер бағалайды.



«Жалған –Шын» мәтін мазмұны бойынша ақпараттарды табады.

Оқушылар суреттер бойынша жағдаят тапсырмаларды орындайды.

Оқулық





	ақпаратты табу. **Дескриптор:**Тыңдаған мәтін бойынша 2 жалған ақпаратты табады. Мәтін бойынша 2 шын ақпаратты табады (шамды жағу) Айтылым. **Жағдаят.** Суреттермен танысып, жағдаят тапсырмаларды орындаңдар. (Суреттер дайындау) а) Сендер көшеде келе жатқанда үзілген электр сымы жатты. Сендер не істер едіңдер?... 1.Айналып өту керек. 2.Үлкен кісіге ескертіп, ол кісі ә) Трансформатордың есігі ашық жатыр. Қандай кеңес бере едіңдер? Сендер не істер едіңдер? (Шам жағу) **Бағалау критерийі:** Суреттермен танысып, жағдаят тапсырмаларды орындау **Дескриптор:** Суреттермен танысып, жағдаят тапсырмаларды орындайды. **Оқылым.** 7-тапсырма. Тапсырманы аударады. Сол деректер бойынша әр топ екі сұрақ дайындайды (әр топ). Сол сұрақтарын келесі топқа қояды, олар жауап береді (шам жағу) **Бағалау критерийі:** Деректерге сүйеніп 2 сұрақ дайындау. Сол сұрақтарына қарсы топтан жауап алу. **Дескриптор:** Деректерге сүйеніп сұрақ құрайды. Сұрақтарын қарсы топқа қойып, жауап алады. **Сергіту сәті.** (тәжірибе жасау) Электр қуатын туралы білгенімізді тәжірибе жүзінде көрейік. Тапсырмалар беру. 1. Көп нүктенің орнына тиісті есімдіктерді қойып жаз. 1.... электр қуатын үнемдейсіз бе? 2. Мұрат ... электр	Оқушылар деректер б/ша әр топ 2 сұрақтан дайындайды. Сұрақтарын бір – біріне қояды,жауап алады. Жазылым тап.орындайды.		Оқулық  2 батарея, 2 лампа, сым.

<table>
<tr>
<td>Қорытынды</td>
<td>үнемдейтін шамдар туралы айтты. 3.Әр адамның ... таңдауы бар. 4. ... жерде қуат көздері туралы жазылған. 5. Электр құрылғыларының сымдарын ... дымқыл қолмен ұстамаңыз. 6.... розеткалардың жанында ойнауына, сымдарды ұстауына жол бермеу керек.
Есімдіктер: сіз, өз, бұл, ешқашан,кімнің, бізге.
Бағалау критерийі:
Көп нүктенің орнына тиісті есімдіктерді қойып жазу
Дескриптор:
Көп нүктенің орнына тиісті есімдіктерді қойып жазады
2 Семантикалық картамен жұмыс. Есімдіктерді топқа ажыратыңдар - таңдаған есімдіктермен сөйлем құрастырыңдар.
Семантикалық карта.
<table>
<tr><th>есімдік</th><th>Жіктеу</th><th>сілтеу</th><th>сұрау</th><th>Өздік</th><th>жалпылау</th><th>белгісіздік</th><th>Болымсыздық</th></tr>
<tr><td>барлық</td><td></td><td></td><td></td><td></td><td></td><td></td><td></td></tr>
<tr><td>олар</td><td></td><td></td><td></td><td></td><td></td><td></td><td></td></tr>
<tr><td>қайда?</td><td></td><td></td><td></td><td></td><td></td><td></td><td></td></tr>
<tr><td>мен</td><td></td><td></td><td></td><td></td><td></td><td></td><td></td></tr>
<tr><td>өзде рі</td><td></td><td></td><td></td><td></td><td></td><td></td><td></td></tr>
<tr><td>бәрі</td><td></td><td></td><td></td><td></td><td></td><td></td><td></td></tr>
<tr><td>ешқа йда</td><td></td><td></td><td></td><td></td><td></td><td></td><td></td></tr>
<tr><td>мына у</td><td></td><td></td><td></td><td></td><td></td><td></td><td></td></tr>
</table>
Бағалау критерийі:
Берілген есімдіктерді топқа</td>
<td>Семантикалық картаны толтырады.</td>
<td></td>
<td>Плакат, маркер, түрлі-түсті қарандаштар</td>
</tr>
</table>

	ажырату. Бір есімдікпен сөйлем құрау **Дескриптор:** Берілген есімдіктерді топқа ажыратады. Бір есімдікпен сөйлем құрайды. **Постер жасау** 1 топқа - Пайдасы. 2 топқа - Зияны. Электр қуатының пайдасы мен зияны. Постер. **Бағалау критерийі:** Постерді әдемі жасау; Постерді жазғанда сауатты жазу; **Дескриптор:** Постерді әдемі жасайды Постерді жазғанда сауатты жазады. Балаларға памятканы үлестіру.	Постер жасайды.		
Сабақтың соңы	Бағалау. Үй тапсырмасы: бет 49. 6- тап. Рефлексия «Білім шамы» әдісі арқылы береді.	Үй тапсырмасын жазып алады. Рефлексия жасайды.		«Білім шамы»



Ашимбекова Торғын Абдиманаповна
Түркістан облысы Кентау қаласы
Кентау көпсалалы колледжі
информатика пәнінің оқытушысы

Ақпараттық процестермен жұмыс

Сабақтың тақырыбы	Ақпараттық процестермен жұмыс
Осы сабақта қол жеткізілетін оқу мақсаттары	1. SQL деректер қорын әзірлеу даму заңдылықтарын сипаттайтын мысалдар келтіру 2. Ақпараттық технологияларды дамытудағы қазіргі заманғы процестер туралы мәліметтер жинақтау 3. Машиналық оқыту принциптері, нейрондық желілердің жұмыс жасау принциптерін білу 4.Жасанды интеллекті қолдану аясына мысалдар келтіру 5.Қазақстанда цифрландыру процесінің ағымдағы үрдістері мен электронды үкімет порталы жайлы ақпарат алу 6.Интернет сатылымдар туралы мәліметтер жинақтау

Сабақ мақсаты	1. SQL деректер қорын әзірлеу даму заңдылықтарын сипаттайтын мысалдар келтіреді. 2. Ақпараттық технологияларды дамытудағы қазіргі заманғы процестер туралы мәліметтер жинақтайды. 3. Машиналық оқыту принциптері, нейрондық желілердің жұмыс жасау принциптерін біледі. 4.Жасанды интеллекті қолдану аясына мысалдар келтіреді. 5.Қазақстанда цифрландыру процесінің ағымдағы үрдістері мен электронды үкімет порталы жайлы ақпарат алады. 6.Интернет сатылымдар туралы мәліметтер жинақтайды. *Сабақтың мақсаты бойынша саралау* *Барлық білім алушылар:* -SQL деректер қорын әзірлеу даму заңдылықтарын сипаттайтын түсінеді; -Ақпараттық технологиялар ұғымын біледі; -Машиналық оқыту принциптері, нейрондық желілердің жұмыс істеу принциптерін түсінеді; -Жасанды интеллекті ұғымын қолданыста қолдана алады; Барлық тақырыптар бойынша ажыратып, түсіндіріп, талдай алады, қорытынды жасайды
Бағалау критерийлері	• SQL деректер қорын әзірлеуде кестенің түрлерін ажыратады; •Ақпараттық технологияларды дамытудың жолдарын қарастырады; •Машиналық оқыту принциптері мен нейрондық желілердің түрлерін ажыратып жұмыс жасайды; •Жасанды интеллекті қолдану аясын толықтырады; •Қазақстанда цифрландыру процесінің ағымдағы үрдістері мен электронды үкімет порталымен жұмыс жасай алады, •Интернет сатылымдармен жұмыс атқарады *Дескриптор:* SQL деректер қорын әзірлеуде кестенің түрлерін ажыратады; Ақпараттық технологиялардмен жұмыс жасайды; Машиналық оқыту принциптері мен нейрондық желілермен жұмыс жасайды; Жасанды интеллектімен байланыс жолдарын біледі; Қазақстанда цифрландыру процесінің ағымдағы үрдістері мен электронды үкімет порталымен жұмыс жасай алады Интернет сатылымдар жолымен жұмыс жасайды;
Дағдылар	**Сыйластық, ынтымақтастық пен ашықтық** құндылықтарын дарыту топтық жұмыс және ұжымдық талқылау арқылы жүзеге асырылады; бұл қызмет түрлері оқушылардың шығармашылық және сыни тұрғыдан ойлай алатын мейірімді және коммуникабельді тұлғаның қасиеттерін дамытуға бағытталған. Қазіргі заманғы есептеуіш техника құралдарымен жұмыс істеу кезінде Эргономика талаптарының маңыздылығы, міндеттерді адал орындау, Денсаулық сақтау технологияларына сүйеніп жоғары нәтижелерге қол жеткізуге ұмтылу туралы білім алушылардың берік білімін қалыптастыру.
Тілдікмақсаттар	**Пәнге қатысты лексика мен терминология** Жасанды интеллект, нейронды желі, интернет, цифрландыу

<table>
<tr><td></td><td>Диалог құруға/жазылымға қажетті сөздер:
... үшін ең жақсысы..., өйткені …
Интернеттің негізгі сипаттамаларына …
Электронды үкімет ... қарағанда …
... . пайдалану тиімді болып табылады, өйткені…</td></tr>
<tr><td>Құндылықтарға баулу</td><td>Білім алушылар бір-бірінің пікірімен санасып, бір-біріне құрмет көрсетеді</td></tr>
<tr><td>Пәнаралық байланыс</td><td>Білім алушылар барлық тарау бойынша айтылған тақырыптар ішінен керекті термин сөздерінің – ағылшын пәнінен алған аударма туралы білімдерін қолданады; сипаттағанда компьютер технология негіздері пәнінен алған білімдерін еске түсіреді</td></tr>
<tr><td>Алдыңғы білім</td><td>Құрылғылардың сипаттамалары – В.Г. Архипова , Р.Г.
Бағдарламалау тілдері- Р.А.Қадырқұлов «Информатика»</td></tr>
<tr><td colspan="2">Сабақ барысы</td></tr>
</table>

Сабақтың жоспарланған кезеңдері	**Сабақтағы жоспарланған жаттығу түрлері**	**Ресурстар**
Сабақтың басы 0-5 мин	Сәлемдесу. Сабаққа оң эмоционалдық көңіл күй сыйлау үшін Ассоциация әдісін қолдана отырып, «Күн шуағы» суретін пайдаланып, КӨҢІЛДІ АҚЫЛДЫ КРЕАТИВТІ ТАПҚЫР ІЗДЕНІМПАЗ ПОЗИТИВТІ ТЫНЫШ СЫЛБЫР ЖЫЛДАМ БАЯУ КӨҢІЛСІЗ сөздерінің ішінен қайсы сөз бүгінгі сабаққа тиісті деп ойлайсыздар деген назар аудару жаттығуларымен сабақты бастаймыз.	 презентация
Сабақтың ортасы 5-35 мин	Креативті матрица әдісі. Білім алушыларға 2 тарауда қамтылған тақырыптар бойынша мәліметтер кестеде беріледі, суретін дәптерге салу ұсынылады (немесе дайын суреттен белгілетуге болады) Сұрақтар бойынша толтырылады. **Креативті матрица» әдісі** **«Санадағы бейнефильм әдісі.** (слайд, видео) әр білім алушы өзінің жұмыстарын жеке дайындап өз ойларын ортаға салады. Сонында дұрыс жауап берген білім алушыға түрлі балдара беріледі.	Презентация https://youtu.be/cVBMgcx-D1M

интернет	Қазақстанды цифрландыру	Электронды үкімет порталы	Жасанды интеллект	Интернет сатылымдар
Жүзеге асыратын кімдер?				
Қандай іс әрекет орындайды				
Қалай жүзеге асырылады				
Нәтижесі				

	Практикалық әдіс: Басқаларға қарағанда білім алушыларды тапсырманы жауапкершілікпен орындауға үйретеді, олардың бойында үнемді, шаруаға бейім сияқты қасиеттерді қалыптастыруға бағытталады. **Сабақты қорытындылау**: **Блум түймедағы әдіс** Бұл әдіс арқылы айтылған, көрсетілген мәліметті білім алушылар қолданып, жинақтап, талдайды. Атақты программисттердің портреттерін, олардың өмірбаяны мен еңбектері туралы жылдам мағлұмат жинақтау қажет.    **«ПОПС» формуласы** Бірінші сөйлем «Менің ойымша,... » Екінші сөйлем «Себебі, мен оны былай түсіндіремін …» Үшінші сөйлем «Оны мен мына фактілермен, мысалдармен дәлелдей аламын … » Соңғы сөйлем «Осыған байланысты мен мынадай қорытынды шешімге келдім ...» дей отырып жоғарыдағыларға жауап береді	«Стикер» 
Сабақтың соңы	Рефлексия түсінгендікті көрсету үшін «Табыс сатысы» әдісі «Табыс сатысы» әдісінде кәдімгі сатының суреті беріледі. 1-ші баспалдағы Мен ... білемін 2-ші баспалдағы Мен ... түсінемін 3-ші баспалдағы Мен ... жасай аламын. **Үйге тапсырма:** «Ақпараттық процестермен жүйелер» тарауы бойынша толық мәліметтерді толықтырып оқып шығу.	Презентация, слайд «Табыс сатысы» әдісі 



Тасжанова Меруерт Джаксылыковна
«Мұрын жырау Сеңгірбекұлы атындағы
Маңғыстау жоғары педагогикалық колледжі» МКҚК
қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің оқытушысы

Қазақ тілін оқытудың әдістемесі

(мемлекеттік тілде оқымайтын оқу орындарындағы қазақ тілі)

Мақсаты: Орыс тілді оқу орындарында қазақ тілі сабағында студенттердің сөйлеу тілін тиімді әдіс-тәсілдер арқылы дамыту жолдары.

Міндеттері:

- Орыс тілді топтарда тіл дамыту жұмысының әдістемесі арқылы оқыту мәселесінің ғылыми-теориясын негізін айқындау;
- зерттеуде қолданылған әдістер нақтылығы мәліметтер мен әдебиеттерге бақылау және талдау, баяндау, сипаттау, оқушылардың тілді меңгеру дәрежесін бақылау, тексеру;
- Жүйелі және құрылымдық талдау әдісі орыс тілді сыныптардың оқушыларына ана тілімізді оқытып, үйретудің танымдық, амалдық табиғатын зерттеу.

Негізгі бөлім. Тіл дамыту – қазіргі оқу орындарының оқу-тәрбие ісіндегі басты проблема – тіл мен сөйлеу процесін жіктей оқыту, студенттің дұрыс сөйлей білуіне көңіл бөлу. Сондықтан, оқытушы қазақ тілі сабақтарында тіл дамытуға, байланыстырып сөйлеуге айрықша көңіл бөледі, тілдік материалдарды дұрыс бере білу, тілдің теориясы мен сөйлеу практикасының бір-бірімен қарым-қатынасы түрлі жаттығу жұмыстары арқылы іске асырылады.

Тілді дамыту дегеніміз – студенттің сөздік қорын дамыту, ойлаған ойын басқа адамға жеткізе алу, оның сөзін түсіне білу, қысқаша айтқанда еркін сөйлей білуге үйрену. Осыдан келіп тіл дамыту жұмысының кең аялы екенін көреміз.

Адам әрқашанда өз ойын ауызша және жазбаша жеткізеді, сол себептен бұл ұғымдар өзара байланысты. Ауызша жеткізу дегеніміз – сөйлеу. Сөйлеу – тілдің көмегімен қарым-қатынас жасау. Әр адам сөйлеу арқылы екінші адамға өз ойын жеткізе алады.

Сөйлеу әрекетінің өз сипатамалары бар. Солардың бірі – сөйлеудің мазмұнды да мәнерлі болып келуі. Егер сөйлейтін сөзде мазмұн болмаса ол сөз мәнін жоғалтуы мүмкін. Ал сөзді мәнерлеп айту – әрбір сөйлемге әсерлі үн, саз береді. Нақыл сөздерде айтылғандай, бір ауыз сөзбен адамды дертінен жазуға немесе өлтіруге болады. Демек, сөздің құдіреті өте күшті. Сабақтың пікірлесу кезеңінде студенттер әрбір сөзді орынды қолданып, әр сөзге екпінді дұрыс қоя білуі керек. Сол жағдайда ғана олардың сөйлеу әрекеттері дұрыс қалыптаса түседі.

Әр оқытушы қазақ тілі сабақтарында тіл дамыту жұмыстарын шығармашылықпен жүргізіп, дұрыс ұйымдастыра білсе, ол студенттің күнделікті өмірдегі құбылысты жан-жақты түсіне білуіне жағдай жасайды.

Тіл дамыту жұмысы, негізінен, мынадай 4 бағытта жүргізіледі.

Біріншіден, мәдени, әдеби сөйлей білу нормаларына үйрету, яғни орфографиялық дағдыны меңгерте отырып, студентте мәнерлеп оқу дағдыларын қалыптастыру.

Екіншіден, лексикалық жұмыстар жүргізу арқылы студенттің сөздік қорын байыту, тілдің лексика және фразеология бөлімдерінен кеңірек білім беру көзделеді.

Үшіншіден, жаңа сөздер үйрету

Төртіншіден, студенттің ойын жазбаша дұрыс, сауатты жаза әрі сөйлей білуге үйрету мақсат етіледі.

Тіл үйренуде ең басты міндет – студенттердің сөйлеу тілін жетілдіру.

- Студенттердің сөздік қорын дамытуға арналған әдіс-тәсілдер туралы мәлімет беру.
- Әдіс-тәсілдер туралы теориялық ұғым беру.
- Әдістерді тәжірибеде қолдана білуге үйрету.
- Қазақша сөйлеу дағдысын дамыту
- Жазбаша тілін дамытып, орфографиядан түсінік беру.
- Сөздікті дамыту.
- Сөйлеу тілінің грамматикасын қалыптастыру.
- Қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтуға үйрету.
- Диалогтік сөзді қалыптастыру.
- Түсінгенін айта білу.
- Көркем шығармамен таныстыру.
- Сауатты жазуға дағдыландыру.

Қазақ тілі сабағындағы сөздік қорды дамыту жұмыстары мынадай әдіс-тәсілдер арқылы жүзеге асады. Ол – сұрақ-жауап, сөйлесу, әңгімелесу, әңгіме, түсінігін айтқызу, көрнекілік, аударма, кітап пен жұмыс, мәтінмен жұмыс әдістері. Әр сабақ сайын тақырыпқа сай көрнекі құралдар, түрлі суреттер, кестелер, видео кассеталар, тақырыптар бойынша электронды оқулықтар мен сабақты көркемдеп отырса, студенттердің сөздік қоры біршама толығады деген сенімдемін. Әдіссіз оқыту процесі жүзеге асу мүмкін емес.

Осы оқыту әдісі дегеніміз не?

Оқыту әдісі – дидактиканың ең басты құрамды бөлігінің бірі. Оқыту әдістері білім берудің мазмұны сияқты, оқытудың жалпы мақсаттары мен және міндеттерімен анықталады. Оқыту процесінің нәтижелі және сапалы болуы оқыту әдістемесінің тиімді шығармашылықпен жүзеге асырылуына байланысты. Ол оқытушы мен студенттің бірігіп жұмыс атқаруы. Оның арқасында білім, іскерлік, дағдының қалыптасып, оқушының дүние танымдылығы мен қабілеттілігінің артуы.

Оқу орыс тілінде жүретін оқу орындарындастуденттерге қазақ тілінен үйретілетін сөздер біріншіден, белгілі бір тақырыптарға, екіншіден сөз таптарға қатысты болады, сол себептен қазақ тілі сабағы әрі тілдік, әрі әдебиеттік оқу материалдарын қамтиды. Кейбір грамматикалық түсініктемелер, жаттығу шарттары орыс тілінде берілетіндіктен, салыстырмалы грамматикаға байланысты мәліметтер де қамтылады. Қазақ тілі сабағындағы сөздік қорды дамыту жұмыстары мынадай әдіс-тәсілдер арқылы жүзеге асады. Ол – сұрақ-жауап, сөйлесу, әңгімелесу, әңгіме, түсінігін айтқызу, көрнекілік, аударма, кітаппен жұмыс, мәтінмен жұмыс әдістері. Әр сабақ сайын тақырыпқа сай көрнекі құралдар, түрлі суреттер , кестелер, видеокассеталар, тақырыптар бойынша электронды оқулықтар мен сабақты көркемдеп отырса оқушылардың сөздік қоры біршама толығады деп сенімдімін. Заман өзгерген сайын әдіс-тәсілдер көбейіп, жаңарып, толығып отыр. Әр түрлі жаңа технологияларды оқу процесінде қолдануда.Жаңа технологияны, әдіс-тәсілдерді тиімді қолдану білім сапасын көтереді.Мемлекттік тілдің қоғамдағы орнын көтеру үшін бүкіл жүйе болып жұмыс істеуіміз қажет. Бала енді тілі шығып, балабақшаға барып, қазақ сөздерімен танысуы тиіс. Мектеп қабырғасынан күнделікті өмірдегі, қолданыстағы тілді үйреніп шықса, жоғарғы оқу орындарын да мектеп бағдарламасын қайталамай, тілдік категорияны тереңірек оқытылса, болашақта орысша және қазақша тіл білетін маман даярлар едік. Қаншама жазсақ та, айтсақ та ісіміз оңға баспай тұр. Себебі оқушылар тек сабақта ғана қазақша сөйлеп, оны тәжірибеде қолданбайды одан гөрі ағылшын тілінде сөйлегенді ұнатады.

Осындай күрделі де ауқымды мәселені шешу үшін сөздік қорды байытуға бағытталған әдістер жайлы бағдарламамды ұсынып отырмын. Себебі сөздік қордың бай болу маңызды мәселе. Бұған үлкен көмек беретін тақырыптық модульдік бағдарлама. Әр сабақты фонетикадан бастаған жөн болар. Дауысты, дауыссыз дыбыстарға көңіл бөліп, дұрыс айтылуы мен жазылуына, сөз, сөйлем құрастыру процесін бірізді түрде жүргізіп отырса тиімді болады.

Сөздік қорды дамытуға бағытталған әдістердің жалпы міндеті – сөздің мағынасын дұрыс түсініп, оны өз сөзінде дұрыс қолдану.

Түсіндіру әдісі - жаңа сөз, сөз тіркесі, сөйлемдерді түсіндіруде қолданады.Сабақ сайын үйретілетін жаңа сөздер бойынша, яғни сөздік жұмысында іске асады. Сондай-ақ қазақ тілі грамматикасының кейбір ерекшеліктері (алфавит бойынша қазақ тіліне тән ерекше дыбыстарды, дауысты дыбыстардың жуан, жіңішке, ал дауыссыз дыбыстардың қатаң, ұяң, үнді болып бөлінетіндігі, екпіннің соңғы буынға түсіп, не істейді сұрағына жауап беретін сөздердің сөйлем соңында тұратындығы, жалғау, жұрнақтардың жуан, жіңішке, екі вариантта болатындығы кім? сұрағының тек адамға қойылатындығы, ма, ме , ба, бе, па, пе деген қосымшалардың бірде жалғау болатындығы,т.б) түсіндіріледі.

Көрнекілік әдіс – сабақ сайын жүргізілетін әдіс. Басқа тілді үйретуде ең нәтижелі және жиі қолданылады. Тілді жаңа үйреніп жүрген студенттерге түрлі суреттер мен заттарды, ойыншықтарды көрсету арқылы сөздерді үйретуге болады. Көрнекілік тақырыпқа сай, көзге тартымды яғни эстетикалық жағынан жақсы, ірі екі немесе үш түстен болуы керек. Мысалы: «Ұлттық киімдер» тақырыбын өткен кезде киімдердің суретін көрсету арқылы немесе топқа кәдімгі киімдерді әкелу арқылы жүзеге асып отырады. Әр түрлі тірек кестелер және таблицалармен сөздерді, сөз тіркестерін үйретуге болады. Ы. Алтынсарин натуралды әдіс туралы былай деген: «Балаға айтып түсіндіргеннен гөрі, қолымен ұстап, көзімен көріп, мұрнымен иіскеп түсіндірген сабақ ұғымды» деген. Бұл әдісті сөздік қорды дамытуға 1-курс (яғни тілді жаңа үйреніп жүрген) студенттеріне қолданады. Мысалы: Алма сөзін алманы көрсету арқылы ұғындырамыз. Бұл әдіс – жеміс-жидектер, оқу құралдары, ойыншықтар, тағамдар тақырыптарында жүзеге асады.

Келесі әдіс *сұрақ – жауап әдісі.*Бұл әдіс балалардың тілін дамыту үшін маңызды әдістің бірі. Қай сынып, қай топ болсын, сабақтың қай кезеңінде болсын қолдануға болады. Өте белгілі де тиімді әдіс. Жас ерекшелігіне байланысты сұрақ дайындалады.

Мысалы: - Сен қай қалада тұрасың?

- Мен Ақтау қаласында тұрамын.
- Ақтау қай теңіздің жағасында орналасқан қала?
- Ақтау Каспий теңізі жағасында орналасқан қала.

Дәстүрлі сыныптық – сабақ жүйесінің барлық элементерінің және сабақты құрастыру технологияларын қолданумен қатар, оқытушы келесі педагогикалық технологияларды пайдалана алады: ойын технологиясы, проблемалық оқыту, оқу зерттеуін ұйымдастыру технологиясы, жобалау әдісі, ақпараттық-комуникациялық технологиялар.

Интерактивтік әдіс. Интерактивтік деген сөз энциклопедияда көрсетілгендей, интеракция деген ұғымнан келіп шығады. Ал интеракция жеке индивидтердің , топтың, жұптың, өзара бірікken әрекетке бір – біріне алма-кезек әсер етуі. Бұл әдіс әсіресе, сұхбат құруда студенттердің белсенділігін арттырады . Бірігіп жұмыс істеуге үйретеді. Олардың ізденуін, шығармашылықпен әрекет етуін қамтамасыз етеді. Интерракция кезінде студенттердің істі ұйымдастыра білу қабілеттері де көрінеді. Интерактивті әдіспен сабақ өткізу кезінде оқытушы кеңесші, серіктес рөлін атқарады. Ал топ белсенді түрде әрекет ете отырып, бірін-бірі қолдау, толықтыру арқылы сұхбат құруға үйренеді. Екі студенттің

сұхбатына үшіншісі де араласуына болады. Ол қарсы топтың студенті болуы да мүмкін. Бұл әдістің негізгі мақсаты – оқу процесінің барлық сатысында біріккен әрекетке жағдай жасау. Әр студент жеке тапсырмамен жұмыс істей отырып, топ мүддесін ойлауға үйренеді. Әрқайсысы өз міндетіне жауапкершілікпен қарай отырып, ортақ нәтижеге қол жеткізуге ұмтылады. Қандай әдіс болсын оқытушы өз сабағына икемдеп қолдануы керек.

Студенттердің білімге ықыласын, ынтасын, қызығушылығын арттырудың ең жақсы жолының бірі – сабақта ойындарды қолдану. Ойын – студенттердің шынайы және ойлап тапқан шындығына тез, еркін енуіне, өзіндік «Менін» қалыптастыруға және шығармашылыққа, белсенділікке, өзін-өзі дамытуға мүмкіндік береді («Мен студентпін», «Мен және менің отбасым», «Мен жолаушымын», «Біз жолаушымыз», «Адамдардың кәсібі», «Мен кәсіпкермін», «Біз қонақтамыз»). Мұндай ойын түрлерінің ерекшелігі – жоғары көңіл күйде ойналатын рөлдер шынайы сезімге, ойға, ниетке толы болады және бала үлкендер сияқты дәрігер, эколог, жол көрсетуші болғысы келеді. Бұл ойындарда студенттердің мінез-құлықтары мен іс-әрекеттері реттеледі. Ойын іс-әрекетінің мотивациясы еркіндікті, таңдау мүмкіндігін, қажеттілігін, өз-өзіне сенімін, өзін-өзі дамытуын қамтамасыз етеді.

Кейбір педагогтар мен психологтардың колледж студенттерінің студенттерін ойын жасынан өтіп кетті деуі бекер. Зерттеулер көрсеткендей, дәстүрлі ұйымдастырылған оқу процесіне қарағанда, студенттер ойынға қатыса отырып, неғұрлым аз шаршайды, оқу қызметінен жағымды эмоциялар алады.




Альмуратова Гулжан Кинадиновна
Ақтөбе облысы Шалқар қаласы
«Ә.Жангелдин атындағы ЖОББМ» КММ
география пәні мұғалімі

Құрлық суларының түрлері мен қалыптасуы

Бөлім: 3.Физикалық география	**Бөлімше: 3.3.Гидросфера**	
Педагогтің аты-жөні		
Күні:		
Сынып: 8	Қатысушылар саны:	Қатыспағандар саны:
Сабақтың тақырыбы:	Құрлық суларының түрлері мен қалыптасуы	
Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаттары:	8.3.3.1- Құрлық суларының қалыптасу жолдарын анықтайды	
Сабақтың мақсаты:	**Білу:** Құрлық суларының анықтамасын ажырата алады. **Қолдану:** Құрлық суларының құрылымы мен қалыптасу жолдарын топтастыра отырып, суреттермен сипаттайды.	
Ойлау	Білу мен түсіну	

<table>
<tr><td>дағдыларының деңгейі</td><td colspan="4">Қолдану.</td></tr>
<tr><td colspan="5">Сабақтың барысы</td></tr>
<tr><td>Сабақтың кезеңі/ уақыт</td><td>Педагогтің әрекеті</td><td>Оқушының әрекеті</td><td>Бағалау</td><td>Ресурстар</td></tr>
<tr>
<td>Сабақтың басы:
(5-7 мин)
Ұйымдастыру

Топтастыру</td>
<td>Оқушылармен сәлемдесу.
Жағымды орта қалып-тастыру.
«Өзі туралы кластер» тренинг
«Мозаика» әдісі арқылы топқа бөлу
 
Презентациядағы суреттерді ұсынады.
Берілген суреттер бойынша тақырып анықталады.
Сабақ мақсаты, бағалау критерийлерімен таныстыру.
«Ой шақыру» әдісі
1-тапсырма
Құрлық суларының</td>
<td>Сәлемдеседі.
Оқушылар өздері туралы кластерлер құрастыруы керек. Олар парақтың ортасындағы шеңберге өз есімдерін жазып, одан таралатын шеңберлерге өздерінің өмірінде бес негізгі маңызы бар рөлін жазады.
Мысалы, жанұяның еркесі, адал дос т.б
Оқушылар сулардың атауын анықтап көреді.
Жұптық жұмыс
Құрлық суларын сәйкестендіреді, бір-бірін дайын жауаппен тексереді.

1-топ-Өзендер
2-топ-Көлдер
3-топ-Мұздықтар
4-топ-Жерасты сулары
Жауабы: 1-Д, 2-С,
3-Е, 4-А, 5- Н, 6-В.</td>
<td>Қалыптастыру-шы бағалау
«Өте жақсы!»
«Тамаша!»
«Жарайсың!»
 
<table><tr><td>Бағалау критерийі</td><td>Дескриптор</td></tr><tr><td rowspan="6">Құрлық сулардың түрлерін ажырата алады</td><td>Өзеннің анықтамасын біледі</td></tr><tr><td>Көлдің анықтамасын біледі</td></tr><tr><td>Мұздық-тың анықтамасын біледі</td></tr><tr><td>Батпақ-тың анықтамасын біледі</td></tr><tr><td>Жер асты суының анықтамасын біледі</td></tr><tr><td>Жасанды су көз-дерінің анықтамасын біледі</td></tr></table>6 балл</td>
<td>Интербелсенді тақта,
Презентация
қима қағаздар,
География 8-сыныбына арналған оқулық
Алматы «Мектеп» 2018ж
Таратпа материал-дар</td>
</tr>
</table>

<table>
<tr>
<td></td>
<td>түрлері мен анықтамаларын ұсынады.</td>
<td></td>
<td></td>
<td></td>
</tr>
<tr>
<td>Сабақтың ортасы
35 мин</td>
<td>«Ойлан, жұптас, бөліс» әдісі
2-тапсырма.
Құрлық суларының қалыптасуы Зерттеу жұмысын жүргізу
Оқушыларға бейнематериал сілтемесі, ғаламтор ресурстары, слайд, суреттер және дайын мәтін беріледі.
3-Тапсырма
(Функционалдық сауаттылық)
Рөлдік ойын (журналист, эколог, жергілікті тұрғын)
Оқушыда құбылыстарды ғылыми тұрғыда түсіндіру. Болжау құзыреттілігін қалыптастырады.
Контекст: Қоршаған орта
Жағдаят: Жергілікті, жаһандық</td>
<td>Мәтінмен жұмыс.
Топтық жұмыс
Берілген ресурстарды пайдалана отырып, әр топ құрлық суларының қалыптасу жолдарын анықтап, постер әзірлейді.
Сызбаны топ алдында түсіндіреді.

Оқушылар мәтінді оқиды.
Берілген мәтінді дұрыс оқып, түсіну оқушылардың оқу сауаттылығының дамуына алып келеді.
Тапсырманы орындау барысында оқушылар Қазақстанның физикалық картасын және шаруашылық картасын қолданады. Бұл өз кезегінде графикалық материалдармен жұмыс жасау дағдыларын дамытады.</td>
<td>Бармақпен бағалау
 
5 балл
<table>
<tr><td>Бағалау критерийі</td><td>Дескрип-тор</td></tr>
<tr><td rowspan="4">Тақырыпты меңгереді, беткі және жерасты сулар-ының қалыптасу жолдарына сипаттама береді</td><td>Өзеннің қалыптасуы мен құрылысына, таралу аймағына сызба жасайды</td></tr>
<tr><td>Көлдің қалыптасуы мен құрылысына, таралу аймағына сызба жасайды</td></tr>
<tr><td>Мұздық-тардың қалыптасуы мен құрылысына, таралу аймағына сызба жасайды</td></tr>
<tr><td>Жерасты сулары-ның қалыптасуы мен құрылысына, таралу аймағына сызба жасайды</td></tr>
</table>
5 балл

5 балл</td>
<td> 
Қазақстанның физикалық және шаруашылық картасы</td>
</tr>
</table>

	4-тапсырма. ГАЖ әдісі. Құрлық суларын Google Earth бағдарламасы арқылы картадан көрсетіңіз. Қазақстан бойынша жеті ірі өзенді көрсету. Материктер бойынша ірі өзендер мен көлдерді көрсету.	Тапсырманы орындау барысында «Құбылыстарды ғылыми тұрғыда түсіндіру» құзыреттілігі дамытылады. Себебі оқушылар Балқаш көлінің тұздылығының батысында және шығысында әртүрлі болуын түсіндіреді. Сонымен қатар Балқаш көлі суының деңгейінің төмендеу себептерін зерттейді және графикалық ақпаратты, яғни картаны қолдана отырып, ластаушы көздерді анықтап, олардың зиянын сипаттап, талдайды. Құрлық суларын Google Earth бағдарламасы арқылы картадан көрсетеді		Google Earth бағдар ламасы
Сабақтың соңы (3 мин) Рефлексия, Үй тапсырмасы	**Рефлексия: «5 саусақ»-Өзін-өзі бағамдау** 1. Сізде қандай қиын-дықтар болды? 2.Сізге қандай тапсырма қатты	Бүгінгі сабақтан түйген ойлары мен тұжырымдарына байланысты кері байланыс жасайды		Интербелсен ді тақта

	ұнады? 3.Бүгінгі көңіл-күйім қандай болды? 4.Бүгін мен қандай жетістіктерге қол жеткіздім? 5.Бүгін мен не білдім, қандай тәжірибе жинақтадым? Бағалау: Жетістік критерийі бойынша өзін-өзі бағалау Үйге тапсырма: Биосфера тақырыбын зерттеуші ғалымдар туралы хабарлама дайындап келу **Үй тапсырмасы** «Жерасты суларының жергілікті жерде пайдаланылуы» эссе жазып келу.			



Какимова Жанар Бакеновна
Павлодар қаласы
«№ 35 жалпы орта білім
беру мектебі» КММ
педагог-психолог

Бейінді оқытуды психологиялық үйлестіру

«Білім алушы жас жетістікке жетем десе,артында қалғанды күту емес,
алдағыны қуып жетумен айналысу керек»
Аристотель

Еліміздің бірінші Президенті Н.Ә. Назарбаевтың «Инновация және білім арқылы экономиканы білу» атты дәрісінде «Әлемнің бәсекеге анағұрлым қабілетті 50 елдің қатарына Қазақстанның кіру міндеті тек мына жағдайда ғана шешілуі мүмкін, егер оны өмірге, нарықтық экономикаға бейімделе алатын, басқару тәжірибелері бар, ғылыми технологияларды игерген жоғарғы білікті мамандар ендіретін болса», - деп атап өтті. Яғни, даму үстіндегі қоғамға әртүрлі салада табысты түрде жұмыс істеуге дайын мамандардың жаңа типі қажет екенін айтты. Бұл мәселені шешуде оқушыларды әлеуметтендіру мен дербес бағытталған жалпы білім беретін мектептердің барлық сыныптарын даярлауға арнаулы жүйе жасаудан көруге болады. Бұндай жүйе – бейінді оқыту болып табылады. Бейінді оқытудың мақсаты: Оқушылардың қызығушылығын, қабілеттілігін, мүмкіндіктерін ескере отырып, бағыт-бағдарын анықтап, мамандық таңдауына көмек беру болады.

Бейінді оқытудың I сатысы – 1-5-сыныптар оқу әрекеттерін түсіндіру болса, ал II сатысында – 5-7-сыныптар оқытуға дайындық сыныптар болып білім алады. III сатысында 8-11-сыныптар – бағдарлы сыныптар болып есептелінеді.



Осы сатыда білім берудің мазмұны саралау, кәсібилендіру қызметтері атқарылады, оқушылардың ғылыми дүниетанымын қалыптастыру және оқушылардың қабілеттілік ерекшеліктері бойынша мамандық таңдауға даярлық жұмыстары жүргізіледі.

Бағдарлы оқыту оқушының жеке дара таңдау негізінде ұйымдастырылады. Мұғалімнің, психологтардың, оқушы, ата-аналардың маңызды проблемасы болашақ оқытудың бағдарын ұғып-таңдауына дайындау болып табылады.


8-9-сынып оқушыларының өзін-өзі анықтай алуына, мамандық таңдауына психологиялық жағынан көмек беру, кәсіби бағдарлы жұмыс жүргізу – педагог-психологтардан аса сауаттылықты, білімділікті талап етеді.

Біздің мақсатымыз – оқушылардың жеке ерекшеліктерін ескере отырып, психология принциптерін, заңдылықтарын қолдану негізінде оқушылардың кәсіптік және тұлғалық тұрғыдан өзін-өзі анықтауға тиімді дайындық жүргізу, әрі қамтамасыз ету және әлеуметтік құндылықтар туралы танымдылығына педагогикалық-психологиялық көмек көрсету. Осы мақсатты іске асыру үшін бағдарлы дайындық жұмысының негізгі бағыттары төмендегідей:



I. Кәсіби-психологиялық диагностика оқушының жеке ерекшеліктерін, кәсіби маңызды қасиеттерін анықтау, кәсіби жарамдылығына сай бағдар беру, кәсіби сұрыптау, оқу мен тәрбиенің тиімділігін арттыру мақсатында тұлғаны психологиялық жағынан зерттеу.

Жеке тұлғаның жан-жақты қыр-сырын ашу үшін көптеген әдістемелер, тесттер, сауалнамалар кешенді түрде жүргізіледі. Д.Голландтың әдісі «Тұлғаның типтерін анықтау» тесті, А.Е. Климов «Мен қаладым» саралаушы-диагностикалық сауалнама, А.Е.Голомшток әдісі «Қызығушылығын анықтау картасы», «Оқу пәндеріне оқушылардың қызығушылық себебі жайлы ақпарат», «Жоғары сынып оқушыларының мамандық таңдауға арналған сауалнамасы» кәсіби маңызды қасиеттерін анықтауға мүмкіндік береді.



II. Кәсіби-психологиялық консультация – оқушылардың өмір туралы, мамандықтар туралы көзқарастарын дамыту, алдағы уақытта мамандықты таңдауда дұрыс жолда болуына себепкер болу, мамандықтарды таңдай білуге үйрету, оқушыны өзінің қабілетін, бейімін, қызығушылығын мамандыққа сай тани білуге кеңес беру. Мектепке осы мақсатқа жету үшін оқушыға кәсіби кеңес беру, жеке және топтық формасы арқылы жүргізіледі. Көбінесе ата-аналармен, оқушылармен семинар түрінде өтіледі.

Оқушылардың мамандық таңдау кезінде өз болашағын анықтауда мынадай кеңестер беруге болады:

1. Мектептегі оқу пәндері – нақты мамандық емес екендігін есіңде сақта. Пәнге деген қызығушылық оған байланысты жұмыстың саған ұнайтынын білдіре бермейді;

2. Мамандық таңдауға байланысты сені, сенің қалаған мамандығынды толық білмейтін адамдардың ақыл-кеңесіне құлақ салудың қажеті жоқ;

3. Мамандық таңдауда оның сырт келбетіне, көңілге қонымды жақтарына ғана назар аударудың қажеті жоқ, мүмкіндігінше қалаған мамандығының жұмыс мазмұны жөнінде көбірек білуге тырыс;

4. Егер мамандық сенің досына ұнаса, саған да ұнайды деген қорытынды жасауға болмайды;

5. Сен қолыңнан келетін істі мамандық етіп таңдаған пайдалырақ болмақ;

6. Жақсы адам – бұл мамандық емес. Егер саған адам ұнаса, оның меңгерген мамандығын мен де тануым керек деп жаңсақ қорытынды жасауға болмайды;

7. Өзің таңдаған мамандықтың, өзінің денсаулық жағдайыңа тура келетіні-келмейтіндігі жөнінде дәрігерден кеңес алғаның жөн;

8. Заман ағымына қарай кейбір мамандықтар тез ескіріп, оның орнын жаңа мамандықтар басып жатыр. Сондықтан кез-келген жағдайда қосалқы мамандығың болуы керек.

III. Кәсіби-психологиялық ағартушылық жұмыс – әртүрлі мамандықтар туралы мәлімдемелермен хабардар ету, оларға психологиялық тұрғыдан сипаттама беру, кәсіпті дұрыс таңдай білуіне жол ашу және әртүрлі мамандықтар туралы өзекті ақпараттар көздерімен таныстыру.

Бұл бағыт бойынша педагог-психологтың басшылығымен оқушылармен, мұғалімдермен, ата-аналармен тренингтер, пікірталас, кездесулер өткізген тиімді. Мысалы, «Кәсіп таңдай білу – болашққа үңілу» тақырыбындағы дәріс, «Болашақ», «Өмір туралы өзімнің ойым» тренингтері, «Мен және менің болашағым» пікірталасы, «Мамандық көп!» тақырыбында әр маман иелерімен кездесу өткізу және ата-аналармен өткізілген «Балаңыздың болашағын шешуге дайынсыз ба?» атты семинар кәсіпті таңдауына және жекелеген пәндерді тереңдетіп оқуына мүмкіндік берді.

Мысалы, «Менің болашағым - менің қолымда» тақырыбындағы 9-сынып оқушысы өзінің шығармасында: «Мен үшін өмірдің мәні - терең білім алу, ерінбей еңбек ету, таңдаған мамандығым бойынша кәсіби бағыт-бағдар алу. Мен болашақта өзіме сай мамандықты таңдауды армандаймын. Осы мамандық арқылы маған үміт артқан жандардың сенімін ақтай отырып, қанатын кеңге жайған, қарыштаған Қазақстанымның өсіп-өркендеуіне титтей де болса, үлесімді қоссам деймін. Ел ертеңі – жас ұрпақ! Сондықтан, менің болашағым - өз қолымда». Осы қысқа ғана үзіндіден жеке тұлғаның ой-толғанысын, болашаққа деген көзқарасын, қиялын, арманын байқауға болады.

IV. Кәсіби-психологиялық түзету және дамыту жұмысы – оқушылардың кәсіби бағыттылығы туралы білімдері анық байқалмаса (кәсіби қызығушылығы болмай немесе өз таңдауына сенімсіз болса) сынып жетекшісін, пән мұғалімдерін, ата-аналарын қатыстыра отырып, кәсіпті таңдауға деген қызығушылықтықтың болмау себептерін анықтап, түзету жұмыстарын және дамыту жұмыстарын жүргізу қажет.

Түзету жұмыстары тренинг, ойын, жаттығу сабақтары арқылы жүргізіледі. «Өзіңізге өзіңіз ризасыз ба?» тренингі, «Бүкіл әлем сахна», «Мен-бұл менмін» сабақтары оқушының дамуына үлкен әсерін тигізді.

V. Қорытынды жұмыста барлық бағыт бойынша жұмыс аяқталған соң бала мен ата-ананың ойын соңғы рет тыңдалып, олардың арасындағы қарым-қатынасы, көзқарасы бір арнадан шықса, онда төмендегідей жұмыстарды жүргізуге болады:

1. Мектеп директорының атына болашақта қай бағытта оқитыны туралы сұраныс жазады;

2. Жүргізілген жұмыстардың нәтижесіне сараптама жасала отырып, бағыты анықталады.

Жүргізілген психологиялық жұмыстардың нәтижесінде сараптама жасаған кезде, көбіне бейіндік оқуды таңдау кезінде оқушылардың мүдделерімен қабілеттері қабыспайды, кейде достарының немесе ата-анасының пікірі не мәртебе мәселесі бірінші орынға қойылады. Кейіннен оның өзі және ата-анасы өкінішке ұрынады. Демек, психологиялық зерттеу арқылы анықталған қасиет болашақта кәсіби тұрғыдан табысты болуға кепілдік бола алмайды, тек кәсіби іріктеудің критерийі ғана бола алады. Сондықтан өздерінің сұраныстары мен мүмкіндіктеріне сай зерттеу қорытындысы бойынша оқушылардың екі бағытты таңдағаны белгілі болады.

Оқу жылынан бастап 10-11-сыныптарында анықталған бағыттармен оқушылардың бір кәсіпті меңгеруіне іргелі негіз болатын пәндерді жан-жақты, тереңдетіп оқуына мүмкіндік жасалады және пәндердің оқытылуын ғылыммен ұштастыру көзделеді.

Сонымен, бағдарын ұғып-таңдауының арқасында, оқушылардың жоғары сыныптарда білім алуы, олардың оқудың жалғастыруы және міндетті түрде олардың кәсіптік әрекетін қамтамасыздандыруы оқушы мүмкіндіктері мен ынтасын, қызығушылығын тудырады. Бағдарлы оқытуға бағытталған танымдық және кәсіптік әрекеттердің әртүрлі сфераларында практикалық тәжірибе қалыптасады.

Кемелденген таңдауда оқушы өзінің өмірлік мақсатын және жоспарларын түсінеді және оларды жүзеге асыру мүмкіншілігін дұрыс бағалайды, ал олар жасаған таңдау оның

құндылық бағыттарынан алыс кетпейді, әрі оған өзінің тілегін жүзеге асыруға мүмкіндік берсе де, дегенмен, қиындықтар да жоқ емес.

Қорыта келе, өскелең ұрпақ жастарын бағдарлы оқытудың жоғары деңгейіне жеткізген жағдайда, дана Абай айтқандай, «Өз өмірінде кетігін тауып қаланатынына», өз өмірінде жеке тұлға, кәсіби маман болып қалыптасып, мақсат-мұратына жетіп, қоғамның мүшесі болатынына толық сенімдіміз.



Нәжім Мейрімхан Бахрадинқызы
Павлодар қаласының
№ 35 жалпы орта білім беру мектебінің
қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі

Кемеңгер жазушы *(сыныптан тыс шара)*

Сабақтың мақсаты: Қазақ халқын әлемге танытқан «Абай жолы» роман-эпопеясының авторы, заманымыздың заңғар жазушысы М. Әуезовтің туғанына 125 жыл толуына орай оның өмірі мен шығармашылығы туралы мәліметтер беру, өнегелі өмірі мен жазушылық жолын жастарға үлгі ету.

Сабақтың барысы. Мұғалімнің сөзі: Аты аталса жұрттың құлағы елең ете қалатын атақты адамдар болады. Жалғыз қазақта ғана емес, барлық халықта да солай. Ондай атақтылар қатарында құлақ құрышын қандыратын асқан әнші, ойынымен көрермендерді сүйсіндіретін әртіс, халық өмірінің арғы-бергісін молынан қамтып суреттейтін мықты жазушы мен басқалары да болуы мүмкін. Осындай ұлы адамдар өз елінің, өз ұлтының мақтанышы болумен қатар, бүкіл дүниежүзі халықтарының да сүйіспеншілігіне бөленеді. Нақ сондай ұлылардың бірі де бірегейі – Мұхтар Омарханұлы Әуезов. Биыл заманымыздың заңғар жазушысы М.Әуезовтің туғанына 125 жыл толып отыр. Бойындағы отаншылдық сезім мен адамзатқа ортақ гуманизм принциптерін ғұмырының соңына дейін қатар ұстап өткен ұлы жүрек иесі, әрдайым жұртының жадында жаңғырып тұратын, тарихтың да, тағдырдың да сынына төтеп берген ұлы тұлға туралы бүгінгі сабағымызды бастаймыз.

1. **«Балалықтан – даналыққа»** кемеңгер жазушының өмірі мен шығармашылығы туралы презентацияны тыңдайық. *Оқушылар айтып береді.*

2. **«Мұхиттай терең Мұхтар аға».** М. Әуезовтей жазушымыз болғанына біз мақтанамыз. М. Әуезовтей оқымыстымыздың болғанына және мақтанамыз. Қазақ елінде теңдесі жоқ тереңнің болғанына өзіміз куәміз.

Қазақстанның халық жазушысы Т.Молдағалиев Мұқаң туралы мынадай естелік айтады: «Әуезов сөйлей жөнелгенде «Бағзы заманда» деп басталған сөйлемге сөйлемдер жалғаса беретін. Профессор өзендей тасып, бөгет бұзған тау суындай еркіндеп еніске қарай жүгіргендей жүйріктік танытатын. Оның көмейінен сөздер емес, нұр төгілгендей, жыр төгілгендей. Оның аузынан өмір бойы аңсаған ақылды, аяулы сөздер ағылып жататын. Оның сөздерінен қанаттанып, ажарланып, жаның рақат тауып, бойың сергіп, ойың алысқа ұшып, ғажайып бір күйге бөленесің. Жаның тазарып, жүрегіңе шапағат нұры төгіліп, өзің дүниенің әсемдігімен әсерленіп әйбат болып кетесің. Бұлттан шыға келген айдай болып алдыңда Әуезов тұрғаны қандай ғанибет! Оны көрген менің көзім қандай бақытты еді...»

Осындай естеліктердің бірінен Ахмет Жүнісұлының естелігін тыңдаймыз.

Оқушы: «Өлген қазақтың жаманы, тірі қазақтың жақсысы жоқ» дейтін Абай сөзін дәл М.О. Әуезовке келгенде айтуға келмейді. Мұхаң көзінің тірісінде-ақ әлемге әйгілі бәйтерек екенін өзінің құлағымен естіп кетті.

Шөлін Ертістің суынан қандырып, ғұламалығын қазақ пен Батыстан, Шығыстан толықтырған осы бір алып адамның дүниеге келгенін көз алдыма елестетсем, Абайдың «Күз» деген өлеңіндегі дала елестейді: Аспанды жел көтерген түндіктей жөңкіле бұлттар басқан құсап Қазанның қара желі сол күні де азынаған шығар. Осындай елі де, жері де күйлі күздің бір күніндегі Шыңғыс өңірінде бір жапырақ қазақ дүниеге келді.

Күзеуде қатар отырған екі ауылдың етектеріне сүрініп дүниеге іңгәлап келген сәбидің алғашқы куанышын жарысқазаннан бастады... Бұл екі ауыл – тізелерінің жігі жазылмайтын, көшкенде түйелерін бірге қайырып, бір мезгілде бірге қомдайтын Құнанбай мен Әуез ақсақалдың ауылы еді.

Осы Мұхаң ит көйлегін бесігінде тоздырып, тұсауын үйінде кескізісімен атасы Әуездің баулуына болды. Атасы бұған әдебиет дейтін әлемнің, Абай дейтін ұлының есігінең алғаш өзі ашып берді. Жиырманың қырқасына шыға сала «Қорғансыздың күнін» жазып, жалпақ қазақты жалт қаратты.Сол кездің өзінде-ақ тайлақ басымен атанның теңін қабырғасы қайыспай, тәлтіректемей көтерді. Алдындағы Ахмет Байтұрсынов бастатқан ағаларын қуантты. Әдебиеттің күлтөбесіне конып алып қара қарға қанша қаңқылдағанымен ол бәрібір жылқұсы бола алмайды ғой. Ал, Мұхаң осы әңгімесімен қазақ әдебиетінің жылқұстарына қосылды.

Оқушы: Осыдан бір жыл бұрын марқұм Ишанбай Қарақұлұлы Қарақұловпен бір-екі дәмдес болғанымда, ол кісі білдей ғалым бала тұра өзін Мұхаңнан көп төмен санап: «Мен Мұқаңның қолына су құйып, атын ерттеуге әзер жараймын. Шетелдің ғалымдарымен болған сұхбатта Мұхаң бәрімізден биіктігін көрсетуші еді. Кейде сол шетелдіктердің өзін өз елінен аса арыдағыны айтып шұлғытқанда біз қайран қалып, аласалығымызды мойындайтынбыз», – дегенді бірнеше рет қайталап еді. Мұны мынамен дәлелдесек, 1957 жылы шетелдік ұйғырдың аса дарынды ақыны Типжан Әлиевтің Мұхаңның қабылдауында болғаны әлі есімде. Екі елдің есебінде отырған екі адам мұндайда өз тасын төрттен санап төбесін көрсетеді емес пе...Сонда әлгі ақын өз ұлтының бір ұлы ақынын Абайға шендестіріп дәріптей берсе керек...

Ақынның әуселесін – аужайын естіп болған Мұхаң біраздан соң сол елдің әдебиетінің арғы-бергісін қозғап, ақынның кейбір ағаттықтарына түсінік беріп, тіпті оған ұйғырдың өзін түсіндіріпті...

Еліне қайтып келген соң әлгі ақын маған кезігіп «Сенің қара шалыңның қасқа басына бүкіл шығыс ғалымы қалай сиып кеткен! Мен өз ұлтымды бір кісідей білетінімді былжырап нем бар еді. Кемеші келгенде қайықшы жол беретіндей, әптігім басылып, іштей қатты ұялдым. Құлақ молдасы болып отыра бергеніме өкіндім», – деп өзінің пүшәйман болғанын айтып еді.

Оқушы: 1917 жылы Ералының көгалынан кесе өткен құлын бір сүрінбей өте алмайтын шілде айында мынадай бір тарихи оқиға болады:

Құнанбай ауылы мен Әуез ауылы тағы да қатар қонған. Шіркін, қайран баяғыдағы қазақтың жасыл жайлауға жапа тармағай кеп қонған кезі – бұл дүниенің ұжымағына көшкенмен бірдей еді-ау! Той да, думан да, төркіндеу де, нағашылау да басталатын осындай мәре-сәре кезде Абайдың ұлы Тұрақұлдың аяулы қызы Ақылия он жетіге келіп, бойжетіп, онжақтан аттанатын болады да, ауылдың аяулы «қонағын» ел-жұрт болып ұзатпаққа кіріседі. Ол кезде жақсы қыз аттанарда дүйім ел:

Ит үрмес сеңгір таудан ел кеткен соң,

Қайран ел сәнің қалмас қыз кеткен соң, – деп күңіренетін кезі.

Осындай қарбаласта Мұхаң ауылында демалып жүрсе керек. Ақ мол. Жұрт көңілді. Осы орайды пайдаланған жас Мұхтар ең алғаш Әйгерімнің сегіз қанат отауында ауыл жастарын ұйымдастырып «Еңлік-Кебекті» сахнаға шығарады. Бұл – Қазақ сахнасының бастамасы. Қазіргі М. Әуезов атындағы Қазақ академиялық драма театрының тарихтағы алғашқы күні.

Трагедияны ылғи еркектер ойнапты сол күні.

Жазған да, ұйымдастырған да – бота тірсек бозбала Мұхтар. Ойнағандардың бірі – Мұхаңның ағасы Ахмет Әуезов. Төмен етектіні от басынан ұзатпайтын, ұзаса кер қамшы керегеден тулап, түсіп басында ойнайтын ол кездегі жуан мойын феодализм «Еңлік-Кебек» қойылды екен деп тобықтынның қызын топ алдында тайраңдата ма.

Бүйтудің өзі – ол кезде қазақтың заңына қайшы, исламияттың темір заңына күнә. Мұхтар «ойын» жазыпты деп әйелдерімен намахрам бола ала ма? Мұндай жаңалықты бірінші рет көрген жұрт дүрлікті, ұнатты, ренжіді. Сол күні жұрт не десе, о десін: «Еңлік-Кебек» сол қойылғаннан мол қойылды.

Оқушы: «Егер батыстың аласа мойнағына шығып оның арғы жағындағы қазақ делінетін жомарт халықты, ұлан-ғайыр ғаламды көргіңіз келсе, оны саған анықтап көрсететін ең тұнық айна – «Абай жолы» дегенді Л. Арагон текке айтпаған. Европаның қазақ туралы қақас еститін, қате білетін кейбір кеуделілеріне бұл сөз дөп айтылған. Бөжейдің асында атпен шапқылап тартылған төбе-төбе ет пен сан-сан сабадағы сапырылған сары қымызды оқып француздардың бұған сенбеуінің – Мұхаңды суайт деуінің төркінінде де гәп бар. Біз бұл арқылы Мұхаң қазақты басқа барлық (Абайды, Шәкәрімді, Ахметті, Мағжанды, Міржақыпты, Жүсіпбекті қоспағанда) жазушылардан көп білетінін байқаймыз.

Өмірдің өтпейтіні, уақыттың тоздырмайтыны жоқ қой.

Сен жапанға біткен шынарсың,

Қазаң жетіп сынарсың, Қазаң жетіп сынған соң,

Ойға-қырға шабармын, Орныңды қайдан табармын,– деп, Ергенекті Саршуаш биге Тіленшінің айтқанындай, 1961 жылдың шілдесінде қазақ өзінің Алатаудай алыбынан айырылған.

«Қазақта Мұхтардай мұхит бар!» – деп мақтанған қазақ жастарына бұл қаза қайдан жеңіл тисін. Қазір ол күндерден де ұзап барамыз. Құнанбайдай азулы, Абайдай дана, Әйгерімдей ару, Тоғжандай шерлі, Оспандай тентек, Дәркембайдай жатақ, Еңлік пен Кебектей ғашықтар данышпан ағамызды қазір де бірге қоршап жүргендей болады...

Сондықтанда біз Мұхаңдай бәйтеректі сынбайды, иіледі дейміз. Сондықтанда қалың қазақ өз алыбын «өз төрінде мәңгі қасқайып отырады» деп, туған күніне байланысты аруағына биыл да тағзым етеміз.

3. Мұхтар Әуезов туралы ыстық лебіздер

Оқушы. Ғабит Мүсірепов: Мұхтардың балалық шағы қазақ даласында кездесіп көрмеген, батыс елдерінде де сирек кездесетін өлең мен әнге, ертегі мен жырға, жұмбақ пен жаңылтпашқа, шежіре мен шешендердің лұғатты сөздеріне күні-түні шашылатын творчестволық ерекше жағдайда өтеді. Ол Абай аулы, Абай айналысы – Абайдың ақын балалары, Абай аулына үсті-үстіне ағылып келіп жататын ақындар, әншілер, домбырашылар, қобызшы-күйшілер,бишілер, шешендер... Қазақ халқының қалыптасқан әдептілігі, инабаттылығы, мінезділігі, адамгершілігі – бәрі осы ауылда. Абай елегінен өтіп өнделгені де бар. Абай айналысында өрескел мінез, ерсі сөздерге тыйым салынған. Бұл ауыла кітап бар, кітап оқу бар. Науаи, Низами, Омар Хайям, Фирдоусилер аудармасыз өз тілінде оқылады. Абай айналасында осындай жайлар болғанын Мұхтар өзі ұзақ жыр етіп айтатын еді.

Мұхтар Абайды босағадан ғана сығалап көрген бала емес. Абайдың өз балалары мен немерелеріне ере жүріп, еркін көрген. Кең маңдайлы, көзі бадырайған, жуан шал сегіз-тоғызға келген жас баладан әлдеқандай өнер күткендей үмітті көздерінен мейірім төге жылы қарайды екен.

Оқушы. Зейнолла Қабдолов: Мұқаң – әрі жазушы, әрі ғалым, әрі ұстаз, әрі қоғам және мемлекет қайраткері.Ол осының бірде-бірінде осалдық көрсетпеген, бәрінде де орасан күшті, бәрін де қатар және тең ұстаған кісі. Бұл – ғажайып бүтіндіктің,сегіз қырлы,бір сырлылықтың, Абайша айтқанда, "тас бұлақтың суындай сылдыраған өңкей келісімнің" үлгісі еді. Шешендік,халық тілінің күллі байлығына жан бітіре сөйлеушілік – Мұқаңның көп қырының бірі ғана...

Оқушы. Шыңғыс Айтматов: Өз басым өзге елге сапарға шығып, өзге жұрттың табалдырығын аттай қалсам, әрқашан қасиет тұтып, өзіммен бірге ала жүретін екі түрлі ұлттық асылым бар: бірі – «Манас», бірі – Мұхтар Әуезов.

Оқушы. Мирза Тұрсын-Заде: Ұлы суреткер,қазақ халқының ғұлама перзенті Мұхтар Әуезов бүкіл шығыс әдебиетінде реализм жолын салған тамаша жазушылардың бірі.Бүкіл әлемдік әдебиеттің алтын қорына қосылған «Абай» ғажайып көркем эпопея ғана емес,бүкіл қазақ халқының тарихи шежіресі,энциклопедиясы.

Оқушы. Бауыржан Момышұлы: Қазақта «Сегіз қырлы, бір сырлы» деген сөз бар. Мұқаң «Сегіз қырлы, бір сырлы» қазақтың ұлы еді. Біріншіден, драматург болып беташар істеді. Екіншіден, ақынша ойланатын еді. Үшіншіден, тарихшы, терең ғалым, психолог, филолог, сыншы, халықаралық өкіл. Мұқаң нағыз патриот еді, өз халқын қадірлеп, қатты сыйлайтын, ал орыс әдебиетін танытуда қанша еңбегі бар. Өз халқын сүймесе, басқа халықты сыйламаса, онда «Сегіз қырлы, бір сырлы» болмас еді...

4. «Кемеңгердің кемел ойларынан»

М.О.Әуезовтің кемел ойларынан жасырынған сөздерді құрастырып оқу.

5. *«Мұхтар мәртебесі» Мұхтар Әуезовке арналған жыр жолдары.*

Оқушы: **Кенен Әзірбаев «Мұхтарға»**

Жігіті едің Арқаның, Абай ақын-дарқаның.
Сырласып әр кез өзіңмен, Көп құмардан тарқадым.
Жалған емес шындығым, Расымды айтамын!
Алыс шабар тұлпарым, Қырымнан келер сұңқарым.
Бірге болып Мәскеуде, Осы сапар байқадым.
Абайды жазып шығардың, Қарамай пәлен дегенге.
Қырандай қағып қанатты, Ой жібердің тереңге.
Қазағымды таныттың, Біле бермес әр елге.
Азығы болып халықтың, «Абайың» жүр жер-жерде.
Әлем саған бас иед, Әуезұлы дегенге.

Әнуар Әлімжанов «Ұстаз ұлағаты»

Оқушы:Бүгін той! Мұхтар аға тойы бүгін!
Сексен жыл – биік асу жолы қиыр.
Осы жыр-шашуымен жалғастырам,
Кезінде айтылмаған ой үзігін.
Есімде: ай маңдайың, күн қабағың;
Есімде: ойға тұнған нұр жанарың;
«Абайтану» танытып өзіңді де,
Есімде: егіле сөз тыңдағаным.
Ойлаушы ек: өзіңізді тез келсе,– деп,

Тезірек көңіл ұйып, көз көоре,– деп.
Тұрушы ек: ұнатып сіз бәрімізді
Өзінің баласындай сүйсе екен,– деп.
Тілеуші ек: сағат баяу жүрсе екен,– деп
Электр қоңырау сымы күйсе екен,– деп
Лекция Сіз оқитын көбейтіліп,–
Сабақтың кестелері өзгерсе, – деп.
Сонда бір сөйлейтінсіз ағытылып,
Тыңдаушы ек: кең бөлменің бәрі тұнып:
Ұлдар да қыбырлауық қымыс етпей,
Қыздар да сыбырлауық жағы тынып.
Оқушы:Көрдік біз өзіңізден адалдықты
Адалдық арқа тірер адамдықты
«Абай жолы» арқылы аспанға өрлеп
Тамсантты талантыңыз талай жұртты.
Көрдік қой ... Ұғу, рас, ала құла
Біреу жүр оратылып балағына.
Біреу жүр «ең мықтыға қос» деп өзін
Сыншының сүйек тастап табағына.
Шәкірттік салтын сақтап келем мен де;
«Есейдім, шашта қылау» дегенмен де;
Інілік ізетіммен басымды иіп
Сізге мен қызмет етем төбеммен де.
Бір мен емес, Мақтансыз сан мыңдарға .
«Бүйрегім бұрар» – десем, қалдым дауға
Сонда да «Мұқаңа анау қара!»– деймін
Әлдекім ыңғайланса қалжыңдауға.
Оқушы: Тіл бармай Шыңғыстауды дара атауға,
Сүйеді Сыр бойы да, Қаратау да;
Оралтау,Алтай, Көкше – ортақ мекен,
Шырқаған даңқын биік Алатауда.
Асылзатым! Миллиондар ағасысыз,
Ел көзінің ағы мен қарасысыз;
Бөстегінде бір үйдің туғанменен,
Исі қазақ жерінің баласысыз.
Асыл аға. Ел-жұрттың құт, арысыз.
Мандайына мақтан ғып тұтқанысыз.
Исі қазақ жерінде туғанменен,
Бүкіл одақ халқының Мұхтарысыз!
Әулие (Мұхтар Омарханұлына) З.Иманбайұлы
Оқушы:Ұққандарға ғаламат дана едіңіз,
Сәл нәрсеге алданғыш бала едіңіз.
Партияға қайтадан өтпей қойған,
Мұха қандай көреген жан едіңіз!
Сізден ешкім күтпеді мұндай қылық,
Өз бойында жатса да сыймай былық.
Сорлы Жантық коммунист көсемдерге

Өңін бұзып жеткізді жырдай қылып.
Көре алмаған күншілдер өзіңізді,
Аңдуменен күн кешті сөзіңізді.
Бәле қуды қаламдас досыңыз да,
Іштей тілеп сүрінген кезіңізді.
Бәрімізге белгілі арғы жағы,
Жабылардың алдамшы жанды бағы.
Пенделердің қысастық жасауынан
Жүрегіңіз шыдамай қан жылады.
Аз болғанадй зардапты шеккеніміз,
Қарайтып та жібердік өкпені біз.
Сондықтан да шығар бұл қу өмірден
Құтылғанша асығып кеткеніңіз.
Оқушы: Шеттерінен классик, жоқ төмені,
Бір-біріне қимайды Көктөбені,
Өлгеннен соң зарлайды бауырым деп
Тірісінде өлердей жек көреді.
Шіркін, қазір болсаңыз арамызда
Зор төңкеріс жасалып санамызда
«Абай жолы» тазарып «социзмнен»
Еліктер ек Құнанбай бабамызға.
Тұлпарымның түбірі қырды үгітіп,
Бақтығұл да бақытын жүрді күтіп...
«Өскен өркен» өзгеше түлер еді.
Коммунизм елесін мүлде ұмытып.
Көрсеңіз ғой заманның өзгергенін,
Шын мәнінде әлсізді теңгергенін.
Қазақтың да еңсесі көтеріліп,
Жаңартқанын ойын да, боз көйлегін.
Көрсеңіз ғой тәуелсіз көк Байрағын
Жас Қасымның сілкініп шоқ шайнарын.
Асыл аға «ат басын» үйге тіреп
Қанжығама ырысты бақ байлағын.
Ұққандарға ғаламат дана едіңіз,
Сәл нәрсеге алданғыш бала едіңіз.
Партияға қайтадан өтпей қойған,
Мұха, қандай әулие жан едіңіз.

Қорытынды сөз: Бүгінгі «Кемеңгер жазушы» атты танымдық сабағымызды мынадай өлең жолдарымен аяқтаймыз:

Даласындай дарқан халық, батыр ел,
Білгің келсе бізді, досым, жақын кел.
Қазақ халқы – Мұхтарымен жазушы,
Қазақ халқы – Мұхтарымен ақын ел.
Кім еліне Мұқаңша сыр ағытты,
Кім Мұқаңша бағындырды уақытты.
Қазақ халқы – Мұхтарымен Алатау,
Қазақ халқы – Мұхтарымен бақытты,– дей отырып, Мұқаңның шыңына бас иеміз.

Аспанында жарқыраған күнің бар,
Мұхтар шыққын зәулім биік шыңын бар.
О, жас ұрпақ, жасқанбаңдар биіктен,
Әрбіреуің бір-бір шыңға шығыңдар! – деп, сабағымызды аяқтаймыз.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. «Түркістан» газеті, 1995 жыл, 27 қыркүйек.
2. «Ұлан» газеті, №38, 1997 жыл, 23 қыркүйек.
3. М.О.Әуезовке арналған өлеңдер (түрлі жинақтар мен баспасөз беттерінен)



Сахарбаева Марал Әділгерейқызы
«Өрлеу» БАҰО» АҚФ
Маңғыстау облысы бойынша
Кәсіби даму институтының
аға оқытушысы

Инклюзивті білім беру жағдайында оқыту үрдісін ұйымдастыру

Көптеген дамыған елдерде жалпыадами құндылықтары мен әлеуметтік талаптарға сай білім беру жүйесінде барлық балалар тең және тосқауылсыз білім алулары қажет деге ншешімге келген.

Қазақстан Республикасының білім беру аясындағы заңнамасында:

- барлық оқушылардың сапалы білім алу құқы бар;
- әр адамның интеллектуалдық дамуын, психо-физиологиялық және жеке ерекшеліктерін ескере отырып, тұрғындар үшін барлық деңгейдегі білімнің қолжетімділігі туралы айтылған [5,1-тарау, 3-бап].
- баланың ерекшеліктері мен жеке мүмкіндіктерін есепке ала отырып ата-аналардың білім беру ұйымдарын таңдау және өз балаларын оқыту мен тәрбиелеу мәселелері бойынша психологиялық – медициналық - педагогикалық кеңесінің көмегін алу құқығы [5,];
- баланың, оның ішінде ерекше білім беруге қажеттілігі бар баланың өз тұрғылықты жеріндегі мектепте білім алу құқығы [5, 5-т,].
- қызмет көрсететін ауданда тұратын балаға тиісті білім беру ұйымына қабылдануына тыйым салынбауы қажет.
- білім алудың жалпыға бірдей білім алу стандартының аясында білім беру ұйымының шешімі бойынша баланың жеке оқу жоспары немесе қысқартылған оқу бағдарламасы бойынша білім алу құқығы [5-т.];
- білім беру ұйымдарында ерекше білім алу қажеттілігі бар тұлғалардың (балалардың) білім алуы үшін арнайы жағдайлар жасау бойынша жергілікті атқарушы билік органдарының жауапкершілігі [5, 2 тарау,].

Осы заңнамалардың негізінде Қазақстан Республикасында балаларды қорғау аясындағы халықаралық құжаттарға сәйкес мынандай ұғым енгізілген: *ерекше білім беруге қажеттіліктері бар балалар (тұлғалар)* және барлық оқушылардың жекелік мүмкіндіктері

ескеріле отырып сапалы білім алудағы тең құқығы.

Білім беруді дамытудың мемлекеттік бағдарламасына сәйкес елімізде 2011 жылдан бастап инклюзивті білім беру кезеңімен енгізілуде. ҚР-ның 2025 жылға дейінгі стратегиялық даму жоспары 1.1 тарауы «Қолжетімділік пен инклюзивті білім беру»төмендегі мақсаттарға жетуді болжайды:

- инклюзивті білім беруді психологиялық-педагогикалық қолдаумен қамтамасыз етуді, жұмыс біліктілігі бойынша сұранысқа ие арнайы кабинеттерін, орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің оқу бағдарламаларын құруды, сондай-ақ педагогикалық қызметкерлердің біліктілігін арттыруды;

- ерекше білім беруге қажеттіліктері бар тұлғалар үшін білім берудің барлық деңгейлеріне қол жетімділікті қамтамасыз ету, жанбасына шаққандағы қаржыландыру шеңберінде қаржыландырудың жоғары нормативі қарастырылған, оларды оқыту үшін мемлекеттік тапсырыс ұлғайтылған.

Осы жауапкершілік шеңберінде елдің барлық аймақтарындағы жалпы білім беру мектептерінде психологиялық-педагогикалық (арнайы педагог, логопед, психолог, тәрбиеші) қолдау көрсететін мамандарға штаттық бірлік енгізіліп жатыр. Білім беру процесінде оқушыларға қолдау көрсету үшін қоғамдық қауымдастықпен жеке меншік қорлар көмегімен материалдық-техникалық жағдайлар құрылып жатыр.

Орта білім беру ұйымдар қызметінің типтік ережесі білім алуында ерекше қажеттілігі бар балаларды білім беру процесіне қосудың нұсқаларын қарастырады: жалпы немесе арнайы сынып (ауытқушылық түріне қарай). Оқушылардың жалпы сыныпта оқуы жалпы білім беру немесе жекелік оқу бағдарламасы бойынша ұйымдастырылады.

Арнайы сыныпта оқыту (психофизикалық дамуында ауытқушылығы бар балалар үшін) ҚР Білім және ғылым министрлігі бекіткен тиісті типтегі арнайы оқу жоспары мен бағдарламалар негізінде жүргізіледі

Оқытудың нәтижесін бағалау критериалды бағалау негізінде жүзеге асырылады. Қысқартылған немесе жекелеген бағдарламаның мазмұнына бағдарлай отырып, яғни оқушының мүмкіндіктері ескеріле отырып, бағалау критерийлері өзгеруі мүмкін. Ерекше білім беру қажеттілігі бар оқушыларды бағалау кезінде мұғалім сараланған немесе жекелеген тапсырмаларды қолдануға міндетті.

Ерекше білім беруге қажеттілігі бар білім алушылар мектепті тәмамдаған кезде мемлекеттік үлгідегі аттестатқа ие болады .

Ерекше білім беру қажеттілігі (ЕБҚ) – бұл көптеген дамыған елдерде кеңінен таралған түсінік, өйткені инклюзивті білім берудің принципіне сәйкес әр оқушының жемісті білім алуы үшін барлық жағдайларды жасауға мектептің назарын аударады.

Қазақстанда ЕБҚ бар балаларға «денсаулықтарына байланысты арнайы жалпы білім берудің оқу бағдарламалары мен қосымша білім беру бағдарламаларын қажет ететін білім алуда тұрақты немесе уақытша қиындықтарды бар тұлғалар» жатады [5].

Инклюзивті білім беруді дамытудың қазіргі кезеңінде ерекше білім беру қажеттілігінің келесі анықтамасы қолданылады.

Бұл оқушылардың сапалы білім алуы барысындағы психологиялық-педагогикалық, әлеуметтік және басқа да көмекке мұқтаждығы. Ерекше білім беруге қажеттілігі бар балалардың төмендегідей топтары көрсетіледі:

1-топ. психикалық және дене дамуында түрлі бұзылымдары бар балалар: көру, есту, сөйлеу бұзылымдары, зияты, тірек-қозғалыс аппараты, психикалық дамуы тежелген және эмоционалды-ерік-жігер аясы зақымдалған балалар.

2-топ. Оқытудағы ерекше қиындықтары, мінез-құлық және эмоциялық проблемалары бар балалар..

3-топ. Әлеуметтік-психологиялық, экономикалық, тілдік, мәдени ерекшеліктерінен туындайтын ерекше білім беруге қажеттілігі туындайтын балалар.

ҚР инклюзивті білім беру принциптерін енгізіп отырған жалпы білім беру педагогтары үшін ерекше білім беруге қажеттілігі бар оқушы - психикалық және дене дамуы бұзылған (мүмкіндігі шектеулі) бала ғана емес, сонымен қатар оқытуда қиындықтарға тап болған кез келген бала екенін түсінулері маңызды.

Сонымен инклюзивті білім беру дегеніміз – барлық балалардың психикалық және физикалық мүмкіндіктеріне, ата-аналарының әлеуметтік және экономикалық мәртебесіне, жеке ерекшеліктеріне қарамастан білім алуы мен нәтижелі табысқа жетуі үшін қажет жағдайлар жасау және білім берудің баршаға қолжетімділігін қамтамасыз ету. Ерекше балаларға арнайы жағдайлар жасай отырып, жалпы білім беру үдерісіне енгізу.

Инклюзия – бұл ЕББҚ балаларды арнайы топтарда немесе арнайы сыныптарға оқыту емес, жалпы білім беретін мектептерде немесе балабақшаларда өзінің құрдастарымен бірге бір сыныпта, бір топта білім алуы.

Инклюзивті оқытудың негізгі принциптері қандай? Инклюзивті білім беру дегеніміз – балалардың жынысына, жас ерекшеліктеріне, географиялық тұратын жеріне, қимыл-қозғалыстық және ақыл-есінің жағдайына, әлеуметтік-экономикалық жағдайына қарамастан, сапалы білім алу және өздерінің потенциалдық дамыту мүмкіндігіне ие болу.

Инклюзивті оқытудың негізгі принциптері:

♻ Адам құндылығы оның мүмкіндігіне қарай қабілеттілігімен, жеткен жетістіктерімен анықталады.

♻ Әрбір адам сезуге және ойлауға қабілетті.

♻ Әрбір адам қарым-қатынасқа құқылы.

♻ Барлық адам бір-біріне қажет.

♻ Білім шынайы қарым-қатынас шеңберінде жүзеге асады.

♻ Барлық адамдар құрбы-құрдастарының қолдауы мен достығын қажет етеді.

♻ Әрбір оқушы үшін жетістікке жету - өзінің мүмкіндігіне қарай орындай алатын әрекетін жүзеге асыру.

♻ Жан-жақтылық адам өмірінің даму аясын кеңейтеді.

Қазіргі уақытта еліміздің білім алуында қиындықтары бар балаларға психологиялық-педагогикалық қолдау көрсету мен білім беру жүйесінде оқытудың арнайы жағдайын құру барысында келесідей құжаттарды басшылыққа алу ұсынылады:

1) оқу жоспары мен оқу бағдарламасын өзгерту;

2) оқыту нәтижелерін бағалау әдістерін өзгерту (оқушылардың оқу үлгерімі);

3) оқытудың арнайы, вариативті және альтернативті әдістерін қолдану;

4) оқулықтарды, оқу-әдістемелік құралдарын, жеке оқу материалдарын таңдау;

5) оқыту формасын таңдау;

6) тосқауылсыз орта құру және оқыту орнына бейімдеу;

7) компенсаторлық және техникалық құралдарға мұқтаждық;

8) арнайы психологиялық-педагогикалық көмек (психологтың, логопедтің, арнайы педагогтың (олигофренопедагогтың, сурдопедагогтың, тифлопедагог-тың);

9) педагог-ассистентің көмегі;

10) әлеуметтік-педагогикалық көмек.

ПМПК қажеттілігін бағалау нәтижелері бойынша оқушыға логопед, психолог, дефектолог-мұғалімнің, ЕДШ маманының, мұғалім ассистентінің көмегін, білім алу нұсқаларын ұсынуы мүмкін: тұрғылықты жері бойынша; жалпы білім беру сыныбында; арнайы сыныпта, арнайы мектепте.

Дегенмен де «Білім туралы» ҚР Заңының 49 бабына сәйкес білім беру ұйымын таңдау оқушының ата-аналарына қалады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Ерекшелігі бар балаларға психологиялық-педагогикалық қолдау көрсету. Жалпы білім беретін мектептегі білім беру қажеттіліктері: әдістеме ұсыныстар/Елисеева И.Г., Ерсарина А.Қ. - Алматы: 2019

2. ҚР инклюзивті білім беруді дамытудың тұжырымдамалық тәсілдері. – Астана: Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2015. –

3. «ҚР бала құқықтары туралы» 2002 жылғы 8 тамыздағы № 345 ҚР Заңы.

4. «Мүмкіндіктері шектеулі балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзетудегі қолдау туралы» 2002 жылғы 11 маусымдағы № 343 ҚР Заңы.

5. ҚР инклюзивті білім беруді дамытудың тұжырымдамалық тәсілдері. – Астана: Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2015.

6. «ҚР баланың құқықтары туралы» 2002 ж. 8 тамыздағы ҚР Заңы.

7. «Білім туралы» ҚР Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2011 жылғы 24 қазандағы № 487-IV ҚР Заңы.



Мусаева Венера Маратовна
Алматы облысы Ұйғыр ауданы
Шонжы селосы
«Илья Молутов (Бахтия) атындағы
№ 3 орта мектебі» КММ
қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі

Отан отбасынан басталады

Мекеме атауы	«Илья Молутов (Бахтия) атындағы №3 орта мектебі» КММ
Пәні: қазақ тілі	Бөлім: IV. Менің туған өлкем
Күні:	09.12.2022ж
Педагогтің аты-жөні:	Мусаева Венера Маратовна
Сынып: 2 «б»	Қатысқан оқушылар: Қатыспаған оқушылар :
Сабақтың тақырыбы: Отан отбасынан басталады	
Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаттары	2.1.3.1 тыңдаған материалдың (ұзақтығы 1-1,5 мин) мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беру және оған сәйкес фото/сюжетті суреттер/сызбалар таңдау/сипаттау; 2.5.1.4 мұғалімнің қолдауымен сөйлеу барысында сілтеу, сұрау есімдіктерін қолдану;

Сабақтың мақсаты:	тыңдаған материалдың (ұзақтығы 1-1,5 мин) мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беру және оған сәйкес фото/сюжетті суреттер/сызбалар таңдау/сипаттайды; мұғалімнің қолдауымен сөйлеу барысында сілтеу, сұрау есімдіктерін қолданады;

Сабақтың барысы

Сабақтың кезеңі	**Педагогтің әрекеті**	**Оқушының әрекеті**	**Бағалау**	**Ресурстар**
Ұйымдастыру Өзін-өзі тексеру Өткен білімді еске түсіру	Психологиялық ахуал орнату: *Біз бақытты баламыз,* *Ойнап күліп аламыз.* *Жетілсін деп санамыз,* *Оқып білім аламыз.* «Почта» әдісі арқылы үй тапсырмасын тексеру: 81-бет 4-тапсырма. *Сұрақтарға жауап бер. Сөз тіркесін құрап жаз* «Пазл» әдісі арқылы сабақты болжайық Балалар, осы екі суретті байланыстыр-сақ бола ма? Балалар, бүгінгі өтетін тақырыбымыз «Отан отбасынан басталады» Сабақтың тақырыбы және мақсаттарымен таныстыру	Барлық оқушылар дауыстап хормен тақпақты айтады. Оқушылар почтадан келген хатты алады да, сұраққа жауап береді. Қандай тау? Қандай дала? Қандай орман? Қандай көл? Қандай бұлақ? Қандай табиғат? Қандай ауа? Қандай аспан? **Дескриптор:** - сұраққа жауап береді; - тілдік нормаларды сақтайды; Оқушылар екі топқа бөлініп, пазл құрастырады 1-топ «Отан» туралы 2-топ «Отбасы» туралы айтып береді. Оқушылар сұраққа жауап берді.	2 балл	
Жаңа білім	1.Тыңда. Қайтала. Сөздікпен таныстыру: Жаңа сөздер: жаңа сөздерді айтқызу, сөйлем құрастыру Wordwall платформасы арқылы сөздерді суретпен сәйкестендіру. *Биік- егіз* *Асқар тау- тағ* *Өсімдік- өсүмлүк* *Тұнық- сүп-сүзүк* 1-тапсырма .	1.Тыңдалым,айтылым. Сөздерді оқиды, қайталайды, сөйлемдер құрастырады. *Мысалы:* *Мен биік үйлерді көрдім. Қазақстанда асқар таулар көп. Өсімдіктер ауаны тазартады. Бүгін өсімдіктер әлемі жайында сабақ өттік. Теңіз суы тұп-тұнық.* Оқушылар сұраққа жауап береді. Кестені толтырады. Отан		Слайд Wordwall платформасы https://wordwall.net/ru/resource/39071267 Оқулық 84-бет

	Тыңдалым. Сызба бойынша сөйле. Отан деген не? 2-тапсырма. Оқы. Сұрақтарға жауап бер. «Шынжыр» әдісі арқылы оқушыларға мәтінді оқыту Мұғалім: Отан отбасынан басталады. Ата-ана мен Отанды бөлуге болмайды. Себебі Қазақстан біздің туған жеріміз,- дейді. Сабақ аяқталды. Ардақ пен Айдос мектептен шықты. Оларға Отан туралы сабақ ұнады. Мәтін не туралы? Мұғалім не деді? Кім? деген сұраққа жуап беретін сөздерді тап Не? деген сұраққа жауап беретін сөздерді тап. **Сергіту сәті** Мұғалім тас, күн, тор - деп, іс-әрекет арқылы көрсетеді. 3-тапсырма.Жазайық. «Менің Отаным-Қазақстан» тақырыбы бойынша мәтін құрастырып жаз. **ЕББҚ** Суретті бояп, түсіп қалған әріпті жаз. Т...у, өз...н, г...л 4-тапсырма. Айтайық . Өзіндік жұмыс. Сұрақтарға «иә\жоқ» деп жауап береді	<table><tr><td colspan="2">Туған жер</td><td colspan="2">Туған ел</td></tr><tr><td>атам</td><td>әжем</td><td>әкем</td><td>анам</td></tr></table> **Дескриптор:** - сұраққа жауап береді. - кестені толтырады. Оқушылар мәтінді оқиды. Сұрақтарға жауап береді. Кім? Не? Деген сұрақтарға жауап беретін сөздерді табады. Сөздерді тапқан оқушы тақтаға жазады. **Дескриптор:** -мәтінді мәнерлеп оқиды. -сұрақтарға жауап береді. -Кім, не? деген сұраққа жауап беретін сөзді табады. Оқушылар қайталайды Оқушылар тақтада берілген сөздердің ішінен қай сөз Қазақстанға байланысты сөздерді тауып, сөйлем құрастырады. «Менің Отаным - Қазақстан» тақырыбы бойынша мәтін құрастырып жазады Берілген сөздер: Туған жерім, компьютер, тақта, асқар таулар, сынып, көл, орман, жер, Отан, бөлме Менің Отаным – Қазақстан. Менің туған жерім – Қазақстан. Қазақстан жері үлкен әрі көрікті. Асқар таулары, әдемі көлдері, жасыл ормандары бар. Мен Отанымды сүйемін. **Дескриптор:** -сөздерді табады. -сөйлем құрастырады. -сауатты жазады	2 балл 3 балл 3 балл	Слайд Оқулық 85-бет

Бекіту	«Plickers» платформасы арқылы тест сұрақтарына жауап беру. 1.«Отан» деген сөзде неше дауысты дыбыс бар? А) 2 Б) 3 2. «Отан» деген сөзге сұрақ қой? А) кім? Б) не? 3. Отбасы мүшесін анықта А) ана Б) дос 4. Түсіп қалған әріпті тап О...ан А) д Б) 5. «Отан» туралы мақалды анықта А) Отан – оттан да ыстық Б) Кітап - білім бұлағы	Тест сұрақтарына жауап береді.		«Plickers» платформасы
Кері байланыс	**Кері байланыс** «Мегамозг» әдісі арқылы сабаққа кері байланыс беру. Ән орындату Үйге: 84-бет 1-тапсырма жаттау	Оқушылар мидың суретіне сабақ барысында тақырапқа сай қолданған сөздерді жазады. Оқушылар хормен әнді орындайды.		https://www.youtube.com/watch?v=PJZfh5TBFhA&feature=share



Юсупова Куралай Аменгельдиновна
Астана қаласы
№27 мектеп-лицейінің
қазақ тілі мен әдебиет пәні мұғалімі

Қазақ тілі сабағында оқушылардың сабаққа қызығушылығын арттыру

«Адамзатқа және қоғамға орасан зор проблема әкелетін жаһандану мен жаңғыртудың әсерінен айналадағы әлем түбегейлі өзгеріске ұшырауда. Мектептер оқушыларды түрлі мәдениет өкілдерімен әріптестік қарым-қатынас жасауда, алуан түрлі идеяларды, көзқарастар мен құндылықтарды ескеруді, адамдар өздерінің алуан түрлілігіне қарамастан, технологиялардың көмегімен кеңістік пен уақыт кедергілерін жеңе отырып, бір-біріне сенім білдіруін және ұжымдаса жұмыс жасауын қажет етеді. XXI ғасырдың мектептері оқушыларды өмірде, жұмыста және азаматтық ұстанымында өзгелермен ынтымақтастықта өмір сүруге дайындай отырып, ұлттық және жаһандық пікір алуандығының шынайылығын ұғына отырып, өзіндік дербестігі мен ерекшелігін дамытуға көмектесуі керек».

«Біздің міндетіміз – білім беруді экономикалық өсудің жаңа моделінің орталық буынына айналдыру. Оқу бағдарламаларын сыни ойлау қабілетін және өз бетімен іздену дағдыларын дамытуға бағыттау қажет»[1].

Тиімді басқарудың негізін қалаушы Ю.К.Бабанский оқу үрдісін қарқынды басқару «мұғалім мен оқушының оқу еңбегінің өнімін уақыттың әрбір сәтінде жоғарылату» - деп анықтама береді [2].

Педагогикалық зерттеулерде оқу үрдісін қарқындату, баланың ынтасын арттыру мәселесі туралы түрлі көзқарастар бар. Соған қарамастан уақыт өткен сайын жаңа әдістермен толықтырылуда. Кейбірі материалды меңгеруге кететін уақытты үнемдеуге байланысты болса, енді кейбірі меңгеруге тиісті материалдың көлемінің ұлғаюына қарамастан жедел, әрі оңай меңгерудің әдіс тәсілдерін ұсынады. Оған оқу жұмысының өсуі, оқушылардың ойлауын дамыту және оқу танымдық іс-әрекетінің әсерінен ынталандыру сияқты мәселелерді қоса қарастырады.

Ынталандыру-мотивтік компонент. Мотив – адамның объективті мұқтаждығы мен ынтасын бейнелейтін әрекетіне ішкі талаптануы. Оқушылар білімге деген мұқтаждығын сезу керек, ал мұқтаждық олардың оқуға деген ынтасын көтереді. Қызметке немесе әрекетке деген тілек, талпыныс, қызығу т.б. ұғымдар пайдаланылады.

Оқушылардың ынтасын арттыру үшін танымдық іс-әрекетті дұрыс ұйымдастыру керек және оны жетілдіру мәселесі төңірегінде жүргізілген зерттеулерді талдай отырып, бұл мәселені өмірде шешудің түрлі жолдарын төмендегіше бөліп көрсетуге болады:

- танымдық іс-әрекеттің дербестігін қалыптастыратын өзіндік жұмысты ұйымдастыру мен оқу міндеттерін іріктеп шешу арқылы.
- танымдық іс-әрекеттің тәсілдерін қалыптастыру.
- іс-әрекеттің бағдарланушылық негізінен құрайтын жалпылама білімдерді енгізу арқылы.
- оқу іс-әрекетін өздігінше бақылауды дамыту арқылы.

Танымдық белсенділік дегеніміз – оқушының оқуға, білімге деген ынта - ықыласының, құштарлығының ерекше көрінісі. Мысалы: мұғалімнің баяндап тұрған материалын түсіну

үшін, оқушының оны зейін қойып тыңдауы, алған білімін кеңейтіп толықтыру үшін, өздігінен кітап оқуы, бақылау, тәжірибе жасау, жазу, сызу сияқты жұмыстар істеуі керек. Өйткені өтілген материалды саналы қайталауда, жаңадан білім алуда, оның жолдары мен дағдыларына үйренуде белсенділіксіз мүмкін емес. Яғни оқушылардың белсенділігі ауызша, жазбаша жұмыстарда, бақылау эксперименттер жүргізу жұмыстарында, бір сөзбен айтқанда, оқу үрдісінің барлық кезеңінде қажет.

АКТ-ны пайдалану жағдайында оқудың мотивациясы оқу тартымдылығының жетістігі, оқу нәтижесіне қойылатын талаптардың күшеюі, оқу қызметі беделінің өсуі арқылы іске асырылады; оқу пәндерін зерттеуді оятатын осындай ынталандырғыштардың пайда болуы, танымдық қызметке жағымды қатынас пен қызығушылық қалыптастырады [3].

Оқу үрдісін қарқындату мысалында қазақ тілін оқытуды қарастырайық. Оқыту барысы оқу-зерттеу іс-әрекеті жағдайында әр сабақ жетік құрылған. Атап айтқанда:

- Мақсатқа бағытталған;
- Оқуға деген мотивтік үшейту;
- Білім беру мазмұнын ақпараттандыру;
- Оқытудың белсенді әдістері мен түрлерін қолдана отырып, оқу ісі барысын жеделдету;
- Мақсатқа сәйкес оқу жұмысына дағдыландыру;
- Компьютерлер мен басқа да жаңа оқытудың техникалық құралдарын қолдану.

Сондай-ақ оқушы «оқу оқиды» нәтижесінде қойған мақсатына жетуге ұмтылады. Өз кезегінде оқушылардың оқуға ынтасын арттырады. Ал егерде компьютерді демонстрация құралы ретінде қолданса, слайдтар мен бейнефильмдерді көрсету т.б., оқу іс-әрекетінің оқу материалын меңгерілуін қамтамасыз етіп, оқушыны жұмысты жақсы істеуге ынталандырады, үлгермеушілікті болдырмауға мүмкіндік жасайды. АКТ-ны қолдану оқушылардың жалпы оқулық білімі мен біліктерін қалыптастыруға бейімдеп, оқушыларға үлкен көлемді ақпараттарды меңгеруге мүмкіндік береді.

Қазақ тілі пәнінен оқушылар өздерінің жаңа білімдері мен дағдыларын іс жүзінде өз тәжірибесінде қолдануға болатынын көргенде және шынайы өмірден алынған жағдаяттарға негізделген өздерінің күнделікті тәжірибесімен байланысты болғанда, олардың оқуға деген ынтасы артады. «Балалардың білгені, тапқан- таянғаны өмірге жанасып, жарыққа шығып отырып, барлық жұмысты балалардың белсене, құлшына өздері істеуі шарт. Өзі еңбектеніп, өзі бейнеттеніп тапқан білім берік болады. Өмірінше ұмытпайды» - деп Ж.Аймауытов айтқаны қазіргі таңда қолданысқа ие болғанының дәлелі.

Жаңаша әдіс-тәсілдер арқылы шәкірттерге білім, білік, дағды беріп қана қоймай, олардың ақыл-ойы мен қабілетінің дамуына көңіл бөліп, «оқи алуға үйрету керек» деген қағиданы есте ұстаған абзал. «Қазіргі заманда жастарға ақпараттық технологиялармен байланысты әлемдік стандартқа сай мүдделі жаңа білім беру өте қажет» -деп Елбасымыз айтқандай, бұл бағдарламаның мақсаты – қалай оқу керектігін білетін, тәуелсіз, дербес, өзін-өзі ынталандыратын, бастамашыл, өзіне міндет ала білетін және жауапкершілікті түсініп мойындайтын, сын тұрғысынан ойлана алатын, үш тілде еркін тілдесе алатын шәкірттерді қалыптастыру. Білім алу барысында меңгерген әдіс-тәсілдерді қолдану арқылы оқытушының оқыту кезінде билік жүргізу әдісінен арылатынына, жай ғана бақылаушы және бағдарлаушы кейпіне көшеді. Бұған тәжірибе жүзінде көз жеткізу қиын емес. Оқыту үрдісі кезінде сабақтағы басты тұлға білім беретін мұғалім емес, осы білімді қызыға қабылдауға дайын оқушы болуы тиіс. Жаңаша әдіс-тәсілдер оқушылардың білімге деген ынтасын күшейтіп, дербестігі мен белсенділігін дамытуға ықпал етеді. Ежелгі грек материалисі, философ Демокрит «Еңбек үздіксіз үйренгендіктің арқасында жеңілдей түседі» деген.

Қазіргі компьютерлер, телекоммуникациялық байланыс құралдары, қажетті интерактивті бағдарламалық және әдістемелік жабдықтар әртүрлі оқыту формаларын жетілдірудегі, оған қоса білім алушылардың өздігінен білім алуын ұйымдастырудағы өзіндік жұмыстарды орындататын әдістемелік құралдары ретінде атқаратын жұмысының маңызы өте зор. Компьютер мен интерактивті бағдарламалық-әдістемелік құралдар мұғалім мен білім алушының әрекеттесу формаларын өзгертіп, компьютерді ақылдаса отырып көмектесетін кеңес беруші ретінде қарастырады. Ал мұндай өзгеріс білім алушының білімге деген ынтасын арттырып, сабақтың, нәтижелік бақылаудың жаңа модельдерін іздеуге жетелейді, оқытудың жеке адамға бағытталған қызықты түрлерін енгізуді керек етеді.

Қазақ тілі пәнінен оқушыларды ғылыми зерттеу жұмыстарына баулуда шығармашылық арқылы оқушылар өзін-өзі дамытады және жаңа білімдер алуға ұмтылады. Себебі, Қазақстан Республикасының білім беру жүйесінің стратегиялық мақсаты: мемлекеттік, әлеуметтік және кәсіби мәселелерін өз бетінше тұжырымдай отырып, іс жүзінде шеше алатын, жоғары білімді әрі бәсекеге қабілетті, шығармашыл тұлғаны қалыптастыруға неғұрлым қолайлы жағдай жасау болып табылады [4,5]. Осыған орай еліміздің қазіргі білім беру жүйесінің мақсаты, мазмұны және оны оқыту тәсілдері қайта қаралып, оқу жүйесін реттеу, жетілдіру, ұйымдастыру мәселелері зерттеліп, өз шешімін табуды қажет етеді. Қазақ тілі пәнінен оқушыларды ынталандырудың басты мақсаттарының бірі ізденімпаз, дара тұлғаны қалыптастыру және дамыту болып табылады.

Қорыта айтқанда ғалымдар бұл міндеттерді шешудің маңызды ұстанымдары белсенділікті, ізденімпаздықты және оқушылардың жеке жауапкершілігін дамыту деп санайды, сондай- ақ қабілетті және талантты оқушыларды анықтау мен ынталандыру шараларын ұйымдастырудың мақсатты, дәйекті жүйесін білдіреді. Яғни болашақ педагогтарды ғылыми зерттеу жұмыстарына баулу оқу үдерісінің ажырамайтын бөлігіретінде үнемі дамытуды қажет етеді.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. «Қазақстанның Үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» 2017 жылғы 31 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Президенті Н.Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауы.

2. Бабанский Ю.К. Избранные педагогические труды \Сост.М.Ю.Бабанский. – М.:Педагогика1989.

3. Бекова С.М. және т.б. Ақпараттық мәдениет негіздері. – Алматы: Бастау, 2011– 232б.;

4. Қазақстан Республикасының мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты. Жоғары білім. Бакалавриат. 23 тамыз 2012 ж. бекіт. Жарлық № 1080 // http:adilet.zan.kz/kaz/docs

5. Қазақстан Республикасының мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты. Жоғары білім. Бакалавриат. 13 мамыр 2016 ж. бекіт. Жарлық № 292. // http:adilet.zan.kz/kaz/docs



Ботабекова Асия Ердебековна
Түркістан облысы Кентау қаласы
Кентау көпсалалы колледжі
информатика пәнінің оқытушысы

Ақпараттық технология элементтерін тиімді қолдану тәсілдері

«Еліміздің ертеңі бүгінгі жас ұрпақтың қолында, ал жас ұрпақ тағдыры ұстаздың қолында» Н.Ә.Назарбаев.

Еліміздің білім беру саласына, яғни біздің алдымызға қойып отырған негізгі міндеттер ретінде: ол ұлттың бәсекелестік қабілеті бірінші кезекте оның білімділік деңгейімен айқындалатынын және әлемдік білім кеңістігіне толығымен ену білім беру жүйесін халықаралық деңгейге көтеруде білім беру үрдісіне ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың жетістіктерін енгізу, электрондық оқулықтар мен мультимедиалық бағдарламаларды тиімді және кеңінен қолдану, елдегі ақпараттық инфрақұрылымды әлемдік білім берумен ықпалдастыру, білім беру ұйымдарының байланыстарын нығайту болып саналады. [1]

Қазіргі заман XXI ғасыр жаңа ақпараттық технология заманы болғандықтан қазіргі уақытта Қазақстанда тек экономикалық және саяси процесте ғана емес, білім жүйесінде де жаңа ақпараттық технологиялар кеңінен қолданыла бастады. Ақпараттық технологияларды және компьютерлік желі арқылы жаңа білім әдістерін пайдалану кеңейтіліп келеді.

Ақпараттық технологияның қалыптасу кезеңдері және негізгі ұғымдары қоғамның қазіргі заман дәуіріндегі ғылыми-техникалық прогрестің дамуына байланысты адам іс-әрекетінің барлық сферасында компьютерлік және желілік технологиялардың бірігуінен пайда болған ақпараттық технологияны пайдалану кең етек жайды. Қоғамды компьютерлендіру, техника құралдарының белсенді түрде енуі оқу орны мен кез келген ғылым саласы алдында бірқатар көкейкесті міндеттер қоюда. Ол міндеттер оқу-тәрбие үрдісінің тиімділігін арттыруда, компьютерді пайдалану мүмкіндіктерін зерттеуге байланысты.[3]

Қазіргі кезеңде еліміздің білім беру жүйелерінде бірқатар өзгерістер енгізіліп, олардың жаңа ұлттық модельдері құрылуда. Оқу орындарын ақпараттандыру бағдарламасы, жоғары және орта білім берудің мемлекеттік стандарттары, жоғары білімді дамыту стратегиясы жасалып және Қазақстан Республикасы 2005-2010 жылдар аралығындағы білім беру жүйесінің дамуының мемлекеттік бағдарламасы, Қазақстан Республикасы білім беру жүйесінің 2015 жылға дейін даму тұжырымдамасы жарияланып іске асырылу үстінде. Осы бағытта жүргізіліп жатқан жұмыстардың бірі жалпы білім беретін оқу орындарында кез-келген ғылым саласы негізінен берілетін білімді қайта жаңарту болып табылады.

Негізінен информатика ғылымының басқа ғылым салаларына тигізер әсері бұл дегеніміз яғни, жоғарыда айтып өткендей қазіргі жақандану заманында жаңа ақпараттық технология заманына сай кез келген ғылым саласын қарастырсақ компьютерді пайдаланбау мүмкін емес. Себебі қазіргі заман соны талап етеді. Мысалға алатын болсақ өзімізге қатысты білім салаласында, қазір кез-келген орта, жоғары, арнаулы білім оқу орындарында сабақ мазмұнын оқушыларға (студенттерге) мұғалім сабақ барысында жаңа ақпараттық технологиямен

өткенді жөн көреді. Бұл орайда өзіміздің колледжіміздегі ақпараттық технологияны пайдаланып, жеткен жетістіктеріміз қаншама. Енді осының себептерін қарастырсақ:

- Жаңа технология – мұғалімнің мүмкіндігін қуаттандыратын құрал. Жаңа ақпараттық технологияны сабақ барысында қолдану оқушылардың пәнге деген қызығушылығын арттырады және оның бірнеше артықшылықтары бар. Осы артықшылықтарды сабақ беру барысында да, сабақ нәтижелерінен де көруге болады.
- Оқушыларға оқылатын құбылыстар мен объектілер туралы толық және дәл ақпарат бере отырып, оқу сапасын арттырады;
- Оқытудың көркемділігі артады, яғни оқушыларға қиын да күрделі материалдарды көрнекі түрде түсіндіруге қол жеткізеді;
- Оқытудың тиімділігі жоғарлайды және оқыту материалын түсіндіру мүмкіндігі арттырады;

Жаңа ақпараттық технологияны сонымен қатар тек оқу орындарында ғана емес басқада жұмыс орындарында немесе мекемелерде кеңінен пайдаланады. Ол яғни, жұмысшының жұмысын жеңілдетеді және уақытты үнемдейді.

Демек, информатика пәнін әдістемесін жетілдіре түссек, онда XXI ғасыр жас жеткіншіктерін компьютерлік сауатты, білімді және мәдениетті етіп шығарарымыз анық. Міне, осы себептен де Қазақстандық информатика мамандары мен әдіскерлері информатиканы оқыту әдістемесін бұдан да гөрі жетілдіре түсуі үшін көп жұмыс жасауы тиіс.

Қазіргі кезеңде республикамызда білім берудің жаңа жүйесі жасалып, қазақстандық білім беру жүйесі әлемдік білім беру кеңістігіне енуге бағыт алуда. Білім беру саласында оқытудың жаңа педагогикалық технологияларын практикада меңгермейінше сауатты, жан-жақты маман болу мүмкін емес. Ал, жаңа технологияны меңгеру оқытушының интеллектуалдық, кәсіптік, адамгершілік, рухани, азаматтық және басқа да көптеген адами келбетінің қалыптасуына игі әсерін тигізеді, білімгер тұлғасын дамытып, оқу-тәрбие үрдісін тәрбие ұйымдастыруына көмектеседі. [2] Өз бетімен шығармашылық әрекет жасауға қабілетті мамандар даярлауда жеке тұлғаны қалыптастыруды көздеуге бағытталған педагог пен оқушы әрекетінің тиімділігін арттырудың жолдарының бірі – педагогикалық жаңа ақпараттық технологияларды орынды қолдану болып табылады.

Қазіргі ақпараттық қоғамда өндірістің дамуының негізгі құралы болып ақпараттық ресурстардың қажеттілігі көрінеді. Сондықтан білім беру саласы да өзінің дамуы үшін жаңа қадамдарға баруда. Осыған байланысты адамға ақпараттар кеңістігінде дұрыс бағытты таңдауға мүмкіндік жасай алатын оқытудың жаңа технологиялары пайда болуда. [2]

Жаңа ақпараттық технологиямен орындалатын қызмет өзінің кез келген нақты формасында тиімдірек орындалады, адам өркениетті бола бастайды.

Ұрпақ үшін кітаптың маңызы қандай болса, компьютер де оқушы үшін қоршаған әлемді танудың табиғи құралы болып табылады. Олай болса, барлық сабақтарды компьютерлердің қуаттануымен жүргізуді үйрену – бүгінгі күннің кезек күттірмейтін өзекті мәселелерінің бірі.

Соңғы жылдары білім беру аясы жүйесінде компьютерлік техниканы пайдалану белсенді түрде жүзеге асырылуда. Білім беру жүйесіндегі жаңа ақпараттық технология дегеніміз – оқу және оқу-әдістемелік материалдар жинағы, оқу қызметіндегі есептеуіш техниканың техникалық құралдары, олардың рөлі мен орны туралы ғылыми білімнің жүйесін және оқытушылар еңбектерін жүзеге асыру үшін оларды қолдану формалары мен әдістері деген анықтама беруге болады. Яғни, ақпараттық технология – білім беру мекемесі мамандарының жұмысын жүзеге асырушы әдістер мен формалар және балаларға білім беруші құрал.

Ақпараттық технология қызметінің құралы ретінде жаңа ақпараттық технологияның компьютерлік құралдары қолданылып жүр, алайда заман талабына сай компьютерлік техниканың дамып жетілуіне байланысты ғылыми сипаттағы компьютерлік бағдарламаларды жасау керек және ол оқушының іс-әрекетінің интеллектуалды құрылысымен сәйкес келуі тиіс.

Көптеген ғалымдар компьютерлік оқыту мәселесіне ерекше мән беріп келеді. Мысалы, Ж.А.Қараев оқытудың компьютерлік технологияларын пайдалану жағдайында оқушылардың танымдық белсенділігін арттыру, А.Ә.Шәріпбаев компьютерлердің бағдарламалық және ақпараттық құралдарының дұрыстығын дәлелдеу, С.М.Кеңесбаев болашақ мамандардың жаңа ақпараттық технологияны пайдалана білу мәселелерін, М.Ф.Баймұхамедов компьютерлік оқытудың бейімделген технологиясын құрастырудың модельдері, Р.С.Шуақбаева компьютердің мүмкіндіктерін пайдалана отырып, жоғары сынып оқушыларына көпжақтарға берілген есептерді шығаруға үйретудің әдістемесі, ақпараттық-қатынастық технологияны қолдану негізінде колледжде информатиканы оқытудың қолданбалылығын арттыру жолдары. Ал ол өз кезегінде осы бағыт бойынша ғылыми жаңаша зерттеудің қажеттігін туғызып отыр. Себебі оқушылардың бұл әдістерді жетік меңгеруі олардың болашақ кәсіби іс-әрекеттерінде қазіргі заманда ақпараттық технологияларды неғұрлым ұтымды пайдалануына мүмкіндік туғызады. Мен өз сабағымды оқушылармен бірге өткізе отырып, оларды мына екі топ бойынша сараладым. Бұл менің 2005 жылдан бастап колледж оқушылармен бірге жұмыс жасадым, осы ойымды, яғни жұмысымның нәтижесін тексердім.

Болашақ мамандарда ақпараттық-логикалық модельдеу іскерлігін қалыптастыруға даярлаудың ғылыми-әдістемелік негіздерін анықтау мақсатында жүргізілген талдау жұмысы мамандық бойынша арнаулы пәндерді оқыту үдерісінде оқушылардың ақпараттық-логикалық модельдеудегі білімін тереңдету және кеңейту мәселесіне ерекше көңіл бөлініп, олардың іскерлігін көтеруге бағытталған әдістемелік ұсыныстар енгізу қажет екендігі ескеріліп, арнайы және әдістемелік даярлық жұмысын жаңа деңгейге көтеру міндеті қойылды. Осы жұмыстарды жүргізу үшін экспериментке қамтылатын топтар мен олардағы оқушылардың саны белгіленді.

Топ түрі	Оқу жылдары			
	2019-2020	2020-2021	2021-2022	Барлығы
Эксперимент тобы	12	10	14	36
Бақылау тобы	10	8	12	30

Кесте 1 Тексеруге әр оқу жылдарында қатыстырылған топтар

Қорытынды. Білім алушыларды ақпараттық-логикалық модельдеу негізінде кәсіби оқыту мәселесін теориялық-әдіснамалық және тәжірибелік зерттеу нәтижелері төмендегідей қорытынды және ұсыныстар жасауға мүмкіндік туғызды:

Қоғам дамуының қазіргі кезеңі адам қызметінің басым бөлігін ақпараттандырумен, компьютерлендірумен ерекшеленеді. Соған байланысты болашақ мамандардың қызмет аясы кеңейіп, ақпараттық-логикалық модельдеу іс-әрекетінің тәжірибелік сұранысы артуда.

Оқушы пәнді жақсы білумен қоса, негізі информатикалық ақпараттық-логикалық модельдеу әдістемесін де жетік меңгеруі тиіс. Оқушыларды ақпараттық-логикалық модельдеу негізінде кәсіби іскерлікке бейімдеп оқыту жүйесі ғылыми-әдістемелік тұрғыда жетілдіріліп, шешілуінің керектігі теориялық-әдіснамалық тұрғыда анықталды, яғни философиялық, психологиялық, педагогикалық, әдістемелік, физикалық, информатикалық әдебиеттерді, іргелі

ғылыми-зерттеу жұмыстарын жан-жақты талдау, ізденіс жұмыстарының бағыттарын анықтауға мүмкіндік берді.

Қолданылған әдебиеттер.

1. Орта оқу орнында оқытудың ақпараттық-компьютерлік технология-ларын қолданудың қазіргі жағдайы мен мүмкіндіктері // Салыстырмалы педагогика: Қазақстан және дүниежүзіндегі білім беру жүйелерінің даму тенденциялары II республикалық ғылыми-практикалық конференция материалдары. – Алматы, 2009ж.

2. Студенттерге ақпараттық-логикалық модельдеу арқылы білім берудің ғылыми-әдістемелік (теориялық) аспектілері // Ізденіс. – Алматы, 2010.

3. Білім беру үрдісінде ақпараттық-логикалық модельдеуді оқытудың рөлі. Түркістан гуманитарлық-техникалық колледжінің 75 жылдығына орай «Орта кәсіби білім берудегі инновациялық жаңарулар» атты облыстық ғылыми-тәжрибелік конференцияның материалдары. – Түркістан, 2010 ж.



Садыкова Акгуль Тулеповна
Батыс Қазақстан облысы
Бәйтерек ауданы
«Мичурин мектеп-бөбекжай – балабақша» кешені

Менің отбасым (тәрбие сағаты)

Тәрбие сағатының бағыты: Отбасылық тәрбие беру

Мақсаты: Отбасы туралы түсініктерін бекіту, отбасында үйлесімді қарым-қатынас дағдыларын қалыптастыру, туған-туыстар арасындағы байланыстарды ұғынуға көмектесу.

Міндеті: Оқушыға «Отбасы күні» мерекесі туралы түсінік беру

Көрнекілігі: нақыл сөздер, стикер, сөзжұмба

Тәрбие сағатының барысы:

I. Ұйымдастыру бөлімі

Сәлем күн - анамыз (қол жоғарыда)
Қуанатын күн бүгін (қол ұстасады)
Қайырлы күн, қайырлы күн (қол кеудеде)
Күліп шықшы сен бүгін! (қол жоғарыда)

II. Негізгі бөлім

Оқушыларды екі топқа бөлу

Кіріспе. Бүгінгі тәрбие сағатымызда отбасы жайлы пікірлесеміз.

Отбасы – адам баласының түпқазығы, алтын ұясы.

Адам баласы шыр етіп дүниеге келген күннен бастап, сол ортаның ыстығына, суығына бейімделіп, ықпалына көніп ер жетеді. Сол отбасынан үлкен өмірге қадам басамыз. Біздің өмірімізге түзу қадам басуымызда отбасының орны ерекше.

Атақты қазақ ақыны Қ.Аманжолов өзінің өлеңінде:

Отбасы – шағын қоғам

Мен - президент, сен – премьер - дегені бар екен

Шынында да, отбасы – ол шағын мемлекет. Өз болмысы, өз ерекшелігі, өз дәстүрі, өз қағидасы бар.

1. Топтардың отбасы жайлы пікірлері

- Балалар, дұрыс айтасыңдар, адамның жеке болымысының қалыптасуы отбасынан басталады. Адамның бойындағы ар-ұяты, ақыл-ойы, адамгершілігі, басқа адамдармен қарым-қатынасы, мәдениеті алғашқы қадамы отбасынан басталады. Сондықтан отбасы бақытты болу үшін не қажет? (мейірімділік, сүйіспеншілік, бірлік, денсаулық. татулық, сыпайылық)

2. Менің туыстарым. Жұмбақ

Маған да, саған да,
Жақынт уыс бес адам.
Үш әріптен тұратын,
Оңға оқы, солға оқы.
Өзгермейді ешқашан,
Бәрі де өз жұртың,
Айтады, қане кім атын? (ата, ана, іні, аға, апа)

- Бұлар біздің отбасымызды құрайды. Әрбір қазақ отбасында аталар мен әжелердің алар орны ерекше. Дәстүрлі қоғамда ата-әжелер тәрбиесін көрмей өскен бала болмаған. Ата-әжелер жыр, дастан, ертегі айтып немерелерін, шөберелерін рухани байытып, мол тәрбие беріп отырған (Әр топ мүшелері ата, әже туралы өлең, тақпақ айтады)

Ана – отбасының ұйытқысы, жылуы, шуағы, отбасына береке әкеліп, жанұяны бақытқа бөлейді. (топтардың ата-ана туралы пікірі тыңдалады)

3.Отбасымдағы өз орным

- Сенің есімің қандай мағына береді? (оқушылар өз есімі туралы айтып өтеді)

Әрбір топқа 7 сұрақтан беріледі.

1-топқа:

1. Анаңның әкесі саған кім болады, сен оған кім боласың?
2. Жігіттің неше жұрты бар?
3. Қыз баланы жасына қарай қалай атайды?
4. Дүниеде не тәтті?
5. Анаңның ағасы кім болады?
6. Не қатты?

Атаңа сен кім боласың?

2-топқа:

1. Немере деп кімді атайды?
2. Әкеңнің апасы кім болады?
3. Өзіңнен кіші ұл кім болады?
4. Анаңның апасы саған кім?
5. Дүниеде не жұмсақ?
6. Ұл баланы жасына қарай қалай атайды?

Жеті атаңды білесіңбе?





4. Құндылық құнын ұғындар

Отбасымда ең сыйлы _____

Ең қымбатты _____

Ең ақылды _____

Ең сүйкімді _____

Ең құрметті _____

Ең құнды _____

Ең бағалы _____

Ең қажетті _____

5. «Бақытты отбасы модулін» салу.

Қазақ салтында отбасы тәлімі – ерекше дәстүр. Отан отбасынан басталады, – деген нақыл сөз бекер емес. Адам өзінің ұрпағынан елді сүйсіндірер ұлы істерді тыңдырса деген мақсатты нысана етеді, үміт артады. Сол нитепен жақсылыққа баулиды. Отбасы қоғамның негізгі бөлігі, ұрпақтар тарихи сабақтастығының, мәдениеттің, рухани құндылықтардың қазынасы болып саналады. Өнегелі отбасы арқасында мемлекет те өркендейді, халықтың әл-ауқаты жақсарады.

Осымен біздің ашық тәрбие сағатымыз өз мәресіне жетті.

Еліміз аман, жұртымыз тыныш болсын. Отбасыларыңызда әрқашан береке бірлік, татулық орнасын!

Баршаңызға отбасында бақыт, ырыс-дәулет, жақсылық пен шаттық болсын деп тілейміз!

Келесі кездескеше сау саламата болыңыздар.



Бауыржанова Айгерім Бауыржанқызы
Жамбыл облысы Шу қаласы
«Балалар жасөспірімдер
өлкетану және туризм» орталығының
үйірме жетекшісі

Балуан Шолақ ескерткішінің шығу тарихы

Сабақтың мақсаты: *Білімділік:* Оқушыларға Балуан Шолақ ескерткішінің шығу тарихына толық мәлімет беру.

Дамытушылық: Оқушылардың ұшқыр ойлау, қабілетін дамыту, тілдік қорын байыту.

Тәрбиелік: Балаларды ұйымшылдық пен өзара сыйластыққа тәрбиелеу.

Сабақтың түрі: Теориялық, практикалық сабақ.

Сабақтың әдісі: түсіндіру, сұрақ- жауап.

Құрал-жабдықтар: Балуан Шолақтың суреттері.

Сабақтың барысы:

Ұйымдастыру кезеңі: 1. Оқушылармен сәлемдесу.

2. Оқушыларды түгендеу.

3. Оқушылардың назарын сабаққа аудару.

1-сағат

Нұрмағанбет Баймырзаұлы, Балуан Шолақ (1864-1919) – қазақтың халық композиторы, ат ойынының түрлі тәсілін меңгерген өнерпазы, күш өнерін көрсеткен спортшысы, жауырыны жерге тимеген балуаны. Оның есімін де халық осы соңғы өнеріне сүйсінгендіктен еркелетіп, жас күнінде саусағын үсітіп алуына байланысты «Балуан Шолақ» деп атаған, әйтпесе өзінің азан шақырылып қойылған шын аты – Нұрмағанбет. Шыққан тегі – Ұлы жүздің Дулат тайпасының Шымыр ішіндегі Сәмбет руынан. Бірақ аталары ерте кезде Арқаға қоныс аударғандықтан, оның бар өмірі Көкшетау өңірінде, атығай, қарауыл руларының арасында өскен. Әкесі Баймырза ағаш шебері болған. Әкесіне қарағанда, шешесі Қалампыр қарулы кісі болған дейді. «Алып – анадан» дегенғой, Балуан Шолақ та осы анасына тартып, теңдессіз алып күштің иесі болған.

14 жасынан бастап күреске түсіп, ат құғында ойнаған спортшы болған, шауып келе жатқан ат үстінде әртүрлі күрделі жаттығуларды шебер орындаған. Мысалы: жүйткіп келе жатқан ат үстінде түрегеліп, не басымен тұруы, аттың бауырынан өтуі, бір аяғын үзеңгіге қыстырып, шалқалап жатып шабуы бойындағы жойқын күшті, ептілікті шебер игере алатындығын, қазақтың далалық цирк өнерінің іргетасын қалағандығын айғақтайды. Көкшетау қаласындағы үлкен жиындарда 51 пұт (830 кг-дай) кірдің тасын көтеріп, дүйім жұртты таң қалдырған. 1899 ж. Орыс палуаны Иван Кореньмен күресіп, оның қабырғасын сындырғанда Балуан Шолақ 35-те еді. Мұның үстіне Балуан Шолақ ән-күйге жасынан құмар болады. Бертін келе, жігіт шағында Балуан Шолақ осы екі өнерді қатар дамытады. Әке-шешесі қайтыс болған соң, Ғаникей деген қызға үйленген Балуан Шолақ ел аралап, салдық құрады және жалғыз-жарым жүрмей, маңына әнші-күйші, палуан, өнерлі жастарды жинайды. Топ құрып, «ансамбль» болып сауыққ ұру Балуан Шолақтың дәстүріне айналған. Өзі ұстаз тұтқан Біржан сал, Ақан сері әндерінің тамаша орындаушысы әрі насихатшысы болады. Олардың әнші-композиторлық дәстүрін берік ұстанып, кейін өзі де ән шығарады. Бұл тұрғыдан алғанда, Балуан Шолақ қазақтың әншілік өнерін өрістетуге үлкен үлес қосқан композитор. Көкшетау, Қаркаралы, Қараөткел, Сарысу бойындағы елдерді түгел аралаған. Балуан Шолақ Баян-ауыл, Семейде болады, Арқаның әндерін Жетісуға жеткізеді. Осы сапарында Кенен Әзірбаев Балуан Шолақтың көптеген әндерін үйреніп, халыққа таратады.

Балуан Шолақтың «Ащылы-айырық», «Балуан Шолақ», «Желдірме», «Дікілдек», «Көкшетау», «Қосалқа», «Қос барабан», «Қосперне», «Құланкісінес», «Кенжекоңыр», сияқты әндері бар. Оның халық арасына кеңінен тараған әндері – «Ғалия» мен «Сентябрь». «Ғалия» нәзік сезімд үниесін, мөлдір махаббатты шеберлікпен сыршыл әуенде жырлаған ғашықтық лирикасы болса, Балуан Шолақтың әндерін шебер орындаушылар Ж.Елебеков, М.Көшкімбаев, М.Тырбаев, Ж.Кәрменов, Қ.Байбосынов, т.б. болды. Белгілі музыка зерттеушісі А.В.Затаевич ел арасынан Балуан Шолақтың бірнеше әндерін жазып алып, оны «Қазақ халқының 1000 әні» және «Қазақтың 500 әні мен күйі» жинақтарына енгізеді. Сан өнерімен халқын риза етіп, Сарыарқасын сазды әуенімен тербеткен, заманының айтулы сал-серісінің бірі болған Балуан Шолақ Баймырзаұлы 1916 жылы өзінің өскен өңірі Өзектісайда қайтысболады.

Балуан Шолақ қандай құрметке де лайық тұлға?

Елдің күнгейінен пойызбен Астанаға немесе Көкше өңіріне жол шеккен жолаушының Шудан өткеннен кейінгі көзі тоқталар алғашқы көрініс – оң қапталдан алыстұрса да андағайлайтын Хантауы. Әрине, Алатаудай асқар емес. Қаракөк жартасты, сонау-сонау жылдары төскейдегі көктеуін көктем сайын Жазекең жарықтық, екі мәрте Еңбек Ері Жазылбек Қуанышбаев төлге толтырып отыратын Сұңқар шыңынан өзге жаратылысы жатағандау болғанымен, қалың атпарлы. Сол қатпар бірте-бірте алыс замандарда осында аял қылыпты делінетін Шыңғысханның қаһарлы қабағы әлденеден жадырай жазылғанындай

Дала қайнаратты кең жазыққа айналып кетеді. Көктемде көк жайқын дариядай, күзде алтынмен апталғандай реңденетін осы даланы көрген сайын әрдайым ойға шомып, аталас бабаларым бастан өткерген бір қасіретті хал еске түсіп елегізимін, жарық дүниеге келуінің өзі сол оқиғамен сабақтасып жататын күллі қазақтың бір ұлы перзентінің бейнесін елестетем...

2- сағат

1. Техникалық қауіпсіздік ережесін еске түсіру.
2.Қажетті құрал- жабдықтарды дайындау.
3. Ноутбуктен интернет желісі арқылы фильм көрсету.
4. Балуан Шолақтың филімінен үзінді көрсету.
5. Балуан Шолақ қандай құрметке де лайық тұлға
6.Фильмді көріп тамашалау.

Қорытынды: Оқушылар көрген фильмінен жақсы мағлұмат алды.

Шакирьянова Галина Ануарбековна
«Есіл ауданы білім беру бөлімінің
С.Серіков атындағы жалпы
орта мектебі» КММ
қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі

Базарлық


Бөлім	**Мәдени мұра**	
Педагогтің Т.А.Ә.	Шакирьянова Галина Ануарбековна	
Күні:	09.11.22 ж.	
Сынып: 4 Б сынып	Қатысушылар саны: 12	Қатыспағандар саны:0
Сабақтың тақырыбы	Базарлық	
Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаттары	4.1.1.1* анық айтылған сөзді тыңдап, қысқаша жазба (тірек сөздер) жасау және нақтылау мақсатында сұрақтар құру 4.4.5.2 сөзге қосымшалар жалғау кезінде үндестік заңын сақтау	
Сабақтың мақсаты	*Барлық оқушылар:* сөзге үндестік заңын сақтай отырып, қосымша жалғай алады. *Оқушылардың басым бөлігі:* сұрақтарға жауап бере алады. *Кейбір оқушылар:* сұрақтар құрастыра алады.	



Сабақтың барысы

Сабақтың кезеңі	**Педагогтің әрекеті**	**Оқушының әрекеті**	**Бағалау**	**Ресурстар**
Сабақтың басы	Ұйымдастыру кезеңі. Оқушылардың шаттық шеңберге тұрғызады. **Топқа бөледі.** Суреттер беру арқылы 2 топқа	Шаттық шеңберге шығып, сөздерді айтады. Шырылдады қоңырау Біз сабақты бастаймыз. Партамызға отырып, Өзара көз тастаймыз. Жаңа білім алуға,		

	бөледі («Пазл» әдісі (1 топ – Сандық, 2 топ – Қоржын)  Бүгін аптаның нешінші күні? Қазір қандай мезгіл? Қазір қандай ай? Күзден кейін қандай мезгіл? Күзде қандай өзгерістер болады? **Үй тапсырмасын тексеру** «Сәйкестендіру» әдісі арқылы үй тапсырмасын тексереді. Сөздерді суреттермен сәйкестендіреді. Мынау не? сұрағына жауап береді. Оқушыларды сабақтың тақырыбы және мақсатымен таныстыру**.**	Алға қадам жасаймыз. «Пазл» әдісі арқылы екі топқа бөлінеді. Мұғалімнің сұрақтарына жауап береді. Сөздерді сәйкестендіреді.Жекеше жұмыс  ҚҰМЫРА  БЕЛДІК ҚАСЫҚ  САНДЫҚ  ТОРСЫҚ  ҚОРЖЫН	Дұрыс немесе дұрыс емес Дескриптор: Сөздерді атай алады; Сөздерді орфоэпиялық нормаға сай айта алады. Оқушылар смайлик беру арқылы бағаланады	**Суреттер**

	Жаңа тақырыпты қазақ әліпбиі арқылы ашады.«Тақырыпты жасыру» әдісі  3 1 11 1 23 16 37 15 Жаңа тақырыптың мақсатын айтады. Дәптерді ашқызып, күнді тақырыпты жазғызады.	 ЕР-ТОҚЫМ ТҰМАР  ДОМБЫРА  ҚАМШЫ  ТАБАҚ  БЕСІК Топпен жұмыс	<u>Дескриптор:</u> Әліпбимен жұмыс істей алады; Жаңа тақырыпты аша алады.	

		3 1 11 1 23 16 37 15 – БАЗАРЛЫҚ		
Сабақтың ортасы	1.Тыңда. Қайтала. **Сөздікпен таныстыру:** **Жаңа сөздер:** Ірімшік-творог,сыр Қаймақ-сметана Құрт-курт Тақия-тюбетейка Табу-найти *Жаңа сөздерді дұрыс айтуға дағдыландыру жаттығуы:* **2. 1-тапсырма** **Көрсетейік және айтайық**  **3.Грамматикалық қоржын «Есте сақтайық» айдары** «Сен білесің бе?» Базарлық (сыйлық-синоним) -алыс сапарға шыққан адамның үйіне, көршілеріне, балаларға әкелетін сыйлығы. **4. Тыңдалым. Оқылым. Мәтінді оқушыларға тыңдатады.** **2-тапсырма.** Көп нүктенің орнына тиісті қосымшаны қойып оқыңдар.Тірек сөздерді белгілендер. (Мысалы: базарлық алып, менің әжем, домбыра алдым) «Тиісті жауапты тап» әдісі	Тыңдалым,айтылым. Сөздерді оқиды, қайталайды, дәптерге жазады **Айтылым/Оқылым.** **Топпен жұмыс.** Суретке қарап, жаңа сабақтың тақырыбымен танысады. Сұрақтарға жауап береді. Атасы мен әжесі балаларға не сыйлады? Грамматикалық қоржын Шығыс септіктің сұрақтарын, жалғауларын қайталау  **Топпен жұмыс** **2-тапсырма**  1-топ:	**Дескриптор:** -сурет бойынша сөйлемдер құрастырып, сұрақтарға жауап бере алады оқушылар смайлик беру арқылы бағаланады Дескриптор: Шығыс септіктің сұрақтарын, жалғауларын қайталай алады **Дескриптор:** Көп нүктенің орнына тиісті қосымшаны қойып оқи алады. Балалар бір-бірлерін тексеріп, дұрыс жауапқа смайликтер береді.	Суреттер Слайд, оқулық Ауызша мәтін

		 2-топ: – Әжем... (-нан, -нен) сізге базарлық бар. Қор нан алыңыз. Оларды қала... (-дан, -ден) **табу** қиын. ки, айран, ірімшік, құрт, қаймақ, бауырсақ, – деді қуанып. – Әке, сіз торсық,... (-тан, -тен) қымыз құйып ішіңіз, Нұрәлі. Ата-аналары балаларына риза болды. – Балаларым, сендерге көп рақмет, бақытты болың деп алғыс айтты әкелері.		
	Сергіту сәті			https://youtube.com/watch?v=zQFnJLgsYxQ&feature=share
	<u>Айтылым.</u> Мәтін бойынша сұрақтарға жауап бер. Оқушылар қоржынан сұрақтарды алып, жауап береді. «Сұрақ-жауап» әдісі 86-беттегі 6-тапсырма. «Сұрақ қою» әдісі **5. Жазылым.** 5-тапсырма Сөйлемдегі көп нүктенің орнына тиісті қосымшаны жаз. 1.Әжем... құрт пен ірімшік әкелдім. 2.Атам... былғары белдік сыйға алдым.	Топпен жұмыс Оқушылар қоржынан сұрақтарды алып, оқиды, сұрақтарға жауап береді. Кемел мен Нұрәлі қайдан келді? Балалар сыйлық пен базарлықты кімнен алды? Кемел атасынан не алды? Нұрәлі әжесінен не алды? Жұппен жұмыс. Оқушылар сөйлемге сұрақ қояды.  1) Мен қаладан келдім. 2) Анамнан сәлемдеме алдым. 3) Қымыздан құйып іштім. 4) Қоржыннан құрт пен ірімшік алын 5) Сүтті құмырадан құйып ішіңіз. 6) Айраннан құрт алады. Жекеше жұмыс. Балалар бір-бірлеп тақтаға шығып тапсырманы орындайды.	**<u>Дескриптор:</u>** Сұрақтарға дұрыс жауап бере алады. Мұғалім дұрыс немесе дұрыс еместігін бағалайды. Дұрыс жауапқа смайликтер береді. **<u>Дескриптор:</u>** Сөйлемге сұрақ қоя алады. **<u>Дескриптор:</u>** көп нүктенің орнына тиісті қосымшаны жазады. орфографиялық нормаларды сақтайды	Қоржын Оқулық Оқулық
Сабақтың соңы	Бағалау. Үйге: сөздерді жаттау, мәтінді мазмұндау.			
	"Білім қоржыны" рефлексиясы 	Оқушылар сабақта алған білімдерін қоржындарды таңдап, қоржынға салады.		

Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінде тіркеліп, 2013 жылдың 30-желтоқсанында № 14080-Г куәлігі берілді

Зарегистрирован в Министерстве Культуры и Информации Республики Казахстан, Комитете информации и Архивов за №14080-Г от 30.12.2013г.

эл.почта: ou2020@mail.ru тел: +7705 444 81 51

Astana - 2022

BILIM AINASY

Желтоқсан-Декабрь



WWW.BILIMAINASY.KZ

BILIM AINASY

КУӘЛІК

Республикалық "Білім Айнасы" газетінің
(Куәлігі ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі,
Ақпарат және Мұрағат комитетінде 14080-г 2013 жылы
желтоқсанда тіркелген) www.bilimainasy.kz сайтында

Ашимбекова Торғын Абдиманаповна

(аты-жөні)

Ақпараттық процестермен жұмыс

(тақырыбы)
тақырыбындағы сабағы
жарияланды
https://bilimainasy.kz/22-07-12-03/

@BILIMAINASY

"Білім айнасы" газетінің
бас редакторы _____ Қ.Қатшабаев

тіркелді № 5393
Астана қ. 07.12.2022жыл

BILIM AINASY

КУӘЛІК

Республикалық "Білім Айнасы" газетінің
(Куәлігі ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі,
Ақпарат және Мұрағат комитетінде 14080-г 2013 жылы
желтоқсанда тіркелген) www.bilimainasy.kz сайтында

Ботабекова Асия Ердебековна

(аты-жөні)

**Ақпараттық технология элементтерін
тиімді қолдану тәсілдері**

(тақырыбы)

тақырыбындағы мақаласы
жарияланды
https://bilimainasy.kz/22-07-12-11/

@BILIMAINASY

"Білім айнасы" газетінің
бас редакторы_____ Қ.Қатшабаев

тіркелді № 5401
Астана қ. 07.12.2022жыл

BILIM AINASY

КУӘЛІК

Республикалық "Білім Айнасы" газетінің
(Куәлігі ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі,
Ақпарат және Мұрағат комитетінде 14080-г 2013 жылы
желтоқсанда тіркелген) www.bilimainasy.kz сайтында

Ботабекова Асия Ердебековна

(аты-жөні)

Ақпараттық технология элементтерін тиімді қолдану тәсілдері

(тақырыбы)

тақырыбындағы мақаласы
жарияланды
https://bilimainasy.kz/22-07-12-11/

@BILIMAINASY

"Білім айнасы" газетінің
бас редакторы _____ Қ.Қатшабаев

тіркелді № 5401
Астана қ. 07.12.2022жыл

СЕРТИФИКАТ

SMART BILIM

Ботабекова Асия

SMART BILIM ұстаздарды дамыту орталығының "Идеал Ұстаз" атты курсында инклюзивті білім беру , пәндік олимпиадаларға студенттердің дайындық жұмыстарын ұйымдастырумен танысып, цифрлық сауаттылық бойынша білімін жетілдіргенін растайды

Smart Bilim орталығының жетекшісі

Садыбаев Ж.

Берілген күні:

15.12.2022



3D модельдеу

БОТАБЕКОВА Асия Ердебековна,
Кентау консалалы колледжінің
информатика пәнінің оқытушысы

Сабақтың тақырыбы	**3D модельдеу**
Осы сабақта қол жеткізілетін оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтеме)	Нысандар мен объектілердің модельдерін 3D редакторында модельдеу
Сабақтың мақсаты	**Барлық білім алушылар :** 3D редакторының негізгі элементтері мен қызметін білу **Білім алушылардың басым бөлігі:** 2D мен 3D модель түрлерін ажырату **Кейбір білім алушылар :** Қарапайым объектілерді моделдей алу мүмкіндіктеріне талдау жасап шешім шығару
Бағалау критерийі	3D редакторының негізгі элементтерін және қызметін біледі Редакторға кіріктірілген объектерді атай алады 3D объектерді қолдана және өңдей алады Қарапайым объектілерді моделдей алады AutoCad-тың мүмкіндіктеріне талдау жасап шешім шығара алады
Ойлау дағдыларының деңгейі	Білу, түсіну, қолдану
Тілдік мақсаттар	**Оқушылар:** Түрлі моделдерге мысалдар келтіре отырып, олардың қызметін сипаттайды, ой бөліседі. **Пәнге қатысты сөздік қор мен терминдер:** Модельдер, 3D объектілер, моделдеу, примитивтер, AutoCad бағдарламасы **Талқылауға арналған тармақтар:** 3D объектілерін қалай орнатуға болады? 2. AutoCad бағдарламасында қандай объектінің үш өлшемді моделін салу оңай ?
Құндылықтарға баулу	Тақырыпқа қатысты сабақ барысында жұмысты жүйелеу арқылы ұқыптылыққа, тәртіпке, жауапкершілікке баулу
Пәнаралық байланыс	Сызу, геометрия
Тақырып бойынша алдыңғы білім	Модельдер, 3D объектілер практикалық тұрғыдан қолдану

Сабақ барысы

Сабақтың жоспарланған кезеңдері	**Педагогтің әрекеті**	**Оқушының әрекеті**	**Бағалау**	**Ресурстар**

Жаңа - 2021 жыл сиыр жылы



Қазақтың жыл санауы бойынша 2021 жылы сиыр жылы кіреді. Қазақта жыл қайыру 12 жылдан тұрады. Ол он екі жылға аң мен жануардың аты қойылған. Айналымның басын тышқан бастайды, одан кейін сиыр, барыс, қоян, ұлу, жылан, жылқы, қой, мешін, тауық, ит, доңыз деп аяқталады да, қайта жалғасады.

Жыл санау мен жыл қайырудың алғашқы деректері VIII ғасырдағы "Күлтегін" ескерткіштері мен XI ғасыр ғұламасы Махмұт Қашқаридың еңбектерінде кездеседі.

Ал, қазақстандық этнограф Ахмет Тоқтарбайдың айтуынша, жыл қайыру алтыншы-жетінші ғасырда пайда болған, оның ішінде кей жылдың аты шығыс күнтізбесінен енген.

"Жыл санау 6-7 ғасырларда пайда болған. Қазақ маймылды өмірінде көрмеген, сондықтан оған мешін деп ат қойған. Маймыл қазаққа жат. Маймыл жылы Шығыс елдері, Қытай, Үндістанға тән десек болады"Қазақ күнтізбесі бойынша сиыр жақсы, жайлы жылдардың бірі деп саналады. Себебі жаман жылдар тарихта бар, мысалы, қоян жылы қазақ күнтізбесі бойынша ең жаман жыл. Тышқан жылы, жылқы жылында соғыс, ұрыс-керіс болған. Сиыр жуас, момын мал. Екіншіден, ертеректе кедей отбасыда бір сиыр болса, сол барлығын асыраған. Бір сиырды сол үйдің анасы деп атайды екен", - дейді маман. Айтуынша, бір сиырдың сүті бір үйді асыраған. Сонымен катар қыста тайынша болған түлікті соғымға сойып алып, қыстан шыққан.

"Бұл жыл тыныш, дау-дамайсыз, халыққа мамыражай жыл деп саналады. Сонымен катар, қой мен барыс жылы жақсы өтелі", - дейді этнограф.

Сондай-ақ, жыл санауындағы төрт түлікті сол жылы туған адамдар бауыздамайды.

Ал сиыр жылы туғандардың табиғи белгісі – су. Соған байланысты бұл жылы дүниеге келгендер тұрақты, сабырлы болып келеді, көшбасшылық қасиетке де ие.

Сонымен қатар, сиыр жылы туғандар доска адал, ақ пейіл, достары мен туған жерінен әсте айырылғысы келмейтін адам болатынын жазып қалдырған. Асылында, жыл санау - халық даналығының бір тарауы. Осы жыл санау арқылы он екі жылдан қайырып отырады да, оны «жыл қайыру» деп атайды. Бұл тәсіл өткен жылдарды есептеуге де, адам жасын анықтауға да өте ыңғайлы әрі тағылымы бар тапқырлық есептік жүйе де. Біріншісін оң үш жылдан, одан кейінгілерін оң екі жылдан есептеп, адам жасын да оңай шығарып ала береді. Сонда бір мүшел он үш, екі мүшел жиырма бес, үш мүшел отыз жеті, төрт мүшел қырық тоғыз, бес мүшел алпыс бір, алты мүшел жетпіс үш, жеті мүшел сексен бес жаста және солай жалғаса береді. Бұрынғы кариялар «алпыс бірдемін» немесе «жетпіс үштемін» демейді, «бес мүшелге толдым», «алты мүшелден астым» дейді екен. Олай болса, бүгінгі 2021 жылы Жаңа жылымызбен барлық қандас байырларымызды шын жүректен құттықтаймын. Дендеріңізге саулық, бастарыңызға амандық, молшылық, татулық, береке, елімізге тыныштық тілеймін!

Асия БОТАБЕКОВА,
Кентау көпсалалы колледжі информатика пәнінің оқытушысы.

ұмытпайтын... Ілгері де ағарманың ақыл несі..... мейлінше шешен, өнер-білімге құштар, аса қонағатшыл, жаны ашық және ар-намысын ардақтайтын, жақындарына да, жат адамдарына да әділ..., жұртшың бәріне... жақсылық пен ізгілік көрсетіп... қорқынышы пен жасқаншақ дегенді білмейтін батыл, ержүрек болуы керек».

Жумада ақпан айының 18-ші жұлдызында Кентау қаласының Әл-Фараби атындағы №14 мектеп-гимназиясында 1 «А» сынып жетекшісі Қонақ ретінде мектеп директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары Ғалиева Гүлнәшкүл, мектеп директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары Ақылбек Қанат, мектеп директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары Абдірахманова Айгүл, бір топ бастауыш мұғалімдері Тұрғанбаева Набат, Қалибаева Жазира, Утелова Жамал және т.б. қатысты.

Мақсаты:

1. Тәндәулі іріктеу арқылы және қосу, азайту байланысының негізінде теңдеу құрастыруға, теңдеуді шешу, оның түбірін табу, дұрыстығын тексеруге, шығарылған есептің шешімін талдауға, оның түрлі әдістерін қолдануға дағдыландыру. Жаңа материалды игеруге, танымдық, жеке тұлғалық, жеткіншіктік, тәжірибелік, ұйымдастырушылық дағдыларын қалыптастыру. Оқушылардың бір-бірімен қарым-қатынасқа түсуге, өзара көмектесуге, ынтымақтастық орнатуға, өз ойларын еркін жеткізуге, өзін-өзі бағалауға, өзара бақылауға, өзін-өзі тексеруге, өзін-өзі реттеуге, өзін-өзі дамытуға тәрбиелеу болып саналады. Оқушылардың бағалық бағдарларының қалыптасуын қадағалау.

Ашық сабақ өте тартымды, жемісті өтті. Балаларымыздың жақсы екендігін көрдік, мәз болдық. Алайдағы тәрбиелеуіміз, қажымас қайрат, шығармашылық табыс тілейміз. Еңбектерінің елеулі, сіздер тәрбиелеп жатқан әкелеп ұрпақтың емесі бүгін болсын!

Айжан ДҮЙСЕБАЕВА,
Ата-ана.

Ерікті қызметі – ерекше қайырымдылық

Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың жарлығымен былтыр 2020 жыл Ерікті лерді дамыту мақсатында «Ерікті лер жылы» деп жарияланды. Аталмыш жыл аясында қандай ауқымды жобалар жүзеге асырылатын сіз білесіз бе? Онда мәселе бойынша бірге ой бөлісейік! Ерікті сөзіне тоқтала кетсек, Ерікті (волонтер) – латынша *voluntarius* сөзінен шыққан, адамның өз еркімен, өзінің есебі арқылы қоғамдық жұмыстарға белсенді араласуы деген сөз. Тағы бір мағынасы өзінің қалауымен әскерге баруы адам. Ақпарат және қоғамдық даму министрі Дәурен Абаев ел ұмтылындағы 200-ден астам волонтерлік ұйым 50 мыңнан астам адамның басын біріктіріп отырғанын мәлімдеді. Біз волонтердің жұмыс тәжірибесін сіңбек өтіліне қосу және жоғары оқу орындарына, колледждерге түсу кезінде волонтерлік қызметті есепке алу мүмкіндігін қарастыратын сөзге тиек етіп отыр. Президенттің Жолдауы әлеуметтік жағдайды жақсартуға бағытталған. Бізге қатысты жаңа жобалар ашылады деген үміттеміз. Бұл жобалар үкімет тарапынан да қолдау табарына сенімдіміз. Ерікті болу басында айтып өткеніміздей сізге ешқандай материалдық қызметтілік бермейді. Бірақ сіз оның орнына алғыс қласыз, жақсылыққа кенелесіз. Бұл сіздің адамгершілігіңіздің белгісі. Дегенмен ерікті болу арқылы сіз үлкен тәжірибе жинақтайсыз. Әсіресе ерікті лердің аударманы ретінде қатысулары үлкен пайда. Ол ерікті нің тілді еркін меңгеріп кетуіне, жұмысты үйренуіне септігін тигізеді. Ортамен тез тіл табысуды меңгерін, адамгершілігі мол таныстар, достар табасың. Кей ерікті лердің жұмысына қарай, олардың белсенділігі үшін белгілі бір көлемде ақша төленбесе де оларға сыйлық ретінде киімдер, кітаптар, түрлі заттар берілуі мүмкін Ерікті лер жылын жариялау елдегі бұл қозғалыстың жаңа серпін аларына, жаңа жүйелердің пайда болуына, ұйымдарды бірктіруге мүмкіндік береді. Ерікті болу – ерікпен тең. Сөз соңында айтарымыз, ерікті лердің еңбегі ақталып, азаматтық қоғам дамуында белсенділік жаңа деңгейге көтерілетініне сенім мол. Әрбір қазақстандықтың бойында белсенді өмір сүруге дағды қалыптаса алынбайтын асу жоқ.



Асия БОТАБЕКОВА,
Кентау көпсалалы колледжі информатика пәнінің оқытушысы.

Сыбайлас жемқорлық – қоғам дерті

келген өркениетті қоғам үшін сыбайлас орлықпен күрес ең маңызды мәселелердің бірі п табылады. Сыбайлас жемқорлық мемлекетті н жоюдың бастамасы және оның жетістіктерін жоққа ратын, ұлттық қауіпсіздікке қауіп төндіретін жалпы дық дертпен салыстыруға болады.

Байлас жемқорлықпен күресу еліміздің бүгінгі күні лі мәселелерінің бірі болып отыр. Үлкен әлеуметтік ет болып табылатын ол саяси даму тұрғысынан іріне ұқсамайтын әлемдегі барлық елдердің қай-сын да қатты алаңдатпағы айқын.

"Сыбайлас-жемқорлықпен күрес туралы" Заңы йлас-жемқорлыққа келесідей анықтама береді: "...

болып табылады және ол елдің саяси, экономикалық және әлеуметтік мәселелеріне елеулі кері әсерін тигізеді. Осыған байланысты, елімізде сыбайлас жемқорлықпен күреске жалпы мемлекеттік саясат мәртебесі берілген, оны жүзеге асыру бойынша ұйымдастырушылық және құқықтық іс-шаралар жалпы жүйелік және кешенді сипатқа ие болып отыр. Конституциялық тәртіпті қорғау, сыбайлас жемқорлықпен күрес аясында тиімді, бірыңғай жалпы мемлекеттік саясат жүргізу, мемлекет пен азаматтардың өмір сүруінің барлық салаларында сыбайлас жемқорлық пен оның көріністері деңгейін төмендету, қоғамның мемлекетке және оның институттарына сенімін нығайту бүгінгі күндегі басты мақсат болып табылады. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы және осы жерлерде қызмет ететіндерді қатаң бақылап отыру.

Яғни жеке тұлғалардың сыбайлас жемқорлыққа қатысты әрекет жасауға мүмкіндіктерін, жағдайларын болдырмауға мейлінше тырысу, оны негізгі идея ретінде қарастыру арқылы және де әрбір тұлғаның қолынан келгенше дәнбай жемқорлыққа қарсы күресуіне шақырамын.

Сыбайлас жемқорлық ел экономикасының көтерілуіне үлкен кедергі келтіріп отырған қоғамымыздың ең басты қауіп - қатерлерінің бірі болып табылады. Сондықтанда оны болдырмау, алдын-алу мақсатында елімізде көптеген іс-шаралар жоспарланып, жүзеге асырылуда. Алайда, жемқорлықпен күрес барысы күн сайын қарқын алып

Шығыстың ғұлама ойшылы, математик, астролог, музыка теоретигі, Аристотельден кейінгі екінші ұстаз атанған Әбу Насыр Әл-Фараби

Адамның байлығы да, бақыты да, атақ-даңқы да, ол-білім. Білім таусылмайтын байлық. Олай болса Ұлы даланың ұлық тұлғасы әл – Фараби, қазақ топырағының көкірегі ояу, көзі ашық, бүкіл араб-парсы мәдениетін меңгеріп, өз шығармаларын көпке ортақ тілде жаза біліп, кейінгі ұрпақтарына өшпес мұра етіп қалдырған, ғұламаның 1150 жылдығы қарсаңында ұлы ғұлама туралы оқыған, түйінді мағлұматтармен бөліскенді жөн көрдім.

Тарихи деректерге жүгінсек , Фарабидің толық аты-жөні — Әбу Насыр Мұхаммед ибн Мұхаммед ибн Тархан ибн Ұзлағ әл-Фараби ат Түрки. Ат Түрки — шыққан тегі түркі дегенді, әл-Фараби — Фараб қаласынан шыққан дегенді білдіреді.

Өзінің азан шақырып қойған аты — Мұхаммед, әкесінің де аты — Мұхаммед, атасының аты — Тархан, бабасы — Ұзлағ. Шығыстың ғұлама ойшылы Әбу Насыр әл-Фараби 870 жылы бүгінде Отырар аталатын, Арыс өзенінің Сырға барып құятын сағасындағы Фараб қаласында дүниеге келді (қазіргі Оңтүстік Қазақстан облысындағы Отырар қаласының маңайындағы ортағасырлық қала).

Туған жері қазақтың ежелгі қаласы Отырарды арабтар Барба-Фараб деп атап кеткен, осыдан барып ол Әбу Насыр әл-Фараби, яғни Фарабтан шыққан Әбу Насыр атанған. Сол тұста өмір сүргендердің қалдырған жазбаларына қарағанда, Отырар қаласы IX ғасырда тарихи қатынастар мен сауда жолдарының торабындағы аса ірі мәдениет орталығы болған.

Әбу Насыр жастайынан ғылымға үйір болған, оның бақытына қарай сол заманда Отырарда аса бай кітапхана бар еді. Әл-Фараби парсы, грек тілдерін үйренеді, осы тілде ғылыми трактаттар оқиды. Фараб пен Бұқарада бастапқы білім алған соң әл-Фараби ...

философиялық бағдарлары
Фараби ғылым мен әртүрлі пәндерді оқиды.

Білімге деген құштарлығының арқасында әл-Фараби сол уақыттағы ғылым мен білімнің ордасы саналған Дамаск, Халеб, Каир, Шаш, Самарқан, Бұхара, Мерв, Нишапур, Рей, Хамадан қалаларында да болып, білімін үнемі жетілдірумен болды. Сол қалаларда оқыды, еңбек етті. Шығыстың осы шаһарларында ол өз дәуірінің ең көрнекті ғалымдарымен, көркем сөз деректерімен танысады. Олардан тәлім-тәрбие алады.

Әл-Фараби философия саласы бойынша грек ойшылы Аристотельдің «Категориялар», «Метафизика», «Герменевтика», «Риторика», «Поэтика», бірінші және екінші «Аналитика», «Топикасы» және т.б көптеген еңбектеріне түсініктемелер жазды. Әбу Насырдың Платон және Аристотель философиясындағы идеяларға арналған кітабы оның философия саласындағы аса көрнекті ғалым екенін әрі философия пәнін терең меңгергенін дәлелдейді.

Фараби Аристотельдің әлеуметтік-қоғамдық идеяларын дамыта отырып, өз тарапынан да "Кемеңгерлік меруерті", "Ізгі қала тұрғындарының көзқарасы", "Мәселелердің түп мазмұны", "Ғалымдардың шығуы", "Бақытқа жету", "Азаматтық саясат", "Мемлекеттік қайраткерлердің нақыл сөздері" сияқты көптеген сындарлы философиялық еңбектер жазған.

Фараби бұл еңбектерде дүние, қоғам, мемлекет, адамдардың қатынастары туралы заманнан озық тұрған пікірлер, пайымдаулар айтады. Әл-Фараби атамыздың еңбектері күні бүгінге дейін өз маңызын жоғалтқан жоқ. Ел басқару жөніндегі тұжырымдары, әлеуметтік-этикалық саяси көзқарастары бүгінгі қоғам үшін де айрықша маңызды. Фараби Шығыс пен Батыстың ғылымы мен ежелгі мәдениетін табыстыруда зор рөл атқарды.

Ойымызды қорыта келе, айта берсек, сөз соңының шығар түрі жоқ, расында да әл-Фараби қазақ халқының ғана емес, жалпы мұсылман халқының бетке тұтар ұлы азаматы, барша адамзатқа ортақ тұлға, ортақ мақтаныш. Себебі, оның артында қалдырған білімі, үлкен ғылыми мұрасы бар. Ұлы ұстаз болашақ ұрпаққа өшпес мұра қалдырды .


Асия БОТАБЕКОВА,
Кентау көпсалалы колледжі
Информатика пәнінің оқытушысы

Ауырып ем іздегенше, ауырмайтын жол іздеу

ы — саулығында,
ты білімінде,-деген Фалестің сөзімен
н кордім. Адамның денсаулығы -
. Әрбір адам өз денсаулығының
ндарын қарастыру керек. Адамның
лкен құндылықтардың бірі. Бізді
май, ең жеріміз ауырмай тұрғанда,
уге, маңызды шараларымен
ынабыз. Бұл сөзімді кез-келгеніңіз
ар. Ал ауру келсе, ештеңеге
айды, өмірдің мәні кеткендей
нда, денсаулықпен проблема
л туралы ойланбаймыз. Ал қалай
шараға шетке ысырылып, денсаулық
ға шығады. «Қай жерің ауырса –
де» демекші, неге біз «ауырғанша
мән беремей ақыры аяғында
амыз.

ала кезден сақтаған жөн. Өйткені
іздегенше, ауырмайтын жол
йда оңай әрі тиімді. Бүгінгі таңда
ртатын тағы бір себеп: артық салмақ
еткіліксіздігі.

тылардың көбінде қант диабеті,
-қантамыр ауруларымен ауыру
оғары. Яғни деннің сау болуы



үшін дұрыс тамақтанудың орны маңызды. Дана халқымыз «Ауру – астан» деп бекер айтпаған. Сау адамның тамақ рационында ақуыз бен майлар, көмірсу жеткілікті мөлшерде болуы шарт. Ет пен сүт өнімдері, көкөністер мен жемістер, табиғи әрі құнарлы тамақтарды пайдаланған абзал. Қазіргі таңда біз қалай тамақтанамыз, тез дайындалатын тамақтар (пицца, гамбургер, қытырлақ чипстер мен фри, т.б.), газды сусындар, көп мөлшердегі қант, дүкен йогурттары мен тәттілерімен бұл біздің ағзамызға өте зиян.

Қазіргі таңдағы ең үлкен дерт – гаджеттер де денсаулыққа айтарлықтай кері әсерін тигізіп жатыр. Статистика бойынша 5 миллионға жуық бала телефонға телміріп, ұзақ уақыт көзғалмағаннан кайтыс болады екен. Бұл – дүние жүзілік денсаулық сақтау ұйымының берген мәліметі. Әрине, алпауыттардың шифр. Түнде ұзақ кітап оқу, компьютер мен телефонды артық пайдалану, теледидардың алдында ұзақ жұмыс жасау көзімізге үлкен зиянын тигізеді. Тек көзімізге ғана емес, миымызға, жүйке жүйемізге, гормоналды жүйемізге үлкен кауіп төндіреді. Кез келген дүшпанның жақсы жағын ғана алып, зиянын қолдан келгенше кормеуге тырысу керек шығар. Инновациялық технологияның ғасыры деген имгебен, гаджеттердің қолданысын барынша азайту керек. Әсіресе корғаныс жүйесі толық қалыптаспаған балаларға тіпті бермеген абзал.

Өмір – қозғалыс. Денсаулықтың да дұрыс болуы үшін белсенді өмірдің маңызы зор. Спорт – денсаулық кепілі. Спорт деген тек спортшылардың ғана емес, күллі адамзаттың өмірінде орын алуы шарт. «Гимнастика, физикалық жаттығулар және жаяу жүру жұмысқа қабілетті, денсаулығы мен шаттыққа толы өмірін сақтап қалғысы келетін әр адамның күнделікті өмірінде орын алуы тиіс» деп Гиппократ айтып кеткен. Деніміздің саулығын әркайсымыз өзіміз жауапкершілікпен қарап салауатты өмір салтын ұстансақ нұр үстіне нұр болмақ!

Асия БОТАБЕКОВА
Кентау көпсалалы колледжінің информатика пәнінің оқытушысы

ҚЫСҚАША МАЗМҰНДАМА

ының аумағында 2021 тар айының 27-29 ындері

жүруінсіз мекен жайдан тыс жерде жүрген 13 жасы кәмелетке толмаған анықталып, олардың ата-аналарына

«Дені сау бала - ұлт келешегі»

Балалық шақ - бұл қызықты ең. Бұл

Жылдамдық, ептілік, төзімділікті

Ығыстың ғұлама ойшылы, математик, астролог, ыка теоретигі, Аристотельден кейінгі екінші ұстаз атанған Әбу Насыр әл-Фараби



ца, бақыты да,
ілім.
ын байлық. Олай

тық тұлғасы әл
қ топырағының
ышық, бүкіл араб-
н меңгеріп, өз
е ортақ тілде жаза
ақтарына өшпес
ған, ғұламаның
арсаңында ұлы
қыған, түйінді
бөліскенді жөн
ектерге жүгінсек
аты-жөні — Әбу
ибн Мұхаммед
злаг әл-Фараби
— шыққан тегі

түркі дегенді, әл-Фараби — Фараб қаласынан шыққан дегенді білдіреді. Өзінің азан шақырып қойған аты — Мұхаммед, әкесінің де аты — Мұхаммед, атасының аты — Тархан, бабасы — Ұзлағ. Шығыстың ғұлама ойшылы Әбу Насыр әл-Фараби 870 жылы бүгінде Отырар аталатын, Арыс өзенінің Сырға барып құятын сағасындағы Фараб қаласында дүниеге келді (қазіргі Оңтүстік Қазақстан облысындағы Отырар қаласының маңайындағы ортағасырлық қала). Туған жері қазақтың ежелгі қаласы Отырарды арабтар Барба-Фараб деп атап кеткен, осыдан барып ол Әбу Насыр әл-Фараби, яғни Фарабтан шыққан Әбу Насыр атанған. Сол тұста өмір сүргендердің қалдырған жазбаларына қарағанда, Отырар қаласы IX ғасырда тарихи қатынастар мен сауда жолдарының торабындағы аса ірі мәдениет орталығы болған. Әбу Насыр жастайынан ғылымға үйір болған, оның бақытына қарай сол заманда Отырарда аса бай кітапхана бар еді. Әл-Фараби парсы, грек тілдерін үйренеді, осы тілде ғылыми трактаттар оқиды. Фараб пен Бұхарада бастапқы білім алған соң әл-Фараби өз білімін жетілдіру мақсатында Бағдатқа аттанады. Фарабидің дүниетанымының қалыптасуына Мерв мектебінің ғылыми дәстүрлері мен философиялық бағдарлары өз әсерін қалдырды. Бағдадта әл-Фараби ғылым мен әртүрлі пәндерді оқиды. Білімге деген құштарлығының арқасында әл-Фараби сол уақыттағы ғылым мен білімнің ордасы саналған Дамаск, Халеб, Каир, Шаш, Самаркан, Бұхара, Мерв, Нишапур, Рей, Хамадан қалаларында да болып, білімін үнемі жетілдірумен болды. Сол қалаларда оқыды, еңбек етті. Шығыстың осы шаһарларында ол өз дәуірінің ең көрнекті ғалымдарымен, көркем сөз деректерімен танысады. Олардан тәлім-тәрбие алады.

Әл-Фараби философия саласы бойынша грек ойшылы Аристотельдің "Категориялар", "Метафизика", "Герменевтика", "Риторика", "Поэтика", бірінші және екінші "Аналитика", "Топикасы" және т.б көптеген еңбектеріне түсініктемелер жазды. Әбу Насырдың Платон және Аристотель философиясындағы идеяларға арналған кітабы оның философия саласындағы аса көрнекті ғалым екенін әрі философия пәнін терең меңгергенін дәлелдейді. Фараби Аристотельдің әлеуметтік-қоғамдық идеяларын дамыта отырып, өз тарапынан да "Кемеңгерлік меруерті", "Ізгі қала тұрғындарының көзқарасы", "Мәселелердің түп мазмұны", "Ғалымдардың шығуы", "Бақытқа жету", "Азаматтық саясат", "Мемлекеттік қайраткерлердің нақыл сөздері" сияқты көптеген сындарлы философиялық еңбектер жазған. Фараби бұл еңбектерде дүние, қоғам, мемлекет, адамдардың қатынастары туралы заманнан озық тұрған пікірлер, пайымдаулар айтады. Әл-Фараби атамыздың еңбектері күні бүгінге дейін өз маңызын жоғалтқан жоқ. Ел басқару жөніндегі тұжырымдары, әлеуметтік-этикалық саяси көзқарастары бүгінгі қоғам үшін де айрықша маңызды. Фараби Шығыс пен Батыстың ғылымы мен ежелгі мәдениетін табыстыруда зор рөл атқарды.

Ойымызды қорыта келе, айта берсек, сөз соңының шығар түрі жоқ, расында да әл-Фараби қазақ халқының ғана емес, жалпы мұсылман халқының бетке тұтар ұлы азаматы, барша адамзатқа ортақ тұлға, ортақ мақтаныш. Себебі, оның артында қалдырған білімі, үлкен ғылыми мұрасы бар. Ұлы ұстаз болашақ ұрпаққа өшпес мұра қалдырды.

Асия БОТАБЕКОВА,
Кентау көпсалалы колледжі
Информатика пәнінің оқытушысы.

Күш атасы - Қажымұқан

(Қажымұқан Мұңайтпасовтың 150 жылдығы)

Атандым Мұкан палуан,
бала жастан.
Ішінде күштілердің
болдым астам.
Талай-талай жерлердің
дәмін татып,
Өтті дәурен осылай
біздің бастан

Қажымұқан Мұңайтпасұлы – қазақ халқының тарихындағы тұңғыш кәсіпқой балуан. Орасан күштің иесі, күрестің бірнеше түрінен әлем чемпионы атанған тұңғыш қазақ алыбы! Тендессіз өнерімен жер шарын аралаған, 54 мемлекетте күреске түсіп, 48 медаль олжалаған. Дүние жүзінің чемпиондары Иван Поддубный, Иван Шемякин, Алекс Аберг, Иван Заикин, Георг Лурих, Георг Гаккеншмидт, Поль Понс, Вейланд Шульц сынды жампоздармен қатар жүру, боз кілемдегі айқастарда осы балуандарды шетінен жығып, бәйге алу – сол заманда нағыз ерлік еді. Тарихи деректерге сүйенсек, ол 1871 жылғы 7 сәуірде Ақмола уезі, Қараөткел ауылында дүниеге келген. Кейбір зерттеулерде оның 1886 жылы туғандығы айтылады. Қажымұқан кедей шаруаның баласы болғандықтан, орыс байларына және дәулетті адамдарға жалданған. Сөйте жүріп бала балуан деген атқа ие болған. 1905 жылы Қажымұқан алғашқы ірі жетістігіне қол жеткізді. Харбинде өткен жарыста "джиу-джитсу" күресінен алтын медаль жеңіп алды. Осы додадан кейін "Маньчжурия чемпионы " деген атаққа ие болды. Ал бір жылдан кейін Алманияда өткен дүниежүзілік жарыста да топ жарды.

Мұңайтпасұлы тұратын үйде конакта болған филолог-ғалым Әуелбек Қоңыратбаев палуанның физикалық өлшемдерін жазып алған. Сол кезде 75 жастағы палуан жаланаш тұрғанда 174 келі тартқан. Шалбарының өзіне үш метр мата, көйлегіне 6 метр сұрып кетеді екен.

Патша үкіметі құлаған соң балуанның отбасы азамат соғысы мен аштықтың салдарынан біраз сергелденге тап болады. 1937 жылы Қажымұқанның ізіне ІІХК қызметкерлері түсіп: «Бұл патшаның адамы, оның қолынан медаль алған, сыйлық алған сыбайласы», – деп кудалауға ұшыратады. Сол себепті Қажымұқан отбасын тастап, Түркістан мен Өзбекстанда бас сауғалайды. Өмірінің соңғы кезеңі Түркістан жерінде өтеді. Ұлы Отан соғысы басталған кезде Қажымұқан ҚКСР Жоғарғы кенестің төрағасы Қазақбаевқа жолығып: «Ел аралап, цирк өнерін көрсетсем, сол арқылы ақша тауып, майданға көмектессем» – деген ұсыныс айтады. Бұл ұсынысты үкімет қолдап, екі жылға жуық жүріп цирк өнерін көрсетіп, 100 мың сомдай ақша табады. Ол 1948 жылы ОҚО, Бөген ауданы, Ленин туы колхозында қайтыс болды. Оның төрт әйелінен тараған ұрпақ Түркістан мен Ақмола өңірінде өмір сүруде.

Қажекеңнің тек білек күш иесі ғана емес екенін, оның парасатты, ойшыл, намысшыл, зейінді адам болғаны бізге мәлім. Қажекең кейде қолына домбыра алып, қоңыр дауысымен ән шырқайтын. Қажекеңнің әншілігін, шығармашылық өнерін көпшілік біле бермейтін. Олай болса, болашақ ұрпаққа балуан атамыздың жолын берсін!

Асия БОТАБЕКОВА,
Кентау көпсалалы колледжі
Информатика пәнінің
оқытушысы.

Жаңа жыл - 2021 сиыр жылы

Қазақтың жыл санауы бойынша 2021 жылы сиыр жылы кіреді.Қазақта жыл қайыру 12 жылдан тұрады. Ол он екі жылға аң мен жануардың аты қойылған. Айналымның басын тышқан бастайды, одан кейін сиыр, барыс, қоян, ұлу, жылан, жылқы, қой, мешін, тауық, ит, доңыз деп аяқталады да, қайта жалғасады.

Жыл санау мен жыл қайырудың алғашқы деректері VIII ғасырдағы «Күлтегін» ескерткіштері мен XI ғасыр ғұламасы Махмұт Қашқаридың еңбектерінде кездеседі.

Ал қазақстандық этнограф Ахмет Тоқтарбайдың айтуынша, жыл қайыру алтыншы-жетінші ғасырда пайда болған, оның ішінде кей жылдың аты шығыс күнтізбесінен енген.

«Жыл санау 6-7 ғасырларда пайда болған. Қазақ маймылды өмірінде көрмеген, сондықтан оған мешін деп ат қойған. Маймыл қазаққа жат. Маймыл жылы Шығыс елдері, Қытай, Үндістанға тән десек болады»Қазақ күнтізбесі бойынша сиыр жақсы, жайлы жылдардың бірі деп саналады. Себебі жаман жылдар тарихта бар, мысалы, қоян жылы қазақ күнтізбесі бойынша ең жаман жыл. Тышқан жылы, жылқы жылында соғыс, ұрыс-керіс болған. Сиыр жуас, момын мал. Екіншіден, ертеректе кедей от-басыда бір сиыр болса, сол барлығын асыраған. Бір сиырды сол үйдің анасы деп атайды екен», - дейді маман.

Айтуынша, бір сиырдың сүті бір үйді асыраған. Сонымен қатар қыста тайынша болған түлікті соғымға сойып алып, қыстан шыққан.

«Бұл жыл тыныш, дау-дамайсыз, халыққа мамыражай жыл деп саналады. Сонымен қатар қой мен барыс жылы жақсы өтеді», - дейді этнограф.

сойып алып, қыстан шыққан.

«Бұл жыл тыныш, дау-дамайсыз, халыққа мамыражай жыл деп саналады. Сонымен қатар қой мен барыс жылы жақсы өтеді», - дейді этнограф.

Сондай-ақ, жыл санауындағы төрт түлікті сол жылы туған адамдар бауыздамайды.

Ал сиыр жылы туғандардың табиғи белгісі – су. Соған байланысты бұл жылы дүниеге келгендер тұрақты, сабырлы болып келеді, көшбасшылық қасиетке де ие.

Сонымен қатар сиыр жылы туғандар досқа адал, ақ пейіл, достары мен туған жерінен әсте айырылғысы келмейтін адам болатынын жазып қалдырған. Асылында, жыл санау - халық даналығының бір тарауы. Осы жыл санау арқылы он екі жылдан қайырып отырады да, оны «жыл қайыру» деп атайды. Бұл тәсіл өткен жылдарды есептеуге де, адам жасын анықтауға да өте ыңғайлы әрі тағылымы бар тапқырлық есептік жүйе де. Біріншісін он үш жылдан, одан кейінгілерін он екі жылдан есептеп, адам жасын да оңай шығарып ала береді. Сонда бір мүшел он үш, екі мүшел жиырма бес, үш мүшел отыз жеті, төрт мүшел қырық тоғыз, бес мүшел алпыс бір, алты мүшел жетпіс үш, жеті мүшел сексен бес жаста және солай жалғаса береді. Бұрынғы қариялар «алпыс бірдемін» немесе «жетпіс үштемін» демейді, «бес мүшелге толдым», «алты мүшелден астым» дейді екен. Олай болса, бүгінгі 2021 жылы Жаңа жылымызбен барлық қандас байырларымызды шын жүректен құттықтаймын. Дендеріңізге саулық, бастарыңызға амандық, молшылық, татулық, береке, елімізге тыныштық тілеймін!

Асия Ботабекова,
Кентау көпсалалы колледжі
информатика пәнінің оқытушысы

Толеранттылық бейбітшілікке апаратын жол

Кентау көпсалалы колледжінде білім алушыларға білім беріп қана қойғай емесімен қатар, тәрбиені қоса беретін барлығымызбілеміз. Осы орайда 15 қарашада ВТиС-21-1ақу тобының қатысуымен топ жетекшісі Ботабекова Асия Ердебековнаның ұйымдастыруымен «Толеранттылық бейбітшілікке апаратын жол» атты тақырыпта ашық тәрбие сағаты өткізілді.

Тәрбие сағатының мақсаты: Білім алушылардың қазақ халқының ұлттық тән қасиеттеріне бағу өнегелілікке, үлгілі сыйлауға, адамгершілікке үйрету. Білім алушыларға тұған өлке, оның байлығын, онда мекендейтін ұлттарды құрметтей білуге, жақсылыққа,Отан сүюшілікке тәрбиелеу болып табылады. Тәрбие сағатының жоспары: 1.Өнерпаз 2.Топ жетекшісінің сөзі 3.Бейнеролик. Толеранттылық сөзінің мағынасын ашу. Ерлан Ш. Актай А. 4.Әр елдің аманшасуы. 5.Достық туралы өлеңдер 6.Мақал-мәтелдер 7. Қорытынды. Топ жетекшісінің сөзі. Толеранттылық дегеніміз төзімділік алынған, қазақша мағынасы – шыдамдылық, өзге көзқарастарға, мінез-құлықтарға, әдеттерге төзімділік танытуды дейміз. Ол қоғамда келіспеушілікті барша адамзаттың ұлтына, жасына, ұстанатын дініне қарамастан, төзімділік танытып, түсіністікпен қарап, оларды өзіндей қабылдау қасиетін бір сөзбен толеранттылық дейміз. Біз басқа ұлттарды жатсынбайтын ашық ниет ретінде қалыптастық. ВТиС -21-1 оқу тобының жан-жақты дайындығы осы тәрбие сағатында көрініс тапты. Жоғарыда аталған бөлімдер бойынша ретімен өз өнерлерін көрсетті. Әр елдің аманшасуын көрсетіп, енді бір мақал-мәтелдермен өлең жолдарын жалғастырып жатты. Осы орайда ерекше атап көрсететін болсақ ВТиС-21-1 оқу тобының білім алушы Кошкарбаева Алуаның өзінің өлең шығаратын қабілетін білдік. Сол өлең шумақтарынан үзінді алсақ.



Әлемді сүй, шынайылық бар
мұндаБірақ кәзір ешкім келмей тұрғы
Біз адамбыз, бір жердеміз, бір
кырда Жеке қоғаныштік қонып
алған мына
Өкінішті кей адамдар
ұялайды.Неге екенін
білмеймін "Неге олай"
Өмір мәні-тағылықта , достықта
Жақсы көру сонша лықтың қиын
ба?

Топтағы білім алушыларды жан-жақты қырларынан аша білген сияқтымыз. Тәрбие сағатымыз колледжімізді кітапхана залында өткізілді. Колледжіміздің абыройлы, өте білімді, сауатты кітапхана меңгерушісі Клара Прмашовна қай кез болмасын өзінің көмегін аяған емес. Тәрбие сағатын өту үшін түрлі безендіру жұмыстары жүргізілуі тиіс. Барлығын өз ретімен тақырыпқа сай етіп жасау үшін біз әрине Клара

Прмашовнаға жүгінеміз.Ол кісі ешқашан өз көмегін аяған емес, тәрбие сағатына толық қатысып білім алушыларға өзінің ұлағатты сөздерін айтудан жалыққан емес. Бүгінгі кешті те дәл солай өзінің бағасын беріп, білім алушыларға ой бағасын берді. Бүгінгі «Толеранттылық бейбітшілікке апаратын жол » атты ашық тәрбие сағатымыз мәресіне жетті. Бүгін біз жастарымыздың толеранттылық дегеніміз не, не үшін бұл ұғымды қолданатынымызды бір-бірімізге деген сыйластықты, өзара түсінушілікті толық мәнерді деп ойлаймын.

БОТАБЕКОВА Асия ЕРДЕБЕКОВНА Кентау көпсалалы колледжі Информатика пәнінің оқытушысы

ҚАЗАҚСТАН
30 ЖЫЛ

Толеранттылық бейбітшілікке апаратын жол

Кентау көпсалалы көлледжінде білім алушыларға білім беріп қана қоймай сонымен қатар, тәрбиені қоса беретін барлығымызбілеміз. Осы орайда 15 қаңтарда ВТиС-21-1оқу тобының қатысуымен топ жетекшісі Ботабекова Асия Ердебековнаның ұйымдастыруымен «Толеранттылық бейбітшілікке апаратын жол» атты тақырыпта ашық тәрбие сағаты өткізілді.

Тәрбие сағатының мақсаты:Білім алушыларды қазақ халқымыздың ұлтына тән қасиеттерге баулу, имандылыққа, үлкенді сыйлауға, адептілікке үйрету. Білім алушыларға туған өлке, оның байлығын, онда мекендейтін ұлттарды құрметтей білуге,ұлтжандылыққа,Отан сүйгіштікке тәрбиелеу болып табылады. Тәрбие сағатының жоспары:1.Әңгіме. 2.Топ жетекшісінің сөзі. 3.Баландама: Толеранттылық сөзінің мағынасын ашу. Еркін И, Ақтай А. 4.Әр елдің амандасуы: 5.Достық туралы өлеңдер.6.Мақал мәтелдер 7.Көрініс 8.Қорытынды. Топ жетекшісінің сөзі Толеранттылық латын тілінен алынған, қазақша мағынасы – шыдамдылық, өзге көзқарастарға, мінез-құлықтарға, әдеттерге төзімділік таныту деген мағынада қолданылады.Барша адамзаттың ұлтына, нәсіліне, ұстанатын дініне қарамастан, төзімділік таныту, түсіністікпен қарап, оларды өзіндей қабылдау қасиетін бір сөзбен толеранттылық дейміз.Біз басқа ұлттарды жатсынбайтын ашық этнос ретінде қалыптастық. ВТиС -21-1 оқу тобының жан-жақты дайындығы осы тәрбие сағатында көрініс тапты. Жоғарыда аталған бөлімдер бойынша ретімен өз өнерлерін көрсетті. Әр елдің амандасуын көрсетіп, енді бірі мақал-мәтелдермен ,өлең жолдарын жатқа айтып жатты. Осы орайда ерекше атап көрсететін болсақ ВТиС-21-1 оқу тобының білім алушы Кошкарбаева Алуаның өзінің өлең шығаратын қабілетін білдік. Сол өлең шумақтарынан үзінді алсақ,



Өлемді сүй, шынайылық бар мұндаБірақ қазір ешкім келмей тыста
Біз адамбыз, бір жердеміз, бір кырда.Жек көріністік қонып алған миына
Өзінішті кей адамдар ұқпайды,Неге екенін білмеймін?Неге олай?
Өмір мәні-татулықта , достықта Жақсы көру сонша лықты қанын ба?
Топтағы білім алушыларды жан-жақты қырларынан аша білген сияқтымыз. Тәрбие сағатымыз колледжіміздің кітапхана залында өткізілді. Колледжіміздің абыройлы, өте білімді, сауатты кітапхана меңгерушіміз Клара Прмашовна қай кез болмасын өзінің көмегін аяған емес. Тәрбие сағатын өту үшін түрлі бейнедіру жұмыстары жүргізілуі тиіс. Барлығын өз ретімен тақырыпқа сай етіп жасау үшін біз әрине Клара Прмашовнаға жүгінеміз.Ох кісі ешкімнен өз көмегін аяған емес, тәрбие сағатына толық қатысып білім алушыларға өзінің ұлағатты сөздерін айтудан жалықпан емес. Бүгінгі кеште те дәл солай өзінің бағасын беріп, білім алушыларға оң бағасын береді. Бүгінгі «Толеранттылық бейбітшілікке апаратын жол » атты ашық тәрбие сағатымыз мәресіне жетті. Бүгін біз жастарымыздың толеранттылық дегеніміз не, не үшін бұл ұғымды қолданатынымызды бір-бірімізге деген сыйластықты, өзара түсінушілікті толық меңгерді деп ойлаймын.

БОТАБЕКОВА Асия ЕРДЕБЕКОВНА Кентау көпсалалы колледжі Информатика пәнінің оқытушысы

Толеранттылық бейбітшілікке апаратын жол



Кентау көпсалалы колледжінде білім алушыларға білім беріп қана қоймай сонымен катар, тәрбиені коса беретін барлығымыз біліміз. Осы орайда 15 қарашада ВТиС-21-1оқу тобының қатысуымен топ жетекшісі Ботабекова Асия Ердебековнаның ұйымдастыруымен «Толеранттылық бейбітшілікке апаратын жол» атты тақырыпта ашық тәрбие сағаты өткізілді. **Тәрбие сағатының мақсаты**:Білім алушыларды қазақ халықымыздың ұлтына тән касиеттерге баулу, имандылыққа, үлкенді сыйлауға, әдептілікке үйрету. Білім алушылрға туған өлке, оның байлығын, онда мекендейтін ұлттарды құрметтей білуге,ұлтжандылыққа,Отан сүйгіштікке тәрбиелеу болып табылады. Тәрбие сағатының жоспары: 1.Әнұран. 2.Топ жетекшісінің сөзі. 3.Баяндама: Толеранттылық сөзінің мағынасын ашу. Еркін И, Ақтай А. 4.Әр елдің амандасуы: 5.Достық туралы өлеңдер. 6.Мақал мәтелдер 7.Көрініс 8.Қорытынды. Топ жетекшісінің сөзі Толеранттылық латын тілінен алынған, қазақша мағынасы – шыдамдылық, өзге көзқарастарға, мінез-құлықтарға, әдеттерге төзімділік таныту деген мағынада қолданылады. Барша адамзаттың ұлтына, нәсіліне, ұстанатын дініне қарамастан, төзімділік танытып, түсіністікпен қарап, оларды өзіндей қабылдау қасиетін бір сөзбен толеранттылық дейміз.Біз басқа ұлттарды жатсынбайтын ашық этнос ретінде қалыптастық. ВТиС -21-1 оқу тобының жан-жақты дайындығы осы тәрбие сағатында көрініс тапты. Жоғарыда аталған бөлімдер бойынша ретімен өз өнерлерін көрсетті. Әр елдің амандасуын көрсетіп, енді бірі мақал-мәтелдермен ,өлең жолдарын жатқа айтып жатты.

Осы орайда ерекше атап көрсететін болсақ ВТиС-21-1 оқу тобының білім алушы Кошкарбаева Алуаның өзінің өлең шығаратын қабілетін білдік. Сол өлең шумақтарынан үзінді алсақ.

Әлемді сүй, шынайылық бар мұнда
Бірақ қазір ешкім келмей тиыла
Біз адамбыз, бір жердеміз, бір қырда.
Жек көрініштік қонып алған миына
Өкініште кей адамдар ұқпайды,
Неге екенін білмеймін?Неге олай?
Өмір мәні-татулықта, достықта
Жақсы көру соншалықты қиын ба?

Топтағы білім алушыларды жан-жақты қырларынан аша білген сияқтымыз. Тәрбие сағатымыз колледжіміздің кітапхана залында өткізілді. Колледжіміздің абыройлы, өте білімді, сауатты кітапхана меңгерушіміз Клара Прмашовна қай кез болмасын өзінің көмегін аяған емес. Тәрбие сағатын өту үшін түрлі безендіру жұмыстары жүргізілуі тиіс. Барлығын өз ретімен тақырыпқа сай етіп жасау үшін біз әрине Клара Прмашовнаға жүгінеміз.Ол кісі ешқашан өз көмегін аяған емес, тәрбие сағатына толқ қатысып білім алушыларға өзінің ұлағатты сөздерін айтудан жалықкан емес. Бүгінгі кеште те дәл солай өзінің бағасын беріп, білім алушыларға оң бағасын берді. Бүгінгі «Толеранттылық бейбітшілікке апаратын жол » атты ашық тәрбие сағатымыз мәресіне жетті. Бүгін біз жастарымыздың толеранттылық дегеніміз не, не үшін бұл ұғымды қолданатынымызды бір-бірімізге деген сыйластықты, өзара түсінушілікті толық меңгерді деп ойлаймын.

Асия БОТАБЕКОВА,
Кентау көпсалалы колледжі
Информатика пәнінің оқытушысы.

факторы ретінде мемлекеттік тілді одан әрі дамыту үшін барлық күш-жігерімізді жұмсауға тиіспіз», қоғамдағы қызметі мен баршаға міндеттелу қажеттілігіне баса назар аударуы керек. "Судың да сұрауы бар" демекші, алдағы уақытта "біледі екенсің, өзгелерге үйрет", "үйренген екенсің, сойле", "оқыған ынтымақтастық айналары сөзсіз.

Жайсанғүл АСХАНОВА,
«Тілдерді оқыту және дамыту орталығының» оқытушысы.

Заман талабы-латын әліпбиіне көшу



Қазақ халқының тарихында үлкен өзгеріс латын әліпбиінің негізінде жасалған жазу үлгісі 1929 жылдан 1940 жылға дейін қолданылып, ол кейін кириллицаға ауыстырылғанын барлығымыз білеміз. 1940 жылғы 13 қарашада «Қазақ жазуын латындандырылған әліпбиден орыс графикасы негізіндегі жаңа әліпбиге көшіру туралы» заң қабылданды. Осылайша, қазақ әліпбиін өзгерту тарихи, негізінен нақты саяси себептермен айқындалып келді және барлық өзгерістерді негізге ала отырып болашақта жүзеге асыру керектігі де айтылды. Еліміздегі латын әліпбиіне көшу ұлтымыз үшін жасалған маңызды қадамдардың бірі. Ұлы Дала елінің тарихына көз жүгіртсек, бірінші тұғыры байлық – жер, екіншісі – тіл, үшіншісі – мемлекет және оның тарихы болуы керектігі айқындалады. Қазақтың тұңғыш ағартушы-педагог ғалым Ахмет Байтұрсынұлы айтып кеткендей, «Ұлттың сақталуына да, жоғалуына да себеп болатын нәрсенің ең қуаттысы – тілі» деген. Сол кездің өзінде –ақ Алаш қайраткерлері де латын әліпбиін жазу-сызуда қолданды. Бұл бізге таңсық дүние емес. Латын әліпбиі әлемде кеңінен қолданылады. Латын әліпбиі б.з.б. VII ғасырда Римде грек және этрус әліпбиінің тармағы ретінде пайда болып, б.з. I ғасырда қалыптасқан. Орта ғасырда латын әліпбиі Еуропаға тарады. Африка, Америка және Азия халықтары пайдаланды. Қазіргі латын әліпбиінде 25 әріп бар. Дауысты дыбыстар е әрпі созылыңқы және қысқа айтылуына байланысты мысалы: Liber - тәуелсіз, Liber – кітап сөздердің мағыналары өзгереді. Егерде латын әліпбиін бізге қолданысқа енгізетін болсақ, оны ынтасы бар адамға бұл әріпті үйренуде еш қиындық тумайды деп ойлаймыз, кезінде компьютер қолдану енгізілгенде ол да бір үлкен мәселе болған еді, қазір қарасаңыз үлкен-кіші меңгеріп алды. Соның ішінде жоғары білімді немесе шет тілін білетін адамдарға. Алысқа бармай-ақ қоялық, қазір үлкен-кіші барлығы әлеуметтік желілерде отырады, сол жерде отырып –ақ өзара латынша жазуды үйрене берсе де болады. Латын әліпбиіне көшіу – ол, өз әліпбиімізге оралу, нақтырақ айтқанда түрік әлеміне, тіліне оралу деп түсінемін.

Қорыта келгенде, латын әліпбиіне көшу – қазақ ұлтымыздың санасын бұғаудан босатып, түркі және жаһандық әлемімен ықпалдастыруға, қазақ халқы ертеден қолданған әліпбиімізге қайта оралып, ұлттық санамыздың қайта жаңғыруына жол ашады демекпін.

Асия БОТАБЕКОВА,
Кентау көпсалалы колледжінің информатика пәнінің оқытушысы.

Мазмұны жаңарған білім – заман талабы




«Адамның адамгершілігі жақсы ұстаздан болады» Абай Құнанбайұлы атамыздың сөзінен бастағанды жөн көрдім. Қазіргі заман талабына сай ұстаз қандай болу керек және білім беру жүйелерінің келешек ұрпаққа қандай білім беретіні туралы мәселе қайта қаралуда. Осы мәселе аясында біздің елімізде де «Балалар XXI ғасырда табысты және білімді болу үшін нені үйренуі керек?» және «Оқытудың тиімді әдістері қандай болу керек?» деген сияқты негізгі сауалдар халық көкейінде туындап жатқан болар. Барлық оқушылар өздері өмір сүретін әлемде жұмыс істеуге, білімін тиімді пайдалануға дайын болуы өте маңызды. «Үрпағы білімді халықтың болашағы бұлыңғыр болмайды» дегендей, жас ұрпағымызға сапалы, мән-мағыналы, өнегелі тәрбие мен білім беру-бүгінгі күннің басты талабы екені айқын. Шындығында оқушыларға білім мен тәрбие беруде мұғалімнің алдында үлкен жауапкершілік тұр.

Жаңашыл мұғалім әрбір оқушыны оқытып, тәрбиелеуге байланысты мәселелерді өздігімен және шығармашылық ынтамен шешуге қабілетті болуы шарт. Жаңа, тез өзгермелі, білімді де білікті, тың серпіліске, өзгеруге дайын және жаңа талап мезгілінен көрінеу алатын шығармашыл да кәсіби шебер мұғалімдерді қажет етіп отырғанына көзімізі жетті. Оқушылардың білім алаларында табысты оқуы ғана емес, өмірде де табысты болуы мұғалімнің білімі мен қабілетіне, оның құзыреттілігіне байланысты екенін терең түсіндік. Мұғалім оқушылар үшін қандай да бір пән бойынша білім беретін адам ғана емес, сондай-ақ олардың оқудағы еңбегін қызықты, тиімді ұйымдастыра алатын, оларға үлгі болатын ересше тұлға болуы керек екені сөзсіз. Жаңа заман мұғалімнен күнделікті оқушылармен қарым-қатынас барысында әрбір жағдаят үстінде ересше білім деңгейін көрсетуді және шығармашыл шешім қабылдай алуын талап етіп отыр. Оны қанағаттанарлықтай үшін қазіргі заманның мұғалімі неемді, өнегелі тез қабылдай алатын, жан-жақты, жаңа педагогикалық инновациялық технологияларды меңгерген болуы керек. Білім мазмұнын жаңарту тікелей шығармашылық ізденістегі мұғалімнің кәсіби шеберлігіне байланысты. қазіргі заман талабына сай білім беру мәселесі сол қоғам мүддесіне сай және мұғалім өз ісінің шебері болуы қажет, сонда ғана жоғары жетістіктерге жетеді. Қазіргі таңда пәнді жақсы, терең білетін, күнделікті сабақтағы тақырыпты толық қамтитын, оны оқушыға жеткізе алатын, әр түрлі деңгейдегі тапсырмаларды беру іскерлігі, оқытудың дәстүрлі және ғылыми жетілдірілген әдіс-амалдарын, құралдарын ерінбей меңгеретін, оқушылардың пәнге қызығушылығын арттыра отырып дарынын дамытудағы іздену-зерттеу бағытындағы тапсырмалар жүйесін ұсыну өмір талабы. Елімізде соңғы жылдары еліміздің педагогика саласында көптеген өзгерістер орын алуда. Солардың бірі – жаңартылған білім беру бағдарламасы. Бағдарламаның ең негізгі мақсаты-білім алушылардың оқу нәтижелерін жетілдіру болып табылады. Білім беру бағдарламасының негізгі мақсаты-білім мазмұнының жаңаруымен қатар, критериалды бағалау жүйесін енгізу және оқытудың әдіс-тәсілдері мен әртүрлі құралдарын қолданудың тиімділігін арттыруды талап етеді. Қалыптастырушы бағалауда білім алушыларға жаңа материалды меңгеру кезінде тапсырманы қанағаттық дұрыс орындағанын және оқыту мақсаттарына қол жеткізгенін түсінуге мүмкіндік беретін бағалау болып табылады. Бүгінгі күні барлық елдер жоғары сапалы білім жүйесімен жұмыс істеуде. Себебі қазіргі заманда елдің бәсекеге қабілеттілігі оның азаматтарының парасаттылығымен анықталады, сондықтан да білім беру жүйесі болашақтың талабына сәйкес дамуы тиіс. Оқушыларды заманауи әдіс –тәсілдермен оқытып, ой –өрісі кең, сауалы, еркін ағымат етіп тәрбиелеу қажеттілігі де осы себептен туындап отыр. Оның үстіне білім берудің жүйесін қарқынды дамытқан бұл үрдістің жалпы білім беретін мектептер мен орта мектептерде де енгізіле бастауы көңілді қуантады. Ұстаздарға үлкен жауапкершілік пен ұқыптылықты міндеттейді. Оқушылардың бойына XXI ғасырда өмірдің барлық салаларында табысты болу үшін, қажетті дағдыларды дарыту үшін, мұғалімдер тынымсыз еңбектенуі керек. Жаңартылған оқу бағдарламасы аясында тек өз пәнін, өз мамандығын шексіз сүйетін, бала үшін ұстаз тұлғасын құлдіретті деп санайтын білімді мұғалімдер ғана жұмыс істей алады», аталған бағдарламаға сәйкес алынған тәсілдерді сабақта тиімді қолданысқа енгізсек, баланың танымдық белсенділігін арттырып, өз бетінше білім алуына, шығармашылығын қалыптастыруына ықпал етеді. оқушылар оқудың қызықты жаңа өтетіндігін, тоқтап біразын жұмыс жасауға үйретіндігін, білімнің терендігі, әрі тиянақтылығы артатындығын дәлелдейді.

А. БОТАБЕКОВА,
Кентау көпсалалы колледжінің информатика пәнінің оқытушысы.

Тәуелсіздік – қазағымның баға жетпес мұрасы



Биыл Қазақстан халқы үшін үлкен мереке, қуаныш – ол Тәуелсіздігіміздің 30 жылдық мерей тойы. Қазақ халқына тәуелсіздік оңайлықпен келген жоқ. Тәуелсіздік біз үшін – еліміздің баға жетпес байлығы. Бұл –қайта жаңғырған қазақ мемлекеттігінің, ата-бабаларымыз аңсаған азаттықтың тұғыры нығая түскенін әйгілейтін маңызды белес. Тарих тұрғысынан алғанда, отыз жыл – көзді ашып жұмғандай қас-қағым сәт. Дегенмен, бұл көптеген халықтар үшін қиындығы мен қуанышы, дағдарысы мен дамуы алмасқан тұтас дәуір деуге болады. Біз де осындай жолдан өтіп келеміз. Тәуелсіз – әлемдегі ең құдіретті сөз. Ол еліміздің еркіндігі. Қазақстан тәуелсіздіктің бесігінде тербеліп жатқанына 30 жыл. Осы уақыт аралығында Қазақстан әлемде жеке дара дербез ел екенін дәлелдей білді. Өзінің белгіленген шекарасы, діні мен тілі, мемлекеттік рәміздері мен ұлттық құндылықтары, мәдениеті мен салт-дәстүрі бар тәуелсіз зайырлы елге айналды.

1991 жылы *16* желтоқсан әлем картасында жаңа жас Қазақстан *Республикасы* пайда болды. Бұл тәуелсіздік қанша ғасырдан бері армандап келе жатқан бұрынғы ата-бабаларымыздың аңсаған арманы, аналарымыздың көз жасы. Қазақстанның тәуелсіздігін алғаш мойындаған түбі бір Түркия елі. Тек бір ел ғана емес, барша әлем елдері мойындап, қолдау көрсетті. Еркіндікке қол жеткізген жас мемлекеттің алдында жасалынатын көптеген жұмыстар тұрды. Өзінің ішкі және сыртқы саясатын, экономикасы мен валютасын қалыптастыру сынды жауапты жұмыстар тұрды. Осының бәрін отыз жылда орындап, әлем жұртының алдында өзіннің даңқты ел екенін мойындата білді. Қазақ халқы үшін 30 жыл жарты ғасырлық еңбектердің жемісі- ол қазіргі таңдағы тәуелсіз елдің тірегі!


Өзіміздің Қазақстанның болашағын ойлайтын жастарға, Қазақстанды кең байтақ асқақ армандарың мен батыл жоспарларыңды емін-еркін жүзеге асыра алатын, табысты және жемісті болатын, әрдайым тілеуіңді тілейтін қасиетті Отаның ретінде бағалауға шақырамын. Тәуелсіз ел болу тек оны жариялап, мемлекеттің қалаумен шектелмейді, ол үшін нағыз күрес күнделікті еңбекпен, үздіксіз әрі дәйекті елдік саясатпен мәңгі жалғасады. Біз өзіміздің қуатты тәуелсіз мемлекетімізбен ғана ұлт ретінде жер бетінде сақталамыз. Осыған сәйкес айнымайтын ақиқатымыз болуы қажет. «Тәуелсіздік бәріміз үшін бәрінен қымбат!» деген бір ауыз сөз мәңгі ұранымыз болуға тиіс.

Ұлтымыздың ұлы ұстанымы – қастерлі Тәуелсіздігіміз баршамызға патриоттық рухпен аскақтатуға бір кісідей ат саласайық ағайын!

Асия БОТАБЕКОВА,
Кентау көпсалалы колледжі информатика пәнінің оқытушысы.

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ IT-ТЕХНОЛОГИЯСЫНЫҢ МАҢЫЗЫ

Қазіргі таңдаIT саласының дамыған кезеңінде бізге қандай жетістіктер сыйлауда. Олай болса алдымен, ақпарат технологиясы (АТ, ағылш. information technology, IT) — компьютерді және телекоммуникациялық жабдықтарды деректерді сақтау, шығару, тасымалдау және өзгертуге арналған технология. IT-технологиясы - ақпарат ағынын тұншықтырып тез табуға және ақылмен пайдаланылатын ретінде емес, сондықтан, қызметінің бүкіл аумағы бар. Ежелде сондай-ақ IT-технологиялар болды. Пергамент, папирус қағазға жазылған білім. Деректерді беру 19-шы ғасырда, адамзат радио және телеграф игерген, хабаршы кептер пост асырылады. Біз сондай-ақ IT-технологияларды көмектесе ақпарат буырқанған мұхитында адасқан болмайды. Қазіргі таңда барлық пайдаланушылар ең көп қолданыста екенін Google, Yandex, Rambler т.с.с біледі. Үлкен ақпарат көлемі Web сақталған тиісті ақпарат емес, тривиальная міндет табу құрайды. Сонымен қатар, пайдаланушы алғашқы сайттардан табуға болады, сондықтан, маңыздылығы тәртібімен сұрыпталған беттерден ең пайдалы ақпаратты алуға, қалай IT-технологиялар саласында мамандық алуға болады? Бұл, ең алдымен университеттер болып табылады. Дәл қазір сұранысқа өте компьютерлік технологиялар, бағдарламалау, ақпараттық технологиялаға байланысты мамандықтар. IT-технологиялар саласындағы бұл еңбек нарығының мамандарды мен жоғары оқу орындарының, жаңа ведомстволардың, жылы. Білім дәстүрлі теориясы назар аудара отырып, жүріп келеді. Біржағынан, бұл білім Абстрактілі және тікелей оларды практикада қолданку қиын. екіншіжағынан - мамандық IT-маманы өмір бойы оқыту көздейді, және құрылтай орта мектепте қаланды, түлегі тез соңғы әзірлемелерді игеруге болады. IT-технологияларды дамыту ол белгілі бір негіз береді, бірақ көптеген



нәрселерді қайтадан үйренуіміз керек. Ал, жалпы, ақпараттық технологиялар бойынша маман ерекшелігі оқытуәрқашан еңбекнарығында сұранысқа ие болуы тиіс деп табылады.

Сандық ақпараттар ағымымен болашаққа қарқынды дамып келе жатқан IT саласының маманынсыз болашағымызды елестету мүмкін емес. Болжамдарға сүйенсек, 2030 жылға таман бірнеше жаңа мамандықтар қалыптасады әрі барлығы технологиямен тығыз байланыста болады. IT саласы бойынша білім алушылар саны артып жатыр. Сәйкесінше, бәсекелестер қатары да көбеюде. Ақпараттық технология маманының сапасы елдің цифрлық экономикасын алға жылжытуға әсер етеді. Болашақта мемлекеттер арасындағы бәсеке халықтың компьютер сауатымен, жаңа технологияны енгізу қарқынымен өлшенеді. Цифрлық экономика қай деңгейде болса да, IT-мамандарға сұраныс азаймайды.

Асия ЕРДЕБЕКОВНА
Кентау көпсалалы колледжі
Информатика пәнінің оқытушысы

Жаңашыл ұстаз – болашақ кепілі

Жаңашыл ұстаз - ол педагогикалық үрдісте жүйелі жұмыс жасай алатын, педагогикалық өзгерістерге тез төселетін, жаңаша ойлау жүйесін



меңгере алатын, оқушылармен ортақ тіл табыса алатын, білімді, іскер болу керек деп ойлаймын. Ұстаз - колледж жұмысы мен білім алушы жетістіктерін дамытатын негізгі тұлға болғандықтан, ұстаз заман талабына сай болуы керек. Бұл одан әркашан білімдерін жетілдіруді, ізденуді, жаңжақты, білікті болуды талап етеді. Ұлы ағылшын ағартушысы Уильям Уарт: «Жай мұғалім хабарлайды, жақсы мұғалім түсіндіреді, керемет мұғалім көрсетеді, ұлы мұғалім шабыттандырады» деген екен. Бұл максаттарға жету үшін мұғалімнің ізденісі, жаңа тәжірибе, жаңа технологиялар қолдану қажеттілігі туындайды. Компьютер көмегімен оқыту оң нәтижелер береді. Ақпараттық мәдениет дегеніміз-тек компьютермен жұрыс жұмыс істей білу ғана емес, кез-келген ақпарат көзін: анықтамаларды, теледидар бағдарламаларын т.с.с. дұрыс пайдалана білу деген сөз. Жаңа ақпараттық технологияның негізгі ерекшелігі – бұл оқушыларға өз бетімен немесе бірлескен түрде шығармашылық жұмыспен шұғылдануға, ізденуге, өз жұмысының нәтижесін көріп, өз өзіне сын көзбен қарауына және жеткен жетістігінен ләззат алуға мүмкіндік береді. Яғни, мұғалім сабақ бойы оқушыларды дұрыс басқарып, көшбасшылық жасай алған жағдайда, жақсы нәтижеге қол жеткізгені деп түсінемін. Сабақты сәтті ұйымдастырудағы басты максат –білім алушының сабаққа деген қызығушылығын арттырып, бүгінгі заман талабына сай білім беру. Сабақты тартымды әрі сәтті өткізе білу мұғалімдер қауымынан көп ізденуді, білімділікті, кабілеттілікті және тапқырлықты кажет етеді. Ақпараттық технологиялардың бірі – интерактивтік тақта, мультимедиялық және онлайн сабактары. Оқыту үрдісін компьютерлендіру максатында интерактивті тақтамен жұмыс жасау тиімді. Қазіргі уақытта Қазақстанның жалпы орта білім беретін колледждерінде барлығы дерлік интерактивті тақтамен камтамасыз етілген. Өзім жұмыс жасайтын колледжде ақпараттық технологияларды қолдану кеңінен қарастырылған. Информатика кабинетінде интерактивті тақта орнатылған. Білім беруде кәсіби құзырлы маман иесіне жеткен деп мамандығы бойынша өз пәнін жетік білетін, білім алушының шығармашылығы мен дарындылығына жағдай жасай алатын, тұлғалық-ізгілік бағыттылығы жоғары, педагогикалық шеберлік пен өзінің іс-кимылын жүйелілікпен аткаруға кабілетті, оқытудың жаңа технологияларын толық меңгерген, отандық, шетелдік тәжірибелерді шығармашылықпен қолдана білетін кәсіби маман педагогті атаймыз. Бүгінгі білім мен білік бәсекелес заманында ұландарымыздың биіктен көрінуіне күнделікті ісіміздегі жаңашылдығымыз арқылы, жаңжақты берген тәрбиеміз арқылы қол жеткізуге болады. XXI ғасыр – жаңашыл білімділер ғасыры. Ендеше бізге ой орісі жоғары дамыған, зерделі, жан-жакты дамыған, парасатты ұрпақ тәрбиелеу біздің басты міндетіміз екенін бір сәтте естен шығармағанымыз жөн.

Асия БОТАБЕКОВА,
Кентау көпсалалы колледжі информатика пәнінің оқытушысы.

Е
ботани

Тұңғыш Прези
жоспары ұсын
«Күлтөбе к
жобасы

Анықтама үшін:

«Яссы» ботаникалық бағының жалпы ауданы 7.7 гектар. Бақтың орталық бөлігі раушан гүлдерден және аршадан жасалған ислам ою-өрнектері бейнесіндегі үлкен лабиринтпен безендірілген. Саябақ ішінде раушан гүлдерден ислам паттерндеріне ұқсас гүлзарлар бар.



Бұл жерге мыңға ж
талшын, долана, қызғ

Н.Назарбае
мемориалд

Түркістан қаласына с
мемориалдың ашылу
саябағын» об
Мемориалдың ашы
бірлігі» капсуласын
кі

Анықтама үшін:
«Қазақ хандығына арн
қалаушылардың құрм
шешімі – биіктігі 7 мет
тең киіз үй бейнелі ком
Сәулет кешенінің орт
асатаяқ пішіндес, биік
төрт таутеке мүсіні бар
метрлік «Қазақ хандығы

Жаңашыл ұстаз – болашақ кепілі

Жаңашыл ұстаз - ол педагогикалық үрдісте жүйелі жұмыс жасай алатын , педагогикалық өзгерістерге тез төселетін, жаңаша ойлау жүйесін меңгере алатын, оқушылармен ортақ тіл табыса алатын, білімді, іскер болу керек деп ойлаймын. Ұстаз - колледж жұмысы мен болғандықтан , ұстаз заман талабына сай болуы керек. Бұл одан әрқашан білімдерін жетілдіруді, ізденуді, жан-жақты, білікті болуды талап етеді. Ұлы ағылшын ағартушысы Уильям Уарт: «Жай мұғалім хабарлайды, жақсы мұғалім түсіндіреді, керемет мұғалім көрсетеді, ұлы мұғалім шабыттандырады» деген екен. Бұл мақсаттарға жету үшін мұғалімнің ізденісі, жаңа тәжірибе, жаңа технологиялар қолдану қажеттілігі туындайды. Компьютер көмегімен оқыту оң нәтижелер береді. Ақпараттық мәдениет дегеніміз- тек компьютермен дұрыс жұмыс істей білу ғана емес, кез-келген ақпарат

арттырып,бүгінгі заман талабына сай білім беру. Сабақты тартымды әрі сәтті өткізе білу мұғалімдер қауымынан көп ізденуді, білімділікті, қабілеттілікті және тапқырлықты қажет етеді. Ақпараттық технологиялардың бірі – интерактивтік тақта, [illegible] үрдісін компьютерлендіру мақсатында интерактивті тақтамен жұмыс жасау тиімді. Қазіргі уақытта Қазақстанның жалпы орта білім беретін колледждерінде барлығы дерлік интерактивті тақтамен қамтамасыз етілген. Өзім жұмыс жасайтын колледжде ақпараттық технологияларды қолдану кеңінен қарастырылған. Информатика кабинетінде интерактивті тақта орнатылған. Білім беруде кәсіби құзырлы маман иесіне жеткен деп мамандығы бойынша өз пәнін жетік білетін, білім алушының шығармашылығы мен

дарындылығына жағдай жасай алатын, тұлғалық-ізгілік бағыттылығы жоғары, педагогикалық шеберлік пен өзінің іс-қимылын жүйелілікпен атқаруға қабілетті, оқытудың жаңа технологияларын толық меңгерген, отандық, шетелдік тәжірибелерді шығармашылықпен қолдана білетін кәсіби маман [illegible] білім мен білік өзекелес заманында ұландарымыздың *биіктен көрінуіне күнделікті* ісіміздегі жаңашылдығымыз арқылы, жан-жақты берген тәрбиеміз арқылы қол жеткізуге болады. XXI ғасыр – жаңашыл білімділер ғасыры. Ендеше бізге ой өрісі жоғары дамыған, зерделі, жан-жақты дамыған, парасатты ұрпақ тәрбиелеу біздің басты міндетіміз екенін бір сәтте естен шығармағанымыз жөн.

Асия Ботабекова,
Кентау көпсалалы колледжі
информатика пәнінің оқытушысы

Өмірдің қызығы мол — студенттік өмір

17 қараша - Халықаралық студенттер күні. Күнтізбеде белгіленген осы бір мерекенің шығу тарихы айтарлықтай қызықты да емес. Ол - қанды, әрі қайғылы оқиғаға байланысты пайда болғанын екіншісі біле бермейді. 1939 жылы 28 қазан күні фашистер басып алған Чехословакияның студенттері мен ұстаздары Чехословакия мемлекетінің құрылғанына жиырма бір жыл болғанын атап өту үшін шеруге шықты (28.10.1918). Басқыншы бөлімдер шеруді күшпен басып, сонымен бірге медицина факультетінің студенті Ян Оплеталды атып тастайды. 1939 жылы 15 қарашадағы Яна Оплеталды жерлеу рәсімі қайталап наразылыққа ұласады. Шеруге шыққандардың көбі қамауға алынған. 17 қарашада гестапошылармен жүздер студенттік жатақханаларды қоршауға алып, 1200-ден астам студент ұсталып, Заксенхаузендегі концлагерьлерге қамалды. Студенттік қозғалыстың тоғыз белсенді студенті Праганың Рузина ауданында түрме қабырғасында сотсыз дарға асылды. Гитлердің бұйрығымен Чехиядағы барлық оқу орындары соғыс аяқталғанға дейін жабылды. 1946 жылы 17 қарашада Прагада өткен чехиялық студент-патриоттардың құрметіне болған Бүкіләлемдік студенттер конгресінде Халықаралық студенттер күні белгіленді. Міне, жалынды жастық шақтың мерекесі - студенттер күнінің шығу тарихы Екінші Дүниежүзілік соғыс кезінде Чехословакияда осылай басталған. Бұл мереке оңайлықпен келмегенін көрген болашақ ұстаздар. Тарихы қанды оқиғамен



басталған осы бір мейрам қазірде әлемнің түкпір-түкпірінде бар сән-салтанатымен аталып өтіледі. Студенттік өмір адамның жастық қуаты тасып, шарықтау мен уайымды білмей, ізденумен, үйренумен, танысумен, табысумен өтетін ерекше шағы. Бұл кезде білім кеңістігің, көңіл көкжиегің кеңіп, махаббат пен ғашықтық отының да ыстығына күйіп, жалынына шарпылып жүретінің жасырын емес. Оқу ордасында талай дос тауып, әзілің жарасып, құрбы-құрдаспен күліп-ойнап өтетін күндерің де көп. Ең қызықты шақ осы студенттік шақ десек артық айтпаған болар едік. Ата-ана құшағынан жыраққа кетіп, күн сайын өзіне жаңалық ашып, өздігінен жылдам жетілетін шақ. Сол кезеңде өзін тұлға ретінде қалыптастырып, өмірлік мақсаттарын шындай бастайды.Бүгін жастарымызды, болашақ еліміздің тіректерін осы мерекелерімен шын жүректен құттықтаймыз. Білікті де, білімді маман иелері болуға тілектесіміз!

Асия БОТАБЕКОВА,
Кентау көпсалалы колледжінің информатика пәнінің оқытушысы.

Толеранттылық бейбітшілікке апаратын жол

Кентау көпсалалы колледжінде білім алушыларға білім беріп қана қоймай сонымен қатар, тәрбиені қоса беретін барлығымызбілеміз. Осы орайда 15 қарашада ВТиС-21-1оқу тобының қатысуымен топ жетекшісі Ботабекова Асия Ердебековнаның ұйымдастыруымен «Толеранттылық бейбітшілікке апаратын жол» атты тақырыпта ашық тәрбие сағаты өткізілді.

Тәрбие сағатының мақсаты:Білім алушыларды қазақ халқымыздың ұлтына тән қасиеттерге баулу, имандылыққа, үлкенді сыйлауға, әдептілікке үйрету. Білім алушыларға туған өлке, оның байлығын, онда мекендейтін ұлттарды құрметтей білуге,ұлтжандылыққа,Отан сүйгіштікке тәрбиелеу болып табылады. Тәрбие сағатының жоспары:1.Әнұран. 2.Топ жетекшісінің сөзі. 3.Бағдарлама: Толеранттылық сөзінің мағынасын ашу. Еркін И, Актай А. 4.Әр елдің амандасуы. 5.Достық туралы өлеңдер.6.Мақал мәтелдер 7.Көрініс 8.Қорытынды. Топ жетекшісінің сөзі Толеранттылық латын тілінен алынған, қазақша мағынасы – шыдамдылық, өзге көзқарастарға, мінез-құлықтарға, адеттерге төзімділік таныту деген мағынада қолданылады.Барша адамзаттың ұлтына, нәсіліне, ұстанатын дініне қарамастан, төзімділік танытып, түсіністікпен қарап, опарды өзіндей қабылдау қасиетін бір сөзбен толеранттылық дейміз.Біз басқа ұлттарды жатсынбайтын ашық этнос ретінде қалыптастық. ВТиС -21-1 оқу тобының жан-жақты дайындығы осы тәрбие сағатында көрініс тапты. Жоғарыда аталған бөлімдер бойынша ретімен өз өнерлерін көрсетті. Әр елдің амандасуын көрсетіп, енді бірі мақал-мәтелдермен ,өлең жолдарын жатқа айтып жатты. Осы орайда ерекше атап көрсететін болсақ ВТиС-21-1 оқу тобының білім алушы Кошкарбаева Алуаның өзінің өлең шығаратын қабілетін білдік. Сол өлең шумақтарынан үзінді алсақ,




Әлемді сүй, шынайылық бар мұндаБірақ қазір ешкім келмей тыпа
Біз адамбыз, бір жердеміз, бір қырда.Жек көрініштік қонып алған миына
Өзінішті кей адамдар ұқпайды.Неге екенін білмеймін?Неге олай?
Өмір мәні-татулықта , достықта Жақсы көру соншалықты қиын ба?
Топтағы білім алушыларды жан-жақты қырларынан аша білген сынақтымыз. Тәрбие сағатымыз колледжіміздің кітапхана залында өткізілді. Колледжіміздің абыройлы, өте білімді, сауатты кітапхана меңгерушіміз Клара Прашовна қай кез болмасын өзінің көмегін аянған емес. Тәрбие сағатын өту үшін түрлі бәсекелру жұмыстары жүргізілуі тиіс. Барлығын өз ретімен тақырыпқа сай етіп жасау үшін біз әріне Клара

Прашовнаға жүгінеміз.Ол кісі ешқашан өз көмегін аянған емес, тәрбие сағатына толық қатысып білім алушыларға өзінің ұлағатты сөздерін айтудан жалықпаған емес. Бүгінгі кеште те дәл солай өзінің бағасын беріп, білім алушыларға оң бағасын берді. Бүгінгі «Толеранттылық бейбітшілікке апаратын жол » атты ашық тәрбие сағатымыз мәресіне жетті. Бүгін біз жастарымыздан толеранттылық дегеніміз не, не үшін бұл ұғымды қолданатынымызды бір-бірімізге деген сыйластықты, өзара түсінушілікті толық меңгерді деп ойлаймын.

БОТАБЕКОВА Асия ЕРДЕБЕКОВНА Кентау көпсалалы колледжі Информатика пәнінің оқытушысы

«Ұлттың сақталуына да, жоғалуына да себепші болатын нәрсенің қуаттысы – тіл»



Бұл уақытқа дейін мемлекеттегі Тілдер мерекесі 22 қыркүйекте тойланатын. Осыдан 29 жыл бұрын 1989 жылы 22 қыркүйекте Қазақстанда "Тілдер туралы" заң қабылданған. Ол заңда сол кездегі Қазақ КСР-нің мемлекеттік тілі – қазақ тілі, ал орыс тілі – ұлтаралық тіл деп бекітілді. Ал 1998 жылдың 20 қаңтарында ҚР президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың жарлығымен 22 қыркүйек – Қазақстан халқы тілдерінің күні болып жарияланды. Биылдан бастап 5 қыркүйек тілдер мерекесі болып аталып өтетін болды.

Бүгінгі күні Қазақстанда тұратын басқа ұлт өкілдері мен қазақ азаматтары мемлекеттік тіл - қазақ тілін меңгеруге зейін қойып, қазіргі уақытта мемлекеттік тілде еркін сөйлеуді мақсат етіп отыр. 1873 жылы 5 қыркүйекте А.Байтұрсынұлы қазақтың ұлы ағартушысының дүниеге келген күніне сәйкестендірілді. Бұл мерекенің тарихына терең үңілсек негізгі мақсатын айқындай аламыз:

- Қазақ тілін ұлттар арасында өзге ұлттар арасында насихаттау;
- Қазақ мәдениетімен дәстүрін насихаттау;
- Жастарымызды өзге ұлттардың дәстүрі мен мәдениетіне деген құрметін дамыту.

Қазақтың тілі өткір де, салмақты, азулы да, шешен тіл. Ол халқымыз үшін әрқашанда қасиетті де құдіретті болып қалмақ! Ол әрбір адамға ананың ақ сүтімен дарып, мәңгілік қалыптасады. Қандай мәдениет болмасын қатынас құралы ретінде де, ұлттың барша болмасы көрінген келбеті ретінде де тіл арқылы жасалған. Тіл арқылы өмір сүреді, ұрпақтан ұрпаққа, заманнан заманға жетіп, ұлттық тұтастықты сақтайды.

Ұлт болу үшін тіліміздің шұбарламай, таза күйінде болашақ ұрпаққа аманат етуіміз қажет. Ұлт- тағдыры, ел тағдыры деп бекер айтылмаса керек-ті.

Өзге елден қалмау үшін, алдымен өзіміздің мәдениетімізді, сол мәдениеттің негізі тіліміздің бәсекеге қабілетті етуіміз керек. Болашағымыз жарқын болу үшін, өзіміздің мәдениетімізді, дінімізді, тіліміздің қастерлей білейік!

Асия БОТАБЕКОВА,
Кентау көпсалалы колледжі информатика пәнінің оқытушысы.

Коронавирус пандемиясы кезінде саумал ішудің пайдасы мен біз білмейтін сыры

Осы бір адамзат баласын болып тапылмаған ең қиын [illegible] дүр сілкіндірген коронавирус қазіргі таңда кеңінен етек жайды десек артық айтпаған болар еді. Алаңдаушылық.

Қазақ даласындағы жылқы – төрт түлік малдың ішіндегі ең естісі. Бие кез келген шөпті жей бермейді, таза асты қорек етеді. Бәрінен бұрын жылқының етінен әзірленген ыстық сорпаның адам ағзасына тигізер пайдасы мол. Міне осыны біз пандемия кезінде де көзімізді жеткізген сияқтымыз. Бие сүтінің емдік қасиетін қазір әлем медицинасы мойындаған. Жылқы етінде сүт, аконит, лимон, янтарь іспеттес бірнеше органикалық қышқылдар көп болады. Бұл дегеніміз жылқы етін тұтынған адамның ағзасындағы қышқылдарда заттар алмасуы шапшаңдап, ас қорыту жүйесі жақсарады, ішектегі ыдырау процесі төмендейді деген сөз. Саумал – көптеген ауруға шипа. Оның құрамында ақуыз, амин қышқылы, тез еритін май, оттегі және организмге керек кальций, натрий, фосфор, калий, темір, магний, бром сияқты минералдар мен С, А, В1, В2, В6, В12, Е, РР дәрумендері бар. Қысқасы саумалда 80-ге жуық биологиялық белсенді қоспалар бар. Саумал өкпе, асқазан, бауыр ауруларының алдын алады, қан құрамын реттейді. Бастысы – иммунитетті көтеріп, күш-қуат береді. Саумал туралы тағы бір факт: қатерлі ісіктің алдын алады, тіпті жеңіл, енді басталған түрлерінен айықтырады. Жаңа сауған бие сүтін ашыту үшін қымыз араластырған сусынды қазақ халқы ежелден «саумал» дейді. Ал, саумалдың шипалық қасиетінің күштілігін медицина да көп жылдар бұрын дәлелденген.

Жаңа сауған бие сүтінің емдік қасиеті өз алдына бір бөлек. Бие сүті сауғаннан соң 2 сағатқа дейін күшін жоймайды. Бірақ, дәрігерлер ішкеннің пайдасы көбірек. Биені 1 сағатқа жуық уақыт аралығымен күніне он ретке дейін сауады. Әр сауғанда биелердің сүттілігіне




қарай 0,3 литрден 1 литрге сүт сауылады. Егер күніне 0,5 литр бие сүтін немесе саумал ішсеңіз, «С» дәруменінің ағзаға қажетті тәуліктік мөлшерін аласыз. Коронавирустың бірден-бір жауы – иммунитеттің күштілігі. Тәжді тажалға ең керегі – адам ағзаның әлсізденуі. Мамандар дәл осы уақытта «С» дәрумені бар тағамдарды көбірек тұтынуға кеңес береді. Жылқы етінен әзірленген сорпа иммунитетті нығайтудың таптырмас жолы. Биенің жаңа сауған сүті мен саумалы болса, «С» дәруменімен байытылған. Саумалға екінің бірінің қолы жете бермейді. Оны белгілі бір қалыпта ұстап тұру да қиын. Бие сауғаннан кейін 10-15 минуттың ішінде ішілмесе, сүт өзгеріске ұшырайды. Ол сізге ем болмайды. 15-20 минуттан кейінгі сүт қышқылы көтерілуіне байланысты саумал асқазанға ауыр болуы да мүмкін. Оның құрамындағы витаминдердің өзгеруіне байланысты асқазандағы қышқыл көтеріледі де, адамның іші жүруі немесе құсуы мүмкін. Пандемия кезінде көптеген дәрінің баламасына айналған *ұлттық сусынның қадірін халық енді түсінді. Сондықтан саумал* – иммунитетті мығым ұстауда таптырмайтын сусын. Вирус жұқтырғанда адам катты әлсіреп қалады. Саумалдың пайдасы мынада: антибиотик пен басқа да дәрі-дәрмекті қабылдаған кезде ол ағзаны, өт жолдарын керемет тазартады. Ал кейбір адам асқазан, өт пен ішек жолдарындағы, өкпедегі ауруды жазу үшін саумал ішеді. Саумалдың дәрілік қасиеттері пандемия уақытында баршамызға белгілі болды. Олар өкпенің қабынуы, катты тұмауда, жоғары температурада, дәм мен иіс сезбей қалғанда, т.б коронавирустың белгіле 3 тәулігіне 1 литр саумал ішсеңіз, саумалды мұздату арқылы өмірін ұзартуға болады – ол барлық биологиялық белсенді компоненттер мен дәрумендерді сақтайды. Оны күніне 4-5 рет, тамақтанудың алдында 20-30 минут бұрын, 250 милиграммнан ішкен дұрыс. Бір аптадан кейін, адамның көңілі көтеріліп, ұйқысы жақсарып және тәбеті ашылады. Саумалдың дәрілік қасиеттері пандемия уақытында баршамызға белгілі болды. Олар өкпенің қабынуы, катты тұмауда, жоғары температурада, дәм мен иіс сезбей қалғанда, т.б коронавирустың белгілерінде ішу керек. Сол үшін жылқыны қастерлеп, баптап, атадан-балаға мұраға етіп қалдыруға атсалысайық!

Асия БОТАБЕКОВА,
Кентау көпсалалы колледжі информатика пәнінің оқытушысы.

Қызықты көңіл, студенттік өмір!

Аптаны да, тәтпіш те көріп тұрар,
Сонда да жанарында бақыт тұрар.
Бірде ащы, бірде тоқ ғой жүретұғын,
Бұл сынақты «студенттер» бақытпылар!

Әр адамның есінде ерекше естеліктерімен жатталып қалатын студенттік шақ сынағын ұмытылмайды. Қызығы мен шыжығы мол студенттік кезең әрқайсымыз үшін де қызықты әңгіменің арқауы болары хақ. Бүгінгі күні студенттердің әр күні мерекедей өтсе де, күнтізбеде белгіленген олардың өзіндік мейрамы бар. Ол — Халықаралық студенттер күні. 17 қараша - Халықаралық студенттер күні. Күнтізбеде белгіленген осы бір мерекенің шығу тарихы айтарлықтай қызықты да емес. Ол - қанды, әрі қайғылы оқиғаға әйгілілігіне ие болғанын екінің бірі біле бермейді. 1939 жылы 28-қаған күні фашистер одағын алған Чехословакияның студенттері мен ұстаздары Чехословакия мемлекетінің құрылғанына жиырма бір жыл болғанын атап өту үшін шеруге шықты (28.10.1918). Басқыншы болімдер шеруді күшпен басып, соңымен бірге медицина факультетінің студенті Ян Оплеталды атып тастайды. 1939 жылы 15 қарашадағы Яна Оплеталды жерлеу рәсімі қайтадан наразылыққа ұласады. Шеруге шыққандардың көбі қамауға алынған. 17 қарашада гестапошылар мен эсэстер студенттік жатақханаларды қоршауға алып, 1200-ден астам студент ұсталып, Заксенхаузендегі концлагерьлерге қамалды. Студенттік қозғалыстың тоғыз белсенді студенті Праганың Рузина ауданында түрме қабырғасында сотсыз дарға асылды. Гитлердің бұйрығымен Чехиядағы барлық оқу орындары соғыс аяқталғанға дейін жабылды. 1946 жылы 17 қарашада Прагада өткен чехиялық студенттер



патриоттардың құрметіне болған Бүкіләлемдік студенттер конгресінде Халықаралық студенттер күні белгіленді. Міне, жалынды жастық шақтың мерекесі - студенттер күнінің шығу тарихы Екінші Дүниежүзілік соғыс кезінде Чехословакияда осылай басталған. Одан бері талай жылдың жүзі болды. Тарихы қанды оқиғамен басталған осы бір мейрам қазірде әлемнің түпкір-түпкірінде бар сән-салтанатымен аталып өтіледі. Шынымен де студенттік өмір қызықты да көңілді өтетіні анық! Қиын да сәттері болады. Алайда осының бәріне тойтарыс беретін жас студенттер аз емес. **Студенттің басты мақсаты білім алу, болашақ маман иесі болу!**

Әрине, әр студент өз мамандығына мүкият, тыңғылықты болуы қажет! Қоғамның жүрек дүрсілі, өзегі бүгінгі жастар екені белгілі. Ендеше сол жастардың Қазақстанның болашағын бұлыңғырлатпай, сенімдерін сездіретпей, көк байрақты гүлдетіп, еліміздің абыройын асқақтатына біз көмілсенеміз!

Асия БОТАБЕКОВА,
Кентау көпсалалы колледжі
информатика пәнінің оқытушысы.

Әділдік жоқ жерде пара белең алады



«Дүние байлық не керек, денсаулығың болмаса, төрелігің неге керек халықтың көңілі толмаса» деген тамаша бір мақалдан бастамақпын. Тарихи тереңнен бастау алған сыбайлас жемқорлық бүгінде бүкіл әлем қоғамдастығына қауіп төндіріп отырғаны бәрімізге белгілі. Біздің республикамызда да бұл мәселеге қарсы күрес шаралары тәуелсіздік алған сәттен бастап мемлекеттің бірінші кезектегі міндетіне айналды. Парақорлықпен елімізде көбіне-көп қолында билігі бар, шешім шығаруға, бөліп беріуге өкілеті жететін қызметкерлерінің айналысып отырғанын көресетіп берді. Жемқорлықпен күрес бүгінде елімізде мемлекеттік маңызы бар түйткілді мәселеге айналып отырғандығы шындық. Елдің ертеңі үшін, болашақ келер ұрпақ алдында еңсеміздің бек көтеріліп жүру үшін, жемқорлық індетімен белсене күресіп, түп-тамырымен жою қажет. Бұл – індет адамзат баласына жат қасиет. Кеңестік дәуірден бастау алған, жең ұшынан жалғасын табатын, көз қысты, бармақ басты әдеті әлі болса қылаң беріп келеді. Бұл дерт еліміздің дамуына, экономиканың өркендеп өсуіне өрескел кедергі келтіретіні даусыз. Әсіресе, өскелең ұрпаққа тигізер залалы ұшан теңіз. Олай дейтініміз –болашақ ұрпақтың тамырына балта шаппау қажет. күрес бүгінде елімізде мемлекеттік маңызы бар түйткілді мәселеге айналып отырғандығы шындық. Елдің ертеңі үшін, болашақ келер ұрпақ алдында еңсеміздің бек көтеріліп жүру үшін, жемқорлық індетімен белсене күресіп, түп-тамырымен жою қажет. Ел болып еңсемізді көтергенімізге, тәуелсіздігімізді алып, шаршы әлемге танылғанымызға көптеген жылдың жүзі болды. Өткенімізге көз салсақ, Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың көреген саясатының арқасында мемлекетіміздің тамыры тереңге тартып, ел экономикасы мен әлеуметтік жағдайы түзеліп, әлем мемлекеттерінің ортасынан өз орынын айқындады. Бүкіл әлемге өзінің біртұтастығымен, ажырамас бірлігімен танылды. Жалпы, Елбасы сыбайлас жемқорлықты болдырмау, онымен барынша күресу тек қана құқық органдарының ғана емес, барлық мемлекеттік органдардың міндеті және бұл бүкіл халықтық іс екендігін атап айтқан болатын. Бұл – індет адамзат баласына жат қасиет. Кеңестік дәуірден бастау алған, жең ұшынан жалғасын табатын, көз қысты, бармақ басты әдеті әлі болса қылаң беріп келеді. Бұл дерт еліміздің дамуына, экономиканың өркендеп өсуіне өрескел кедергі келтіретіні даусыз. Жемқорлықпен күрес бүгінде елімізде мемлекеттік маңызы бар түйткілді мәселеге айналып отырғандығы шындық. Елдің ертеңі үшін, болашақ келер ұрпақ алдында еңсеміздің бек көтеріліп жүру үшін, жемқорлық індетімен белсене күресіп, түп-тамырымен жою қажет. Бұл – індет адамзат баласына жат қасиет. Кеңестік дәуірден бастау алған, жең ұшынан жалғасын табатын, көз қысты, бармақ басты әдеті әлі болса қылаң беріп келеді. Бұл дерт еліміздің дамуына, экономиканың өркендеп өсуіне өрескел кедергі келтіретіні даусыз. Қорыта айтқанда, тиімділікке қол жеткізу үшін, сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес кешендік негізде, яғни мемлекеттік органдар мен қоғамдағы азаматтардың тығыз қарым-қатынасында жүзеге асырылуы тиіс және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресті бұқаралық және көпшілік сипатта өткізу керек екендігін ұмытпағанымыз жөн. «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес бар. Біз оны бір секундтай тоқтата алмаймыз. Керісінше, біз күштірек күресеміз. Ал, егер біреу пара алып жүрсе, демек біреу беріп жүр деген сөз. Сондықтан, бұл жалпыхалыққа ортақ іс. Біз бұқаралық ақпарат құралдарында бұл жайында хабарлауымыз керек. Сыбайлас жемқорлықпен күрес – Қазақстанның бүгінгі күнгі күрделі мәселесінің бірі болып отыр. Үлкен әлеуметтік қасірет болып табылатын ол саяси даму тұрғысынан бір-біріне ұқсамайтын әлемдегі барлық елдердің қай-қайсысын да қатты алаңдататыны анық. Сыбайлас жемқорлық сылып тастайтын сыртқы жара емес, бұл тамырын тереңге жайған, өзге сау органдарын шырмап, тыныс-тіршілігін тарылтатын, сөйтіп олардың толыққанды қызмет етуіне қатер төндіретін қауіпті кесел. Оны емдемес бұрын аурудың пайда болу, даму, таралу жолдарын біліп, дерттің қозуына қолайлы жағдай тууына жол бермеу керек. Ол үшін бұл ауруға қоғам болып қарсы тұруымыз қажет. Яғни бұқара көпшілік тарапынан сыбайлас жемқорлық көріністеріне қолдан келгенше тосқауыл қойылып, қолында билігі бар азаматтар осы жолда өзгелерге үлгі болуы тиіс. Сонда ғана халық сенімінен шығатынымыз сөзсіз.

Асия БОТАБЕКОВА,
Кентау көпсалалы колледжінің информатика пәнінің оқытушысы

Бүгінгі жастар – еліміздің ертеңгі тірегі, болашақта ел басқаратын ұрпақ болып саналады. Бүгінгі, ертеңгі, болашақтағы Қазақстанды көркейтетін бұл әрине – жастар. **Қазіргі уақытта жастарды түрлі салада дамып *келе жатқан жаңа бағыттың қозғаушы* күші деп айтуға болады.**

ҚАЙРАТТЫ ЖАСТАР – елімнің болашағы мен ертеңі



Бүгінгі қоғамды алға жетелейтін жастарды «Еңбек жастары» деп аталуының өзіндік мәні бар деп есептеймін. Себебі, елдің елдігін де, жердің кендігін де танытып, әлемге паш ететін бүгінгі жастар қауымы екені сөзсіз.

Біз қазақ халқы бейбіт елде, мемлекеттік білімді жетілдіруге аса мән берген елде тұрамыз. Жарқын болашақ өзіміздің қолымызда. Келешегімізді бүгіннен де нұрландыра түсуде өз қолымызда.

Ал болашағымыз баянды да бақытты, нұрлы да шуақты болуы үшін менің ойымша ең алдымен өзіне лайық мамандық иесі атануымыз керек.

Біздің әлеуметтік саясат бәсекеге қабілетті және күшті жалпыға ортақ еңбек қоғамын құруға бағытталуы тиіс. Әрбіреуіміз еліміз үшін талмай еңбек етуге тиістіміз.

Барлығы өз қолымызда. Біздің ұлтжандылығымызға, елімізге деген құрметімізге, осындай кең байтақ жерді мұра етіп қалдырған ата-бабаларымызға тағзым етуімізге байланысты еліміз өркендеп, көркеймек.

Елбасымыз атап өткендей, ел ертеңіне жастар ие.

Қазіргі жастар — көздерінде білімге деген құштарлық, жүректері Отаным деген патриоттық сезімге толы, көкірегі ояу, зерек жаңа заман азаматтары.

Біздің елде даму үшін барлық жағдай жасалынған, мүмкіндігімізде баршылық, тек соны толық игеруге тиіспіз. Өзінің даму қарқынымен бүкіл әлемнің назарында тұрған Қазақ елінің болашақ дамуы да осы бағдарламамен сай келуі тиіс.

Бүгінгі жастардың жаңару үрдістерімен үйлесімді өмір сүре білуі үшін –терең және жан-жақты білім алуы маңызды факторға айналып отыр.

Елім деп еңіреген, жерім деп шырылдаған Алаштың қазақ ұланы!

Біз ҚАЗАҚ атты ұлы халықтың ұрпағы болғандығымыз үшін бүгіннен бастап ұлы істерге ұмтылуға тиіспіз! Олай болса барлығымыз жастар тәрбиелеуде қажымай, алға талпыныс жасай отырып, өз болашағымызды саналы етуге өз үлесімізді қосайық!

Сөз соңында, Мағжан ағамыздың осынау сөз төркіні тереңінен айтылған -

Арыстандай айбатты,
Жолбарыстай қайратты
Қырандай күшті қанатты
Мен жастарға сенемін,- деген өлең жолдарымен сөзімді аяқтағым келеді.

Асия БОТАБЕКОВА,
Кентау көпсалалы колледжінің Информатика пәнінің оқытушысы

Абай Құнанбайұлының 175 жылдығын атап өту

Қазақстанның президенті Қасым-Жомарт Тоқаев Абай Құнанбайұлының 175 жылдық мерейтойын мерекелеу туралы жарлыққа қол қойған болатын. Аталған құжатқа сәйкес, қазақ халқының ұлы ақыны, ағартушысы Абай Құнанбайұлының 175 жылдық мерейтойы тойланады. Абай Құнанбайұлының 175 жылдық мерейтойын ЮНЕСКО мен ТҮРКСОЙ аясында атап өту жөніндегі іс-шаралар жоспарын Сыртқы істер министрлігі, министрлер Кабинеті, мүдделі мемлекеттік органдар, ғылым мен мәдениет қайраткерлерінің қатысуымен Абай Құнанбайұлының 175 жылдығын тойлауға арналған жарлық бекітеді. Осыған байланысты бабамыздың тарихы ұшқыр.

Абай Құнанбайұлы қатпаған өлеңдерін Көкбайдың атының жарлығын жүреді.

Абай Құнанбайұлы 13 жасында ел басқару жұмысына араласқан.

Абай Құнанбайұлының қатпаған ақындық *шығармасы* 30-дан.

Абай Құнанбайұлы 1860 жылы Дәулет сауда түрған. Ол кезде Абай 15 жаста болған.

Абай Құнанбайұлы 16 жасында әке болған.

Абай Құнанбайұлы 21 жасында болыс болып сайланған.

Абай Құнанбайұлы қазақтың ақындық өнерінде 30 жылдан үйренген.

Ұрпағы - Абайдың әлеуметтік жолмен



#ABAI175
CHALLENGE

үйренген әйел. Ол Абайдың ізбесі Оспанның қалыңдығы болған, Ерекше Абайға өсиетқұлынан түрмеге шыққан.

Абай Құнанбайұлының 16 жасында түскен шежіресі Оңтүстік дүниеге келіп.

Ұлы ақын, ағартушы, философ, композитор, драматург, сақи қайраткер, жазба әдебиеті мен қазақ әлеуметтік ойының негізін салушы, реформатор Абай (Ибрагим) Құнанбайұлы 1845 жылы Шығыс тауы жазғанын Тобықты руынан дүниеге келді. Анасынан ерте жетім Ұлы жүз Тобықты Арғын шежіресі Оқалы батырдан басталады. Оқалыдан Айдос, Қаңдос мен Жігітек тарайды. Әрқайсысы бір-бір руға ел болып кетеді. Айдостың Әбдірахман есімді ұлынан Ырғызбай. Кейінгі кезде Тобық туған. Оларының ішінде Ырғызбай ата шығып, ел басқару ісіне араласқан. Ырғызбайдың Үркер, Мырзатай, Жортар мен Өскенбай тарайды. Өскенбай нарұлы жайлы, бізінше әзір кісі болған дөседі. Осы Өскенбайдың әйелі Керейге Абайдың анасы Құнанбай туған. Құнанбайдың әке әйелі болған Зейнебоқ. Күмке, одан бір ер Құлбердің Ақ Уәлиді. Құнанбайдың ішті Құттымұхамбетке айтқызғанға қалыңдық. Ізбесі қайтыс болғаннан кейін Құнанбай жазалы әлеуметтікке алған. Уәлидің Тәңірбергі, Ыбырай (Абай), Ысқақ пен Оспан, үшінші әйелі

Айғыздан Халиолла мен Мәкпетұл деген балалары туған. Абайдан "Атадан ақтық, анадан тәрбие" дейтін сөздің. Ал 18 жасқа толғанда Семейдегі Ахмет Ризе медресесінде үш жыл оқиды. Сол жерде араб пен парсы тілдерін меңгеріп шығады. Абай дін оқуымен ғана шектелмей, бүкіл өз бетінше жетілдіруге тырысады. Шығыстың Низами, Науаи, Сағди, Хафиз, Физули сияқты ұлы ғұламаларының шығармаларымен танысады. Орысша сауат ашады. Құнанбай балаларын тәрбиелеуге бірден байқап, оған жағдайлар бөлып берусе тырысады. Ал 13 жасында оны оқудан алып кетіп, ел басқару жұмысына салады. Абай әкесінің 18 жасында жетім қалып, ауыр жағдайда да ерекшелігін түрған үлкен тұлғалар еді. "Сегіз аяқ", "Қан сонарда бүркітпен шыққы келеді", "Қазақ елім, қазағым, қайран жұртым", "Жеміс түбі жарық ай", "Өлсем, орнын кара жер толмай ма?" сияқты өлеңдерін әрбіреуін дүние, шығармашылық жолының, Александр Пушкиннің "Евгений Онегин" шығармасының "Татьянаның хаты" және "Жезтайқын соңы", Михаил Лермонтовтың "Ой", "Жолға шықтым бір жан-жағыма қарап", "Қажар", "Терексіз шайы" және тағы басқа өлеңдерін қазақ тіліне сәйкестіп. Абай ұлы әйел алған. Ізбесінді Дідәділдан — Ақылбаев, Әбдірахмаев, Құбайдан, Әшімбай, Мағауя мен Райсан, сияқты әйелі Әйгерімнен - Тұрағұл, Мекайын, Ғабайа мен Кәнжк, барлығы 7 ұл, 3 қыз сүйген. Ал кенжедей қатқан әйелі Ерекшенің ұрпақ жоқтап жоқ.

Абай атамыздың көрегендігінің куәсін айтып жеткіз мүмкін емес, ол бір тұлға түрғы пікір. Оның болып, 175 жылдық тарихы бар. Бабамыздың өлеңдерін дәріптей жүрейік жайын!

Асем БАЙҚАБАЕВА,
Қостанай химиялық колледжі
информатикалық пәнінің оқытушысы.

"Қалқаманда". Абай әлеуметтерінің ішінде қазақтың жағымсыз да, қорқемдік бітімі

Қазақ тілі - ұлтымыздың жаны



Анамыздың ақ сүтімен бойымызға дарыған ана тіліміді ұмыту - бүкіл ата-бабамызды, бар тарихымызды ұмыту.



Бұл мақаланы Ахмет Байтұрсынов айтқандай «Тілі жоғалған жұрттың өзі де жоғалады» демекші ана тілім-ата-бабамыздан мирас болып келе жатқан баға жетпес мұра. Демек әр адам ана тілін көзінің қарашығындай қорғауға, оның тазалығын сақтауға тиіс. Амал не, туған тілімізді шұбарлап, басқа тілдің сөздерімен арапастырып сөйлейтіндерді жиі кездемін. Тіпті, туған тілінен безетін сорақыларды да, мәнсіңбеушілікпен қарап, қазақша сөйлеуге ұялатындарды көргенде, белгілі орыс жазушысы К.Г.Паустовскийдің «Туған тіліне жаны ашымаған адам – жәндік» деген сөзі ойыма еріксіз оралады. XX ғасырдың басында ғұламағалым Ахмет Байтұрсынұлы «Ұлттың жоғалуына себеп болатын нәрсенің ең қуаттысы – тіл, сөзі жоғалған ұлттың өзі де жоғалады» деп еді. Туған тіліміз – халқымыздың кешегі жүріп өткен жолын, бүгінгі жалғасқан ғұмырының ертеңге апарар мұддесін бейнелейтін ең басты қазынамыз, әйтсе де біздер оны құрметтеп, қолдап, аялау керектігі жөнінде көп ой толғаған емеспіз. Біз қазақ деген ұлы халықпыз, тіліміз де, дініміз де тек қана өзімізге тән. Еліміздің іргесін шайқалтпай, босағасын берік ұстап тұрған осы бөздің тіліміз бен ұлттық салт-дәстүріміз. Менің ойымша, әрбір патриот жан елі, жері, тілі, ұлты үшін тер төксе, әдал болып, құрметтесе, біздің елдігіміз баянды болмақ. Әр халықтың, ұлттың құрмет тұтар өз ана тілі бар. Әрбір адам өз тілінде, анасының ақ сүтімен дарыған туған тілінде сөйлеуі тиіс. Қазақ тілі - қажап тіл. Оның болашағы да қажап. Осындай тамаша тілдің бүгіні мен ертеңі болашақ ұрпаққа аманат. Тәуелсіздік алған азат күндердің алғашқы тынысынан бастап-ақ қазақ тілінің мәртебесі мен мерейін көтеру, оның пайдаланылу және қолданылу аясын кеңейту тұрғысында елімізде тың жұмыстар жүргізілуде.

Мен әлемдегі ең бай, ең сұлу тілдердің бірі – қазақ тілінің құдіретіне әрдайым сенемін. Тіліміз - бірлігіміздің тірегі, халқымыздың ұлттық байлығы. Қазақ тілін қоғамдағы лайықты орнына көтеріп, мәртебесін одан әрі арттыру өзекті мәселе. Тәуелсіздік жылдары ана тіліміді дамыту жолында едәуір оң өзгерістер орын алды, осы үрдісті жалғастыра беруіміз қажет. Тіліміздің тағдыры өз қолымызда, тіліміздің мәртебесін көтерейік!

Асия БОТАБЕКОВА
Кентау көпсалалы колледжі
Информатика пәнінің оқытушысы.

Сабыр түбі сары алтын



Адам өзінде болғаннан соң көптеген өмірінде келеңсіздіктерге бой алдырады. Соның бірі, адамдар арасындағы жағымды қарым - қатынасқа, өзіне, өзгеге нұқсан келтіріп озара түсінбеушілік туғызады. Сол себепті өзіне, өзгеге бой алдырмай адамдарға түсіністікпен, ізгілікпен, құрметпен қарау керек. Өзіне, өзгеге адамның көңіл - күймен денсаулығына кері әсерін тигізеді. Айналаға ызғар шашпен, өзгелерге қарық, ғана болмау, түрлі дауларға шалдықтырады. Міне, сондықтан да кез - келген мәселені салмақпен, сабырмен шешу керек. Адамның осы мінезінің аса бір көркем түрі - сабырлық. Шынымен де адам баласы сабырлы бола білсе, көптеген биіктерге қол жеткізер. Кейбіреулер басына іс түссе, қиналғаннан, шыдамай, Аллаһқа тіл тигізеді: "Мен Аллаһқа Сабырлы болу деген от намысында көрмай алмайтын ынжық болу деген сөз емес. Сабырлылық тек терең ойлауға, байсалдылыққа бастайтын қасиет. Сабырлы болудың ар-намысында көрмауға тиіс болмайтындығын да ескеруіміз керек.

Адам баласына тағдырдың жазуымен сан түрлі қиындықтар кездесуі мүмкін. Тек соған сабыр етіп, кешер күнге деген ұмыт пен сенімді жоғалтпай сабырмен қарау әлім, не жазды?" - деп отырып, осы сөздің өзінде қанша кінә жатқанын білмейді... *«Қиындық келсе сабыр етеді, қуанышқа келгенде шүкір етеді»*, - деп мұсылманның ерекше қасиетін айтып кетуге болады. Сабырлылық - адам бойына екі жолмен дариды, бірі туа біткен де, екіншісі адам өзін - өзі тәрбиелеу жолымен келеді. Адам баласының бойында оны дәл сабырлылық тәрізді керемет етіп көрсететін мінез кемде - кем. "Сабыр түбі - сары алтын", "Сабырлы жетер мұратқа, Сабырсыз қалар ұятқа" деген қанатты сөз тегінен тегін айтылмаса керек. Ашуға да, қуанышқа да сабырлылық көрсету бұл адамдықтың үлкен белгісі. Сондықтан, өмірдің өзі уақытша сынақ болғандықтан, сол өмірдегі кездесіп жатқан қиыншылық пен қуаныштардың да уақытша, өтпелі екендігін адам баласы естен шығармауы керек. Елімізде болып жатқан төтенше жағдайға байланысты барша қазақ халқын сабырлыққа шақырамын!

Асия БОТАБЕКОВА,
Кентау көпсалалы колледжі информатика пәнінің оқытушысы.

Дұрыс қолдансақ - пайда, бұрыс пайдалансақ - қауіп

Дәрігерлер мен психологтардың пікірінше, теледидар мен компьютерлік ойындардың, ұялы телефондардың бала санасына тигізетін зияны шашетектен. Қазір оқушылардың барлығында ұялы телефон бар. Әрине, телефонның пайдасы да көп. Бірақ балалар агент, смс хабарламалар арқылы бір-біріне хат жазып, уақыттарын босқа өткізеді. Әсіресе, жоғары сынып оқушыларының арасында түнімен осы жүйе арқылы тілдесетіндер көп. Өйткені бұл да компьютерлік ойын тәрізді бала санасын бірден жаулап алады. Сөйтіп, олардың оқуға деген ынтасын төмендетеді. Әрине, оқу орнында барлығы мұғалімнің бақылауында болғаннан кейін оқушының компьютер ойнап, агентпен сөйлесуіне мүмкіндік берілмейді. Ал үйде баланы ата-ана қадағалауы тиіс.

Қазір кез келген баланың үйінде ұялы телефон мен компьютер бар. Компьютерлік ойындардың негізгі түрі – атыс-шабыс, төбелес. Бұл алдымен баланың мінез-құлқына әсер етеді. Ұзақ уақыт компьютермен жұмыс істегендіктен, оның адамдармен қарым-қатынасы қиындайды. Мінез-құлқы өзгеріп, ашуланшақ болады. Көпшілікпен тіл табыса алмайды. Сондықтан ата-ана баланы компьютердің алдына белгілі бір уақытта ғана отырғызғаны жөн. Шектен тыс құмарлық баланы компьютерге тәуелділікке әкеліп соқтырады. Оны өзге әлем қызықтырмайтын халге жеткізеді.

Әрине, балаларын компьютердің алдында тапжылмай отырғызбайтын ата-аналар да бар. Алайда, қазір қай қалада болмасын компьютерлік клубтар жұмыс істейді. Үйдегі «қызықтаған» пысылған оқушы ендігі көп уақытын осындай клубтарда өткізуге тырысады. Дәрігерлердің айтуынша, компьютердің алдында үзіліссіз жұмыс істеу – адамның жүйке жүйесін әлсіретіп, қан қысымын көтереді. Көз, құлақ, асқазан жарасы секілді ауруларға душар етеді. Ал баланың компьютер алдында ұзақ отыруы – оның ақыл-есінің дамуын тежейді. Электромагниттік аумақ әсерінен шаң және аэрозолдық бөлшектері бетке, мойынға, қолға қонуын туғызады. Сондықтан бұның әсерінен сезімтал адамдарда аллергия, терінің құрғаушылығы пайда болады. Электромагниттік аумақ ауаның ион қабатына әсер етеді. Монитордың кинескоп бетінде жағымды заряд пайда болып, ион қабатындағы жағымсыз пайдалы зарядтарды жою әсерінен компьютерлер тұрған бөлменің ауасын нашарлатады.

Жалпы, шамадан тыс компьютер алдында отыру баланың ғана емес, ересектердің де жүйкесін жұқартады екен. Компьютер біздің өміріміздің бір бөлшегі болып енгені сонша-лықты, біз тіпті оны пайдалану кезінде денсаулығымызға қандай қауіп әкелетінін ұмытып та кеттік. Ол - бірнеше түрлі денсаулыққа қауіпті сәулелерді таратады. Сонымен қатар, компьютер электромагниттік өрістік тудырады. Ол компьютер экранынан **талған** ағымдағы сәулелер бөлшектерін тарату кезінде пайда болады.

Қалай десек те, қазіргі кезде компьютерсіз жұмыс істеу мүмкін болмай қалғанын да мойындауымыз керек. Басқаша айтқанда, компьютерден түбегейлі бас тарту мүмкін емес. Сол себепті, ендігі жерде бізге компьютерді қолдану кезіндегі сақтық шараларына барынша мән беруіміз керек. Ендеше, білуіміз керек ережелер қандай?

1. Компьютерлік ойындарды ойнауды азайтып, шаршауды болдырмау үшін көзге арналған жаттығулар жасау қажет.

2. Жұмыс орны ыңғайлы, оқушы жасына сай реттелген санитарлық бағдарламаларды қолданған дұрыс.

3. Қамтамасыз ету бағдарламасында арнайы бағдарлама болуын, сергіту сәтін, динамикалық үзіліс жасау кестесін құру керек.

4. Компьютермен жұмыс нормасын міндетті түрде сақталуын оқушыларға қажеттендіру.

Сондықтан да балалар ата-аналарының бақылауында болып, ұстаздар тарапынан жаңа технологиялардың пайдасы қанша көп болса, зияны да соншалықты көп екенін әрқашан түсіндіріп отыру керек.

Асия Ботабекова,
Кентау көпсалалы колледжі информатика пәнінің оқытушысы.

МАЗМҰНЫ ЖАҢАРҒАН БІЛІМ – ЗАМАН ТАЛАБЫ



«Адамның адамгершілігі жақсы ұстаздан болады» деген Абай Құнанбайұлы атамыздың сөзімен бастағанды жөн көрдім. Қазіргі заман талабына сай ұстаз қандай болу керек және білім беру жүйелерінің келешек ұрпаққа қандай білім беретіні туралы мәселе қайта қаралуда. Осы мәселе аясында біздің елімізде де «Балалар XXI ғасырда табысты және білімді болу үшін нені үйренуі керек?» және «Оқытудың тиімді әдістері қандай болу керек?» деген сияқты негізгі сауалдар халық көкейінде туындап жатқан болар. Барлық оқушылар өздері өмір сүретін әлемде жұмыс істеуге, білімін тиімді пайдалануға дайын болуы өте маңызды. «Ұрпағым білімді халықтың болашағы бұлыңғыр болмайды» дегендей, жас ұрпағымызға сапалы, мән-мағыналы, өнегелі тәрбие мен білім беру-бүгінгі күннің басты талабы екені айқын. Шындығында оқушыларға білім мен тәрбие беруде мұғалімнің алдында үлкен жауапкершілік тұр. Жаңашыл мұғалім әрбір оқушыны оқытып, тәрбиелеуге байланысты мәселелерді өздігімен және шығармашылық ізденіс шешуге қабілетті болуы шарт.

Жаңа, тез өзгермелі, білімді де білікті, тың ойлайтын, өзгеруге дайын және жаңа талап межесінен көріне алатын шығармашыл да кәсіби шебер мұғалімдерді қажет етіп отырғанына көзіміз жетті. Оқушылардың білім орталығында табысты оқуы ғана емес, өмірде де табысты болуы мұғалімнің білімі мен кәсіпкерлігіне байланысты екенін терең түсіндік. Мұғалім оқушылар үшін қандай да бір пән бойынша білім беретін адам ғана емес, сондай-ақ олардың оқудағы еңбегін ынталы, тиімді ұйымдастыра алатын, оларға үлгі болатын ерекше тұлға болуы керек екені өмірдің. Жаңа заман мұғалімінен күнделікті оқушылармен қарым-қатынас барысында әрбір жағдаят үстінде ерекше білім деңгейін көрсетуді және шығармашыл шешім қабылдай алуын талап етіп отыр. Оны қанағаттандыру үшін қазіргі заманның мұғалімі икемді, өзгерісті тез қабылдай алатын, жан-жақты, жаңа педагогикалық инновациялық технологияларды меңгерген болуы керек. Білім мазмұнын жаңарту тікелей шығармашылық ізденістегі мұғалімнің кәсіби шеберлігіне байланысты. қазіргі заман талабына сай білім беру мәселесі сол қоғам мүддесіне сай және мұғалім өз ісінің шебері болуы қажет, сонда ғана жоғары жетістіктерге жетеді. Қазіргі таңда пәнді жақсы, терең білетін, күнделікті сабақтағы тақырыпты толық қамтитын, оны оқушыға жеткізе алатын, әр түрлі деңгейдегі тапсырмаларды біліу іскерігі, оқытудың дәстүрлі және ғылыми жетілдірілген әдіс-амалдарын, құралдарын еркін меңгеретін, оқушылардың пәнге қызығушылығын арттыра отырып дарынын дамытудағы ізденушілікті қалыптастыратын тапсырмалар жүйесін ұсыну өмір талабы. Елімізде соңғы жылдары өлімізбен педагогика саласында енгізген өзгерістер орын алуда. Солардың бірі – жаңартылған білім беру бағдарламасы. Бағдарламаның ең негізгі мақсаты-білім алушылардың оқу нәтижелерін жетілдіру болып табылады. Білім беру бағдарламасының негізгі мақсаты-білім мазмұнының жаңаруымен қатар, критериалды бағалау жүйесін енгізу және оқытудың әдіс-тәсілдері мен әртүрлі құралдарын қолданудың тиімділігін арттыруды талап етеді. Қалыптастырушы бағалауда білім алушыларға жаңа материалды меңгеру кезінде тапсырманы қиындықты дұрыс орындағанын және оқыту мақсаттарына қол жеткізгенін түсінуге мүмкіндік беретін бағалау болып табылады.Бүгінгі күні барлық елдер жоғары сапалы білім жүйесімен жұмыс істеуде. Себебі қазіргі заманда елдің бәсекеге қабілеттілігі оның азаматтарының парасаттылығымен анықталады, сондықтан да білім беру жүйесі болашақтың талабына сәйкес дамуы тиіс. Оқушыларды заманауи әдіс –тәсілдермен оқытып, ой – өрісі кең, саналы, еркін азамат етіп тәрбиелеу қажеттілігі де осы себептен туындап отыр. Оның үстіне білім берудің жүйесін қарқынды дамытқан бұл үрдістің жалпы білім беретін мектептер мен орта мектептерде де енгізіле бастауы көңілді қуантады.Ұстаздарға үлкен жауапкершілік пен ұқыптылықты міндеттейді. Оқушылардың бойына XXI ғасырда өмірдің барлық салаларында табысты болу үшін, қажетті дағдыларды дарыту үшін, мұғалімдер тынымсыз еңбектенуі керек. Жаңартылған оқу бағдарламасы аясында тек өз пәнін, өз мамандығын шексіз сүйетін, бала үшін ұстаз ғұмырын құдіретті деп санайтын білімді мұғалімдер ғана жұмыс істей алады, аталған бағдарламаға сәйкес алынған тәсілдерді сабақта тиімді қолданысқа енгізсек, баланың танымдық белсенділігін арттыруға, өз бетінше білім алуына, шығармашылығын қалыптастыруына ықпал етеді, оқушылар оқудың қызықты жеңіл өтетіндігін, тіпті бірінсін жұмыс жасауға үйрететіндігін, білімнің терендігі, әрі тиянақтылығы артатындығын байқайды.

БОТАБЕКОВА Асия ЕРДЕБЕКОВНА,
Кентау көпсалалы колледжінің информатика пәнінің оқытушысы

Қазақ тілі - ұлтымыздың жаны



Адамзаттың ақ сүтімен бойымызға дарыған ана тілімізді ұлықтау - бүкіл ата-бабамыздың, бар парасымызды ұлықтау.



Бұл мақаланы Ахмет Байтұрсынов айтқандай «Тілі жоғалған жұрттың өзі де жоғалады» демекші ана тілім-ата-бабамыздан мирас болып келе жатқан баға жетпес мұра. Демек әр адам ана тілін көзінің қарашығындай қорғауға, оның тазалығын сақтауға тиіс. Амал не, туған тіліміздің шұбарлап, басқа тілдің сөздерімен араластырып сөйлейтіндерді жиі кездестіреміз. Тіпті, туған тілінен безетін сорақыларды да, менсінбеушілікпен қарап, қазақша сөйлеуге ұялатындарды көргенде, белгілі орыс жазушысы К.Г.Паустовскийдің «Туған тіліне жаны ашымаған адам – жәндік» деген сөзі ойыма еріксіз оралады. XX ғасырдың басында ғұламағалым Ахмет Байтұрсынұлы «Ұлттың жоғалуына себеп болатын нәрсенің ең қуаттысы – тіл, сөзі жоғалған ұлттың өзі де жоғалады» деп еді. Туған тіліміз – халқымыздың кешегі жүріп өткен жолын, бүгінгі жалғасқан ғұмырының ертеңге апарар мұддесін бейнелейтін ең басты қазынамыз, әйтсе де біздер оны құрметтеп, қолдап, ақтау керектігі жөнінде көп ой толғаған емеспіз. Біз қазақ деген ұлы халықпыз, тіліміз де, дініміз де тек қана өзімізге тән. Еліміздің іргесін шайқалтпай, босағасын берік ұстап тұрған осы біздің тіліміз бен ұлттық салт-дәстүріміз. Менің ойымша, әрбір патриот жан елі, жері, тілі, ұлты үшін тер төкпе, адал болып, құрметтесе, біздің елдігіміз баянды болмақ. Әр халықтың, ұлттың құрмет тұтар өз ана тілі бар. Әрбір адам өз тілінде, анасының ақ сүтімен дарыған туған тілінде сөйлеуі тиіс. Қазақ тілі - ғажап тіл. Оның болашағы да ғажап. Осындай тамаша тілдің бүгіні мен ертеңі болашақ ұрпаққа аманат. Тәуелсіздік алған азат күндердің алғашқы тынысынан бастап-ақ қазақ тілінің мәртебесі мен мерейін көтеру, оның пайдаланылу және қолданылу аясын кеңейту тұрғысында елімізде тың жұмыстар жүргізілуде.

Мен әлемдегі ең бай, ең сұлу тілдердің бірі – қазақ тілінің құдіретіне әрдайым сенемін. Тіліміз - бірлігіміздің тірегі, халқымыздың ұлттық байлығы. Қазақ тілін қоғамдағы лайықты орнына көтеріп, мәртебесін одан әрі арттыру өзекті мәселе. Тәуелсіздік жылдары ана тілімізді дамыту жолында едәуір оң өзгерістер орын алды, осы үрдісті жалғастыра беруіміз қажет. Тіліміздің тағдыры өз қолымызда, тіліміздің мәртебесін көтерейік!

Асия БОТАБЕКОВА
Кентау көпсалалы колледжі
Информатика пәнінің оқытушысы.

Заман талабына сай оқушылардың пәнге деген қызығушылығын арттыру



«Мен үшін жақсы мұғалім бәрінен де артық, өйткені мұғалім – мектептің жүрегі» - деп атағтушы педагог Ы.Алтынсарин айтқанындай, мектеп үшін ең керегі – жанашыл мұғалім. Қазіргідей ғылыми-техникалық төңкеріс және ғаламдану процесінің белең алып тұрған кезінде мемлекеттік қызметшінің елдің әлеуметтік, экономикалық және саяси дамуының жұмысдағының түсіне білуі, стратегиялық ойлау қабілетіне ие болып, жаңа технологиялық және өзінің қызмет саласына тиісті, жүйелікті өндіріс кажетті ғылыми жетістіктерді меңгере білуі жақсы қажет.

Қазіргі таңда еліміздің рухани күш-қуатын одан әрі жетілдіру, жастарға білім беру реформасын жүзеге асыру жаңа тұрпатты білім ордасында бүкіл білім мазмұнын, оның құрылымдық жүйесін жаңарту арқылы жүзеге асық. Жаңа ғасырда прогрессивті өмірге аяқ басқан жастар заман талабына сай өзгеше өмір сүруге дайын болуымыз керек. Парасатты да саналы азамат болу үшін бүгінгі жастардың білімдері терең де, жан-жақты да болуы тиіс. Жастарды бүгінгі заман талабына сай маман ретінде дайындауда оларды компьютерлік тілді ерекше меңгерулері өте пайдалы.

Сондай-ақ жас ұрпақты шығармашылық потенциалын көтермей дамыту мүмкін емес. Студенттерді шығармашылық жұмыстарға тарту үшін оларды қызықты материалмен қамтамасыз ету, оқытудың дәстүрлі емес түрлерін қолдану, шығармашылыққа бағытталған тапсырмалар беру, әрбір істе жаңа әдістер қолдану қажет. Педагогикалық үрдісті ұйымдастырудың негізгі формасы – сабақ болып табылады.

Сабақтың негізгі сипаттары:

*Студенттердің тұрақты тобы.

*Студенттердің қызметін әрқайсысының дара ерекшеліктерін ескере отырып, басқару.

*Сабақта берілген материалдарды меңгеру.

Сабақтың құрылымы оның кезеңдерінің жиынтығынан тұрады, бұл кезеңдер белгілі бір кезектестікпен өзара байланысып жатады.

Оның ерекшеліктері: құрылымын жан-жақты ұйымдастыру, үнемділік, студенттердің өзара байланысы, оқу үрдісінде тәрбиелеу. Бірақ оның кемшіліктері де кездеседі: оқытушы жалпыға бірдей жылдамдығы, студенттердің дара ерекшеліктерін ескерудің қиындықтары, оқыту үрдісінің жеткіліксіз байланысы.

Студенттердің компьютер тілін үйренуге деген қызығушылықтарын арттыруда оқытудың әдістері мен құралдары, тіпті сабақты ұйымдастыру жағынан да өзгеше болатын дәстүрлі емес сабақтарды өткізудің маңызы өте зор. Өз сабақтарымды көбінесе компьютерде орындаймын. Үйге берілетін тапсырмаларды орындауда мен интернетке жүгінемін. Ол жерде мәліметтерді толық және әртүрлі бағытта жұмыс жасауға бағыттайды. Ол: мәтін, график, ребус, сөзжұмбақ, түрлі слайдтар, кесте. Біз болашақтың жоғары техникалық және ғылыми өндірістері үшін кадрлар қорын жасақтаймыз. Мысалы құрылыс инженерлеріне, материалтанудан, математикадан, информатикадан, құрылыс технологиясынан, құрылысты жобалаудан, жан-жақты терең білім алу керек.

4 жыл оқу барысында студенттер инженерлік графикадан, компьютерлік есептеуден, жобалаудан, құрылыс технологиясынан, ғылыми зерттеу негізінен, гуманитарлық, техникалық ғылымдардың тыңғылықты дайындай алады. Олай болса, жақсы маман даярлау бүгінгі қоғамдағымыздың алдындағы басты міндеті!


Бөтабекова Асия Ердебекқызы,
Кентау кәсіптік колледжінің
информатика пәнінің оқытушысы
Түркістан облысы, Кентау қаласы.

АҚПАРАТТЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ҚОЛДАНУ - ЗАМАН ТАЛАБЫ

Елімізде ақпараттандыру үдерісі қарқынды дамуымен байланысты соңғы жылдары ақпараттық-коммуникациялық технологиялар өзінді өсуде. Қоғамның ақпараттандыруы деген жаңа есептеу технологиялар мен ақпараттарды жіберу құралдары негізінде ақпаратты алу, жинақтау, өңдеу және сақтау әдістерін жаппай енгізілуі. Қоғамымыз адам қызметінің барлық салаларында ойдың дамуына ықпал ететін, есептеу көзқарасты талап ететін міндеттерді шешуде жаңа білім мен әдістерді жинаумен сипатталады. Барлық білім саласында бағытталған білім моделі мен басқарудың жаңа формалары аясында жекелеген ұғымдар мен нормаларды және тиімді педагогикалық технологияларды меңгеру үшін оқытушылар кәсіби мәдениетін дамыту үшін бағытталған оқу қажеттіліктері туындайды. Мұғалімдерге қойылатын талаптардың бірі – оқытудың жаңа технологияларын меңгеру. Осындай аса қажетті технологиялардың бірі – ақпараттық - коммуникациялық технологияларды (бұдан кейін АКТ) пайдалану. АКТ - ны игеру қазіргі заманда әрбір жеке тұлға үшін қажетті шартқа айналады. АКТ - ның дамуы кезеңінде осы заманға сай білімді шәкірт тәрбиелеу мұғалімнің басты міндеті болып табылады. Қоғамдағы ақпараттандыру процестерінің қарқынды дамуы жан - жақты, жаңа технологияны меңгерген жеке тұлға қалыптастыруды талап етеді. Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар адам қызметінің барлық салаларына енуімен қоса күнделікті өміріміздің ажырамас бөлігі болып табылады. Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар құралдарын пайдалану әртүрлі ақпараттың түрлерімен байланыстыруға болады. Бірнеше елдерде білім берудің басым бағыттарының бірі - оқушылардың ақпараттық-коммуникациялық құзіреттілігін қалыптастыру болып табылады. Білім алушылардың ақпараттық-коммуникациялық құзіреттілікті меңгеруі уақыт талабы болса, екінші жағынан бұл талап бөгде де білім беру салаларымен техникалық құралдарын ұсына отырып, оқу пәндерін оқытудағы ақпараттық-коммуникациялық технологиялар жаңа құрал ретінде пайдаланылады. Ақпараттық технологиялардың дамуына байланысты білім беру жүйесінде үлкен оң өзгерістер берді. Білім алушылардың ақпаратты қолданудың этикалық және құқықтық нормаларын түсінуі және сақтауы қажет. Ағымдағы ақпараттық технологиялар тасқыны адамдардың араласуына кең мүмкіндіктер ұсына отырып,өзара қарым-қатынасында, тәжірибе алмасуында, жаңа идеяларды талқылауда «адамдар арасындағы арақашықтық» ұғымын жоққа шығарды. Жастарды қазіргі заман талабына сай білім беру ол-ұстаздың бірінші міндеті. Сол үшін білім алушыларымызды Қазақстанның тірегі болатындай білімпаз ұрпақ ету бізідң парызымыз екенін ұмытпайық!

Асия БОТАБЕКОВА,
Кентау көпсалалы колледжі информатика пәнінің оқытушысы.




ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫНЫҢ АДАМИ ӘЛЕУЕТТІ ДАМЫТУ БАСҚАРМАСЫ
КЕНТАУ КӨПСАЛАЛЫ КОЛЛЕДЖІ





ӘДІСТЕМЕЛІК КӨМЕКШІ ҚҰРАЛ

Құрылыс материалдары мен бұйымдары пәні бойынша
«Құрылыс материалдарының қасиеттерін анықтау»

Орындаған: оқытушы
Абдраимов К.О.
_____
«Құрылыс»
ПЦК отырысында қаралды
Хаттама № 1, 27.08.2021 ж.
ПЦК төрайымы: Абдраманова А.Т.
_____





Кентау - 2021

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫНЫҢ АДАМИ ӘЛЕУЕТТІ ДАМЫТУ БАСҚАРМАСЫ
«КЕНТАУ КӨПСАЛАЛЫ КОЛЛЕДЖІ» МКҚК

БЕКІТІЛДІ
Директордың оқу ісі
жөніндегі орынбасары
_____ М.А.Басаров
«___» _____ 20__ ж.

“ГЕОДЕЗИЯ’’ ПӘНІ БОЙЫНША ЕСЕПТІК ГРАФИКАЛЫҚ ЖҰМЫСҚА АРНАЛҒАН

ӘДІСТЕМЕЛІК КӨМЕКШІ ҚҰРАЛ



Орындаған оқытушы Абдраманова А.Т_____
Аты жөні қолы

«Құрылыс және жылу, газбен қамтамасыздандыру»
пәндер бірлестігі комиссиясында қаралды
№ 9 хаттама «10» 04 2020г.
ПБК төрайымы Аманбаева Т. Ж_____
Аты жөні қолы

КЕНТАУ 2020ж

Орындаған: Абдраманова А.Т. «Ғимараттар мен құрылымдарды салу және пайдалану» және «Газ жабдықтау жүйесі мен жабдықтарды монтаждау және пайдалану» мамандықтарының білім алушылары үшін «Геодезия» пәнінен есептік графикалық жұмыстарға арналған әдістемелік көмекші құрал. Кентау, Кентау көпсалалы колледжі, 14 бет

Көмекші құралда «Геодезия» пәнінен теодолит аспабымен жұмыс жасағанда есептердің шығарылу жолдары мысал ретінде көрсетілген.

«Құрылыс және жылу, газбен қамтамасыздандыру» пәндер бірлестігі комиссиясында қаралды (№ ___ хаттама «___» _____2020ж.)
ПБК төрайымы Аманбаева Т. Ж _____
Аты жөні қолы

Кентау көпсалалы колледжі әдістемелік кеңес отырысында талқыланып бекітілген (№ ___ хаттама «___» _____2020ж.)

Әдіскер Жолдасбаева Ж.С. _____
Аты жөні қолы

Кіріспе

Геодезия пәні туралы қысқаша түсінік

«Геодезия» пәні Жер туралы ертеден келе жатқан ғылымдардың бірі. «Геодезия» деген сөздің өзі грек тілінен аударғанда «Жерді бөлу» деген мағынаны білдіреді. Қазіргі заманда геодезия өз мағынасынан әлдеқашан алыстап, күрделі ғылыми, техникалық, инженерлік мәселелерді, т.б. графиктік өңдеу арқылы шешетін жан жақты ғылым саласына айналып отыр.

Геодезия пәні Жердің сыртқытүрінің, жергілікті аудандардың кедір бұдырлы ,үстірті ойпатты беттеріне сәйкес, әр түрлі денелердің орналасуын анықтай отырып , өндіріс талаптарына сәйкес көптеген геодезиялық өлшеу, ол аудандарды картада немесе жоспарда бейнелеу жұмыстарын жүргізуде өте маңызды рөл алады.Сонда, осы аталып отырған бағыттарға сәйкес, геодезия пәні, алуан түрлі ғылыми саларына байланысты:

- Жоғарғы геодезия:
- Инженерлік геодезия;
- Космостық геодезия;
- Картогафия;
- Аэрогеодезия;
- Топография

бөлініп, әрқайсысы жеке – жеке қарастырылып, оқытылады.

Мысалы, инженерлік геодезияны алатын болсақ, геодезияның бұл бөлімінде: жер қойнауы қазба – байлықтарын іздеудегі геодезиялық жұмыстар, құрылыс салу жобалары тұжырымдалып, талапқа сай әдістер ұсынылып отырылады

Есептік графикалық жұмыс.

Нүктелер дің кордината ведомостерін есептеу және теодолиттің жүрістің топографиялық жоспарын жасау. Тахеометрлік журналды өңдеу тахеометриялық суретін салу.

Топографиялық жоспар құру бойынша есеп графикалық жұмыстарын орындаған кезде алған білімдерін пайдалана отырып, өздерінің геодезиялық өлшеген нәтижелеріне математикалық өңдеулер жүргізіп, оларды графикалық түрінде жеткізе білу жөнінде алған тәжірбиелік жұмыстарын оған әрі толықтыру түсіру керек.Өзінің мазмұны жағынан олар арнаулы және негізгі топографиялық карталарға бөлінеді.

Негізгі топографиалық карталар халық шаруашылығының көп салаларының негізгі сұраныстарын комплекс түрде қанағаттандыру үшін жасалған.

Белгіленген құрылыс обьектісін орналастыру үшін жасалған универсал оптимальді түрде жоба шешімін қабылдау барысында сол жердің табиғи және әлеуметтік экономикалық жағдайларын анықтауға инженер құрылысшыларға топографиялық карта көп мағына береді.

Белгілі бір аймақтың 1:1000 масштабы бойынша топографиялық жоспарын жасау үшін әр бір 0,5 м сайын релефін горизонталь сызықтармен бөле отырып, суретке түсіру негізгі жасалған.Теодолиттің тұйық сызбасы сызықтың бес айналыс нүктесі бар.Жүріс бойынша оң жақтан бұрыштар 21-30 теодолит арқылы қабылдау әдісі бойынша 30 сек дәлдікпен өлшенеді.сызықтар тура және кері бағытта салыстырмалы қателігі 1/2000 аспайтындай етіп 20 м болат лентамен анықталады.

Далада істелінген жұмыстарды өңдеу үшін мынадай рет бойынша есептеу және графикалық жұмыстар жүргізу қажет.

1-тапсырма.Тұйық теодолит жүрістің нүкте кординаталарын табу. Барлық студенттер үшін, координата ведомостерін толтырған кезде,теодолит жүріс нүктелерінің сандары, бұрыштары және ұзындықтары беріледі.1-2 сызықтың алғашқы дирекция бұрышын оқытушы өзі береді.

. Геодезиялық өлшеулердің әр түрлі комбинациялары арқылы геодезиялық суретке түсіруді жасайтын болғандықтан,ең алдымен осы өлшеулердің негізгі түрлеріне тоқталып өтеміз.Мысалы:сызықтық-бұрыштық өлшеулер арқылы теодолиттік;сызықтық-бұрыштық-биіктік өлшеулер арқылы тахеометрлік суретке түсірулер жүргізіліп,сызықтық-биіктік өлшеулер арқылы нивелирлеу жұмыстары жасалады.Оқу құралының көлемі аз болғандықтан тек жоғарыда аталып өткен геодезиялық суретке түсіру түрлерін қарастырамыз.Теодолиттік суретке түсіру деген атау ондағы өлшеулер теодолит құралы арқылы жүргізілгендіктен шыққан.Теодолиттік суретке түсірудегі мақсаты:

1.Берілген масштабтағы топографиялық суретке түсіру жұмысына қажет жоғары класты геодезиялық желіні ұйымдастыру;

2.Алға қойылған әр түрлі инженерлік-құрылыс жұмысының шарттарына орай геодезиялық негіз жасау,яғни бекітілген әрбір нүктенің координаталарын анықтау.Осы нүктелердің жиыны теодолиттік жүріс деп аталып, тұйық не ажыратылған полигондар ретінде жүргізіледі. Полигондардың түрі алға қойылған мәселеге байланысты.Мысалы:ауданды суретке түсіруде теодолиттік жүрістің түрі,сызықты құрылыстарды суретке түсірерде теодолиттік жүрістің түрі пайдаланылады.

Теодолиттік жүрістерді салардағы жасалатын жұмыс реті:

1.Өткен жылдардағы топографиялық карталармен танысып, алда істелетін жұмыстардың жобасын жасау;
2.Тірек нүктелерін таңдап алып,оларға бекіту;
3.Сызықтарды өлшеуге дайындау;
4.Теодолиттік жүрістердің қабырғалары мен бұрыштарын өлшеу;
5.Ситуацияны суретке түсіру;
6.Теодолиттік жүрістерді мемлекеттік немес жергілікті геодезия желісіне байланыстыру, олар болмаған жағдайда, теодолиттік жүрістегі алғашқы қабырғаның азимутын анықтау;
7.Камералық жұмыстар;

Суретке түсіру теодолит жүрісінің нүктелері мен сызықтарынан басталады. Суретке түсірудегі мақсат – теодолит жүрісіндегі нүктелер мен сызықтарға орай салыстыра отырып, контурдағы характерлік нүктелердің алған орнын анықтау.Оларды абрис деп аталатын қолдан жасалған арнайы журналға түсіріп отыру қажет.

Теодолиттік суретке түсірерде мынадай тәсілдер қолданылады:

1.Перпендикулярлық тәсілі;
2.Бұрышты белгілеу тәсілі;
3.Сызықты белгілеу тәсілі;
4.Полярлық тәсіл:

Теодолиттік жүріс координаталарының ведомостарын есептеу.

Кестеде 5 төбесі тұйық теодолиттік жүрісте жүргізілген өлшеулердің нәтижелері берілген.

1).Координат ведомосына нүктелерді,өлшенген бұрыштарды және олардың ара қашықтықтары 1-2 сызықтардың бастапқы дирекциялық бұрышы (d_{1-2}) және алғашқы нүктенің x,y координаттарын жаздым.

2).Бұрыштардың іс жүзіндегі қосындысын табамыз:

$$\Sigma\beta\ пр.=539°59,3'$$

3).Теория бойынша кез-келген көп бұрыштың қосындысы мына формуламен анықталады:

$$\Sigma\beta\ т.=180 \cdot (n-2)$$

Мұндағы n-тұйық теодолиттік жүрістегі бұрыштың саны.

4).Теодолиттік жүрістегі бұрыштардың байланыспауын анықтадым.Ол мына формуламен есептеледі:

$$F\beta = \Sigma\beta\ пр. - \Sigma\beta\ т.$$

Біздің мысалымызда:

$$F\beta = 539°59{,}3' - 540° = -0°00{,}7'$$ –ге тең.

5).Содан соң берілген (өлшенген) бұрыштарды түзету қажет.Ол үшін:

$$F\beta_{шек} = \pm 1{,}5\ t\ \sqrt{n} = \pm 3{,}3$$

Бойынша байланыспауын рұқсат етілген шектік мәнін анықтаймыз. Шыққан мәнді әрбір өлшенген бұрышқа бірдей бөлшекте қосамыз:

$$(F\beta \leq F\beta_{шек})$$


6).Түзетілген бұрыштардың қосындысын есептедім.Ол теория бойынша есептелген бұрыштардың қосындысымен сайма-сай келуі тиіс:

$$118°35{,}6' + 129°00{,}3' + 96°9{,}8' + 90°34{,}8' + 105°29{,}5' = 539°59{,}3'$$

7).Дирекциялық бұрыштардың қосындысын есептейміз.Берілген сызықтық осьтік меридианға солтүстік бағытпен немесе оған пареллель сызықпен жасаған бұрышын **дирекциялық бұрыш** деп атайды.

Дирекциялық бұрышты өлшеу,азимут секілді,сағат тілінің айналыс бағыты бойынша жүргізіледі (2-сурет).

Бұл бұрыштың мәндері 90^o пен 360^o аралығында жатады.



2-сурет

Мына формуламен анықталады:$d_n = d_{n-1}+180°-\beta_n$


$d_1=75°54'$
$d_2 = 75°54'+180°-129°00,3' = 126°53,7'$
$d_3 = 126°53,7'+180°-96°19,8' = 210°33,9'$
$d_4 = 210°33,9'+180°-90°34,8' = 299°59,1'$
$d_5 = 299°59,1'+180°-105°29,5' = 14°29,6'$

Егер дирекциялық бұрышты дұрыс есептесе,онда есептеудің соңында бастапқы дирекция бұрышын аламыз.

$d_1= d_{5-1}+180°-118°35,6' = 75°54'$

8).Есептелген дирекциялық бұрыштар арқылы румбтарды анықтаймыз.

Берілген сызықтың жақын жатқан меридиан бағытымен жасайтын горизонталь бұрышты **румб** деп атаймыз.Румбтың өзгеруі 0°-ден 90°-қа дейін (3-сурет).



3-сурет

Румбты табу кестесі:

Ширек	Дирекция бұрышы,(α)	Румб, r		Өсімше таңбасы	
		бағыты	шамасы	Δx	Δy
I	0°-ден 90°-қа дейін	СШ	r=d	+	+
II	90°-тан 180°-қа дейін	ОШ	r=180°-d	-	+
III	180°-тан 270°-қа дейін	ОБ	r=d-180°	-	-
IV	270°-тан 360°-қа дейін	СБ	r=360°-α	+	-

2-кесте

9) Есептеген румбтар:

1) СШ $r_1=75^0 54$
2) ОШ $r_2=53^0 6,3$
3) ОБ $r_3=30^0 33,9$
4) СБ $r_4=60^0 0,9$
5) ОШ $r_5=14^0 29,6$

10).Енді координат өсімшелерін анықтаймыз:
Оны мына формула бойынша анықтадым:Мұндағы 1 теодолит жүріс сызығының ұзындығы.Ал cos,sin мәндерін инженерлік калькулятор арқылы есептейміз.

Егер салыстырмалы қателік 1:2000 теодолиттің суретке түсірудің техникалық дәлдігінен аспаса, онда абсолюттік байланыспау рұқсат етілген шектен шықпаған деп саналады.Координата өсімшелерін есептегенде байланыспаулар сызық ұзындықтарына пропорционал үлестіреміз,таңбалары байланыспауларға кері алынады.

$f'x_n=-fx/p \bullet l_n$; $f'y_n=-fy/p \bullet l_n$;

11.Осы шыққан мәндерді есептеген координат өсімшелеріне қосамыз.Сол түзетілген координат өсімшелері болады.Егер теодолит жүрісінің x және y осьтері бойынша координат өсімшелеріне жасалған түзетулердің қосындысы нөлге тең болса,онда есептеу дұрыс.Енді бір нүктенің бастапқы координаталардың және түзетілген координата өсімшелерін біле отырып, теодолит жүрісінің келесі нүктесінің координаталарының мына формуламен есептедім:

$X_{n+l}=X_n+(\pm\Delta X_{түз})$; $Y_{n+l}=Y_n+(\pm\Delta Y_{түз})$;

X_1 =-233,16м Y_1 =-333,81м
X_2 = -186,16 м Y_2 =-316,73м
X_3 =-220,97 м Y_3 =-172,86м
X_4 =-322,98 м Y_4 =-196,33м
X_5 = -326,39 м Y_5 = -277,56м

Есеп соңында бірінші нүктенің координатасының мәні шықты.

2-тапсырма.

Координат шаршыларын салу және теодолит жүрісінің нүктелерін белгілеу.

Тікбұрышты координата осьтеріне параллель жүргізілген горизонталь және вертикаль сызықтары арқылы алынған шаршыны координат шаршысы деп атайды.

Кеңестік топографиялық карталарда қолданылатын Гаусс проекцияларындағы тікбұрышты координаталар осьтері ретінде , түзу сызық түрінде көрсетілген координата аумағының осьтік меридианы және экватор алынады.Х абциссасы шаршыдағы вертикаль сызықтардың экватор жағынан есептеліп, У координатасы горизонталь сызық бойынша шығысқа қарай оң бағытта, меридианның осі бойынша алынады.

Координаталар шаршысы 0х40 см-12 форматты қатты қағазға салынады.Координаталар шаршысын салудың бірнеше әдісі бар,олар:

1.Дробышев сызғышы арқылы;

2.Штангенциркуль мен масштабтық сызғыш арқылы ұшталған қарындаш арқылы;

3.Масштабтық сызғыш және геодезиялық транспортир арқылы;

Бұл жұмысты орындау барысында біз 3-әдісті қолдандық:ватман қағазының қырынан 2см өлшеп алып, масштабтық сызғыш және өлшегіш арқылы горизонталь түзу жүргіземіз,сосын геодезиялық транспортирмен шаршының 90° Оңтүстік-Батыс төбелерін белгілеп алып,вертикаль түзулер жүргіземіз.Содан кейін шаршыдағы дециметрлік түзулерге метр арқылы өрнектелетін мәндерін сандар арқылы көрсетіп қою керек.

Дұрыстығын тексеру үшін, жоспардағы теодолиттік жүріс төбесінің арақашықтығын өлшеп, координаттық ведомостағы мәндерімен салыстыру керек.Ауытқу 0,2 мм-ден аспау керек.

Осы жерде нүктені түсірудің екінші тексерісін жасайды.координаттар ведомосінен алынған мәндер арқылы салынған теодолиттік жүріс сызығының дирекциялық бұрыш және румб бойынша бағытын тексереді.

Жағдайды теодолиттік суреттердің абрисі арқылы салуға болады.Теодолиттік суретке түсіру теодолиттік жүріс нүктелері және 20 метрлік лента арқылы жасалған қолданған әдістер:

а)бұрыштық;

б)сызықтық белгілеулер;

в)перпендикулярлық;г)жарма (створ);Суреттің нәтижелері теодолиттік сурет абрисінде көрсетілген.Абристік жоспарға көшіру сызғышы мен өлшегіштерді пайдаланып осы әдістер арқылы жасалады.

Жоспарды қарандаш арқылы жасау керек.

3-тапсырма.Теодолит жүріс нүктесін орта белгілеуді есептеу.

Теодолиттік жүріс нүктелері орта арқылы есептеліп, геометриялық нивелирлеу бойынша анықталған.Түйіскен нивелирлік жүріс жасалып,реперіне байланыстырылған.Реперінің белгісін оқытушыдан алдық.Алынған белгілерді тахеометрлік сурет журналына былайша түсірдік.

Берілген нүктелерді есептеп болған соң $\mathbf{H_n=H_{ст}\pm h}$ формуласы бойынша есептейді, мұндағы $\mathbf{H_{ст}}$-теодолит жүрісіндегі станция белгісі, **h**-нүктелік ауытқу.

$H_{ст1}$=189,17м

$H_{ст2}$= $H_{ст1}$-2,19=189,17-2,19=186,98м

$H_{ст3}$= $H_{ст2}$-0,03=186,98-0,03=186,95м

$H_{ст4}$= $Hс_{т3}$-0,06=186,95-0,06=186,89м

$H_{ст5}$= $H_{ст4}$+0,18=186,89+0,18=187,07м

Рейкалық нүкте белгілері.

H_1=275,85-2,16=275,69м

H_2=275,85-1,45= 276,4 м

H_3=275,85-0,87=277,76 м

H_4=275,85-1,55=276,3м

H_5=275,85-0,98=276,87м

H_6=275,85-2,13=275,72м

H_7=275,85-1,61=276,24м

H_8=275,85-2,62=275,83 м

H_9=275,85-2,17=275,68м

H_{10}=275,85-1,61=276,24м

H_{11}=275,85-2,27=275,58м

-стратегиялық ақпаратқа кіру мүмкіндігін тағайындау;

-ақпаратты қорғау мен оның қауіпсіздігін ұйымдастыру.

Бақылау сұрақтары:

1. Ақпараттық технологиялар дегеніміз не?
2. Электрондандыру үш негізгі аспектісін атаңыз?
3. Программалап оқыту мен оны жүзеге асыру құралдарына сипаттама беріңіз?
4. Білім беруді ақпараттандырудың негізгі кезеңдеріне сипаттама беріңіз?
5. Ақпараттық технологиялардың даму тарихына шолу жасап, бөліну белгісіне қарай әрбір кезеңіне сипаттама беріңіз?

Тақырыбы: Инструментальды орталар.

Мақсаты: Инструментальды орталар. Оқыту орталары. Оқытудың компьютерліккұралдарын жасаудың параллельді-циклдық негізін жайлы түсінік беру

- Оқыту орталары
- Оқытудың компьютерлік құралдарын жасаудың параллельді-циклдық негізі

Сабақты, конспектіні, лекцияларды Internet-презентация түрінде орналастыру қиын емес. Бұл материалдарды мектеп сайтына орналастыруға болады.

Гиперсілтеме терминін Тед Нельсон 1965 жылы енгізген. Ол белгілі бір сөзге басып сол туралы мағлұматтар алуды женілдетеді. Мысалға мұндай сілтемелерді оңай Internet тен көруге болады жане тегін.

Вертуалды саяхат.

Музей, галерея, көрме сайттарынан керемет вертуалды саяхат сабағын өткізуге болады. Дәл сол сияқты көптеген завод, фабрикалардын жұмыстарын да вертуалды көріп танысуға болады. Көптеген қалалар сайты да бар солар арқылы география сабағын да вертуалды өткізуге болады, web-камераны қолданып елдің түкпір-түкпірін көруге болады.

Мультимедиалық технологиялар.

– бейнелік және аудиоэффектілік, әр түрлі мультипрограммалық мүмкіндіктерді интерактивті программалық жабдықтың басқаруымен орындата алатын электрондық құжаттарды дайындау тәсілдері.

Мультимедиа құралдары деп әр түрлі орталарды: графиканы, гипермәтінді, дыбысты, анимацияны, бейнелік көріністерді пайдалана отырып тұтынушының компьютермен әрекеттесуін жүзеге асыратын ақпараттық және программалық құралдардың біріктірілген кешендерін айтады. Мультимедиа жарнамалық бизнесте, компьютерлік ойындар жасауда кең қолданылады. Мультимедиа технологияларынң қызықты мүмкіндіктері электрондық оқу құралдарын жасауда және де басқа оқып үйренуге арналған материалдар дайындауда көп пайдаланылады. Мультимедиалық технологияларды кеңінен қолдану оқытудың қазіргі компьютерлік технологиялары дамытудың жаңа бағыттарын дамытуға зор үлес қосып келеді.

Мультимедиа технологиялары құралдарын оқу әдістемелік материалдары кешендерін жасауда қалай қолдануға болады? Оларға әр түрлі мультимедиалық эффектілерді жай мультимедиа мәтіндермен салыстырғанда қандай көлемде қосуға болады? Оқу құжаттарында мультимедиалық қосымшыларды пайдалануға шек қойыла ма? Осындай мультимедиа әсерлелерді шешу бағытында нақты зерттеу жұмыстарын жүргізу керек, өйткені гармонияны бұзу өте жақын, әсерлі қосымшаларды мультимедиалық эффектілерді шамадан тыс қолдану оқушылардың жұмыс қабілетін төмендетіп, оларды тез шаршатуы да ықтимал. Осындай сұрақтарға жауап беру оқыту ісіндегі шамадан асып шарықтауды болдырмау, оқу - әдістемелік материалдарын тек эффектілі түрде көрсетпей, оның тиімді жағын қамтамасыз етуі керек.

1. Виртуальды семинарлар мен консультациялар

Мұғалім мен оқушы арасындағы байланысты ешкім өзгерте алмайды бірақ технологияның дамуымен оқытудың формасыда өзгеруде. Көптеген программалардың арқасында аудио және видео конференциялар өткізуге болады. Оқушы мен мұғалім бір бірінен алшақ болса бұл табылмайтын ақыл.

2. Тестік технология

Оқушылар білімін, білігін және дағдысын тексеру – оқыту үрдісінің ең маңызды бөлімінің бірі. Ол оқушының үлгерімін қадағалау арқылы іске асады. Жүйелі түрде тексерудің диагностикалық, білім беру және тәрбилік маңызы зор. Дидактикалық белгілеріне қарай білімді тексеру күнделікті, алдын-ала, қорытындылау деп бөлінеді. Әдістеме бойынша ауызша, жазбаша және эксперименттік деп бөлуге болады. Оқушылар білімі мен білігін тексерудің түрлі формаларының ішінде, соңғы кезде басты орынды тест бойынша тексеру алып отыр.Тест ағылшын сөзі (test) аударғанда байқау, бақылау, зерттеу деген мағынаны білдіреді. Педагогикада тест пайдалану 130 жылдан астам уақытты қамтиды. Ең алғашқы тестіні 1864 жылы ағылшын Джодж Фишер құрастырып, оны Гринвич госпиталінде пайдаланған. Содан бері білімді тестік жүйемен тексеру Америка, Франция, Англия сияқты елдерде кеңінен тараған. Білім деңгейін тест арқылы тексерумен айналысып жүрген ғалым-педагогтар, тест – оқушылардың өз-өзін тексеруге мүмкіндік ашатын есеп беру, оқыту әдісі деп есептейді. Сондықтан бұл әдіс сабақ үрдістерін бір-бірімен байланыстырып қана қоймай, білімді тексеру, бекіту, қайталау, жүйелеу құралы болып отыр. Тағы бір тиімді жағы уақыт үнемделеді, оқушылар қызығып, белсенділігі артады. Тест тапсырмаларын құрудың әдістемесіне тоқталайын. Жұмыс тестің мақсатын анықтаудан басталады. Одан соң тексерілетін білім, білік элементтері анықталып, әр түрлі кезеңде білім берудің жалпы және дара мақсатымен деңгей эталондары нақтыланады. Тест тапсырмаларының қандай түрін болмасын сұрақ не тапсырма ретінде бергеннен гөрі қайтарылған жауапқа байланысты бекіту, қорытынды ретінде құру тиімді болады.Тестік тапсырмалардың әр түрлі типтері болады. Олар: толықтыру тесті, еске түсіру, балама, таңдау, салыстыру, ретімен маңызына қарай тізбелеу, құрастырмалы, кәсіптік бағдарлы тестілер.Тест тапсырмаларының жауабын цифр немесе перфокартаның көмегімен беруге болады. Перфокарта дәптер парағының көлеміндей қаттылау қағаздан жасалады. Онда тік бағытты тапсырма, ал көлбеу бағытта жауаптары орналастырылады. (3-5 жауап).Содан соң екі бағыт қиылысқан тор көзден дөңгелетіп көзше ойылады.Тест оқушылардың білімін салыстыруға, мұғалім әдістемесінде жіберілген олқылықтарды ашып көрсетуге, білім беру жүйесінде оқушылармен бірге жеке жұмыс жүргізуге, әр түрлі оқу әдісін салыстыруға мүмкіндік туғызады. Білім сапасын тексеру мәселелерін зерттеу нәтижелері 1-кестеде көрсетілген.

Бақылау сұрақтары:

1. Вертуалды саяхат?
2. Мультимедиалық технологиялар?
3. Тестік технология?
4. Виртуальды семинарлар мен консультациялар?
5. Оқыту орталары?

Дәріс 3.

Тақырыбы: Оқытудағы АКТ дамуының кезеңдері.

Мақсаты: Оқытудағы АКТ дамуының кезеңдерін үйрену. Олардың заңдылықтарын білу. АКТ құралдары мен оқыту жандандыру.

- Олардың заңдылықтары.
- АКТ құралдары мен оқыту жандандыру

Оқытудың ақпараттық технологиясы-бұл ақпаратпен жұмыс істеуге арналған арнайы тәсілдер, программалық және техникалық құралдары(аудио, бейне құралдар, компьютерлер, телекоммуникациялық желілер) пайдаланылатын педагогикалық технология.

Қазіргі уақытта оқу пәндері бойынша электронды оқу басылымдары жасалып, пайдалануда, олар оқу әдістемелік материалдар (демонстрациялық, теориялық, практикалық және бақылау) кешенін, сондай-ақ оқыту процесін басқаратын компьютерлік программаларды қамтиды.

Электрондық оқу басылымдарына оқу әдістемелік материалдардың төмендегідей электрондық нұсқалары жатады:

-иллюстрациялық сипаттағы компьютерлік презентациялар;

-электрондық сөздік-анықтамалық және оқулықтар;

-шынайы процестердегі модельдеу мүмкіндігі бар зертханалық практикумдер;

-жаттықтырушы программалар;

-тест жүйелері.

Электрондық басылымы-программалық басқару құралдары мен құжаттамалары бар және кез келген электрондық ақпарат-магниттік, оптикалық – тасымалдаушысына (CD-ROM,DVD RW және т.б.) орналасқан немесе компьютерлік желілерде жарық көрген сандық, мәтіндік, графикалық, аудио, видео және басқа да ақпараттар жиынтығы.

Электрондық оқу құралы-құрамында оқу курсының ең маңызды бөлімдері, сонымен қатар, есептер жинағы, анықтамалар, энциклопедиялар, карталар, атластар, оқу тәжірибесін өткізуге нұсқалар, практикумдар, курстық және дипломдық жұмыстарды дайындауға әдістемелік нұсқаулары бар берілген басылым түрінде мемлекеттік мекеме беретін арнайы дәрежеге ие электрондық оқу басылымы.

Электрондық оқу басылымы-оқытуды және білім бақылауды автоматтандыруға арналған және оқу курсына немесе оның жеке бөлімдеріне сәйкестендіріліп, сонымен қатар, шығу траекториясын анықтауға мүмкіндік беретін және әртүрлі оқу жұмыстарымен қамтамасыз ететін электрондық басылым.

Элетрондық оқулық-құрамында оқу курсының немесе оның бөлімінің жүйелі мазмұны бар және берілген басылым түріне мемлекеттік мекеме беретін арнайы дәрежеге ие электрондық оқу басылымы.

Электрондық оқу құралы-бұл оқулықты жекелей немесе толық алмастыратын немесе толықтыратын, басылымның осы түрі үшін арнайы бекітілген электрондық баслым.

Мультимедия технологиясы (ағылшынша-көп компонентті орта) мәтін, графика және бейне мультипликацияны пайдалануға мүмкіндік береді, оқу процесіндегі компьютердің қолдану саласын кеңейту.

Мультимедиа-бұл әртүрлі формада (мәтін,графика,дыбыс,бейне,анимация) берілген ақпаратты біріктіруге мүмкіндік беретін және онымен интерактивті режимде жұмыс істеуге болатын компьютердің ақпараттық және программалық құралдар кешені.

Ауқымды желі internet ауқымды ақпарат көлеміне кіру мүмкіндігімен қамтамасыз етеді. Көптеген сарапшылар **internet** технологиясын дербес компьютердің пайда болуынан туындайтын революциялық қопарылыс ретінде қарастырылады.

E-mail, электрондық почта-электрондық хаттарды жіберу және қабылдау, желі абоненттеріне шолу, мәліметтер және басқа да анықтамалық материалдар жіберуге болатын ақпараттық қызмет көрсету жөнінде тұтастай қызметтер сериясы.

Телекон ференциялар-үлкен қашықтықта орналасқан адамдар қатыса алатын, талқылау материалдарын алу және жіберу технологиясы.

Электрондық почта, ауқымды, аймақтық және жергелікті желі байланысын қамтитын телекоммуникация құралдары, оқыту мақсатында кең мүмкіндіктер бере алады:әртүрлі қашықтықта кез келген көлемдегі және әртүрлі ақпараттарды жылдам тарату; интерактивтілік және жылдам кері байланыс; әртүрлі ақпарат көзіне кіру мүмкіндігі; бірлескен телекоммуникациялық жобаларды ұйымдастыру, кез келген қызықтыратын мәселе бойынша ақпаратқа электрондық конференция жүйесі арқылы сұраныс жасау.

Дистанциялық оқыту технологиясы

Компьютерлік телекоммуникациялы тиімді кері байланысты қамтамасыз етеді, ол әрі оқу материалын, әр оқушылармен қарым қатынасты (электрондық почта, телеконференция арқылы) ұйымдастыруды қамтамасыз етеді. Қашықтықтан мұндай оқыту дистанциялық оқыту деген атауға ие болды.

Дистанциялық білім беру жүйесі деп арнайы ақпараттық білім беру ортасының көмегімен ақапарат алмасу құралдарының қызметіне бағытталған кез келген қашықтықта халыққа ұсынылатын білім беру қызметін түсінеміз.

Оқытудың мұндай түрін құру идеясы компьютерлік технологиялар кеңінен таралғанға дейін пайда болды. Қашықтықтан оқытудын тарихын шартты түрде 3 кезеңге бөлуге болады.

Әрбір кезеңнің сипаттамасы оқушылар мен мұғалімді байланыстыратын коммуникациялық база болып есептеледі. Бірінші кезеңнің коммуникациялық базасын әдеттегі почта атқарды, ол корреспонденция алмасу арқылы жүзеге асты.

Радио, теледидар, аудио және бейне техникалардын таралуымен дистанциялық оқытудың екінші кезеңі анықталады.

Дистанциялық оқытудың бірінші және екінші кезеңдері оқытушымен оқушылардын арасындағы асинхронды байланыспен сипатталды. Интерактивті коммуникациялық технологияларды дамуы дистанциялық оқытудың үшінші буынының базасын қалыптастырады. Бұл кезеңде ақпарат алмасу негізінен синхронды болып табылады, яғни ақпарат алмасу шынайы уақыт режимінде жүзеге асты.

Дистанциялық білім берудің педагогикалық – психологиялық негіздерін жеке мәселелері: ұйымдастырушылық, әдістемелік, технологиялық аспектілері ғалым, мамандардың зерттелуінде қарастырылады, олардын әр қайсысы өз кезегінде дистанциялық оқытудың идеясын педагогикалық практикаға еңгізу, ғылыми зерттеулерді, ұйымдастырумен үгіттеуге өз үлестерің қосты: А.А.Андреев, Д.М.Джусубалиева, А.А.Дувонов, В.А.Каймин, В.Г.Кенелев, Г.К.Нурғалиева, Е.С.Полат, И.В.Роберт, В.П.Техомиров, А.В.Хуторской.

Үйлестірілген класс моделі әр жерде орналасқан бір класс, оқушылар тобынын есептелген курсті интерактивті телекоммуникациялық технологиялар кеңейткен жағдайда пайдаланылады.

Өз бетімдік оқыту моделі, оқушыларды аңықталған уақыт кестесі бойынша белгілі бір класс бөлмесінде отыру қажеттілігінен босатумен сипатталды.

Ашық оқыту моделі дистанциялық топтын ішінде оқушылардың қарым – қатынасын ұйымдастыру үшін оқушыға курсті интерактивті телекоммуникациялық технологияларды пайдалана отырып, өзіне қолайлы жылдамдықпен оқуға мүмкіндік беретін курсты баспа түрінде беретін және басқада құралдары пайдалануын қамтиды.

Дистанциялық оқытудын негізі – курстын оқу матералдарынын: әдебиеттермен аудио бейне кассеталардағы жазулар, компьютерлік программалар тақырыптары бойынша арнайы іріктелген оқушылардын өзіндік жұмысы.

Дистанциялық білім берудің сипаттамалары:

- қаланың шалғайта орналасқан орталық аудандары үшін теңдесі жоқ мүмкіндік;
- курстын модулмен құрылуы;
- аудиторияларда және оқытушалырдың қажеттілігін шамалылығына байланысты оқытуға жұмсалатын шығынның салыстырмалы түрдегі төмендігі;
- жоғары жинақтылық;
- оқушылардың бос уақытын барынша үнемдеуі.

Дистанциялық оқыту әдістері. Дистанциялық оқыту дәстүрлі оқыту тәрізді екенің зерттеулер көрсетті, И.Я.Лернер, М.Н.Скаткин және т.б зерттеушілердің жұмыстарына сүйене отырып, бес жалпы дидактикалық оқыту әдісін ерекшелеуге болады: Ақпараттық рецептивті, репродуктивті, проблемалық, зерттеу және эвристикалық.

Дистанциялық оқыту құралдары. Қазіргі және болашақ оқыту құралдары:

- қағаз оқу басылымы;
- желілік оқылу басылымы;
- электрондық оқу басылымы;
- аудио оқу ақпараттық материалдары;
- зертханалық дистанциялық практикумдары;
- вертуалдық шыңдық негіздеріндегі оқыту құралдары.

Дистанциялық оқыту түрлері. Әлеуметтік гуманитарлық пәндерді практикалық оқытуда, білім беріді дәстүрлі формаларында да, регламентті оқыту формалары: лекция, семинарлар, зертханалық сабақтар, бақылау жұмыстары, курсттық жұмыстар, емтихиндар, өз бетіндік жұмыс және т.б. кеңінен таралған.

Бақылау сұрақтары:

1. Оқытудағы АКТ дамуының кезеңдері қандай?
2. Ауқымды желі?
3. Дистанциялық оқытудын негізі?
4. Дистанциялық оқыту құралдары?
5. Электрондық почта?

Дәріс 4.

Тақырыбы: Білім беруде АКТ-ы пайдаланудың әдістемелік қорлары

Мақсаты: Білім беруде АКТ-ы пайдаланудың әдістемелік қорларымен танысу. АКТ-ны жаңаны үйрету, икемділікті қалыптастыру, жалпылау мен жүйелеу, білім мен икемділікті бақылап, есепке алу сатыларында пайдалану.

- АКТ-ны жаңаны үйрету, икемділікті қалыптастыру
- АКТ-ны жалпылау мен жүйелеу
- АКТ-ны білім мен икемділікті бақылап, есепке алу сатыларында пайдалану

Білім беру жүйесін ақпараттандырудың негізгі мақсаты – оқушылардың ақпараттық мәдениетін қалыптастыру. Осы мақсатты орындау барысында оқушылардың ақпараттық мәдениетін қалыптастыруда жаңа әдістерді қолдану қажеттілігі туындайды.

Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2005-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында «Оқу үрдісіне педагогикалық және ақпараттық – коммуникациялық технологияларды кеңінен пайдалану – жалпы білім беруді дамытудың басты бағыттарының бірі»- делінген.

Бүгінгі күні әлемдік ақпараттық білім кеңістігінің деңгейіне республика міндеттерін көтерудің тиімді жолы – білім беру саласын толықтай ақпараттандыру. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында білім беру жүйесін ақпараттандыру осы саладағы мемлекеттік саясат негізінде анықталып, осы жүйедегі басты міндеттердің біріне айналып отыр. «Қазақстан - 2030» стратегиялық

бағдарламасы білім берудің ұлттық моделінің қалыптасуымен және Қазақстанның білім беру жүйесін әлемдік білім беру кеңістігіне кіріктірумен сипатталады.

Индустриалдыдан ақпаратты өркениетке көшудің қазіргі кезеңінде қоғам дамуының негізгі факторы мемлекеттің қызметін құрайтын саяси – экономикалық, әлеуметтік салаға белсенді әсер ететін ақпараттық – коммуникациялық сала болып табылады және экономиканы ғаламдандыру мен қоғамдық қатынастар үрдістері айқындайды.

Ел президентінің Қазақстан халқына Жолдауында компьютерлік сауаттану жөніндегі ауқымды іске азаматтарды тарту қажеттігі айтылған және мемлекеттік қызметке жаңа қызметкерлерді қабылдау кезінде компьютерді, интернетті және электрондықпоштаны қолдана білу дағдысы міндетті талап болуға тиіс екендігі атап көрсетілген. Осыған байланысты XXI ғасырда ақпараттанған қоғам қажеттілігін қанағаттандыру үшін білім беру саласында төмендегідей міндеттерді шешу көзделіп отыр: компьютерлік техниканы, интернетті, электрондық оқулықтарды оқу үрдісіне пайдалану арқылы білім сапасын көтеру. XXI - ғасыр ақпарат ғасыры болғандықтан адамзатқа компьютерлік сауаттылық қажет. Бұл сауаттылықтың алғашқы баспалдағы мектептен басталады. Өйткені, оқушы мектеп қабырғасынан теориялық біліммен қатар іс жүзіндік білімнің алғышарттарын меңгеруі тиіс. Ал теориялық білімді өмірмен ұштастыру үшін компьютердің қажет екендігі даусыз.

Бүгінгі таңда мектеп пәндерін компьютер көмегімен оқыту нәтижелерін зерттеудегі ғылыми мәселелерді шешу ең басты орын алады. Бұған себеп оқыту үрдісінде туындайтын компьютерлендірудің педагогикалық – психологиялық тың мәселелері әлі толық шешілмеген. Дегенменде, біздің облыс оқушылары соңғы жылдардағы пәндік олимпиадаларда информатика пәні бойынша республикада бірінші, екінші және жүлделі үшінші орындарды иеленді.

Қазір бүкіл дүние жүзі біртұтас денеге айналып, ғаламдасу құбылысы жүріп жатқанда, әртүрлі байланыс жүйелері сол дененің жүйке, қан тамырларының рөліне айналған мына заманда интернеттік жүйені меңгермеген ел ерте ме, кеш пе дүние жүзінен келетін байланыс нәрін жоғалта бастайды. Түрлі елдерде болып жатқан жаңалықтармен танысуда, ақпараттар ағымынан қалыспауда интернет, электронды пошта құралдарының атқарар қызметі мол. Сондықтан білім беруді ақпараттандырудың тағы бір басты бағыттарының бірі – оқушылардың интернет жүйесінде жұмыс істей білуіне жағдай жасау.

Интернет жүйесінде жұмыс істеу оқушыларға әлемдік білім мен ғылым жетістігінен хабардар етіп, оны игеруіне шексіз мүмкіндіктер ашатыны хақ. Интернетті пайдалану арқылы білімін жетілдіре түседі.

Бұл іс қазір қолға алынған. Соның бірі облыстық кадрлар біліктілігін арттыратын және қайта даярлайтын институтында өткізіліп жатқан барлық курс тыңдаушыларына арнайы «Компьютерлік сауаттылық» тақырыбында дәрістер оқылып жүр. Бірақ мектепте компьютерлік сауаттылығын одан әрі дамытуға компьютерлер жетіспегендіктен толық мүмкіндік бола бермейді. Сол себепті де информатика пәні кабинетінен басқа әр мектепте компьютермен сабақ өтуге, компьютерлік білімін жетілдіруге арналған кабинет болу керек. Бұл – қазіргі заман талабы.

Заман ағымына қарай күнделікті сабаққа видео, аудио қондырғылары мен теледидарды, компьютерді қолдану айтарлықтай нәтижелер береді. Кез келген сабақта электрондық оқулықты пайдалану оқушылардың танымдық белсенділігін арттырып қана қоймай, қисынды ойлау жүйесін қалыптастыруға, шығармашылықпен еңбек етуіне жағдай жасайды. Дәстүрлі оқулықты оның электрондық нұсқасына оңай айналдыруға болады. Бұл нұсқаның жетістігі – оны ЭЕМ жадында сақтау мүмкіндігі оны компьютерлік желілер арқылы тарату болып табылады. Ақпараттық технологияларды пайдаланудың ғылыми – педагогикалық, әдістемелік негіздері қалыптасу үстінде.

Дербес компьютерде жұмыс істейтін пайдаланушыны дайындау информатика курсының негізгі мақсаттарының бірі. Пайдаланушының аса маңызды іскерліктерінің бірі- дайын программаларды өзінің іс- әрекетінің құралы ретінде пайдалану.

Информатика курсында іс- әрекеттің инверсиясы байқалуда: 20 жыл бұрын программист өзінің программаларын жасаудан бастады, содан кейін барып дайын алгоритмдер библиотекасын пайдалануға көшті. Бүгінгі пайдаланушы өзінің жұмысын дайын программалармен жұмыс істеуден бастайды. Сөйтіп, өзінің программасын құруға жетіспеуі мүмкін. Дайын программалық құралдар мысалына: дискілерді форматтау, антивирустық, тренажер және оқыту программалары жатады.

Қазіргі кездегі қолданылатын ақпараттық технологиялар білім берудің әдістемесі, мазмұны мен формасына айтарлықтай әсер ететіні байқалады. Оқушылар қазіргі замандық ақпараттық технлогияларды (дербес компьютер, Интернет сервистері, электрондық оқулықтар т.б.) белсенді түрде пайдаланады.

Информатика пәнін оқытуда мультимедиа және гипермедиа технологияларды пайдалану, оқытылатын программаларды көрнекі түрде демонстрациялау және бейнесабақтарды қолдану білім алудың тиімділігін арттыра түседі.

Қазіргі мектептің даму болашағы қоғамның даму үрдісімен, білімнің ғылыми интеграцияға ұмтылуымен, қоғамда жинақталып үнемі өсіп отыратын ақпарат көлемінің әртүрлі тегімен анықталады.

Білім беру процесі – ақпараттық қоғам жағдайындағы жас өспірімдерді жан-жақты даярлайтын процесс болуы қажет. Сондықтан білім беру жүйесінде компьютерлерді пайдаланудың маңызы зор. Өйткені компьютер адам қызметінің барлық саласында еңбек өнімділігін арттыру құралына айналады. Болашақ мамандардың ақпараттық мәдениеті негіздерін қалыптастыру оқушылардың компьютерде жұмыс жасауды игеруімен тығыз байланыста.

Компьютерді мектепте оқытуды практикаға енгізу әлеуметтік, экономикалық, теориялық және практикалық сипаттағы түйінді мәселелерге жол ашып отыр. Атап айтқанда, ғылыми-техникалық прогрестің тез өсу қарқыны жоғары деңгейлі мамандар даярлауда жаңаша оқыту әдістерінің қажеттігін алға қоюда.

Бұл мәселелерді шешудің бірден бір жолы – оқу процесін компьютерлендіру. Компьютерді оқу процесінде тиімді пайдалану үшін оны қолданылады. **Мультимедиалық технологиялар –** бейнелік және аудиоэффектілік, әр түрлі мультипрограммалық мүмкіндіктерді интерактивті программалық

жабдықтың басқаруымен орындата алатын электрондық құжаттарды дайындау тәсілдері.

Мультимедиа құралдары деп әр түрлі орталарды: графиканы, гипермәтінді, дыбысты, анимацияны, бейнелік көріністерді пайдалана отырып тұтынушының компьютермен әрекеттесуін жүзеге асыратын ақпараттық және программалық құралдардың біріктірілген кешендерін айтады. Мультимедиа жарнамалық бизнесте, компьютерлік ойындар жасауда кең қолданылады. Мультимедиа технологияларын қызықты мүмкіндіктері электрондық оқу құралдарын жасауда және де басқа оқып үйренуге арналған материалдар дайындауда көп пайдаланылады. Мультимедиалық технологияларды кеңінен қолдану оқытудың қазіргі компьютерлік технологиялары дамытудың жаңа бағыттарын дамытуға зор үлес қосып келеді.

Мультимедиа технологиялары құралдарын оқу әдістемелік материалдары кешендерін жасауда қалай қолдануға болады? Оларға әр түрлі мультимедиалық эффектілерді жай мультимедиа мәтіндермен салыстырғанда қандай көлемде қосуға болады? Оқу құжаттарында мультимедиалық қосымшыларды пайдалануға шек қойыла ма? Осындай мультимедиа әсерлелерді шешу бағытында нақты зерттеу жұмыстарын жүргізу керек, өйткені гармонияны бұзу өте жақын, әсерлі қосымшаларды мультимедиалық эффектілерді шамадан тыс қолдану оқушылардың жұмыс қабілетін төмендетіп, оларды тез шаршатуы да ықтимал. Осындай сұрақтарға жауап беру оқыту ісіндегі шамадан асып шарықтауды болдырмау, оқу - әдістемелік материалдарын тек эффектілі түрде көрсетпей, оның тиімді жағын қамтамасыз етуі керек.

Мұғалім компьютер желісі арқылы әрбір оқушымен тығыз байланыста болғандықтан, ол оқытуға тиянақты түрде көңіл бөліп, әрбір баланың жеке деңгейін анықтап, оларға жеке шаралар қолдануына да мүмкіндік болады.

Мультимедиалық технологиялар мұғалімдерге қалыпты оқыту жүйесінің бұрынғы тәсілдерінен бас тартып, еңбек етудің интеллектуалдық түрлерін пайдалануға мүмкіндік туғызып, оқу материалдарының басты көлемін бұрынғыша беруді азайтып, жаңа тәсілдің жақсы жақтарын кеңінен қолдануға итермелейді.

Жаңа мультимедиалық технологияларға байланысты компьютерлік программаларды да көрнекі материал ретінде қолданып, тестер және бақылау жұмыстарын өткізіп, шығармашылықты дамытатын есептер шығарып, қашықтан оқыту сабақтарына қатысып, бұрынғы қалыптағы тәсілмен қоса компьютерде де жұмыс істеуді қатар атқарып, әрбір балаға бағытталған ойын сабақтарын, т.с.с жасау мүмкін болып отыр.

Қазіргі кезде жаңа информациялық технологиялар енгізу оқушылардың мүмкіндіктері мен талаптарын компьютер арқылы жүзеге асыруды жылдамдатып болашаққа қарай екпінді қадам жасатып отыр. Ол үшін бүгінгі күні сабақ берудің жаңа тәсілдерін жасау бағытында жақсы жұмыс істеу қажет, олар оқушылардың білім деңгейін, шығармашылық қабілеттерін арттырып, компьютерді де тез игеруге жағдай жасап отыр.

«**Технология**» түсінігін қарап шықсақ, ол – «өнім шығару процесінде жүзеге асырылатын шикізат формасын, материалды немесе жартылай фабрикатты өңдеу, олардың қалып – күйін, қасиеттерін өзгерту тәсілдерінің жиынтығы. Технологияның

ғылым ретінде атқаратын міндеті – практикадағы ең тиімді өндірістік процесті анықтау және оны пайдалану мақсатында физикалық, химиялық, механикалық және де басқа заңдылықтарды анықтау». Оқытудың компьютерлік технологиялары – ақпаратты бейнелеу, тасымалдау және жинақтау, оқушының танымдық әрекетін бақылау және басқару сияқты педагогтың кейбір функцияларын модельдейтін компьютерлік техника, телекоммуникациялық байланыс құралдары және интерактивті программалық өнім негізінде жұмыстың педагогикалық шарттарын жасау тәсілдері, әдістері, құралдарының жиыны.

Білім беруде компьютерлік технологияларды оқыту процесін толық өзгертуге, оқытудың жеке тұлғаға бағытталған моделін жүзеге асыруға мүмкіндік береді. Қазіргі оқыту құралдары (компьютерлер, программалық және әдістемелік жабдықтар) әр түрлі оқыту формаларын жетілдіруге мүмкіндік береді, оған қоса олардың оқушылардың өздігінен білім алуын ұйымдастырудағы өзіндік жұмыстарды орындататын әдістемелік құрал ретінде атқаратын жұмысының маңызы өте зор. Әрине, қазіргі компьютер мен интерактивті программалық - әдістемелік құралдар мұғалім мен оқушының әрекеттесу формаларын өзгертіп, мұғалімді оқытушыдан гөрі ақылдаса отырып көмектесетін кеңес беруші ретінде қарастырылады. Ал мұндай өзгеріс оқушының білімге деген ынтасын арттырып, сабақтың нәтижелік бақылаудың жаңа моделдерін (баяндама, есеп беру) іздеуге итереді, оқытудың жеке адамға бағытталған қызықты түрлерін енгізуді керек етеді. Мультимедиалық технологиялар білім алушының сезім компоненттеріне әсер ету арқылы тиімділігін арттыра отырып, оқыту үрдісін жандандыра түседі. Қазіргі таңда мультимедиалық технологиялар білім беру процесін ақпараттандырудың перспективті бағыты болып табылады. Программалық, әдістемелік және материалдық қорларды жетілдірумен қатар, ұстаздар құрамының білім сапасын көтеруде қазіргі ақпараттық технологияларды қолданудың ұтымды перспективасы көрінеді. Мультимедиа бұл қазіргі заманғы техникалық және программалық құралдардың интерактивті қолданылуы, ол текст, дыбыс, графика, фото, видеоның барлығын біріктіріп, оларды цифрлық түрде ұсынады. Гипермедиа бұл мультимедиалық объектілер арасындағы байланысты орнататын гипертекстік сілтемелері бар компьютерлік файлдар. Мектептерде компьютерлік сыныптарды ұйымдастыруда Интернет - технологиялар тартымды болып келеді , бірақ артықшылықтармен қоса , жетіспеушіліктер де бар: ол - байланыс желісіндегі ақаулықтар, байланыс мүмкіншілігінсіз жұмыс істеу. Бұндай ақаулықтарды оптикалық компакт дискілерді (CD ROM, DVD) қолданумен жойылады. Дайын бағдарламалық өнімдер , электрондық оқулықтар және кітаптар оқу нәтижелілігін жоғарылатады. Мұғалімнің ақпарат іздеуде, хабар алуында және әріптестерімен қарым - қатынаста көмекші құрал Интернет болып табылады.

Қазіргі кезде мұғалім сабақтағы оқушылардың танымдық белсенділік деңгейлерінің төмендеуі, дербес жұмыс істеуге және жалпы оқуға деген ниеттерінің болмауы сияқты мәселелермен жиі кездеседі. Балалардың оқуға деген назарларының жоғалу себептерінің бірі - сабақтардың бір түрлілігі екендігі сөзсіз. Күнделікті ізденудің жоқ болуы оқытуда үзіліске әкеледі , ал бұл тұрақтылықтың көрінуі балалар назарын қиратады. Сабақ құрылымына шығармашылықпен қарау, оның

қайталанбастығы, әр алуандығы, түрлі әдістер мен формаларды пайдалануы нәтижелілікті қамсыздандырады. Оқушылардың танымдық белсенділіктерін дамытудың тәсілдері өте көп. Осындай тәсілдердің бірі бейнефильмдерді және мультимедиа технологияларды қолдану, ол оқушылардың белсенділік дәрежесін жоғарылатуға мүмкіндік туғызады және оқушылардың назарын аудартады.

Оқу орындарының жұмыс тәжірибесіне ақпаратты экрандық көрсетілім түрінде беретін видеоәдістің қарқынды енуі, оның жеке оқыту әдістемесі ретінде ерекшелеуге мүмкіндік береді. Бейнеәдіс оқытылатын материалды беру, бақылауды ұйымдастыру, бекітулер , қайталаулар үшін қолдануға болады, ол дидактикалық функциялардың барлығын табысты орындайды . Әдістің артықшылығы хабарды көрнекті қабылдатуында болып табылады. Осы әдістің оқыту және тәрбиелеу функциялары көрнекті бейнелердің әсер ету нәтижелілігімен ерекшеленеді. Көз алдына келген хабардың көрнекті түрде көрсетілуі қабылдауға өте қолайлы болып келеді.

Оқыту процесінде бейнеәдісті қолдану мынадай мүмкіншіліктерді қамсыздандырады :

- Оқушыларға оқытылатын құбылыстар мен процестер туралы толық және ақиқат хабарды беру;
- Оқыту үрдісіндегі көрнекіліктердің алатын ролін көтеру ;
- Оқушы назарларындағы сауалдар мен тілектерді қанағаттандыру ;
- Білімді бақылаумен және түзетумен байланысты техникалық жұмыс бөлімінен мұғалімін босату;
- Нәтижелі кері байланысты орнату ;
- Толық және жүйелі бақылау орнату , үлгерімдік туралы объективті есебін ұйымдастыру.

Бейне әдіс арқасында көптеген дидактикалық және тәрбиелік мақсаттар нәтижелі шешіледі:

1. Жаңа білімдердің баяндалуы ;
2. Күрделі механизмдердің, процестердің, графикалық үлгілердің әрекет принциптерінің динамикасын түсіндіру;
3. Көп еңбекті процестердің бақылауы ;
4. Бейнеқұжаттарды ұсыну, өмірмен байланысты нығайтуы;
5. Жабық жабдықтау ішіндегі өтіп жатқан жасырын процестерді бақылауы ;
6. Оқыту - жаттығу және зерттеу жұмыстарына арналған деректер қорын жасауы;
7. Оқу үрдісін рационализациялау, оның өнімділігін және ғылыми хабардың меңгерілуін жоғарылату жолымен педагогикалық басқару сапаларын көтеру.

Осы әдістің нәтижелілігі бейнеқұжаттың сапасына және қолданылатын техникалық құралдарға тікелей тәуелді. Бейнеәдіс мақсатқа лайықты анықтылығымен ойластырушылығымен ерекшеленетін оқу үрдісіне үлкен талаптар қояды. Бейнеәдісті қолданатын мұғалімнен оқылатын проблемалардың шеңберіне оқушыларды енгізу, олардың жұмысын бағыттау, қорытынды шығарту, дара көмек көрсету сияқты дамыған іскерлік талап етіледі. Информатиканы оқытуда қазіргі заманғы мультимедиа - технологиялардың қолданылуы оқытылатын

бағдарламаларды көрнекті демонстрация жасауға қамтамасыз етіп, соның ішінде слайд - презентациялар оқудың нәтижелілігін жоғарылатуға рұқсат етеді. Сабақ құрылымында ақпараттық технологияларды қолдану, оқытудағы түрлі әдістер мен формаларды пайдалануға айтарлықтай әсер ететіндігі сөзсіз.

Мультимедиа технологиялары мектептегі білім беруде өз нәтижелілігін дәлелдей алды. Интерактивтілікпен ақпаратты жеткізетін түрлі құралдары бар мультимедиа оқу сапасының жаңа деңгейін қамсыздандырады. Қазіргі заманғы компьютерлердің техникалық құралдарының дамуымен қатар, мультимедианың визуальды ортасы қарқынды өзгереді. Үш өлшемді графиканы кеңінен қолдану гипермәтіндік беттері бар кітаптар метафорасын іске асыратын дәстүрлі электрондық оқулықтан, интерактивті білім алатын ортаға бейімдейді. Білімнің үш өлшемді әлемі монитор экраны арқылы оқушымен қабылданады, нақты объектілердің бейнелері виртуалды үлгілерімен қатар жұмыс істейді. Оқушыларды оқыту үрдісінде қазіргі заманғы ақпараттық технологияларды қолданудың негізгі шарттары: компьютерді заман талабына сай құралдар ретінде қолдану; оқушылардың ұстазбен компьютер арасындағы интерактивті әрекеттестігі; ақпараттық технологияларды қолдану арқасында, оқушылардың дербестік рөлінің жоғарылауы. Заманға сай ақпараттық технологиялардың оқу үрдісін ықшамдауы бағдарламалық - шығармашылық жобалардың қолдануына негізделген.

Шығармашылық жобаны даярлауда оқушылардың жаңа, нәтижелі, бәсекеге қабілетті, адамның қажеттіліктерін өтей алатын және сатып алушылардың сұранысын қамтамасыз ететін дербес жұмысын алдын ала ескереді. Жобаның орындалуы танымдық және тәрбиелік функциялардың дамуына, шығармашылық қабілеттіліктерінің, ынталарының, кисынды ойлаудың, іскерлік пен дағдыларын, политехникалық білімдерін тереңдетуге және бекітуіне жағдай жасайды. Ақпараттық мәдениеттің құрылымы оқушылардың танымдық қызметтерін дамуға бағытталған. Оған мыналар жағдай жасайды: оқушылардың ой белсенділіктерін ынталандыру, оқылатын материалды зерттеу мақсаттарының анықтамасы және компьютердің интерактивті операциялық ортасына оқушыларды бағыттау, оқытушы технологияларды тереңдетуі негізінде өз бетімен оқу қабілеттіліктерін дамыту және кеңейту.

Қазіргі заманғы оқушыны қалыптастырудың келесі негізгі әдістемелік ерекшеліктерін ұсынуға болады:

1) Сабақта мультимедиалық презентацияларды қолдану компьютерлік сыныптарда мультимедиалық проекторларды, резидентті анықтамаларды, автоматтандырылған оқыту жүйелерін, әртүрлі бағдарламалардың жұмысы туралы бейнежазбаларын пайдалану арқылы өткізіледі;

2) Практикалық жұмыстарда әрбір үйренушіге бөлек компьютер берілуі тиіс, онда олар жеке папка жасап, оқушының фамилиясы, аты – жөні, сыныбын жазып шифрлайды;

3) Жекеленген оқытушы бағдарламаларды кеңінен қолдану, көп дәрежелі тапсырмалар банкін тиісті пайдалану (практикалық және лабораториялық жұмыстарда);

4) Жұмыстардың маңызды бөлімін мақсатқа лайықты іскер ойындар түрінде өткізу; бітірушілер кәсіпшілік қызметте кездесетіндей көп нұсқалы нақты өмірде орындалмаған тапсырмалар берілуі тиіс;

5) Кең көлемде жүйелілік ұстанымдарды сақтайтын жобалар әдісі қолданылуы тиіс, бұл - бір глобальды тапсырманың жүйелі түрде барлық практикалық (лабораториялық) және графикалық жұмыстарда тиісті орындалып, толықтырылып және кеңейтіліп, тұйықталған жүйеге айналуын білдіреді;
6) Бағдарламаның негізгі бөлімдерінің параллельді зерттеу мүмкіншілігі алдын ала ескерілуі керек; бұл білім алушыларға әрбір бөлімге қатысты терең білім алуларына мүмкіндік береді;
7) Өзара байланысқан келесі ұстанымдарға сүйену қажет: тану мотивациясы, жан-жақты қабылдағыштық, жүйелі – ақпараттық талдау;
8) Оқытудың проблемалық әдісін кеңірек қолдану қажет, оқу барысында пайдаланылатын нақты бағдарламалардың (құжаттардың, кестелердің, деректер базасының) өңделуін алдын ала ескеру;

Білім беруде дәстүрлі оқытумен салыстырғанда мультимедиа технологияларды қолданудың келесідегідей жетістіктері бар:

- түрлі түсті графиктер, анимациялар, дыбыстық көркемдеу, гипертекстті қолдануға мүмкіндік береді;
- тұрақты жаңару мүмкіншілігі;
- жариялау мен көбейтуге аз шығындалу;
- интерактивтік веб - элементтерді орналастыру мүмкіншілігі, мысалы тестілер немесе жұмыс дәптерлері;
- көшіріп алу және цитат алуға арналған бөлімдердің тасымалдау мүмкіншілігі;
- электрондық кітапханалардан немесе білім беру сайттарынан қосымша әдебиет алу үшін гипербайланыс орнатады;

Мультимедиа технологияларын пайдаланып, дәрісханалық жұмыстарды ұйымдастыру уақытты үнемдеуге мүмкіншілік береді. «Информатика» пәнінің оқушылардың қызығушылығына әсері соншалықты, олар өз ойларынан ойын арқылы оқытатын орта жасай алады. Қазіргі заманғы информатика курсына мультимедиалық технологияларды оқыту жүйесіне енгізу бірқатар жақсы жақтарымен қатар біраз қиындықтар да тудырды. Мультимедиалық технологияларды (проекторды) сабақтарда қолдану, оқытылатын бағдарламаның көрнекті түрде демонстрациялап қана қоймай, уақытты да үнемдеуге мүмкіншілік туғызады. Осы кезде мультимедиалық материалдарды дайындау мен сабақты ұйымдастыруға деген қосымша талаптар қойылады.

Оқыту процесіне ақпараттық мультимедиалық технологияларды кірістіру оның нәтижелілігін арттырады. Бірақ бұл жолда қиындықтар мен қателіктер де кезігеді, олардан болашақта да арылу мүмкін емес. Бірақ та ең басты жетістік бар, ол – оқушылардың қызығушылығы, шығармашылық дайындықтары, жаңа білім алуға деген құштарлықтары және жеке жауапкершіліктерін сезінуі. Компьютер әр сабақты бір біріне ұқсамайтындай етіп өткізуге мүмкіндік береді. Әрқашан бір жаңа нәрсені үйрену оқуға деген ықыластарын арттырады. Барлық ақпараттық каналдардың ең қуаттысы визуальді болып табылады, сондықтан оны мультимедиалық құралдар

арқылы білім беру саласында қолдану біршама өңделген. Бірақ ол басқа медиа құралдардың маңыздылығын жоймайды. Мысалы, материалды меңгеру нәтижелілігіне әрбір мультимедиалық оқулыққа музыкалық үйлесімділікті орнату да өз үлесін қосады.

Мультимедиа оқулықтарындағы клавиатура мен тышқанның үйлесімді ойластырылған әрекеті білім беру технологиясының тағы да бір артықшылығын айқындайды. Ол мануальді жаттығулардың жадыны біршама дамытуға негізделген. Мультимедиалық технологиялардың оқу процесін байытатыны даусыз, білім алушының сезім компоненттеріне тікелей әсер етіп, нәтижелілігін арттырады. Г. Кирмайерге сәйкес мультимедиалық технологияларды оқыту процесінде интерактивті пайдалану меңгерілген материалдың 75% пайызын құрайды. Мультимедиалық технологиялар көрнекі статикалықтан оқулықтан динамикалыққа айналдырды. Ертеректе мұндай мүмкіншілікке білім беретін теледидар ғана ие болатын, бірақ бұл облыста интерактивті аспекті жоқ. Уақыт ағымына қарай дамитын процестердің үлгісін жасау және осы процесстердің параметрлерін интерактивті ауыстыру - мультимедиалық білім беру жүйесінің маңызды дидактикалық артықшылығы болып табылады.

Мультимедиалық технологияларды қолдану тәжірибесі мынаны көрсетеді:

- Оқушылардың жұмысқа деген қызығушылықтары мен белсенділіктерін жоғарылатады;
- Ойлау қабілеттерінің алгоритмдік стилі дамиды, үйлесімді шешімдер қабылдауға іскерліктері қалыптасады, вариативті іс істеуді дамытады;
- Мұғалім ескішіл жұмыстың көпшілігінен босайды, алынған нәтижелер негізінде шығармашылық қызметін жоғарылату мүмкіншілігі туады.

Бақылау сұрақтары:

1. Мультимедиалық окыту деген не? Қандай түрлері бар?
2. Технология деген сөздін мағынасы?
3. Мультимедиалық технология дегенді қалай түсінесіз?
4. Ақпараттық технологиа дегеніміз не?
5. Білім беру процесі

Дәріс 5.

Тақырыбы: АКТ-ны пайдаланудың негізгі бағыттары:моделдеу, есепке алу және бақылау, оқу үрдісін қолдану.

Мақсаты: АКТ-ны пайдаланудың негізгі бағыттары:моделдеу, есепке алу және бақылау, оқу үрдісін қолдану жайлы түсінік беру

- Моделдеу
- Есепке алу
- Бақылау
- Оқу үрдісін қолдану

Модельдеу-басқа жүйенің көмегімен физикалық және абстрактілі жүйені жүргізудің әртүрлі сипаттамаларын ұсыну В.И.Першиков.

Ақпараттық модель (Информационная модель; information model)

1) басқару жүйесінде – автоматтандырылған өңдеуге жататын ақпарат айналымының процесін параметрлік ұсыну;

2)мәліметтер базасында - тұтастық шектеулер жиынтығы;

мәліметтер құрылымын тудыратын ережелердің, олармен жүргізілетін операциялардың, сондай-ақ рұқсат етілетін байланыстар мен мәліметтердің мәнін, олардың өзгерістерінің тізбегін анықтайды; мәліметтер мен олардың арасындағы қатынастарды информатикалық және программалық тәсілдермен ұсыну; ақпараттық құрылымдар мен олармен жүргізілетін операцияларды формалдық баяндау [1].

Ақпараттық модельдердің басқа да ақпарат түрлері сияқты өзіндік тасымалдаушысы болуы керек. Олар қағаз, сынып тақтасы, қабырға – яғни, бірнәрсе жазуға, бейнелеуге болатындай кез-келген бет болуы мүмкін. Бұл тасымалдаушыларда модельдер түрлі “физикалық” тәсілдермен: қалам, бор, бояу, диапроекторлық жарық бейнесі көмегімен жазылады. Біздер жалпы жағдайда ақпараттық модель түсінігінің аясында берілетін мазмұнда түсінеміз. Мысалы, квадраттық теңдеу формуласы қалай және қайда жазылғандығына қарамастан квадраттық теңдеу формуласы болып қала береді.

Модель (фр. modele, ит. modello, лат. modulus - өлшем, үлгі) – бұл:

- нақты объектінің қарапайымдандырылған ұқсасы;
- заттың кішірейтілген/ұлғайтылған түрдегі макеті;
- табиғат пен қоғамдағы қандай да бір процесстің/құбылыстың бейнесі, сипаттамасы және схемасы;
- жұмыс істеуі анықталған параметрлер бойынша нақты объектінің жұмыс істеуіне ұқсас физикалық/ақпараттық аналогы;
- анықталған шарттарда түп нұсқа объектінің бізді қызықтыратын қасиеттері мен сипаттамасын алмастыра алатын алмастырушы-объектісі;
- модельдеу мақсаты тұрғысынан оқып үйренетін объектінің/құбылыстың кейбір нақты жақтарын бейнелейтін жаңа объект.

Ақпараттық модель – модельденуші объектінің ақпаратты кодтау тілдерінің бірінде сипатталуы.

Модельдеу – бұл:

- нақты бар объектілердің (заттар, құбылыстар, процестер) модельдерін құру;
- нақты объектіні қолайлы көшірмемен алмастыру;
- таным объектілерін модельдері арқылы зерттеу.

Модельдеу кез-келген мақсатқа бағытталған қызметтің ажырамас бөлігі. Модельдеу танымның негізгі әдістерінің бірі.

Нақты қызметтердегі объект модельдері төмендегі жағдайларға пайдаланылады:

- материалдық заттарды бейнелеу;
- белгілі фактілерді түсіндіру;
- болжамдар құру;
- зерттелінетін объект туралы жаңа білімдер алу;
- болжау;
- басқару және т.с.с.

Ақпараттық модель-ақпараттық объектілер жиынтығы, олардың атрибуттары мен объектілерінің арасындағы қатынастардың жиынтығын, пәндік саланың динамикасының өзгерісін, пайдаланушылардың ақпаратты тұтыну сипатын анықтайтын пәндік саланың моделі. Алгоритм және программа – бұл ақпараттық моделдердің әртүрлі түрлері. Компьютерде жүретін кез келген процестің сәйкес ақпараттық модельді құрып, зерттеу өтуі мүмкін емес.

Білім берудің ұлттық моделі-жалпы білім беру моделі негізінде оның жетістіктері мен үздіксіздігімен білім берудің төрт деңгейін қамтиды:

- мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу;
- орта білім беру;
- жоғары кәсіптік білім беру;
- жоғарғы оқу орыннан кейінгі кәсіптік білім беру;

Ақпараттық модельдердің негізгі сандық бағаларының бірі оның күрделілігі.

Құрылымның күрделілігін оның ең кіші сипаттамасының ұзындығы ретінде түсіну керек (А.Н.Колмогоров бойыншы күрделілік).

Алгоритмнің күрделілігі оны орындауға жұмсалатын уақыт пен қажетті ресурстар (ЭЕМ, оның жады көлемі, қажетті аппараттық/ бағдарламалық жабдықтар) арқылы анықталады.

Құрастырылымды емес объектінің негізгі күрделілік бағасы оның шексіз көп элементтерінің болуымен байланысты. Элементтердің мұндай жиыны дискретті әрі үзіліссіз ұйымдастырылуы мүмкін.

Құрастырылымды емес объектілер негізінен сапалық жағынан бағаланады.

Егер объект күйі белгілі заңдылықтарға бағынып, бастапқы шарттармен бірмәнді анықталса, сәйкес детерминациялық модельдер белгілі физикалық, информатикалық, экономикалық заңдар негізінде оның болжамдылығы тұрғысынан сандық бағалануы мүмкін.

Детерминациялық модельдер ортасынан күйі модельденуші объект күйі сияқты бастапқы шарттардың өзгеруіне сәйкес орнықты модельдер бөлінеді.

Модельденуші объектіге түрлі кездейсоқ әсерлердің ықпалын ескеріп, объект күйінің ықтимал (стохастикалық, индетерминациялық) моделін құру қажет. Ықтимал модельдің сандық бағасын ықтималдық теориясы мен информатикалық статистика негізінде алуға болады.

Индетерминациялық модельдер орта мән (информатикалық күтім), орта мәннің орташа ауытқуы (дисперсия) сияқты көрсеткіштермен сипатталады.

Модельдерді келесі параметрлер бойынша сандық бағалауға болады:

объектінің сыртқы түрін модельдеуде:

- физика-химиялық сипаттамалардан (өлшемі, салмағы, түсі т.с.с.) берілетін дәлдік (өлшеу қателігі);
- пропорцияны, масштабты сақтау;

объект құрылымын модельдеуде:

нақты көрсеткіштер:

- бейнеленетін элементтер мен олардың өзара байланыстарының үлесі (пайыз);
- элементтер салмағы мен олардың арасындағы байланысты бейнелеу дәлдігі (дөңгелектеу қателігі);
- объект құрылымын деталдау (ірілендіру);

ықтимал көрсеткіштер:

- элементтер санының орташа мәні мен бұл мәннен орташа ауытқуы (дисперсия);
- орта бағалардың дәлдігі (сенімділік аралығы);

объект күйін модельдеуде:

нақты көрсеткіштер:

- объект қатысатын себеп-салдарлық байланыстарды ескеру дәлдігі (есептеу қателігі);
- дискретті модельдер (дербес жағдайда сандық) көмегімен үзіліссіз процестерді модельдеуде дискреттеу қадамдары (кванттық уақыт периоды);
- модельдеу процесінің уақыт параметрі бойынша бейнеленуінің пропорционалдылығы (теңөлшемділігі);

ықтимал көрсеткіштер:

- модельденуші объект күйі параметрлері таратылымының ықтимал заңдары;
- объектінің бақыланатын күйі мен оның моделі арасындағы айырымның статистикалық мәнділік деңгейі.

Модельдерді келесі параметрлер бойынша сапалық бағалауға болады:

- модель мен объектінің ұқсастық алмасу дәрежесі (жоғары, орта, ұқсастықтың төменгі дәрежесі);
- модель бойынша объектіні тану дәрежесі (танылды, тануға болады,

танылмайды);

- модель бойынша объект күйін алдын-ала болжау дәрежесі.

Компьютерде есептеу

Егер біз информатикалық модельдеуді компьютерде атқаратын болсақ, машина есептеу барысында зерттеушіні қызықтыратын кез –келген мәліметті бере алады. Бұл мәліметтердің сенімділігі құрылған модельмен анықталады. Осы себеппен қолданбалы зерттеулерде ешқандай толық түрдегі, басқа сөзбен айтсақ, өндірістік есептеулерді құрылған программа көмегімен бірден орындауға болмайды. Ол үшін алдымен тесттік есептеулер кезеңін өткізу керек. Олар программаны түзету үшін ғана емес, алгоритмді құру мен оны программалық іске қосу барысында жіберілген қателерді тауып, түзетуге арналған.

Бұл алдын –ала есептеулерде информатикалық модель де сынақтан өтеді, оның құбылысты қаншалықты дұрыс сипаттайтынын, шын өмірдегі жағдайға қаншалықты сәйкес келетінін анықтайды. Ол үшін бір қатар сенімді өлшеу нәтижелері бар бақылау тәжірибелерін қайта есептеп, жауабын алынған нәтижелермен салыстырады.

Бұл жағдайлар параметрлерінің кіші шамалары үшін орындалады, яғни, толыққанды зерттеулер жүргізген кезде пайда болатын қиындықтар тумайды. Осы нәтижелерді есептеу, нәтижелерімен салыстыру арқылы информатикалық модельді анықтауға, модель көмегімен алынатын болжамның дұрыстығына көз жеткізуге болады.

Нәтижелерді талдау

Бұл кезде модельде алынған нәтижелердің зерттелуші объектіге сәйкестігі талданады. Модель негізінде зерттеуші есептеу тәжірибелері көмегімен модель негізінде қойылған сұрақтарға жауап алып, тиісті талдаулар жасайды. Талдау барысында гипотезалық модель мен есептеу алгоритмі сәтті таңдап алынады ма деген сұраққа жауап беріледі. Егер модель зерттелетін объектіге сәйкес келмесе, модель құрудың бастапқы сатысында –ақ маңызды нәрселерді елемей кеткетніміз. Бұл жағдайға модельді анықтап, жетілдіруге тура келеді. Егер оның негізіндегі мүмкіншілігі жоқтығы анықталса, алғашқы берілген жағдайлар қайта қаралып, жаңа модель құрылады. Мысалы, алынған модель таңдалатын параметрлерді болса да анықталған параметрді есепке алу үшін барлық кезеңдерді қайталау керек. Зерттелетін объектіні жеткілікті дәрежеде толық және таңдап алынған критерийлер бойынша қажет етілген дәлдікпен сипаттаса, модеь құрылып, аяқталады деп есептеуге болады.

Бақылау сұрақтары:

1. Компьютерде есептеу беруді қалай түсінесіз?

2. Ақпараттық модель?
3. Модельдерді қай параметрлер бойынша сапалық бағалауға болады?
4. Білім берудің ұлттық моделі дегеніміз не?
5. Модельдеу деген не?

Дәріс 6.

Тақырыбы: Білім берудегі АКТ құралдарының сапасын бағалауға қолданылатын жалпы тәсілдер.

Мақсаты: Білім берудегі АКТ құралдарының сапасын бағалауға қолданылатын жалпы тәсілдер туралы мәлімет алу.

- АКТ дан білімді бағалауға қолданылатын жалпы тәсілдер
- Бағалау түрлері
- Тестік форма арқылы тексеру
- Тесттік бақылау
- Білімді бағалау

Мектептер дамуының барлық кезеңдерінде оқытушының оқушы білімін бағалаудың тиімді жолдарын іздестіруі бірінші орынға қойылып отыр. Жеке тұлғаның өзінің іс-әрекетін өз бетімен анықтап, өзін-өзі дамыта алатын дәрежеге жетуі үшін білім беру мазмұнында ғана емес, сонымен қатар, оқушыларды жеке тұлға ретінде қалыптастыруға мүмкіндік беретін оқушылардың білімін бағалау жүйесінде де жаңаша өзгерістерді де енгізу қажетті. Мұндай жаңа формалардың қатарына әр түрлі деңгейде саралап оқыту технологиясына сәйкес қарастырылған рейтинг жүйесімен бағалауды жатқызуға болады.

Бүгінгі дәстүрлі мектептерде қалданылып жүрген «5» балдық бағалау жүйесі оқушы білімінің толық көрсеткіші бола ала ма?

Бұл сұрақ кез келген оқушылар қауымының толғанысын туғызады. Бес балдық жүйесі деп айтылғанымен оқушылар біліміне «1», «2» балдық бағалары өте сирек қолданылады. Бұл балалар білімінің деңгейін емес, баланың «үрейін» ұшыратын, «қорқыныш» туғызатын құралға айналғаны баршаға мәлім. Осының әсерінен «халықаралық» деп аталған «3»-тің, алдыңғы қатарлылар санынан көрсететін «4», «5» бағаларының дәрежесі төмендеді. Осылайша оқушы біліміне қойылатын бағалар бір-бірімен байланысын жоғалтты. Оқу процесіне бағалар салыстырмалы түрде қойылып, оларға қойылатын талаптар сақталмады. Оқушы білімі мен оны бағалау арасында алшақтықтар пайда болды. Бұл жалпы оқу процесінің сапалық деңгейінің төмендеуіне әкеліп соқты. Ал бағалар қойылатын талаптар қателердің санын және оқушының дұрыс емес іс-әрекетін көрсетуге бағытталады. Осыдан келіп «оқушы білімінің өлшемі, көрсеткіші болған бағаның бағасын қалай арттыруға болады?» деген заңды сұрақ туады. Осындай сұраққа шешуші қадамдарды оқытудың жаңа педагогикалық технологияларынан іздестірейік. Дәстүрлі оқыту кезеңдерінде оқушыға қойылған баға тапсырманың орындалуының дұрыстығымен өлшенеді. Сондай-ақ оқушылар тарауға бөлінген сабақтардың әр түрлі сағаттарында сұралып, жауабына сәйкес бағаланды. Алайда оқушы білімін бұлайша бағалауда

тапсырманың қиындығы ескерілмеді, белгілі-бір кезеңдерге бөлінген нақты мақсаттардың орындалуын айқындау мүмкін болмады. Сондықтан оқушы білімін нақты бағалауда жаңа педагогикалық технология өз басымдылығын танытады. Мысалы, күнделікті тәжірибеде информатика сабағына арналған әр түрлі педагогикалық технология бойынша тапсырмалардың картасын, кезең- кезеңнен тұратын мақсаттары түзілген кітаптарын қолданған пайдалы. Осыған орай мақсаттардың орындалуын бақылауда жүргізілетін болжау жұмыстары оқушылардың меңгерген білімін көрсетсе, онда берілген тапсырмалар олардың білім деңгейін анықтайды. Тапсырмалардың деңгейлік бағаланушы оқушылардың өзіне белгілі болғандықтан, олар алдын-ала өз мүмкіндігін, білімін анықтап, бағалай алады, ал мұғалім оқушының білім деңгейін көтеруде қандай талаптарды қосымша орындау керектігін ажыратып, түзетулер жүргізе алады. Пән бойынша оқушылар білімін бағалау мұғалімнің тақырып мазмұнына сәйкес деңгейлік талаптарды толық меңгеріп, ажырата білуін талап етеді. Осыған сәйкес күнделікті оқу процесіндегі орындалатын тапсырмаларды қиындық дәрежесіне қарай деңгейлеп, оқушыларға ұсыну қажет. Қазіргі жағдайда оқу құралдары жаңа педагогикалық технология талаптарына сәйкестендіріліп жазылмағандықтан мұғалімнің шығармашылықпен жұмыс жасауын қажет етеді. «Білім туралы» заңға сәйкес, мұғалім оқушының білім игеру деңгейінің мемлекеттік стандарттан төмен түспеуіне кепіл болу керек. Мұндай деңгейге оқыту технологиясы жан-жақты шыңдалу арқылы ғана қол жеткізуге болады – делінген, орта білім беру стандартының жалпы тұжырымдамасында. Стандарт белгілеп берген білім мазмұнының міндетті минимумын оқушының оқу жүктемесінің шетіне жеткен (максимум) көлемін оқушы дайындығына қойылатын талап деңгейін ескере отырып, жаңа педагогикалық технологияларды оқу процесіне қолдану оқушы білімін бағалауда тиімді нәтижелерге қол жекізеді. Сондай-ақ жаңа буын оқулықтары жаңа педагогикалық технология талаптарына сәйкес жазылса, бұл нәтижелі білім беруге жасалған оң қадам болған болар еді. Оқушы біліміне баға төмендегі талаптарды ескере отырып қойылады :

- **«қанағаттанарлық»** баға Қазақстан Республикасы орта білім мемлекеттік стандартында көрсетілген информатикалық даярлықтың міндетті деңгейіндегі үлгідегідей тапсырмаларды шығару біліктілігін қамтамасыз еткенде қойылады.

- **«жақсы»** бағасы көп компоненттілігімен ерекшеленетін тапсырмалар-ды орындағанда, амалдар алгоритмін дұрыс құра білгенде, оқушы өз білімін тұтастай қолданып, іріленген кез келген материалды жүйелеп, реттеп, кері байланысты құбылыстарды орындай білгенде қойылады.

- **«өте жақсы»** бағасы оқушының игерген білімін тереңдету бағытындағы танымдық ізденіс жасап, түрлі логикалық операцияларды дұрыс орындай білгенде, өздігінен графиктер, диаграммалар құрып, программалармен еркін жұмыс істей білгенде қойылады.

Сабақ кезеңінде сыныптағы оқушылар көпшілігінің білімін тексеріп, бағалау мүмкін емес. Ал сұралып, баға алған оқушының келесі кезегі келгенше біршама уақыт өтетіні белгілі. Осы өткен уақыт аралығындағы оқушының меңгерген білімі туралы толықтай мәлімет алу қиындық әкеледі. Бұл қиындықтардан шығуда

оқушылардың сыныптан тыс орындайтын тапсырмаларының атқаратын рөлі ерекше. Жаңа технология бойынша мақсат түзулерде көрсетілген міндетті тақырыптық тапсырмалар ($Б_1$) сәйкесінше болжау жұмысы ($Б_2$) арқылы тексеріліп, бағаланады. Мұндай бірнеше міндетті тақырыптық тапсырмалар жиынтығы ($Б_1+Б_2+...$) арқылы тарау бойынша оқушының саналық білім дәрежесі анықталып, бақылау жұмыстары арқылы тексеріледі. ($Б_1+Б_2+Б_3=>БЖ_1$) Оқушылар білімін бақылау мен бағалаудың бұл тәртібі 1-кесте арқылы көрсетілген. Осындай бақылаулар арқылы оқушы білімін тексеру жиілігі артады. Оқушының тапсымаларды орындаудағы жауапкершігі күшейеді.

Тарауға сәйкес түзілген мақсаттар	Мақсаттарға сәйкес тақырыптық, санамдық тапсырмаларды болжау және бақылау	
	«қанағаттанарлық», («жақсы», «өте жақсы»)	
	Тақырыптық болжау	Санамдық бақылау жұмысы
$М_1$ $М_2$ $М_3$	$Б_1$ $Б_2$ $Б_3$	$Б_1+Б_2+Б_3=>БЖ_1$

Оқушылардың тарау бойынша шығармашылық қабілетін арттыруда қосымша бөлімде танымдық (*), конкурстық (**) тапсырмаларды ұсынуға болады. Оқушы білімін дұрыс бағалау оқушы, ата-ана, мұғалім арасындағы толық түсіністікті орнатуға жағдай жасайды. Оқушы білімін бағалауда оқытудың жаңа педагогикалық технологиясын орынды қолдану оқушының қабілетінің дамуына және толықтай ашылуына туғызылған қолайлы жағдай болады.

Соңғы жылдары жүргізілген педагогикалық зерттеулерде оқыту мен тәрбиенің негізгі мақсаты тұлғада өзін-өзі басқару білім сапасын тексеру мен бағалаудың педагогикалық технологияларының ғылыми негіздерін жасау мәселесі болып табылады. Соңғы жылдары еліміздің барлық орта оқу орындарында оқу процестерінде әртүрлі деңгейде оны басқаруға оқушылардың білімін тексеру мен оның сапасын анықтауға бағытталған көп сатылы, көп баллды бақылау жүйелеріне негізделген статистикалық әдістер рейтинг жүйелерімен тестілеу кеңінен қолданылуда. **Рейтинг жүйесі** дегеніміз – көп баллмен бағаланатын үздіксіз бақыланатын жүйені айтамыз. Бұл әдістің негізгі тиімділігі оқушы білімін тиянақтылығын қамтамасыз ететін жүйелі күнделікті бақылау. Бақылау жүйелері мынадай қағидаларға негізделіп құрылады:

1. Білім адамның ойлау қабілетінің құрылымдық интегралдық қасиеттерімен сипатталады.
2. Білім деңгейін сараптауда оның сапасын анықтауда ойдан алынған коэффициенттер енгізілетін, бақылаудың шытырман жүйесін пайдалануға болмайды.
3. Білім деңгейінің көрсеткіші балл түрінде қойылатын баға бақылаудың әртүрлі формаларына сайланып алынуы керек.

Тесттік бақылау. Тест сөзін ағылшын тілінен аударғанда «есеп, түйін, сұрақ» деген мағынаны береді. Оқушыға қойылатын тест сұрақтарының саны

тексерілетін білімнің көлемін қамтитын және статистикалық заңдылықты қамтамасыз ететіндей мөлшерде шамамен 15 сұрақтан кем емес болуы қажет. Тест құруда мынадай принциптер орындалуы қажет:

1.Тест сұрақтарының саны статистикалық заңдылықта қамтамасыз етілетіндей болуы керек. Сұрақтар тексерілетін тақырыптың пәннің мазмұнын біркелкі қамтуы, қысқаша тұжырымдалуы тиіс. Әр сұраққа берілетін жауаптардың саны – 5 болуы керек. Дұрыс емес жауаптың формасы дұрысқа ұқсас болуы тиіс.

2.Тест сұрақтары біркелкі болу керек. Өте қиын, оңай сұрақтар мейлінше аз болу керек. Тесттің 1 сұрағы - 1 баллға бағаланады.

Мұғалімнің әртүрлі іс-әрекеттерімен оқушының бойына сіңірген білімі мен біліктілік дағдысын қалыптастыруда жүргізілген іс-шараларының нәтижесі оқушы білімін бақылап және бағалау нәтижесінде көрінеді. **Білімді бағалау** - берілген теориялық материалды меңгеру оны іс-жүзінде қолдана білу, қажетті жағдайда сызбаларын толық көрсете білу, оқушының өзіндік ой-пікірлері және ізденістері ескеріледі. Бағалану кезінде әрбір оқушының өзінің қабілеті ерекшеліктерімен және бейімділіктерімен де ерекшеленеді.

Бақылау сұрақтары:

1. АКТ дан білімді бағалауға қолданылатын жалпы тәсілдер?
2. Бағалау түрлері?
3. Тестік форма арқылы тексеру?
4. Тесттік бақылау?
5. Білімді бағалау?

Дәріс 7.

Тақырыбы: Әртүрлі тәсілдер негізінде бақылау мен есепке алудың, компьютерлік оқытудың әдістері мен жолдарының, мазмұнының құрылымдары сапасын бағалау

Мақсаты: Әртүрлі тәсілдер негізінде бақылау мен есепке алудың, компьютерлік оқытудың әдістері мен жолдарының, мазмұнының құрылымдары сапасын бағалауды үйрену

- Бақылаудың есептеу міндеті.
- Бақылау- түзетушілік және диагностикалық міндеттер.
- Бақылаудың оқытушылық міндеті.
- Бағалау мен бақылаудың тәрбиелік міндеті.

Бақылаудың қорытындыларын бағалау мен талдау оқытудың жоспарланған нәтижелерімен оқушының қол жеткізген нәтижелерінің сапасын салыстыру болып табылмақ. Мұнда оқыту нәтижелері белгілерін дұрыс таңдаудың маңызы аса зор. Сондай – ақ, жауаптарды бағалау мен талдаудың тәсілдері де маңызды қызмет атқарады. Нақтырақ айтар болсақ талдаудың әділдігінің артуы жауаптарды әр элементтік талдаудың қолдануында жатыр.Бақылаудың барлық түрлерінде сияқты бұл ағымдық бақылауға да жалпы дидактикалық міндеттер тән. Мақсаттары мен

әдістемелік құралдарына байланысты оқу процесінде тексеру бірнеше функцияларды орындауы мүмкін. Әдістеме мен дидактикада оқыту нәтижелерін тексерудің мынадай міндеттері бөлініп алынған: бейімділік, диагностикалық оқытушылық, тәрбиелік, себептік, дамытушылық, бақылаушылық, басқарушылық және басқалар. Кез келген тексеру бір сәтте бірнеше міндет атқаратындықтан олардың міндеттері бойынша тексерулерді бірыңғай бағалау тым күрделі. Алайда әр нақты жағдайда бақылаудың бір – екі басым бағыттарын бөліп алуға болады. Олар тексерудің құралдарымен және әдістерімен, мақсаттарымен ерекшеленеді.Оқыту нәтижелерін ағымдық тексерудің негізгі міндеттері, оның оқу процесіндегі ролін қарастыру. Осы бақылауға тән мақсаттар мен ерекшеліктер, оның маңызды міндеттері, мыналар болып табылады.

1. Бақылаудың есептеу міндеті.

Ол оқыту нәтижелерін жүйелі анықтау арқылы көрініс тауып, әр оқушыға қатысты үлгерімін оқыту жұмысындағы кемшіліктер мен жетістіктерді ой елегінен өткізуге мүмкіндік береді.

2. Бақылау- түзетушілік және диагностикалық міндеттер.

Бұлар сыныптың дайындық деңгейін, оқушылардың біліміндегі кемшіліктерін туындайтын тақырыптық түрлі сұрақтар арасында оқыту уақытын бөлу , оқыту әдістемесіне өзгерістер енгізу үшін «мұғалім-оқушы» орнына кері байланысын қамтамасыз етеді. Бақылаудың нәтижелері оқытушыға оқушылардың біліміндегі кемшіліктерді болдырмауға бағыттауға мүмкіндік береді. Сонымен бірге, оқытушы оқушылардың білімі мен дағдысын анықтайды. Олар өз кезегінде жаңа оқу материалдарын игеруге негіз болады. Тексеру оқушылардың білім нәтижелерінің жағдайын анықтап қана қоймай, білім мен біліктілігін, кемшіліктер мен қателіктерін ашып көрсетуге міндетті. Оның диагностикалық міндеті осыдан көрініс таппақ.

Дәл қазіргі кезде оқытуда бақылаудың осы міндеттерінің маңызы аса зор. Әзірге пәндер мен оларды жаңа технологиялар арқылы оқытудың әдістемесі қалыптасу кезеңінде тұрғанда аталмыш маңыздылықтың мәні арта түседі.

3. Бақылаудың оқытушылық міндеті.

Ағымдық бақылаудың аса маңызды міндеті оқушылар білімін тереңдетуге әсер етіп, негізгі қателіктерді көрсетеді. Оқытушы сыныптың назарын курстын маңызды дүниетанымдылық идеяларымен басты сауалдарға аударады. Бұл маңызды міндет сондай-ақ материалды бекітумен қайталау нәтижесінде оқушылардың біліктері мен дағдыларының, білімінің жағдайын тексеру процесі арқылы көрініс табады. Сынақтық тапсырмаларды орындау оқушылар білімін жүйелеп, кеңейте түседі. Өзін -өзі бағалау мен тексеру дағдыларын, оқу еңбегін тиімді пайдалануды қалыптастыруға жол ашады.

4. Бағалау мен бақылаудың тәрбиелік міндеті.

Ол оқушының одан ары оқу жұмысына өз білімін тереңдетуге ынталандырады. Оқытушы оқушының жұмысын бағалау арқылы оның дағдылары мен біліктерін, білімінің жағдайын анықтап қана қоймай, оқушыны оқу жұмыстарына бағыттап, қосымша себептер береді және танымдық әрекетке деген қажеттілігін дамытады.

Ағымдық бақылау оқу процесіне тікелей енгізіліп, негізінен оқу дайындығындағы олқылықтарды анықтап, оны жоюға бағыттайды. Оқушының білімін тереңдету мен байытуға қызмет етеді. Осы бақылау оқу материалының шағын бөлігін оқытумен бейнеленеді және тәртіп бойынша әр сабақта орындалады. Ағымдық бақылаудың нәтижесі бойынша мұғалім оқушылар келесі оқу материалын толыққанды игеруге дайын ба деген мәселені шешуге тиісті.

Ағымдық тексерулердің тәрбиелік маңызы оқушыларды тәртіпке үйрету сынып және үй жұмыстарына жауапкершілік сезімін тәрбиелеу, жүйелі еңбекке үйретуі, білімдер мен біліктерді игеруге, өз бетімен жұмыс дағдыларын қалыптастыруға көмектесуі арқылы көрініс табады. Сонымен бірге ағымдық тексеруде оның оқушыларға психологиялық әсерін де ескеру қажет. Дұрыс қойылған жағдайда ол оқушыларды тікелей сабақта оқу еңбегіне дұрыс қарым - қатынасқа ынталандырады. Оқу нәтижелерін бағалаудың да үлкен тәрбиелік маңызы бар. Оны дұрыс қолдану арқылы мұғалім оқушының өз білімдері мен біліктерін жетілдіруге, еңбек сүйгіштігін дамытуға, өз бетінше және шыншыл ойлауына, өз еңбегін өзі бағалауға және дұрыс бағалауға тұжырымдарын жасауға тұрақты түрде ынталануына қол жеткізеді. Ағымдық бақылаудың өзіндік ерекшелігі тарау немесе тақырыпты оқытудың барлық кезеңдерінде өткізілуі болып табылады: Оқу материалымен танысу, білімдер мен біліктерді қалыптастыру мен дамыту оларды бекіту мен тереңдету. Бұдан шығатын қорытынды төмендегідей, ағымдық бақылау процесі барысында оқушылардан оқу материалын игерудің нақты кезеңімен қарастырылатын танымдық деңгейдегі білім ғана талап етіледі. Білім мен білік әлі қалыптаспаған кезде оқу дайындығына талапты күшейту- оқыту нәтижелерін жөнсіз бағалаудың басты себептерінің бірі.

Бақылау оқушылардың білімдерін анықтау, бекіту және бағалау, яғни оқу процесіне қажетті түзетулерді енгізу және оның мазмұны, әдістері, тәсілдері мен ұйымдастырылу формаларын жетілдіру мақсатымен, оқу материалының қабылдану деңгейін, сапасын, және көлемін анықтау, оқытудағы жетістіктерді, білімдегі қалыс қалған жерлерді, жеке оқушылардың және бүкіл сыныптың дағды мен біліктері жайлы мәлімет алу болып табылады. Бақылаудың негізгі мақсаты - оқушылардың алған білімдерінің дұрыстығы, көлемі және нақтылығы деңгейін анықтау, танымдық әрекет сипаты, оқу процесіндегі оқушылардың өз бетінше жұмыс істей алу қабілеті, белсенділігі жайлы мәлімет алу, оларды оқытудың әдістері, тәсілдері мен формаларының тиімділігін анықтау болып табылады.

Оқушылардың оқу – танымдық әрекетіне басшылық функциясын орындай отырып, бақылау әрқашан баға қоюмен қатар келмейді. Ол оқушылардың жаңа материалды қабылдауға дайындық әдісі, оқушылардың білімді, дағды мен біліктерді қабылдауға дайындығын анықтау, оларды жалпылау және жүйелеу құралы ретінде қолданыла алады. Бақылау маңызды білім берушілік және дамытушылық мәнге ие.

Бақылаудың педагогикалық функциялары оқушылар жұмыстарындағы кемшіліктерді, олардын сипаты мен себептерін сол кемшіліктерді жою мақсатымен анықтау болып табылады. Мұғалімге оқушылардың оқушылардың білімді

қабылдауы жайлы ақпаратпен қатар, олар қандай жолмен табылғаны жайлы ақпарат алу маңызды.

Бақылау сонымен қатар оқу процесінде үлкен тәрбиелеушілік роль атқарады. Ол орындалған жұмыс үшін оқушылармен қатар, мұғалімдердің де жауапкершілігінің артуына себепші болады. Оқушыларды жүйелі еңбек етуге және оқу тапсырмаларын ұқыпты орындауға үйретеді.

Жалпы, білімді тексеру оқушылардың білімдерін бекіту, нақтылау, түйіндеу және жүйелеу формасы болып табылады .

Білімді тексеру оқушылардың оқу әрекетін педагогикалық бақылаудың формасы болып табылады

Баға - бұл мұғалімнің оқу бағдарламасымен талап етілетін білімдерді, дағды мен біліктерді оқушылармен қабылдану деңгейін анықтау және баллмен, және сонымен қатар, бағалау жағдайларымен өрнектеу. Баға мұғалімнің оқыту әрекетін басқаруда үлкен мәнге ие болуымен қатар, ол оқу процесінің өзін жетілдіру және оқушыларды жан жақты тәрбиелеу мақсатына қызмет етуге тиісті.

Баға бұл оқушының оқу процесі барысында қол жеткізкен нәтижелерінің сапасын анықтау.

Оқушының үлгерімін бағалау ретінде оқушының білімдері мен біліктерін сипаттайтын белгілі бір көрсеткіштер жиыны түсініледі.

Педагогикалық энциклопедияда баға оқушылардың білімдерді, дағды мен біліктерді оқу бағдарламасы талаптарына сай қабылдау деңгейлерін анықтау ретінде қарастырылады.

Баға оқушылардың білім мен дағдыны қалыптастыру көлемін, деңгейін және сапасын есепке алады. Белгілі пән бойынша білім көлемі бұл - берілген ғылым негізінде жатқан және оқу бағдарламасымен берілген басты ұғымдар, заңдар мен заңдылықтар, идеялар мен теориялар жиынтығы. Басты теориялық білімдер көлемін игеру оқушыда белгілі мақсатқа бағытталған әрекеттердің қалыптасуына негіз болады: не алған мәліметтерді, ұқсастық бойынша, ұқсас жағдайларда жүзеге асыру, не алған білімдерді стандартты емес жағдайларда, күрделі ой есептерін шешуге бағыттау.

Әдістердің қайсысы қолданылса да, бүгінгі мектептегі оқу үрдісінде маңызды мәселенің бірі оқушылардың қалай түсінетіндіктерін анықтап тұру қажет болады. Ол жаңа тақырыпқа дер кезінде көшіп отыру үшін өте маңызды. Оның мақсаты адамды тәрбиелеу және оқыту. Мектептегі бақылау мен есептің ерекшелігі, оның әдісі және ұйымдастыру негізі осымен анықталады. Тексерудің барысында оқушылардың материалды меңгеру дәрежесін сипаттайтын баға қойылады. Сол бағаны мұғалім талдай отырып тек оқушыны ғана емес, өзі оқытып жүрген материалды меңгеруде оқушы жіберген қателіктерден қорытынды жасайды, өз қызметіне кейбір өзгерістер енгізеді, жаңа әдістер, тәсілдер іздейді.

Сондықтан тексеру мен бағалаудың әділдігі едәуір дәрежеде бүкіл оқыту үрдісінің табысты жүргізілуіне әсерін тигізеді. Білімді тексеру және баға қою әдісін меңгеру жас мұғалімдер үшін өте маңызды және қиын міндеттердің бірі болып табылады. Оқушыны бағалау оның қабілетсіздігін, жарамсыздығын дәлелдеп беру,

емес бағалау арқылы оның неге көңіл аударуын, оқытудың жоғары сапалығы мен қабылдаудың ынталылығын, білімді беру мен сіңудің сапасын көтеру.

Оқушының үлгеруін есепке алу - көпқырлы құбылыс. Солардың ішінде ең кемі төрт функциясын айтуға болады: бақылау, оқыту, дамыту және ұйымдастыру.

Бірінші, өзіндік ерекшелігі бар оқушылардың үлгерімін есепке алудың міндеті бақылау барысында іске асады. Бұл алдындағы міндет ретінде орындалады. Оның табысты болуы мұғалім мен оқушының бірлігі мен ынтымағына байланысты: мұғалімнен оқушыға, қайта мұғалімге(«қайтарым» оқу материалын игеру дәрежесіне байланысты.)

Бақылау арқылы мұғалім өз жұмысының жетістігі мен кемшілігін анықтайды. Осы күнделікті, әр кездегі бақылаудың нәтижесінде оқытушы жоғарғы нәтижеге жетуді көздейді.

Екінші оқытушылық функциясы - оқушының оқуына ықпал жасау. Үлгерімді есепке алудың оқытушылық функциясының екіжақтылық сипаты арқылы. Тәрбиелік жағынан оқушының оқуын есепке алу білімге деген көзқарасын, білімді саналы, ұжымда сергек адамгершілік қатынас, ой, пиғыл, жақсы дәстүр қалыптастыруы тиіс. «Білім алуға бар күш –жігерімізді аямаймыз», «Бізде сыбырлап айту болмайды» т.б.

Оқытушылық функциясында көп жағдайда оның табысты болуы оқуға оқушының өзінің жағымды қатынаста болуына байланысты. Білімін есепке алудың оқушының моральдық, адамгершілік ерік-жігері, интеллектілік күш –қуаты жеке баснының қасиеттері қалыптасады. Олай болса мұғалім оқушының білімді саналы қабылдауына, жауапкершілікпен қарауға, сынып ұжымын білім алуға ынтымақтығын, бірлігін ұйымдастырып, білім дәрежесін көтереді.

Үшіншіден дамытушылық функциясы жоғарыда айтылғандардың жағымды әсерінен пайда болады. Оқудың барысын есепке алу оқушының рухани және күш қуатының дамуына, есінің, ақыл –ойының және тілінің дамуына бүкіл дене мүшелерінің қабілетінің дамуына мүмкіншілік береді.

Төртіншіден үлгерімді есепке алу оқушылардың тәртібін ұйымдастыруға ықпал жасап, дұрыс бағыт сілтейді, оқуға деген қатынасты жақсартып, бірін – бірі түсінуге жетіседі, ұйымдастыру функциясының оқуды есепке алудағы негізгі оқушылардың өз бетімен күн режимін түсініп, уақытты дұрыс пайдалану, бірізділік, әр тапсырманы орындау, кітап оқу, т.б. мәселелерді дұрыс түсінуі.

Дұрыс есепке алуды шешуді ұйымдастыру табысқа жетудің кілті.

Оқушының білімін есепке алудың табысты болуы төмендегі шарттарды орындауға да көпшілік жағдайда тәуелді болады.

Бірінші орынға есепке алудың әржақтылығы тұрады. Ол оқушылардың толық білім алуына, дағдыларын, іскерлігін, толық қамтуға мүмкіншілік береді. Қазақстанның бүгінгі білім беріп жатқан мектептерінде ол тереңдігімен, оны жеткізудің түрлерімен: нақтылық, образдылық, тіл, мәдениеті және еңбектену, бүгінгі күннің талабына сәйкестігімен, тұрақтылығымен т.б. ерекшеленуі тиіс.

Тәжірибе көрсетіп отырғандай, білімді есепке алуда, әр пәннің өзіндік ерекшелігін есепке алу қажет. Мысалы географиядан картаны білу, онымен жұмыс істеуді есепке алумен ерекшеленеді. Әрине, бұл жеке пән әдістемесінің әрекеті.

Екінші шарты - есепке алудың үздіксіздігі. Ол есепке алудың жана жақтылығын қамтамасыз етеді, өйткені ол анда- санда емес, үзіліссіз әркез, бірізділікпен бүкіл оқу – тәрбие жұмысының барысында сабақтың мазмұнына және әдістемесіне жоғары талап қоюға жоғары мүмкіншілік береді. Ол есепке алудың сапасына білімді игеру тетігі ретінде, күш беріп, оқу – тәрбие жұмысында іскерлікті, жеке бастың сапалық жағын қамтамасыз етуге белсенді қатынасуға мүмкіншілік береді.

Үшінші шарты - есепке алуды жекелендіру. Өйткені мұғалім есепке алуды әр оқушының өзіндік ерекшелігін есепке алу , бір бірінен ажырату, жеке жұмыс істеу, оның табысы мен кейбір кемшілігін көріп өсуіне басшылық жасау үшін жүргізіледі. Бұл шарт жұмыс істеу үшін әр оқушыға есепке алуды түсініп, сыйлап, бағалауға ынталық білдіруі керек. Алғашқы үш шарт міндетті түрде, төртінші - әділеттікті талап етеді.

Есепке алудың жариялылығы тәрбиеге қатысты болады. Оқушыға бағаның өлшемін білу, не үшін қойылғанын түсіну қажет. Оның дағдысын, іскерлігін, білімін, дүниетанымын, пәнді меңгеруін тиянақтап, дамытуға жол сілтейді.

Есептің нақтылығы, әрекеттілігі - бұл шарттың әрекеттілігі есеп жүйесінде - белгілі нәтиже беретіндігіне, сол үшін де есеп жүйесі жасалады.

Есепке алудың бізге белгілі төрт түрі бар. Алдын ала есепке алу және материалды бөлімді белгілі курста бастар алдында мұғалім оқушылардың білімін, дағдысын, іскерлігін, анықтап алу үшін жүргізеді. Сыныптан жеке оқушының білімін алдын ала тексеру мұғалімге жұмысын дұрыс жоспарлауға, оқушылардың білетіндерімен ұштастыруға мүмкіншілік береді. Ал оқушыға білгендерін жаңа материалды қабылдауға жетістіреді, тәжірибе жинақтайды. Ол үшін мұғалім алдын ала олардың жұмыстарымен танысады, әңгімелеседі, ата – аналармен кеңеседі, сол сыныпқа сабақ бертін басқа мұғалімдердің сабағына қатынасады, оның пайдасы бірігіп жұмыс істеуге мүмкіншілік береді.

Күнбе – күнгі есепке алу - мұғалім тарапынан күнделікті жүргізіледі. Ол оқушылардың күн сайын сабаққа әзірленуіне, сергектікке тәрбиелесе, мұғалім өз жұмысына талаппен қарауға, өзгерістер енгізуге мүмкіндік береді.

Күнделікті есепке алу бақылау жұмысында жыл бойы үздіксіз жүргізіледі. Оның маңыздылығы оқушылардың ынтасын көтеріп, білімге деген ниетін, қажеттілігін туғызады. Әрине, ол мұғалім үшін өте қиын жұмыс, бірақ өте қажет жұмыс болып саналады. Күнделікті бақылау негізгі есепке алу , оқушылардың оқуға, білім алуға жауапкершілігін қамтамасыз ететін, үнемі оларды еңбек етуге жетелейтін құрал.

Оқытудың нәтижесін тексеру оқыту үрдісінің негізгі компоненті болып табылады. Тексеру нәтижесінде оқушылардың материалды меңгеру нәтижесін сипаттайтын баға қойылады.

Оқушылардың оқу үлгерімн есепке алу – көпқырлы құбылыс. Бақылау оқыту үрдісінің бір бөлігі болғандықтан білімдарлық, тәрбиешілік, дамытушылық, функциялар атқарады, бірақ бақылаудың негізгі фунциясы – диагностикалық. Дидактикаға белгілі мынадай бақылау түрлері бар: күнделікті, мерзімді, қорытынды. Күнделікті бақылаудың маңыздылығы оқушылардың ынтасын көтеріп,

білімге деген ниетін, қажеттілігін туғызады, үнемі еңбек етуге жетелейді. Мерзімді бақылау әр тоқсанның сонында үлкен бағдарламаның тараулары өткенде жүргізіледі, онда күнделікті бақылау да есепке алынады.

Бақылау әдісі дегеніміз – мұғалім мен оқушылардың жүйелі түрде жүргізілетін өзара байланысты диагностикалық іс -әрекеті, соның нәтижесінде оқу үрдісінде кері байлнысты қамтамасыз етеді. Қазіргі дидактикада бақылаудың мына әдістерін атауға болады: ауызша бақылау, жазбаша бақылау, практикалық бақылау әдісі, дидактикалық тесттер т.б.

Ауызша бақылау әдістері - әңгімелесу, оқушының әңгімесі, түсіндіру, мәтінді оқу, технологиялық картаны, схеманы оқу, тәжірибе туралы айту. Ауызша бақылауды оқушының монологиялық жауабын құрайды. Сабақта күнделікті ауызша бақылау жүргізіледі. Тәжірибелі мұғалімдер әртүрлі сұрау сабағын жүргізеді.

Дидактикалық тесттер оқыту нәтижесін тексеруде жаңа әдістердің бірі болып саналады. Дидактикалық тест дегеніміз оқушылардың білім дәрежесін меңгеретін белгілі материал бойынша стандартты тапсырманың жиынтығы.Ең алғашқы тесттер 21 ғасырдың аяғында пайда болды. Ағылшын тілінде сөйлейтін мемлекеттер 20 ғасырда тестіні кеңінен пайдаланған. Тест мына талаптарға сай болуы керек: объективті, сенімді, белгілі өлшемді қамтамасыз ету. Сенімді дегеніміз тестті бірнеше рет қайталағанда көрсеткіші бір нәтижені береді. Белгілі нәтижені қамтамасыз ету дегеніміз тестті жасаған адам белгілі бір қабылдау деңгейін анықтайды. Тесттің бірнеше түрлері бар.

Оқушылар білімін тексеру мен дұрыс бағалау - жауапты міндет. Егер тексеру мен бағалау бір жүйеге келтірілмей, қалай болса солай жүргізіліп, оның сұрақтары кездейсоқ алынса , онда тыңдаушылардың іс -әрекеттері тиянақты білім алуға бағытталмай, берекесіздік пайда болады. Әрбір тақырыпты өткенде оқушыларға соған қатысты қандай материалды біліп, қандай сұрақтарға жауап бере алуы қажет екені алдын ала таныстырылуы қажет.

Сонымен дұрыс ұйымдастырылған тексеру мен бағалау оқушылар біліміндегі кемшіліктерді дер кезінде байқап, оны жоюға, келешектегі істелетін жұмыстарды сыныппен немесе жеке оқушылармен, әлде белгілі бір оқушылар тобымен ұйымдастыруға мүмкіндік береді, сондай-ақ сабақтың жоспарына негіз болып, неге баса назар аудару қажеттігін анықтауға, сөйтіп, бүкіл оқу – тәрбие жұмысының тиімділігін арттыруға көмектеседі.

Бақылау сұрақтары:

1. Бақылау деген не ?
2. Бақылаудың түрлері?
3. Ауызша бақылау әдісі?
4. Бақылаудың шарттар?
5. Бақылауға тән мақсаттар мен ерекшеліктер, оның маңызды міндеттерін атаңыз?

Дәріс 8.

Тақырыбы: Электрондық және виртуалдық кітапханалар және каталогтар. Электрондық оқулықтар мен қашықтық курстар. Виртуалдық мектептер.

Мақсаты: Электрондық және виртуалдық кітапханалар және каталогтар жайлы түсінік беру

- Электрондық оқулықтар
- Электронды оқулықпен оқытудың негізгі мақсаты
- Виртуалды шындық
- Қашықтан оқытудың негізі
- Қашықтан білім берудің сипаттамалары
- Қашықтан оқыту әдістері.
- Қашықтан оқыту құралдары

Қазіргі заман талабы бойынша білім беруді ақпараттандырудың негізгі талаптарының бірі – оқу үрдісіне электрондық оқулықтарды енгізу. Өйткені, бүгінгі таңдағы білім беру саласында тек мұғалімнің айтқандарын орындау немесе оқулықты пайдалану заман талабын қанағаттандырмайды. Сондықтан қазіргі ақпараттандыру қоғамында электрондық оқулықтарды пайдаланбай алға жылжу мүмкін емес.

Оқу материалдарын ұтымды игеруде электрондық оқулықтардың атқаратын рөлі зор. Электрондық оқулықтарда теориялық тақырыптар кеңінен беріліп түсіндіріледі. Теориялық материалдар графикалық иллюстрация түріндегі әр түрлі суреттер, сұлба тәсілдер арқылы толықтырылып отырса, онда теориялық білімді оқып, көзбен көріп, түйсіну және оны мида бекіту үрдістері бір уақытта өтеді және материалды қорыту үрдісі ұтымды болады.

Электрондық оқулықтар – ғылыми негізде дайындалған педагогикалық ақпараттық өнім. Электрондық оқулық дайындаудың тұжырымдық негізі модульдік оқытудың педагогикалық теориясы болып табылады. Сонымен қатар электрондық оқулық дайындаудың педагогикалық ұстанымдар жүйесі оқытудың дидактикалық жүйесіне сәйкес келеді. Электрондық оқулықтармен жұмыс істеу әрбір оқушының өз мүмкіндігін есепке ала отырып, оқып үйрену ісін жеке дара жүргізуге жол ашады.

Электрондық оқулық - оқу пәнінің негізгі ғылыми мазмұнын қамтитын компьютерлік технологияларға негізделген оқыту, бақылау, моделдеу, тестілеу, т.б. бағдарламалардың жиынтығы. Электрондық оқулық жай оқулықтарға өте тиімді қосымша мүмкіндіктер береді. Атап айтқанда:

- кері байланысты іс жүзінде тез арада қамтамасыз етеді;

- жай оқулықтағы ақпаратты іздеу мүмкіндіктері біраз уақыт алатын болса, электрондық оқулық қажетті оқулықты тез мүмкіндік береді;

- гипермәтінді түсіндірулерге өту барысында уақытты үнемдеуге көмектеседі.

Ең бастысы, электрондық оқулықтарды дайындаудың бір жүйеге келтірілген заңдылығы болуы керек. Осыған байланысты электрондық оқулықтарды дайындауда мынадай дидактикалық шарттарды ескерген жөн:

- белгілі бір пәнге байланысты дайындалған электрондық оқулықтың сол пәннің типтік бағдарламасына сәйкес болуы;

- электрондық оқулықтар курста оқытылатын тараулар мен тақырыптарға қатысты дәріс конспектісін қамтитын негізгі зертханалық және тәжірибелік тапсырмаларды орындауға арналған қосымша материалға қатысты анықтама, библиографиядан тұратын көмекші, аралық және қорытынды бақылау сұрақтарынан тұратын тест, материалдарды дайындауда пайдаланылған әдебиеттер тізімдері бөлімдерін қамтуы;

- электрондық оқулықтың кәдімгі оқулықтар мазмұнын қайталамауын, яғни, берілетін тақырыпқа қатысты ақпараттың нақты әрі қысқа берілуін ескеру;

- белгілі бір тақырыпқа қатысты материал 2-3 экрандық беттен артық болмау.

Егер мәтін көлемі бірнеше экрандық бетті қамтитын болса, онда экранда пайда болатын оң жақ тік төменгі көлденеңінен жылжыту сызықтарын электрондық оқулықты пайдаланушының материалға қатысты ойын бөледі және мәтінді жоғары-төмен, оңға–солға жылжыта беру пайдаланушының шыдамдылығына да әсер етеді. Сондай-ақ кейбір пәндерге, атап айтқанда, физика, химия, биология секілді пәндерге қатысты үрдістерді анимациялап көрсету, тіпті кинофильмдер мен диафильмдер үзінділерін MPEG, AVI типті файлдар ретінде сақтап, оларды гипермәтінді формат арқылы электрондық оқулыққа кірістіру оқулықтың көркемдік әдістемелік деңгейін арттырады.

Электронды оқулықпен оқытудың негізгі мақсаты: «Оқыту процессін үздіксіз және толық деңгейін бақылау, сонымен қатар ақпараттық ізденіс қабілетін дамыту». Білім берудің кез келген саласында «Электрондық оқулықтарды» пайдалану оқушылардың танымдық белсенділігін арттырып қана қоймай ойлау жүйесін қалыптастыруға шығармашылықпен еңбек етуіне жағдай жасайды.

Осы уақытқа дейінгі білім беру саласында тек мұғалімнің айтқандарын немесе оқулықты пайдалану қазіргі заман талабын қанағаттандырмайды. Сондықтан қазіргі ақпараттандыру қоғамында бұл оқулықтарды пайдаланбай алға жылжу мүмкін емес. Осы принципті басшылыққа ала отырып, қазіргі заман талабына сай сабақтарда жүйелік бағдарламаны пайдаланып, оқу бағдарламасын да электрондық оқулық негізінде құрған өте тиімді. Әр сабақтарға арналған бейне көрініс электронды оқулықтарда бар. Бұл электрондық оқулықтарды пайдаланып сабақ өткізу өте

тиімді, мұғалім көп ізденбей дайын сабақтарды өз жұмысында пайдалануға толық мүмкіншілігі бар. Әсіресе, логика, алгоритм, интернетке шығу, WEB сайт құру.

Қазіргі уақытта электрондық WEB оқулықтардың қандай екендігі туралы біртұтас ой жоқ. Электрондық оқулық дегеніміз – мультимедиялық оқулық, сондықтан электронды оқулықтың құрылымы сапалы жаңа деңгейде болуға тиіс. Электрондық оқулық оқушының уақытын үнемдейді, оқу материалдарын іздеп отырмай, өтілген және оқушының ұмытып қалған материалдарын еске түсіруіне зор ықпал етеді. Себебі, көптеген электронды оқулықтарда оқушының өзіне көрнекілік қолданған тиімді қажет элементінің жанында жазуы болады.

Мазмұны қиындау бір үлкен тақырып бөліктерін өткенде қосымша бейнехабар және клиптер қажетті элемент болып табылады. Бейнеклиптер уақыт масштабын өзгертуге және көріністерді тез немесе жай түрде көрсетуге пайдалы. Электронды оқулық таңдап алынған хабарды көшіруге мүмкіндік туғызады. Электронды оқулықтың ең қажет элементі – аудио хабарлар.

Сондай-ақ мұғалімдерге де өздеріне қажетті әдістемелік, дидактикалық көмекші құралдарды молынан ала алады. Заман талабына сай жас ұрпаққа сапалы білім беруде электронды оқулықтарды сабақта пайдалану – оқытудың жаңа технологиясының бір түрі ретінде қарастыруға болады. Ой-өрісі дамыған, шетелдік білім жүйесінен қалыспайтын жас ұрпаққа білім беру жолындағы ортақ міндетті өз мәнінде жүргізу үшін электронды оқулықтарды тиімді пайдаланып отырсақ білім берудегі еңбегіміз жақсы нәтижеге жетер еді.

Электрондық оқулықтың мазмұндық бөлігі гипермәтін арқылы жүзеге асырылады. Бұл мәліметтер жиынтығы ретінде ақпараттық–оқу ортасы болып саналады. Ол білім беру міндетті білім деңгейі талаптарына сай электронды оқулықты жасаушы автордың көзқарасымен іріктеледі. Гипермәтіндер сол пән саласы бойынша бейне материалдармен толықтырылады.

Электрондық оқулықтың операциялық бөлігі интерактивті режимдегі тапсырмаларды орындауға негізделген. Бұл әдістің жүзеге асуы, негізінен, оқыту әдістемесіндегі педагогикалық мәселенің дайындалу деңгейіне және сонымен қатар қашықтықтан оқыту әдістемесіне байланысты.

Электрондық оқулықтың бағалық - нәтижелік бөлігі тесттер арқылы жүзеге асады. Тест сұрақтарына жауап бергеннен кейін оқушы диаграмма түрінде өзінің білім деңгейін көре алады. Оқытудың компьютерлік технологиясының оқу үрдісінде кеңінен енуі оқушылардың өзіндік және шығармашылық белсенділігін дамыта отырып, электрондық оқулық көмегімен олардың өзіндік жұмыс түрлерін орындауға баулиды.

Электрондық оқулықтар пән саласындағы жетекші мамандар, педагогдидактика - әдіскерлер және программист – дизайнер – операторлардың бірігуімен оқу бағдарламасына сәйкес жасалынады, олар қарым-қатынас арқылы білім бағдарламасының мазмұнын анықтайды. Алайда, берілген бағдарлама оқыту әдісінің позициясын жағынан негізі психологиялық–педагогикалық және әдістемелік талаптарға жауап беретіндей болуы керек.

Электрондық оқулықтар – оқытудың автоматтандырылған процесі болып табылады. Оқушылар мұғалімнің көмегімен немесе өздігінен модульдермен, гипермәтіндермен, тапсырмалармен, тестілермен таныса алады.



1-сурет. Электрондық оқулықтың құрылымы

Мұндай мәтіндік және компьютерлік деп бөлінетін екі дидактикалық бөліктен тұратын электрондық оқулықтарды оқу процесінде пайдаланудың моделін 2-суреттегідей бейнелеуге болады, ал бастауыш мектепте мұның алғашқы қадамдары ғана қалана бастайды. Мәселен, оқушының өз бетімен жұмыс жүргізуі мүмкін емес, оған мұғалімнің басшылығы өте қажет. Сондықтан бұл модельге түбегейлі болмағанмен өзгерістер енгізеді.

Бұл модельге сәйкес оқу материалының мазмұны электрондық оқулықтағы модульдер көмегімен беріледі. Оқу материалы компьютерлік жаттықтырғыштар, тапсырмалар арқылы сабақта бекітіледі. Электрондық оқулықтарда компьютерлік жабдықтары әдістемелік нұсқауларымен енгізіледі. Электрондық оқулықтармен жұмыс оқушылардың пәнге қызығушылығын арттырып, оқу материалын тереңірек білуге талпындырады, таным белсенділігін күшейтеді, сонымен қатар оқу процесін қарқындандырады.



2-сурет. Электрондық оқулықты пайдалануға негізделген оқытудағы ақпараттық технологияның моделі.

«Электрондық оқулықтар жасаудың педагогикалық техникалық құрылымы оқыту үрдісінің заңдылықтарына негізделіп, бір-бірімен байланысты төрт бөліктен тұрады» - деп көрсетеді Г.Қ.Нұрғалиева өз еңбегінде.

Электрондық оқулық материалдарын оқу процесінде жаңа материалды оқу (танымдық іс-әрекет, аналитикалық талдау); оқушылардың ізденіс жұмыстары (тапсырма бойынша жеке көзқарасты компьютерде бейнелеу, белгілі бір сұрақ төңірегінде ізденіс жүргізу, тақырып бойынша материалдарды жүйелеу, жинақталған компьютерлік материалдарды өңдеу); аралас сабақ (оқып-үйрену, қайталау, жалпылау); өз бетімен оқу (ақпарат блоктары арасындағы қатынас бойынша жаттығу, жеке дара шығармашылық жобалармен айналысу); білім тексеру (логикалық тапсырмаларды, тестілерді пайдалану); қайталау (оқу материалдарын, тапсырмаларды қайталау) үшін пайдалануға болады.

Электронды оқулықпен оқытудың негізгі мақсаты – оқыту үрдісін үздіксіз және толық деңгейін бақылау, сонымен қатар ақпараттық–ізденіс қабілетін дамыту.

Білім берудің кез келген саласында, соның ішінде гуманитарлық оқытылатын пәндерге «Электрондық оқулықтарды» пайдалану оқушылардың танымдық белсенділігін арттырып қана қоймай, ойлау жүйесін қалыптастыруға, шығармашылықпен еңбек етуіне жағдай туғызады.

Жалпы орта білім саласына ене бастаған қазіргі мультимедиалық құралдардың бірі «виртуалды шындық» деп аталатын технологияға негізделген модельдеудің әр түрлі құралдары болып табылады.

«Виртуалды шындық» нағыз бар немесе ойдан құрастырылған нысандарға немесе процесстердің электрондық модельдері жатады.

Виртуалды шындық – бұл дыбыстық, көзге көрнекті, тактильді және т.б. ақпарат түрлерін бейнелейтін және қолданушының көлемді виртуалды кеңістікке енуін, реалды уақытта бұл кеңістіктің нысандарына қатысты қолданушының жылжуына жағдай жасайтын мультимедиалық құралдар.

"Виртуалды шындық" жүйелері адамның ортамен тікелей қарым – қатынасын қамтамасыз етеді. Олардың ішінде қолданушы компьютердің жадысындағы ортадағы нысанды қолымен ұстай алады. Бұл әрекетті датчиктері бар қолбақ киіп іске асыруға болады. Басқа жағдайда экранда бейнеленген затты «аударуға» және оны басқа жағынан қарастыруға болады. Қолданушы «ақпараттық киім-кешекпен»,

«ақпараттық қолбақпен», «ақпараттық көзілдірікпен» (көзілдірік - мониторлары) немесе басқа аспаптармен қамтамасыз етіліп, виртуалды кеңістікке қадам баса алады (6-сурет).

Осындай тәрізді мультимедиалық құралдарды мектепте қолдану қабылданатын ақпаратты ойластыру және тану механизмін өзгертеді.

Тәуелсіз еліміздің рухани және экономикалық өрлеуі, білім берудің қазіргі жаңа құрылымы мен оқу-әдістемелік мазмұнының өзгеруі оқытушылардың өз кәсіби шеберліктерін шыңдауды, жаңартуды талап етеді. Білім беру саласында жаңа ақпараттық технологияларын пайдалану арқылы жаңа инновациялық әдістері ретінде қашықтықтан оқыту жүйесі жетекші рөл атқарады. Қашықтықтан білім беру дегеніміз – оқытушы мен оқушының қазіргі заманда ақпараттық-коммуникациялық технологияларды оқу үрдісінде пайдалануды жүзеге асыруы. Компьютермен жұмыс істеу оқушының танымдық қабілетін арттыра отырып білім нәтижесіне көз жеткізеді. Компьютер арқылы оқыту мынадай міндеттерді қамтиды:

- оқушылардың компьютерлік сауаттылығын ашады;
- оқыту, тәрбиелеу үрдісіндегі ақпараттық алмасу сипатын айқындайды;
- дайын бағдарламаларды қолдана білу шеберлігін арттырады;
- ойлау қабілетін дамытады.

Жалпы қашықтықтан оқытуды сырттай конференция өткізуге мүмкіндік беретін спутниктік байланыс: кабельді теледидар, компьютерлік желілер мен CD-ROM дискілері, электронды пошта желілері, т.б аудио-видео құралдары арқылы ұйымдастыруға болады. Бүгін интернет немесе теле көрсетіліммен ешкімді таңдандыру мүмкін емес, себебі олар оқу-танымдық қызметінде үнемі қолданылып жүр.

«Ауыл мектептерін қашықтықтан оқыту» жобасы бойынша ақпараттық-коммуникациялық технологияларды тиімді пайдалану арқылы білім сапасын арттыру – бүгінгі күннің басты мақсаты.

Қашықтықтан оқытуды жүзеге асырудың негізгі әдістері электронды оқулықтар мен «Қашықтықтан оқытудың жер серіктестігі» арнасы болып табылады. Ал қарама-қарсы байланыс интернет арқылы жүзеге асырылады.

Қашықтықтан оқытудың Жер серіктестігі арнасының басты мақсаты – ауыл мектептерін ашық білім кеңістігіне қосып, ауыл оқушыларының білім сапасын арттыру, ауыл мектептеріне ғылыми-әдістемелік көмек көрсету. Қашықтықтан оқыту Жер серіктестігі арнасы барысында біз дәстүрлі сабақтың ауқымын кеңейтіп, ақпараттық ортаны едәуір жоғарылатып, білім беру үрдісін көру арқылы қабылдауын қамтамасыз етеміз, яғни бұл арнаның басты ерекшелігі және тиімділігі оқушы мен оқытушының арасындағы байланыс көзбен көру арқылы жүргізіледі.

Мұнда бейнетаспаға түсіріліп алынған сабақтар мен телебағдарламалар басты рөл атқарады, яғни кез келген пәннен түсірілген белгілі бір тақырыптағы телевизиялық оқу сабақтары оқытушының сабақты жүргізу әдісін бейнетаспаға жазып алумен ерекшеленеді.

Компьютерлік телекоммуникациялы тиімді кері байланысты қамтамасыз етеді, ол әрі оқу материалын, әр оқушылармен қарым қатынасты (электрондық почта, телеконференция арқылы) ұйымдастыруды қамтамасыз етеді. Қашықтықтан мұндай оқыту қашықтан оқыту деген атауға ие болды.

Қашықтан білім беру жүйесі деп арнайы ақпараттық білім беру ортасының көмегімен ақпарат алмасу құраладарының қызметіне бағытталған кез келген қашықтықта халыққа ұсынылатын білім беру қызметін түсінеміз.

Оқытудың мұндай түрін құру идеясы компьютерлік технологиялар кеңінен таралғанға дейін пайда болды. Қашықтықтан оқытудын тарихын шартты түрде 3 кезеңге бөлуге болады.

Әрбір кезеңнің сипаттамасы оқушылар мен мұғалімді байланыстыратын коммуникациялық база болып есептеледі. Бірінші кезеңнің коммуникациялық базасын әдеттегі почта атқарды, ол корреспонденция алмасу арқылы жүзеге асты. Радио, теледидар, аудио және бейне техникалардың таралуымен дистанциялық оқытудың екінші кезеңі анықталады.

Қашықтан оқытудың бірінші және екінші кезеңдері оқытушымен оқушылардын арасындағы асинхронды байланыспен сипатталды.Интерактивті коммуникациялық технологияларды дамуы дистанциялық оқытудың үшінші буынының базасын қалыптастырады. Бұл кезеңде ақпарат алмасу негізінен синхронды болып табылады,яғни ақпарат алмасу шынайы уақыт режимінде жүзеге асты.

Қашықтан білім берудің педагогикалық – психологиялық негіздерін жеке мәселелері: ұйымдастырушылық, әдістемелік, технологиялық аспектілері ғалым, мамандардың зерттелуінде қарастырылады, олардын әр қайсысы өз кезегінде қашықтан оқытудың идеясын педагогикалық практикаға еңгізу, ғылыми зерттеулерді, ұйымдастырумен үгіттеуге өз үлестерің қосты: А.А.Андреев, Д.М.Джусубалиева, А.А.Дувонов, В.А.Каймин, В.Г.Кенелев, Г.К.Нурғалиева, Е.С.Полат, И.В.Роберт, В.П.Техомиров, А.В.Хуторской.

Уйлестірілген класс моделі әр жерде орналасқан бір класс, оқушылар тобынын есептелген курсті интерактивті телекоммуникациялық технологиялар кенейткен жағдайда пайдаланылады.

Өз бетімдік оқыту моделі,оқушыларды анықталған уақыт кестесі бойынша белгілі бір класс бөлмесінде отыру қажеттілігінең босатумен сипатталды.

Ашық оқыту моделі дистанциялық топтын ішінде оқушылардың қарым – қатынасын ұйымдастыру үшін оқушыға курсті интерактивті телекоммуникациялық технологияларды пайдалана отырып, өзіне қолайлы жылдамдықпен оқуға мүмкіндік беретін курсті баспа түрінде беретін және басқада құралдары пайдалануын қамтиды.

Қашықтан оқытудың негізі – курстін оқу материалдарынын: әдебиеттермен аудио бейне кассеталардағы жазулар,компьютерлік программалар тақырыптар бойынша арнайы іріктелген оқушылардын өзіндік жұмысы.

Қашықтан білім берудің сипаттамалары:

- қаланың шалғайта орналасқан орталық аудандары үшін теңдесі жоқ мүмкіндік;
- курстын модулмен құрылуы;
- аудиторияларда және оқытушалырдың қажеттілігін шамалылығына байланысты оқытуға жұмсалатын шығынның салыстырмалы түрдегі төмендігі;
- жоғары жинақтылық;
- оқушылардың бос уақытын барынша үнемдеуі.

Қашықтан оқыту әдістері. Қашықтан оқыту дәстүрлі оқыту тәрізді екенін зерттеулер көрсетті, И.Я.Лернер, М.Н.Скаткин және т.б зерттеушілердің жұмыстарына сүйене отырып, бес жалпы дидактикалық оқыту әдісін ерекшелеуге болады: ақпараттық рецептивті, репродуктивті, проблемалық, зерттеу және эвристикалық.

Қашықтан оқыту құралдары.Қазіргі және болашақ оқыту құралдары:

- қағаз оқу басылымы;
- желілік оқылу басылымы;
- электрондық оқу басылымы;
- аудио оқу ақпараттық материалдары;
- зертханалық дистанциялық практикумдары;
- вертуалдық шыңдық негіздеріндегі оқыту құралдары.

Қашықтан оқыту түрлері. Әлеуметтік гуманитарлық пәндерді практикалық оқытуда, білім беруді дәстүрлі формаларында да, регламентті оқыту формалары: лекция, семинарлар, зертханалық сабақтар, бақылау жұмыстары, курсттық жұмыстар, емтихандар, өз бетіндік жұмыс және т.б. кеңінен таралған.

Қашықтан оқыту – оқулық материалын жеткізу, оны өз бетімен оқып-үйрену, оқыту үрдісі қандай да бір нақты оқу орнының орналасқан жеріне тәуелсіз болған жағдайда оқытушы мен оқушылар арасындағы сұхбатты ұйымдастыру үшін қолданылатын дәстүрлі және жаңа ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалануға негізделген оқытудың интеграциялық нысаны.

Қазақстанда қашықтан оқыту жүйесін халықтың мынадай категориялары қажет етеді:

- ЖОО оқушытері;
- Орта мектеп оқушылары;
- Түрлі деңгей басқарушылары;
- Аймақтық басқару органдары жетекшілері;
- Жұмыспен қамту қызметінде тіркелген тұлғалар;
- Екінші білім алуға немесе біліктілігін өзгертуге ниет білдірген тұлғалар;
- Қандай да бір білім саласындағы біліктілігін арттырғысы келетін тұлғалар.

Қашықтан оқытудың негізгі ақпараттық технологиялары:

- оқу-әдістемелік материалдар жинақтарын құрамдастырып, оқушыларға өз бетімен оқып-үйрену үшін таратуға негізделген **кейс-технологиялар;**

- эфирлік, кабельді және ғарыштық телевизия жүйелерін пайдалануға негізделген **ТВ-технологиялар;**
- оқушытерді оқу-әдістемелік материалдармен қамтамасыз ету үшін де, оқытушы мен оқушы арасындағы интерактивті қарым-қатынас орнату үшін де Internet желісін пайдалануға негізделген **желілік технологиялар;**

Internet арқылы қашықтан оқыту жүйесін Internet желісіне қатынай алатын кез келген адам пайдалана алады.

2006 жылдың басында «Шалғайдағы және осал аймақтардың орта мектептері үшін АКТ пайдаланып қашықтан оқыту» ЮНЕСКО жобасы аясында Республикалық білім беруді ақпараттандыру ғылыми-әдістемелік орталығы «Modular Object Oriented Digital Learning Environment (MOODLE)» - http://moodle.rcie.kz/moodle/ - **Қашықтан оқыту порталын** ашты.

Порталда тіркелген пайдаланушылардың мектеп бағдарламасы бойынша білім беру материалдарына тегін қатынауға, біртұтас ұлттық тестілеуге әзірленуге, сынақ тестілеуден өтуге, әдістемелік көмек алу мүмкіндігі бар.

Форумда оқытушылар әрбір оқу курсы бойынша пікір алмасып, қандай да бір тақырып бойынша сабақ өткізу тәжірибесімен бөлісіп, жаңа тақырыптарға пікірталастар ұйымдастыра алады.

Бақылау сұрақтары:

1. Электронды оқыту дегеніміз не?
2. Электрондық оқытудың маңызы?
3. Виртуальды кітапхана?
4. Қашықтан оқыту тиімділігі мен қиындықтары?
5. Желілік технологиялар?

Дәріс 9.

Тақырыбы: Білім берудегі басқару қызметтерін автоматтандыру. Білім берудегі ақпараттық жүйелер. Білім мен икемділіктерді бағалау жүйелері олардың теориялық негіздері мен практика да іске асырылады.

Мақсаты: Білім берудегі басқару қызметтерін автоматтандыру. Білім берудегі ақпараттық жүйелер. Білім мен икемділіктерді бағалау жүйелері олардың теориялық негіздері мен практика да іске асырылуын байқау.

- Білім беруді автоматтандыру
- Компьютерлік оқыту бағдарламалары
- Электронды оқулықты қолдану
- Компьютерлік сауаттылық

Білім беруді автоматтандыру дамыған елдердегі білім беру жүйесінде ерекше маңызды болып табылатын мәселелердің бірі - оқытуды ақпараттандыру, яғни оқу үрдісінде ақпараттық технологияларды пайдалану болып табылады. Қазіргі таңда да елімізде білім беру жүйесінде жаңашылдық қатарына ақпараттық кеңістікті құру еніп, көкейкесті мәселе ретінде күн тәртібінен түспей отырғандығы мәлім.

Ақпараттандыру жағдайында оқушылар меңгеруге тиісті білім, білік, дағдының көлемі күннен күнге артып, мазмұны өзгеріп отыр. Мектептің білім беру саласында ақпараттық технологияларды пайдалану арқылы білімнің сапасын арттыру, білім беру үрдісін интенсификациялау мен модернизациялаудың тиімді тәсілдерін іздестіру жұмыстары жүргізіліп жатыр. Бұл жұмыстардың тиімділігі мен нәтижелілігі бірнеше оқу-әдістемелік, психологиялық-педагогикалық мәселелердің шешімін ғылыми түрде негіздеуді талап етеді. Оларды бірнеше бағыттарға бөлуге болады:

- оқу үрдісінде ақпараттың технологияларды іске асырудың жүйелі ғылыми-әдістемелік жолын анықтау;
-оқушылардың тәжірибелік іс-әрекетінде ақпараттық технологияларды пайдаланудың әдістемесін жасау;
-мұғалімдердің ақпараттық технологияларды меңгеру және оқу үрдісінде пайдалану бойынша кәсіби біліктерін жетілдіру;
-оқушыларды білім, білік, дағдыны меңгеру үшін ақпараттық технологияларды пайдалануға үйрету;
- мектептің материалдық-техникалық базасын нығайту.

Оқу үрдісінде компьютер оқып-үйрену нысаны ретінде, сонымен бірге оқыту, тәрбиелеу, дамыту мен оқытудың мазмұнын меңгеруді диагностикалау құралы ретінде әрекет етеді. Мұның өзі ақпараттық технологияларды пайдаланудың екі бағыты бар екендігін анықтауға мүмкіндік береді. **Бірінші бағыт** тұрғысынан алып қарасақ, ақпараттық технологиялар білім, білік, дағдыны игеру үшін қажетті ресурс болып табылып, оқушылардың саналы тәрбие, сапалы білім алуына жағдай жасайды, ал **екінші бағыт** тұрғысында ақпараттық технологиялар оқу-тәрбие үрдісін ұйымдастыру тиімділігін арттырудың қуатты құралы болып табылады.

Бүгінгі таңда мектептің білім беру жүйесін ақпараттандыру жағдайында өзіндік қайшылықтардың да орын алып отырғанын айту қажет. Мәселен, мектептерде әлі де болса компьютерлердің саны жеткіліксіз, барлық пән мұғалімдерінің бағдарламашылармен тікелей жұмыс істеу мүмкіншілігі шектеулі, автоматтандырылған оқыту бағдарламаларының саны аз, оларды көбейту мәселесі нақты шешімін таппаған, ақпараттық технологияларды пайдалану арқылы информатикадан басқа пән сабақтары өткізілмейді десе де болады.

Сондықтан білім беруді жаңа сатыға көтеру үшін тек білім мазмұны мен оқыту әдістерін ғана емес, ақпараттық технологияларды кеңінен пайдалану арқылы оқытуды ұйымдастыру формаларын да жетілдіру керек. Мұның өзі мынадай оқу-тәрбие міндеттерін шешуге көмектеседі:

- оқу үрдісін дербестендіру. Мәселен, компьютер оқытуды нақты бір авторлық бағдарлама бойынша жүзеге асыруға мүмкіндік береді;

- нақты әрекетке негізделген кері байланысты қамтамасыз етеді. Мәселен, компьютер арқылы әрбір оқушы өзінің білімін бақылауға, тексеруге және бағалауға мүмкіндік алады;

- материалды меңгеру жылдамдығын арттыруға болады.

Ғылыми педагогикалық-психологиялық әдебиеттерді және мектеп тәжірибесін оқып-үйрену мен талдау негізінде ақпараттық технологияларды мектептің оқу үрдісіне енгізу үшін кешенді ақпараттық білім беру жүйесін құру қажеттілігі туындады. Бұл жүйенің негізін ақпараттық технологиялар құрайды. Енді оқытудың ақпараттық технологияларының мәнін ашып көрсетейік.

1. Компьютерлік және ақпараттық сауаттылық. Компьютерлік сауаттылыққа электронды есептеуіш техникасымен жұмыс істеу білігін жатқызуға болады. Ақпараттық сауаттылық ақпаратты алудың, қайта жасаудың, жеткізудің, сақтаудың және пайдаланудың негізгі ережелерін білуді көздейді.

2. Оқу үрдісінде компьютерді пайдалану оқушылардың өзіндік жұмыстарын ақпараттық-әдістемелік тұрғыдан қамтамасыз етуге де елеулі өзгерістер енгізуге мүмкіндік береді, мұндай жаңашыл өзгерісті оқулықтардан бастауға болады. Мұнда дәстүрлі баспа оқулықтарымен қатар оқу үрдісінде электронды оқулықтарды пайдалану көзделеді.

Электронды оқулықтың автоматтандырылған оқу үрдісі ашық дамитын әдістемелік жүйе екендігі белгілі. Сонымен бірге электронды оқулық оқу ақпаратын тасымалдаудың жаңа құралы болып табылады. Онда оқу ақпаратты толық мазмұндалып, әр түрлі қосымшалар, анықтамалық материалдар, бақылау тапсырмалары, ұсынылатын әдебиеттер тізімі және тақырыптық ресурстарға сілтемелер беріледі.

Электронды оқулықтың жетістіктері мыналар болып табылады:

- шұғыл кері байланысты қамтамасыз етеді;

- дәстүрлі оқулықта көп іздеуді қажет ететін тиісті ақпаратты тез табуға көмектеседі;

- гипермәтінді түсіндірмелерді бірнеше рет қарап шығу барысында уақытты анағұрлым үнемдеуге мүмкіндік береді;

- қысқа мәтіндермен қатар көрсетеді, әңгімелейді, жобалайды, т.с.с. (мультимедиа-технологияның мүмкіндігі мен артықшылығы тура осы жерде көрінеді);

- әрбір оқушыке дербестік тұрғыдан қатынас жасауға мүмкіндік беріп, олардың өз бетінше білім алуын қамтамасыз етеді;

- белгілі бір бөлім бойынша білімді тексеруге мүмкіндік туады.

3. Моделдеу. Моделдеу идеясы оқыту үрдісінде жаңа мүмкіндіктер береді. Атап айтқанда, оқу үрдісінде компьютерлік моделдеуді қолдану ойға негізделген болжамдарды тексеруге, сонымен қатар оқушының қоршаған ортамен байланысын анықтап, адамзат санасын жаңа деңгейге көтеруге ықпал етеді, компьютерлік графика адамның айтар ойын белгілі бір графикалық жүйеге келтіріп, адамның шығармашылық болжамын шыңдауға көмектеседі. Бұл моделдеу әдістемесі оқу бағдарламасының сапасын бағалау жолымен оқушылардың шығармашылық қасиеттерін және ғылыми зердесін дамытудың құралы болып табылады.

Компьютер ақпаратпен жұмыс істейді, нысандық жағдайлар жөніндегі мәліметтер модел ретінде оның сөздік, сандық "сипаттамасы" қаралады. Сондықтан да ақпараттық моделді күрделі жүйе ақпаратының көзі ретінде қарауға болады.

5. Компьютерлік оқыту бағдарламалары. Олар интерактивті тәртіппен компьютер арқылы қандай да болсын пәнді оқып-үйренуді көздейтін бағдарламалар болып табылады. Бұл бағдарламаларда теориялық материал мен блоктар болады, олар оқушылардың берілген білім көлемін меңгеруінің сапасын анықтауға мүмкіндік береді.

Бақылау сұрақтары:

1. Білім беруді автоматтандыру?
2. Компьютерлік оқыту бағдарламалары?
3. Модельдеу?
4. Электронды оқулықты қолдану?
5. Компьютерлік сауаттылық?

Дәріс 10.

Тақырыбы: Тестілеу және ЕҰТ жүйелерінің электрондық нұсқалары.

Мақсаты: Тестілеу және ЕҰТ жүйелерінің электрондық нұсқалары. Білім беру нәтижелеріне мониторингі жасау жүйелері жайлы мағлұмат беру

- Білім беру нәтижелеріне мониторингі жасау жүйелері
- ҰБТ,МАБ, КТ жайлы түсінік
- тесттік форманы тиімді, тиімсіз жақтары
- Бағалау

Тәуелсіз мемлекет болып қалыптасу процесіне байланысты өзгеріс аралығындағы білім беру жүйесінің жағдайына талдаудан бастайық (1991-2001жж).

ҚР-ғы білім беру жүйесінің теориясы мен практикасының негізгі тенденцияларының дамуы жетекші ғалым-педагог Т.С.Садықов, А.Е.Абылқасымова Р.М.Жұмабековалардың жұмыстарында талқыланған.

Қалыптасып келе жатқан ұлттық білім беру жүйесін заңды түрде қамтамасыз ету үшін алғашқы заңдардың бірі болып Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңы қабылданды (1992ж). «Жоғары білім туралы» (1993 ж) қабылданды.

«Білім туралы» заңы (1992ж) бойынша жалпы орта білім беру білім беру жүйесіндегі негізгі буын болып табылады және жалпы білім беретін орта мектепте үш баспалдақта жүзеге асырылады: бастауыш, негізгі және аға. Көрсетілген баспалдақтың әрқайсысы өзінше басқарылады. Кәсіптік-техникалық білім беру мекемесі болып қалды және ол жастарды жаппай мамандандыру мәселесін шешуге мүмкіндік береді.

«Білім туралы» заңындағы келтірілген прогрессивті идеялар президенттің жарлығында әрі қарай дамиды, 30-тамыз 1995 ж. және 27-қаңтар 1996жылғы ҚР-

дағы білі беру мәселелеріне байланысты кейбір заң актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы заңында күшіне енді.

Білім беру 1997 жылдың қазанында қабылданған «Қазақстан-2030:гүлдену, қауіпсіздік және барлық қазақстандықтардың тұрмысын жақсарту» стратегиялық бағдарламасының басымдылықтарының бірі болды.

1999 жылдың 7-маусымында бірыңғай барлық деңгейде білім беруге арналған жаңа «Білім беру» жаңа заңы қабылданды. ҚР-ның «Білім туралы» жаңа заңының ерекшелігі білім берудің жаңа ұлттық моделін бекіту болды. Ол төмендегідей қағидаларды қамтиды:

-білім беруді басқаруға демократиялық сипат және білім беру мекемелерінің өкілеттілігін кеңейту;

-білімділікке ұмтылыс принципі мен дарындылықты дамыту;

-үш тілдікті енгізу принципі (қазақ, орыс және бір шетел тілі);

-ана тілін үйренудегі ұлттық топтардың құқығын орнату және оларға арналған оқу орындарын құру;

-мемлекеттік емес білім беру секторын біыңғай білім беру жүйесінің құрамдас бөлігі ретінде анықтау.

Ұлттық білім беру жүйесінің жаңа моделі, ең алдымен, жоғары сапалы білім беру мен тәрбиелеуді жаңаша ойлай білетін және аса жоғары деңгейдегі азаматтылығы бар жоғары кәсіптік маман кадрларды дайындауды қамтамасыз етуге бағытталған.

Білім беруді ұлттық моделі жалпы білім беру бағдарламалары негізінде оның жетістіктері мен үздіксіздігімен білім берудің төрт деңгейін қамтиды:

-мектепке дейіңгі тәрбиелеу және оқыту;

-орта білім беру;

-жоғары кәсіптік білім беру;

-жоғары оқу орнынан кейінгі кәсіптік білім беру.

Ұлттық білім берудің моделіне сәйкес орта білім: жалпы орта, бастауыш кәсіптік және орта үш баспалдақтан тұрады:бастауыш (1-4 сыныптар), негізгі (5-9 сыныптар) және аға (10-11сыныптар). 9 сыныпты бітіргеннен кейін негізгі білім алғаннан кейін оқушылар өзінің оқуын не жалпы білім беретін мектепте, не кәсіптік немесе колледжде жалғастыруына болады.

Сонымен қатар, «Білім туралы» жаңа заңға оның басым міндеттері ретінде еңбек нарығында бәсекеге қабілетті білікті жұмысшылар **даярлау**, оларды **қайта даярлау** және біліктілігін арттыру жатқызылады.

Республикада 162 жоғарғы оқу орнын, 246 колледж, 303 кәсіптік мектептер, 15000 оқу өндірістік комбинаттары, оқу орталықтары мен әртүрлі курстарды қамтитын білім беруді ұйымдастырудың кеңейтілген желісі бар.

Орта білім беру жүйесін ақпараттандыру бағдарламасы 1997-2002 жылдарға есептелген, 5 кезеңді қамтиды. Оны қаржыландыру 154 млн долларды құрады. Аталған бағдараламаның 1-кезеңінде (1997-1998 оқу жылы) қалалардағы және аудан орталықтарындағы негізгі орта мектептер компьютерлік техникамен қамтамасыз етілді. Білім беруді басқаруға байланысты ақпараттық жүйелер құру,

білім берудегі жаңа технологиялардың аймақтық орталықтарын бекітіп, кеңейту жұмыстары жүзеге асырылды.

2-кезеңде (1998-1999 оқу жылы) орта мектептерді компьютерлендіру басталды.

3-кезеңде (1999-2000 оқу жылы) барлық негізгі мектептерді компьютерлендіру аяқталды.

4-кезеңде (2001-2002 оқу жылы) барлық қалған мектеп түрлері, негізінен бастауыш мектептер компьютерлендірілді. Астана, Алматы, Қарағанды, Маңғыстау облыстарының мектептері толықтай компьютерлендірілді. Ақтөбе, Қостанай, Батыс Қазақстан, Қызылорда, Оңтүстік Қазақстан, Жабыл облысының мектептері 40%-тен 90 %-ке дейін жабдықталды. Алматы, Шығыс Қазақстан, Солтүстік Қазақстан және Павлодар облыстарының мектептері 40 %-ке дейін жабдықталды.

Білім басқарудың тест жүйесін енгізуге байланысты реформа жасалған жылдар:

-1993-Республикалық тестілеу орталығын құру, ол бірінші рет түрлендіруден кейін білім беру мен тестілеудің мемлекеттік стандарттарының ұлттық орталығы (БТМСҰО) деп аталады;


-1993-1997-тест технологияларын жетілдіру, оны білім берудің жеке ұйымдарына, «Болашақ» степендиаттарын конкурспен іріктеуде енгізу;

-1998-Қазақстанның кейбір аймақтарында жоғары оқу орындарына тестпен қабылдау;

-1999-2003-жоғары оқу орындарына қабылдауда талапкерлерді кешенді тестілеуден өткізу, жоғары және бітіруші курс оқушытерін мемлекеттік аттестациялауды тестпен өткізу;

-2003-2005-мектеп бітірушілерді қорытынды мемлекеттік аттестаттау мен қабылдау емтихандарын біріктіруді қарастыратын ұлттық бірыңғай тестілеу (ҰБТ), аралық мемлекеттік бақылау, аспирантураға қабылдау үшін тестілеу.

2002-2005 жылдары кәсіптік мектептер мен колледждерге оқу-есептеу техникаларының мультимедиялық кластарын қою жоспарланды.



1.7-сурет. Оқушылардың жетістіктерін сырттай бағалаудың деңгейлері мен мақсаттары.

Көп деңгейлі білім берудің ұлттық жүйесін жаңғырту, білім беру сапасын арттыру үшін ҚР-да білім беруді дамытудың 2010 жылға дейінгі Мемлекеттік бағдарламасы жасалды. Оған «Бәсекеге қабілетті Қазақстан, бәсекеге қабілетті экономика, бәсекеге қабілетті ұлт» атты 2004 жылдың 19 наурызында жолданған ҚР Президентінің Қазақстан халқына жолдауы негіз болды.

Білім беру саласындағы, оның ішінде, білім беруді ақпараттандыру саласындағы мемлекеттік саясаттың жүзеге асырылу стратегиясын, жаңа бағыттарын, басымдылықтарын, міндеттері мен механизмдерін анықтайды:

-оқу процесін АКТ-ны енгізудің нормативті құқықтық базасын жетілдіру;

-компьютерлік техникамен қамтамасыз етудің әлемдік көрсеткіштеріне жету үшін орта білім беру ұйымдарын ары қарай компьютерлендіру (1 компьютерге келетін оқушы саны 10-15);

-техника мен кәсіптік білім беретін оқу орындары үшін бір компьютерге 25 оқушы;

-орта білім беру ұйымдарын Интернет желісіне қосу;

-білім берудің барлық деңгейі үшін дистанциялық оқыту технологиясын жасап, енгізу;

-Министрліктің аймақтық және білім беру порталында білім берудің ақпараттық ресурстық орталығын құру;

-білім беру бағдарламаларына сәйкес білім беру ұйымдарын электрондық оқу басылымдарымен қамтамасыз ету;

-ҚР электрондық Үкіметтің бірыңғай ортасымен интеграциялау негізінде порталдар мен ресурстық орталықтарды біріктіру үшін бұрыннан бар арналар базасында корпоративті желіні дамыту;

-білім беру ұйымдарына мониторинг, талдау және басқарудың ақпараттық жүйесін енгізу.

Бағдарлама екі кезеңмен жүзеге асырылады:

Бірінші кезең-2005-2007жж.

Екінші кезең-2008-2010жж.

Бағалау. Оқушы компьютермен жұмыс істеу барысында, оқылатын материалмен қалай жұмыс істеу керектігін білулері қажет. Ең маңызды мәселе "оқушы - мұғалім - оқушы" коммуникациясын ұйымдастыру болып табылады. Бұл мақсаттарды жүзеге асыру үшін оқушыларға жобалар, пікірсайыстар немесе "ынтымақтастықта оқу" деген сияқты жұмыс ұйымдарын ұйымдастыру ұсынылады.

Бақылау сұрақтары:

1. Тест түсінігі?
2. ҰБТ толық анықтама беріңіз?
3. Оқушылардың үлгерімін тексеруде тесттік форманы тиімді, тиімсіз жақтарын жайлы не айтар едіңіз?
4. Бағалауға анықтама беріңіз?

Дәріс 11.

Тақырыбы: Интернетте объектіге бағдарланған тәсілдің болашағы. Ауқымды желіде білім беру жүйесін тарату.

Мақсаты: Интернетте объектіге бағдарланған тәсілдің болашағы жайлы және ауқымды желіде білім беру жүйесін тарату мүмкіндіктерін қарастыру

Телекоммуникация туралы айтпас бұрын, алдымен коммуникация түсінігіне тоқталайық.

Коммуникация латынның "communication" сөзінен алынған, кез-келген (хабарлама, байланыс, тарату) ақпарат алмасуды білдіреді.

Материалдық қарым - қатынасқа қандай да бір физикалық объектілерді (транспорттық магистраль, газ проводтары т.б.) таратуға байланысты процестер жатады.

Ақпараттық - бұл ақпаратты таратуға байланысты процестерін біріктіреді:

- Баспа қарым-қатынас - кітап, журнал, баспалар арқылы;
- Аудиториялық қарым-қатынас - лекция, театрлар, концерт залдары;
- Видео қарым-қатынасына - видеобейнелер, теледидар, кино;
- Аудио қарым-қатынас - радио, грамжазбалар, телефон;
- Компьютерлік қарым-қатынас - тасымалдаушылар: дискеттер, дискілер, компьютерлік байланыс құралдары.

Ақпараттық қарым-қатынас ортасы - бұл ақпараттар алмасуындағы шарттар мен құрылғылардың жиынтығы.

Компьютерлік қарым-қатынас ортасы - бұл компьютер көмегімен ақпарат адамдар арасында құралдары мен шарттарының жиынтығы.

Телекоммуникация - бұл компьютерлер негізінде қашықтан мәліметтерді тарату.

Компьютерлік желілерді аппараттық-программалық қамтамасыз ету

Интернет туралы түсінік.

Компьютерлік желі – бұл әр түрлі қорларды, мысалы, бағдарламаларды, құжаттарды және принтерлерді бірігіп пайдалану үшін бір-бірімен жалғастырылған компьютерлер тобы.

Ауқымды компьютерлік желі

Ауқымды желінің жергілікті желіден айырмашылығы жергілікті желімен қоса өте алыс (жер шарының кез келген нүктесінде) орналасқан компьютермен жұмыс істеуге болады. Ауқымды компьютерлік желі логикалық үш компонеттен тұрады:

- Қолданушылардың жұмыс орны (жәй компьютерлер);
- Серверлер, әр түрлі қызмет атқаратын (күшті компьютерлер);
- Мәліметтерді беру желілері.

Ауқымды компьютерлік желі әр түрлі хаттамалармен жұмыс істей алады. Қазіргі уақытта TCP/IP хаттамасымен жұмыс істейтін, ауқымды желі – Интернет (Internet) баршаға белгілі.

Енді оның тарихына қысқаша тоқталайық.

DARPA атты американ мекемесі 1966 жылы телекоммуникациялық желілердің жобасын ұсынды. Онда компьютерлерді бір-бірімен өте үлкен қашықтықтар арқылы біріктіріп, орналастырылды. Жүздеген мамандардың жұмыстарының нәтижесінде 1969 жылы алғашқы аймақтық ARPANet компьютерлік желісі пайда болды. Ол әскери мақсатта пайдаланылды және онда қашықтықта орналасқан компьютерлерге түрлі программаларды жіберу, электрондық хабарламаларды жіберу және жүйеге ену құқықтарын қолданушы жүзеге асыра алады.

Ал, 70-жылдары ARPANet принципі басқа аймақтарда орналасқан компьютерлік желілілер енгізілді. Бұның жалғасы, яғни 80 – жылдары Интернеттің пайда болуына әкеліп соқты. Онда жұмыстың жалпы протоколдары қамтамасыз етілді.

Бүкіл әлемдік желінің даму тарихын 4 кезеңге бөлеміз:

I кезең (1969-1983 жж.) Бұл кезеңде ARPAInternet желісі пайда болды. Ол әскери және ғылыми салаларға пайдаланылды. Бірақ оның деректерді жіберу каналының дамуы өте әлсіз болды. Сондықтан жоғары бағалы компьютерлермен жұмыс жасау қиындық келтірді.

II кезең (1983-1989 жж.) Мұнда ARPANet 185 компьютердің орталығына айналды. Ол орталықтар АҚШ-да, Англияда және Норвегияда орналасқан. Желілер бойынша деректерді жіберу телефондық каналдар немесе байланысты спутниктік каналдары арқылы жүзеге асты. Сонымен, бұл кезеңде жұмыс протоколдары жетілдірілді.

III кезең (1989-1994 жж.) Бұл кезең WWW қызметінің пайда болуымен байланысты. Деректерді жіберу мен қарым-қатынас басқа кезеңдермен салыстырғанда анағұрлым ықшамдала бастады. Ал 1986 жылы бүкіл әлемдік компьютерлік желі Интернеттің пайда болуы деп жарияланды. Аталған жаңалыққа байланысты 1991 жылы ARPANet біртұтас желі ретінде қолданылмайтын болмайды. 90 жылдардың орта шенінде видеоконференция пайда болды. Ақпараттарды дыбыс арқылы жеткізуде оның мүмкіндігін пайдалануға болады. Бұл кезең WWW интерактивтік қызметі арқылы қарым-қатынастар тиімді болды және Интернетке қосылған қолданушылар саны тез өсті.

IV кезең (1994-1996 жж) Бұл кезең қолданушылар арасындағы қарым-қатынас тәсілін арттырумен сипатталады. Мұнда көпөлшемді интерактивтік модель VRML пайда болды.

Үшінші және төртінші кезеңдер аралығында Ресейде Интернет желісі қолданыла бастады. Ресейде 1990 жылы «Совам Телепорт» компаниясы электрондық хабарларды жеткізу (off line) мүмкіндігімен шектелген бүкіл әлемдік желіге ену кезең басталды. Ал 1994 жылы хабарларды өңдеу, жіберу және қабылдап алу процестерін қамтамасыз ететін on line режимі пайда болды.

Интернет желісін сипаттау үшін оны телефон жүйесімен салыстыру қалыптасқан. Жалғыз телефон компаниясы болмайтыны сияқты Интернет компаниясы да тек біреу емес. Дүниежүзілік немесе мемлекеттік телефон жүйесінің иесі кім? Ешкім де емес. Әрине, оның бөліктерін біреулер иеленеді, бірақ жүйеге толық ешкім ие емес, бұл жүйе өзара келісім арқылы ортақ пайдалануға арналаған.

Дүниежүзіндегі ірі телефон компаниялары бірігіп, «телефон жүйесі» қалай пайдаланатыны жөнінде келісіп отырады, яғни әр елдің кодын, төлейтін ақшасын, мұхитаралық кабель құнын - кімдер, қалай бөлісіп көтеретінін және де әр елдің телефон жүйесінің қосылу техникалық мәселелерін бірігіп анықтап отырады. Интернет желісі де дәл осы телефон жүйесі тәрізді басқарылады.

Интернетті пайдаланудың нақты себептері өте көп. Мысалы: сіздің Бурабайға барып дем алғыңыз келіп отыр, сол жердегі аквалагпен жүзуге ыңғайлы орын туралы білгіңіз келеді дейік. Олай болса, «scuba» (аквалаңг) жаңалықтар тобын қарап шығу керек, мүмкін сонда демалған біреу мәлімет берген болар, әйтпесе сұрағыңызды сонда енгізіп күтіңіз. Біреу сізге жауап беріп қалар (үлкен ықтималдықпен жауап алатыныңызға сенгіміз келеді). Интернеттің бар мүмкіндігін, онда жиналған мәліметтерді де түгел айтып беру қиын. Оның үстіне күнбе-күн оған жаңа мәліметтер келіп түсіп жатады.

1990 жылдан бері интернет өз көлемін жыл сайын екі есе арттырып отыр. Қазіргі кезде желілер коммерциялық негізде жұмыс істейді, бірақ оны халықаралық ISOC (Internet Society) қоғамдық ұйымы бақылайды. Интернет құрамына кіретін әр түрлі компьютерлердің бір – бірімен үйлесімді түрде байланысып, өзара мәлімет алмасуы TCP/IP хаттамалары көмегімен жүргізіледі. (Интернеттің шығу тарихын айту қажет)

Интернет жүйесі аппараттық және бағдарламалық жабдықтамалардың көмегімен электрондық пошта жұмысын ұйымдастырып, электрондық хабарландырулар, жарнамалар беру, телеконференциялар өткізу тәрізді әр түрлі ақпараттық қызмет түрлерін көрсетеді.

Интернеттен басқада ауқымды желілер бар:

- Fidonet - эксперименталь желі, қолданушы – энтузиасттар құрған;
- Үлкен компаниялардың корпаративті желісі, мысалға SCN (Siemens Corporate Network)

Интернетпен байланыста физикалық принципі

Тікелей ауқымды желімен байланыс өте қымбат, сондықтан компьютерлер Интернетпен **интернет – провайдер** арқылы байланысады.

Интернет – провайдер – бұл компьютерлік торап (узел), клиент компьютерлерді әр түрлі байланыс тізбегін қолданып Интернетпен қосуға мүмкіншілік жасайды. Сондықтан клиент компьютерде Интернетпен жұмыс істеу үшін байланыс тізбегімен қосатын жабдық болса болғаны.

Кез келген компьютерді Интернетке қосып, электронды поштаның, бүкіләлемдік өрмектордың немесе басқа да желі қызмет түрлерінің тұтынушысы болып тіркеуді желі қызметін ұйымдастырушылар – провайдерлер орындайды. Олар ірі қалаларда, жердің жасанды серігі көмегімен байланыс және желілі байланыс тораптарында орналасқан. Қазір Қазақстанда 20 – дан астам операторлар интернет провайдер қызметін орындауда. Олардың ірілеріне «Нұрсат», «Қазақтелеком»,

«Алтел» және «СА телеком» жатады. Провайдермен қосу үшін төмендегідей байланыс түрлері болады:

Модем арқылы байланыс

Модемдер жай телефон арналары арқылы Интернетке қосылып, онымен мәлімет алмасу мүмкіндігін береді. «Модем» деген сөз осы құрылғының қызметіне байланысты шыққан, ол «модулятор/демодулятор» сөздерінің қысқаша түрі. Модем дербес компьютерден шыққан цифрлық сигналдарды жалпы телефон арналары арқылы тасымалданатын аналогтық сигналдарға түрлендіреді. Ал екінші модем қабылданған сигналдарды қайтадан цифрлық формаға ауыстырады. Модеммен жабдықталған кез келген компьютер иесі телефон арқылы провайдермен байланысып, интернет жүйесі қызметін пайдалана алады.

Қарапайым модемге қарағанда ADSL модемі сигнал құрмайды, бірден телефон тізбегі арқылы сан түрінде береді. Бұл модемнің тағы бір өзгешілігі Интернетпен байланыста телефон бос болады. ADSL - байланыстың теориялық жылдамдығы(провайдерден қолданушыға дейін) 7 Мбайт/с (ал шын мәнінде 1 Мбайт/с)

Бақылау сұрақтары:

1. Интернет түсінігі?
2. Желі маңызы?
3. Ауқымды интернет желісі түсінігі?
4. Интернет тарихы жайлы не түсіндің?
5. Желілік тақша деген не?

Дәріс 12.

Тақырыбы: Жаңа педагогикалық ақпараттық технологияларды енгізу

Мақсаты: Ақпараттық технологияның маңызымен танысу

- Жаңа педагогикалық технологияларды қолдану
- Ақпараттық технология

XXI ғасырда әлемдік өркениет төрінен орын алып, Қазақстанның жан-жақты дамуының бірден бір жолы білім мен ғылымды әр қырынан меңгеру қажет болып отырғаны белгілі. Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев Білім мен ғылым қызметкерлерінің III сьезінде: «Құрылымдық өзгерістер мұғалім кадрларын әзірлеу жүйесін оздыра отырып, дамытумен қамтамасыз етілуі тиіс. Жаңа формацияның педагогы қажет. Мұғалімдердің жаңа ұрпағы білім деңгейі жөнінен әрдайым саналып келгеніндей біршама емес, әлдеқайда жоғары болуы тиіс, бұл – уақыттың талабы» деген еді. Олай болса, мектеп оқушыларын ғылыми білімнің қоғамдық қажетті деңгейімен қамтамасыз ету, оларды отандық, ұлттық және әлемдік мәдениет арналарынан сусындату – қазіргі заман мұғалімдеріне басты міндет болып табылады. Бұл үрдіс қазіргі қоғамдағы жалпы білім беру қызметіне жаңаша қарауды, қол жеткен табыстарды сын көзбен бағалай отырып саралауды, оқушылардың шағармашылық

қабілетін дамытуды, сабаққа деген қызығушылығын арттыруды, оқытудың озық технологияларын меңгеруді талап етеді.

Жалпы білім беретін мектептердегі оқу-тәрбие үрдісін жаңаша дамыту, яғни, оның нәтижесінің көңіл толарлықтай болуын қадағалау жаңашыл-педагогтардың қолында болды. Олар педагогикаға «жаңа технологиялар» терминін енгізді. Жаңашыл-педагогтардың негізгі мақсаты – оқушылардың алатын білімін сапалы ету, оның толық қанды жеке тұлға болып қалыптасуына негіз алу. Осы орайда, жаңашыл-педагогтардың педагогикалық технологиялары көптеп саналады: Эрдниевтің ірі блокпен оқыту технологиясы, В.Занковтың дамыта оқыту жүйесі, Неменскийдің әсемдікке баулу жүйесі, Ш.Амонашвилидің ізгілікті тұлғалы оқыту технологиясы, М.Монтессори технологиясы, Д.Б.Эльконин, В.В.Давыдовтың дамыта оқыту технологиясы т.б.

Оқу-тәрбие үрдісінде баланы жаңаша әдіспен оқыту үшін әрбір пәннің иесі – мұғалім сол жаңа технологияларды толық түсініп, меңгеріп алуы керек. Соның нәтижесінде ғана әрбір жалпы білім беретін мектеп мұғалімі тәжірибесінің жоғары деңгейге көтерілері анық. Ол мұғалім тек оқушыны дамытып қоймайды, сонымен қатар өзінің де жеке қасиеттерін жаңаша тұрғыдан ашуына мүмкіндік алады.

Осыған орай, жалпы білім беретін мектеп мұғалімдерінің инновациялық іс-әрекетін қалыптастырудың алғы шарттарын жасаған болатынбыз:

Мектеп мұғалімінің инновациялық іс-әрекетін қалыптастырудың педагогикалық шарттары: инновация туралы білімі; инновацияны жан-жақты меңгеру; инновациялық іс-әрекет диагностикасын меңгеру; инновацияны тәжірибеге ендіру жұмыстары; практикада дұрыс қолдану.

Үздіксіз өзгеріп тұрған заман адамнан сол заман талабына сай білім алып, жаңа істерді меңгеруді талап етеді. Осыған орай, оқу-тәрбие үрдісіне жаңа педагогикалық технологияларды жүйелі пайдаланудың маңызы зор. Оқу-тәрбие үрдісін жаңалықтармен қамтамасыз ету барысында ғана, біз саналы да білімді азамат тәрбиелей аламыз (Қосымша 1 қара). Ал қазіргі уақытта жалпы білім беретін мектеп мұғалімдерінің жаңа технологияларды пайдалану практикасын дамытсақ, мұғалім оны өз сабағында орынды пайдалану арқылы еңбек тәжірибесін дамыта алады. Оқушылардың қабілеттерін арттырып, сабаққа деген қызығушылықтарын оятып, өздеріне сенімді, білімді азамат етіп тәрбиелей алады.

Жаңа педагогикалық технологияларда педагогтың ақпарат беруші қызметімен бірге үйлестіруші, кеңесші, оқушының шығармашылық белсенділігі мен өзіндік танымдық қызметін ұйымдастырушы қызметіне көшіріледі.

Орта білім берудің құрылымы мен мазмұнын өзгерту педагогикалық кадрларды даярлау мен біліктілігін арттыру жүйесін едәуір жаңартуды қажет етеді. Пәнді оқытушы, білім біруші педагогтың орнына жаңа педагогикалық технологияларды, оқытудың ақпараттық құралдарын, тәрбиенің қазіргі нысандарын меңгерген кәсіби білікті педагог келуге тиісі.

Бүгінгі таңдағы ақпараттық қоғам аймағындағы оқушылардың ойлау қабілетін қалыптастыратын және компьютерлік оқыту ісін дамытатын жалпы заңдылықтардан тарайтын педагогикалық технологиялардың тиімділігі жоғары деп есептейміз.

Білім беру бағдарламалары инновациялық педагогикалық технологияларды, ізденушілік, зерттеушілік және шығармашылық қызмет дағдыларын, оқытудың ақпараттық және қашықтан оқыту технологияларын меңгерген көп тілді мұғалімді даярлауға бағдарланатын болады.

Жаңа педагогикалық технологияларды қолдану

Қазақстан Республикасының 2015 жылға дейінгі білім беруді дамыту тұжырымдамасында: «Жоғары білімді дамытудың негізгі үрдісі мамандар даярлау сапасын арттыру, қарқынды ғылыми-зерттеу қызметімен ықпалдастырылған инновациялық білімді дамыту, ...білім беру мен ақпараттық технологияларды жетілдіру болып табылады» деп атап көрсетілген. Бұл – бүгінгі таңда білім беру саласында білім мазмұнын жаңаша мазмұнмен тереңдету негізінде кәсіби мамандарды даярлаудағы негізгі мәселелердің бірі. Бұл мәселелерді шешу болашақ маманның жоғары оқу орындарындағы кәсіби сапалы білім алуынан туындайды. Өйткені, оқушылардың тұлғалық жетік қалыптасуы маманның кәсіби шеберлігі мен мақсатқа бағытталған дайындығы мектепті педагогикалық процесті сауатты басқаруына байланысты. Оның негізі болашақ маманды кәсіби даярлауда жаңа педагогикалық технологияларды қолдану – жоғары мектептегі бейнелеу өнері және сызу мамандығындағы негізгі талаптардың бірі.

Жаңа педагогикалық технологиялар оқушытердің кәсіби – шығармашылық қабілетін бейнелеу процесінің құрылымын және теориялық негіздерін, эстетикалық көзқарастарын байымдау, баға беруін танымдық белсенділігін дамытуға бағытталған.

Жоғарыдағы мақсат міндеттерді орындауда болашақ мамандар бейнелеу өнерін оқыту әдістемесі пәнінде проблемалық оқыту, апталық, пікір сайыс, дебат, дөңгелек үстел, іскер-ойындар, ақпараттық технологияны пайдалану, тағы басқа әдістерін қолдануға болады.

Қазіргі білім беру жүйесінің жаңа деңгейге көтерілуі, қоғамның ақпараттану саясатына байланысты. 1997 жылдың 22-қыркүйегінде ҚР-ның Президенті бекіткен мемлекеттік ақпараттандыру бағдарламасының негізгі бірбағыты – қазіргі заманғы технологияны оқыту процесіне тиімді пайдалану болып табылады. Қазіргі заманғы педагогикалық технологияны пайдалану оқу үрдісінде сабақты тиімді ұйымдастыруға мүмкіндік береді, бұл оқыту процесін толығымен өзгертуді қажет етеді.

Білім жүйесіндегі педагогикалық технология ғана емес, практикаға да өзгерістер енгізеді. Теория практикасыз еш нәрсені өзгерте алмайды. Теорияның практикалық күші мен энергиясы бар, бірақ оны нақты практикада пайдалана алатын адамдар санасымен қабылдануы ғана материалдық күшке ие бола алады. Сонда ғана теория адамдар қажетін қанағаттандыратын, практиканың бағыттаушы, реттеушісі бола алады. Ал теория практикаға технологиялық процестер арқылы ғана ене алады. Технологиялық процестер нәтижесінде ғылыми теория мақсатты практикалық жүйеге енгізе алады. Міне, дәстүрлі жүйенің практика мен теорияның алшақтығы, қолданбалы-нақты теория мен технологияның азырақ пайдаланылуы, теория мен практиканың алшақтануына алып келді. Осы алшақтықты жою мақсатында қазіргі кезде педагогикада технологияландыру процесіне қызығушылық

туындап отыр. Жаңа мазмұн, жаңа әдіс, жаңа қарым-қатынас негізінде білім беру ісі жаңа мәнге ие болады. Осылайша өмірге білім берудің жаңа парадигмасы енді.

Педагогика ғылымының практикасы мен теориясында оқыту мен тәрбиелеу процесіндегі толық біркелкілік біртіндеп өзгеріп, әр түрлі формадағы мектептер мен авторлық жобалар пайда бола бастады, соның ішінде жаңа педагогикалық технологиялардың, қазіргі заманғы талабын қанағаттандыратын бағытқа қарай өзгеруде.

Оқыту мазмұнының, әдістерінің және тәсілдерінің білімге деген қатынасының өзгеруіне алып келіп отыр. Білім берудегі жаңа білім беру парадигмасына байланысты педагогика ғылымы мен мектеп практикасында негізгі орынды жеке тұлғаға бағытталған бағыт, маңызға ие болуда, оның негізгі идеясы оқушының өзін-өзі дамытуға, жеке тұлға болып қалыптасуына бағытталады.

Қазіргі кездегі жаңа педагогикалық технологияны пайдалануды көптеген педагогтер мен психологтар оқу процесінде баланың өз бетінше ақыл-ойының дамытуы деп қарастырады. Баланың білімді саналы түрде қабылдауына мүмкіндік беретін жол деп қарастырады. Міне, мұндай жағдайда оқушы алға қойған жалпы мақсатқа белсенді араласу, топпен ынтымақтастыққа қызмет ету арқылы белсенді түрде оқу процесіне араласады, онда бірін-бірі тексеру, талдау арқылы білім алуға деген ішкі қажеттілік сезім пайда болады.

Оқыту технологиялардың пайда болуының себебі де, оның артықшылығы да бұрынғы өзінің белсенді араласуынсыз дәстүрлі оқыту әдісінен де айырмашылығы осында. Дәстүрлі оқыту кезінде өз бетінше шешім де қабылдамайды, проблеманың шешу жолдары да іздестірілмейді. Онда білім дайын түрде беріледі. Бұл қазіргі кездегі нарықтық жағдайдағы қажеттілікті қанағаттандырмайды. Сондықтан да педагогикалық оқыту технологияның түрінің көп болуы, оған қойылатын талаптардың да әр түрлі болуы осы өмір сұранысынан туындауы заңды.

Қазіргі заманғы педагогикалық оқыту технологияларын жүйелі пайдаланудың өзі оқыту мен тәрбиелеу процесін тиімді және жемісті ұйымдастыруға тырысудан туындайды.

Педагогикалық оқыту технологияларын, оның түрлерін, тиімділігін дұрыс түсіну үшін бұл ұғымның теориялық аспектілерін толық түсінуді қажет етеді.

«Технология» деген ұғым тек өндірісте ғана емес, қазіргі кезде педагогикалық теория мен практикаға толығымен енді. Технология грек сөзінен аударғанда («techne» - өнер, шеберлік, «logos» - оқыту деген мағынаны білдіреді). Педагогикалық энциклопедияда педагогикалық оқыту оқыту мен тәрбиелеу процесінің алдына қойған білім беру мақсатына жету үшін пайдаланылатын әдістер мен тәсілдердің жиынтығы деген анықтама береді.

Оқыту технологияларының өндіріс технологияларынан ерекшелігі, оның өзгермей ұзақ уақыт қалмауында, оның үнемі жетілдіріліп отырылуында.

Өткен ғасырдың 50-жылдарында оқыту процесіндегі пайда болған «білім берудегі технология» кейінгі жылдары өзгеріп «педагогикалық оқыту технологиялары» деген ұғымға айналды. Алғашқы кезде бұл ұғым ұзақ уақыт талқыланды, ол екі бағытта берілетін болды. Бірінші бағыт оқыту процесінде техникалық құралдарды пайдалану, ал екінші бағыт оқыту технологиясы. Біртіндеп

ғылыми технология процесінің дамуына байланысты 70-80 жылдары «оқыту технологиясы» деген ұғым енгізілді. Бұл оқу-тәрбиелеу процесін ұйымдастыруға пайдаланылатын әдістер мен құралдар жүйесі түрінде қарастырылды.

Оқыту технологиялардың дамуы жолында педагогикалық ғылымда оқыту технологияларының айналасында үлкен әңгіме тартыс болып келе жатыр. Көптеген зерттеушілер оқыту технологиясында да басқа өндірістегі сияқты құрал жасауға болады ма деген ой толғандырды. Бірақ әр кезеңде әр түрлі ғалымдар бұл сұраққа әр түрлі жауап берді. Я.А.Коменский кезінің өзінде-ақ осы проблеманы көтерген болатын. Бұл проблеманы зерттей келе мектепті ол «тірі баспаханамен» салыстырып қарастырды да, мұғалімнің еңбегі педагогикалық құралды игергенде ғана тиімді болады деген қорытындыға келді. Көптеген педагогикалық әдебиеттерге сараптама жасай отырып, қазіргі кезде оқытуды технологияландырудың қажеттілігі талас туғызбайтындығы, мұны оқыту процесінде пайдалану арқылы жеке тұлғаның өзін-өзі дамытуға бағытталған білім бере алуға болатындығы анықталды.

«Оқыту технологиялары» өткен ғасырдың 60-жылдарында пайда болды. 60-жылдарда оқыту процесін технологияландыру бағыты қалыптасты. Оның қалыптасуы бағдарламалы оқытумен байланысты болды. Бұл бағыттың негізін салушы американ психологы Б.Скиннер болды. Ғалымның ойынша оқу материалын игерудің тиімді жолы, оны біріншіден, жүйелі бағдарламалы түрде беру мен бағалаудың жоспарланылуы деп көрсетті. Бұл жылдардағы бағыт бойынша жұмыста мұғалім жұмысы белгілі бір мақсатқа немесе белгіленген сценарий бойынша жұмыс істеуге ғана бағытталды.

70-жылдары – «оқытудың ақпараттық технологиясы» пайда болды, бұл жылдары білім бір-біріне байланысты ақпараттар компьютер бағдарламасы арқылы беруге негізделінді. Бұдан кейінірек оқыту процесіне қашықтықтан оқыту келіп енді. Бұл күрделі ақпараттық, бағдарламалық және әдістемелік бағдарлама болды. 80-жылдары техниканың дамуына байланысты «педагогикаға оқыту технологиясы» енді. Бұл ұғымның әдістер, тәсілдер және пайдаланатын жүйе екендігі анықталды. Қазіргі кезең – оқытудағы технологиялық бағыт дәстүрлі әдістерін тиімді екендігін көрсетті. Оқытуда педагогикалық технологияны пайдалану қажеттілік болды.

Ақпараттық технологияның маңызы

Жаңаша ақпараттық технология – ғылым жетістігі.

Қазақстанның тәуелсіз мемлекет ретінде қалыптасуы барысында орта білім берудің жүйелі реформалануы қоғамдық тұрғыдан үлкен маңызға ие. Білім беруді реформалауды жүзеге асырудың және бір маңызды сипаты қазіргі уақыттағы оқыту үрдісін технологияландырудың қажеттігінен туып отыр. Осыған орай, соңғы кезде оқытудың әр түрлі педагогикалық технологиялары жасалып, мектеп өміріне енгізіліп жатыр.

Олар мыналар:

Лысенкованың «алдын ала оқыту»;

Хазанкиннің «есеп шығару»;

Палтышевтің «физиканы есептеп шығару»;

Шаталовтың «интенсивті оқыту» (тірек сигналдарын пайдалану).

Эрдниевтің «ірі блоктап оқыту, мәселелік оқыту, оқытудың белсенді әдісі» т.б. Ал соңғы жылдары оқытудың модульдік технологиясымен В.М.Монаховтың, Дяченконың оқытудың ұжымдық тәсілі, сондай-ақ профессор Ж.Қараевтың оқытуды дербестендіру мен дифференциялау және білім беруді демократияландыру мен ізгілендіру ұстанымдарына негізделген жаңа педагогикалық компьютерлік технологиясы еліміздің көптеген мектептерінде қолданылып жүр. Егер осы жұмыстарда қарастырылған оқытудың педагогикалық технологиясын оқу тәрбие үрдісіне оқытудың жаңартылған жүйесінің жобасы ретінде енгізетін болсақ, онда білімді демократияландыруға және ізгілендіруге; оқыту сапасын арттыруға; басқару сапасын жетілдіруге; оқушылардың дамуына бақылау жасауға; соған сәйкес бағалауға болатыны ғылыми негізде дәлелденіп отырғаны ақиқат.

Мектептерде жүргізіліп отырған қазіргі тәжірибелік-сынақ жұмыстардың басты міндеті жаңаша оқытудың педагогикалық технологиясын оқыту үрдісіне енгізу болып табылады. Мәселен Л.В.Замков, Д.Б.Эльконин В.В.Давыдовтың бірлесе жасаған «Дамыта оқыту жүйесі» бір-бірімен тығыз байланыста әрі мынадай ұстанымдардан құралады.

1. Жоғары деңгейдегі қиындықта оқыту.
2. Теориялық білімнің жетекші ролі.
3. Оқу материалдарын жеделдете оқыту.
4. Оқу үрдісін оқушының сезінуі.
5. Барлық оқушылардың дамуы үшін жүйелі жұмыс істеу.

Л.В.Замковтың оқыту жүйесінде оқушы өзін емін-еркін сезінеді, оның әлеуметтік мүмкіндігімен дербестігінің дамуына жағдай жасалады. Осы жүйеде оқушы мен мұғалімнің арасындағы жаңаша қарым-қатынастың іргетасы қаланады. Мұғалім түсіндіруші, оқытушы тұрғысында емес, оқушының оқу әрекетін ұйымдастырушы, бағыттаушы ретінде көрінеді.

Д.Б.Эльконин мен В.В.Давыдовтың зерттеулері оқу әрекеті мен оның субьектісін қалыптастыруға амалдары бағытталған оның құрылымы мынадай: оқу-танымдық мотивтер, оқу тапсырмалары, оқу операциялары.

Педагогика ғылымында баланы оқыту мен тәрбиелеудің міндеті жан-жақты дамыған жеке тұлғаны қалыптастыру болғандықтан, жаңа технология бойынша әдістемелік жүйенің басты бөлігі оқыту мақсаты болып қалады. Сондықтан танымдылық іс-әрекеті жүйенің басқа бөліктерінде (мазмұн, әдіс, оқыту түрі мен құралдарының) өзара байланысы қалпында өзгертілуін талап етеді. Мұны орындау үшін мына ұстанымдар жүзеге асуы тиіс.

1. Оқушылардың өзіндік ізденуі іс-әрекетінің әдістерін меңгеру талап етіледі. Өйткені бұл әдістердің күнделікті пайдаланып жүрген оқыту әдістерінен айырмашылығы бар. Яғни, жаңа жағдайдағы «оқыту әдістемесі» деп отырғанымыз: оқушы-мұғалім ұстанымының өзара тығыз байланыстығы. Демек белсенділігіне баса назар аударылады.
2. Жаңаша оқытудың негізгі түрлері: оқытудың дербес және топтық түрлері табылады. Бұл жерде алға қойылатын басты мақсат – оқушыға деген сенім, оның өз ісіне жауап беру мүмкіндігіне сүйеніп беделі мен қадыр-қасиет сезімін дамыту.

3. Жаңа технологияның мақсаты бойынша «оқытуды ізгілендіру қажет» қажет.

Бұл үшін оқу құралдары оқушылардың өздігінен танымдық іс-әрекетін жүргізе алатындай болуы керек. Бұрынғы дәстүрлі оқулықтар мұндай талапты қанағаттандыра алмайды, сондықтан оқушылардың өз бетімен білім алуына аса бейімделген жаңа типтегі оқулықтар керек-ақ.

Жаңа технологияның тағы бір психологиялық негізі болып табылатын теория – Л.С.Высотскийдің «оқыту үрдісінде оқушының ақыл-ойының дамуы» «актуальды даму» аймағынан «жақын арадағы даму» аймағына ауысу туралы теориясы. Бұл ауысу тапсырмаларды қайталап орындауға ғана арналған бірінші деңгейден өнімді іс-әрекетті қажет ететін келесі деңгейлерге ауысу негізіндегі іс-әрекет арқылы жүзеге асады. В.П.Беспалько бұл деңгейлерді төртке бөледі: бірінші деңгей – «міндетті, оқушылық», екінші – алгоритмдік, үшінші – эвристикалық, төртінші - шығармашылық.

Ендеше оқушылардың білім, білік дағдыларын жетілдіру үшін оқытудың жаңа технологиясы негізінде дифференциалдық және дербес деңгейлік ұстанымдардың талаптарына сәйкес өткізілетін әр түрлі сабаққа арналған жаңа тұрыптағы оқулықтар мен оқу құралдары қажет. Бұлар - әңгімелесуші оқулықтар мен оларға қосымша төрт деңгейдегі тапсырмалар берілген жұмыс дәптерлер.

Әңгімелесуші-оқулық бойынша оқулықтар жаңа тақырыпты өз бетімен меңгеріп, анықтама мен ережелерін өзі шығарады. Қарапайым жаттығу-мысалдармен оларды бекіткеннен кейін жұмыс дәптерлеріндегі деңгейлік тапсырмаларды орындауға көшеді. Дегенмен, оқушылардың өз бетімен білім алу үрдісі «басқаруға ыңғайсыз» делініп, сыналып жүр. Сондағы айтатындары: «оқушы осы кезеңде өз білгенін істейді, оның іс-әрекеті, көбінесе, қате болады» дейді.

Педагогикалық технология саласындағы теориялық және практикалық ізденушілерді бір дерге топтастыру айналасындағы қызмет бағыттарын анықтайды. Бұл жерде ізденудің шеберлігі – педагогикалық тізімді пайда етуші элементтерді үйрену, жаңалаудан тұрады. «Жаңа педагогикалық технология» терминологиялық тіркесіне үңілсек, жер жүзінде когнативтік эвристикалық, креативтік деп аталатын негізгі үш педагогикалық технология бар екенін білеміз.

Эвристикалық технология оқушының өзін істетіп, зерттеушілік қабілетін дамытуға байланысты.

Креативтік технология шығармашылық ойды, ұқыптылықты, қабілеттілікті дамытады.

Когнативтік технологияда қоғамымызда осы дәуірге дейін жиналған білім атаулының бәрі оқушыға жетерлік дәрежеде терең үйретіліп, оны оқушы келешек өмірімізде пайдалана алатындай жағдайға әкеғлу мәселесі назарға алынады.

«Жаңа педагогикалық технология» - әрбір сабақта пайдаланатын, өте қажетті, сол тақырыпты оқушыға жеткізудің, түсіндірудің мұғалім тарапынан ең тиімді тәсілі.

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында оқыту формасын, әдістерін, технологияларын таңдауда көпнұсқалық қағидасы бекітілген, білім мекемелерінің педагогтарына өзіне оңтайлы нұсқаны қолдануға, педагогикалық үрдісті кез келген үлгімен, тіпті авторлық үлгімен құруға мүмкіндік береді.

Жаңа технологияны меңгеру мұғалімнің интеллектуалды, кәсіптік адамгершілік, рухани азаматтық келбеттерінің қалыптасуына әсерін тигізеді, өзін-өзі дамытып, оқу-тәрбие үлгісін тиімді ұйымдастыруына көмектеседі.

Педагогикалық технологиялар бірнеше топтарға бөлінетіні баршамызға мәлім. Осыны толық меңгерген мұғалімдер жаңа технологияларды өз тәжірибелеріне тиімді ендіре алады.

Жаңа педагогикалық технологияны меңгеруге мұғалімдерді даярлау – оларды кәсіби білімін көтеруге дайындау аспектісінің бірі және педагогтің жеке тұлғасын қалыптастыру үрдісіндегі іс-әрекеттің нәтижесі болып табылады.

Ғылым мен техниканың жедел дамыған, мәліметтер ағыны күшейген XXI ғасырда жан-жақты дамыған шығармашыл жеке тұлғаны қалыптастыру жоғары мектептің басты міндеті болып саналады.

2004 жылдың 12 қазанында Қазақстан Республикасы білім саласы қызметкерлерінің III сьезі Елбасы Н.Назарбаев «Құрылымдық өзгерістер мұғалім кадрларын әзірлеу жүйесін оздыра отырып дамытумен қамтамасыз етілуі тиіс. Жаңа формацияның педагогы қажет. Мұғалімдердің жаңа ұрпағы білім деңгейі жөнінен әрдайым саналып келгеніндей біршама емес, әлдеқайда жоғары болуы тиіс – бұл уақыт таалбы» деп атап көрсеткеніндей, әр баланың қабілетіне қарай білім беруді, оны дербестікке, ізденімпаздыққа, шығармашылыққа тәрбиелеуді жүзеге асыратын шебер әрі іскер мұғалім даярлауға бетбұрыс жасалмақшы.

Еліміздің болашағы көркейіп, өркениетті елдер қатарына қосылуы бүгінгі ұрпақ бейнесінен көрінеді. Қазіргі білім беру саласындағы басты міндет - әлеуметтік педагогикалық ұйымдастыру тұрғысынан білім мазмұнына жаңалық енгізудің тиімді жаңа әдістерін іздестіру мен оларды жүзеге асыра алатын мұғалімдерді даярлау. Ол қай уақытта да ең өзекті мәселелер қатарына жатқызылып келеді. Олай болатыны, қоғамның әлеуметтік-экономикалық міндеттеріне сай өскелең ұрпақты өмірге бейімдеудің жаңа талаптары туындап отыр.

Қазіргі кезеңде білім берудің ұлттық моделіне өту оқыту мен тәрбиелеудің соңғы әдіс-тәсілдерін, инновациялық педагогикалық технологияларды игерген, психологиялық-педагогикалық диагностиканы қабылдай алатын, педагогикалық жұмыста қалыптасқан бұрынғы ескі сүрлеуден тез арада арылуға қабілетті және нақты тәжірибелік іс-әрекет үстінде өзіндік даңғыл жол салуға икемді, шығармашыл педагог-зерттеуші, ойшыл мұғалім болуын қажет етеді.

Мемлекеттік білім стандарты деңгейінде оқыту үрдісін ұйымдастыру жаңа педагогикалық технологияны ендіруді міндеттейді.

Соңғы кезде технология ұғымының мәні кеңейді. Мәселен, информатика ғылыми саласында ақпараттық технология ұғымы, физиология ғылымы саласында биологиялық жүйелер технологиясы жайында ұғымдар пайда бола бастады және т.б.

«Оқыту технологиясы» ұғымын алғаш рет педагогика ғылымына енгізген А.Макаренко, қазір бұл ұғым оқу-тәрбие үрдісінде кеңінен қолданылып жүр. Ал «Педагогикалық технология» ұғымына алғаш рет жүйелі зерттеу жүргізген Т.Ильина болды.

И.Талызинаның пікірі бойынша, педагогикалық технологияның басты мақсаты іс жүзінде дидактикалық мақсатқа жету үшін қолданылатын ең тиімді әдістерді

анықтау болып табылады. Педагогикалық технология оқыту үрдісін ғылыми жүйелеу бағытында, яғни, оқыту тәжірибесінде қолданылатын ғылыми негізделген талаптар жүйесі болып табылады.

Педагогика ғылымында «педагогикалық технология» ұғымына біржақты анықтама беріле қойған жоқ. Дегенмен кейбір ғалымдардың берген анықтамаларына тоқтала кеткен жөнәселен, Н.Никандров, В.Кан-Калик «Оқытудың бірінші сатысында оқушытерді педагогикалық білік пен дағдылардың қолданбалы эвристикалық жүйесі ретінде педагогикалық технологиялар негіздерімен қаруландыру қажет, оларды шығармашылық үрдіс ретінде балалармен тікелей қарым-қатынас жасауға үйрету педагогикалық технологияның мән-мағынасын ашады» деп санайды.

Шетелдік педагогикада «педагогикалық техника» және «педагогикалық технология» терминдері бір-бірінің орнына қолданыла береді. Сөйтіп ол аталған осы ұғымдардың мән-мағынасын ашуды қиындатады. Мысалы, «педагогикалық техника» американдық педагогикада мына терминдермен қолданылады: Teaching Technique (педагогикалық техника), Technology of Teaching (оқыту технологиясы), Educational Technology (педагогикалық технология), Maneures of Teaching (оқыту маневрі), Tacties (тактика) және т.б.

Көптеген шетелдік ғалымдар технология деп оқытудың обьективтік факторларының жиынтығын (ғимарат, құрал-жабдық, дидактикалық материалдар, техникалық құралдар, бағдарламаланған оқыту құралдары және т.б.) қандай да бір үрдісте нәтижеге жету құралы ретінде қарастырады. Мәселен, поляк педагогі Ф.Янушкевич оқыту технологиясының мағынасын ашқанда, төмендегідей анықтама берген: «оқыту технологиясы деп ғылыми ұстанымдар жүйесі қолданыс табатын бағдарламаланған оқыту үрдісін айтады және оқу мақсатына жетуге бағытталған оқу тәжірибесінде қолданылады, көбіне оқытылатын пәнге емес, оқушыларға бағытталады, оқыту әдістері мен тәсілдерін сынақтан өткізуге эмпирикалық талдау жасауға және оқытуда аудиовизуальды құралдарды кеңінен қолдануды талап етеді, оқыту теориясын оның практикасымен өзара бірлікте қарастырады».

Оқыту үрдісінің құрылысын мемлекеттік білім стандарты анықтайды. Мемлекеттік білім стандартына сәйкес білім мазмұны нақтыланады. Білім мазмұны сәйкесінше оқыту мақсатын белгілейді. Оқыту мақсатына сәйкес мұғалімнің және оқушының іс-әрекеті анықталады. Педагогикалық технология мұғалім мен оқушы іс-әрекетінің ара жігін анықтауға алып келеді. Оқыту әдістемесінде көбіне мұғалімнің іс-әрекетіне жеке тоқталатын болса, ал педагогикалық технология оқушы іс-әрекетін сабақтың әр кезеңінде ашып көрсетуге жүгінеді.

Болашақ мұғалімнің инновациялық даярлығын қалыптастырудағы оқыту үрдісінің құрылысы сызбада ұсынылып отыр (Қосымшы 4, 5 қара).

Таңдалып алынған педагогикалық технологияға сәйкес педагогикалық технологияның мезанизмі анықталады. Педагогикалық технологияның жүзеге асу механизмінен білім сапасы, яғни, оқыту нәтижесі алынады.

Ал оқыту әдісінің құрылысын қарастырып, онда педагогикалық технологияны пайдалану барысында оның құрылысы төмендегідей болады.

Мұғалімнің мақсатынан мұғалімнің іс-әрекеті мен оның қолданатын құралы анықталады. Ал мұғалімнің іс-әрекетінен оқушы ұжымының іс-әрекеті және оқушының жеке басының іс-әрекеті туындайды. Мұғалімнің сабақта пайдаланатын құралынан оқушы ұжымының құралы, ал оқушы ұжымының құралынан оқушының құралы анықталады.

Сонымен, болашақ мұғалімнің педагогикалық технологияны меңгеру үрдісін қарастырсақ, ол төрт кезеңнен тұрады.

I кезеңде болашақ педагогтер өз бетінше сабақ жоспарын құруды үйренеді:

- сабақтың технологиялық картасын құру;
- оқушы мен мұғалімдер әрекетін бөліп көрсету.

II кезеңде өзінің жеке авторлық сабақ жоспарын – сабақтың технологиялық бағдарламасын жасайды:

- сабақтың мақсат-міндеттерін, формасын, таңдалған әдіс-тәсілдерін, алынған технологияны ғылыми тұрғыда негіздеу;
- сабақтың технологиялық картасын жасау және оны дәлелдеу;
- сабақтың нәтижелігін негіздеу.

III кезең. Микросабақ беру (оқушытік дәрісханада сабақ өту).

IV кезең. Микросабақты талдау, педагогикалық технологияға қажетті түзетулерді енгізу. Микросабақ барысында мұғалімнің іс-әрекетіне талдау жасау, болашақ мұғалімнің кәсіби біліктілік дәрежесіне баға беру.

Осыған орай, педагогикалық қызметке ынтасы жоғары, білім беру саласындағы үнемі жаңарып отыратын өзгерістерге икемді, жаңа технологияларды оқу-тәрбие үрдісінде қолдана алатын болашақ мұғалімдерді даярлау – оларды кәсіби дайындаудың ең көкейкесті аспектісінің бірі және педагогтің жеке тұлғасын қалыптастыру үрдісіндегі іс-әрекеттің нәтижесі болып табылады.

Бақылау сұрақтары:

1. Ақпараттық технология түсінігі?
2. Жаңа ақпараттық технологиы туралы ?
3. Ақпараттық технология маңызы?
4. Технология ерекшеліктері?

Дәріс 13.

Тақырыбы: АКТ-ы дамуының перспективалық бағыттары.

Мақсаты: АКТ-ы дамуының перспективалық бағыттары. Бағдарламалау: ақылды заттар, интеллектуалды ғимарат және үй, интеллектуалды киім, жинақылы (тұтас) оқыту жүйелері және т.б. жайлы түсінік беру

- АКТ дамуының перспективалық бағыттары
- «Ақылды үй» термині
- IP-мониторингі

Үй роботы — робот, адамға көмектесу үшін жасалған. Қазір мұндай робаттарды маралуы көп емес, бірік футурологтардын болжауынша болашақта олардын көп

таралатынын айтады. 2006 жылы Билл Гейтс «Робот әр үйде »деген мақаласын жарыққа шығарды .

2005 қыркүйек айында сатылымға ең алғаш «Вакамару» адамға ұқсас робат шықты, оны шығарған Mitsubishi фирмасы. Робот бағасы $15 мың. Түр тани біледі, кей сөздерді түсінетін, жауап беретін болатын.

Ақылды үй (ағл. Smart House) — Жаңартылған тұрғын үй, өмір сүруге ынғайлы. Электронды жиһаздар ақылды үйде Universal Plug'n'Play үй желісі бар. «Ақылды үй » түсінігін Вашенгтонда 1970 жылы пайда болған.

«Ақылды үй » (intelligent building) системаны түсіну қажет, тапсырмада берілген. «Ақылды үй » терминінде алдымен бір системаға интеграциалауды түсіну қажет:

- Жылыту системасы, вентиляциа және кондиционионер
- Қорғаныс-өрт апатынан, ғимаратқа кіру мүмкідігі системасы ,су ағу, газ шығу т.б
- Видеоқорғаныс системасы
- Байланыс сымдары
- Жарық системасы.
- Электр қуат жүйесі
- Ғимараттың механизмі
- Бір жерден аудио- видеотехниканы теледидарды бақылау
- Телеметрия —системаларға бақылау
- IP-мониторингі — желіде жойылған байланысты табу
- GSM-мониторингі — жойылған , жоғалтылған заттарды хабарлап отырады

1995 жылы Java технологиясын ойлап табушылар өзі дүкеннен тамақ заказ беретін тоңазытқыш ойлап таппақ болды бірақ олардың ойлары іске аспады. Бірақ Miele и Siemens компаниасы сияқтылар жаңартылған үй жиһаздарын шығара бастады.

Ал светті әр жерде отырып қосып өшіру іске асырылды

Ақылды үй, автоматтандырылған үй тек Россияда ғана дамып келген емес сол сияқты АҚШ, Қытайда, Европада даму үстінде.

Бақылау сұрақтары:

1. Дамудың перспективті бағыттары?
2. Ақылды үй дегенді қалай түсінесіз?
3. Ең алғаш сатылымға қандай робот қай жылы шықты?
4. Қай фирма шығарды?

Информатиканы оқытудағы көрнекілік принципі және оның компоненттік құрылымы

Жалпы орта мектептегі оқу үдерісіне компьютерлік технология құралдарын тиімді қолдана отырып, оқушыларға сапалы білім беру үшін көрнекілік принципті жүзеге асыру қажеттігі туындайды. Негізгі мектептің информатика пәні бойынша мемлекеттік жалпыға міндетті стандартында бұл пәннің саласында онымен іргелес өзге де ғылым салаларындағыдай жаңа білім көлемі жедел қарқынмен дамып, отырғаны айтылып, осы нормативтік құжаттың мақсат-міндеттерін анықтауда ескерілген қоғамдық өзгерістің бірінде былай делінген: «...Қоғамның жоғары деңгейде ақпараттандырылуы, компьютерлік технология құралдарының кеңінен қолданылуы информатиканы оқыту барысында оқушылардың алгоритмдік мәдениетін арттыруды талап етеді» [4].

Бұл мәселені шешудегі басты міндет негізгі мектепке, әсіресе, информатиканы оқытуға жүктеледі. Сонымен, негізгі мектептің 5,6 – сынып информатика пәндерін оқытуда көрнекілік принципті жүзеге асырудың мәселелеріне тоқталайық.

Көрнекілік адамның заттар немесе құбылыс жайлы ақпараттың берілуі мен оны қабылдауды оңайлату қажеттілігінің туындауымен бір мезгілде пайда болды. Оның куәсі бізге ертеден жеткен жартастағы суреттер болып табылады. Көрнекілік – оқыту, жазу өнері пайда болғанға дейін туындаса керек. Ежелгі Египет, Рим, Грек елінде ол кеңінен қолданысқа ие болған [5].

Ақпаратты ауызша және жазбаша сөйлеу тілі арқылы жеткізудің жетілуі, сонымен бірге абстрактілік ойлаудың дамуы, көрнекі оқыту әдісінің кең тарауына ықпал етті.

Оқытудағы көрнекілік принципінің мәні туралы Ж.Б.Қоянбаев, Р.М.Қоянбаев былай дейді: « Оқыту үдерісінде сөз бен іс, теория мен практика өзара байланысты болады. Әртүрлі көрнекілікті қолданудың нәтижесінде сабақ әрі түсінікті, әрі қызықты болып өтеді. Мысалы, жоғары сыныптарда сабақты демонстрациялап өткізу өте тиімді және нәтижелі болады. Көрнекілік абстракты ұғымды игеруге әсер етеді. Сонымен, көрнекілік принципінің оқыту материалдарын, әсіресе, теориялық ережелерді терең оқуда, берік есте сақтауда алатын орыны ерекше» [6].

Ә.Бидосов [7] көрнекілік принципін жүзеге асыру нақтылық пен абстрактылықтың бірлігі ретінде атап көрсеткен. Мұның мәні оқытудың әрбір сатысында, білім игеру логикасының желісін басшылыққа ала отырып, сол білімдердің айрықша фактілері мен оқушылардың байқауларының немесе аксиомалардың ғылыми ұғымдар мен теориялардың алғашқы бастамаларын тауып, жеке затты қабылдаудан жалпылыққа, нақтылықтан абстрактілікке және керісінше жалпылықтан жекелікке, абстрактіліктен нақтылыққа көшу заңдылықтарын анықтау болып табылады. Сонымен қатар оқу үдерісіне көрнекілікті пайдаланғанда бірқатар әдістемелік талаптарды орындаған жөн екені ескеріледі: көрнекі құралдар сабақтың мақсатына сәйкес іріктелуі тиіс, көрнекі құралдарды пайдаланғанда оқушылардың оларды дұрыс қабылдауын қамтамасыз ету үшін, құралдың неғұрлым маңызды жақтарына назар аударған жөн; сабақта көрнекі құралдар шамадан тыс көп болмағаны яғни мақсатқа жетуге қажеттілерін ғана пайдаланған маңызды. Егер

сабақ кезінде бірнеше көрнекі құрал көрсетілуі керек болса, олардың бәрін бір уақытта емес, әрқайсысын қажетінше кезегімен пайдаланған орынды.

Сабақ кезінде мұғалімнің өзінің баяндауы мен көрнекілікті үйлестіруі елеулі роль атқарады. Дидактикада үйлестірудің екі тәсілі белгілі. Біріншісінде көрнекі құрал мұғалімнің түсіндіруінен бұрын көрсетіледі. Бұл жағдайда мұғалім оқушылардың іс-әрекетін, байқағыштығын бақылай отырып, керегінше мағлұмат алуына жетекшілік етеді. Екіншісінде көрнекі құралды көрсетуден бұрын мұғалім оқу материалын түсіндіреді.

Бұл екі тәсілдің біріншісі тиімдірек, себебі ол қажетті білімді меңгеруді қамтамасыз етумен бірге, оқушылардың байқағыштық қабілеттерінің өрістеуіне көмектеседі. Бірақ, көрнекі құралдарды шамадан тыс қолдану оқушылардың ойлау қабілетіне кері әсер ететінін ескерген жөн.

А.Е.Әбілқасымова, А.К.Көбесов, Д. Рахымбек, Ә.С.Кенеш [8,9] былай дейді: Оқушылардың оқу материалын қабылдау - талдау және жалпылау үдерісінің мәнінен туындады. Оқу барысының әр түрлі кезеңдерінде көрнекілік түрліше функциялар орындайды. Информатиканы оқыту практикасы бұл принципті жүзеге асыруға бағытталған арнайы құрал- жабдықтар жасауды қажет етеді (геометриялық фигуралардың модельдері, кестелер, оқу диафильмдері, кинофильмдер, теледидар, микрокалькуляторлар т. б.).

Ескеретін бір нәрсе, көрнекілікті қалай болса солай қолдана бермей, тек қажеттілігіне, тиімділігіне қарай пайдалана білудің маңызы зор. Мысалы, стереометрияның алғашқы сабақтарында фигуралардың әр түрлі моделін көрсету оқушылар үшін пайдалы болады да, кейінірек олардың кеңістік қиялын дамытуға кері әсер етуі мүмкін, яғни стереометрияны үйретуде нақты көрнекілік біртіндеп «абстрактылық көрнекілікке» (жазық сызбаларды қарастыру) орын беруге тиіс [10]. Я.А.Коменскийді (1592-1670) «Дидактиканың алтын ережесі» деп аталатын көрнекі оқыту принципінің негізін қалады. Ол көрнекілікті адамның әртүрлі сезім мүшелері көмегімен қабылдайтын обьекті немесе құбылыс жайлы сенімді ақпаратты алуға мүмкін болатын компонент ретінде түсінеді, «...барлығын тек сезімдік қабылдаулармен, атап айтар болсақ: көруді - көру сезімдерімен, естуді - есту мүшелерімен, иісті - иіс сезу мүшелерімен, дәмді - дәм сезу мүшелерімен, жанасуды – сипау арқылы сезінуге болады. Егер қандай да затты бірнеше сезім мүшелерімен қабылдауға болатын болса, онда ол бірден бірнеше сезімдік қабылдауларды қамтиды» [11].

Чех педагогы табиғаттағы заттарды тікелей қабылдау арқылы үйренуден бастауды, ал егер мұндай зат (құбылыс) болмаса, онда оны оның кескінімен немесе көшірмесімен алмастыруды ұсынды. Я.А.Коменский адам білімді өзіндік бақылау жасау жолымен алуы тиіс деп үйретеді [12].

Я.А.Коменский көрнекілік мәселесіндегі негізгі орынға көру қабілетін қойды. Оның «Суреттердегі сезімтал заттар әлемі» оқулығы көрнекілік принципі негізінде жазылған алғашқы кітап болды (оны тілді оқытуда ұзақ пайдаланды).

Осылайша, Я.А.Коменский көрнекілікті сезімдік танымменбайланыстырса, ал бақылауды кез-келген білімді алудың негізі деп есептеді.

Қ.Жарықбаев: «Байқау дегеніміз – белгілі мақсат пен обьектіні әдейілеп қабылдау. Байқау үшін белсенді ой жүгірту, арнайы зейін қою, байқау нәтижесін сөзбен айтып отыру ерекше маңыз алады» деді [13].

И.Г.Песталоцци (1746-1827) бақылауды абстрактілік ойлауды дамыту үшін алғашқы қадам деп есептеді. Ол көрнекіллікке едәуір терең негіздеу берді. Ол кез келген танымның абсолюттік негізі ретіндегі көрнекілік принципін енгізді [14].

И.Г.Песталоцци сезім мүшелерінің қоршаған әлемді тікелей қабылдауы жайлы айта отырып: «...сезімдік қабылдау адамдық танымның жалғыз негізі болып табылады. Бұдан кейінгі келетіндердің барлығы да осы сезімдік қабылдаудың қарапайым нәтижесі немесе абстракциясы» деп жазады [15]. Ол көрнекілік балалардың ақыл-ой қабілетін арттырып, сөйлеу қабілетін дамытудың құралы деп ұйғарды. Оның пікірі бойынша, бақылау үш сатыны қамтиды: бала алдында қанша зат бар; олардың формалары қандай; бұл заттар қалай аталады.

И.Г.Песталоццидің пікірі бойынша, көрнекі оқыту мәні оқушының ойлау мен сөйлеу қабілетін дамытуға көмектесіп, бөліктен бүтінге біртіндеп көшуге мүмкіндік беретіндігінде болып табылады.

Неміс педагогтары И.Ф.Гербарт (1776-1841) [16], А.Дистервег (1790- 1886) [17] Я.А.Коменский білімін дамыта отырып, көрнекі оқыту әдістемесін мұғалімнің сабақта пайдалануының талаптарын жасады:

• затты өте ұзақ демонстрациялауға болмайды, бір затты демонстрациялай беру оқушыны жалықтырады;

• сабақта көрнекіліктің сан алуан түрлері қолданылуы тиіс;

• мұғалім көрнекі құралды пайдалана отырып, қабылдау механизмі, көрнекі құралдарды пайдаланудың тұтастығы, бірізділігі мен әдістемесі жайлы мәселелерді есте ұстауы шарт;

• жақыннан алысқа, жеңілден салмақтылығына, қарапайымнан күрделіге біртіндеп сатылай шығармашылықпен оқуға өту керек [18].

И.Ф.Гербарт [19] қандай да бір объекті мен құбылысты тікелей қабылдау мен зерттеу алдында оқушылар бақылайтын затпен танысып, оны айқындаудың қажеттілігін көрсету керек деп есептейді.

Неміс педагогы Ф.Фребель (1782-1852) [20] көрнекілікті жетілу мен белсенділік ретінде қарастырды. Көрнекі құралдар көмегімен жетілу арқылы түсініктер мен ұғымдар қалыптасады. «Бала пісіп жетілгісі келсе, мұны ол өз қолымен жасасын» [21]. Фребель еңбегі оның көрнекі оқытудағы шығармашылық және белсенділік компоненттеріне ерекше орын беруінде болып тұр. Сол заманғы барлық педагогтар сияқты көрнекі оқыту жайлы айта отырып, қоршаған ортаны сезім мүшелерімен тікелей қабылдау деген көзқараста болған ол, көрнекі оқыту әдістемесін жасағанымен, бірақ көрнекі оқытуды, мақсат категориялар мен шығармашылықтың өзара байланысы жайлы мәселе ашық түрде қойылған жоқ.

К.Д.Ушинский [22] көрнекілікті оқыту үдерісінде мұғалім жетекшілігімен немесе өзіндік бақылау нәтижесінде қабылданатындығына тәуелсіз түрде баланың тікелей қабылдауымен нақты бейнеде тұрғызылған ілім ретінде анықтады. Көрнекіліктің ең ерекше де маңызды түрлерінің бірі деп ол әсерлі және бейнелі сөйлеуді есептеді. Оқыту үдерісінде мұғалім өз әңгімесін «біріншіден, оқылғандарды еске түсіріп қана

емес, сонымен бірге оны тікелей жетілдірумен толықтыра отырып, балаларға оны көрсетуі тиіс; екіншіден, сұрақтарды сан алуан етіп және әсерлі ете отырып, көрнекілікті көрсетуі тиіс» [23].

К.Д.Ушинский [24, 7] үшін көрнекілік - оқытудың әдістері мен тәсілдерінде міндетті түрде қатысып отыратын оқытудағы маңызды дидактикалық принцип.

Педагогикада көрнекіліктің табиғи, кескіндік (фотосуреттер, оқу картиналары) және кескіндік (графиктер, сызбалар, диаграммалар) деп аталатын үш түрін қарастырады. Көрнекіліктің әр түрінің өзіне тән атқаратын функциялары бар. Көрнекілік түрлері: табиғи көрнекілікке коллекциядағы кептірілген өсімдіктер, жануарлар мен құстардың тұлыбы, минералдар және т.б. жатады. Кескіндік көрнекілікке карталар, картограммалар, схемалар, диаграммалар, кестелер жатады. Мысалы кестенің бірнеше түрлері бар. Олар: хронологиялық, синхрондық, тақырыптық, графикалық кестелер. Экранды-динамикалық көрнекілік қоршаған дүниеніні бейнелейді. Олар: диапозитивтер, диафильмдер, эпипроекциялар, оқу киносы, оқу теледидары. Дыбысты техникалық көрнекілікке грампластинкалар, магнитофильмдер, радиоқабылдағыштар жатады. Көрнекі құралдар оқу материалдарын, әсіресе, теориялық ережелерді есте жақсы сақтау және жеңіл түсіну үшін қолданылады.

К.Д.Ушинский баланы тек көрнекі оқытуды логикамен ұштастырғанда оқушының көрнекі ойлауын тәрбиелеу құралы болып табылады деп ұйғарды. Көрнекі оқыту «ақылдың дамуына» жол ашады.

К.Д.Ушинский [25, 18] сол кездегі арифметика бағдарламасына орынды сын айта отырып, оның орынына өз бағдарламасын ұсынды. Ол арифметиканы оқытуды өлшеу жайлы көрнекі түсініктерден бастауды ұсынды. Геометриялық формаларды оқыта отырып арифметиканың өзіне көрнекілік пен жандылық беру үшін мұғалім өлшеулерді пайдаланады деп көрсетеді К.Д.Ушинский [26].

Сонымен, К.Д.Ушинский нақтыдан абстрактіге, әрекеттен (практикадан) теориялық жалпылауға өтуге шақырады. Ол көрнекі оқытудың мәнін терең түсінеді: ол ақыл-ой қабілетінің дамуына, материалдың мазмұндалу мүмкіндігіне, оқу жұмысындағы белсенділік пен дараландуға, материалды эмоциялық қабылдауға, алынған білімді жүйелендіруге жол ашады.

Орыс педагогы Н.Ф Бунаков (1837-1904) [27] көрнекілікті оқудың шынайы өмірмен байланыс құралы, өмірлік қажетті білімді алу құралы деп есептеп, көрнекілік түсінігін шығармашылық элементтермен байланыстырды.

М.Жұмабаев: «Бір затпен танысқанда сыртқы сезімдердің көбі қатынасса, ол зат ұмытылмайды. Балаға бір нәрсені білдіру керек болғанда осы жолды ұстау керек. Яғни мүмкін болғанша баланың сыртқы сезімдерінің көбін қатынастыру керек. Мысалы, бір заттың түрін де көрсет, дыбысын да естірт, ұстатып та көр, иіскет, дәмін татқыз, сыйпат, суретін салғыз Баланың жаратылысының өзі осыны тілейді. Бала өзінің көрген нәрсесін ұстағысы келеді, естіген нәрсені көргісі келеді. Ұстаған нәрсесінің дәмін татқысы келеді. Осы жолды ұстағанда баланың білімі берік болады. Мысалы, дұрыс жазуы үшін құр ережелерді білуі жетпейді. Қолдың, көздің, құлақтың әдеттенуі шарт» [28].

Ғалым-педагогтар көрнекі оқытуды сезім мүшелеріне әсер ететін, нақты қабылданатын объекті немесе құбылыстармен байланыстырды; олар көрнекі оқыту мәселесін көтерді; көрнекі оқыту мәнін негіздеді; оның мектепте қолданылу әдістемесін жасап, әрекеттің көрнекі оқытумен байланысы жайлы мәселе қойды.

Дегенмен, олар көрнекілік қасиеті тек нақтыға ғана тән деп, ал абстрактілік ұғымын көрнекілікпен байланыстыруға болмайды деп есептеді. Көрнекілік принципін қолдану әдістемесі негізінен бастауыш мектепке, ана тілі сабақтарына қатысы болып, көрнекі оқытудың компоненттік құрамы анықталған жоқ.

Қазіргі уақытта психологиялық-педагогикалық және әдістемелік әдебиеттерде көрнекілік, көрнекі оқыту, көрнекілік түрлері, көрнекілік құралдары жіктемесінің сан-алуан жолдары келтіріледі. Ғылыми әдебиеттер мен мектеп практикасында «көрнекілік» сөзі үш мағынада қолданылады. Біріншіден, ол кейбір обьектілер (көрнекі құралдарды), екіншіден, кейбір қасиеттерін, үшіншіден, адамның белгілі бір іс-әрекетін (көрнекілік құралдарын қабылдау, оларды пайдалануды) білдіреді [29]. Терминнің көпмәнділігіне байланысты оның әр түрлі анықтамалары бар.

Психологиялық зерттеулер (Н.А.Менчинская, П.А.Гальперин, Т.В.Кудрявцев, Л.В.Занков және басқалар) көрнекілікті «абстрактілік деңгейде және практикалық іс-әрекет үдерісінде қарастырады.

З.И.Калмыкованың [30] пікірінше, көрнекілік практикалық іс-әрекеттерімен ғана байланысты емес, сонымен бірге оқушылардың заттармен, оларды алмастыратындармен (сызбалармен, кескін, график және суреттермен) іс-әрекет орындауына тәуелді.

З.И.Калмыкова [31,13] көрнекіліктің практикалық формасына бақылауға мүмкін болатын құралдармен бірге, сондай-ақ ойлау экспериментін де жатқызады.

Сонымен, көрнекі оқыту ұғымы объектімен немесе оны алмастырушы затпен тікелей практикалық іс-әрекет, сондай-ақ ойлау іс-әрекетімен тікелей байланысты.

Ғалымдардың екінші тобы көрнекілік ұғымын бейне ұғымымен байланыстырады. Оқытудағы көрнекілік объективті шындықтың тікелей қабылдау кезінде пайда болатын сезімдік-көрнекілік бейнелерді пайдалану, және жеткен жетістік нәтижесі таным-білім ретінде түсіндіреді.

Л.Н.Нуритдинов [32] бейнелерді екі түрге бөледі. Бірінші топқа шынайы объектілер тікелей көрініс беретін сезімдік көрнекі бейнелер кіреді. Екінші топқа абстрактілік формада көрініс беретін рационалды бейнелерді жатқызды. Бейне мен көрнекілік түсініктері тығыз байланысты, ол көрнекіліктің сезімдік және рационалдық екі сатысын бөліп көрсетеді. «Рационалдық көрнекілік - теориялық ұғымның сезімдік нақты формада көрсететін дидактикалық құрал; осы құрал көмегімен оқушылардың шығармашылық белсенділігін, логикалық ойлауын дамытып, танымдық іс-әрекет дағдыларын қалыптастырады, шығармашылық, ғылыми-дүниетанымдық ұғымдарды игереді» [33].

Л.Н.Нуритдинов [32, 45] оқытудағы көрнекіліктің, көрнекі оқыту ұғымының нақты анықтамасын бермегенімен, зерттелуші құбылыс жайлы сезімдік елестету қажеттігін бөліп көрсетті.

Л.М.Фридман [33] көрнекілікті қабылдау, есте сақтау, ойлау мен қоршаған орта обьектілерін тану кезіндегі психикалық бейнелердің ерекше қасиеті деп есептейді.

Бірақ кез келген бейне көрнекі емес. Психикалық бейнедегі көрнекілік дәрежесі обьектінің қаншалықты түсінікті де, таныс екендігіне, адамның жеке ерекшеліктеріне тәуелді. Көрнекі бейнені жасаудың сыртқы шарты болып белсенді танымдық әрекет танылды. Обьектіні енжар түрде бақылау оның көрнекі бейнесі жасалуына алып келмейді. Л.М.Фридман көрнекілікті - бұл түсіну мен белсенділік деп тұжырымдайды. Ол «көрнекі оқыту» терминін пайдаланбайды [34].

В.Г.Болтянский [35] өзінің көрнекілік формуласын ұсынады: «Көрнекілік формуласы – изоморфизм+қарапайымдылық». Ондағы көрнекілік түсінігі модель түсінігімен байланысты: «...көрнекілік жайлы мәселені талқылау үшін құбылыстың екі моделін білу қажет: олардың біріншісі - абстрактілік модель, яғни, біз оқушы санасында қалыптастыруға тиісті құбылыс теориясы, екіншісі - көмекші, оқу моделі («модель-көмекші құрал). Көрнекілік жайлы тек егер ол бірінші моделге изоморфты болып, қабылдаудың қарапайымдылығына ие болса ғана екінші моделді қолданудың мәні бар. Ол изоморфизмді құрылымдардың бірдейлігі ретінде түсінеді».

Қарапайымдылық түсінігі өзгеріссіз, тұрақты бола алмайды, ол адамның жеке және жас ерекшеліктеріне, оның білімі мен дағды деңгейіне, оның өмірлік тәжірибесіне тәуелді болып, тұрақты түрде өзгеріп отырады. Қарапайымдылық ұғымы өзгеруімен көрнекілік ұғымы да өзгеріп отырады, көрнекілік ұғымы қатып қалған – тұрақты болып табылмайды. Бір адам үшін бұл модель көрнекі болса, ал екіншісі үшін олай болмауы мүмкін, бұл оның қарапайымдылығына тәуелді. Біз модель көрнекілігі, модельдің осы сатыда, осы курста орындайтын мақсатымен тығыз байланысты деп есептейміз. Мысалы,...

В.Г.Болтянский [35,5] көрнекілік ұғымын модель ұғымымен тығыз байланысты информатикалық формуламен өрнектеуге әрекеттенді. Бірақ оның жұмыстарында көрнекіліктің, шығармашылықтың, мақсаттың, сезімдік компоненттің, нақты байланыстары ашылмай, информатикадағы қандай оқытудың көрнекті болып табылатындығына жауап берілмейді.

В.Е.Евдакимов та көрнекілікті изоморфизм мен қарапайымдылық - оқу құралдары көрнекілігінің ажырағысыз белгілері деп түсінеді. Ол көрнекі бейне түсінігін танымдық әрекетпен байланыстырады [36].

Л.Н.Леонтьев көрнекілік оқушы жүзеге асыратын ішкі әрекеттердің сыртқы тірегі қызметін атқаруы керек деп ұйғарады [37].

Шабажанова С. Қ. [38] балалардың ойлауы табиғатынан екі түрлі болып келетінін мұғалім қашанда білуі керек. Бірі — көрнекі құралдарға сүйене отыру арқылы қабылдаса, екіншісі — ауызша тезірек қабылдайды. Мұндай балаларды анықтау оңай емес. Баланың жасы кіші болған сайын олардың ойлауы көбінесе, көрнекі құралдарға негізделеді, ойлауы көрнекі- бейнелілік және ауызша-логикалық болып келеді. Олардың айырмашылықтары жасөспірім кезде ғана анықталады. Таза түрі сирек кездеседі. Көбінесе аралас түрі кездеседі. Сонымен, көрнекілік түсінігі бастапқымен салыстырғанда едәуір өзгерді. Қазір көрнекілік тек нақты ғана емес, сонымен бірге абстрактілік деңгей мен іс-әрекет үдерісінде қарастырылады. Дегенмен көрнекілік ұғымына бірдей көзқарас жоқ, көрнекі оқытудың анықтамасы берілмеген, оны құраушы

компоненттердің сипаттамасы толық ашылмаған, әрі информатикадағы көрнекі оқыту ерекшелігі жеткіліксіз түрде зерттелген.

Қазақ ұлттық энциклопедиясын редакциясын басқарған Б.Аяған: «Көрнекілік ақпараттың, дәрістің, үгіт-насихаттың, жарнаманың танымдылығы мен пәрменділігін арттыру жолы, оқытуда заттар мен құбылыстардың әрқайсысының өзіне тән жаратылыс бітімін, сыр-сипаттарын сезім мүшелері арқылы байқау, қабылдауға баулиды. Адам қоршаған ортаны, дүниені, құбылыстарды бес сезім мүшесі арқылы түсінеді. Оның ішінде ақпаратты ең көп қабылдайтын сезім мүшесі – көру түйсігі. Адам шынында терең таңбаланатыны да осы көру түйсігі арқылы қабылдаған ақпарлар. Бірақ, түйсік өздігінен құбылыстардың ішкі байланысын, олардың заңдылығын бейнелей алмайды. Құбылыстардың мәнін адам санасында ойлау, пайымдау қабілеті ғана бейнелейді. Көрнекіліктің нәтижесінде қоршаған өмір құбылысын және заттарды салыстыра ойлап, пайымға салып қабылдау арқылы оқушылардың мәселені түсіну дәрежесі артады, сана-сезімі қалыптасады. Сонымен бірге, қабылданған ақпарлар оның міндеттеріне байланысты талданып, қорытылады. Көрнекілік құралдары оқушыларға бейнелі түсінік беру үшін ғана емес, оқушылардың ұғымын қалыптастырумен бірге, абстрактілі байланыстар мен тәуелділікті түсіндіру үшін қолданылады [39].

К.З.Халықованың еңбегінде көрнекілікті информатиканы оқытудың ажырамайтын бөлігі деп айта келе, ол информатика курсының мазмұнындағы ақпарат ұғымының әртүрлі сипаттала берілуімен түсіндіріледі [40].

Г.Т.Жақыпбекова былай дейді: «Көрнекілік принцип мұғалімнің оқыту үдерісіне есту-көру (аудио - визуалды) техникалық құралдарды, кітаптар, карталар, кестелер секілді әртүрлі көрнекіліктерді, оқу құралдарын пайдалануынан көрініс табады [41].

Мектепте көрнекіліктің бірнеше түрі қолданылады. Мысалы, көрнекілік оқушыларды өмірде бар объектілермен таныстыруды көздейді. Көлемдік көрнекілік ақиқат дүниенің көлемдік бейнесін беру мақсатында қолданылады. Оған фото-суреттер, диапозитив, дыбыссыз кино, т.б. жатады. Дыбыстық көрнекіліктер - дыбыстық бейнелер, шығармалардан үзінді оқу, дауысты таспаға жазу, магнитофонды пайдалану, т.б. қамтамасыз етеді. Кескіндік және графикалық көрнекіліктер абстрактылы ойлауды дамытуды мақсат етеді. Мұндай көрнекіліктер болмысты символ түрінде сипаттайды. Мысалы жоспарлар, карталар, схемалар, диаграммалар, т.б. Суреттерді анимациялау, түр-түсін өзгерту, оған дыбыстар қосу мүмкіндігі көрнекілік принципті жүзеге асырылуы болып табылады.

Көрнекілік принципінің жаңаны тануда, бейнені елестетуде, материалды ұзақ есте сақтауда тиімділігі жоғары. Компьютерде оқушылар графикалық бейнелерді түрлендіріп, ондағы обьектілерді өзгерте алады, ал оқу киносы мен теледидарда мұндай мүмкіндік жоқ.

Қ.Ә.Жұмағұлова: «Педагогикалық әдебиеттерде көрнекіліктің заттық, бейнелік тілдік, шартты, көркем және динамикалық түрлері ең негізгілері болып саналады»

дейді. Сонымен қатар, графикалық шартты бейнелер мен таңбалық модельдерге баса назар аударылады. Көрнекі құралдар шынайы іс-әрекеттерді алмастыру үдерісін бейнелеу және кодтау үшін, дерексіз тәуелділікті модельдеу мақсатында қолданылатындықтан, таңбалар мен символдарды таңбалық-кескіндік көрнекіліктер (ТСК) ретінде ерекше бір көрнекіліктің тобы ретінде бөліп қарастыруға тұрарлық. Сөйтіп, таңбалық - кескіндік көрнекілік дегеніміз - алмастыру, кодтау үдерісінің құрылымы мен қызметін көрсететін көрнекіліктің түрі, ол абстрактілі тәуелділікті оның түріне және нақтылы ерекшеліктеріне байланысты кескінді-шартты формалар арқылы модельдейді [42].

Таңбалық-кескіндік көрнекілікті оқыту барысында пайдалану үшін жалпы дидактикалық талаптарға сүйенеді. Ол талаптарға сәйкес құралдар: 1) оқушылардың жеке басының ерекшеліктеріне сәйкес құрылуы қажет; 2) оқыту тиімділігін арттыруы керек; 3) оқу материалын бірнеше қайтара түсіндіру немесе көрсетілу талабы сақталуы қажет; 4) оқушылардың оқу әрекеттерін мотивациялау; 5) оқушылардың өзіндік белсенділіктерін көрсетулері үшін еркіндік беру; 6) оқу материалдары реалды оқу мәліметтерінен тұруы қажет.

Таңбалы-кескіндік көрнекіліктер мынадай принциптерге сүйеніп жасалынады: ықшамды болуы; ассоциативті; мазмұнды; түсінікті; әмбебапты; өзгермелі; даралы; топтастыру; құрылымды; сатылы [43].

Аталған принциптерді талдай келе таңбалық кескіндік көрнекіліктер (ТСК) оқыту құралы ретінде оқу материалының мазмұнын нақтылы бейнелеу, оны терең әрі берік меңгеруге ықпал етуі және ғылыми дүниетаным қалыптастыруы; оқушының диалектикалық ойлау үдерісін дамытып, білімнің жүйелілігін қамтамасыз етуі талаптарына сай болуы керек.

Л.С.Выготский [44] оқыту кешегі емес, бала дамуының ертеңгі күніне бағдарлануы тиіс деп атап өтеді. Мұғалім оқушыларды таным әдістерін, оқу іс-әрекетінің жалпы әдістерін білуге, білімді өз бетінше алу мен өздігінен оқуға үйретуі тиіс. Мұнда жай әңгімелеу жеткіліксіз, оқушыда таным әдістерінің сезімдік бейнесі мен ойлау тіректері жоқ. Бұл жерде көрнекі және жеңіл қабылданатын сызба, кесте, график немесе қандай-да бір өзгеше түрдегі әдістер моделімен және танымдық әрекеттер әдісімен қамтамасыз ету қажеттігі шығады. Оқытудың пәні сезімдік қабылдау моделдері, олар арқылы жүзеге асатын таным әдістер мен тәсілдер танылады.

Ғылымның әртүрлі салаларында моделдердің сан-алуан жіктемесі келтіріледі. В.А.Штофф [45] «модель ретінде зерттеу объектісін кескіндей немесе қалпына келтіре отырып, оны осы объекті жайлы бізге жаңа ақпаратты беретіндей етіп алмастыруға қабілетті ойша ұсынылатын немесе материалдық түрде жүзеге асқан жүйе» - деп түсіндіреді.

«Модель» сөзі ғылыми мәтіндерде, психологиялық-педагогикалық, оқу-әдістемелік әдебиеттерде, сөйлеу әрекеттерінде өте жиі кездеседі.

Бізді модель түсінігі, моделдеу, информатикалық модель мен моделдеумен көрнекі оқытудың өзара байланысы қызықтырады. Моделдеу мен модель ұғымы әртүрлі әдебиеттерде сан-алуан ғылым салаларында кеңінен талқыланады. Бұл мәселелерге көптеген [46], [47], [48], [49], [50] жұмыстар арналған. Бұл жұмыстарда моделдердің ғылыми танымдағы үлкен мәні аталып өтіледі.

Информатикалық модель, моделдеу ұғымдарын зерттеушілер әртүрлі түсіндірді. Н.Н.Моисеев [51] информатикалық моделдің – информатикалық формальды-логикалық аппаратын талдау үшін қолдануға мүмкіндік беретін мазмұндау әдісі екендігін көрсетеді. Л.Г.Петерсон [52] мына анықтамаға тоқталады: «Информатикалық модель деп информатикалық символика көмегімен өрнектелген сыртқы әлем құбылысының қандай да бір класын жуықтап суреттеуді айтамыз. Информатикалық моделдер - жаратылыстану циклі пәндерін зерттеуде үлкен ролге ие. Бұл информатикалық тіл көмегімен арнайы бейнеде құрылған моделдер болып, осы тіл заңына бағынады».

Информатикадағы негізгі мазмұн - әртүрлі байланыстар мен қатынастар болып табылатындықтан, В.В.Давыдов [53] осы пәнді оқытуда негіз көрнекілік емес, моделдеу принципі болып табылады деп қорытынды жасайды [54].

Біз көрнекі оқыту мен моделдеу бір-біріне қарсы келмейді, бір-бірінсіз өмір сүре алмайды және олардың арасына шектеу қоюға болмайды деп есептейміз.

Көрнекілік пен моделдеу байланысының сипатын анықтау Н.Г.Салмина зерттеулерінде көрініс береді [55]. Ол көрнекілік мәселесін ақыл-ой әрекетін сатылай қалыптастыру көзқарасы тұрғысынан қарастырады.

Ақыл-ой әрекетін сатылап қалыптастыру теориясына сәйкес моделдеу материалдау сатысымен байланысты. Оқыту тиімділігі оқушылардың моделді өз беттерімен құру кезінде жүзеге асады. Біздің көзқарас бойынша, көрнекі оқыту - қабылдаудың психологиялық механизмдеріне сүйенумен «жақсы меңгерілетін моделдерді» жасау үдерісі.

Көрнекілік принципі моделдеу прициpімен кереғар болмай, онымен тығыз байланысты болады. Моделдеу - көрнекі оқытудағы құраушы компоненттердің бірі. Оқыту үдерісінде біз қойылған мақсатқа сайма-сай моделді қалыптастырамыз. Мектеп практикасында көбінесе көрнекі оқыту - көрнекі құралдарды демонстрациялаумен және техникалық оқыту құралдарын қолданумен байланысты үдерісс ретінде түсіндіріледі. Моделдеудің мәні информатикалық моделдерді құруда.

Жүйенің барлық компоненттері өзара байланысты. Өзара байланыстар сипатын анықтау информатикадан көрнекі оқыту мәселесін зерттеудің маңызды сәттерінің бірі болып табылады.

Оқыту – күрделі педагогикалық үдерісс, оқушы мен оқытушының, мұғалім мен оқушының бірлескен іс-әрекеті. Оқыту, оқу мұғалім мен оқушы жағынан белсенді шығармашылық ізденісті қажет етеді. Мұғалімнің міндеті - білімді оқушылар өздігінен алуға алып келетін оқудың белсенді формасын табу.

Оқушының міндеті – білім жүйесін меңгеру, қойылған міндеттерді өздігінен шығармашылықпен шешуге дағдылану. Бұл мәселені шешу жолдарының бірі - оқуды көрнекі ету. Көрнекі оқудың компоненттерінің өзара әрекеттесу құрылымын

зерттей отырып, біз информатикадағы көрнекі оқытуды былайша түсінеміз: информатикадағы көрнекі оқыту – жекелеген білім моделдерін немесе білімнің ұйымдасқан жиынтығын қабылдау кезіндегі оқушылардың ішкі іс-әрекет нәтижесін мақсатты қалыптастыру үдерісі.

А.Н.Леонтьев пен оның ізбасарларының ойынша, көрнекілік білімді игеру үдерісінде мұғалімнің басшылығымен бала жасайтын ішкі әрекеттердің сыртқы тірегі болуы тиіс [56].

Сонымен, оқыту үдерісін, егер бала жасайтын ішкі әрекет қойылған мақсатпен сәйкестенетін болса көрнекі деп есептеуге болады.

Тіректік сыртқы әрекеттерге мыналарды жатқызамыз: формулалар, кестелер, моделдер, диапозитив, диафильм көрсетілуі, сызбаны, график пен сызба, ғылыми-зерттеу тапсырмалары, баспа құралдары, интербелсенді тақта т.б. пайдалану.

Бізді ұғымды қалай терең меңгерумен бір мезгілде, оның ойлауда қалай көрінетіндігі қызықтырады, бұл кезде біз «тікелей қабылдау» терминін пайдаланатын боламыз.

Қабылдау - бұл заттар мен құбылыстардың сезім мүшелеріне тікелей әсер етуі кезінде олардың адам санасында көрініс беруі. Қабылдау күрделі танымдық әрекет болып табылады. Барлық ақпараттар біздің басымызға сезім мүшелері: дәм сезумен, терілік сезілумен, иіс сезумен, есту және көрумен келіп кіреді. Сыртқы әлем жайлы мәліметтердің ауқымды бөлігін адам көру арқылы алады, ол бізді қоршаған әлемнен үлкен ақпараттар бөлігін миға тасымалдайды.

Сондықтан да мектепте көбінесе оқу үдерісінде көру арқылы қабылдануға ерекше маңыз беріледі. Бүкіл сезім мүшелері үздіксіз, мимен тығыз байланыстағы бірлікте жұмыс істейді.

Оқытудың сәттілігін қамтамасыз ететін жағдай оқушы жасаған ішкі әрекеттердің қаншалықты дәл болғандығында. Кері байланыс көмегімен материалдың игерілуі мен есте қалуы қаншалықты берік жүргендігі туралы пікір айтуға болады.

Қабылдау - барлық жағынан заттарды немесе құбылыстарды танудың күрделі үдерісі, бұл ойлау сілтемесі. Қабылдаудан ойлануға «өту» үшін оқыту ойын белсендіруді жүзеге асыру керек.

Қабылдау сапасы қабылдаушы адамның қабылдауға дайындығына, оның өткен тәжірибесіне, қабылданатын материалдың, құбылыс немесе заттың мәніне, адамның қызығушылығы мен психологиялық ерекшеліктеріне тәуелді.

Қабылдау үдерісі көбінесе сөз арқылы жүзеге асады. Қабылдау – көрнекі оқыту компоненттерінің бірі. Оқытудың сөз бен көрнекіліктің қабысуы жайлы мәселе Песталоции кезінен бастап ғалым-педагогтарды қызықтырды. Осы бағытта К.Д.Ушинский [56,12], Л.В.Занков [57] жұмыстары үлкен роль атқарады. Л.В.Занков [57,122] оқытудағы сөз бен көрнекіліктің қабысу формаларын зерттейді:

I – мұғалім сөз арқылы оқушылар жүзеге асыратын әрекеттерді бақылай алады;

II - мұғалім сөз арқылы оқушылардың көрнекті объектілер, байланыстар мен құбылыстарды пайымдауына алып келеді;

III - объектілер жайлы мәліметтерді оқушылар мұғалімнің ауызша хабарламасынан алса, ал көрнекі құралдар ауызша хабарламалардың тірегі немесе нақтылануы қызметін атқарады;

IV - көрнекі объектілерді бақылауды оқушылардың жүзеге асыруынан бағыт ала отырып, мұғалім оқушылар тікелей қабылдай алмайтын құбылыстар арасындағы байланыстар жайлы хабар береді [58].

Қабылдау үдерісі көптеген зерттеулердің негізгі проблемаларының бірі. Шетел психологиясында қабылдау тұтастай тізілімдер, «гештальттар» (Gestalt – немісше – форма, бейне, құрылым) түрінде қарастырылатын, гештальт психология деп аталатын бағыт туындады. Осы теорияға сай қабылдау ерекшеліктері мен заңдылықтары гештальт заңы ретінде түсіндіріледі. Гештальт психологиясы өкілі В.Метцгер күрделі объектілерді қабылдауға әсер ететін гештальттың жеті факторын бөліп көрсетеді [59].

1. Ұқсастық факторы. Қабылдаудағы қандай да бір сипаттамалар (түс, өлшем, пішін және т.б.) бойынша ұқсас фигуралар біріктіріліп, топталады.

2. Жақындық факторы. Жақын орналасқан фигуралар бөлек фигураларға қарағанда топтарға оңай бірігеді.

3. «Жалпы (ортақ) тағдыр» факторы. Элементтерді топтарға біріктіру тек статикалық ұқсастық есебінен ғана емес, сонымен бірге оларда байқалатын өзгерістердің ортақ сипатымен де анықталады.

4. Объективті орнату факторы. Егер бақылаушыда элементтердің кейбір құрылымдары қалыптасқан болса, онда олардың кез-келген жаңа құрылымы алғашқыда болған жалғаспа, өзгеріс, реконструкция ретінде қарастырылады.

5. «Қалдықсыз кірігу» (қалдықсыз топтасу) факторы. Элементтерді біріктірудің әртүрлі нұсқаларынан «артық» элементтері қалмайтындары дұрыс саналады.

6. «Тәуір жалғасу» факторы. Сызықтар (жазықтықтар, жазықтықтар мен сызықтар) қиылысуы кезінде сызық кесінділерін құрамалауда әртүрлі нұсқаулар болуы мүмкін.

Осы фактілердің бәрі гештальттың едәуір ортақ заңы – «тәуір жақсы форма» заңын қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Заманауи ғылымда гештальт психология таза күйде қолданылмай, ол психологияның эксперименттік негізін байытты. Қабылдаудың кейбір қалыптасқан ерекшеліктері өзінің практикалық қолданысын тапты. Қабылдау үшін қабылдаушы белсенділігі маңызды болып табылады.

Көрнекі оқыту меңгерілетін моделдерді жасау үдерісі: білімнің ұйымдасқан жинағы; қабылдау объектісінің моделі; оқушылардың ішкі әрекеттерінің нәтижесі.

Сонымен, қабылдау объектісінің түйінді, тіректік сапаларының қалыптасуы көрнекі оқыту түрінде болады. Көрнекі оқыту жадтың нейрофизиологиялық механизмі мен қабылдау психологиясына сүйенетін қабылдау объектісінің моделденуі. Көрнекі оқыту оқытушының ішкі әрекетімен оқушының ішкі әрекетінің қабысып жүзеге асуы.

Сыртқы әрекеттерді: тіректік пен құрылымдық деп екі үлкен топқа бөлуге болады. Оқытудағы көрнекіліктің: оперативтік, құрылымдық, формальданған, фондық, дистрибутивтік түрлерін қарастырайық [60].

Оперативтік көрнекілікке мыналарды жатқызамыз:

- демонстрациялық: материалды мазмұндау кезінде суреттерді, сызуларды, сызбаларды, кестелерді, плакаттарды, графиктерді, моделдерді, магниттік және баспа құралдарын, фотосуреттерді, муляждарды пайдалану;
- оқытудың техникалық құралдары: диафильмдер, кинофильмдер, кодопозитивтер, киносақиналар, бағдарламалық оқыту элементтері, жеке компьютерлер, интербелсенді тақта және т.б.

Көрнекіліктің осы түрін пайдалану жаңа материалды үйрену кезінде қабылдау қарқындылағын ұлғайтуға мүмкіндік беріп, оқушылардың зейінін белсендіреді, тұтастай алғанда оқылатын материал мен пәнге қызығушылықтың дамуына жол ашып, динамикалық үдерісті көруге мүмкіндік береді, пәнаралық байланыстардың орнауына жол ашып, оқылатын сұрақтардың практикалық қолданылу облысын кеңейтеді. Көрнекіліктің бұл түрі мектеп практикасында кеңінен қолданысы әдістемелік әдебиеттерде жақсы қарастырылған. Сондай-ақ, әрбір сынып үшін пәндер бойынша кестелердің стандартты жинақтары да шығарылды. Мұғалім қолдан жасалған кестелер мен сызбаларды жиі пайдаланады. Графиктер мен сызулар тақтада, дипозитив пен кодоскопта орындалады. Соңғы жылдары баспа негізді дәптерлер (БНД) мен материалдар кеңінен таралуда.


Оқушы БНД-мен жұмыс істей отырып, жауаптарды тікелей дәптерге жазады. БНД оқушының тапсырманы көшіруден, сызуды көшірмелеуді болдырмайды, сабаққа уақытты тиімді пайдалану мүмкіндігін береді. БНД көмегімен жұмыс үлгілері беріледі. Мұнда тапсырмалар оқушының жаңа материалдар оңай игеруге мүмкіндік беріп, дұрыс пайдалануға, логикалық ойлау мен шешімді дұрыс безендіруге үйреніп, информатикалық сөйлеу өнерін дамытады. Баспа негізді дәптерді пайдалану әрбір сабаққа оқушының жеке әрекеттерін жүзеге асыруына, оқушының материалдарды меңгеруіне күшейтпелі қарқын алуына мүмкіндік береді. Әрбір оқушы өз БНД-ға ие болып, машық пен дағдыны бекіту немесе өңдеу үшін мазмұны мен күрделілігі бойынша тапсырмалар алуан түрде таңдалады.

БНД тапсырмасы қосымша нұсқауларды талап етпейді. Сабақта әрбір оқушының өз қарқынында жұмыс істеуіне мүмкіндік береді. Барлық оқушылар жұмысқа қызығушылық танытып, материалды өз беттерінше үйрене отырып алға қарай жылжуға тырысты. Жұмыстың мұндай түрі тақырыпты үйренуге бөлінген оқу уақытын қысқартуға мүмкіндік беріп, тақырыпты жеңіл меңеруге жол ашты.

Оқушылар жасы ұлғайған сайын олардың зейіні үлкен көлемге ие болып, абстрактілік ойлауы мен есте ұстауы соғұрлым жақсы дамиды. Көрнекіліктің осы түрін пайдалану оқушылар зейінін белсендіріп, динамикадағы үдерістерді көруге мүмкіндік береді де, пәнаралық байланыстардың орнауына жол ашады.

Оперативтік көрнекілікті пайдалану материалды қабылдануды жеңілдетіп, тереңдете отырып, ақпаратты беру мен алу арналарының санын кеңейтеді. Сол уақытта сабақта оперативтік көрнекілікті пайдалану оқушының шығармашылық жұмысының мотивациялық сәті болып табылады. Әсіресе, төменгі сыныптарда оперативтік көрнекілікті пайдалану кезінде бірініші кезекте зейін аудару қажеттігі алға шығады. Ауызша нұсқаунама, эмоциялық рөл, оқылатын объектінің көрінуі жиілігі мен дағдылығы мотивациялық қалыптасуына жол ашып, өз кезегінде оқу-тәрбиелеу жұмысының шешілуіне алып келеді.

Оперативті көрнекілікті пайдалануды шектен тыс көбейту үлкен нәтиже бермейтіндігін атап өткен жөн. Зерттеулер қабылдау көлемінің 4-8 элементті құрайтындығына, қабылдаушы материал көлемінің адамның өткен тәжірибесіне, оның жадының көлемі мен материалдың тақта немесе кестеде орналасуына байланысты. Барлық, көру өрісін шартты түрде төрт квадратқа бөлуге болады (1-сурет).



1-сурет. Көрнекілікті қабылдау көлемі.

Жоғарыдағы 1-суретті көру мына ретпен жүзеге асады: I, II, III, IV квадраттар, көптеген кестелер III және IV квадраттарға сай келеді [61]. Бұл факты мынадай түсіндірмеге ие: Адамдардың сол жақ жарты шардағы өрісі едәуір сезімтал келеді. Бұдан шығатыны, жаңа материалды ортаға, ал үй тапырмасын – мақсатты түрде тақтаның бір шетіне орналастыру керек.

Кестелермен жұмысты ұйымдастыру мен кестелер дайындау кезінде сабақта мұғалім фигураны қабылдауды алдымен контурды қараумен, содан соң пропорциямен жекелеген деталдарға көңіл аудару керектілігін есепке алу керек.

Оқытылатын пән қабылдаушы материалдың жалпы фонынан бөлінуі тиіс. Түзу сызықтар қисықтарға қарағанда, ал горизонталь сызықтар вертикалдарға қарағанда оңай қабылданып, фигуралар симметриясы таным дәлдігін екі есе арттырады. Қабылдау ерекшеліктерін есепке ала отырып, демонстрациялық көрнекілікпен жұмыс істеу кезінде, кодопозитивтер мен диапозитивтер құрау кезінде мұғалім кез келген суреттің, сызба және сызудың нақты сызбаға ие болу керектігін, квадрат «жақсы форма» болып табылатындықтан, негізі формулалардың шеңберден шығып кететіндігін білуі тиіс. Қабылдау кезеңі контрасттық түстерді, әртүрлі қәріптермен жуандығы әртүрлі сызықтарда пайдалану жақсы көмектеседі. Информатикада графиктерді өрнектеу үшін кері контрасттылықты пайдалану пайдалы, сонымен бірге қара фонда ақ сызықтарды пайдалану өлшемдерінің ұлғайып көрінуіне жағдай жасайды.

Контрасттық түстердің ең ыңғайлылары: қара-ақ пен қара-ашық сары. Бірнеше кестені бірден ілуге болмайды. Кабинеттегі стенділер мен экспонаттар бір-бірінен бос кеңістікпен бөлектеніп, периодты түрге алмасуы тиіс. Электр токты пайдалану кезінде бір сабақта 4-10 проекцияларды немесе суреттарды пайдалануға болатындығын, проекцияларды деменострациялау ұзақтығы 10-45 секунд екендігін, ал кинофильмдерде 35 минут болатындығын, сабақта техникалық оқыту құралдарын пайдалану 20-25 минуттан аспайтындығын, статикалыққа қарағанда динамикалық көрнекіліктің пайдалы екендігін, оның оқылатын құбылыс мәнін жақсы түсінуге мүмкіндік беретіндігін есте ұстауы керек.

Формалданған көрнекілік - құрылымдық сыртқы әрекеттерге негізделген оқу жұмысындағы моделдің қалыптасу, «сыртқы» құрылымның қалыптасу үдерісі.

Көрнекіліктің бұл түріне: жазу кезінде курсив пен абзацты пайдалануды, жекелеген формулаларды ерекшелеп көрсетуді, оларды қоршауды, маңызды сөздер мен сөйлемдерді бөліп көрсетуді, жатқызамыз.

Мектеп оқулықтарының авторлары, мұғалімдер көрнекіліктің осы түрін: курсивті, теорема мен анықтамаларды, тақырыпшаларды бөлектеп көрсету үшін материалдың маңызды бөлімдерін ерекше қалың қәріппен жазуды тұрақты түрде пайдаланады. Информатика оқулықтарында * белгісімен күрделілігі жоғары тапсырмалар, Δ-бағдарлама бойынша міндетті емес оқып-үйрену белгісі беріледі. Көрнекіліктің бұл түрі қазіргі кезде кеңінен пайдаланылады. 5-6-сынып информатика [61] оқулығында, мысалы, мыналарды кездестіреміз: оқытудың міндетті нәтижелерінің деңгейіне сай келетін жаттығулар ? белгісін, үй жұмыстары үшін ұсынылатын жаттығу нөмірі ашық курсивпен терілген, * белгісінен едәуір күрделі жаттығулар өрнектелген. Бірінші бетте оқулық тараулары мазмұндалған кесте келтірілген.

Сабақтарда негізгі материалды көрсету үшін тақта мен дәптерлерде біз түрлі-түрлі белгілерді пайдаланамыз. Қаламдар мен фломастрлерді пайдаланып, қоршауға аламыз. Бұл кезде мәтінді интербелсендітақтаға орналастырудың маңызы зор.

Сол бөлік дәлелдеменің формалды логикалық тізбегі түрінде, ал оң жақ оның тіректік пункттері көрнекі түрде белгілеумен бөліп алу түрінде болады.
Көрнекіліктің бұл түрі оқылатын материалдың оңай есте қалуына жол ашады.

Құрылымдық көрнекілік - құрылымдық сыртқы әркеттерге негізделген оқу әрекетінің моделін қалыптастыру үдерісі. Құрылымдық көрнекіліктерге: тұрақты ассоциацияларда сүйенетін модел құруды, логикалық формада теоремалар жазуды, ақпартты үздіксіз сақтаудың жүйелерін құруды, компьютер, микрокалькуляторлар үшін бақылаушы бағдарламалар құруды жатқызамыз.

Құрылымдық көрнекіліктің айқын мысалы болып оқу материалын қабылдау үдерісінде пәннің тіректік саласын бөліп алу мен кодтаудың тіректік кестесін құрау: блок-сызбаны қолдану, тақырыпты оқытудың конспекті-сызбасын құрау болып табылады.

Тірек пункттерді бөлу әдісі оқытуда кеңінен қолданылады. Тірек ретінде материалдың логикалық бөлімінің тақырыпшасы болуы мүмкін. Тірек пункттердің негізгі міндеті олардың бөлінуі адамның ішкі әрекетінің белсендіруге алып келуінде. Дж.Брунер адам негізінен тірек пункттер болып табылатын, материалдың негізгі құрамын өрнектелетін айқын фактілерді, сызбаларды, суреттерді сызулар мен формаларды еске түсіреді деп атап өтеді.

Біздің сезім мүшелеріміз материалдық қабылдауды едәуір жеңілдететіндігі психологиялық тұрғыдан негізделген. Мағыналық тірек пункттерді бөліп алу әдісінің рөлі информатикада, физика мен химия пәндерінде көрініс береді. Сондықтан да олардың арасындағы байланыстар мен тәуелділіктерді бақылау, іргетастық жағдайлар мен олардың салдарларын бөліп көрсету қиын болады.

Мектепте тірек сигналдар кең қолданысқа ие. Тірек сигнал – бұл бүтіндей тақырыптың немесе жекеленген сабақтың тақырыбының мазмұндық ерекше бір бейнесінің арнайы кодталуы. Тірек сигналды құрау кезінде мұғалімнің немесе

оқушының алдында екі маңызды мәселе тұрады: мазмұндағы бастыны қабылдау мен есте сақтау үшін едәуір қолайлы түрде бөліп алып ұсыну. Осы мақсатта есте сақтауға ұсынылатын сызбалық суреттер мен сандарды қамтитын таңбалар мен символдар қолданылады. Бұл тірек сигнал сабақ уақытысында ақпараттың қажетті көлемін оқушы алатындай және жадқа салмақ түсірмей осы білімге сүйене алатындай есеппен құралады. Тірек сигнал парағы (ТСП) бір сабақтың оқу материалын қамтитын оқшауланған контур, блоктар қамтиды.

Материал блоктарға жіктеліп, едәуір бөлігін есте сақтауға жол ашады да, бақылау сұрақтарындағы жауаптарын құрамын анықтайды. Ірі блоктардағы материал мәліметтері оқушыларға түсетін жүктемені төмендете отырып, оқылатын материалдың көлемін едәуір ұлғайтуға мүмкіндік береді.

В.Ф.Шаталов [62] бір блокқа 10-20 сабақты біріктіреді. Үлкен блоктармен оқыту әдістері сонымен бізге Б.П.Эрдниев [63] пен П.М.Эрдниевта [63,45] кездеседі. ТСП-да материалдың орналасуы, шеңбер, түс, бағдарша (формалданған көрнекілік) – барлығы да қатаң түрде ойластырған болуы керек.

Сыртқы құрылымда ішкі құрылым анық түрде ойластырылған болуы тиіс. ТСП материал екі бағанда орналасқан кәдімгі конспектіден тұрады. ТСП - бұл әркімге түсінікті бола бермейтін өзіндік кодталған конспекті. Ол бұл кезегін минималды ауданды алатын максимум ақпаратты қамтиды.

Тірек сингалы –бұл сөздер, формулалар, фразалар, мен бағдаршалар түрінде өзіндік өрнекке ие, бұл ақыл-ой жұмысының табиғи әдісі. Тірек сигналдар оқытылушы материалдағы негізгісін бөліп алып, оны толықтай, тереңірек есте сақтау үшін жинақты түрде ұсынуға мүмкіндік береді. Тірек формалары сан алуан. В.Ф.Шаталовша [64,15] тірек сигнал Д.Е.Огородный [65] әдістемесіндегідей, С.Н.Лысенковаша [66] сызба, Е.И.Ильиннің [67] тірек сигналы өзгеше.

Құрылымдық көрнекілік қабылдау үдерісінде ойлау әрекетін белсендіріп, логикалық ойлауға үйретеді. Белгілі бір жүйеде оқылатын объектілердің орналасуы сезім мүшелері жағынан минималды күштеуді туындата отырып, қабылдауды жақсартады.

Фондық көрнекілік – қабылдау мен меңгеруді қамтамасыз ететін, мотивациялық сипатқа ие білімнің ұйымдасқан жинағының арнайы ерекшеліктерін моделдеу үдерісі. Фондық сипаттама моделді қалыптастыру кезіндегі ұзақ, бірсәттік емес әрекеттермен сипатталады. Біз қандай да бір сигналды, енгізген кезде, сигнал күрделілігіне тәуелділікте мидың жүйке ұлпасының қызмет атқаруының динамикалық режимі қалыптасады. Бұл режим жартылай шамада кіру сигналында көрініс беруі мүмкін. Сигналды қайта ұсыну немесе оны ұсыну уақытын ұлғайту кезінде едәуір тұрақты режим қалыптасады. Оқыту – бұл уақытша режимдер бірізділігінің қалыптасуы.

«Фон-ассоциацияның» пайдалану мысалына оқыту үдерісінде тарихи материалды пайдалану жатады. Тарихи фон жасау материалды қабылдауды жеңілдетеді. Бұл «фон-ассоциация» логикалық түрде өзара байланысты тарихи материалды оқыту үдерісінде келтіруге болатын сабақ тақырыптарымен тарихи материалдың азғана бөлігін мазмұндау үдерісінде жасалуы мүмкін. Әртүрлі тақырыптарды оқыту

кезінде қажетті фонды жасауды, күрделі түсініктерді меңгеруді факультативтік сабақтарда жүзеге асыруға болады.

Бас ми қыртыстарының қабық асты орталықтарына батыл әрекет етуде қысқа уақыт ішінде едәуір тереңірек белгілі бір машық пен дағдыны қалыптастыруға болады. «Көңіл-күй фонын» жасау тәсілдері әртүрлі болуы мүмкін. Сабақта музыкалық шығармаларды пайдалану оқушының өзіндік жұмысының қарқынын жоғарылатуға, оқылатын материалды едәуір сапалы түрде (қол еңбегі сабақтарында, әдебиетте, сурет сабағында, информатикадағы өзіндік жұмыстар уақытысында, дене тәрбиесі сабақтарында) алуға мүмкіндік береді.

Дегенмен мұнда фон сабақта қойылған мақсатпен оқушының ішкі әрекеті сәйкестігі үшін белгілі бір талаптарға жауап беруі тиіс. Көңіл-күй фонын оқу еңбегінде оң нәтижелер алу үшін мұғалім алдын-ала дайындық жұмыстары жүргізу керек: оқу құралдарын, сабақ сюжетін енгізу жолын ойластыруы тиіс.

Материалды, пәнді оқыту әдістемесін мұғалімнің қаншалықты жақсы меңгергені, оның оқушыларға қатысы, мұғалімнің көптеген тұлғалық қасиеттері, өз еңбегі мен оқушы еңбегіне қызғушылық қатынасы сабақ фон мен сезініп, оқушының материалды қабылдауы, оны игеруі жеңіл жүзеге асады.

Мақсаттық міндет, мотивация, оқушының ішкі әрекетіне мұғалімнің сырттай алаңдауы - фондық көрнекіліктің құраушы компоненттері. Көрнекіліктің осы түрінің ерекше мәні қазіргі кезде дифференциалды оқыту жағдайында орын алуда. Бірқатар мектептерде бейіндік оқыту сыныптары жасақталып, әртүрлі оқу орындары (гимназия, лицей, колледж, жеке мектеп) пайда болуда. Мектепті бітіруші оқушының біліміне қойылатын талаптар әртүрлі, бірақ оқытудың міндетті нәтижелеріндегіден төмен болмауы тиіс. Дифференциалды оқытудың жаңа мектептік бағдарламаларын жасау кезінде көрнекілік оқытуға үлкен роль бөлінуі тиіс. Бір оқушылар үшін «тірек» қызметін пайымдау логикасы, мазмұндау тілі атқарса, ал екіншілері үшін - сабақ формасының, мазмұндау тілінің әдемілігі мен әсерлілігі орындайды. Бейіндік дифференциация жағдайында фондық көрнекілікті пайдалану мысалына ертегі-сабақтар, спектакль-сабақтар, информатикалық съездер мен конференциялар, дәріс сабақтар, қиял элементтері бар сабақтар, импровизация мен ойындар жатады.

Фондық көрнекілік есебімен жазылған оқу құралдары пайда болады. 5,6 сыныптарға арналған информатика курсы бойынша оқулықтар сериясын шығарыла бастады. Оқу материалының мазмұндалуы әртүрлі формада іске асады. Бұл қайырымды ертегі, өткір детектив, қиял ғажайып әңгіме немесе жай ғана хабарлама. Осы кітапты пайдалану, фондық көрнекілікті басқа түрлермен қатысуға қолдану дағдысы балалардың тұлғалық қабілеттіліктерін сақтап, дамытуға мүмкіндік береді.

Дистрибутивтік көрнекілік оқу әрекеті үдерісінде қалыптасқан моделді оқыту кезіндегі құрылымдық сыртқы әрекеттермен сипатталады. Көрнекіліктің бұл түріне материалды орналастыру құрлымын, базалық анықтамаларды бөлуді, тіректік материалмен дәлелдемелер әдістерінің жіктемесін жатқызамыз.

Көрнекіліктің бұл түрін оқулықтар мен оқу құралдарын құраушылар және авторлар кеңінен қолданады. Теориялық курсты құру кезінде қандай теоремалардың негізгі,

ал қайсы теоремалар мазмұндық, ал қайсылары конструктивтік екендігін анықтауға маңызды.

Көрнекіліктің осы түрін пайдалану оқытылатын материалда басымдық беріп, қабылдау мен игеру үшін оны едәуір қол жетілуі етеді, логикалық ойлауға, талдауға, негізгілерді бөліп, оқылатын түсініктер арасындағы байланыстарды орнатуға, ақпараттың үлкен көлемінде бағдарлануын үйретеді.

Сабақтастық көрнекі пән мен пәндер ішіндегі бөлім ассоциативтік байланыстар тіректілігімен сипатталады. Көрнекіліктің бұл түрі қабылдаудың ассоциативті-рефлекторлық функциясы арқылы гомеоморфты моделді құру түрінде болады. Мұнда өзара байланыстар құрылымына мазмұндаудың алдын ала дайындау әдістерін, тіректік мотивациялық тарихи мәліметтерді, заттардың функционалды глобалды табиғатын жүйелі түрде енгізуді, зерттеу сипатындағы жұмыстар циклдер т.б. жатқызылады. Көрнекіліктің осы түрімен шексіз алыстатылған нүкте аймағы, дифференциал, интеграл, информатикалық кеңістік құру ұғымын енгізумен байланысты.

Информатикалық объектілермен амалдар орындау негізінен таңбалы-кескіндік әрекет түрінде болады. Сондықтан да информатиканы оқытуда туындайтын негізгі қиындықтар «таңбалы-кескіндік құралдар түріндегі ақпараттарды сөзбен айтып бере алу, әрекетті орындау болады. Информатика мұғалімі үшін информатикалық объектінің таңбалы-кескіндік жазбасынан (ұғым, теорема, операция, дәлелдеме және т.б.) вербальды жазбалауға өзара өту секілді жалпы оқу дағдысын қалыптастыру аса маңызды саналады. Сондықтан информатикалық объектілерді игерудегі көптеген қиындықтар информатикалық символды түсінуге байланысты: оқушылар сызбаларды түсінбейді, символдар астындағы шынайы информатикалық объектілерді көрмейді.

Информатикалық білімді игеру оқу әрекетінде әртүрлі таңбалы-кескіндік құралдар жүйесіне сүйенеді.

А.М.Коршунов [68] пен В.В.Мантатованың [69] жіктемесінде информатикалық таңбалы–кескіндік құралдар функционалдық және мазмұндық негізі бойынша мына категорияларға бөлінеді: индекстер (таңба обьектіден бөлінбеген), символдар (абстрактілік ойлар мен ұғымдардың көрнекілік образды өрнектелуі) мен тілдік белгілер (таңба, жасанды немесе табиғи).

Н.Г.Салмина жіктемесінде [70] информатикалық таңбалы–кескіндік құралдар тілдік (табиғи тілдер мен оның жүйесінің туындайтын: Морзе, Брайль әліппесі, дактиль - тілдері); туынды терминдер (ғылыми таным мен оқу әрекетінде қолданылатын әріптік-цифрлық символика) және тілдік емес (табиғи тілмен тікелей байланысқа ие емес) – кластар кіреді.

Танымдық сфераның дамуы мен қалыптасуына жататын таңбалы- кескіндік құралдармен әрекеттің түрлерін психологиялық зерттеу өз бастауын Ж.Пиаже мен А.Валон [71] жұмыстарынан алады. Ж.Пиаже [72] оперативтік инварианттілік, кескіндік функция, әрекеттесу мен тепе-теңдік, әрекетті интериоризациялау жайлы ілімді жасағанымен, белгілі бір жас аралығындағы кескіндік функциялардың қалыптасу мәселесін талқылап, білімді ұсыну құралдарына: сызбаларға, диаграммаларға, суреттерге, кестелерге, информатикалық символикаға, қатынасты

әртүрлі оқу құралдарын пайдалану логикасына салыстырмалы түрде дидактикалық ұсыныстар берген жоқ. П.Я.Гальпериннің ақыл-ой әрекетін сатылы қалыптастыру теориясынан алынған мәліметтер [73] мен Н.Г.Салмина нәтижелері [74] мынадай тұжырым жасауға мүмкіндік береді: операциялық даму символикалыққа әсер еткенімен, оны анықтай алмайды. Білімге сүйену икемділігі, жалпылау тек операциалық даму деңгейіне ғана емес, сонымен бірге білім қалыптасуының құрылымы және әдістерімен анықталатын пәндік-спецификалық білімге де байланысты болады.

Белгі - таңба мәселесінің қойылуының бастауы, таңбалы-кескіндік құралдарға сүйену Л.С.Выготский есімімен [75] байланысады.

Педагогикалық және психологиялық әдебиеттердегі таңбалы-кескіндік құралдарға сүйену тәсілін сипаттайтын ең кеңінен тараған термин - моделдеу.

Егер философияда моделдеу жасанды жүйені зерттеуге арналған таным әдісі ретінде анықталса, психологияда моделдеу оқу әрекетінің құрамына кіретін оқыту іс-әрекетінің бірі ретінде түсіндіріледі [76]. Н.Г.Салмина [77,26] моделдеуді көп компонентті құрылымға ие іс-әрекет ретінде қарастырады. Н.Г.Салмина [78,54] моделдеуді іс-әрекеттің ерекше, таңбалы-кескіндік түріне жатқызып, таңбалы-кескіндік іс-әрекет түрлерінің жіктемесін құрды. Н.Г.Салмина [79,42] жіктемесі мынадай түрге ие:

• моделдеу – құрылымдық, функционалдық және генетикалық байла-ныстар көрсетілетін құралдар арқылы жаңа ақпаратты алудағы таңбалы- кескіндік іс-әрекет;
• кодтау - кез-келген жұмыс тәсілінде қолданылатын хабарды беру мен қабылдауға бағытталған таңбалы-кескіндік іс-әрекет (коммуникативтік функция);
• кескіндік және шынайы түрде жүзеге асатын, шынайлыққа бағдарланған таңбалы-кескіндік іс-әрекет (құрылымдау, байланыстарды көрсету);
• ауыстыру - мақсаты кез-келген жұмыс тәсілінде қолданылатын шынайлықтың функционалдық қалпына келуі болып табылатын таңбалы-кескіндік әрекет.

Оқу іс-әрекетіндегі кодтау таңбалы-кескіндік формадағы мазмұнды айтып бере білу дағдысы түсініледі.

Н.Б.Новик моделдеуді [80] объектіні практикалық немесе теориялық зерттеу ретінде анықтайды.

Н.Г.Салмина зерттеулерінде [81,23] оқу іс-әрекетіндегі сызба мен модель түсінігі әрқайсысы өз алдына ажыратылады. Егер модель зерттеу функциясын қарастырмай қандай да бір жағдайды суреттеу (иллюстрациялау) үшін қолданылса, онда бұл сызба сызбалау болып табылады.

Білімді ұсыну (ұйымдастыру) таңбалы-кескіндік әрекетпен байланысты болып, және оның құрылымдығымен, байланыстығымен белсенділігімен сипатталады. Таңбалы-кескіндік іс-әрекет қабылданған білімді ұсынудың әртүрлі типті моделдерін тудырады: логикалық, реляциялық, семантикалық, тізбек, жемісті, фреймдік.

Логикалық моделдер предикаттық есептеу мен «иерархиялық ағашты» есептеуге сайма-сай информатикалық білімі графы түрінде болады. Граф ұштарында негізінен оқу элементтері (ұғымдар, теоремалар, алгоритмдер, информатикалық әдістер, фундирлеу спиралдары және т.с.с) орналасып, қабырға оқу элементтері арасындағы

қатынасты береді. Осылайша, оқу материалы ұғымының немесе теореманың логикалық құрылымын тұрғызуға болады.

Реляциондық моделдер негізінен сан алуан кестелер түрінде ұсынылады. Информатикадағы кестелер тек білімді ұсыну құралы ғана емес, оқу элементі болып табылады, мысалы, алгебрадағы матрицалар, информатикалық талдаудағы туындылар мен интегралдар кестесі, информатикадағы электронды кестелер және т.б. Кестелер жеңіл қабылданады, олардың құрылымы шамаға лайықты болып, мәліметтер жинақты түрде топталады.

Семантикалық модель төбелері белгілі бір объектілер немесе ұғымдар, ал доғалары төбелер арасындағы қатынасты көрсететін бағдарланған граф түрінде болады. Семантикалық модель төбелер арасындағы алуан типтілікті, циклдерді, төбелердегі информатикалық объектілер жайлы ақпараттың алуан түрлерін өрнектейді: бұл тақырыпты оқытудың блок-сызбасы, теоремалар дәлелдемесі, ұғымды оқытудың толық құрылымдық моделі, базалық мектептік білімді, фундирлеу мен мотивациялау спиралы болуы мүмкін т.б. Семантикалық желілерді құру таңбалы-кескіндік жүйелерді қабылдаудың негізгі заңдылықтарын реттейді.

Жемісті модель белгілі бір есепті шығару кезіндегі информатикалық әрекет амалдарын тіркейді. Мысалы, нақты айнымалының f функциясын зерттеу сүлбесі мына түрде болады:

1. f функциясының D (f) анықталу облысын, мәндер облысын R(f), координата өстерімен қиылысу нүктелерін, функцияның шексіздіктегі шегі мен ерекше нүктелерді табу.
2. f функциясының асимптотасын тауып, график эскизін тұрғызу.
3. Функцияның бірінші ретті f^{i} туындысын, стационар және мінездік нүктелерін табу. f функциясының монотонды аралығын, экстремум нүктелерін және олардағы f мәндерін анықтау.
4. Функцияның f^{2I} екінші ретті туындысын тауып, f функциясының иілу нүктелерін, функциялар дөңестілігінің жоғары және төмен аралықтарын анықтау.
5. Функция графигін салу.

Фреймдік модель информатикалық және дидактикалық объектілердің күрделенуіне қарай желі түріндегі білім көріністерімен алмастырады. Фрейм теориясының негізін салушы М.Минский мынадай анықтама береді:

«Фрейм - бұл қажет кезінде ағымдағы жағдайға сай өзгеруі мүмкін, тетіктер еске салатын білім бірлігі». Желі құрамындағы төбелер жайлы көп нәрсе айтуға болатын жағдайда ұяшықтар мен олардың атауын қамтитын фреймдік түсінікке өту болып табылады. Фрейм көп деңгейлі құрылымға ие болуы мүмкін. Фреймдерде сақталған білімнің ішкі интерпретациялану мүмкіндігінен болады.

Фреймдік моделдер білімге қойылатын барлық төрт негізгі талаптарды ішкі интерпретацияланушылықты, құрылымдылықты, байланыстылық пен белсенділікті қанағаттандырады [82].

Қорыта айтқанда, информатиканың жоғары абстракциясында оқушылардың материалды жақсы меңгеруі үшін мұғалім сезімдік және әрекет элементтерін пайдалана отырып, информатиканың өмірмен, практикамен, физика, химия, география, биология, басқа да пәндерімен байланысын көрсетіп, сабақтың

көрнекілігі жүзеге асады. Көрнекіліктің жоғарыда келтірілген түрлерін қолдану мұғалімнің материалды мазмұндау әдістерін шығармашылықпен қолдануға, эрудициясына, жалпы мәдениетіне, абстрактілі ойлаудың қаншалықты дамығандығына, өз еңбегінің нәтижелеріне қызығушылығына байланысты. Келесі бөлімде информатика пәнін оқытуда қолданылатын ақпараттық технология құралдарының түрлеріне тоқталамыз.

1.2 Информатика пәнін оқытуда қолданылатын ақпараттық технология құралдарының түрлері

Қазақстан Республикасында білім беруді дамыту - оқу үдерісінде, оның ішінде негізгі мектептің 5,6-сынып информатика пәндерін оқытуда оқу құрал-жабдықтарды тиімді қолдану болып табылады.

Осыған орай К.Өстеміров қазіргі педагогикалық технологиялар мен оқыту құралдарын былайша жіктейді: заттарды және объективтік шындықтың құбылыстарын шартты құралдармен (сөз, белгі, графика) көрсететін оқу құралдары текстік кестелерді, схемаларды, графикаларды, диаграммаларды, жоспарларды, карталарды, оқу кітаптарын: оқулықтар мен оқу құралдарын, есептер жинақтарын, өзіндік жұмысқа арналған нұсқауларды, дидактикалық материалдарды және т.б. қамтиды [83].

Өз кезегінде білім берудің техникалық құралдары ерекше топты құрайды. Бұл оқу құралдары оқу үдерісі барысындағы хабарларды тарату құралы болып табылады және ол үшін арнайы техникалық жабдықтар қажет болады. Оларға жататындар: транспаранттар, диафильмдер және кинофильмдер, видеофильмдер, дыбыстық таспа жазбалары, компьютерлік бағдарламалар және т .б.


Техникалық құралдар тобына сонымен қатар түрлі проекциялық және дыбыстық аппаратуралар (кинопроекторлар, диапроекторлар, графопроекторлар, магнитофондар, бейнемагнитофондар); тренажёрлар, әмбебап техникалық құралдар, лингафондық құралдар, электрондық - есептеу техникасы жатады [84].

«Ақпараттың өзін графикалық бейнелер жиынтығы түрінде беруге болады. Мысалы, блок-схеманы алатын болсақ, шағын алгоритмнің құрылымы мен атқарылу үдерісін өте көрнекі сипаттауға мүмкіндік береді. Сондай-ақ, бағдарламалау тілдерін сипаттаудағы көрнекі диаграммалар да көрнекілік болып табылады. Е – практикум жүйесіндегі алгоритмнің кесте түріндегі атқарылуы да көрнекілікке жатады.

Алгоритм текстінің құрылымдық сипатта жазылуының өзі – көрнекілік. Қозғалмалы бейнелер мен түстің, дыбыстың қосылуы да көрнекілікті кеңейтеді. Мысалы, Бейсик тіліндегі қарапайым BEEP командасы өте сирек қолданылады. Ал, аталған команданың көмегімен бағдарламадағы кездескен қатені, бағдарламаның бақылау нүктесінен өтуін және т.с.с. көрсетуге болады. Сонымен қатар, редактормен жұмыс кезіндегі

компьютердегі оқушының іс-әрекетін мұғалімнің демонстрациялауы да көрнекілік болып табылады», дейді К.Халықова [85,53].

Компьютерді информатика сабағында оқыту құралы ретінде қолдануда оның тиімділігі және дидактикалық мүмкіндігі ескеріледі. Информатиканы оқыту әдістемесі оқытудың мақсатын, мазмұнын, әдісін, құралдарын, формаларын, тапсырмалар жиынтығын біртұтас жүйе ретінде қарастырады (2-сурет).



2-сурет. Информатиканы оқыту компоненттері.

2-суреттегі информатиканы оқыту компоненттері, информатиканы оқыту әдістемесі – информатика пәнін оқытудың мақсатын (не үшін оқытамыз?), мазмұнын (нені оқытамыз?), әдістерін (қалай оқытамыз?), анықтаумен қатар, қалай тиімді оқытуға болады? – деген мәселені қарастырады.

Информатика курсын оқытудағы «не үшін оқытамыз?» сұрағы қоғам талабына сай қойылып отыр. «Не үшін оқытамыз?» сұрағына «нені оқытамыз?» деген маңызды мәселе туындайды. Осы мәселе байланысты теориялық материалдардың мазмұны, оқушылардың дайындық деңгейіне қойылатын талаптар анықталады.

«Қалай оқытамыз?» - деген сұраққа жауап беруде мұғалімнің іс-әрекетіне ерекше мән беріледі. Себебі, мұғалім оқу үдерісіндегі жетекші тұлға. Ол оқу бағдарламасын таңдайды, осы бағдарламаға сәйкес күнтізбектік – тақырыптық жоспар және оған сәйкес сабақ жоспарын жасайды.

Оқу бағдарламасы мемлекеттік, авторлық және жеке программалар болуы мүмкін.

Мемлекеттік программа Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігінде бекітіледі.

Авторлық программа жеке немесе авторлар ұжымымен жасалып, республикалық білім беру мекемелерінде бекітіледі.

Жеке программа оқытудың нақты жағдайлары мен материалдық – техникалық базасына қарай мемлекеттік программаға ішінара өзгерістер енгізу арқылы жасалады.

«Қалай оқытамыз?» сұрағы мұғалімнің әрбір сабаққа дайындық барысында сабақ түрін, оқыту әдістерін, бекіту және бақылау кезеңдеріндегі тапсырмаларды анықтауы қажеттілігінен туындайды. Демек, информатика пәні мұғалімі:

- білімділік, дамытушылық, практикалық, тәрбиелік мақсаттарын түсінуі және өзіндік білім ретінде бойға сіңіруі;
- игерілген білімдегі коипьютерлік технология құралдарының орны мен маңызын көре білуі;
- информатика курсының мазмұнын меңгеру мақсатына сәйкес оқулықтар мен программаларды салыстыра оқып үйренуі;
- мазмұн таңдау принципін түсіну және оны қолдана білуі;
- пәнді оқыту құралдарын меңгеруі;
- оқытудың дәстүрлі және жаңа ақпараттық технологияға (компьютерлік технология) негізделген әдістерін білуі;
- оқушылардың ақыл –ой қызметін басқаруды меңгеруі;
- оқытуды ұйымдастыру формаларын меңгеруі;
- басқа пәндермен информатиканың байланысын зерттеуі;
- информатиканы оқыту үдерісін талдай білуі;
- информатиканы оқытуда бағдарламалық және техникалық құралдарды қолдана білуі;

оқушылардың пәнге деген қызығушылығын арттыруы қажет.

Оқыту құралдарын белгілеріне қарай мынадай түрлерге жіктейміз;

1.Ондағы қолданылатын материалдарға байланысты (сөздік және бейнелік);

2.Қабылдау түрлеріне орай (көру, есту, көру-есту);

3. Материалды беру тәсіліне қарай (техникалық аппарат көмегімен немесе техника көмегінсіз, дайын кестелер, диакадр, кинотаспа);

Оқытудың техникалық құралдарының ішінде қабылдауға арналғандары жиі қолданылады. Олар: 1. Оқытудың экрандық құралдары; 2. Оқытудың дыбыстық құралдары; 3. Оқытудың экрандық – дыбыстық құралдары.

Ал, компьютерлік техниканың (ақпараттық және коммуникациялық технологиялар құралдары) оқытудың басқа құралдарына қарағанда өзіндік ерекшеліктері мен артықшылықтары бар, қолдану мүмкіндігі де кеңірек.

Экрандық оқу құралдарына диапозитив, транспаранттар, диафильмдер, эпиобъектілер, сондай-ақ үнсіз көрсетілетін киноүзінділер мен кинофильмдер жатады.

Оқу диапозитивтері – оқу және тәрбие мақсатына қолдануға арналған бейнелер топтамасы. Оларды фотографиялық тәсілмен түссіз материалға (шыны немесе таспаға) түсіреді. Сөйтіп, диапроектор көмегімен бейнені жазықтыққа (экранға) түсіріп көрсетеді.

Транспаранттар - полиграфиялық және фотографиялық жолмен түсірілген түссіз таспадағы бейнелер. Транспоранттарды графопроектор көмегімен демонстрациялап көрсетеді.

Эпиобъекті – экранға жарық көмегімен проекцияланатын жазық объектілердегі бейнелер (сызбалар, суреттер, фотографиялар, мәтіндер және т.б).
Оқу диафильмдері - оқу ақпаратын алдын-ала тізбектей көрсету үшін кадр түрінде ені 35 мм түссіз таспаға фотографиялық жолмен әзірленген бейнелер топтамасы.
Оқытудың дыбыстық құралдары. Әртүрлі радиоқабылдағыштар мен дыбыстық жазбалар (магниттік жазбалар, грамтабақшалар). Оқытудың экрандық - дыбыстық құралдары оқу киноокулықтар, оқу теледидар хабарлары, бейнежазбалар, дыбыстық диафильмдерін біріктіреді.
Киноокулық - бұл кинотаспадағы дыбыстық түрде берілетін жылжымалы объектілердің позитивтік фотографиялық бейнесі. Оқу киноокулық қорына кинофильмдер, киноүзінділер жатады. Бейнежазбалар - бұл арнайы магниттік таспа бейнемагнитофон мен теледидар камерасы көмегімен жазылған бейне және дыбыс. Теледидар экранда бейнелеу үшін қолданылады.

Енді, информатика сабағында компьютер мен оқыту құралдарын кешендік пайдалану әдістемесіне тоқталайық. Оқыту құралдарының кешені деп оқу бағдарламасының қандай да бір такырыбын оқуға арналған қажетті және жеткілікті құралдар жинағын түсінеміз. Кешендік оқыту құралдарын арнайы бір құрылыммен, яғни оқу үдерісінде қажетіне қарай, дидактикалық мүмкіндігіне орай, оларды бір-бірімен сабақтастыра отырып, өзара байланысты біртіндеп тізбектей қолдану өте қажет. Оқыту құралдарын қолдану үшін оларды таңдаған кезде ең алдымен ескеретін жәйт олардың дидактикалық мүмкіндігі, сабақ тапсырмалары мен нақты шарттарын ескеру керек.

Оқытудың техникалық құралдарын кешенді қолдануда мына төмендегі мәселеге басты назар аударылады:

1.Өтілетін тақырыпқа қатысты оқыту мен тәрбиелеу мәселелерін анықтап алу;
2.Оқушылардың оқулықтағы игеретін материал көлемін анықтап алу;
3.Оқушылардың танымдық тәжірибелерін есепке алу;
4.Білім мазмұнына элементарлық талдау жасау (оқулық қолданылады);
5.Білімнің тізбектей берілуін анықтаумен қатар, дағдылары мен ебдейліктерін де біртіндеп қалыптастыру;
6.Білуге қарай біртіндеп қадам жасау;
7. Әрбір қадамның әдістемелік жүйесін жасау:

а) Оқушылардың танымдық қызметін модельдеу;
ә) Оқыту әдістерін жобалау;
б) Кері байланыс жасау тәсілдерін жобалау;
в) Оқыту құралдарының құрамы мен қолданылу мүмкіндігін анықтап алу;

Оқу құралдары жүйесінің қалыптасуы – білім беру құралдарының түріне өзіндік белгілері бойынша классификациялау ғана емес, сонымен қатар дидактикалық қасиеттері мен қызметтерін білуді де қажет етеді.

Дидактикалық қасиеттер дегеніміз – оқу құралдарының басқалардан айырмашылықтары көрсетілетін белгілері мен дидактикалық функцияларда (қызметінде) көрініс табатын өзіндік ерекшеліктері. Дидактикалық қасиеттер тек қана оқу құралдарына тән болып келетін мүмкіншіліктерді ғана қамтиды. Оқу-тәрбие жұмысында түрлі әдістерді қолданудың объективтік

бағыттары ретінде қарастырылатын дидактикалық функциялар мен дидактикалық қасиеттердің өзара байланыстары болып отырады. «Дидактикалық қасиет» пен «дидактикалық мүмкіндік» ұғымдарының өзара жақындығынан да болар, педагогикалық әдебиетте оларды бірге қарастыру дәстүрге айналған.

Оқыту құралдарының әрқайсысының дидактикалық қызметтерінің әртүрлі болып келетіндігіне қарамастан, олардың барлығына тән ортақ қызметтері бар. Атап айтқанда:

– оқушылар қабылдаған хабарларды ұғынып түсінуді, түсініктер мен ұғымдарды қалыптастыруды қамтамасыз ете алатын көрнекілік қызмет;

– хабарлау қызметі, өйткені оқу құралдары білімнің нақты көздерінің бірі болып саналады, яғни белгілі бір хабарларды жеткізушінің рөлін де атқара береді;

– орнын толтырушылық қызмет оқу үдерісін жеңілдетеді, көздеген мақсатқа көп күш, денсаулық , уақыт жұмсамай жетуге бағытталған;

– бейімдеушілік қызмет оқу үдерісіндегі қолайлы жағдайлар туғызуға, демонстрацияларды, өзіндік жұмыстарды ұйымдастыруға, оқушылардың жас ерекшеліктеріне байланысты ұғымдар мазмұнының бірдей болуына, білімнің бір қалыпты сабақтастығына бағдар алған;

– интегративтік қызмет, белгілі бір объектіні немесе құбылысты тұтастай да және оның бір бөлшегі ретінде қарастыруға мүмкіндік береді. Бұл қызмет оқу құралдарын кешенді түрде қолдану мен жаңа ақпараттық технологияның құралдарын қолдану арқылы жүзеге асырылады. Оқытудың негізіне бақыланушы обьектілерді қабылдау жатады. Не нәрсені қандай тәсілмен білгіміз келсе де, біз барлығынан бұрын сезім мүшелерімізге жүгінеміз. Адам тыңдаса, оқыса, бақыласа - барлығынан бұрын жұмысқа оның сезімі мен қабылдауы қосылады, содан соң - есте сақтау, біріктіру, пайымдау, ақпаратты шығармашылық өңдеу жүзеге асады. Егер мұғалім оқушының танымдық іс-әрекетіне әсер еткісі келсе, онда ол алдымен оның сезім мүшелеріне әсер етеді, осы талдағыштар арқылы адам ақпарат алады.

Қорытынды, мектеп алдында қойылған жаңа да күрделі міндеттерге, адам үшін қажетті білім көлемінің өсуіне байланысты оқыту үдерісінде оқушыға ұсынылатын талаптар да өзгерді. Орта мектепте информатиканы оқытудағы негізгі міндеттерінің бірі оқушыларды терең, әрі берік білімнен, оларды өздерінің іс-әрекетінде саналы түрде, рационалды қолдану дағдысын қалыптастыру болып табылады. Оқушы оқу материалының мазмұнын жай ғана еске түсіру мен қалпына келтіру жеткіліксіз болып, олардың өздері білім беру үдерісіне қатысуы, өз білімін өзіндік толықтыру дағдысы мен жылдам дамыған ғылыми және техникалық ақпарат ағысында бағдарлану маңызды болып табылады. Келесі бөлімде оқушыларға ақпаратты ұсынуда көрнекілік принципті жүзеге асырудың психологиялық-педагогикалық аспектілерін баяндаймыз.

1.3. Оқушыларға ақпаратты ұсынуда көрнекілік принципті жүзеге асырудың психологиялық-педагогикалық аспектілері

Тәуелсіз еліміздің Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына дәстүрлі Жолдауында және Қазақстан Республикасының білім және ғылым министрлігінің 27.09.2004 жылғы №781 бұйрығында мектеп информатика мұғалімдері компьютерлік сауатты болып, сабақта компьютерлік технологияны тиімді пайдаланылуы көзделінген болатын [86]. Ол үшін компьютерлік технология құралдарын қолданушылар «Ақпарат» ұғымымен таныс болғаны жөн.

«Ақпарат» ұғымы адам тіршілік ететін ортаның барлық саласына енді. «Инфосфера» – ақпараттық құрылым, жүйе, ғылымдағы және ортадағы үдерістер ұғымы пайда болады. Ақпараттың пәндік және логикалық, методологиялық, прагматикалық мағыналары әлі де толық ашылмаған.

«Ақпарат» сөзі латынның «informatio» - түсінік, баяндау, танысу, көрсету сөздерінен шыққан. Өмірде ақпарат ұғымы ретінде, бізді қоршаған ортадағы сигнал ретінде қабылданатын және берілетін мәліметтерді түсінеміз. Осындай интуициялық анықтама ақпаратты көрсетуге кең, көпбағытты мүмкіндік береді. Сонда «ақпарат» ұғымына қандай қажеттілік бар?

Ақпараттық ғылымның негізін салушылардың бірі Норберт Винерге [87] жүгінейік: «Ақпарат – бұл біздің сыртқы өмірге орныгуымыздан және біздің сезімдеріміздің онда орнығу үдерісінен алынған ұғым. Ақпаратты алу және қолдану үдерісі – біздің сыртқы ортаның кездейсоқ жағдайларына және осы ортада өмір сүруіміздің үдерісі болып табылады. Заманауи өмірдің қиындықтары мен қажеттіліктері де бұрынғыдан да көп, сол үшін біздің мұражайлар, университеттер, кітапханалар, оқулықтар сол қажеттілікті қанағаттандыруы керек. Сол себепті, хабарлау және басқару адам өмірімен және адамның қоршаған ортадағы өмірімен тығыз байланысты».

Н.Винердің [88,52] және бір жиі айтылатын тұжырымдамасы: «Ақпарат ол ақпарат, материя және энергия да емес», яғни, ол заттық өмірге жатпайды және оған сақталу заңдары әсер етпейді. Ғылыми-философиялық тұрғыда ақпаратты материя, энергия, кеңістік, уақыт ұғымдарымен қатар қарастыруға болады.

«Ақпарат» ұғымы ғылымның әр саласында әртүрлі қолданылады. Жалпы ғылыми позицияда ақпарат – бұл кез-келген жиынтық, оны бір жүйе қабылдайды, сақтайды, таратады.

Ғылыми-техникалық тұрғыдан, ақпарат шығарушыдан қабылдағышқа арна арқылы жіберілетін хабар. Хабар материалды-энергетикалық формада – электрлік, дыбыстық, жарық арқылы және т.б. сигнал түрінде жіберіледі.

Ғылымға қолжетімді ақпарат әрқашан кодталған түрде, яғни, сигналдардың келуін көрсететін ақпарат формасында пайда болады. Кибернетикада ақпарат хабардан алынбайды, тек қайта кодталады. Егер А коды берілсе, α хабары бұл кодта және А кодынан В-ға өту ережесі, онда α хабарын β хабарына В коды арқылы өткізуге болады. Осылайша, ақпарат ұғымын хабарды өзге де кодқа өткізетін инвариант деп қабылдауға болады.


Информатиканы оқытуда компьютерді көрнекі құрал ретінде пайдаланғанда мынаны ескерген жөн: көру ағзасы есту ағзасына қарағанда миға 5 есе көп ақпарат

жібереді. Көру ағзасы арқылы миға түскен ақпарат айтарлықтай кодтауды қажет етпейді, ол адам миына жеңіл, әрі тез, берік қабылданады.

Сонымен, әр уақытта да оқыту негізі болып, бақыланған объектілерден қабылданғандар жатады. Неге оқытсақ та, қандай әдістермен оқытсақ та, біз ең алдымен оқушылардың ақпаратты қабылдаудағы сезім мүшелеріне сүйенеміз.

Оқушы тыңдайды, оқиды, бақылайды – бұл іс-әрекеттердің бәрінде де оның сезім мүшелері арқылы қабылдау іске қосылады, ал содан кейін ғана есте сақтау, ойлану, ой қорыту, ақпаратты шығармашылық өңдеу және т.б. жүзеге асырылады.

Оқыту бағдарламасының түрлі операцияларды орындауға, оқыту қызметін талдауға, түрлі құбылыстар мен үдерістердің информатикалық үлгілерін құруға мүмкіндігі, әсіресе көрнекілікті жүзеге асыруда қызметі зор болып отыр (3,4,5-суреттерде).




3-сурет. Компьютерсіз оқыту жағдайындағы ақпарат ағыны жүйесі



4-сурет. Интербелсенді тақта құралдарын қолданып оқыту жағдайындағы ақпарат ағыны жүйесі

Мұндағы, 1-Мұғалім мен оқушылардың арасындағы ақпарат ағынының жүзеге асуы; 2-педагогикалық жабдықтау; 3-"компьютер – оқушылар" жүйесіндегі ақпарат ағыны.



5-сурет. Компьютерлік технология негізінде оқыту жағдайындағы ақпарат ағындарының жүйелері

Мұндағы, 1-Мұғалім мен оқушының арасында ақпарат ағынының жүзеге асуы; 2-педагогикалық жабдықтау және талдау; 3- "компьютер – оқушы" ара қатынастары.

Компьютерлік технологияны оқыту үдерісінде қолдану үшін компьютер, интербелсенді тақта құралдары қажет. 5-суреттегі сызба мұғалімнің жаңа материалды не тақырыпты түсіндірудегі ақпарат алмасуын бейнелейді.

5-суреттегі ішкі жүйе оқушы мен компьютер арасында тікелей әріптестік арқылы сипатталады. Бұл жерде компьютер оқушының орындайтын дербес тапсырмасын анықтап, оны экранға шығарады, тапсырманың орындалу дұрыстығын тексереді, қажет жағдайда тапсырманың шығарылу үлгісін экранда көрсетіп, көмектеседі.

Оқып-үйрену, негізінен, оқытушысыз жүргізіледі. Оқушы компьютерден алған оқу тапсырмасын қабылдап, оны өзбетінше орындайды да, оқып-үйрену барысында қажет болған іс-әрекет жолдарының игерілу сапасы мен өз ақыл-ой қызметінің қол жеткен даму деңгейі жайлы ақпаратты, тапсырмадағы сұрақтардың жауаптарын, есептердің шығарылуын компьютерге енгізіп, жұмыс жасайды. Яғни, ішкі "оқушы-компьютер" жүйесінде оқушының оқып-үйрену үдерісі жүзеге асады.

Компьютерлік жүйеде мұғалім оқушының оқып-үйрену жұмысының нәтижелерін, яғни жіберілген қателер саны, тапсырманы орындауға жұмсалған уақыт, оқып-үйренудің қандай деңгейіне жеткені, бақылау жұмысының бағасы жөніндегі ақпаратты компьютерден алады. Ол алынған мәліметтерді оқу бағдарламасынан, ғылыми еңбектерден, оқулықтар мен оқу-әдістемелік құралдардан алынған ақпараттармен салыстыра отырып, оқушының ақыл-ой қызметі мүмкіндіктері мен деңгейлері сипаттамаларын талдайды.

Мұғалім келешекте бұл ақпараттарды тиімді пайдалану үшін тапсырманың орындалу нәтижесін компьютерде сақтайды. Оқыту мақсаты мен оқытудың нәтижелері арасында сәйкессіздік анықталған жағдайда, оқушы оқулық, оқу-әдістемелік, анықтамалық және т.б. құралдардан қажетті ақпараттарды жинақтап, шығармашылық ізденістер жасайды да, компьютердің көмегімен өзінің жұмысты орындау деңгейіне сай тапсырмаларын қайтадан таңдап алып, оны орындауға мүмкіндік береді. Осылайша, сыртқы "компьютер-мұғалім" жүйесінде оқушының оқу-танымдық қызметін басқару үдерісі жүріп жатады.

Егер мұғалім оқушының танымдық іс-әрекетіне, қызметіне әсер еткісі келсе, ол алдымен олардың көру және есту сезімдік мүшелеріне әсер етеді. Сөйтіп, адам ақпараттың көп бөлігін осы анализаторлар көмегімен қабылдайды [89]. Сондықтан адамның түстер мен формаларды қабылдауының физиологиялық ерекшеліктерін ескеру керек.

Барлық түстер мынадай түстік қатарға жіктеледі:

1. Хроматикалық түстер қатары - спектр түстері: қызыл, қызыл сары, жасыл, сары, көк, көгілдір, сия көк және олардың арасындағы түстер.
2. Ахроматикалық түстер, яғни түссіз түстер: ақ, сұр, қара түстер жатады.

Хроматикалық түстен ахроматикалық түстерге дейінгі қатар, қызылодан аққа, қызылдан сұр түске, қызылдан қара түске дейінгі қатар т.с.с. түстердің ашықтылығы мен айқындылығын білдіреді.

Түстердің өзара үйлесімділігін гармония деп атаймыз.

Ахроматикалық түстер бір-бірінен тек бір белгісі бойынша – ашықтығы (ашық-сұрғылт немесе қара-сұрғылт) бойынша ерекшеленеді. Хроматикалық түс, ашықтығы жағынын ерекшеленумен қатар, тағы да екі негізгі белгілермен - түстік өңмен және қанықтылықпен сипатталады. Түстік өң – бұл «қызыл», «сары» және т.б. сөздермен анықталатын нәрсе және мұның өзі бір түсті екіншісінен ерекшелеп тұрады. Бірақ қызыл таза қызыл немесе ахроматикалық, мысалы, сұрғылт қоспасы бар болуы мүмкін. Соның өзінде ол бәрі бір қызыл болып қалады - сұрғылт қоспа оның түстік өңін өзгертпейді. Егер осындай ашықтықтағы сұрғылт түсті алсақ, онда жаңа (араластырылған) қызылдың ашықтығы да өзгермейді.

Дегенмен мұндай кезде түс басқаша болады: онда оның үшінші белгісі-қанықтылығы өзгереді. Ахроматикалықтың қоспасынан хроматикалық түстің қанықтылығы азаяды. Мұндай қоспада ахроматикалық түс неғұрлым аз болған сайын, оның қанықтылығы да арта түседі.

Жалпы алғанда барлық хроматикалық түс үш параметрмен – ашықтылықпен, түстік өңмен және қанықтылықпен сипатталады.

Хроматикалық түстерді жылы және суық түстер деп шартты түрге бөледі. Жылы түске спектордың сары-қызыл бөлігі, ал суық түске көк- көгілдір бөлігі жатады. Бұл топтар өзінің жылы және суық түстер деген атауын бірі күн мен от түсімен ойша байланыстырылу, екіншісі - аспанның, су мен тұздың түсімен ойша байланыстырылу арқылы алынған.

Күлгін және жасыл түстер аралық жағдайға ие болады және алуан түрлі нақты жағдайларда, үйлесімді байланысты бірде жылы, бірде суық түске жатқызуы мүмкін. Егер көршілес түстер біртіндеп өзгере отырып, бірінен екіншісіне ауысатын спектрлық бөлісуді алып, сақинаша исек, онда бұл сақина бірікпейді, себебі шеткі түстердің қызыл және күлгін түстердің – арасында өтпелі қызыл-күлгін (қара-қошқыл) түстер жетіспейді. Егер оларды қоссақ шеңбер бірігеді. Мұндай түстік шеңбер бізге түстер жөнінде көп нәрсені түсінуге көмектеседі.

Түс неғұрлым қанық болған сайын ол адам бойында белсенді әрі тұрақты әсер туғызады.

Түстік ассоциация физиологиялық және эмоциялық болып бөлінеді. Физиологиялық түріне мына ассоциациялар жатады:

Температуралық – кез-келген түс суық немесе ыстық күйге ие, жылы түске қызыл, - қызыл-сары, сары және т. б. отпен күн түстері жатады; суық түстер қар, мұз, су түстері көк, көгілдір, көкшіл- жасыл түс жатады; оларға қара түсті қосу арқылы оны жылытуға керісінше ақ түс қосу арқылы суық етіп көрсетуге болады.

Салмақтылық – кейбір түстер ауыр болып, кейбір түстер жеңіл болып қабылданады; хроматикалық және ахроматикалық қою түстер ауыр болып көрінсе, қанықпаған түстер жеңіл сезінеді.

Кеңістікті – бір бейнелеу жазықтығында орналасқанымен бір түс таңбасы алға қарай шығып көрінсе келесі түс біршама қашықтықта болып көрінеді.

Акустикалық – кейбір түс айхайлап тұрса, екінші бір түс тыныш секілді қабылданады, әсіресе жылы түстер айхайлап көрінсе, хроматикалық және қанық емес, ақшыл, спектірлі суық түстер тыныштықпен үнсіздікті байқатады.

Фактуралық – кейбір түстер материал, тығыз әрі бұйым формасын шығаруға, фактурасын сезуге, көрсетуге көмектеседі; оларға жылы, шамалы қанықпаған түстер жатады; кейбір түстер фактурасыз, жеңіл болып көрінеді, оларға бейматериалды суық, шегініп көрінетін түстерді жатқызуға болады. Эмоциялық күй туғызатын түстер ассоциациясына мыналар жатады:

Позитивті – ашық қаныққан, ашық, жылы түстер қуанышты, көңілді, жылы шырайлы, жағымды болып көрінеді.

Негативті - кейбір түстер қайғы, көңіл күйді түсіріп, реніш, қорқыныштылықты тудырады, ондай түстер сиякөк, қаралау, шамалы қаныққан түстер жатады.

Бейтарап – көптеген түстер пассивті болып аса белсенді реакция тудырмай керісінше тыныш, бейтарап, тұрақты болып қабылданады, мұндай түстерге ахроматикалық түстер, оншалықты қою немесе ашық түстер жатады.

Физиологиялық түстік ассоциация көптеген адамдар да олардың өмір сүру образы тұрмысы мен темпераментіне қарамастан біркелкі әсер етеді.

Сонымен адам көру сезімінің көмегімен 180 түрлі түсті қабылдай алады. Түс пен оның қосылыстарының безендіру мүмкіндігі шексіз. Түрлі түстер адамның көңіл-күйіне түрліше эмоциялық әсер ететіні белгілі. Кей түстер адамды дем алдырса, кей түстер шаршатады. Түстер комбинациясы да адамға түрліше әсер етеді. Компьютерді қолданғанда оқушылардың түстер мен формаларды қабылдауының физиологиялық ерекшеліктерінде есте ұстаған абзал. Сонымен бірге құрамында қозғалып тұратын объектілері (анимация) көп оқу материалын қабылдау өте қиын, себебі қозғалып тұрған объект адамның назарын өзіне аударады.

Қазіргі кезде информатиканы компьютерлік оқытудың нәтижелілігін зерттеудегі ғылыми проблемаларды шешу аса маңызды орын алады. Бұған себеп оқу үдерісін компьютерлендіру психологиялық-педагогикалық іс-әрекеттердің негізгі бағыттарын жан-жақты қамтуы болып табылады.

Зерттеу нәтижелелері көрсетіп отырғанындай, орта мектептің 5,6-сынып информатика пәндерін оқыту барысында компьютерді қолдану мұғалім мен оқушының қарым-қатынасының жүйесі, олардың іс-әрекеттерінің мазмұнын, құрылымын өзгерте отырып түрлендіреді және олардың ынталылық сезімінің өсуіне әсер етеді.

Мұғалім әрбір оқушының орындаған жұмыстарын бақылап отыруға, басқа оқушыларға кедергі келтірмей үлгерімі төмен оқушылармен жеке жұмыс істеуіне болады. Дәстүрлі оқытуға қарағанда, компьютер оқушының ойлау қызметінің даму үдерісін жан –жақты, терең түсінуге оң жағдай туғызады.

Сезімдік жүйелер ағзаның өзін қоршаған ортамен өзара әрекеттесуін жүзеге асыруда маңызды роль атқарады. Сезімдік жүйелер белгілі райлы ақпаратты қабылдауға және тануға арнайы құралған құрылымдардан тұратын жүйке жүйесінің күрделі бөлігі. Адам қоршаған ортадағы ақпаратты бес сезім мүшесімен қабылдайды: Көз, құлақ, мұрын, тіл арқылы дәм сезу, тері арқылы сипап сезу. Төмендегі 6-кестеде адамның бес сезім мүшесі жайлы толық мәлімет берілген.

Сезім мүшелері	Ақпараттарды алу арналары	Ақпарат түрлері
Көз	Көру	Сурет, анимация, қозғалыс
Құлақ	Есту	Дыбыстық (есту)
Мұрын	Иіс сезу	Иіс
Тіл (ауыз)	Дәм сезу	Дәм
Тері	Сипап сезу	Тактильдік (сезу)

6-кесте. Сезім мүшелері арқылы ақпараттарды қабылдау.

Осылардың ішінде адам баласы көру және есту мүшелері көмегімен ақпараттың едәуір бөлігін қабылдайтындықтан, біз көз арқылы қабылдауға әсер ететін түр–түске сипаттама бере отырып, информатика пәнін оқытуда көрнекілік принципті жүзеге асыру үшін түр-түстің оқушының материалды игеруге тигізер әсерін қарастырдық. Бұл бағытта көптеген елдердің әдіскер-ғалымдары көп жылдардан бері ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізіп келеді. Осы орайда түр-түс тану ғылымына көп еңбек сіңірген белгілі И.Ньютон, А.Ломоносов және т.б. ғалымдардың есімін атап өту керек. Көзбен көруге болатын сан түрлі түстерді бір жүйеге келтіру жолында алғашқы қадамды И.Ньютон жасады.

Сондай-ақ, түс оқушының белсенді эмоциялық реакциясын тудыратын басты ұйымдастырушы кеңістік болып саналады. Көгілдір түс жұмыс қабілетін төмендетеді адам ағзасының физиологиялық функциясын баяулатады. Сия көк түс қызыл мен көгілдір түстердің әсері секілді, адамды шаршатып жүйке жүйесіне кері әсер етеді. Түстердің мұндай адам психикасына әсері, мынаған байланысты, жекелеген түстер немесе олардың үйлесімдігі оқушыда түстік ассоциация туғызуы мүмкін, ол өмір тәжірибесі, белгілі эмоция немесе кейіпкермен байланысты. Түс неғұрлым қанық болған сайын ол адам бойында белсенді әрі тұрақты әсер туғызады.

Компьютерлік технологияны пайдаланып көрнекіліктерді жасаған уақытта түр-түстердің жоғарыда аталған психологиялық әсерін ескерген жөн. Информатикалық түсініктерді әртүрлі түр-түстермен бейнеленген фигуралар мен бейнелерді қабылдауға арналған оқытушы бағдарламаларды қолдануға болады.

Модель оқушылардың көзбен жақсы қабылдауына да әсер етеді. Моделдің изоморфтылығы мен қарапайымдылығы, моделдің көрнекілігін білдіреді. Егер де молекуланың атом санына дөңгелек саны сәйкес келмесе, изоморфты болмайтын еді. Онда біз қарастырып отырған су туралы дұрыс түсінік алмайтын едік, көрнекілік жайлы әңгіме мүлдем болматйын еді. Оның үстіне модель қабылдауға қиындық туғызса, онда оқышулардың оқылып отырған құбылыс жайлы түсінігі қалыптастпайтын еді. Сөйтіп, ол көрнекі де болмайтын еді. Демек, изоморфизм мен қарапайымдылық көрнекіліктің ажырамас бөлігі болып табылады.

Қазақстан Республикасының мемлекеттік стандартының «Электрондық оқулық басылымында» түстер палитрасы ассоциациялары туралы ақпарат төмендегі 7-ші кестеде келтірілген [90].

Түстер палитрасы	Ассоциация
Қызыл	Ең белсенді түске жатады. Белсенді түстер өте айқын қабылданады және еске өте жақсы сақталады.
Қызыл-қызғылт сары	Жылулық сезім шақырады. Бұл түс адамның сыртқы әлемге қызығушылығын, адамдармен араласуға және іс-әрекетті арттырады.
Қызғылт сары түс	Максимал жылулық сезім береді.
Сары	Жеңілдік және тірі сезім береді. Әлдеқайда жеңіл және ауалы түрде көрінеді.
Жасыл	Визуалды тепе-теңдік күй шақыра алады. Өзінде сары түстің жеңілдік және тірі күйін көк түстің ауырлық күйімен қамтиды.
Көгілдір	Уақыттың және кеңістіктің сезімін, тағы сол сияқты салқын сезім береді. Тежелуді шақырады. Адамдардың тәртібін рационалды және ойластыра алатындай күйге келтіреді. Қабылдау үшін ең ауыр деп саналады.
Көк	Бір қалыптылық және салмақтылық сезім силайды.
Полярлық түстер кестесі	Қоңыр фонда және әр түрлі жазықтықтарда олар бір-бірімен сәйкестенеді, өте жақсы бір гармонияға келеді.
Сұр	Бейберекет түс. Ол өзіне назар аудармайды, ешқандай реакция шақырмайды, тұрақты сезім орната алады.

7-кесте. Көрнекілік принципті жүзеге асыруда қолданылатын түр-түстер сипаттамасы

Оқыту құралдарының дидактикалық бағыттылығына мысал ретінде баспа негізді дәптерді қарастырамыз.

1-тапсырма.

Бос орындарға сандарды жаз:

а) 3+15=15+… (қосудың коммутативтілігі)

б) 22+(8+25)= (22+…)+25 (қосудың ассоциативтілігі)

2-тапсырма. Кубтың бейнесін толықтыр.

3-тапсырма. Мына тікбұрышты параллепипедтің қаңқасын әзірлеу үшін қанша сантиметр сым жұмсалынды?

Тапсырманы екі әдіспен шығар.

Бірінші әдіс:

1.Төменгі қабырғаларын жасау үшін ... см.

2.Жоғары қабырғаларын жасау үшін ... см.

3.Вертикаль қабырғаларын жасау үшін ... см.
4.Қаңқаның бәріне ... см.
Екінші әдіс:
1.Үш бірдей емес қабырғаларын жасау үшін ... см.
2.Қаңқаның бәріне ... см.

Бұл тапсырманы орындау барысында оқушыларға арнайы реттілікті сақтауға тура келеді. Осындай жаттығулар топтамасын орындаған соң оқушыларда қажетті дағдылар қалыптасады. Оқушыларға берілген тапсырманы орындауға қойылған бірізділікпен жасалған оқыту құралы дидактикалық тұрғыдан бағытталған болып есептеледі.

Оқыту құралдарының экономикалық қасиеті – оларды жасаудағы шығын мөлшерімен бағаланады.

Оқыту құралдарының психофизиологиялық қасиеті: түр-түсі, кестедегі таңбалар мен әріптердің өлшемі, формасы, бейнелеп көрсетудің анықтылығы, моделді қабылдаудағы шаршатпаулық және т.б. жатады.

Оқыту құралдарының эстетикалық қасиетіне олардың педагогикалық тұрғыдан алғандағы әдемілігі, және т.с. жатады.

Әдіскер-математик В.Г.Болтянский жоғарыда келтірілген оқыту құралдарының қасиеттерінің ішіндегі үшеуіне (психофизиологиялық, эстетикалық және экономикалық) толықтай қарастырмағандығы белгілі.

В.Г.Болтянскийдің [91] зерттеулерінде оқыту құралының эргономикалық қасиетіне штемпельді мысалға келтірген. Егер де штемпельге кубты бейнелеп, оны мөр тәрізді дәптерге түсірсек, онда кубтың штемпельдегі бейнесі дәптерге түседі. Бұдан штемпель көмегімен көп уақыт үнемдеуге болады. Мұғалім мен оқушының бірлескен іс-әрекетін ғылыми тұрғыдан ұйымдастыруда оқыту құралының эргономикалық қасиетінің құндылығы зор болып табылады.

Сондай-ақ штемпельді пайдалану үшін, оны іске қосу жылдамдығы да тез жүзеге асады. Оқу диафильмін іске қосу көп уақыт алады. Іске қосу кезінде ең алдымен бөлменің ішін қараңғылау, диапроекторға таспаны қою, экрандағы бейненің анық түсуін ретке келтіру үшін едәуір уақыт кетеді. Нәтижеде, оқушылардың сабаққа деген ынтасы, зейіні шашырайды да, диапроекторды сабақта қолданудағы педагогикалық тиімділік төмендейді. Сонымен эргономикалық қасиетте екі мәселе ескеріледі:
1) уақыт үнемділігі;
2) оқыту құралын іске қосудағы жылдамдығы, тездігі.

Бұрын белгісіз болған, қарапайым затты тану үшін адам баласына:
-сөзбен сипаттағанда – 2,8 с;
-суретте бейнелегенде – 1,5 с;
-түрлі-түсті фотографияда – 0,9 с;
-кино құралдары арқылы – 0,7 с;
-затты табиғи тұрғыдан көрсеткенде - 0,4 с уақыт қажет екендігі эксперимент жүзінде дәлелденген.

Ендеше, біз осы олқылықты толықтыруды және әдіскер-ғалымның зерттеулеріне сүйене отырып, оны одан әрі қарай компьютерлік технология негізінде толықтыруға

тырыстық. Сонымен, компьютерлік технологияның негізгі қасиеттері төмендегі 8-кестеде келтірілген.

Компьютерлік технологияның негізгі қасиеттері												
Дидактикалық				**Эргономикалық**								
Көрнекілігі			. . .	Жылдамдығы			. . .	Психо-физиологиялық	Эстетикалық	Экономикалық	. . .
Изоморфтылығы	Қабылдау қарапайымдылығы	Дидактикалық бағыттылығы		Уақыт үнемділігі	Іске қосу тездігі	Жеке жұмысқа арналғандығы					

8-кесте. Компьютерлік технологияның негізгі қасиеттері

А.Г.Барышкин: «Қазіргі уақытта қолданылып жүрген оқытудың техникалық құралдарының кемшіліктерін жою үшін компьютерлік оқыту құралдары қолданылады. Қарапайым фильмоскоп сабақта 2 сағаттық ақпаратты беруде 25 минут үнем жасайды. Кодоскоп 30-40% уақыт үнемдеуге мүмкіндік береді. 5,6-сынып информатика сабағында графиктерді, кесте, формуланы көрсету үшін 15-20% уақыт үнемделеді» [91]. Негізгі мектеп информатика курсының көптеген бөлімдерін оқыту барысында көрнекі және визуалдық құралдарды қолданбай сабақ өту қиындыққа соғатыны анық. «Визуалдық» дегеніміз, оқу материалын ақпаратты берудің әртүрлі формалары негізінде (мәтін-сурет-формула) құрастыру және көрнекілеу. Сондай-ақ информатикалық оқу материалын белсенді қабылдау үшін олардың арасындағы байланыстар. Оқу материалын осындай тәсілмен бергенде, бүтін визуалді бейне (визуалді бейнелер жиынтығы) – гештальт қалыптасады. Оқу материалын визуалдандырғанда оның негізгі бөлігі сурет немесе графикке назар аударылады. Бұл кадр немесе олардың күрделі жинақталған топтамасы болуы да мүмкін. Оқу информатикалық мәтінін компьютер мониторы экранында визуализация жасау үшін мынадай шарттары бар:

1) Монитор экранындағы ақпарат біркелкі болғаны жөн. Мұндағы «басқару пернелері» саны шектеулі және арнайы орындарда қатаң орналасқан болуы тиіс.
2) Берілгендерді визуалді түрде бейнелеу өте «қарапайым» болып, «сурет» мәтіннің негізгі мәнін көрсетуі керек.
3) Белгілі бір информатикалық оқу материалын экранда бейнелегенде «мәтін-сурет-формула» түрінде берілгені жөн.
4) Экранда формула түріндегі ақпаратты бергенде оның құрылымы мен элементтерін көрсету қажет.
5) Экрандық бетте теориялық мәтін ешбір тасымалдаусыз толық берілгені дұрыс.

Информатика пәні мұғалімі оқу мәтінін визуализация түрінде жүзеге асыру барысында оқушылардың логикалық ойлау, көз арқылы көргенін есте сақтау қабілетін дамытуға әсер етуі қажет. Өйткені, «визуализация күрделі психологиялық үдеріс». «Жүз рет көргенше, бір рет есті» деген қағиданы ұстанып, біз 5,6 сынып информатика курсын интербелсенді тақта көмегімен компьютерлік оқытуға арналған бағдарламаны (сурет) жасадық.

Қазіргі кезде және келешекте де информатиканы оқытуда компьютерлік технология арқылы көрнекілік принципті жүзеге асыруда ақпаратты визуалді түрде қабылдаудың, динамиканы, түр-түстің орны бөлек.

Қабылдау ойлаусыз жүргізілсе, пайдасыз болады, ал қабылдаусыз ойлауды айтатын болсақ, онда қабылдаусыз ойлаудың ешқандай қажеті жоқ. Бұдан, қабылдау ойлауға тиісті болғандықтан оқушылардың ойлау қабілетін қабылдау арқылы дамыту керек, әрі жетілдіре түскен жөн. Өйткені, визаулдық ойлау ақыл-ойдың қызметі болып табылады. Ақпараттық материалды қабылдауда түр-түстік ролі ерекше. Информатика сабағында визуалды нысанның қасиеттерін оқушылар тез қабылдайды. Мысалы, «үлкен-кіші», «оң-теріс», «тиісті-тиісті емес» және т.б.

Нысанның формасын бір-бірінен ажырату үшін де түр-түстің бізге тигізер көмегі көп. Түр-түс визуалды ақпараттық қасиеттерінің бірі болып табылады. Оқу үдерісі кезінде түр-түс оқушылардың эмоциясына да әсер ететіндігі белгілі. Сондықтан да, информатикалық «мәтінді-сурет-формуланы» ерекшелеп айрықша түспен бейнелеп көрсеткен жөн. Мұнда түр-түс сәннің ролін емес, бақылауға қажетті бағыт беретін роль атқарады.

А.Г.Барышкин [92]: «Қозғалысты дұрыс қолдану визуалды ақпаратты қабылдаудың жаңа көзқарасы» деп атап көрсеткен. Сөйтіп, мына мәселелерге назар аудару қажеттігін ескерткен :

1) оқушылардың визуалды бейнені қабылдауы кеңістік – уақыт өлшемдеріне байланысты;
2) визуалды ақпараттың информатиканы оқытуда маңызы зор;
3) визуалды емес үдерістерді визуалдандырудың мәні айрықша;
4) қозғалысты түр-түспен бейнелей отырып, визуалды ақпарат арқылы оқушылардың эмоциясына әсер етуші құрал болып табылады.

М.А.Чощанов: «Америкада да мектеп информатика курсында озық технологиялар жетістігі ретінде сабақта динамика және визуалды бейнелеу кең қолданысқа ие, бұл оқушыларға материалды қол жетімділік тұрғыдан түсіндіруге мүмкіндік береді» деп айтқан [92].

Ал, Ресейде информатика пәніне қажетті оқу бағдарламаларын арнайы бір топ, оқулықтар мен оқу құраладарын екінші бір топ, әдістемлеік құралдар мен дидактикалық құралдарды үшінші бір топ жасағандықтан, бұл жүйеде белгілі бір тұтастық қалыптаспаған.

Қазақстанда 5,6 сынып информатика пәнін оқытуға арналған Т.А.Алдамұратова [92] бастаған арнайы топ оқулық, оқу құралдары, оқу-әдістемелік құралдар, дидактикалық материалдар мен мұғалімдерге арналған көмекші әдістемелік құралдар, оқушыларға арналған жұмыс дәптерлері мен тест материалдары жайлы кітаптар әдістемелік талаптарға сай жасақталған. Компьютерлік технологияны

пайдалану мәселесін осы істелінген әдістемелік жұмыстар негізінде жүзеге асырып отырмыз.

Әдіскер Л.О.Рупакова: «Информатика пәніне қызығушылық оқылатын материалды меңгеру мен есте сақтаудың қажетті шарты болып табылады. Компьютерлік технологияның терең енуі осы мәселені шешудің бірден бір жолын көрсетеді» деп атап көрсеткен [93]. Соңғы жылдары информатика сабағында қолдануға арналған көптеген дайын компьютерлік бағдарламалар бар. Бірақ, олардың барлығын да сабақта тиімді пайдалануға болмайды.

Сондықтан да шығармашыл информатика пәні мұғаліміне компьютерлік бағдарламаны өзіне жасауына тура келеді. 5,6 сынып информатика сабағында компьютерлік технологияны қолдану оқытудың көрнекілігін жоғарылатуға мүмкіндік береді, оқушылардың білімін бақылауға, оны бағалауға, пәнге деген қызығушлықты арттыруға және олардың танымдылық белсенділігін дамытуға тигізер әсері мол. Көру арқала ақпаратты қабылдағанда көз секундына миллион бит, құлақ секундына ондаған мың бит ақпарат қабылдайды. Дегенмен, оқу үдерісінде мұғалімнің сөзі де құлаққа жағымды әсер ететіндігін жоққа шығаруға болмайды. Компьютер ешауқытта да ешуақытта мұғалім орынын алмастыра алмайтындығы анық.

В.А.Далингер: Информатиканы оқытуда «визуалды ойлау» термині қолданылып келеді. Визуалды ойлау дегеніміз визуалдық (көру) операциялары арқылы ойлау. Психологтардың зерттеулерінше адам баласы көру арналары көмегімен ақпараттың 80% қабылдайды. Көру мәдениеті де жазу және сөйлеу мәдениеті тәрізді тәрбиелеуді, зерттеулерді қажет етеді [94].

М.В.Валиев: АҚШ-тың «Массачусетск ғылыми-зерттеу орталығының ғалымдары Флетчер, Макнейл, Нельсон жүргізген зерттеу нәтижелері бойынша дәстүрлі оқыту формасы мен мультимедиа ортасын пайдаланып оқыту әдістерін салыстырғанда мультимедианың дәстүрлі оқытудан едәуір артықшылықтары бар екендігін дәлелдеді». Сабақ кезінде материалды қабылдауда көру және есту анализаторлары бірмезгілде жұмыс істегендіктен мультимедиалық технология көмегімен олардың белсенділігінің 2-3 есе артқандығын аңғарған [96].

Компьютерлік технологияны информатика сабағында қолданғанда:
- ойлау үдерісінің жұмысын жақсартады;
- көру мәдениетін дамытады;
- оқылатын материалын оқушылардың есте сақтауына ықпал етеді;
- мұғалімге оқушыларға терең білім беруге мүмкіндік береді.

Қазіргі кезде мектептің компьютерлік сыныптарындағы мүмкіндіктердің артуына байланысты оқыту үдерісін ұйымдастыруға, оқушының оқып-үйренуіне жағдай жасауға, оқыту үдерісін қадағалап, басқаруға мүмкіндік беретін кешенді компьютерлік оқыту құралын жасау қажеттілігі туындайды.

Е.Ы.Бидайбеков [97] пәнді оқытуға компьютерлік технологияны қолдануда ақпараттық-рецептивтік, репродуктивті, эвристикалық әдістерді, модельдеу құралдарын пайдалануды ұсынады. Оқу ақпараттық модельдерді қолданып оқыту технологиясында келесі тапсырма түрлері қамтылуы қажет:

- оқыту мазмұнын ашатын теориялық мәліметтердің қысқаша сызбасы және кестесі; олардың гипермәтіндік байланысы;
- оқытуға қолданылатын тапсырмалар кешені;
- оқушының оқып-үйренуіне арналған тапсырмалар кешені.

Бұл жұмыста оқу ақпараттық модельдер ретінде демонстрацияланатын ақпараттар, дайын бағдарламалық модульдер қолданылады.

Электрондық дискіге тиелген информатика пәнінің компьютерлік бағдарламалары соңғы кездері көптеп шығарылуда және жекеленген оқушылар мен мұғалімдерде қолданыс табуда. Әсіресе Ресей бағдарламалық өнімдері көп-ақ. Атап айтсақ, «1С:Репетитор. Информатика" –бағдарламалар пакеті; «Кирилл и Мефодий» компаниясының бағдарламалық құралдары, "Семейный наставник» және «Школьный наставник» сериялы білімдегі ақауды диагностикалау және түзету бағдарламалары, КУДИЦ фирмасының «Информатика 7-11» бағдарламалар кешені, «ММТ и ДО» фирмасының TeachPro Информатика (7-11 класс) және т.б. Компьютерлік технология негізінде оқытуда осындай кейбір ойын элементтері де қолданылуда [98].

Компьютерлік технология негізінде оқытудың дәстүрлі оқытумен салыстырғандағы басты ерекшелігі оқушы мен мұғалім арасына компьютердің оқу үдерісіне енгізілуіне байланысты ішкі "оқушы-компьютер" және сыртқы "компьютер-мұғалім" жүйелерінің пайда болуында [99].

Компьютерді оқытуда қолдану мүмкіндігі оның арнайы даярланған бағдарламамен қамтамасыз етілуіне байланысты. Сабақта қолданылатын бүкіл бағдарламаларды оқыту және оқып-үйрену бағдарламалары деп бөлуге болады.

Оқып-үйрену бағдарламалары электронды оқулық түрінде даярланады және ол мұғалімді оның кейбір жаңа материалды түсіндіруде не пысықтауда, өткенді тиянақтауда, білімді тексеруде және тағы басқа әрекет түрлерінде алмастыру үшін пайдаланылады. Оқыту бағдарламасын қолдану мұғалімнің қатысуымен және мұғалімнің басшылығымен жүзеге асырылады.

Жалпы, оқу үдерісі – оқу іс-әрекеттерінің қалыптасу заңдылықтарын, өзінің жұмыс жасау құрылымын анықтайтын оқыту жүйесіне тәуелді. Сонымен бірге, компьютерлік технология негізінде оқыту жағдайындағы оқып-үйрену үдерісі – "оқушы-компьютер" жүйесіндегі оқушы мұғаліммен тікелей қарым-қатынас жасамағандықтан, оқыту жүйесінен салыстырмалы түрде тәуелсіз. Бұл жағдайдағы оқып-үйрену үдерісін оқу тапсырмасын қайталап орындау іс-әрекеті түріндегі қайталанбалы үдерісс деп қабылдауға болады. Тапсырма орындау іс-әрекеті 10 операциялық элементтен тұратын оқу үдерісінің нормативті моделі [100]:

1. Оқу тапсырмасын түсіну: тапсырманың мақсатын және оның берілгендермен байланысын анықтау;
2. Оқу тапсырмасының функциялық құрылымын анықтау;
3. Эталондық тапсырма құрылымын анықтау;
4. Оқу және эталон тапсырмаларының функциялық құрылымдарын салыстыру;
5. Оқу тапсырмасын эталон тапсырма құрылымына сай түрлендіру;
6. Оқу тапсырмасын орындау әдісін таңдау;
7. Тапсырманы орындау әдісін таңдау;

8. Тапсырманы орындау іс-әрекетінің жоспарын құру;
9. Құрылған жоспарға сай іс-әрекеттерді орындау;
10. Тапсырманың орындалу нәтижесінің оқу мақсатына сәйкестігін тексеру.

«Оқушы-компьютер» жүйесінде оқушының компьютер арқылы алатын тапсырмасы - нәтижені алу, әдіс-тәсілді игеру немесе бірнеше тәсілдердің ең тиімдісін таңдап алу мақсатында орындалуы мүмкін. Мақсат тапсырма мазмұнында анық берілмейді. Сондықтан «оқушы-компьютер» жүйесінде –оқушы компьютерден алған тапсырманы өзінің шама-шарқына, интеллектуалдық деңгейіне сай орындайды. Нәтижесінде, тапсырманың мазмұны өзгертілмей, ондағы іс-әрекеттер түгел орындалғанымен, орындалу мақсаты оқушының өз түсінігінше өзгеріп кетуі, осыған байланысты, біріншіден, оқу өз мақсатына жетпей қалуы, екіншіден, оқу барысында оқушы мен мұғалім арасында шиеленіс ахуалы пайда болуы мүмкін. Сондықтан, оқу үдерісі мен оның нәтижелері алдын-ала нақтыланып, жүйеленбесе – оны оқыту мақсатына сай әдістемелік басқару заңдылықтарын анықтау айтарлықтай қиындықтарға алып келеді.

Компьютердің дидактикалық мүмкіндіктерінің жалпы бағасын беру оңай емес, себебі түрлі оқу жүйелерінің мүмкіндіктері арасында алшақтық бар.

Аталған оқыту түрлерін іске асыру барысында, мұғалім компьютерді пайдалана отырып, төмендегідей жұмыстарды орындай алады:

- бақылау жұмысы мәтінін оқу кезінде компьютердің дыбысты күшейту колонкаларын қолдану немесе мәтінді проекциялық аппарат арқылы үлкен экранға шығару;
- жаңа тақырыпты мультимедиялық бағдарлама көмегімен түсіндіру;
- көп деңгейлі және көп нұсқалы тапсырмаларды құрастыру, оны оқушыға беру, қажет жағдайда тапсырма мәтінін принтер арқылы баспадан шығару;
- оқушының өзіндік жұмыс тапсырмаларын құрастыру, тарату;
- электронды оқулықтарды қолдану.

Сонымен, компьютерді оқытуда қолдану мүмкіндігі оның арнайы бағдарламамен қамтамасыз етілуімен тікелей байланысты.

Бұл жерде әрине компьютердің кемшіліктері жайлы айта кетуге болады, мысалы, ұзақ уақыт

компьютермен жұмыс жасау зияндылығы және т.б.

Компьютерде тікелей, үзіліссіз жұмыс уақыты:

- мұғалімдер үшін күніне 4 сағаттан аспауы;
- инженер-программисттер мен лаборанттар үшіін күніне 6 сағаттан аспауы;
- 1-сынып оқушылары үшін (6 жас) 10 минут;
- 2-5 сынып оқушылары 15 минут;
- 6-8 сынып оқушылары үшін 20 минут;

Оның жалпы ұзақтығы аптасына:

- 2-5 сынып оқушылары үшін (7-10жас) 60 минуттан аспауы;
- 6 сыныптан жоғары сынып оқушылары үшін 90 минуттан аспауы тиіс.

Мектепке дейінгі балалар мекемесінде компьютерлік ойындардың ұзақтығы аптасына екі рет, бұл кезде

5 жастағы балаларды – 7 минуттан;

- 6 жастағы балаларды – 10 минуттан артық отырғызуға болмайды.

Ойын кезінде екі немесе одан да көп балаларды (балалардың жасына қарамастан) бір компьютерге отырғызуға тиым салынады. Компьютерде жұмыс істегеннен соң көзге жаттығу жұмыстарын және сабақтан кейінгі үзілісте дене жаттығуларын жасау керек.

Оқушылардың жұмыс орнын бекіткенде олардың бойының ұзындығы, көру – есту қабілетін, т.б. ескеру қажет.

Ең бастысы компьютерлік технология құралдарын қолдануға негізделген оқыту үдерісінде даралай және саралай оқыту, жеке тұлғаға бағдарланған білім жүйесінің мектепке енгізілуі жүзеге асырылады.

Кеңестер Одағы кезінде негізгі мектеп бағдарламасына информатика пәні 1985 енгізілген. Эксперимент жұмыстары 1960 жылдардан басталды. Шетелдерде компьютерлік техниканы меңгерудің алғашқы қадамдары осы жылдары қолға алынды. Жапон мемлекеті компьютерді төменгі сыныптарда қолдануға мүлдем қарсылық танытқан. 1983 жылы Швецияда мектептке компьютерді енгізу мәселесі кеңінен жүзеге аса бастады. Дидактикалық тұрғыдан алғанда компьютерлік техниканы меңгеру, оны мектепке енгізу тек техникалық сипатта болып, педагогикалық мәселелері шеткері қалып отырды. 1979 жылы Болгарияның Ғылым Академиясы мен Халық ағарту министрлігі арнайы топ құрып, білім беру жүйесінде компьютерді қолданудың әдістемелік концепциясын жасауға кіріскен. 1985 жылы Швецияның білім беру жүйесіндегі Ұлттық кеңесі жұмысшы топқа «Педагогикалық бағдарламалық құралдарды» жасауды тапсырды. 1983 жылы Қытайдың Халық ағарту министрлігі Пекин университеті мен Цинхуаи Фузань университетінде 5 орта мектебінде компьютерлік оқытуды енгізуді. 1981 жылы Ұлыбританияда Англия мен Шотландия мектептерінде компьютерлік оқытудың мемлекеттік бағдарламасы жасалды. АҚШ, ФРГ, Австралия елдерінде компьютерлік оқыту мәселесін жергілікті білім беру мекемелерінің құзырына тапсырды. Ресейде күні бүгінге дейін білім беруді ақпараттандыру мәселесі мемлекет тарапынан қатаң түрде қадағаланады [101]. Орта мектепке компьютер енгізілген кезде, алғашқы сабаққа қажетті бағдарламаларды дидактикадан хабары жоқ бағдарламашылар мен мектептің пән мұғалімдері жасады. Сөйтіп, бірінші жағдайда, дидактикалық мәселе, ал екінші жағдайда техникалық мәселелер шеткері қалып қойған.

Қорыта айтқанда, көрнекілік – бұл заманауи педагогиканың негізгі принциптерінің бірі. Көрнекі оқыту оқушыларда алғашқы негіздеулер мен берік байланыстардың орнығуын қамтамасыз етуі тиіс. Осы міндеттерді шешуде көрнекіліктің алуан түрлері, оқыту құралдарының кешені үлкен көмек беруі тиіс. Бір сабақта көрнекілік құралдардың үлкен мөлшері мен барлық түрлерін пайдалану, мұғалімнің өзіндік міндеті емес, барлығы мұқият түрде, алдын-ала ойластырып, оқушылардың психологиялық, жас және жеке қызметтері есепке алынуын қажет етеді.

Көрнекі оқыту мұғалім жұмысының ажырағысыз бөлігі болуы үшін ол көрнекілік принципінің қалыптасу тарихын, осы ұғымның заманауи әрекеттерін, көрнекі оқытудың функцияларын, оның түрлері мен педагогикалық жұмыстарда алынған білімді қолдана білуді игеруі тиіс.

Информатикадағы көрнекі оқыту информатиканың басқа бөлімдерімен байланысты материалдың мазмұндалу көрнекілігі мен белсенділік принциптерінің байланысын қамтамасыз етуге жол ашты, оқу үдерісінің ұйымдастыру деңгейін жоғарылатады.

Информатиканы оқытуда кешендік оқу құрал-жабдықтарды қолдану мазмұны

Қазақстан Республикасының білім беру жүйесінің міндеті – ғылым мен практика, компьютерлік технология жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыруға, дамытуға және кәсіби шыңдауға бағытталған білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау екені көрсетілген. Олай болса оқыту үдерісінде баланың ой-өрісін, дүниетанымын және де басқа маңызды психикалық іс-әрекетін дамытуға бағытталған түрлі әдістерді, педагогикадағы дидактикалық принциптерді, оның ішінде көрнекілік принципті компьютер арқылы жүзеге асыру мектеп ұжымының алдында тұрған маңызды мәселелердің бірі.

Оқу жүйесінде компьютер негізінен екі бағытта қолданылады. Бірінші бағыт бойынша оқып-үйренудің объектісі болып табылады. Екіншіден, компьютер оқыту құралы ретінде, түрлі пәндерді оқытуда көрнекі құрал қызметін атқарады. Компьютердің графикалық мүмкіндігін математканы оқытуға пайдалансақ, оқушыларға берілген сызбаны толық кескіндеп көрсетуге болар еді, өйткені сынып тақтасында оны сызып көрсету өте қиын. Бұл жағдайда оқыту мазмұны қаншама байып, қаншама әдісетемелік мүмкіндіктер ашылар еді!

Демек, мектеп мұғалімдері компьютердің көрнекілік мүмкіндігін барынша кең пайдаланып, оқытуды барынша жетілдіруі тиіс. Графикалық кескіндерді компьютер экранында кескіндеудің ерекшелігі сол, мұнда тек жазықтықта ғана емес, кеңістікте берілген фигураны бейнелеген кезде, оның көрінбейтін жақтарын кескіндеуге мүмкіндік бар. Компьютерді оқытудың пәні ретінде қолданудағы негізгі мақсат - оқу барысында және күнделікті өмірде кездесетін сан қилы есептердің сызбасын кескіндеу арқылы компьютердің есептеу және графикалық мүмкіндіктерін пайдаланып, тиянақты білім беру болып табылады.

Сөйтіп, тек осы айтылғандай жағдайларды ескеріп, мәселеге ғылыми көзқараспен қарағанда ғана орта мектептерге арнап қазіргі заман және педагогика ғылымы талап етіп отырған дәрежедегі әдістемені жасау басты шарт болып табылады. Демек, орта мектептің информатика пәнін оқытуда компьютердің көрнекілік мүмкіндіктерін толық, әрі тиімді пайдаланудың маңызы зор, болашағы үлкен.

Сондай-ақ орта мектепте информатика пәнін оқыту оқушылардың информатикалық білім негіздерін, информатикалық мәдениетін, сауаттылығын көтеруді мақсат ететінін ескерсек, онда дәстүрлі оқыту үдерісіне, оның мазмұны мен формасына оқушының жас ерекшеліктерін ескере отырып, оқытуда компьютерлік технологияны қолданудың әдіс-тәсілдерін енгізу, дәстүрлі және дәстүрлі емес оқыту технологияларын үйлестіре пайдаланып, мұғалімнің оқу материалын дұрыс түсіндіре алуы, кесте т.с.с. көрнекі құралдарды тақырыпқа сай орнымен қолдана

білуі, өзіндік жұмысты ұйымдастыруы мен бақылауы т.б. функциялар арқылы жүзеге асады. Оқу үдерісінде компьютер және техникалық оқыту құралдары мұғалімді кейбір жұмыстардан босатады және басқару тиімділігін арттырады. Өйткені өтілген материалды толық, тез меңгеру үшін әр алуан оқу құралдары қажет, яғни бор, тақтадан бастап, күрделі құрылғыларды айтуға болады.

Оқу құрал жабдықтары мұғалімге оқу үдерісін ұйымдастыру, оқу материалын терең меңгеруін қамтамасыз ету, оқушылардың өзіндік жұмыс істеуіне, жаңа білімді өз бетінше алуына және оны практикада қолдана білу дағдыларын қалыптастыруға жәрдем етуі тиіс.

Информатика сабағын тартымды да мағыналы етіп өткізу үшін мұғалім сабақта қолданылатын оқу құрал - жабдықтардың қызметі мен атқаратын функциясын толық меңгеріп, оның не үшін керектігін ажыратып, қажет жағдайда қолдана алатындай дәрежеде болғаны дұрыс. Енді осы айтылған оқу құрал жабдықтарға толығырақ сипаттама берелік [102]:

1. Қабырғалық кесте - оқу құралының дәстүрлі түрі. Оны дидактикалық функциясына қарай информатиканы оқытуда шартты түрде анықтамалық және жұмысшы деп бөлуге болады.

а) анықтамалық кесте оқушылар жұмыс істеу барысында еске сақтайтын формулалар, сондай-ақ есте сақтауды қажет етпейтін, бірақ оқушылармен жаппай жұмыс істеуге қолданылатын материалдар жазылады. Мұғалім оқушыларға кестені дұрыс пайдалана алуды үйретуі тиіс. Ол кестенің қанша уақыт ілінетіндігін мұғалім өзі шешеді.

ә) жұмысшы кестелер саны көп (көлемі үлкен) есептерді жаппай шешуді ұйымдастыру кезінде қолданылады. Кейбір кестелердің бір бөлігі анықтамалық, ал екінші жағы жұмысшы болуы мүмкін. Мұғалім жұмысшы кестені пайдалана отырып, сабақ өту барысында қосымша тапсырмалар да құрастырады. Жұмысшы кесте - жаттығулар топтамасын орындауға мүмкіндік беріп, уақыт үнемдейді. Нәтижеде білімді көтеруге септігін тигізеді. Бірақ, кестені әр сабаққа арнап жасаудың да қажеті жоқ, себебі кесте неғұрлым көп болса, оны сақтау және керектісін таңдап алу қиын соғуы мүмкін. Мұндай жағдайда диафильмдер мен диапозитивтер қолдануға тура келеді.

2. Транспарант – графопроектор көмегімен экранға проекциялауға арналған, типографикалық және фотографиялық тәсілмен орындалған, сондай-ақ бір немесе бірнеше таспаға фломастермен дайындалған объект. Мысалы, геометриялық фигураны таспаға фломастермен салып, оның проекциясын түсіруге болады. Диапроекторлардың “Этюд”, “Свет-4”, “Экран” және т.б. түрлері кең қолданылады.

3. Графопроектор – сабақ өтуде жиі қолданылатын демонстрациялық техникалық құралдың бір түрі. Қазіргі кезде оның “Код-1”, “Лех-3”(ПХР), “Полилюкс” (ГДР) және “Лектор-2000” т.б. түрлері жиі пайдаланылады. Графопроектор диапроекциялық құрылғыға жатады. Экранға қағаздағы жазылған объект тура (төңкерілмей) түсіріледі.

4. Эпидипроектор – экранда өлшемі 50х50мм, 85х85 мм, 85х105 мм және 90х120 мм, 150х150 мм объектілерді алуға мүмкіндік береді. Оның “ЭПД-1”, “ЭПД-455” және “ЭП-1” түрлері кездеседі.

5. Киноэкран – диапозитив, диафильм кадрлері, кинофильм және т.б. оқу құралындағы бейнені проекциялауға арналған жазық бет.
6. Магнитофон – магнитті таспаға дыбысты жазу және дыбысты шығаруға арналған құрылғы.
7. Кинопроекция – белгілі бір жиіліктегі тізбектес фильм кадрларының тез кезектесіп ауысып тұратын экранда үлкейтілген бейнесін алу үдерісін айтады. Кинопроектордың "Русь" және "Волна" түрлері баршылық.
8. Теледидар – қозғалатын бейнелер қозғалмайтын объектілерді радиотолқын немесе толқын желілері арқылы электр сигналдар көмегімен қашыққа тарату (видеомагнитофонды қолдану).
9. Диафильм (грекше – арқылы және латынша - таспа) деп бір-бірімен сюжетті байланысқан, бір таспада орындалған позитивті бейнеленген фотографиялық жүйелерді айтады.
10. Диапозитив (грекше – арқылы және латынша – "оң") деп позитивті фотобейнені айтады. Соңғы жылдары информатиканы оқытуда бұлар кең түрде қолданылған. Кезінде информатика пәні мұғалімдері мен әдіскерлер көптеген көрнекі құралдар дайындаған еді. Диафильм мен диапозитивтің қажеттілігі мұғалімге материалды, суретті, сызбаны және мәтінді т.б. алдын-ала қолдануға дайындап қоюдан туды [103].
11. Компьютер – ақпаратты өңдеуге арналған құрылғы. Кез-келген ЭЕМ негізгі үш бөлімнен тұрады.
1) Монитор – ақпаратты бейнелейтін құрылғы, сондай-ақ экранда кескіндерді, геометриялық фигураларды көрнекті түрде бейнелеп, кей кезде өз осінен айналдырып, әртүрлі жағдайларға келтіріп көрсетуге болады;
2) Жүйелік блок – компьютер жұмысын басқаратын құрылғы және ақпаратты сақтауға арналған, қажет кезде пайдалана беруге болады;
3) Пернелік тақта – ақпаратты енгізуге арналған құрылғы;
12.Интербелсенді тақта – интербелсенділікті қамтамасыз ететін құрылғы [104].
Оқу үдерісін ұйымдастыруда әрбір оқу құралының өзіне тән дидактикалық функциясы, мүмкіндіктері, өзінің педагогикалық және техникалық қолдану шекаралары бар болғандықтан, оқу құрал жабдықтарын қолданудың тиімді жолы оларды кешендік түрде қолдану болып отыр. Мысалы, мұғалім сабақты магнитофон көмегімен информатикалық диктанттан бастап, кино үзінді көрсетуі мүмкін.Содан кейін жаңа материалды баяндауды диафильмді көрсете отырып түсіндіреді, сабақты бекітуде диапозитивті қолданды. Енді оқушыларға баспа негізді дәптерде тапсырмалар мен жаттығуларды орындатып, өзіндік жұмыс істеуі үшін кеспе таратып берсін. Содан кейін компьютерді қолданады. Компьютердің сабақта орнымен, әрі уақытымен көрнекі құрал ретінде қолдану кезінде оқу танымдық үдеріс тиімділігін арттырары даусыз.
Кейде көптеген информатика мұғалімдері мен әдіскерлерге компьютер жаңа құрал болып көрінетіндігі белгілі. Біз мұнда компьютерді көрнекі құрал ретінде қолданудың жалпы мәселелерін, оның экрандық, дидактикалық мүмкіндіктерін ашып көрсетуді басты назарда ұстадық. Информатиканы оқытуда компьютерлік технологияны тиімді, әрі орнымен қолдану туралы мұғалімдерге арналған

әдістемелік құралдар қажет-ақ. Мұндай әдістемелік құралдарды дайындау көптеген мектеп информатика пәні мұғалімдері мен әдіскерлердің және ғылыми қызметкерлердің әлі де болса көп уақыт бірлесіп жұмыс істеуін керек етеді.

Оқыту үдерісіне оқытудың техникалық құралдарын енгізу бұл зерттеушілердің айтуынша білім беру жүйесіндегі технологиялық төңкеріс. Алғашқы аудиовизуальді бағдарламалық оқыту Америка Құрама Штаттарында 1930 жылдары басталды. Бұл құралдар мектепте 1940 жылдары қолданыла бастады. 1950 жылдардың орта шенінде бағдарламалап оқыту технологиясы қолға алынды. Аудиовизуальді құралдар, оқыту мақсатына арналған: кері байланыс орнату құралдары, электрондық сыныптар, оқытушы машиналар, лингафондық кабинеттер, жаттығу машиналары және т.б. пайда боды. 1970 жылдары техникалық құралдарды қолдану мәселесі қатты күшейе түсті. Осы кездері жаңа құралдар: бейнемагнитофон, кадропроектор, полиэкран, электрондық тақта, 1980 жылдары дисплейлі сыныптар жасалынып, педагогикалық бағдарламалық құралдар - саны мен сапасы жақсара түсті.

1950-1970 жылдары информатикалық ұғымды қалыптастыруда көрнекі құралдарды пайдаланып өтетін сабақтардың күрт артқандығы байқалды. Оқу көрнекі құралдарын жасауға мектеп информатика мұғалімдері, жоғары оқу орындары оқытушылары мен физика-информатика факультеті оқушытерімен бірге, мектеп оқушылары да атсалысты. Қолдан жасалған оқу көрнекі құралдар кең түрде қолданыла бастады.

Көптеген елді мекендерінде, қалаларда оқушылардың көмегімен информатика кабинетін көрнекі құралдармен жабдықтады. Информатикалық ұғымдарды қалыптастыру үдерісінде қолданып өтілетін сабақ саны күннен күнге арта түсті. Бұрынғы кеңес өкіметі кезінде мектеп информатика пәні мұғалімдері РСФСР педагогикалық ғылымдар академиясының «Педагогикалық оқуларында» жасаған баяндамаларда мұғалімдердің дайындаған жаңа оқу көрнекі құралдары мен оларды информатика сабағында пайдалану жайлы жазылған көптеген жұмыстардың бар екендігі айтылған.

Кезінде (1970 жылдары) орта мектептер оқу құрал-жабдықтар кешенімен толық қамтамасыз етілген болатын. Сондықтан информатиканы оқыту әдістемесін дамыту бағыттарының бірі оқу үдерісі оқыту құралдарымен қамтамасыз ету және информатика сабағында оны қолдану әдістерін жетілдіру болып табылады. Әдістеме педагогика ғылымы тәрізді информатиканы оқыту әдістері.оның мазмұны, оқыту әдістері жүйесі, және оқыту құралдары мәселесімен айналысады.

Оқытудың мақсаты мен мазмұны, оны ұйымдастырудың түрлі және әдістері, адамзаттың жалпы білім алу даярлығына қойылатын талаптар өркениетті педагогикалық идеяларға сәйкес өзгеріп отырады. Педагогикадағы дәстүрлі “ нені оқыту керек?”, “не үшін оқыту керек?”, “қалай оқыту керек?” деген сұрақтарына жауап іздеумен қатар “қалай нәтижелі оқыту керек?” деген сұраққа жауап іздеу оқыту үдерісін технологияландыру мәселесіне алып келеді. Бұл компьютерлік технология негізіндегі оқыту әдістерін жетілдіріп, оқыту құралдарын тиімді пайдалану арқылы жүзеге асырылады. Оқыту мақсаты → мазмұны → құралы немесе мақсаты → әдістері → құралы т.с.с. ол мақсат, мазмұн және оқыту әдістерін, олардың өзара байланысынан құралған. Оқыту мақсатының өзгеруіне

орай, оның мазмұны да өзгереді. Мазмұнда оқушыларды өзбетінше жұмыс істеуге үйрету болды. Оқыту мақсатының өзгеруі мен басқа да компоненттерге, оның ішінде оқыту құралдарына да әсер етті [105]. В.Г.Болтянский, А.М.Пышкало және т.б. бірқатар ғалымдардың басқаруымен оқытудың техникалық құралдарын тиімді пайдалану әдістемесі жасалынып, 1970 жылдары информатика курсын оқытуда әралуан оқу көрнекі құралдарымен жабдықталғаны белгілі. Әр сыныпқа арналған кестелер жинағы, оқушыларға таныс заттар кескінделген информатикалық формулалар жазылған, таратылып берілетін үлестірме кеспе қағаздар, информатикалық символдардың таңбалары, демонстрациялық нұсқауы және жекелей пайдалану үшін көп таралыммен баспадан шығарылған болатын.

Оқыту технологиясы – ЮНЕСКО-ның анықтауы бойынша білім беру формасын тиімділеудің алдына қойып отырған негізгі мәселесі-бүкіл оқыту үдерісін ұйымдастыру, қолдану мен анықтау, сонымен бірге, техникалық және адам ресурстарын, олардың өзара іс-әрекетін істей отырып, білімді меңгеру болып табылады. Дәлірек айтқанда, оқыту технологиясы дегеніміз - әртүрлі оқытудың техникалық құралдарын пайдалану, оның ішінде компьютерлік және электронды құралдарды тиімді пайдалану. Компьютерлік оқыту (Оқытудың компьютерлік технологиясы) – бұл техникалық құралдың бірі компьютер болатын оқыту жүйесі; Дидактикалық компьютерлік ортадағы білім беру-дамыту үдерісінің жүйесі. Компьютерлік технология құралдары оқу үдерісінде келесі мақсаттарда қолданылады;

1.Оқушының пәнге қызығушылығын арттыру;
2.Оқушыға білім беру мен оны өзіндік жұмысқа үйрету;
3.Білімді оқыту мен бақылау;
4.Дағдыларды (санау, есеп шығару, графиктер салу және т.б.) бекіту мен дамыту;
5.Мұғалім мен оқушының жұмысын ғылыми тұрғыда ұйымдастыру;
6.Анықтамаларды (Библиография, формулалар, физикалық және информатикалық шығармалар, тарихи мәліметтер және т.с.с.) алу,
7.Оқушылардың информатикалық фигураларды компьютерде бейнелеу дағдысын дамыту;
8.Оқушының пәндік үлгерімі, оларды талдау, сабаққа қатысуы мен тәртібі жайлы мәлімет алу;
9.Физикалық үдерістерді, техникалық құрылғыларды,химиялық реакцияларды модельдеу, жер бетіне және ғарыштық кеңістікке саяхат жасау;
10.Демалу мен ойынды ұйымдастыру [106].

Кез келген берілгендерді түрлендіру және өңдеу, тек есептеу жұмыстарын ғана емес басқа да барлық іс-әрекеттерді орындай алу мүмкіндігіне орай

«Компьютер» терминін «Барлық жұмысты орындауға арналған есептеу машинасы» синонимін де қолдануға болады. Дегенмен, «Компьютер»-есептеу дегенді білдіреді. Бейне сынып (видеокласс) – бейне жазбаларды (кино-,теле-, бейнеқондырғы, экран) көрсетуге арналып жабдықталған сынып. Компьютерге жалғанған демонстрациялық құралдарды басқаруды жүзеге асыратын компьютермен жабдықталған бейнесынып мультимедиалық немесе киберсынып деп аталады. Виртуальді әлем (латынша – viztualis - физикалық кеңістік). Виртуальді

әлем – бұл тек адам қиялындағы, мысалы компьютер ойыншысының қиялындағы әлем. Мультимедиялық технологиялар және виртуальді бас киім, көзәйнек, қолғап тәрізді арнайы бұйымдар көмегімен жүзеге асатын виртуальді орта. Аудиовизуальді дидактика – оқытуда дыбыстық – және жарық техникалық құралдарды қолдану. Ақпараттық технология - алгоритмдік, бағдарламалық және техникалық құралдар жиынтығы мен электронды – есептеуші техника базасында ақпараттарды өңдеу, тасымалдау әдістері. Педагогикалық бағдарламалық құралдар пакеті-оқу қызметінің әртүріне және әртүрлі сабақтарда қолданылатын, арнайы оқу пәнін оқып-үйренуге пайдаланалатын компьютерге арналған педагогикалық бағдарламалар пакеті. Білім беруді ақпараттандыру – білім беру мекемелерін басқару жүйесіне және оқу үдерісіне ақпараттық технологияларды енгізу. Бұл үш кезеңде жүзеге асады:

1. Ақпараттық технологияларды жаппай меңгеру (компьютерлік сыныптар, интербелсенді бейне, педагогика, психология және физиология мен тағы басқа аралас пәндерге арналған мәліметтер қоры, банкі);
2.Дәстүрлі оқу пәндерін бағдарламалық қамтамасыздандыру (бейне және аудио-материалдар, мультимедиа және гипермәтін жүйелері);
3.Медиакеңістікті кеңейтуге бағытталған қашықтан білім беру жүйесін аудиовизуальді енгізу. Ақпараттық технология – Ақпараттарды тасымалдау, сақтау,жинақтау мен өңдеудің технологиялық және бағдарламалық құралдар жиынтығы. Электрондық оқулық – гипермәтіндік принципте жұмыс істеуге арналған компьютерге енгізілген оқулық.

В.Г.Болтянскийдің [107] редакциясымен жазылған «Комплексы учебного оборудования по математике» деген еңбегінде оқу құрал-жабдықтар кешенін пайдалануға әдістемелік нұсқаулар жеткілікті дәрежеде берілген десек те, бүгінгі нарықтық экономика заманында, ақпарат ғасырында бұл мәселені жетілдіру қажеттігі туындап отыр. Қазіргі уақытта дәстүрлі оқытудың техникалық құралдарымен бірге дербес компьютерді пайдалану әдістемесі де қолға алынып, бірқатар әдістемелік зерттеулер жүргізілуде. Дегенмен, компьютерді оқу құрал-жабдықтар кешендік жүйесінің бір буыны ретінде немесе, оқытудың техникалық құралдарының орнына олардың орнын алмастырып қолдануға арналған әдістемелік ғылыми зерттелген жұмыстар жоқтың қасы. Қазіргі кезде информатиканы оқытуда оқу құрал жабдықтар кешенін қолдануға орай, әдіскерлердің алдында оқытудың көрнекілік принципін жүзеге асыруда компьютерлік технологияны тиімді пайдалану мәселесі тұр. Себебі, компьютерді біріншіден, техникалық құрал – яғни, оқу құрал-жабдықтарының бір буыны ретінде пайдалана отырып, екіншіден, осы компьютер арқылы оқытудың техникалық құралдарының атқаратын мүмкіндіктерін алмастырып пайдалансақ, онда біз жедел түрде компьютерлік технологиялық оқыту мәселесін шешуіміз керек. Жоғарыда келтірілген ғалымдардың еңбектерінің көптігіне қарамай, бұл мәселе күні бүгін маңызы артпаса оны жоғалтқан жоқ, себебі, компьютерлік технология арқылы көрнекілік принципті жүзеге асыруға болады.

Қазіргі уақытта ғылым мен техниканың қарыштап дамуына байланысты және де білім беру жүйелерінің компьютерленуіне орай Қазақстандық ғалымдар да бұл үдерістен шеткері қалмай, әдіскерлер мен математиктер, мектеп мұғалімдері жаңа

талаптарға сай қыруар істер атқаруда. Информатика бойынша қазақ мектептеріне арналған типтік бағдарламада жаңа бөлімдер енгізіліп, информатикадан берілетін ақпарат бөлімі ұлғайған. Бұл өз кезегінде информатика пәні мұғалімінен арнайы дайындықты қажет ететіндігі белгілі. Әрі аз уақыт ішінде керекті білімді беру – мұғалім міндеті.

Міне, мұғалім алдында тұрған күрделі міндеттің бірі – информатикадағы дерексіздікті оқу құрал-жабдықтар кешені көмегімен жүйелі түрде жеткізе білуі, оқу материалын түсінуде оқушылардың логикалық ойлау қабілетін дамыту, қажетті білімді, ебдейлік пен дағдыны қалыптастыру, сондай-ақ қолданбалыққа үйрету күн тәртібінен түспеуі тиіс. Өйткені жалпы білім беретін орта мектеп информатика сабағын компьютерлік технология және оқытудың техникалық құралдары, көрнекі құралдар, яғни оқу құрал-жабдықтар кешені көмегімен жаңа сабақ өткен кезде оқушылар «құлақ-ми» жүйесі бойынша секундына 50 бит ақпарат қабылдайды екен.

В.П.Молочковтың «Наглядность как принцип обучения» атты ғылыми зерттеуінде былай делінген: оқу арқылы – 10 %, есту арқылы – 20 %, көру арқылы (визуалды ақпарат) – 30 %, есту және көру арқылы – 50 %, есту және көру, талқылау арқылы – 70 % ақпаратты бес сезім мүшесі арқылы қабылдаймыз [108].

Сонымен баланың қабылдауын мұқият зерттеген физиологтардың еңбектеріне сүйенген психолог-педагог мамандар адамның жоғары жүйке жүйесі қызметінің негізінде оқу үдерісінде қолданылатын компьютерлік технология көмегімен мұғалім сөзін сабақтастырған жағдайда өтілген материалдарды меңгеру жоғары дәрежеге жетеді деп есептейді.

Информатиканы оқытуда компьютерлік технологияны қолдана отырып, информатика пәні мұғалімі сабақта жұмыс нәтижелерін кесте немесе сызба түрінде дисплей экранына, қағазға шығарып беруге мүмкіндік туғызады. Оның мәтіндік және графикалық редакторлары арқылы әр түрлі алфавиттік – цифрлық мәліметтерді даярлауға, формулалары бар мәтіндерді жазуға, суреттерді, кесте түрінде берілген сандарды, диаграммаларды, графиктерді салуға ыңғайлы. Компьютерді оқыту құралы ретінде үйретуші – оқытушы бағдарламалар арқылы білім беру үдерісінде қолданыла бастауы мектеп практикасында шәкірттердің өз бетінше жұмыс істеуіне мол мүмкіндік береді.

Оқу үдерісінде мұғалім компьютерлік технология арқылы информатиканы оқытуда информатикалық формулалар, графиктер, сызбалар, иллюстрациялар салып, әртүрлі іс-әрекеттер орындап, жас шәкірттерге сапалы білім беруде ақпараттық дәуір заманында оқушыларды өмірге, нарық заманына бейімдейді.

Әлемнің алдыңғы қатарлы елдерінде оқушы – оқулық – мұғалім жүйесі қалыптасқан. Жоғарыда аталған өзекті мәселені шешудің бірден-бір жолы қазіргі компьютерлік технологияның соңғы жетістіктерін информатика сабағында орнымен, әрі тиімді пайдаланып, оқытудың жаңа формалары мен әдістерін қолдана аламыз. Есептеуіш техниканың білім саласына кең көлемде енгізілуі қолданбалы бағдарламалардың, әсіресе “компьютерлік технология”, “компьютермен оқыту” т.б. терминдердің шығуына алып келді. Компьютерлік технологияның пайда болуы орта мектептегі кез келген пән үшін оқытуды компьютерлік технологияны қолданып жетілдіру мүмкіндігін қарастыруға әкелуде. Орта мектептерде

информатиканы оқытуда компьютерлік технологияны қолданып, мұғалімдер мыналарды орындайды: Сабақ кестесі; сурет салу; күнтізбелік-күнделік; оқу материалдарының конспектісі; оқушылар жайлы мәліметтік қор құру; оқу үлгерімі жиынтығына арналған кесте, диаграмма тұрғызу; кеспе, үлестірме қағаздарын дайындау; графикалық редакторлар көмегімен геометриялық фигуралар салу; шаблон бойынша сурет құру; презентацияда объект анимациясын баптау, дыбыс қосу; информатика сабағында электрондық оқулықтарды қолдану; компьютерлік оқытушы бағдарламалармен жұмыс істеу; жаттықтырушы бағдарламаларды қолдану; күнтізбелік-тақырыптық жоспар түзу; плакат материалдарын ЭЕМ-де әзірлеу; компьютердің есептеу мүмкіндіктерін пайдалану; тест әзірлеу; бүкіл әлемдік интернет желісін, компьютерлік желі қызметтерін пайдалану; реферат жасау; ғылыми баяндамалар жазу; электрондық почтамен жұмыс және т.б. жұмыстар.

Қазіргі заман талабына орай, информатиканы оқытуда интернетті пайдаланып, төмендегі іс-әрекеттерді жүзеге асыруды ұсынамыз:

1. Мультимедиялық түрдегі кітап, лекция, әдістемелік құралдар, ғылыми газет-журналдарды оқу;
2.Педагогикаға қатысты компьютерлік оқытушы бағдарламаларды қолдану;
3.Электрондық кітапхананы қолдану;
4.Берілгендер қорын пайдалану;
5.Ақпараттық-анықтамалық жүйені пайдалану;
6. Электрондық почтаны қолдану;
7.Электрондық телеконференция өткізу;
8.IRC (Internet Relay Chat);
9.Каталог іздеу;
10.Іздеу жүйесін қолдану;
11.Мета іздеу жүйесін пайдалану және т.б. [109]

Жоғарыда айтылғандарды баяндай келе, негізгі мектепте информатика пәні мұғалімдерін компьютерлік сауаттылыққа үйретіп, электрондық оқулықтармен жұмыс істеуді меңгертуіміз керек. Сонымен бірге, олар сабағында интернетті де тиімді пайдалана алатындай болуы қажет. Информатика сабағында компьютерлік технологияны тиімді пайдалану кезінде информатикалық фигуралар, бейнелер мен түстің, дыбыстың қосылуы да көрнекілікті кеңейтеді.

Компьютерлік технология оқу үдерісін дәстүрлі оқыту әдістерімен қатар инновациялық оқыту әдістерін қалыптастыруда және жаңа ақпараттық технология білім беруді жетілдіру ісінде төмендегі мәселелерді шешуге мүмкіндік береді: 1) әрбір жеке тұлға үшін ашық білім беру жүйесін жасау; 2) білім беру саласын ақпараттық-әдістемелік жағынан жабдықтау; 3) оқу үдерісін автоматтандыру; 4) даралап оқыту; 5) тест жүйесі арқылы білімді бағалау; 6) қашықтан оқытуды ұйымдастыру, т.б. Сондай-ақ информатика сабағын оқытуда компьютерлік технология арқылы суреттерді, яғни геометриялық фигураларды қозғалысқа келтіру, түр-түсін өзгерту, оған дыбыстар қосу мүмкіндігі көрнекілік принципінің жүзеге асырылуы болып табылады. Көрнекілік принципінің жаңаны тануда, бейнені елестетуде, материалды ұзақ есте сақтауда тиімділігі жоғары. Компьютерде

оқушылар графикалық бейнелерді түрлендіріп, ондағы обьектілерді өзгерте алады. Ал оқу киносы мен теледидарда мұндай мүмкіндіктер жоқ [110]. Сонымен бірге, жаңа өтілген материал оқушыға компьютер көмегімен тез, жылдам түсіндіріледі. Осының нәтижесінде оқушылардың пәнге деген қызығушылығы артып, шығармашылықпен жұмыс жасауына кең мүмкіндік ашылады. Сондай-ақ, оқытушылар да өздеріне қажетті әдістемелік, дидактикалық көмекші құралдарды молынан алады. Уақыт талабына сай жас ұрпаққа сапалы білім беруде компьютерлік технологияны тиімді пайдалану – білім берудің жаңа технологиясының бір түрі ретінде қарастыруға болады.

Көрнекі құралдарды информатика сабағында қолдану үшін мұғалімдерден аса педагогикалық шеберлікпен әдістемелік нұсқауды талап етеді. Оқытудың мақсаты - информатикалық түсініктерді қалыптастыру болғандықтан, оның ішінде абстрактылықты түсіндіруде көрнекі құралдарды ерекше талдау, таңдау қажет. Оқушылардың кеңістітік түсінігін және кеңістіктік елестетуін қалыптастыруда қолданылатын геометриялық модельдерді (макеттерді) орнымен қолдану керек, әйтпесе, пайдасы шамалы болып, оқушылардың информатикалық ойлау қабілетін дамытуға кедергі келтіруі мүмкін. Көрнекі құралдардың конструктивтік және әдістемелік сапаларын талдау барысында информатикадан көрнекі құралдарға қойылатын жалпы дидактикалық талаптарды баяндасақ:

- Көрнекі құрал информатикалық ұғымды дұрыс қалыптастыру құралы болуы керек. Көрнекі құрал информатикалық түсінікті жарқын және бейнелі түрде ашып көрсетуі қажет. Қарастырылып отырған түсініктің барлық белгілерін өте дәлдікпен түсіндіруі тиіс. Практика көрсеткендей, көрнекі құрал шын мәнісінде оқытуда едәуір көмек көрсетеді.
- Көрнекі құралдардың ішіндегі динамикалық құбылыстарды бақылауға арналғандары өте сәтті шыққан деп есептеуге болады. Қозғалмалы модель информатикалық түсінік немесе құбылысты тез арада қабылдауға мүмкіндік береді.
- Тек қана иллюстрация құралы ғана емес, практикалық жұмыстарды орындауға арналған құралдың маңызы өте зор. Мұндай жағдайда көрнекі құрал оқушыларды информатиканың негізгі ережелерімен және фактілермен таныстыруда, эксперимент жұмыстарын жүргізуде тиімді құрал болып табылады.
- Көрнекі құралдардың сыртқы түрінің, қандай материалдан жасалғандығының, формасы, өлшемі, кейбір бөлшектерінің бояуларының да қабылдауға тигізер әсері мол. Көрнекі құралдардың шектен тыс ашық бояумен, түспен боялуы құралды бақылауда оқушыларға дұрыс әсер етпейді. Сондықтан оны қажетті түспен бояу қажет.
- Құралдың көлемі үлкен болмауы керек. Оның өлшемін есептегенде сыныпта әрбір оқушы көретіндей, бақылауына ыңғайластырып жасаған жөн.
- Конструкция қарапайымдылығы – басқару қарапайымдылығы, яғни жинауға, бөлшектеуге ыңғайлы, жеңіл болуы тиіс. Бөлшектерінің аз болуы, олардың ойластырылған орналасуы, қосымша бөлшектерінің жабық болуы техникалық қана емес, ең бастысы бұл құралдың дидактикалық ерекшелігіне лайық болып табылады.
- Көрнекі құралдардағы жылдам қозғалатын бөлшектер немесе кейбір бөлшектерді (айналу денелерін алуға арналған аспаптарды электрмотор арқылы

қозғалысқа келтіру) жасаған уақытта техника қауіпсіздігі ережелері сақталғаны жөн.

Ғылым мен техниканың соңғы жетістіктерін оқу үдерісінде қолдану арқылы информатика сабағында қолданылатын көрнекі құралдардың тиімділігі арта түсуде.

Осы салада жүргізілген эксперименттік жұмыстар мен бақылау нәтижелері көрсеткеніндей, информатика сабағында көрнекіліктің әртүрлі формаларын пайдалану тиімді болады, егерде мұғалім өз жұмысында, яғни күнделікті сабағында кездейсоқ алынған құралды емес, информатикалық ұғымды қалыптастыруға, оның мазмұнын ашуға бағытталған (арналған) құралдарды оқушылардың жас ерекшеліктеріне сәйкестендіріп, көрнекі құралдар жүйесін пайдаланса ғана сабақтың сапасы арта түседі [111]. Негізгі мектептерде информатиканы оқытуда көрнекілік принципті оқу-көрнекі құралдар, компьютерлік технология көмегімен жүзеге асырудың маңызы зор. Өйткені информатика сабағында компьютерлік технологияны тиімді пайдалану кезінде информатикалық фигуралар, бейнелер мен түстің, дыбыстың қосылуы да көрнекілікті кеңейтеді.

Оқыту үдерісі жалпы оқу құрал жабдықтар кешені арқылы іске асырылады. Оларға материалдық және материалдандырылған оқыту объектілері жатады. ”Оқыту құралдары” толық бір жүйені құрай отырып, информатика пәнінің немесе сабақтың мақсаты мен мазмұнын толық ашуы тиіс. Мұндай жүйені “Оқыту құралдарының”оқу әдістемелік кешені деп қабылдасақ, онда ол құралдардың пайдалану реті, әдістемесі яғни “Оқыту технологиясы” жөнінде сұрақ туатыны сөзсіз. Егерде, оқытудың мақсаты бегілі бір білім, біліктілік пен дағдыны меңгерту болатын болса, онда бұлардың қалыптасуы біріншіден – адамның ой-әрекетінің қалыптасуына байланысты екені сөзсіз.

Білімді меңгеру үдерісінде ой әрекетінің қалыптасуы шартты түрде 6 кезеңнен өтеді.

1.Алдын-ала әрекет мақсатымен таныстыру, яғни оқытушыға мотивизациялық әрекет тудыру.

2.Әрекет мақсатымен, объектісі жөнінде мағлұмат, яғни,әрекеттің бағдарлық сұлбасын түзу.

3.Материалдық немесе материалдандырған әрекетті қалыптастыру, осының арқасында әрекет мазмұнын ұғыну.

4.Ойдан тысқары әрекет қалыптастыру.

5.Әрекеттің қысқартуы және автоматтандырылуы.

6.Әрекеттің қалыптасқан ой жоспары арқылы істелінуі.

Компьютерлік оқытуға қазіргі уақыттағы көзқараспен қарасақ, мұғалімнің қызмет функциялары компьютерге беріледі (О.Т.Талызина, Т.В.Габай) [112].

Оқытуды компьютерлендіру кезінде оқушылардың қалыптасуға тиісті әрекеті мен операциясын нақты суреттеу керек. Оқу қызметінің операционалдық жағын қалыптастыруда, қандай жағдай болса да, компьютерді пайдалануды орнықтыру қажет. Компьютер бұған орасан зор мүмкіндік береді.

Біріншіден, ол кез келген әрекетті көрнекі түрде елестетуге және оның орындалу жағдайын көрсетуге мүмкіндік береді. Екіншіден, компьютер оқу материалына сүйене отырып, интеллектуалдық әрекетті елеулі түрде өзгертетін құрал.

5,6-сынып информатика пәнін оқытуда компьютерлік оқытушы бағдарламаларды пайдаланудың құндылығы сол бағдарламамен кез келген кезеңде оқушылар балама жауаптарды таңдап алу, әрбір қадам сайын алған білімін қадағалап отыру мүмкіндігін иеленуі болып табылады. Әсіресе өз бетімен білім алу үдерісінде аса қажет деп саналады.

Компьютерлік оқытушы бағдарламаларды жасағанда білім берудің қызықтылығын ұмытпаған жөн. Оқу үдерісінің сапасын арттыруда музыкалық сүйемелдеудің, яғни дыбыстың мәні де ерекше роль атқарады. Сонымен бірге, түр-түстерді де дұрыс қолдана білу маңызды.

Бүгінгі таңда негізгі мектепте әдістемелік, психологиялық-педагогикалық, бағдарламалық-техникалық және ұйымдастыру құралдарының бір ыңғайға келтірілген кешенін құру үшін оқытудың компьютерлік технологиясы (Қараев Ж.А.) құрылды [113].

Оқытудың компьютерлік технологиясы (ОКТ) көптеген зерттеушілердің пікіріне сүйенсек оқушылардың өз бетімен жұмыстарын ұйымдастыруға ерекше қолайлы жағдай туғызады екен. Сонымен білім беруді ақпараттандыру оқу үдерісіне компьютерлік технологияны қолданудың біртұтас жүйесін құру арқылы қазіргі педагогикалық ғылымның және оқудың тиімділігін арттыруда өзекті мәселе болып табылады. Өйткені, информатиканы оқытуда компьютерлік технология құралдарын қолданып көрнекілік принципті жүзеге асыру олардың танымдық іс-әрекеттерін қалыптастырды, өз бетімен оқу қызметінің мәдениетін арттырады.

Компьютерлік оқытуға қойылатын дидактикалық талаптарды айқындасақ, біздің ойымызша олар әрекет амалы және оқушылардың таным қызметі белсенділігі бағытында қарастырылуы қажет. «Оқыту үдерістері – дидактиканың талас туғызатын мәселелерінің бірі… Сондықтан да дидактикалық принциптерді әр әдіскер-ғалым өзінше қарастырады» деп жазды В.Оконь [114]. Оқыту принциптерінің ішінде ерекше роль атқаратын басты принциптердің біреуі көрнекілік принципі. Өйткені оқытушылық таным нақты фактілер мен құбылыстарды сезімдік қабылдаудан басталады. Бұл таным көзі ретінде заттар мен құбылыстардың өздеріне бет бұрумен байланысты. Ол оқытуды аңғарып қараудан бастауды талап етеді. Осыдан барып көрнекілік принцип шығады. Аталған принцип негізінде оқыту жүйелеріне мынандай талаптар қоюға болады:

- компьютерлік оқытушы бағдардамаларды жасағанда дидактикалық мақсаттарды орындай алатын модельді таңдап алу;
- үдерістерді бейнелегенде түстерді дұрыс таңдай білу;
- дыбысты, дыбыс сигналдарын жазу, оларды бейнелеу және т.б.

Білімнің жақсы меңгерілуі үшін, олар түсінікті, ретке келтірілген болуы тиіс және бұрынғы бар білім жүйесіне біртіндеп енгізілуі керек. Біздің зерттеулерімізде оқушылардың оқу-танымдық іс-әрекетін қалыптастыруда ең бастысы – компьютерді қолдануды іске асыру болып табылады. Дербес компьютерді алғаш жасаушылардың бірі Алан Кэй былай деп жазды: «Компьютерді қолдану сауаттылығы - бұл есептеу үдерісінің мәнін жеткілікті түрде терең түсіну арқылы әртүрлі есептерді шығаруда ЭЕМ қолдана білу» [116].

Қазіргі уақытта бағдарламашылар мен әдіскерлер ісбірлікте жұмыс істеп, едәуір нәтижелерге қол жеткізіп, әртүрлі компьютерлік оқытушы бағдарламаларды әзірледі. Алдағы уақыттарда білім беру жүйесіне ақпараттық-коммуникациялық желілерді, интербелсенді тақтаны, мультимедианы тиімді пайдаланудың келелі мәселелерін шешуді жоспарлауда. Шетелдік әдіскер-мұғалімдер оқыту үдерісінде компьютерлік технологияның мүмкіндіктерін толық пайдалана отырып, мына төмендегі әдістемелік жұмыстарды жүзеге асыру әлемдік педагогикалық мәселе деп есептейді:

- компьютерлік оқытушы бағдарламалар жасау;
- «компьютер-мұғалім» көмегімен оқыту;
- компьютерлік моделдеу;
- оқу-әдістемелік, оқу құралдарын, электрондық кітаптарды дайындау, шығару және жетілдіру.

Осылардың ішінде оқытудағы көрнекілік принцип оқыту үдерісін жетілдіруге бағытталған. Өйткені динамикадағы ақпаратты беру кино-және бейне фильмдерден басқа ақпараттық технологиялар, яғни компьютерлік технология толық қамтамасыз етіп, жүзеге асыра алады.

Бағдарлама (компьютерлік бағдарлама) әдістемелік қолданылуына орай төмендегідей жіктеледі:

1) **Оқытушы** (жаңа материалды компьютер арқылы оқып үйренуге арналған);
2) **Жаттығуға арналған** (оқушылардың ебдейліктері мен дағдыларын қалыптастыруға арналған);
3) **Бақылаушы** (материалды меңгеру деңгейін тексеруге арналған);
4) **Моделдеуші** (Информатикалық есептің, фигураның кескінін, нысанның, құбылыстың, үдерістің моделін құру үшін);
5) **Демонстрациялық** (оқу материалын көрнекі түрде көрсетуге, оқылатын құбылыстың визуалдылығы, нысандардың өзара байланысын арттыру үшін);
6) **Ойынға арналған** (оқу үдерісі кезінде тиімді шешім қабылдау үшін «ойындар» арқылы);
7) **Ақпараттық-анықтамалық** (оқушылардың қажетті ақпаратты алуы үшін);
8) **Сергіту** (өзіндік жұмыстарда оқушылардың ынтасын, зейінін, шығармашылығын, зерттеушілігін, есте сақтау қабілеттерін және т.б. дамыту үшін) [117];

Қорыта айтқанда, жоғарыдағы аталғандар оқушылардың танымдық іс-әрекетін басқаруға болатынына қол жеткізді. Олардың тәртібі «Оқыту технологиясына», оның ішінде «Компьютерлік технологиямен оқыту» түсінігіне алып келді.

Келесі бөлімде оқушылардың танымдық іс-әрекеттерін көрнекілік принцип негізінде қалыптастыру әдістемесін ұсынамыз.

2.2 Оқушылардың танымдық іс-әрекеттерін көрнекілік принцип негізінде қалыптастырудың формалары

Сезімдік жүйелер немесе талдағыштар белгілі шынайы ақпаратты қабылдауға және тануға арнайы құралған жүйке жүйесінің күрделі бөлігі. Сезім мүшелерінің қабылдағыштарында тітіркену әсерінен қозу толқындары пайда болады, ол орталық жүйке жүйесіне өтеді.

Әрбір талдағыштың іс-әрекеті оның қабылдағыштарында сыртқы түрткілердің физикалық және химиялық әсерін түйсінуден басталады. Олар қозу толқынына айналып, әртүрлі деңгейде орналасқан нейрондардың тізбектері арқылы миға жетеді.

Сезім сигналын өткізу бірнеше рет бұлардың өзгеруі және қайта түрлендіруі арқылы атқарылады. Сезім ағзалары қабылдайтын тітіркеністерге үлкен ми сыңарлары қыртысының белгілі аймақтарында талдау жасалады. Бұл жерде ең жоғары анализ және синтез жасалынады. Сөйтіп, қабылдағыштар, қозу толқынын өткізетін жол және ми қыртысының белгілі бір аймағы организмнің тітіркендіруді қабылдауын және ажырата білуін қамтамасыз ететін біртұтас жүйе – талдағыштарды түзетеді [118].

Талдағыштар туралы ілімді И.П.Павлов ашты. Ол, ең бірінші болып, талдағыштың үш бөліктен тұратынын айтты: қабылдағыштық (шеткі бөлімі), сезімдік нейрондар және өткізгіш жолдар (аралық бөлім), соңында сезімдік сигналды қабылдайтын үлкен ми сыңарларының қыртысы (орталық бөлімі).

Бұл үш бөліктің біреуі зақымданса белгілі бір тітіркендірісті ажырату қабілеті жойылады. Мәселен, ми қыртысының нақтылы бір аймақтарын зақымдайтын тәжірибелер шартты рефлекстерді жояды. Осыны ескере отырып, И.П.Павлов [119] талдағыштардың ми қыртысындағы бөлімінде алғашқы аймағы болатындығын дәлелдеді. Сонымен қатар бұлардан тысқары келген мәліметті қабылдайтын шашыраңқы жүйке бөлшектерінің барлығы анықталды.

Талдағыштардың қоршаған ортаны тануда өте зор мәні бар. И.М.Сеченовтың [119] айтуы бойынша, талдағыш дегеніміз – мидың сезіну ағзалары. Өйткені әрбір психикалық іс-әрекет санада сезім арқылы қабылдау негізінде туады.

Сыртқы дүниені тану әрдайым сезуден басталады. Ол заттардың жеке қасиеттері мен сапаларын анықтап табуға мүмкіндік туғызады. Алайда, әлемде өзімен-өзі бөлектенген қасиеттер мен сапалар болмайды. Сондықтан сезу түйсікті қалыптастырады. Түйсік заттар мен құбылыстарды толық, олардың барлық қасиеттерінің бірлігін тануды жүзеге асырады.

Түйсік пен сезу арқасында түсінік (елестету) пайда болады. Түсінік адамның қоршаған ортаны тануын өрістетеді. Ол адамның сезім ағзаларына бұрын әсер еткен қоршаған ортадағы заттар мен құбылыстарды көзге елестетіп, ойға түсіреді. Сөйтіп, сезу, түйсік, түсінік таным үдерісінің алғашқы кезеңі. Олар қоршаған ортадағы кейбір заттардың және құбылыстардың сыртқы пішіні мен байланыстарын бейнелейді.

Әртүрлі құбылыстардың мәні мен заңдылығын тану дерексіз ойланудан туады. Бұл ойлау құбылыстардың мәнісін, олардың ішкі байланыстарын ажыратын ұғым, пайымдау және ой қорыту, арқылы болады. Бұл танымның ең жоғарғы, күрделі кезеңі. Адамның таным үдерісі барлық

кезеңде қоғамдық, әлеуметтік заңдарға бағынады және тарихи тәжірибелермен сыналады.

И.П.Павлов арнайы зерттеулер арқылы бейнелеу үдерісінің мидағы физиологиялық тетіктерін дәлелдеді, әлемді бейнелеу жүйке жүйесінің қасиеттерімен тығыз байланысты екенін анықтады. Адамның ой өрісі мен оның тереңдігі сыртқы дүние әсерінен туатын көптеген мәліметті қабылдау және өңдеуден құралады [120].

Біртұтас бейне нәтижесі болып табылатын қабылдаудың обьективті негізі обьект қасиеттері мен әртүрлі жақтарының бірлігі болады. Қабылдау бұған дейін болған ақпаратқа негізделген пайымдауды қамтиды.

«Қабылдау» терминінің екі мәні бар: 1) қабылдау үдерісінің нәтижесінде туындайтын зат бейнесі; 2) шындықтың сезімдік бейнедегі белсенді көрінісі болып табылатын сол үдерістің өзі.

Психологияда қабылдау бейненің жалпы қасиеттері (тұрақтылық, бүтіндік, құрылымдылық, заттық) мен түсінік бейнесінің қасиеттері (жалпылаушылық, фрагменттілік, таңдамалық, сызбалық және басқалар) анықталған [121].

Нақ осы қабылдау негізінде басқа да психологиялық үдерістердің – жад, ойлау, елестету, іс-әрекет жүзеге асады. Шындықты сезімдік бейнелеудің қалыптасу және жұмыс істеуі ретінде қабылдау үдерісі әртүрлі функционалдық, операциялық және мотивациялық сипаттамалардың күрделі тоғысуы болып табылады. «Қабылдау сезім мүшелеріне заттар мен құбылыстардың тікелей әсер етуі кезіндегі олардың қасиеттері мен бөліктерінің біртұтас көрініс беруі түрінде болады» [123]. Біз сезім мүшелеріміздің көмегімен алған ақпараттар оптикалық аспаптар, дербес компьютерлер, нәзік өлшеу құралдарымен өлшеніп, эксперименттік тексеруге ұшырайды, олардың көмегімен алынған білім белгілі бір шамада ғана дұрыс деп есептелінеді. Информатикалық обьектілерді қабылдау заңдылықтары бар. Қабылдау психологиялық ғылымның түбірлі мәселесі болып табылады. Онымен XIX және XX ғасырдағы көптеген физиологтар, психологтар мен педагогтар: Қ.Жарықбаев [124], С.Стивенс [125], Н.Н.Ланге [126], Б.Ф.Ломов [127], А.А.Ухтомский [128], П.А.Анохин [129], Г.Гельмгольц [130], И.М.Сеченов [131], Б.Г.Ананьев [132], П.П.Блонский [133], И.П.Павлов [134], Д.Н.Узнадзе [135], А.Н.Леонтьев [136], В.П.Зинченко [137], А.В.Запорежец [138], Б.М.Теплов [139] және басқалар айналысты.

Біз қабылдауды белгілі бір ағзаның жүйке асты динамикасы мен құрылымның өзгеру салдарынан обьектінің (ортаның) тұтастай бейнеленуі жүзеге асатын обьектімен (ортамен) ағзаның тікелей ақпараттық әрекеттесу үдерісі ретінде кең мағынада қарастыратын боламыз. Қабылдау үдерісіндегі маңызды элемент қабылдау субьектісі - оқушы.

Г.Гельмгольц [140] кеңістіктік бейнелерді қабылдау үдерістерін зерттей отырып, қозғалыстың рөлін ерекше атап өтті. Ол қозғалысқа едәуір кең мағына берді: қозғалыс субьекттің обьектіден алынатын сезімдік әсерлердің тұрақты өзгеруін туындатады. Сонымен бірге қайталанушы тәжірибе байланыстардың тұрақтылығын, олардың белгілерін айқындап, соның арқасында сезімдер жиынтығы салыстырмалы түрдегі инвариантты бейнелерге ие болады. Көздің бейімдеушілік

рефлекстері және т.б. байланысты қабылдаудың элементар моторлы актілерінің болуын атап өте отырып, әйгілі психолог Н.Н.Ланге [141] айналадағы қоршаған дүниеден бөліп көрсетіп, яғни, еркін зейін аудару деп аталатын құбылыстарға талдау жасалатын обьектілердің сезімдік бейнелерін зерттеді. Н.Н.Ланге [142] үшін еркіндік зейін мақсаттық, мақсатқа бағынышты қабылдау. Тек осындай қабылдау ғана едәуір нақты және толық білімді бере алады.

Перцептивті іс-әрекет онтогенездің алғашқы кезінде кең көлемді сыртқы форма түрінде көрінеді. Қабылдау бейнесінің қалыптасу құрылымы мен рөлі айқын біліне бастаған обьектіні көрген кездегі формаға ие болғанға дейін даму барысында ол бірқатар сатылы өзгерістер мен қысқаруларға ұшырайды.

Бейненің қалыптасуына бағытталған әрекеттерде ақпаратты сайма-сай айқындайтын белгілермен танысу операциялары көрініс береді.

Перцептивтік үдерістердің операциялық механизмдеріне заттармен және құбылыстармен практикалық сүйену үдерісінде қалыптасатын өлшеу, реттеу және басқа да әрекеттер жатады. Бұл үдерісстердің мотивациялық жағы олардың бағыттылығын, селективтілігі мен күштілігін анықтайды [143].

Қабылдау үдерістерінің біртіндеп күрделену факторлары ойлаудың жалпылауыш-абстракциялаушы қызметі мен сөйлеу қызметі өткен тәжірибеге сүйенетін сезімдік бейне жасауымен түсіндіріледі. Әрқилы түрдегі перцептивтік үдерістерді зерттеу талдағыштық жүйеге тәуелді қабылдаудың белгілі бір моделдігіне бағдарланған. Бірақ перцептивтік үдерістің бастапқы моделі мен принциптік сызбасы барлық уақытта көру бейнесі болып табылады.

Көру жүйесі сыртқы әлем жайлы нақты ақпарат көзі болғандықтан ғана емес, сонымен бірге барлық талдағыштық жүйелер арасындағы байланыстардың ішкі арналарының рөлін атқаратындығымен де адам үшін маңызды болып табылады. Мидың талдағыштық жүйелеріне арналған мұндай өзгеше көру жүйесіне адам факторының қосылуы арқасында иеленеді.

Көру жүйесі үш деңгейде: сенсорлық (сезіну), перцептивтік (қабылдау), апперцептивтік (елестету) деңгейлерінде жұмыс істейді. Қабылдау үдерісіндегі жеке ерекшеліктерге мыналар жатады [144]:

• қабылдау көлемі – қараған кезде адам қабылдай алатын объектілер мөлшері;
• дәлдігі - қабылданатын объект ерекшеліктері мен бейненің сәйкестігі;
• толықтық - толық сәйкестік дәрежесі;
• жылдамдық - заттарды немесе құбылыстарды сайма-сай қабылдау үшін қажетті уақыт.

Негізгі мектептің 5,6-сынып оқушыларын білім алуға, еңбекке, практикалық қызметке даярлаудың аса маңызды бөлігінің бірі - қазіргі кезде оқушыларға білім беруде, танымдық іс-әрекеттің әдістерін өзгертуде компьютерді қолданудың орыны ерекше болып отыр.

Көптеген дидакт, психолог ғалымдардың зерттеулерінде танымдық іс-әрекеттерді белсендіре отырып оқытудың артықшылықтары көрсетілген. Гершунскийдің [145], Монаховтың [146] жүргізген зерттеулеріндегі ойларымен келісе отырып, біз компьютерлендіру үдерісі оқушының тұлға ретінде дамуына субьектілік

позицияның қалыптасуына, өзін-өзі танып білуге принциптік тұрғыда жаңа мүмкіндіктер ашып беретін жеке іс-әрекет амалы деп қарастырамыз [147].

Қабылдау үдерісінде жадта сақталған ақпараттар мен сол объектіні қабылдау үдерісінде алынған жаңа іздердің өзара әрекеттесуі жүреді. Жадта тіркелген жеке тәжірибе қабылдау үдерісі мен оның нәтижелеріне едәуір әсер етеді.

Оқу үдерісін ғылыми ұйымдастыру мен оқыту теориясы үшін қабылдау көлемі мен ақпарат қозғалысы тиімділігін арттыру маңызды болып табылады. Егер де сәйкес көлемде ақпарат ағынының бағыты мен таралуы сәйкес көлемде негізделмеген болса, онда оның мазмұны білімге айналып өңделмейді.

Оқу үдерісінде белгілі бір таңбалық жүйе арқылы ақпарат мазмұнын өрнектеу үлкен маңызға ие.

Оқушыларға берілетін ақпарат не білімге айналуы, не айналмауы мүмкін.

Ақпараттың білімге айналуы дидактикалық шарттардың орындалуына байланысты.

Оқу ақпаратын тиімді берудің кейбір шарттары мынадай: жаңа материалды хабарлаудың міндетін нақты анықтау керек; форма мен оны хабарлау құралдарын негіздеу керек; ақпараттың көлемі бойынша оның қабылдану мүмкіндігін бағалау қажет; ақпаратты білімге айналдыру үшін оны қабылдауға оқушыны дидактикалық және психологиялық дайындау қажет. Бұдан басқа мотивсіз ақпаратты хабарлау оқытуда күтілетін әсерді бермейді: оқушы қажетті материалды қабылдауға дайын болмай қалуы мүмкін.

Оқу үдерісі кодтаумен, сондай-ақ қайта кодтаумен, ақпараттың мазмұнын, мәні мен құндылығын тікелей бағалаумен де байланысты; қайта кодтау танымның едәуір жоғары деңгейі болып табылады деп айтуға болады.

Оқу ақпаратында негізгісі - оның мазмұндық, семантикалық жағы, оқыту пәнінің мақсаттары мен міндеттері. Әрбір оқу ақпаратында оның шынайы мағынасы, танымдық мәні тұрады.

Оқушыларда информатикалық ойлау ақпаратты бастапқы тасымалдаушының формалды көшірмесі ретінде емес, белгілі бір психикалық бейнелерді тасымалдаушы кейбір моделдер ретінде туындайды. Психологиядағы «бейне» ұғымына сүйене отырып информатикалық білім оқушы санасында туындайтын психикалық бейне түрінде көрсетуге болады. Оқыту үдерісінде психикалық образдар әртүрлі функцияларды: қабылданушы ақпаратты нақтылауды, жүйелеу мен қорытуды, оқу пәні жайлы көріністің біртұтас көп деңгейлі жүйесін жасауды орындайды.

Оқу ақпаратын адамның қабылдауындағы көру талдауышының басымдық беретін көрнекілікке негізделген бейнелер әртүрлі материалдар жайында оқушының пікірі қалыптасуына жеткілікті түде тиімді әсер етеді деуге болады.

Информатикалық ұғымдарды қалыптастыру үдерісінде информатикалық білім, дағды мен біліктілігі маңызды роль атқарады.

Информатика шынайы әлемнің абтракцияланған, идеалды объектілерге сүйенеді.

Бұл идеалды объектілер басқа абстракцияларды қалыптастыруда негізгі болып табылады. Сондықтан информатиканы оқыту үдерісінде оқушылардың ішкі әрекетіне арналған тіректі тек мұғалім сыртқы әрекеттен ғана емес, сонымен бірге

фреймдер арасынан оқушы жадында алдыңғы білім іздерінің қалдықтарынанда іздеген жөн.

Информатиканы оқытуда көрнекілікті қолданудың тиімділігін жоғарылатуға оқу танымдық іс-әрекетті қалыптастыру мен ұйымдастырудың белсенді әдістерін практикалық қолдану және іздестіру жолымен жетуге болады. Бұл кезде оқытушы объектіге тән белгілерді анықтау керек.

Информатиканы оқыту үдерісінде объектіні көрсеткенге дейін оқушының оны қабылдауға алдын-ала дайындау жүргізіп, содан соң ғана оны жүзеге асыруға болады.

Информатиканы көрнекі-моделдік оқыту - бұл әдістермен немесе білімнің ұйымдасқан жинағының тікелей қабылдау кезіндегі оқушылардың ішкі әрекетінің оған сайма-сай жекелеген информатикалық таңбалы-кескіндік іс-әрекетті қалыптастыру үдерісі.

Информатиканы көрнекі-моделдік оқытудың концепциясының компоненті мен ұйымдастырудың үдерісінің қажетті сәті дидактикалық міндеттерді қою болып табылады.

Дидактикалық міндеттер оқыту үдерісінде жүзеге асады. Көрнекі-моделдік оқыту концепциясын құраудағы негізгі рөлді іс-әрекет пен психика бірлігінің тұтастығы атқарады. П.Жане [148], П.П.Блонский [149], Л.С.Выготский [150], Л.С.Рубинштейн [151], А.Н.Леонтьев [152] зерттеулері жадыны зерттеу обьекті ретінде, ал іс-әрекетті - оның дамуы мен жұмыс істеуін жүзеге асыратын принцип ретінде түсінуге алып келді. Жадтың ойлаумен, қабылдаумен, тұлғаның еркін және эмоциялық-мотивті күйімен байланысын қарастырайық.

А.А.Смирнов [153] жалпыға танымал нәрсені есте ұстаудағы түсінудің рөлін көрсете отырып, материалды едәуір терең, әрі дұрыс түсіну құралы ретіндегі ойлау үдерісі мен есте ұстау байланысын атап өтті [98]. Есте ұстауда ойлау белсенділігінің рөлі жайлы, П.И.Зинченко [154], А.Н.Шлычкова [155] өз жұмыстарында жазды.

Информатикалық объектілердің көрнекілігі арқылы информатиканы оқыту үдерісінде мынадай функциялар жүзеге асады:

• қабылдаудың, ойлау мен есте ұстаудың нейрофизиологиялық заңдылықтарына, қабылдаудың психофизиологиялық заңдылықтарына сүйене отырып, қабылдау мен есте ұстауда жол ашатын перцептивті-мнемикалық;

• информатикалық объектілерге сүйене таңбалы-кескіндік тәжірибені кеңейтуге қатысатын семантикалық;

• көру жадының, кеңістіктік ойлаудың, ойлау операцияларының (талдаудың, синтездеудің, нақтылаудың, тұжырымдаудың), информатикалық қабілеттіліктің дамуына жол ашатын дамытушылық;

• қабылдауды, тұрақты қызығушылықты, эмоциялық және тарихи фонды жасау үшін жағдайды қамтамасыз ететін ынталандырушы;

• модель жайлы жартылай ақпараттың «танымдық қиындық» жағдайын, қателерді іздестіруде, оқушылардың ішкі әрекеттері үшін сыртқы тірек жасаушы эвристикалық;

• информатикалық білімді қабылдаудың оперативті сайма-сайлылығын, білім жүйелілігін қалыптастырушы иллюстративті;

• танымдық және шығармашылық белсенділік үшін, информатикалық объектілерді қабылдаудың тұтастығы мен таңбалы-кескіндік жүйелерге өту үшін, оқушының типологиялық қасиеттерін қалыптастыру үшін жағдай жасаушы тәрбиелеушілік.

Информатикалық көрнекілік тек психикалық бейнелердің ерекше қасиеттері ғана емес, сонымен бірге белгілі бір дидактикалық үдерісс шеңберіндегі метематикалық объекті қасиеті.

Информатиканы оқытудағы көрнекілік бірқатар критерийлер негізінде қабылдаудың біртұтас парадигмасында қарастырылатын информатикалық бейнелердің психикалық ерекше қасиеттері ретінде танылады:

1) информатикалық объектінің тұтастығы;
2) қабылдаудың сайма-сайлылығы;
3) перцептивтік бейне мен көріністің тұрақтылығы;
4) жайлылық, оқу үлгерімділігі негізіндегі танымдық және шығармашылық белсенділік.

Қорыта айтқанда, оқушылардың танымдық іс-әрекеттерін көрнекілік принцип негізінде қалыптастыруда, олардың сезімдік мүшелері үлкен роль атқарады. Оның ішінде адам баласы ақпаратты көру және есту мүшелері арқылы қабылдайтындығы психологиялық –педагогикалық, физиологиялық тұрғыдан негізделді.

ЗЕРТХАНАЛЫҚ ЖҰМЫСТАРДЫ ОРЫНДАУҒА ӘДІСТЕМЕЛІК НҰСҚАУЛАР

Зертханалық сабақ 1.
Тақырыбы «Мектеп пәндері бойынша виртуалдық кітапханалар»

Дидактикалық мақсаты: зерттеу.

Ұйымдастыру әдісі: тәжірибелік.

Оқыту технологиясы мен әдістері: оқу-әдістемелік жоба.

Оқушытерді алдын-ала дайындау:оқу-әдістемелік зерттеу тапсырмаларымен таныса отырып 1.1 —1.2 бөлімінің 1тапсырмасын орындау

Теориялық түсініктеме

Негізгі түсінік: Вертуалды шындық, вертуалды саяхат, вертуалды семинарлар мен кеңестер

Құрылымды- методикалық анализ

«Виртуалды шындық» нағыз бар немесе ойдан құрастырылған нысандарға немесе процесстердің электрондық модельдері жатады.

Виртуалды шындық – бұл дыбыстық, көзге көрнекті, тактильді және т.б. ақпарат түрлерін бейнелейтін және қолданушының көлемді виртуалды кеңістікке енуін, реалды уақытта бұл кеңістіктің нысандарына қатысты қолданушының жылжуына жағдай жасайтын мультимедиалық құралдар.

"Виртуалды шындық" жүйелері адамның ортамен тікелей қарым – қатынасын қамтамасыз етеді. Олардың ішінде қолданушы компьютердің жадысындағы

ортадағы нысанды қолымен ұстай алады. Бұл әрекетті датчиктері бар қолбақ киіп іске асыруға болады. Басқа жағдайда экранда бейнеленген затты «аударуға» және оны басқа жағынан қарастыруға болады. Қолданушы «ақпараттық киім-кешекпен», «ақпараттық қолбақпен», «ақпараттық көзілдірікпен» (көзілдірік - мониторлары) немесе басқа аспаптармен қамтамасыз етіліп, виртуалды кеңістікке қадам баса алады

Вертуалды саяхат.

Музей ,галерея, көрме сайттарынан керемет вертуалды саяхат сабағын өткізуге болады.Дал сол сиякты көптеген зовод, фабрикалардын жумыстарын да вертуалды көріп танысуға болады.Көптеген қалалар сайты да бар солар арқылы география сабағын да вертуалды өткізуге болады, web-камераны қолданып елдің түкпір-түкпірін көруге болады.

Виртуальды семинарлар мен кеңестер.

Мұғалім мен оқушы арасындағы байланысты ешким өзгерте алмайды бірақ технологияның дамуымен оқытудың формасыда өзгеруде.Көптеген программалардың арқасында аудио және видео конференциялар өткізуге болады.Оқушы мен мұғалім бір бірінен алшақ болса бұл табылмайтын ақыл.

Дидактикалық материалдар.

I. Тапсырма нұсқалары

Тапсырма 1. Оқу әдістемелік проект жасау,тапсырмалар тізімін біріктіре отырып.

1.1.Оқыту мазмұнына талдау жасау.

1.2. Білімге деген талаптарды қою. Әсіресе жоғарғы сынып оқушыларына. Теориялық және практикалық бөлімдерін белгілеу. Оқу материалына план құру.

1.3. Дидактикалық материалдар құру, кейбіреулерін оқыту кезінде қолдану

а) Оқушылардың ынтасын арттыру.

б) білімдерін тексеруді ұйымдастыру(өзін-өзі тексеру сұрактары тесттер тапсырмалар, жаттығулар т.с.с).

в)соңғы білімін бағалау(тоқсандық бақылау, тесттік бақылау, проекттер, ойындар арқылы).

1.4.Оқыту методикасын ұйымдастыру.

Бөлім тақырыптары

1. Тексттерді өңдеу.
2. Компьютерлік графика и презентациа.
3. Кесте толтыру процессоры.
4. СУБД ақпаратты өңдеу системасы.
5. Мультимедиалық программалар.
6. Компьютерлік телекоммуникация мүмкіндіктері.
7. Баспаға шығару системасы.
8. Компьютермен жұмыс бастамасы.

II Ақпараттық білім берудің құрамы.

Тапсырма 1. Информатиканың басты түсініктерін айт, білім берудің негізі неде? Негізгі білім беру мен қашықтықтан білім беру айырмашылығы неде? **Тапсырма 2.** Кестені толтыр білім берудің компаненттерін есіне түсіре отыра. (кесте. 1).

Кесте 1

Тақырыптары	Технологиясы	ПС	Мүмкіндіктері	Тапсырмалар		
				Танымдық	Дайындықтық	Өнерлік

Программалар

1. Презентациа дайындау прогаммасы: ClipArt, PowerPoint и др.
2. Кесте программасы: Microsoft Excel и др.
3. Мәлімет қорлары: MS Access, FoxPro и др.
4. Графикалық редакторлар программасы 3D Studio; CPEN, Paintbrush, Dr.Hallo, CorelDraw и др.
5. Телекоммуникациалар: Internet, World Wide Web, Internet Explorer, e-mail, Netscape Communications и др.

Зертханалық сабақ 2.

Тақырыбы «Ақпараттық-іздеу және ақпараттық-анықтамалық оқыту жүйелері»

Дидактикалық мақсаты: зерттеу.
Ұйымдастыру әдісі: Зертханалық жұмыс.
Оқыту технологиясы мен әдістері: кітаппен жұмыс
Оқуыту құралы:арнайы және оқу-әдістемелік әдебиеттер, программалық құралдар.
Оқушытерге алдын-ала дайындау: жоспармен танысып 1-2 тапсырманы орындау.

Теориялық мәліметтер

Негізгі түсінік: ақпараттық-іздеу және ақпараттық-анықтама системасы.

Әдістемелік талдау

Ақпарат көлемінің ұлғаюымен бірге индустриалдық өндіріс күрделіленіп, әлеуметтік, экономикалық, саяси өмірдің, адамзат қызметінің барлық саласындағы процестердің динамикалық өзгерісі өтеді, бұл біріншіден, білім қажеттілігінің артуына әкелсе, екіншіден, осы қажеттіліктерді қанағаттандыратын жаңа құралдар мен тәсілдерді құруға әкеледі.

Есептеуіш техника мен ақпараттық технологиялардың дамуында да сапалық өзгерістер болды. 80 жылдардың ашық жүйелердің архитектурасы мен стандарттары даму жолына түсті. 80 жылдардың аяғы мен 90 жылдардың басында бүкіл әлемде үш революциялық феномен танылды. Олар компьютерлендірілген мекемелер мен

адамдардың қызметінің сапасына өзгерте отырып, барынша практикаға кеңінен енгізілді.

Бірінші феномен дербес компьютермен ұсынылатын мүмкіндіктердің пайдаланушыға тұрақты тиімділігіне негізделеді. Бұл феномен ақпараттық, жобалық, басқару іс-әрекетінің көп түрлерінде міндеттің қойылуы мен оның орындалуы арасына дәнекер болатын пайдаланушы – орындаушылар (машинистка, сызушы, іс-қағаздардың жүргізуші және т.б.) қажеттілігінің жоғалуымен сипатталады.

Екінші феномен бір жобамен жұмыс істейтін бір топ пайдаланушылардың келісілген, бірлескен жұмысының компьютермен сүйемелденуімен сипатталады. Бұл феномен жобаның әртүрлі бөлігіне топ мүшелердің кіруі мен басқаруын қамтамасыз ететін әдістердің жиынтығы негізінде пайда болды. Нұсқаларды басқару мен құжаттарды жөндеу, сондай-ақ, жұмыстың біртіндеп және қатар орынндалу барысындағы келісілген іс-әрекетті жүзеге асыруы мүмкін болды.

Үшінші феномен кез келген ақпаратты алмастыру мүмкіндігінің артуына негізделеді. Ол дәлірек айтқанда, стандартталған хаттамалар негізінде жергілікті және ауқымды желілердегі қолданбалы деңгейде мәліметтер алмасуды жүзеге асыру негізінде пайда болды.

Жұмыс жоспары.

1. Бір тақырыпты таңдап ал.
2. Материалды түсініп оқы.
3. Порталдағы толықтырылған материалдарды қарап, порталмен жұмыс істеуді үйрен.
4. 1 – 3 тапсырмасын орында, жауабын жазбаша бер

II Ақпараттық білім берудң құрамы.

Кестені толтыр жоғарыдағы материалдарды оқи отырип . (Кесте. 7.1).

Кесте 7.1

Тақырыпаты	Мадельдеу этаптары	Программалар	Технологиясы	Алгоритмі	Нәтижесі

Зертханалық сабақ 3 .

Тақырыбы «Электрондық оқулықтар және қашықтық курстары. Виртуалды мектептер.»

Дидактикалық мақсаты: зерттеу.
Ұйымдастыру әдісі: тәжірибелік.
Оқыту технологиясы мен әдістері: оқу-әдістемелік жоба.
Оқушытерді алдын-ала тапсырманы орындау.

Теориялық мәліметтер

Электрондық оқу басылымдарына оқу әдістемелік материалдардың төмендегідей электрондық нұсқалары жатады:

-иллюстрациялық сипаттағы компьютерлік презентациялар;

-электрондық сөздік-анықтамалыр және оқулықтар;

-шынайы процестердегі модельдеу мүмкіндігі бар зертханалық практикумдер;

-жаттықтырушы программалар;

-тест жүйелері.

Электрондық басылымы-прораммалық басқару құралдары мен құжаттамалыры бар және кез келген электрондық ақпарат-магниттік, оптикалық – тасымалдаушысына (CD-ROM,DVD RW және т.б.) орналасқан немесе компьютерлік желілерде жарық көрген сандық, мәтіндік, графикалық, аудио, видео және басқа да ақпараттар жиынтығы.

Электрондық оқу құралы-құрамында оқу курсының ең маңызды бөлімдері, сонымен қатар, есептер жинағы, анықтамалар, энциклопедиялар, карталар, атластар, оқу тәжірибесін өткізуге нұсқалар, практикумдар, курстық және дипломдық жұмыстарды дайындауға әдістемелік нұсқаулары бар берілген басылым түрінде мемлекеттік мекеме беретін арнайы дәрежеге ие электрондық оқу басылымы.

Электрондық оқу басылымы-оқытуды және білім бақылауды автоматтандыруға арналған және оқу курсына немесе оның жеке бөлімдеріне сәйкестендіріліп, сонымен қатар, шығу траекториясын анықтауға мүмкіндік беретін және әртүрлі оқу жұмыстарымен қамтамасыз ететін электрондық басылым.

Элетрондық оқулық-құрамында оқу курсының немесе оның бөлімінің жүйелі мазмұны бар және берілген басылым түріне мемлекеттік мекеме беретін арнайы дәрежеге ие электрондық оқу басылымы.

Электрондық оқу құралы-бұл оқулықты жекелей немесе толық алмастыратын немесе толықтыратын, басылымның осы түрі үшін арнайы бекітілген электрондық баслым.

Ақпарат қабылдау қасиеті

Монитор алдында отырған адамның ақпаратты қабылдай алуы: алдында ақпараттың экраннан калыпты санасына кіруден басталады. Физиологиялық негізі болып көрушілер негізі саналады.

Көрермендер анализаторының қалыпты жұмыс істеуіне белгілі талаптар болады:

1) объект жарықтылығы белгілі мөлшерде болуы керек;

2) сурет контрастті объект фонына сәйкес таңдалуы керек: неғұрлым кеңейтілімі кішірек болса, объект контрасті жоғары болуы керек;

3) ескеретін жайт, неғұрлым адам көзі сезетін түс сарғылт – жасыл түс (фиолетовый және қызыл);

4) символ пішіні – адам көзінің өткірлігімен сәйкес келу керек;

5) көру қабілетінің барлығын алаңды үш алаңға бөлуге болады: орталық көру қабілеті бұнда объекттерді анық байқауға болады;

Экранды форматтау.

Мәтіннің экранда орналасу ережелерін ескеру керек:

- экранның жарты бөлігін бос қалдыру керек;

- әр кестенің бес жолы сайын бос орын қалдырып отыру керек;
- әр кестенің бағандары сайын 4-5 бос орын қалдырып отыру керек, себебі көрермендер қарағанба бірінші көзге түсерліктей болуы керек.

Кесте құрамы жұмыс алаңының шеттеріне орналасқанда тегіс алаңда біркелкі орналасуы керек. Меню жолы яғни құралдар тақтасы тегіс немесе көлденеңнен жұмыс алаңының белгілі бөлігінде орналасуы керек;

Жұмыс алаңының жоғарғы екі үш жүйенің қалыпты жағдайын көрсетуге арналады. Бұл жұмыс алаңының орынының жүйенің қай бөлігінде қолданушының отырғанын және жұмыс істеу қарқынын көрсетеді.

Дербес компьютердің экранының кіші кеңейтілімі мәтін шрифтарының жақсы көрсетілуне әсерін тигізеді. Сол үшін экраннан басылып шыққан қарағанда қаріпі үлкен болуы тиіс.

Экрандық типография машығына сай, көбінесе қолданушылар негізінде стандартты Times, Courier, Arial, Sans Serif, шрифтерін қолданылады, Бұл шрифтер дербес копьютердің барлығының есінде сақталады.

Verdana қаріпі гигиеналық және шығармашылық қасиеттерімен сипатталады. Ол төменгі кеңейтілуге айтуға арналған, суреттер бойынша қарапайым, оның пропорциялары ыңғайлы және әдемі. Қаріп жеңіл және экранда ашылуы қиындықсыз орындалады.

Баспа сөз шығарылымына қарағанда, сөзаралық интервалын 2-2,5есе артық жасалғаны жөн. Экранда курсив пен разрядка анық көрінбейді, сондықтан текстік терілімдерде түсті немесе жартылай қарайтылған сызбалар түрін қолдану керек.

Графикалық ақпараттардың көрсетілімдері.

Графикалық материалдардың көрсетілімдеріне текстікке қарағанда көбірек сұрақтар тудырады. Алғашқы орында әрқашан дидактикалық орта мақсатқа жету болып табылады. Бейне масштабын таңдау кезінде екі факторға көңіл бөлген жөн:

-егер графикалық бейнені текст пен бірге экранда көрсетсе онда экранда ½ бос қалдыру туралы айтылады.

- детальдардың өлшемдері экранның шешуші мүмкіндіктеріне және адамдардың көзқарастарына сәйкес келуі керек.

Электрондық баспалардың жай баспалардан айырмашылығы онда текстің ішінде ғана болмайды, бірақ ол жеке терезеде шыға алады, қолданушы қалаған ол терезені ашуға және жабуға мүмкіндігі бар.

Мұндай графикалық шығарудың тағы бір түрі көптеген жағдайларда таңдамалы болып табылады.

Түсті таңдаған кезінде төмендегідей принциптарды орындаған жөн:

1. бәрінен бұрын көзге түсетін қызыл және көк түстер, содан сары, жасыл, ақ. Бірақ көк түс кішкентай графикалық элементтерді бояғанда аз қолданылады. Мұндай мақсаттарға жету үшін көбіне сары – жасыл, жасыл – күлгін түстер, ал көк түс белгілі бір графикалық элементтерді бояу үшін қолданылады.
2. мүмкіндігінше ашық контрасты қолданбай орнына түстік контрасты қолданған жөн.

3. эмоционалдық көзқарас бойынша қою күлгін, қою жасыл, лимондық сары, сары жасыл, ашық қызыл және басқа да негативтік реакцияларды тудыратын түстік стилдерді қолданған жөн.

Видеоақпараттар және анимациялар жай байланыста түсіну қиын ақпараттарды байланыстыруы қажет.

Адамның түсті қабылдау ерекшеліктері

Многочисленные исследования наиболее комфортных сочетаний цветов при выводе данных на экран дисплея, выявили ряд параметров для оценки качества отображения. Одним из основных является четкость восприятия цветовых образов.

Ахроматикалық фонда түс образдарын қабылдау

Символ түстері	Фон түстері		
	Қара	Сұр	Ақ
Қызыл	Нашар	Жақсы	Орташа
Көк	Нашар	Нашар	Орташа
Жасыл	Жақсы	Нашар	Нашар
Циан	Жақсы	Нашар	Нашар
Малиновый	Жақсы	Нашар	Жақсы
Сары	Орташа	Жақсы	Нашар

Бүгінгі күнге дейін ақ түс фоны басқа түстермен салыстырғанда мүмкіншілігі аз түс болып саналды. Бірақта қазіргі заманғы техниканың дамуымен жаңа дисплейлер пайда болып ақ түстін қара түспен сәйкестігі жоғарылатылды. Түрлі түсті фонында түс образын қабылдау:

Символ түстері	Фон түстері					
	Қызыл	Көк	Жасыл	Циан	Малиновый	Сары
Қызыл	-	Нашар	Жақсы	Орташа	Нашар	Орташа
Көк	Нашар	-	Жақсы	Орташа	Орташа	Орташа
Жасыл	Нашар	Жақсы	-	Жақсы	Жақсы	Жақсы
Циан	Жақсы	Жақсы	Нашар	-	Жақсы	Жақсы
Малиновый	Нашар	Жақсы	Жақсы	Жақсы	-	Орташа
Сары	Жақсы	Орташа	Жақсы	Жақсы	Жақсы	-

Әртүрлі түстерді адамның сезуі

Түс	Кеңістікте сезуі	Температуралық сезілу	Эмоциялық сезуі
Қызыл	Жақын, қасында	Ыстық	Аландау
Оранжевый	Өте жақын	Жылы	Көңілдену

Сары	Қасында	Жылы	Бодрость
Жасыл	Алыста	Өзгеріссіз	Тыныштық
Көк	Алыста	Суық	Тынышталу
Фиолетовый	Өте алыс	Суық	Жалығу

.

Түстермен ерекшелене алады:

- мәтін аттары;
- мәтіннің ерекшеленген блоктары;
- графика және иллюстрациялар;
- жарықтандырылған аймақтар әдетте ашық түстермен ерекшеленеді (мысалы, сары, ашық жасыл, ашық қызыл, т.б.)

-үштен бір позизицясының фактурасы

-оқулықтың мәтіндік немесе графикалық фрагментіне тәуелсіз болатын барлық гипермәтіндік сілтемелер

Егер түрлі-түсті суреттің өлшемі кіші болса, оның ашық түсі фонның түсімен сәйкес келсе, онда бақылаушы оны байқай алмайды егер тіпті олардың түстерінің айырмашылығы үлкен болса, осыдан бейнелеудің ұсақ бөлшектерін тұрақты айыруы үшін, олар фонмен салыстырғанда жарықтығы үлкен үлкен айырмашылық болу керек .

Фондық бейнелер жеңіл оқылатын мәтіндерге әсері тимеуі керек. Кейбір фондық бейнелердің өздері тартымды болады да, оларға қойылған мәтіндердің оқылуын ауырлатады. Фондық бейне артта тұруы керек және қарапайым болса соғұрлым жақсы болады. Және баспаға суреттерге сүйсіну үшін бармайды, ақпарат үшін барады соны ұмытпаңыз. Түрлі – түсті монитормен ұзақ жұмыс жасағанда « түрлі-түсті шаршау » деп аталатын көз шаршауы басталады, егер түстердің жайлы үйлестірулері таңдалғанса да жалпы шаршауға әкеп соғады. Сондықтан қалыпты күй – жағдай сақтау үшін үш – төрт <<жұмыстық >> түстердің үйлестірулерін пайдаланып, экранның түстік палитрасын оқтын – оқтын ауыстырып отыру керек.

Мәтін болу керек:

- қысқа және түсінікті;
- жақсы ұйымдастырылған; тіпті егер баспа қысқа әрі түсінікті болса да, оны ешкім басынан – аяғына дейін оқымауы әбден мүмкін көз жүгіртіп қарап шығады. Орфографиялық қателіктері мен жаңылыс жазбаларға толы баспа, автордың және оқу орнының абыройына асер етеді!

Тапсырмалар:

1. Автормен баяндалған материалдардың сәйкестігін, курс бағдарламасының мазмұнын және мемлекеттік білім стандартының талаптарын анықтау;
2. Материалдың өзектілігін бағалау: онда баяндалған материалдың деңгейі қазіргі заманғы ғылым, техника және мәдениет жетістіктеріне сәйкес болуын.
3. Ұсынылған оқу орындардың бұрынғы бар оқу орындарынан айырмашылығын көрсету.

4. Оқу материалын әдістемелік көз қараспен бағалау және ол берілген пәнді оқыту талаптарына сай келетіндігін анықтау.
5. Болашақ баспаның дидактикалық аппаратының толықтығы мен сапасын сараптау және бақылау сұрақтары мен есептері қаншалықты әдістемелік жағынан таңдалғанын анықтау.
6. Оқушытердің өзіндік жұмысы үшін болашақ электрондық басылымды қолданудың нәтижелігін бағалау.
7. Анықтама - жолдама аппаратының элементтерін , (басылым түрін есепке ала отырып): кіріспеге алғысөз, қорытынды, нұсқауыштар , аңдатпа , библиографиялық тізімдер , қысқартулардың тізімдері және шартты белгілеулердің және сонымен қатар қосымшалардың қаншылықты толық көрсетілгенін көрсету .

Зертханалық сабақ 4.
Тақырыбы «Интернеттегі білім бақылау жүйелері.»
Дидактикалық мақсаты: зерттеушілік.
Ұйымдастыру тәсәлдері: зертханалық жұмыс.
Оқыту технологиясы мен әдістері: кітаппен жұмыс, жаттығулар іздеу.
Оқыту құралы: оқу—әдістемелік және арнайы әдебиеттер, бағдарламалық құралдар.

Жұмысты орындаудың жалпы талабы

Аспаптық құралдар ретінде келесі талаптарды қанағаттандыратын компьютерлік тесттілеу жүйесін (КТЖ) мақсатқа лайықты қолдану:

- Тесттік тапсырмаларды дайындаудың қарапайымдылығы (тапсырмалар компьютерді төмен деңгейде меңгерген мұғалімдер де құра алады).
- Қолданудың кең диапазоны (пәннің кең спектрінде тесттерді дайындау үшін қолдану мүмкіншілігі).
- Тесттік тапсырмалар қорын басқарудың қолайлы жүйесі (тапсырмалар қорын біріктіру, өшіру және қосу).
- Тесттілеу нәтижесі бойынша статистикалық ақпараттарды өңдеу және жинау жүйесі болуы шарт (тесттіленетіндер және тесттік тапсырмалар үшін).
- Оқу үрдісінде білімді жедел бақылауды ұйымдастырудың оңайлығы
- Тапсырмаларды шешудің қолайлы құралдары (мысалы, жетілдірілген мүмшілікті микрокалькулятордың бар болуы)
- Біріктірілген мультимедиалық мүмкіндіктер)
- Тұтастық (тестілеу жүйесі бірнеше жүз тесттік тапсырмалардың санымен бірге бір дискетаға сыйуы керек).
- Жүйелік талаптардың төмендігі (Windows 95/98/NT жеткілікті).


Компьютерлік желілердің қарқынды дамуы оқушытердің жергілікті компьютерлік желі немесе Интернет желісіне қосылған, серверлерде орнатылатын интерактивті Web-тесттер көмегімен қашықтан тестіленуінің перспективасын көрсетті. Білім беруде осындай ақпараттық технологиялардың кең таралуы оқыту үрдісін тек жоғарылатып қана қоймай, сонымен қатар еліміздің бастаушы

университеттерінде потенциалды тыңдаушылар аудиториясын әжептәуір көбейтеді, Web – желінің жұмысына арналған тесттердің өңделу үрдісінің жұмыс көлеміне кедергі келтіреді.


Кері жағдайда әр түрлі салалардың мамандар ұжымының бірлескен жұмысы қажет болады. Бұл жағдайлар Web-кітапшаларды құрудың еңбек көлемін, қашықтықтан білім беру формасының даму процесін белгілі бір деңгейде әжептәуір көтереді, СПбГТУ қашықтықтан білім беру орталығында пән курсына инвариантты, әмбебаб және Интернет/ Интернет желі үшін тестерді өңдеу аумағын практикалық қолдануда қолайлы және қарапайым "Web-Тест Конструктор" (W-TK) құру әрекеті жасалды.

Интерактивті мультимедиалық Web-тесттерді өңдеудің аспатық аумағы

Құрастырылған W-TK бағдарламалық өнім негізінде ізделінді Web-тесттің мәтінінен тұратын HTML – беттің динамикалық құрулары принципі берілген. Бұл үшін Web-тесттер құру үшін мәліметтер шығарылымы (тесттегі тапсырмалар саны мен мәтіні, ұсынылған жауаптар саны және жауаптар варианты, дұрыс жауаптың «бағасы» және бағалану үшін жиналған қажетті балл саны, тестті орындау және т.б. үшін қажетті уақыт) негізінде JavaScript тілінің бағдарламаларымен бірге HTML – беттің әмбебаб шаблондары жасалды. W-TK бағдарламалық аумағынның қатты дискте алатын жалпы жады көлемі 1,2 МВ-тан аз емес. Олардың өзіндік орындалатын 820 КВ өлшем шамасында exe-модульбар, ал қалғаны help-файл көмегі үшін иалап етіледі. Браузер терезесінде орналасқан мәтіннің генерирленген фрагменті түріндегі "Web-тест конструктор" жұмысының нәтижесі 4.2.2. суретте көресетілген. Суретте сұрақтар мәтінінен және жауап нұсқаларынан басқа қолданушының тегі мен басқа да мәліметтер енгізуге арналған өріс, сонымен қатар тапсырманы орындауға кеткен уақытты көрсететін таймер тақтасы келтірілген. Ескертетін жайт, қалған уақыт браузердің статустық жолында да көрсетіледі.



Сурет. 4.2.1.



Сурет. 4.2.2.

Зертханалық сабақ 5 .

Тақырыбы «Оқу орталары және жаттықтырушылар.»

Дидактикалық мақсаты: зерттеу.

Ұйымдастыру әдісі: тәжірибелік.

Оқыту технологиясы мен әдістері: оқу-әдістемелік жоба.
Оқушытерді алдын-ала дайындау: тапсырманы орындау.

Теориялық түсініктеме

Дифференциялдық ішкі пәндерді жұмысына сәйкес әртүрлі деңгейдегі тапсырмаларды ұсынуға болады. 3 деңгейдегі нұсқалары бар;

- Материалдың көлеміне қарай ерекшеленеді.

Информататиканы терең үйренетін сыныптар үшін әртүрлі деңгейдегі тапсырмалар дайындауға қойылған.

Барлық тапсырмалар әртүрлі қиындық деңгейіне байланысты берілген және 3 топқа бөлінген.

I деңгейдегі тапсырма – базалық. Оқушылардың барлығы орындайтындай болуы тиіс.

II және III деңгейдегі тапсырмалар– қиындықты көтеру.

Олардың жұмысы логикалық ойлауды дамыту стандартты емес шешімді қабылау, техникалық білімді көбірек талап етеді.

Тапсырманың мазмұнды жағына ғана емес, сонымен бірге қиындық деңгейі оқушыларды таңдауда құқылы.

Бастапқы қолдануда I , II және III деңгейдегі тапсырманың қайсысын таңдауы барысында оқытушы көмек беріп, әртүрлі деңгейдегі тапсырманы бағалау критерийімен таныстырады

Әртүрлі деңгейдегі тапсырмаларды жүйелі қолдану оқушылардың таңдауына байланысты.

Үйрену дәрежесі

Түрлі деңгейлі тапсырмаларды құрастырғанда оқушы қандай білімді, іскерлікті және дағдыны игеру керектігін ескеру керек.

Оқытудың бірінші деңгейінде (білім беру жүйесінің репродуктивті типі) оқушы білу керек:

- оқу материалын мазмұндау керек;
- мұғалімнің айтқанын өз ойын қоспай мазмұндай алу керек;
- есепті бір формуланы қолдану арқылы шеше алу керек (негізгі формуланы және ақпараттың өлшем бірліктерін біле тұра);

Оқытудың екінші деңгейінде (білім беру жүйесінің реконструктивті типі) оқушы білу керек:

- сабақ барысында алған немесе оқулықтан оқыған білміне негізделіп мұғалімнің кез – келген сұрағына жауап бере алу керек;
- Анықтамалардың, формулалардың , мөлшерлердің мәнін ұғыну ;
- оқылып жатқан материалдар тақырыптарының арасында байланысты орната алу керек;
- 2 және 3 формуланы пайдаланып, алгоритмнен стандартты есептерді шеше алу керек;

Оқытудың үшінші деңгейінде (білім беру жүйесінің вариативті типі) оқытылу материалы негізінде оқушыға жаңа анықтамалар мен формулаларды түсіндірудің сәйкес келуі; білімді жаңа оқу үрдісінде қолдану. Осы деңгейге жатады:

- алдын ала қаралмаған үлгідегі есептерді шешу;
- - әр түрлі ақпараттық модельдердің оптимальды алгоритмдері және есептерді шешу әдістерін құру.

Оқытудың төртінші деңгейінде (шығармашылық). Бұл деңгейге әр түрлі ақпарат көздерін қолданатын хабарламалар және баяндамаларды жатқызуға болады. Сонымен қатар өзіндік шешімдер және оқытылған әдебиеттерге тікелей қатысы жоқ жалпылауларға негізделеді.

Әртүрлі деңгейдегі тапсырмалар, оқушылардың білімін бақылау жүйесінде оқу материалының меңгеруін түрлі деңгейде тексеру қолданылады.

Қортынды тексеруде пәнді әр түрлі дейгейде, реродуктивті типтен жетілдірілген деңгейге дейін меңгеруі тексеріледі.

Информатикада практикалық іскерлікті тексеру барысында мыналарға ерекше назар аудару керек:

- DOS жүйесінде немесе WINDOWS аумағында негізгі амалдарды орындауға;

- дербес компьютердің түрлі құрылғыларымен негізгі жұмыс дағдысын білуге;

- түрлі ақпараттық технологиялардың негізгі жұмыс дағдысын білуге;

Оқушылардың білімін тексерудің қортынды формасы - тест, есеп, теориялық өздік немесе бақылау жұмысы, практикалық жұмыс.

Әртүрлі деңгейдегі тапсырмаларды қолдануға әдістемелік нұсқау

Түрлі деңгейдегі тапсырмаларды мұғалім оқытудың түрлі сатысында және сабақтың түрлі сатысында пайдалана алады.

Бақылау тесттері, бұл жұмыста берілген тақырыптағы теориялық материалдарды өткізгеннен кейін оларды мақсатқа лайықты жүзеге асыру керек.

Тесттік бақылаудың мақсаты – оқушыны оқытудың нәтижесін тексеру және бағалау.

Тесттік тапсырмалар әр түрлі деңгейлі күрделілікте болады.

Келтірілген тізімнен таңдау - бұл

I күрделілік деңгейі. Қарапайым тесттік тапсырмалар. Мысалы:

А) Позициялық емес санау жүйесін таңда

- ондық с/с;
- екілік с/с;
- үштік с/с;
- римдік с/с.

II күрделілік деңгейіне мектеп бағдарламасына қарастырылған ұғымдар,бірақ күрделі анықтамалары бар тесттік тапсырмалар келтірілген. Мысалы:

В) Қандай санау жүйесінде әр санның өлшемі оның позициясына тәуелді емес, тек оның жазылуымен анықталады?

III күрделілік деңгейіне жазылғанда пәннің мазмұны қарастырылмайтын ұғым пайдаланылатын тапсырмалар жатады.

Бұл тесттік тапсырмалар типі:

С) Көпмүше түрінде жазылған екілік сан:

$1*2^4+0*2^3+1*2^2+0*2+1^1*2^0$

Оның ондық түрі қандай?

Мәтіндік тапсырмалар бақылау сатысында ғана қолданылмайды, сонымен қатар ағымдық салада тақырыпқа,сабаққа кіріспе сатысында, оқушылардың білімін тексеру кезінде, аттестациялық тесттілеуге дайындық кезінде қолданылады.Тесттік тапсырмамен жұмыс оқу материалымен тағы бір рет жұмыс істеуге ынталандырады. Тесттің өткізу уақыты 20 – 30 мин (сыныптың дайындық деңгейіне байланысты).

Зертханалық сабақ 6.

Тақырыбы: «АКТ-ы негізінде білім жалпылау және жүйелеу»

Дидактикалық мақсаты: зерттеушілік.

Ұйымдастыру тәсілдері: тәжірибелік.

Оқыту әдістері мен технологиясы: кітаппен жұмыс (тақырыптық тезаурус құру, ой матрицалары), оқу дискуссиясы, іздеу жаттығулар, пікірлеу.

Оқу құралы:оқу-әдістемелік және арнайы әдебиеттер, программалық құрал.

Оқушытерді алдын-ала дайындау: жүйелі методологиялық принциптерді оқып 6.2 кестесін толтыру; кесте 6.1; информатиканың базалық курсы оқу әдебиеттеріне логикалық-мазмұнды талдау жасау.

Теориялық түсініктеме

Негізгі ұғымдар:жүйе, сыртқы жүйе, ішкі жүйе ,құрылым, жұйелік анализ,формалау, модель, модельдеу, ақпараттық модель.

Маңызды - әдістемелік талдау

Жүйелердің иерархиялық зерттеуінде ең алдымен системологияда кіріспе негіздейді. Оқушылардың сұрақтарға жауап іздеу барысында, жүйе ретінде қарастырылып отырған обьектінің мақсатынан жүйенің мүшеленуін объектіге көз қарасынан немесе зерттеу аспектісінен көруге болады.

Ары қарай ішкі және сыртқы жүйеге анықтама беру керек, сонымен қатар жүйенің сыртқы жүйеге бөлінуі өзара байланысқан элементтердің мүшеленуімен байланысты.

Осыдан кейін оқушыларды жүйенің құрамдарымен және жүйенің негізгі қасиеттерімен таныстыру мүмкіншілігі туады.

Әдістемелік жақындаулар қарастырылатын құбылыстар жүйелілік, ақпараттық функционалды жақындауларды қолдану мүмкіндігіне бағытталған. Әдістемелік жақындаулар зерттелу жұмысының теориялық негізі болып табылады, сондықтан өзгігінен пайда болмайды, жүйелік анализ, формалану, модельдеу, «қара жәшік» әдісі арқылы жүзеге асады.

Модельдеу әдісі модельді объектімен нақты сәйкестігі мен айырмашылығы негізінде салыстырғанда қарапайымдайды. Зерттелетін объект таным үрдісінде оның құрамы мен құрлымына ұқсайтын модельмен алмастырылады. Модельді зерттеу шығатын объект туралы жаңа ақпарат алуға мүмкіндік береді..

Жоғарғы сынып оқушылары модельдеудің түрлері көп екендігін меңгерулері қажет, себебі ол қолданылатын модельдер мен қолдану аумағына тәуелді болады.

Оқушыларды модельдеудің классификациясының түрлі белгілерімен мақсатқа лайықты таныстыру керек, мұнда теориялық жүйеде мазмұндалатын классификацияны қарастыруға болады.

Информатика ақпаратық молельдер құру және оларды басқарудың әдістемелік принципін зерттейді. Ақпараттық модель ұғымын зерттегенде оқушыларды концептуалды модель ұғымымен таныстыруды ұсынамыз, тапсырманы шешуге байланысты ақпараттық модель жаңа түрлі концептуалды модель туғызады, оның негізінде жаңа ақпараттық модельдер құрылады (ақпаратық және концептуалдық модельдер арасындағы айырмашылық объект туралы ақпарат алатын кез –келген модельге шартты).

Дидактикалық материялдар

I. Тапсырма нұсқалары

: Тапсырма 1. Берілген тақырыпта сабаққа – дәріске конспект даярлау. Конспект мазмұны келесіден тұру керек:

1.1. Сабақтың тақырыбы мен сағатын белгілеу

1.2. Мақсаты (білімділік, дамытушылық, тәрбиелілік).

1.3. Оқыту мазмұнының негізгі ұғымдары (ұғым сөздігін құру ұсынылады).

1.4. Оқушылардың алдын – ала дайындығы (оқытылатын дәріс материалының мазмұнын меңгерген білімдер, іскерліктер және дағдылар сипатталады).

1.5. Мұғалімнің алдын – ала дайындығы (дәріске дайындалу барысында мұғалім шешетін практикалық тапсырмалар анықталады).

1.6. Оқыту құралдары (бөлімдерге бөлініп көрсетілген әдебиеттер: оқулықтар мен оқушыларға арналған есеп кітапшалары және мұғалімге әдістемелік нұсқаулар; қосымша әдебиеттер; техникалық және бағдарламалық құралдар; дидактикалық материалдар, сонымен қатар суреттерді компьютер экранынан демонстрациялайтын экранға проекциялауға мүмкіндік беретін қазіргі заманауи техникалық құралдар көмегімен жасалған демонстрациялар).

1.7. Уақыт шығынын есептейтін сабақтың сатылы жоспары.

1.8. Оқытудың мазмұны (оқушылар жұмыс дәптеріне жазып алатын мәліметті міндетті түрде мәтіннен ерекшелеп қою керек, сонымен қатар қолданылған әдебиеттерге сілтеме жасау керек).

1.9. Білімді қортындылау.

Ескерту.Егер сабақта қарапайым сынып тақтасы қолданылатын болса, онда тақтаға суреттер жиыны іліну керек.

Дәріс тақырыбы

1. Системологияға кіріспе.
2. Моделдеудің теориялық негіздері.
3. Ақпараттық модельдеу.
4. Модели представления знаний в системах искусственного интеллекта.
5. Компьютерлік модельдеуге кіріспе.
6. Имитациялық модельдеу.

Тапсырма 2. С.п.п 1.1 тапсырма 1 сәйкес берілген тақырыпта қиыстырылған сабаққа конспект дайындау. Қиылыстырылған сабақтың арнайылығын есепке алу

керек, өйткені конспектте сабақтың әдістемелік құрылымын құрайтын келесі негізгі элементтерін сипаттау керек:

2.1. Сабақта оқушыларды ұйымдастыру.

2.3. Оқушылардың білімін тексеру мен қайталау, оқытылған материалдың мықтылық деңгейін және түсіну тереңдігін көрсету және қажетті білімі мен ағымдық сабақта оқылған материалды қайталап оқыту тәсілінің актуалдануы.

2.4. Мұғалімнің жаңа материалды көрсетуі және оқушылар жұмысын ұйымдастыру.

2.5. Жаңа материалдың алғашқы бекітілуі және оқушылардың іскерлігі мен дағдысын практикалық білімде қолдану жұмысын ұйымдастыру.

2.7. Сабақты қорытындылау және үй тапсырмасын беруге нұсқау.

Сабақ тақырыбы

1. Системалық классификация.

2. Программалау тілдері (сабақ барысын басқару) логика-лингвистикалық ақпараттық модель.

3. Білімді семантикалық желілерде көрсету.

4. Физикалық процестерді және құбылыстарды компьютерлік модельдеу.

5. Жалпы қызмет жүйелерін модельдеу.

6. Популяция динамикасын модельдеу.

II. Оқу ақпараттарын құрылымдау

Тапсырма 1. Терминдік сөздік (тезаурус) сабақ тақырыбына сай жасау.

Тапсырма 2. Сабақтың берілген тақырыбының ұғымын мен құрастыру жүйесінің ішкі байланысты және информатиканың базалық курс ұғымымен осы жүйе арасында сыртқы байланысты орнату (кесте 6.2;6.3)

Кесте 6.2

Оқу құралының шығыс мәліметтері	Бөлім аты	Оқыту мазмұны			
		Негізгі түсініктемелер	Анықтау	Модельдеу классификациясы	Мысалдар

Таблица 6.3

Жүйе	Жүйенің басты мақсаты	Наденете мы	Жүйе асты	Жүйе элементтері
_				

Әдістемелік ұсыныстар

Оқушытер орындаған логикалық – мазмұндық талдаудың нәтижесінде информатиканың базалық курсында тақырыптың негізгі ұғымдарын нақтылау және модель классификациясы нұсқалары, сонымен қатар оқу әдебиетін таңдау мақсатында танымдық әнгіме жүргізу. Оқу қызметінің шағын топтар ұйымы,

мысалы, бірінші шағын топтағы оқушылар бірінші нұсқадағы тапсырмаларды орындайды, ал екінші топтағылар екінші тапсырманы орындауы мүмкін. Оқушытердің жұмысын шағын топ ішінде рецензиалауды қабылдауы мүмкін. Пікірталас аясында оқушытердің жүйелік ұғым жұмысына бағытталған оқу ақпаратының құрылымының нәтижесін талдау ұсынылады.

Зертханалық сабақ 7.
Тақырыбы «Білім берудегі басқару жүйелері»

Дидактикалық мақсаты: іздеушілік, зерттеушілік.

Ұйымдастыру тәсілдері: тәжірибелік.

Оқыту технологиясы мен әдістері: кітаппен жұмыс, іздеу жаттығулары, ақпаратты құрылымдау, оқу дискуссиясы.

Оқуыту құралы:оқу-әдістемелік әдебиет, программалық құрал.

Оқушытерді алдын-ала дайындау: материалды оқу және жүйеленген және хабарланған сабақ тақырыбын таңдап алу.

Теориялық түсініктеме

Негізгі түсінік: ақпарат, тіл, жүйе, білім, дәреже, басқарма, жасанды интеллект.

Мазмұнды-әдістемелік талдау

Информатика - ЭЕМ арқылы информацияны жинау, сақтау, түрлендіру, жеткізу және оны пайдалану заңдылықтары мен тәсілдерін зерттейтін жаңа ғылыми пән. Информатиканы оқытудың маңыздылығы бұл ғылымның тек ЭЕМ-дерді пайдалану мүмкіндіктері мен олардың жұмыс істеу принциптерін түсіндіріп қана қоймай, қоғамдық өмірде және адамдар арасында информацияны кеңінен тарату заңдары мен тәсілдері туралы түсініктер береді.

Қазіргі кезде жаңа ЭЕМ-дер күнбе-күн пайда болып, олардың даму процесі үздіксіз ғылыми-техникалық процеске айналып отыр. Сонымен қатар информацияны өңдеу, жинау және беру тәсілдері де күннен күнге дамып келеді. Осы себептерге байланысты информатика жиі өзгеріске ұшырайтын ғылыми пән болып саналады да, оны оқып-үйрену күннен күнге күрделіленіп барады.

Информатиканың негізгі объектісі, яғни оның шикізаты мен беретін өнімі информация болып саналады. Сондықтан "информация" ұғымы информатика мен ЭЕМ-де жұмыс істудің ең түбегейлі атауларының бірі болып есептеледі.

Дидактикалық материалдар

I. Тапсырмалар нұсқасы

Тапсырма 1. 1 сабақтың 1 тапсырмасының 14.6 тақырыпшасында көрсетілген кестеге сәйкес хабарлама сабақтың конспектін жасап оны жүйелеу керек. Хабарлама сабақтың ерекшеліктерін ескере отырып оның қасиеттерін конспектіде көрсету керек: информатика пәні жайындағы оқушылардың теориялық білімді меңгергендігін және бағалануын көрсету, сұрақтарға деген жауаптарын бағалау керек.

Хабарлама сабақтар және жүйелеудін тематикасы.

а) Сабақ -семинар

№ 1. Информатика как синтез науки и технологий.

№ 2. Ақпараттық қоғам.

№ 3. «Ақпарат» түсінігі.

№ 4. Геоақпараттық жүйелер.

б) Сабақ – проблемалық дискуссия

№ 5. Ғылым жүйесіндегі информатиканың орны мен әртүрлі әсері

№ 6. Информатиканың әлеуметтік аспектілері.

№ 7. Информатиканың тілдік аспектілері.

№ 8. Бизнесті қайта жоспарлау және ақпараттық технологиялар.

в) Сабақ шығармашылық тапсырма

№ 9. Эксперттік жүйелер.

№ 10. Интернеттегі телеконференция.

№ 11. Әлеуметтік зерттеулердің информатикалық нәтижелерін информатикалық технологиялар арқылы жүзеге асыру.

№ 12. Жоспарлау және басқару саласындағы информатикалық өңдеу информатикалық технологиялары.

Тапсырма 2. Берілген тақырыпта алдындағы берілген білімді бақылау және қайталау сабағының конспектін 1 сабақтың, 1 тапсырмасының 14.6 тақырыпшасына сәйкес жасау керек. Білімді бақылау және қайталау сабағының ерекшеліктерін ескеру керек, сондықтан конспектіде төмендегідей негізгі этаптарын көрсету керек: тапсырманы мұғалімнің түсіндіруі және оқушылардың тақырып бойынша сұрақтарға жауап беруі, оқушылардың тапсырмаларды орындауы және еспті тапсыруы.

Бақылау және коррекциялау сабақтарының тақырыптары

№ 1. Ақпаратты структуралау және жүйелеу.

№ 2. Паскаль программалау тілінің мето анықтамасы.

№ 3. Реляцилық мәліметтер базасын құру.

№ 4. Мәліметтер базасын өңдеуге макростар құру.

№ 5. «Генератора отчетов» режимінде СУБД-мен жұмыс.

№ 6. Интернетте өшірілген мәліметтер базасымен жұмыс.

№ 7. Электрондық почта.

№ 8. Интернет желісінен мәліметтерді қарастыру.

№ 9. Өлшемдердің арасындағы коррелияциялық тәуелділіктерді кестелік процессордың көмегімен зерттеу.

№ 10. Экспраполяция тәсілімен болжау есептерін шешу.

№ 11. АСУ-ВУЗ жүйесі және оның элементтерімен жұмыс істеу.

№ 12. Геоақпараттық жүйемен жұмыс істеу.

II. Оқу ақпараттарын стуктуралау

Тапсырма 1. Оқушылардың білімдеріне талап қоя отырып, жалпылау және жүйелеу сабағының негізгі элементтерінің терминдерінің талқылама сөздігін жасау.

Тапсырма 2. Берілген тақырыптың құрылымының байланыстылығын орнатып, тақырыптың басқа тақырыптармен байланыстылығын айқындау.

Тапсырма 3. Бақылау және қайталау сабағының тақырыбы бойынша:
• оқытылу қалпының криитерилерін айқындау;
• Оқудың жағдайының диагностикасын жасау;
• оқушылардың қарапайым қателерін жоюдың жоспарын құру.

Әдістемелік ұсыныстар

Хабарлау және жүйелеу сабақтарына сәйкес бірінші зертханалық сабақта оқушыларды 2 немесе 3 топқа бөлген дұрыс: семинар сабақ, проблемалық сабақ пікірталас және шығармашылық сабақ тапсырмалары. Екінші сабақты бақылау және қайталау сабақтарының конспектілерін жасауға арнауға болады, сонда жүйелеу және жоспарлау сабағынан алған әрбір оқушы тапсырмасының тақырыбы бақылау және қайталау сабағының тақырыбына сай болмауы керек. Үшінші зертханалық сабақтың ақпаратты жүйелеудің және жалпылаудың амалдарын үйрету болып табылады. Соған байланысты оқушытерге 2,3 (п. II Структуризация учебной информации) тапсырмалар беріледі. Орындаған тапсырмалардың нәтижесін оқушытер есеп түрінде өткізеді.

Программалық құралдар

1. Программалау жүйесі: Turbo Pascal.
2. Кестелік процессор: MS Excel, Quattro Pro 4.0 және т.б.
3. Мәліметтер қорын басқару жүйелері: MS Access және т.б.
4. Microsoft Office жүйелері

Зертханалық сабақ 8.

Тақырыбы «Информатиканың базалық курсының оқу бөлімінің тақырыбы бойынша тапсырмаларды электрондық нұсқада жасау».

Дидактикалық мақсаты: ізденушілік.

Ұйымдастыру тәсілдері: тәжірибелік.

Оқыту технологиясы мен әдістері:оқыту-методикалық жоба

Оқушытерді алдын-ала дайындау: материалды оқу және жүйеленген және хабарланған сабақ тақырыбын таңдап алу.

Теориялық негіздемелер

Оқушытерді сабақ айтуға тартудың түрлері мен тәсілдері көп. Олардың кейбіреуін абыройлы деп атауға болады («мен айтқандай істе әйтпесе жаман баға аласын»), басқалары — либеральды («істегін келсе — істе, ұнамаса —істеме, бірақ, саған сол материал керек болған кезде, сен оны білмесен, онда ешкімді айыптама»), үшіншілері— серіктестік («сенде бәрі орындалу үшін бірге істейік»)және т.б..

Оқыту тәсілдерін қолдану материалдық және техникалық базасымен бекітілген әртүрлі білім беру тәсілдеріне сүйенеді. Оқытудың сапасын арттыру үшін ортанғы буын мектептерінін ұстаздары көңіл аудары элементтерін қолданады, жаңа сабақты ойын, кроссворд арқылы түсіндіреді.

Мектеп оқушыларының жасы өскен сайын көңіл аудару ойын элементтерін қолдану азаяды. Оның бірден бір себебі ол оқушылардың болашақ мамандығына акцент түсіру болып табылады. Бірақ көңіл аудару және ойын элементтерін сабақ түсіндіру барысында жоғары сынып оқушыларына қолдану керек. Ойын

элементтерін қолдану мамандық таңдаумен ұштастыруға болады: егер де төменгі сыныптарда ойын элементтері обьект болса, қазір олар ойынның обьектілері ретінде өздері немесе қоршаған ортаның кез келген обьектісін ала алады. Ондай тәжірибе болашақта ұстаз болам деген оқушыларға, және сонымен қатар болашақта журналист, тіл маманы және тағы басқа сала қызметкерлері болам дегендерге өте керек. Бұл тәжірибені оқушылар мектепті бітірер кездегі «Компьютерде ойын обьектілерін құру» курсында таңдай алады..

Материалдарды құру үшін және безендіру үшін Word текстік редакторы, Paint, Corel Draw графикалық редакторлары, Adobe Illust rator, электронные оқулықтары және CROSSWORDS & WORD GAMES сынды арнайы бағдарламалық жабдықтар қолданылады.

Оқыту мақсаты және курс тапсырмалары

• ойын сабақтарының материалдарын құру және безендіру мүмкіндіктерін компьютердің қолданбалы бағдарламалары арқылы жасау;
• ойын сабақты қоршаған адамдарға дұрыс жеткізу білу машықтығын дамыту;
• ойын сабақтың элементтерін жасауға арналған компьютерлік бағдарламалардың мүмкіндіктерін көрсету;
• болашақ мамандықты таңдауға көмектесу;
• қолданбалы бағдарламаларды көбейту.

Оқыту сабақтарын ұйымдастырудың формалары

Сабақ дәріс және компьютерлік практикум түрінде өтеді. Дәрістік бөлімде мұғалім қызықтыру элементтері және олардың қасиеттері жайында айтады, және айтқаның мысалдар арқылы бекітіп отырады. Негізінен назар қызықтыру материалдарын компьютерде жасауға бөлінеді. Тапсырмалар практикум кезінде орындалады. Практикум кезінде информатиканың базалық курсында өтпеген қолданбалы программалармен де жұмыс жасайды.

Сабақтың басы сабақтың мүмкіншіліктерін айтумен басталады. Курстың негізгі мотифтері мамандық таңдауда жеңілдік болатындығы жайында және қоршаған ортаған қызықты адам болу.

Курс блоктарға бөлінеді, әр блок бір қызықтыру компонентін қарастырады. Блок дәрістен басталады. Оған бөлінетін уақыт түсіндірілетін материал көлеміне, программалық жабдықтарына және т.б. қарап бөлінеді.егер мұғалім айтқан бағдарлама оған таныс болмаса, онда мұғалім ол туралы методикалық материал беруі тиіс. Бағдарламаны меңгеру негізінен практикумға сүйенеді. әрбір блок шығармашылық тапсырмамен аяқталады, онда әрбір оқушы өзіндік қызықтыру материалын жасап шығарады.

Оқушы:

• әртүрлі ақпаратты өңдеу мүмкіндітерін біледі;
• Word мәтіндік редак торында жұмыс жасай алады жәнеграфикалық редакторлардың бірінде жұмыс жасай алады;
• компьютердің жұмысындағы бағдарламалардың атқаратын қызметін біледі.

Оқыту мазмұны

Қызығушылық: шартқа байлнысты оқу.

Қызығушылық дегеніміз не? Қызықтырушы элементтер. Олардың классификациясы.

Крассвордтарды құрастыру және әшекейлеу.

Крассворд түрлері. Құрастыру және орындау ережелері. Электронды энцеклопедиялар арқылы оларды шешу. Кирилла және Мефодия энциклопедиясы.

Және оларды автоматтандырылғани арнайы бағдарламалар арқылы құру. («Кроссворд генераторы», CROSSWORDS & WORD GAMES, «Классикалық кроссворд», «Кроссшеберi»).

Word мәтіндік редакторымен крассвордттарды форматтау

Ребустарды құрастыру және әшекейлеу.

Ребус суретпен шифрлау тәсілі. Ребусты құру және шешу тәсілдері.

Ребустарды жасау шығармашылық жұмыс.

Ребустарды Word мәтіндік процессорында өңдеу және графикалық редакторлармен өңдеу.

Қызықты тапсырмаларды жасау және өңдеу.

Қызықты тапсырмалардың түрлері. Олардың артықшылықтары. Жасаудың шарттары. Тапсырма-суреттерді Word мәтіндік редакторында өңдеу және графикалық редакторлардың көмегімен.

Сөздік шарадаларды жасау және өңдеу.

Анаграммалар, метаграммалар, логогрифмдер.

Сөздік шараларды құрастыруда программалау тілдерін қолдану.

Сканвордтарды жасау және өңдеу.

Сканворд кестелі-сөздік кодтау. Сканвордтарды құру және шешу тәсілдері.

Сканвордтарды құруды автоматтандырудың негізгі бағдарламалары. (CROSSWORDS & WORD GAMES).

Word мәтіндік процессорының көмегімен сканвордтарды безендіру.

Криптограммаларды құру және өңдеу.

Криптограмма кестелік-цифрлік кодтау. Криптограммаларды құру және шешу технологиясы.

Word мәтіндік редакторының көмегімен криптограммаларды құру және өңдеу.

Қызықты тематикалық материалдарды профиль бойынша құру.

Оқытудан күтілетін нәтижелер.

Курсты бітірген соң оқушылар төмендегідей білімдерді меңгереді.:

- қызығушылық дегенін астарында не жатқанын түсінеді;
- арнайы және жалпылама бағдарламаларды меңгереді;
- қызықты материалды қоршаған адамдарға түсіндіре алады;
- Пәнаралық байланысты түсінеді, информатика мен басқа сабақтар;
- Өнімді және нәтижелі жұмыс істей алады.

СОӨЖ ОРЫНДАУҒА АРНАЛҒАН ӘДІСТЕМЕЛІК НҰСҚАУ

СОӨЖ №1.
Тақырыбы: Қоғамды ақпараттандыру үрдісінің білімді ақпараттандырудың дамуына әсері.
Мақсаты: Қоғамды ақпараттандыру үрдісінің білімді ақпараттандыру орны мен рөлін анықтау
Тапсыру формасы: ауызша қорғау
Ұсынылатын әдебиеттер Негізгі/қосымша [1,2]/[2,4,7]

СОӨЖ №2.
Тақырыбы: Ақпараттандыру және коммуникациялау құралдарын білім беруге енгізудің мақсаттары мен бағыттары.
Мақсаты: Ақпараттандыру және коммуникациялау құралдарын білім беруге енгізудің мақсаттары мен бағыттарын қарастыру
Тапсыру формасы: ауызша қорғау
Ұсынылатын әдебиеттер Негізгі/қосымша [1,2,3]/[1,2,4]

СОӨЖ №.3
Тақырыбы: Оқу мақсатындағы бағдарламалық құралдарды, оның ішінде Мультимедиа технологиясы негізінде жүзеге асырылғандарды жасау мен пайдалануға қойылатын педагогикалық-эргономикалық талаптар.
Мақсаты: Оқу мақсатындағы бағдарламалық құралдарды жасау мен пайдалануға қойылатын педагогикалық-эргономикалық талаптарды қарастыру
Тапсыру формасы: А4 форматта реферат
Ұсынылатын әдебиеттер Негізгі/қосымша [2,3]/[2,6,8]

СОӨЖ №.4
Тақырыбы: Оқыту технологияларының элементтері бар ақпараттық-пәндік орта теориясының негізгі ережелері.
Мақсаты: Оқыту технологияларының элементтері бар ақпараттық-пәндік орта теориясының негізгі ережелерін қарастыру
Тапсыру формасы: конспект
Ұсынылатын әдебиеттер Негізгі/қосымша [1,2]/[1,3,5,7]

СОӨЖ №.5
Тақырыбы: Жалпы білім беретін мектептегі информатика кабинетінде есептеуіш техника, ақпараттық және коммуникациялық технологиялары құралдарын тиімді және қауіпсіз пайдаланудың педагогикалық-эргономикалық шарттары.
Мақсаты: есептеуіш техника, ақпараттық және коммуникациялық технологиялары құралдарын тиімді және қауіпсіз пайдаланудың педагогикалық-эргономикалық шарттарын анықтау
Тапсыру формасы: А4 форматта реферат
Ұсынылатын әдебиеттер Негізгі/қосымша [2,3]/[2,6,8]

СОӨЖ №.6
Тақырыбы:Ақпараттық технологиялары құралдары негізіндегі оқу-әдістемелік кешен
Мақсаты: Ақпараттық технологиялары құралдары негізіндегі оқу-әдістемелік кешенінің компоненттерін қарастыру
Тапсыру формасы: А4 форматта реферат
Ұсынылатын әдебиеттер Негізгі/қосымша [1,2,3,4]/[2,4,5,7]

СОӨЖ №.7
Тақырыбы: Мультимедиа технологиялары негізінде жүзеге асырылған оқу мақсатындағы жүйелерді пайдаланудың перспективасы
Мақсаты: Мультимедиа технологиялары негізінде жүзеге асырылған оқу мақсатындағы жүйелерді пайдаланудың перспективаларын қарастыру
Тапсыру формасы: Конспект
Ұсынылатын әдебиеттер Негізгі/қосымша [2,3]/[7,8]

СОӨЖ №.8
Тақырыбы: Оқу бағдарламалық құралдар мен жүйелерді жасау барысында жасанды интеллект жүйелерінің мүмкіндіктерін іске асыру.
Мақсаты: Жасанды интеллект жүйелерінің негізгі жұмыс принциптерін және мүмкіндіктерін қарастыру
Тапсыру формасы: Ауызша қорғау
Ұсынылатын әдебиеттер Негізгі/қосымша [3,4,5]/[2,5,8]

СОӨЖ №.9
Тақырыбы: Оқу мақсатында сараптық жүйелердің мүмкіндіктерін іске асыру.
Мақсаты: оқу мақсатында сараптық жүйелердің мүмкіндіктерін іске асыру жолдарын қарастыру
Тапсыру формасы: ДК-де модель тұрғызу
Ұсынылатын әдебиеттер Негізгі/қосымша [3,4,]/[5,8]

СОӨЖ №.10
Тақырыбы: Білім беруде ақпараттық және коммуникациялық технологияларды қолданудың шетел тәжірибесі
Мақсаты: Білім беруде ақпараттық және коммуникация-лық технологияларды қолданудың шетел тәжірибесінің мысалдарын қарастыру
Тапсыру формасы: Ауызша қорғау
Ұсынылатын әдебиеттер Негізгі/қосымша [1,2]/[2,4,7]

СӨЖ ОРЫНДАУҒА АРНАЛҒАН ӘДІСТЕМЕЛІК НҰСҚАУ

СӨЖ №1

Тақырыбы: Интернеттің білім беру ресурстарын талдау негізінде биылғы оқу жылында жүзеге асырылатын берілген бағыт(мектеп пәні) бойынша оқу телекоммуникациялық жобалардың тізімін құрастыру.

Бақылау формасы: А4 формат

СӨЖ №2

Тақырыбы: Интернетте келтірілген оқу-әдістемелік материалдарды талдау негізінде шетел білім беру мекемелері оқу жоспарларының сипаттамасын құрастыру.

Бақылау формасы: А4 формат

СӨЖ №3

Тақырыбы: Интернетте келтірілген ақпарат нәтижелері бойынша әртүрлі аумақтар, елдер оқушыларының қабілеттіктерін диагностикалау үшін пайдаланылатын тесттік тапсырмалар жүйесінің салыстырмалы сипаттамасын беру.
Бақылау формасы: есеп

СӨЖ №4

Тақырыбы: Интернетте келтірілген ақпарат негізінде белгілі бір аумақта (елде) информатика мен ақпараттық технологияларды оқу үрдісінде пайдаланылатын бағдарламалық құралдар жүйесінің тізімін жасап, оған сипаттама беру.
Бақылау формасы: Ауызша қорғау

СӨЖ №5

Тақырыбы: Мультимедиа технологиясының құралы негізінде пәнаралық байланыстарды жүзеге асыратын оқу жобасын жасау.

Бақылау формасы: Электрондық нұсқада жоба дайындау

СӨЖ №6

Тақырыбы: АКТ құралдарын пайдалану арқылы жеке тұлғаға бағдарланған оқытуды қамтамасыз ететін әдістемелік материалдарға қойылатын талаптарды құрастыру.

Бақылау формасы: конспект

СӨЖ №7

Тақырыбы: Оқу орынын ақпараттық-әдістемелік қамтамасыз ету құрамын (мектеп директорының, белгілі бір оқу пәнін оқыту саласында әдістемелік жұмысты ұйымдастырушысының, жергілікті білім беру ұйымы жетекшісінің ақпараттандырылған жұмыс орнын) аннотациялау.
Бақылау формасы: конспект

СӨЖ №8

Тақырыбы: Жалпы орта білім беру жүйесінің оқу мекемесінде дербес электрондық есептеу машинасының берілген саны бар информатика кабинетінің жарақтандыру мен құрал-жабдықтарына қойылатын талаптарды жасау.
Бақылау формасы: конспект

СӨЖ №9

Тақырыбы: Жас, категориясы толық емес орта мектеп үшін жалпы орта білім беру жүйесіндегі оқу мекемесінің информатика кабинетін жабдықтау мен пайдалану бойынша әдістемелік ұсыныстар құрастыру.

Бақылау формасы: конспект

МАТЕРИАЛДЫ МЕҢГЕРГЕНДІГІН БАҒАЛАУҒА АРНАЛҒАН ТЕСТ СҰРАҚТАРЫ

1. ACTIVwand - электронды указка:

a) Ережелер жиынын анықтайды
b) Ұзындығы 74 см
c) Интерактивті тақтаның үстінде орналасқан батырма
d) Сканер арқылы жұмыс істейді
e) Үстінде орналасқан батырмасы, тышқанның сол жақ батырмасының қызметін атқырыды
f) Ұзындығы 64 см
g) Интерактивті тақтасында жұмыс жасаушыға проектордың сәулесінен астынан шығуға мүмкіндік береді
h) Принтер арқылы жұмыс істейді

2. Ақпараттық және коммуникациялық технология құралдары ашық білім беру мекемесінің жұмысына енгізуге мүмкіндік береді:

a) Оқу үрдісінде электронды құралдарды пайдалануға
b) Оқу әдістемелік материалдарды, рефераттарды, курстық жұмыстарды дайындау үшін және ғылыми Web-сайттарда орналасқан ақпараттарды пайдалануға
c) Кең ауқымды мәтіндер пайдалану құрылымын ұйымдастыруға
d) Шығармашылық, ғылыми зерттеу тапсырмаларын ұйымдастыру
e) Мәліметтерді әр түрлі тәсілдермен іздестіруге
f) WWW-де оқу мекемесінің өкілдігін ұйымдастыру, оқы курсын Web-сайтын құру және оны ғаламдық торға орналастыруға
g) Оқытушылар мен оқушылардың жеке Web-сайттарын орналастыруға
h) Қажетті ғылым сапасы бойынша жаңалықтарды іздестіруге және пайдалануға

3. Ақпараттық қоғам:

a) Оқытуды ұйымдастыруда ақпараттық технология мүмкіндіктерін қолданатын қоғам
b) Мәліметтерді топтарғы бөліп жіктеу ортасы
c) Ақпаратты өндірумен, өндеумен және іске асырумен айналасатын қоғам
d) Жоғары деңгейлі өндіріс пен ақпарат және ақпараттық қызметті тұтынуымен сипатталатын қоғам
e) Адамдардың ақпараттық үрдістермен үздіксіз жұмыс жасауын қамтамасыз ететін қоғам
f) Ішкі және сыртқы ақпараттарды тарататын қоғам
(1, 3, 4, 5) айналымында компьютер мұғалімнің нұсқауымен оқу материалы ретінде оқушының шығармашылық белсенділігін ояту, дамыту мақсатында қажетті ақпаратты көрсетеді немесе тапсырмалар береді. Оқушы алған материалдары негізінде немесе алған тапсырмасын орындап, жұмысының нәтижесін мұғалімге тапсырады. Оқушы жұмысының нәтижесіне қанықкан мұғалім, оқушының шығармашылық білім деңгейіне сәйкес жоспар бойынша және тапсырма береді. Бұл қажетінше (6, 8, 4, 5) немесе (6, 7, 9) айналымымен қайта мұғалімге оралады. Бұл үдеріс үздіксіз жүріп отырады. Ал (1, 2, 5) айналымы да іске қосылса, ол мұғалімнің нұсқауымен оқушыға тек оқу ақпараттық материал берсе, (1, 2, 5, 6) айналымына түседі. Яғни, мұғалім оқушыға түсіндіреді. Ал егер мұғалімнің нұсқауымен оқушының ағымдық білімін анықтау материалдары (тест) берілсе, онда (1, 2, 7, 9) айналымына түседі. Бұл дегеніміз, оқушы компьютердің берген тестік сауалдарына, сұрақтарына, есептеріне тікелей жауап береді. Нәтижесін компьютер мұғалімге жеткізеді. Оқушы білімінің нәтижесіне қанықкан мұғалім, оқушының білім деңгейіне сәйкес жоспар бойынша және тапсырма береді. Бұл қажетінше (1, 2, 7, 9) немесе (6, 8, 4, 5) немесе (6, 7, 9) айналымымен қайта мұғалімге оралады. Бұл үдеріс үздіксіз жүріп отырады. Әр елдің болашағы сол халықтың білім, ғылым деңгейімен анықталатындықтан, оқу жүйесін неғұрлым тиімді құра білу қажеттілігі қай кезеңде де өзекті мәселе болып қалуда. Қазақ білім беру саласының шамшырағы Ахмет Байтұрсынұлы: «**Қазақша оқу жайы**» еңбегінде: «...әуелі бізге елді түзетуді бала оқыту ісін түзетуден бастау керек. Неге десек, болашақ та, билік те, халық та оқумен түзеледі» деген пікір айтқан болатын. Бұл ұлағатты ойдың құндылығы бүгінгі таңда күн сайын айқын сезілуде [7].

Колледжде білім алушылардың шығармашылық белсенділігін инновациялық және цифрлық технологияның инновациялық мүмкіндіктерін пайдаланып дамытудың сызбасы Жоғары дарынды оқушы басқа дарынды оқушылардан осы технологияны қолданғанда бөлініп қалмайды. Өйткені сынып алдын-ала топшаларға бөлінеді. Әр топшаның басында басшы-нұсқаушы, қадағалаушы, жоғары дарынды оқушы(лидер) тұрады. Топшаларға жеке тапсырмалар алдын-ала беріледі. Блоктың жоспарында не істеу керектігі, қандай ғылыми әдебиеттер пайдаланып дайындалуға болатындығы ескертілетіндіктен, білім алушылар әрқашан сабақта дайын әрі белсенді болады. Білім беру арқылы тұлғаның шығармашылық белсенділігін көтеру және білім алушының шығармашылығын дамыту мәселесін біртұтас педагогикалық үдеріс тұрғысынан қарау қажет деп санаймыз. Себебі оқыту барысында адамның дамуы қазіргі білім берудің басты мақсаты ретінде қарастырыла келе, білім беру үдерісін ұйымдастыруды ерекше ізгілендіру, дамыту бағытының басымдылығы тұрғысынан қарау керектігін айқындадық.

Колледжде білім алушылардың өзіндік жұмысын ұйымдастырудың педагогикалық тұжырымдамасының басты мақсаты – баланың өзіндік еркін дамуына педагогтің кәсіби

көмек көрсетуі болып табылады. Бірақ, қандай да бір дарынды педагог болғанымен оқушы тұлғасын дәл өзі ойлағандай етіп қалыптастырып шығара алмайды. Бұдан шығатын қорытынды: мұғалімнің басты мұраты оқушының белсенді және шығармашылықпен өзіндік әрекетіне жол ашу, өзін дамыту, өзін көкейкестілендіру, өзін бағалауын жеткілікті қамтамасыз ететін қажетті жағдайларды жасау және оны сақтау, яғни өзіндік дамуына түрткі болу, ояту қойылғаны жөн. Оқу-шығармашылық тапсырмалар мен есептер жүйесі оқушының білім алу үдерісін құруға екі жағынан келуге мүмкіндік береді. Оның бірі – тапсырмалар мен есептер жүйесі болса, екіншісі – оқытудың мазмұнымен байланысты. Осы ұстанымдарға орай Колледжде білім алушылардың өзіндік жұмысын ұйымдастыруға қажетті оқыту мазмұнын құрастыру, арнайы жасалынған оқу-шығармашылық есептер мен жаттығулар жүйесімен, демек оларды шешуге қажетті тұлғаның білім, білік сапаларының кешенімен анықталды. Бұдан оқыту үдерісі барысында білім алушылардың өзіндік жұмысын ұйымдастырудың басты құралы ретінде дидактикалық, яғни оқу-шығармашылық тапсырмаларды пайдалану орынды деген қорытынды шығады. Кез-келген пәнді оқу барысында өзіндік жұмыс оқу-танымдық қызметті ұйымдастырудың негізгі нысандарының бірі болып табылады. Сондықтан, өзіндік жұмыстардың барлық формаларында: (тақырыпқа шолу, глоссарий жазу, қысқаша эссе жазу, реферат, презентация, компьютерлік модельдеу) шығармашылық тапсырмалар орындау бағыты жүзеге асуы тиіс. [8].



Қорыта айтқанда, инновациялық және цифрлық технологияның жоғары мүмкіндіктерін сабақтың көрнекілігін, жұмыстың сапалылығы мен өнімділігін жоғарылатуда пайдаланған тиімді. Ол сабақтың мақсаты мен мазмұнын толық ашып, жұмыстың сапасын арттырады. Колледжде білім алушылардың шығармашылықпен жұмыс істеу қызығушылығы мен ынталылығын күшейтіп, белсенділігін дамытады. Яғни, шығармашылық белсенділігін дамытатын жаңаша мүмкіндіктер оқу үдерісіне инновациялық және цифрлық технология құралдарын енгізу нәтижесінде жүзеге асады.Эксперимент нәтижелерін талдай келе, мынадай қорытынды жасаймыз:

– коледжде білім алушылардың шығармашылық белсенділігін инновациялық және цифрлық технология арқылы дамыту мәселесін арнайы қарастырып, ұйымдастыру мен әдіс-тәсілдерін жандандыру – оқыту үдерісін жетілдірудің басты ұстанымы болуы керек;
– дарынды білім алушылардың шығармашылық белсенділігін дамытуда инновациялық және цифрлық технология мен бағдарламалық құралдарды тиімді қолдану қажеттілігін көрсетіп берді;
– талдаулар мен зерттеулер, педагогикалық эксперимент нәтижелері ғылыми болжамының дұрыстығын дәлелдеп ұсынылған технология дарынды білім алушылардың информатика, информатика және информатика пәндеріне қызығушылығын арттырып, білімділігін жетілдіреді, оларды бүгінгі өмір талабына сай кәсіби-біліктілікке баулиды.

Пайдаланылған әдебиеттері

1 Қазақстан Республикасының 2025 жылға дейінгі білім беруді дамыту тұжырымдамасы // Қазақстан мұғалімі, 20.01.2004. – № 6. – Б.1-3.
2 Қазақстан Республикасының Президенті Қ.Тоқаевтың 01.09.2022 жылғы Қазақстан халқына Жолдауы // Егемен Қазақстан, 2022 – № 33-35. – Б.1-2.
3 Karpova T.N. Demonstrative education mathematician as efficient process of the shaping the knowledge of pupils. YAroslavil, 1993 pp.13-14.
4 Safronova N.V. The Theory and methods of teaching the information science. Moscow ‘High school’ 2004., pp. 99-100.
5 Burkit A. Using the new technologies in Shymkent, Kazakhstan, 2016., pp 158-161.
6.International Association of World Englishes [1], Retrieved on 18 November 2010.
7 Қазақстан Республикасының 2050 жылға дейінгі білім беруді дамыту тұжырымдамасы // Қазақстан мұғалімі, 20.01.2004. – № 6. – Б.1-3.
8 Айтмухамбетов А., Боранбаев С. Роль компьютерных технологий в формировании познавательной активности и самостоятельности учащихся // Высшая школа Казахстана, 2000.– №1.– С.60-62.

шықты. Қарақұм мен Қызылқұмның батпағы мен құмын баса-көктеп, бой берместен көмір мен темір кеніштеріне, мақталы далаларға, адам аяғы баспаған орманды алқаптарға, ұлы дария, үлкен көлдердің жағалауына келіп жетті.

Оларсыз Қазақстан мен Орта Азиянын индустриясын дамыту, табиғат байлықтарын шаруашылық айналымына тарту, шалғай аудандардағы жаңа ашылған пайдалы кен қазбаларын итеру мүмкін емес еді.

Міне, осы болат жолдар бір кезде мүлтіп жатқан далаға жан бітірді, адамға қажетті және бағалы жүктерді тасымалдаудың көлемі шұғыл және едәуір арта түсті. сөйтіп мұның өзі аймақтарда салынған жолдарды техникалық жақтан әрі қарай жаңғыртып отыруды, халықтардың экономикалық және мәдени ынтымақтастығының барлық салаларын ұлғайта түсуді талап етті.

Алғашқы жақсы бастамалар XIX ғасырдың бас кезінде болды. Темір рельстер салынып, бұл әдіс кейін барлық жерлерде жаппай қолданыла бастады. Енді осы жолдар арқылы салмағы бес – алты есе ауыр жүктерді тасмалдай беругеболатын мүмкіндік туды. Стефенсон темір жол көлігінің негізін қалаған алғашқы ағылшын өнертапқышы 1814 жылы өзінің алғашқы паравозын жасап шығарды. Паравоздың көптеген үлгілерн ұсынды, оның ішінде «Ракета» да бар болатын (1829).

Он тоғызыншы ғасырдың 60-шы жылдарында қазақ халқының әлеуметтік – экономикалық өмірінде және оның орыс және басқа ұлттармен мәдени байланыс орнатуында, аймақтың жалпы дамуында үлкен маңызға ие болды.

Қазақстандағы ең алғашқы теміржол желісі Каспий теңізі мен Арал теңізін Үстірт арқылы қосу жобасы тіпті, XIX ғасырдың 50-ші жылдарында-ақ пайда болған. XIX ғасырдың 70-ші жылдарында Қазақстан теміржол құрлысы саласындағы 1877 жылы қаңтарында іске қосылған Самар – Орынбор (уақытша Чакалов) жолы жалғыз қомақты нәтиже болды. Теміржол құрлысының аумағын кеңейтуді талап еткен Орта Азия және Қазақстан шикізат көздері мен тұтыну нарығын иелену қажеттігі туды. Бұл Түркістан және Сібірді рельс арқылы қосу жобасымен түсіндіріледі. Ал енді қазіргі Қазақстаның теміржолының дамуына келер болсақ.

Республика тәуелсіздігі мен Теміржол көлігі жөніндегі кеңес кезіндегі Қазақстан теміржол көлігінің өткен жолын шартты түрде үш кезеңге бөлуге болады.

Бірінші кезең (1992-1996 жж.) – саланың КСРО-ның таралу салдарына және мүлдем жаңа экономикалық жағдайларға бейімделуі.

Екінші кезеңнің (1997-2001 жж.) маңызы үш қазақстандық магистралды өзінде біріктірген, қиыншылық кезден өте алған, саланың ары қарай дамуына негіз салған, бірінші қазақстандық теміржол кәсіпорны «Қазақстан темір жолы» РМК-нің құрылуы мен дамуы болды.

Үшінші кезеңде (2001 жылдан бастап осы уақытқа дейін) саланы қайта құрылымдау басталды. Атап айтқанда, «Қазақстан темір жолы» ұлттық компания» ЖАҚ құрылуы осы реформалардың жүзеге асырылуының бастамасы болды. Олар еліміздің теміржол көлігін қазіргі заманға сай әрі жоғары тиімді салаға айналдыруға бағытталған және әлемдік тасымалдау жүйесіне үйлесімді кіріге отырып, дамыған нарықтық, бәсекелестік жағдайында тұтынушылардың талаптарына барынша сәйкес келетін кәсіпорын дәрежесіне жеткізу болды.

2004 жылы Қазақстан темір жолы өзінің айрықша межесіне – 100 жылдығы мерейтойына жетті.

Бұл жылы Қазақстан темір жолының мерейтойы 100 жылдығы кең көлемде аталып өтті. Шойын жол тарихының маңызды кезеңдері аталып өтілді. Темір жолды жаңғырту, әлеуметтік саланы, теміржолшылардың еңбек жағдайын жақсарту шаралары мен ірі құрылыстар аяқталды.

30-шы қарашада Арқа стансасында мемлекеттің жоғары лауазымды тұлғаларының қатысуымен Алтынсарин-Хромтау жаңа темір жолдың ашылуы өтті. Бұл жол арқылы көршілес елдердің аумағына кірмей ел іші арқылы жүргізілетін бағдар іске қосылды. Алтынсарин-Хромтау темір жол желісі арқылы жылына 160 миллион доллар көлемінде үнемділікке қол жеткізілді. Сонымен қатар Қазақстанның ішкі жолдарымен жүк тасымалдау қашықтығы 500-ден екі мың шақырымға дейін қысқарды.

Қазақстанның Тәуелсіздік күні мерекесінде Астана вокзалы алдында тарихи экспонат – Эш 4161 сериялы паровозы орнатылды. Алғашқы бесжылдықтың белгісі, Ұлы Отан соғысының естелігі, соғыстан кейінгі қайта қалпына келтіру кезеңіндегі басты рөл атқаратын Қазақстанның шойын жолы тарихындағы ерен ерліктердің куәсі іспетті мақтаулы жерден орнын алды.

Алтынсарин -Хромтау жолымен жолаушылар тасымалдаудың жаңа кестесін 10 желтоқсанда Астана-Ақтөбе пойызы ашты. Жолаушыларды жолдың 15 сағатқа дейін қысқарғандығы, билет бағасының екі есеге азайғандығы қуантты. 132 шақырымдық Павлодар - Екібастұз темір жол телімінде электрлендіру ең ірі жобалардың бірі болып отыр. Павлодар -Екібастұз жобасының жүзеге асуы тасымалдаудың үнемділігі және электровоздардың экологиялық тазалығын сақтауға әкелді. Мәселен, бұл жобаны іске қосу арқылы жылына бір жарым миллиард теңгені үнемдеуге және қоршаған ортаға артық қалдықтардың түспеуіне игі ықпал етті.

Бүгінгі таңда Қазақстан Қытай арасындағы мемлекеттік шекаралық өткелі Достық стансасының маңызы зор. 2004 жылы Достық стансасы арқылы 9,5 миллион тонна жүк тасылды. Бұл жылы станцияның әлеуетін арттыруға 3,5 миллиард теңге бөлінді. Осындай қаржы бөлу арқылы 300 метр жол, 64 көтергіш құрал, вагондарды алмастыру орыны жарақталды. Достық-Ақтоғай жол телімінде 102 шақырымдық жолдың үстіңгі қабаты жақсартылып, пойыздың жылдамдығы сағатына 80 шақырымға дейін жеткізілді. Сол жылы Достық стансасында теміржолшылар мен олардың отбасы мүшелеріне арнап 11 мың шаршы метр тұрғын үй пайдалануға берілді.
2012-2014 жылдары "Жезқазған-Бейнеу" және "Арқалық-Шұбаркөл" жолдары салынып 2014 жылы тамызда ашылды. Жолдардың басты нүктелері - Маңғыстау облысындағы Бейнеу стансасынан, Ақтөбе облысының Шалқар стансасынан, Қызылорда облысының Сексеуіл стансасынан және Жезқазған қаласынан тікелей қосатын жаңа жолдар ашылды. 500 млрд теңге жұмсалып 1200 км жол салынды. Теміржол көлігі қазіргі уақытта елдегі барлық жүк айналымының 58,1% - ын және жолаушылар айналымының 10,8% - ын қамтамасыз етеді. Ол экономиканы тамақтандыратын артерия деп аталады. "Қазақстан темір жолы" АҚ - 85 мың адам еңбек ететін ең ірі қазақстандық компания, АҚШ, Қытай, Үндістан, Еуропалық Одақ елдері, Ресей және Украинадан кейін жүк тасымалдау көлемі бойынша әлемде 7-ші орын алады.
Сонымен қатар "Локомотив құрастыру зауыты" Акционерлік қоғамы Президенттің Қазақстан халқына Жолдауында жарияланған "Қазақстанның Үдемелі индустриялық-инновациялық дамуы" мемлекеттік бағдарламасын іске асыру шеңберінде құрылды.

2006 жыл - Қазақстан Республикасы Президентінің АҚШ-қа сапары барысында "Қазақстан Темір Жолы "ҰК" АҚ "GE Transportation" компаниясымен Қазақстан Республикасында "Evolution" сериялы локомотивтер өндірісінің технологиясын беру туралы келісім жасасты.

2009 жылғы 3 шілде - Қазақстан Республикасы Президентінің, "Қазақстан Темір Жолы "ҰК" басшылығы мен "GE Transportation"компаниясының қатысуымен зауыттың салтанатты ашылуы.

2009 жылғы 7 желтоқсан-Қазақстанда құрастырылған "Evolution" сериясының ТЭ33А бірінші тепловозы конвейерлік желіден шығарылды.

Наурыз, 2010 жыл-Локомотив рамасының өндірісі жолға қойылды.

Қыркүйек, 2010 жыл-British Standarts Institution (Ұлыбритания) компаниясынан ISO 9001:2008 бойынша СМЖ тіркеу сертификаты алынды.

2010 жылғы 21 желтоқсан – кәсіпорын номинацияда жеңімпаз болып танылды.
2011 жылы Астанада ТМД елдерінде баламасы жоқ "Тұлпар-Тальго" жүрдек жолаушылар вагондарын шығаратын зауыт салынды. Зауыт құрылысы "Қазақстан Темір Жолы" акционерлік қоғамы мен "Patentes Talgo"испандық компаниясының бірлескен ынтымақтастығымен жүзеге асырылды. Жоба Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың қолдауымен Үдемелі инновациялық-индустриялық дамудың мемлекеттік бағдарламасы аясында жүзеге асырылды.
Жобалық қуаттылығы: жылына 150 вагон.
Жұмыс орындарының саны: 230 адам.
Жер учаскесінің ауданы: 22 га.
Үй-жайлардың ауданы: 32 мың м2.

2011 жылғы желтоқсаннан бастап "Patentes Talgo" (Испания Корольдігі) компаниясының технологиясы бойынша жүрдек жолаушылар вагондарын шығаруды жүзеге асырады.
2012-2015 жылдар кезеңінде F-061 (шанақтың ені 2960 мм) жобасы бойынша 436 вагон (16 құрам) өндірілді.
2015-2017 жылдар кезеңінде F-065 (шанақ ені 3200) жобасы бойынша 178 вагон (6 құрам) өндірілді
Мақаланы қортындылай келе Қазақстанымыздын алғашқы презеденті Назарбаев.Н.Ә айтқандай.

Біз көлденең шыққан кедергілерге кідірмей, дамыған 30 елдің қатарына қосылу мақсатына қадам басамыз.

Рухы биік, еңбегі ерен, бірлігі мығым Мәңгілік Ел болу үшін бізде бәрі бар. Тәуелсіздіктің туын желбіретіп, тұғырын нығайтқан біздің тарих алдында жүзіміз жарқын! Біздің тірегіміз – тәуелсіздік, тілегіміз – тұрақтылық, білегіміз – бірлік!

ЭКОНОМИКАЛЫҚ БІЛІМ МЕН ТӘРБИЕ БЕРУ- БӘСЕКЕГЕ ҚАБІЛЕТТІ ТҰЛҒА ДАЙЫНДАУ КЕПІЛІ

Ж.А Ерболаева

«О.Көшеков атындағы Атырау аграрлы-техникалық колледжі» КМҚК

Жоғары санатты экономикалық пәндер оқытушысы

Қазіргі таңда экономикалық білім тек экономика мен басқарудың түрлі саласында қызмет істейтіндерге, ғалым – экономистерге немесе экономика пәні оқытушыларына ғана емес, сонымен қатар күнделікті өмірде кездесетін мәселелерді шешуге, қоғамның әрбір мүшесіне қажеттілігін бүгінгі өмір талабы көрсетіп отыр. Әлемдік экономикалық теорияның негізін салушы Адам Смит өзінің «Халықтар байлығының табиғаты мен себептері туралы зерттеу» еңбегінде, экономикалық білімнің адамзат өміріне қосар үлесі зор деп көрсеткен. [1].

Экономика алғашқы ұғымында «үй шаруашылығын»білдірген.Кейіннен бұл ұғым кең көлемде, қоғамдық өндірістің жүйесі деп аталуда.Өндіріс - қоғамның дамуына және өмір сүруіне қажет. Көп қырлы экономикалық қатынас арқылы әрбір адам басқалармен байланыста болады. Адамдар жалақы алады, өнім шығарады сатушы және сатып алушы ретінде қызмет атқарады. Қай заманда болмасын адам өз өмірінен экономика белгілерін табады, яғни күн сайын ұшырасады. Мысалы, үстіміздегі киім, таңертеңгілік ас, үй жанындағы дүкен және т. б.

Экономикалық білім мен тәрбиенің міндеттері:

- білім алушыларды қоғамның даму заңдылықтарымен, өндіріс экономикасымен таныстыру
- басқаруға тән - ұқыптылық, іскерлік, ықыластық, тәртіптілік, т. б қасиеттерді дағдыландыру
- экономикалық есеп,талдау жасап дағдыларына үйрету, еңбекті ғылым негіздерімен байланыстыра білу

Экономикалық білім мен тәрбие беру дегеніміз жас ұрпақты экономикалық білімдер негіздерімен қаруландыру, қоғамның экономикалық саясатын ұғындыру, өндіріс, айырбас, бөлісу және тұтыну шеңберіндегі негізгі экономикалық қатынастарды тәжірибеде меңгерту.

Сондай-ақтұлғаның нарықтық экономика жағдайында шаруашылықты тиімді жүргізу қағидалары мен нормаларына сай, сана-сезімдерін, дағдыларын, іскерліктерін, талаптары мен мүдделерін қалыптастыруға жүйелі және мақсатты ықпал жасау. Ол жеке тұлғаның әлеуметтік құнды, жағымды қасиеттерін қалыптастыруға бағытталған.

Бүгінгі өсіп келе жатқан жастар, Қазақстан халқының әл-ауқатын көтеруді, әр азаматтың лайықты өмір сүруін қамтамасыз ететін экономикалық жүйені құруы жолында еңбек етулері қажет. Сондықтан да, қазіргі таңда оқытушылар алдындағы өзекті

мәселелердің бірі, ол өзгермелі әлеуметтік және экономикалық жағдайда өмір сүруге ғана емес, айналасындағы шынайы өмірге белсенді қатынасын байқатып, оны жақсартуға ықпал ете алатын бәсекеге қабілетті жеке тұлғаны қалыптастыру болып табылады.

Бұл оқу орындарының барлық деңгейлеріне жаңа талап, жаңа міндет, жаңа мақсаттар жүктейді. Тұлғаның бәсекеге қабілеттілігі оның білімі мен маман ретіндегі дайындығымен қатар, қоғамның әлеуметтік құрылымында орын алуға мүмкіндік беретін оның еңбекқорлық, жауапкершілікпен шешім қабылдау, шығармашылық, тәуекелге барушылық, көшбасшылық, бастамашылық, тіл тапқыштық, тәуелсіздік сияқты жекелеген қасиеттерге ие болуына байланысты.

Экономикалық тәрбиенің негізі отбасында және оқу орындарында қалыптасады. Ол ата-аналардың, мұғалімдердің, жұртшылықтың бірлесе күш салуымен іске асады

Оқытушылар қауымы еңбегінің нәтижесін көру үшін, білім алушыны біліммен толтыратын құты емес, жағатын шам ретінде қарастыруы қажет. Оқыту барысында жеке тұлғаға анықталған білім көлемін хабарлауды емес,өз бетімен дұрыс қорытынды шығаруға негіз болатын өмірдегі жағдайларды талдау арқылы, ой елегінен өткізуге дағдыландыру маңызды.

Экономикалық тәрбие мен білімнің өзіне тән әдістері бар. Олар:

1. Жаттықтыру. Әр түрлі іс-әрекеттерін істей білуге машықтандыру, жұмыс орнын тиімді ұйымдастыру, уақыт және өндіру нормаларын анықтау, материалдарды, электр қуатын, суды, газды үнемді пайдалану, т.б.

2.Тәжірибелік жұмыстар және эксперимент. Бұл әдістерді білім алушылардың жеке шаруа қожалықтарында, оқу орындарындағы жылыжайларда қолдануларына болады. Тәжірибелік және эксперимент жұмыстарының мақсаты – білім алушыларды өнімді бағалай білуге, бизнес, ақша мен пайда сияқты ұғымдарды өмірде қолдана білуге дағдыландыру.

3.Экономикаға байланысты есептер шығару - еңбек ақыны, уақыт және өндіру нормаларын есептей білу, рентабельдік, пайда, өзіндік құн және басқа да экономикалық ұғымдар жайлы есептер шығаруға үйрету, жаттықтыру.

4. Сандық материалдарды талдау әдісі - саяхат кездерінде жиналған мәліметтердің негізінде кестелер, диаграммалар жасау, қандай болса да экономикалық қызметтердің тиімділігін анықтау.

5.Ғылыми-техникалық, экономикалық әдебиеттермен жұмыс.

6.Экономикалық сөздік жасау- нарықтық экономика терминдерін қазақ тілінен орыс және ағылшын тілдеріне аудару,сөздікті пайдалана білуге үйрету, сөздік қорын молайту .

Жыл сайын мыңдаған түлектер оқу орындарын бітіріп, өмірге жолдама алады. Осылардың көпшілігі өз бетінше шешім қабылдап, дербес әрекет етуге дайын емес.

Дамыған елдерде экономикалық тәрбиенің бай тәжірибесі бар екені белгілі. Бастауыш мектептің өзінде білім алушыларды экономикалық білім негіздерімен таныстырып, қазіргі заманғы өндіріс пен мамандықтар туралы түсінік береді.

АҚШ-та экономикалық тәрбие беру мәселелеріне XX ғасырдың алпысыншы жылдарында айрықша назар аударыла бастады. Американ экономистері, педагогтері мен өкімет ұйымдары өздерінің істерін, бизнесін дұрыс басқару үшін барлық адамдарға өте-мөте қажет негізгі экономикалық түсініктер мен дағдылар өнерін меңгерудің, сондай-ақ азаматтың саясатқа жауаптылықпен қатысуының және қоғамның жалпы игілігін қолданудың зор маңызы бар екенін түсіне отырып, бүкіл халықтың экономикалық сауаттылығын алдыңғы орындардың біріне қойды. Американ мамандарының пікірі бойынша, экономикалық білім беру бастауыш мектептің бірінші сыныбынан басталып, балалардың жыныстық және жас, этникалық және мәдени ерекшеліктері ескеріліп,олар оқу орнын бітіргенге дейін жүргізілуі керек. [2].

Чехия, Внегрияда, Болгарияда, Германияда балалар еңбекке ерте араласады, олар ата-аналарымен бірге мемлекеттен жалға алған жеке қожалықтарда жұмыс істейді, ол шаруашылықтар бай және жұмыс қолына өте зәру болады. Балалар сөз жүзінде емес, іс жүзінде ерте жастан еңбек етуге тартылады, шаруашылық қамына, экономикаға ден қойып,

жұмысты шығын емес, пайда әкелетіндей етіп ұйымдастыруды үйренеді. Егер балалар жеке қожалықтарынан басқа жерде еңбек етсе, онда олар істеген жұмысы үшін ақша алады.

Тапқан ақшасын өз бетінше жұмсай отырып, өз кірісі мен шығынын жоспарлауды, қажеттіліктерін мүмкіндіктерімен үйлестіруді үйренеді. Ерте жастан еңбекке баулу отбасы мен ел экономикасына үлес қосып жүрген балалардың жеке тұлға ретінде дамуына игі ықпал етеді. Бірқатар елдердің әлеуметтік-экономикалық саясатында әркімнің өз еңбегінің түпкі нәтижесіне қызығуына мән береді. Басты нәрсе – адам мүддесін қоғам мүддесімен ұштастыру, оларды бір-біріне қарсы қойып алмау. Әрбір жеке азаматы дәулетті болған сайын сол елдің халық шаруашылығы да бай бола түседі деп есептеледі.

Бәсекеге қабілеттіліктің басты көрсеткіші – студент жастардың білім деңгейінің жоғары және олардың парасатты, аса тәрбиелі тұлғалар болып қалыптасуы. Өйткені бүгінгі күнгі студенттер – ертеңгі мамандар. Күні ертең - ақ, олар өндірістік және әлеуметтік басқару жүйесін өз қолдарына алады.

Бүгінгі таңда арнаулы кәсіптік оқу орындарында « Кәсіпкерлік негіздері» пәні базалық оқу модулі ретінде оқытыла басталды,Бұл пәнді оқу барысында студенттер базалық және кәсіби құзыреттерге ие болады, яғни біріктірілген есептер, іскерлік пен тәжірибе негізінде кәсіби міндеттердің жиынтығын шешіп, кәсіпкерлік қызметті тиімді жүзеге асыруға мүмкіндік беретін жеке қасиеттерді игереді, сонымен қатар олар өз бетінше маркетингтік зерттеулер жүргізе алады және клиенттерді тарту және оларды ұстап тұру бойынша сату техникасын қолдана алады, операциялық қызметтің мәнін түсінеді, бизнес-модельдер мен бизнес-жоспарды құрастыра алады,идеяларды іске асыру үшін қажетті өмірлік маңызы бар дағдыларды, электрондық қызметтерді қолдануды, бизнесті масштабтау мен кәсіпкерліктің жауаптылығының мәні мен мақсатын меңгереді.

Студенттер, бұл пәнді оқу нәтижесінде экономикалық білім мен тәрбие алып қана қоймай, өз кәсіптерін қалай бастау керектігі туралы толық ақпарат ала алды.

Кәсіп ашудың негізі қаржы емес - тың идея. Идеясыз адам болмайды, тек соны аша білу керек. Бір адам – бір идея, немесе оданда көп. Әр студентке, үйге тапсырма ретінде, 3-4 идея ойластырып келуді тапсырылады. Студенттер кем дегенде тапсырманың 30 процентін орындағанның өзінде, бір идеядан алып келеді. Студенттер ең бірінші қойын дәптерден бастайды. Ойларына келген идеяны жазып қояды және көптеген сұрақтарға дайындалады: Бұл не? Бұл қалай жұмыс істейді? Қалай ақша табуға болады? Керек пе? Қалай бастау керек? Не керек? Кім керек? Қандай мәселені алдымен шешу керек? Осы сұрақтардың біреуіне жауап іздеген кезде келесі ой туындай береді.

Содан соң, студенттер бизнес идеяларын «Канва моделі» бойынша құрастырады. Яғни, бизнес идеяның тоғыз блоктан тұратын тиімділігі, бәсекелестері, жылжыту, іске асыру, табыс көлемі мен шығындары есептелінеді. [3].

Жалпы студенттерді кәсіпкерлікке баулымастан бұрын, кәсіпте өз орындары бар, озық кәсіпкерлер мен бизнесмендердің ойлары мен даналық сөздерін айтып отырған дұрыс деп ойлаймын . Мысалы:

Жаңалық жасайтын, әлемге өзгеріс әкелетін кімдер десеңіз, олар – ақылды адамдар. Сондай әйгілі тұлғалардың бірі -Стив Джобс. Әйгілі Apple компания-сының негізін қалаушы Стив Джобстың есімі жарты әлемге таныс. Бүгінде ол ойлап тапқан Iphone, Ipad секілді гаджеттерді бүкіл әлем жұртшылығы пайдаланады десек қателеспейміз. Стив Джобстың айтқандары:

1. Қате жібермегенің, өмірді толыққанды түсінбегенің;
2. Біз мақтаншақ жастардың арқасында ақша тауып отырмыз;
3. Саған – «қолыңнан келмейді», деп айтқандардың ешқайсысын тыңдама

Бизнес жоспарлар – қандайда бір коммерциялық жобаны іске асыру жөніндегі компания қызметінің егжей-тегжейлі әзірленген бағдарламасы. Бизнес-жоспар әдетте болашаққа арналып жазылады және оны 3-5 жыл ілгеріге құрған жөн. Бұған қоса, бірінші жыл үшін негізгі көрсеткіштерді айға, екінші жылы – тоқсанға бөлу қажет, тек үшінші жылдан бастап жылдық көрсеткіштермен шектелген дұрыс. Алайда, біздің экономикамызды, оның

тұрақсыздығын есепке ала отырып, бір жылдан астам уақытқа бизнес-жоспар құру – тиімсіз болмақ.

Студенттер негізінен бизнес-жоспарларды нәтижелі жұмыспен қамту және жаппай кәсіпкерлікті дамыту бағдарламасы «Бастау» жобасы бойынша алып грант қаражатына өндірісті бастауды жоспарлайды.

Кәсіпкерлік негіздерін оқыту өте күрделі болғанымен,болашақ мамандарды кәсіпкерлікке баулуда қызмет ету қызықты істердің бірі десекте болады. Еліміздің дамуына кәсіптік жолда еңбек ететіндер үшін бұл пән өте қажетті, әрі сұранып та тұр.

Біздің мақсатымыз – жастардың ойлау қабілетін арттыру, оларға қиындықтар мен туындаған мәселелерді мүмкіндік ретінде қабылдап, игерген машығын өзі таңдаған саланың қызметінде күнделікті пайдалануға үйрету, білікті маман, мықты кәсіпкер болуға баулу . Колледж оқытушылары пәнді оқыту барысында студенттер қауымына осыны түсіндіру жолында еңбек етуде..

Қазіргі таңда болып жатқан жаңа әлеуметтік-экономикалық, қоғамдық саяси өзгерістер жағдайында еліміздің әрбір азаматы, әсіресе жас түлектер өмірдің дамуынан қалыспай өзінің Отан алдындағы парызын еш уақытта естен шығармауы керек. Әрине, бұл өте жауапты жұмыс. Сондықтан нарықтың экономикаға байланысты білім алушыларға тәрбие және білім беру ісін басқару, оны жетілдірудің жолдарын іздестіру және ұтымды қолдану оқу орындары оқытушыларының басты міндеттерінің бірі болып қала бермек.

Пайдаланылған әдебиеттер

1.Газизулин Ф.Г. Философия экономических ценностей / Проблемы современной экономики N 4 (36), 2010

2.Ахметова П.А. Шаумен Г.С. Ыбырай тағлымы. Арқалық 2008, 60-б.

ӘЛ ФАРАБИ ЖӘНЕ ҚАЗІРГІ ЗАМАН

Жусипбаева Гульназ Умирзаховна

Ерқанат Тәңірбергенов атындағы Түркістан индустриалды техникалық колледжі

gulnaz.zhussibayeva@mail.ru

Резюме: Бұл мақалада Әл-Фараби мұрасы әр уақытта да, қазіргі жаһандану кезеңінде де өзекті тақырып. Фараби өз дәуірінде адамдардың өзі көздеген мақсатына жетуі оның өзіне ғана байланысты екенін айтып, адам рухани жағынан үнемі өзін-өзі жетілдіріп отыруға тиіс екенін, адам тек ақиқатты, айналадағы дүниені танып білу арқылы жетілетіндігін қарастырған.

Резюме: Наследие Аль-Фараби существовало всегда, как в нынешнюю эпоху глобализацииактуальный вопрос. Фараби сказал, что в свое время люди добились своих целей.Мужчина постоянно совершенствуется духовно, говоря, что это зависит только от него самогочто человек должен сидеть, только зная правду, мир вокруг негопри условии, что он созревает.

Abstract: Al-Farabi's legacy has always existed, both in the current era of globalizationtopical issue. Farabi said that in his time, people achieved their goalsSaying that it depends only on himself, a person constantly improves himself spirituallythat a person should sit, only by knowing the truth, the world around himprovided that it matures.

Түйінді сөздер: *бақыт, адам, түйсік, табиғат, құндылық, қасиет.*

Әбу Насыр Мұхаммед ибн Тархан ибн Узлағ Әл Фараби хижра бойынша 257 жылы туылып, 339 жылы дүниеден озды (миләди, яғни христиан жыл санау дәстүрі бойынша - 870-950 жж). Фараби ислам философиясының негізін қалаушы болып табылады, яғни ислам дәстүрінде антикалық мұраның ықпалымен пайда болған «фәлсафа» ағымының бастаушысы. Ол Аристотельден кейінгі Екінші Ұстаз мәртебесіне ие болған («Муаллим Сани»). Әл-Фараби алғашқы білімін Отырар медреселерінің бірінде алғанға ұқсайды. Өйткені, «көне дәуірден қалған бір деректерге қарағанда, Мәуреннаһрда балаларды түрлі қолөнері мен ғылымға үйрету, баулу, оқыту олардың бес жасар кезінен басталатын болған».

Фарабидің нақты осы тарихи дәуірде, яғни ортағасырларда туылуы, ұлы ғұлама ретінде қалыптасуы - кездейсоқ емес. Фараби феномені - Араб Халифатының ғажайып рухани өрлеуіне байланысты «Мұсылман Ренессансы» деп аталған дәуірдің жарқыраған бір көрінісі екені сөзсіз.

Кейінгі кезеңдерде де Қазақстан мен Таяу Шығыс арасындағы мәдени-өркениеттік байланыстар мен ықпалдастық жалғаса берді. Оның анық дәлелі - Мысырдағы Бейбарыс тұлғаның өмірі мен қызметі. Алайда, тек араб факторын, яғни біз үшін сырткы факторды алдыға тарта беру дұрыс емес. Мысал үшін айта кету керек, Ресейде, Еуропа елдерінде шығып жатқан кейбір оқулықтар мен энциклопедияларда түркілік негіздің, ғұламаның тарихи отаны болған Қазақстанның ешқандай әсері болмағандай Әл Фарабиді әлі күнге шейін «араб философы» деп жазатыны өкініштi-ақ.

Әл Фараби - ислам ғұламасы, хакімі (данышпаны). Ақиқатында, Фарабидің Аристотель мұрасын зерттеуінің өзі (себебі) ислам мүдделерінен туындағанға ұқсайды. Аббасилер кезеңінде (YIII-XI ғғ.) діни еркіндік жағдайында патша сарайларында үнемі діни пікір таластар болып отырды. Осы жағдайда ислам дінін Аристотельдің логикасының күшімен дәлелдей түсу, жаңа аргументтер табу, ғылыммен ұштастыру қажеттілігі туды.

Фараби, Аристотельдің ізімен кейде метафизиканы «құдай берген қасиетті ғылым» деп атайды. Болмыс туралы ілім әл-Фараби дүниетанымының кіндік ортасы болып табылады. Әл-Фараби шығармаларында қарастырылған болмыс категориясын жүйелі анықтауы дүниенің үлкен бір кескінін жасауға көмектескендер еді. Болмыс категорияларына әл-Фараби өзінің бірқатар шығармаларында тұжырым жасайды. Мысалы: қарапайым қала тұрғындарының көзқарастары туралы және азаматтық саясаты деген трактатында ұлы ойшыл дүние пайда болғаннан бастап адам қоғамының пайда болуына дейінгі дамудың жолдарын көрсетеді. Бұл мәселе жөнінде Фарабидің жолын қуушы Ибн Сина мен Фарабидің идеялық жақындығын көре аламыз.

Ұлы бабамыз Әбу Нәсір Фарабидың кім екендігін, қандай этно-мәдени ортадан шыққандығын, ежелгі қазақ даласының мұндай ұлы тұлғаны адамзатқа қалай сыйлағанын айқынырақ түсіну үшін ол кісінің заманындағы түркі дүниесінің құпияларына тереңдете көз жүгіртіп, сол тұстағы этникалық және саяси үрдістерден жақсы хабардар болуымыз керек. Бұл зерттеушілердің бабамыз өмір сүрген түркі заманындағы ру-тайпалардың өзара қарым-қатынасын, тарих сахынасында пайда болу ерекшеліктерін ерекше зерттеулерін қажет етеді. [1, 322 б]

Қазақ топырағындағы көкірегі ояу, көзі ашық талай ойшылдары бүкіл шығыс-араб-парсы мәдениетін меңгеріп, өз шығармаларын көпке ортақ тілде жаза біліп, кейінгі ұрпақтарына мұра етіп қалдыра білді. Олардың ішінде аты әлемге жайылғандары да аз емес. Солардың бірі бәрімізге танымал ұлы жерлесіміз Әбу-Насыр әл-Фараби. Араб аристотелизмінің негізін салушылар қатарына Кинди, әл-Фараби, Ибн-Сина және т.б. жатады. Алайда философия тарихшыларының басым көпшілігінің ұйғаруынша мұсылман шығысындағы ілгерішіл қоғамдық саяси ой-пікірдің нағыз көшбасшысы әл-Фараби болып табылады.

Қазіргі өтпелі кезеңде тәуелсіздікке, демократия мен еркіндікке қолы жеткен қазақ ұлтының өзіндік санасын дамытуда ежелгі бай рухани және мәдени мұраның алатын орны өте зор болып саналады.

"Өзіңді таны және өзгерт" - бұл даналықтың үлгісі, халқымыздың ойлау жүйесінің өзекті мәселесі. Әрбір адам үшін болмыс сол адамның өзінің тіршілік ету ауқымы. Ал оның, өмірінің бағыты мен мазмұны "мен қалай ойлаймын, солай тіршілік етемін" деген қағидалық үлгіге ұқсайды. Өзін-өзі жетілдіру, жасампаздық - адамның өзіндік дамуының мәңгілік процесі болып табылады. Фарабимен қатар Абайдың философиялық идеясы осыған меңзейді"

Әл-Фараби ортағасырлардағы ғылым мен мәдениеттің дамуына көптеген еңбектер жазды. Ол ғылым мен қоғамның дамуына көптеген утопиялық ой-тұжырымдарын өзінің «Қайырымды қала тұрғындарының көзқарасы» деген еңбегінде көрсетті. [2, 7б.] Бұл еңбекте Әбунәсір қоғам басшыларын сынға ала отырып, олардың ғылым мен мәдениет саласындағы еңбектеріне тоқталды. Ол өзінің қоғамдық ойларын дамыта келе, қоғамның дамуына үлес қосатын ғылымның әдістемелік мәселелеріне де ерекше мән берді.

Фараби идеялары көбінесе жаратылыс пен адамның етістіктеріне ұқсас. Фараби жаратылыс ретінде адам барлық жағынан Құдайға тәуелді екенін айтады. Оның сөзіне қарағанда, адам өзі жасаған күйден жоғары құрылымға ие болғысы келмейді. Бұл мәселеде жалғыз Құдайдың сөзі бар. Алайда, Фарабидің айтуы бойынша, Құдайдың ісі осымен бітеді. Осыдан кейін адамдардың өз еркімен жасайтын әрекеттері анықталады. Адам тек басында берілген шектеулі мүмкіндіктер шегінде әрекет ете алады, бірақ Құдайдың жаратуы осы кезде оның әрекеттерін анықтамайды. Адамның әрекет ету саласын анықтайтын жаратылыс адамның онтологиялық құрылымымен байланысты. Адам бұл қасиеттерді анықтауда еркін емес.

Мұның ең айқын көрсеткіштерінің бірі - ислам әлеміне бәрін иlahи ерік пен күшке жеткізген фаталистік түсінуден кейін философиялық ойдың, әсіресе Мұхтиланың сөздері жазылған сотталушы және ақыр соңында ислам өркениеті барлық салаларда құлдырау процесіне кіргені. Соңғы жылдары ислам әлемінде пайда болған сыни және ұтымды оймен қатар, барлық салаларда оң ұтқырлықты байқау да осыны растайды. Сондықтан, ислам өркениетінің философиялық және теология саласындағы сыни және ұтымды түсінігін алғашқы кезеңдерде қайта жандандыру үшін мұны мүмкіндігінше тезірек жасау керек және ислам өркениетінің болашағын құруда фаталистік түсінік емес, еркін және сыни көзқарас қамтамасыз етілуі керек.

Орта ғасыр ғұламасы екінші ұстаз Әл-Фараби жеке адамның қисынсыз қасиеттеріне, әрекеттеріне қанша қапаланса да, сынап-мінесе де, "камил инсан", нағыз адамдардың барлығына да, шын муслимдердің болатындығына да сенімінен айрылған жоқ, адамгершілікті, адамилықты дамыту құралы ретінде қабылдаудан бас тартқан жоқ.

Бұл тұрғыда Фараби “жалпы теңдіктегі, өзара сыйластықты және бақ дәулеті бар тәуелсіз еркін адамдар өмір сүретін қайырымды қала туралы айтады сондай-ақ, бұл мінсіз мемлекет тек “парасат” деп аталатын білім, зерде жолымен ғана ќұрылады деп топшылаған”.

Ағартушылық жолында Фараби халықты әділетті қоғамға жалпы әдемдік бағытқа әкелетін күш ретінде сауаттандыруға зор үміт артқаны белгілі. Орта ғасыр ғалымы Жүсіп Баласағұнның сауатты адамдар өмір сүретін мінсіз қоғам нормалары жайында, әр қилы қоғамдық дәрежедегі адамдардың мінез-құлық ережесі мен басқарушылар және бағынушылар арасындағы байланыс ережелері туралы еңбегінен айқын көруге болады.

Жалпы атап айтар болсақ, Батыс пен Шығыстың әлемдік озық ойшылдары адамзат тарихының барлық кезеңдерінде тағдыр мәселесін шешуге тырысады. Олардың ішінде адамды құдайға, тәуелді еткені және адам тағдыры, мұратын да алдына қойған дегендері де табылған. Мұрат Құдайдың шексіз құдіреті мен тағдырға ешқандай қатысты емес деушілер адам бойындағы мүмкіндіктердің шексіздігі, оның ақыл-ойы қандай да болсын қиындыққа, өзгелікке, төмендеушілікке қарсы тұратындығын білетін еді. Адам санасы белгілі-бір мұратқа тәуелді өмірдің мәнін түсінуге барынша тырысады. Әр кезеңнің ойшыл

ғұламаларының ойларындағы байланыс осыдан келіп пайда болады. Олардың көзқарастарынша адам өмірінің барлық саласындағы байланысқа ерекше мән берген. Оның ішінде материалдық және рухани байлық та сонымен қатар, сабырлықты, қайырымдылықты серік еткен тұлғаның ақыл-парасаты да тыс қалмаған.

Пайдаланған әдебиеттер

1. Аль Фараби. Трактат о взглядах жителей добродетельного города // Аль Фараби.Философские трактаты. Алма-Ата, 1972. с.322
2. Дербісалиев Ә. Қазақ даласының жұлдыздары. – А,. 1995. 7 б

"ӘЛ-ФАРАБИ МҰРАЛАРЫНЫҢ ШЕТЕЛ ЖӘНЕ ОТАНДЫҚ ҒАЛЫМДАРДЫҢ ЗЕРТТЕУЛЕРІНДЕ"

Айдарова Көркем Бекахметовна

Ерқанат Тәңірбергенов атындағы Түркістан индустриалды техникалық колледжі

korkem-8282@mail.ru

Резюме: Мақалада Отандық және шет елдік ғалымдардың Әл Фарабидің мұраларын аудару, зерттеу, оны насихаттау жұмыстары және Шығыс рухани мәдениеті жайлы еңбектер жазған европа ғалымдараның зертеулері жайлы қарастырылады. Сондай-ақ, Әл-Фарабидің әмбебап рухани құндылықтарын зерттеген орта ғасырлық ғұламалар да сөз болады.

Резюме: В статье рассматриваются перевод, изучение, популяризация наследия Аль-Фараби отечественными и зарубежными учеными, а также исследования европейских ученых, написавших труды о духовной культуре Востока. Также будут средневековые ученые, изучавшие универсальные духовные ценности Аль-Фараби.

Abstract: The article discusses the work of domestic and foreign scholars on the translation, study, promotion of Al-Farabi's legacy and the work of European scholars who have written works on the spiritual culture of the East. Medieval scholars who have studied Al-Farabi's universal spiritual values will also be mentioned.

Түйін сөз: *Әл-Фараби, ғұлама, шығыс, ұстаз, бақыт, фолософ*

Биыл Президент Қ.Тоқаевтың Жарлығымен әл-Фарабидің 1150 жылдығын айрықша атап өту тапсмырылған болатын. Рухани жаңғыру аясында қасиетті топырағымыздан шыққан бір туар асыл ғұламалармызды қанша дәріптесек те аздық етеді. Отырар (Фараб) ойшылдарының ең атақтысы, — Аристотельден кейінгі «екінші ұстаз» («Әл-Мұғаллим ас-Сани»), «Шығыстың Аристотелі» атанған ұлы ғұлама Әбу Насыр әл-Фараби. Оның толық аты-жөні — Әбу Нәсір Мұхаммад бин Мұхаммад бин Тархан бин Узлағ әл-Фараби. Мұнда әл-Фарабидің өз аты Әбу Нәсір Мұхаммад, әкесінің аты да Мұхаммад, бабасының есімі Тархан, арғы атасы — Узлағ. Түрік оқымыстылары Әбу Насыр атының соңына «әт-түрки» деген сөзді қосып, оның түркі текті екенін дәлелдей түседі.

Араб, парсы шежірелерінің жазбаларында Әл-Фараби 870 жылы Арыс өзенінің Сырға құяр тұсында орналасқан Фараб (Отырар) қаласында, кей деректерде — оның тікелей ықпалында болған Уасиджде (Оқсыз) отырарлық әскербасының отбасында дүниеге келгендігі айтылады. Ол туған жерінің атауымен «Әл-Фараби», яғни «Фарабтық» деген атқа ие болғандығы да сондықтан. Отырардан шыққан Фараби атауын алған ғұламалар көп. Ол жайында филология ғылымдарының докторы, профессор Ә.Дербісәлиев «Отырар мен Сайрамның саңлақтары» [1, 6] атты Егемен Қазақстан газетінде шыққан мақаласында тоық тоқталып өткен

Әл Фараби - ислам ғұламасы, данышпаны екендігі даусыз дүние. Әл-Фарабиді отандық және шетелдік ғалымдар өте көп зерттеген. Әбу Насыр әл-Фараби мұраларын аудару, зерттеу, оны насихаттау жұмыстары XX ғасырдың 60-70 жылдарынан бастау алды. Қазақстандық фарабитанудың басында, мұраларын тұңғыш іздеуші, аудармашы, мәселені

көтеруші ретінде А.Машани есімі аталады, ал 1968 жылы ҚазКСР ҒА Философия және құқық институтында «Әл-Фараби мұраларын зерттейтін шығармашылық топ» құрылды, топты ҚР ҰҒА корреспондент-мүшесі, философия ғылымдарының докторы, профессор А.Х. Қасымжанов басқарды. Отандық ғалымдардан А.Қасымжанов, Ә.Дербісалиев, М.Бурабаев, Г.Шаймуханбетов, Қ.Жарықбаев, С.Сатыбековалардың еңбектері қазақстандық фарабитануда өзіндік үлестерін қоса білді.

Әл-Фараби Ибн Синаға, Ибн-Рушдке, Ибн Туфейлге, сонымен қатар, Батыс Еуропаның философиясы мен ғылымына орасан әсер етті. Адам еркіндігі туралы сұрақтарға, олардың ақыл-ойы, санасы, неден жаратылғандығы жөнінде үстірт, жанама, тұспалдап жауап беру әсте оңай. Қазір де адам еркіндігі мәселесін зерттемейтін ғылым жоқ десек те болады. Ал, жан-жақты түрде білімдерді ой елегінен өткізіп, нақты, тура, дәл жауап беру өте қиын. Фараби адам еркіндігі мен әлеуметтік бостандығын құбылысын халқымыздың жүріп өткен сан ғасырлық жолы негізінде философиялық тұрғыдан сараптау керек деп пікір келтіреді.

Әл-Фараби мұраларын зерттеуде XIX-XX ғғ. Еуропалық ғалымдарды да айтап өтейік. Олар: XIX ғасырдың екінші жартысында ортағасырлық арабтілді Шығыстың рухани мәдениеті туралы еңбектер жазған бұл неміс ғалымы М.Штейншнейдер, 1890 жылы әл-Фарабидің сегіз философиялық трактатын лондондық, лейдендік және берлиндік жазбалардан жариялаған Фридрих Детриций, неміс және ағылшын тілдерінде жарық көрген «Ислам философиясының тарихы» еңбегінің авторы, голландық ғалым Де Бур болды. Ортағасырлық араб философиясын зерттеген француз ғалымдары, соның ішіндегі фарабитанушылар: И.Форгет, С.Дугат, Л.Лутхер, С.Мунк, Э.Ренан, И.Финнегендерді айтуға болады. Э.Ренанның «Аверроэс и авероизм» (Париж,1952) еңбегінің маңызы зор. Танымал француз шығыстанушысы Р.Эрланже 1930-1935 жж. әл-Фарабидің музыкаға қатысты «Китаб әл-мусика әл-кабир» («Музыканың үлкен кітабы») кітабын Парижде түпнұсқадан аударып, жарыққа шығарды. Бізге белгілісі, XX ғасырдың басында шығыстың рухани мәдениетін зерттеуде әл-Фараби мұраларын зерттеу өз жалғасын тапты. Көптеген шығыстанушы ғалымдардың, А.Мец, Л.Массиньон, Р.Блашэр, А.Массэ, Ф.Габриели, Э.фон Грюнбаум, Ф.Коплстон т.б. еңбектері жарыққа шықты. [2]Сондай-ақ, ресейлік: И.Крачковский, Е.Бертельс, В.Бартольд сынды шығыстанушы-философтардың да қосқан үлестерін атап өткен жөн.

Әл-Фараби жайлы еңбектер Англия, Испания, АҚШ сынды мемлекеттерде де жарыққа шықты.

Дүниежүзінің оқымыстылары Фараби мұраларын мың жыл бойы тынбастан зерттеп келді. Олардың ішінде араб-парсы тілдерінде жазған Ибн әл-Надим (995ж), әл-Байхаки (1169), Ибн әл-Кифти (1248), Хаджи Халифа (1657), латын тілінде жазған Венике (1484ж), Камерариус (1638), француз тілінде жазған Генрих Зутер (1902) және басқалары да бар.

Фарабидің әлемдік мәдениет пен ғылымға қосқан үлесін зерттеудің маңызын алғаш рет шетел ғалымдары Г. Сартон, Д. Беркал және А. Койре негіздеп берді. Музыка саласында Фараби әр алуан шығармалар мен қатар «Музыка туралы үлкен кітап» атты іргелі еңбегін француз тілінде И. Мадкури мен Г. Фармер жариялап, ғылыми түсініктеме жасады.

Фараби мұраларын зерттеуде тек қана шығыс, орыс ғалымдары ғана емес, Батыс ғалымдары да зерттеп, еңбектерін жариялауда. Бұл тұрғыда американдық ғалым Николас Решердікі айтуға тұрарлық еңбек. Николос Решер – АҚШ-тың Питсбург университетінің профессоры. Ол – Фараби және оның шәкірттерінің ғылыми мұраларын көп зерттеген ғалым. Николас Решер ұзақ ізденудің нәтижесінде 1962 жылы ағылшын тілінде «Фарабидің аннотацияланған библиографиясы» деп аталатын, Фарабиді зерттеушілер үшін құнды еңбегін жариялады. Мұнда 1000 жыл бойында Фараби жөнінде кім не жазды, Фараби шығармалары қай тілдерге аударылды, оның мұрасының аса құнды екенін дәлелдейді.

Деректердің бірінші тобын құрайтын жазба деректерге рухани тұлғаларымыздың жеке бастары жайлы зерттеушілеріміздің еңбектері С.Қ.Сатыбекова, әл-Фарабидің философиялық еңбектерінің бағытын саралай келе: «Әбу Насыр әл-Фараби ─ орта ғасырдағы Таяу және

Орта Шығыста алғаш рет философиялық ізденістің объектісі ретінде адам мен адамзат қоғамы мәселелерін ұсынды. Осылай рационалды дүниетаным шекарасын адамның мәнін, оның өмірінің маңыздылығын түсінуге алып келді және адам туралы түсінікті кеңейтті [3, 446 б.] дейді.

Әл-Фараби еңбектерінде адам еркіндігі, өмірі, ішкі жан сарайы, әсіресе этикалық дүниесі, жан дүние жарасымдылығы, болмысы, адамның болашағы, әлеуметтк саяси-мәні жайлы көптеген дүниелер жазып қалдырды. Адам еркіндігін Фарабиден басқа ғылымдар ой толғап зерттеген. Орта ғасырлық Шығыс және Батыс ойшылдарының еңбектері де жоқ емес. Ортағасырлық ислам мен христиан философиясында бұл проблема детерминизмі немесе құдайшылдық, аскетикалық ерік және жеке адам-еркіндігі немесе ерік-жігер қатынастарының проблемасы ретінде көрсетеді. Бұл мәселені ислам ойшылдарындағы ислам философтары философиялық өлшемге көтерді, әсіресе Мутезил теологтарынан бастап, Эшари теологтары жалғастырды.

Ал отырарлық ғұлама жайлы ғалым Ә.Нысанбаев былай дейді: «Әл-Фараби этикасынан Құдайлық жазмыш және еркін таңдау мен адам еркі, діни-адамгершілік пісіп жетілу талаптары мәселесінің қойылуы мен шешілуінде мутазилиттік әсерді көруге болады. Онда сонымен қатар, түркі мәдениетіне жататын адамгершіліктің жоғары өлшемдердің адамдық көрінісі болып саналатын, жалпылама ризашылықтың шуағымен нұрланған, өзінде халықтың бүкіл рухани тәжірибесі мен білімі жинақталып, «дана» феномені онда ашылған, жақсылықты ажырата білу, тағдыр, бақыт пен бақытсыздық мәселелерін көтерудегі ру-тайпалық қарым-қатынастың дәстүрлі этикасының әсерін көруге болады».

Фарабидің зерттелер шығармалары әлі де жетерлік. 2013 жылы филология ғылымдарының докторы, профессор Әбсаттар қажы Дербістінің Түркия мен Европа елдерінің кітапханасына барып зерттеу жүргізгені дәлел. «Мені қуантқан Әбу Насыр әл-Фараби (870-950) бабамыздың теріге жазылған 10 трактатының табылуы еді. Әбу Насырдың жинағы 612 санмен беріліпті. Қолжазбаның бастапқы беттері ескіріп сарғайған. Жыртылған тұстары да бар. Санмен басталған беттегі шығарма атауынан кейін 16 жол тіпті көрінбеуге айналыпты. Оқылуы қиын болды. Одан кейінгі беттердегі жазуларды айқынырақ деуге болады. 5-беттен әрі қарай көптеген сөздердің асты қызыл-қоңыр сиямен сызылып отырған. Оны трактаттарды көшірген хаттат сызды ма, жоқ па, біл медім. 5-бет басмаламен басталған. Одан соң пайғамбарымыз Мұхаммедке (с.ғ.с.) салауат айтылған. Одан кейін «Тағлиқ ли-Әби Бакр Мұхаммед бин Йахия бин ас-Саииғ рахимаһу Алла ала китабиһи Әби Наср бин Мұхаммед әл-Фараби радиа Аллаһу аннһу фи Исагуджи» деген жолдарды оқыдым» -дейді жазбасында. [4, 6 б.] Фараби бамамыздың еңбегі бүгінгі күнде зеттелуі тиіс болып отыр.

Философ Д.Кенжетай зерттеуінде Әл-Фараби біліміндегі “сана бұл ақыл, планета фалак” және сол сияқты терминдер көне грек философиясынан алынғанымен, ислам дүниетанымында “сама-көк, рух-жан, малак-періште т.б. сияқты ұғымдарды білдіруде пайдаланылған. [5, 141 б.] Онсызда ол болмыстардың онтологиялық қатарында Тәңірден кейін орын алған “ақылдарды”-яғни, рухани болмыстар- саналарды, малак-періштелер ретінде беріліп отыр. Мәселен: “фаал ақыл” яғни, белсенді сана дейтін болмысты “рух-ул-амин”, “рух-ул-қудс”, “жебірейіл” толығымен исламдық діни терминдер. Осылайша әл-Фараби әртүрлі философиялық жүйелер мен ойлардағы құбылыстар мен құндылықтарды қолдана отырып, оларды исламдық қалыптар негізінде қорытып, ұсына білген ойшыл болатындығын атап өтеді.

Сондай-ақ, Әл-Фарабидің шәкірттерінің ғылыми философиялық еңбектері алдыңғы қатарда қоғамдық философиялық ойды дамытуға қызмет жасады. Осы тұста Әл-Фарабидің шәкірті Ибн – Рошдты /1126-1198/ айрықша атап өту керек. Ибн Рошд Аристотель, Фараби және оның шәкірттері идеяларын дамуына ат салыса отырып, өз еңбектері арқылы Батыс Европада насихаттауға ерекше ат салысты. Ол „Силлогизмдер туралы Фарабидің пікірі”, „Әбу-Насыр Фарабидің логикалық трактатындағы пікірлерді баяндау”, „Фарабидің

Оргононды баяндауына түсініктеме”, „Екінші аналитикаға қарсы айтылған Фарабидің сыны туралы”, т.б еңбектер жазып қалдырды.

Фарабидің энциклопедиясын Европа ғалымдары-музыка зерттеушісі Симон кеңінен пайдаланды. Фарабидің „Музыканың ұлы кітабының” атты еңбегі XV-ғасырдадың өзінде Европада белгілі болып, онда ғылым мен өнердің өркендеуіне едәуір ат салысқан болатын.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Ә.Дербісәлиев «Отырар мен Сайрамның саңлақтары» Егемен Қазақстан газеті 15 қаңтар 2020 ж. 6 б
2. dalanews газеті 2016 ж. маусым 4
3. Абайдың дүниетанымы мен философиясы. - Алматы: Ғылым, 1995. 184б
4. Егемен Қазақстан. №9. 15 қаңтар, 2020 6 б.
5. Досай Кенжетай. Қожа Ахмет Ясауи дүниетанымы. А.2008 ж.

ЗАМАН ТАЛАБЫНА САЙ ХИМИЯ ПӘНІН МЕҢГЕРУДІҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Боранова Талшын Табылдықызы

ЖШС «Батыс Қазақстан Жоғары медициналық колледжі», Орал қаласы

Техника ғылымдарының магистрі, педагог-эксперт

Тақырыптың маңыздылығы:

Қазіргі кезде Қазақстан Республикасында жаңа білім беру жүйесінің қалыптасуы жүріп жатыр. Осыған орай, алдыңғы қатарлы идеялар мен педагогикалық технологияларды практикалық тұрғыдан жаңарту және оларды ғылыми тұрғыда негіздеу бағытындағы жұмыстар жүргізілуде. Болашақ маман – бүгінгі студент педагогика теориясы мен практикасындағы қазіргі заманғы педагогикалық технологиялардың түрлерін біліп, оларды оқутәрбие үдерісінде шығармашылықпен қолдануға тырысуы тиіс. [1]

Білім беруде технология деген сөзді көп естиміз. “Технология” түсінігі техникалық процеспен байланысты және сөздікке сүйенсек (гректің techne -өнер, біліктілік және logos – оқу ұғымдары), материалды өңдеудің тәсілдері мен құралдары туралы білімнің жиынтығы.
Ғылыми әдебиеттерде қазір технология түсінігіне мынадай анықтама беріледі: “Технология” – бұл қоғамдағы практикалық процесстердің техникамен реттеліп отыратын және материалдық дүниенің заңдылықтарымен анықталатын, техникалық құралдар мен объектінің өзара әрекеттесуінен туындайтын процесс” және “технология” термині үш түрлі аспектіні береді: технология-материалдық игіліктер өндірудің тікелей процесі; технология-технологиялық процесс; технология - осы процестің заңдары туралы ғылым.Ғылым мен техниканың дамуына қарай педагогиканың да мүмкіншіліктері артты, жаңа технологиялар пайда болы. Қоғамдағы талаптар мен әлеуметтік сұраныстар педагогикалық технологиялардың тууына себеп болды. [2]

Білім – қоғамның дамуы мен болашақтағы жағдайын анықтаушы болып табылады. Кез келген елдің экономикалық және саяси тәуелсіздік жағдайы халықтың жалпы білімі мен кәсіптік деңгейіне байланысты.

Қазіргі қоғамдық сұраныс – өз ісіне мығым, жұртшылықпен араласуда жеке басындағы барлық шынайы жағымды қасиеттерін байқата алатын, бүгінгі студент, ертеңгі маманды тәрбиелеуді талап етеді. Дүние жүзілік білім беру тәжірибесіне жүгінетін болсақ, оқыту үрдісінің сапалы да жемісті жолы аудиториялық сабақтардың көлемін тиімді қысқарту арқылы студенттердің өздік жұмыстарына уақытты көбірек бөлу. Себебі семестрдегі жүйесіз

берілген өзіндік жұмыстар сессия кезіндегі «үлгермеушілікке» және білім сапасының төмендеуіне әкеліп соғады.

Студенттердің өздік жұмыстарының ішкі мазмұны – мұғалімнің қатысуынсыз немесе көмегінсіз дайындалу ғана емес, студенттің әрекеті алған ақпаратты білімге қолдана білуге айналдыру . Негізінен алғанда, студенттердің өздік жұмыстарын ұйымдастыру және өткізу технологиясы мынадай элементтерден тұрады:

* студенттердің өздік жұмыстарын жоспарлау,
* әдістемелік қамтамасыз ету,
* бақылау және орындалу бағасы,
* талдау және жетілдіру.

Өзіндік жұмысты ұйымдастыруға қойылатын талаптар мыналар:

− жұмыстың көлемін шамадан тыс асырмай, оның сапасын арттыруға көңіл аудару;

− оқушылардың жұмысын оқу жұмысының басқа түрлерімен дұрыс ұштастыра білу;

− оқушылардың дербестігін арттырып, өзіндік білім алу қабілетін жүйелі түрде дамыту;

− өзіндік жұмыстың мазмұнына күнделікті өмірден алынған материалдарды, хабарларды енгізу;

− оқушыларды табиғат пен қоғам дамуының жалпы заңдылықтарын, сонымен қатар нақты фактілер мен құбылыстарды өздігінен талдап, түсінуге үйрету; [3]

− оқушыларды алған білімдерін іс жүзінде қолдана білуге дағдыландыру;

Өзіндік жұмыстың эффективтілігі эпизодты немесе кездейсоқ емес, оқу процесінің құрамына жоспарланған түрде маңызды элемент ретінде еніп, арнайы уақыт бөлінгенде ғана мақсатына жетеді. Осы жағдайда ғана білім алушыларда өзіндік жұмысқа деген қызығушылық артады. Өзіндік жұмыстың түрлерін таңдағанда дидактиканың негізгі ұстанымдарын есте сақтаған жөн. Жекеше өздік жұмысты ұйымдастыруда оқушылардың даму міндеті шешіледі. Қабілеті мен дайындық деңгейі әр түрлі оқушыларға тапсырмаларда деңгейлеп беріледі.

Мысалы: Жалпы химия пәнінен биогенді элементтердің медициндағы рөлі туралы дараланған тапсырмалар беруге болады.

- Төменгі деңгей үшін:

Элементтердің химиялық фолрмуласын, молекулалық массасын, периодтық жүйедегі орнын, химиялық қасиетін қарастыру.

- Жоғары деңгей тапсырмасы:

Элементтердің шекті рауалы концентрациясының артуынан немесе төмендеуінен болатын патологиялық өзгерістер.

- Орта деңгей тапсырмасы:

Микро макроэлементтер жайлы түсінік.Элементтерді микро және макроэлементтерге сәйкес жіктеп орналастыру.

Өз сабақтарымда, химия пәнінің үйірмесінде әр түрлі өзіндік жұмыстың түрлерін қолданамын. Мысалы: пресс-конференция сабағында білім алушылар өздерін журналист, фотокорреспондент, техникалық қызметші, зерттеуші ғалым рөлдерінде жеке ізденіс-зерттеу жұмыстарын жүргізеді. Пәндік үйірмеге қатысушыларға жыл бойы ізденуге, зерттеуге, сауалнама жүргізуге арналған әр-түрлі тақырыптар беріледі. Мысалы: косметикалық және гигиеналық заттардың құрамы, белсендірілген көмірдің құпиясы, химиялық қоспалармен шаштын структурасын өзгерту, алтынның сынамасын анықтау.

Студенттердің өздік жұмыстарының қарапайым және қолайлы түрі – белгілі бір тақырыптағы баяндама немесе деректі мәселені талқыға салатын ғылыми жиналыс түрінде ұйымдастыру. Бұған мұғалімдердің де шығармашылық әдіс-амалдары қажет. Мысалы, студенттердің жазған «мазмұндамасын», жасаған «семестрлік, курстық жұмыстарын» әдеттегідей қабылдай салмай, әр-түрлі ғылыми пікірталас ұйымдастыру арқылы қабылдаған әлдеқайда тиімді. Бір жобаны 2-3 студент орындаса, жобаның практикалық сапасын арттыруға болатындығы көрінеді, яғни, бұл топтастырған тәсіл өз бетімен жұмыс істеуге, өзара көмек көрсетуге, шығармашылығын және жауапкершілігін арттыруға себебін

тигізетіндігі анық. Өйткені жобалау кезінде студенттер таңдау еркіндігін алады. Білімгерлердің өздік жұмыстарын қадағалаудың тәсілдері де үлкен нәтиже береді. Өзін бағалай және қадағалай білуді, өзіне баға беруді қалыптастыру – оқушының қызығушылық көзқарасын және белсенділігін арттыратын сенімді тәсіл.

Химияны оқытуда оқушылар мен табиғат арасындағы байланыстарды жүзеге асыруда эксперименттің алар орны үлкен. Әрбір сабақта химия кабинетінің мүмкіндігіне қарай демонстрациялық тәжірибелер жүргізуге тырысамын. Тәжірибелік сабақтарда білім алушылар жұптасып тәжірибелік дағдыларды орындайды. Мысалы: аналитикалық химия сабағында титриметриялық әдіспен заттардың құрамын сандық анықтау, әрбір топ катиондарына сапалық реакциялар жүргізу секілді тапсырмалар берілген кезде оқушылар тәжірибелерді аса қызығушылықпен орындайды. Сабақтың ыңғайына қарай шығармашылық бағыттағы ішінара зерттеуді қажет ететін тапсырмалар беру білім алушының ойлауы мен тәжірибе жасау икем дағдыларын арттырады. Осыған байланысты, өздік жұмыстарын орындау үшін әр студентке оқу-әдістемелік құралдарын көрсетіп, өздік жұмыстарына тиімді нұсқау беру керек. [4]

Химияны оқуда өзбетімен жұмысты ұйымдастыру үшін оқушы негізгі заңдылықтарды меңгеріп, химиялық білімді тұжырымдап, ғылыми мәселелерді шешу мәселесін көрсетіп оларды шешудің тиімді жолдарын анықтай білуі тиіс. Оқушыларды химиялық мәселелерді өзбетімен шешуге үйрете отырып оқытушы алдымен бірқатар мысалдар негізінде болжам құруға, мәселе қоюға, оның дұрыс шешімін табуға жол көрсетеді. Заман талабына сай ақпараттық технологиялардың да көптеген элементтерін қолданамын: word padlet, miro қосымшасында тапсырмалар дайындау, Jamboard тақташасымен жұмыс, Quizlet, Kahoot, Quizizz или Wordwall платформаларында викторинаға жауап беру, LearningApps, Twinkl платформасында ойындар, интерактивті жаттығулар орындау, виртуальді зертханамен жұмыс.

«Ұрпағы білімді халықтың болашығы бұлыңғыр болмайды» дегендей, жас ұрпаққа сапалы, мән-мағыналы, өнегелі тәрбие мен білім беру – бүгінгі күннің басты талабы. Тәуелсіз мемлекетімізге еңбекқор, кәсібін терең түсінетін, өзінің білімі мен іскерлігін жан-жақты қолдана білетін мамандар қажет. Осы айтылған міндеттер – мамандар дайындайтын оқу орындарының алдында тұрған негізгі мәселелер.

Қорытындылай келгенде, еліміздің болашақ мамандары қоғам талабына сай жан-жақты қаруланууы үшін төмендегі міндеттерді әрбір оқытушы орындауы қажет. Менің басты мақсатым оқушыны өз бетінше жұмыс істеуге баулу арқылы оның өзін-өзі дамытуына жағдай жасау. Өз бетінше ізденуге баула оқушыны қатарластарымен еркін сөйлесуге, пікір таластыруға, бір-бірінің ойын тыңдауға, құрметтеуге, өзекті мәселені шешу жолдарын іздеуге, қиындықты жеңуге баулиды. [5]

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1.Назарбаев Н.Ә. Қазақстан экономикалық, әлеуметтік және саяси жедел жаңару жолында // Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы. – Астана: Елорда, 2005. – 47 б.

2. Шешукова Г.В. Роль и место системы образования в политической социализации населения современной России // Credo. – 1998. – № 4. – С. 24

3. Абсаттаров Р.Б., Байлярова Б.К. Идейно-политическое воспитание в студенческом коллективе. – Алма-Ата: КазГУ, 1989. – 32 с.Политиздат, 1986.

4. Нұрмағамбетов А.А. Образовательная политика Республики Казахстан в контексте трансформации системы высшего образования. — Алматы, 2002. — 35 с.

5. Қазіргі заманғы педагогикалық технологиялар Ф. Б. Бөрібекова Н. Ж. Жанатбекова : Оқулық. – Алматы: 2014. – 360 бет.

ҚАЗАҚ ТІЛІН ҮЙРЕТУДІҢ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ӘДІСТЕРІ

Н.С.Смаилова
Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының
«Жітіқара политехникалық колледжі» КМҚК

Негізгі сөздер:
Инновация, технология, сыни ойлау, виртуалды кеңістік, стратегия, дағды, қабілет.

Қазіргі кезде егемен елімізде білім берудің жаңа жүйесі жасалып, әлемдік білім беру кеңістігіне енуге бағыт алуда. Бұл оқу-тәрбие үдерісіндегі елеулі өзгерістерге байланысты болып отыр. Себебі, білім беру парадигмасы өзгерді, білім берудің мазмұны жаңарып, жаңа көзқарас, жаңаша қарым-қатынас пайда болуда. Келер ұрпаққа қоғам талабына сай тәрбие мен білім беруде мұғалімдердің инновациялық іс-әрекеттің ғылыми-педагогикалық негіздерін меңгеруі – маңызды мәселелердің бірі.

XXI ғасырда қоғам мен мемлекет дамуының ең басты тетігі - білім. Қазақстанның білім беру саласындағы жүйелі өзгерістер әлемдік деңгейдегі болып жатқан жаңашыл бастамалармен үндесіп отыр.

Үшінші мыңжылдық – құзыреттілік білім беру жағдайында оқытушының инновациялық даярлығын қажет ететін, жаңа формацияның мұғалімнің инновациялық іс-әрекетінің кезеңі.

Инновациялық үрдіс – білім беру жүйесін жаңарту және дамыту ғана емес, қоғамның, Қазақстанның өз дамуындағы жаңа серпіліс жасау қарсаңында жаңа қоғамның, жаңа әлемнің жаңа мұғалімі қажеттілігінен туындаған үрдіс.

Құзіреттілік білім беру жағдайындағы инновациялық үрдіс – нысанның, педагогикалық идеяның, деректер мен тұжырымдардың, теорияның, әдіс-тәсілдердің жаңа сапалық өзгерістерін қамтамасыз ететін үрдіс, педагогикалық қауымдастықтың сұранысын қанағаттандыратын, қоғамдық педагогикалық құндылықтарына сәйкес жаңаны меңгеру, қолдану, талдау, салыстырмалы бағалау.

Қоғамдағы білім беру саласындағы инновациялық үрдістер мен реформалар педагогика ғылымына «инновациялық білім», «инновациялық даярлық», «инновациялық іс-әрекет», «инновациялық технология», « мұғалімнің инновациялық даярлығы» және т.б. жаңа ұғымдарды өмірге алып келді.

Инновация дегеніміз – жаңа мазмұнды ұйымдастыру, жаңалық енгізу, жаңа үлгілердің бағытындағы нақты әрекет, нақтыланған мөлшердің шегінен шығатын кәсіптік іс-әрекеттің жаңа деңгейге көтерілуі, жаңа нәтижені қамтамасыз ететін теориялық, технологиялық және педагогикалық іс-әрекеттің біртұтас бағдарламасы.

Инновациялық іс-әрекет – педпгогикалық еңбектің сапасын арттыратын оқу-тәрбие үрдісін жаңа бағытта құру бойынша түбегейлі өзгерістермен ерекшеленетін жаңаша іс-әрекет.

Технология – бұл қандай да бір істе, өнерде қолданатын амал-тәсілдердің жиынтығы, дидактикалық жүйенің құрамдас бөлігі.

Оқытуда педагогикалық технология – тұтас педагогикалық үрдісінің мақсатына жету үшін студент пен оқытушыға бірдей қолайлы жағдай тудыра отырып, заманауи оқу құрал-жабдықтарын, әдістемелік кешендерді жүйелі пайдалануды көздейтін студент пен оқытушының бірлескен ісәрекетін жобалаудың жан-жақты ойластырған жүйесі.

Оқытушының инновациялық даярлығы – оқытушының инновациялық педагогикалық технологияны меңгеруі және оның өз іс-тәжірибесінде пайдалана алуына қажетті жаңа білім, білік, дағдыны меңгеруі.

Оқытушының инновациялық даярлығын қалыптастыру инновациялық білім беру мен оқыту арқылы жүзеге асырылады.

Иннвациялық оқыту дегеніміз – қазіргі кезеңдегі әлеуметтік, мәдени ортадағы иновациялық өзгерістерді жете қарастыратын үрдіс және оқу, білім бер әрекетінің нәтижесі. Сонымен оқытушының инновациялық даярлығын қалыптастыру үшін оларға инновациялық білім беріп, инновациялық оқыту жүргізуі тиіс. Бұл үшін мұғалімнің инновациялық даярлығын қалыптастыру тұжырымдамасын жасау және оны жүзеге асыру қажеттілігі туындап отыр.

Инновациялық білім беру – мұғалімдерге инновациялық білімдерді жүйелі меңгерту арқылы олардың инновациялық іскерліктері мен дағдыларын қалыптастыру үрдісі.

Инновациялық оқыту – оларды ізденімпаз жаңашыл ұстаз етіп даярлау, күнделікті білім мен біліктілікті көтеру, өз ісіне шығармашылықпен қарау, меңгерген инновациялық технологияны жас ерекшеліктерін ескере отырып түрлендіре алу, шағын өзгерістер енгізе білу, өз ісіне сыни көзқараспен қарау, жеткен жетістіктері мен жіберген кемшіліктеріне педагогикалық сараптама жасай алу, өзінің авторлық технологиясын өмірге әкелу, оны әдіснамалық тұрғыдан негіздеу, ұдайы әдістеиелік жетілдіріп отыру.

Инновациялық білім беру әдістеріне: әңгімелесу, пікірлесу, талқылау, жаттығу, сұрақ-жауап, миға шабуыл және т.б. эвристикалық әдістер кіреді.

Инновациялық білім беру құралдары: аудио-видио құралдар, компьютер, интерактивті тақта, интернет, компютер-мультимедиялық құралдар, электрондыыыық оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешен, медиатека, инновациялық ақпараттық банк, инновациялық веб-сайт және т.б.

Инновациялық білім берудің нәтижесінде оқыту мен тәрбмелеудің соңғы әдіс-тәсілдерін, инновациялық педагогикалық диагностиканы қабылдай алатын, педагогикалық жұмыста қалыптасқан бұрынғы ескі сүрлеуден тез арада арылуға қабілетті және нақты тәжірибелік іс-әрекет үстінде өзіндік даңғыл жол салуға икемді, шығармашыл педагог, зерттеуші жаңашыл мұғалім болып шығады.

Инновациялық оқыту жүйелі инновациялық білім беру арқылы жүзеге асады.

Қазіргі білім беру саласындағы басты мәселе – білім беру мазмұнына жаңалық енгізудің тиімді жаңа әдістерін іздестіру және оларды жүзеге асыратын болашақ мамандарды даярлау.

Қазіргі педагогиканың негізгі мақсаты – білімді сапалы ету, студенттің толыққанды жеке тұлға болып қалыптасуына негіз қалау.

Бүгінгі таңда оқыту жүйесіндегі алға қойған негізгі мақсат – білімді әншейін ғана беру емес, оқуға үйрету, шығармашылық әдіс- тәсілдерін таба білуге үйрету, ізденіс әдістерімен қаруландыру, қабылдау қабілетін жетілдіру, керек хабарларды талдап одан қорытынды шығаруды әдетке айналдыру және тәжірибелік әрекетті тану барысында алынған және жинақталған білімді қолдана білу қабілетін жетілдіру.

Өз жұмысымда жаңаша оқыту технологиялардың бірі «Оқу мен жазу арқылы сын тұрғысынан ойлауды дамыту» технологиясын қолданамын. Сыни тұрғыдан ойлау арқылы оқу мен жазуды дамыту бағдарламасы – әлемнің түкпір-түкпірінен жиылған білім берушілердің бірлескен еңбегі. Технологияның негізін қалаушылар американдық ғалымдар Чарльз Темпл, Джон Дьюи, Мередит. Жобаның негізі Ж. Пиаже, Л. С. Выготский теорияларын басшылыққа алады.

«Сын тұрғысынан ойлауды дамыту» технологиясы үш кезең бойынша қолданылады:

- Қызығушылықты ояту («көпір жасау», ой қозғау);
- Мағынаны тану (мағынаны ажырату);
- Ой-толғаныс (рефлексия, жаңа білім құрастырылады).

Білім берудің маңызды шарты оқу үдерісінде оқушылардың қызығушылығын арттырып, өздігінен білім алуға құштарлықтарын дамыту болып табылады.

Енді осы кезеңдердің мақсат-міндеттеріне толығырақ тоқталып өтейік.

Қызығушылықты ояту. Үйрену үдерісі – бұрынғы білетін және жаңа білімді ұштастырудан тұрады. Үйренуші жаңа ұғымдарды, түсініктерді, өзінің бұрынғы білімін жаңа ақпаратпен толықтырады, кеңейте түседі. Сондықтан да, сабақ қарастырылғалы тұрған

мәселе жайлы оқушы не біледі, не айта алатындығын анықтаудан басталады. Осы арқылы ойды қозғату, ояту, ми қыртысына тітіркенгіш арқылы әсер ету жүзеге асады. Осы кезеңге қызмет ететін «*Топтау», «Түртіп алу», «Ойлану», «Жұпта талқылау», «Болжау», «Әлемді шарлау»,* т.б. деген аттары бар әдістер (стратегиялар) жинақталған. Қызығушылықты ояту кезеңінің екінші мақсаты – үйренушінің белсенділігін арттыру. Өйткені үйрену – енжарлықтан гөрі белсенділікті талап ететін іс-әрекет екені даусыз. Оқушы өз білетінін еске түсіреді, қағазға жазады, көршісімен бөліседі, тобында талқылайды. Яғни айту, бөлісу, ортаға салу арқылы оның ойы ашылады, тазарады. Осылайша шыңдалған ойлауға бірте-бірте қадам жасала бастайды. Оқушы бұл кезеңде жаңа білім жайлы ақпарат жинап, оны байырғы біліммен ұштастырады.

Ойлау мен үйренуге бағытталған бұл бағдарламаның екінші кезеңі мағынаны тану (түсіне білу). Бұл кезеңде үйренуші жаңа ақпаратпен танысады, тақырып бойынша жұмыс істейді, тапсырмалар орындайды. Оның өз бетімен жұмыс жасап, белсенділік көрсетуіне жағдай жасалады. Оқушылардың тақырып бойынша жұмыс жасауына көмектесетін оқыту стратегиялары бар. Соның бірі *INSERT*. Ол бойынша оқушыға оқу, тақырыппен танысу барысында V – «білемін», — - «мен үшін түсініксіз», + - «мен үшін жаңа ақпарат», ? – «мені таң қалдырады» белгілерін қойып отырып оқу тапсырылады. INSERT – оқығанын түсінуге, өз ойына басшылық етуге, ойын білдіруге үйрететін ұтымды құрал. Бір әңгіменің соңына тез жету, оқығанды есте сақтау, мәнін жете түсіну – күрделі жұмыс. Сондықтан да, оқушылар арасында оқуға жеңіл-желпі қарау салдарынан түсіне алмау, өмірмен ұштастыра алмау жиі кездеседі. Мағынаны түсінуді жоғарыдағыдай ұйымдастыру – аталған кемшіліктерді болдырмаудың бірден-бір кепілі. Үйретушілер білетіндерін анықтап, білмейтіндерін белгілеп сұрауға әзірленеді. Бұл әрекет арқылы жаңаны түсіну үшін бұрынғы білім арасында көпірлер құрастыруға, яғни байланыстар құруға дағдыландырады.

Тақырып туралы ой-толғаныс – бағдарламаның үшінші кезеңі. Күнделікті оқыту үдерісінде оқушының толғанысын ұйымдастыру, өзіне, басқаға сын көзбен қарап, баға беруге үйретеді. Оқушылар өз ойларын, өздері байқаған ақпараттарды өз сөздерімен айта алады. Бұл сатыда оқушылар бір-бірімен әсерлі түрде ой алмастыру, ой түйістіру, өз үйрену жолын, кестесін жасау мақсатында басқалардың әр түрлі кестесін біліп үйренеді. Бұл үйрену сатысы – ойды қайта түйіп, жаңа өзгерістер жасайтын кезең болып табылады. Әр түрлі шығармашылықпен ой түйістіру болашақта қолданылатын мақсатты құрылымға жетелейді.

Осы кезеңді тиімді етуге лайықталған «*Бес жолды өлең», «Венн диаграммасы», «Еркін жазу», «Семантикалық карта», «Т кестесі»* сияқты стратегиялар әр сабақтың ерекшелігіне, ауыр-жеңілдігіне қарай лайықтала қолданылады.

Осы кезеңдердің ұтымды өткізілуі мынадай нәтижелерге кол жеткізеді:

- оқушылар басқалармен қарым-қатынас жасай береді;
- басқаларды тыңдай білуге, кез келген жауапқа сыйластықпен және түсіністікпен қарауға үйретеді;
- өз ойын топ алдында ашық айта алуға, қорғай білуге баулиды;
- керек кезде өз көзқарасын дұрыс өзгерте білуге үйретеді, оның дамуын қамтамасыз етеді;
- ең бастысы – оқу мотивациясы өзгереді, өз бетінше ізденуге ұмтылдырады, сабаққа қызығушылығы артып, балалардың белсенділігі өте жоғары болады.

Осы технологияны қолдану арқылы мынадай жетістіктерге жеттік: «Сын тұрғысынан ойлау» сабақтарында білім беріп, икем-дағды қалыптастырып қана қоймай, ұжымдық шығармашылық іс-әрекеттер арқылы бала болашағына ықпал етіп, оның өз білімін жетілдіре отырып, өзін-өзі тәрбиелеп дамытуына жағдай жасауға болады екен. Әр баланың танымдық және шығармашылық қабілеттерін дамыта отырып, оқытуды жеке тұлғаға бағыттау арқылы кез келген сабақтың дамытушылық және тәрбиелік мүмкіндіктерін тиімді пайдалану осы жүйені қолдану барысында ойдағыдай жүзеге асырыла бастады.

Әр оқытушы күнделікті сабақта өз ісін зерттеп, жаңашыл әдіс-тәсілдермен білім алушының білім сапасын арттыруы керек. Заман талабына сай техникалық құралдарды қолдану - оқытушы жетістігіне апаратын тиімді жол.

Білім беру материалдарын электрондық нысанда алатын виртуалды кеңістікте жұмыс істеу білім алушылар үшін даусыз артықшылық береді. Оқыту әлдеқайда тиімді болады, әсіресе кез-келген мәтіндік материалдарға презентациялар, суреттер, аудио және видео материалдар қосылса, олар білім алушы жадында қалмауы мүмкін емес. Бұл жағдайда балама түрде виртуалды тақталарды пайдалануға болады.

Білім алушылардың жобалық іс-әрекеті жағдайында жеке және бірлесіп оқытуды табысты жүзеге асыру үшін Padlet, Miro, Google Jamboard онлайн-тақталарын пайдаланамын, тестілерді жылдам тексеру үшін Online Test Pad, Kahoot, Google test онлайн тестілерін пайдаланамын, бұл дидактиканың маңызды қағидаттарының бірі – көрнекілік принципін іске асыруға мүмкіндік береді.

Виртуалды кеңістікте жұмыс істеу ұсынылған материалды игерудің жоғары деңгейін, шығармашылық белсенділікті дамытуды, сабаққа деген құштарлықты, сабақ кезінде зейіннің тұрақтылығын, қызығушылықпен оқу мотивациясын, сайып келгенде, материалды игерудің тиімділігін қамтамасыз етуді білдіреді.

Қазақ тілін оқытуда техникалық құралдарды пайдалану сабақ беру сапасын және білім алушылардың осы материалды игеруінің тиімділігін арттырады. Тәжірибе көрсеткендей, заманауи технологияларды, мультимедиялық жабдықтарды пайдалану және енгізу білім беру процесінің мазмұнын байытады, қазақ тілін үйренуге деген ынтаны арттырады, оқытушы мен білім алушылар арасында тығыз ынтымақтастық байқалады.

Интерактивті тақтаны қолдана отырып оқыту, әдеттегі оқыту әдістерінен айтарлықтай ерекшеленеді, дегенмен сабақты сәтті өткізудің негіздері бірдей. Біріншіден, кез-келген кәсіп, оның ішінде интерактивті технологияларды қолдану нақты жоспар мен құрылымға ие болуы керек, белгілі бір мақсаттар мен нәтижелерге қол жеткізуі керек. Мұның бәрі білім алушыларға материалды жақсы меңгеруге және оны бұрыннан білетін нәрселермен байланыстыруға көмектеседі. Оқытушы мен білім алушылардың интерактивті шығармашылығы шексіз.

Осылайша, қазақ тілі сабақтарында инновациялық технологияларды қолдану пәнге қызығушылық тудырады, танымдық және ақыл-ой белсенділігін, шығармашылық қабілеттерін белсендіреді, байқағыштықты дамытады.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Б. Бөрібекова, Н. Ж. Жанатбекова Қазіргі заманғы педагогикалық технологиялар: Оқулық. – Алматы: 2014. – 360 бет.
2. Бұзаубақов К.Ж. Жаңа инновациялық технология. Тараз. ТарМУ, 2003, 208-б.
3. Хмель Н.Д. Теория и технология реализации целостного педагогического процесса. Учебнопе пособие. – Алматы. АГУ им Абая, 2002.
4. Юсуфбеков Н.Р. Общая основы педагогического инноватики. Методическое пособие. – М.,1991. Ф.

ОҚУ ҮРДІСІНЕ ЦИФРЛЫҚ БІЛІМ РЕСУРСТАРДЫ ҚОЛДАНУ

Сагиндыкова Нуржамал Осеровна
«№14 колледж» МКҚК, Түркістан облысы, Мақтарал ауданы

Оқытудың жаңа ақпараттық-коммуникациялық технологияларын меңгеру – қазіргі заман талабы. XXI ғасыр бәсеке, ақпараттық сайыс, инновациялық технологиялар, реформалар сияқты көріністерімен ерекшеленеді.XXI ғасыр – ақпараттық технология ғасыры. Қазіргі қоғамдағы білім жүйесін дамытуда ақпараттық – коммуникациялық технологиялардың маңызы зор. Білім беруді ақпараттандыру және пәндерді ғылыми – технологиялық негізде оқыту мақсаттары алға қойылуда. Ақпараттандыру технологиясының дамуы кезеңінде осы заманға сай білімді, әрі білікті жұмысшы мамандарын даярлау оқытушының басты міндеті болып табылады. Қоғамдағы ақпараттандыру процестерінің қарқынды дамуы жан-жақты, жаңа технологияны меңгерген жеке тұлға қалыптастыруды талап етеді.

Қазақстан Республикасының Президенті Қ.К.Тоқаев «Халық бірлігі және жүйелі реформалар – ел өркендеуінің берік негізі» атты Қазақстан халқына Жолдауында «Қазіргі заманда бәсекеге қабілеттіліктің басты факторының бірі – барынша цифрландыру.Қазақстан үшін заманауи цифрлық технологиялар элементтерін енгізу айрықша маңызды. Осы және басқа да міндеттер мемлекеттік секторды толығымен «цифрлық қайта жүктеуді» талап етеді.

Біріншіден, «Электронды үкіметтің» мүлде жаңа құрылымын жасау керек. Мемлекеттік сектордың барлық IT-бастамасы тек қана қазақстандық мемтехтың жаңа платформасына негізделеді.

Екіншіден, біз мемлекеттік органдардың бизнес-үдерісін түгел қайта қарап, цифрлық форматқа көшіретін Цифрлық трансформация орталығын ашамыз.

Үшіншіден, ұлттық компаниялар IT-қауымдастықпен өзара қарым-қатынас жасайтын платформа құруымыз қажет. Квазимемлекеттік сектордың цифрлық қажеттілігі мен сұранысы барынша отандық компаниялардың күшімен қамтамасыз етілуге тиіс.

Біз еліміздің орасан зор ақпараттық-телекоммуникациялық әлеуетін іске асыра білуге тиіспіз. Жаңа цифрлық дәуірде ол геосаяси маңызға ие болады. Қазақстан Еуразия өңірінің басым бөлігі үшін орталық цифрлық хабқа айналуға тиіс», - деп атап көрсетті. Осы Жолдауды іске асырудың көп алғышарттарының бірі ретінде Қазақстан Республикасының білім беруді дамытудың Мемлекеттік бағдарламасындағы «Электрондық оқыту: білім беруді жаңғыртудың негізгі бағыттарының бірі, оған білім беру ұйымдарына қажетті оқу ресурстарының 90%-ы бар ғаламтормен, орта, техникалық және кәсіптік білім беру (ТжКБ) ұйымдарын сандық білімдік контентпен толық қамтамасыз ету, оқытушылар әзірлейтін электрондық сандық білімдік ресурстарды дамыту» сияқты міндеттер қойылып, олар табысты іске асырылуда екенін айтуға болады.

Бұл жобада білім беру үдерісінде цифрлық білім беру ресурстарын қолданудағы маңызы, әдістемелік ерекшеліктердің сипаттамасы, электронды оқыту жүйесі жобасы аясында жасалған ЦБР мазмұны мен құрылымын талдау қарастырылған. Сонымен қатар, ЦБР-ге қойылатын талаптар, қағидалар, топтамалардың мазмұны, және оны қолданудың әдістері көрсетілген.

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңының 11 бабының 9 тармағында оқытудың жаңа технологияларын, оның ішінде кәсіптік білім беру бағдарламаларының қоғам мен еңбек нарығының өзгеріп отыратын қажеттеріне тез бейімделуіне ықпал ететін қашықтан оқыту, ақпараттық-коммуникациялық технологияларды енгізу және тиімді пайдалану міндеті қойылған.

Осы жағдайда білім берудің жаңа әдістерін, білім алушылардың толыққанды оқу-танымдық іс-әрекеттерін қамтамасыз етудің жаңа тәсілдерін іске асыру үшін Цифрлық білімдік ресурстар (ЦБР) құрал-жабдық ретінде қарастырылған, себебі ЦБР айтарлықтай түрде дәстүрлі оқыту формасын дамытуға бейімделген, оның көрнекі оқу материалын, безендірулерді, аудио- мен бейне материалдардың үлкен мөлшерін енгізуге мүмкіндігі бар.

Оқу үрдісіне ЦБР-ды қолдану нәтижесінде:

-сабақтың түрлі кезеңдеріне ЦБР элементтерін енгізу арқылы оқу үрдісінің тиімділігі артады;

-оқытушы мен білім алушылар сабаққа дайындалу кезінде сан-алуан материалдарды пайдалануға мүмкіндік алады;

-кейбір үрдістердің динамикасын көрсетуге мүмкіндік береді (бейнеүзінділер, анимация);
-өтілетін сабақтардың көрнекілігі артады;
-басқаша әдістермен көрсетуге болмайтын нысандарды көруге мүмкіндік береді;
-жергілікті желілерді пайдалану арқылы сабаққа дайындалу кезінде білім алушылар өздерінің икемділігі мен дағдыларын пысықтау сапалы болады.

Педагогтардың өздерінің авторлық материалдарын дайындауға көмектесуге арналған Электрондық оқытудың ақпараттық жүйесінің (ЭОАЖ) негізгі компоненті – электрондық кітапхана, оның ішіне әдістемелік ұсынымдар мен мыңдаған ЦБР-ы енгізілген. Екі қызметтік бөліктен тұратын «ЦБР дизайнері» модулінде онлайн-режимінде оқу курстарын және офлайн-режимінде цифрлық білімдік ресурстарды дайындауға болады. Онлайн-режимінде оқу курстарын дайындау бойынша қызмет онлайн-режимінде LMS (Learning Management System) ЭОАЖ-нің өзінде оқу курстарын әзірлеуге мүмкіндік береді. Оқу курстарын дайындау курстың құрылымын беруге және электрондық кітапхананың басқа білімдік ресурстарынан жеке элементтерге сілтемелер есебінен оның мазмұнын толықтыруға мүмкіндік береді. Онлайн-режимінде ЦБР-ды дайындау бойынша қызмет мамандандырылған бағдарламалық өнімде ЦБР-ды дайындау мүмкіндігін ұсынады және LMS ЭОАЖ-мен қосылуының бар немесе жоқ болуынан тәуелді болмайды. Қазіргі кезеңде ЭОАЖ-н енгізу жобасының ауқымында онлайн-режимінде ЦБР-ды дайындауға мүмкіндік беретін бағдарламалық Жасақтама көптеген білім беру ұйымдарына орнатылған.

Ал ЦБР-ды төмендегіше шартты түрде жіктесе болады:

Білімнің өзектілігін арттыруға арналған ЦБР-ы:
- электрондық тесттер;
- ЦБР.

Жаңа оқу материалдарын түсіндіру кезеңіндегі ЦБР-ы:
- электрондық оқулықтар;
- мультимедиялық презентациялар;
- оқу бейнефильмдері.

Білімді, икемділікті және дағдыларды бағалау мен бақылауға арналған ЦБР:
- жобалау жұмыстары;
- тренажерларға арналған бағдарламалар;
- білім алушыларды аттестаттауға арналған материалдар.

Цифрлық білім ресурстары мұғалімді алмастыра алмайды, бірақ мұғалімге қосымша материалдарды ұсынады, яғни сабақ мазмұнын ақпараттық коммуникациялық технологиялардың жаңа мультимедиялық мүмкіндіктерімен толықтыруға, білім алушылардың назарын аса маңызды оқу тақырыптарына аударуға, қажет болған жағдайда білім алушылардың назарын зерделенген көріністердің ерекшеліктеріне шоғырландыруға, оны көрнекі түрде көрсетуге, сабақтың мазмұнын қоғамда болып жатқан өзгерістермен, өмірлік тәжірибелермен, білім алушылардың пәнге деген қызығушылықтарымен және т.б. құбылыстармен байланыстыруын қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Осы орайда айта кететін жайт, жоғарыда жазылған техникалық және кәсіптік білім беру (ТжКБ) ұйымдарын цифрлық білімдік контентпен қамтамасыз етуге ҚР БжҒМ-інің үйлестіруімен Ұлыбритания (Sibeko), Румыния, Польша мемлекеттерінің мамандарымен бірге «Ұлттық ақпараттандыру орталығы» АҚ ғалымдарының құрамында «№14 колледж» МКҚК оқытушылары Ө.Рысбаев, Н.Сагиндыкова, Ұ.Шалқарова, С.Бекмұрзаев та қатысып, ТжКБ арналған ЦБР компоненттеріне кіретін тест сұрақтары мен жауаптарын дайындауға «Ауыл шаруашылығы машиналарын жөндеу, күту мен баптау», «Мал шаруашылығында қолданылатын машиналар» мамандықтары бойынша атсалысты.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Қ.К.Тоқаев «Халық бірлігі және жүйелі реформалар – ел өркендеуінің берік негізі» ҚРПрезидентіҚазақстан халқына Жолдауы [электронный ресурс]- :http//www.akorda.kz

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы
2. Авдеева С. Цифровые ресурсы в учебном процессе: [о проекте «Информатизация системы образования» и о создании Единой коллекции цифровых образовательных ресурсов] Народное образование. – 2008. – № 1. – С. 176-182.
3. Российский общеобразовательный портал по разработке цифровых образовательных ресурсов нового поколения [электронный ресурс]-:http// edu.of.ru/zaoch/default.asp?ob_no=8845
4.Савелова Е. В. Цифровые образовательные ресурсы в колледже: методика использования. Обществознание. Сборник учебно-методических материалов для педагогических вузов. — М.: Университетская книг, 2008. — 224 с.

ЦИФРЛЫҚ БІЛІМ БЕРУДІ ДАМЫТУ

Кулмеханова Арай Тлекбергеновна
Х.Өзбекғалиев атындағы Маңғыстау жоғары политехникалық колледжі
Ақтау қаласы

Цифрлік сауаттылық - бұл адамның өмірінің барлық салаларында цифрлік технологияларды сенімді, тиімді, сыни және қауіпсіз қолдануға дайындығы және қабілеті. Цифрлік сауаттылық - ақпараттық қоғамдағы қауіпсіздіктің негізі, XXI ғасырдың ең маңызды білімі. Цифрлік сауаттылықты қалыптастыру оқырмандық, математикалық және жаратылыстану сауаттылығымен тең дәрежеде.

Оқу үдерісінде цифрлық білім беруді тиімді пайдалану үшін, алдымен цифрлық білім беру ресурстар топтамасымен танысып, ондағы қажетті ресурсты таңдай білген жөн. Біздің елімізде ең ауқымды топтама Ақпараттандырудың Ұлттық орталығының www.nci.kz сайтында орналасқан.Қазір Қазақстан Үкіметінің ақпараттық технологияларды игеруді барынша жылдам дамытуға ұмтылып отырғандығын байқауға болады. Қазіргі ақпараттық технологиялар дегеніміз – цифрлы сана мен технологияларға қол жеткізудің басты алғышарты. [1]

Әлемдік тәжірибе көрсеткендей, білім беру процесіне цифрландыру жүйесі өте қажет. Бұл жүйе білім беру сапасын жақсарту, жаңа ақпараттық технологияларды дамыту, заманауи қағаз процестерін жеделдету. Ақпараттандыру жағдайында студенттер меңгеруге тиісті білім, білік, дағдының көлемі күннен күнге артып, мазмұны өзгеріп отыр. Электрондық оқыту жүйесі ең алдымен оқытушы мен студентке үлкен еркіндік береді. Бұл екеуінің де тұлғалық мүмкіндіктерін жүзеге асыруына қолайлы.

Бүгінгі таңда тұжырымдамалық түрде білім беру жүйесі негізгі үш бағыт бойынша жүргізілуде: білім беру үдерісін цифрландыру, цифрлық білім беру контенті, білім беруді басқаруды цифрландыру. Орта білім берудегі оқу үдерісін автоматтандыру үшін электронды журналдар жүйесі пайдаланылуда. Жоғары білім беруде «Жоғары білімді басқарудың бірыңғай жүйесі» жұмыс жасайды, ол ақпараттық жүйелерді ықпалдастырудың көмегімен толығады, осылайша әрбір студенттің мәртебесі бойынша өзекті мәліметтерді әрдайым көруге мүмкіндік береді. Ғылым саласында барлық ғылыми гранттарға өтінім беру, есептер қабылдау, мақалаларды есепке алу, электронды мекен-жайлар базасы

цифрландырылды. Екінші бағыт – цифрлық білім беру контенті бойынша мектептер үшін үш тілде бейнефильмдер мен интерактивті сабақтар енгізілді, олар оқытушыға сабақты әлдеқайда жоғары деңгейде жүргізуге көмектеседі. Аталған цифрлық ресурстар онлайн және оффлайн режимдерде қолжетімді, яғни оқытушы – пәнді жүргізуші дайын бейнематериалды алып, оны сабақ барысында оқу материалын түсіндіру немесе бекіту үшін пайдаланады. Үшінші бағыт – білім беруді басқаруды цифрландыру – басқарудың бірыңғай жүйесін құруды қарастырады, оған барлық білім берудің мәліметтер базалары негізінде Big Data құру енгізіледі.

Қазақстанда білім беруді цифрландыру оны реформалау үрдісіндегі басты тенденциялардың бірі болып табылады. Болашақтың көрінісі көбінесе барлық пәндердің бұлтты білім беру жүйесіне біртіндеп көшуімен байланысты. Біз онлайн оқулықтар мен виртуалды зертханалар туралы, ашық білім беру мазмұны, әрбір қатысушыға икемді және жеке көзқарас туралы айтып отырмыз. Үй тапсырмаларын оқушылар онлайн режимінде бірге жұмыс істей алады. Кітапханалар ақпараттық және компьютерлік орталықтарға айналды. Оқу үрдісі әрбір білім алушының идентификаторымен байланыстырылатын болады, бұл бағалау және бағаларды қалыптастыруға мүмкіндік береді. [2]

Білім беру үрдісінде цифрлық білім беру ресурстары (бұдан әрі - ЦБР) қолданудың негізгі әдістері:

Біріншіден, ЦБР-ды пайдаланудың ең танымал түрі, ол – электрондық құралды жаңа материалды түсіндіргенде қолдану. Бұл жағдайда анимациялық, бейне үзінділер, дыбыстық файлдар пайдаланған дұрыс.

Екіншіден, студенттің өзіндік оқу іс-әрекетін ұйымдастыруға арналған ЦБР-дағы үлкен мүмкіндіктерді пайдалану әдісін атауға болады. Мұндай әрекет үй тапсырмасын, сынақ және т.б. даярлауда орындалуы мүмкін. Бұл жағдайда оқу комплексінің барлық материалдары: анимация, бейне, дыбыстық сүйемелдеу, интерактивті компоненттер,суреттер, кестелер, графиктер, диаграммалар және қарапайым мәтіндер де пайдалы болуы мүмкін.

Үшіншіден, ЦБР-ды әртүрлі бақылауларды (кіріс, ағымдық, кесінді, қорытынды) ұйымдастыруға қолдану әдісін атауға болады. Мұндағы бақылау-диагностикасы оқушылардың компьютерлік тестіленуі жайлы.

Төртіншіден, мультимедиялық құралдарды пайдалану арқылы ЦБР-ды нақты бір пән не бағыт бойынша топтастыруға мүмкіндік беретін әдіс. Бұл сақталған ресурстардың қорын жасап, оларды бір жүйеге келтіріп, оқушыға да, мұғалімге де тақырып бойынша қажетті ресурсты жылдам іздестіруге көмектеседі. Сөйтіп, білім беру мекемесінде қарастырылатын проблема бойынша сақтаулы тұрған ЦБР, қағазда тасымалданатын ресурстар және Internet желісіндегі сайттарға сілтемелер жайлы берілгендер банкі де құрылуы мүмкін.

Бесіншіден, ЦБР-ды лабораториялық жұмыстарды орындау кезінде және көптеген курстарда қарастырылатын әртүрлі топтық іс-әрекеттерде қолдану әдісін атауға болады.

Алтыншыдан, студенттерге оқытушының қатысуынсыз өздеріне ыңғайлы уақытта, өз темпінде теориялық материалдармен танысуға, лабораториялық жұмыстар мен тестік тапсырмаларды орындауға мүмкіндік беретін қашықтықтан оқытуды ұйымдастыру әдісін айтуға болады. Бұл әдіс үйде оқитын немесе жолсапарда жүрген балаларға өте тиімді. [3]

Цифрлік оқытудағы инновациялар техникалық инновацияларды емес, сонымен қатар ұйымдық принциптерінде білім беру курстарының мазмұны мен ұйымдастырылуының өзгеруін білдіреді. Сәтті цифрлау үшін оқу материалдарын цифрлық формаға аудару жеткіліксіз. Жаңа медианы қолдану оқытудың әрі қарай дамуының бастапқы шарты болып табылады, оны бағалау критерийі – білім алушы үшін пайдалы болуы. Оқу курстарының мазмұны мен құрылуындағы инновациялар, колледждерде, жоғары оқу орындарында ұйымдастырушылық және құрылымдық өзгерістер студенттерге нақты пайда әкелуі керек. Оқудың жобалық тәсілі, білім беру бағдарламаларын инновациялық жаңғырту, әрбір студентті өз жобаларын құруға тарту, стартап-қозғалысты дамыту – осы барлық міндеттер колледждер үшін де, жоғары оқу орындары үшін де қолайлы болып табылады.

Инновациялық зертханалардың кеңеюі және қосымша интеллектуалдық орталықтар құрылуы, бұл алаңдар студенттік жобалардың үйлестіруші және ынталандырушы негізі болып табылады. Бұдан басқа, адами капиталдың сапасы негізі болып табылатын кәсіпкерлік және инновациялық қызмет үшін орталар дамып келеді. Және бұл инновациялық экономикадағы тарихи міндеттерді жүзеге асырудың жалғыз мысалдары. Осылайша, Мемлекет басшысының Жолдауында колледждер, ақпараттық жоғары оқу орындары жұмысын одан әрі жетілдірудің нақты алгоритмі ретінде қабылдайды. [4]

Тәжірибе көрсеткендей, белгілі бір құзыреттілікті қалыптастыру білім алушылардың мақсаттарына және жас ерекшеліктеріне сәйкес білім берудің әртүрлі деңгейлерінде жүзеге асады. Соңғы уақытта жеке тапсырмалардан бастап тағайындалған құзыреттерді қалыптастыру үшін толық курстар мен модульдерге дейін ашық жалпы білім беру, жалпы дамудың онлайн-ресурстарын құру және пайдалану үдерісі белсенді түрде жүргізілуде. Онлайн курстардың бірыңғай платформасы студенттерге ақпараттық ағындарға жылдам бейімделуге, ақпаратты бағалауға, ерекше жағдайларда шешімдер қабылдауға, бір сөзбен айтқанда, XXI ғасырдағы дағдыларды игеруге мүмкіндік береді. Талдаушылардың айтуынша, халық өмірінің әлеуметтік парадигмасын қайта цифрландыру, ол адамдардың ой өрісін кеңейтуге, жаңа білім алу мүмкіндігін ашады. Заманауи білім берудің негізгі бағыттарының бірі - желілік қызмет, әлеуметтік желілерді білім беру ресурстары ретінде пайдалану және шалғай шеберлік сабақтарын өткізу, тренингтер. Желілік технологияларды қолданумен цифрлы білім берудің типтік ерекшеліктері - бұл икемділік, ұтқырлық, өндіріс қабілеттілігі, диалогтық және интерактивтілік, медиа ағындарды қабылдауға бағдарлау. Осының барлығы сандық экономикадағы құзыреттілікті қалыптастыруға ықпал етеді. [5]

Қорыта келе, цифрландырудағы негізгі мақсат – бәсекеге қабілеттілікті арттыру, халықтың өмір сүру сапасын жақсарту, оқу-тәрбие процесін жеделдету және жеңілдету, студенттерге, ұстаздарға, ата-аналарға жүктемені азайту. Ең бастысы – білім беру сапасын арттыру. Қазақ жастары халықаралық деңгейде әртүрлі салаларда, оның ішінде жасанды интеллект және «ауқымды деректер» жасау саласында бәсекеге қабілетті болуға тиіс. Цифрландыру – Қазақстанның озық ел атану жолындағы басты құралы.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. «Электрондық оқыту ортасында педагогтардың құзырлылығын қалыптастыру» Ахметова Г.К., Мұхамбетжанова С.Т. Алматы, 2012
2. Қазақстан және ТМД елдеріндегі білім беруді ақпараттандырудың IV Халықаралық форумының ғылыми мақалалар жинағы.
3. Жалпы орта білім беру мекемелеріндегі электрондық оқыту жүйесі үшін цифрлық білімдік ресурстарды дайындау стандарты [www.nci.kz]
4. АҚ «Білім беруді ақпараттандырудың ұлттық орталығы» [www.nci.kz] Білім беру жүйесінің басшы және ғылыми-педагогикалық кадрлары біліктілігін арттыратын республикалық институт [www.ripkso.kz]
5. Қадірбаева Р.І. Жаңа ақпараттық-білім технологиясын пайдаланып оқытудың ерекшеліктері //Шығармашылық іс-әрекетті дамыту арқылы бәсекеге қабілетті жеке тұлғаны қалыптастыру мәселелері: Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияның материалдары. -Шымкент-Москва, 2009.

БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНДЕ ЖАҢАША ОҚЫТУ - ЗАМАН ТАЛАБЫ

Акишева Заурет Исаевна

БҚОӘББ «Жоғары аграрлық-техникалық колледжі» МКҚК

БҚО, Орал қаласы.

Бағыты: Заманауи білім беру: жаңа уақыт – жаңа көзқарас.

«Білім алудың тамыры ащы, бірақ жемісі тәтті», - деп бірінші ұстаз Аристотель айтқандай, білім мен өнер жас ұрпақтың болашағының жарқын болуына бірден-бір кепіл. Білім жайында жер бетіндегі ақын жазушылардың бәрі де қалам тербеді. Нақыл, қанатты, ұлағатты ой айтып, бізге құнды мұра етіп қалдырды. Қазақстанда білім беру мазмұнын жаңарту шеңберіндегі білім беру үдерісінің құрылымы мен мазмұнына елеулі өзгерістер енгізілуде. Жаһандану заманында жас ұрпақтың жаңаша ойлау қабілеті мен белсенділігін арттыру, білімге деген құштарлығын ояту, өмірде оны қолдана білуге үйрету – біз ұстаздардың басты міндетінің болуымен қатар, оларға үлкен жауапкершілікті еселейді. Жаңартылған білім беру бағдарламасының негізгі мақсаты - өскелен ұрпақты оқытуға үйрету, әлемдік білім кеңістігіне қол жеткізу, инновациялық білім негіздерін терең меңгерту болып табылады. XXI ғасыр - жаңа технологиялар ғасыры. Сондықтан білім беру үрдісінде жаңа технологияларды тиімді қолдану заман талабы. Әсіресе қазақ тілі мен қазақ әдебиетін үйренуде мұның пайдасы өте зор. Себебі адамдар бүкіл бір ұлттың мәдениеті мен әлеуметін тіл үйрену арқылы үйренеді. Яғни, көрсетілген міндеттерді ескере отырып, біз заманауи оқытуды тәжірибемізге енгізіп, ойлау қабілеті дамыған, өз бетінше шешім қабылдай білетін, басқалармен пікір бөлісетін білімді, адамгершілігі мол, ұлтжанды, ұрпақты тәрбиелейміз.

Өскелен ұрпақты қызықтыра тәрбиелеп білім беру, студенттің ғылымға, білімге деген құлшынысын оятады, әрі қарай дамуына өте қажет шығармашыл қасиеттерін ашады. Білімнің сапалы болуы тікелей біз ұстаздарға, оның білім дәрежесі мен іздену, талпыну шеберлігіне байланысты. Педагогикалық технология дегеніміз - біз педагогтардың өзін-өзі ұстай білуіміз, алғырлығымыз, сөзге шеберлігіміз, байқағыштығымыз жатады. Білім беру жүйесін жобалау, жоспарлау, мақсатын анықтау мүмкіндіктері ескерілуі керек.

Ұстаз қалай білім беру жүйесін ұйымдастырса, солай ұйымдастырушылық процесстің барысы өтіледі. Ең бастысы берілген сабақты дұрыс заман талабына сай жоспарлап алу қажет деп есептейміз. Білім беру үрдісін жаңаша ұйымдастыру біз ұстаздардың және балалардың өзін-өзі жетік дамытуына қолайлы жағдай жасай отырып, оның шығармашылығының өздігінен артуына септігін тигізеді. Мұндай жаңа технологияларды пайдаланып оқыту барысында ұстазға қойылатын негізгі талап баланың берген жауабын түзету, берілген тапсырманы оңай орындау жолдарын көрсету, балаға өз ойын емін-еркін толық жеткізуді үйрету болып табылады. Өз ойын қысылмастан айтуға мүмкіндік беру, оған пікір еркіндігін сездіру баланың сол сәтке деген қызығушылығын арттырады. Студент өз мақсатын айқындай отырып, проблеманы шешуге әрекеттенеді, білімді жете меңгеру үшін өзінің барлық іскерлігін пайдаланады. Қазақстан Республикасының азаматы елінің ертеңгі болашағы қандай болатынына жауапты. Өзі өмір сүріп отырған қоғамды әрі қарай дамыту оның міндеті және парызы. Олай болса, әрбір жас ұрпақтың өз Отанының тарихын, мәдениетін, әдебиетін білуі аса маңызды. Менің тәжірибе барысында үйренгенім: дәстүрлі сабақта баланың ойлау мүмкіндігі шектеулі болатын. Дәстүрлі сабағымда оқушыларымды жиынтықты бағалап, дайын тапсырма бойынша дайындайтынмын. Тек нақты сұрақтар қойылып, нақты жауап айтатын. Ал жаңа бағдарламаның жеті модулінің сабақтарға кіріктіру барысында мынандай нәтижелерге жеттім: Бала сын тұрғысынан ойлауды үйренді. Оқушының сабаққа деген ынтасы артты. Топпен жұмыс жасауды үйренді. АКТ-ны пайдалану арқылы білімін жетілдіреді Өзін - өзі бағалай алу арқылы қай деңгейде екенін біледі. Менің сабағымда не өзгерді? Сын тұрғысынан ойлауды үйрене отырып, студенттер өзін - өзі реттеп, топпен жұмыс жасай білді. Білім берудегі және білім алудағы жаңа тәсілдерді меңгерді. Талантты және дарынды оқушыларды зерттеу барысында деңгейлік тапсырмалармен жұмыс жасадым. Студенттердің қабілетін зерттей отырып, көшбасшылық танытқан білім алушыны анықтадым. Алған білімдерін өзіне бағалатуды үйреттім. Сабақтар барысында әріптестер тарапынан қызығушылық танытып жаңа әдісті түсіндіруіме тілек білдіргендер де болды. Әр сабағыма

қатысып көргеннен кейін өзіндік ой-пікірлерімен бөлісті. Олардың айтуынша сабақтың барысында диалогтің жақсы орын алатындығы, студенттердің шығармашылықпен жұмыс жасауына, өз бетінше ізденуіне жаңа әдіс жол ашады деп өз пікірлерін білдірді. Мұндай пікірлерден кейін әріптестер жаңашыл бастаманы құптап қолдау көрсететіндеріне менде сенімді болдым. Осыған орай мен, өз ойымды басқалармен бөлісуді жөн көрдім.Өз әс-тәжірибемнен бір сабақ жоспарымды ұсынғым келеді:
Пән: Қазақ әдебиеті.Тақырыбы:Қадір Мырза Әли. «Қызыл кітап» поэмасы.
Оқыту мақсаты:
Көркем шығарманың тілдік ерекшелігіне талдау жасау, өзіндік пікірлер арқылы салыстыру
Сабақ мақсаты: (тәрбиелік мақсаты)**(**құндылықтарды игерту).
Жалпы адамзаттық құндылықтар:

- адамгершілік, мейірімділік, заман тыныштығы.

« Мәңгілік Елдің » мызғымас Жеті тұғырын нығайту, оны ұрпақтан - ұрпаққа аманат ету құндылығы; өз туған жеріне деген сүйіспеншілік, қоршаған ортаны қорғау және оған аялы көзқарас қалыптастыру
Бағалау критерийлері:
1) Шығармадағы авторлық идеяның өмір шындығымен байланысын анықтайды;
2) Шығарма идеясы мен көркемдегіш құралдардың байланысын талдайды.
3) Көркем шығармадағы заман көрінісі мен қазіргі заман көрінісін салыстырып бағалайды.
1.1 Оқу сабақтары барысында білім алушылар игеретін кәсіби біліктердің тізбесі
2. Блум таксономиясы:Білу; Түсіну; Қолдану; Талдау.
Бағалау: Шығармадан алған тәрбиелік танымды өмірмен салыстырып көріңіз.
3. Сабақты жабдықтау.3.1 Оқу-әдістемелік құрал-жабдықтар, анықтамалық әдебиеттер:Слайдтар, қосымша-дидактикалық материалдар, оқулық әдебиеттер, бейнероликтер, аудио, видео
құрылғылар.
3.2 Техникалық құралдар, материалдар, сілтемелер, ресурстар:
Презентация.**https://youtu.be/ODEC3d6AM-E**Қадір Мырза Әли - Қызыл кітап

https://www.youtube.com/watch?v=V8qSxEA3E5Y***Қызыл кітап дегеніміз не?*https://bilim-all.kz/olen/9481-Qyzyl-kitap** «Қызыл кітап» поэмасы**4. Сабақтың барысы**
Сабақтың басы (35 мин)
Амандасу. Түгендеу. Ынтымақтастық атмосферасын қалыптастыру:
Білу; Түсіну.
Үйге берілген тапсырмаларды сұрау, тексеру. а)
Үйге берілген тапсырмалар сұралады. «Ыстық орындық» әдісі бойынша сұрақ-жауап арқылы студенттер жауап береді.
Қызығушылықты ояту
Сабақтың тақырыбы, мақсаты мен бағалау критерийлері таныстырылады.
Жаңа сабаққа дайындық.
Ширату кезеңі:*«Көңілді гүл» әдісі бойынша студенттер шеңбер құрып, дөңгелене тұрып, бір-біріне жылы-жылы тілектер айтады.*

Сабақтың ортасы:** (40 мин)* ***Қолдану; Талдау. **Тапсырма 1.**
ББҮ кестесінің «білемін» бағанына Қ. Мырзалиев туралы не білетіндерін, «білгім келеді» бағанына не білгісі келетіндерін жазады.

Білемін	Білгім келеді	Үйрендім

Мағынаны тану кезеңі. Тек бір минут.

Жұптарда оқушылар «Тек бір минут» тәсілі арқылышығарманың мазмұны мен жазылу себебіне өз ойларын айтып, пікір алмасады

https://www.youtube.com/watch?v=V8qSxEA3E5Y

Тапсырма 2. Нақтылау сұрақтары:Оқушылар «Қызыл кітап дегеніміз не?» тақырыбында бейнематериалдан үзінділерді қарайды.Мысалы:

1. Не себепті қызыл кітаптың түсі қызыл?
2. Қазақстанның кызыл кітабына қандай жануарлар енген?
3. Аңдар мен құстардың жойылуына қандай себептер бар?
4. Сенің ойыңша қай елде браконьерлерге қатысты қатаң жаза қолданылады?

Тапсырма 3. Шығармашылық жоба.Браконьерлермен күресті қалай жүргізуге болады. Жұпта ойланып, шағын жоба ұсынып көр.

Жобаның атауы:	
Жобаның мақсаты:	
Атқарылатын іс-шаралар: **(шараларды қадамдар арқылы көрсетіңіз.)**	

Дескрипторлар:

- Сұрақ мазмұнын түсінеді;
- Сұраққа нақты жауап береді.
- Жоба ұсынады.

Тапсырма 4.

Тапсырманы көркемдегіш құралдарды пайдалана отырып орындаңыз (теңеу, эпитет, фразеологизмдер т.б). I топ:

Жазушының адам мен табиғат арасындағы байланысты суреттеудегі айтқысы келген ойы	Сенің пікірің

II, III топ:

Кейіпкер	Автор толғанысы	Түйін (өз көзқарасың)

Тапсырма 5.

https://youtu.be/ODEC3d6AM-EҚадір Мырза Әли - Қызыл кітап

Көркем шығармадағы заман көрінісі мен қазіргі заман көрінісін салыстырып бағалаңыздар, салыстырмалы түрде«Венн диаграммасын» толтырыңыздар.

Дескриптор:

- Берілген тапсырманы топта бірлікте жасайды;
- көркемдегіш құралдарды пайдаланады;
- Көркем шығармадағы заман көрінісі мен қазіргі заман көрінісін салыстырып бағалайды, салыстырмалы түрде«Венн диаграммасын» толтырады.

Тапсырма 6.

Оқушылар ««Қызыл кітап» поэмасын оқи отырып, ***Табыс*** кестесін толтырады.

Жеке орындалатын жұмыс. Дәптерлеріне жазады. Жұпта тексереді.

№	Түсінемін	Анықтаймын	Байланыстырамын	Ықпал етемін	Сенемін
1					

«Түсінемін» бөліміне оқушы не түсінгенін, «Анықтаймын» бөліміне нені түсінбегенін, яғни талқылауды, толықтыруды қажет ететін өзі үшін жаңа мәліметті жазады, «Байланыстырамын» бөлімінде өмірден мысал келтіреді, «Ықпал етемін» бөлімінде осы өлеңдегі ойды не жақтайды, не даттайды, демек, я жаңғыртуға ықпал ететінін, я маңызды емес деп тапса, қолданғысы келмейтінін жазады, «Сенемін» бөлімінде дегенмен осы өлеңнің артықшылығын, келешектегі жайы туралы болжайды. Оқушылар өлеңді оқи отырып, ақын қозғаған мәселелердің өміршеңдігін, өлеңге қатысты көзқарасын қазіргі кезеңмен салыстырмалы түрде жазуы тиіс.

Дескриптор:

1.Өлеңнің мазмұнын, автор ойын түсінеді;
2.Өлеңдегі қажетті, қажетсіз ақпаратты анықтайды;
3.Өмірден мысалдар келтіреді;
4.Автор ойына сын-пікір келтіре алады.

Бекіту сұрақтары:

1. Әңгімеде қандай кезең суреттелген?
2. Жазушының негізі айтар ойы, көтерген мәселесі не?
3. Әңгіме өзіңе қандай ой салды? Алған әсерің қандай?
4. Бүгінгі сабақ сізге қандай сезім сыйлады?

Рефлексия



Үй тапсырмасы:*(5 мин)*

Қ.Мырза-Әли «Қызыл кітап» поэмасы. [8] 185-190 беттер, 191 бет, 2,3,4-т.

Қорыта келгенде, кез-келген педагогикалық технология жоспарлау негізде қаралады. Сондықтан, бірінші кезекте, білім әлеміне еніп жатқан заманауи технологияларды реттеу, жүйелеу және жаңарту қажет. Білім беру жүйесіндегі заманауи педагогикалық технологияларды пайдалану арқылы оқу құралдарын оқытуды, біртұтастылықпен үздіксіз жүргізу, білім беру және тәрбиелеу үрдісінде оқытуда пәнаралық байланыстардың болуын қарастыру.

Күнделікті жас ұрпаққа білім беру біз үшін үйреншікті жәй ғана шеберлік емес, ол сонымен қатар жаңадан заманауи алтын қазынаны табатын өнер көзі екендігіне көзіміз жетті. Болашақта өркениетті ел қатарына қосылатын болсақ, отан сүйгіш, өз өлкесін, туған жерін сүйе білетін, ұлтжанды, патриоттық сезімдерге бай, жан-жақты білімді, дені сау ұрпақ тәрбиелеуде еш уақытта естен шығармауымыз керек. Себебі еліміздің болашағы жас ұрпақтың қолында. Еліміздің болашақ жастарына заман талабына сай білім беру - бүгінгі күннің басты талабы. Осы талапты орындау мақсатында біз ұстаздарға жүктелер міндет орасан зор.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Жанпейісова М.М. Модульдік оқыту технологиясы оқушыны дамыту құралы ретінде //Алматы - 2006ж. 4-5 бет.
2. Жүнісбек Ә. Жаңа технология негізі - сапалы білім // Қазақстан мектебі № 4. 2008ж.
3. Қазақстан Республикасы педагог қызметкерлерінің біліктілігін арттыру курстарының бағдарламасы.
4. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы // Қазақстан мұғалімі. — 1999. — 23 шілде. — 2-5-б.
5. Құдайбергенова К.С. Инновациялық тәжірибе орталығы - педагогикалық технология көзі //Алматы 2001 - 75 б.
6. Нұржамал Үсенова , «Білім туралы нақыл сөздер жинағы».
7. Орда.Г, Дәрібаев.С, Сатылова.А «Қазақ әдебиеті» әдістемелік нұсқау 11-сынып жаратылыстану-математикалық бағыт Алматы. «Мектеп» 2020 жыл
8. Орда.Г, Дәрібаев.С, Сатылова.А «Қазақ әдебиеті» Хрестоматия 11-сынып жаратылыстану-математикалық бағыт Алматы. «Мектеп» 2020 жыл
9. А.С.Ақтанова, А.Қ.Жүндібаева, Ж.Н.Нұрлыбаева. Қазақ әдебиеті: оқулық+Үнтаспа 11-сынып жаратылыстану-математикалық бағыт. – Алматы: Атамұра, 2020

БІЛІМ БЕРУ ҮРДІСІНДЕ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ПАЙДАЛАНУ

Хожбанова Айгул Турсынбаевна
Х. Өзбекғалиев атындағы жоғары политехникалық колледжі
Ақтау қаласы

Қазақстан Республикасының білім беру саласындағы бүгінгі басты міндеттерінің бірі– жастарға терең білім беру. Ал, оның негізі техникалық және кәсіптік білім берудің оқыту үрдісін жақсартуға жаңа технологияларды енгізу болып табылады. Оқу тәрбие үрдісіне жаңа инновациялық әдіс тәсілдерді енгізу оқушылардың білімге деген қызығушылығын, талпынысын арттырып өз бетімен ізденуге шығармашылық еңбек етуге жол салады. Оқушылар терең де жүйелі білім және әдістемелік тәсілдерді жетік меңгерген болуы тиіс.

Инновациялық білім беру технологияларының басты мақсаты – адамды үнемі өзгеріп отыратын әлемде өмір сүруге дайындау. Алынған ақпаратты өз бетінше шарлау қабілеттерін дамыту, шығармашылық дәстүрден тыс ойлауды қалыптастыру, балалардың табиғи қабілеттерін барынша ашу арқылы дамыту инновациялық қызметтің негізгі мақсаты болып табылады. Қазіргі уақытта көптеген инновациялық технологиялар бар. Қазіргі білім беру технологияларына мыналар жатады:

- дамыта оқыту;
- проблемалық оқыту;
- көп деңгейлі оқыту;
- тәрбиенің ұжымдық жүйесі;
- есептерді шешу технологиясы;
- оқыту әдістерін зерттеу;
- жобаны оқыту әдістері;
- модульдік оқыту технологиялары;
- білім берудің лекция-семинар-тест жүйесі;
- оқытуда ойын технологияларын қолдану(рөлдік, іскерлік және басқа да оқу ойындарының түрлері);
- ынтымақтаса оқыту (топтық, топтық жұмыс);
- электронды-интерактивті оқыту;
- қашықтан оқу;
- сыни тұрғыдан ойлауды дамыту;
- денсаулық сақтау технологиялары.

Солардың кейбіріне тоқталайық.Модульдік оқытудың мәні оқу мақсаттарын, тапсырмаларды көрсететін оқу материалын, осы тапсырмаларды орындау бойынша ұсыныстарды біріктіретін модуль бойынша жұмыс істеу барысында оқушының оқу-танымдық іс-әрекетінің мақсатына өз бетінше жетуінде. Модульдік сабақ студенттердің өз бетімен жұмыс істеуіне, қарым-қатынас жасауына және бір-біріне көмектесуіне, өзінің және досының жұмысын бағалауға мүмкіндік береді. Модульдік оқытуда мұғалімнің рөлі оқушылардың жұмысын басқаруға дейін төмендейді. Осындай жұмысты ұйымдастыру арқылы ол әр оқушымен дерлік тіл табысып, әлсіздерге көмектесіп, күшті оқушыларды жігерлендіреді. Модульдік-технологиялық оқыту жаңа материалды меңгеру деңгейін анықтауға және оқушылардың біліміндегі олқылықтарды жылдам анықтауға мүмкіндік береді.

Модульдік технологияны оқу үрдісіне енгізудің негізгі мотивтері – оқу нәтижесіне жету, жұпта, топта жұмыс істей білу, білім деңгейін таңдай білу, жеке қарқынмен жұмыс істей білу, процесте бақылау. білім беру мазмұнын меңгеру.

Модуль құрудағы ең маңыздысы – білім игерудің: қабылдау, түсіну, түсіну, есте сақтау, қолдану, жалпылау, жүйелеу кезеңдерінің логикасында оқушының іс-әрекетін құрылымдау.

Е – интерактивті оқыту – бұл желілік технологиялар ресми және бейресми нұсқауларды, қолдау мен бағалауды беру үшін қолданылатын білім беру технологиясы. Тренинг барысында студенттер сыни тұрғыдан ойлауға, жағдайлар мен өзекті ақпаратты талдауға негізделген күрделі мәселелерді шешуге, балама пікірлерді таразылауға, ойластырылған шешім қабылдауға, пікірталасқа қатысуға, басқа адамдармен қарым-қатынас жасауға үйренеді. Ол үшін сабақтарда жеке, жұптық, топтық жұмыстар, зерттеу жобалары, рөлдік ойындар, құжаттармен және әртүрлі ақпарат көздерімен жұмыс, шығармашылық жұмыстар ұйымдастырылады. Технология үшін мультимедиялық, интерактивті, мобильді, сымсыз сыныптар өзекті болып табылады.

Электрондық интерактивті оқытудың негізгі құралдары мен әдістері:

- интерактивті ресурстар мен материалдар;
- нақты уақыт режимінде талқылаулар;
- чаттар және бейне чаттар;
- электрондық пошта;
- бейнеконференция;
- бейнеконсультациялар және бағдарламалық қосымшаларды ортақ пайдалану.

Электрондық оқу құралдары:

- веб-конференциялар;
- онлайн семинар;
- вебинар.

Оқытудың электронды интерактивті түрлерінің артықшылықтары:

- Оқушылар жаңа материалды енжар тыңдаушы ретінде емес, оқу процесінің белсенді қатысушылары ретінде меңгереді;
- Аудиториялық жүктеменің үлесі азайып, өзіндік жұмыс көлемі артады;
- Студенттер заманауи техникалық құралдар мен ақпаратты өңдеу технологиялары бойынша дағдыларды меңгереді;
- Ақпаратты өз бетінше табу және сенімділік деңгейін анықтау қабілеті дамиды;
- Студенттер білім беру ресурстары мен бағдарламаларына желідегі кез келген компьютерден қосыла алады;

Проблемалық оқытуды ұйымдастыру оқушының оқу-танымдық іс-әрекетінің ізденіс принципіне негізделген. Мұғалімнің іс-әрекеті қажет болған жағдайда аса күрделі ұғымдардың мазмұнына түсініктеме беруінен, жүйелі түрде проблемалық жағдаяттар туғызуынан, оқушыларды фактілермен хабардар етуінен және олардың оқу-танымдық іс-әрекетін ұйымдастырудан тұрады. , фактілерді талдау негізінде студенттер өз бетінше қорытынды жасайды және жалпылайды.

Қашықтықтан оқыту – оқытушы мен студенттің жанама немесе толық емес делдалдық әрекеттесуімен ақпараттық-телекоммуникациялық технологияларды пайдалана отырып, қашықтықтан білім алуға мүмкіндік беретін технологиялардың көмегімен оқыту. Қашықтықтан оқыту көбінесе интернет арқылы жүзеге асырылады.

Қашықтықтан оқытудың артықшылықтары:

- ыңғайлы уақытта, ыңғайлы жерде және қарқынмен оқу мүмкіндігі;
- пәнді меңгеру үшін реттелмеген уақыт кезеңі;
- оқу үдерісінде ақпараттық және телекоммуникациялық технологиялардың соңғы жетістіктерін пайдалану;
- білім алушының тұрғылықты жеріне, денсаулық жағдайына, материалдық қамтамасыз етілуіне қарамастан білім алуға тең мүмкіндіктер.

Қашықтықтан оқыту екі режимде жүзеге асырылуы мүмкін. Асинхронды оқыту режимі: Мұғалім мен студенттер курсқа әр түрлі уақытта қосылады. Асинхронды оқыту құралдары: электронды тесттер, форум, файлдармен алмасу, электронды оқулықтарды оқу. Синхронды

оқыту режимі білім беру процесіне қатысушылардың білім беру қызметтеріне бір мезгілде қосылуын білдіреді. Синхронды оқыту құралдарына чат, бейнеконференция жатады.

Қашықтықтан технологиялар мұғалімге оқушыларға тапсырмалардың әртүрлі түрлерін әзірлеуге және құруға мүмкіндік береді. Студенттер орындалған тапсырмаларды оқытушының қарауына кез келген нысанда бере алады: эссе, кесте, реферат, презентация, аудио, бейне файлдар және т.б. Ең кең таралғаны қашықтан оқыту моделі болып табылады, онда білім беру үдерісіне қатысушылар арасындағы білім беру байланысы асинхронды түрде, кәдімгі немесе электрондық пошта арқылы немесе веб-сайт арқылы жүзеге асырылады.

Сонымен, сабақта оқушылардың танымдық белсенділігін арттыру үшін инновациялық технологияларды қолданудың кейбір жалпы тәсілдері бар. Студенттердің негізгі білім мен дағдыларды меңгеру жүйесін жетілдіру, теориялық және өнімді ойлауын, оқушылардың танымдық қабілеттерін белсендіру, сыни көзқарасты дамыту. Оқу процесінде ойлау, белгілі бір мәселені шешуде оқушылардың ынтымақтастығын ұйымдастыру, оқу-ізденіс әрекеттерін ұйымдастыру, оқу процесінде компьютерлік технологияларды қолдану, оқушыларды әртүрлі қарқынмен оқыту және әртүрлі білім көлемін меңгеру. Сабақта инновациялық технологияларды жүйелі қолдану білімнің сапалы жаңа деңгейіне жетуге, дербестік, шығармашылық, өз іс-әрекетінің нәтижесіне жауапкершілікпен сипатталатын жаңа ойлау стилін қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Кларин М. В. Сыни және шығармашылық ойлауды дамыту. 2004 ж
2.Заир-Бек С. Оқу және жазу арқылы сыни ойлауды дамыту: сатылар мен әдістер, тәсілдер.2005ж
3.Парышев Ю. В. Оқу процесін оңтайландыру шарты ретінде сараланған оқыту, Санкт-Петербург, 2004 ж.
4. Қабдықайыров Қ., Инновациялық технологияларды диагностикалау. – А, 2015
5. Раджерс Э. Инновация туралы түсінік. – //Қазақстан мектебі, №4, 2011.«Әлеуметтік әріптестік жағдайында техникалық және кәсіптік білім беру», Білім беру мекемесі басшыларының анықтамалығы №2 (26) 2013ж;

ЭКОНОМИКАЛЫҚ ПӘНДЕРДІ ОҚУ ПРОЦЕСІНДЕ ГЕЙМИФИКАЦИЯ ӘДІСІН ҚОЛДАНУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Рахимгалиев Бейбітжан Киланбекович *- аға оқытушы, Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университеті, Орал қаласы*

Рахимгалиева Динара Кабуловна *- бірінші санатты экономикалық пәндер оқытушысы, Жоғары инженерлік-технологиялық колледжі, Орал қаласы*

«Геймификация – оқу процесінде қолданылып жүрген жаңа әдіс, сондықтан ол жеткіліксіз зерделенген, сонымен бірге кең білім беру әлеуетіне ие. Ол адам өмірінің әртүрлі салаларына қатысуы мүмкін, бірақ соңғы онжылдықта сабақ өткізудің ең перспективалы инновациялық тәсілдерінің бірі ретінде қарастырылады.

Геймификация сөзін ағылшын тілінен аударғанда ағыл. game – ойын түрлі жағдайларға қатысты ойын элементтерін қолдану. Геймификация – бұл ойын емес контексте ойын элементтері мен ойын принциптерін қолдану.Ойын техникалардын пайдалана отырып адамның іс-әрекетін өзгерту техникасы.

Геймификация әдісі мынадай салаларда қолданылады.

-Фирмаларға арналған геймификация

-Білім беру саласындағы геймификация
-Әлеметтік салаларда
-Маркетингтегі геймификация.

Білім беруде геймофикация әдісі тақырыпты түсіндіру, студенттің сабақты меңгеріп кетуіне оң жағдай туғызады. Соның ішінде студенттер өтіп жатқан сабақты меңгеруден бөлек, есте сақтауына үлкен мүмкіндік. Ойын арқылы студеттің күтпеген әрекеті ашылады, эмоция туғызу арқылы сабақты меңгеру қызықты әрі студенттер арасында достық қарым-қатынастың нығайуына да әсер етеді.

Оқытушы сабақ кезінде геймофикация әдісін төмендегі сатылар арқылы бастауы тиіс:
-Мақсатты анықтау
-Ережелерді ойлап табу
-Оқушылар арасында рольдерді бөліңіз
-Сюджет жасау.

Оқытушы сабағында геймификация әдісін қолдану барысында төмендегі қателікке әкелетін жағдайларды ескеру керек:

- Бақталастық пен жарысқа қатты мән беру
- Марапатты тым көбейту
- Ойынға қатты берілу
- Ойын механикасындағы ақаулар.

Белгілі бір өндірістік жағдайларға қатысуды модельдеуде ойын әрекеті студенттерді ойлауға, алған білімдерін біріктіруге, шындыққа жақын белсенді оқу-ізденіс жұмыстарына итермелейді. Осылайша, бизнес-ойындарын қолдану теориялық және практикалық ережелердің зерттеу тәсілдемесін меңгеруді қалыптастыруға ықпал етеді. Іскерлік ойынға қатысушылардың ойын рөліне байланысты әртүрлі қызығушылықтары туындайды. Мысалы, біреуі бөлім маманы, ал екіншісі – бас директор. Келесі іскерлік ойында біреуі несие беруші, екіншісі несие алушы және т.б. рөлінде әрекет етеді, нәтижесінде қатысушылардың әрқайсысы бірдей іскерлік мәселелерді өзінің жеке позициясынан шешеді.

Сонымен бірге, адамдардың тұрмыстық іс-әрекетті алдын-ала анықтайтын объективті экономикалық заңдылықтардың әсерінен олар бір шешімге келіп, мәмілеге келуге мәжбүр. Мұның бәрі экономикалық пәндерді оқытудың кез-келген басқа әдістемелерге қарағанда студенттерге экономикалық өзгерістердің мәнін түсінуге көмектеседі, тұрмыстық іс-әрекеттің оңтайлы экономикалық нұсқасын таңдауға бағытталған практикалық әрекеттерді жасауға ықпал етеді.

Ойындардың ұзақтығы әртүрлі: кейбіреулері бүкіл сабақ бойы созылады, ал, енді кейбіреудері бес минуттан да аспайды, сондықтан оқытушы оларды өз қалауы бойынша сабаққа ойын әрекетін ендіре алады немесе топтың дайындығына және студенттердің санына байланысты ойын жүргізушіні, ойынның орны мен уақытын таңдауға немесе студенттерге өз еркімен ойнауды ұсына алады. Мақсаты: сергіту жаттығуы. Студенттер арасында ойлау мен зейінді дамыту үшін қолдануға болады.

Сабақ материалын бекіту үшін бизнес-ойын өткізу қажет болған жағдайда төменде келтірілген бизнес ойындарын пайдалануға болады.

«Сәлеметсіз бе!» жаттығуы

Студенттер кезек-кезек бас бармақ саусағынан бастап, көршісінің сондай қол сау- сақтарына тигізіп, келесіні айтады:
-Саған әрқашан (бас бармағыңызды тигізіңіз);
-барлық жерде (сұқ саусақ);
-үлкен (ортаңғы саусақ);
-табыс (аты жоқ саусақ);
-тілеймін (кішкентай саусақ); Сәлеметсіз бе! (бүкіл алақанмен жанасу)

«Идеялар матрицасы» ойыны. Ойын ережесі

1.Топтарға бөлініңіздер
1. Тренерден қарапайым әрі үйреншікті заттардың атауы көрсетілген екі карточканы аласыз.

2. Бес минут ішінде әрбір командаға сабақта осы карточкалардың мазмұнына негізделген бизнес идеяны ойлап табу керек және брейнштормды (ми шабуылын) аяқтағаннан кейін оны топқа таныстыру қажет.
3. Тренер сіздің идеяңыздың критерияларын нақтылау бойынша тағы екі раунды өткізеді.
4. Соңғы презентация нәтижесі бойынша ең көп дауысын жинаған команда жеңіске жетеді.

«Көңілді есеп» жаттығуы

Бұл жаттығуды жүргізу үшін әр командаға 0-ден 9-ға дейінгі сандар жазылған карточкалар жиынтығы алдын-ала дайындалады. Топ 2 командаға бөлінеді. Командалар жүргізушіге қарама-қарсы қатарға тұрады, олардың алдына екі орындық қойылады. Әр ойыншы сандардың бірі жазылған карта алады. Командалар үшін жүргізуші мысалды оқығаннан кейін, нәтижені құрайтын сандары бар ойыншылар жетекшіге қарай жүгіреді және жауапты оқи алатындай орындықтарға отырады. Мысал: 16+5 болды делік. 2 және 1 сандары жазылған карточкалары бар қатысушылар жүргізушінің жанындағы орындықтарға отыруы керек, өйткені 16 және 5 қосындысы 21-ге тең. Мұны тез және дұрыс жасаған команда ұпай жинайды. Есеп бес ұпайға дейін барады.

«Команда қалыптастыру» ойыны

Мақсаты: команданы қалыптастыруды және команда мүшелерінің күшті және әлсіз жақтарын анықтауды үйрену.

Қатысушылар саны: 7-9 адамнан құралған командалар.

Ресурстар: ойыншылар санына қарай толтыруға арналған кестелер үлгісі

Ойын ережесі: сынып 7-9 адамнан тұратын топтарға бөлінеді.

Бос орынға үміткерлердің барлығы шеңбер жасап отырады. Командаларда жұмыс берушіні (жобаның негізін қалаушыны) таңдайды, оған карточкада оның атқаратын мінедеті сипатталады: әрбір үміткерден өзін таныстыруды, өзі туралы әңгімелеуді және бос жұмыс орны несімен ұнайтынын (кез келген жұмыс орнын жүргізушінің өзі таңдайды), осы лауазымда және осы компанияда неге жұмыс істегісі келетінін түсіндіруді сұраңыз. Уақыты 2-3 - минут. Жүргізуші қатысушыларды таныстырмас бұрын жоба негізін қалаушыдан (жұмыс берушіден) мұқият қадағалап парақтағы әрбір үміткердің тұсына белгі салуды сұрайды, себебі бұл қатысушыларды бөлу кезінде пайдалы болады. Одан әрі компанияның иесі былай дейді: «Енді сіздің әрқайсыңыз бланкідегі кестенің сол бағанында басшы/менеджер/бухгалтер/дизайнер және т.с.с. жұмысына қажетті 5-7 жеке тұлғалық қасиеттерін жазуы тиіс». Барлығы 2-3 минут жазады. «Енді оң жақ бағанада сіздердің барлықтарыңыз ортақ пікірге келіп, барлық топ келісетін жеке тұлғалық қасиеттерді жазуыңыз керек. Дауыс беруге тыйым салынады, яғни барлығыңыз ортақ келісімге келуіңіз керек». Әрі қарай компания иесі «осылай болсын..» деп кім айтатынын, кімді тыңдайтынын (көшбасшылық) қадағалау керек. Талқылау 7-8 минутқа созылады. Содан кейін компанияның негізін қалаушы: «Біреуіңіз шығып, барлығыңыз бірге жасаған қасиеттердің тізімін оқып шығыңыз», - дейді де, кім жауапкершілікті алып ортаға шыққанын бақылайды. «Ал енді әркім сіз бірге жасаған қасиеттердің контекстінде өзіңіз туралы айтып беріңізші, мысалы: «мен жауапты адаммын, өйткені..., бұл мынадан көрінеді..., оған мысал ретінде... келтірсем болады.». Компанияның негізін қалаушы кім сенімді айтып отырғандығын байқауға тиіс. Әдетте, егер қандай да бір қасиет әлсіз ашылған болса, кандидатқа ештеңе айтудың қажеті жоқ, ол мысалдар да келтіре алмайды.

Үміткерлердің сөздерін тыңдап, компанияның негізін қалаушы (егер уақыт мүмкіндік берсе) келесі мәселені шешуді ұсына алады: «1,5 күн ішінде 1,5 тауық 1,5 жұмыртқа туды. 3 күн ішінде 3 тауық қанша жұмыртқа туады» (Жауабы: 6-ға тең). Шешімге 3-4 минут беріледі.

Содан кейін әрқайсысы кезек бойынша өз жауабын айту керек. Жауаптар әртүрлі болады: 3, 6, 9, шешім жоқ. «Есеп таза математикалық болғандықтан, оның бір ғана дұрыс шешімі болады. Сіз 5 минут ішінде ортақ пікірге келу керек», - деп айтуыңыз керек. Егер ортақ шешімге келмесе (бәрі өз пікірінде қалса), онда жауабы 6-ға тең деп айтыңыз. «Енді 6 деген жауабы барлар, басқа жауаптары бар адамдарға қалайша 6 шығатынын түсіндіреді». Қатысушылардың түсініктемелері мен реакцияларын қадағалап және үміткерлердің бос жұмыс орнына кім келетіні туралы дәлелді қорытынды жасау керек. Әр адамға бос жұмыс орнына неге бас тартылғанын немесе келісімнің берілгенін түсіндіру керек.

Ойынның қатысушыларынан ойын кезінде өз эмоцияларын айтып, қандай қорытынды жасағандарын сұраңыз. Жұмыс беруші қандай қорытынды жасады? Ол үміткерлерді іріктеу кезінде не нәрсеге назар аударатын болады? Қатысушыларға ойын несімен пайдалы болды?

«Компанияның ұйымдық құрылымын модельдеу» ойыны

Мақсаты: ағымдағы ұйымдық құрылым мен бөлімшелер арасындағы өзара іс-әрекет процестерін бірлесіп ұғыну. Ұйымның қалай жұмыс істейтінін жалпы түсіну және жетілдіру бойынша ұсыныстарды әзірлеу.

Ойын ережесі: қатысушылардың әр тобының міндеті – кез келген қолда бар заттарды: телефондар, кілттер, визиткалар – ой-қиялыңыз жеткеннің барлығын пайдалана отырып, олардың бөлімшелерінің ұйымдастыру құрылымын және өзара іс-қимыл сызбасын құру болып табылады. Ұзақтығы: 10-15 мин. Әр команданың 5-10 минут аралығында жасаған шығармашылық нәтижелерін ұсынуын сұраңыз.

Барлық презентациялар аяқталғаннан кейін қатысушыларға келесі сұрақтарды талқылауды ұсыныңыз: барлық қатысушыларда ұйым туралы ортақ түсінігі бар ма? Келіспеушіліктер қайда жатыр? Қандай проблемалы аймақтар бар? Жұмыс тиімділігін жетілдірудің қандай нұсқаларын қарастыруға болады?

«Өрмекшінің өрнегі» жаттығуы.

Барлығы шеңбер жасап орындықтарға отырады. Оқытушы жіптің орамасын алып, саусағына жіпті орап, шеңбердегі кез-келген балаға жіптің орамасын береді («Мен бұл ораманы Қатираға бергім келеді, өйткені...»). Әрі қарай, екінші қатысушы өз саусағы- на жіпті орап, ораманы келесіге беріп, таңдауын түсіндіреді. Ары қарай бәрі бір жіппен байланғанша, тағы сол секілді жалғасады. Сыныпта студенттер арасында туындаған байланыстарды көзбен көріп байқауға болады. Әр оқушы естелікке саусаққа оралған жіпті кесіп алса болады.

«Комплимент» жаттығуы

Сабақты әсерлі аяқтау үшін «Комплимент» жаттығуларының бір нұсқасын қолдануға болады (Комплимент-мақтау, іскерлік қасиеттерге мақтау, сезімге мақтау), онда студенттер бір-бірінің сабаққа қосқан үлесін бағалайды және бір-біріне және оқытушыға сабақ үшін алғыс айтады. Сабақты аяқтаудың бұл нұсқасы әркімнің жеке маңыздылығын тану қажеттілігін қанағаттандыруға мүмкіндік береді.

Неліктен ойын арқылы білім беру жұмыс істейді? Өйткені қазіргі өскелең буын ойын құралдарын пайдаланумен өсіп келеді. Олардың назарын кітап, жазу, дәстүрлі дәріс оқумен аулау қиын. Олардың ынтасы парыз бен дұрыстыққа емес, жарысу мен марапатқа негізделген. Мұндай сана жаңа деңгей, жаңа машыққа икемді келеді, жаңа жаттығулар жасап, рекорд жаңартуға бейім. Сондықтан осы ерекшеліктерді ескере отырып, әлем бағдарламашылары білім жобаларын, тіпті жұмыс түрлерін ойынға негіздейді.

Сараптама жасасақ, ойын түрлері жан-жақты дамып, жас буыннан үлкендерге әсер етіп жатқанын байқауға болады.

Пайдаланылған әдебиеттер

1.Кәсіпкерлік және бизнес негіздері./Е. С. Дүйсенханов, Н.Е. Жұлдызбаев, С. А. Щеглов - Алматы: Көкжиек-Горизонт, 2020.
2.Артамова В.В. 21 ғасырда геймификация тұжылымдамасын дамыту/В.В. Артамова//Тарихи және әлеуметтік-білім беру ойы. Шығ. №2 (2) 2018
3. https://hrhelpline.ru/30-igr-dlya-sozdaniya-komandy-igra-vozmozh/

ЕРЕКШЕ БІЛІМ БЕРУ ҚАЖЕТТІЛІГІН ТАЛАП ЕТЕТІН СТУДЕНТТЕРМЕН ӨТКІЗІЛЕТІН ТИІМДІ ӘДІС – ТӘСІЛДЕРДІҢ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ

Токсанбаева Зура Еркеновна
Ақмола облысы білім басқармасының жанындағы
"Красный Яр ауылы, агротехникалық колледжі" МКҚК

Ғылыми жетекшісі: Таткенов Болат Толекович *– басшының оқу - тәрбие ісі жөніндегі орынбасары*

Инклюзивті білім беру дене бітіміне, психикалық, интеллектуалдық, мәдени, этникалық, тілдік және өзге ерекшеліктеріне қарамастан ерекше білім беруге қажеттілігі бар балаларды жалпы білім беру кеңістігіне енгізуді, олардың сапалы білім беруде кедергілерді жоюды және әлеуметтік ортада бейімделуін және ықпалдасуын көздейді [1].

Бейімделген бағдарламаның ерекшелігіне қарай ақпаратты меңгерудің жеке әдістері қолданылады. Сондықтан оқытушы ерекше білім беруқажеттілігін талап ететін студенттерге жеке білім беру әдіс-тәсілдерін қолдану керек.

Ерекше білім беру қажеттілігін талап ететін студенттермен төмендегідей бағыттарды басшылыққа алу қажет:

- оқытудың негізгі бағыты;
- жаңа оқу материалын шағын бөліктерге бөлу;
- қайталау (нақты жоспарға және логикаға негізделген);
- жалпылама көзқарастарды қалыптастыру;
- студенттердің жан-жақты дамуы;
- жеке және сараланған тәсілдерді қолдану;
- эстетикалық талаптарға сай көрнекіліктерді пайдалану;
- стресстік жағдайларды болдырмау;
- өз еркімен жұмыс жасауға ынталандыру;
- мінездің жағымсыз жақтарын білдірмеу;
- оқыту практикалық бағытында өткізілуі қажет (бұл санаттағы студенттерді өмірге дайындау екенін есте сақтау жөн);
- сөйлеу, тіл дамытуға арналған тұрақты жұмыс жүргізілу;

Сөйлеу – өте күрделі психикалық әрекет, адамның маңызды психикалық қызметтерінің бірі. Сөйлеуді дамыту процесінде танымдық іс-әрекеттің жоғары формалары, ұғымдық ойлау қабілеті қалыптасады. Сөйлеу арқылы адамдар арасындағы қарым-қатынас жасалады.

Студенттермен қарым-қатынас жасау кезінде мұғалім өзінің айтатын сөздеріне назар аударуы керек. Мұғалімнің сөзі жылдам емес, ырғақты, қысқа, түсінікті сөйлемдерден тұратын, эмоционалды, мәнерлі болуы қажет. Ал ең бастысы, мұғалімнің студентке деген қарым-қатынасы мейірімді болуға тиісті. Қазіргі кезеңде бұл мәселені шешу- білім беруді ұйымдастырудың жаңа әдіс - тәсілдері негізінен ерекше білім беру қажеттілігін талап ететін студенттердің нақты мүмкіндіктерін, ағымдағы қызмет - жағдайларын ескеретін білімді қалыптастырудың тиімді жолдарын іздеуді болжайды. Ерекше білім беру қажеттілігін талап ететін студенттерді тәрбиелеу мен оқытудың негізгі мақсаты: студенттің сырттан берілген көмекке тәуелділігін азайту, оның белсенділігін арттыру, қоршаған ортаға және әлеуметтік ортаға бейімделу арқылы даму ауытқуларын түзету болып табылады.

Қ.Ж.Жарықбаевтың, Л.С.Выготский, С.Л.Рубинштейн және басқа да көрнекті психологтардың пікірлері бойынша адам психикасы белсенді түрде өзгеріп, әрекет процесінде өзгереді. Педагогикалық үдеріс үздіксіз жаңа технологиялармен артып, өзгеріп, түрленіп отырады. Ең жақсы нәтижеге жету үшін ерекше білім беру қажеттілігін талап ететін студенттермен жұмыс барысында мұғалім өзінің іс - тәжірибесінде инновациялық технологиялардың бірнеше түрлерін қолдануы қажет.

«Инновациялық технологиялар – бұл оқу – тәрбие процесін ұйымдастырудың өзара ортақ тұжырымдамамен байланысқан жаңа міндеттерінің, мазмұнының, әдіс - тәсілдерінің күрделі және ашық жүйелері. «Инновация» - бұл нақты қойылған мақсатқа жетуде ойға алынған жаңа нәтиже көздейді [2].

Қазіргі кезеңде білім, ғылым саласында инновациялық педагогикалық технологиялар қаншалықты маңызды болса, колледждегі студенттерді оқыту мен тәрбиелеуде де педагогикалық технологиялар ұғымы кеңінен қолданылатын ұғымдардың біріне айналды. Яғни, инновациялық технологияны қолдану негізінде келешек ұрпақтың еркін дамуына, жан-жақты білім алуына, белсенді, шығармашыл болуына жағдай жасау қазіргі таңдағы әрбір педагогтың міндеті.

Педагог жаңа технологиямен жұмыс істеу үшін төмендегідей алғы шарттарды басшылыққа алуы қажет:

- Оқу үрдісін интенсивтендіруді жаппай қолға алу;
- Білім алушылардың сабаққа өз – өзін шектелмеуін болдырмау шараларын кешенді түрде қарастыру. Оның ғылыми- әдістемелік, оқыту-әдістемелік, ұйымдастырушылық себептеріне үнемі талдау жасап, назарда ұстау;
- Жаңа оқулықтарының мазмұнын зерттеп білу, білімді деңгейлеп беру технологиясын меңгеру арқылы студенттерге білімді мемлекеттік стандарт деңгейінде игеруге қол жеткізу;
- Оқыту үрдісін ізгілендіру мен демократияландыруды үнемі басшылыққа алу қажет.

Жаңа технологиялардың педагогикалық негізгі қағидалары:

- студентке ізгілік тұрғысынан қарау;
- оқыту мен тәрбиенің бірлігі;
- студенттің танымдық күшін қалыптастыру және дамыту;
- студенттің өз бетімен әрекеттену әдістерін меңгерту;
- олардың танымдылық және шығармашылық икемділігін дамыту [3];
- әр студентпен жүйелі жұмыс жасау.

Мен де өз іс - тәжірибемде ерекше білім беру қажеттілігін талап ететін студенттерді тәрбиелеу мен оқытудың мақсаты мен міндеттерін табысты орындау үшін оқу үрдісінің интенсификациялық әдістерін жүйелі түрде қолданамын.

Біріншіден - **денсаулық сақтау технологиясына** аса назар аудару керек деп, есептеймін.Бұл технология білім алушының денсаулығын сақтаудың, салауатты өмір салтын ұйымдастыру мен денсаулығын шыңдаудың мүмкіндіктерін анықтайды. Технологияның бұл түрі сабақ барысында өткізілетін динамикалық үзілістерді, саусақ ойындарын, тыныс алу жаттығуларын қамтиды. Студенттер К.П. Бутейко әдісі арқылы мынадай тыныс алу жаттығуларын орындауды ұнатады.


1. «Мысық». Аяқтың арасы – ашық. Торғайды аңдып отырған мысықты еске түсіреді. Соның қозғалысын қайталап отыра, аздап отырып оңға және солға қарайды.

2. «Иығынды құшақта». Иықтың бойымен қолдарын көтереді. Шынтақтарын бүгеді. Алақанды кеудеге қойып, мойыннан төмен тұрады. Екі қол бір – біріне қарама – қарсы болу керек. Қолдарды жақындату керек. Қатты тыныс алып «иық ауаға көмектеседі» деп, айтады.

3. «Жартылай отыру». Бір аяқ алда, екіншісі – артта. Дене салмағы – аяқта, яғни, жарысқа қатысатын адам тәрізді болу керек. Сол жаттығуды бірнеше рет тұрып, отырып жасайды. Қозғалысты меңгеріп алып, қолдарын тербеліске келтіреді.

Менің ойымша, арнайы тыныс алу жаттығулары студенттің тыныс алу қызметін, ішкі ағза резервтерін жақсартады.


Қазақ тілін оқытуда **ӨТШТ (ТРИЗ)** әдістемесі тиімді әдіс – тәсілдердің бірі деп, санаймын. Осы әдістемесінің қолдануы студенттердің тілдік дүниетанымын дамытады. Олар өздері ойлап тауып, өз ойларын жасқанбай айтып, жеткізуге тырысады. ӨТШТ әдістемесі бойынша сызбалар арқылы студенттер жеке сөздерден сөйлем, сөйлемнен әңгіме құрастыра алады. Мысалы: көйлекті сипаттап бере алады.



1) Көйлектің түсі қызыл, жасыл.
2) Көйлек жібектен жасалған.
3) Көйлек - киім.
4) Көйлекті жазда, күзде, қыста, көктемде киеді.
5) Көйлекті әже, ана, қыз киеді.
6) Көйлекті қолмен ұстауға болады.

ӨТШТ (ТРИЗ) әдістемесі бойынша «Жасырылынған жұмбақ» деген ойынды бастапқы кезде мен өзімнің суретімді көрсетіп, студенттерге жұмбақ жасырамын, кейін студенттер өздері, тақырыпқа байланысты сурет салып, жұмбақтарын құрастыру барысында сөйлемдерді қазақ тілінде айтуды тез үйреніп алады.Бұл ойын арқылы студенттердің сурет салуға қызығушылықтары артып, қарым – қатынас жасаудың дағдылары қалыптасады.

Мысалы: Мына сызба арқылы жұмбақ жасырылады.



1) Оның түсі жасыл, сары, қызыл болады.

2)Пішіні дөңгелек.

3) Ол - жеміс.

4) Ол дәмді.

5) Ол ағашта өседі.

6) Біз оны жейміз.Ол не?

Жауабы:алма

ТРИЗ - студенттердің логикалық және абстракты ойлау қабілетін, қиялын дамытып, зейін қоюға үйретеді. Менің байқағаным, ӨТШТ технологиясының элементтері студентті шығармашылық тапсырмаларды орындауға үйретеді және оның бойында шығармашылық қажеттілікті дамыта отырып, шығармашылыққа жетелеуге мүмкіндік береді.

Студенттің бойындағы білімділік, танымдық, шығармашылық қасиеттерін айқындау үшін қызықты, тартымды ойындарды жиі өткіземін. Ойын – эмоция мен ақылды көп қажет ететін әрекет. Ойын барысында студенттер қандай да бір шешім қабылдауға үйренеді. Бұл жерде студенттер қайтсем, жеңсем? Не қылсам? Не айтсам? – деген сұрақтардың алдында тұрып, оларға дұрыс жауап беруге тырысады. Студенттерде жеңіске деген ұмтылыс байқалады. Ойында барлық студенттер тең. Ойын – студенттер үшін оқу да, еңбек те. Ойын айналадағы дүниені танудың тәсілі. Сонымен қатар, ойын студенттерге өмірде кездескен қиыншылықтарды жеңу жолын үйретіп қана қоймайды, олардың ұйымдастырушылық қабілеттерін де қалыптастырады. Ойын барысында пайда болатын эмоциялар жүйке жүйесіне пайдалы әсер етеді, ағзаның функционалдық белсенділігін нығайтып, студенттердің тіл байлығын дамытады. Мысалы:

Ойын «Бес сиқыршы»

Тақырыбы «Жемістер»

Сиқыршылар: көз, мұрын, ауыз, қол, құлақ.

Тақтада алманың суреті ілулі тұр

Әр сиқыршы алма туралы айтады.

Сиқыршы көз айтады: алма қызыл, сары болады.

Сиқыршы мұрын айтады:Алманың иісі дәмді.

Сиқыршы ауыз айтады: Алманы жеуге болады.

Сиқыршы қол айтады: Алма қатты, жұмсақ болады.

Сиқыршы құлақ айтады: Алма сөйлемейді.

Ойынға қатысқан студенттер негізінен бір – бірімен тез тіл табыса алады. Ойын кезінде мейірімді болып, бір – біріне әрқашан көмек беруге дайын болады.

«Синквейн» технологиясының тәсілін кез келген тақырыпты пысықтауда өткіземін.

«Синквейннің» құрылым алгоритмі (бес жолдан тұратын өлең**)**

• **1-ші жол** – бір сөз, әдетте зат есім.
• **2-ші жол** – екі сөз, негізгі ойды суреттейтін сын есім.
• **3-ші жол** – үш сөз, етістік,тақырып айналасындағы іс-қимылдарды суреттейді.
• **4-ші жол** –тақырыпқа байланысты сөйлем, автордың тақырыпқа қатысы туралы бірнеше сөзден құрылған сөйлем, қанатты сөздер, т.б.
• **5-ші жол** – сөздер, тақырыптың мағынасын айқындайтын, біріншісімен байланысты.

Мысалы:
1.Тігінші
2.Білімді, шығармашыл.
3.Тігеді, жаңартады, әшекелейді.
4.Тігіншілік – қол мен қиялдың еңбегі.
5.Шебер.

Нәтижесі бірден шығарылып отырылады, «Синквейн» тәсілі студенттердің тілдік қорын байытады, қысқаша мазмұндауға үйретеді, бір сәтте ақын ретінде сезінуге мүмкіндік береді, ой-пікірді қалыптастыруға үйретеді.

Ақпараттық - коммуникациялық технологияларды пайдаланудың тиімділігі: студенттің еркін ойлауына мүмкіндік береді, ақыл - ойын дамытады, шығармашылық белсенділігін арттырады, тіл байлығын жетілдіреді.Ақпараттық технологияның ерекшелігі: оқушылардың өздері ақпараттар жинап, жаңалық ашуға ұмтылып, ізденіп, жауабын тауып, өзінің көзқарасын логикалық түрде дәлелдейді.[4].

Сондай-ақ, сабақта ақпараттық технологияның бірнеше түрлерін қолданамын: грамматикалық ережелерге байланысты презентациялар, бейнекөріністер, қызықты компьютерлік ойындар студенттердің тапсырмаларды орындауға ынтасын арттыруға көмектеседі.

Сабақ барысында өткізілетін осындай әдіс – тәсілдер ұжымшылдыққа тәрбиелейді. Студенттер алға қойған мақсатқа сәйкес бірлесіп ойлауға, әрекет етуге, бірін-бірі тыңдауға, өзінің және жолдастарының жұмыстарын талдап, бір-біріне әдептілікпен сыни ескертулер жасауға үйренеді. Мұның бәрі, әрине, ерекше білім беру қажеттілігін талап ететін студенттердің жеке тұлғасының қалыптасуына зор әсер етеді. Мысалы, мультимедиялық бағдарлама бойынша студенттер тапсырманы компьютер көмегімен тыңдап, жауабын қазақ тілінде айтып бере алады. Ең бастысы – тапсырмалар күнделікті өмірде кездесетін жағдаяттарға негізделіп берілген, яғни: бұл тіл үйренушінің тілді жеңіл түсініп, тез меңгеруіне көмектеседі.

Оқыту процесінде ұтымды технологиялардың элементтерін пайдалану барысында студенттер қиын мәселелерді өз бетінше шеше білуге тырысады, алған білімді нақты іс те қолдана біледі; уақытты үнемдеуге үйренеді. Олардың білімге деген қызығушылығы, ізденушілікке деген ынтасы арта түседі.

Білім беру саласында қызмет ететін әр қызметкер, әсіресе, мұғалімдер шығармашылықпен жұмыс жасай білуі керек деп түсінемін. Қазіргі таңда кәсіби білімді мұғалім қоғам талаптарына сай болуы үшін өзінің білімін үнемі жетілдіру, мінез - құлқын психологиялық жағынан тәрбиелеу, шығармашылық даму шараларын жүзеге асыра білген жөн. Нәтижесінде аталмыш іс- әрекеттердің жүзеге асырылғанын немесе жүзеге аспағанын өз тәрбиеленуші студенттердің бойынан іздеу қажет. Себебі мұғалім өзіндегі бар болмысының, іс- әрекетінің жемісі- өзі тәрбиелеген шәкірттері екенін ұмытпаған абзал. Шәкірт жеңісі- ұстаз жемісі. Шығармашылық жұмыспен айналысқан, өз қанатының

астында тәрбие көріп, қара қанаттанған балауса қанатымен самғай білген шәкірттің білім кеңістігі мен шығармашылық биіктерден көріне білсе, еңбегіңнің еш кетпегені десе де болады. Сондықтан менің ұстаздық міндетім:ерекше білім беру қажеттілігін талап ететін студенттермен қазақ тілін оқыту барысында тиімді тәсілдерді қолдана отырып, студенттерге сапалы да, терең білім беру, олардың ойлау дағдылары мен есте сақтау қабілеттерін жетілдіре отырып, қазақ тілінде еркін сөйлеу дәрежесін көтеру.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Инклюзивті білім беру жағдайында ерекше қажеттіліктері бар оқушылардың оқу жетістіктерін критериалды бағалау жүйесі. Әдістемелік құрал. – Астана: Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы. 2016ж.

2. А. Утеуова «Инновациялық технологиялар – сапалы болашақ кепілі» 2021ж.

3. «Оқыту тиімділігі – озық технологияларда» Педагогикалық журнал 2022ж.

4. А Тапаева, Б. Арзымбетова, Н. Шаптай «Оқушыларға сапалы білім берудегі озық инновациялық технологиялардың тиімділігі» 2014 ж.

ЗАМАНАУИ ТӘСІЛДЕРМЕН ОҚЫТУ МЕН ТӘРБИЕЛЕУ – ҚАЗІРГІ КӘСІБИ БІЛІМ БЕРУДІҢ БАСТЫ ТАЛАБЫ

С.Р. Кулмурзаев

«Кентау көпсалалы колледжі», Түркістан облысы, Кентау қаласы

Қазіргі Қазақстандағы білім беру – жас ұрпақ пен ата-аналарды, педагог-мамандарды толғандыратын және жаңа Қазақстанды құру жолында ең көп талқыланатын әлеуметтік мәселелердің бірі. Білім мазмұны, мақсаттары мен міндеттері, білім берудің орны тәуелсіздік алғалы бері, бүгінгі күнге дейін талқыланып келеді. Әртүрлі әлеуметтік топтардың сұраныстары мен мүдделері қанағаттандыратын, білім беруші мен білім алушыны бір-біріне сенімді қарауларына мүмкіндік беретін қолайлы шешім толық берілген жоқ. Жағдайдың тұрақсыздығы дайын шешімдердің жоқтығын көрсетеді, сонымен қатар бұндай ахуал жинақталған тәжірибені теориялық тұрғыдан түсіну қажеттілігін, кеңестік дәуір тәжірибесін де алуды қажет етеді. Қазақстандағы заманауи білім берудің нысаны мен мазмұнына қатысты сұрақтардың едәуір бөлігі қазіргі заманғы педагогикалық тәжірибемен тұжырымдалған, сонымен қатар әлеуметтік консенсуске, қоғамдық келісімге қол жеткізумен анықталады.

Зайырлылықтың, тәрбиенің, дүниетанымдық еркіндіктің немесе рухани дәстүрге бастама берудің рұқсат етілген шекараларын анықтау қиын, өйткені оқушының жеке басын хабардар ету мен өзгерту арасындағы демаркация сызығын салу қиынға соғады. Зайырлы мектепте қоғамдық және ұлттық сананы қалыптастыратын этнопедагогикалық білім негіздеріне жол берілгенімен, зайырлылық пен дәстүршілдік қарым-қатынасы мен өзара әсер ету мәселесі ашық күйінде қалып отыр [1].

Жаһандану және аймақтардағы интеграциялық процестердің дамуы жағдайында қазіргі елдердің тіршілігінде ұлттық педагогика негіздері мен әдіс-тәсілдерінің қажеттілігі артып келеді. Әралуан бейнедегі ұлттық сана, салт-дәстүрге бейімділік білім берудің барлық кезеңдерінде көрініс алуы қажет. Ұлттық сананы насихаттауға бағытталған ғылыми еңбектер мен зерттеулер өзекті болып табылады. Көптеген танымал ойшылдар халықтар мен

жекелеген тұлғалардың өздерінің ерекшеліктері, қалаулары мен қалыптасқан орталарына қарай білім контентін таңдау құқықтары бар екендігін қолдайды.

Білім кеңістігі тарылған мына заманда заманауи әдіс-тәсілдерді қолдану да ұтымды болмақ. Себебі, ғылым мен білім кеңістігінде интеграциялану орын алған кезеңде жеке кеңістікте қалып қою өз құқығыңды шектеу де болып табылады. Ғылымды дамыту мен білім алу аймақ не өлкемен шектелмей, бүкіл адамзаттың жеткен табыстарымен тұтастану керек, олай болмағанда, ғылыми салалар жұтап, арнасы тарылады. Батыс Еуропаның басынан өткерген тәжірибе бүкіл адамзатқа сабақ болу керек деген ойдамын. Бір саланы не әдісті қаузай бермей, оның жалпыадамзаттық жетістіктермен бір платформада салыстыра қарап, озық үлгілерді білім саласына қолданғаннан ешкім ұтылмақ емес.

Заманауи білім беру саласына қажет тетіктердің бірі – осы бірегейлік пен тұтастық позициясында қалу. Бүгінгі таңда интегралды білім экономикалық прогрессті қамтамасыз етуде шешуші күшке айналды, ол қазіргі елдердің рухани өмірінің жаңғыруын (модернизациясын) талап етеді. Жаһандану мен интеграциялық үдерістер дәуірінде заманауи білім беруді жаңа конструктивті тәсілсіз жүзеге асыру қиындықтарға әкеп соғады. Сондықтан бұл бағытта зайырлы білім мен ғылым басты рөлді атқарады.

Бүгінгі күні білім берудің рухани мазмұнын қайта қарау терең өзектілікке ие. Білім беру тәжірибелерінің сараптамасы білім берудің рухани мәнін қайта қалпына келтіруді қазіргі заманғы білім жүйесі қажет ететіндігін көрсетіп отыр. Оқу саласында руханилықты әркезде дәстүрлі білім беру анықтаған болатын. Дәстүрлі білім беру дискурсы қазірігі білім құрылымындағы қажетті, толықтырушы компонент болып табылады. Қазіргі заманда білім беру біржақты зайырлы бола алмайды. Яғни оқыту үдерісінде көп бағыттар назарға алынуы керек. Педагогиканың жалпы негіздері, оқыту мәселелері, тәрбиелеу теориялары заманауи ғылым мен педагогикалық тәжірибе жетістіктерін ескере отырып, ашылады. Педагогикалық ұйымдарда оқыту процесін ұйымдастыру принциптері, оқытушының міндеттері, әдіс-тәсілдері өз ішінде қаралып, бекітіліп отырады. Бұған мекеменің білім беру бағыты, саласы мен ерекшеліктері әсер етеді. Және де ең маңыздысы теория тәжірибемен астасып жату керек. Шиллер: «Ой-пікірлер санамызда бейбіт қатар өмір сүреді, бірақ өмірде олар қатты соққыға тап болады», - деп, алынған білім негізінде нақты педагогикалық жағдайды түсіну әрекеті танымдық әрекеттің логикалық қорытындысы болу керектігіне басымдық береді [2]. Оқыту мен тәрбиелеу барысында алынған білім тәжірибе сынағына төтеп бере алмаса, ондай білімнен пайда жоқ.

Оқушының жұмысы – оңай танымдық жұмыс емес, оны мүмкіндігінше өнімді етуге тырысу керек. Дербес еңбексіз кез келген күрделі істе нәтижеге қол жеткізу мүмкін емес, ал еңбектен қорыққан адам өзін шындықты білу ләззатынан айырады. Жас өскелең ұрпақ білім алуға, шындықты іздеуге, ізденіс жолында қиындықтардан оңай өтуге дағдыланулары керек.

Мәселен, «Электр және электромеханикалық жабдықтар (түрлері бойынша)» мамандығына арналған «Техник-электрик» біліктілігі құзыреттері ішінде заманауи технологияларды баяндай отырып, модуль бағдарламасының тақырыптары мен тараулары бойынша теориялық және практикалық материалдар жинақтау орын алған [3, 2 б]. Электр және электромеханикалық жабдықтарды монтаждау, техникалық қызмет көрсету, пайдалану және жөндеу бойынша негіздерін баяндай алу керек. Сонымен қатар электр қондырғыларында жүргізілетін жұмыстардың сапасын бақылау және орындау да олардың біліктілігі ауқымына кіреді.

Көпсалалы колледжерде кәсіптік құзыреттерге сәйкес кәсіптік қызметті меңгеруге жаңа әдістер қарастырылған. Зертхана мен өндірістік практикадағы практикалық біліммен монтаждау жұмыстарының технологиясын, түрлі нысандағы ғимараттарды монтаждау ерекшеліктерін үйрену бойынша теориялық білімдерді біріктіру қажеттілігі; қабылдау-тапсыру сынақтарын орындау; сынақтардың аяқталуы жөнінде хаттамалар ресімдеу; электржабдықтарын тексеру және күйге келтіру, релелік қорғаныс және автоматика қондырғыларын тексеру және реттеу жұмыстары жүзеге асырылады [4.].

Кентау көпсалалы колледжінде электрлік орнату жұмысы техникалық және инженерлік істердің ажырамас бөлігі ретінде «Электрлік монтаждау» пәнінде қарастырылады. Электрлік орнату жұмысы құрылыс кешеннің бір бөлігі табылады. Ұйымдастыру кезеңінде қондырғыларды орнату үшін ғимараттар, құрылымдар, іргетас, саңылаулар мен конструкциядағы тауашаларды қабылдау, т.б. механизмдер жасалады. Оқушылар теориялық модуль аяқталысымен, білімдерін өнеркәсіпте шыңдайды. Пракика аяқталысымен теорияны жалғастырады. Осылай циклдік оқыту үдерісі жалғасады. Яғни, электрлі монтаждау ісін үйрену арқылы оқушылар өндіріске жақындайды. Дуальды оқыту барысында оқушылар өнеркәсіп орындарында теориялық білімді бекітеді, өнеркәсіпте жұмыс атқару ережелерін меңгеріп сақтайды. 2022 жылы колледж қабырғасына жаңа электрлік жабдықтар сатып алынды. Онда зертханалық жұмыстар түрлі бағытта атқарылады. Жаңа жабдықтармен жұмыс істеу арқылы оқушылар шетелдік әдістермен танысады, жұмыс жасау іскерлігі мен дағдыларын шыңдайды.

Қорыта келе, заманауи білім беру мен тәрбие беру арқылы жас ұрпақты мамандық қыр-сырын білуге, өз білімін тәжірибеде қолдануға, ісінің нәтижесін қызығушылықпен күтуге итермелейді. Заманауи кәсіби білім беруде арнайы құзыреттілікті меңгертуге бағытталған оқыту бағдарламасында отандық және шетелдік әдіс-тәсілдерді қолдана отырып, тұлғалық және кәсіби деңгейін көтеруге маңызды орын берілуі тиіс деген ойдамын. Сонымен бірге, оқушылардың өндірістік практикалары да оқыту мен тәрбиелеу құралдары ретінде кәсіби біліктіліктерін көтеруге, адами қасиеттерін жетілдіруге, білімін көтеруге үлкен үлес қосады деген пікірдемін.

2021-2022 оқу жылында бітіруші түлектердің Сарыағаш қаласында өндірістік практикадан өтулері олардың теориялық білімдерін шыңдауға, теорияны іске асыруға мотивация болғаны хақ. Өндірістік практикада алған тәжірибелері оқытушыларға зертханалық-практикалық сабақтарды ұйымдастыру үшін, ал өндірістік оқыту шеберлеріне өндірісте жұмысшыларды дайындау кезінде пайдасын тигізеді. Оқушылар болса, қолдан жасаған заттарын, өнімдерін көрген мезет, индуктивтілік пен дедуктивтіліктің маңыздылығын, зертханалық жұмыс процесін игеру және басқару маңыздылығын сезінеді. Өндірістегі жетістіктерін өмірлерінде қолдана білу, тұлғалық өсу, үлкен әріппен жазылған адам болу – заманауи оқыту мен тәрбие ісінің кәсіби өсуге ғана емес, тұлғалық кемелденуге алып барары күмәнсіз.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Қоғамдық сананы жаңғырту міндеттері аясындағы қазақстандық бірегейлікті қалыптастыру: 3 кітап. Формирование казахстанской идентичности в контексте задач модернизации общественного сознания: книга 3. – Алматы: ИФПР КН МОН РК, 2020. – 668 с.
2. https://obuchalka.org/2012091566983/pedagogika-kniga-1-podlasii-i-p-1999.html
3. Голев В.М., Королева Н.Г., Катинас В.М., Блок В.В. «Техник-электрик» біліктілігі бойынша негізгі жұмыс түрлерін орындау/ Оқу құралы. – Астана: «Кәсіпкер» холдингі» коммерциялық емес акционерлік қоғамы. -140 б.
4. Өнеркәсіптік және азаматтық ғимараттардың электр жабдықтарын монтаждау мен реттеу: орта кәсіптік білім беру мекемесінің студенттеріне арналған оқулық / И.В.Шашкова, А.В.Бычков. — М. : «Академия» баспа орталығы, 2015. — 256 б.

ЗАМАНАУИ БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНДЕ СТУДЕНТТЕРДІҢ АҚПАРАТТЫҚ-КОММУНИКАЦИЯЛЫҚ ҚҰЗЫРЕТТІЛІКТЕРІН ДАМЫТУДЫҢ ТИІМДІ ӘДІС-ТӘСІЛДЕРІ

Баратов Аброр Бахтияруллы
«Түркістан» көпсалалы жоғары медицина колледжі
Түркістан қаласы

«Қазіргі таңда ақпараттық-коммуникациялық технологиялар біздің елімізде де жоғары қарқынмен дамып келеді. Білім беруде жаңа технологиялық әдістермен қатар жаңа ақпараттық технологияларды да қолданудың мүмкіндігі жасалып отыр»,-деп айтқандай , еліміздегі ғылым-білім, технология, коммуникация, экономика, өзге ғылым салаларында табысты болуда қажетті дағдыларды игеру қажет. "Қазақстан-2050" Стратегиясы – "Қазақстан-2030" Стратегиясының жаңа кезеңдегі үйлесімді дамуы. Қазақстан 2050 жылға қарай әлемнің ең дамыған отыз елінің қатарында болуға тиіс»,-деп көрсетілгендей , сындарлы саясаттың арқасында әлемнің алпауыт елдерінің қатарында болу үшін өркениетті елдермен тәжірибе алмасып, өзіміздің ұлттық құндылықтарымызды бағалай, сақтай отырып, заман талабына айналған 31 ақпараттық технологияны оқытудың озық инновациялық технологиясынан іздену – бүгінгі күннің басты талаптарының бірі. Сондықтан да білім беру жүйесі ақпараттандыруды мақсат ете отырып, төмендегідей міндеттерді қойып отыр:

-Білім сапасын арттыру;
-Әлемдік білім беру кеңістігіне ену;
-Орта білімді ақпараттандыру;
-Интернет жүйесін пайдалану;
-Электрондық оқулықтар;
-Қашықтықтан басқару .

Сондай-ақ, білім саласына қарқынды енген ақпараттық технологияны пайдаланудың тиімді жолдарынан іздену ақпараттық-коммуникативтік құзырлы тұлғаның қалыптасуына жол ашады. ҚР 12 жылдық жалпы орта білім беру тұжырымдамасында тұлғаның бойынан табылуға тиісті құзырлылықтарды нақты айқын көрсеткен. Соның бірі: «Ақпараттық-технологиялық құзіреттілік (ақпараттық технологиялармен техникалық обьектілер көмегімен бағдарлай білу, өз бетінше іздей білу, таңдай, талдай білу, өзгерте білуді жүзеге асыра білу қабілеті),-деп атап көрсеткендей, жан-жақты дамыған құзырлы тұлғаны дамыту, ақпараттық-коммуникациялық құзыреттілікті қалыптастыру заман талабы. Ұлттық Ақпарат Орталығының ақпаратына сүйенетін болсақ, білім сапасының көтерілуі, ең алдымен, цифрлі мультимедиялық білім қорының дамуына байланысты деп көрсетеді. Электрондық оқулықтар цифрлі мультимедиялық білім қорының бірі болып табылады. ЭО педагогикалық және ақпараттық-коммуникациялық мультимедия технологияларының интеграциялық бірігуі нәтижесінде жасалады . Яғни, қазіргі білім сапасының артуына септігін тигізіп отырған ақпараттық технологияның әр студенттің мүмкіншілігін тануына ықпалы зор. «...қоғам қажеттілігін қанағаттандыру үшін білім беру саласында төмендегідей міндеттерді шешу керектігін атап көрсетеді: компьютерлік техника, интернет, телекоммуникациялық желі, электрондық және телекоммуникациялық құралдарды, мультимедиалық электрондық оқулықтарды оқу үрдісіне тиімді пайдалану арқылы білім сапасын көтеру». Қоғамды жаппай ақпараттандыру білім сапасын арттыруды мақсат етуде. Себебі мемлекетіміз өркениетті отыз елдің қатарына көтерілу үшін ғылымның қай саласында болмасын білімді азаматтар керек. Қоғамды жаппай ақпараттандырудың міндеттері: Білім сапасын арттыру; Әлемдік білім беру кеңістігіне ену; Орта білімді ақпараттандыру; Интернет жүйесін пайдалану; Электрондық оқулықтар; Қашықтықтан басқару . АКТ-ның негізгі мақсаты – студентті қазіргі қоғам сұранысына сай, өзінің өмірлік іс-әрекетінде дербес компьютердің құралдарын қажетті деңгейде пайдаланатын жан-жақты дара тұлға ретінде тәрбиелеу, яғни студентті ақпараттық қоғамға бейімдеу. Заманауи АКТ құралдарымен 32 жұмыс істеу оқушыларды ұқыптылыққа, нақтылыққа, берілген тапсырмалардың нәтижелі орындалуына, басты мәселеге назар

аудара білуге баулиды, сондай- ақ, АКТ құралдарымен жұмыс істеу барысында студентті өзінің жеке іс - әрекетін дұрыс жоспарлауға, дұрыс шешім қабылдай алуға тәрбиелейді. «Қазіргі заманда жастарға ақпараттық технологиямен байланысты әлемдік стандартқа сай мүдделі жаңа білім беру өте қажет,»-деп Н.Әбішұлы айтқандай , халықаралық білім беру стандартына сәйкес білім беру жүйесіне жанартылған бағдарлама енгізіліп отыр. Осыған орай Білім беру мазмұнын жаңарту білім берудің қазіргі заманғы үрдістерін және қазақстандық білім берудің үздік практикасын кіріктіруге бағытталған. Білім беру бағдарламасындағы ұлттық стандарттарға, бағалауға, оқулықтар мен оқыту әдістеріне қатысты білім беру саласындағы өзекті құндылықтар мен мақсаттар колледж студенттерінің жалпы үлгерімін арттырады, инновация мен көшбасшылықты енгізу үшін талап етілетін дағдыларды дамытады. Ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдану -Ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдану құзыреттілігі студенттердің жұмыста, бос уақытында және күнделікті қарымқатынасында технологияларды біліктілікпен және шығармашылықпен пайдаланудың бастапқы дағдылары арқылы қалыптасады. -Студенттер білім беру бағдарламасындағы пәндерді оқу барысында мәліметтерді табу, құрастыру және басқару, ақпараттармен және идеялармен бөлісу, бірлесіп әрекет ету, түрлі жабдықтар мен қосымшаларды пайдалану арқылы ақпараттық-коммуникациялық технологияларды (АКТ) қолдану дағдыларын дамытады. Сабақта ақпараттық-коммуникациялық технология студенттердің ойлау қабілеттерін дамытуға жетелейді. АКТ-ны, электрондық оқулықтар мен интернет жүйесін т.б сабақта қолдану студенттердің тілдік дағдыларын дамытуға, шығармашылық қабілеттерін, ақпараттық-коммуникациялық құзыреттіліктерін дамытуға мүмкіндік береді. Қорытындылай келгенде, АКТ-ны қолдануда оқу үрдісінің тиімділігін қамтамасыз ету үшін не қажет? Бір қалыптылықты пайдаланбау; деңгейлер бойынша (білу, пайдалану, қолдану) студенттер әрекетін алмастырып отыру; студенттің ойлау (зерделеу) қабілетін дамытуға бағытталу; әр студенттің жеке қабілеттерін ескеріп отыру; жеке, жұппен, топпен орындайтын тапсырмаларды қарастыру. Бүгінгі қоғам ақпараттың, инновацияның жан-жақты дамыған қоғамы болғандықтан, сапалы білім алуда, қоғамға қажетті дағдыларды дамытуда, ақпараттық-коммуникациялық құзыреттілікті қалыптастыруда АКТ-ның тиімділігі зор деп баса айта аламыз.

Қолданылған әдебиеттер.

1. Н.Назарбаев «Қазақстанның Үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік»// «Егемен Қазақстан» газеті, 2017, 31 қаңтар. 33
2. Мұғалімге арналған нұсқаулық. Екінші (негізгі) деңгей. «Назарбаев Зияткерлік мектебі» ДББҰ. 2015-138 б.
3. Мұғалімге арналған нұсқаулық. «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ Педагогикалық шеберлік орталығы, 2016.
4. БітібаеваҚ. Әдебиетті оқыту әдістемесі. Алматы: Рауан, 1997.
5. Мектептегі тәжірибе кезеңінде орындауға арналған тапсырмалар. (Үлестірмелі материалдар) Екінші (негізгі) деңгей.

МЕДИЦИНАЛЫҚ БІЛІМ БЕРУДЕГІ ИНТЕГРАЦИЯЛЫҚ ОҚЫТУДЫҢ МАҢЫЗЫ

Матанова Гүлназа
«Түркістан» көпсалалы жоғары медицина колледжі
Түркістан қаласы

Өмірдің ағымы мен қоғамның даму тынысы Қазақстанның әлемдік қоғамдастыққа интеграциялануы ғылым мен білім саласындағы процестердің өзгеруіне ықпалын тигізуде. Білімді интеграциялау – бұл салалы дамытудың негізгі тенденциялары мен болашағы болып табылады. Білім процесін интеграциялаудың мәселелерін өзектілендіру кезінде оқыту парадигммасын өзгерту, оның мақсатын әрлендіру, мазмұнын жаңарту, оқытудың тиімді әдістері мен жолдарын іздеу оқу процесінің барлық компоненттерін интеграциялауды ойластырады.

Интеграция – бұл жекелеген бөлімдерді біріктіруге, соның нәтижесінде білім жүйесінің сапалы өзгерістеріне жетелейтін байланысқан жүйелер теориясы. Интеграция білім беру процесін құрастырудың басты қағидаларының бірі, оны жетілдірудің тәсілі ретінде, әлемді бір-тұтас тануды қамтамасыз ету құралы және студенттердің дидактикалық жүйесінің даму шарты ретінде де түсіндіріледі (Үлкен кеңес энциклопедиясы). Яғни, интеграция тек пәндер бойынша білімдер қарым-қытынасы ғана емес, сонымен қатар оқыту технологиялары, әдістемелері мен формасы туралы мәлімет береді. Педагогикалық іс-әрекет – бұл нормалар мен шығарманың, ғылым мен өнердің қоспасы. Сондықтан қазіргі кездегі қолданыстағы білім беру әдістерінің көп түрлілігін дұрыс біріктіру және интеграциялау маңызды болып отыр. Бұған оқыту нәтижесі тікелей тәуелді.

Студенттің кәсіби іс-әрекетінде пәндер мен оқыту технологиялары бойынша интеграциялық білім беру деңгейінде шығврмашылық ізденістер орны аса ерекше. Қазіргі заман ғылымы алдында интеграциялық оқытуды теория негізінде ұғыну мәселесі тұр. Себебі философиялық тұрғыдан қарағанда интеграциялық оқыту – бұл пайдалы ақпаратқа немесе нақты білімге ғана қатысты емес, сонымен қатар студенттің өз ортасын, оқытушыларын және медициналық пәндерді тереңірек ұғынуына ықпал ету түсінігі де. Оқытудағы интеграция пәнаралық байланыстардың дамуы мен тереңдеуін, бұл өз кезегінде ғылымаралық байланыстың аналогы болып табылады, яғни пәнаралық тақырыптарды келістіріп қана қоймай оларды терең қарым-қатынаста оқытуға көшуді білдіреді.

One of the educational tools is "brainstorming" or "actualization of abstract knowledge. For example, when studying the topic "Sightseeing in Britain (USA, etc.)" the task could be like this. Each of you is the director of a travel agency that claims a contract with the mayor's office. Prepare your itinerary of any 5 tourist attractions. You can use pictures, presentations, music, national symbols, slogans. The speaking time is 5 minutes. At the end of all performances, the "citizens of the city" will vote for the winner. The teacher, depending on the curriculum and on the basis of his/her workload, can give a separate lesson, allocate 10 minutes for several lessons, prepare an extracurricular or even a school event - plenty of options.

One more option is very popular in modern American and European schools - "open space". Exactly this variant demands a high level of intellectual and personal activity, which is stipulated by the new standards [2]. Students are given a certain topic and the opportunity to move freely around the classroom and take part in any dialogues (the teacher does the same), at the end of the lesson (or event) everyone gathers together and shares their impressions. This can be used even in schools, younger classes with the following instruction: bring a few pictures (pictures) with representatives of different professions (professions of your dads, moms, etc.) and tell what and how these people do). This approach is also indispensable when studying "Car details" and "Types of competitors. Students love to perform, and after the rather boring but necessary practice of vocabulary and grammar in class, this kind of summarizing will make them very interested and happy.

In such discussions one can learn to express oneself clearly and concisely, to actively defend one's own point of view, to reject an erroneous opinion. It is also useful to use classes with "open space", i.e. implying free communication, during trips and excursions. Such means of edutainment are not something absolutely new and unusual, but undoubtedly increase students' motivation and contribute to the development of creativity.

As for the modern educational tools, the use of educational video games (Internet Olympiads) is designed not only for entertainment, but also to expand the mind, develop memory, logic, reaction, intellect, attention, artistic perception and imagination. Training is in the form of a game, in the process of memorizing included vision and hearing, which increases the quality of perception.

There are a number of interesting creative trainings, designed in a certain sequence from simple to complex, that is, from reproduction to composing one's own opinion. It is very important to pose personal questions to the students, e.g.: What does the information I received matter to me personally? How is my world different from the world of my peer abroad? Why are there these differences?

An example of creative training sessions: reconstruct the beginning and end of a story; reconstruct a dialogue from individual "guiding" lines; change the type of text (message to conversation, dialogue to description; answer a letter with a letter, a phone conversation).

The distinctive features of these trainings are that they are performed both orally and in writing; they are speech and creative in content; they are interesting and engaging for both students and teachers.

Exercises in the framework of the creative training for reading and listening: find and write down the necessary information; make a written overview of the topic or problem, using various sources in a foreign language; by analogy with the article, prepare material for the intended publication in a special journal; listen to the weather forecast in English and make it contrary in meaning (by key words); select any modern song with words on the topic in English and translate it; prepare a story with truthful and absurd .

Conclusion

Using the edutainment system by no means implies turning the entire learning system into a game model and does not cancel out the teacher's painstaking work in teaching basic skills, knowledge, and abilities. The traditional system of teaching foreign languages has a lot of advantages, but at the same time it has some excessive academicism and cumbersomeness. That is why any foreign language teacher is faced with the task of teaching "live language", to create the conditions, as close as possible to the conditions of real communication. According to experts, edutainment corresponds to the optimal solution of this problem. Teaching should be inseparably connected with entertainment, but the amount and type of educational tools the teacher can independently decide, proceeding from the specific situation.

I would like to conclude with the following parable: Once upon a time there lived a wise man who knew everything. A man wanted to prove that he didn't know everything. Clasping a butterfly in his hands, he asked: "Tell me, wise man, which butterfly I have in my hands: dead or alive?" And he thought to himself, "If it says alive, I'll kill it, if it says dead, I'll let it out." The wise man thought it over and replied, "Everything is in your hands.

Everything is in our hands, colleagues!!! I'm on my way, I invite you to join me and together to master the specifics of lessons of different targeting in the technology of edutainment.

List of References :

1.Standard for Basic General Education in Foreign Language. The new state standards for foreign language 2-11 grades. Education in documents and comments. MOSCOW: AST. Astril, 2004.

2 Krowford J.B. Linguists in us. Blackwool & Sons. USA.

3 Baryshnikova N.V., Shevchenko T.D. Technology "SWOT-analysis" as a means of teaching foreign language speech // Foreign languages at school, 2011. № 9. p. 72-76.

4 Solovova E.N. Students' autonomy as the basis for the development of modern continuous education of personality. // Foreign languages at school, 2004. № 4. p. 11-17.

5 Common European Framework of Reference for Languages: Learning, Teaching, Assessment. MOSCOW: IFLU, 2003.

6 Kolker J.M. et al. Practical methodology of foreign language teaching: Textbook. Y.M. Kolker, E.S. Ustinova, T.M. Emalieva. M.: Publishing Center "Academy", 2001.

7 Galskova N.D. Modern Methodology of Teaching Foreign Languages: Manual for Teachers. // N.D. Galskova. 3rd edition, revised and extended. M.: ARCTI, 2004.

ҒЫЛЫМ МЕН БІЛІМ БЕРУДІ ДАМЫТУДЫҢ БАСЫМ БАҒЫТТАРЫ

Алимкулов Нурболат Дуненбаевич
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ОҚУ-АҒАРТУ МИНИСТРЛІГІ
«АБАЙ ОБЛЫСЫНЫҢ БІЛІМ БАСҚАРМАСЫ
«Құрылыс колледжі» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны

Қазіргі білім беру жүйесі адамдардың мақсаттарын өзгертті және білім беру бағдарламаларына дағдылардың барынша кең тізбесін енгізді. Мектеп балалардың танымдық және әлеуметтік-эмоционалды дамуының бір-бірінен бөлінбейтінін ескере келе, олар үшін жауапкершілікті өз мойнына алады.

Білім беру сапасы саласындағы халықаралық зерттеушілердің назарындағы мәселе – уақыт сұранысына сәйкес білім беру мазмұнын, оқыту әдістері мен нысандарын, білім беру нәтижелерін бағалауды жүйелі түрде жаңарту. Білім сапалы түрде уақытында игерілмесе, кейінгі берілер жаңа білімге кері әсерін тигізеді. Оқушылар терең білім алуы үшін сабаққа белсенді қатысуы керек. Алған білімдерін одан әрі үздіксіз дамытып отыруы болашағының жарқын болуына кепіл болады. Сонымен қатар, осы мақалада талқыланатын дағдылар ерте балалық шақта қалыптасады және оқушы олардың дамуына қолайлы ортаға неғұрлым ертерек түссе, соғұрлым жақсы болады.

Барлық елдердің арасында адамдардың бойында бәсекеге қабілеттілігін ұзақ уақытқа әрі тиімді қалыптастыратын стратегия – білім беру болып есептеледі. Ол XXI ғасырда негізгі дағдыларды дамыту үшін жағдай жасауға бағытталған. Белгілі бір бағыттағы осы дағдылардың әр түрлі конфигурациясына, ғылым, технология және тағы басқа салаларда орын алған өзгерістерге қарамастан, адамзат табысты болу үшін негізгі құзіреттер жиынтығы тұрақты болып қалыптасқан. Осыған орай, кез-келген білім дағдысына аса көңіл бөлу – қазіргі күнгі міндеттер қатарын толықтыратыны анық.

Цифрлық дәуірде жас ұрпақты күрделі, өзгермелі әлемде өмір сүруге дайындау және оған көмектесетін құзыреттерді қалыптастыру қажеттілігі туындайды. Ал осы құндылықтарды бала бойында қалыптастырып, дамуына ықпал ететін, дұрыс тәрбие, сапалы білім беретін тұлға – мұғалім. XXI ғасырда өмір сүріп, азамат болуға, еңбек етуге дайындау оңай міндет емес. Қазіргі заманда жаңа технологиялардың, көші-қон, нарықтық өзгерістердің, саяси қауіп-қатерлер мен экологиялық проблемалардың орын алуы оқушыларға қажет болатын білік, білім, дағдыларды дамытуды талап етеді. Мұғалім қалай оқыту керек?

1) Оқытудың өзектілігін арттыру. Оқу бағдарламалары пайдалы іске асырылуы үшін оқушылардың өмірімен тығыз байланысты болғаны жөн. Мұғалім трансмиссиялық оқыту, жаттанды деректерді пайдаланатын болса, оқушылар ақпаратты тек бақылау жұмыстарын тапсыру үшін есте сақтап, кейін оны тез ұмытады, қажет болса ғаламтордан іздеп тауып алады. Бұндай жұмыс оқушылардың бойында XXI ғасыр дағдысын дамытуға кедергі келтіреді. Бағдарламаны өзекті ету үшін мұғалімдер басқа да тақырыптарға негіз болатын, пәндік зерттеулерде маңызды орын алатын және білім алушылардан қолдау табатын негізгі тақырыптардан бастау керек. «Бұл тақырып оқушыларымның қызығушылығымен байланысты ма?

Пән арқылы оқыту. Ғылым саласындағы сарапшылар білім алу процесі нақты және гуманитарлық ғылымдар, ана тілі, шет тілдер, математика, музыка, өнер секілді пәндер арқылы жүргізілуі тиіс деп есептейді. Говард Гарднердің пікірі бойынша, оқушыларға адам өміріндегі қазіргі және алда болатын қиындықтар, проблемалар және мүмкіндіктер туралы білім қажет. Сонымен қатар, оқушылар белгілі бір тақырып бойынша базалық біліммен

танысу арқылы анықталған міндеттер, тапсырмалар мен проблемаларды тұжырымдап үйренуі керек. Ол үшін оқушылар деректерді жинақтау мен таңдау арқылы ақпаратты іріктеп, қорытындылай алғаны абзал.

1. Білімді тәжірибемен байланыстыруға ықпал жасау. Яғни, оқушылар бір пәннен алған білімдері мен дағдыларын басқа пәндерде де, өмірдің басқа салаларында да қолдана алуы қажет.

2. Балаларды оқуға дағдылау. Мектепте алатын білімі шексіз болғандықтан, оқушыларға өз бетінше оқуды үйрету қажеттілігі туындайды. Ол үшін оқушылардың оқу процесінің мағынасын түсінгені абзал.

3. Қате түсініктерге тікелей назар аудару. Мектеп жасындағы балаларға дәлелдеп, көздерін жеткізбейінше, олар шынайы әлемді дұрыс түсінбеуі мүмкін. Сондықтан, қате түсінікті жеңу үшін жаңа білімді белсенді қалыптастыру қажет. Бұл дегеніміз – тақырыпты егжей-тегжейлі түсіндіру, оқушыларға тақырыпты мұқият тексеруге уақыт беру, оларды қате түсінік туралы әңгімеге тарту, т.б.

2) Ынтымақтастық қатынас бірлескен оқуды ұйымдастыруға көмектеседі. XXI ғасырдың маңызды дағдысы – ынтымақтасу қабілеті. Оқушылар сабақ барысында жұптық немесе топтық жұмыс жасаса, олардың коммуникативтік және метатанымдық дағдылары дамиды. Бұл – түсінбеген жерлерін дұрыс түсіндірудің, білімді жеңіл және терең меңгертудің тамаша тәсілі болып есептеледі.

3) Технологияларды пайдалану. Технологиялардың көмегімен сыни ойлау, коммуникативтік дағдыларын дамыту, алған білімді өмірде пайдалану, өзіндік ой-пікірді талдай білу, қателіктерді түзету, құрбы-құрдастарымен бірлесіп жұмыс істеу сияқты жағдайларды ұйымдастыруға болады. Ал мұғалімдер технологияларды өз тәжірибелерін жетілдіру, олармен бөлісу, ақпарат табу мақсаттарында пайдаланады.

4) Шығармашылық қабілеттерін дамыту. Креативтілік барлық салаларда жоғары бағаланады, себебі бұл қасиеттің көмегімен көптеген жұмыстарды орындауға, мәселелерді шешуге, әлеуметтік және адамның өзіндік дамуына ықпал ететін инновацияларды басқаруға болады. Шығармашылық туа біткен қасиет болмағандықтан, мұғалім оқушылардың бойында бұл қасиеттерді дамыта алады, сонымен қатар оны бала бойынан анықтап, қолдау көрсете алады.

Бәсекеге қабілетті болу – оқушының бойынан табылуы тиіс қасиет. Бұл қасиетті оның бойына құятын тұлға – мұғалім екенін білдік. Олай болса, бұл жолда ең бірінші іске асырылатын ұстаз ісі – оқушының бойына дағды қалыптастыру. Дағды – қайталау тәсілімен іске асырылады, яғни оқушының іс-әрекетті жасауда еш қиналмауы, оған машықтануы. Оқушы бойында дағдының қалыптасуы, оның кез-келген іске қабілетін арттырады. Сонымен қатар, алдына қойған биік мақсаттарды еш қиналмастан бағындыра білу, оқуға мейлінше ынталы болып, қызығушылық таныту, өз бетінше жұмыс жасай білу, мектеп бағдарламасынан тыс, белгілі бір тақырыптарды одан әрі терең ашып, үйренуге ұмтылу сияқты машықтар – Дамытудың басым бағыттарыоқушының айқын бейнесін көрсететіндей. Алдындары тек мұғалім ие болған, атап айтсақ, өзіндік пікірі бар, сыни ойлайтын, әрқашан жоспармен жүру, кез-келген істе білімімен бөлісетін мұғалім ғана болса, қазір осы атаудың жанында оқушы ұғымы да қатар жүре алады. Бұрынғы оқушы – тек тыңдаушы, орындаушы, ал қазіргі оқушы – өздігінен білім іздейтін жеке тұлға ретінде өзіндік көзқарасы бар, сыни ойлай білетін, өз білімін жетілдіруге мүдделі, өзінің алдына нақты мақсаттар қоя білетін, өз білімін кез-келген ортада іске асыра отырып, пікірін еркін жеткізе алатын болуы керек.

Ресейлік ғалым-педагог А.М.Кондаков негізгі құзіреттіліктерін ғана емес, сонымен бірге шындықтың өзгеру қарқынының өсуіне байланысты өзекті болатын жеке қасиеттерін де бірінші орынға қояды. Ғалымның пікірінше, 2030 жылғы мектеп түлектері инновациялық мінез-құлыққа, сондай-ақ XXI ғасырда еңбек нарығында сұранысқа ие негізгі құзыреттердің жиынтығына ие болу қажеттігін айтады. Олар нені білуі қажет:

- өмір бойы білім алуды;

- ауызша және ауызша емес қарым-қатынастың әртүрлі түрлерін, математикалық сауаттылықты;
- шығармашылық, сыни ойлауды;
- басқа адамдармен тиімді қарым-қатынас жасауды;
- саналы түрде тәуекелге баруды;
- тез өзгеретін жағдайларға бейімделе білуді;
- басқа адамдарға, мәдениеттерге, пікірлерге толерантты және құрметпен қарауды;
- өздерінің бойындағы күшті және әлсіз жақтарды дұрыс бағалауды;
- күрделі мәселелерді шешуді, көшбасшылыққа ынталандыруды атап айтуға болады.

Дамытудың басым бағыттарыбой жарыстыратын заман емес, ой жарыстыратын заман деп тұңғыш елбасы айтпақшы, қазір білім, мәдениет, өнер сынды дүниелердің «бәсекеге» түскен кезеңі. Адамдар білек күшінен бұрын, білім күшін игере алуы тиіс. Білімді адамның жолы ашық, білімсіздің күні қараң, бұл – қазіргі заман талабы.

Бүгінде білімді боламын деген адамға ешқандай да кедергі жоқ. Ізденіп, талаптанған жанға ақылдының заманы болған соң бәрі де айқын. Ғаламтордан бөлек, ауыл, аудан, қала кітапханаларын студент болсын, оқушы болсын еркін пайдалана алатыны бәрімізге аян. Сондықтан да, Абай атамыз арсыз санаған ұйқы, һәм жалқаулықты сап тыю – біздегі басты міндет.

Цифрлық дәуір экономиканың барлық жақтарын жедел қарқынмен өзгертеді: адамдар мен бүкіл елдер арасындағы материалдық, зияткерлік және технологиялық алшақтық артып келеді. Осыған байланысты адамның белсенділігі, оның жағдайларға қатысты өзгеретін күші, өзгерістерге бейімделу, үйрену және қайта даярлау қабілеті ерекше мәнге ие болады. Мысалға, оқушының қазақ тілін оқу арқылы тілдік дағдыларды сауатты қолдануын меңгеруін алайық. Оқушы осындағы қарым-қатынас құралы ретінде қолданып жүрген тілдің құрылымы мен бірліктерін теориялық тұрғыда оқып қарастырады. Функционалдық-коммуникативтік бағдарда тілдің танымдық, ақпаратты сақтау құралы ретіндегі қасиетін таниды. Ал әдебиет пәні арқылы шығармашылық тұрғыда ойлауды, креативті ойларын еркін жеткізуді, бағалау дағдыларын қалыптастыруды, салыстыру және талдау жасауды үйренеді. Әр нәрсеге ерекше мән беріп, оны түсіне алу – дағдының шарықтау шегіне апарар жол.

Адам өзінің өмір сүріп жатқан қиын ортасының сын-қатерлеріне жауап бере отырып, дамуын талап етеді: ақпаратты өз бетінше өндіру және сыни тұрғыдан бағалау, командада жұмыс істеу дағдыларын игеру, нәтижеге жұмыс істей білу және табысқа жете білу, көшбасшылық қасиеттерге, ерік-жігерге, жауапкершілікке ие болу. Яғни, қазіргі заманда жұмыс берушілерді қызметтің кез-келген түрінде табыстың кепілі деп танылған Soft skills («икемді» дағдылар) көбірек қызықтыра бастады. Қазіргі жастар жоғарғы оқу орнын бітірмей-ақ, өзінің көшбасшылық қабілеті арқылы табысқа жетуде. Мысал ретінде блогерлерді алып қарасақ болады. Бұл жерде білімнен гөрі өзіндік даму мен ерік-жігерлері табысқа жетелеп тұр. Яғни, адамдармен сенімді түрде сөйлесіп, өздеріне қаратып қызықтыра білу де – белгілі бір шыңға жетелейтін дүние.

Қорытындылай келе, Дамытудың басым бағыттарыдағдысын меңгерген оқушыны жеке тұлға ретінде қалыптастыру – бүгінгі педагогтардың басты мақсаты. Оқушылардың ауызша, жазбаша мәтіндерді сын тұрғысынан қолдана білуі, мазмұнды мәтін құрай алуы тәрізді іс-әрекетінен пән мазмұнын қаншалықты игергенін байқауға болады. Бәсекеге қабілетті, шығармашылық тұрғыда өз ойын еркін жеткізе алатын, тұлғаға бағдарланған құндылықтарды бойына сіңірген, кәсіби тұрғыда құзіреттілігін мектеп жасынан ала білген функционалды сауатты жеке тұлға – қоғам дамуының қозғаушы күші болып қала бермек.

ДУАЛЬНОЕ ОБУЧЕНИЕ (СЭНДВИЧ СИСТЕМА) В СИСТЕМЕ ОБРАЗОВАНИЯ КАЗАХСТАНА

Умаров Дониер Собирович
Туркестанская область, город Кентау

Приказ Министра образования и науки Республики Казахстан Об утверждении Правил организации дуального обучения от 21 января 2016 года № 50. Зарегистрирован в Министерстве юстиции Республики Казахстан 9 марта 2016 года № 13422.
Дуальная система по своей сути означает параллельное обучение в образовательном учреждении и на производстве. В основу обучения положен принцип взаимосвязи теории с практикой.

Дуальная модель обучения в Казахстане:

- 70-80% обучения проходит на производстве;
- 3-4 дня в неделю студент учится на предприятии и 1-2 дня в колледже;
- Учебные программы: 1/3 общеобразовательные дисциплины и 2/3 предметы по специальности;
- Срок обучения варьируется от 2 до 3,5 лет;
- Основные затраты по обучению несет предприятие.

Договорные отношения:

- По окончании обучения по учебным программам профессиональной подготовки, студент сдает квалификационный экзамен.
- По результатам квалификационного экзамена выдается сертификат от работодателя.

Преимущества дуального обучения:

- Обеспечивается высокий процент трудоустройства выпускников, так как они полностью отвечают требованиям работодателя;
- Обучение максимально приближено к запросам производства. Примечательно, что участником дуального обучения может быть самая маленькая компания;
- Достигается высокая мотивация получения знаний, формируется психология будущего работника;
- Получила мировое признание;
- Наиболее распространенная и признанная форма подготовки кадров, которая комбинирует теоретическое обучение в учебном заведении и производственное обучение на производственном предприятии.
- устраняет основной недостаток традиционных форм и методов обучения - разрыв между теорией и практикой;
- воздействие на личность специалиста, создание новой психологии будущего работника;
- создает высокую мотивацию получения знаний и приобретения навыков в работе, т.к. качество их знаний напрямую связано с выполнением служебных обязанностей на рабочих местах;
- Заинтересованность руководителей соответствующих учреждений в практическом обучении своего работника;
- Учебное заведение, работающее в тесном контакте с заказчиком, учитывает требования, предъявляемые к будущим специалистам в ходе обучения;

Недостатки дуальной системы образование:

- С мотивацией обучения на предприятии может снижаться качество образования;
- Рабочие программы не всегда согласованны с сезонной последовательностью выполняемых работ на производстве;
- Образовательная организация не всегда может вовремя преподать необходимый предприятиям учебный материал;

- Недостаточная готовность предприятий к обучению — вследствие этого отсутствие учебных мест на производстве;
- Предприятия вынуждены через повышение цен на производимый продукт зарабатывать средства на образование (недостающее оборудование, недостаток финансов и др.).

Таким образом, **дуальное образование** — это возможность подготовить для себя кадры точно «под заказ», обеспечив их максимальное соответствие всем своим требованиям, экономя на расходах по поиску и выбору работников, их переквалификации и адаптации. К тому же, есть возможность отобрать самых лучших выпускников, ведь за период практического обучения их сильные и слабые стороны становятся очевидными. В свою очередь, такой подход мотивирует студентов учиться не для галочки. Молодые специалисты могут сразу работать с полной отдачей и производительностью, они хорошо знают жизнь предприятия и чувствуют себя на нем «своими». Все это в совокупности способствует закреплению кадров и уменьшению текучести, что для предприятий немаловажно.

Список литературы :

1. [https://alau.kz/polzu-i-problemy-dualnogo-obrazovanija-obsudili-pedagogi-kazahstana-i-rossii-v-kostanae/]
2. [https://adilet.zan.kz/rus/docs/V1600013422]
3. [https://externat.foxford.ru/polezno-znat/chto-takoe-dualnoe-obuchenie]

БІЛІМ БЕРУДІ ЖЕТІЛДІРУ –БҮГІНГІ ТАҢДА ОҚУ ЖӘНЕ ТӘРБИЕ НЕГІЗІ

Имангалиев Азамат Дузелбаевич

БҚО Орал қаласы Жоғары аграрлық-техникалық колледжі

Қай елді, қай кезеңді алып қарамасақ та бірінші орында білім беру тұрады. Себебі, халықтың білімділігі сол елдің даму деңгейінің шынайы көрсеткіші болып табылады. Қазіргі әлемде болып жатқан қарқынды өзгерістер әлемдік білім беру жүйесіне де елеулі өзгерістер енгізуде. Әлемдік білім беру жүйесі өмір ағымы мен бүгінгі таң сұранысына байланысты күн санап өзгеруде. Ал біздің жасмемлекетіміздің білім беружүйесі де өзгеріс мен жаңалықтарды талап етуде. Неге десеңіз, біздің оқушыларымыз басқа елдің оқушыларымен салыстырғанда білімі жағынан еш кенжелігі жоқ. Бірақ, сол білімді қолдану аясына келетін болсақ, оқушылар алған білімдерінің іске асуын, өмірде қажеттілікке жұмсалатын сәттерін анықтай алмай, ауыр жүкті босқа арқалауда. Колледжде алған білімдерінің елеулі бөлігінің өмірде қажеті шамалы. Бұл оқулықтарды жою үшін оқушылар алған білімдерін жай ғана иеленіп қоймай, оны тиімді және орынды жерде қолдана білуге үйретуге біз мұғалімдер қауымі басты назар аударуымыз керек. Осыған байланысты оқушының жеке даралығын да естен шығармау керек

Әлем елдерінің білім беру жүйесін талдай келе көп мәселелер анық болды. Білім беру жүйесін реформалау бүгінгі күні қалыпты және қажетті өзгеріс. Ғылым мен техниканың дамуы, бүгінгі күнгі өскелең ұрпақтың сұранысы ағымнан кеш қалмау мақсатын көздейді. Ендеше Қазақстанның білім беру жүйесі өзгеріссіз қалмауы тиіс деп ойлаймын. Сондықтан болар, әлемдегі қарқынды өзгерістер, колледжді де, мұғалімдер мен оқушыларды да жаңалыққа тартады. Бүгінгі мұғалімнің мақсаты –оқушының пәнді терең түсіну қабілетін дамыту, алған білімдерін сыныптан тыс жерлерде, кез келген жағдайда тиімді пайдалана

білуін қамтамасыз ету. Осы басты мақсатты жүзеге асыру үшін Қазақстан білім беру жүйесіне де өзгеріс енгізілу үстінде.

Сингапур, Жапон, Финлиядия елдерінің білім беру жүйесін жетілдіру мақсатында жүргізілген реформаларын зерттей келе біздің елімізде де білім жүйесі әлем елдерінің озық білім беру тәжірибесін өзіне оңтайлы үлгі ретінде алып елеулі жұмыстар жүргізіп жатыр.

Біздің колледжде білім алуда жақсы көрсеткіш көрсеткен оқушы сабаққа белсенді қатысып, жақсы баға алады, бірақ білім қорытындысында өз мүмкіндіктерін көрсете алмай жататыны белгілі. Сонымен қатар, алған білімдері шешімдер мен іс-әрекет таңдауда тұлғаның дамыту қажеттеліктеріне сәйкес келмейді. Әлемдегі өзгерістерге сәйкес құндылықтар мен білім маңызын қайта қарауды қажет етті. Осы мәселелерді шешу үшін мұғалімдердің жұмыс жүйесіне өзгерістер енгізу керектігі туындап отыр.

Соңғы кезде біздің елімізде де көп тілділікке терең көңіл бөлініп отыр. Ағылшын тілін жаппай меңгеруге біртіндеп көшуде. Былтырғы 2013-2014 оқу жылынан бастап барлық мектептерде ағылшын тілі бірінші сыныптан бастап енгізілді. E-learning электрондық оқыту саласы соңғы жылдары Қазақстан мектептеріне енгізіліп, өзінің оң жақсы нәтижесін беріп отыр. Қай саланы алмасақ та, білім алушылар үшін қашықтықтан оқу өте ыңғайлы және қажет.

Білім саласында оқытудың жаңа технологияларын енгізу, білім беруді ақпараттандыру, халықаралық ғаламдық қарым - қатынас құзіреттілік желілерге шығу керек. Елбасы халыққа жолдауында дамыған елдердің қатарына ену үшін біріншіден, білім қажет екенін атап көрсетті. Қазақстан бәсекеге қабілетті елдердің қатарына қосылу үшін, білімді ұрпақ қажет. Қолданып жүрген білім жүйесіндегі білім матералдарын игеруде ауқымды ақпарат көп болғандықтан меңгеру үлкен қиындық туғызады. Сондықтан оқушылардың білім сапасы біршама төмендеп, икемді дамуына тиімсіз болып, денсаулыққа кері әсері бар екені анықталды. Осы өзекті мәселені уақытылы шешу –мемлекетіміздің басты міндеті – 12 жылдық білім беру жүйесіне көшу және әлемдік білім беру кеңістігіне ену болып табылады. Он екі жылдық білім берудің мақсаты қоғамның мүддесіне өзін -өзі белсенді етуге әзір, жаңаша өмір сүруге бейімделген шығармашыл, білімді тұлғаны дамыту және қалыптастыру болып табылады.

Жақсы бастама деп Н. Ә. Назарбаев зияткерлік мектептердің ашылуын атап өткім келеді. Бірақ мұндай мүмкіндігі мол мектептерден білім алуға көп оқушы қол жеткізе бермейді. Әсіресе алыс ауыл-аймақтардағы балалардың қолы жетпейді. Сондықтан да жалпы білім беретін мектептерде білім беру мазмұнын жаңғыртатын өзгерістер қажет деп ойлаймын. Осы өзгерістер басталып та кетті. Алғашқы оң қадамдар сәтті жасалуда. Қазақстанның бүгінгі таңда қабылдаған білім беру реформасының алдына қойған мақсаты – білім беру жүйесін жаңа әлеуметтік –экономикалық ортаға бейімдеу. Білім берудің дамуы еліміздің өркендеуіне негіз болады.

Сол себепті білім беру саясатын жетілдіру мақсатын жүзеге асыру үшін «Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы» дер кезінде қабылданды. Бағдарлама бірімен бірі тығыз байланысқан шаралар мен істер кешені болып табылады.

Білім беруді жетілдіру –бүгінгі таңда оқу және тәрбие поцесін оқушылардың адамгершілік нормаларын, рухани дамуын, жан - жақты қалыптасуына бағытталған.

Оқыту саласына енгізілген жаңалықтардың бірі және елеулісі Қазақстан Республикасы педагог қызметкерлерінің біліктілікті арттыру бағдарламасы көздеген деңгейлік курстары. Осы аталған курстардан мұғалімдер сәтті өтіп жатыр. Бұл курстарда

мұғалімдер білім берудегі заманауи тәсілдерді иегріп , оның ерекшеліктерін терең түсінуде. Ал осы деңгейлік курстарының үшінші деңгейін игерген мұғалімдер саны беске жетті. Осы мұғалімдер өз сабақтарында оқушылардың жас ерекшеліктерін, дарынды және талантты балалармен жұмыс істеу ерекшеліктерін қоса алғанда, қалай оқу керектігін үйретуді жүзеге асыруда. Олардың негізгі мақсаттары сапалы және тиімді оқыту. Сонымен қатар дамыған елдердің тәжірибесінен өзінің жұмысына тиімді деп саналатын әдіс-тәсілдерді тиімді пайдалану.

Міне осы алға қойған міндеттер мен мақсатты жүзеге асыру үшін менің де бүгінгі күннің жаңа талаптары мен өмір ағымына сай жылдам өзгеруім керек. Себебі , менің оқушыларым жүрек қалауы бойынша өмірде өздеріне тиісті орындарын тауып, биік жетістіктерге жете білуі керек деп ойлаймын.

Бүкіл Қазақстан мұғалімдері үлкен талпыныспен және жігермен, үлкен жауапкершілікпен білім беру жүйесін дамытуды іске асыруға ат салысса өте жақсы болар еді.

Сухомлинский сөзі: «Мұғалімдік мамандық – бұл адамтану, адамның күрделі және қызықты, шым–шытырығы мол рухани жан дүниесіне үңіле білу. Педагогикалық шеберлік пен педагогикалық өнер – ол даналықты жүрекпен ұға білу болып табылады»

АҚЫЛБЕК ШАЯХМЕТ ӨЛЕҢДЕРІН ҚАЗАҚ ТІЛІ САБАҒЫНДА ҚОЛДАНУ

Кушегалина Айгүл Манапқызы
қазақ тілі және әдебиет пән оқытушысы
ҚМКК «Қостанай құрылыс колледжі»
Қостанай қаласы

«Өлең-сөздің патшасы, сөз сарасы,
Қиыннан қиыстырар ер данасы.
Тілге жеңіл, жүрекке жылы тиіп,
Теп-тегіс жұмыр келсін айналасы».
Абай

Қазақ тілі – қазақ халқының ана тілі, әдеби тілі, Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі.

Қазақ тілі өмір таныту, тәрбие беру, қарым – қатынас жасау құралы екендігі белгілі. Тіл мен әдебиетті оқи отырып, адамадық болмысың қалыптасады ; бүкіл дүниенің әлемдік қақпасы тіл арқылы ашылады. Тіл – достықтың дәнекершісі, ғылым тілі, мәдениет көрсеткіші. Тарихымыз – өткеніміз бен бүгініміз және ертеңгі болашағымыз сол тіл арқылы сыр шертеді.

Өмір көшіне ілесе білу, тарих тынысына құлақ түру, тамырын басу оқытудағы басты шарт десек, тарихи тұлғалар өмірінен деректер, өнегелік, тәрбиелік мәні зор шығармалар жергілікті ақын Ақылбек Шаяхметтің поэзиясында орын алған. Ақынның тілі шұрайлы, ойы орамды, тақырыбы өзекті. Жазушының туған жер туралы толғаныстарың, адам мен табиғат арасындағы байланыс туралы философиялық тебіреністерін, қазірғі заман тақырыбына арналған туындыларын қазақ тілі сабағында дидактикалық материал ретінде кеңінен пайдалануға болады, бұл әрі ұтымды әдіс болып табылады. Сондай сабақтарға тереңірек

тоқталайын. Ақылбек Шаяхмет орысы көп, қазағы аз Қостанай өңірінде «Қазақ тілі » қоғамының шаңырағын көтеріп, ана тілі мұңын мұңдаған, жоғын жырлаған. Күні бүгін де жазушыны ана тілінің болашағы қатты толғандырады. ... Дүрмекпенен байқамаппыз, білмеппіз тілім азат, дәстүр тозып жатқан [«Тыңда туған», 55-бет] дейді ақын. Бұл сөйлемді синтаксистік талдауға аламыз.

«Ана тілім – қазынам, сені жұтсам балдайын, сырқатымнан жазылам»,

«Баламызбен тілдестік өзге тілде қызармай...» – деп ақын тілдің жанашыры екенін білдіреді. [«Жер-Бесік» 133-бет].

Мына бір өлеңнің тәрбиелік мәнін аша отырып, оқушылардың тілін, ойын дамытуды көздейміз:

Атамекен – бірлігімнің айғағы,
Ана тілім – тірлігімнің қайнары .
Тірлік азып, бірлік тозса, сол жерің,
Боп кетпей ме көрінгеннің ойнағы.
Жүрек үні жыры болар Ананың,
Жүрек үні тілі болар Баланың.
Ұл – қыздарым осы тілде тілдесе,
Жүрек үні сыры болар Дананың.
Осы тіл ғой маңдайдағы көзің нұр,
Өз тіліңді сыйламасаң өзің біл.
Нағыз соқыр, нағыз мылқау, саңырау.
Еш уақыт өзін-өзі танымау.

Тілдің тағдырына дұрыс қарап, оның мерейін өсіру өлеңнің негізгі идеясы екенін оқушыларға түсіндіру қажет.

Қазақ тілі сабақтарының түпкі мақсаты-оқушылардың қазақ тілі, қазақ жері, қазақ елі туралы білгендерін өзі өмір сүріп отырған қоғамның ерекшеліктерін, сөйлем түрлері мен сөйлемді құрайтын бірліктер жайында алған білімдерін дұрыс қолдана отырып, ауысша да, жазбаша да көркем тілмен жеткізе алуы.осы мақсатқа жету, тілін, оқушыларды туған жерін, елін сүюге баулу ақын А.Шаяхметтің туындыларын оқып, талдау арқылы тиімді болар еді. Мысалы:

Қанша жерді, қаншама елді шарладым,
Ұзын арқан, кең тұсауды барладым.
Бірінде де, бірақ, тоқтап қалмадым,
Туған жердей табанымды жылытар
Тұрақ таба алмадым. «Көзімді ашып көргенім» [17 бет].

Жарылсам ағымнан,
Айналдым туған жерін бағынан.
Айналдым жолдардың маңынан,
Сен маған қымбатсың.
Патшаның тағынан,
Туған жер! Сені сағынам! «Көзімді ашып көргенім» [97 бет].

Шет елде бөлек ғұмыр сүре білген,
Адамдар жайлы ойланып жүремін мен.
Туған жер мәңгі-бақи орын апты,
Құстың да тіп-тітімдей жүрегінен..... «Көзімді ашып көргенім» [182 бет].

Туған ел, саған айтам базыңамды,
Жас жаным бір өзіңнен азық алды.
Ыстық қан ойнап тұрса тамырымды,
Сақтармын жүректегі қазынамды.

Кең барма жер астында табылмайтын,
Бұл жағдай маған да айқын, саған да айқын.
Болғаны қандай жақсы қазынамның,
Қопарып, қазып ешкім ала алмайтын..... «Көзімді ашып көргенім» [186 бет].

Осы үзінділер оқушыларға патриоттық тәрбие беруге табылмайтын дидактикалық материал. Ал грамматикалық тақырыптарды алсақ, септік, жіктік, тәуелдік, көптік жалғаулары; етістік шақтары, сын есімнің шырайлары, есімше, көсемше т.б. тақырыптар бойынша ауысша, жазбаша жұмыс түрлерін өткізуге болады. Мысалы: мына шумақтардың мәнін ашып, есімдіктерді теріп жаз, қай топқа жататынын айт; есімше, көсемшенің астын сызып қой; септік, тәуелдік жалғауларын белгіле-деп, оқушыларға тапсырма береміз:

.....Осы қазақ қой айдап, жылқы баққан,
Садақ оғын дұшпанға зырқыратқан.
Өзі барып ешкімге тиіспеген,
Келген жауды жығып сап, шырқыратқан.
.....Осы қазақ кен қазып, дән өсірген,
Асқан талай өмірдің белесінен.
Кісі аузына тосқан ол бар тапқанын,
Құр қалса да өзінің үлесінен. «Көзімді ашып көргенім» [10 бет].

А.Шаяхметтің өлеңдерін, драмалық туындылары, философиялық толғаулары ақынның ұлтжандылығын, туған ел мен өскен жерге деген шексіз махабатын аңғартады. Елінің тәуелсіздігіне көптеген өлең-жырларын арнады. Сабақта пайдаланған бірнеше үзінділер:

1.....Сенің пірің, Қазағым, алыс күннен,
Келген Батыр астына Барыс міңген.
Желтоқсанның желімен мұз қазылып,
Қиянатпен барыстай алыстым мен.
Алтын қазақ, нар қазақ барыс міңген,
Жетті бізге жарқырап алыс күннен.
Нар қазақпен-намыс бар Қазақпен.
Жиырмасыншы ғасырда таныстым мен. «Көзімді ашып көргенім» [11 бет].

2.....Тәуелсіз күнің, қазағым, ұмырлы болсын,
Осыны жеткіз әлемге, дамылды жырым.

3.....Қонақжай елдің азаттық сағаты туды,
Тереземіз теңесер күніміз келді!

4.....Қайраттай қазақ қанымен, қарындастың көз жасымен,
Тәуелсіздігін танытқан киелі қазақ елі бұл!

Біріншіден, сөздік жұмыстан кейін бұл үзінділердің мән-мағынасын ашып аламыз. Сондай-ақ сөз құрамы, сөзжасам, лексика, талдау тақырыптары қайталанады. Қазақстан Республикасының рәміздері-халықтың мақтанышы екенін ақын өз өлеңдерінде байқатады.

Мысалы, мына үзінділерді оқушылар дәптерге жазып, талдайды:

1. Аспан түстес көк туды көтердік бүгін,
   Көк бөрінің бейнесін сағынған күні.
   Перзенті болсын қай ұлттың,
   Қадірлеп, сүйіп өзі өскен жайласын жерін.

2. Еркіндіктің Елтаңба арнасы болсын.....
   Рулық емес, елдіктің таңбасы болсын!

Ел ордасы Астана туралы жыр жазбаған ақын бар ма? Ақылбек Шаяхметтің «Еркін елдің Ақ Ордасы» «Астана, саған айтамын» т.б. өлеңдерінде Астана – жаңа ел ордасы ғана емес, Астана жаңа Қазақстан деген ой тастайды.

Астана – жер кіндігі, ел жүрегі,
Елімнің ет-бауыры елжірейді.
Үшінші мыңжылдыққа алып шықшы,
Қабырғаң қайыспастан енді мені,
Астана – зарды ұмытар заман басы,
Тотыдай тоқсан түрлі таранбасшы.
Қырандай сыпырылған томағасы,
Бола бер еркін елдің Ақ Ордасы.

Берілген үзінділердің мағынасын ашып, асты сызылған тіркестердің қандай мағына беріп тұрғанын айт, сөз құрамына талда-деп тапсырма береміз.

Ақылбек Шаямет халық даналығын өлеңдерінің негізгі арқауы етеді. Халық ұғымында «табиғат» деген қасиетті сөз «туған жер», «өскен ел», «атамекен» деген мағынаны білдіреді. Ақын өз шығармаларында табиғатқа деген сүйіспеншілігі мен адамзатқа тән адамгершілік қасиеттерін аңғартады. Мысалы: «Мөлдір бұлақ» пьесасында «осы таза бұлақтай мөлдір болайық, халықтың болашағы үшін қызмет істейміз деп ант етейік!.....Ортақ мақсат жолында таза болайық. Әйтпесе болашақтан қарғыс аламыз. Жарық сәуле қараңғыны қақ жарып, бәрі-бәрін өз орнына қояды. Тазалық – денсаулықтың бастауы» - деген сөздерін, пьесаның негізгі идеясын оқушыларға ұғындыру қажет. Өйткені бұл мәңгілік адамгершілік тақырып. «Жер бесік кітабынан үзінді» [235 бет].

“Көп” көрген кәрі даланың,
Қалыпты шашы селдіреп,
....Көзіндей нұрлы ананың,
Қарайды көздер мөлдіреп,
Абыржып тұр ма атырап
Ағаштар сыңсып шулайды
Жел тербеп жусан, құрайды
Жүрегім неге тулайды?
Бар дей ме әлде ол түбінде
Келетін басқа бір қайғы-

осы шумақтардың менін ашу, «кәрі дала», «көпті көрген», «шашы селдіреп», «ананың көзіндей», «қайғы» «абыржып» - деген тіркестерді түсіндіріп адам мен табиғаттың арасында қандай байланыс бар? - оны қай жолдан көреміз?- деген сұрақтарға жауап алу т.б жұмыс өткізуге болады.

Тағы бірнеше өлеңдеріне тоқталсақ,

«Наурызда»: Наурызда жаным - ау күн мен түн теңескен,
Өткеннен аманат, барына қанағат,
Аман - сау өтіппіз тағы бір белестен,
Келешек ұрпаққа болмасын жаманат

Тапсырма: астын сызған сөздердің қандай мағына білдіріп тұрғанын айту; септік жалғауларды белгілеу, зат есімдерді теріп жазу.

«Табиғат - адам - өмір» - мәңгілік өзекті тақырыпқа арналған өлеңдерін: «Егер нөсер болмаса», «Көктемгі қар», «Дарқан өлкем», «Дала жолдары», «Пейзаж» (жылдың төрт мезгілі туралы) «Жауын», «Тасу борасын» т.б Кез келген сабақта тиімді пайдалануға болады Қандай тақырыпта болмасын оқыту процесі кезінде қойылатын басты міндет- оқушылардың оқуға деген ынтасын жойып алмау, одан әрі дамыту, оларды ойлауға үйрету, өздігінен шешімдер табуына жетелеу, өзіне деген сенімін тәрбиелеу. Сондықтан сабақта берілетін дидактикалық материал оқушыларға түсінікті, маңызды, қызық, болуы шарт. Айтайын

дегенім, Ақылбек Шаяхметтің шығармалары оқушыларға түсінікті, маңызды, әр сабақтың тәрбиелік мақсатын ашатын материал болып табылады.

Ақын өлеңдері мақал мәтелдерге,қанатты сөздерге, ұлағатты сөздерг,синоним, антонимдерге бай. Мысалы, «Қарама – қайшылықтар» [Жер бесік -168 бет]

Өтірік пен шынын,
Кебегі мен ұнын.
Асылы мен құмын,
Көрсең дағы мың сан.
Ажырату қиын.
Көктемі мен қысын,
Астары мен тысын,
Сырты менен ішін
Айыра алмай тұрсаң,
Аз болғаны миың.
Бәйтерек пе, тал ма,
Жас па әлде қарт па,
У ма, әлде балма?
Шыр айналтып қояр
Өмір деген құйын-

Бұл шумақтар бойынша сөздік жұмыс, мәнін ашу, қарсылық мағынасын түсіндіру, қосымша қарама - қарсы құбылыстарды іс- әрекеттерді айту, оқушылардың ойын, тілін, зейінін дамыту жұмыстарын жүргіземіз.

Ақылбек Шаяхметтің «Пирамида» жинағына ерлік, парыз, сенім, ар, махаббат, достық сияқты мәңгі ұғымдар арқау болған. Ақын Басыңа қиын жағдай туғанда, қасыңда сенімді досың болу қажет дегенді білдіреді.

«Досым, саған мың алғыс» өлеңінде:
Өзгеге бас шұлғымай, өз дегенің үшін,
Төзуге болмайтын жерде төзбегенің үшін,
Айтпасаң да арамды көздегенің үшін,
Қасты көрсең, қайнаған қасық қаның үшін,
Досты көрсең жетуге асыққаның үшін,
Жаман әдеттен жақсыны шошытқаның үшін,
Терең судан қаймықпай, шешінгенің үшін,
Көршінің сөзін кек тұтпай, кешіргенің үшін,
Көрпенің бойына қарап көсілгенің үшін,

Досым, саған мың алғыс!-деп досының адамгершілік қасиеттерін айтады.

Өлеңнің мағынасын ашып, «Мен достықты қалай түсінемін» тақырыбына оқушылар шағын шығарма жазады. Күнтізбелік жоспар бойынша «Менің досым» деген тақырып бар.

Қазақ тілі сабағында ақын туындыларын пайдалану, яғни қазақ тілін әдебиетпен ұштастыру, пәнаралық байланыс - тілді оқыту процесінде өте тиімді әдіс екені сөзсіз.

ӘДЕБИЕТ ТІЗІМІ:

1. Тыңда туған [Мәтін]: поэма-күнделік/А.Шаяхмет// Искра.-1995.-18 тамыз.-4-16 б.
2. Жер-Бесік [Мәтін]: өлеңдер мен поэмалар /А.Шаяхмет.-Астана,2004, 240 б.
3. Көзімді ашып көргенім [Мәтін]= Мир моими глазами: жинақ/ А.Шаяхмет.-Қостанай, 2001- 432 б.
4. Мөлдір бұлақ [Мәтін]=Светлый родник: пьесалар// А.Шаяхмет.-Қостанай, 2009- 138 б.
5. Пирамида [Мәтін]: эсселер, толғаулар мен мақалдар //А.Шаяхмет.-Қостанай, 1997- 220 б.

«АНЫҚТАЛМАҒАН ТЕҢДЕУЛЕРДІҢ ШЕШУ ТӘСІЛДЕРІ».

Байменова Райхан Ержанқызы
«Кентау көпсалалы колледжі» МКҚК

Мазмұны

Кіріспе
І-тарау.Анықталмаған тендеулердің (Диофант тендеулерді) шешудің теориялық негіздері.
1.1.Диофанттың өмірі мен шығармашылық жұмыстарының мәні мен маңыздылығы.
ІІ-тарау.Анықталмаған теңдеулер және теңдеулер жүйесінің бүтін түбірлерін табудың әдіс-тәсілдері.
2.1.Анықталмаған сызықсыз теңдеулерді шешу әдістері
2.1.1.Көбейткішке жіктеу тәсілі.
2.1.2.Бөлшек өрнектің бүтін мәнін есептеу тәсілі.
2.1.3.Модуль(салыстырым) пайдаланып Диофант теңдеу щешу.
2.1.4.Жұп, тақтық қасиетті пайдалану.
2.1.5.Кері жору тәсілі.
2.1.6.Айнымалының мәнін бағалап, шектеу тәсілі.
Қорытынды
Пайдаланылған әдебиеттер

Кіріспе

Қазіргі уақытта математикамен кәсіби түрде немесе әуесқойлықпен барлығы Диофанттық теңдеу туралы, тіпті Диофанттық анализ туралы естіген болар.Соңғы 15-20 жылдары өзінің алгебралық геометрияға жақындығына байланысты ол «сәнге» айналды.Сонымен қатар анықталмаған анализге атау берген Диофанттың өзі туралы, антикалық заманның қызықты оқымыстыларының бірі туралы ештеңе айтылмаған.Оның еңбектері туралы тарихшылар өздерінің кері көқарасына ие.Олардың көпшілігінің ойынша, Диофант қк, алайда жекелеген әдістерді пайдалана отырып, анықталмаған теңдеулерге ұқсайтын жекелеген есептерді шешумен айналысқан.Осы бағалар туралы біз дәлірек төменде айтатын боламыз.

Сонымен қатар Диофант есептерін қарапайым талдау көрсетіп отырғандай, ол анықталмағн теңдеулерді бүтін сандарда шешу мәселесін қойып қана қойған жоқ және де оларды шешудің кейбір жалы әдістерін берді.Осы орайда айта кету керек, антикалық математикада жалпы әдістер ешқашан шешілетін есептерден бөлек «таза түрінде» сипатталмаған.Диофантпен де жағдай осыған ұқсап тұр.Виет пен Ферма үшін оның әдістері түсінікті болды және олар жаңа есептерді шешу үшін оларды пайдаланады.

Диофант идеяларының дамуы Анри Пуанкаре мен Андре Вейльдің жұмыстарына дейін жалғасты.Сондықтан Диофант анализінің тарихы ерекше қызықты.

Бұл жұмыс анықталмаған теңдеулердің бүтін түбірлерін табуға арналған Диофант әдістеріне және олардың тарихына арналған.

Тақырыптың қажеттілігі мен маңыздылығы

1.Бұл тақырыптың теориялық және практикалық маңызы зор бола тұра программалық курста зерттелмейді.

2.Олимпиадаға дайындық жасаудағы басты тақырыптың бірі Анықталмаған тендеулердің бүтін түбірлерін табуға арналған (диофант тендеуін шешу) есептер болатыны сөзсіз.

3.Диофант тендеу шешу тәсілдері математикалық әр түрлі есептер шешуге қолданылатын маңызды әдіс тәсілдерді қамтиды.

Тақырыптың мақсаты мен міндеттері

Диофант тендеу шешудің және жалпы математика бағытымен топталып алынғандықтан, оқушыларды математиканы оқып үйренуге тәрбиелеу, есеп шығару дағдысын арттыруға тиімді ықпал ететін болады.

Практикалық мазмұндағы мәтін есептерді тендеу және олардың жүйесінің бүтін шешімін табу жолымен шешу арқылы теорияны өмірмен ұштастыра білуге баулу.

Негізгі тәсілді игеру арқылы есептер шығару тәсілдері.

Жұмыстың құрылымы мен көлемі.

Жұмыс кіріспеден,екі тараудан, қорытындыдан және әдебиеттер тізімінен тұрады.Жұмыстың көлемі бет

Бірінші тарауда анықталмаған тендеулердің (Диофант тендеулерді) шешудің теориялық негіздері жөнінде қысқаша шолу жасалған.

Екінші тарауда анықталмаған тендеулердің және тендеулер жүйесінің бүтін түбірлерін табудың әдіс-тәсілдері қаралды.

1-тарау.Анықталмаған тендеулердің (Диофант тендеулерді) шешудің теориялық негіздері.

1.1.Диофанттың өмірі мен шығармашылық жұмыстарының мәні мен маңыздылығы.

Диофант ғылым тарихында едәуір қиын жұмбақтардың бірі.Бізге оның өмір сүрген жылдары және осы салада жұмыс жасағандар туралы белгісіз.Оның еңбектері тұтастай өткізбейтін қараңғының арасындағы жарқыраған алаңға ұқсайды.

Диофант өмір сүрген уақыттың аралығы, мүмкін бес жүз жылды құрайды.Осы аралықтың төменгі шегі ешқандай қиындықсыз анықталады:өзінің көпбұрышты сандар туралы кітабында Диофант б.ғ.д II ғ ортасында өмір сүрген математик Гипсикл Александрсийкийді бірнеше рет тілге тиек етеді.Бір жағынан Теон Александрийскийдің,белгілі астроном Птолемейдің «Альмагестіне»берген комментаринде Диофант шығармаларының үзіндісі келтірілген.Теон б.э.IY ғ ортасында өмір сүрген.Осымен осы аралықтың жоғарғы шегі анықталады.Сонымен, 500 жыл.

Диофанттың едәуір толық мәтінін шығарушы , француздың ғылым тарихшысы Поль Таннери осы аралықты сүзгіден өткізуге әрекет жасайды.Экспуриалдық кітапханасында ол XI ғасырдағы византиялы ғалым Михайл Пселлдің хатының үзіндісін тауып алды, онда «оқымысты Анатолий Александрийский осы ғылымның едәуір маңызды бөліктерін жинағаннан кейін (белгісіздік дәрежесі және олардың белгіленуін ендіру туралы айтып отыр) оны өзінің досы Диофантқа арнады.

Анатолий Александрийский «Арифметикаға кіріспені» құрастырды,оның үзінділері Ямблих және Евсевийдің бізге дейін келіп жеткен шығармаларында келтіріледі.Бірақ, Анатолий Александрияда б.ғ. III ғ ортасында,тіпті дәлірек айтатын болсақ 270 ж, Лаодаксий деп атайтын Диофантпен достығы осы уақыттан бұрын да орын алуы мүмкін.

Егер, танымал Александриялық математик және Диофант атты Анатолийдің досы бір адам болса, онда Диофанттың өмір сүру уақыты б.з. III ғ ортасы.

Диофанттың «Арифметикасының» өзі «достопочтенды Дионискe» арналған.Ол мәтінінен көріп отырғанымыздай , арифметикаға және оны оқытуға қызыққан.Дионисий

есімі сол уақытта айтарлықтай таралғанымен, Таннеридің айтуынша «мақтаулы» Дионисияны көрнекі лауазымдарға ие болған дәуірдің белгілі тұлғаларының арасынан іздеу керек.Міне, 241 жылы Александрийдің Епископы Дионсий деген біреу болды, ол 231 жылдан бастап қаланың христиандық гимназиясына басшылық етті.Сондықтан Таннери бұл Дионисийді өзінің енбегін арнаған Диофантқа ұқсастырды да Диофант б.э. III ғасырынвң ортасында өмір сүрді деген тұжырымға келді.

Диофанттың «Арифметика» - шешімделген және қажетті түсініктемелермен қамтылған есептердің жинағы.Сондықтан бір қарағанда, ол теориялық шығарма болып табылады.Алайда мұқият оқысақ, есептердің мұқият таңдалғандығын және толығымен анықталған, қатаң ойластырылған әдістерді көрсету үшін қызмет атқаратындығын көруге болады.Көне заманда қабылданғандай, әдістер жалпы түрде тұжырымдалмайды, біртипті есептерді шешу үшін қайталанылады.

II-тарау. Анықталмаған теңдеулер және теңдеулер жүйесінің бүтін түбірлерін табудың әдіс – тәсілдері.

2.3. Анықталмаған сызықсыз теңдеулерді шешу әдәстері.

2.3.1. Көбейткіштерге жіктеу тәсілі.

1-есеп: $2x^2+3xy+y=35$ теңдеуінің бүтін шешімдерін тап.

Шешуі: $2x^2+3xy+y^2=35 \rightarrow (2x+y)(x+y)=35$

35=5*7=(-5)*(-7)=1*35=(-1)*(-35) және x, y – бүтін сандар болғандықтан байланысты жұйелерді шешу арқылы (2;3), (-2;9), (-2;-3), (2;-9), (34;-33), (-34;69), (-34;33), (34;69) пар сандары тендеудің шешімі болатынын анықтаймыз.

2-есеп: $x^4-y^4-20x^2+28y^2=107$ тендеуінің бүтін шешімдерін тап.

Шешуі: $x^4-y^4-20x^2+28y^2=x^4+x^2y^2-x^2y^2-y^4-24x^2+4x^2+24y^2+4y^2-96+96=(x^4+x^2y^2-24x^2)-(x^2y^2+y^4-24y^2)+(4x^2+4y^2-96)+96=(x^2+y^2-24)-(x^2-y^2+4)+96$ болғандықтан берілген тендеу $(x^2+y^2-24)(x^2-y^2+4)=11$ түрінде жазылуымен қатар $11=1*11=(-1)*(-11)$ болатынын ескеріп алдыңғы есептегідей барлық мүмкін жағдайды қарастыру арқылы (2;-3), (-2;-3), (4;3), (-3;-3), (-2;3), (2;-3), (-4;3), (4;-3), шешімдерін табамыз.

3-есеп: $1+x+x^2+x^3=2^y$ тендеуінің бүтін шешімдерін тап.

Шешімі: Берілген тендеуді $(1+x)(1+x^2)=2^y$ деп түрлендірейік.Бұдан 1+x6 $1+x^2$ сандары 2^y -нің бөлгіштері болады.Немесе $1+x=2^m$, $1+x^2=2^{y-m} \rightarrow x=2^m-1$, $x^2=2^{y-m}-1$ бұдан $2^{2m}+2^{m-1}+1=2^{y-m}-1$ немесе $2^{y-m}+2^{m-1}-2^{2m}=2$ болады.Төмендегі жағдайларды қарастырайық.

1)m=0 болсын. $2^y+2-1=2$ немесе $2^y=1 \rightarrow y=0$ және $1+x=2^m \rightarrow x=0$.

2)m>0 болсын. $2^{y-m-1}+2^m-2^{2m-1}=1$ және $2^m, 2^{m-1}$ –лар бүтін 2^{y-m-1} –бүтін және $2^{y-m-1}(1+2^{2m-y+1}-2^{3m-y}=1), \rightarrow 2^{y-m-1}=1$, $1+2^{2m-y+1}-2^{3m-y}=1$ немесе y-m-1=0, 2m-y+1=3m-y $\rightarrow$m=1, y=2, $x=2^m-1-1$ олай болса тендеудің (0;0), (1;2) ≥4-есеп: xy=x+y тендеуінің бүтін шешімін тап.

Шешімі: Тендеуді xy-x-y+1=1 $\rightarrow$(x-y)(y-1)=1 түріне келтірейік.1=1*1=(-1)*(-1) және x,y – бүтін сандар болатынын пайдаланып мүмкін екі жағдайды қарастыру арқылы (0;0),(2;2) шешімдерін табамыз.

2.3.2. Бөлшек өрнектің бүтін мәнін есептеу тәсілі.

1-есеп: $2x^2-2xy+9x+y=2$ тендеуінің бүтін шешімдерін тап.

Шешуі:Берілген тендеуді $y=\frac{2x^2+9x-2}{2x-1}=x+5+\frac{3}{2x-1}$ түріне келтірсек y бүтін сан болу үшін $\frac{3}{2x-1}$ бөлшегі бүтін мәнді қабылдау керек.Мұның төмендегі төрт мүмкіндігі бар.

а) 2x-1=1, б)2x-1=3, в)2x-1=-1, г)2x-1=-3, Сондықтан тендеудің бүтін шешімдері (1;9), (2;8), (0;2), (-1;3) пар сандары болады.

2-есеп: $\begin{cases} x^2-y^2-z^2=1 \\ x-z-y=3 \end{cases}$ тендеулер жүйесінің бүтін шешімдерін тап.

Шешімі:2-тендеуден x=y+z-3-ті 1-тендеуге қойсақ yz-3y-3z+4=0 болады да y=;

3-есеп: $x^3-13xy+y^3=13$ тендеуінің бүтін сандар жиынында неше шешімі бар.

Шешімі:x+y=s, xy=t ауыстыруын орындау арқылы берілген тендеуді s^3-3st-137=13 немесе t=$\frac{s^3-13}{3s+13}$ түріне келтірейік.Бұдан 27t=$\frac{27s^3-13*27}{3s+13}$=9$s^2$-39s+169-39s-$\frac{13(13^2+27)}{3s+27}$ t – бүтін сан болғандықтан $\frac{13*196}{3s+13}$ бүтін сан болу керек.Сондай-ақ s^2-4t=$(x-y)^2\geq 0$ s^2-4*$\frac{s^3-13}{3s+13}$ = $\frac{3s^3+13s^2-4s^3+52}{3s+13}=\frac{s^2(13-s)+52}{3s+13}\geq 0\rightarrow -4\leq s\leq 13$

$1\leq 3s+13\leq 52$, 3s+13=1(3) және 13*96=2^2*7^2*13 санының осы қасиеттерге үйлесетін бөлгіштерін тапсақ:1;4;7;13;28;49;52 болады да S сан сәйкес -4;-3;-2;0;5;12;13; мәндерін қабылдайды.Бұған сәйкес t-нің мәндері t=-77,-10,-3,-1,4,35,42, x,y – тер z^2-sz-t=0 тендеуінің түбірлері болады.Бұл тендеуді s,t –нің табылған мәндерінде шешсек (7;5), (7;6), (7;12), (1;3), (1;-1), (1;4), (-5;2) деген 7 шешім шығады да x, y симметриялы екенін ескерсек есептің бүтін сандар жиынында 7*2=14 шешімі болады.

2.3.3. Модуль (салыстырым) пайдаланып Анықталмаған тендеуді шешу.

1-Есеп: x^2+5y^2=20z+2 тендеуін бүтін сандар жиынында шеш.
Шешімі: Берілген тендеуді x≡2(mod5) түрінде жазуға болады.Егер x=5k →x^2≡0(mod5), x=5kұ1→x^2≡1(mod5), x=5kұ2→x^2≡-1(mod5) болатындықтан теендеудің бүтін шешімі жоқ.
2-Есеп: 19x^3-91y^2=1991 тендеуінің бүтін шешімін тап.
Шешімі: Тендеуді түрлендіріп
19(x^3-100)=91(1+y^2) →19(x^3-2)-19*98=91(1+y^2) түріне келтірейік. 91≡0(mod7), (19.7)=1x^3≡0(mod7) – ге келтірейік. x≡0;1;2;3;4;5;6(mod7) немесе x=7k;7k+1;7k+2;7k+3;7k+4;7k+5;7k+6 жағдайларын тексеріп көрсек x^3≡2(mod7) тендеудің шешімі жоқ екені дәлелденеді.
3-Есеп: 3^n+55 саны бүтін квадрат болатын барлық натуралn-сандарын тап.
Шешімі: 3^n+55=s^2, s∈N (1) дейік
а) n=2m+1 3^2=1(mod4)→3^{2n+1}≡3(mod4) 55≡3(mod4) болатындықтан тендеу s^2≡2(mod4) түріне келеді де s^2≡0;1(mod4) болатындықтан бұл жағдайда есептің шешімі жоқ.
б) n=2m (жұп сан) болсын.Бұл жағдайда (1) тендеуінің s^2=$(3^m)^2$+55 немесе (s-3^m)(s+3^m)=55 түріне келтірейік, 55=1*55=5*11 және s-3^ms+3^m болатынын ескерсек
1.s-3^m=1; s+3^m=55
2.s-3^m-5; s+3^m=11 бұл жүйелерін шешу арқылы
а) m=3, s=28 →n=6
б) m=1, s=8 →n=2 мәндерінде 3^n+55 өрнегінің мәні бүтін санының квадраты болатынына көз жеткіземіз.

2.3.4. Жұп, тақтық қасиетті пайдалану.

Есеп 1: x^3+y^3-3xy=2 теңдеуінің бүтін шешімін тап.
Шешімі: а) x, y екеуі бірдей немесе қай біреуі тақ болса теңсіздіктің сол жағы тақ сан болады да бұл жағдайда шешімі жоқ.
б) x, y екеуі де жұп болсын немесе x=2m, x=2n.Берілген тендеуді түрлендірсек 2($2m^3$+$2n^3$-3mn)=1 болатындықтан шешімі жоқ.
Есеп 2: x^2+y^2=2006 тендеуінің бүтін шешімі болмайтынын дәлелде.
Шешімі: а) x, y екеуі де жұп немесе біреуі жұп, біреуі тақ болса сол жағы 4ке бөлінеді де оң жағы бөлінбейтіндіктен шешімі жоқ.
«Қыран – түлегіне қайтпас қанат сыйлайды, ұстаз – шәкіртіне талмайтын талап сыйлайды» демекші, ұстаз-қай кезде де мектептің жүрегі, қоғамның тірегі. Қоғам тұлғаны қаншалықты жетілдірсе, жетілген тұлға қоғамды соншалықты дәрежеде дамытады. Ал жеке тұлғаға білім беріп, тәрбиелейтін, дамытатын, әрине-ұстаздар қауымы. Қоғам талабына сай шебер мұғалім болу заман талабы болып тұрғаны анық. Ал жаңа формация мұғалімі дегеніміз кім деген сұраққа жауап іздейтін болсақ, Қазақстан Республикасының жоғары педагогикалық білім беру тұжырымдамасында «Жаңа формация мұғалімі — кәсіби дағды мен педагогикалық дарыны қалыптасқан, жаңалыққа жаны құмар, рухани дүниесі бай, шығармашылықпен жұмыс істейтін жеке тұлға»

Өзім жұмыс істеген колледжде 13 жылға тарта уақытта оқыту мен білімді меңгеруге деген сұраныстың артып келе жатқандығын байқаймын. Оның дәлелі: сапалы білімді меңгеріп қана қоймай, дұрыс еңбек жолын таңдай білу. Сонымен қатар біз білім берген студент, яғни болашақ маман мынау толқыны мықты заманның сұранысына төтеп бере алатындай болса, өз мамандығының кәсіби шебері боларына кәміл сенімді.

Білім мен шеберлігі артып тұрған маман әрқашан да сұранысқа ие болатыны айтпаса да түсінікті. Көпшіліктің жоғары білім мен жоғары біліктілік ұғымдарын ажырата білмейтіні өкінішті. Жоғары білім алып шыққан азаматтардың барлығы жоғары білікті дей алмаймыз. Білім мен білікті болашақ мамандардың мәртебесін көтерсе, оған қол жеткізу тек оқу-әдістемелік бірлестіктердің жаңа технологиялары арқылы жүреді.

Мұғалім үшін кәсіби шеберлікке жету, өз мамандығының данышпаны болу бір күнде пайда болатын күнде дүние еместігін біз жақсы түсінуіміз керек және өмір бойы іздеушілікті, зерттеушілікті талап ететін мамандық екенін анық аңғарғанда ғана толық нәтижеге жете аламыз. Мұғалімнің әрбір сөзі ісі, қимылы, аяқ алысы, жүрісі, көзқарасы психологиялық және ізгілік тұрғысынан шәкірт жүрегінен үлкен орын алады. Сондықтан әрбір ұстаз үшін оқу мен тәрбие үрдісін ұйымдастыруда мол білімділікті, ақылдылықты, дұрыс іскерліктер мен дағдыларды қолдану қажет етеді.

Халқымыздың ғасырлар бойы армандап, екі ғасыр тоғысында қол жеткізген бақыты – ол біздің тәуелсіздігіміз. Оның ірге тасының мықты болып қалануы ұрпаққа берілетін білім мен тәлімді тәрбиеде. Ал ол ұстазға жүктелетін ауыр міндет.

Бүгінде мұғалімнің белгілі-бір құрлымдарға деген жеке қатынасын көрсететін педагогикалық ұстанымдарының анықталуы әдістемелік қызметтің қалыптасуында маңызды рөл атқарады.

Менің алға қойған мақсатым — студенттерге сапалы білім, саналы тәрбие беру арқылы студенттің алған білімі мен тәрбиесі болашақта қажетіне жарап, шығармашыл жеке тұлға қалыптасуына үлес қосу, менің де өз ісімнің білгірі немесе «Құзыретті» болуым. Сол үшін менің үнемі ізденісте болуым, білім – біліктілігімді толықтыра, шеберлігімді жетілдіре түсуім білім сапсының кепілі болмақ.

Әдебиеттер:

1. Ж.Аймауытов. «Тәрбиеге жетекші», Орынбор 1924ж
2. Ш.Беркімбаева, А.Құсайынов, А.Рысбаева, М.Бұлақбаева. Жоғары мектеп педагогикасы – 2009ж.
3. Қазақстан Республикасындағы білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы, 2011ж.
4. Б.Айтмамбетова «Жаңашыл педагогтар идеялары мен тәжірибелері», Алматы 1991ж.
5. Г.Сайынқызы. «Тамшы сөздер мен қамшы сөздар», Алматы 2005ж.
6. «Білім шапағаты» қоғамдық- педагогикалық газеті.
7. «Білім технологиялары» журналы, 2006ж.

СТУДЕНТТЕРДІҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ДЕРБЕСТІГІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Амирханова Үміт Өмірзаққызы

«Қапланбек жоғары аграрлық-техникалық колледжі» КМҚК

Сарыағаш қаласы

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері негізінде тұлғаны қалыптастыруға, дамытуға және кәсіби шыңдауға бағытталған білім беру және оның шығармашылық, рухани және тәни күш қуатын жетілдіру, жеке тұлғаның жан-жақты дамуына жағдай жасау міндеті көзделгенін ескерсек, болашақ мамандарды жаңашылдыққа даярлауымыз керек. Қай елдің болсын өсіп өркендеуі, әлемдік ортада алдыңғы шептен орын алуы оның ұлттық білім беру жүйесінің қалыптасуына, даму бағытына, қазіргі таңдағы оқытудың дидактикалық жаңа сипаты - жаңа оқыту технологияларын, оқу ақпараттарын ұтымды қолдану, шығармашылық оқыту түрлерін кеңінен пайдалануға байланысты. Ал шығармашылық іс-әрекет арқылы жаңа нәтижеге жету мен өзекті мәселенің шешімін табу шығармашылық дербестік негізінде жүзеге асады.

Шығармашылық дербестік - болашақ маманның танымдық интеллектуалдық әлемін дамытып қана қоймай, кәсіби маңызды сапаларын қалыптастыруға мүмкіндік береді. Сондықтан

шығармашылық дербестікке жеке тұлғаның дамуына, оның рухани түрғыда жетілуінде маңызды, білімдік және психологиялық мәні терең құндылық бағдар ретінде танудың маңызы зор.

Студенттердің шығармашылық дербестігін арттыру жолдары:
- көкейкесті мәселелерді нақты белгілеу арқылы студенттерді ойландыруға, талдауға ынталандыру және белгілі деректерді, оқиғаларды, құбылыстарды салыстыра отырып, оны дамытуға қызығушылық туғызу;

- жаңа білімді меңгеруде тапсырмалар мен өзекті мәселелерді шешудің стандартты емес басқа тәсілдерін табуға ынталандыру;

- студенттің ізденімпаздық іс-әрекетіндегі өзіндік қорытындылар мен рефлексиялық талдау жасауда дербестігіне қолдау көрсету.

Болашақ маманның шығармашылық дербестігін қалыптастырудың құрылымдық-мазмұндық моделі: ынталандыру-еріктік, интеллектуалдық-белсенділік, жасампаз-рефлексиялық бөліктерден тұрады(1-кесте)

1-кесте - Студенттердің шығармашылық дербестігін қалыптастыру моделі

Модель бөліктері	***Өлшемдері***	***Көрсеткіштері***
Ынталандыру - еріктік бөлігі	Шығармашылық дербестікке ұмтылуы мен өзіндік өмірдегі ұстанымын айқындауға, кәсіптік білікті маман болуға талаптануы мен білім алуға қажетсінуін қамтиды.	- дербес өзіндік бағдармен іс- әрекетке шығармашылық сипат беруге қажетсінуі, - шығармашылық дербестікке ұмтылуы, ойлау еркіндігіне қол жеткізуі, - танымдық ынтасына сәйкес студенттің шығармашылық іс-әрекетке құндылық бағдар ретінде қажетсінуі, - жаңашылдықты қажетсінуі мен талаптану жаңашылдықты қажетсінуі мен талаптану
Интеллектуалды-белсенділікбөлігі	Интеллектуалдық ой-өрісі ментанымдық деңгейінің кеңдігі ғылыми білімді игеруі және оқу-танымдық қызмет тәсілдерінің жүйесін саналы меңгеруі.	-танымдық, шығармашылық іс-әрекетте дербестігінің болуы, - жаңаны табуда танымдықбіліктерінің қалыптасуы, — құбылыстың мәнін білуге ұмтылысы мен ғылыми білімді игеруге ынтасының тұрақтылығы, — оқу-танымдық қызмет тәсілдерінің жүйесін саналы меңгеруі, — жаңа білімдер мен әрекет тәсілдерін өзбетінше игеру біліктерінің болуы, — шығармашылық жоспарлау және ұйымдастырудың жолдарын меңгеруі.
Жасампаз - рефлексиялық бөлігі	Студенттің өзін-өзі дамыту, өзін-өзі реттеу жүйесін меңгеруі	— өзін -өзі жетілдіру мен дамыту, — жаңаны ойлап табу мен жаңа нәтижеге жету, ой тереңдігі мен шығармашылық шабыттың болуы,

	мен іс жүзінде қолдануы, өзіндік бағалауға рефлексиялық талдауы	— шығармашылық іс-әрекетке, ізденімпаздық жұмыстарға талдау жасай білуі, — мәселені түсінушілік, шешімтабудағы шапшаңдық пен мәселенішешудегі икемділіктің болуы, — іс-әрекетті объективті бағалау, жекетұлғалық құндылықтарды саналы түсіну, — өзін-өзі дамытуда рефлексиялық бағытты таңдау.

Енді колледж студенттерінің шығармашылық дербестігін ескере отырып, қазақ тілі пәнін өткізу ерекшеліктері мен кезеңдеріне тоқтала кетелік.

Тіл – ұрпақтар арасын жалғар алтын көпір, ақыл – ойдың түйіні танытар асыл қазына. Бүгінгі таңда егемендік алып етек жеңімізді жиып, ел болдық десек те көпшілікті толғандыратын мәселелер – ұлттық тәрбие мен ұлттық құндылықтар.

Ұлттың ұланы – терең теориялық біліммен қаруланған, ұлттық дүниетаным негізінде көзқарасы қалыптасқан әлеуметтік белсенділігі жоғары, отаншыл, мәдениетті, ата – бабамыздың мұрасын, ұлттық құндылықтарымызды көздің қарашығында сақтайтын ұлтжанды, шығармашылық дербестігі қалыптасқан азамат болып тәрбиеленуі тиіс.


Сондықтан ұлттық бағытқа бет бұрған оқу орны бірінші кезекте, білім мазмұнын ұлттық бөліктермен яғни, ана тілімен, өз тарихымен, мәдениетімен толықтыру қажет. Осыған орай оқу орындарында қаза тілін оқытылуына ерекше көңіл бөлу қажет. Себебі, тіл ұлттық құндылықтардың ішіндегі бірегейі.

Бүгінгі таңда ана тіліміздің қыр – сырын ғылыми тұрғыда терең игеруге арналған тиімді әдіс – қазақ тілін шығармашылық тұрғыдан оқыту.

Қазақ тілін шығармашылық тұрғыдан оқытудың мақсаты – тіл біліміндегі танымдық теорияның ғылыми негіздерін меңгеру арқылы теория мен практиканы ұштастырып отырып, тіл үйренушінің ой - өрісін кеңейту.

Негізгі мақсатты жүзеге асыру үшін орындалатын міндеттер:

- қазақ тіл білімі мен танымдық лингвистиканың бір – бірімен байланысын көрсете білу;
- студенттердің ойлау қабілетін, қоршаған ортаны зерттеп тану қасиетін, өзіндік танымын кеңейту;
- ой, сана, тіл тұтастығы арқылы тілдік қатынасты жеке меңгерту, таным үдесін жан – жақты іске асыру;
- сөз өнеріне баулу;
- дербес шығармашыл тұлға қалыптастыру;
- белгісіз жағдай ортасында өздігінен шешім қабылдай білуге дағдыландыру.



1. Шығармашылық жұмыстар.

Студенттердің шығармашылық дербестігін, ізденімпаздығын қалыптастыруда сыныптан тыс, жеке, ұжымдық жұмыстар ұйымдастыруда шығармашылық ой, пәндік апталықтар мен ғылыми-шығармашылық апталық, жобалар,пәндік үйірмелер мен факультативтік сабақтардың маңызы зор. Барлық жұмыстарда студенттердің қалауы, таңдауы мен ұсыныстарын ескеру қажет. Сондай-ақ, мектептегі пәндік олимпиадалар, сайыстар, түрлі шығармашылық кештер студенттердің ізденіс қабілетін ұштап, дербес оң нәтижеге жетуге ықпал етеді. Сонымен қатар, студенттердің шығармашылық дербестігі мен ізденімпаздығын қалыптастыруда мұғалімнің педагогикалық шеберлігі қажет.

2. Оқытушы студентке әрқашан тапсырманы екі түрде*: ауызша және жазбаша* түрде беріп, олардың сөйлеу мәнерін, сөйлеу мәдениетін жетілдіреді.

1. Ауызша тапсырмаға пікірлесу сұрақтарын дайындау, әдеби шығармалардан тақырыпқа қатысты мәтіндер теру тапсырылады.

2. Жазбаша тапсырмалар арқылы оқушыларды өз бетінше жұмыс жасауға толық тәрбиелеуге болады. Ең бастысы әр бала өз эойын айта алатындай мүмкіндік тууы керек. Егер жеке өз ойы жетпеген жағдайда оқушы біреудің сөзін сол күйі айту арқылы да сөйлеп үйренеді.

3. Қазақ тілі пәнінде пікірлесу арқылы бір – біріне баға беріп сөйлесуге дағдыландыру

4. Тест тапсырмасы

5. Тақырыпқа байланысты шағын мақала, пікіржазуға үйрету.

3. Ізденіс жұмысына баулу – қоғамдағы, өмірдегі әр түрлі бейне суреттерден оқушыларда көптеген сұрақтар туындайды. Сол сұраққа өздері жауап іздеу арқылы ой - өрісін, шығармашылығын дамытып, бәсеке қабілеті күшейеді.

Ізденіс жұмысына баулу арқылы шығармашылық іс - әрекетті дамытудың, сөйтіп бәсекеге қабілетті жеке тұлғаны қалыптастырудың маңызы зор.

4. Деңгейлік тапсырмалар беру

Студенттерге деңгейлік тапсырмалар беру арқылы шығармашылық дербестігін қалыптастыру		
Бастапқы деңгей	**Орта деңгей**	**Жоғары деңгей**
- өз көзқарасы мен ұстанымын жан-жақты тұрғыдан қалыптастыра алмайды, - өз ұстанымын толық дәлелдей алмайды, оның артықшылықтарын толық көрсетпейді, - жан-жақты салыстырмайды, - ұтымды мысалдар келтірмейді,	- ойлау қадамдарын ретімен қолданады, - өз көзқарасы мен ұстанымын қалыптастырғанымен оларды ұтымды түрде дәлелдей алмайды, - өз ұстанымдарын өзгелермен салыстырады, оның артықшылығы мен кемшіліктерін ажыратады, - өзіне айтылған сынды сабырмен қабылдай алмайды,	- негізгі ойлау қадамдарын ретімен, логикалы түрде және тереңінен қолданады, - өз көзқарасы мен ұстанымдарын ұтымды түрде дәлелдей алады, - өзіне өзі нақты баға бере алады, - өзге пікірлерді бағалай біледі, - ұсыныстар мен гипотезалар жасай біледі,

- себеп-салдарын дәлелді түрде келтіре алмайды, - талдау мен синтездеуді толық жасамайды, - жан-жақты баға бере алмайды.	- өзге ұстанымдарды жан-жақты талдамайды, олардың олқылықтарын ажырата алмайды, - өзге ұстанымдарды өз мақсатында пайдалана алмайды, - өз ұстанымын икемді түрде өзгерте алмайды.	- айтылған сынға байыппен қарайды: өз ұстанымдарын икемді түрде өзгерте алады, - өз жұмысын жақсарту жолдарын іздестіреді.

5. Танымдық ойындар студенттердің шығармашылығын дамытудың тиімді әдістердің бірі. Оған түрлі салт – дәстүр ойындарын кіргізуге болады.



Қорыта айтқанда, шығармашыл мұғалім – рухани дамыған әрі әлеуметтік тұрғыдан есейген, педагогикалық құралдардың барлық түрлерін шебер меңгерген білікті маман, өзін-өзі әрдайым жетілдіруге ұмтылатын шығармашыл тұлға. Ол жоғары білімді шығармашыл тұлғаны қалыптастырып, дамыту үшін жауапты. Осы орайда, біздің басты мақсатымыз — студенттердің ой-өрісін, қиялы мен шығармашылығын дамыту арқылы, заман талабына сай жан-жақты дамыған жеке тұлғаны қалыптастыруымыз қажет. Білім берудің әртүрлі нұсқадағы мазмұны, құрылымы, ғылым мен тәжірибеге негізделген жаңа идеялар мен жаңа инновациялық технологияларды зерттеп, оны өз іс-тәжірибемізде қолдану арқылы оқу-тәрбие процесінде шығармашыл білімді тұлғаның дамуына мүмкіндік беріледі.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. «2022-2023 оқу жылында Қазақстан Республикасының орта білім беру ұйымдарында оқу-тәрбие процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы». Әдістемелік нұсқау хат. – Нұр-Сұлтан: Ы.Алтынсарин атындағы ҰБА, 2022.
2. Ж. Дәулетбекова, П. Юсуп, Л. Жұмекенова. Қазақ тілі. Оқыту әдістемесі. - Атамұра, 2019
3. Г. Стамқұлова, Г. Оспанова. Қазақ тілі. Дидактикалық материалдар, - Мектеп, 2015

“АРНАЙЫ ПӘНДЕРДІ ОҚЫТУДАҒЫ МОДУЛЬДІК ТЕХНОЛОГИЯНЫ ПАЙДАЛАНУ ТЕХНОЛОГИЯСЫ”

К.Н.Базарбай
«О.Көшеков атындағы Атырау аграрлы-техникалық колледжі» КМҚК

Мақсатым:

Жалпы білім берудегі тәрбие мен білім беру жүйесіндегі қазіргі заманғы әдіс-тәсілдерін тиімді пайдалана отырып, сапалы білім мен саналы тәрбие беруде студенттерді ізденімпаздыққа, қызығушылық қабілетін арттыруға жағдай туғыза отырып, студенттерге таза білімнің өзін бере білу емес, бүгінгі алған білімін өмірлік қажеттіліктеріне сай пайдаға асыра білуге үйрету.

Міндеттерім:

Тәрбие мен білім беру жүйесіндегі қазіргі заманғы әдіс-тәсілдерін тиімді пайдалана отырып, студентке аса жауапкершілікпен жаңа технологияны меңгертіп,бүгінгі бәсекелес нарықтық заманға сай мықты маман етіп даярлау.

ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың "Жаңа жағдайдағы Қазақстан: іс-қимыл кезеңі" барша отандастарымызға арнаған Жолдауында: – Кәсіби білім берудің бүкіл жүйесін еңбек нарығында сұранысқа ие білікті мамандар қалыптастыруға бағыттағанымыз жөн, – деп атап көрсеткеніндей, жиырма бірінші ғасырда білім беруді экономикалық өсудің жаңа моделінің орталық буынына айналдыру үшін оқыту бағдарламасын сыни ойлау, өз бетімен іздену дағдыларын дамытуға және қашықтықтан да білім алуға бағыттау қажет деген болатын.Сондықтан да бүгінгі өскелең ұрпақ уақыт талабына сай білім беруді одан әрі жетілдіру мәселесі, күн сайын өзгеріп тұрған әлеммен бірге қатар жүрері анық.

Оқытушының басты мақсаты – алдындағы студенттерге таза білімнің өзін бере білу емес, бүгінгі алған білімін өмірлік қажеттіліктеріне сай пайдаға асыра білуге үйрету. Осы тұрғыда білім берудің даму бағыты мен технологияларын қамтитын көптеген педагогикалық технология қолданып келеміз.Солардың бірі өзім дәріс беретін арнайы пәндерді оқытудағы модульдік оқыту технологиясы.

Интерактивтік модульдік оқыту технологиясы
арқылы студенттердің шығармашылығын дамытудың жүйесі



Қазіргі таңда оқудың интерактивті әдіс- тәсілдері өте көп. Сабақ жүйесін дамыту кезінде пайда болған оқыту технологияларының бірі Марал Жанпейісованың модульдік оқыту технологиясы болып саналады.Оқыту технологиясының бір ерекшелігі – оның білімді меңгеруге емес, тұлғаның танымдық қабілеттерін және танымдық процестерді, шығармашылық қажеттіліктерін қанағаттандыруға; белсенді сөздік қорын (ауызша және жазба тілінде) дамытуға бағытталуы. Модульде оқу уақытының басым бөлігі студенттердің өз бетімен жұмыс істеуіне жұмсалады. Алған білімдері күнделікті бақылау, тексеру әдістері арқылы анықталып тұрады.

Модульдік оқыту технологиясының құрылымы

КІРІСПЕ бөлімі ***(модульге, тақырыпқа енгізу)***
СӨЙЛЕСУ (ДАЙЫНДЫҚ) бөлімі ***(студенттердің өзара сөйлесу арқылы танымдық қызметін ұйымдастыру)***
ҚОРЫТЫНДЫ бөлімі ***(бақылау)***

Мен өз іс-тәжірибемде М.М.Жанпеиісованың «Модульдік технологиясының» элементтерін 1401000-«Ғимараттар мен үймәреттерді салу және пайдалану» мамандығы бойынша «Құрылыс–монтаждау жұмыстарын ұйымдастыру мен технологиясы» пәнінде қолданамын. Себебі, білім беру саласында жиі көтеріліп жүрген мәселелердің бірі-студенттерді өзін-өзі басқаруға үйрету. Олай дейтінім, жаңа технология әдістері студенттердің шығармашылық қабілеттерін арттырып, өз бетімен жұмыс істеуге, қорытындылар жасауға,жүйелі білім алуға жетелейді.

Өз тәжірибемде жаңа тақырыпты оқыту барысында модульдің кіріспе бөлімінен бастаймын. Мысалы, пән бағдарламасында «Құрылыс өндірісін ұйымдастыру» атты модульдің құрылымымен, мақсатымен таныстырамын. Сонан соң сөйлесу бөлімінде топты негізінен 7 студенттен шағын топтарға бөлу арқылы олардың өзара белсенді әрекеттенуіне ықпал жасаймын.

Сөйлесу бөлімінде тыңдау, жазу, көру, айту мүмкіндіктері ескерілген. Модульдік оқытудың сөйлесу бөлімінде келесі белсенді формаларды қолданамын: «Киностудия», «Қарлы кесек», “Ойлан да тап" оқыта үйрену ойындары, жеке-топтық жұмыс формасын, өзара оқыту ойындарын қолданамын.

Оқу бөлімінің қорытынды бөлімі – бақылау. Егер сөйлесу бөлімінің барлық сабақтарында студенттер бір-бірінің көмегіне жүгінсе , енді қорытынды бөлімінде студент өзінің сөйлесу бөлімінде алған білімін, білігі мен дағдыларын ешкімнің көмегінсіз көрсетуі тиіс.

Осы мақсатты алға қойып, студенттердің пәнге деген қызығушылығын арттыру мақсатында әрбір сабағымды түрлендіріп өткізу әдістерін енгіздім. Сонымен қатар “Қаптау жұмыстары” оқу тәжірибесін өткізу барысында оқытуда қолданатын тәсілдің бірі біріктіліген (бинарлық) сабақ ретінде өткіздім. Бұл сабақты арнайы пәндер және өндірістік оқыту сабағында бір-бірімен байланысты материалды қосарландыра қолдана отырып, бір-бірімен байланыстырдым. Ол мынадай артықшылықтарымен ерекшеленеді: екі еселенген бинарлық мақсатқа жету білімді меңгерту және оны бір мезгілде тәжірибемен байланыстыру, бұл сабақта теорияның тәжірибемен тығыз байланыстырып, алған теориялық білім арқылы тәжірибе жүзінде өздері жасап үйренді.Осы әдісті қолданып, оқыту арқылы өз тәжірибемде студенттерді теория мен тәжірибені ұштастыра оқытамын.

Әсіресе, оқыту барысында тиімді, нәтижелі топтық жұмыс формасын жиі қолданамын. Студенттердің топтық жұмыс жүргізу алдында оларды қабілетіне, қызығушылығына, икеміне, біліміне қарай лайықтаймын, белсенді сөйлеуіне, шығармашылығына қол жеткіземіз.

Мысалы: «Киностудия» оқыта үйрету ойыны. Әр топ өз тапсырмаларын - оқу материалының қандай бір бөлігін оқып –үйреніп - алады да, бір сәт суретші болу (елестету қабілеті) ұсынылады, түсіндіруге дайындалады.

Өз тәжірибемде күнделікті сабақта қолданатын ақпараттық технологияларды пайдаланудың тиімділігі:

- студенттің өз бетімен жұмысына;
- уақытын үнемдеуге;
- білім-білік дағдыларын тест тапсырмалары арқылы тексеруде;
- қажетті ақпаратты жедел түрде алу мүмкіндігі;
- студенттің ой-өрісін дүниетанымын кеңейтуге де ықпалы зор.

М.М. Жанпейісованың модульдік оқыту әдістемесі көп нәтиже беретінін айқындадым. Ол мынадай артықшылықтарымен ерекшеленеді: ұжым болып жұмыс істеу дағдысы қалыптасады. Онда студент өз пікірінің дұрыстығын дәлелдеп, қателегін мойындап және жолдасының пікірінің дұрыстығын көрсетіп, ұжымдық шешім қабылдауға үйренеді. Ол өз білімін өзі бағалай алады.Әр студенттің білім дәрежесіне қарай тапсырманы да түрлі деңгейде алуға болады.

Осы модульдің тиімділігі– оқытушы мен студенттердің құзыреттілігінің өсуіне әкеледі.Модульдік технология жаңа және қалыптасқан дәстүрлі әдістерді сабақтастырып қолдануымен қызықты әрі тиімді.

Күтілетін нәтиже:Студенттердің психологиялық ерекшелігін, ақыл-ойының дамуы және өзін-өзі жетілдіру.Оқытушының жан-жақты дамуына мүмкіндік туғызады.

Қорытынды

Бүгінгі ұстаз тек кәсіби білімін толықтырып қана қоймай, үнемі шығармашылықпен жұмыс жасауы қажет. Осы орайда, жазушы Ә.Кекілбаевтың «Уақыттың жалғыз өлшемі бар, ол – адам ғұмыры. Адам ғұмырының жалғыз өлшемі бар, ол – арттағы халықтың қамы үшін бітіретін іс» -деген, осындай үлкен іс атқарар бір сала – қоғам мен оқытушы. Ендеше, бір жерде тұрмай өз білімімізді жастарға жеткізіп, тәрбие үрдісін дамытып, жаңа қоғам талабына сай бәсекеге қабілетті жеке тұлға қалыптастыру.

Пайдаланылған әдебиеттер

1 Әбенбаев С., Ахметова Г., Әбенбаева И. Дәстүрлі емес сабақ турасында //Мектептегі шетел тілі. 2003, №2, бб.11-16.
2. В.Ф.Шаталов, «Тірек сигналдар», 2002ж. М.,Высшая школа
3. Селевко Г.К. Современные технологии в образовании. –М., 1998.
4. 2017–2022 © Slide-Share support@slide-share.ru

БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНДЕГІ ЖАҢАША БАҒЫТТАР

Ибраева Ж.М.
МКҚК «Көксу ауылшаруашылық колледжі» Ескелді ауданы, Жастар ауылы
zhanna.ibraeva.1986@mail.ru

Аңдатпа:Мақалада білім беру жүйесіндегі жаңаша бағыттардың бірі «Академиялық дербестік» пен «Кәсіптік білім беруді дамытудың тәжірбиесі» бойынша жаңаша бағыттары қарастырылады.

Аннотация: В статье рассматриваются новые направления в системе образования по «Академическая свобода» и «Практика развития профессионального образования».

Abstract: The article discusses new directions in the educational system of "Academic freedom" and "Practice of professional education development".

Тірек сөздер: академиялық дербестік, кәсіптік білім беру.

Ключевые слова: академическая свобода, профессиональное образование.

Keywords:academic freedom, professional education.

Кіріспе

Ауыл шаруашылығы – ел экономикасының негізгі күші. Аграрлық білім мен ғылымның дамуы арқылы ауыл көркейіп, мемлекет өркендейді. Бүгінгі күні мемлекет агроөндірістік кешеннің дамуы үшін барынша жағдай жасап отыр. Бұл ретте ауыл шаруашылық мамандарына қойылатын талап та заманға сай жаңаруда.

Техникалық және кәсіптік білім беру жүйесі неғұрлым икемді және білім алушылардың ең талап етілетін құзыреттерін қалыптастыруға бағдарланған. Қазақстандық колледждерге академиялық дербестік берілді. Енді олардың өздері жұмыс берушілермен бірлесіп, білім беру бағдарламаларының мазмұны мен оқу мерзімдерін айқындайтын болады. Білім беру бағдарламалары студенттерге қажетті біліктіліктерді алуға және қысқа мерзімде жұмысқа орналасуға, ал қажет болған жағдайда қосымша басқа біліктіліктерді алуға мүмкіндік береді. Бұл шаралар өндірістегі технологиялық өзгерістерге және еңбек нарығының сұраныстарына бейімделуге мүмкіндік береді. Осылайша, колледждер жұмыс берушілердің талаптарына сәйкес келетін мамандарды даярлайтын болады.

Тақырып өзектілігі: Академиялық дербестік аясында білім беру ордасы мен жұмыс берушінің тиімді әріптестігін құра отырып, заман талабына сай аграрлық салада жұмысшы маман иесін даярлау. Білім берудің барлық деңгейінде мазмұнды жаңарту, жұмыс берушілердің талаптарын, қазақстандық экономиканың сұранысын ескеретін халықаралық стандарттарға сәйкес әзірленген жаңа білім беру бағдарламаларын енгізу еліміздің заманауи білім беру моделін құру және дамытудың негізгі факторының бірі болып табылады. Сондықтан кадрларды даярлауда икемділікті қамтамасыз ету үшін колледждерге академиялық дербестік берілді.

Мақсаты: Академиялық дербестік аясында аграрлық салада білім беру ордасы мен жұмыс берушінің тиімді әріптестігін құра отырып, заман талабына сай жұмысшы маман иесін даярлау мақсатында қоғамның қазіргі заман шындығы әлеуметтік және бизнес-серіктестермен тығыз ынтымақтастық құру арқылы ТжКБ мазмұнын жаңғыртуды және оқытуды тереңінен трансформациялау.

Міндеттері:

- ТжКБ беру жүйесі академиялық дербестікке дейін
- Академиялық дербестік аясында аграрлық салада дуалды оқытудың тиімділігі
- Мамандық бойынша аграрлық салада білім беру қажеттіліктері бар білім алушылар үшін серектестіктермен арнайы және жеке оқу бағдарламасын әзірлеу.

Зерттеу жұмысы:ТжКБ беру жүйесі академиялық дербестікке дейін. Қазіргі уақытта дейін бізде не болды?

- колледждерде жұмыс берушілердің талаптарын ескере отырып, бағдарламалардың мазмұнын өзгерту мүмкіндігі болған жоқ.
- бағдарламалар оқу мерзіміне байланысты және МЖМБС (мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты) регламенттелген
- студенттердің жеке траекториялар бойынша оқуға мүмкіндігі жоқ
- қолданыстағы НҚА (нормативті құқықтық акт), (МЖМБС, ТУП) мамандардың кәсіби шеберлігіне қойылатын талаптарды стандарттау арқылы бірыңғай білім беру кеңістігін құруға арналған, бүгінде жеке білім беру траекториясын қалыптастыруға мүмкіндік бермейді, яғни бірегей білім беру бағдарламаларын жасауға кедергі келтірді.

Сондықтан бүгінгі таңда академиялық еркіндік ТжКБ ұйымдарының табысты жұмыс істеуі және олардың бәсекеге қабілеттілігі үшін қажетті шарт болып табылатыны айқын.

Академиялық дербестік аясында аграрлық салада дуалды оқытудың тиімділігі. Қазіргі кезде әлемде оқытудың дуалды жүйесі-техникалық және кәсіптік мамандар даярлаудың ең тиімді жолдарының бірі болып табылады. Нақты өндіріс жағдайларына бейімделген, жұмыс орнында дағды мен білімді тікелей игеруге бағытталған, практикалық сағаттардың оқыту бағдарламасына барынша үйлесіммен біріктірілетін білікті мамандарды дайындау қазіргі кезде білім берудің дуалды жүйесі деген атпен белгілі. Дуалдық форматтағы оқу мерзімі студенттердің еңбек өтілі болып есептелетін болады. Бүгінгі күннің болмысы кәсіби білім жүйесі алдында еңбек нарығында бәсекеге қабілетті білікті мамандар

даярлау, өз мамандықтарын жетік меңгерген, өз мамандығы бойынша тиімді жұмыс жасауға қабілетті, тұрақты кәсіби өсуге дайын, әлеуметтік және оңтайлы кадрларды даярлауды талап етеді. Дуалдық жүйе бойынша оқыту білім алушылардың кәсіби біліктер мен дағдыларды, іскерліктерді тікелей жұмыс орнында меңгеріп, жан-жақты кәсіби дамуына мүмкіндік беріп, түрлі жүйелердің – білім, ғылым, өндірістің – өзара байланысын, өзара әсерін, өзара кірігуін қамтамасыз ету арқылы кәсіптік білім беру жүйесінің сапасын арттыратындығы сөзсіз. Осыған байланысты қойылған басты міндет - мемлекеттік құрылымдардың күшін біріктіру, жұмыс берушілер мен оқу орындарын облыстық кәсіпорындар мен өнеркәсіптерді білікті мамандармен қамтамасыз ету мәселесіне жұмылдыру.Академиялық дербестікті енгізу арқылы ТжКБ жүйесі неғұрлым икемді және білім алушылардың ең талап етілетін құзіреттерін қалыптастыруға бағдарланған. Академиялық дербестіктің ерекшелігі, енді оқу орны өздері жұмыс берушілер мен бірлесіп, білім беру бағдарламаларының мазмұны мен оқу мерзімдерін айқындайды.

Мамандық бойынша аграрлық салада білім беру қажеттіліктері бар білім алушылар үшін серектестіктермен арнайы және жеке оқу бағдарламасын әзірлеу.

Колледждерге жұмыс берушілермен бірге кәсіби стандарттар негізінде және аймақтық ерекшелікті ескере отыра, білім беру бағдарламаларының мазмұнын, оқыту мерзімі мен траекториясын анықтау мүмкіндігінің берілуін болжайды. Академиялық дербестікке көшуге дайындалу аясында тиісті жұмыстарды атқарудамыз. Ең алымен жаңаша білім беру аясында маман даярлаудағы тиімді бағыттардың бірі – дуалды оқытуды қолдану ұсынылады. Жаңа бағдарламаларды енгізу барысында әлеуметтік серіктестермен тығыз байланыстағы ынтымақтастық орнатылған. Екіншіден, аграрлық салалардағы мамандықтар бойынша жұмыс оқу жоспарлары қайта қаралып, оқу кестесіне түзетулер енгізілді. Нақты оқыту мерзімдерінің күші жойылып, студенттерге болашақ кәсіби қызмет үшін таңдалатын курстарға байланысты оқыту курсын, мерзімін өздігінен таңдау құқығы берілмек. Техникалық және кәсіптік білім беру жүйесіндегі білім беру жұмыстарының талапқа сай жетілдірілуі, академиялық дербестікті пайдалана отыра, жаңа білім беру бағдарламаларының енгізілуі, кәсіптік-техникалық білімнің бәсекеге сай дамуы студенттердің болашақ кәсіби құзыретті маман ретінде қалыптасуына орасан ықпал ететіні сөзсіз. Бұл сонымен қатар мұғалімдерге оқу материалын өз қалауы бойынша ұсынуға, ғылыми зерттеулерге арналған тақырыптар мен әдістерді таңдауға, ал студент үшін оның бейімділігі мен қажеттіліктеріне сәйкес білім алуға мүмкіндік береді. Бұл колледж түлектеріне жұмыс тәжірибесімен жұмысқа орналасуға мүмкіндік береді. Сонымен қатар колледждер студенттердің жасаған өнімдерін білім беру ұйымдарының шеберханаларында сата алады.Типтік жүйеде модернизация не береді?

- бағдарламалар 100% жаңартылады
- еңбек нарығының қажеттіліктеріне икемді әрекет ету мүмкіндігі және соның салдарынан еңбек нарығына жылдам шығу
- оқытудың жеке траекторияларын белгілеу
- модульдік-құзыреттілік тәсілден кредиттік-модульдік тәсілге көшу, яғни оқыту нәтижесін бастапқы анықтау.

Зерттеу: Оқу жұмыс бағдарламасын «Алматы облыстық карантиндік зертханасы, Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Агроөнеркәсіптік кешендегі мемлекеттік инспекция комитетінің "Республикалық өсімдіктер карантині орталығы" мемлекеттік мекемесінің филиалымен бірге жоспарлап, құру. Мысалға модуль 9 алсақ, зиянкестермен биологиялық күрес шараларын дамытып, білім алушығы биоганттерді көбейту және оларды ашық және жабық грунттарда қолдану шараларын үйрету. Қазіргі заман талабына сай биоагенттерді ауыл шаруашылық саласында кеңінен қолдануға мүмкіндік беру. Негізгі міндет — агрофитоценоздарға пестицидтік жүктемені төмендету мақсатында өсімдіктерді зиянды организмдерден біріктірілген қорғаудың жүйесін әзірлеу және Қазақстан Республикасы аумағының Ұлттық қауіпсіздігі (азық-түлік, экологиялық, биологиялық) үшін өсімдіктер карантинін ғылыми қамтамасыз ету.

КМ 9. Зиянды, аса қауіпті зиянды организмдер мен карантиндік объектілерге қарсы күрес жұмысын ұйымдастыру	ОН 9.1. Зиянды организмдермен күресуде ұйымдастыру-шаруашылық шараларын әзірлеу.
	ОН 9.2. Тұрақты өнімділікке қол жеткізу жөніндегі жұмыстарды болжау және жоспарлау.
	ОН 9.3. Ауыл шаруашылық дақылдарын зиянды организмдерден қорғауда интеграцияланған кешенді күрес шаралар жүйесін жүргізу.

Зиянды организмдермен күресуде ұйымдастыру-шаруашылық шараларын әзірлеу. Менің жұмысымда биологиялық күресу шараларын алып отырмын.

Биологиялық күресу шаралары. Табиғатта организмдердің әр түрлі түрлердің арасындағы антагонистік арақатынастардың болуында негізделген. Әдістің тәжірибесінде олардың тіршілік әрекетінің өнімдері, микроорганизмдер, сонымен бірге энтомофагтарді қолданылады. Биоәдіске энтомофагтардың тіршілігіне қолайлы жағдай жасау жатады. Биометод зиян келтірушілер және аурулардан сатының интеграцияланған қорғауының жүйесіндегі маңызды орында орналасады. Энтомофагтар (жыртқыш аңдар және арамтамақтар) және патогендік микроорганизмдер зиянкестерлердің санын шектейтін табиғи факторларға жатады. Химиялық әдістерге қарағанда биологиялық әдістің пайдалылығы көп. Оларды қолданған кезде қоршаған орта пестицидтермен ластанбайды. Биологиялық әдістің адамға, өсімдікке, орман биоценозына кері әсер етпейді. Олар ақырын әсер етсе де, көпке дейін зиянды жәндіктердің санын үзақ уақыт көбейтпей тұрады.

Мысалға алатын болсақ,

ЖЫЛЫЖАЙЛАРҒА АРНАЛҒАН БИОАГЕНТТЕР

1. Жабық және ашық жерге арналған пайдалы энтомофагтар
2. Пайдалы энтомофагтар - зиянды түрлердің табиғи жауы болып табылатын арнайы өсірілген паразиттер немесе жыртқыштар. Биоагенттерді сауатты пайдалана отырып, бақыланатын ортадағы – жылыжайларда, гидропоникалық фермаларда химиялық заттарды қолданбай мәдени өсімдіктердің зиянкестерінің санын толық бақылауға болады.
3. Биоагенттерді қолдану жәндіктер зиянкестерімен күресудің ең экологиялық әдісі болып табылады. Биоагенттер өздерінің құрбандарын өздері табады, оларды тамақтандырады немесе ұрпақтарының личинкаларын салады. Осылайша, табиғи цикл зиянкестер популяциясы толығымен жойылғанға дейін бірнеше рет қайталанады.
4. Биоагенттердің химиялық қорғаныспен салыстырғанда артықшылықтары:
   - үлкен энергия шығындарын қажет етпейді;
   - қоршаған ортаға химиялық әсерді төмендетуге ықпал етеді;
   - ауыл шаруашылығы өнімдері мен қоршаған ортаның ластануына әкелмейді;
   - экологиялық тепе-теңдікті бұзбайды;
   - ұзақ әсер етеді;
   - адам үшін зиянсыз, жылыжайда еңбек жағдайларын жақсартады;
   - саны көп болған кезде энтомофагтар мен энтомопатогендер зиянкестердің санын өздері өсіретін өсімдіктерге айтарлықтай зиян келтірмейтін деңгейге дейін азайтуға қабілетті.

Зерттеу нәтижесі: Академиялық дербестік аясында кәсіптік білімді толық меңгеріп, ауылшаруашылығына өз үлесін қосып, елімізді сапалы-азық түлікпен қамтамасыз ететін, сұранысқа ие маман иесін даярлау біздің міндет.

Сондай-ақ, колледждер бұрыннан көтерген тағы бір маңызды мәселе: өз өндірісінің тауарларын сату және ақылы негізде қызмет көрсету шешімін алды. Мысалы, колледж өндірістік оқыту мен практика кезінде студенттер жылыжайда өсірген өнімдерін сата алады, сонымен қатар аграрлық салада зиянкестермен биологиялық күресу шараларын жүргізу

арқылы өз қызметтерін жүзеге асыра алады. Бұл кадрларды даярлау сапасын арттыру үшін жақсы ынталандыру болады.

Жалпы, қорытындылай келе, академиялық дербестік аясында бұл шаралар өндірістегі технологиялық өзгерістерге және еңбек нарығының сұраныстарына бейімделуге мүмкіндік беретінін және ТжКБ жүйесі жұмыс берушілердің талаптарына сәйкес келетін мамандарды дайындайтынын атап өткім келеді. Бұл сонымен қатар мұғалімдерге оқу материалын өз қалауы бойынша ұсынуға, ғылыми зерттеулерге арналған тақырыптар мен әдістерді таңдауға, ал студент үшін оның бейімділігі мен қажеттіліктеріне сәйкес білім алуға мүмкіндік береді. Берілген академиялық бостандықтар білім беру мекемелері басшылығының шындықты еркін іздеуге оңтайлы жағдай жасау жауапкершілігін тудырады. Бұл тетік барлық білім беру ұйымдарының білім беру процесіне мемлекеттің араласуынан академиялық еркіндік пен дербестік алуға мүмкіндік береді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1.Алматы облысы ауылшаруашылық басқармасы [https://www.gov.kz/memleket/entities/zhetysu-auyl?lang=kk]

2.Оқытудың кредиттік технологиясы бойынша оқу процесін ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы заң (Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2011 жылғы 20 сәуірдегі № 152 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2011 жылы 27 мамырда № 6976 тіркелді).

3.©КЕАҚ"Talap"Коммерциялық емес акционерлік қоғамы 2021 [https://kasipkor.kz/?page_id=407&lang=kz]

4. Академиялық дербестік [https://bilimdinews.kz/?p=155225]

5. Казахкский научно-исследовательский институт «Защиты и карантина растений» им.Ж.Жиембаева [https://www.niizkr.kz/produkty/bioagenty/]

«ДРОНЫВЕРТОЛЁТНОГОТИПА DJI TELLO FEEL THE FUN»

Каримова Эльнура Абдурахманқызы

«Кентауский многопрофильный колледж»



Тема: Дроны вертолётного типа DJI Tello Feel The Fun.

Актуальность :Не каждая семья может позволить себе приобрести квадрокоптер, поскольку самая скромная цена его 754 500 тг. Так почему бы не научить желающих работать с ним при помощи мобильного приложения?

Я решил начать с простого: изучить микродрон DJI Tello Feel The Fun, узнать, есть ли разница между дронами и коптерами, легко ли управлять этими БПЛА.

Гипотеза:управление дроном – это увлекательно и возможно для каждого желающего.

Предмет исследования: Дроны вертолётного типа.
Объект исследования: Робототехника.
Цель исследования:Изучить и освоить квадрокоптер DJITelloFeelTheFun, применить его на практике.
Для этого мне нужно решить задачи:

1. Собрать, изучить, систематизировать информацию о дронах вертолётного типа.
2. Изучить типы вертолётных дронов и принципы их работы.
3. Сравнить способы взаимодействия и управления дроном DJI Tello Feel The Fun.
4. Выяснить правила техники безопасности при использовании квадрокоптеров.
5. Научить управлять дроном .

История создания беспилотных летательных аппаратов вертолётного типа

Первые дистанционно управляемые роботы появились очень давно. Начать, хотя бы, с изобретения Никола Теслы: 1889 год, первое в истории человечества миниатюрное радиоуправляемое судно. Обладают разной степенью автономности: от дистанционно управляемых до полностью автоматических. Квадрокоптер — это тот же дрон, который приводится в движение четырьмя винтами..Чем больше моторов, тем стабильнее ведет себя дрон в воздухе, и легче противостоит ветру. Самыми распространенными являются квадрокоптеры.

1. Микродроны. Такие БПЛА весят меньше 10 кг, максимальное время нахождения в воздухе – 60 минут. Высота полета – 1 километр.
2. Минидроны. Вес этих аппаратов достигает 50 кг, время пребывания в воздухе достигает 5 часов. Высота полета варьируется от 3 до 5 километров.
3. Мидидроны. Беспилотные летательные аппараты весом до 1 тонны, рассчитаны на 15 часов полета. Такие БПЛА поднимаются на высоту до 10 километров.

Принцип работы дронов

Квадрокоптер представляет собой платформу с четырьмя моторами. Центральная часть квадрокоптера служит для размещения контроллера, батареи и полезной нагрузки.

Существует три варианта работы пропеллеров:

- ускорить все винты — подъём;
- ускорить винты с одной стороны и замедлить с другой — движение в сторону;
- ускорить винты, вращающиеся по часовой стрелке, и замедлить вращающиеся против часовой стрелки — поворот.

Функции полетного контроллера

Полетный контроллер выполняет следующие функции:

1. собирает информацию с датчиков (установленных на нем или внешних: компас, гироскопы, GPS и тому подобных);
2. устанавливает, рассчитывает свое положение в пространстве согласно датчикам;
3. собирает информацию о внешних управляющих воздействиях;

Характеристики

Почти невесомая конструкция не имеет никаких подвижных частей, если не считать двигатели с винтами. Четырехлучевая рама из прочного пластика составляет одно целое с корпусом дрона, в котором прячется электронная начинка, включая камеру.

Камера, встроенная в переднюю часть корпуса, чуть наклонена вниз. Таким образом, съемка всегда ведется под небольшим углом. Рядом с камерой расположен многоцветный сигнализирующий о текущем состоянии дрона: зарядке батареи, рабочем режиме.

Задняя часть корпуса является незакрытым слотом для аккумулятора. Батарея просто вщелкивается в этот слот, и ничем, кроме внутреннего фиксатора, не удерживается.

На левом боку дрона находится разъем Micro-USB, необходимый для подзарядки аккумуляторной батареи. Противоположная сторона корпуса содержит единственную кнопку включения/выключения аппарата, срабатывающую от короткого нажатия.

Энергию моторам и электронике дрона дает съемный аккумулятор емкостью 1100 mAh.Полностью заряженная батарея обеспечивает 13 минут полета.

Tello уже признан интересной и перспективной моделью с высоким потенциалом развития.

Технические особенности квадрокоптера для обучения и развлечений:

- Микропроцессор Intel Movidius Myriad 2;
- Автоматическая посадка и взлет;
- Пять режимов полета;
- Запись видео (в том числе круговое панорамирование);
- Страховка от потери связи;
- Тринадцать минут непрерывного полета;
- Съемка видео в формате HD (фото 5 Мп);
- Управления с помощью устройств на базе Android и iOS;
- Размеры дрона (в миллиметрах) 98 × 93 × 41

Способы управления дроном DJITelloFeelTheFun

Управление дроном может осуществляться через смартфон, планшет или пульт. Сейчас есть возможность видеть, куда летит дрон. через специальный шлем или очки с видеоэкраном. Это называется – технология FPV, означает First Person Vision – изображение от первого лица.

Управление с помощью мобильного приложения Tello из App Store

Приложение Tello предназначено для управления миниатюрным дроном Ryze Tello и его камерой. Приложение позволит не только безопасно пилотировать летательный аппарат, но и использовать его интеллектуальные функции, а также широкие возможности камеры: съемки коротких роликов и фотоснимки в высоком разрешении.

Скачайте приложение TelloApp.

1. Нажмите на кнопку питания сбоку, чтобы включить аппарат.
2. Зайдите в приложение и нажмите на кнопку
3. В настройках Wi-fi выберите сеть Tello-XXXXXX

Мобильное приложение Teeeello

В приложении можно контролировать полет DJI Tello с помощью смартфона. В отличие от обычного режима управления джойстиками (когда ваше движение ограничено полетом влево, вправо, вверх вниз), данное приложение дает вам ощущение управление настоящим воздушным «судном».

Это приложение позволяет делать фото, но не видеосъемку. Режим FPV так же не поддерживается.

В приложении встроен режим автоматической съемки панорамы. Для этого нужно нажать кнопку «Auto» и выбрать «Automatic Panorama Photo» — Дрон начнет вращение вокруг своей оси, делая фотографии. После окончания съемки программа сгенерирует панораму автоматически, либо (если выбран режим сохранения фото без генерации панорамы) возможно сшить панораму самостоятельно, используя сторонние приложения.

Требования к месту полетов:

1. НЕ используйте коптер в неблагоприятных погодных условиях.
2. Летайте только в местах, где вы можете держать коптер по крайней мере в 10 метрах от препятствий.
3. НЕ летайте на коптере по маршруту, который имеет резкое изменение уровня земли (например, изнутри здания наружу), в противном случае функция позиционирования может быть нарушена, что влияет на безопасность полета.
4. Эксплуатация коптера и аккумулятора зависит от факторов окружающей среды

5. НЕ используйте коптер вблизи ЧП.

Во избежание помех между вашим интеллектуальным устройством и другим беспроводным оборудованием, *выключите другое беспроводное* оборудование во время полета на коптере

ЗАКЛЮЧЕНИЕ

Работа была для меня интересной и познавательной.В своей работе я ставил целью изучить и освоить квадрокоптер DJITelloFeelTheFun, применить его на практике.Цель и задачи, которые были поставлены в начале, были достигнуты.Предположение, высказанное в начале моей работы о том, что управление дроном – это увлекательное занятие и этому может научиться любой желающий было доказано. Управлять летающей машиной несложно. Но учиться все-таки придется, поскольку квадрокоптер несколько отличается от обычных «игрушек» на радиоуправлении.

Ценность данного исследования заключается в том, что технология доступна для любого пользователя.

В ходе работы над проектом я изучил:

-историю развития и совершенствования БПЛА много роторного типа;
-основы и правила техники безопасности при эксплуатации БПЛА;
-типы вертолётных дронов и принципы их работы;
-устройство дрона Tello и его основные компоненты;
-компьютерные программы для настройки полетных контроллеров квадрокоптеров;
-способы настройки и подготовки дрона Tello к полетам.

Список использованных источников

1. Википедия – свободная энциклопедия [Электронный ресурс] URL: https://ru.wikipedia.org/wiki/%D0%9C%D1%83%D0%BB%D1%8C%D1%82%D0%B8%D0%BA%D0%BE%D0%BF%D1%82%D0%B5%D1%80
2. ДроноМания. Онлайн журнал о дронах [Электронный ресурс]URL: https://dronomania.ru/faq/istoriya-razvitiya-dronov.html
3. Хабр. Сообщество IT специалистов[Электронный ресурс] URL: https://habr.com/

FEATURES AND METHODS OF TEACHING PROFESSIONAL ENGLISH IN A MODERN DIRECTION.

Seidilda Gulerke Ospankyzy
Turkistan Region, Kentau city, Kentau Multidisciplinary College

The main goal of trilingual education is the development and formation of a cultured personality with knowledge of several languages, capable of social and professional identification. The main goal of schools in the implementation of trilingual education is the formation of a well – educated, competitive, cultured person with knowledge of several languages. One of the main problems of the state educational standard: regulative , cognitive, ethical, evaluative orientation of teaching language disciplines. "I'm sorry," he said, " but I don't know what you're talking about, and I don't know what you're talking about."

If we say that trilingualism is the path to the number of competitive countries, the trilingualism is a good start to becoming a competitive nation. The future of the younger generation, who knows the trilingual language, will be bright, and there will be a lot of opportunities and opportunities. Trilingual education is a requirement of the times. Trilingualism is one of the main steps leading to the number of competitive countries. Kazakh, Russian, English – three of them have their own places and functions in the country. The Kazakh language is our native language, a sign of our country, the spirit of our nation, heritage, culture, a chronicle history that unites our fate; Russian is

the language of interethnic communication of our multinational country; English is the key to globalization, opening the Kazakh land to the new world.
In the context of teaching technical disciplines, the most important language in the country is English, the introduction of the integration of English into the teaching process is aimed primarily at the possibilities of strengthening learning, taking into account the student's development in the classroom and his psychological state. For teachers of General Education Colleges, one of the foundations of updating the content of Secondary Education, the active use of the modern CLIL method in trilingual education is very effective. "CLIL method: integrated subject and language learning in the process of teaching special subjects in English".
The use of active methods and techniques in teaching technical special disciplines in English encourages students to make discoveries, conduct various observations, experiments, expanding their vocabulary. Simple demonstrations, experiments guide the student to independent search, develop cognitive and creative flexibility. In addition, the student's consciousness is imbued with the fact that the acquired knowledge needs to be mastered in order to satisfy his need for life. The main thing is that the student's vocabulary in mastering the English language is replenished, speech skills are formed.
If we note the methods used to form a student's vocabulary in mastering the English language with the additional Dictionary of terms: playing the game "From Start to Finish" is of great importance for memorizing terms. During the game, students are divided into groups and can memorize the correct translations of physical terms into Kazakh and English by finding and placing them in the form of a ladder. In the" Find the terminology " game method, English letters are replaced and the student must find the correct spelling.
Using the" Tarsia " (Tarsia) method, students read definitions in English and put terms in the appropriate places. "Matching" (matching) is based on the correct identification of Kazakh-English terms or rules. During the game" True and False", students independently form a question and receive answers from each other, depending on whether the English definition is correct or incorrect. In the" Cards " game method, it is necessary to determine which task is assigned according to the cards dealt, and find the answer to the translation. Individual work «Who you fast?"- used in the homework request in order to recall the terms of the previous topic.
The quality of English Language Teaching Technology is measured by the end result it achieves. As students gain experience, their professional consciousness improves, the spirit of patriotism, consciousness improves, and their individuality develops. Through pedagogical technologies, the following key issues are solved in the study of the English language:
- learning English positively contributes to the student's deeper knowledge of the language, the acquisition of the necessary skills for free expression of their thoughts in English;
- due to the priority of the practical direction of the English language, the student develops an understanding of the importance of applying knowledge in life;
- the student's cognitive abilities and Information Culture are formed;
- students understand the need to solve problems in cooperation
The law of the Republic of Kazakhstan "on education" the main tasks of the transmission system are highlighted. One of them: "informatization of the education system, new teaching methods introduction of technology, access to international communication networks" it is said. In order to solve these tasks, it is necessary to create new results-oriented educationevery teacher, individual, daily Search for the transition to the system a bold path to all discoveries and changes through the new experience, new information technologies, social, personal and have personal competencies. These requirements are daily methodological it is carried out on the basis of a systematic organization of work. Computer in English lessons,multimedia and electronic textbooks and interactive whiteboards when using:
* study and teach vocabulary;
* the rhythm of speech;
* dialogue, monologue and role-playing games;
* teaches writing letters;

* explain grammatical structures, helps students remember.
When using new information tools in English lessonsexpected results:
* helps low-performing students;
* increases your students ' interest in the lesson;
* increases the number of visuals used in the lesson;
* increases students ' creativity;
* teaches students to work individually;
* helps you easily understand grammatical structures;
* develops students ' memory, hearing, vision, speech, thinking;
* increases opportunities for Discussion, Analysis, Analysis;
Speaking about the advantages of group work in English lessons, Today Group work is used to strengthen and optimize the learning process, as well as the tools of interpersonal communication are clearly visible, and at the stage of individual work: communication, high trust, mutual influence, support, effective use of resources by students, mutual assistance are not observed. Group work contributes to the creation of a “language environment” for a foreign language teacher in the classroom, that is, it brings students somewhat closer to speaking a foreign language.
Kuklina S. S. writes about the types of cooperation in her article:
The same-Different structure. The teacher gives students language simulated situations and pronounces sentences. The teacher names the group, and then the students answer together whether the sentence corresponds to the situation or not.
Think-Pair-Square-Share. The teacher gives a situation, gives transformative and reproductive language exercises and pronounces sentences. Students discuss the answer in a group, in fact, they think it first individually, then in pairs, and then in a group. One student says the answer.
The structure of Numbered Heads together. The teacher gives each group member a number. Then the situation is presented and the question is asked by giving exercises to put in place. Team members prepare a general response. The teacher says the group number. The student whose number matches will answer.
Сақина. Әрбір жұмыс бекеті тек басқа екі жұмыс бекетімен ғана байланысқан есептеу желісінің топологиясы. Арнаны қолданушылар бір немесе бірнеше тәуелсіз арна арқылы сақина түрінде біріктіреді. Біріншісі жалпы шинаға ұқсас. Айырмашылығы сақинадан жіберілетін деректерді жойып отыру керектігінде. "Сақина" топология негізінде құрылған желілер әр түрлі кабельді қолдана алады. Мысалы, Token Ring желісі есулі қос өткізгішті қолданады, ал FDDI-желісі "сақина" топологиясын оптикалық талшықты кабель арқылы іске асырады.

Толық байланыс. Әрбір қос түйін өзара жеке арна арқылы қосылған. Қымбат кабельдік жүйе болып есептеледі. Бұл арқылы жоғары өнімділікке, сенімділікке және жылдамдыққа жетуге болады. Телефон желісінде ортақ қолданылатын АТС құрған кезде пайдаланылады.

Ұяшықтық топологиясы *(mesh)* толық байланысқаннан кейбір байланыстарды алып тастау арқылы пайда болады. Бұл желіде тікелей тек деректер алмасу тығыз жүретін компьютерлер ғана байланысады да басқалары үшін аралық байланыс арналары қолданылады.

Бұтақ. Кез келген екі түйіні бар бір-ақ жолмен байланысқан есептеу желісінің топологиясы. Бір түбірден тараған ағаштардың бұтақтарына ұқсайды.

Жұлдызша топология- есептеу желісінің қалған түйіндерінің әрқайсысымен мәлімет тасымалданатын жеке желі арқылы байланысқан орталық түйіні бар сызба-құрылым. Орталық түйінді кейде мультиплексор, көп портты қайталануыш немесе шоғырлануыш деп атайды. "Жұлдыз" тәрізді желіде бір кабель үзілсе, тек бір жұмыс бекеті ғана істен шығып, желі қалған бекеттермен жұмыс істей береді. Кабельдік жүйесінің қымбаттылығымен ерекшеленеді.

"Иілгіш қос сым" түріндегі кабелді қолданатын көптеген желілер "жұлдыз" топологиясы негізінде құрылады. Кейбір жағдайда бірнеше шоғырлануышты қолдана отырып, жұлдыз түріндегі байланыспен өзара иерархиялық түрде біріктірілген желіні құруға болады. Нәтижесінде алынған құрылымды *иерархиялық жұлдыз* немесе *ағаш* деп атайды. Қазіргі уақытта ағаш жергілікті, сонымен қатар ауқымды желілерде кең таралған байланыс топологиясы болып табылады.

Хаттамалар – желінің функционалдық элементтерінің өзара әсерлесуін көрсететін ережелер жиынтығы.

Түрлі-түрлі компьютермен операциялық жүйелер үшін әр түрлі авторлар жазған программалардың өзара сәйкестігі түрде дұрыс жұмыс істеуін осы хаттамалар жүзеге асырады.

Хаттамалар мынадай топтарға жіктеледі:

- **Базалық хаттамалар** (TCP мен IP) Интернет компьютерлері арасында кез келген типтегі электрондық хабарламаларды физикалық түрде тасымалдауға жауап береді. Бұлар бір-бірімен өте тығыз байланыста жұмыс істейтін болғандықтан, оларды көбінесе бірге жазылатын TCP/IP (Transmission Control Protocol/ Internet Protocol – тасымалдауды басқару хаттамасы/ желіаралық хаттама) терминімен белгілейді. Интернет TCP/IP хаттамасымен жұмыс істейді. Интернет құрамына кіретін әр түрлі компьютерлердің бір-бірімен үйлесімді түрде байланысып, өзара мәлімет алмасуы TCP/IP хаттамалары көмегімен жүргізіледі. Бұл хаттама тасымалданатын мәліметтерді қалай пакеттерге бөлу керектігін, оларға қалай құрылатынын, қажетті компьютерге сол пакеттердің жеткенін қалай бақылауға болатынын, мәліметті тасымалдау кезінде қате кетсе, оны қалай

дұрыстайтынын және де басқа шараларды қалай жүргізу қажет екендігін анықтайды. Негізінде, Интернет TCP/IP хаттамасы мен біртұтас IP-адрестер кеңістігін пайдаланатын мыңдаған жеке желілерді бір-бірімен байланыстырып тұрады. Мұндағы желілердің барлығы да тең құқықты, басқару мен қаржы жағынан тәуелсіз болвп саналады;

- **Қолданбалы хаттамалар** жоғарғы деңгейде боп есептеледі, бұлар Интернеттің арнайы қызмет баптарының – **HTTP** (Huper Text Transfer Protocol – гипермәтінді тасымалдау хаттамасы) хаттаманың, FTP және POP 3 тәрізді хаттамаларының, т.б. жұмысын қамтамасыз етеді. FTP компьютерлер арасында екілік және мәтіндік файлдарды тасымалдау мүмкіндігін береді. Ол ең «ежелгі» қолданбалы хаттамаға жатады, өйткені ДК тұтынушыларының ең алғашқы талаптарының бірі – осындай қызықты программалар мен құжаттар алмасу болатын. Осы әрекетті FTP хаттамасы атқарады.

Интерфейстер – желінің функционалдық элементтерін өзара қосатын құралдар. Функционалдық элементтер ретінде жеке құрылғылар немесе программалық модульдер қолданылуы мүмкін. Сондықтан да, программалық және жабдықтық интерфейстерді бөліп қарастырады.

Желілік техникалық құралдар – компьютерлерді ортақ компьютерлік желіге біріктіретін әр түрлі құрылымдар. Мысалы: кабель, желілік интерфейстік тақша, концентратор, коммутатор, бағыттауыш, модем.

Желілік программалық құралдар – компьютерлік желі жұмысын басқарады және онымен қолданушы арасында ыңғайлы ортаны қамтамасыз етеді.

Бақылау сұрақтары:

1. Компьютерлік желі дегеніміз не?
2. Компьютерлік желілердің негізгі қызметі қандай?
3. Ресурстар дегеніміз не?
4. Есептеуіш желілерді географиялық ауқым мөлшеріне байланысты неше типке бөлінеді?
5. Жергілікті желі дегеніміз не?
6. Жергілікті желінің қызметтерін ата.
7. Аймақтық желі дегеніміз не?
8. Аймақтық есептеу желісі жергілікті есептеу желісінен айырмашылығы неде?
9. Ауқымды желі дегеніміз не?
10. Ауқымды желі нәтижесінде құрылады?
11. Ауқымды есептеу желілердің негізгі құрауыштарын ата.
12. Компьютерлік желі немен сипатталады?
13. Топология дегеніміз не?
14. Физикалық сызба-құрылым дегеніміз не?
15. Логикалық сызба –құрылым дегеніміз не?
16. Хаттама, интерфейс ұғымдарына түсінік беріңіз.
17. Желілік техникалық пен программалық құралдарына түсінік беріңіз.

Тақырып 2. Интернет.

Интернет – кез келген компьютерді жер шарында орналасқан басқа жұмыс станциясымен, яғни телефон арнасына қосылған басқа компьютермен жылдам байланыстыратын дүниежүзілік желі.

Internet тарихы XX ғ-ң 60-жылдарынан басталады. 1969 жылы ARPA агенттігі (алдыңғы қатардағы зерттеу проектілерінің агенттігі) ARPANET желісін құрды. Сол жылы мамандар TCP/IP негізін құра бастады және 1983 жылда қабылданды. Осыдан кейін ARPANET қосылған барлық хостардан (компьютерлер) тек осы хаттамалармен жұмыс істеуін талап етті. Осы уақытта Internet термині тарала бастады. 1985 жылда Ұлттық Ғылымдар Қоры кейін Internet-ке қосылған өзінің NSFNet желісін құруға қатысты.

Internet-тің кең өріс алуы TCP/IP хаттамаларына аса қызығушылық тудырды және корпоративті желілерді құруда қолданыла бастады.

Желге қойылатын ең негізгі талап – байланыс арналары елеулі өзгерістерге ұшырағанмен, кез келген жағдайда мәліметтерді бір орыннан екінші орынға сенімді түрде жеткізу қажеттілігі болып саналады.

Интернет-тің негізгі функцияларына электрондық поштаны жіберу және қабылдау, жаңалық, шетел әуендерін тыңдау, ойындар, түрлі ақпаратты алу мүмкіндігі, программалық жабдықталуды алу, ойындар, қарым-қатынасқа түсу мүмкіндігі және т.б. жатады. Сонымен қатар, қазіргі кезде Интернет қашықтан оқыту жүйелері және алыстан емдеу, диагностика сияқты дамушы дыбыстық және бейне қосымшаларын қолдайды.

Клиент-сервер. Компьютерлік желілердегі есептеу жұмыстарын ұйымдастыру тәсілі, мұнда қолданбалы программалар екіге бөлінеді: желі арқылы серверге сұраныс беріп отыратын клиент-программалар және осы сұраныстарды орындап, клиенттерге жауап беретін сервер-программалар. Жұмысты осындай түрде ұйымдастырғанда бір қуатты компьютер сервер-программаларға бөлінеді де, ол бірнеше клиент-компьютерлерді басқарып отырады.

Кез-келген компьютерді қай топқа жатқызу керек екендігі оның қуаттылығына емес, Интернетте атқаратын қызметіне қарай шешіледі. Желі арқылы алынатын мәліметтердің басым бөлігі серверлерде орналасады. Сондықтан серверлердің негізгі жұмысы басқа компьютерлердің, яғни клиенттердің сұраған ақпараттары мен қызмет баптарын қамтамасыз ету болып табылады.

Сервердегі ақпараттарға тұтынушылардың кез-келген сәтте үздіксіз қол жеткізуі үшін және әрбір клиенттің атынан шығу үшін сервер ретінде Интернетке тұрақты түрде қосылып тұратын, әрі өте жылдам істейтін қуатты компьютерлер қолданылуы тиіс. Ал клиент ретінде кез-келген, тіпті мүмкіндігі шамалы компьютерлер де жұмыс істей алады, оларға Интернетке тұрақты қосылып тұру міндет емес, тек керекті мәлімет аларда ғана байланысу жеткілікті болып саналады.

Серверлердің бірнеше түрлері бар, мысалы клиенттердің бір-бірімен электрондық мәліметтермен алмасуына мүмкіндік беретін пошта серверлері, жаңалық алу топтарымен байланыстыратын жаңалық серверлері, ал веб-серверлер клиент-компьютерлерге Интернеттен жиі сұралатын мәліметтер бөлігін – World Wide Web (бүкіләлемдік өрмек) сайттарындағы ақпараттарды беру ісін атқарып отырады.

Прокси-сервер. Компьютердің Интернетпен байланысы әрқашан тікелей жүргізілмейді. Жиі компьютер мен Интернеттің арасында компьютерден келетін сұраныстарды қабылдап, оларды өз атынан жіберетін инстанция болады. Мұндай құрал **прокси-сервер** деп аталады. Прокси-сервер – бұл жергілікті желінің ішінде және одан тыс орналасқан компьютерлер арасында мәліметтерді жіберуді басқару үшін арналған программалық немесе программалық-аппараттық кешен. Бұл құралдың атауы ағылшын сөзінің proxy «ұсынушы» немесе «орынбасар» деген сөзінен шыққан. Прокси-сервер қолданушының атынан сұраныстар жасап және қайтарылған жауаптарды оған жеткізіп, осы қолданушыны Интернетте ұсынады. Прокси-сервер арқылы жасалатын жұмыстың ерекшелігі – осы сұраныстардың және жауаптардың құрылымын өзгертіп өңдей алады.

Прокси-серверлердің негізгі функциялары:

- жүктелудің жылдамдығын жоғарылату үшін мәліметтерді кэштеу;
- желідегі қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін мәліметтерді сүзгілеу;
- интернеттегі жұмысты анонимдеу.

Интернеттің негізгі қызметтері. Интернетте көптеген қызмет түрлері бар. Олардың ішіндегі ақпаратты таратуға арналғандары: WWW, FTP, Telnet, т.б.; электрондық мәлімет алмасу үшін: E-mail, Usenet, ICQ, IRC, IP-**телефония** және басқалары.

Интернеттің әр қызмет бабы мәлімет таратудың немесе алмасудың әр түрлі функцияларын атқарады, оның үстіне олардың кейбірі ескіріп жойылса, кейбірі жаңадан туындап келеді. Осылардың қазіргі жерлерінде жұмыс істейтін негізгілерінің қысқаша сипаттамаларын қарастырып өтейік.

FTP. Қысқаша орналасқан машинаның каталогтармен және файлдармен жұмыс істейтін хаттама (File Transfer Protocol – файлдарды тасымалдау хаттамасы) мен программалар осылай аталады. FTP құралдары сервер каталогтары мен файлдарын көріп, олардың бірінен біріне ауысып, керектерін көшіріп алуға, жаңартуға мүмкіндік береді.

Telnet. Бұл термин арқылы клиенттің алыстағы сервер-компьютерлермен қатысуын қамтамасыз ететін хаттамамен программа белгіленеді. Байланыс орнатылғаннан кейін тұтынушы қашықтығы компьютерлердің операциялық жүйесіне кіріп, сондағы орнатылған программалармен өз программалары тәрізді жұмыс істей алады.

Электрондық пошта – компьютер желісі бойынша пайдаланушыдан пайдаланушыға хабарларды жөнелтуді, сондай-ақ хабарларды оқу мен сақтауды жасақтайтын қызметті программалар жүйесі. Ол кәдімгі поштаға ұқсас. Электрондық пошта өзінің негізгі міндеті поштаны жөнелту мен қабылдаудан басқа пайдаланушыға мынадай мүмкіндіктерді ұсынады:

- хабарды жүйелендірілген түрде алу және сақтау;
- барлық поштаны басқа компьютерге жөнелту;
- бір хабардың көшірмесін тізім көмегімен бірнеше тұлғаға жіберу.

Электрондық поштаның адресі мына түрде болады: **тұтынушы_аты@домен_аты, (мысалы, intkaz@ok.kz) "@"** символы – тұтынушы аты мен домен атын айырып тұратын белгі. Орыс тілінде мұны көбінесе күшік (собачка) деп атайды, ал ағылшынша – «at» дейді, біздің мысалымызда **"ok.kz"** доменде **"intkaz"** тұтынушы аты.

Домен – компьютерлік желідегі логикалық түрде біріктірілген серверлер мен қорлар тобы.

Электрондық пошта қызметі «клиент-сервер» принципі бойынша жұмыс істейді. Тұтынушы компьютерде оның электрондық пошталық жәшігі тіркелген пошталық сервермен үнемі байланыс жасап отыратын клиенттің пошталық программасы (мысалы Outlook Expres) орнатылған.

Пошталық программалардың түрлеріне мыналар жатады: Microsoft Outlook Express, Netscape Messenger, Eudora, The Bat.

E-mail. Бұл электрондық поштаның ағылшынша атауы, ол-желі қызметтерінің ішіндегі электрондық мәлімет ауысуының ең негізгісі. Электрондық пошта көмегімен барлық құрылықтарда тұратын адамдар бір-біріне электрондық хаттар мен файлдар жібере алады.

Usenet жүйесінің бірнеше анықтамалары бар, олар – тармақталған дискуссия клубы, телеконференция, жаңалықтар тобы. Мұның электрондық поштадан айырмашылығы – мәліметті бір адамға ғана емес, бірнеше абоненттер тобына (телеконференциялар) жолдаймыз. Әртүрлі мәселелерді талқылау кезінде конференцияға қатысушылар тең құқықты болып саналады.

ISQ (I seek you – мен сені іздеймін) – желі тұтынушыларына нақты уақыт кезеңінде (масштабында) хат-хабарлармен алмасып, бірден чат (chat-әңгіме) құрып, файл жіберіп, әңгімелесуне мүмкіндік беретін қызмет түрі.

IRC (Internet Relay Chat) – нақты уақыт кезінде телеконференция өткізудің бір түрі, тұтынушылардың бір-бірімен әңгіме-дүкен құруға болатын қызметі. IRC-серверлері мен, IRC-клиенттері көмегімен тұтынушылар бір-бірімен «виртуальді» әңгіме өткізуді пернетақта сөздерді теру арқылы жүргізіледі.

IP – телефония. Интернетте телефондағы дауыс арқылы мәлімет алмасуды өте тиімді деп айтуға болмаса, бұл тек TCP/IP хаттамалары негізінде электрондық мәлімет алмасудың жеке бір түрі ғана. Адамның дауысы цифрлы файлға (аудиофайлдар жасау сияқты) түрлендіреді де, желідегі қарапайым мәліметтер пакеттері тәрізді түрде тасымалданады.

WWW (World Wide Web – дүниежүзілік өрмек) – Интернеттегі гипермәтіндік ақпарат іздеу жүйесі, оны Web деп те айта береді. Мәліметтер блоктары (Web-парақтар) мемлекеттердің немесе жеке тұлғалардың меншігіндегі WWW –сервер немесе Web – сервер деп аталатын жеке компьютерлерге сақталады. Web-құжаттарға енгізілген **гипермәтіндік сілтемелер** арқылы тұтынушы адам олардың бірінен біріне ауыса береді.

WWW мен оның программалық жабдықтары – желінің ең қуатты, әрі болашағы бар құралдары. WWW негізінде гипермәтіндік мәліметтерді тасымалдау хаттамасы – **HTTP** (Huper Text Transfer Protocol) арқылы жұмыс істейді, ал оның ішкі ақпараттары құжаттарды белгілеудің гипермәтіндік **HTML** (Huper Text Marcup Language) тілі көмегімен құрастырылады.

HTML тілін толық келесі лекцияларда қарастырамыз.

Бақылау сұрақтары:

1. Интернет дегеніміз не?
2. ARPANET желісі нешінші жылы құрылды?
3. Желге қойылатын негізгі талап қандай?
4. Интернет-тің негізгі функцияларын ата.
5. Клиент-сервер не үшін керек?
6. Прокси-сервер дегеніміз не? Негізгі функциялары қандай?
7. Интернеттің негізгі қызметтері ата және оларға сипаттама бер.
8. Электрондық пошта дегеніміз не? Ол қандай мүмкіндіктерді береді және адресі қандай түрде беріледі?

Тақырып 3. Web-технологияға кіріспе.

Негізгі түсініктер

Сайт - Web-те жарияланған ақпараттық жоба. Сайтқа кіретін Web-ресурстар – бұл әр түрлі мазмұнды және әр түрлі форматтағы файлдар: HTML-құжаттар, қарапайым және форматталған мәтіндер, графика, аудио, видео, кесте және т.б. Сайт бір немесе бірнеше беттен тұруы мүмкін.

Үй беті дегеніміз — сұратуында Web атын көрсетіп, бірақ нақты беттің атын бермеген пайдаланушының сұратуы бойынша сервермен берілетін Web-бет. Web үй беті бар файлға index.htm немесе default.htm стандартты ат меншіктеледі. Үй беті - бұл Web-тің айнасы, сондықтан оны жобалауға және безендіруге ерекше мән беріледі, өйткені оның негізгі қызметі - пайдаланушыға Web-тің басқа беттері мен құжаттарына өтудің ыңғайлы әдістерін ұсынады.

Алғашқы бет –WWW-сервермен байланыс жасағанда – онда орналасқан кез келген мәліметтердің ең алғашқы, яғни бірінші беті тізімінен тұрады.

Web құжаттардың кәдімгі электрондық құжаттардан негізгі айырмашылығы - гиперсілтемелері болуында. **Гипермәтін** - дегеніміз тышқан батырмасымен шерткенде қолданушы браузерінде Web-беттің келесі бір торабын ашатын ерекшеленген мәтін немесе графикалық объект.

Гипермәтіндік сілтемелер Web құжатын қарап отырғанда, оның басқа бөлігіне немесе басқа Web құжатына өтуге, немесе Интернет қызметтерінің біріне шығуға мүмкіндік береді. Әдетте, гиперсілтемеге сәйкес Web құжаты мәтіннің бөлігі көк түспен ерекшеленеді немесе асты сызылады. Гиперсілтемеге ауысқанда тышқан курсоры ашылған алақан пішінін қабылдайды. Егер мұндай нұсқағышпен гиперсілтемені шертсе, онда гиперсілтемеде көрсетілген адрес бойынша өтуі іске асырылады. Гиперсілтемеден бетке қайтқанда көк түс шие-қызылға ауысады. Түс ауысуы пайдаланушыға «пайдаланылған» гиперсілтемелерді қадағалап отыруға мүмкіндік береді.

Бөлімдерге сәйкес келетін реттелген құжаттары және ресурс беттерінің арасындағы алдын-ала жобаланған гипербайланыстары бар тақырыптық бөлімдердің мұндай жиыны сайттың **логикалық құрылымы** деп аталады. Ал **физикалық құрылым** дегеніміз – физикалық файлдардың сіздің сайтыңыз жарияланған буманың директориялары бойынша орналасу алгоритмі.

Үй бетіндегі немесе web-сайтындағы барлық гиперсілтемелер дұрыс істеу үшін, барлық құжаттар дұрыс ашылу үшін және браузер ресурстың кейбір бөлімдерін ашқанда қателеспеуі үшін оның физикалық құрылымын құрғанда мына ережелерді сақтау қажет.

1. Директориялар, HTML-құжаттардың аттарын және кеңейтілуін, графикалық файлдардың аттарын латын алфавитінің кішкентай әріптерімен белгілеу қажет. Сонымен қатар, құрған файлдар мен директориялардың аттарының ұзындығы 8 символдан аспауы керек.
2. HTML-құжаттардың аттарын меншіктегенде, олардың аттары құжаттың мазмұнына сәйкес болу керек.

Браузер -гипермәтіндік байланысу мүмкіндігі бар файлдармен жұмыс істеуге арналған программа. Ол әркімнің таңдауы бойынша кәдімгі мәтіннің, статикалық бейненің немесе графиктердің экранда бейнеленуін және олармен байланысқан басқа файлдарды іздестіруді қамтамасыз етеді.

Браузерлердің негізгі атқаратын қызметтері:

- Құжат сақталған Web-сервермен байланыс орнату, жинақталған құжаттың барлық бөліктерін жүктеу.
- HTML тілдердің тегтерін команда ретінде орындау (интерплитациялау), Web-парақтарды браузер жұмыс істейтін компьютердің мүмкіндіктеріне сәйкес бейнелеу және форматтау.

- Web-парақтарының құрамына кіретін мультимедиялық және басқа объектілерді бейнелеуге арналған, сондай-ақ программаны объектілердің жаңа типтеріне лайықтауға мүмкіндік беретін кеңейту механизмінің жабдықтарын көрсету.
- Басқа интернет қызметтерімен жұмыс істеуге арналған ішкі және жеке (автономды) құралдармен қатынас құруды ұйымдастыру.

Кең таралған қарап шығушыларға Web - браузер, Internet Explorer және т.б. жатады.

Сайттың тіршілік ету мерзімі мен оны көрермендердің қарау жиілігін өзгерту бірсыпыра себептерге байланысты болады, олардың негізгілері мыналар:

- Сайтты тұрақты толықтыру мен сүйемелдеу;
- сайт тақырыбымен айналысатын адамдар саны;
- мақсатты аудитория көлемі;
- бәсекелес сайттар саны.

Сайттың дизайны

Кез-келген сайттың қызықты болуын анықтайтын ең маңызды көрсеткіші (факторы) – оның дизайны. Сайттың дизайны - ол сайттың сыртқы түрі. Жобаны жасаған кезде бір дизайнерлік стильді ұстау керек. Ең алдымен Web-сайтты құрған кезде жасайтын әрекеттер тізбегі мынадан тұрады:

- мақсаттың қойылымы және негізгі міндеттерді анықтау;
- келешек тақырыптық бөлімдер тізімін құру;
- қордың логикалық және физикалық құрлымын өндеу;
- дизайн эскизін, сайтты құрастыру, көрінбейтін версталды кестені дайындау;
- мәтіндік материалдарды дайындау;
- векторлық түрде графиктік материалды дайындау;
- векторлық суреттерді растрлық форматқа экспорттау, суреттерді оптимизациялау;
- web-беттің шаблонын құру;
- web-бетті жинау және кодты тексеру;
- әртүрлі броузерлерде әр түрлі экрандық кеңейтілуімен және түстік палитрасымен web-беттің бейнелеу сәйкестігін тексеру.

Web-беттерді құрған кезінде гиперсілтемелер қолайлы навигацияны құруға мүмкіндік береді, яғни сайт беттері бойынша ауысып- жылжу амалы болып табылады. Егер керек бөлімге тез кіріп және сол бөлімнен тез шығуға болса, онда оны **қолайлы навигация** деп есептеуге болады. Көп мемлекеттерді сайттың жарамдығын анықтайтын "веб-юзэбилити" деген мамандар бар. "Веб-юзэбилити" деген түсінік сайтты қолдану үшін жарамды дегенді білдіреді. Көбінесе оқырмандар сайттарды оқымай, тек ғана көзбен шолып шығады, сондықтан сайт құрушыларға қажетті ақпарат байқалмай қалмайтындай етіп құруға өте маңызды. Әрбір кітапта өзінің мазмұны бар. Веб сайттағы мұндай мазмұнды мәзір деп атайды. Бұл мәзірді ашуға және жабуға болады. Ашсақ әрбір пунктінде өзінің мәзірі бар (екінші деңгейлі) және т.с.с. Сайтта көбінесе мәзір көз алдымызда тұрады. Ол экран бетінен кетпеу үшін оны бір жақ бөлікке орналастырады. Браузер терезесінің жұмыс өрістерін функционалды аймақтарға бөлу үшін осындай құрылымды құру амалымен пайдалану керек. Мұндай құрылымды **фреймдік немесе кадрлық** деп атаймыз.

Сонымен, жақсы Web – бетті жасау үшін мыналарды ескерген жөн:

1. Web – беттегі мәліметтердің орналасуы қарапайым әрі логикалық түрде қарап шығуға, оқуға ыңғайлы болуы тиіс. Бетте мәлімет көп болса, ол оқырманды жалықтырып жібереді.
2. Экрандағы ақпараттарды тізім немесе кесте түрінде жасауға тырысу керек, онда маңызды мәліметтерді оңай тауып алуға болады.

3. Бір суреттен кейін бірден екінші сурет орналаспаған дұрыс, олардың ара қашықтарын біркелкі етіп, араларында мәтіндік ақпарат берген дұрыс.

4. Ақпарат бөліктерге бөлініп берілсе, оларды оқу, түсіну жеңіл болады.

5. Егер Web - беттің көлемі үлкен болса, онда құжат бөліктеріне жылдам ауысуға мүмкіндік беретін сілтемелер жасау қажет.

6. Суреттер мен графикалық бейнелерді пайдалану көптеген тұтынушыларды қызықтыру мүмкін, бірақ суреттерді желі арқылы қабылдау ұзақ уақыт алатыны есте болуы керек.

7. Web-бетте үштен артық түрлі қаріп түрін және үштен артық әр түрлі түстерді қолданбауға тырысу керек. Кез келген жағдайда мәтін үшін қара түсті қолдану ыңғайлы. Ал фон ретінде әлсіз түсті суретті таңдау дұрыс болады.

HTML тілі

HTML тілі (HyperText Markup Language – гипермәтінді сипаттау тілі) гипермәтіндік құжаттарды көру үшін пайдаланатын қарап шығу программасының осы құжатты экранға қандай түрде шығаратынын аңықтауға арналған, арнайы пішіммен жабдықталған сипаттаудың жалпылама стандартты тілі.

HTML тілі құжаттың бастапқы мәтініне енгізілетін қарапайым командалар жиынынан тұрады, олар осы құжаттың экранда көрсетілуін басқаруға мүмкіндік береді. Сонымен кез келген мәтіндік редакторда даярланып, қарапайым ASCII – формасында сақталған құжатқа бірсыпыра HTML командалары қосылғаннан кейін ол Web – бет болып шыға келеді. HTML файлдары - * .htm немесе * .html деген кеңейтілуі бар кәдімгі мәтіндік файлдар. Сондықтан, оны құрастру үшін жай қарапайым мәтіндік редактордың бірін, мысалы Windows ортасындағы Блокнотты пайдалана беруге болады, ал оның нәтижесін - Web -беттерді экранда көру үшін Microsoft Internet Explorer браузерін қолданамыз.

Браузерде көрсетілген беттің HTML- кодын редакциялау немесе көру үшін бет аймағының бос орнынына тышқанның оң жақ батырмасын басып, ашылған контексті мәзірден **HTML-кодын қарау** (Просмотр HTML-кода) пунктін таңдаңыз немесе **Түр/HTML-кодын қарау** (Вид/Просмотр HTML-кода) мәзір командасын орындаңыз. Нәтижесінде HTML-кодын көру редакторының терезесі ашылады. Осы кодқа қажетті өзгертулер енгізіп, алғашқы атпен сақтаңыз. Барлық өзгертулерді браузер терезесінде көру үшін **Түр/Жаңарту** (Вид/ Обновить) командасын орындаңыз немесе F5 батырмасын басыңыз. Енді HTML тілінің негізгі ұғымына тоқталайық.

Тег – құжатты және оның құрылымын сипаттайтын және де құжат фрагменттерін браузер арқылы компьютер экранда орналастыруды басқаратын HTML тілінің арнайы командасы.

HTML тегі бірінің соңында бірі нақты ретпен орналасқан элементтен тұрады:

- сол жақ бұрыштық жақшадан, яғни (<) «кіші» символынан;
- қиғаш сызық символынан / (слэш), яғни егер алдын-ала

/ (слэш) символы қойылса, онда тегті **соңғы** деп атайды, кері / (слэш) символы қойылса, онда тегті **соңғы** деп атайды, кері жағдайда **бастапқы** деп атайды.

- тег аттарынан, мысалы `TITLE` немесе `PRE`;
- қажет емес атрибуттардан. Тег атрибутсыз болуы мүмкін және бір немесе бірнеше атрибуттары болуы мүмкін, мысалы: `ALIGN=CENTER`;
- оң жақ бұрыштық жақшадан, яғни (>) үлкен символдан.

Тегтер атын жазуда үлкен және кіші әріптерді қолдана беруге болады. Тегтердің 2 түрі бар:

- бір элементті (жалқы) тег, белгілі бір әрекетті орындату үшін оны қажетті орынға жазып қою керек;
- екі элементті (қосарланған) тег, бұл ашылу және жабылу тегтері ортасындағы мәтінге ғана әсер етеді, мысалы: <H1>Сәлем</H1>.

Жабу тегтері (/) қиғаш сызық символымен басталуы тиіс. Мұндай жағдайда екі тег және олармен бөлінген құжат бөлігі **HTML элементі** деп аталатын блокты құрайды.

Көп тегтерде өздерінің атрибуттары бар. Олардың **міндеті** – тегтерді толықтыру, яғни объектілер, графиктер немесе мәтіндер әрекеттерін толық сипаттауға мүмкіндік береді. Тегтің форматы: *<тег атрибут="мән" атрибут="мән" . . .>*

Атрибут мәні қос тырнақшаға алынып жазылуы тиіс, бірақ қос тырнақшаны жазбаса да болады. Жабылу тегтерінің ешқашанда атрибуттары болмайды. Атрибуттарды бос аралық арқылы жазуға болады..

HTML кодқа түсініктемелер енгізуге болады. Түсініктеме мәтіні бұрыштық жақшаға алынады. Бірінші бұрыштық жақшадан кейін леп белгісі және екі тире қойылады. Ал жабылатын бұрыштық жақшаның алдына тағы да екі тире қойылады:

<!--түсініктеме мәтіні-->

Егер мәтін ішіне < (кіші) символын қою керек болса, онда `<` (less than ағылшын сөзінен бірінші әріптері бойынша) тізбегін колданамыз. Өйткені, HTML –тілінде бұл символ тегтің басын білдіреді. Сондықтан, оларды айыру үшін **&-тізбектерін қолданамыз** (оларды символдық объектілер немесе эскейп-тізбектер деп те атайды). ">" таңбасы > тізбегімен кодталады (кері жағдайда ол тегтің соңы деп есептеледі). Сәйкесінше, "&" (амперсанд) символы & тізбегімен, қос тырнақшалар (") " тізбегімен кодталады.

Есте сақтаңыз: нүкте үтір — &-тізбектегі міндетті элементі. Тізбекті құратын барлық әріптер кіші әріптермен жазылуы тиіс.

ЭЕМ-де әр символдың өзінің коды бар. Қазіргі кезде көп жағдайда 256 символдан тұратын кодтық кестелерді қолданады, бірақ символдар саны жетіспейді. Сондықтан, код 1 байт емес 2 байт орын алатын кодтық кестелер бар (мысалы, UNICODE). HTML-де базалық кодтық кесте ретінде UNICODE қабылданды. Ескерте айтатын жайт, HTML-мәтінде келесі тәсілмен символ атауының орнына оның кодын көрсетуге болады: `&#символ коды;`. Мысал ретінде символдар псевдонимдерінің тізімін (және олардың кодтары) көрсетейік:

Символдың псевдонимі	символ коды	символ	Символдың псевдонимі	символ коды	символ
quot	34	"	fnof	402	*f*
amp	38	&	Alpha	913	A
lt	60	<	Beta	914	B
gt	62	>	Gamma	915	Γ
OElig	338	Œ	Delta	916	Δ
oelig	339	œ	Epsilon	917	E
Scaron	352	Š	Zeta	918	Z
scaron	353	š	Eta	919	H
Yuml	376	Ÿ	Theta	920	Θ
Tau	932	T	Iota	921	I
Upsilon	933	Y	Kappa	922	K
Phi	934	Φ	Lambda	923	Λ
.....	...	....	.....	....	.....

Кесте1. Символдар псевдонимдерінің тізімі

Бақылау сұрақтары:

1. Сайт дегеніміз не?
2. Үй беті, алғашқы бет түсініктеріне анықтама беріңіз.
3. Web үй бетіне қандай ат меншіктеледі?
4. Гипермәтін дегеніміз не?
3. Сайттың логикалық және физикалық құрылымы дегеніміз не?
4. Браузер дегеніміз не? Атқаратын қызметтері қандай ?
5. Қолайлы навигация дегеніміз не?
6. "Веб-юзэбилити" деген түсінік нені білдіреді?
7. Фреймдік немесе кадрлық құрылым дегеніміз не?
8. Жақсы Web –бетті жасау үшін не істеу керек?
9. Web-сайтты құрған кезде жасайтын әрекеттер тізбегі ата.
10. HTML тілі дегеніміз не және оның файлдары қандай кеңейтуімен сақталынады?
11. HTML құжатты құрастыру үшін қандай редакторларды пайдалануға болады?
12. HTML –кодын редакциялау немесе көру үшін қандай әрекеттер жасаймыз?
13. Тег дегеніміз не? Ол қандай элементтерден тұрады?
14. Тегтердің неше түрі бар? Жалқы және қосарланған тегтер не үшін керек?
15. Атрибуттардың міндеті қандай? Жабылу тегтердің атрибуттары бола ма?
16. Тегтің форматын көрсет.
17. Түсініктеме мәтіні қалай жазылады?
18. &-тізбектерін қай жағдайда қолданамыз? Олардың міндетті элементі қандай және қандай әріптермен жазылады?
19. HTML-де базалық кодтық кесте ретінде не қабылданды?

Тақырып 4. HTML тілінің тегтері.

HTML құжаттың құрылымы

Жоғарыда айтылғандай HTML-құжат — бұл `*.htm` немесе `*.html` кеңейтілулер бар мәтіндік файл. Барлық HTML- құжаттарда ортақ құрылымы бірдей. Олар <*html*> тегінен басталады және </*html*> тегімен аяқталады. Бұл блок ішінде 2 блок бар. Біріншісі <*head*> тегтердің арасында орналасқан қызметтік ақпарат, ал екіншісі - <*body*> тегтердің арасына алынған HTML құжатының негізгі бөлігін қамтитын блок. HTML-құжаттың қарапайым түрі.

```
<!DOCTYPE HTML PUBLIC "-//W3C//DTD HTML 4.0//EN"
"http://www.w3.org/TR/REC-html40/frameset.dtd">
<html>
      <head>
       қызметтік ақпарат
         <title>
          бет туралы ақпарат
         </title>
      </head>
      <body>
         <h1>
         құжаттың негізгі бөлігі
         </h1>
     </body>
</html>
```

Барлық HTML құжаттардың денесі мен басы бар. Бірінші жол (міндетті емес) құжат авторы қолданатын HTML тілінің версиясын көрсетеді. Қызметтік ақпарат тегтері:

- <*html*> ... </*html*> - HTML-құжаттың басы мен соңы;
- <*head*>...</*head*>- қызметтік ақпараттың блогын бастайды және сол блокты аяқтайды;
- <*title*>...</*title*> - шолушының тақырып қатарында көрсетілетін ақпарат блогын бастайды және аяқтайды;
- <*body*> ... </*body*> - құжаттың негізгі бөлімінің тегтері орналасады;
- <*h1*>...</*h1*> — <*h6*>...</*h6*> - `<hi> түрдегі таңба` (мұнда `i` - 1 ден 6-ға дейінгі цифрлар) тақырыптың алты әртүрлі деңгейін сипаттайды. Бірінші деңгейдегі тақырып — ең ірі, алтыншы деңгейдегі, әрине — ең кіші;
- <*meta*>- қызметтік ақпаратты қамтиды.

Жалпы айтқанда, пайдаланушыға HTML-құжаттың тақырыбы көрінбейді. Бірақта, онда кейбір қызықты өзгешеліктері бар. HTML-құжаттың тақырыбы meta-нұсқаудың шексіз санын енгізе алады. Meta- нұсқаудың әрбір атрибуты деректер типі мен мазмұның анықтайтын *name* және *content* қос атрибуттарын қамтиды. Мысалы: <*meta name="keywords" content="Интернет, HTML, WWW, басылым, гипермәтін"*>. Мұндай meta-нұсқау құжат мазмұның сипаттайтын, кілттік сөздерді қамтитын keywords айнымалысын анықтайды. <*Meta name =Discription content="беттің мазмұны"*>-беттің қысқаша мазмұның сипаттайды.


Барлық тегтерді міндеттері бойынша мына топтарға біріктіруге болады: мәтінді форматтау, түсті таңдау, суретті, видеоны, дыбысты кірістіру, тізімдерді құру, бір құжат аралығында және басқа құжатқа сілтемені ұйымдастыру, беттерді бөліктерге бөлу және интерактивті элементтерді құру.

Абзацты үзбей-ақ, жаңа жолға көшетін таңба - *
*. **К**өлденең сызықты сипаттайтын тег - *<hr>*. Қосымша *size* (пикселде сызықтың қалындығын анықтайды) және *width* (экран енінен бастап сызықтың ұзындығын пайызда анықтайды) атрибуттарын қамтиды.

Мысал:

```
<html>
  <head>
    <title>Мысал</title>
  </head>
<body>
  <h1>Көлденең сызықтар</h1>
  <hr size=2 width=60%><br>
  < hr size =4 width=40%>< br>
  < hr size =8 width=25%>< br>
   < hr size =16 width=12%>< br>
</body>
</html>
```

Нәтижесі :



Сурет1. Көлденең сызықтарды құру

Мәтінді форматтау тегі

Абзац тегі

* ... *-абзацтың басы мен соңы

Мәтінді туралау үшін тегінің атрибуттары

Align атрибутына төрт мәнді меншіктеуге болады:

* *- мәтінді сол жаққа қарай туралайды;

< p align= right>- мәтінді оң жаққа қарай туралайды;

< p align= center>- мәтінді ортаға қарай туралайды;

< p align= justify>- мәтінді екі шетін бірдей туралайды.

Мәтінді форматтау, кәріп өлшемі мен олардың түстерін таңдау үшін арнайы тегтерді қолдану қажет. Бұл тегтер қосарланған болады және олардың әрекеттері тек қана жақшаға алынған мәтін фрагментіне ғана таратылады.

- *...* - қарайтылған кәріп және қарайтылған кәріпті алып тастау;
- *...*- курсивпен жазу және курсивпен жазуды алып тастау;
- *<u> ... </u>* -астын сызу және сызуды алып тастау;
- *<tt>...</tt>*- жазу машинкасына ұқсас әріптерді жазады;
- * ... *- белгілеу және белгілеуді алып тастау;

- *...*- күшейтіп белгілеу және күшейтіп белгілеуді алып тастау;
- *<big>...</big>* кәріпті үлкейту және үлкейтуді алып тастау;
- *<small>...</small>*- кәріпті кішірейту және кішірейтуді алып тастау;
- *^{...}*- мәтін жоғарыға қарай жылжиды және жылжуды алып тастау (жоғары индекс);
- *_{...}* - мәтін төменге қарай жылжиды және жылжуды алып тастау (төменгі индекс).

Аталып өткен тегтерде атрибуттар жоқ, ал келесі тегте бірнеше атрибуттары бар: *...* - кәріпті өзгерту және кәріпті өзгертуін алып тастау.

<Font> тегінің атрибуттары

- *color= түстің аты*- мәтін түсін өзгертеді. Мысалы: * мәтін *- мәтінді қызыл түске бояйды;
- *fage= кәріп аты*- кәріп түрін өзгертеді. Мысал: * мәтін *- мәтін Arial кәріпімен жазылады;
- *size=кәріп өлшемі*- мәтін фрагментінің кәріп өлшемін өзгертеді. Мысал: * мәтін * - мәтін 4 кәріп өлшемімен жазылады.

Атрибуттарды еркін түрде бос аралық арқылы жазуға болады. Мысалы: *< font size=4> fage=Arial color=red> мәтін *.

Фонды құру

Беттің фоны құжаттың негізгі бөлігінің басында беріледі, яғни <body> тегінің ішінде орналасқан атрибуттарымен анықталады. Бұл атрибуттардың тізімі келесідегідей:

- text=түс - құжаттың мәтін түсін орнатады;
- *bgcolor=түс* - құжаттың фон түсін анықтайды;
- *background= "файл аты"* – фон ретінде файлдан алынатын бейнені қолдану. Кез келген бейне сияқты, фон gif (файл *.gif кеңейтілуімен) немесе jpeg (файл *.jpg немесе *.jpeg кеңейтілуімен) форматтарында берілуі керек.

Түс тізбектеліп қос үш символымен кодталады. Әрбір жұп (00)-ден 255-ке (FF) дейінгі аралықта бір үш негізгі түстін (қызыл, жасыл және көк) қанықтылығының оң алтылық мәнімен анықталады. Мысалы:

bgcolor=#FFFFFF - фон түсі. Қызыл, жасыл және көк түстерімен берілген қанықтығы бірдей – FF (бұл 255 санның оң алтылық түрде ұсынылуы). Нәтижесі - ақ түс;

text=#000000 - мәтін түсі. Қызыл, жасыл және көк түстерімен берілген қанықтығы бірдей — 00 (нөл). Нәтижесі - қара түс.

Түс оң алтылық сан түрінде, сонымен қатар атымен берілуі мүмкін. Кестеде кейбір негізгі түстер көрсетілген.

Түстің аты	**Аты**	**Оң алтылық түрде ұсынылуы**
қара	black	#000000
қара-көк	navy	#000089
күміс-сұр	silver	#C0C0C0
көк	blue	#000OFF
қызыл қоңыр	maroon	#800000
ақшыл көк	purple	#800080
қызыл	red	#FF0000
жасыл	green	#008000
көкшілт-жасыл	teal	#008080
ақшылт-жасыл	lime	#0OFFOO
көгілдір	aqua	#00FFFF

сарғыш	olive	#808000
сұр	gray	#808080
сары	yellow	#FFFF00
ақ	white	#FFFFFF

Кесте 2. Түстердің оң алтылық түрде берілуі

Шегініс пен тізімдер

Беттің шетінен бастап шегіністерді әртүрлі тәсілмен қоюға болады. Ең қарапайым тәсілдің бірі <pre> тегін қолданып, мәтін алдында қажетті бос орынды қою керек. Барлық бос орындар мен келесі жолға көшу *<pre>* және *</pre>* қосарланған тегтердің арасында орналасады.

Тізімнің екі түрі бар: маркерленген және нөмірленген. Маркерленген тізімдерге қолданылатын тегтер:

- *
...
*-тізімнің басы және тізімнің соңы
- *<li>*-тізім элементі

<ul>, - тегтердің атрибуттары


Бастапқы тег	**Экранда көрсетілетін түрі**
<ul type =disc>	боялған дөңгелек
< ul type =circle>	бос дөңгелек
< ul type =square>	боялған төртбұрыш

Нөмірленген тізімдерге қолданылатын тегтер:

- *
...
*-тізімнің басы мен тізімнің соңы
- *<li>*-тізім элементі


<ol>, <li> -тегтердің атрибуттары

Бастапқы тег	**Экранда көрсетілетін түрі**
<ol type=1>	араб цифрлармен нөмірлеу
<ol type=A>	латын әріптерімен нөмірлеу
<ol type=I>	римдік цифрлармен нөмірлеу



Сурет 2. Блокнотта HTML-кодтың жазылу көрнісі

Нәтижесі:



Сурет 3. 2-суретте берілген HTML-кодтын нәтижесі.

Егер тізімде нөмірлеу ретін ауыстыру керек болса немесе тізім элементіне нақты сан меншіктеу керек болса, онда арнайы атрибуттар қолданылады:

- *skip=өткізіп жіберілетін нөмірлер саны*. Мысалы: <ol skip=4>- келесі төрт нөмірді өткізіп жібереді;
- *start= тізімді нөмірлеуді бастайтын нөмір*. Мысалы: <ol type=I start=3> нөмірлеу III рим санынан басталады;
- *value=берілген тізім пунктіне меншіктелетін нөмір*. Мысалы: *<li value=13>*
  <li value=25>

Бұл жазуда 13 нөмірден кейін тізімде 25 нөмір тұратының білдіреді.

Кесте

Кестелер ақпараты кестелік түрде ұсыну үшін қажет. Кесте *<table>* тегімен басталып, *</table>*- тегімен аяқталады. Кестені құру кезінде мына кірістіру принципі қолданылады: *<table>* және *</table>* тегтердің арасында кесте жиегінен тыс *<caption>* тақырыбы беріледі, *<tr>* жолдың басын аныктайтын бірнеше элементтер қатары құрылады, ал осы элементтердің ішінде ұяшықты сипаттайтын *<td>* элементі және бастапқы ұяшықтарды (яғни кестенің бағана мен қатарлардың тақырыбын) сипаттайтын *<th>* элементі орналасады.

***<Table>* тегінің атрибуттары:**

- *align* – құжат өрісіне қатысты кестенің орналасуын орнатады;
- *width* – кестенің ені. Оны беттің еніне байланысты пикселде (мысалы, *width*=400) немесе пайызда (мысалы, *width*=80%) беруге болады;
- *border* –ұяшық пен кестенің ішкі жиегінің енін орнатады (мысалы, *border=4*). Егер атрибут орнатылмаса, онда кесте жиексіз көрсетіледі;
- *cellspasing* – кестедегі ұяшықтар жиектерінің арасындағы ара қашықтығын орнатады (пикселде немесе %, мысалы, *cellspasing=2*);
- *cellpadding* – мәтін мен ұяшықтар жиегінің арасындағы ара қашықтықты орнатады (пикселде немесе %, мысалы, *cellpadding=10*).

***<Th>, <tr> ,<td>* тегтердің атрибуттары:**

- *nowrap*- ұяшықтың ішіндегісі бір жолда көрсетілу керек екенін білдіреді;
- *rowspan* - бірігетін қатарлар санын көрсетеді. Мысалы, rowspan=2 екі қатарды бір ұяшыққа біріктіреді;
- *colspan*- бірігетін бағаналар санын көрсетеді. Мысалы, *colspan=3* үш бағананы бір ұяшыққа біріктіреді;
- *<hr>*- тік сызықты құрады.

***<hr>* тегінің атрибуттары:**

- *size*- сызықтың қалындығы;
- *widht*- пиксель немесе % сызықтың енін орнатады (мысалы, *widht* =80%);

- *height*- пиксель немесе % сызықтың биіктігін орнатады (мысалы, *height*=40);
- *valign*– ұяшықтағы мәтіннің тігінен орналастырады. Мүмкін мәндер: *valign=top* (жоғарғы жақ бойынша туралау), *valign=middle* (ортаға қарай туралау), *valign=bottom* (төменгі жақ бойынша туралау);
- *align* - сызықтарды туралау. Мүмкін мәндер: *left* (сол жаққа қарай туралау), *center* (ортаға қарай туралау), *right* (оң жаққа қарай туралау).

Мысал:

```
<html>
<body background=Puzzle.jpg><br>
<table border=5 cellspacing=3>
<caption><b><Font size=4 color=E88CB7>Физикадан  емтихан
ведомосы</caption></b>
<tr><th bgcolor=silver> Тегі-Аты
    <th bgcolor=silver> Шифр
    <th bgcolor=silver> Физика
<tr><td> Ахметов А.Б.
     < td>050609
      < td>4
<tr>< td> Мамаев К.Т.
     < td>050607
      < td>5
</table>
</body>
</html>
```

Нәтижесі:

Физикадан емтихан ведомосы

Тегі-Аты	Шифр	Физика
Ахметов А.Б.	050609	4
Мамаев К.Т.	050607	5

Сурет 4. Физикадан емтихан көрнісі

Жүгіртпе жол

HTML тілі бойынша әдеттегідей жазылған сөз тіркесінен жүгіртпе жол ұйымдастыруға болады. Жүгіртпе жолды қос *<marquee>* және *</marquee>* - тегтердің ішінде орналастырады. Бұл тегтер арасындағы мәтін, сурет немесе кез келген объектілердің фрагменттері атрибут қай түрде анықтайды, сол түрде жылжиды.

< Marquee> тегінің атрибуттары:

- *height*- жүгірпе жолдың биіктігі (пиксель немесе % беріледі). Синтаксисі:< marquee height=сан>;
- *width* - жүгіртпе жолдың аумағының ені (пиксель немесе % беріледі);
- *bgcolor*- жүгіртпе жолдың фон түсін анықтайды. Синтаксисі: *< marquee bgcolor="түс">;*
- *direction*- жүгіртпе жолдың жылжу бағытын көрсетеді: left- сол жаққа, right- оң жаққа, up- жоғарғыға, down-төменге . Синтаксисі: *< marquee direction="...">;*
- *loop*- жүгіртпе жолдың айналымын анықтайды. n– атрибутының мәнін көрсету кезінде жүгіртпе жолдың айналым санын анықтайды: ал infinite – шексіз санын көрсетеді. Синтаксисі: *< marquee loop=сан>;*

- *align-* мәтінде жүгіртпе жолды *top-* жоғары, *middle*-ортасына және *bottom*-төменге орналастырады. Синтаксисі: <*marquee align= ...*>;
- *behavior* - жүгіртпе жолдың шығару режимін анықтайды: *scroll* - циклдік айналым, *slade* - шығу және тоқтату, *alternate*– секіру. Синтаксисі: < *marquee* behavior="...">
- *scrollamount-* жолдағы мәтін немесе графиктің жылжу жылдамдығы (1-3000);
- *hspase*-жүгіртпе жолмен оны қамтитын мәтін немесе график аймақтарының арасындағы сол жақ және он жақ өрістерінің ені (экран биіктігінен бастап пикселде немесе % беріледі.);
- *vspace-* жүгіртпе жолдан бастап мәтін немесе графикке дейін жоғарғы және төменгі шегіну өлшемі;
- *scrolldelay-* жүгіртпе жолдың қадам арасында уақытша аралықты береді, ол арқылы жолды үзіп жылжуға мәжбүр етуге болады. Синтаксисі: < *marquee* scrolldelay=сан>.

Гиперсілтемені құру

HTML - құжаттың негізгі артықшылығы мен айырмашылығы - бұл гиперсілтеменің бар болуы. Гипермәтін мәтіннің бір фрагментінен екінші фрагментке тез аусуға мүмкіндік береді.

HTML-де басқа құжатқа сілтемені құру форматы:

*белсенді мәтін немесе сурет *

Мысалы: Мазмұнға көшу

HTML-мәтіннің фрагменті құжатта **Мазмұнға көшу** белгіленген фрагментін пайда болуына әкеледі, оның үстінен тышқанмен басқан кезде `pr.htm` құжаты терезеде жүктеледі.

Егер файл басқа бумада жатса, онда оның жолын көрсету керек. Егер Интернет ресурсында сілтеме құрылса, онда URL-ді көрсету қажет.

*белсенді мәтін немесе сурет *

Мысалы: Информатика

Мұндағы басқа түске боялып қойылатын файлдың аты (Информатика сөзі)-гиперсілтеме. Оны тышқан арқылы шерткен кезде H:\ дискісінен Tapsirma.html файлы ізделінеді де, табылса экранға шығарылады. Сөйтіп, белсенді мәтін басқа түске белгіленіп, асты сызылады, ал белсенді сурет рамкамен белгіленеді.

Сілтемелерге түстерді орнату үшін <*body*> тегінің ішінде төмендегідей атрибуттарды жазады:

- *link=түс немесе түстің коды* – сілтеменің түсін орнатады;
- *alink=түс немесе түстің коды* – таңдалған сілтеменің түсін орнатады;
- *vlink=түс немесе түстің коды* – қарастырылған сілтеменің түсін орнатады.

Сыңар жазылатын <*img*> тегі мен оның src="…" атрибуты мәтінге сурет кірістіруге арналған. Ол үшін GIF (файл `*.gif` кеңейтілуімен) немесе JPEG (файл `*.jpg` немесе `*.jpeg` кеңейтілуімен) форматтағы бейне мен HTML-мәтінде бір жол болу керек. Мысалы: <img src="Yucca.jpg">. Web-бетке кірістірілген суреттің пикселмен берілген ені мен биіктігін программаға енгізуге де болады. Жазылу түрі: < img src="Yucca.jpg" width=120 height=90>.

<*img src="picture.gif" alt="Сурет"*>- мына түрдегі берілген сілтемеде, ең алдымен браузер Сурет мәтінің экран бетінде көрсетеді және оның орнына `picture.gif` файлдан суретті жүктейді.

Фреймдер

Фреймдер - браузер терезесінің жұмыс өрісін тәуелісіз бөліктерге бөлуге болатын және әрбір бөлікті жеке бет ретінде іске қосуға мүмкіндік береді. Мысалы, терезені екі бөлікке бөліп, бір жақ бөлігіне экраннан кетпейтін мазмұнды іске қосып, екінші бөлігіне

сол мазмұннан таңдалып отырған беттерді қарап шығуға болады. Бірақ бөліктер бірнеше болуы мүмкін.

Браузер терезесін фреймдерге бөлу былай іске асырылады:

1. Ең алдымен фреймдердің өлшемі мен саны берілген, сонымен бірге фреймге сәйкес келетін файл аттары мен әрбір фрейм үшін кейбір аттрибуттары бар *.html файлы құрылады (көбінесе ол index.htm атты сервердің бірініші беті).

2. Әрбір фрейм үшін жеке html беттері құрылады.

Енді экранды екі бөлікке бөлетін html файлын құрайық. Ол үшін homepage.htm және menu.htm атты екі html файлы керек. Негізгі файлды index.htm деп атаймыз, сонда ол мына түрде болады:

```
<html>
<title>Беттің аты</title>
<frameset cols="*,140">
<frame src="homepage.htm" name="frame1">
< frame src="menu.htm" name="frame2">
</ frameset>
</html>
```

<frameset> тегінде аяқталатын *</frameset>* тегі бар. *<frameset>* тегінде *rows* қатарлар мен *cols* бағаналар саны, сонымен қатар олардың өлшемі мен орналасу реті беріледі. Rows=*1 бөліктің ені, 2 бөліктің ені* –терезеде көлденең орналасқан бөліктердің саны мен өлшемі. Мысалы: *<frameset* rows="20%,3*,*"> - үш фреймді сипаттайды, біріншісі экранның жоғарғы жағынан 20% аумақты алады, екіншісі бірінші фреймнен қалған ¾ бөлігін (яғни терезенің барлық аумағының 60%), ал соңғысы 1/4 (яғни терезенің барлық аумағының 20%) *Cols=1 бөліктің ені, 2 бөліктің ені* – терезеде тік орналасқан бөліктердің саны мен өлшемін береді.

Өлшем берудің үш тәсілі бар:

- **пиксел** – биіктігі мен енін пикселде жазу;
- **пайыз** - браузер терезесінен қанша пайызды фреймге бергіңіз келетінін жазып, саннан кейін **%** белгісін қою керек. Барлық пайыздарды қосқанда 100% болу керек екенін ұмытпау қажет;
- **жұлдызша** – терезеде қалған барлық орын * таңбасына тенеледі. Мысалы: біз 20%,20%,60% немесе 20%,20%,* деп жазсақ, ешқандай айырмашылық болмайды.

Frame тегі әрбір фреймді жеке суреттейді, яғни мұнда атрибуттар әрбір фрейм үшін жеке беріледі. *Src* командасы фреймде іске қосылатын файл атын береді, біздің мысалымызда homepage.htm файл аты (<frame src="homepage.htm" ...).

- **name="frame_name"** командасы берілген фреймнің атын береді, біздің жағдайымызда "frame1" аты. Бұл атау қай фреймге сілтемені қолдану керек екенін көрсету үшін қажет. Мысалы, біз фреймдегі menu.htm файлын қамтитын сілтемеге басып, сілтеменің файл ішіндегісі homepage.htm файлды қамтитын фреймде көрсетілсін дейік. Ол үшін html сілтеме кодын түзетіп жазу керек: file - болды, file - болу керек;
- **marginwidth ="value"** - бұл атрибут құжаттың авторы шет жағындағы фреймдер арасында бөлінетін сызғыштын шамасын көрсеткісі керек жағдайда қолданылуы мүмкін. V*alue* мәні пикселде көрсетіледі және бірден кем болмау керек. Үнсіз келісім бойынша бұл мән браузер клиентімен қолданылатын фреймдерді қолдауды іске асырудан байланысты;
- **marginheight="value"** – marginwidth сияқты, бірақ бөлінетін сызғыштың жоғарғы және төменгі шамалары үшін;
- **scrolling="yes | no | auto"** - бұл атрибут фрэймнің айналым сызғышты буреге мүмкіндік береді. *Yes* параметрі фреймде кез келген жағдайда айналдыру сызғышы болатынын көрсетеді, *no* параметрі керсінше, айналдыру сызғышы болмайды. *Auto* қажет жағдайда ғана айналым сызғышын бар болуын анықтайды (үнсіз келісім бойынша мән);

- **noresize** - бұл атрибут өлшемі өзгеру мүмкіншіліксіз фреймдрді құруға мүмкіндік береді. Үнсіз келісім бойынша фрейм өлшемін тышқан көмегімен өзгертуге болады. *Noresize* мұндай мүмкіншілікті доғарады. Егер бір фреймде *noresize* атрибуты орнатылған болса, онда көршілес фреймдерде де өлшемі өзгертілмейді.

Бейне-карта

Бейненің әрбір бөліктеріне сілтемелерді ұйымдастыруға болады. Ең алдымен бөліктерді белгілеп алып, олардың координаталарын анықтап алу керек. Мұндай бейнелерді карта деп атаймыз. Картаны анықтайтын тегтер: <map> және </ map>. <Map> ашылатын және жабылатын тегтер арасында <area> тегі көмегімен картаның аймағы анықталады. Картының әрбір аймағы үшін href = сілтеме адресі сілтемесін анықтайтын, атрибутты қамтитын <area> өз элементі құрылу керек. <Map> тегі name атрибутты қолдайды. Ол арқылы карта бейненін аты беріледі. Синтаксисі: *<map name="аты"> <area атрибуттар></map>*.

Карта бейнелермен Windows стандартты қосымшада орналасқан - Paint редакторында жұмыс істеген ыңғайлы, ол үшін бейнені .bmp форматында сақтау керек. **Ctrl+G** батырмасын басып үлкейту режиміне көшіңіз, содан кейін **Белгілеу** сайманың таңдап алып, тышқан көрсеткіші жіңішке крестикке айналғанда, курсор координаттарын бір пикселге дейін дәлірек анықтауға болады. Мұндай дәлдік картының белсенді аймақтарының координаттарын беру кезінде өте қажет болады.

<*Area*> тегінің атрибуттары;

- *target=фрейм аты*- аймақтан сілтеме жасалынатын құжат тұратын фреймдін атын анықтайды;
- *alt=бейне -карта аймағының атауы*—браузерлер үшін баламалы мәтінді береді;
- *shape*- картадағы белсенді аймақ формасын анықтайды және оның координаттары келесі мәндерді қамтиды:"circle" coords=x,y,r мұнда x,y,r – шеңбердің ортасының координаттары және оның радиусы,"poly" coords=x1,x2,x3... , мұнда x1,x2,x3... – көпбұрыш төбелердің координаттары, егер көпбұрыш – тіктөрбұрыш болса, онда оның сол жақ жоғарғы және оң жақ төменгі төбелерін "rect" coords=x1,x2,x3,x4 көрсетсе жеткілікті. Ал "point" coords= x,y - нүкте түрдегі аймақтын координаттарын сипаттайды. Синтаксисі: *<area "circle" coords=x,y,r>*.

Бейне -карта үшін *<img>* тегінің атрибуты.

- *usemap=#аты* - картаның атын анықтайды. Бұл ат *<map>* тегінің name атрибутының мәні ретінде көрсетілетін атпен ұқсас болу керек.

Формалар

HTML формалары web-құжат жариялаушылар мен оқырмандар арасында ақпарат алмасуға мүмкіндік жасайды.

Әрбір форма *<form>* тегінен басталады. *<form>* және *</form>* тәрізді қосарланған тегтер ішінде форманы құру тегтердің кез келген саны орналаса алады. Бір құжатта бірнеше форма құруға болады. Формалар арқылы тұтынушыдан жалпы мәтін түрінде ақпарат сұрап алуға, «иә/жоқ» деген жауаптың бірін таңдауға немесе бірнеше жолдың біріне тоқтауға болады. Сондай - ақ, формаларды құру кезінде бірнеше типтердің өрістерін беруге болады (бір немесе бірнеше қатарлардағы мәтіндік өрістер, радиобатырмалар, жалауша, мәзір және командалық батыраларды орнататын терезелер).

<Form> тегінің атрибуттары

Атрибуты	Атқаратын қызметі
action= адрес	Форма мәліметтерін қабылдап алып, оны өңдейтін URL-ды анықтайды. Егер бұл атрибут анықталмаса, онда мәліметтер форма орналасқан web -парақ адресіне жіберіледі.
method	Форманы өңдеу программасына қалайша ақпарат жөнелтілетінін көрсетеді. әдетте, оны мәні *post*

	болады, мұндайда форма мәліметі URL- дан бөлек жеке жөнелтіледі. Ал оның мәні *get* болса, онда мәлімет URL-мен бірге жіберіледі.
enctype	Форма мазмұның кодтау кезінде қолданылатын механизмін анықтайды.

Мысал:

<form method="post"action="/cgi-bin/comment_script">

...

</form>

Бұл мысалда браузерге мынадай нұсқау берілген: толтырылған форманы post әдісін қолдана отырып жөнелтіп, оны web құжат орналасқан сервердің cgi-bin каталогында орналасқан comment_script скрипті көмегімен өңдеу керек екендігі көрсетілген.

Форма жасау тегтері

<input> -мәлімет енгізуді кейбір өзге түрлерін бір жол мәтін енгізу, жалаушаларды көтеріп қою және түсіру, ажыратып қосқышты таңдау және мәліметтерді жөнелтуге немесе форманы тазартуға арналған батырманы басу сияқты әрекеттерді орындауды қамтамасыз етеді;

<nextarea> - кез келген тұтынушы бірнеше жолдан тұратын мәтіндік ақпарат енгізе алатын өрісті анықтайды;

<select> - тұтынушыға жылжымалы жолағы бар терезедегі немесе суырылып шығатын мәзір ішіндегі бір жолды таңдау мүмкіндігін береді.

<Input>- тегінің атрибуттары:

- *type=өріс типі* – мәліметтерді енгізуге қолданылатын өрістер типі;
- *size=пикселдегі мән*. Мысалы: **SIZE=40** - 40 символды енгузе қажет өріс ұзындығын береді;
- *maxlength=символдар саны*- өріске енгізілетін ең үлкен символдар санына шектеулер береді;
- *name=аты* - өріске атты меншіктеуге арналған атрибут;
- *value=символдар саны* –құжат жүктелген кезінде бұл өрісте шығарылатын қатарды береді.

< Input > тегінде <type> атрибут мәндерінің қолдануы:

- *<input type=radio>* -берілген жиыннан бір нұсқаны таңдау;
$$\left|\int_0^1\gamma(y,t)v_{my}v_m dy\right|\le M_5\int_0^1|\,v_{my}\,||\,v_m\,|dy\le M_5\left(\int_0^1|\,v_{my}\,|^2\,dy\right)^{\frac12}\left(\int_0^1|\,v_m\,|^2\,dy\right)^{\frac12}\le$$

$$\le\frac{M_1}{4}\int_0^1|\,v_{my}\,|^2\,dy+\frac{M_5^2}{M_1}\int_0^1|\,v_m\,|^2\,dy, \tag{16}$$

$$\left|\int_0^1 b_1(y,t)\,|\,v_m\,|^p\,dy\right|\le b_1 2^{\frac{p-2}{2}}\|v_{my}\|^{\frac{p-2}{2}}_{L_2(0,1)}\|v_m\|^{\frac{p+2}{2}}_{L_2(0,1)}\le\frac{M_1}{4}\|v_{my}\|^2_{L_2(0,1)}+C_1\|v_m\|^{\frac{2(p+2)}{6-p}}_{L_2(0,1)},$$

$$C_1=\frac{(6-p)(p-2)^{\frac{p-2}{6-p}}}{4M_1^{\frac{p-2}{6-p}}}\left(b_1 2^{\frac{p-2}{2}}\right)^{\frac{4}{6-p}},\ \ 2<p<6. \tag{17}$$

$$\left|\int_0^1 g(y,t)v_m dy\right|\le\left(\int_0^1|\,g(y,t)\,|^2\,dy\right)^{\frac12}\left(\int_0^1|\,v_m\,|^2\,dy\right)^{\frac12}\le\int_0^1|\,v_m\,|^2\,dy+\frac14\int_0^1|\,g(y,t)\,|^2\,dy. \tag{18}$$

Алынған (16)-(18) бағалауларды (15) теңсіздікке қойсақ

$$\frac{d}{dt}\|v_m\|^2_{L_2(0,1)}+M_1\int_0^1|\,v_{my}\,|^2\,dy\le 2\left(1+\frac{M_5^2}{M_1}\right)\int_0^1|\,v_m\,|^2\,dy+2C_1\|v_m\|^{\frac{2(p+2)}{6-p}}_{L_2(0,1)}+\frac12\int_0^1|\,g\,|^2\,dy, \tag{19}$$

Мынадай белгілеу енгізейік $y(t)\equiv\int_\Omega|\,v_m\,|^2\,dx$, $C_2=2\left(1+\frac{M_5^2}{M_1}\right)$, сонда (19) теңсіздік келесі түрде жазылады

$$\frac{dy(t)}{dt}\le C_2y(t)+2C_1[y(t)]^{\frac{2(p+2)}{6-p}}+M_5.$$

Тағыда мынадай белгілеу енгізейік $z(t)\equiv e^{-C_2t}y(t)$ және 0 ден t дейін интегралдайық, сонда

$$z(t)\le z(0)+\frac{M_5}{C_2}+2C_1\int_0^t e^{\frac{C_2(3p-2)}{6-p}s}[z(s)]^{\frac{2(p+2)}{6-p}}ds.$$

Енді алынған теңсіздіккеГронуолла-Беллман-Бихари [12] леммасын қолданайық, егер де

$$2C_1\left(e^{\frac{C_2(3p-2)}{6-p}t}-1\right)<\frac{1}{\left(z(0)+\frac{M_5}{C_2}\right)^{\frac{C_2(3p-2)}{6-p}}},\quad 0\le t<T,$$

шарты орындалғанда, онда келесі теңсіздік шығады

$$\int_\Omega |v_m|^2\,dx\le$$

$$\le\frac{\left(\left\|v_0(y)\right\|^2_{L_2(0,1)}+\frac{M_5}{C_2}\right)e^{C_2t}}{\left[1-\left(\left\|v_0(y)\right\|^2_{L_2(0,1)}+\frac{M_5}{C_2}\right)^{\frac{C_2(3p-2)}{6-p}}2C_1\left(e^{\frac{C_2(3p-2)}{6-p}t}-1\right)\right]^{\frac{6-p}{C_2(3p-2)}}},\tag{20}$$

Осы алынған теңсіздіктен мынадай қорытынды шағаруға болады, $T_0>0$ ақырлы саны бар болады және келесі бағалау

$$\text{барлық } t\in[0,T],\ T<T_0 \text{ үшін } \int_\Omega |v_m|^2\,dx+M_1\int_0^T\int_0^1|v_{my}|^2\,dydt\le C_3,\tag{21}$$

орындалады, мұндағы C_3 тұрақтысы $m\in N$ тәуелсіз.

Енді (7) теңдікті $C'_{mj}(t)$ көбейтіп $j=\overline{1,m}$ бойынша қосындылайық. Нәтижеде келесі теңдікті аламыз

$$\int_0^1|v_{mt}|^2\,dy+\frac{1}{2}\frac{d}{dt}\left(\alpha(t)\int_0^1|v_{my}|^2\,dy\right)=$$

$$=\frac{1}{2}\alpha'(t)\int_0^1|v_{my}|^2\,dy+\int_0^1\gamma(y,t)v_{my}v_{mt}dy+\frac{1}{p}\frac{d}{dt}\int_0^1 b_1(y,t)|v_m|^p\,dy-$$

$$-\frac{1}{p}\int_0^1 b_{1t}(y,t)|v_m|^p\,dy+\int_0^1 g(y,t)v_{mt}dy.$$

Алынған теңдікті τ бойынша 0 ден t дейін интегралдайық, сонда келесі қатысты аламыз

$$\int_0^t\int_0^1|v_{m\tau}|^2\,dyd\tau+\frac{1}{2}\alpha(t)\int_0^1|v_{my}|^2\,dy=\frac{1}{2}\alpha(0)\int_0^1|v_{my}(y,0)|^2\,dy+$$

$$+\frac{1}{2}\int_0^t\int_0^1\alpha'(\tau)|v_{my}|^2\,dyd\tau+\int_0^t\int_0^1\gamma(y,\tau)v_{my}v_{m\tau}dyd\tau+\frac{1}{p}\int_0^1 b_1(y,t)|v_m|^p\,dy-\tag{22}$$

$$-\frac{1}{p}\int_0^1 b_1(y,0)|v_m(y,0)|^p\,dy-\frac{1}{p}\int_0^t\int_0^1 b_{1\tau}(y,\tau)|v_m|^p\,dyd\tau+\int_0^t\int_0^1 g(y,\tau)v_{m\tau}dyd\tau,$$

(22) оң жағын бағалайық та, оларды (22) тепе-теңдікке қойсақ, келесі бағалауды аламыз

$$\int_0^T\int_0^1|v_{mt}|^2\,dydt+\frac{M_1}{2}\int_0^1|v_{my}|^2\,dy\le C_5.\tag{23}$$

Алынған (21) және (23) бағалаулардан (5)-(7) есебінің шешімі бойынша төмендегідей тұжырымдар айта аламыз

$$v_m \text{ шектелген } L_\infty(0,T;L_2(0,1)),\tag{24}$$

v_m шектелген $\overset{0}{W}{}_2^1(Q_T)$, $Q_T=(0,T)\times(0,1)$, (25)

v'_m шектелген $L_2(0,T;L_2(0,1))$, (26)

v_m шектелген $L_\infty(0,T;\overset{0}{W}{}_2^1(0,1))$. (27)

p -ға қойылған шарттан

$|v_m|^{p-2}v_m$ шектелген $L_\infty(0,T;L_{\frac{p}{p-1}}(0,1))$, $2<p<6$. (28)

(20)-дан шығады, v_{m_k} тізбекшесі v_m тізбегі бар болады, *-кейбір $v\in L_\infty(0,T;L_2(0,1)))$ элементтеріне әлсіз жинақталады.

$v_{m_k}\to v$ *-әлсіз $L_\infty(0,T;L_2(0,1))$ -де.

Солсияқты (21)-(24)-тенмына қатардың $\{v_{m_k}\}\subset\{v_m\}$ бар екендігішығады.

$v_{m_k}\to v$ әлсіз $L_2(0,T;\overset{0}{W}{}_2^1(0,1))$ -де,

Реллих-Кондрашов теоремасы ([13] қараңыз) бойынша, $L_2(Q_T)$ -де $\overset{0}{W}{}_2^1(Q_T)$ компакті. Бұл v_{m_k} тізбекті $L_2(Q_T)$ нормасында $v_{m_k}\to v$ деп алуға болатынын білдіреді, демек барлық жерінде жинақтылықты білдіреді.

Жоғарыда келтірілген талдаулар (12)-де шекке көшуге мүмкіндік береді. Алдымен (12) теңдіктің әрбірін $d_j(t)\in C[0,T]$ көбейтіп және $j=\overline{1,m}$ бойынша алынған теңдіктің екі жағын қосамыз. Содан кейін 0 мен T аралығында t бойынша интегралдап аламыз

$$\int_0^1 v_{mt}\mu dy+\int_0^1\alpha(t)v_{my}\mu_y dy-\int_0^1\gamma(y,t)v_{my}\mu dy=\int_0^1 b_1(y,t)|v_m|^{p-2}v_m\mu dy+\int_0^1 g(y,t)\mu dy, \tag{29}$$

мұндағы $\mu(y,t)=\sum_{j=1}^m d_j(t)\psi_j(y)$.

Алынған қосындылар мен жинақтылықты ескере отырып, (29)-да $m\to\infty$ болғанда шекке көшіп және $v=\mu$ үшін (5)-ті аламыз. Барлық $\mu(x,t)$ функциялар жиыны $v\in\overset{0}{W}{}_2^{1,1}(Q_T)$ -да тығыз, онда барлық $v(x,t)\in\overset{0}{W}{}_2^{1,1}(Q_T)$ үшін шектік қатынастар орындалады.

Теорема 1. (8) шарт орындалсын, және $2<p<6$. Онда $(0,T)$, $T<T_0$ интервалында (5)-(7) есептерінің $v(y,t)$ әлсіз жалпылама шешімі бар

$$v\in L_\infty(0,T;\overset{0}{W}{}_2^1(0,1)),\ |v|^{\frac{p}{2}}\in L_2(Q_T),\ Q_T=(0,T)\times(0,1),$$
$$v_t\in L_2(Q_T),\ |v|^{p-2}v\in L_\infty(0,T;L_{\frac{p}{p-1}}(0,1)).$$

Әлсіз жалпыланған шешімнің жалғыздығының дәлелдеуі. Айталық, (5)-(7) есептерінің екі шешімі бар: $v_1(y,t)$ және $v_2(y,t)$. Онда олардың айырымы $v(y,t)=v_1(y,t)-v_2(y,t)$ мына шартты $v(x,0)=0$ қанағаттандырады және

$$\int_0^T\int_0^1 v_t w dydt+\int_0^T\int_0^1\alpha(t)v_y w_y dydt-$$
$$-\int_0^T\int_0^1\gamma(y,t)v_y w dydt=\int_0^T\int_0^1 b_1(y,t)\left(|v_1|^{p-2}v_1-|v_2|^{p-2}v_2\right)w dydt,$$

$v(y,t)\in L_2(0,T;W_2^1(\Omega))\cap L_\sigma(\Gamma)$ бойынша $w(y,t)$ қабылдауға болады $v(y,t)$, $w(y,t)=v(y,t)$ қоямыз

$$\int_0^T\int_0^1 v_t v dydt+\int_0^T\int_0^1\alpha(t)|v_y|^2 dydt-\int_0^T\int_0^1\gamma(y,t)v_y v dydt=\int_0^T\int_0^1 b_1(y,t)\left(|v_1|^{p-2}v_1-|v_2|^{p-2}v_2\right)v dydt, \tag{30}$$

Келесі теңсіздікті қолданамыз

$$\left|\,|v_1|^q v_1-|v_2|^q v_2\right|\le (q+1)\left(|v_1|^q+|v_2|^q\right)|v_1-v_2| \text{ при } q>0,$$
$$\left|\left(|v_1|^q v_1-|v_2|^q v_2\right)(v_1-v_2)\right|\ge|v_1-v_2|^{q+2} \text{ при } q>0.$$

Онда (30) келесі түрде жазылады

$$\frac{1}{2}\int_\Omega |v|^2dx+M_1\int_0^t\int_0^1 |v_y|^2\,dydt\le\int_0^t\int_0^1\gamma(y,\tau)v_y v\,dyd\tau+\int_0^t\int_0^1 b_1(y,\tau)\left(|v_1|^{p-2}v_1-|v_2|^{p-2}v_2\right)v\,dyd\tau. \qquad (31)$$

Гельдер теңсіздігін қолданып, (31) теңсіздіктің оң жағын бағалайық

$$\left|\int_0^t\int_0^1\gamma(y,\tau)v_y v\,dyd\tau\right|\le\frac{M_1}{4}\int_0^t\int_0^1|v_y|^2\,dyd\tau+\frac{M_3^2}{M_1}\int_0^t\int_0^1|v|^2\,dyd\tau,$$

$$\left|\int_0^t\int_\Omega b_1(y,\tau)\left(|v_1|^{p-2}v_1-|v_2|^{p-2}v_2\right)v\,dyd\tau\right|\le$$

$$\le b_1(p-1)\left(\left(\int_0^t\int_\Omega|v_1|^{\frac{2r(p-2)}{r-2}}dyd\tau\right)^{\frac{r-2}{2r}}+\left(\int_0^t\int_\Omega|v_2|^{\frac{2r(p-2)}{r-2}}dyd\tau\right)^{\frac{r-2}{2r}}\right)\left(\int_0^t\int_\Omega|v|^r dyd\tau\right)^{\frac{1}{r}}\left(\int_0^t\int_\Omega|v|^2dyd\tau\right)^{\frac{1}{2}}.$$

$2<p<2+\frac{6}{m}$, $r=\frac{2m}{m-2}$, $m\in[2,\infty)$ қоямыз. Онда Соболев теоремасы бойынша $H^1(0,1)\subset L_r(0,1)$ и $H^1(0,1)\subset L_{2r(p-2)/(r-2)}(0,1)$. Бұл жағдайда $u_1(x,t)$ және $u_2(x,t)$ шешімнің бірегейлігін ескеріп, келесі теңсіздікті аламыз

$$\left|\int_0^t\int_\Omega b_1(y,\tau)\left(|v_1|^{p-2}v_1-|v_2|^{p-2}v_2\right)v\,dyd\tau\right|\le C_5\int_0^t\int_0^1|v|^2\,dyd\tau+\frac{M_1}{4}\int_0^t\int_0^1|v_y|^2\,dyd\tau. \qquad (32)$$

(32) қолданып, аламыз

$$\frac{1}{2}\int_\Omega|v|^2dx+\frac{M_1}{2}\int_0^t\int_0^1|v_y|^2\,dydt\le\left(C_5+\frac{M_3^2}{M_1}\right)\int_0^t\int_0^1|v|^2\,dyd\tau. \qquad (33)$$

(33)-тенкелесітеңсіздікшығады

$$\int_\Omega|v|^2dx\le 2\left(C_5+\frac{M_3^2}{M_1}\right)\int_0^t\int_0^1|v|^2\,dyd\tau$$

Гронуолла-Беллман леммасына сәйкес, барлық $(0,T)$ уақыт интервалында $\int_\Omega|v|^2dx=0$ әкеледі, бұл әлсіз жалпылама шешімнің жалғыздығын білдіреді.

Теорема 2. (8) шарт орындалсын, және $2<p<2+\frac{6}{m}$, $m\in[2,\infty)$. (5)-(7) есептерінің әлсіз жалпылама шешімі $(0,T)$ интервалында жалғыз.

Теорема 3. (8) шарт орындалсын, және $2<p<6$. Онда (5) - (7) бастапқы-шеттік есептің шешімі кейбір T уақытында бұзылады, мұндағы T шектелген T^*.

$$\int_{\Phi(0)}^{\infty}\frac{d\xi}{k_1\xi^{\frac{p+2}{6-p}}+k_2}\le T^*\le T$$

Дәлелдеуі. Келесі функцияны қарастырайық

$$\Phi(t)=\int_0^l v^2 dx\,.$$

Дифференциалдайық:

$$\begin{aligned}\frac{d\Phi}{dt}&=2\int_0^l vv_t dy=2\int_0^l v\left(\alpha(t)v_{yy}+\gamma(y,t)v_y+b_1(y,t)\,|\,v\,|^{p-2}\,v+g\right)dy=\\&=-2\int_0^l \alpha(t)v_y^2 dy+2\int_0^l \gamma(y,t)v_y v dy+2\int_0^l b_1(y,t)\,|\,v\,|^p\,dy+2\int_0^l gv dy.\end{aligned}\tag{34}$$

(34) теңдіктің оң жағын бағалап, одан келесі теңсіздік шығады

$$\begin{aligned}\frac{d\Phi}{dt}&\le -2M_1\int_0^l v_y^2 dy+M_1\int_0^1 |\,v_y\,|^2\,dy+\frac{M_3^2}{M_1}\int_0^1 |\,v\,|^2\,dy+\\&+M_1\|v_y\|^2_{L_2(0,1)}+C_1\|v\|^{\frac{2(p+2)}{6-p}}_{L_2(0,1)}+2\int_0^1 |\,v\,|^2\,dy+\frac{1}{2}\int_0^1 |\,g(y,t)\,|^2\,dy.\end{aligned}\tag{35}$$

(35) теңсіздік

$$\frac{d\Phi}{dt}\le (1+C_1)\|v\|^{\frac{2(p+2)}{6-p}}_{L_2(0,1)}+M_5+\left(2+\frac{M_3^2}{M_1}\right)^{\frac{p+2}{2(p-2)}}\frac{2(p-2)}{(p+2)\left(\frac{p+2}{6-p}\right)^{\frac{6-p}{2(p-2)}}}.\tag{36}$$

түрге келеді. Енді мынадай белгілеулер енгізейік

$$k_1=1+C_1,\ k_2=M_5+\left(2+\frac{M_3^2}{M_1}\right)^{\frac{p+2}{2(p-2)}}\frac{2(p-2)}{(p+2)\left(\frac{p+2}{6-p}\right)^{\frac{6-p}{2(p-2)}}}$$

Сонда (36) теңсіздікті ықшамды жазылуын аламыз

$$\frac{d\Phi}{dt}\le k_1\left[\Phi(t)\right]^{\frac{p+2}{6-p}}+k_2.$$

Алынған теңсіздікті интегралдайық

$$\int_0^t \frac{d\Phi(t)}{k_1\left[\Phi(t)\right]^{\frac{p+2}{6-p}}+k_2}\le t,\quad \int_{\Phi(0)}^{\Phi(t)}\frac{d\xi}{k_1\xi^{\frac{p+2}{6-p}}+k_2}\le t.\tag{37}$$

(36) теңсіздіктен $t=T^*$ нүктесі табылады да

$$\int_{\Phi(0)}^{\infty}\frac{d\xi}{k_1\xi^{\frac{p+2}{6-p}}+k_2}\le T^*\le T$$

теңсіздігі кез келген $2<p<6$ үшін орындалады.

Шешімнің уақыт бойынша экспоненциалдық кемуі.

$Q_T=\{(y,t):\ 0\le t<\infty,\ 0<x<1\}$ жолағында келесі квазисызықты теңдеу үшін бастапқы-шеттік есепті қарастырайық

$$v_t - \alpha(t)v_{yy} - \gamma(y,t)v_y + b_1(y,t)\,|\,v\,|^{p-2}\,v = g(y,t), \tag{38}$$

$$v(y,0) = v_0(y), \quad y \in (0,1), \tag{39}$$

$$v\big|_{y=0} = 0, \quad v\big|_{y=1} = 0, \quad 0 < t < \infty. \tag{40}$$

Мұндағы $\alpha(t) = \dfrac{\mu}{\varphi^2(t)}$, $\gamma(y,t) = \dfrac{\varphi_1'(t) + y\varphi(t)}{\varphi(t)}$, $v_0(y) = u_0(\varphi_1(0) + y\varphi(0))$.

(38)-(40) есебінің коэффициенттері төмендегі шарттарды қанағаттандырсын

$$\begin{aligned} &0 < M_1 \le \alpha(t) \le M_2, \ \forall t \in [0,T], \\ &|\,\gamma(y,t)\,| \le M_3, \ \forall (y,t) \in Q_T, \ M_1 > M_3, \\ &b_3 \le b_1(y,t), \ \forall (y,t) \in Q_T. \end{aligned} \tag{41}$$

(38) теңдеуді $v(y,t)$ функциясына көбейтіп және y бойынша интегралдап аламыз

$$\rho'(t) + \alpha(t)\int_0^1 |\,v_y\,|^2\,dy + \int_0^1 b_1(y,t)\,|\,v\,|^p\,dy = \int_0^1 \gamma(y,t)v_y v\,dy + \int_0^1 g(y,t)v\,dy, \tag{42}$$

мұндағы $\rho(t) = \dfrac{1}{2}\|v\|^2_{L_2(0,1)}$.

(40) оң жағын бағалайық та, алынған нәтижелерді (42)-ге қойсақ

$$\rho'(t) + (M_1 - M_3)\int_0^1 |\,v_y\,|^2\,dy + \frac{b_3}{2}\int_0^1 |\,v\,|^p\,dy \le C_1\int_0^1 |\,g(y,t)\,|^{\frac{p}{p-1}}\,dy, \tag{43}$$

мұндағы $C_1 = \dfrac{2^{\frac{1}{p-1}}(p-1)}{b_3^{\frac{1}{p-1}}\,p^{\frac{p}{p-1}}}$.

Пуанкаре теңсіздігінен аламыз $\|u\|^2_{L_2(0,l)} \le \dfrac{l^2}{2}\|\nabla u\|^2_{L_2(0,l)}$. Онда біз табамыз

$$\rho'(t) + 2(M_1 - M_3)\int_0^1 |\,v\,|^2\,dy + \frac{b_3}{2}\int_0^1 |\,v\,|^p\,dy \le C_1\int_0^1 |\,g(y,t)\,|^{\frac{p}{p-1}}\,dy, \tag{44}$$

(42)-нің сол жағындағы тек екінші қосылғышты қолданып, мына жағдайды қарастырамыз

$$\int_\Omega |\,g\,|^{\frac{p}{p-1}}\,dx \le C_g \exp(-\mu t), \ \mu \ge C_l, \ C_l = 4(M_1 - M_3). \tag{45}$$

(43) теңсіздікте (45)-ті қолдансақ, онда $\rho(t)$ функциясы үшін дифференциалдық теңсіздікті аламыз

$$\frac{d}{dt}\rho(t) + C_l\rho(t) \le C_1 C_\varphi \exp(-\mu t).$$

Бұл теңсіздіктен аламыз

$$\rho(t) \le \exp(-C_l t)\left(\rho(0) + \frac{C_1 C_\varphi}{\mu - C_l}\right), \quad \mu > C_l; \tag{46}$$

$$\rho(t) \le \exp(-C_l t)\left(\rho(0) + tC_1 C_\varphi\right), \quad \mu = C_l. \tag{47}$$

Теорема 4. Мына шарт орындалсын $p > 1$, $v_0 \in L_2(0,1)$ және (45). Онда (38)-(40) есептің шешімі (46) немесе (47) қанағаттандырады.

Шешімнің ақырлы уақытта жойылуы. Мына жағдайды қарастырайық

$$1 < p < 2, \ \int_\Omega |\,g(y,t)\,|^{\frac{p}{p-1}}\,dx \le C_g\left(1 - \frac{t}{t_0}\right)^{\frac{\mu}{\mu-1}}, \ \mu \in (0,1). \tag{48}$$

Енгізу теоремасынан ([14] қараңыз) келесі теңсіздік шығады

$$\|v\|_{L_2(0,1)} \le K_2 \|v_x\|^{\delta}_{L_2(0,1)} \|v\|^{(1-\delta)}_{L_p(0,1)},$$

мұндағы $\delta = \dfrac{2-p}{2+p} < 1,\ 0 < p < 2.$

$$\|v\|^2_{L_2(0,1)} \le K_2^2 \|v_x\|^{2\delta}_{L_2(0,1)} \|v\|^{2(1-\delta)}_{L_p(0,1)} = K_2^2 \left(\|v_x\|^2_{L_2(0,1)}\right)^{\delta} \left(\|v\|^p_{L_p(0,1)}\right)^{\frac{2(1-\delta)}{p}} \le$$

$$\le C_2 K_2^2 \left[\left(\|v_x\|^2_{L_2(0,1)}\right)^{\delta\left(1+\frac{2(1-\delta)}{p\delta}\right)} + \left(\|v\|^p_{L_p(0,1)}\right)^{\frac{2(1-\delta)}{p}\left(1+\frac{p\delta}{2(1-\delta)}\right)} \right] \le$$

$$\le C_3 \left(\|v_x\|^2_{L_2(0,1)} + \|v\|^p_{L_p(0,1)}\right)^{\delta+\frac{2(1-\delta)}{p}},$$

мұндағы $\delta + \dfrac{2(1-\delta)}{p} > 1$.

$$C_4 \left(\|u\|^2_{L_2(0,1)}\right)^{\mu} \le \|v_x\|^2_{L_2(0,1)} + \|v\|^p_{L_p(0,1)}, \tag{49}$$

мұндағы $\mu = \dfrac{p}{\delta p + 2(1-\delta)} < 1 \ \Leftrightarrow\ p < \delta p + 2(1-\delta),\ \delta p + 2(1-\delta) - p > 0 \ \Rightarrow\ 2p(2-p) > 0 \ \Rightarrow\ 0 < p < 2.$

(43) дифференциалдық теңсіздікте (49)-ды қолданып

$$\rho'(t) + C_5 \left(\int_0^1 |v_y|^2\, dy + \int_0^1 |v|^p\, dy \right) \le C_1 \int_0^1 |g(y,t)|^{\frac{p}{p-1}}\, dy,\ \ C_5 = \max\left\{ M_1 - M_3;\ \frac{b_3}{2} \right\}.$$

немесе

$$\frac{d}{dt}\rho(t) + C_6 [\rho(t)]^{\mu} \le C_g \left(1 - \frac{t}{t_0}\right)^{\frac{\mu}{\mu-1}}. \tag{50}$$

Егер шарт орындалса

$$C_6 [\rho(0)]^{\mu} - \frac{\rho(0)}{t_0(1-\mu)} \le C_g, \tag{51}$$

онда (50) теңсіздіктің кез-келген теріс емес шешімі қанағаттандырады

$$\rho(t) \le \rho(0) \left(1 - \frac{t}{t_0}\right)^{\frac{1}{\mu-1}}.$$

Осылайша дәлелденді.

Теорема 5. (48), (51) және $v_0 \in L_2(0,1)$ шарттары орындалсын. Онда (38)-(40) бастапқы-шеттік есептің шешімі t_0 уақытында нөлге айналады.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1 Benia Y., Sadallah B.K. Existence of solutions to Burgers equations in domains that can be transformed into rectangles // Electronic Journal of Differential Equations. -2016. -Vol. 2016. -№ 157. -P. 1-13.

2 Benia Y., Sadallah B.K. Existence of solutions to Burgers equations in a non-parabolic domain // Electronic Journal of Differential Equations. -2018. -Vol. 2018. -№ 20. -P. 1-13.

3 Kheloufi A., Sadallah B.K. Parabolic equations with Robin type boundary conditions in a non-rectangular domain // Electronic Journal of Differential Equations. -2010. -Vol. 2010. -№ 25. -P. 1-14.

4 Labbas R., Medeghri A., Sadallah B.K. On a parabolic equation in a triangular domain // Applied Mathematics and Computation. -2002. -Vol. 230. -P. 511-523.

5 Калантаров В.К., Ладыженская О.А., "О возникновении коллапсов для квазилинейных уравнений параболического и гиперболического типов" // Зап. научн. сем. ЛОМИ. -1977. -Т.69. -С. 77–102.

6 Levine H.A., Park S.R., Serrin J. Global existence and nonexistence theorems for quasilinear evolution equations of formally parabolic type // J. Differential Equations. -1998. -Vol.142(1). -P.212–229.

7 Samarskii A.A. Blow-up in quasilinear parabolic equations, books / A.A.Samarskii, V. Galaktionov, S. Kurdyumov, and A. Mikhailov. -Berlin: De Gruyter, 1995. -538 p.

8 Antontsev S. N., Shmarev S. A model porous medium equation with variable exponents of nonlinearity: Existence, uniqueness and localization properties of solutions // Nonlinear Anal., Theory Methods Appl. -2005. -Vol. 60. -№3. -P. 515-545.

9 Antontsev S. N. Energy methods for free boundary problems, Progress in Nonlinear Differential Equations and their Applications, books / S. N. Antontsev, J.I. Dıaz and S. Shmarev. -Boston: Birkhauser Boston, Inc., 2002. -311 p.

10 Al'shin A.B. Blow-up in nonlinear Sobolev type equations, books / A.B. Al'shin, M.O. Korpusov, A.G. Sveshnikov. Berlin: De Gruyter, Ser. Nonlinear Anal. Appl., 2011. -648 p.

11 Демидович Б.П. Лекции по математической теории устойчивости. М.: Наука, 1967.

12 Лионс Ж.-Л. Некоторые методы решения нелинейных краевых задач. М.: Наука, 1972. 588 с.

13 Ладыженская О.А. Линейные и квазилинейные уравнения параболического типа, монография / О.А. Ладыженская, В.А Солонников., Н.Н. Уральцева. -М.: Наука, 1967. -736 с.

МРНТИ 27.01.45
УДК 512.13

О.Д. Апышев[1], Р.О. Нурканова[2], Ф.С. Аменова[1]

[1]С.Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан мемлекеттік университеті, Өскемен қ., Қазақстан,
[2]Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті, Алматы қ., Қазақстан

ПАРАМЕТРЛІК ЕСЕПТЕРГЕ ИНВАРИАНТТЫҚ ҚАСИЕТТЕРДІ ҚОЛДАНУ

Аңдатпа

Бұл мақалада параметрден тәуелді теңдеулер мен олардың жүйелерінің жалғыз шешімінің бар болуының қажетті және жеткілікті шарттары зерттеліп, жан-жақты қарастырылды. Параметрлерден тәуелді есептердің шешімдерін табу элементарлық математиканың ең күрделі салаларының бірі деуге болады. Оларды шешу үшін арнаулы логикалық ойлауды қажет ететін амалдарды іздеп табу керек, олар қандай да бір қосымша шарттарды қанағаттандыруы тиіс, мысалы үшін, жалғыз шешімін анықтау, белгісіздердің барлық мүмкін мәндері жиынындағы шешімі, бір жүйенің барлық шешімдері екіншінің де шешімдері болатын жағдайлар және т.б. Мұндай жағдайлардың бірі - инвариантты қасиеттерді қолдану.

Мақалада осы инвариантты қасиеттерді қолдану арқылы бір параметрден тәуелді теңдеулер мен олардың жүйелерін шешудің әдіс-тәсілдері мысалдар арқылы жан-жақты қарастырылған. Түрлендірудің инвариантты қасиетінің бар болуынан ізделінді шешімнің оңай табылатындығын көруге болады.

Түйін сөздер: параметр, параметрден тәуелді теңдеулер мен олардың жүйелері, параметрден тәуелді есептердің шешімі, инвариантты қасиет, симметрия.

Аннотация

О.Д. Апышев[1], Р.О. Нурканова[2], Ф.С. Аменова[1]
[1]Восточно-Казахстанский государственный университет им. С. Аманжолова,
г.Усть-Каменогорск, Казахстан,
[2]Казахский Национальный университет имени аль Фараби, г.Алматы, Казахстан

ПРИМЕНЕНИЕ ИНВАРИАНТНЫХ СВОЙСТВ В ЗАДАЧАХ, ЗАВИСЯЩИХ ОТ ПАРАМЕТРА

В работе всесторонне рассмотрены задачи, зависящие от параметра. Исследованы необходимые и достаточные условия существования единственного решения уравнений и систем уравнений, зависящие от параметра. Нахождение решений задач, зависящие от параметров - является одной из самых сложных областей элементарной математики. Для их решения необходимо найти способы, требующие специального логического мышления, которые должны удовлетворять каким-либо дополнительным условиям, например, определить единственное решение, решение в наборе всех возможных значений неизвестных, случаи, когда все решения одной системы являются решениями другой и т.д. Одним из таких случаев является использование инвариантных свойств.

В статье с помощью различных примеров использования инвариантных свойств преобразований рассмотрены методы и приемы решения уравнений и систем уравнений, зависящие от одного параметра. В результате, из-за наличия инвариантных свойств преобразования видим, что искомое решение находится быстро и легко.

Ключевые слова: параметр, уравнения и системы уравнений, зависящие от параметра, решение задач, зависящие от параметра, инвариантное свойство, симметрия.

Abstract

APPLICATION OF INVARIANCE PROPERTIES IN PROBLEMS DEPENDING ON THE PARAMETER

Apyshev O.D. [1], *Nurkanova R.O.* [2], *Amenova F.S.* [1]

[1]*S. Amanzholov East Kazakhstan State University, Ust-Kamenogorsk, Kazakhstan,*

[2]*al Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan*

In this paper, we comprehensively consider the problems that depend on the parameter. The necessary and sufficient conditions for the existence of a unique solution of equations and systems of equations that depend on the parameter are investigated. Finding solutions to equations and systems of equations that depend on parameters is one of the most difficult areas of elementary mathematics. To solve them, you need to find ways that require special logical thinking, which must satisfy some additional conditions, for example, to determine a single solution, a solution in a set of all possible values of unknowns, cases when all the solutions of one system are solutions of another, and so on. One of these cases is the use of invariant properties.

The article uses various examples of using invariant properties of transformations to consider methods and techniques for solving equations and systems of equations that depend on a single parameter. As a result, due to the presence of invariant properties of transformations, we see that the desired solution is found quickly and easily.

Keywords: equations and their parameter-dependent systems, solution of parameter-dependent problems, invariant property, symmetry.

Айнымалының коэффициенттері параметрмен (әріппен) берілген есептерді параметрлі есептер деп атайды. Параметрлі есептерді шешу үшін параметрдің қабылдайтын шексіз көп мәндеріне байланысты бір уақытта бірнеше есептерді шешуге тура келеді. Параметрмен байланысты есептер стандартты емес есептер қатарына жатады, сондықтан да оларды шешу үшін арнайы әдіс-тәсілдер қолданылатыны белгілі [1]. Арнаулы энциклопедияларда параметр деп (грекше perametron-өлшейтін) формулалар мен өрнектерге енетін көмекші айнымалы немесе тұрақты шаманы айтады. Жалпы, параметрдің сан мәні болып бұрыш, қисықтың ұзындығы, нақты сандар және басқа да скаляр шамалар бола береді.

Параметрден тәуелді есептерді шешу кезінде әдетте логикалық тұрғыдан да, техникалық жағынан да жеткілікті дәрежеде қиындықтар туындайды. Параметрлі есептерді шешу дегеніміз – параметрдің мүмкін болған мәндерінде берілген есептің барлық шешімдерінің жиынын табу деген сөз. Жалпы, мектеп курсында параметрді есептерді жеке-дара, бөліп-жарып оқытудың қажеті жоқ, әртүрлі элементарлық функциялардың көмегімен жасалған есептерді шығару кезінде «тамшылатып» қосып отырса, біздің пайымдауымызша, дұрыс сияқты. Себебі, тақырыпты осылай «шашыратып» берсе, біртіндеп қиындығы жоғары есептерді шешу жолдарын табудың тұрақты, берік дағдысы қалыптасуы әбден мүмкін [1,2].

Көптеген математикалық нысандар, әдетте, қандай да бір координаттар жүйесіне байланысты анықталады. Оның нәтижесінде анықталған функциялар қайсыбір жағдайларда координаттарын бір-бірімен орын ауыстырғанда немесе арнаулы түрлендірудің арқасында өзгермей, бастапқы берілген қалпын сақтап қалады. Функциялардың, өрнектердің, теңдеу немесе теңсіздіктердің және олардың жүйелерінің мұндай қасиеттерін инварианттық қасиеті бар деп айтады. Мақалада осы ұғымды басшылыққа ала отырып, параметрден тәуелді әртүрлі есептерді қарастырамыз. Көбінесе симметрия принципі маңызды орын алады, онда алдымен қажетті шартын анықтап алып, сол шарт есептің берілгеніне қойылып, жеткілікті болатын параметрдің мәндері жан-жақты зерттеледі.

Бір айнымалыда $x \Rightarrow \frac{1}{x}$, $x = -x$ ауыстыруына, екі айнымалыда $(x;y) \Rightarrow (-x;-y)$, $(x;y) \Rightarrow (x;-y)$, $(x;y) \Rightarrow (y;x)$, ал үш айнымалыда $(x;y;z), \Rightarrow (y;x;z)$ немесе $(x;y;z) \Rightarrow (-x;-y;z)$ ауыстыруларына байланысты инвариантты болғандықтан жалғыз шешімін табуға арналған мәселе кеңінен талқыланады. Қарастырылып отырған тақырыпқа арналған бірталай оқу құралдары, мақалалар баспасөз беттерінде жарық көрді. Олардың кейбіреуі әдебиеттер тізімінде келтіріледі [1-7].

Келтірілген мысалдардың барлығында параметрдің қандай да бір мәндерінде жалғыз шешімді анықтау туралы және ол шешімнің бар болуы жайлы сөз қозғалады.

1-мысал.

$$2x^2 - atg(\cos x) + a^2 = 0 \qquad (1)$$

теңдеуін шешейік [2].

Шешуі:

(1) теңдеуге белгісіз x екі $y = x^2$ және $y = \cos x$ жұп функциялары арқылы еніп тұр. Сол себепті (1) теңдеу x айнымалысын $-x$-ке ауыстыруына байланысты инвариантты. Бұдан қандай да бір x теңдеудің шешімі болса, онда $-x$-те шешімі болар еді.

Олай болса (1) теңдеу жалғыз шешімге тек қана түбірлердің ішінде $x = 0$ болғанда ие бола алады. Бұл – қажетті шарт. Жалпы $x = 0$ басқа да түбірлері болуы мүмкін.

Егер түбірлердің арасында $x = 0$ болмаса, онда түбірлердің жиыны бір элементті бола алмайды (ол не бос жиын, немесе $x \wedge -x$ деген екі түбірден тұрады). $x = 0$ санын (1) апарып қойсақ, ол теңдеудің шешімдері: $a_1 = 0 \wedge a_2 = tg1$.

Егер $a = 0$ болса (1) теңдеу $x = 0$ деген шешімге ие болады, яғни $a = 0$ мәнін есептің жауабына енгізу керек.

Егер $a = tg1$ болса, (1) теңдеу $2x^2 + tg^2 1 = tg1 \cdot tgcosx$ түріне енеді.

Енді $-1 \le cosx \le 1$ болғандықтан $[-1;1]$ аралығында тангенс функциясының өспелі болатындығын ескеріп, бір жағынан $tg1 \cdot tg\, cosx \le tg^2 1$, ал екінші жағынан $2x^2 + tg^2 1 \ge tg^2 1$ қатынасын аламыз, онда (1) теңдеу $\begin{cases} 2x^2 + tg^2 1 = tg^2 1 \\ tg1 \cdot tg\, cosx = tg^2 x \end{cases}$ жүйесіне эквивалентті, сондықтан жалғыз шешімі болып $x = 0$ табылады. ***Жауабы:*** $a \in \{0; tg1\}$.

2-мысал. $cos^2(ax) + cosx = 2[\cos(ax) + cosx - 1]$ теңдеуін шешейік [2].

Шешуі:

Косинус функциясының жұп болуынан берілген теңдеу x-ті $-x$-ке алмастырсақ симметриялы, жалғыз шешімнің бар болуын $x = 0$ теңдігі қамтамасыз етеді (қажетті шарт). Теңдеуге қойсақ, $\forall a$ үшін орындалатынын көреміз.

Сол себепті берілген теңдеу жалғыз $x = 0$ шешімге ие болатын параметр a-ның мәндерін тапсақ жеткілікті. Берілген теңдеуді

$$cos^2(ax) - 2\cos(ax) - cosx + 2 = 0 \qquad (2)$$

түрінде жазсақ, $\cos(ax)$-ке қарағанда квадраттық, дискриминанты $D = 4(cosx - 1) \le 0 \Rightarrow (2)$ теңдеудің нақты шешімдері тек сол $cosx = 1$ болғанда бар, яғни $x = 2\pi k, k \in z$. Онда $(2) \Rightarrow \cos(ax) = 1 \Rightarrow ax = 2\pi n, n \in z$.

Егер $a = 0,$ берілген теңдеудің $x = 2\pi k$ шексіз шешімдері бар, сондықтан $a \neq 0$ болуы керек. Онда $ax = 2\pi n \Rightarrow x = \frac{2\pi n}{a}$, a саны рационал болса, берілген теңдеудің тағы да $x = 2\pi k$ шексіз шешімдері бар. Ал, a иррационал сан болса, онда $2\pi k = \frac{2\pi n}{a}$ теңдігі тек $k = n = 0$ мәндерінде орын алады, сондықтан жалғыз шешім болып $x = 0$ табылады. ***Жауабы:*** a −иррационал сан.

3-мысал. $a^2 \sin\left(\frac{\pi+2}{2} - x\right) + sin^2\left(\frac{2x}{a+1} - \frac{2}{a+1}\right) - a\sqrt{4x^2 - 8x + 8} = 3 + arcsin|1 - x|$

Теңдеуінің жалғыз шешімі болатын параметр a-ның барлық мәндерін табайық [2].

Шешуі:

Теңдеуден қайталанатын $(x - 1)$ шамасын бірден байқаймыз:

$$a^2 sin\left[\frac{\pi}{2} - (x-1)\right] + sin^2\left[\frac{2(x-1)}{a+1}\right] - a\sqrt{4(x-1)^2 + 4} = 3 + arcsin|x - 1|.$$

Сондықтан $t = x - 1$ жаңа айнымалысын еңгізсек, берілген теңдеу төмендегі түрге енеді:

$$a^2 cost + sin^2\frac{2t}{a+1} - 2a\sqrt{t^2 + 1} = 3 + arcsin|t| \qquad (3)$$

Белгісіз t (3) тек жұп функциялар арқылы еніп тұр, сол себепті теңдеу $t \Rightarrow -t$ түрлендіруі арқылы инвариантты, яғни t (3) түбірі болса, $-t$-да түбірі.

Бұдан (3) түбірлерінің ішінде $t = 0$ болуы қажетті. (3) апарып $t = 0$ қойып, параметр a -ның мәндерін анықтайық. Қарапайым түрлендіруден $a = 3$ аламыз.

$a \neq 3$ мәндерінде жалғыз түбірі болуы мүмкін емес.

Енді расында да, $a = 3$ болса (3) неше түбірі болады екен: (3) теңдеуінен келесі теңдеуді алуға болады:

$$9cost + sin^2\frac{t}{2} - 6\sqrt{t^2 + 1} = 3 + arcsin|t| \Rightarrow 17cost - 12\sqrt{t^2 + 1} = 5 + 2arcsin|t|.$$

Соңғы теңдеудің $[-1;1]$ анықталу облысында $f(t) = 17cost - 12\sqrt{t^2 + 1}$ функциясы алдымен $f(-1) = 17cos1 - 12\sqrt{2}$ -ден $f(0) = 5 - k$ дейін өседі де, $f(1) = f(-1)$ дейін кемиди.

Ал, оң жағы $\varphi(t) = 5 + 2arcsin|t|$ - керісінше, $\varphi(-1) = 5 + \pi$ -ден $\varphi(0) = 5$-ке дейін кемиді де, содан кейін $\varphi(1) = \varphi(-1)$ - мәніне дейін өседі.

Сол себепті $f(t)=\varphi(t)$ теңдеуінің жалғыз $t=0$ түбірі бар болады (кейбір әдебиеттерде бұл әдісті Мажорант немесе «min-max» әдісі деп те атап жүр). Олай болса параметрдің осы мәні теңдеуді қанағаттандыратынын көреміз.

4-мысал.

$$\frac{2x}{2^{1+x^2}}+a\cos\frac{x^2-1}{x}+a^2-\frac{5}{4}=0 \qquad (4)$$

теңдеуін шешейік [3].

Шешуі: (4) теңдеуде x-ті $\frac{1}{x}$-ке ауыстырсақ, теңдеудің түрі сақталып қалатынын көреміз, осы түрлендіруге байланысты инварианттық қасиетінен x – теңдеудің шешімі болса, онда $\frac{1}{x}$ -те оның шешімі.

Сол себепті, егер x - жалғыз шешімі болса, онда $x=\frac{1}{x}$, яғни $x=\pm1$.

$x=1$ мәнін (4) теңдеуге қойсақ $\Rightarrow a^2+a+\frac{3}{4}=0$.

Дискриминанты $D=-2<0$ бұдан $x=1$ болғанда $\forall a$ шешімі болып табылмайды.

Енді $x=-1$ қойсақ, іздеп отырған параметр үшін қажетті шартты (жеткілікті емес) аламыз, яғни $a^2+a-0.75=0\Rightarrow a=0.5\ \vee a=-1.5$.

Осы екі күдікті параметрдің мәндері үшін шешімдерінің санын анықтайық. Ол үшін $x=tg\frac{t}{2}$ $t\in(-\pi;0)\cup(0;\pi)$ тригонометриялық ауыстыруын қолдансақ, төмендегі теңдеуді аламыз:

$$2^{sint}+a\cos(2ctgt)+a^2-1.25=0 \qquad (5)$$

1^0. Егер $a=0.5$ болса, онда (5) теңдеуден келесі теңдеу шығады:

$$\cos(2ctgt)=2-2^{1+sint} \qquad (6)$$

Сол жағындағы $y_1(t)=\cos(2ctgt)$ - күрделі функция $\Rightarrow y(z)=\cos z, z(t)=2ctgt.t\epsilon(-\pi;0)\Rightarrow\leftrightarrow z(t)\in(-\infty;+\infty)z(t)$ - монотонды кемиді, сол себепті $y_1(t)$ функциясы -1-ден +1-ге шексіз рет тербеліс жасайды, мұнда $y_1(-0.5\pi)$. Ал $t\in(0;\pi)$мәндері үшін $y_1(t)$ жұп табылады, жоғарғы қасиет сақталып қалады.

Оң жағындағы $y_1(t)=2-2^{1+sint}$ функцияны $y(z)=2-2^{1+z}\wedge z(t)=sint$ функцияларының композициясы деп қарастыруға болады.

Онда $y(z)$ графигін салу үшін дәстүрлі 2^z -көрсеткіштік функцияның графигінен солға бір бірлікке көшіріп, абцисса осіне қарағанда осьтік симетрия жасап, жоғарыға 2 кесіндіге көтерсе болғаны.

Сондықтан айнымалы $t\in(-\pi;\pi)\Rightarrow y_2(t)$ функциясы алдымен $y_2(-\pi)=0$ мәнінен $y_2\left(-\frac{\pi}{2}\right)=1$ мәніне дейін өседі де, содан кейін $y_2\left(-\frac{\pi}{2}\right)=1$ -ден $y_2\left(\frac{\pi}{2}\right)$ -ге дейін кеміп, қайтадан $y_2\left(\frac{\pi}{2}\right)=-2$ -ден $y_2(\pi)=0$ -ге дейін өседі.

Сол себепті (6) теңдеудің $(-\pi;0)\cup(0;\pi)$ аралығындағы түбірлерінің саны шексіз көп екенін көреміз.

2^0. Ал егер $a=-1{,}5$ табылса, онда (6)теңдеу

$$\cos(2ctgt)=\frac{1}{3}\left(2+2^{1+sint}\right) \qquad (7)$$

түрінде болады да, $\forall\ t\in(-\pi;0)\cup(0;\pi)\Rightarrow y=\cos(2ctgt)$ функцияның мәндері $[-1;1]$ сегментінде жатады да, ал $y=\frac{1}{3}\left(2+2^{1+sint}\right)$ функциясының мәндері $\left[12\setminus\left\{\frac{4}{3}\right\}\right]$ жиынынан алынады.

Олай болса (7) теңдеу $\cos(2ctgt)=1\ \frac{1}{3}\left(2+2^{1+sint}\right)=1$ жүйесіне мәндес.

Екінші теңдеудің $t\in(-\pi;0)\cup(0;\pi)$ шарты үшін жалғыз $t=-\frac{\pi}{2}$ түбірі табылады. Бұл түбір бірінші теңдеуді де қанағаттандырады. Онда есептің жауабы параметрдің $a=-1.5$ мәніне тең болады.

Жауабы: $a=-1.5$

5-мысал. $2^{|x|}+|x|=y+x^2+a,\ \ x^2+y^2=1$ жүйесін шешейік.

Шешуі:

Біздің жүйенің шешімі $(x;y)$ болса, онда $(-x;y)$ шешімі болып табылады, яғни жүйе $(x;y)\Rightarrow(-x;y)$ түрлендіруне қарағанда инвариантты. Олай болса жалғыз шешім болуы үшін $x=0$ шартының орындалуы қажетті.

Жүйеге апарып қойсақ $y = 1 - a$, $y^2 = 1$, бұдан $a = 0$ немесе $a = 2$ аламыз. Сонымен, берілген жүйенің жалғыз шешімінің бар болуының қажетті шарты үшін не $a = 0$, не $a = 2$ болуы керек.

Жеткілікті шарты бола ма екен?

1°. $a = 0$ ∃, жүйе $y = 2^{|x|} + |x|(1 - |x|)$, $y^2 = 1 - x^2$ түріне енеді де, $|x| = \sqrt{1 - y^2}$ болғандықтан, біріншісінен $y \geq 1$, ал екіншісінен $y \leq 1$ табылады, сонымен бірге тек $x = 0$ болса $y = 1$, яғни жалғыз шешім болып $(0; 1)$ табылады.

2°. $a = 2$ ∃, жүйе $y = 2^{|x|} - 2 + |x|(1 - |x|)$, $x^2 + y^2 = 1$. Мысал үшін, бұл жүйенің $(1; 0)$ және $(-1; 0)$ деген екі шешімі бар.

Ең соңында, берілген жүйенің жалғыз шешімі болуы үшін қажетті және жеткілікті шарты $a = 0$ екенін көреміз. ***Жауабы:*** $a = 0$.

6-мысал. $\begin{cases} x^2 - (2a + 1)x + a^2 - 3 = y \\ y^2 - (2a + 1)y + a^2 - 3 = x \end{cases}$ теңдеулер жүйесін шешейік [4].

Шешуі:

Егер $(x; y)$ жүйенің шешімі болса, онда $(y; x)$-те шешімі, сол себепті $x = y$ теңдігі орындалуы қажет, осы симметриядан $x^2 - (2a + 1)x + a^2 - 3 = x \Rightarrow x^2 - (2a + 1)x + a^2 - 3 = 0$ теңдеуі пайда болады және дискриминанты $D = (a + 1)^2 - (a^3 - 3) = 2a + 4 \Rightarrow a = -2$.

Сонымен, $a = -2$ болса, онда $\begin{cases} x^2 + 3x + 1 = y, \\ y^2 + 3y + 1 = x. \end{cases}$

Жүйенің теңдеулерін бір-бірінен алсақ $(x - y)(x + y + 4) = 0$ ∃.

1°. $y = x \Rightarrow x^2 + 2x + 1 = 0 \Rightarrow x = -1 \Rightarrow y = -1$, яғни $(x; y) = (-1; -1)$ - жүйенің шешімі.

2°. $y + x = -4 \Rightarrow$ жүйенің бірінші теңдеуінен $x^2 + 4x + 5 = 0 \Rightarrow x \in \emptyset$. ***Жауабы***: $a = -2$.

7-мысал. $\begin{cases} ax^2 + 2ax + y + 3a - 3 = 0 \\ ay^2 + x - 6ay + 11a + 1 = 0 \end{cases}$ теңдеулер жүйесін шешейік [4].

Шешуі:

Жаңадан $u = x + 1$, $v = y - 3$ белгісіздер еңгізсек берілген жүйе

$$\begin{cases} au^2 + v + 2a = 0 \\ u + av^2 + 2a = 0 \end{cases} \tag{8}$$

түріне еніп, оның $(u; v)$ шешімі болса, онда $(v; u)$-мәндері де шешім болып табылатынын көреміз.

Жалғыз шешім ⇔ ∃, егер $v = u$ (қажеттілігі). (8) апарып қойсақ $au^2 + u + 2a = 0$ теңдеуін аламыз.

Жалғыз шешім не $a = 0$ кезінде (сызықтық теңдеуге айналғанда), не $D = 1 - 8a^2 = 0$, яғни $a = \pm\frac{\sqrt{2}}{4}$ орындалған уақытта болады.

(8) жүйеге қойсақ: $a = 0 \Rightarrow (0; 0)$; $a = \frac{\sqrt{2}}{4} \Rightarrow \left(-\sqrt{2}; -\sqrt{2}\right)$; $a = -\frac{\sqrt{2}}{4} \Rightarrow \left(\sqrt{2}; \sqrt{2}\right)$ жалғыз ғана шешімдерінің бар екенің, ал $(x; y)$ пен $(u; v)$ арасында өзара бірмәнді сәйкестік бар болғандықтан іздеп отырған жауапты аламыз. ***Жауабы***: $a = 0$, $a = \pm 0{,}25\sqrt{2}$.

8-мысал. Алгебралық және трансценденттік теңдеулер жүйесін шешейік [5]:

$$\begin{cases} z\cos(x - y) + (2 + xy)\sin(x + y) - z = 0, \\ x^2 + (y - 1)^2 + z^2 = a + 2x, \\ (x + y + a\sin^2 z)[(1 - a)\ln(1 - xy) + 1] = 0. \end{cases}$$

Шешуі:

Екінші теңдеуді $(x - 1)^2 + (y - 1)^2 + z^2 = a + 1$, түрінде жазсақ, онда $(x; y; z)$ шешімі болса $(y; x; z)$-те шешімі екені шығады. Осы симметриядан $x = y$ шарты қажетті екенің көреміз.

Бұл жағдайда берілген жүйенің бірінші теңдеуінен $z + (x^2 + 2)\sin 2x - z = 0$, $x = \frac{k\pi}{2}, k \in z$ шешімі шығады.

Үшінші теңдеуінен $xy < 1$ болғандықтан $(x = y) \Rightarrow \frac{k^2\pi^2}{4} < 1$, олай болса $k = 0 - \exists \Rightarrow x = y = 0\ \exists$. Бұдан екінші теңдеу $z^2 = a - 1$ түрінде болып жалғыз шешімге тек $a = 1$ мәнінде ие бола алады.

Егер $a = 1 - \exists$, үшінші теңдеуден $x + y + \sin^2 z = 0\ \exists \Rightarrow x + y \leq 0$.

Ары қарай, $a = 1$ мәнін жүйенің екінші теңдеуіне қойсақ $x^2 + y^2 + z^2 = 2(x + y)$ қатынасынан $x = y = z = 0\ \exists$.

Параметр $a = 1$ мәнінде басқа шешімнің болуы мүмкін емес. $(0; 0; 0)$ үштігі расында да берілген жүйені қанағаттандыратының көреміз. ***Жауабы:*** $a = 1$.

9-мысал. Енді қос параметрден тәуелді бір жүйені шешуді қарастырайық [7]:

$$\begin{cases} xyz + z = a, \\ xyz^2 + z = b, \\ x^2 + y^2 + z^2 = 4. \end{cases}$$

Шешуі: Есепті қанағаттандыратын жұп $(a; b)$ мәндері табылып, $(x; y; z)$ іздеп отырған жалғыз шешім болсын дейік. Жүйеде $x \to -x, y \to -y$ деп есептесек, ештеңе өзгермейтінің көреміз, яғни $(-x; -y; z)$ есептің шешімі, онда инварианттық қасиет бойынша $x = y = 0$ болуы қажет, олай болса есептің шешімін $(0; 0; z)$ түрінде іздейміз.

Жүйеге апарып қойсақ $z = a,\ z = b, z^2 = 4 \Rightarrow z = \pm 2, a = b = \pm 2$. Бізді қанағаттандыратын жұп параметрлер не $a = b = 2$ не $a = b = -2$.

Бірінші жағдайда $xyz + z = 2, xyz^2 + z = 2, x^2 + y^2 + z^2 = 4$ жүйесін алып, $x = y = 0, z = 2$ оның шешімі екені көреміз.

Бірінші, екінші теңдеулерден $xy(z^2 - 2) = 0$ шығады. Егер $x = 0$ болса, екінші, үшінші теңдеулерен $z = 2$ және $y = 0$ болатыны бізге бұрыннан белгілі. Дәл осылай $y = 0$ болғанда да жоғарыдағы шешім пайда болады.

Енді $z^2 - z = 0$ болсын деп ұйғарайық, онда $z = 0$ немесе $z = 1$.

Егер $z = 0$ болса, алғашқы екі теңдеу бір-біріне қарама-қайшы, яғни шешімі жоқ.

Егер $z = 1$ болса, $\begin{cases} xy = 1 \\ x^2 + y^2 = 3 \end{cases}$ аламыз, оның әртүрлі төрт шешімі бар, сол себепті $a = b = 2$ есептің шартын қанағаттандыра алмайтының көреміз.

$a = b = -2$ болсын, онда $xyz + z = 2, xyz^2 + z = 2, x^2 + y^2 + z^2 = 4$ жүйесінен оның жалғыз шешімі болып $x = y = 0,\ z = -2$ табылатынын, ал басқа нақты шешімдерінің болмайтыны өзінен-өзі түсінікті. ***Жауабы:*** $a = b = -2$.

Қорыта айтқанда, қандай да бір түрлендіруге байланысты өрнектің инварианттық қасиетінің бар болуынан іздеп отырған шешімнің кенеттен, күтпеген сәтте пайда болатындығын көрдік.

Параметрді, әсіресе, дәстүрлі теңдеулер мен теңсіздіктерге енгізу процесі өмірге жаңа бағыттағы есептердің келуіне орасан зор ықпал етті деуге болады. Сол себепті осындай түрдегі есептерді шешу - шығармашылық қызмет түрі, ал шешімдерді көрсету - тапқырлықтың нәтижесі. Шешімді іздеу барысында зерттеушінің танымдық қызығушылығы қалыптасып, шығармашылық мәдениеті, зерттеушілік қасиеті дамиды. Оқушылардың ойлау қабілетінің дұрыс жетілуіне, математика пәніне деген сүйіспеншіліктің артуына көмегі тиері анық.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1 Фалин А.И., Фалин Г.И. Алгебра на вступительных экзаменах по математике в МГУ. М: Бином. Лаборатория знаний. 2006. – 367 с.

2 Фалин А.И., Фалин Г.И. Тригонометрия на вступительных экзаменах по математике в МГУ. -М: Бином. Лаборатория знаний. 2007. – 327 с.

3 Амелькин В.В., Рабцевич В.Л. Задачи с параметрами. Справ. пособие по математике. Мн.: Асар, 1996. – 464с.

4 Горнштейн П.И. и др. Задачи с параметрами. 3-е идз., дополн. и перераб. -М.: Илекса, Харьков: Гимназия, 1998. – 336 с.

5 Моденов П.С. Экзаменационные задачи по математике с анализом их решения. -М.: Просвещение, 1969. – 351 с.

6 Асқарова М. Элементарлық математика. Алгебра. -Алматы: Қарасай, 2013. – 460 б.

7 Тынянкин С.А. и др. 514 задач с параметрами. Волгоград. 1991. -160 с.

МРНТИ 27.31.17
УДК 517 (519)

П.Б. Бейсебай[1], Г.Х. Мухамедиев[2]

[1] С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті, Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан
[2] С. Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан мемлекеттік университеті, Өскемен қ., Қазақстан

ЕРІКТІ РЕТТІ ТҰРАҚТЫ КОЭФФИЦИЕНТТІ СЫЗЫҚТЫҚ БІРТЕКТІ ДИФФЕРЕНЦИАЛДЫҚ ТЕҢДЕУДІҢ ШЕШІМДЕРІНІҢ ФУНДАМЕНТАЛДЫ ЖҮЙЕСІН ҚҰРУ ТУРАЛЫ

Аңдатпа

Жұмыста «Ерікті ретті тұрақты коэффициентті сызықтық біртекті дифференциалдық теңдеудің фундаменталды шешімдер жүйесінің құрылуы» тақырыбын баяндаудың бір әдістемесі ұсынылады. Берілген тақырыптың дәстүрлі баяндалуында, дифференциалдық теңдеудің сипаттамалық теңдеуінің комплекс түбірлері бар болған жағдайда, дифференциалдық теңдеудің оларға сәйкес дербес шешімдері комплекс талдау элементтеріне сүйене отырып тұрғызылады. Соның салдарынан, мұндай жағдайлда, оқу бағдарламаларына сызықтық дифференциалдық теңдеулер теориясы енгізіліп, ал комплекс талдау теориясы енгізілмеген мамандықтардың студенттеріне дербес шешімдердің түрлері негіздеусіз, белгілі факт ретінде беріледі немесе, тек осы жағдай үшін, алдын ала комплекс талдау элементтері беріледі.

Жұмыста ұсынылған әдістеменің дәстүрлі әдістемеден ерекшелігі, ерікті ретті тұрақты коэффициентті біртекті сызықтық дифференциалдық теңдеудің сызықтық тәуелсіз дербес шешімдерінің фундаменталды жүйесін тұрғызу сұлбасының, тек теңдеудің сол жақ бөлігіне сәйкес дифференциалдық сұлбаның қасиеттері негізінде, комплекс талдау теориясының элементтерін қолданбай құрылуында.

Түйін сөздер: дифференциалдық сұлба, сипаттамалық көпмүшелік, біртекті теңдеу, дербес шешім.

Аннотация

П.Б. Бейсебай [1], Г.Х. Мухамедиев [2]
[1] Казахский агротехнический университет имени С.Сейфуллина, г. Нур-Султан, Казахстан
[2] Восточно-Казахстанский государственный университет имени С. Аманжолова, г. Усть-Каменогорск, Казахстан

О ПОСТРОЕНИИ ФУНДАМЕНТАЛЬНОЙ СИСТЕМЫ РЕШЕНИЙ ЛИНЕЙНОГО ОДНОРОДНОГО ДИФФЕРЕНЦИАЛЬНОГО УРАВНЕНИЯ С ПОСТОЯННЫМИ КОЭФФИЦИЕНТАМИ ПРОИЗВОЛЬНОГО ПОРЯДКА

В работе предлагается одна методика изложения темы «Построение фундаментальной системы решений линейного однородного дифференциального уравнения произвольного порядка с постоянными коэффициентами». При традиционном изложении данной темы в случае, когда характеристическое уравнение имеет комплексные корни, соответствующие им частные решения уравнения строятся посредством применения элементов комплексного анализа. В следствии чего, для обучающихся по специальностям, в чьи учебные программы включена теория линейных дифференциальных уравнений с постоянными коэффициентами и в то же время не включено изучение теории комплексного анализа, виды частных решенииуравнения в данном случае выдается без обоснования, как известный факт или, только ради этого случая, предварительно выдаются элементы комплексного анализа.

Предлагаемая в работе методика изложения отличается от традиционного изложения данной темы тем, что в ней схема построения фундаментальной системы частных решений однородного линейного уравнения с постоянными коэффициентами произвольного порядка строится только на основе свойств дифференциальной формы, соответствующей левой части уравнения, не используя при этом элементы теории комплексного анализа.

Ключевые слова: дифференциальная форма, характеристический многочлен, однородное уравнение, частное решение.

Abstract

ON THE CONSTRUCTION OF A FUNDAMENTAL SYSTEM OF SOLUTIONS OF A LINEAR HOMOGENEOUS DIFFERENTIAL EQUATION WITH CONSTANT COEFFICIENTS OF AN ARBITRARY ORDER

Beisebay P.B.[1], Mukhamediev G.H.[2]
[1]S.Seifullin Kazakh Agrotechnical University, Nur-Sultan, Kazakhstan
[2]C. Amanzholov East Kazakhstan State University, Ust-Kamenogorsk, Kazakhstan

The paper proposes a method of presentation topics «On the construction of a fundamental system of solutions of a linear homogeneous differential equation with constant coefficients of an arbitrary order». In the traditional presentation of this topic in the case when the characteristic equation has complex roots, the particular solutions of the equation

corresponding to them are constructed by applying the elements of complex analysis. In consequence of that, for students in the field, whose training programs included the theory of linear differential equations with constant coefficients and at the same time does not include the study of the theory of complex analysis, types of private solving the equation in this case is given without substantiation, or as a known fact, only for this case, previously issued elements complex analysis. Offered in the presentation technique differs from the traditional presentation of the topic in that it partial solutions scheme for constructing fundamental system of homogeneous linear equation with constant coefficients of arbitrary order is based only on the basis of the properties of the differential form corresponding to the left side of the equation, without using the elements of the theory of complex analysis.

Keywords: differential form, characteristic polynomial, homogeneous equation, partial solution.

Ерікті ретті тұрақты коэффициентті

$$y^{(n)} + p_{n-1}y^{(n-1)} + ... + p_0 y = 0 \quad (1)$$

сызықтық теңдеуінің сызықты тәуелсіз дербес шешімдерін табу жолын қарастырамыз.

Теңдеудің сол жағына сәйкес дифференциалдық сұлба деп аталатын

$$L_n(y) = y^{(n)} + p_{n-1}y^{(n-1)} + ... + p_0 y \quad (2)$$

өрнегін енгіземіз.

k айнымалысына қатысты

$$P_{L_n}(k) = k^n + p_{n-1}k^{n-1} + ... + p_1 k + p_0 \quad (3)$$

көпмүшелігін (2) сұлбасының сипаттамалық көпмүшелігі, ал

$$k^n + p_{n-1}k^{n-1} + ... + p_1 k + p_0 = 0 \quad (4)$$

теңдеуін (1) теңдеуінің сипаттамалық теңдеуі деп атаймыз.

Дифференциалдық сұлбалар мен сипаттамалық көпмүшкөпмүшеліктер өзара бірмәнді сәйкестікте болады.

$L_{P(k)}(y)$ түрінде $P(k)$ көпмүшелігіне сәйкес сұлбаны белгілейміз. Дифференциалдық сұлбалар келесі тұжырымдар орынды болады:

Тұжырым 1.

Егер (3)сипаттамалық көпмүшелігі

$$P_{D_n}(k) = Q_s(k)G_l(k)$$

түрінде жіктелсе, онда $L_n(y)$ дифференциалдық формасы (3) түріндегі $Q_s(k)$ және $G_l(k)$ ($s+l=n$) көпмүшеліктері арқылы

$$L_n(y) = L_{Q_s(k)}\left(L_{Q_s(k)}(y)\right)$$

түрінде жазылады.

Тұжырым 2.

Егер *w* = 0 болса, онда кез келген $n = 1,2,...$ және $m = 1,2,...$ үшін $L_n^m(w) = \underbrace{L_n(L_n ... L_n(w))}_{m \text{ рет}} = 0$.

Тұжырым 3.

$L_n^m(\lambda_1 y_1 + \lambda_2 y_2) = \lambda_1 L_n^m(y_1) + \lambda_2 L_n^m(y_2)$, мұндағы $\lambda_1, \lambda_2 \in R$, w_1, w_2 - *n* рет дифференциалданатын функциялар.

Тұжырым 4.

$L_n^m\left(w^{(s)}\right) = \left(L_n^m(w)\right)^{(s)}$, $n = 1,2,..., m = 1,2,...$, $s = 1,2,...$.

Тұжырым 5.

Кез келген үшін $L_n(xw) = xL_n(w) + \sum_{i=0}^{n-1}(n-i)p_{n-i}w^{(n-i-1)},\ n = 1,2,\ldots$.

1–5 тұжырымдары дифференциалдық сұлба мен туынды табу ережелерінен шығады.

Тұжырым 6. Егер $L_n(w) = 0$ болса, онда $L_n^2(x^{m-1}w) = 0$ болады.

Бұл тұжырымның ақиқаттығы

$$L_n^2(xw) = L_n(L_n(xw)) = L_n\left(xL_n(w) + \sum_{i=0}^{n-1}(n-i)p_{n-i}w^{(n-i-1)}\right) =$$

$$= L_n(xL_n(w)) + \sum_{i=0}^{n-1}(n-i)p_{n-i}(L_n(w))^{(n-i-1)}.$$

теңдігінен шығады.

Салдар 1. Егер $L_n(w) = 0$ болса, онда

$$L_n^m(x^{m-1}w) = 0,\ m = 1,2,\ldots \tag{5}$$

Салдар 2. Егер $L_n(w) = 0$ болса, онда

$$L_n^m(x^{s-1}w) = 0,\ m = 1,2,\ldots\ , s = 1,2,\ldots, m \tag{6}$$

Бұл салдардың ақиқаттығы $L_n^m(x^{s-1}w) = L_n^{m-s}(L_n^s(x^{s-1}w))$ теңдігінен шығады.

Енді (1) теңдеуінің сызықты тәуелсіз дербес шешімдерін анықтау мәселесін қарастырамыз.

Кез келген көпмүшеліктің сызықтық немесе дискриминанты теріс квадрат үшмүшелік түріндегі көбейткіштердің дәрежелеріне, яғни $P_{L_n}(k)$ сипаттамалық көпмүшелігінің көбейткіштерге

$$P_{L_n}(k) = (k-k_1)^{m_1}\cdot(k-k_2)^{m_2}\cdot\ldots\cdot(k-k_\vartheta)^{m_\vartheta}\left(k^2+p_1k+q_1\right)^{l_1}\cdot\left(k^2+p_2k+q_2\right)^{l_2}\cdot\ldots\cdot\left(k^2+p_\mu k+q_\mu\right)^{l_\mu} \tag{7}$$

түрінде жіктелінетіні белгілі, мұндағы $m_1, m_2, \ldots, m_\vartheta,\ \ l_1, l_2, \ldots, l_\mu$ - оң бүтін сандар, $m_1 + m_2 + \ldots + m_\vartheta + 2(l_1 + l_2 + \ldots + l_\mu) = n$ және кез келген $j = 1,2,\ldots, l_m$ үшін $D_j = p_j^2 - 4q_j < 0$ (яғни $k^2 + p_jk + q_j$ квадрат үшмүшелігі теріс дискриминантты).

Біз, алдымен, (6) жіктелуінің әрбір көбейткішіне (1) теңдеуінің қандай шешімдері сәйкес келетінін қарастырамыз.

(6) жіктелінуінде $(k-b)^m$ түріндегі көбейткіш бар болсын. Бұл жағдайда (2) сұлбасының $P_{L_n}(k)$ сипаттамалық көпмүшелігі, жіктелінуінде *k* – *b* көбейткіші жоқ $P_{L\,n-m}(k)$ көпмүшелігі арқылы көбейткіштерге

$$P_{L_n}(k) = P_{L\,n-m}(k)(k-b)^m,\ m = 1,2,\ldots, n-1, \tag{8}$$

түрінде жіктелінеді.

Тұжырым 1 бойынша (8) жіктелінуіне дифференциалдық сұлбаның $L_n(y) = L_{n-m}(L_1^m(y))$, өрнектелінуі сәйкес келеді, мұндағы $L_{n-m}(y) = L_{P_{n-m}(k)}(y),\ L_1(y) = y' - by.$

$y = e^{bx}$ функциясы үшін $L_1(y) = y' - by = 0$ болғандықтан, тұжырым 2 мен (6) және $L_n(x^{s-1}y_s) = L_{n-m}(L_1^m(x^{s-1}y_s))$ теңдіктерінен

$$e^{k_i x}, xe^{k_i x}, \ldots, x^{m_i-1}e^{k_i x} \tag{9}$$

функцияларының (1) теңдеуінің *m* сызықтық тәуелсіз шешімдері болатынын аламыз.

Сонымен, $P_{L_n}(k)$ сипаттамалық көпмүшелігінің көбейткіштерге (8) түріндегі жіктелуіндегі $(k-b)^m$ көбейткішіне (1) теңдеуінің (9) түріндегі *m* сызықты тәуелсіз шешімдері сәйкес келетінін алдық.

Сол сияқты, егер (2) сұлбасының сипаттамалық көпмүшелігі,жіктелінуінде $y''+py'+qy$ көбейткіші жоқ $P_{L\,n-2l}(k)$ көпмүшелігі арқылы, көбейткіштерге

$$P_{L_n}(k)=P_{n-2l}(k)\cdot\left(k^2+pk+q\right)^l,\ l\in N,\ 2l<2n, \tag{10}$$

түрінде жіктелінсе, онда $L_n(y)$ дифференциалдық сұлбасының, $L_2(y)=y''+py'+qy$ сұлбасы арқылы, $L_n(y)=L_{n-2l}\left(L_2^l(y)\right)$ түрінде жазылуынан,

$$L_2(y)\equiv y''+py'+qy=0 \tag{11}$$

теңдеуінің нөлден өзгеше әр бір нөлдік емес *y* шешіміне(1) теңдеуінің

$$y, xy,..., x^{l-1}y \tag{12}$$

түріндегі l сызықтық тәуелсіз шешімдері сәйкес келетінін аламыз.

[1] жұмысында, $D<0$ жағдайында, $y=u(x)v(x)$ ауыстыруын енгізу арқылы, комплекстік талдау элементтеріне жүгінбей ақ,

$$y_1=e^{-\frac{p_j}{2}}\sin\frac{\sqrt{-D}}{2}x,\quad y_2=e^{-\frac{p_j}{2}}\cos\frac{\sqrt{-D}}{2}x$$

функцияларының (11) теңдеуінің сызықты тәуелсіз шешімдері болатыны көрсетілген болатын.

Осы шешімдерді (12) жүйесіне кезек кезек қоя отырып (1) теңдеуінің

$$e^{-\frac{p}{2}x}\sin\frac{\sqrt{-D}}{2}x,\ xe^{-\frac{p}{2}x}\sin\frac{\sqrt{-D}}{2}x,...,\ x^{m_i-1}e^{-\frac{p}{2}x}\sin\frac{\sqrt{-D}}{2}x,$$
$$e^{-\frac{p}{2}x}\cos\frac{\sqrt{-D}}{2}x,\ xe^{-\frac{p}{2}x}\cos\frac{\sqrt{-D}}{2}x,...,\ x^{m_i-1}e^{-\frac{p}{2}x}\cos\frac{\sqrt{-D}}{2}x$$

$2l$ сызықты тәуелсіз шешімдерін аламыз.

Қорыта келе, $P_{L_n}(k)$ сипаттамалық көпмүшелігінің (7) жіктелуінің $(k-k_i)^{m_i}$, $i=1,2,...,\vartheta$, түріндегі әрбір көбейткішіне (1) теңдеуінің (9) түріндегі m_i сызықты тәуелсіз шешімдері және $\left(k^2+p_jk+q_j\right)^{l_j}$, $j=1,2,...,\mu$, түріндегі әрбір көбейткішіне (13) түріндегі $2l_j$ сызықты тәуелсіз шешімдері сәйкес келетінін алдық.

Нәтижесінде, (7) жіктелуі бойынша (1) теңдеуінің барлығы $m_1+m_2+...+m_\vartheta+2\left(l_1+l_2+...+l_\mu\right)=n$ сызықтық тәуелсіз шешімдерін, яғни (1) теңдеуінің шешімдерінің фундаменталды жүйесін аламыз.

Осы қортынды негізінде, ерікті ретті тұрақты коэффициентті біртекті сызықтық теңдеуінің дербес шешімдерінің фундаментальді жүйесін құрудың келесі схемасына келеміз:

$y^{(n)}+p_{n-1}y^{(n-1)}+....+p_0y=0$ - тұрақты коэффициентті біртекті сызықтық теңдеу;

$P_{L_n}(k)=k^n+p_{n-1}k^{n-1}+....+p_1k+p_0$ - сипаттамалық көпмүшелік;

$P_{L_n}(k)=(k-k_1)^{m_1}\cdot(k-k_2)^{m_2}\cdot...\cdot(k-k_\vartheta)^{m_\vartheta}\left(k^2+p_1k+q_1\right)^{l_1}\cdot\left(k^2+p_2k+q_2\right)^{l_2}\cdot...\cdot\left(k^2+p_\mu k+q_\mu^{l_\mu}\right)$ - сипаттамалық көпмүшеліктің қарапайым көбейткіштерге жіктелінуі;

$m_1+m_2+...+m_\vartheta+2\left(l_1+l_2+...+l_\mu\right)=n$;

$D_j=p_j^2-4q_j<0$, $j=1,2,...,\mu$.

$P_{L_n}(k)$ көпмүшелігінің көбейткіштерге жіктелінуінің қарапайым көбейткіші	Теңдеудің қарапайым көбейткішке сәйкес дербес шешімдері
$(k-k_i)^{m_i}$, $i=1,2,...,\vartheta$	$e^{k_i x}, xe^{k_i x}, ..., x^{m_i-1}e^{k_i x}$
$\left(k^2+p_j k+q_j\right)^{\mu_j}$, $j=1,2,...,\mu$.	$e^{-\frac{p_j}{2}x}\sin\frac{\sqrt{-D_j}}{2}x,\ xe^{-\frac{p_j}{2}x}\sin\frac{\sqrt{-D_j}}{2}x,...,\ x^{m_j-1}e^{-\frac{p_j}{2}x}\sin\frac{\sqrt{-D_j}}{2}x,$ $e^{-\frac{p_j}{2}x}\cos\frac{\sqrt{-D_j}}{2}x,\ xe^{-\frac{p_j}{2}x}\cos\frac{\sqrt{-D_j}}{2}x,...,\ x^{m_j-1}e^{-\frac{p_j}{2}x}\cos\frac{\sqrt{-D_j}}{2}x$

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1 Бейсебай П.Б., Мухамедиев Г.Х. Екінші ретті тұрақты коэффициентті сызықтық дифференциалдық теңдеудің жалпы шешімін құру тақырыбын оқытудың бір әдістемесі // Вестник Казахского национального педагогического университета имени Абая. Серия «Физико-математические науки». - 2011.-№3(35).-С.71-77.

2 Бейсебай П.Б., Мухамедиев Г.Х. Об одном подходе к построению частных решений линейного дифференциального уравнения // Вестник Павлодарского государственного университета имени С. Торайгырова. «Физико-математическая серия». - №4, 2011. -С.32-40.

3 Бейсебай П.Б., Мухамедиев Г.Х. Об одной методике изложения темы «Построение частных решений линейного дифференциального уравнения второго порядка с постоянными коэффициентами» // Вестник Казахского национального педагогического университета имени Абая. Серия «Физико-математические науки». - 2012. №2(38). -С.47-53.

4 Бейсебай П.Б., Мухамедиев Г.Х. Екінші ретті тұрақты коэффициентті сызықтық дифференциалдық теңдеулер мен теңдеулер жүйесінің шешімдерін құру туралы// Вестник Казахского национального педагогического университета имени Абая. Серия «Физико-математические науки». - 2019.-№3(67).-С.26 - 31.

5 Түнғатаров Ә.. Жоғары математика. Экономикалық мамандықтарға арналған курс. 2-бөлім. Оқу құралы. - Алматы, 2000.- 104 б.

6 Высшая математика для экономистов. Под ред. Н.Ш. Кремера. 3-е изд.- М.: 2007. - 479 с.

7 Клюшин В.Л. Высшая математика для экономистов. 2-изд. – ЮРАЙТ: 2016.- 448 с.

МРНТИ 14.25.09
УДК 373.1

А.Қ. Бекболғанова

Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті, Алматы қ., Қазақстан

МАТЕМАТИКАНЫ ОҚЫТУ БАРЫСЫНДА ОҚУШЫЛАРДЫҢ ЛОГИКАЛЫҚ МӘДЕНИЕТІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ ЖОЛДАРЫ

Аңдатпа

Мақаланың өзектілігі еліміздегі білім беру жүйесін реформалаудың маңызды бағыты жеке тұлғаның ерекшеліктеріне, жеке мүмкіндіктеріне, бейімділігіне және қабілеттеріне сәйкес дамуына бағдар беру мәселелерімен анықталады. Адамның қазіргі қоғамдағы толыққанды іс-әрекеті, оның күнделікті өмірі мен кәсіби қызметі одан жалпы дамудың, жалпы мәдениеттің жоғары деңгейін талап етеді. Мақалада оқушылардың ойлау мәдениетін қалыптастыруға және оқушының тұлғасын дамытуға барынша бағытталған мүмкіндіктер қарастырылған. Математиканы оқыту кезінде оқушылардың жалпы ойлау мәдениетін қалыптастыру іс-әрекетінің құрылымына, шығармашылық математикалық іс-әрекеттің ерекшелігіне сәйкес оқу процесін құруды білдіретін әдістері мен тәсілдерін меңгеруге әкелетін, оқушыны өзіне қажеттіні іздеу іс-әрекетінің ролі анықталған. Логикалық мәдениеттілік өте кең және күрделі ұғым. Себебі, мұндай біліктіліктер кез келген мамандықтағы адамдарға қажет. Сонымен қатар мақалада осы тақырыпты зерттеген ғалымдардың пікірлері анық дәлел ретінде келтірілген. Ғалымдардың пікірлеріне сүйене отырып, оқушылардың оқу процесінде логикалық ойлауының даму мүмкіндігі және туындаған мәселелерді шешудің әр түрлі жолдары қарастырылған.

Түйін сөздер: дедуктивтік пайымдау, іс-әрекет, формальды логика, болжамдар, ой қорыту, қабілет, интуитивтік логика, мәдениет.

Аннотация

А.К. Бекболганова
Казахский национальный женский педагогический университет, г. Алматы, Республика Казахстан

ПУТИ ФОРМИРОВАНИЯ ЛОГИЧЕСКОЙ КУЛЬТУРЫ УЧАЩИХСЯ ПРИ ОБУЧЕНИИ МАТЕМАТИКЕ

Актуальность статьи определяется тем, что важнейшим направлением реформирования системы образования страны является ориентация на развитие личности в соответствии с особенностями, личностными возможностями, склонностями и способностями. Полноценная деятельность человека в современном обществе, его повседневная жизнь и профессиональная деятельность требуют от него высокого уровня общего развития, общей культуры. В статье рассмотрены возможности, направленные на формирование культуры мышления учащихся и развитие личности учащегося. В процессе обучения математике определена роль поисковой деятельности ученика, которая приводит к овладению методами и приемами, представляющими собой создание учебного процесса в соответствии со структурой деятельности, особенностями творческой математической деятельности, формирование общей культуры мышления учащихся. Логическая культура очень широкое и сложное понятие. Потому что такие квалификации нужны людям любой профессии. Кроме того, в статье изложены мнения ученых, исследовавших эту тему, как явное доказательство. Опираясь на мнения ученых, рассматриваются возможности развития логического мышления учащихся в учебном процессе и различные пути решения возникших проблем.

Ключевые слова: дедуктивный подход, деятельность, формальная логика, гипотеза, мышление, способности, интуитивная логика, культура.

Abstract

WAYS OF FORMING LOGICAL CULTURE OF STUDENTS WHEN TEACHING MATHEMATICS

Bekbolganova A.K.
Kazakh national women's Teacher Training University, Almaty, Kazakhstan

The relevance of the article is determined by the fact that the most important direction of reforming the country's education system is to focus on personal development in accordance with the characteristics, personal capabilities, aptitudes and abilities. Full-fledged human activity in modern society, its daily life and professional activities require a high level of General development, a common culture. The article considers the possibilities aimed at forming a culture of students ' thinking and developing the student's personality. In the process of teaching mathematics, the role of the student's search activity is determined, which leads to mastering the methods and techniques that represent the creation of the educational process in accordance with the structure of the activity, the features of creative mathematical activity, and the formation of a General culture of students ' thinking. Logical Culturology is a very broad and complex concept. Because these qualifications are necessary to people of any profession. In addition, the article presents the opinions of scientists who have studied this topic as clear evidence. Based on the opinions of scientists, we consider the possibilities of developing students ' logical thinking in the educational process and various ways to solve problems.

Keywords: deductive approach, activity, formal logic, forecasts, thinking, abilities, intuitive logic, culture.

Математиканы оқыту барысында оқушының логикалық мәдениеттілігін дамыту ол пәннің өзіндік ерекшелігіне байланысты. Математиканың оқу бағдарламаларына және оқулықтарына жасалған талдау математикалық білімдерді меңгеру белгілі бір дәрежеде оқушының логикалық ойлауына тәуелді болады. Сонымен қатар, оқушының логикалық мәдениеттілігі математиканы оқып білу барысында қалыптасады.

Логикалық мәдениеттілік ұғымының мазмұнын ашу үшін кейбір ғылыми – әдістемелік зерттеулерге талдау жасайық. Логикалық мәдениеттілік өте кең және күрделі ұғым және оның бірнеше компоненттері бар. Олар дәл логикалық ой қорытулар арқылы сипатталады. Математиканың оқу пәні ретіндегі ерекшелігі оқушыларда оны оқып меңгеру барысында математикалық мәдениет деп аталатын ерекше мәдениеттілік қалыптасады. Әдетте математикалық мәдениеттілік пен логикалық мәдениеттілік өзара байланысты, өзара сіңіскен ұғымдар деп қарастырылады. Осы айтылғандарға орай, көптеген ғалымдар (Д. Пойа, А.Я. Хинчин, А.Н. Колмагоров және т.б.) логикалық мәдениеттілікті дамытуда математикаға ерекше мән береді.

Математиканы оқыту әдістемесіне байланысты зерттеулерде логикалық ойлауды дамытудың қажеттігі айтылған. Бұл проблеманы А.Я. Хинчин дәл айқындаған. Ол осы проблеманы сипаттайтын мәселелер жиынтығын анықтаған. Математиканы оқыту әдістемесінде ол бірнеше мақсаттарды ең маңызды деп бөліп қарастырған. Оларға ол логикалық мәдениеттілікті қалыптастыруды жатқызған. А.Я. Хинчиннің пікірі бойынша ең бір маңызды мәселе оқушыларды құнды дәлелдеулер жасауға үйрету [1].

Ал В.В. Гнеденконың пікірінше математиканы оқып білу оқушының ойлау қабілетін дамыту, дәлірек айтқанда, оның белгілі ерекшеліктерін, мысалы, ой қорытуға, құбылыстарға логикалық талдау жасауға үйрету қажет. Өйткені, мұндай біліктіліктер кез келген мамандықтағы адамдарға қажет [2].

Н.Я. Виленкиннің және басқалардың айтуынша математиканы оқыту барысында оқушылардың ойлау іс-әрекеттерін дамыту негізгі мәселе болып табылады, ол оқушылардың логикалық және шығармашылық қабілеттерін одан әрі дамытуға әсер етеді [3].

Сонымен, логикалық ойлау мәдениеті деп ойлау қабілетін дамытудың белгілі бір деңгейін түсінеміз (интеллектуалдық қабілеттердің тұтас жүйесі: ақыл-ой, ойлау қабілеті және өнімді қиял және т.б.), оған ойлау тәсілдері мен тәсілдерін меңгеру арқылы қол жеткізіледі. Математика сабағында оқушылардың логикалық ойлау мәдениетін қалыптастыру интегралдық құбылыс ретінде эвристикалық, логикалық, алгоритмдік, комбинаторлық, визуалды және тілдік компоненттермен, оның мазмұндық аспектісін көрсететін, сондай-ақ тұлғаның тұтас ойлау іс-әрекетінің құрылымында пәндік компоненттердің интеграциясын қамтамасыз ететін мағыналық компонентпен сипатталуы тиіс.

Педагогикалық психологияда ойлаудың логикалық тәсілдері кез-келген ғылымның арнайы білімі мен қызмет түрлерін меңгерудің қажетті құралы ретінде қарастырылады. Логикалық тәсілдер алынған білімді жүйелеу және жалпылау құралы ретінде, сондай-ақ бұрыннан бар жаңа білімді шығаруға мүмкіндік беретін ғылыми танымның логикалық әдістері ретінде жүргізіледі. Математика ғылым және техника тілі болып табылады. Оның көмегімен табиғатта болып жатқан құбылыстар мен процестер зерттеледі. Оқушылардың іс-әрекеті қандай да бір оқу пәнінің мәтінінен тыс жүреді, мұғалім абстрактілі материалда логикалық операцияны кезең-кезеңмен қалыптастырады [4, 31 б.].

Математикалық білім беру барысында логикалық ойлау мәдениетінің қалыптасуының негізгі құралы шығармашылық математикалық іс-әрекетке байланысты болады, яғни оның ерекшелігін ескере отырып құрылған және іздеу сипаты бар оқу іс-әрекеті болып табылады. Ойлау мәдениетін тәрбиелеуді математикаға оқыту үрдісінде оқушылардың логикалық ойлау қабілетін дамытудың стратегиялық жолы ретінде қарастырамыз. Оқушылардың ойлау мәдениеті деп біз оқу іс-әрекетінде қалыптасқан білімнің, іскерліктің, дағдылардың тұтас жүйесін түсінеміз. Ойлау мәдениетінің маңызды көрсеткіші тек білімді, іскерлікті, дағдыны меңгеру ғана емес, сонымен қатар оларды пайдалану мен жетілдіруге үнемі ұмтылу болып табылады.

Логикалық ойлау мәдениеттілігін дамыту ойлаудың негізгі құрамдарын қалыптастыруға және дамытуға тәуелді болады. Ойлаудың негізгі құрамдарына анализ, синтез, салыстыру, жалпылау, сұрыптау, абстракциялау, нақтылау жатады.

Д. Пойа өзінің зерттеулерінде оқушылардың жалпы мәдениеттілігінің дамуындағы математиканың рөлін жалпы философиялық сипатта анықтаған Оның пікірінше, математикамен шығармашылық жұмыс – бұл дәлелді ойлар, дәлелдеулер болып табылады. Алайда, дәлелдеу шындыққа сәйкес келетін пайымдаулармен, болжамдармен жүзеге асырылады. Осы орайда Д. Пойа ойлаудың екі түрін, яғни дәлелді және ойды қортындылауды қарастырады. Адамдардың күнделікті өмірде ой қорытулардың осы екі түрі де қолданылуына байланысты болады [5].

Осы идеяларды жүзеге асыру үшін арнайы іріктелген есептерді шығаруды үйрену қажет. Формальды-логикалық құрылым деп біз классикалық формальды логикада әдетте ойды баяндау үшін пайдаланылатын қандай да бір стандартты форманы түсінеміз. Енді мысал келтірейік. «Егер берілген үшбұрыш тең қабырғалы болса, онда ол теңбүйірлі үшбұрыш болады. Енді теңбүйірлі болмайтын басқа бір үшбұрыш қарастырсақ, онда ол үшбұрыш теңқабырғалы үшбұрыш болмайды. Айталық А-тең қабырғалы үшбұрыш болу қажетті, ал В – тең бүйірлі үшбұрыш дейік. Онда жоғарыда келтірілген мысалдағы пайымдауды формальды-логикалық белгілеулер арқылы мына түрде жазуға болады:

$(A \Rightarrow B)\,(\overline{B} \Rightarrow \overline{A})$ Бұл формулада А мен В кез келген жағдайында дұрыс болып табылады. Мұндағы «$\Rightarrow$» символы логикалық «онда, былай болады, шығады» дегенді білдіреді.

Логикалық ойлау формальды-логикалық заңдар мен ережелер негізінде жүзеге асырылатын әрекеттермен ғана емес, ойлаудың интуитивті компоненттерін ескеретін әрекеттермен де байланысты болып табылады. Логикалық ойлау, яғни дұрыс ойлай білу математиканың терең және саналы меңгеруі үшін қажетті шарт болып табылады, ал ол оқушылардың өз ойларын толық анық жеткізе білуі, логикалық және стилистикалық жағынан дұрыс сөйлем құруы, тек қажетті сөздерді қолдануы арқылы көрінеді.

В.А. Ширяева [6,46 б.] жүйелі логикалық ойлау түсінігін енгізеді. «Жүйелі логикалық ойлау ол логика заңдары мен өмірді тану жүйесінің принциптерін қолдану арқылы түсінік, пікір және ой қорыту

операциялары маңызды болатын ойлаудың түрі. Бұл жалпы мектепте оқыту процесінде логикалық ойлауды дамыту проблемасының өзектілігін тағы да негіздейді.

Логикалық ойлау мәдениеттілігін дамыту жалпы білім беретін мектептің математика курсының барлық кезеңінде болуы тиіс және мұғалім тиісті оқу материалын таңдай отырып жұмыс жасауы қажет. Математика курсының көптеген бөлімдері үшін логикалық ойлау мәдениетін дамытуға арналған материалды таңдау керек. Стандартты емес есептерді шешу – өте күрделі процесс, оны табысты жүзеге асыру үшін оқушы ойлай білуі, болжай білуі керек. Әрбір есепті шешу кезінде оқушы төрт сатыны нақты орындау қажет, олар:

1) берілген есеп шарттарын зерделеу;

2) шешім жоспарын іздеу және оны құру;

3) жоспарды жүзеге асыру, яғни табылған шешімді рәсімдеу;

4) алынған шешімді зерделеу, шешім нәтижесін талдау және пайдалы ақпаратты іріктеу.

Қиын емес тапсырманы шешу кезінде де оқушылар не үшін не істеу керек, неден бастау керек дегенге көп уақыт жұмсайды. Өз бетінше жұмыс істеу оқушының логикалық ойлау қабілетін дамытуға, күрделі есептерді шешуге жол табуға көмектесетін тәжірибе жинақтауға мүмкіндік береді.

Стандартты емес есептерді шығару барысында қарастырылатын көптеген тақырыптар оқушылардың логикалық және математикалық қабілетінің дамуына жағдай жасайды. Енді сондай стандартты емес есептерге мысалдар келтірейік.

1 мысал. Мектепте 750 оқушы бар. Олардың ең болмағанда үшеуінің бір жылы туылғандарын дәлелдеңдер.

Шешуі. Бұл есепті шығаруда оқушылар көп жағдайда қарсы дәлелдеуді қолданады. Әрбір күні екіден артық емес бала туылды деп есептейміз. Сонда мектепте 365*2 = 730 санынан артық емес оқушы болады. Бұл жағдайда есептің берілгеніне қарама-қайшылық туындайды. Сәйкесінше, есептің пайымдауы дұрыс.

Мәтінді есептерді шығару барысында, біз көп жағдайда қандайда бір шаманы екі тәсілмен белгісіз деп алып, содан кейін осы өрнектерді теңестіре отырып, теңдеу аламыз. Осы «екі тәсілмен есептеу» деп аталатын әдіс көптеген олипиадалық есептерді шығаруда қолданылады. «Екі тәсілмен есептеу» оқушылардың логикалық ойлауын және интуициясын дамытады, өйткені оған нені «екі тәсілмен есептеуге» болады дегенді түсінуі керек, енді мысалдар қарастырайық.

2-мысал. Математикалық олипиадаға қатысушы оқушыларды әр бөлмеде екі оқушыдан болатындай етіп орналастырғанда бір оқушыға бөлме жетпей қалады. Сондықтан оларды әр бөлмеге үшеуден орналастырғанда, 10 бөлме бос қалды және бір бөлмеде екі ғана оқушы болды. Математикалық олипиадаға қанша оқушы келген?

Шешуі: Оқушылар мұнда математикалық олипиадаға қатысатын оқушыларды екі тәсілмен есептеу керек екендігін түсінеді. Мұнын қалай іске асатынын көрейік. Қонақ үйдегі бөлмелер саны – х. Бір жағынан келуші оқушылардың саны 2х + 1 тең, екінші жағынан әрбір бөлмеге 3 оқушыдан, ал бір бөлмеге екеуін орналастырды сондықтан оқушылар саны. 3(x-11)+2. Алынған екі өрнекті теңестіреміз. $2x$ +1 = 3(x −11)+ 2 Алынған теңдеуді шеше отырып, х = 32 болатынын аламыз.

3 мысал. Өлшемі 5х5 болатын квадратқа сандарды әрбір жолындағы сандарының қосындысы оң болатындай, ал бағанындағы сандарының қосындысы теріс болатындай етіп орналастыруға бола ма?

Шешуі. Осы есепті шығаруда бізге кестедегі барлық сандардың қосындысын екі тәсілмен есептеу әдісі көмектеседі. Осындай орналастыру бар деп есептейік. Сонда бір жағынан кестедегі барлық сандардың қосындысы жолдарындағы 5 санының қосындысына тең және оң болуы керек, екінші жағынан ол теріс болуы керек, өйткені бағандағы бес теріс санның қосындысына тең. Алынған қарама-қайшылық есеп шартында көрсетілгендей орналастырудың мүмкін емес екендігін көрсетеді.

Жоғарыда келтірілген мысалдарда қолдана отырып жүргізілген сабақтың негізгі әдістемелік мақсаты оқушылардың танымдық, шығармашылық белсенділігін және логикалық мәдениеттілігін дамыту болып табылады. Бұл мақсатқа келесі жолдармен жетуге болады:

- оқушыларды сабақтың мақсатын, міндеттерін қоюға, өз жұмысын бағалауға үйрету;
- проблемалық жағдайларды құру;
- көп жағдайда тарихи деректерге жүгіну, тақырыптардың практикалық маңыздылығын көрсету;
- ғылыми деректерге үлкен мән беру;
- іскерлік ойын түрінде сабақ өткізу;
- логикалық, шығармашылық ойлауды дамытуға арналған шығармашылық тапсырмаларға назар аудару.

Сабақта проблемалық жағдайларды жасай отырып, оқушыларға материалды сапалы меңгеруге ғана емес, сонымен қатар сабаққа белсенді қатысуға көмектесетін сұрақтар қою керек. Өтілетін материалды тарихи анықтамалармен, оны тәжірибеде қолдана отырып байланыстыру қажеттігін көрсетеді. Бұл оқушыларды материалмен қызықтыруға, құндылықты көрсетуге мүмкіндік береді.

Жоғарыда келтірілген мысалдардан туындайтын қорытынды мектепте білім беру мазмұнын құру кезінде оқыту мақсаттарында көзделген есептерді шешу үшін жоспарланған пәндік материалмен жұмыс істеу үшін қажетті логикалық ойлау тәсілдерінің барлық жүйесін қарастыру қажет. Бұл ретте логикалық тәсілдер қандай да бір нақты пәндік материалда қалыптастырылса да, сол уақытта олар оған тәуелді емес, жалпы, әмбебап сипатқа ие болады. Осыған байланысты бір оқу материалын өту кезінде меңгерілген логикалық тәсілдер одан әрі басқа оқу пәндерін игеру кезінде дайын танымдық құралдар ретінде кеңінен қолданылуы мүмкін.

Сонымен, оқушылардың логикалық ойлау мәдениеттілігін дамытудың тиімділігін анықтайтын негізгі жұмыс берілген есептерді шешу арқылы жүргізіледі, себебі кез келген тапсырмада логикалық ойлауды дамыту үшін үлкен мүмкіндіктер болады. Берілген есептерді бірнеше жолмен шығару арқылы жоғары нәтижеге қол жеткізуге болады. Солардың кейбіріне тоқталып өтейік, мысалы:

1. Шығарылған есеппен жұмыс жасау.

Көптеген оқушылар шығарылған есептің шығу жолын қайта талдаудан кейін ғана ұқсас есептерді шешу жоспарын түсінеді. Бұл математикадан нақты білім алу жолы десек те болады. Әрине, шыққан есепті талдау, оның шығу жолын қайталау уақытты талап етеді, бірақ ол ақталады.

2. Есептерді әртүрлі тәсілдермен шешу.

Негізінен уақыт жетіспеушілігіне байланысты есептерді әртүрлі тәсілдермен шешуге аз көңіл бөлінеді. Ал бұл іс-әрекет математикалық білімді дамытуға көмектеседі. Сонымен қатар, шешімнің басқа әдісін табу әдеті болашақта үлкен рөл атқарады.

3. Берілген есепті талдаудың дұрыс ұйымдастырылған тәсілі – есептің шартын дұрыс түсіну немесе берілген деректерден оның шартын анықтау.

4. Тапсырмада сипатталған жағдайды көрсету («графигін» салу).

Мұғалім оқушылардың назарын міндетті түрде есептің шартын оның графигі арқылы елестетуге үйретуі керек, ал қандай деректердің қосымша екеніне назар аударауды да көрсеткен жөн болады. Бұл жағдайға ой арқылы тапсырма мәтінін мағыналық бөліктерге бөлу қажет болады. Бұл дегеніміз сызба, график арқылы жағдайды модельдеу болып табылады.

5. Оқушылардың өз бетінше тапсырмаларды құрастыруы.

Тапсырманы құрастыру:

1) сөздерді пайдалана отырып: ненің көп, ненің аз, қаншалықты көп немесе қаншалықты аз екенін анықтау;

2) оқушының жоспары немесе іс-әрекеттер мен жауап бойынша шешім алу; 4) берілген есептің мәтіні және т.б. бойынша.

6. Жетіспейтін немесе артық деректер арқылы есепті шығару.

7. Есептің шартын өзгерту.

8. Берілген есептер бойынша әр түрлі өрнектерді құрастыру және қандай да бір өрнектің білдіретін түсінігін анықтау. Тапсырма сұрағына жауап болып табылатын өрнектерді таңдау.

9. Есептің дайын шешімін түсіндіру.

10. Есептің берілген шарты мен олардың шешімдерін салыстыру.

11. Тақтада екі шешім жазу: бір дұрыс және дұрыс емес.

12. Есепті басқа жолмен шешу үшін оның шартын өзгерту.

13. Есептің шешімін аяқтау.

14. Қандай сұрақтың және есептің шешіміндегі әрекеттің (немесе керісінше, өткізіп алған сұрақ пен тапсырмадағы әрекетті қалпына келтіру) артық екенін анықтау.

15. Өзгертілген мәліметтер арқылы берілген есептке ұқсас есепті құру.

16. Кері есептерді шешу.

Жоғарыда талданған мәселелерді қорытындылай келе, сонымен бірге қазіргі психология ғылымының тұжырымдамаларына сүйене отырып, іскерлік формальды-логикалық сипаттағы компоненттерден, ал қабілет интуитивті сипатқа тән компоненттерден тұрады деп есептейміз. Жалпы алғанда олар өзара жақсы байланыста болады.

Ал формальды-логикалық компоненттерге математикалық ұғымдарды анықтай білу, қажетті объектілерді топтастыру, дедуктивтік пайымдауларды орындай білу және т.б. жатады.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1 Хинчин А.Я. Педагогические статьи. М.: Изд-во АПН РСФСР, 1963. -204 с.

2 Гнеденко Б.В. Об образовании преподавателя математики средней школы // Математика в школе. 1989, №3. - С. 19-22.

3 Виленкин Н.Я., Мордкович А.Г. Подготовка учителей математики на уровень современных требований. // Математика в школе. 1986, № 6. С.7-14.

4 Даулеткулова А.У. Формирование приемов логического мышления – один из способов развития математической грамотности. // Вестник Казахского национального педагогического университета имени Абая. Серия «Физико-математические науки». №5 (59), 2015.

5 Пойа Д. Математика и правдоподобные рассуждения / Пер. с англ. Изд. 2, испр. М.: Наука, 1975. - 463 с.

6 Ширяева В.А. Развитие системно-логического мышления учащихся в процессе изучения теории решения изобретательских задач (ТРИЗ): Дис. ...Канд.пед.наук.-Саратов, 2000-241с.

МРНТИ 27.01.45
УДК 372.851

С.Е. Ералиев[1], Б.М. Қосанов[1], Ж.М. Нурмухамедова[1], Д.М. Нурбаева[1]

[1]Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университеті, Алматы қ., Қазақстан

СТАНДАРТ ЕМЕС ТЕҢСІЗДІКТЕРДІ ШЕШУ

Аңдатпа

Бұл мақалада стандарт емес есептерді мектепте оқытудың мәселелері қарастырылған. Қазіргі уақытта орта мектептердің негізгі міндеттерінің бірі – оқушылардың шығармашылық ойлау қабілеттерін анықтау және оларды дамыту проблемаларын шешу болып табылатындығын айтып, осы мақсатта оқушылардың математикалық даму дәрежесі олардың есеп шығара білуінен анық байқалады. Есеп дегеніміздің өзі – әрбір мектеп оқушысының ақыл-ойын ұштаудың негізгі құралы деп анықтама беріліп, есеп шығарудың сатыларын, олардың түрлерін атап көрсеткен. Есеп шығару математиканы игерудің ең жоғары продуктивтік формасы және де бұл процесс математикадан өткізілетін барлық кластан тыс жұмыстардың қажетті компоненті болуы керек. Математикалық олимпиадада берілетін есептер - стандарт емес есептер. Олимпиадалық есептер, әдетте біршама зеректікке, біліктілікке есеп шешудің өзіндік стандарт емес әдістерін табуға көмектеседі. Орта мектеп бағдарламасында теңсіздік ұғымының анықтамасын пайдалану, белгілі теңсіздіктердің көмегімен дәлелдеу, оң сандардың арифметикалық ортасы мен геометриялық ортасының өзара байланысын пайдалану, кері жору әдісітерінен басқа әдістермен оларды дәлелдеуді қарастырған.

Түйін сөздер: стандартты емес есептер, олимпиадалық есептер, жоғары продуктивтік форма.

Аннотация

С.Е. Ералиев[1], Б.М. Қосанов[1], Ж.М. Нурмухамедова[1], Д.М. Нурбаева[1]

[1]Казахский национальный педагогический университет им. Абая, г. Алматы, Казахстан

РЕШЕНИЕ НЕСТАНДАРТНЫХ НЕРАВЕНСТВ

В данной статье рассматриваются проблемы обучения в школе нестандартных задач. В настоящее время одной из основных задач средних школ является выявление творчески мыслительных способностей учащихся и решение проблем их развития. Отчет был определен как основной инструмент для развития умственных и мыслительных способностей школьников. Решение задач является наиболее продуктивной формой усвоения математики, и этот процесс должен быть необходимым компонентом всех внеклассных работ, проводимых по математике. Задачи на математической олимпиаде - нестандартные задачи. Олимпийские задачи, как правило, помогут в значительной мере научиться, найти самостоятельные нестандартные методы решения задач. В программе средней школы предусмотрено использование определения понятия неравенства, доказывание с помощью известных неравенств, использование взаимосвязи между арифметической средней и геометрической средней положительных чисел, доказательство их методами, кроме методов обратного похода.

Ключевые слова: нестандартное задание, олимпийское задание, высокопродуктивная форма.

Abstract

SOLVING NONSTANDARD INEQUALITIES

Yeraliyev S.E. [1], Kossanov B.M. [1], Nurmukhamedova Zh.M. [1], Nurbayeva D.M[1].

[1]Kazakh National Pedagogical University after Abai, Almaty, Kazakhstan

This article discusses the problems of teaching non-standard tasks at school. Currently, one of the main tasks of secondary schools is to identify creative thinking abilities of students and solve problems of their development. The report was identified as the main tool for developing students ' mental and thinking abilities. Problem solving is the most productive form of learning mathematics, and this process should be a necessary component of all extracurricular activities conducted in mathematics. Problems at the mathematical Olympiad are non-standard problems. Olympic tasks will usually help you learn a lot, find independent non-standard methods of solving problems. The high school curriculum provides for the use of the definition of inequality, proving using known inequalities, using the relationship between the arithmetic mean and geometric mean of positive numbers, and proving them using methods other than reverse-trip methods.

Keywords: Non- standard task, Olympic task, Highly productive form.

Қазіргі уақытта орта мектептердің негізгі міндеттерінің бірі – оқушылардың шығармашылық ойлау қабілеттерін анықтау және оларды дамыту проблемаларын шешу болып табылады.

Стандарт емес есептер оқушылардың ойлау қабілетін дамытады да, ойлауға жетелейді және есепке деген ынтасын, қызығушылығын арттырады.Стандарт емес есептер оқушылардың есепті үйреншікті жолмен шығара салуына мүмкіндік бермейді. Демек, стандарт емес есептер оқушылардың математикалық ойлау қабілетін дамытудың негізгі құралы болып табылады.

Оқушылардың математикалық даму дәрежесі олардың есеп шығара білуінен анық байқалады. Есеп дегеніміздің өзі – әрбір мектеп оқушысының ақыл-ойын ұштаудың негізгі құралы. Әдеттен тыс, қызықты есептердің шешімін табу балалардың математикалық шығармашылығында маңызды орын алады. Ең әуелі, есеп шығаруды үйрену – оның шешімін табу екенін есте ұстаған жөн. Д. Пойа «Математикалық таным» кітабында (М.1976.13-бет) былай деп жазды: «Егер сіз жүзуді үйренем десеңіз, тайсалмай суға сүңгіп кетіңіз, ал есеп шығаруды үйрену үшін оның шешімін табыңыз» [1].

Кез келген қиын есепті шығару оқушыдан үлкен еңбекті, ерен күші мен табандылықты талап еседі. Бұл қасиеттер баланың есепке ынтасы оянғанда күшейе түседі. Қызықты есептер ақыл-ой энергиясын қозғалысқа келтіретіндіктен, оларды шешу оңайға түседі. Міне, сондықтан мұғалім оқушылар қызығып, өз еріктерімен шығаратын есептерді таңдап алуы қажет.

Оқушылардың математикалық қабілттерін дамыту және математикаға ынтасын тәрбиелеуде әзіл – есептер мен математикалық ребустарды пайдалану тиімді. Есепті шығара алатынына оқушының сенімді болуы да табысқа жеткізетін маңызды фактордың бірі. Есеп шамадан тыс қиын болса, мектеп оқушысының шарасы таусылып, ойлау нәтижелігі төмендейді, әрі қарай үйренуіне нұқсан келеді. Мұғалім есептерді ептілікпен таңдау арқылы өз шәкірттерінің сенім күшін, жігері мен қызығуын, оның шешімін табуға ұмтылуы, қолдан келетіні сену-жетістікке жету үшін қажет алғы шарттар.

Әрбір есепті шығару процесіндегі төрт сатыны ажырата білген дұрыс:

1) есептін шартын ұғу;

2) жоспарын құру;

3) жоспарды жүзеге асыру;

4) «артқа көз салу», яғни табылған шешімді пысықтап үйрену.

Оқушының меңгерген материалын шығармашылықпен ұғынуы және жаңа іс-әрекет тәсілдерінің туындап, дамуы ойлаудың мынадай үш құрамының болуына байланысты:

1) анализ және синтез, салыстыру, аналогия, классификация тәрізді қарапайым ойлау операцияларының жоғарғы деңгейде қалыптасуы;

2) көп болжам, шешімдер вариантары мен тосын идеялар ұсынудан көрінетін ойлау белсенділігінің жоғары деңгейі;

3) өзіндік ойлау әдісінен көрінетін ұйымдасқандық пен мақсаткерліктің жоғары деңгейі.

Аталған ойлау сапаларының қалыптасу оқушының шығармашылық тұлғасын дамытуға оқу материаларын игерудегі қиындықтарды жеңуге жол ашады. Мұның мәні мынады, оқушы білім мен іс-әрекеттің теориялық негізделген тәсілдерін қолданады немесе қойылған мәселені шешуге жаңа тәсілдерді өз бетінше таба алады. Мұғалімнің міндеті осы айтылған ойлау компоненттерін қалыптастыра білу болмақ. Ал оның кілті – шығармашылық есеп шығарту. Оқушылардың шығармашылық есептерді шығаруы олардың білім, білік, дағдысы арқылы іске асады.

Сонымен қатар, сабақта жоғары белсенді ойлау әрекетінің сақталуында мотивация, оқушының өз ісіне ынтысы рөл атқарады. Демек, оқушының шығармашылық іс-әрекетке бейімдейтін, ақыл-ойын, дамытатын құрал деп қызықты есептерді («долбарлау» есептерді, басқатырғылар, логикалық есептер) айтуға болады. Оларды шығармашылық іс-әрекетті жетілдіріп, ақыл-ойды жаттықтырып көмекші, қосымша жол ретінде ұтымды пйдалану мүмкіндігі мол [2].

Мұндай материалдар сан алуан болғанымен, төмендегідей ортақ қасиеттері бар.

1) Қызықты есептердің шешу жолы белгісіз. Олардың шешіміне жету «ойдың броундық қозғалысы» тәрізді, яғни байқап көру, қателесу әдісімен іске асады. Байқап көру арқылы іздену жеке жағдайларда негізгі шешімге бастайтын тізгінді қолға ұстатады;

2) Қызықты есептер оқушының пәнге қызығуына, белсенділігіне негіз болады Есептің сюжетінің шешілу жолының әдеттен тыс болуы бала көңіліне әсер етіп, қайткенде де оны шығаруға итермелейді;

3) Қызықты есептер ойлау заңдылықтарын білуге негізделіп жасалады.

Міне, осындай есеп түрлерін жүйелі түрде қолдану аталған ойлау операцияларын дамытуға, балалардың математикалық түсініктерін қалыптастыруға жағдай жасайды. Қызықты есептерді шығару көбінесе байқап көріп іздену процесімен жүреді. Ойша болжай білу балалардың бойындағы тапқырлық пен аңғарымпаздықты байқатады. Тапқырлық – шығармашылықтың ерекше көрінісі, ол талдау, салыстыру, жалпылау, байланыстарды анықтау, ұқсастыру, түжырымдау ой елегінен өткізіп, өзара байланыстарды анықтай білу, соның негізінде есеп шығарушы бір тұжырымға келіп, ойын топтайды. Аңғарымпаздың өз білімін кәдеге асыра білудің көрсеткіші болып табылады. Қызықты есептердің шешімін болжауға қол жеткізетін тапқырлық пен аңғарымпаздық ғайыптан келер нәрсе емес. Мұндай ақыл – ой әрекетінің жетістігін оқыту процесінде дамытуға болады, әрі солай ету қажет [3].

Кез келген жағдайда есептің шешімін болжау үшін мұқият талдау жасалады: есептің басты қасиеттерін, фигуралардың кеңістіктегі орналасуы мен топтасуын, олардың ерекшелігін, ұқсас белгілерін ажырата алу. Алайда, қызықты есептерді шығару үшін байкау және қателесу әдісі оншалық сенімді әрі жан-жақты емес. Неғұрлым тиімді әдіс – балаларды ақыл-ой әрекетінің анализ және синтез, салыстыру, ұқсастыру, дәрежелеу тәрізді маңызды тәсілдермен қаруландыру [4].

Танымдық мәні зор болатын, математикалық білім беру жүйесінде жетекші роль атқаратын мәселелер қатарына теңсіздіктер жатады.

Жалпы білім беретін мектептерге арналған оқулықтарды жеңсіздіктерге басты назар аударылмай келеді: мектеп оқушылары математикалық жеңсіздіктерді дәлелдеу дағдысын қалыптастыра алмай келеді. Осы айтылған кемшіліктер мен әдістемелік қиындықтарға көңіл бөлінсе деген мақсатпен мақала мектеп мұғалімдерімен, педагогикалық жоғары оқу орындары физика-математика факультеттерінің студенттеріне арналады.

Орта мектеп бағдарламасында теңсіздік ұғымының анықтамасын пайдалану, белгілі теңсіздіктердің көмегімен дәлелдеу, оң сандардың арифметикалық ортасы мен геометриялық ортасының өзара байланысын пайдалану, кері жору әдісі бойынша дәлелдеулер қолданылады. Бұлардан басқа да тәсілдерді қарастырайық.

Квадраттық үшмүшенің дискриминанты бойынша дәлелденетін теңсіздіктерге тоқталайық.

Көптеген теңсіздіктер квадраттық үшмүше дискриминантының таңбасы арқылы дәлелденеді. Берілген квадраттық үшмүше оң мән қабылдау үшін $a > 0, d < 0$ болуы керек. Төмендегі теңсіздікті дәлелдеу керек.

$a \succ 0, b \succ 0, c \succ 0$ болғанда $a^2b^2 + c^2b^2 + a^2c^2 \geq abc(a+b+c)$

$a^2b^2 + c^2b^2 + a^2c^2 - a^2bc - b^2ac - c^2ab = (b^2 - bc + c^2)a^2 - bc(b+c)a + c^2b^2 \geq 0$

Бұл теңсіздікті квадраттық үшмүше деп қарастырсақ:

$D = b^2c^2(b+c)^2 - 4b^2c^2(b^2 - bc + c^2)$

$= b^2c^2(b^2 + 2bc + c^2) - 4b^4c^2 + 4b^3c^3 - 4b^2c^4$

$= b^4c^2 + 2b^3c^3 + b^2c^4 - 4b^4c^2 + 4b^3c^3 - 4b^2c^4 = 6b^3c^3 - 3b^2c^4 - 3b^4c^2$

$= -3b^2c^2(b^2 + c^2 + 2bc) = -3b^2c^2(b-c) \leq 0$

Яғни, a санының кез келген мәнінде берілген теңсіздік дұрыс болады. b мен c бойынша квадраттық үшмүше алу арқылы да осындай қорытындыға келеміз.

x -тің кез келген мәнінде $kx^2 - (5k+1)x + 3(2k+1)$ квадраттық үшмүшесі оң мән қабылдай ма?

$k > 0, D = (5k+1)^2 - 12k(2k+1) = 25k^2 + 10k + 1 - 24k^2 - 12k = k^2 - 2k + 1 = (k-1)^2 \geq 0$

Демек, x -ң кез келген мәнінде квадраттық үшмүше оң мән қабылдай алмайды.

«Күшейту» әдісі бойынша дәлелденетін теңсіздіктерді қарастырайық:

Егер $A>B, B\geq C$ болса, онда $A>C$ деген қасиетке сүйеніп көптеген теңсіздіктерді дәлелдеуге болады.

$\frac{1}{4}+\frac{1}{9}+\frac{1}{16}+...+\frac{1}{n^2}\prec 1(n\in N, n>1)$ теңсіздігін дәлелдейік,

$$\frac{1}{4}+\frac{1}{9}+\frac{1}{16}+...+\frac{1}{n^2}\prec\frac{1}{1\cdot 2}+\frac{1}{2\cdot 3}+\frac{1}{3\cdot 4}+...+\frac{1}{(n-1)^n}$$
$$=\frac{2-1}{1\cdot 2}+\frac{3-2}{2\cdot 3}+\frac{4-3}{3\cdot 4}+..+\frac{n-(n-1)}{(n-1)^n}$$
$$=(1-\frac{1}{2})+(\frac{1}{2}-\frac{1}{3})+(\frac{1}{3}+\frac{1}{4})+...+(\frac{1}{n-1}-\frac{1}{n})$$
$$=1-\frac{1}{n}\prec 1$$

$A=\frac{1}{n}+\frac{1}{n+1}+\frac{1}{n+2}+\frac{1}{n+3}+...+\frac{1}{2n-1}+\frac{1}{2n}\prec\frac{3}{4}$ теңсіздігін дәлелдейік

$$A=\frac{1}{2n}\left[(\frac{1}{n}+\frac{1}{2n})+(\frac{1}{n+1}+\frac{1}{2n-1})+...+(\frac{1}{2n}+\frac{1}{n})\right]$$
$$=\frac{1}{2}(\frac{3n}{2n^2}+\frac{3n}{2n^2}+\frac{3n}{2n^2}+...+\frac{3n}{2n^2})$$
$$\prec\frac{1}{2}(\frac{3n}{2n^2}+\frac{3n}{2n^2}+\frac{3n}{2n^2}+...+\frac{3n}{2n^2})$$
$$=\frac{1}{2}(n+1)\frac{3}{2n}\prec\frac{3}{4}+\frac{3}{4n}\prec\frac{3}{4}$$

Теңсіздіктердің екі бөлігінде 1 санынан азайту әдісі.

Бұл әдіс теңіздіктің екі жағыда 1-ден кіші дұрыс бөлшек болған жағдайда қолданылады. Ол үшін теңсіздіктің екі бөлігін өз алдына түрлендіріп, ықшамдап, содан кейін олардың екі бөлігін 1-ден шегеру керек. Сол арқылы нәтижені салыстыруға болады.

Мысал.

$\frac{2n-1}{2n}\prec\frac{2n}{2n+1}$ тексіздігін дәлелдейік.

$1-\frac{2n-1}{2n}=\frac{1}{2n}$; $1-\frac{2n}{2n+1}=\frac{1}{2n+1}$ яғни $\frac{1}{2n}\succ\frac{1}{2n+1}$

Демек, $1-A\succ 1-B$ болса , онда $B\succ A$

Сондықтан $\frac{2n-1}{2n}\prec\frac{2n}{2n+1}$.

$\frac{33331}{33334}\succ\frac{44441}{44445}$ теңсіздігін дәлелдеу керек.

$A=\frac{33334-3}{33334}=1-\frac{3}{33334}\bullet\frac{4}{4}$; $B=\frac{44445-4}{44445}=1-\frac{4}{44445}\bullet\frac{3}{3}$

$1-A=\frac{12}{133336}; 1-B=\frac{12}{133335}$, Демек $A>B$.

Теңсіздіктердің оң және сол бөліктерінің қатынасын 1-мен салыстыру.

Егер $A\succ B\succ 0$ болса, онда. $A:B\succ 1$

Керісінше егер $B\succ 0$ болса, онда алдындағы теңсіздіктен $A\succ B$ болады.

Мысал.

Кез келген $n\in N$ үшін

$1\cdot 3\cdot 5\cdot ...\cdot (2n-1)\sqrt{2n+1}<2\cdot 4\cdot 6\cdot ...\cdot 2n$ екенін дәлелдеу керек.

$\frac{1\bullet 3}{2\bullet 2}\prec 1,\ \frac{4\bullet 3}{4\bullet 4}\prec 1,\ldots.\frac{(2n-1)\bullet(2n+1)}{2n\bullet 2n}\prec 1,$

болғандықтан, осы теңсіздіктерді мүшелеп көбейтсек:

$\frac{1\bullet 3^2\bullet 7^2\bullet\ldots\bullet(2n-1)^2(2n+1)}{2^2\bullet 4^2\bullet 6^2\bullet\ldots\bullet 2n^2}$ Осыдан $\frac{1\bullet 3\bullet 5\bullet 7\bullet\ldots\bullet(2n-1)}{2\bullet 4\bullet 6\bullet\ldots\bullet 2n}\prec\frac{1}{\sqrt{2n+1}}$

Яғни $1\cdot 3\cdot 5\cdot\ldots\cdot(2n-1)\sqrt{2n+1} < 2\cdot 4\cdot 6\cdot\ldots\cdot 2n$

Кез келген мөлден үлкен $a_1, a_2, \ldots a_n$ сондары берілсін. Бұл сандардың арасындағы төмендегі қатынастар:

$\frac{a_1+a_2+\ldots+a_n}{n}=A_n$ -арифметикалық орташа,

$\sqrt[n]{a_1\bullet a_2\bullet\ldots\bullet a_n}=\sigma_n$ - геометриялық орташа,

$\frac{\sqrt{a_1^2+a_2^2+\ldots+a_n^2}}{\sqrt{n}}=Q_n$ - квадраттық орташа,

$\frac{n}{\frac{1}{a_1}+\frac{1}{a_2}+\ldots+\frac{1}{a_n}}=H_n$ -гармоникалық орташа деп аталады.

Бұл орташалардың арасында $H_n\le\sigma_n\le A_n\le Q_n$ қатынасы орындалады. Көп жағдайда теңсіздіктерді дәлелдегенде осы қатынастар қолданылады.

$a_1, a_2, \ldots a_n$ оң сандарының арифметикалық орташасы олардың геометриялық орташасынан үлкен немесе тең болады:

$$\frac{a_1+a_2+\ldots+a_n}{n}\ge\sqrt[n]{a_1\bullet a_2\bullet\ldots\bullet a_n}$$

Бұл теңсіздікті Коши теңсіздігі деп айтады. Осы теңсіздікті дәлелдейік.

$\sqrt[n]{a_1\bullet a_2\bullet\ldots\bullet a_n}=\sigma_n$ геометриялық орташасындағы сандар

$a_1\ge a_2\ge a_3\ge\ldots\ge a_n$ теңсіздіктерін қанағаттандырсын.

$a_1a_2=(\sqrt{a_1a_2})^2=\sigma^2, a_1a_2a_3=(\sqrt[3]{a_1a_2a_3})^3=\sigma^3,\ldots, a_1a_2\ldots a_n=(\sqrt[n]{a_1a_2\ldots a_n})^n=\sigma^n$

Болғандықтан $\frac{a_1}{\sigma}=1, \frac{a_1a_2}{\sigma^2}=1,\ldots, \frac{a_1a_2\ldots a_n}{\sigma^n}=1$

әрі $\frac{\sigma}{a_1}=1, \frac{\sigma^2}{a_1a_2}=1,\ldots, \frac{\sigma^n}{a_1a_2\ldots a_n}=1$ болады.

Осыдан

$$\frac{a_1}{\sigma}\bullet\frac{\sigma}{a_1}+\frac{a_1a_2}{\sigma^2}\bullet\frac{\sigma^2}{a_1a_2}+\ldots+\frac{a_1a_2\ldots a_n}{\sigma^n}\bullet\frac{\sigma^n}{a_1a_2\ldots a_n}=n\le\frac{a_1}{\sigma}\bullet 1+\frac{a_1a_2}{\sigma^2}\bullet\frac{\sigma}{a_1}+\ldots$$

$$+\frac{a_1a_2\ldots a_n}{\sigma^n}\bullet\frac{\sigma^{n-1}}{a_1a_2a_3\ldots a_{n-1}}=\frac{a_1}{\sigma}+\frac{a_2}{\sigma}+\frac{a_3}{\sigma}+\ldots+\frac{a_n}{\sigma}=\frac{a_1+a_2+\ldots+a_n}{\sigma}$$

Яғни $\frac{a_1+a_2+\ldots+a_n}{n}\ge\sigma=\sqrt[n]{a_1a_2\ldots a_n}$ дәлелдеу керегі де осы еді.

Мысал.

$n!\le\left(\frac{n+1}{2}\right)^n, (n\ge 2)$ теңсіздігін дәлелдеу керек.

$$\sqrt[n]{n!}=\sqrt[n]{1\bullet 2\bullet 3\ldots n}\le\frac{1+2+3+\ldots+n}{n}=\frac{(n+1)\bullet n}{2n}=\frac{n+1}{2}$$

Бұл теңсіздіктің екі жағын **n**-ге дәрежелесек $n!\le\left(\frac{n+1}{2}\right)^n$ дәлелдеу керегі де осы еді.

Чебышев теңсіздігі.

а) Егер $a_1 \geq a_2 \geq a_3 \geq ... \geq a_n \geq 0$ және $b_1 \geq b_2 \geq b_3 \geq ... \geq b_n \geq 0$ болса, онда $(a_1b_1 + a_2b_2 + ... + a_nb_n \geq (a_1 + a_2 + ... + a_n) \bullet (b_1 + b_2 + ... + b_n)$

Төмендегі n-теңсіздікті мүшелеп қоссақ:

$$(a_1b_1 + a_2b_2 + ... + a_nb_n \geq (a_1b_1 + a_2b_2 + ... + a_nb_n) \quad (a_1b_1 + a_2b_2 + ... + a_nb_n \geq (a_1b_2 + a_2b_3 + ... + a_nb_{n-1})$$

$$\ldots\ldots\ldots\ldots\ldots\ldots\ldots\ldots\ldots\ldots\ldots\ldots\ldots\ldots\ldots\ldots$$

$$(a_1b_1 + a_2b_2 + ... + a_nb_n \geq (a_1b_n + a_2b_1 + ... + a_nb_{n-1})$$

Чебышев теңсіздігінің дұрыстығына көзіміз жетеді.

б) Егер $a_1 \geq a_2 \geq a_3 \geq ... \geq a_n \geq 0$ және $b_1 \leq b_2 \leq b_3 \leq ... \leq b_n \leq 0$ болса, онда $n(a_1b_1 + a_2b_2 + ... + a_nb_n) \leq (a_1 + a_2 + ... + a_n) \bullet (b_1 + b_2 + ... + b_n)$ теңсіздігі орындалады.

Мысал.

Егер $a_1 \geq a_2 \geq a_3 \geq a_4 \geq 0$ және $b_1 \geq b_2 \geq b_3 \geq b_4 \geq 0$ болса, онда $4(a_1b_1 + a_2b_2 + a_3b_3 + a_4b_4) \geq (a_1 + a_2 + a_3 + a_4) \bullet (b_1 + b_2 + b_3 + b_4)$ теңсіздігінің орандалатындығын дәлелдеу керек.

Есептің шарттары орындалса, онда

$$a_1b_1 + a_2b_2 + a_3b_3 + a_4b_4 \geq a_1b_1 + a_2b_2 + a_3b_3 + a_4b_4$$
$$a_1b_1 + a_2b_2 + a_3b_3 + a_4b_4 \geq a_1b_2 + a_2b_3 + a_3b_4 + a_4b_1$$
$$a_1b_1 + a_2b_2 + a_3b_3 + a_4b_4 \geq a_1b_3 + a_2b_4 + a_3b_1 + a_4b_2$$
$$a_1b_1 + a_2b_2 + a_3b_3 + a_4b_4 \geq a_1b_4 + a_2b_1 + a_3b_2 + a_4b_3$$

Бұл теңсіздітердің сол жағындағы өрнектерді бөлек, оң жағындағы өрнектерді бөлек қоссақ:

$$4(a_1b_1 + a_2b_2 + a_3b_3 + a_4b_4) \geq a_1 \bullet (b_1 + b_2 + b_3 + b_4) + a_2(b_1 + b_2 + b_3 + b_4) +$$
$$a_3(b_1 + b_2 + b_3 + b_4) + a_4(b_1 + b_2 + b_3 + b_4)$$

дәлелдеу керегі де осы еді [5].

Математикадан өтілетін факультативтік сабақтарда оқушылардың қызығушылығын қалыптастыруға, еңбек дағдысын, ізденімпаздығын арттыруға, өзінің мектеп бағдарламасы бойынша алған білімін дамыта отырып, оның өмірге қажеттілігін айқындауға, қолдана білуге дағдылантуға баулу керек.

Мектеп курсындағы математиканың мәні оның көп қырлылығында, ягни негізгі объектілері нақты өмірге негізделгендігінде. Сондықтан бағдарламадан тыс стандарт емес есептерді шығару оқушылардың білім жүйесін және ойлау қабілетін кең түрде дамытады.

Есеп шығару математиканы игерудің ең жоғары продуктивтік формасы және де бұл процесс математикадан өткізілетін барлық кластан тыс жұмыстардың қажетті компоненті болуы керек. Математикалық олимпиадада берілетін есептер - стандарт емес есептер. Олимпиадалық есептер, әдетте біршама зеректікке, біліктілікке есеп шешудің өзіндік стандарт емес әдістерін табуға көмектеседі.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. *Пойа Д. Математикалық таным. Москва, 1976 ж.*
2. *Ералиев С. Натурал сандардың қасиеттеріне арналған стандарт емес есептерді шешу тәсілдері // «Ұлы даланың жеті қыры – ұлттық болмыстың негізі» атты халықаралық ғылыми- тәжірибелік конференция еңбектері. – Шымкент, «Әлем» баспаханасы, 2019ж. – 368 б.*
3. *Ералиев С., Абуова А.Е. Алгебралық теңсіздіктерді дәлелдеудің кейбір тәсілдері // «Ұлы даланың жеті қыры – ұлттық болмыстың негізі» атты халықаралық ғылыми- тәжірибелік конференция еңбектері. – Шымкент, «Әлем» баспаханасы, 2019ж. – 368 б.*
4. *Серікбаева В.Е. Математикалық пәнаралық байланыстары. Оқу әдістемелік құрал - Алматы, 2007ж. – 199 б.*
5. *Шалбаев Е.Б., Қаңлыбаев Қ.И., Шияпов К.М. Теңсіздіктер. Алматы, «Глобус» баспасы 2007ж. – 62 б.*

МРНТИ 27.29.17, 27.41.19
УДК 517.95

Н.Б. Искакова[1], Ж. Кубанычбеккызы[1]

[1]Казахский национальный педагогический университет им. Абая, г. Алматы, Казахстан

ОБ ОДНОМ АЛГОРИТМЕ РЕШЕНИЯ ЛИНЕЙНОЙ КРАЕВОЙ ЗАДАЧИ ДЛЯ ОБЫКНОВЕННОГО ДИФФЕРЕНЦИАЛЬНОГО УРАВНЕНИЯ С ПАРАМЕТРОМ

Аннотация

На ограниченном отрезке рассматривается линейная краевая задача для системы обыкновенных дифференциальных уравнений, содержащих параметр. При фиксированном значении параметра решается задача Коши для обыкновенного дифференциального уравнения. Используя матрицу дифференциальной части и предполагая однозначную разрешимость задачи Коши, исходная краевая задача сводится к системе алгебраических уравнений относительно неизвестного параметра. Существование решения этой системы обеспечивает существование решения исследуемой краевой задачи.

В статье предложен алгоритм нахождения решения исходной задачи, основанный на построении и решений системы линейных алгебраических уравнений. Основными вспомогательными задачами алгоритма являются: задачи Коши для обыкновенных дифференциальных уравнений. Предлагаемая в статье численная реализация алгоритма использует метод Рунге-Кутта четвертого порядка для решения задачи Коши для обыкновенных дифференциальных уравнений

Ключевые слова: краевая задача, параметр, разрешимость, дифференциальные уравнения, приближенное решение.

Аңдатпа

Н.Б. Искакова[1], Ж. Кубанычбеккызы[2]

[1] Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университеті, Алматы қ., Қазақстан

ПАРАМЕТРІ БАР ЖАЙ ДИФФЕРЕНЦИАЛДЫҚ ТЕҢДЕУІ ҮШІН СЫЗЫҚТЫ ШЕТТІК ЕСЕПТІ ШЕШУДІҢ БІР АЛГОРИТМІ ТУРАЛЫ

Шектеулі кесіндіде параметрі бар жай дифференциалдық теңдеулер жүйесі үшін сызықтық шеттік есеп қарастырылады. Параметрдің белгіленген мәні кезінде жай дифференциалдық теңдеуге арналған Коши есебі шешіледі. Дифференциальдық бөліктің фундаменталдық матрицасын пайдалана отырып әрі Коши есебінің бірмәнді шешімділігін ескере отырып, бастапқы шеттік есеп белгісіз параметрге қатысты сызықтық алгебралық теңдеулер жүйесіне келтіріледі. Осы жүйенің шешімінің бар болуы зерттелінді есептің шешімінің бар болуын шешілімділігін қамтамасыз етеді. Бастапқы есептің шешімін табудың сызықты алгебралық теңдеулер жүйесіне келтіріледі. Бастапқы есептің шешімін табудың сызықты алгебралық теңдеулер жүйесін құруға және оны шешуге негізделген алгоритмі ұсынылды.

Алгоритмнің негізгі көмекші есептері мыналар болып табылады: жәй дифференциальдық теңдеулер үшін Коши есебі. Мақалада ұсынылған алгоритмді сандық жүзеге асыру төртінші ретті Рунге-Куттаның әдісін жәй дифференциалдық теңдеулер үшін Коши есебін шешуге пайдаланады.

Түйін сөздер: шеттік есеп, параметр, шешілімділігі, дифференциалдық теңдеулер, жуықталған шешім.

Abstract

ON THE ALGORITHM FOR SOLVING OF A LINEAR BOUNDARY VALUE PROBLEM FOR ORDINARY DIFFERENTIAL EQUATION WITH PARAMETER

Iskakova N. B. [1], Kubanychbekkyzy Zh. [1]

[1]Kazakh National Pedagogical University named after Abai, Almaty, Kazakhstan

A linear boundary value problem for a system of ordinary differential equations containing a parameter is considered on a bounded segment. For a fixed parameter value, the Cauchy problem for an ordinary differential equation is solved. Using the fundamental matrix of differential part and assuming uniqueness solvability of the Cauchy problem an origin boundary value problem is reduced to the system of linear algebraic equation with respect to unknown parameter. The existence of a solution to this system ensures the existence of a solution to the boundary value problem under study.

The algorithm of finding of solution for initial problem is offered based on a construction and solving of the linear algebraic equation. The basic auxiliary problem of algorithm is: the Cauchy problem for ordinary differential equations. The numerical implementation of algorithm offered in the article uses the method of Runge-Kutta of fourth order to solve the Cauchy problem for ordinary differential equations.

Keywords: boundary value problem, a parameter, a solvability, differential equation, approximate solution.

Вопросами существования и единственности решения краевых задач для обыкновенных дифференциальных уравнений, содержащих параметры, занимались многие авторы [1-6].

В данном сообщении на отрезке $[0,T]$ рассматривается линейная краевая задача для системы обыкновенных дифференциальных уравнений с параметром

$$\frac{dy}{dt} = A(t)y + K(t)\mu + f(t), \quad y,\mu \in R^2,\ t \in [0,T], \tag{1}$$

$$y(0) = y^0,\ y^0 \in R^2, \tag{2}$$

$$y(T) = y^1,\ y^1 \in R^2. \tag{3}$$

Здесь $A(t) = (a_{ij}(t)),\ K(t) = (k_{ij}(t)),\ i,j = 1,2,$ - квадратные матрицы второго порядка с непрерывными на $[0,T]$ элементами $a_{ij}(t),\ k_{ij}(t)$ соответственно, $f(t) = (f_i(t)),\ i = 1,2,$ вектор-функция с непрерывными на $[0,T]$ координатами $f_i(t),\ y_0, y_1 \in R^2$ - заданные вектора.

Через $C([0,T],R^2)$ обозначим пространство непрерывных функций $y:[0,T] \to R^2$ с нормой $\|y\|_1 = \max\limits_{t\in[0;T]} \|y(t)\|$.

Решением задачи (1) – (3) является пара $(y^*(t),\mu^*)$, где непрерывная на $[0,T]$ и непрерывно дифференцируемая на $(0,T)$ функция $y^*(t)$, удовлетворяет обыкновенному дифференциальному уравнению с параметром (1) при $\mu = \mu^*$ и условиям (2), (3).

Пусть Ф(t) – фундаментальная матрица соответствующей однородной системы линейных дифференциальных уравнений (1). Тогда общее решение линейной системы дифференциальных уравнений с параметром (1) имеет вид

$$y(t) = \Phi(t)\cdot C_1 + \Phi(t)\int_0^t \Phi^{-1}(\tau)[K(\tau)\mu + f(\tau)]d\tau, \tag{4}$$

где C_1 – произвольная постоянная.

Полагая $y = y^0$ при $t = 0$, из (4) получим

$$y(t) = \Phi(t)\cdot\Phi^{-1}(0)\cdot y^0 + \Phi(t)\int_0^t \Phi^{-1}(\tau)[K(\tau)\mu + f(\tau)]d\tau. \tag{5}$$

Подставляя правую часть (5) в краевое условие (3) относительно параметра μ, получим систему линейных алгебраических уравнений

$$D\cdot\mu = \tilde{d},\ \tilde{d} \in R^2, \tag{6}$$

где

$$D = \Phi(T)\int_0^T \Phi^{-1}(\tau)K(\tau)d\tau,$$

$$\tilde{d} = y^1 - \Phi(T)\cdot\Phi^{-1}(0)y^0 - \Phi(T)\int_0^T \Phi^{-1}(\tau)f(\tau)d\tau.$$

Таким образом, при знании фундаментальной матрицы $\Phi(t)$ разрешимость краевой задачи (1)-(3) сводится к разрешимости системы уравнений (6).

Если матрица D имеет обратную, то, находя μ из (6), и подставляя найденный вектор в правую часть (5), получим решение $(y^*(t),\mu^*)$ линейной краевой задачи (1)-(3) в виде

$$\begin{gathered} y^*(t) = \Phi(t)\cdot\Phi^{-1}(0)\cdot y^0 + \Phi(t)\int_0^t \Phi^{-1}(\tau)[K(\tau)\cdot\mu^* + f(\tau)]d\tau,\ t\in[0,T], \\ \mu^* = D^{-1}\cdot\tilde{d}. \end{gathered} \tag{7}$$

Используя результаты линейной алгебры, устанавливается справедливость следующего утверждения.

Теорема. Задача (1)-(3) однозначно разрешима тогда и только тогда, когда обратима матрица $D = \Phi(T)\int_0^T \Phi^{-1}(\tau)K(\tau)d\tau.$

Итак, если известна фундаментальная матрица $\Phi(t)$, то существование решения линейной краевой задачи с параметром (1)-(3) эквивалентно существованию решения системы линейных алгебраических уравнений (6). Таким образом, однозначная разрешимость задачи (1)-(3) эквивалентна обратимости матрицы D.

The article deals with the issue of improving the methodology of teaching mathematics using new teaching methods in General education schools in the conditions of updated education. The authors characterize the implementation of the principles of didactics through teaching tools and their functions used in teaching mathematics in modern secondary schools. Among these methods, for example, the heuristic method analyzes several tasks from pages of school textbooks as an example and demonstrates learning results achieved in the same way. Using these examples, it is important for the student to analyze the problem depending on the topic of each lesson. In addition, the authors of this article analyse some peculiarities of mathematics teaching.

Keywords: educational process, didactic principle, learning principle, heuristic method.

Мектеп пәндерін оқыту тәжірибесі көрсеткендей белгілі бір пәнді оқыту оқушыларға пәнді оқытуғы таңдалған құралдар мен әдістердің үйлесімділігімен болуы керек. Сондықтан да педагогиканың дидактика деп аталатын бөліміне оқытудың барлық пәндері үшін де әмбебап сипатта болатындай ережелер жинақталған. Осы жинақтау негізінде оқытудың дидактикалық принциптері жасалып, олар барлық пәндерді, оның ішінде математиканы қоса алғандағы, оқытудағы талаптардың жиынтығын құрады. Негізгі дидактикалық ұстанымдар ол:

- оқытудың ғылымилығы;
- тәрбиелік сипаттағы оқыту;
- оқытудың көрнекілігі;
- оқытудағы белсенділік;

- оқушылардың алған білімінің берік болуы;
- оқытудағы бірізділік пен жүйелілік;
- сыныппен жұмыс кезіндегі оқушыға жеке көңіл бөлу [1].

Осылардың арасынан математика пәнін еске ала отыра бірнеше принциптерді атайық:

- *Оқытудың ғылымилық принципі*. Мұғалім осы принципке жүгінеді, егер:

1) математикалық түсінікті анықтау кезінде нақты тұжырымға, математикалық пікірге сүйенсе;

2) оқушыны әр пікірге оймен қарауға үйретсе, негізделмегенді дәлелдеме ретінде қабылдамауға үйретсе, теорема мен анықтаманы нақты ажыратуға үйтерсе және т.б.

Осыған нақты мысал келтірсек:

1) $x^2+1=0$ түріндегі теңдеу қандай сандар жиынында қарастырылатындығы бойынша сұрақ нақтыланады;

2) $a^0=1$ немесе $a^{\log_a b}=b$ өрнектерінің анықтама екендігіне сілтеме беру (олар дәлелденбейді);

3) өрнектің теріс екендігін көрсету: бірінші жаяу жүргінші екінші жаяу жүргіншіге қарағанда жолдың бөлігін $3\frac{1}{7}$ есе артық жүрген («есе» деп айтқанда біз нысанды санаудың басы екендігін қарастырамыз, олар әрине натурал сандар арқылы 1,2,3. жүргізіледі);

4) дәлелдеуге «аналитикалық» тәсілді келесі теңсіздіктерге қолдану толық негізделген болып саналмайды:

$$\frac{a+b}{2} \geq \sqrt{ab} \Rightarrow a + b - 2\sqrt{ab} \geq 0 \Rightarrow \left(\sqrt{a} - \sqrt{b}\right)^2 \geq 0$$ мысалы және т.б.

- *Тәрбиелік сипаттағы оқыту*.

Осындай жолмен жоғарыда аталған принциптер жүзеге асырылып отырады.

Математикаға оқыту бұл тікелей оқыту әдістерімен байланыста болғандықтан да енді сол оқыту түрлері мен әдістеріне тоқталсақ. Әрине мектеп бағдарламасын оқытуда математиканың техника мен ғылымдағы рөлінің түсінікті болуы аса маңызды.

Математикалық білім деңгейін көтеру ол тек мектеп бағдарламасындағы математика пәні мазмұнын қайта құраумен шектеле алмайды, себебі математикалық түсініктер мен теоремаларды, олардың қолданысын, дамуын толық жеткізіп отыратын әдістер жаңартылып, ол жаңаруда міндетті түрде оқушыны өз бетімен білім алуға немесе алған біліміне бұрынғы білгеніне жалғау, барлығын тұтас дамытуға жетелеу идеясы болуы шарт [2].

Математикалық қабілетті дамыту мақсатында оқытқанда тарих мәліметтерін кірістіре отырудағы мақсатты ғалымдар мен әдіскерлер әрбір елдің қоғамдық құрылысына және мектептің жалпы міндеттеріне байланысты әр уақытта түрліше анықтап отырған. Алайда әрқашан да дерлік мынадай мақсаттар бәріне де тән болатын және осы уақытқа дейін де солай болып қалып отыр:

1. Математиканы оқып үйренуге оқушылардың ынтасын арттыру және олардың оқылып отырған нақтылы материалды түсінуін тереңдету.

2. Оқушылардың ақыл-ой өрісін кеңейту және олардың жалпы математикалық мәдениетін арттыру.

Математиканы үйренуді басқа пәндермен ұштастыра отырып, математика дамуына практиканың қандай әсері мен ықпалы тиетінін атап көрсете отырып, біз сонымен оқушыларда математикалық қабілетінің дамуына және оларда дүниетаным көзқарасының қалыптасуына жәрдемдесетін, олардың ақыл-ойының өсіп жетілу үрдісіне, оқу материалын саналы түрде игеруіне көмектесетін боламыз. Математиканың мектептік курсын осылайша тереңірек ұғынып игеру, әрине, оқушылардың пәнге деген ынтасын арттыра түсетіні сөзсіз.

Тарихи мәліметтер қандай түрде баяндалса да, атап айтқанда, қысқаша әңгіме, экскурс, шағын анықтама, есеп шығару, сурет көрсету және оған түсініктеме беру түрінде баяндалса да, бұған жұмсалған уақытты (5-12 мин) зая деп санауға болмайды, тек ол үшін мұғалім тарихи мәліметті сабақта қарастырылып отырған теориялық материалмен тығыз байланыстыра хабарлайтын болуы керек. Осылайша байланыстыру нәтижесінде оқушылардың пәнге деген ынтасы күшейеді, ынта артқанда қызығушылық оянып, оны дамыту арқылы математикалық қабілет артады, сонымен олардың оқуының тиімділігі жоғарылайды. Осының барлығы математикалық сауаттылықты арттырады. Сауаттылық - бұл әртүрлі мазмұндағы баспа және қолжазба материалдарын пайдалана отырып, АКТ-мен жұмыс істеу, анықтау, түсіну, түсіндіру, құру, қарым-қатынас жасау қабілеті.

Сауаттылық-бұл үздіксіз оқыту үрдісі, оның барысында адам қоғамда толыққанды өмір сүруге жеткілікті әлеует пен білім алу бойынша қажетті дағдыларды игереді.

Осы тұста біз математикаға оқытуда жиі қолданылатын эвристикалық әдіс туралы топтастырамыз.

Эвристикалық әдіс философия, кибернетика, психология және педагогика ғылымдарының қиылысуында туындаған. Осы саланың мамандары оны өз бағытында қарастырып, өз қажетінде қолданады, оның түсініктері мен ережелеріне өз ғылымына сай ой береді. Кибернетика бойынша айтсақ эвристика – есептерді шешу жүйесінің тиімділігін жақсартумен байланысты әдістер мен тәсілдер. Психологтар тұжырымы бойынша эвристика – шығармашылық ойлауды зерттейтін психологияның бір бөлігі. Педагогтар бойынша эвристика – есептер щещудің құралдары мен әдістері туралы ғылым. Философтар эвристика ұғымын жаңаны ашуға ықпал етуші ережелер деп қабылдайды [3-4].

Эвристикалық әдісті математикаға оқыту әдісі ретінде қолданудың алғашқы бастамасын белгілі француз педагогы-математик Ф.Лезанның «Развитие математической инициативы» кітабынан табуға болады.Бұл кітапта эвристикалық әдіс заманауи атау алмаған, сондықтан да ол мұғалімге кеңес ретінде беріледі. Оқытудың эвристикалық әдісі XIX ғасырдың басынан бастап Ресей мектептерінде қолданыла бастаған. Сол уақыттың педагогтары оқытудың дәстүрлі әдістерін жаңарту қажеттігін бірнеше рет бастама етіп ұсынған. Оқытудың эвристикалық әдісіне үлкен мән берген педагог-математик Н.А. Извольский болды. «Комбинационная работа» кітабында ол «оқытудың басты міндеті – шығармашылық қабілетті дамыту» деп айтқан. Н.А.Извольский осы ережені ұстанған бірнеше мысалдар келтірейік. «1 ден 100-ге дейінгі сандар» тақырыбын оқығанда оқушыларға төмендегі жаттығу ұсынылады.

1. Бірінші қосынды белгілі болғанда екінші қосындыны берілген амалды орындамай қалай табуға болады:

а) 23+11+9=43

7+19+21=

ә) 11+13+17+19+8=68

19+17+13+11+12=

2. Төмендегі қосындының мәнін қалай жылдам табуға болады:

$$\frac{1}{2}+\frac{1}{2\cdot 3}+\frac{1}{3\cdot 4}+\frac{1}{4\cdot 5}+\frac{1}{5\cdot 6}+\frac{1}{6\cdot 7}+\frac{1}{7\cdot 8}+\frac{1}{8\cdot 9}+\frac{1}{9\cdot 10}$$

Кеңес Одағында белгілі болған математик В.М.Брадис эвристикалық әдісті келесі түрде анықтайды: «Эвристикалық әдіс деп жетекші оқушыларға дайын материалдар мен хабарлар бермей, керісінше оқушылардың сол білімге өздері алып келетіндей жасайтын әдісті атайды».

Эвристикалық әдіске тағыда бір анықтаманы В.В.Репьев берген, алайда ол ғалымның анықтауында ол эвристикалық әдіс емес, эвристикалық әңгіме деп аталып, сипаттама жасалған: «Бұл әдіс мұғалімнің сынып алдына мәселе (теорема, есеп) қойып, кейін оқушыларға мағыналы сұрақтармен бағыттау арқылы сол мәселенің шешіміне алып келуі арқылы жүзеге асырылады»[5].

Осы екі анықтаманы жалпылайтын болсақ, мағынасы бір, яғни қойылған мәселенің шешіміне өз беттерінше қол жеткізу. Осы әдіс сипатталған тағыда бір оқулыққа талдау жасайтын болсақ эвристикалық әдістің ғылым мен тәжірибедегі орнын американдық математик Д. Пойа өзінің «Как решать задачу» атты еңбегінде толық баяндаған.Д. Пойа эвристиканы білімнің арнайы саласы ретінде бергісі келген. Оның пікірінше эвристиканың мақсаты – жаңалықтар ашуға алып келетін ережелер мен әдістерді зерттеу. Осы секілді ойға келген тағыда бір ғалым американдық психолог Д.Брунер болды, оның «Процесс обучения» кітабында осы ой берілген [6].

Оқыту әдістері бұл оқушы мен мұғалімнің оқу-тәрбие тапсырмаларын шешуге бағытталған өзара байланысты реттелген әрекеттері. Келесі суретте оқыту әдістері тағыда бірнеше негіздемелер бойынша жіктелген (сурет 1).

М.Н. Скаткин және И.Я. Лернер осы жіктеуді негізге ала отыра келесі оқыту әдістерін ерекше атап өткен: түсіндіру-иллюстративті, репродуктивті, мәселемен жеткізу, жартылай ізденіс немесе эвристикалық әдіс, зерттеушілік [7].

Осы эвристикалық әдісті Пифагор теоремасын оқыту мысалында жүзеге асыруды қарастырайық:

1. Әр оқушыға шаршының қағаздан жасалған үлгісі таратылады (6х6), оның ішкі бөлігі де шаршы ретінде суреттегідей штрихталған (сурет 2).


Берілетін тапсырма мынадай: штрихталған шаршыны толтыру үшін қанша бірлік шаршы қажет?




Сурет 1. Дидактикада оқыту әдістерін сипаттау

Сұраққа жауап беру үшін оқушылар мынадай әрекеттер жасауы мүмкін:


- штрихталған шаршыны өлшеуге оңай болатындай етіп қиюлары мүмкін, бұл жағдайда ізделініп отырған аудан А, Б, В, Г және Д облыстарының аудандары қосындысынан шығады (сурет 3). S=8+8+4=20 (квадрат бірлікте), ол облыстар суреттегідей болып орналастырылуы мүмкін (сурет 4).
- екіншіден, олар штрихталмалған шаршыны толтыруға қанша шаршы керек екенін анықтаулары мүмкін, мысалы, тікбұрышты үшбұрыштар кесіп алып, оларды екіден тең етіп қарауға болады (сурет 5, 6).




Сурет 2. Шаршының моделі




Сурет 3. Облыстарға бөлу түрі



Сурет 4. Облыстардың қосындысы



Сурет 5. Облыстар кескіні




Сурет 6. Облыстар кескіні

Енді ізделініп отырған аудан келесі айырма түрінде табылады: S=36-2*8=20 (квадрат бірлікте).

Оқушылардың осы тапсырманы орындауда әр тәсілге келуі немесе танысуы шарт болып табылады.

2. Енді әр оқушыға жағдаяттар сериясы жазылған, алдыңғыға ұқсас, парақтың соңында кесте берілген парақтар таратылады (сурет 7).



Сурет 7. Үлгілер

Эвристикалық әдісті кеңінен қолданатын мұғалімдердің тәжірибесі көрсеткендей бұл әдіс оқушының оқу әрекетіне үлкен әсер етеді.

Оқушының бойында «эвристикаға» деген құлшыныс пайда болады, дайын материалмен оқу және жауапқа өзің тапқан жолмен келу арасындағы айырмашылықтарды сезіне бастайды, оқушының белсенділігімен қатар тіл мәдениеті, сөз қоры артады. Оған себеп тапқан жолын, шығарған есебін немесе ойлаған нұсқасын өзгеге түсіндіруге тырысу арқылы өзінің шабыттануына жол ашады, көпшілік арасында өз ойын анық жеткізу мүмкіндігі туады, пікірін нақты формула немесе теоремаға сүйеніп қорытып шығаруға үйренеді. Математикаға оқыту үрдісінде эвристикалық әдісті бастауыш сыныптардан бастап жолға қою жоғарыда айтқандай оқушыға бірнеше оң әсерін тигізеді.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. *Толеуова Ш. Жаңартылған білім мазмұнының ерекшеліктері//Современное образование. - 2017. - №1. - Б.76-78.*
2. *Kosybayeva U.A., Kauymbek I.S., Shamataeva N.K., Sharzadin A.M. The methods of teaching special subjects in high school The methods of teaching special subjects in high school. - Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университеті хабаршысы. Педагогика ғылымдары сериясы.-2019.- №1(61). - Б.123-126 // http://sp.kaznpu.kz/docs/jurnal_file/file20190529031225.pdf*
3. *Нысанқұлова Н. Жаңартылған білім мазмұнының ерекшеліктері // Современное образование. 2017. №1. Б. 76-78.*
4. *Тұрлыханова М. Математикалық ұғымдарды енгізу //«Математика және физика» журналы. - №2, 2015. – 44-45 б.*
5. *Нұр Г. Математиканы оқыту барысында тарихи материалдарды қолдану // «ИФМ» журналы. - №1, 2011. – 13-14 б.*
6. *Лихачев Б.Т. Педагогика: курс лекций: учебное пособие - Изд. 4-е, перераб. и доп. - М. : Юрайт, 2010. - 522 с.*
7. *Өтелбаева А. Математика сабақтарында оқушылардың шығармашылық қызметін қалыптастыру. // «Математика және физика» журналы. - №5, 2011. - 15-18 б.*

МРНТИ 27.21.21
УДК 514.1

Б.Ж. Майбазарова[1], Қ.Х. Баетов[2]

[1]Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университеті, Алматы қ., Қазақстан
[2]Қазақ Ұлттық қыздар педагогикалық университеті, Алматы қ., Қазақстан

GEOGEBRA ПРОГРАММАСЫ КӨМЕГІМЕН КЕҢІСТІКТЕГІ ФИГУРАЛАРДЫҢ ҚИМАСЫН САЛУ ӘДІСТЕМЕСІ

Аңдатпа

Бұл мақалада Geogebra программасы арқылы кеңістіктегі фигуралардың (тетраэдр, призма) қимасын геометрия сабағында салып көрсету әдістемесі айтылады. Геометрия сабағында мұғалімдер Geogebra элементтерін қолданып, кеңістіктегі фигуралардың қимасын оңай табуға болатынын көрсетуіне мүмкіндік өте зор. Қағаз бетіне, тақтаға кеңістіктегі фигуралардың қимасын салғанымен білім алушылардың түсінгендері сирек кездеседі. Ал, Geogebra программасының көмегімен сызуға, көзге елестетуге де жеңіл. Әрі Geogebra программасы сабақты қызықты, ұғынықты және жаңашыл ету үшін де қолдануға болады. Сонымен қатар, білім алушылар барлық жұмыстарды болашақта пайдалану үшін электронды форматта сақтай алады.

Сауалнаманың талдауы көрсеткендей, сабақта осы Geogebra программасының элементтерін қолданғаннан кейін студенттер математикалық ұғымдардың геометриялық бейнесін жақсы түсіне бастады. Сондықтан кеңістіктегі фигуралардың қимасын GeoGebra программасын қолдану арқылы сабақты нәтижелі ете алады.

Түйін сөздер: геометрия, кеңістіктегі фигуралар, Geogebra, программаны қолдану, тәжірибелік жұмыстар, сабақ өту методологиясы, компьютерлік технология.

Аннотация

Б.Ж. Майбазарова[1], К.Х. Баетов[2]

[1]Казахский национальный педагогический университет имени Абая, г.Алматы, Казахстан,
[2] Казахский национальный женский педагогический университет, г.Алматы, Казахстан

МЕТОД ПРЕДСТАВЛЕНИЯ СЕЧЕНИЯ ПРОСТРАНСТВЕННЫХ ФИГУР С ИСПОЛЬЗОВАНИЕМ ПРОГРАММЫ GEOGEBRA

В статье описывается метод представления поперечного сечения пространственных фигур (тетраэдр, призма) в геометрии с использованием программы Geogebra. На уроке геометрии учителя имеют прекрасную возможность использовать элементы Geogebra, чтобы показать, что они могут легко найти поперечное сечение фигур в пространстве. Заметим, что, на бумаге, на доске, сечения фигур в пространстве, ученики редко разбирают. А с помощью Geogebra легко показать и визуализировать. Также программа Geogebra может быть использована, чтобы сделать урок интересным, понятным и инновационным. Кроме того, учащиеся могут сохранить все работы в электронном формате для дальнейшего использования.

Анализ анкет показывает, что после использования элементов этой программы обучающиеся стали лучше понимать геометрическое представление математических понятий. Поэтому сечение фигур в пространстве можно сделать более эффективным с помощью программы GeoGebra.

Ключевые слова: геометрия, пространственные фигуры, Geogebra, применение программы, практикум, методика обучения, компьютерные технологии.

Abstract

A METHOD FOR PRESENTING A SECTION OF SPATIAL FIGURES USING THE GEOGEBRA PROGRAM

Maybazarova B.Zh. [1], Bayetov K.H. [2]

[1 1]Kazakh National Pedagogical University named after Abai, Almaty, Kazakhstan
[2]Kazakh National Women's Pedagogical University, Almaty, Kazakhstan

This article describes a method for representing the cross section of spatial figures (tetrahedron, prism) in geometry using the Geogebra program. In a geometry lesson, teachers have a great opportunity to use Geogebra elements to show that they can easily find the cross section of shapes in space. Note that, on paper, on a blackboard, sections of pieces in space, students rarely make out. And with Geogebra it's easy to show and visualize. Geogebra can also be used to make the lesson interesting, understandable, and innovative. In addition, students can save all work in electronic format for future use. Analysis of the questionnaire shows that after using the elements of this program in the class, students began to better understand the geometric representation of mathematical concepts. Therefore, the cross-section of figures in space can be made more efficient using the GeoGebra program.

Keywords: geometry, spatial figures, Geogebra, application of the program, workshop, teaching methodology, computer technology.

1. Кіріспе

Геометрия пәні үшін ең пайдалы және әмбебап программалардың бірі - бұл Geogebra болып табылады. Geogebraны 2001 жылы Маркус Хоэнвартер ойлап тапқан болатын және бұл тегін программамен www.geogebra.org сайтында қамтамасыз етіледі. Бұл программа 36 тілге аударылған, сондықтан бүкіл әлемнің көптеген қолданушылары ешқандай кедергісіз оны пайдалана алады. Ол интуитивті басқаруға болатын пайдаланушы үшін ыңғайлы бағдарламалық жасақтаманы ұсынады және оны қолдану үшін қосымша дағдыларды қажет етпейді.

Геометрия сабағында Geogebraны қолдануға бір мысал келтірейік. Пифагор теоремасы, барлық оқушыларға жақсы белгілі, тоғызыншы сыныптың оқу бағдарламасының мазмұнында бар. Сондықтан осы теореманы Geogebraны сабақта қолдана отырып, пәнге енгізу және дамыту геометрияға саналы түрде қарауға ықпал етеді деп санайды. Зерттеу сабақта екі тармақта дамыған: біріншіден, сыныпта, екіншіден, компьютерлік зертханада. Зерттеу нәтижесінде оқушылардың жазбаша жазбалары, өтініш жасаған кезде түсірілген фотосуреттердің есептері, зерттеушінің GeoGebra-да салған далалық күнделігі және тиісті хаттамалар жинаудан, зертханадағы білім алушылардың білімі жоғары болғанын көрсеткен [1].

GeoGebra – бұл білім алушылар мен оқытушыларға оқу модульдерін әзірлеу және математикаға елеулі оқыту тәсілдерін ұсынатын геометрияға арналған интерактивті программа. GeoGebra – бұл интерактивті геометриялық жүйе. Нүктелермен, векторлармен, сегменттермен, сызықтармен және қималармен конструкциялар жасай аласыз, сонымен қатар олар кейін динамикалық өзгерген кезде функцияларды жасай аласыз. GeoGebra қолданушы интерфейсі графикалық терезе мен алгебра терезесінен тұрады. GeoGebra-ның екі түрі тән: алгебра терезесіндегі өрнек геометрия терезесіндегі объектіге сәйкес келеді және керісінше. Графикалық терезенің сурет тақтасында геометриялық құрылымдар құру үшін берілген қолмен сіз тінтуірдің көмегімен берілген геометрия құралдарын басқара аласыз. Екінші жағынан, сіз алгебралық енгізуді, командалар мен функцияларды енгізу өрісіне пернетақтаның көмегімен тікелей енгізе аласыз. Барлық объектілердің графикалық бейнесі графикалық терезеде көрсетілген кезде, олардың алгебралық сандық көрінісі алгебра терезесінде көрсетіледі. GeoGebra пайдаланушылық интерфейсі икемді және оқушылардың қажеттіліктеріне бейімделеді. GeoGebra-ны алгебра терезесімен, енгізу өрісімен, координаталық осьтермен тормен және сурет салу үшін дәптермен және көптеген геометриялық құралдармен пайдалануға болады.

Геометрия – көне ғылымдардың бірі. Ғасырлар қойнауынан бізге жеткен дереккөздер адамдардың геометриялық фактілерді біздің эрамызға дейінгі 2000 жылдардың басында қолданғанын көрсетеді. Ежелгі ғылым ретінде геометрия біздің эрамызға дейінгі VII-III ғасырларда ежелгі Грецияда қалыптасты. Геометрияны оқыту проблемалары, геометрияны оқытудың әдіс-тәсілдері Евклид, Архимед және басқалардан бастап әр түрлі елдер мен халықтардың ғалымдары мен оқытушыларының назарында болды. Жалпы ғылымның, әсіресе геометрияның дамуындағы әр жаңа кезең адамзатқа оқыту мен оқытуды жетілдірудің міндеттерін қойды [2].

Бүгінгі күнде геометрияны оқытуды жетілдіру, геометриялық есептер оқушылардың дамуын көздейтін геометрияны оқып үйренудің негізгі құралы болып табылады. Осы бағытта республикамыздың әдіскер ғалымдары А.Е. Әбілқасымова, И.Б. Бекбоев, С. Шәкілікова, М.Е. Есмұқан, С.Т. Сабыров, А.М. Мүбараков, Ә.Қ. Қағазбаева, Д. Рахымбек және т.б. ғалымдар зерттеген.

Геометрияны оқытуда білім алушылардың бойына геометрилық білімді сіңіріп, болашақ математика пәнінің мұғалімдерін даярлау жолында көптеген әдіскер ғалымдар еңбектенді, еңбектенуде. Ал болашақ математика мұғалімдері теориялық білімдерімен қоса, практикалық білімнің де қажет екенін түсінуде.

Болашақ математика мұғалімі бүкіл оқу процесінде оқытуды түсінудің әртүрлі тәсілдерімен байланысты әр түрлі оқыту тәжірибелерін бақылап, бастан өткізеді. Бұл мұғалімдер өздері бақылап отырған нәрсені үйренеді, демек, педагогикалық математика саласынан теориялық деңгейде жасауға болатын ұсыныстарды емес, оқушы ретінде үйренетін жұмыс әдістерін нақтылайды; демек, негізгі және жоғары сыныпта оқыту практикасы болашақ математика мұғалімдері өз сабақтарында теориямен практиканың сәйкес келуін дамытуы керек [3].

Айта кету керек, практикада студент теория мен практика арасындағы ортаны табуды үйренеді. Студенттермен жұмыс жасағанда, қазіргі кездегі жағдайды ескеріп, алдын-ала ойлану керек. Мектеп практикасы барысында геометриялық есептерді шығаруда теориялық білімді меңгеру аса қажет.

Мектеп процесін жеке және ұжымдық зерттеу ретінде процестерді бейнелейтін және бағалайтын кезде білім беру практикасына, алынған нәтижелерге және қатысушылардың оларды түсінуіне баса

назар аударылады. Диалог жүргізу арқылы жалпы қарама-қайшылықтар, проблемалық жағдайларды байқауға болады [4].

Геометриялық есептерді шығаруда программаны қолданудың мүмкіншілігі зор. Білім алушылар программаны қолдана отырып, геометриялық есептерді жылдам шешуіне көмектеседі. Геометриялық есептерді шығаруда көз алдына елестетіп, сызбасын салуды қажет етеді. Планиметрияға қарағанда стреометриялық есептерді шығару күрделі екенін білеміз. Стреометрияны игеру кезінде кеңістіктік фигураларды жазықтыққа кескіндеуде біршама қиындықтар туады. Оқушыларда кеңістіктік елестету жақсы дамымаған, материалды меңгеруі жаттап алудан құрылған, сондықтан бұл оқушылардың біліміндегі формализмге, пәнге деген қызығушылығының және геометриялық құзыреттілігі деңгейінің төмендеуіне әкеледі [5].


Егер теориялық материалды практика жүзінде натурал және бейнелеу тәрізді көрнекілікті қолданумен және кеңістіктік фигураларды программаның көмегімен алғышарттарын орындау арқылы аталған қиындықтар біршама азаяр еді.

Сондықтан стреометрияны игеру кезінде сызбаның сапасына, көрнекілігіне қойылатын талапта жоғары. Кеңістіктегі фигуралардың сызбасын салу принципін, салу жолын меңгермей, күрделі стреометриялық есептерді шешуді үйрену мүмкін емес. Осы есептер негізінде көпжақтың жазықтықпен қимасын салу және ол қиманың түрін анықтау біліктігі жатады.

2. Әдістеме


Мектеп курсындағы стреометрияда қима жазықтығы үш нүктемен немесе нүкте және түзумен, екі қиылысатын немесе параллель түзумен немесе бір нүкте және қима жазықтығына параллель түзумен беріледі. Көпжақтың жазықтықпен қимасын берудің басқа да тәсілдері болуы мүмкін. [5]*:*

Мысалы: *$ABCA_1B_1C_1$* призманың қырларында жатқан *E, F, G* нүктелері арқылы өтетін жазықтықпен қимасын салыңдар (1-сурет) [6].



Сурет 1. $ABCA_1B_1C_1$ призма


Салу. *EG* түзуін жүргізіп, оның *CC*1 және *AC* түзулерімен қиылысу нүктелерін сәйкесінше *H* және *I* деп белгілейік. *IF* түзуін жүргіземіз және оның *AB* қырымен қиылысу нүктесін *K* деп белгілейміз. *FH* түзуін жүргіземіз және оның *B*1*C*1 қырымен қиылысу нүктесін *L* деп белгілейміз. *E* және *K, G* және *L* нүктелерін қосамыз. Пайда болған *EKFLG* бесбұрышы ізделінді қима болады (2-сурет).



Сурет 2. EKFLG нүктелері арқылы өтетін қима

Бұдан күрделірек қималарды салу үшін түзудің бойында жатқан екі нүкте мен олардың жазықтықтағы ортогональ проекциялары арқылы түзу мен жазықтықтың қиылысу нүктесін салуға мүмкіндік беретін *іздер әдісін* қолданатын боламыз.

c түзуі *A*, *B* нүктелері арқылы өтсін және осы нүктелердің π жазықтығындағы *A′*, *B′* ортогональ проекциялары белгілі болсын. Сонда *c* түзуі мен *A′*, *B′* нүктелері арқылы өтетін *c′* түзуінің *C* қиылысу нүктесі *c* түзуі мен p жазықтығының ізделінді қиылысу нүктесі болады (3-сурет).



Сурет 3. π жазықтығындағы ортогональ проекциялары


3. Тәжірибелік қолдану

Geogebra программасы математикалық білімнің танымдық көкжиегін едәуір кеңейтеді және білім алушылардың математикалық зерттеулерге деген қызығушылықтарын дамытуға айтарлықтай ықпал етеді. Бұл тақырыпты оқып-үйрену кезінде кеңістіктегі фигуралардың суреттерін салуға және осы суреттерді есептерді шығаруда қолдануға, сонымен қатар: білім алушылардың негізгі геометриялық денелерді, олардың элементтері мен бөлімдерін бейнелеу қабілетін қалыптастыру; қарапайым геометриялық денелердің негізгі элементтерін есептеу, геометриялық фигуралардың қасиеттерін анықтау, геометриялық денелерді модельдеуге қолдана білу дағдыларын қалыптастыру. Алынған сызбалардың көрнекілігі, эстетикасы, мүмкіншіліктерін қолдана отырып жүзеге асырылатын осы бағдарламаны басқарудың қол жетімділігі жоғары мектеп оқушыларының көпшілігіне оның құралдарын игеруге мүмкіндік береді [7].

Сонымен, бұл зерттеу танымдық іс-әрекеттің өзін-өзі ұйымдастыруға негізделген қосымша өнімдердің жаңа зерттеулерін көрсетумен және анықтаумен «проблемалық облыстарда» математикалық білім берудегі кешенді білімді компьютерлік модельдеу және жобалау, визуалды және математикалық модельдеу негізінде математиканы оқытуға қазіргі заманғы ғылыми жетістіктерді бейімдеу технологиясын жасау әрекеті болып табылады. Технологияны енгізу бай ақпараттық-білім беру ортасында математикалық және компьютерлік модельдеу арқылы білім алушылардың жан-жақты білімін жетілдірумен байланысты [8-11].

4. Қолдану


Мысал 1. ABCDEFGH дұрыс призма берілген. I, J, K нүктелері дұрыс призманың қимасын жүргізу керек (4-сурет).



Сурет 4. ABCDEFGH дұрыс призма


Салу. Geogebra 5.0 программаны ашамыз. «Вид» батырмасын басып «Полотно 3D» таңдаймыз. Үш өлшемді кеңістік пайда болады. Енді сызба дұрыс шығу үшін тышқанның оң жақ батырмасын басып, «сетканы» таңдаймыз. «Правильный многоугольник» таңдаған соң, «Выдавить призму или цилиндр» батырмасын шертіп, биіктігін тандап, дұрыс призманы сызып аламыз. Призманы салып болған соң, «Полотно 2D» дан шығамыз. Енді призманың бойынан I,J,K нүктелерін саламыз. Тышқанның сол жақ батырмасын басып, нүктелер жақсы көріну үшін «Оси» батырмасын шертсек, ось алынып тасталынады. Енді бір жазықтықта жатқан JK нүктелерді «Прямая» батырмасын шертіп қосамыз. JK

және CD түзулерінің қиылысын L нүктесі етіп белгілейміз. IL нүктелері бір жазықтықта жатқандықтан оларды «Прямая» батырмасы көмегімен оларды қосамыз. IL түзу CG қырын M нүктесі арқылы басып өтеді. AD қырын созу арқылы JK түзумен N нүктеде қиылысатын көреміз. IN нүктелерін қосқанда AE қырының бойынан O нүктесі пайда болады. Енді бір жазықтықта жатқан OJ, KM нүктелерін «Прямая» батырмасын шертіп, «Отрезок» батырмасын таңдап қосамыз. Бұдан призманың IJK нүктелері арқылы жүргізілген қима бесбұрыш екені шығады. Қиманың дұрыс шыққандығын «Плоскость через три точки» батырмасын басып, тексеруге болады (5-сурет).




Сурет 5. JKMIO ізделінді қима

Мысал 2. ABCDILJK шаршы берілген. AB, KC, IL кесінділерінің орталары E, F, G арқылы өтетін шаршының қимасын салу керек (6-сурет).



Сурет 6. ABCDILJK шаршы


Салу. Мұнда бір жазықтықта жататын нүктелер жоқ. Олай болса, E, F нүктесін қосып, ізделінді қиманың ізін көреміз. E және F нүктелерінен табан жазықтығына перпендикуляр жүргіземіз. Сонда H, C нүктелері пайда болады. Егер H және C нүктесін қоссақ, EF және HC түзулері M нүктесінде қиылысады. G мен M нүктесі табан жазықтығында жатқандықтан оларды қосамыз. Сонда BC түзуінің бойынан N нүктесі табылады. Егер AD түзуін созсақ, ол GM нүктесімен O нүктесінде қиылысады. OE нүктелерін қосқанда AI кесіндісінің бойынан P нүктесі табылады. DL түзуін созу арқылы OE мен Q нүктесінде қиылысқанын көреміз. Q мен F нүктесі бір жазықтықта жатқандықтан, оларды қосқанда LK кесіндісінің бойынан R нүктесі табылады. Сонымен ABCDILJK шаршының қимасы FNGPER алтыбұрыш екені шығады (7-сурет).



Сурет 7. ABCDILJK шаршының қимасы FNGPER алтыбұрышы

5. Тәжірибе

6В01501-Математика мамандығының 1 курс (МОК 191 – 23 студент, МОК 192 – 25 студент) студенттеріне «Элементар математика (геометрия)» пәнінен «Призмалар мен пирамидалардың жазықтықпен қималарын салу» тақырыбы бойынша тәжірибе жүргізілді. Алдымен жалпы екі топқа тақырып бойынша дәптерге тетраэдр және кубтың берілген үш нүкте бойынша қимасын салуға, бірнеше есептер беріліп, сосын Geogebra-да сызу жолы көрсетілді. Сондағы нәтижені төмендегідей кестемен көрсетеміз (8-сурет).



Сурет 8. МОК 191, МОК 192 топтарының фигура қимасын салу нәтижелері

6. Қорытынды

Көпбұрыштың қимасын салу геометрия саласының қиын тақырыптарының бірі. Кеңістіктегі фигуралардың (тетраэдр, призма) қимасын берілген үш нүкте арқылы салу көптеген білім алушыларға қиындық туғызады. Жалпы дәптерге, тақтаға кеңістіктегі фигураларды да, олардың қимасын да салу оңай болмағандығын эксперимент жүргізуден байқаймыз. Geogebra программасы көмегімен кеңістіктегі фигураларды да олардың қимасын да елестету арқылы жеңіл сызуға болады.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1 *José Carlos Pinto Leivas, Anne Desconsi Hasselmann Bettin, Teorema de pitagoras e o fractal arvore pitagorica: Um experiment no Ensino fundamental. Brazilian Journal of Education, Technology and Society (BRAJETS). Br. J. Ed., Tech. Soc., v.11, n.3, Jul.-Sep., p.444-457, 2018*

2 *Дубинина В.А. Задачи на построение сечений многогранников: теория и электронные технологии. // URL: www.prodlenka.org/metodicheskie-razrabotki. 01.05.2015*

3 *Mesa V. Molfino V. Ochoviet C.. Una intervencion en matematica educative con foco en las practicas de los formadores a partir de tareas de generalizer y particularizar. Revista Práxis Educacional, Vitória da Conquista – Bahia – Brasil, v. 16, n. 39, p. 281-297, abr./jun. 2020.*

4 *João Alberto da Silva. Karin Ritter Jelinek. Vinicius Carvalho Beck. Estrategias e procedimentos de criancas do ciclo de alfabetizacao frente a cituacoes-problemas que envolvem geometria. ETD – Educ. Temat. Digit. Campinas, SP. v.18. .313-331. br./jun.2016*

5 *Әбілқасымова А.Е., Бекбоев И.Б., Хохлова Л.С., Жұмағұлова З.Ә. Көпжақтардың қималарын салу. – Алматы: Атамұра, 2009. – 3-4 б.*

6 *Смирнов В.А., Туяков Е.А. Жалпы білім беретін мектептің жаратылыстану-математика бағытындағы 11-сыныбына арналған оқулық. -Алматы: Мектеп, 2020. 40-41 б.*

7 *Вагина Н.С., Использование пакета динамической геометрии DG для построения сечений многогранников. // Вестник Таганрогского института им. А.П. Чехова. «Науки об образовании, Языкознание и литературоведение, Математика, Философия, этика, религиоведение, Психологические науки». 2009*

8 *Abaturova V.S., Smirnov E.I., Yunusova A.A., Zhokhov A.L., Yunusov A.A., Zhumadullayev D.K. The technological constructs of mathematical training founding in higher education. News of the National Academy of sciences of the Republic of Kazakhstan. Volume 1, Number 329 (2020), 14 – 22 p.*

9 *Gibel, P. & Blanquart-Henry, S. (2017). Favoriser l'appropriation des proprietes geometriques des quadrilateres a l'ecole primaire: etude d'une situation d'apprentissage dans le meso-espace. Revue des sciences de l'education, 43 (1), 37–84 p.*

10 *Далингер В.А., Методика обучения учащихся построению пространственных тел и их сечений на плоскостном чертеже. Международный журнал экспериментального образования. – 2016. – № 12-1. – С. 26-27 с;*

11 *Arzarello, Ferdinando; Soldano, Carlotta. Approaching Proof in the Classroom Through the Logic of Inquiry. 13th International Congress on Mathematical Education (ICME) / Early Caree. 221-243. 2019*

МРНТИ 27.17
УДК 37.0:004 (075.8)

Б. Мүсілімов[1], З.Е. Мұсабекова[1]

[1]Тараз мемлекеттік педагогикалық университет, Тараз қ., Қазақстан

МАТЕМАТИКА КУРСЫНДА АЛГОРИТМДЕУ ЖӘНЕ АРГУМЕНТАЦИЯЛАП ОҚЫТУ ӘДІСТЕРІН ҮЙЛЕСТІРЕ ПАЙДАЛАНУ ТИІМДІЛІГІ ТУРАЛЫ

Аңдатпа

Ұсынылып отырған мақалада математика пәні бойынша білімді және біліктілікті сенімді бекітуде алгоритмдеу және аргументациялап оқыту әдістерін үйлестіре пайдалану тәсілі негізделген және оны тиімді түрде іске асыру мүмкіндігі, оның үлгісі көрсетілген.

Бұл оқыту тәсілі студенттің өз бетінше тыңғылықты және жауапты жұмыс істеуін ұйымдастыруға, оның бойында ізденпаздықты, еңбекқорлықты қалыптастыруға, білім және біліктілігін сапалы жақсартып отыруға, тереңдетуге мүмкіндік береді. Сондықтан, қазіргі заманғы білім беру талаптарына сай математика пәні мұғалімі математиканы оқытудың сапасын жақсартудың негізгі технологияларын және жаңа әдіс-тәсілдерін білуі және тиімді қолданып отыруы керек болады.

Осы тиімді тәсілдегі тұжырымдалған идея кез келген бағыттар бойынша кәсіби деңгейі жоғары мамандар дайындауға оң септігін тигізе алады.

Түйін сөздер: иновациялық-педагогикалық және ақпараттық технологиялар, алгоритмдеп оқыту әдісі, аргументациялап оқыту әдісі, инженерлік техникалық мамандар, ақпараттық және коммуникациялық жасақтар.

Аннотация

Б. Мусилимов[1], З.Е. Мусабекова [1]

[1]Таразский государственный педагогический университет, г.Тараз, Казахстан

ОБ ЭФФЕКТИВНОМ СПОСОБЕ ИСПОЛЬЗОВАНИЯ СОЧЕТАНИЯ МЕТОДОВ АЛГОРИТМИЗАЦИИ И АРГУМЕНТИРОВАННОГО ОБУЧЕНИЯ В КУРСЕ МАТЕМАТИКИ

В статье обоснован эффективный способ использования сочетания метода алгоритмизации и аргументированного обучения для надежного закрепления теоретических знаний и умений по математике, приведен конкретный пример с целью демонстрации его эффективности.

Предложенный методический подход дает возможность студенту более эффективно организовываться и самостоятельно обучаться, успешно заниматься поиском, по своему усмотрению основательно изучать конкретный вопрос математики или кокретную тему. В этой связи современный преподаватель математики должен знать и владеть современными технологиями и методами обучения математике, уметь их эффективно применять на практике.

Основные методические идеи, предложенные авторами в приведенной статье могуть быть успешно использованы для улучшения общепрофессионального уровня студента любой специальности.

Ключевые слова: иновационно-педагогические и информационные технологии, алгоритмические методы обучения, аргументированный метод обучения, инженерно-технические специальности, информационные и коммуникационные средства.

Abstract

ON AN EFFECTIVE WAY TO USE THE COMBINED METHOD OF ALGORITHMIZATION AND REASONED LEARNING IN A MATHEMATICS COURSE

Musilimov B.[1], Musabekova Z.E.[1]

[1]Taraz State Pedagogical University, Taraz s., Kazakhstan

The proposed article substantiates an effective way to use the combined method of algorithmization and reasoned learning for reliable consolidation of theoretical knowledge and skills in mathematics and provides a specific example to demonstrate its effectiveness.

The proposed methodological approach allows the student to organize and study independently more effectively, successfully engage in search, and thoroughly study a specific question of mathematics or a specific topic at their own discretion. In this regard, a modern mathematics teacher should know and possess modern technologies and methods of teaching mathematics, be able to effectively apply them in practice.

The main methodological ideas proposed by the authors in this article can be successfully used to improve the General professional level of a student of any specialty.

Keywords: innovative pedagogical and information technologies, algorithmic teaching methods, reasoned teaching methods, engineering and technical specialties, information and communication teams.

Жаңаша және жаңартылған мазмұнда білім беру және оқыту талаптарына сәйкес пән мұғалімдері білім беру шеберліктерін әрқашан жаңартып, жетілдіріп, жандандырып отырулары қажет болады, мейлінше тезірек қатып қалған стандарттардан арылулары тиіс. Сондықтан, қазіргі заманғы білім беру талаптарына сай математика пәні мұғалімі математиканы оқытудың сапасын жақсартудың негізгі технологияларын және жаңа әдіс-тәсілдерін білуі және оларды деркезінде меңгеруі, тиімді қолданып отыруы керек болады.

Өйткені, бүгінгі күнгі білім беру талабына сай жаңа үлгідегі инновациялық педагогикалық ғылым ерекшеліктерінің бірі – ол оқушылардың жеке өз бетінше білім алуын қолдай және бүгінгі күнгі білім деңгейін ескере отырып, жаңа білім алуына және оны дамытуға бағытталған жаңа оқыту технологияларын ұсыну болып табылады. Оқушыларға жаңа ғасырда кәсіби, әлеуметтік және жеке табысқа жету үшін қажетті дағдыларды дамыту мүмкіндігін беретін жаңа білім бағдарламалары және тәсілдемелерін ұсынумен қатар, жаңаша, бүгінгі заман талабына сай келешек мамандықты таңдай алу мүмкіндігін де беру керек болады. Мұндай қасиетті оқушы бойында тиімді қалыптастыру оның өз оқулық қызметіне сыни тұрғыда қарай алуына және сыни тұрғыда логикалық ойлауын дұрыс қалыптастыру және дамыта, тиімді шешім қабылдай білуіне көп байланысты болмақшы.

Оқушыларға берілетін білім мазмұнын қайта қарастыру маңыздылығы әлемнің жетекші елдерінің қатысуымен өтіп жүрген халықаралық деңгейде танылған алаңдарда да қарастырылып және талқыланып жүрген мәселе. Қазіргі кезеңдегі ұсынылып жатқан жаңа бағдарламалар пән мұғаліміне пәнаралық кіріктіруді іс жүзінде іске асыруға мүмкіндік беретіндей болуы тиіс, әсіресе, математика, физика, механика, информатика және жаратылыстану ғылымдары пәндері бойынша. Өйткені, бүгінгі заман талабына сай инженерлік және техникалық бағыттар бойынша кәсіби деңгейі жоғары мамандар дайындау мәселесі біздің елде өте өткір өзекті мәселеге айналып отыр.

Мысалы, оқу процесіндегі ақпараттық және коммуникациялық жасақтарды қолданудың өзі қолданбалы математиканың және информатиканың практикалық негізі болып есептеледі. Сондықтан, информатиканың негізгі міндеттерінің бірі пайдаланушыны (оқушыны, жалпы болашақ маманды) қолданыстағы, өмірдегі ғылыми-технологиялық жаңалықтармен байланыстыру болса, мұндай байланыстар үшін интеллектуалды оқыту жүйелері, оқытуға арналған программалық құралдар, автоматты оқыту жүйелері, электронды кітаптар, компьютерлік желі түрлері, жалпы IT-технологиялардың жетістіктері, т.б. қолданылады. Осындай жаңа ақпараттық технологиялардың көмегімен әлеуметтік басқару жүйелерін өркендетуге, білім беру және ғылыммен айналысу сапасын, олардың ауқымдық деңгейлерін жақсартуға, жалпы дамытуға, кеңейтуге болады. Білім беру және ғылым салаларында жаңа технологияларды жүйелі пайдалану Елбасының «Қазақстан – 2050» Стратегиялық бағдарламасын, «Қазақстанның Үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» атты Жолдауын, «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласында, Ел Президенті Қ.Тоқаевтың 2019 жылғы Қазақстан халқына арнаған Жолдауында қойылған талаптарды ойдағыдай іске асырудың кілті және құралының бірі болып табылады [1].

Қазіргі кезеңде білім беру, оқыту жүйелеріндегі жаңа ақпараттық технологиялардың түрлері де сан алуан [2]. Мысалы, дидактикалық компьютерлік ойындар, арнаулы оқытушы программалар, қашықтықтан оқыту жүйесі, программалық тілдерді үйрену технологиялары, жаңа коммуникациялық технологиялар, офистік компьютерлік технологиялар, компьютерлік тесті құру және пайдалану технологиялары, электрондық оқулықтар, оқытушы мультимедия және гипермедия жүйелері және т.б. Осы аталған технологиялар қазіргі заманғы педагогикалық оқыту технологияларының негізгі құралына айналып отыр. Педагогикалық технология – оқушының даму шарттарының жиынын құрайтын, оқу-тәрбие процесінің міндеттері мен мазмұнын, түрлері мен әдістерін өзара концептуальды түрде байланысуын ұйымдастыратын әртүрлі пәндер мен әдістердің күрделі және ашық технологиялары болып саналады. Мысалы, қазіргі заманғы ақпараттық оқыту технологияларының ең тиімді әдістемелік негізі модульдік оқыту тәсілі болып отыр. Бүгінгі таңда осы модульдік оқыту тәсілін тиімді іске асырудың құралы болып табылатын *оқулық элементті* ақпараттық оқыту технологияларының – кез келген электрондық оқыту құралдарының басты әдістемелік (әсіресе қашықтықтан оқыту және білім беру технологияларының) негізі бола алады деп толық айтуға болады, сондықтан ол кез келген адамның, болашақ маманның, тіпті бүгінгі маманның да өз бетінше оқып білім алуына, білімін толықтыруына, жетілдіруіне, қажетті өз жеке білім траекториясын айқындауына мүмкіндін беретін педагогикалық программалық құралдарды дайындаудың да әдістемелік негізі бола алады [2].

Осындай қажетті оқулық элементті оқушыға/студентке пән мұғалімінің өзі ұсынуы керек.

Олай болса оны пән мұғалімі оқушы/студент өз бетінше тиімді түрде жеке оқып-үйренуіне болатындай мазмұнда лайықтап дайындауына болады болады деген сөз. Сондықтан, оқулық элемент мазмұны көлемін және оның күрделілік деңгейін пән оқытушысы сыныптағы (академиялық топтағы) жеке оқушының (немесе студенттің) бүгінгі күнгі білімі деңгейіне және психологиялық ерекшелігіне сәйкес әртүрлі етіп деңгейлеп, саралап ұсына алады, яғни бұл сыныптағы әрбір жеке оқушының бүгінгі білім деңгейіне сәйкес оқулық элементтердің мазмұндарын және көлемдерін пән мұғалімінің өзінің таңдай отырып, қажетті деңгейде ұсынуына мүмкіндігі бар болады дегенді білдіреді. Осындай ұсынылатын оқулық элементтердің мазмұндарын таңдау және ондағы білім деңгейін бақылау барысында оқушы бойында жауапкершілік, қызығушылық, еңбекқорлық, өз жеке жетістігін сыни тұрғыда саналы бағалап отыру қасиеттерін қалыптастыру жақсы нәтижелерге жетуге он ықпал етеді. Мұндай қасиетті оқушы бойында тиімді қалыптастыру оның өз жеке оқулық қызметіне сыни тұрғыда қарай алуына және логикалық ойлауын дұрыс қалыптастыру және дамыта білуіне көп әер етеді.

Біздің ұсынып отырған оқыту тәсілі оқушының/студенттің өз бетінше тыңғылықты және жауапты жұмыс істеуін ұйымдастыруға, білім және біліктілігін сапалы жақсартып отыруға мүмкіндік береді. Біз оны мына бір сызықты алгебра курсынан алынған мысал негізінде негіздеп және үлгі ретінде көрсетейік.

Мысал. А матрицасына кері A^{-1} матрицасын Гаусс әдісі көмегімен табыңыз

$$\mathrm{A}=\begin{pmatrix}1 & 2 & 5\\ 3 & 2 & 1\\ 1 & 1 & 1\end{pmatrix}$$

Ұсынылған есепті шығаруда $AA^{-1}=A^{-1}A=E$ қасиетін пайдаланамыз, мұндағы Е - бірлік матрица. Бұл есепті шығаруда алгоритмдеу және аргументациялау (негіздеу) әдістерін үйлестіре пайдалану тәсілін ұсынамыз. Осы тәсілдің идеясы және оны пайдалану үлгісі [3-5] жұмысында келтірілген. Ұсынылған тәсілді пайдалану студентке (мысалы, мектепте оқушыға) бір уақытта бірнеше бағытта параллель тиімді жұмыс істеуге мүмкіндік береді, нәтижесінде студент теорияны да практиканы да параллель қайталайды, меңгереді және сенімді бекітеді, оның білім және біліктілік деңгейі едеуір сапалы жақсарады, математикаға қызығушылығы арта түседі, еңбекқорлық және жауапты түрде жұмыс істей білу қасиеті оның бойында берік қалыптасады. Бұл тәсілді, мысалы, мектеп деңгейінде төменгі сыныптан бастап жүйелі түрде математиканы оқытуда және өз бетінше оқып-үйренуде пайдалану едеуір жақсы нәтижеге жеткізеді деп ойлаймыз. Ал ЖОО-ларда, әсіресе, инженерлік мамандық пәндерін өз бетінше оқып-үйренуде, жалпы кәсіби мамандық алуда, жақсы нәтиже беретіндігіне сенімдіміз.

Ұсынылып отырған тәсіл идеясын мына кесте түрінде көрсеткенді және түсіндіргенді жөн көріп отырмыз.

Кесте. Біліктілікті бекіту алгоритмі

Алгоритм қадамы нөмірі	*Алгоритм қадамының қысқаша мазмұны*	*Алгоритмнің әр қадамын аргументациялап (негіздеп) отыру*	*Алгоритмнің сәйкес қадамдарының нақты іске асырылуы*
1	*2*	*3*	*4*
1	*«Кеңейтілген» матрицаны жазу*	*А матрицасының оң жағына бірлік Е матрицасын тіркеп жазу, яғни* $(A\|E)$ *түрінде жазу, мұндағы А – негізгі матрица, Е - өлшемі (размері) А матрицасымен бірдей болатын бірлік матрица*	$(A\|E)=\left(\begin{array}{ccc\|ccc}1 & 2 & 5 & 1 & 0 & 0\\ 3 & 2 & 1 & 0 & 1 & 0\\ 1 & 1 & 1 & 0 & 0 & 1\end{array}\right)$
2	*«Кеңейтілген» матрицада А матрицасын сатылы түрге келтіру*	$(A\|E)$ *матрицасының жатық жолдарына 1-ші және 2-ші типті элементар түрлендірулер жүргізе (Гаусс әдісін пайдалана) отырып,*	*2.1.* $\left(\begin{array}{ccc\|ccc}1 & 2 & 5 & 1 & 0 & 0\\ 3 & 2 & 1 & 0 & 1 & 0\\ 1 & 1 & 1 & 0 & 0 & 1\end{array}\right)\Rightarrow$

		бірінші кез екте A матрицасын сатылы түрге келтіреміз	$\Rightarrow \left(\begin{array}{ccc\|ccc} 1 & 2 & 5 & 1 & 0 & 0 \\ 0 & -4 & -14 & -3 & 1 & 0 \\ 0 & -1 & -4 & -1 & 0 & 1 \end{array}\right)$ *2.2. Екінші және үшінші жатық жолдарды орындарымен ауыстырамыз, түрлендіруді жалғастырамыз* $\left(\begin{array}{ccc\|ccc} 1 & 2 & 5 & 1 & 0 & 0 \\ 0 & -1 & -4 & -1 & 0 & 1 \\ 0 & -4 & -14 & -3 & 1 & 0 \end{array}\right) \Rightarrow$ $\Rightarrow \left(\begin{array}{ccc\|ccc} 1 & 2 & 5 & 1 & 0 & 0 \\ 0 & -1 & -4 & -1 & 0 & 1 \\ 0 & 0 & 2 & 1 & 1 & -4 \end{array}\right)$ *Осы соңғы «кеңейтілген» матрицада A матрицасы сатылы түрге келтірілді*
3	*Енді* $(A\|E)$ *матрицасында A-ны бірлік матрицаға айналдыруымыз керек*	*1-, 2- және 3-ші типті элементар түрлендірулер (Гаусс әдісі) көмегімен соңғы «кеңейтілген» матрицадағы A сатылы матрицасын бірлік матрицаға айналдыруға болады*	
3.1		*Түрлендіруді соңғы жолдан бастаймыз. Соңғы жолды 2-ге бөлеміз:*	$\left(\begin{array}{ccc\|ccc} 1 & 2 & 5 & 1 & 0 & 0 \\ 0 & -1 & -4 & -1 & 0 & 1 \\ 0 & 0 & 2 & 1 & 1 & -4 \end{array}\right) \Rightarrow$ $\left(\begin{array}{ccc\|ccc} 1 & 2 & 5 & 1 & 0 & 0 \\ 0 & -1 & -4 & -1 & 0 & 1 \\ 0 & 0 & 1 & \frac{1}{2} & \frac{1}{2} & -2 \end{array}\right)$
3.2		*Екінші жолдың элементтерін 4-ке көбе йтіп 3-ші жолдың сәйкес элементтерін қосамыз, ал 1-ші жолдың элементтерін (-5)-ке көбейтіп 3-ші жолдың сәйкес элементтеріне қосамыз:*	$\left(\begin{array}{ccc\|ccc} 1 & 2 & 0 & -\frac{3}{2} & -\frac{5}{20} & 10 \\ 0 & -1 & 0 & 1 & 2 & -7 \\ 0 & 0 & 1 & \frac{1}{2} & \frac{1}{2} & -2 \end{array}\right)$
3.3		*Соңғы матрицада екінші жолдың барлық элементтерін (-1)-ге көбейтеміз:*	$\left(\begin{array}{ccc\|ccc} 1 & 2 & 0 & -\frac{3}{2} & -\frac{5}{20} & 10 \\ 0 & 1 & 0 & -1 & -2 & 7 \\ 0 & 0 & 1 & \frac{1}{2} & \frac{1}{2} & -2 \end{array}\right)$
3.4		*Соңғы матрицада бірінші жолдың барлық элементтерін 2-ге көбейтілген екінші жолдың элементтерінен аламыз:*	$\left(\begin{array}{ccc\|ccc} 1 & 0 & 0 & \frac{1}{2} & \frac{3}{2} & 4 \\ 0 & 1 & 0 & -1 & -2 & 7 \\ 0 & 0 & 1 & \frac{1}{2} & \frac{1}{2} & -2 \end{array}\right)$

3.5		*Сонымен, элементар түрлендірулер көмегімен* $(A\|E)$ *матрицасы* $(E\|A^{-1})$ *түріне келтіріліп тұр*	
3.6		*Түрлендірілген соңғы «кеңейтіл ген» матрицаның сол жақ бөлігінде бірлік матрица шығып тұр*	
3.7		*Ал түрлендірілген соңғы «кеңейтілген» матрицаның оң жақ бөлігінде* A^{-1} *кері матрицасы алынды.* A^{-1} *кері матрицасы мына түрде болып тұр:*	$A^{-1}=\begin{pmatrix}\frac{1}{2} & \frac{3}{2} & 4\\ -1 & -2 & 7\\ \frac{1}{2} & \frac{1}{2} & -2\end{pmatrix}$
4	*Алынған кері матрицаны жазып алу*	*Сонымен, есептің жауабын жазамыз*	$A^{-1}=\begin{pmatrix}0{,}5 & 1{,}5 & 4\\ -1 & -2 & 7\\ 0{,}5 & 0{,}5 & -2\end{pmatrix}$

Көріп отырғанымыздай, бұл тәсіл студенттер үшін үй тапсырмаларын және өзіндік жұмыста рды сапалы орындауда, теориялық материалдарды сенімді бекітуде өте пайдалы әдістемелік құрал болмақшы. Мысалы, бұл тәсілді мектептік математика курсын оқытуда 5-6 сыныптардан бастап тиімді пайдалануға болады деп есептейміз [6-8]. Өйткені, оқушы төменгі сыныптан бастап есеп шығару барысында есептеудің әр қадамын негіздеп (теорияны бекітіп) отыруға үйренеді, машықтанады, оның бойында тыңғылықты жұмыс істей білу қасиеті қалыптасады. Соған байланысты оқушы бойында ертеден бастап сыни тұрғыда ойлау қасиеті қалыптасады, ерте кезден тыңғылықты, жауапты еңбек ету дағдысы (еңбекқорлық) дамиды, математикаға деген қызығушылығы жылдан жылға арта түседі [9-12]. Өйткені, байқап отырғанымыздай, мұнда теория мен практика тікелей байланыстырылады, оқушының сыни тұрғыда ойлай алуы нәтижесінде теориялық білім саналы және сенімді бекітіледі, оның бойында ізденпаздық және еңбекқорлық, өз бетінше жауапты жұмыс істей білу қасиеті берік қалыптасады, оқулық әрекеттерді түрлендіріп және күшейтіп отыру қажеттіліктері туындайды, білімін тереңдету және кеңейтіп отыру мотивациясы алға шығады. Ұсынылып отырған тәсілді пән мұғалімі (оқытушысы) шығармашылық тұрғыда кез келген пәнді оқытуда және оқушылардың (студенттердің) өз бетінше оқып-үйренуінде жүйелі түрде пайдаланатын болса, білім беруде жақсы нәтижеге жете алады деп ойлаймыз, оған сенімдіміз.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1 Полат Е.С., Бухаркина М.Ю., Моисеева М.В., Петров А.Е. Новые педагогические и информационные технологии в системе образования. – М.: ACADEMA, 2007.

2 Тренерге арналған нұсқаулық.- «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ, 2015.

3 Мүсілімов Б. Сызықты алгебра элементтері. –Тараз, 2015.

4 Математика әлемі. Математикадан пәндік энциклопедия. – Алматы, 2011.

5 Мүсілімов Б. Матрица және оператор. – Тараз, 2017.

6 Дуйсембаева Э.К., Ильясова Р.А. Использование информационно – коммуникационных технологий в процессе обучения математике// Вестник КазНПУ. Серия «Физико-математические науки» - 2018. - №3(63). - С.347-351

7 Калинченко А.В. Методика преподавания начального курса математики. Учебное пособие. – М.:Академия, 2017.

8 Активные методы обучения на уроках математики в начальной школе/ сост.: Кушнир М.П., Мендыгалиева М., Петрик Е.П. Астана: АОО «Назарбаев Интеллектуальные школы», 2017.

9 Белошистая А.В. Методика обучения математике в начальной школе: курс лекций.- М.:Владос, 2016.

10 Сатыбалдиев О.С., Нурбавлиев О.К. Болашақ математика мұғалімдерінің кәсіби даярлықтарының негізгі көрсеткіштері// ҚазҰПУ Хабаршы. «Физика-математика ғылымдары» сериясы – 2017. - №3(59). – 125-132 б.

11 Алпысов А.К. Методика преподавания математики. Учебное пособие. Павлодар. 2012.

12 Далингер, В.А. Методика обучения математике в начальной школе. Учебное пособие для академического бакалавриата / В.А. Далингер, Л.П. Борисова. - Москва: Наука, 2016.

МРНТИ 27.31.21
УДК 517.925

Н. Нұғыманова[1], Х. Хомпыш[1], А.Ғ. Шәкір[1]

[1]Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық Университеті, Алматы қ., Қазақстан

p,q-ЛАПЛАСИАНДЫ ПСЕВДОПАРАБОЛАЛЫҚ ТЕҢДЕУ ҮШІН СЫЗЫҚТЫ ЕМЕС ЕСЕПТІҢ ЖАЛПЫЛАМА ШЕШІМІНІҢ АСИМПТОТИКАЛЫҚ ҚАСИЕТТЕРІ

Аңдатпа

Бұндағы $\vec{r}_{30}$ дөңгелек орбитаның радиус векторы, $\delta\vec{r}$ орбитаның шеңберден мардымсыз ауытқуын білдіреді.

Сәйкесінше импульс моментінің уақыт бойынша өзгерісін

$$\dot{M} = \dot{M}^{(0)} + \delta\dot{M} \qquad (14)$$

Түрінде жазуға болады. [9, 10]- жұмыстарда, ЖСТ да дөңгелек орбитаның орнықты болатындығы көрсетілген, яғни $\dot{M}^{(0)}$ шамасының нөлге тең екендігі шығады. Өрнектегі екінші мүше $\delta\dot{M}$ шамасын табу үшін, жүйенің конфигурациясының қайталау периоды бойынша орташалау керек:

$$\overline{\delta\dot{M}} = \frac{1}{T}\int_0^T \delta\dot{M}dt \qquad (15)$$

Қозғалыс теңдеулерін δr шамасын ескеріп аналитикалық шешім алу қиын мәселе. Жуықтап интегралдау алғашқы нәтижелері сапалық жағынан қозғалыстың орнықтылығы алғашқы шарттарға байланысты екендігін көрсетті. Нәтижелерді сандық есептеу әдістерін пайдаланып, уақыт бойынша импульс моментінің өзгерісін сипаттау арқылы айқындай түсуге болад. Ол үшін жетілдірілген, сандық есептеу әдістерін пайдалануға тура келеді және ол мәселе біздің келесі зерттеулерімізде қарастырылады.

Қорытынды

Бұл жұмыста, релятивистік, жазық, шектелген үш дене мәселесі қарастырылды. Релятивистік Лагранж және Гамильтон функциялары қарастырылды және сынақ денесі үшін қозғалыс теңдеулері алынды. Сынақ денесі орталық денеге жақын аумақтарда қозғалғанда, Хилла беттері негізінде квазидөңгелек орбитаның шешімі алынды. Сынақ денесінің квазидөңгелек орбиталарының орнықтылығын зерттеу үшін орбитаның векторлық элементтерге негізделген теңдеулер алынды. Шектік жағдайда, яғни дөңгелек орбита жағдайында, қозғалыстың орнықты болатындығы көрсетілді. Орбита шеңберден мардымсыз ауытқығанда, қозғалыс теңдеулерінің күрделі болуына байланысты, дәл аналитикалық шешімдері жоқ. Алайда, теңдеулерді жуықтап шешудің алғашқы нәтижелері көрсеткендей, қозғалыс алғашқы шарттарға байланысты шартты орнықты болады, яғни ондай шарттардың бірі ретінде алғашқы орындарын айтуға болады.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1 *Инфельд Л., Плебанский Е. Движение и релятивизм. М., 1962, 204 с.*

2 *Эйнштейн А., Инфельд Л., Гоффман Б. Гравитационные уравнения и проблема движения // Эйнштейн А. Собр. научн. трудов. М., 1966. Т.2. с. 450-513.*

3 *Фок В.А. Теория пространства, времени и тяготения. М., 1961, 563 с.*

4 *Абдильдин М.М. Механика теории гравитации Эйнштейна. Алма-Ата. 1988, 198 с.*

5 *Brumberg V.A., Relativistic Celestial Mechanics, Moscow, Nauka (1972).*

6 *Ландау Л.Д., Лифшиц Е.М. Теория поля. М., 1973, 400 с.*

7 *Kei Yamada and Hideki Asada Phys. Rev. D 82 104019 (2010).*

8 *Maindl T. I., Dvorak R. J.Math. Phys. 7, 1137-1143(1966).*

9 *Abishev M.E., Toktarbay S., Zhami B. A., Gravit. Cosmol. 20 252-254(2014).*

10 *Abishev M.E., Toktarbay S., Abylayeva A.Zh., Talkhat A.Z., EPJ Web of Conferences, 168 04001 (2018).*

МРНТИ 29.01.45
УДК 53:372.8

К.Ж. Авезова[1], Г.М. Сарсенбаева[2], А.Қ. Қозыбай[1]

[1]Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы қ., Қазақстан
[2]Шет тілдер және іскерлік карьера университеті, Алматы қ., Қазақстан

БОЛАШАҚ ФИЗИКА ПӘНІ МҰҒАЛІМДЕРІН ДАЯРЛАУДА ЭЛЕКТРОНДЫҚ КОНТЕНТТЕРДІ ПАЙДАЛАНУ

Аңдатпа

Бұл мақалада болашақ мамандар даярлаудың заманауи ииновациялық оқыту технологияларының бірі, ақпараттық-коммуникациялық технологияның оқу-тәрбие үдерісіне нәтижелі қолданудың тиімділігі зерделеніп, дәлелді баяндалады. Елімізде мемелекеттік деңгейде ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың ұтымды шешімдерін өндірістің барлық салаларына, оның ішінде білім беруге үдерісіне енгізудің қажеттілігі жан-жақтылы түсіндіріледі. Ақпараттық-коммуникациялық технологияларды оқу үдерісіне кеңінен қолданудың дидактикасымен әдіс-тәсілдерін зерттеген отандық ғалым әдіскерлердің ұсыныстары мақалада көрсетілген. Сонымен қатар, ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың ұтымды өнімдерінің бірі - электрондық контенттерді оқыту үрдісіне пайдалануда болашақ педагог-мамандардың кәсіби дайындығын қалыптастырудың когнетивтік, мазмұндық және іс-әрекеттік компоненттерінің мәндері айқындап жазылған. Мақаланың соңында электрондық контенттің нақты ғылымдарды оқу пәндеріне арнап жасауда басшылыққа алатын негізгі ұстанымдар ретімен сипатталған.

Түйін сөздер: ақпараттық-коммуникациялық технологиялар, оқу процесі, білім беру, оқыту, болашақ мұғалімдерді даярлау.

Аннотация

К.Ж. Авезова[1], Г.М. Сарсенбаева[2], А.Қ. Қозыбай[1]
[1]Казахский национальный педагогический университет им. Абая, г.Алматы, Казахстан
[2]Университет иностранных языков и деловой карьеры, г.Алматы, Казахстан

ИСПОЛЬЗОВАНИЕ ЭЛЕКТРОННОГО КОНТЕНТА В ПОДГОТОВКЕ БУДУЩИХ УЧИТЕЛЕЙ ФИЗИКИ

В статье рассматривается эффективность использования информационно-коммуникационных технологий в образовательном процессе, применение современных инновационных технологий обучения в системе подготовки будущих специалистов. Стратегия государственной политики развития образования требует перехода на технологии цифровизации. В связи с этим возникает необходимость внедрения рациональных решений информационных и коммуникационных технологий во всех сферах экономики, включая образование. В статье представлены рекомендации отечественных ученых и методистов, изучавших дидактику и методы широкого использования информационно-коммуникационных технологий в образовательном процессе. Одним из наиболее эффективных продуктов информационно-коммуникационных технологий являются значения познавательного, содержательного и деятельностного компонентов по использованию электронного контента в учебном процессе в процессе профессиональной подготовки будущих учителей. В заключении даются описания ряда базовых принципов, которыми рекомендуется руководствоваться при разработке электронного контента для конкретных дисциплин.

Ключевые слова: информационно-коммуникационные технологии, образовательный процесс, образование, обучение, подготовка будущих учителей.

Abstract

USE OF ELECTRONIC CONTENT IN THE TRAINING OF FUTURE PHYSICS TEACHERS

Avezova K.[1], Sarsenbaeva G.[2], Kozybay A.[1]
[1]Abai Kazakh National Pedagogical University, Almaty, Kazakhstan
[2]University of Foreign Languages and Professional, Almaty, Kazakhstan

This article discusses the effectiveness of the use of information and communication technologies in the educational process, use of modern innovative teaching technologies in the system of training of future specialists. The strategy of the state policy for the development of education requires a transition to digitalization technologies. In this regard, there is a need to introduce rational solutions of information and communication technologies in all areas of the economy, including education. The article presents the recommendations of domestic scientists and methodologists who studied didactics and methods for the widespread use of information and communication technologies in the educational process. One of the most effective products of information and communication technologies is the value of cognitive, informative and active components for the use of electronic content in the educational process in the process of training of future teachers. In conclusion, descriptions are given of a number of basic principles that are recommended to be guided in the development of electronic content for specific disciplines.

Keywords: information and communication technologies, educational process, education, teaching, training future teachers.

XXI ғасырдағы әлемдік танымдық жүйені дамытудың негізгі бағыттарының біріне, білім беру саласында ақпараттық–коммуникациялық технологияларды тиімді пайдалану, жаңа технологиялар жасау, оны тарату, инновацияны ынталандыру сияқты бағыттар айтарлықтай ықпал етуде. Сонымен қатар болашақ мамандарды дайындауда оқу-тәрбие үдерісіне қажетті заманауи компьютерлік техника құралдарымен қамтамасыз етуді мақсат етіп, оны кәсіптік білім беруге, кәсіби біліктілікті жетілдіруге қажетті ақпараттық коммуникациялық технологияны жасауға негіз болуда.

Елімізде мемелекеттік деңгейде білім беру саласында компьютерлік бағдарламалармен қамтамасыз етуді жетілдіру және ақпараттық– коммуникациялық желілерді дамытуға арналған көптеген жұмыстар атқарылуда. Сондай-ақ алдағы уақытта техникалық қамтамасыздандыру жұмыстары. Интернетті қолдануды сапалы қамтамасыз ететін жолдарын жетілдіру, пән дәрісханалары мен зертханаларын компьютерлендіру, мультимедиалық кабинеттер түрінде электрондық оқу залдарын құруға бағытталған. Бүгінгі таңда ақпараттық коммуникациялық технологияларды оқу үдерісінде қолдану, болашақ мамандарға шексіз көлемде оқу ақпаратын игеруге, яғни әлемдік ақпараттық – коммуникациялық білім беру кеңістігіне қосылуды қамтамасыз етеді.

Сондықтан, кәсіби білім беру жүйесін ақпараттандыру жағдайында кәсіби білім негіздерін меңгерген маман тұлғасын қалыптастыруда, ақпараттық коммуникациялық технологияларды тиімді пайдалануға негізделген бағдарламалық құралдар болып табылатын теориялық материалды ұсынатын, оны меңгеруде өз бетінше шығармашылық жұмыстарды ұйымдастырып, кәсіби білім деңгейін

бағалауға қажетті электрондық контенттер, оқу- әдістемелік және виртуалдық зертханалық кешендерді жетілдіру, оны жасаудың мәселелеріне көңіл аударған жөн.

Қазақстандық білім берудің стратегиялық міндеті әлемдік білімдік кеңістікке кірігу болып саналады. Мемлекеттің осы міндетті шешуінің басым бағыты ретінде кез келген адам үшін, оның денсаулығына, тұрған және өмір сүрген орнына тәуелсіз түрде, жоғары сапалы білім алуға мүмкіндік туғызатын ақпараттандыру қарастырылады.

Біздің республика үшін мектептік білім беруде электрондық оқытудың ерекше әлеуметтік маңыздылығы бар. Аумағы үлкен және халықтың тығыздығы аз Қазақстанда елдің айтарлықтай бөлігі облыстық пен қалалық орталықтан алыстағы ауылдар мен елді мекендерде өмір сүреді. Кіші қалалардың оқу орындары педагог кадрлардың жетіспеушілігін және ақпараттық білімдік ресурстардың әлсіз әдістемелік жасақталуын сезінеді. Білімге қатынас құрудың жетіспеушілігін азайту және елдің тұрған орындарында толымды білім алу мүмкіндігін ұсыну қажет.

Қазақстандық жалпы орта білім берудің елеулі ерекшеліктерінің бірі – ауыл мектептерінің басымдылығы мен шағынжинақы мектептер санының өте көп болуы.

Осы бағыттағы істің жай-күйін өзгерту АҚТ-дың көмегі кезінде мүмкін болады. Қолданбалы бағдарламалық өнімнің негізінде электрондық оқытуды енгізу, әртүрлі сыныптарды қосарластырып оқыту кезінде мұғалімді ішінара алмастыру қажет болғанда, немесе мұғалімнің-қосымша істеушінің кәсіптік дайындығының жеткіліксіздігінің орнын толтыру ретінде, балаларды басқа ірілеу жалпы білімдік мекемелерге ауыстыру қажеттілігінсіз сапалы білім алуға мүмкіндік береді.

Ақпараттандыру жалпы білімдік мектептің жоғарғы сыныптарында бейіндік оқытуды жүзеге асыруға да мүмкіндік береді.

Мүмкіндігіктері шектеулі миллиондаған адамдарды оқыту үшін АҚТ-дың мүмкіндіктерін пайдалана отырып, оларды белсенді іс-әрекетке тартудың айтарлықтай тәжірибелері бар көптеген елдер бар екендігі белгілі. Мұндағы түйінді факторлардың бірі АҚТ құралдарының орын толтырушылық қызметі болып саналады – оларды жүйелі қолдану мұндай балалардың әлеуметтік ортаға бейімделуінің қуатты құралы бола алады. Дәл осылар орын ауыстыруға және қазіргі заманғы телекатынастық технологияларға (скайп, бейнеалқалы жиын, чат) шектелуі бар балаларға да жатады.

Біз білім беруді ақпараттандыруды, мәні – ақпараттандыру педагогикалық жүйе ретінде және ақпараттандыру педагогикалық процес ретінде және диалектикалық бірлікті құратын педагогикалық құбылыс ретінде қарастырамыз. Білім беруді ақпараттандырудың педагогикалық процесін жетілдіру білім беруді ақпараттандырудың барлық жүйесінің қалыптасуын қамтамасыз етеді [1].

Ақпараттық-қатынастық технологиялар деп ақпаратты пайдаланушылардың мүдделері үшін оны жинау, өңдеу, сақтау, тарату, бейнелеу және пайдалану мақсатымен ұштасқан әдістердің, өндірістік процестердің және бағдарламалық техникалық құралдардың жиынтығы түсініледі [2].

Оқытудың ақпарқатынастық парадигмасы, шүбәсіз, білім беру мазмұны үшін жаңа талаптарды анықтайды. Білім беру мазмұны ғылыми білімдердің, практикалық біліктер мен машықтардың, сондай-ақ әлемдік көзқарас пен адамгершілік-эстетикалық идеялардың, оқыту процесінде меңгеруге қажетті әлеуметтік, танымдық және шығармашылық тәжірибенің жүйесі болып табылады. Білім беру мазмұнын (ұсыну формаларын) тасымалдаушылар болып оқу жоспары, оқулықтар, әдістемелік құралдар, жеке оқу пәнін сипаттайтын құжат ретінде оқу бағдарламасы саналады.

Білім беруді ақпараттандыру жағдайында білім беру көздері, АҚТ-ды пайдалану есебінен, тек өз түрін ғана емес, маңызын да елеулі өзгертеді, осы көздердің бірқатары және ақпараттың көлемі іс жүзінде шектелмейтін болады: CD, DVD-де де, сондай-ақ Интернетте де таратылатын цифрлық білімдік ресурстардың әр түрлі типтері; ақпараттық білімдік порталдар; бейнеалқалы жиындар және б. Мектеп оқушылары бар уақыттың көпшілігін дәстүрлі оқулықтағы емес, ауқымды желідегі, онлайын кітапханаларындағы керекті ақпаратты іздестіруге жұмсайды.

Мазмұнды іске асыруда іс-әрекеттілік жай-жапсардың маңыздылығы артады, біліктіліктерді қалыптастыру – шынайы жағдайда оқушылардың практикалық есептерді шешу үшін тек оқулық қоршамындағыны ғана емес, игерілгенді қолдану қабілеттілігі .

Оқытудың ақпарқатынастық парадимасында басымдылық оқытудың интерактивтік әдістеріне, оқушылардың өзіндік оқу-танымдық іс-әрекеттеріне беріледі. Мұғалім тек ақпаратты тасушы, нормалар мен дәстүрлерді сақтаушы ғана емес, оқушының тұлғалығын қалыптастырушы және дамытушы, оны білімге тарту шамасына тәуелсіз осы тұлғалылықты құрметтейтін болуы тиіс [3].

Ақпарқатынастық парадигма оқушының тұлғалығын және оның дамуын негізге қоятын, оқытуды тұлғалық-бағдарланған ететін, инновациялық оқытуды өзекті етеді.

Инновациялық оқыту деп өнімді шығармашылық іс-әрекет ретінде оқуды құрылымдауға мүмкіндік беретін сол әдістерді және алдымен бірлескен, ал содан кейін өзін-өзі ұйымдастыратын оқу-тәрбие процесінің барлық кезеңдерінде әлеуметтік түрде толық құнды өнім жетістіктерімен байланысты оқытушыларды да, оқушыларды да түсінеді [4].

Кейінгі кездері оқыту үдерісіне компьютер, электрондық контент, мультимедиалық, интернет сияқты жаңа ақпараттық коммуникациялық технологияларды қолданудың дидактикасы мен технологиясы кеңінен қолданып келе жатқаны мәлім. Оған Г.К. Нургалиева, А.И. Тажигулова, Е.Ы. Бидайбеков, А.Қ. Қозыбай, Ж.А. Қараев, А.С. Қадырова, т.б. ғалымдар зерттеулері айғақ бола алады.

Болашақ мамандардың кәсіби дайындығын жетілдіруде осы заманғы ақпараттық – коммуникациялық технологияларды пайдаланудың маңызы зор боп тұрған кезде, оқыту үдерісінде оларды қалай, қандай түрде, қандай әдіс-тәсілдермен қолданудың тиімді технологиясын жасау маңызды қажеттіліктердің бірі болып саналады. Сондықтан электрондық контентты жасаудың, оны пайдаланудың қажеттілігі, теориялық алғышарттарының жоқтығы; болашақ мамандардың кәсіби дайындығындағы инновациялық технологиялардың қажеттілігі мен оның практикалық мәселелерінің шешілмегендігі; болашақ мамандарды дайындауда оқулықтарды қолдану, біліктіліктерін жетілдіру мен оны кәсіби қызметте пайдалану құзырлығын қалыптастыру әдістемесінің жасалмағандығы арасында қарама– қайшылықтар туындап отыр.

Бүгінгі күнгі білім ордалары – жоғары оқу орындарының басты міндеті мен мақсаты жақсы адам – білікті мамандарды дайындау екендігі даусыз. Заман талабы өзгерген сайын жоғары оқу орындарына қойылатын талап та өзгереді. Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті, Елбасы Н. Назарбаевтың мемелекеттің болашақ дамуына арналған «Қазақстан–2030» бағдарламасында жоғары білімнің сапалылығы, адамсүйгіштігі және жаһандануы арқылы мәдениет жасаушылық, интеграциялық рөліне ерекше мән берген болатын. Осыған байланысты елімізде жоғары білім беру саласы соңғы жылдары өзгерістерге ұшырап, жаңа бағыт іздеу жолында [5].

Студенттердің педагогикалық практика барысында оқу-тәрбие және ғылыми зерттеу жұмыстарын ұйымдастыру алғышарты–электрондық контентті пайдаланудың әдістері мен мазмұнын анықтау; педагогикалық практика бағыттары бойынша электрондық контентті қолданудың педагогикалық тәжірибелерін жасай білу; дамыған оқыту технологияларын, электрондық контенттарды , шетелдік және өз еліміздегі озық жетістіктерді үздіксіз игере отырып, кәсіби–педагогикалық практикада қолдана білуге бағытталған [6].

Электрондық контенттерді жасау мен пайдаланудың психологиялық – педагогикалық негіздерін ғылыми–зерттеу жұмыстарының нәтижелерінде дамыту және қолдану алғышарты–болашақ мамандар электрондық контентты компьютер, мультимедиа, Интернет арқылы пайдаланудың әдіс-тәсілдерін меңгеруі тиіс;пән мазмұнын электрондық контентқа лайықты етіп жасау мақсатында болашақ маманның бағдарламалау тілдерін меңгеруі керек;болашақ маман кәсіби дайындығын білім мен практиканы ұштастыру арқылы жетілдіру қажет [7].

Оқу үдерісінде электрондық контент оқыту, тәрбиелеу, дамыту және білім мазмұнын меңгеруді диагностикалау құралы мен нысаны бола алады.Оқу процесінде электрондық контентты пайдаланудың екі бағытын айқындасақ:

1. Білім,біліктілік және дағдыларды меңгеру әр түрлі міндеттерді шешу дағдыларын қалыптастыруда электрондық контентты қолдану мүмкіндерін айқындайды.

2. Электрондық контенттер оқу тәрбие үдерісін тиімді ұйымдастыруды арттырудың қуатты құралы бола алады.

Арнайы педагогикалық–психологиялық әдебиеттерді және диссертациялық зерттеулерді талдай келіп, болашақ маманның кәсіби дайындығы ұғымына толық сараптама талдау жасадық.

Біздің зерттеуімізде, болашақ маманның кәсіби дайындығын жетілдіру деп, оның нарықты қоғамға лайықты тұлғалы және когнитивтік (танымдық), әдіснамалық түсінігін инновациялық, физика–техникалық, білімдері мен біліктілігін, ақпараттық технологиялық дағдыларын, іс-әрекеттік, теориялық негіздерінің дамытылуы жолдарын түсінеміз.

Электрондық контенттердің дидактикалық мүмкіндіктері де ерекше: тез арада қайта байланыс орнату; қажетті ақпаратты тез табу; мәтінді қысқа әрі нұсқалы болса да, оны шапша көрсетіп, айқындау;схемалар мен модельдеуді бейнелеудің мүмкіндігі; анимациялар мен безендіру т.б.; кез-келген ақпаратты тез табуға мүмкіншілік туғызылады; қажетті мәтінді шапшаң табуға жағдай жасалады.

Сонымен бірге, электрондық контенттерге белгілі бір талаптар қойылатыны белгілі: курс бойынша ақпарат құрылымы оқу стандартына сай болуы керек; мәтіндік ақпаратты бейне-лекциямен үндесуі керек; мультимедиалық оқулыққа көптерезелі интерфейс қолданылып, әр терезеде ақпарат бір–біріне сілтемелермен байланыста болуы қажет;жай көріністе қиынға түсетін бейнематериалдар мен анимация арқылы толықтырылуы тиіс, сонымен жоғарыда айтылған пікірлерді ескере отырып, электрондық контенттар дайындау үшін мультимедианың барлық мүмкіндігін атап айтқанда: слайд –шоу; мульти – анимация; дыбыстық бейне – фильмдер және т.б. пайдалану қажет.

Қазақстандық ғалымдардың С.М. Кеңесбаев, С.С. Маусымбаев, С.И. Ферхо, К.М. Беркімбаев және т.б. диссертациялық зерттеулерін талдау келіп, оқыту процесінде электрондық контентті пайдалана білуге қатысты болашақ маманның кәсіби дайындығын жетілдірудің когнитивтік, мазмұндық және іс-әрекеттік компоненттерін, кәсіби дайындықты жетілдірудің моделіне енгізуді қажет деп таптық. Себебі болашақ маманның алдымен когнитивтік (танымдық) ынта – ықыласы болуы тиіс.Оның негізінде физика мұғалімі кәсіби дайындығының мазмұндық жүйесі қалыптастырылады.Соңында физика мұғалімінің өзіне тән кәсіби іс-әрекетінің дайындығы дамытылмақ. Демек, электрондық контент арқылы болашақ мамандардың кәсіби дайындығы когнитивтік мазмұндық, іс-әрекеттік болатын төмендегідей компоненттермен ерекшеленеді:

- когнивтік (танымдық) – электрондық контентты пайдалануға қызығушылығы, өз мамандығына деген қызығушылығы, жаңа ақпараттық технологияның жетістіктеріне үмтылысы, электрондық контенттың педагогикалық қажеттілігін түсінуін, мамандық бойынша білімді компьютер арқылы оқудың мүмкіндігіне қол жеткізу жолдарын анықтайды;
- мазмұндық – электрондық контентты кәсіби қызметінде пайдалануы, мамандық бағыты бойынша білімдерінің кәсіби қызметте қажеттілігі туралы сауаттылығы, жаңа ақпараттық технологияларды, электрондық контенттарды оқыту үдерісінде қолданудың мүмкіндіктерін түсіну, оқыту үдерісінде электронды оқулықты пайдалану білімі мәселелерін қамтиды;
- іс-әрекеттік – электрондық контентты пайдалану біліктілігі, өз білімін педагогикалық іс-әрекетте пайдалана білу іскерлігі, компьютерлі технологияларды мәліметтерді өңдеуде қолдана алуы, қазіргі заманғы коммуникациялық құралдардың көмегімен байланыс жасай алуы, интернетпен еркін жұмыс істей алу іскерлігі мен дағдысы, электрондық контентты қолданудың әдістемесін меңгеруін қамтамасыз етеді.

Кәзіргі таңда шет елдерде және Республикамыздағы орта мектептер мен жоғарғы оқу орындарында ақпараттық коммуникациялық технологияларды жиі қолдануда, онда оқу тапсырмаларын және тест сұрақтарын, пәндерге сәйкес күрделі тақырыптарды арнайы сайттарға орналастырып, оқыту үдерісін жүргізеді. Мұнда ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалануда теориялық сұрақтарды тереңірек көрсетіп түсіндіру, физикалық құбылыстар мен үдерістерді интерактивті моделдерді қолданбай оқушыларға тақырыпты толық түсінуге көрнекті жағдайлар жасалады.

Бізге белгілі физика-тәжірибені көп қажет ететін ғылым. Мұнда әртүрлі, арнайы тәжірибелік жұмыстар жүргізіледі. Осыған сәйкес, физика пәнін оқыту әдістемесі әрқашанда басқа пәндерді оқыту әдістемелерінен күрделі болып келеді. Көптеген физикалық үдерістер мен құбылыстарды көрнекі-түсінікті көрсету өте қиын болады. Себебі, ауыл мектептерімен қатар кейбір қала мектептерінде де лабораториялық жұмыстарды арнайы физика пәні сыныптарында жүргізу мүмкіндігі жоқ. Айтылған мәселелерден мектеп оқушылары физика пәнін меңгеруде көптеген қиыншылықтарды кездестіреді. Себебі, меңгеретін үдерістер мен құбылыстарды ойға түсіріп, көзге елестету мүмкін емес. Ал ақпараттық-коммуникациялық технологиялар құралдары физикалық құбылыстарлы анимация түрінде көрсетуге, үдерістің шартын өзгертуге болатындығына нәтижелі мүмкіндіктер жасайды. Физика пәнін оқытуда компьютерлік технологияларды пайдалану, мұғалімнің әдістемесін оқытудың тиімдігін жоғарлатумен қатар, мұғалім еңбегін жеңілдету жағына бағыттайды.

Бұл компьютерлік технологиялармен жұмыс істегенде білім алушылар іргелі ғылыми зерттеулермен, физикалық құбылыстарды бақылау, эксперимент нәтижелерімен кездеседі. Бұл оларға зерттеу әдістемесімен жұмыс істеуге және негізгі әдіс-тәсілдер мен дағдыларды меңгеруіне мүмкіндік береді.

Физика сабақтарында электрондық контенттерді пайдаланудың,әрине өзіндік ерекшеліктері бар: белгілі бір алға қойылған мәселелерді шешу мен нақты пәндік салаға бағытталған болуы; тақырыптарға байланысты мәліметтерді өңдеу және оларды ұсынуға құралдарды икемдей білуі; бағдарлама көмегімен электрондық контентты жасауды жүзеге асыра білуі тиіс.

Ал, Ю.К. Бабанский ұстанымды басқарушы идея, алғашқы ереже ретінде негізгі іс-әрекетке, мінез-құлыққа қойылатын талап деп түсіндіріледі [8].

Оқытудың ұстанымдары өзара байланысты, олар бір бүтін жүйені құрайды. Осы ұстанымдарды ескере отырып, электрондық контент жасауда маңызды рөл атқаратын негізгі ұстанымдар ретінде біз төмендегілерді басшылыққа алдық:

- ғылымилық ұстаным. Оқу материалының мазмұнын ғылыми сенімділікпен баяндауды қамтамасыз ету – соңғы ғылыми жетістіктерді ескеру қажеттілігін білдіреді. Электрондық контент арқылы оқу материалын меңгеру процесі қазіргі ғылыми таным тәсілдеріне (эксперимент, салыстыру, бақылау,абстрактілеу, жалпылау, нақтылау, аналог, индукция және дедукция, анализ бен синтез, модельдеу әдістеріне), сонымен бірге математикалық, жүйелі анализге сәйкес құрылуы тиіс;

- проблемалық оқыту ұстанымы. Оқу танымдық іс-әрекетінің маңызы мен сипаттамасына жағдайында оқыту. Егер білім алушы проблемалық жағдайлармен кездескен кезде оның шешімін табу жолдарын қарастыруда оның ойлау белсенділігі дамиды. Мұндай дидактикалық талапты кәдімгі оқулықтардан қолданудан гөрі электрондық контенттың көмегімен орындау тиімді;

- көрнекілік ұстанымы. Зерттелетін объектілерді, олардың макеттерін немесе модельдерін сезімдік қабылдауды ескеру және білім алушының өзінің бақылау мүмкіндіктерін ашады.Электрондық контентта көрнекілік талапты жүзеге асыру жаңа, мүмкіндігінше жоғары дәрежеде қамтамасыз етілуі тиіс. Мультимедиа элементтерін пайдалану адамның ақпаратты қабылдауының барлық каналдар қамтиды. Электрондық контентта нақты виртуалдық жүйені қолдануға қол жеткізіледі;

- саналылық, өз бетінше жұмыс, іс-әрекеттегі белсенділік ұстанымдары. Оқу ісінде соңғы мақсаттар мен міндеттерді дәл түсінуде оқу ақпаратын электрондық оқу құралдарынан алудың өзіндік іс-әрекетін қамтамасыз ету, бұл жерде ол үшін оқу процесін саналы бағыттау;

- жүйелілік және бірізділік ұстанымы. Оқылатын пән саласында белгілі бір білім жүйесін анықтауда меңгерудің бірізділігін қамтамасыз ету. Білім, іскерлік және дағды анықталған жүйеде, қатаң логикалық тәртіппен қалыптастырылуы қажет және практикалық өмірдегі әрекетке өзінің қолданылуын табуы тиіс: оқу материалы жүйелі және құрылымдық түрде берілуі тиіс; оқу ақпаратының әрбір бөлігін ұйымдастыруда білім, біліктілік және дағдыларды қалыптастыру.

Айтылған электрондық контенттердің артықшылықтарына мыналар жатады: электрондық контентпен жұмыс істегенде пайдаланушы оның әр түрлі кезеңін таңдай алуы; оқу элементтерімен интерактивті байланыстың болуы; студенттердің білім деңгейін тексеруді автоматтандыру арқылы жүйелеу; оқулықтың толық көлемдегі мультимедиалық безендірілуі.

Замани ақпараттық жүйелерді қолдану дағдылары және олардың көмегімен оқыту үрдісінде кәсіби практикалық есептерді шешу іскерліктері мен практикалық маңызды есептерді компьютерлік технолонияның көмегімен шешу нәтижелерін сауатты интерпретациялау іскерлігі, оның нәтижелерін кәсіби практикалық іс-әрекеттерде қолдану дағдыларын болашақ маман бойында қалыптастыру басты назарда болуы қажет. Сонымен, жалпы білім беретін мектептегі барлық оқу процесі – мақсаттан нәтижеге дейін – ақпараттық қатынастық технологиялармен өтетін болуы тиіс. Оқытудың ақпарқатынастық парадигмасына өту ақпараттық қоғамның объективті мұқтаждығы болып саналады.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1 Нургалиева Г. К., Тажигулова А. И. Педагогическая методология и технология информатизации среднего образования. Алматы, 2009.

2 Русско-английский глоссарий по информационному обществу. – [Электрон. ресурс]. – Режим доступа: http://www.iis.ru/glossary.

3 Сорокоумова Е. А. Педагогическая психология: краткий курс. – [Электрон. ресурс]. – Режим доступа: http://www.fictionbook.ru/ author/ elena_aleksandrovna_sorokoumova/pedagogicheskaya_psihologiya_kratkiyi_kurs

4 Паперт С. Образовательные технологии в российской перспективе / Сборник п/р. А. Л. Семенова – М.: МИПКРО-ПРЕСС, 2001

5 2012 жылғы 14 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстан-2050» Стратегиясы «Қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауы.

6 Сарыбаева Ә.Х. Электронды оқулықты жасаудың бүгінгі жағдайы мен технологиялық мүмкіндіктері//Қазақстан кәсіпкері-Алматы, 2008, №10(65)-б. 28-30.

7 Беркімбаев Қ.М., Сарыбаева Ә.Х. Электронды оқулықтарды пайдаланудың педагогикалық ұстанымдары.//Қазақстан мектебі, - Алматы, 2008, №11-б.41-43.

8 Бабанский Ю.К. Педагогика, Просвещение, Москва, 1983 г.,197 стр.

МРНТИ 29.19.15
УДК 539.1

THE DEPENDENCE OF THE COMPRESSION MODULUS OF ICE-SIX AND THE COEFFICIENT OF VOLUME EXPANSION ON PRESSURE AND TEMPERATURE

Bizhigitov T.[1], Yelibayeva A.[1]

[1]Taraz State Pedagogical University, Taraz, Kazakhstan

Abstract

This pioneering study investigated the partial derivatives of the dependence of the compression modulus of ice-six on pressure and temperature, and the coefficient of volume expansion on the temperature at high pressure and low temperature. Ice six is documented on the phase diagram between the pressures 600 and 2000 MPa and between the temperatures 110 and 330 K. The pressure and temperature dependence of the all-round compression module was practically implemented in a multilayer cylinder-piston vessel. The change in the relative volume of the sample was measured using a transducer which converts linear translational motion into electrical pulses. The pressure of the sample was measured by measuring the electrical resistance of tin and gallium conductors and phase transition points of polymorphic ice modifications. The temperature of this ice-six modification was determined by a graduated copper-constantan thermocouple. Moreover, in this paper, the Debye characteristic temperatures of ice-six and the Gruneisen constant are estimated.

Keywords: partial derivatives, temperature, pressure, coefficient of compressibility, thermal volume expansion coefficient.

Аңдатпа

Т. Бижигитов [1], А. Елибаева [1]

[1]Тараз мемлекеттік педгогикалық университеті, Тараз қ., Қазақстан

VI-ШЫ МҰЗ ТҮРІНІҢ СЕРПІМДІЛІК МОДУЛІНІҢ ДЕРБЕС ТУЫНДЫЛАРЫНЫҢ ЖӘНЕ КӨЛЕМДІК ҰЛҒАЮ КОЭФФИЦИЕНТІНІҢ ҚЫСЫМ МЕН ТЕМПЕРАТУРАҒА ТӘУЕЛДІЛІГІ

Мақалада алғаш рет жоғары қысым мен төменгі температурада пайда болатын VI–шы мұз модификацияның жан-жақты сығылу модулінің температура және қысымға алынған дербес туындыларының қысымға және температураға, жылулық көлемдік ұлғаю коэффициентінің температураға тәуелділіктері зерттелген. Мұздың VI–шы модификациясы фазалық диаграммада 600 – 2000 МПа қысым мен 110 – 330 К температура аймағында орналасқан. Жан-жақты сығылу модулінің қысым мен температураға тәуелділігі тәжірибе жүзінде көпқабатты цилиндр-поршень типтес ыдыста іске асырылды. Зерттелетін үлгінің салыстырмалы көлемінің өзгерісі сызықты ілгерілемелі қозғалысты электр импульстеріне айналдыратын түрлендіргіш арқылы өлшенді. Үлгідегі қысым, онда орналасқан қалайы, галий өткізгіштерінің электр кедергісін өлшеу және полиморфты мұз модификацияларының фазалық өту нүктелері арқылы өлшенді. Зерттеліп отырған VI-шы мұз модификациясының температурасы градуирленген мыс-константан терможұбымен анықталып отырды. Сонымен қатар, мақалада VI–шы мұз үшін Дебай температуралары мен Грюнайзен тұрақтысы шамамен бағаланған.

Түйін сөздер: дербес туынды, температура, қысым, сығылу коэффициенті, көлемдік жылулық ұлғаю коэффициенті.

Аннотация

Т. Бижигитов [1], А. Елибаева [1]

[1]Таразский государственный педагогический университет, г.Тараз, Казахстан

ЗАВИСИМОСТЬ МОДУЛЯ ЭЛАСТИЧНОСТИ ШЕСТОГО ТИПА ЛЬДА И КОЭФФИЦИЕНТА РАСШИРЕНИЯ ОБЪЕМА ОТ ДАВЛЕНИЯ И ТЕМПЕРАТУРЫ

В этой статье были исследованы частные производные зависимости модуля сжатия модификации льда-VI от давления и температуры, а также коэффициента объемного теплового расширения от температуры при высоком давлении и низкой температуре. На фазовой диаграмме показана модификация льда-VI между давлениями 600 и 2000 МПа и при температурах 110 и 330 К. Зависимость давления и температуры универсального компрессионного модуля была практически реализована в многослойном цилиндропоршневом сосуде. Изменение относительного объема образца измерялось с помощью преобразователя, который преобразует линейное поступательное движение в электрические импульсы. Давление в образце измеряли путем измерения электрического сопротивления проводников олова и галлия и точек фазовых переходов полиморфных модификаций льда. Температура исследуемой модификации льда-VI определялась градуированной термопарой медь-константан. Кроме того, в этой статье оценены температуры Дебая для льда-VI и константа Грюнайзена.

Ключевые слова: частная производная, температура, давление, коэффициент сжимаемости, коэффициент объемного теплового расширения.

In this research paper, we investigated the partial derivatives of the dependence of the modulus of ice-six elasticity on pressure and temperature, and the coefficient of volume expansion on the temperature at high pressure and low temperature. Ice six is documented on the phase diagram [1] between the pressures 600 and 2000 MPa and between the temperatures 110 and 330 K.

Water plays a unique role as a substance, it is the source of living organism formation and minerals which are found in atmosphere, earth at gas, liquid and solid state. 71% of the Earth surface is surrounded by water. However, it affects the environmental climate and the physical, chemical, and biological phenomena occurring in it. Although a person affects the growth and development of all living organisms, the physical properties of the water and its solid state are not fully researched. Therefore, it is of practical importance to know the dependence of the elastic properties of ice-six on temperature and pressure, and the phase of the ice changes at low temperature and at high pressure.

The concept of high pressure and low temperature are firmly established in modern technology. The problem of the influence of low temperatures and high pressures on the solids covers a wide range of issues – from fundamental problems of stability and phase transformation to the technical material science applications. During the studying the phase change theory there were needed studies, in which the temperature and hydrostatic pressure were used as an additional thermodynamic parameter. By using it, it became possible to explain the relationship between the direction of the phase change point and its mechanism [2].

Another wide area of the pressure and temperature application is the natural science, first of all, physics and earth science. It should be noted here that the work on the study of diagrams of systems, starting from hydrogen, simple metals and other elements, ending with complex combinations of oxides or sulfates, which model the state of matter in the earth's crust. In all of these cases pressure acts as an important parameter of the phase state of the system along with temperature.

The research was carried out in a specially molded and automated device [3], in which an ice sample placed in a thin fluoroplastic bag, and housed in a multilayered cylindrical vessel, measured comparative changes in the in the specific volume, temperature and pressure.

There are widely discussed methods for measuring temperature, pressure, and volume changes in a monograph [4].

There are shown dates (table 1, Figure 1, and 2) the dependencies on the constant temperature of $\frac{\partial K}{\partial T}$ on the pressure and $\frac{\partial K}{\partial p}$ to the temperature.

Table 1. The dependencies on the constant temperature of $\frac{\partial K}{\partial T}$ *on the pressure and* $\frac{\partial K}{\partial p}$ *to the temperature*

Phase	*T, K*	*P, MPa*	$-\frac{\partial K}{\partial T}$	*P, MPa*	*T, K*	$\frac{\partial K}{\partial p}$
VI	*155*	*1150*	*0,220*	*1400*	*248*	*0,080*
		1250	*0,231*		*233*	*0,078*
		1350	*0,264*		*213*	*0,077*
		1450	*0,275*		*193*	*0,076*
		1550	*0,300*		*173*	*0,075*
		1650	*0,322*		*153*	*0,074*
		1750	*0,331*		*133*	*0,074*

From tables and graphs, it can be seen that as the pressure increases the partial derivative of the temperature of the coefficient of elasticity of the ice-six will increase.

As the temperature increases, the partial derivative $\frac{\partial K}{\partial p}$ will increase in an isobaric process.




Figure 1. The dependence of $-\frac{\partial K}{\partial T}$ *ice-six on the pressure at a temperature of 155 K.*




Figure 2. The temperature dependence of the ice-six at a pressure of 1400 MPa.

Table 2 shows the temperature dependence of the coefficient of thermal volume expansion β of ice-six calculated using the formula $\beta = \frac{1}{V}\left(\frac{\partial V}{\partial T}\right)_p$ [4] at constant pressure. The negative values are tabled to reveal a positive linear relationship.

Table 2. The temperature dependence of the coefficient of thermal volume expansion β

Phase	*p, MPa*	*T, K*	$-\beta \times 10^{-4}$
VI	*1400*	*180*	*1,00*
		160	*0,97*
		140	*0,95*
		120	*0,93*
	1700	*240*	*0,95*
		220	*0,90*
		200	*0,87*
		180	*0,85*
		160	*0,83*
		140	*0,80*
		120	*0,77*
	2150	*240*	*0,82*
		220	*0,80*
		200	*0,78*
		180	*0,77*
		160	*0,75*
		140	*0,74*
	2300	*240*	*0,78*
		220	*0,76*
		200	*0,75*
		180	*0,73*
		160	*0,70*
		140	*0,68*

Figure 3, 4, 5, 6 show the temperature dependence of the thermal volume expansion coefficients of ice-six at the constant pressures 1400 MPa, 1700 MPa, 2150 MPa, 2300 MPa.




Figure 3. The temperature dependence of the thermal volume expansion coefficients of ice-six at 1400 МПа




Figure 4. The temperature dependence of the thermal volume expansion coefficients of ice-six at 1700 МПа




Figure 5. The temperature dependence of the thermal volume expansion coefficients of ice-six at 2150 МПа




Figure 6. The temperature dependence of the thermal volume expansion coefficients of ice-six at 2300 МПа

According to the definition of compressibility:

$$\chi = -\frac{1}{V}\left(\frac{\partial V}{\partial T}\right)_T, \frac{1}{K} = \frac{\partial \ln V}{\partial P}.$$

Denoting $\frac{\partial K}{\partial P} = \varphi$ and considering that $\frac{\partial K}{\partial P}$ is a low-varying quantity, we can assume that

$$\frac{d\ln K}{d\ln V} = -\frac{dK}{dP} \approx -\varphi$$

In a first approximation, the Debye characteristic temperature is proportional to $\theta_D = \frac{h}{2\pi K}\sqrt{\frac{K}{\rho}}$, where ρ is the density of ice. Somewhat more accurately, in the approximation of the Debye theory of heat capacity [5]:

$$\theta_D = \left(\frac{9N}{4\pi V}\right)^{1/3} f(\mu)\frac{h}{K}\sqrt{\frac{KV}{M}}$$

or $$\ln\theta_D = \frac{1}{2}\ln K + \frac{1}{6}\ln V + \ln\left[\left(\frac{9N}{4\pi}\right)^{\frac{1}{3}}\frac{h\cdot f(\mu)}{MK}\right]$$

where μ - Poisson's ratio, N - Avogadro's constant, $\rho = \frac{m}{V}$ – the density of ice, M – the molar mass. The function $f(\mu)$ depends weakly on the change in the Poisson's ratio. This follows from Table 3.

Table 3. The dependence of the function $f(\mu)$ on the change in the Poisson's ratio

μ	$f(\mu)$	$f(\mu)^{\frac{1}{3}}$	$f(\mu)^{-\frac{1}{3}}$	$\mu f(\mu)^{-\frac{1}{3}}$
0,25	*4,73*	*1,68*	*0,60*	*0,1575*
0,30	*6,87*	*1,90*	*0,53*	*0,1590*
0,35	*11,10*	*2,23*	*0,45*	*0,1575*

Therefore, the obtained value of K and $\frac{\partial K}{\partial P}$ allows one to approximately estimate the Debye characteristic temperatures of modification ice-six and the Gruneisen constants.

From the above expression for θ_D neglecting the last term of the right-hand side of the equation, we obtain

$$\frac{d\ln\theta_D}{d\ln V} \sim -\frac{1}{2}\left[\frac{d\ln K}{d\ln V}+\frac{1}{6}\right] \approx \left[\frac{1}{2}\varphi+\frac{1}{6}\right] \approx \frac{1}{6}[3\varphi+1]$$

Substituting the values $\frac{d\ln K}{d\ln V}=\varphi$ and assuming that the Grüneisen constant is $\gamma \approx \frac{\partial\ln\theta_D}{\partial\ln V}$, we find:

$$\gamma' \approx \frac{1}{6}[3\varphi+1]$$

As you can see from the result, for the first time, the dependence on pressure and temperature *K(P), K(T)* of the partial derivatives $\left(\frac{\partial K}{\partial T}\right)_P$, $\left(\frac{\partial K}{\partial P}\right)_T$ of the experimentally measured universal compression modulus of polymorphic ice-six modification by differentiating the graphs were determined.

With increasing temperature $\left(\frac{\partial K}{\partial P}\right)_T$ increases, and with increasing pressure $\left(\frac{\partial K}{\partial T}\right)_P$ decreases. Measurement of changes in temperature and pressure in the volume of this sample made it possible to calculate the coefficient of volume thermal expansion of ice-six.

Using the experimentally measured values of the change in the relative volume of the test sample, differentiating the graphs $V(T)_P$, $V(P)_T$ the temperature dependence $\beta=\frac{1}{V}\left(\frac{\partial V}{\partial T}\right)_P$ of the ice-six modification in isobaric processes was studied.

The explanations of the dependence between the influence of external factors and parameters measured in practice and calculated using the laws and formulas of physics are given.

References:

1 Bizhigitov T., Sembieva A. Phase diagram of water at high pressure (0-2500 MPa) and low temperature (90-300 K) in P-T coordinate. Science and world, International scientific journal. №11(51), 2017, vol.1, p.8-10;

2 Бижигитов Т., Кушербаева М. Устройство для получения давления до 3000 МПа. Научный журнал «Механика и технологии». №1, 2017, 162-166 б.;

3 Бижигитов Т., Жапарқұлова Г. Жоғары қысым және төменгі температура физикасы. Монография. Алматы, ЖШС «Экономика» 2013, 167 б.;

4 Бижигитов Т. Статистикалық физика. Физикалық кинетиканың негіздері. Алматы, ЖШС «Дәуір». 2011. 308 б;

5 Бижигитов Т.Жалпы физика курсы. Алматы, «Экономика». 2013. 889 б.

МРНТИ 28.17.23
УДК 001.891.57:53

К. Бисембаев[1], А.М. Боранбекова[1]

[1]Абай атындағы Казақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы қ., Қазақстан

ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ЖОО-да ФИЗИКА ПӘНІН ОҚЫТУДА МАТЕМАТИКАЛЫҚ МОДЕЛДЕУДІ ҚОЛДАНУДЫҢ ҚҰЗІРЕТТІЛІКТЕРІ

Аңдатпа

Осы мақаланың мақсаты – математикалық моделдеуді қолдану арқылы физика мамандығының студенттерін кәсіби бағытталған дайындығын жүзеге асыру үшін қазіргі заманғы бірқатар мәселелер мен әдістерді ашып көрсету. Болашақ физика мұғалімдерін мұғалімдік қызметте математикалық моделдеуді қолданудың әдістері ұсынылады. Сонымен қатар физикалық есептерді шешуде математикалық моделдеуді қолдануға студенттерді дайындаудың нақты әдістемесінің сипаттамасы келтірілген. Математикалық моделдеу соңғы жылда өзіндік объектілерді зерттеу әдістері бар білімнің жеке саласына айналып келе жатыр. Сондықтан, математикалық моделдеуді оқып үйрену, оны физика-механикалық процесстерді зерттеуге қолдана білу және мектеп оқушылары мен студенттерге оқыту маңызды мәселелердің бірі болып отыр. Студенттер математикалық модел арқылы нақты әлемнің немесе физикалық құбылысты, нысандарды сипаттаудың математикалық аппаратын үйренеді.

Түйін сөздер: математикалық моделдеу, әдістеме, пәнаралық байланыс, кәсіби қызмет, құзіреттілік.

Аннотация

К. Бисембаев[1], А.М. Боранбекова[1]
[1] Казахский национальный педагогический университет им. Абая, г. Алматы, Казахстан

КОМПЕТЕНЦИИ МАТЕМАТИЧЕСКОГО МОДЕЛИРОВАНИЯ ПРИ ОБУЧЕНИИ СТУДЕНТОВ ПО СПЕЦИАЛЬНОСТИ ФИЗИКА В ПЕДАГОГИЧЕСКИХ ВУЗ-ах

Цель данной статьи раскрыть ряд современных проблем и методов для осуществления профессиональной ориентированной подготовки студентов специальности физика с использованием математического моделирования. Будущим учителям физики предлагаются методы применения математического моделирования в преподавательской деятельности. Также приводится описание конкретной методики подготовки студентов к использованию математического моделирования при решении физических задач. Математическое моделирование в последние годы становится отдельной отраслью знаний, имеющей методы исследования собственных объектов. Поэтому изучение математического моделирования, умение использовать его в исследовании физико-механических процессов и обучение школьников и студентов является одной из важных проблем. С помощью математической модели студенты изучают математический аппарат описания объектов, физического явления или реального мира.

Ключевые слова: математическое моделирование, методика, межпредметная связь, профессиональная деятельность, компетентность.

Abstract

METHODS OF TEACHING MATHEMATICAL MODELING TO STUDENTS OF THE PEDAGOGICAL INSTITUTES

Bissembayev K.[1], Boranbekova A.M.[1]
[1] Abai Kazakh national pedagogical university, Almaty, Kazakhstan

The purpose of this article is to reveal a number of modern problems and methods for the implementation of professional oriented training of students of the specialty physics using mathematical modeling. Future physics teachers are offered methods of applying mathematical modeling in teaching activities. It also describes a specific method of preparing students to use mathematical modeling in solving physical problems. In recent years, mathematical modeling has become a separate branch of knowledge that has methods for studying its own objects. Therefore, the study of mathematical modeling, the ability to use it in the study of physical and mechanical processes and the training of schoolchildren and students is one of the important problems. Using a mathematical model, students learn the mathematical apparatus for describing objects, physical phenomena, or the real world.

Keywords: mathematical modeling, methodology, inter-subject communication, professional activity, competence.

Кіріспе

2020 жылдан бастап жүзеге асырылып жатқан «Педагог мәртебесі» заң жобасында ұстаздарға көптеген жаңашылдық қарастырылған. Осы Заң педагог мәртебесін айқындайды, педагогтің

құқықтарын, әлеуметтік кепілдіктерін және шектеулерін, міндеттері мен жауапкершілігін белгілейді [1]. Осыған байланысты қазіргі білім беру жүйесіне енгізіліп жатқан өзгерістер болашақ педагог маманнан үздіксіз кәсіби өсуді, білім беру мақсаттарында біліктілікті арттыруды талап етеді. Қазіргі уақытта физиканы оқыту тек білімді меңгертудегі қадам емес, сонымен қатар студенттердің танымдық және шығармашылық қабілетін дамыту құралы болуы тиіс. Бұл орайда бізге математикалық моделдеу көмекке келеді. Себебі, қандай да бір физикалық құбылысты математикалық моделдеу кезінде математикалық модел өзара логикалық байланысқан математикалық өрнектер жиынтығы болып табылады. Көптеген ғылыми зерттеу әдістерінің ішінде математикалық моделдеу ерекше орын алады.

Математикалық моделдеудің (бұдан ары қарай математикалық моделдеу қысқаша ММ) келесідей ерекшеліктерін атап өтуге болады:

- ММ зерттеудің дәстүрлі классикалық әдістерін толықтырады;
- ММ табиғи эксперименттермен қатар, экспериментті дұрыс түсінуге мүмкіндік береді;
- өлшеу нәтижелерін нақтылауға ықпал етеді;
- табиғи эксперимент нәтижесінде зерттеуге мүлдем қол жетпейтін процестер туралы ақпарат алуға мүмкіндік береді.

Сонымен қатар, студенттерді математикалық моделдеуге үйрету арқылы, олардың математикалық білім деңгейін анықтауға мүмкіндік береді. Студенттердің математикалық іс-әрекетін дамытудың ең тиімді құралдарының бірі, есептерді шығару арқылы оқыту болып табылады. Математика пәнін оқытуда тапсырмаларды қолдану мәселесіне көп көңіл бөлінген. В.Н. Ашихмин, П.В. Трусов және т. б. еңбектерінде есептерді шешу білім алушыларда математиканы оқыту процесінде математикалық білім мен қызмет тәсілдерін қалыптастырудың маңызды құралы болып табылатынын айтады [2]. А.А. Исахов моделдеу қоршаған ортаны тануға, онда болып жатқан процестерді егжей-тегжейлі зерттеуге мүмкіндік береді, өйткені табиғи эксперимент жасау әрқашан мүмкін емес және математикалық моделдеу соңғы жылда өзіндік объектілерді зерттеу әдістері бар білімнің жеке саласына айналып келе жатқандығын айтады [3]. Сондықтан, математикалық моделдеуді оқып үйрену, оны физика-механикалық процесстерді зерттеуге қолдана білу, студенттерді математикалық моделдеуге оқыту маңызды мәселелердің бірі болып саналады.

Физикалық есептерді шешуде математикалық моделдеуді қолданудың арнайы құзіреттіліктері

Жоғарыда айтылғанды ескере отырып, классикалық механика курсын оқу кезінде математикалық моделдеуді қолдана отырып есеп шығаруда, физика мамандығының студенттері меңгеруі тиіс арнайы құзіреттер анықталды. Мысалы, 6В01504-Физика мамандығының бакалаврлары үшін физикалық есептерді шешуде математикалық моделдеуді қолданудың арнайы құзіреттерін анықтадық.

1. Жалпы ғылыми құзіреттіліктер – зерттелетін мәселені немесе құбылысқа талдау жүргізу қабілеті. Тәжірибе барысында іргелі физикалық білім мен физикалық зерттеу әдістерін қолдану; студенттің физика саласында жаңа білім алуға деген қабілеті, соның ішінде қазіргі заманғы білім беру және ақпараттық технологияларды қолдану; жаратылыстану – ғылыми пәндер білімін мұғалімдік қызметте қолдану қабілеті; теориялық және тәжірибелік зерттеуде моделдеу әдістерін қолдану қабілеті.
2. Тәжірибелік аспаптық құзіреттіліктер – физикалық нысандар мен құбылыстар туралы білімді іс жүзінде қолдану, сондай – ақ болжамдарды ұсынып, математикалық моделдеуді құру, олардың қолданылу шекарасына талдау жасау қабілеті; зерттеліп жатқан процесс бойынша математикалық модел жасау; ол процеске талдау жасау, зерттеу және негіздеу; физикалық тәжірибелерді жоспарлау және жүргізу қабілеті; өлшеудің дәлдігі мен қателігіне баға беру; алынған нәтижелердің физикалық мағынасына талдау жасау қабілеті.
3. Мақсатты құзіреттіліктер – арнайы мақсаттардың жиынтығымен берілген, олардың ішінде студенттерде физикалық есептерді шешуде математикалық моделдеуді қолдану біліктілігін қалыптастыру; студенттердің теорияны іс жүзінде қолдана алуы үшін арнайы ғылыми білім базасын қалыптастыру және болашақ мұғалімдердің кәсіби қызметінде кездесетін есептерді шешу кезінде математикалық моделдеуді қолдану дағдыларын бекіту; классикалық механикадан есеп шығару барысында студенттерде математикалық моделдеуді қолдану дағдысын қалыптастыру және зерттелуі тиіс оқу материалдарын іріктеу.
4. Талдау – нәтиже құзіреттілігі – классикалық механика бойынша есептерді шешу барысында әртүрлі физика – механикалық процестерді моделдеу біліктілігінің қалыптасу деңгейін анықтайды; бұл құзіреттілің практикалық және зертханалық сабақтарға есептер құрастыру жүйесі; курстық жұмыстарды жазу нұсқаулықтары; тестілер және сауалнамалар жүргізу арқылы жүзеге асырылады.

Осы әдіс арқылы болашақ физика мұғалімдерінің өзінің кәсіби қызметінде математикалық моделдеуді қолдануға дайындығын тексеруге мүмкіндік береді.

Осы құзіреттіліктерді меңгеру арқылы студенттердің зерттеушілік қабілеттері артып, өздерінің болашақ қызметтерінде физикалық есептерді шешу барысында математикалық моделдеуді қолданудың маңыздылығын түсінеді. Осы құзіреттіліктермен қатар, физика мамандығының студенттерін оқытуда математикалық моделдеуді қолдануға дайындау әдістемесінің моделін мотивациялық – мақсатты, мазмұнды, технологиялық және диагностикалық бөлімдерін қарастыруға болады. *Мотивациялық – мақсатты компонент* мақсаттардың жиынтығымен ұсынылған, оның ішінде ең бастысы-студенттердің кәсіби-бағытталған есептерді шешуде технологиялық процестерді математикалық моделдеуді орындай білуін қалыптастыру. Мақсатты дегеніміз кәсіби пәндерді оқу үшін қажетті студенттердің білім мен біліктерінің ғылыми, іргелі базасын жасау; болашақ ұстаздардың кәсіби қызметінде кездесетін есептерді шешу кезінде математикалық моделдеуді қолдану дағдыларын бекіту және студенттердің базалық дайындық деңгейін арттыру. *Мазмұнды - компонент* физика бойынша оқу материалымен ұсынылған, оны оқу барысында студенттерде математикалық моделдеуді қолдана білу дағдысы қалыптасады. Яғни математикалық моделдеуді қолдануға болатын оқу материалы іріктеледі.

Әдістеме моделінің *диагностикалық компоненті* кәсіптік бағыттағы элементтермен физика бойынша есептерді шешу мысалында технологиялар мен өндірістік үрдістерді моделдеу біліктерінің қалыптасу деңгейін диагностикалайды. Бұл компонент практикалық және зертханалық сабақтарға есептер жүйесі, курстық жұмыстарды жазу нұсқаулықтары, тестілер, сауалнамалар арқылы жүзеге асырылады. Ұсынылған әдіс физика мамандығының студенттерінің өзінің болашақ кәсіби қызметінде математикалық моделдеуді қолдануға дайындығын тексеруге мүмкіндік береді.

Есеп шығару барысында математикалық моделдеуді қолданудың кезеңдері

Физика мамандықтарының студенттері математика бойынша алған білімдерін талдайтын болсақ олардың математика және физика курстарының пәнаралық байланыстарын сипаттайтын математикалық моделдерді тиісті түрде жасай алмайтындығын айқындайды. Бұл дәстүрлі оқыту әдістемесі студенттер, негізінен, есептің сандық жауабын алуға бағытталуымен байланысты. Студенттердің алған білімдері болашақ мамандығына сәйкес келмейді, студенттер ғылыми таным әдістерін нашар меңгерген. Студенттер басқа пәндерде оқылатын процестерді түсіндіру үшін математиканы оқу кезінде алған білімдерін пайдалана алмайды. Біз физикалық есептерді шешуде математикалық модельдеуді қолдану арқылы «Физика» мамандығының студенттерін математикаға оқытуда пәнаралық байланыстарды жүзеге асыруды қарастырамыз. Болашақ физика мұғалімдерінің кәсіби шеберлігін қалыптастыру үшін біз кәсіби мазмұны бар және математикалық моделдеуді талап ететін физикалық міндеттерді әзірледік.

Осыған байланысты есеп шығару барысында математикалық моделдеуді қолданудың келесі кезеңдерін ұсынамыз (кесте 1).

Кесте 1. Есептерді шешу кезіндегі математикалық моделдеу кезеңдері

1. Формализация кезеңі	- *есепті қою және оны сапалық талдау* - *математикалық модел құру* - *моделдің барабарлығын тексеру және қажет болған жағдайда түзету енгізу*
2. Моделдеу барысында есепті шешу	- *құрылған моделдің көмегімен қойылған міндеттерді шешу* - *моделдеу арқылы шешім табу*
3. Жауап кезеңі	- *жауапты түсіндіру* - *жүргізілген шешімді зерттеу*

Оқу үдерісін ұйымдастыру әдістері мен формалары арнайы әзірленген дидактикалық құралдардың көмегімен жүзеге асады. Физика курсын оқығанда есептер шешуге көп мән беріледі. Физикалық есептерді шешу және талдау жасау арқылы, физиканың заңдары мен формулаларын есте сақтауға болады. Егер физикадан есептер шешпесек, табиғатта болып жатқан құбылыстар мен өзгерістерді толықтай түсіндіріп бере алмаймыз. Сонымен қатар, есептерді шешу барысында мұғалімнің көмегінсіз білім алушының алдында көптеген қиындықтар кездеседі. Тақырыпты толық меңгермей есеп шығара алмайды, есеп шығармаса тақырыпты меңгере алмайды. Физикалық есептердің қиындығы - есепті шешу үшін қажетті ойша талдау жасау. Есепті шешу барысында есепке талдау жасау, салыстыру тек

қана білімді ғана емес, баланың ойлау қабілетін де қажет етеді. Физика есептерін шешу білім алушыларды тек қана танымның ғылыми әдістемесіне үйретіп қана қоймай, олардың шығармашылық қабілетін, ойлау дағдысын, жан - жақтылығын дамытады.

Зертханалық жұмыстарды орындау кезінде ұстанатын математикалық моделдеу кезеңдері

Физика – эксперименталды ғылым. Сондықтан да, физика курсын оқу барысында экспериментке үлкен рөл берілген. Экспериментті өткізудің негізгі тәсілдерінің бірі – объектіні оның әр түрлі параметрлері мен сыртқы жағдайларында, бір параметрдің осы объектінің басқа параметрлеріне әсер етуі арқылы өзгертуінің ықпалын зерттеу болып табылады. Бұл объектінің қасиетін бейнелейтін заңдылықты айқындау үшін, әдетте, бір емес бірнеше тәжірибе жасау арқылы қол жеткізіледі. Зерттеліп отырған объектінің бір параметрлерінің екіншілеріне тәуелділігін айқындау үшін аталмыш объектінің әр түрлі жағдайындағы оның параметрлерін өлшеуді жүргізу керек, яғни, тым болмаса екі рет. Студенттердің математикалық және компьютерлік модельдеуді қолдана отырып физика бойынша зертханалық жұмыстарды орындаған кезде кәсіби бағыттылық принципі кеңінен қолданылады. Осыған байланысты практикалық және зертханалық сабақтарға арналаған тапсырмалар мен жұмыстарды орындауға арналған тапсырмалар жиынтығының маңызы зор. 2 - кестеде зертханалық тапсырмаларды орындау кезінде ұстанатын математикалық моделдеу кезеңдерін көрсеттік. Тәжірибелік жұмыстарды студенттер арнайы қондырғыларда орындайды, әрі қарай процесті моделдеумен, сондай – ақ процесті кең ауқымда зерттеуге мүмкіндік беретін компьютерді қолдана отырып жұмыс жасау дағдыларын қалыптастыру қажет.

Кесте 2. Зертханалық жұмыстарды орындау кезіндегі математикалық моделдеу кезеңдері

1.Мәселені қою және оның сапалық талдауы	*-тәжірибе мақсатын анықтау* *-тәжірибені жоспарлау және дайындау*
2. Формализация	*-тәжірибені ұйымдастыру және өткізу*
3. Жүзеге асыру	*-процесті математикалық моделдеу* *-компьютерде нәтижесін өңдеу* *-компьютерлік моделдеу*
4. Моделдің барабарлығын тексеру	*-нәтижелерді жинақтау және талдау* *-нәтижелерді іс – жүзінде қолдану*

Барлық моделдер материалдық (пәндік немесе нақты) және идеалды (ойша) болып бөлінеді. Студент жоғарыда көрсетілген кесте кезеңдерін үйрену барысында өз бетімен зертханалық жұмыс жасап, қорытынды жасай алатын болады.

Курстық жұмысты орындау барысындағы математикалық моделдеу кезеңдері

ЖОО- да әрбір пән бойынша курстық және өзіндік жұмыстарды ұйымдастыру маңызды нысандардың бірі. Курстық жұмыс студенттің өзбетінше орындайтын зерттеу жұмысы болып табылады және педагогика, психология немесе жеке әдістемелер саласындағы бір мәселенің мәтін түрінде рәсімделіп, логикалық аяқталған ғылыми зерттеу түрін қамтиды. Студентте ғылыми-зерттеу жұмыстарының дағдыларын қалыптастыру, оның кәсіптік (теориялық, практикалық) дайындық деңгейін көтеру, оқу пәнін терең меңгеру, ғылыми және анықтама әдебиеттермен өзбетімен жұмыс жасау білігі мен қызығушылығын дамыту мақсатында жүргізіледі. Курстық жұмысқа дайындық кезінде студенттің алдында педагогика және мамандық бойынша оқыту әдістемелері саласындағы жаңа ғылыми жетістіктерді ашу міндеті қойылмайды. Студентке тақырыпты баяндау үрдісінде әдебиетті ғылыми пайдалану, баяндалған материалдың әдіснамасын түсіну, мәліметтерді жүйелей білу, жүйелеу мен қорытынды шығару, теория мен практиканы қазіргі өмірмен байланыстыру қабілеттерін көрсету керек. Курстық жұмысты орындау студенттерден тек қана педагогикалық және арнайы білімдерін жетілдіру ғана емес, жекелеген педагогтардың, білім беру ұйымының т.б. практикалық жұмыс тәжірибесімен танысу, тәжірибелік-практикалық немесе тәжірибелік-эксперименттік жұмыстар арқылы мектеп қушыларын тәрбиелеу мен оқыту мәселелерін тиімді шешу тәсілдерін жасақтау және сынақтан өткізуді талап етеді. Курстық жұмыс студенттің оқу сабақтары мен оқу жұмысының бақылау формасының негізгі түрін көрсетеді, бұл студенттердің теориялық білімдерін және оларды қолданудың практикалық дағдыларын, олардың ғылыми бейімділігі мен қызығушылығының деңгейі анықталады. Курстық жұмыс бойынша студенттерді кәсіби қызметке дайындау жүзеге асырылады. Берілген мақсаттарды қанағаттандыратын курстық жұмыстарды

келесідей типтерге бөліп қарастыруымызға болады: - математикалық моделдеу әдісін қолдану арқылы физикалық және математикалық білімдерді біріктіруге негізделген физика бойынша курстық есептік жұмыстар; -ғылыми – зерттеу сипатындағы курстық жұмыстар. Курстық жұмысты орындау барысында студенттерге математикалық моделдеу кезеңдерін ұстану ұсынылады. Ол 3 - кестеде берілген.

Кесте 3. Курстық жұмысты орындау кезіндегі математикалық моделдеу кезеңдері

1. Мәселені қою және оның сапалық талдауы	*-тапсырманың мақсатын анықтау*
2. Формализация	*-нысанның физикалық моделін құру* *- математикалық моделдеуге көшу*
3.Жүзеге асыру	*-алынған міндетті шешу*
4.Моделдің барабарлығын тексеру	*-нәтижені тәжірибелік деректермен салыстыру*
5.Моделді өзгерту	*-қажет болған жағдайда моделді нақтылау*

Курстық жоба жұмысының нәтижесі күрделі мәлелелерді шешуге бірыңғай жаратылыстану-ғылыми көзқарасты қалыптастыру, болжамдар мен есептерді шешу жолдарын іздеу біліктілігін қалыптастыру болып табылады.

Қортынды

Қорытындалай келе, студенттерге физика курсын оқыту барысында меңгеруі тиіс математикалық моделдеудің арнайы құзіреттіліктерін ашып көрсеттік. Физикалық есептерді шығару барысында математикалық моделдеу, зертханалық жұмыс жасау кезеңдеріндегі математикалық моделдеу, курстық жұмыс жасау барысындағы математикалық моделдеу кезеңдерін үйрену студенттердің физикалық заңнамалар мен анықтамаларды дұрыс қолдану дағдыларын қалыптастыруда маңызды рөл атқарады.

Білім алушылардың ойлау қабілетін дамытуда, күнделікті ғылыми ұғымдарды қалыптастыруда пайдалы. Ал, математикалық моделдеудің ғылыми құзіреттіліктерін меңгеру студентке кез келген жұмыста зерттеушілік қабілетінің дамып, дұрыс талдау жасап, нәтиже алуда үлкен көмек болатын әдістердің бірі. Білім беру мазмұнын жаңартуға байланысты, студенттер физика - механикалық құбылыстарды зерттеп оқып-үйренуде, оқу барысында шығаратын қолданбалы есептер табиғатта өтетін процестерді тану үшін математикалық базаны қалыптастыруда оқушылардың физикалық процестердің моделін құрастыруда математикалық моделдеудің қажеттілігі - өмір талабынан туындап отыр.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1 *https://www.inform.kz/kz/pedagog-martebesi-turaly-zannyn-matini-zharyk-kordi_*

2 *Ашихмин В.Н, Трусов П.В «Введение в математическое модеоирование», Москва, Логос 2005. -440с.*

3 *Исахов А.А. Математическое и компьютерное моделирование физических прцессов: учебник. – Алматы: Қазақ университеті, 2018.-324б.*

4 *Самарский Л.А., Михайлов А.П. Математическое моделирование. Идеи. Методы. Примеры. 2-е изд. Физматлит, 2005.-320 с.*

5 *Долженко Е.В, диссертациялық жұмыс, «Математическое моделирование реальных процессов при решении физических задач» 13.00.02 (физика, жалпы білім) Санкт – Петербург 2014.- 198 б*

6 *Разумовский В.Г., Хижнякова Л.С. Современный урок физики в средней школе. Под редакцией Разумовского В.Г. Москва, «Просвещение». 1983.*

7 *Извозчиков В.А., Мартыненко В.Г. Применение ЭВМ при обучении физики. Использование физического эксперимента и ЭВМ в учебном процессе. – Свердловск СГПИ. – 1987. – С. 89-92.*

8 *Беломестнова В.Р, диссертациялық жұмыс, «Математическое моделирование при интеграции курсов математики и физики в обучении студентов физических специальностей педвузов» 13.00.02 (физика, 13.00.02 (физика, жалпы білім) Чита – 2006.-196 с.*

9 *Аймауытов Ж, Жан жүйесі мен өнер таңдау, Мектептегі психология.-2008-384 б.*

10 *Ушинский, К. Д. Собрание сочинений. Т. 5: Методические статьи и материалы. -М.: АПН РСФСР, 1949.-591 с.*

11 *Чернышевский, Н. Г. Избранные педагогические сочинения. - М.: Педагогика, 1983.-335 с.*

12 *Выгодский, Л. С. Педагогическая психология / Под ред. В. В. Давыдова. -М.: Педагогика, 1991.-480 с.*

МРНТИ 41.29.15; 41.29.17; 41.29.25; 41.29.33
УДК 524.4; 524.82; 524.83; 524.85

М.П. Иманқұл[1], Ш.Р. Мырзақұл[1]

[1]Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы қ., Қазақстан

f (R) ХОРАВА-ЛИФЩИЦ КОСМОЛОГИЯСЫН НЕТЕР СИММЕТРИЯСЫ АРҚЫЛЫ АНЫҚТАУ

Аңдатпа

Біз бұл жұмыста Хорава-Лифщиц гравитациясының нақты космологиялық шешімдерін, Нетер теориемасы арқылы зерттеудеміз. Бұл тәсілдің ерекшелігі, тиімді Лагранжианның эффективті түріне қажетті симметрияның шексіз шағын өзгерістері үшін пайдалану, ол үшін мұндай симметриялар бар форманы айқын анықтау қажет. Мұндағы динамика коэффициенті уақыттың экспоненциалды функциясына немесе қуат заңына сәйкес өзгереді. *f*-эссенция фермиондық өрістерінің жалпыланған түрі болып табылады. Осы жұмыста біз Фридман-Робертсон-Уолкер жазық ғаламдағы тұтқыр сұйықтықты *f*-эссенция динамикасын зерттейміз. Сондай-ақ, бұл жұмыста тұтқыр сұйықтықтардың түрлерін және әлемнің ағымдағы үдемелі ұлғаю мүмкіндігін қарастырамыз. Сонымен қатар жұмыста қарастырылып отырған модельдің ғарыштық параметрлері анықталды.Үдемелі ұлғаю, әлемнің үдемелі ұлғаюының көптеген қазіргі заманғы модельдерінде қарастырылатын идеалды сұйықтықтың әсер етпейтін жағдай сияқты фермиондық өрістің тұтқыр сұйықтығымен де алынуы мүмкін.

Түйін сөздер: Хорава-Лифщиц гравитациясы, *f (R)* гравитация, Нетер симметриясы, *f*-эссенция, әлемнің ұлғаюы.

Аннотация

М.П.Иманкул[1], Ш.Р. Мырзакул[1]
[1]Казахский национальный университет им. аль-Фараби, г.Алматы, Казахстан

f (R) ХОРАВА-ЛИФЩИЦА КОСМОЛОГИИ ЧЕРЕЗ СИММЕТРИИ НЕТЕР

Мы исследуем общий подход к нахождению точных космологических решений в гравитации Хорава-Лифшица, основанный на теореме Нётера. Особенностью этого подхода является то, что он использует поведение эффективного Лагранжиана при бесконечно малых преобразованиях искомой симметрии, явно определяя форму, для которой существуют такие симметрии. Показано, что динамика масштабного коэффициента изменяется в соответствии с экспоненциальной функцией времени или степенным законом. *f* - эссенция представляет собой обобщенную форму фермионных полей. В настоящей работе мы изучаем динамику *f* - эссенции с вязкой жидкостью в плоской Вселенной Фридмана-Робертсона-Уолкера. А также в данной работе проанализированы различные типы вязких жидкостей и исследована возможность воспроизведения текущего ускоряющегося расширения Вселенной. Определены космологические параметры этой модели. Показано, что ускоренное расширение также может быть получено с вязкой жидкостью фермионного поля, как и в случае невзаимодействующей идеальной жидкости, рассматриваемой в большинстве современных моделей ускоренного расширения Вселенной.

Ключевые слова: гравитация Хорава-Лифшица, *f (R)* гравитация, Нетер симметрии, *f*-эссенция, расширение Вселенной.

Abstract

f (R) HO'RAVA-LIFSHITZ COSMOLOGIES VIA NOETER'S SYMMETRIES

M.P. Imankul[1], Sh.R. Myrzakul[1]
[1]al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan

We investigate the general approach to inding exact cosmological solutions in *f (R)* Ho'rava-Lifshitz gravity, based on Noethers theorem. A feature of this approach is that it uses the behavior of an effective Lagrangian under ininitesimal transformations of the desired symmetry, explicitly determining the form *f (R)* for which such symmetries exist. It is shown that the dynamics of the scale factor changes according to either a exponential function of time or to a power law. *f*-essence is one of generalized fermion fields. In this work, the dynamics of *f*-essence with a viscous fluid in the flat Friedmann-Robertson-Walker universe are studied. In addition, we analyzed various types of viscous fluids and investigated the possibility of reproducing the current accelerating expansion of the Universe. The cosmological parameters of this model are obtained. It shows that accelerated expansion can also be determined with a viscous fluid of the fermion field, as in the case of non-interacting perfect fluid considered in most modern models of accelerated expansion of the Universe.

Keywords: Ho'rava-Lifshitz gravity, *f (R)* gravity, Noether symmetry, *f*-essence, Universe expansion.

Кіріспе. Өткен мыңжылдықтың соңында жоғары үлгідегі Ia және ғарыштық микротолқынды фонның бақылауларынан біздің Әлемнің үдемелі кеңейіп жатқандығы белгілі болды [1,2]. Жалпы салыстырмалылық теориясы шеңберінде бұл құбылысты түсіндіру көптеген модельдердің қалыптасуына әкелді, олардың бірі жұмбақ субстанцияны енгізуге негізделген, ол қара энергия деп аталады (мысалы, [3] сілтемесін және кейбір әдеби шолуларға арналған сілтемелерді қараңыз). Қараңғы энергияның табиғаты әлі де анық емес, бірақ математикалық тұрғыдан ол ACDM моделімен алынған кең спектрлі деректерімен жақсы үйлеседі [4]. Дегенмен, бұл модельдің елеулі теориялық кемшіліктері бар болғандықтан [5], балама модельдерді іздестіруді қажет етеді [6,7]. Баламалардың бірі Эйнштейн-Гильберт терминінің модификациясы болып табылады, онда *R* Риччи скалярын кейбір жалпы функциялар үшін $f(R)$ Риччи скалярымен алмастырылады (мысалы, [8] сілтемесін және кейбір әдеби шолуларға арналған сілтемелерді қараңыз).

Сонымен қатар кванттық гравитацияның кейбір модельдері әзірленді. 2009 жылы Хорава [9] Лифшитц ұсынған идеяға сүйеніп, кванттық гравитация теориясы үшін модель жасады, ол кеңістік пен уақыт арасындағы анизотропты масштабтау салдарынан ультракүлгін модасының Лоренц-инвариантты лығы бұзылатын қайта нормалауын ескерді. Алайда, теорияның инфрақызыл шегі параметрін $\lambda = 1$ таңдау кезінде салыстырмалылықтың жалпы теориясы шығады. Салыстырмалылықтың жалпы теориясының бұл модификациясы Эйнштейн-Гильберттің әрекетіне жоғары ретті мүшелерді енгізуден тұрады, олар әр түрлі масштабқа әкеледі және координаттарды кеңістік пен уақытқа бөледі. Елестер теориясында жоқ, себебі тек уақыт бойынша екінші реттік туындылар ғана бар, бірақ жалпы ковариацияның айқын бұзылуы патология пайда болатын еркіндіктің жаңа скалярлық дәрежесін енгізеді [10,11]. Бұл модель әрі қарай дамыды және Хорав-Лифшиц теориясы ретінде танымал (мысалы, сілтеме [12] қараңыз). Жоғарыда айтылған пайымдаулардан Хорав-Лифшицтің кванттық теориясы $f(R)$ балама теориямен үйлескен ультракүлгін диапазонда жалпы салыстырмалылық теориясын толықтыру үшін көп үміт күттіретін кандидат болып табылатыны анық [13].

Бұл мақалада $f(R)$ гравитацияның метрикалық формализмі шеңберінде Фридман-Лемэтр-Робертсон-Уокердің (ФЛРУ) жазық кеңістік-уақытты қарастырамыз. Сонымен қатар, диффеоморфизмдерге қатысты инвариантты және қабатталуды сақтайтын модификацияланған гравитацияны құрастырудың жалпы тәсілі қарастырылады. Бұл тәсіл [14] жұмысында ұсынылған мұнда модификацияланған $f(R)$ - Лифшиц гравасы мен оның Гамильтон құрылымын тұжырымдауға ерекше назар аударылды. [15] кейін біз тиімді Лагранжианды есептейміз, онда Риччи бойынша *a* және скаляр *R* тәуелсіз динамикалық айнымалы рөлін атқарады. Бұл Лагранжианның *a* және *R* қатысты өзгерісі Хорав-Лифшиц теориясының қозғалыс теңдеуін береді. Модификациялау нәтижесінде пайда болатын $f(R)$ функцияның түрі содан кейін Лагранжианға қатысты Нетер симметриясының орындалуы шартымен анықталады. Осы космологиялық модельдің Нетер симметриясы деп конфигурациялық кеңістіктің жанама кеңістігіндегі шексіз кіші симметрия генераторы болып табылатын X векторлық өрісі бар екенін түсінеміз, сондықтан Лагранжианның туындысы осы векторлық өрістің бойымен нөлге айналады. Біз Лагранжианның қасиеттерінің бірі – Нетер симметриясын шартқа ала отырып, $f(R)$ функцияның айқын түрін ала аламыз. Симметрияның болуы бірқалыпты қозғалысқа әкелетін болғандықтан, біз өріс теңдеулерін интегралдай аламыз, содан кейін әлем үшін экспоненциалды кеңеюге келеміз.

Модификацияланған Хорава-Лифщиц гравитациясы. Бұл жұмыста біз Хорава-Лифшиц гравитациясының жалпы моделін қарастырамыз. Модельдің математикалық өрнегі:

$$S_{f(R_{GHL})} = \int d^4x\sqrt{g^{(3)}}\,N\,f(R_{GHL}). \tag{1}$$

Мұндағы $g^{(3)}$ - үш өлшемді метрикалық тензордың анықтауышы, $g_{ij}^{(3)}$ - ADM метрикасы үшін мына түрде беріледі:

$$ds^2 = -N^2dt^2 + g_{ij}^{(3)}(dx^i + N^i dt)(dx^j + N^j dt), \tag{2}$$

мұндағы $i, j = 1,2,3, N$ - үзілістік тұрақтысы, ал N^i - 3-ығысу векторы.

$f(R_{GHL})$ функциясын қолданамыз, ол Хорава-Лифщиц гравитациясының жалпылама қисығын R_{GHL} береді және (3) өрнекке сәйкес анықталады:

$$R_{GHL} = K^{ij}K_{ij} - \lambda K^2 + 2\mu\nabla_\mu(n^\mu\nabla_\nu n^\nu - n^\nu\nabla_\nu n^\mu) - E^{ij}G_{ijkl}E^{kl}, \tag{3}$$

мұндағы K_{ij} - сыртқы қисық:

$$K_{ij} = \frac{1}{2N}(\dot{g}^{(3)}_{ij} - \nabla^{(3)}_i N_j - \nabla^{(3)}_j N_i), \quad K = K^i_i, \tag{4}$$

n^μ - $t = const$ кезіндегі $\sum_t$ перпендикулярлы үшөлшемді беттің бірлік векторы, $\nabla^{(3)}_i$ і $\sum_t$ гипербеттегі ковариантты туындыны өрнектейді. (3) теңдеудегі G_{ijkl} де Витттің жалпыланған метрикасына кері болып табылады:

$$G^{ijkl} = \frac{1}{2}(g^{(3)ik}g^{(3)jl} + g^{(3)il}g^{(3)jk}) - \lambda g^{(3)ij}g^{(3)kl}. \tag{5}$$

Бұл жерде атап өту маңызды, G^{ijkl} - $\lambda = 1/3$ сингулярлы болып табылады және G^{ijkl} $\lambda \neq 1/3$ болғанда пайда болады. «Толық баланс принципін» қанағаттандыру үшін жасалған өрнек E_{ij} былай анықталады:

$$\sqrt{g^{(3)}}E^{ij} = \frac{\delta W[g^{(3)}_{kl}]}{\delta g^{(3)}_{ij}}, \tag{6}$$

мұндағы $W[g^{(3)}_{kl}]$ формасы $z = 2$ және $z = 3$ үшін жазылған. ФЛРУ кеңістіктік жазық ғаламды қарастырайық:

$$ds^2 = -N^2dt^2 + a(t)^2\sum_{i=1,2,3}(dx^i)^2, \tag{7}$$

мұнда N уақыт өте келе тәуелсіз деп санауға болады және біз оны $N = 1$ ретінде аламыз. Скалярлық қисық (3) ретінде жазылуы мүмкін:

$$R_{GHL} = 3(1 - 3\lambda + 4\mu)\frac{\dot{a}^2}{a^2} + 6\mu\frac{\ddot{a}}{a}. \tag{8}$$

Нетер симметриясын зерттеу үшін *a* масштабты факторы мен R_{GHL} скалярлық қисық тәуелсіз динамикалық айнымалы рөл атқаратын шағын кеңістіктің (1) өрнегі үшін тиімді Лагранжианды анықтау қажет:

$$S = \int dt\, L(a,\dot{a},R_{GHL},\dot{R}_{GHL}) = \int dt[a^3 f(R_{GHL}) - \nu\{R_{GHL} - (3(1 - 3\lambda + 4\mu)\frac{\dot{a}^2}{a^2} + 6\mu\frac{\ddot{a}}{a})\}], \tag{9}$$

мұндағы $\nu = a^3 df(R_{GHL})/dR_{GHL}$ - Лагранж көбейткіші. Сонда тиімді Лагранжиан:

$$L(a,\dot{a},R_{GHL},\dot{R}_{GHL}) = (9\lambda - 3)\dot{a}^2 a f' + 6\mu\dot{a}\dot{R}_{GHL}a^2 f'' + a^3(f'R_{GHL} - f). \tag{10}$$

Сонда қозғалыс теңдеулері келесі түрге ие болады:

$$3H^2 + 2\dot{H} = -\frac{2}{3\lambda - 1}\frac{1}{f'}[\mu f'''\dot{R}^2{}_{GHL} + \mu f''\ddot{R}_{GHL} + (3\lambda - 1)f''H\dot{R}_{GHL} + \frac{1}{2}(f - R_{GHL}f')]. \tag{11}$$

Сонымен қатар, біз жоғарыда аталған Лагранжианмен байланысты нөлдік энергия шартын аламыз:

$$H^2 = \frac{1}{3(3\lambda - 1)}\frac{1}{f'}[f'R_{GHL} - f - 6\mu\dot{R}_{GHL}Hf'']. \tag{12}$$

Жалпылама Хорава-Лифщиц гравитацияның Лагранжианын біле отырып, Нетер симметриясын анықтауға болады.

$f(R_{GHL})$ гравитация теориясындағы Нетер симметриясы. Мұнда біздің мақсатымыз тиісті Лагранжиан қажетті симметрияға ие болатындай $f(R_{GHL})$ функцияны табу. Біз (10) Лагранжиан конфигурациялық $Q=(a,R_{GHL})$ кеңістігінің жанама $TQ=(a,\dot{a},R,R_{GHL})$ кеңістігіндегі X векторлық өрісі моделіне индукцияланған Нетер симметриясын анықтаймыз:

$$X=\alpha\frac{\partial}{\partial a}+\beta\frac{\partial}{\partial R_{GHL}}+\frac{\partial\alpha}{\partial t}\frac{\partial}{\partial\dot{a}}+\frac{\partial\beta}{\partial t}\frac{\partial}{\partial\dot{R}_{GHL}}, \tag{13}$$

және осы векторлық өріс бойынша Ли Лагранжианының туындысы нөлге айналатындай болуы керек:

$$L\times l=0. \tag{14}$$

(13) теңдеуінде α және β a және R_{GHL} функциялары болып табылады және $\frac{d}{dt}$ динамикалық векторлық өріс бойымен туынды болып табылады, яғни

$$\frac{d}{dt}=\dot{a}\frac{\partial}{\partial a}+\dot{R}_{GHL}\frac{\partial}{R_{GHL}}. \tag{15}$$

Мұнда біз тиімді Лагранжиан (10) үшін өрнектерді қоямыз және $\dot{a}^2,\dot{R}_{GHL}^2,\dot{a}\dot{R}_{GHL}$ коэффициенттерді біріктіреміз. Сосын алынған өрнек нөлге теңесіп, келесі теңдеулерді аламыз:

$$3(3\lambda-1)(\alpha+2a\alpha_a)f'+[3(3\lambda-1)\beta a+6\mu a^2\beta_a]f''=0, \tag{16}$$

$$6\mu a^2\alpha_{R_{GHL}}f''=0, \tag{17}$$

$$6\mu(2a\alpha+a^2\alpha_a)f''+6(3\lambda-1)a\alpha_{R_{GHL}}f'+6\mu a^2(\beta f'''+\beta_{R_{GHL}}f'')=0, \tag{18}$$

содан кейін біз қалған бос мүшені жинаймыз:

$$3\alpha a^2(f'R-f)+\beta a^3Rf''=0. \tag{19}$$

Енді біздің міндетіміз (16)-(19) теңдеулер жүйесін шешу, $f(R_{GHL})$ Хорава-Лифшицтің гравитациясы аясында әлемнің динамикасын сипаттайтын космологиялық параметрлерді табу. (17) теңдеуден екі жағдайды қарастыру керек екені анық: $f''=0$ және $\frac{d\alpha}{dR_{GHL}}=0$, бірақ $f''=0$ үшін шешімнің физикалық мағынасы жоқ; сондықтан біз тек $\frac{d\alpha}{dR_{GHL}}=0$ қарастырамыз, онда

$$\alpha(a)=\alpha_0a^{\frac{\beta_0}{\alpha_0}+1},\beta(a,R)=\beta_0a^{\frac{\beta_0}{\alpha_0}}R, \tag{20}$$

және

$$f=f_0R^{-3\frac{\alpha_0}{\beta_0}}, \tag{21}$$

мұндағы $\alpha_0=\frac{2\mu}{3\lambda-6\mu-1}\beta_0$, f_0,β_0 - интегралдау тұрақтылары.

Космологиялық шешімдер. Бұл бөлімде әлемнің динамикасын сипаттау үшін біз (11) - (12) өріс теңдеуін аналитикалық шешеміз. Ол үшін біз масштабтық a коэффициентінің t уақытына анық тәуелділігін табуымыз керек. Олай болса (11) - (12) теңдеулерді келесі түрде қайта жазамыз:

$$3H^2+2\dot{H}=-\frac{4\mu(3\lambda-3\mu-1)}{(3\lambda-6\mu-1)^2}\frac{\dot{R}_{GHL}^2}{R_{GHL}^2}+\frac{2\mu}{3\lambda-6\mu-1}\frac{\ddot{R}_{GHL}}{R_{GHL}}+ \tag{22}$$

$$\frac{2(3\lambda-1)}{3\lambda-6\mu-1}\frac{\dot{R}_{GHL}}{R_{GHL}}H+\frac{1}{6\mu}R_{GHL},$$

$$H^2=\frac{R_{GHL}}{18\mu}-\frac{2\mu}{1-3\lambda+6\mu}\frac{\dot{R}_{GHL}}{R_{GHL}}H. \tag{23}$$

Бұл жүйені шешу үшін

$$H=\sqrt{\frac{C_1}{C_2}}\tanh(\sqrt{C_1C_2}t), \tag{24}$$

деп аламыз. Мұндағы $C_1=\frac{Z}{3\mu+3\lambda-1}, C_2=\frac{(3\lambda-1)(3\mu-3\lambda+1)}{2\mu(3\mu+3\lambda-1)}$, немесе мынаған эквивалентті:

$$a=a_0\,(e^{\sqrt{C_1C_2}t}+e^{-\sqrt{C_1C_2}t})^{\frac{1}{C_2}}. \tag{25}$$

Осылайша, біз $f(R)$ Хорав-Лифшицтің гравитация теориясының модификацияланған жалпы шешімін таптық. Жалпы, бұл экспоненциалды өсуі бар масштабтық *a* коэффициенті бар кеңейтілген ғарыш моделі болып табылады.

Қорытынды. Бұл жұмыста біз кванттық гравитация үшін $f(R)$ Хорава-Лифитцтің бастапқы моделінің модификациясы болып табылатын Хораваның гравитациялық моделін талдадық. Сонымен қатар біз осы өзгертілген гравитацияда болатын ғарыш сценарийлерінің түрлерін анықтау үшін ФЛРУ кеңістіктік сызықтық элементін қарастырамыз. Әдетте өріс теңдеулері үшін аналитикалық шешімдерді табу өте қиын болғандықтан, біз мұнда баламалы әдісті қолданамыз, ол белгілі бір тиімді Лагранжиан Нетер симметрияларын талдауға негізделген. Бұл жұмыста біз кеңістіктік жазық, изотропты және біртекті сызықты элемент болған кезде Хорава-Лифщитц $f(R)$ теориясына арналған тиісті өрістік теңдеулерден тиімді Лагранжианды қорытып шығарамыз.

Өрістік теңдеулер екінші ретті екі қарапайым дифференциалдық теңдеулердің жиынтығы түрінде берілуі мүмкін, олар әртүрлі айнымалыларға арналған бір дифференциалдық теңдеу түрінде де берілуі мүмкін, оны айнымалы бөлудің стандартты әдісі арқылы шешуге болады. Мұндай қарапайым көрініс бізге масштабтау коэффициентін, сондай-ақ Риччи скалярын интегралдауға мүмкіндік береді. Онда екі шама да уақыттың айқын функциялары болады.

Бұл жұмыста ұсынылған нәтижелер, Нетер симметрия әдісі, сондай-ақ, космологиялық шешімдер алу үшін Хорава-Лифщицтің $f(R)$ модификацияланған гравитациялық моделі жағдайында да қолданылуы мүмкін екенін көрсетеді. Масштабтау коэффициенті үшін нәтижелік функциялар сәйкес әлем экспоненциалды кеңейтілгенін көрсетеді. Бұл сценарий релятивистік космологияда мүмкін, сондықтан негізінде біз нәтижелерімізді әлемнің эволюциясының әр түрлі дәуірлерінен алынған бақылау деректерімен салыстыра аламыз. Оны Хорава-Лифщиц әрекетіне кіретін параметрлерге шектеулер орнату шін қолдануға болады.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1 Riess A.G., et. al. Observational Evidence from Supernovae for an Accelerating Universe and a Cosmological Constant // Astron. J. – 1998. – Vol. 116. –P. 1009-1038.

2 Bennett C.L., et. al. First Year Wilkinson Microwave Anisotropy Probe (WMAP) Observations: Determination of Cosmological Parameters // Astrophys. J. Suppl. – 2003. – Vol. 148, № 1. P.175-194.

3 Nojiri S. and Odintsov S.D. Introduction to Modified Gravity and Gravitational Alternative for Dark Energy // Int. J. Geom. Meth. Mod. Phys. – 2007. – Vol. 115, № 4. – P. 115-146.

4 Seljak U., et.al. Cosmological parameter analysis including SDSS Lyα forest and galaxy bias: Constraints on the primordial spectrum of fluctuations, neutrino mass, and dark energy // Phys. Rev. D. – 2005. – Vol. 71. – P. 103515.

5 Carroll S.M., Press W.H., Turner E.L. The Cosmological Constant: 2nd Order Quantum-Mechanical Correctin to the Newton Gravity // Ann J. Rev. Astron. Astroph.. – 1992. – № 30. – P. 499-452.

6 Peebles P.J.E., Rathra B. The Cosmological Constant and Dark Energy // Rev. Mod. Phys. – 2003. – № 75. – P. 559.

7 Copeland E.J., Sami M., Tsujikawa S.I. Dynamics of dark energynt // J. Mod. Phys. D. – 2006. – Vol. 15. – P. 1753-1936.

8 Calz M., Rinaldi M., Sebastiani L. A special class of solutions in F(R)-gravity // Eur. Phys. Journal C. – 2018. – Vol. 78. – P. 178.

9 Horava P. Quantum gravity at a Lifshitz point // Phys. Rev. D. – 2009. – Vol. 79. – P. 084008.

10 Horava P. Membranes at quantum criticality // JHEP. – 2009. – Vol. 0903. – P. 020.

11 Horava P. Quantum criticality and Yang–Mills gauge theory // Phys. Lett. B. – 2010. – Vol. 694. – P. 172-176.

12 Cai R.G., B. Hu and Zhang H.B. Dynamical Scalar Degree of Freedom in Horava-Lifshitz Gravity // Phys. Rev. D. – 2009. – Vvol. 80. – P. 041501.

13 Volovik G.E. Spin superfluidity and magnon BEC //JETP Lett. – 2009. – № 89. – P. 525-528.

14 Chaichian M., Nojiri S., Odintsov S.D., Oksanen M. and Tureanu A. Modified F(R) Horava-Lifshitz gravity: a way to accelerating FRW cosmology // Class. Quant. Grav. – 2010. – № 27. – P. 185021.

15 Мырзакул Ш.Р., Мурзакулов Е.М., Иманкул М., Турдахан К. F-эссенция космология с неоднородной вязкой жидкостью// Вестник КазНПУ, Серия Физ.-мат. – 2019. – Vol. 68, № 4. – С. 160-165.

МРНТИ 14.25.09
УДК 372.853

В.Н. Косов[1], А.Б. Медешова[2], Ж.М. Жұмабаева[3]

[1]Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы қ., Қазақстан,
[2]М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университеті, Орал қ., Қазақстан,
[3]Батыс Қазақстан облысы Қаратөбе мектеп-гимназиясы, Орал қ., Қазақстан

«МӘҢГІЛІК ЕЛ» ПАТРИОТТЫҚ АКТІСІНІҢ ФИЗИКАНЫ ОҚЫТУДАҒЫ РӨЛІ

Аңдатпа

Мақалада қазіргі педагогиканың өзекті мәселелерінің бірі - тұлғаның рухани жетілуі қарастырылады. Авторлар дәстүрлі білім беру жүйесінде қалыптасқан тұлғаны тәрбиелеу үдерісінің оқытумен қатар жүруін қолдайды және оның қазіргі жаңартылған білім мазмұны жағдайында қарастырылуына баса назар аударады. Соның ішінде,оқушының бойында ұлттық құндылықтарды қалыптастыру мәселесін мектептің оқу пәндеріне енгізу жағдайларын баяндайды және мұны зерттеудің басты мақсаты ретінде қарастырады. Атап айтқанда, болашаққа бағдар жасай алатын, Отанын сүйетін, туған елінің тарихы мен мәдениетін құрметтейтін тұлға тәрбиелеуді жан-жақты қамтитын «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламасы мен «Мәңгілік ел» патриоттық актісін физиканы оқыту үдерісіне ендірудің әдістемелік жолдарын сипаттайды. Авторлар мұғалім жұмысына жоспарлаудан бастап, оны оздырудың әдіс-тәсілдерін корсете отырып, құрастырылған тапсырмалар мен әдістемелік ұсыныстар келтіреді.

Түйін сөздер: «Мәңгілік ел» патриоттық актісі, ұлттық құндылық, рухани жаңғыру, тәрбие, физиканы оқыту әдістемесі, мектеп, оқыту.

Аннотация

В.Н. Косов[1], А.Б. Медешова[2], Ж.М. Жумабаева [3]

[1]Казахский национальный педагогический университет имени Абая, г.Алматы, Казахстан,
[2]Западно-Казахстанский государственный университет им.М.Утемисова, г.Уральск, Казахстан,
[3]Каратобинская школа-гимназия Западно-Казахстанской области, г.Уральск, Казахстан,

РОЛЬ ПАТРИОТИЧЕСКОГО АКТА «МАНГИЛИК ЕЛ» В ОБУЧЕНИЕ КУРСА ФИЗИКИ

В статье затронута одна из актуальных проблем современной педагогики – методы духовного развития личности. Авторы придерживаются точки зрения, сформировавшийся в традиционной системе образования, что воспитания человека всегда сочетаются с процессом обучения. Описаны пути внедрения национальных ценностей в изучении школьных предметов. Авторами исследованы методические подходы введения программы «Взгляд в будущее: модернизация общественного сознания» и патриотического акта «Мәңгілік ел» в преподавании курса физики, который включает в себя всестороннее воспитание человека, уважающего историю и культуру своей Родины. Приведены методические рекомендации по планированию и обучению физики с ценностными направлениями «Мәңгілік ел».

Ключевые слова: патриотический акт «Мангилик ел», национальные ценности, модернизация общественного сознания, воспитание, методика преподавания физики, школа, обучение.

Abstract

THE ROLE OF THE PATRIOTIC ACT "MANGILIK EL" IN TEACHING PHYSICS

Kosov V.N.[1] , Medeshova A.B.[2], Zhumabaeva Zh. M.[3]

[1]Abai Kazakh National Pedagogical University, Almaty, Kazakhstan

[2]M. Utemisov West Kazakhstan State University[1],

[3]Karatoba school-gymnasium of the West Kazakhstan region[2]

The article discusses one of the urgent problems of modern pedagogy - methods of spiritual development of a person. The authors adhere to the point of view, formed in the traditional education system, that upbringing of a person always goes along with learning process. The ways of introducing national values in the study of school subjects are described. The authors investigated the methodological approaches of introducing the program "Looking into the Future: Modernization of Public Consciousness" and the patriotic act "Mangilik El" in teaching a physics course, which includes the comprehensive upbringing of a person who respects the history and culture of his motherland. Methodical recommendations for planning and teaching physics with values of "Mangilik el" are also given.

Keywords: patriotic act "Mangilik el", national values, Modernization of Public Consciousness, education, methods of teaching physics, school, education.

Кіріспе

Әлемде өз елінің тарихын білетін, болашаққа бағдар жасай алатын тұлғаны қалыптастыру маңызды шара саналады. Баланың тұлғалық қасиеттерін қалыптастырып, дамыту сапалы оқыту мен тәрбиелеу арқылы жүзеге асырылады. «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламасы білім - адамның қас жауы болмас үшін тәрбиелеудің мәнін, мазмұнын тереңдете түсті. Бұған қоса қабылданған «Мәңгілік ел» патриоттық актісі адами құндылықтарды дәріптейді. Аталмыш құжаттар бір-бірін толықтыра түседі. Тәрбиелік мақсат білім ордасында оздырылатын әрбір шараның, әрбір сабақтың негізгі мақсатының бірі ретінде қаралуы заңды құбылыс [1].

Жаңартылған білім беру мазмұнының ерекшеліктеріне негізделіп құрылған ұзақ мерзімді жоспарда оқушыларға пәндік білімді меңгерту көзделеді. Бастауыш сыныптарда ортақ тақырыптар арқылы оқушылардың білімді жүйелі ұғынуын қамтамасыз етеді. Алайда, тәрбиелік мақсаттың қойылуы жаңартылған білім мазмұнының пәндік бағдарламасы мен үлгілік қысқа мерзімді жоспарлауда өте аз қарастырылады.

Еліміздің Тұңғыш Президенті «...білім алушылардың ғылыми жаратылыстану білімі ерекше және өзекті маңызға ие болады. Ол оқушылардың бойында табиғат құбылыстары мен заңдылықтары туралы ұғым қалыптастырады, табиғат әлемін тануы ғана емес, сонымен бірге өзгермелі әлемде өз орнын табуларына жағдай жасауға бағытталған және олардың дүниетанымын, мәдениет тануын және тәжірибеге бағдарланған сипаттамаларын қалыптастырады, интелектуалдық және шығармашылық қабілеттері, функционалдық сауаттылықтарын дамыту негізінде сын тұрғысынан ойлау қабілеттерін дамытады, тұлғалық сапасын және құндылықтар жүйесін тәрбиелейді,»-деп атап айтқанындай оқушылардың бойына құндылықтарды сіңіруді ойлау керек [2].

Қазіргі заманауи талаптарға сәйкес оқушыны бәсекеге қабілетті және ұлттық құндылықтарды бойына дарытқан саналы азамат ретінде қалыптастыру тек бүгінгі күнгі мәселе емес. Дәстүрлі педагогика бойынша оқыту үдерісінде білімділік, тәрбиелік, дамытушылық мақсаттары алға қойылатын болса, жаңартылған білім мазмұнына негізделген оқытуда пәндік білім беру және тілдік мақсаттар айқындалады. Бұдан тәрбиелік мақсат қарастырылмайды деген жаңсақ пікір тумауы тиіс. Тәрбиелік мақсат анық көрсетілмегенімен жасырын түрде беріледі. Олай дейтініміз, коммуникативтік құзыреттілікке бағдарланған тілдік мақсатқа және ақпараттық, өзіндік менеджмент құзыреттіліктеріне бағдарланған білімділік мақсатқа қол жеткізу шараларының әр бөлігі тәрбиелеу арқылы жүретіні хақ. Сол себепті оқыту үдерісіндегі ұлттық құндылықтардың орны ерекше. Ал, оны оқушы бойына сіңіру жолдарын нақтылап берген – «болашағымызға бағдар беретін, ұлтты ұйыстырып, мақсаттарға жетелейтін идея» - «Мәңгілік ел» патриоттық актісі [3].

«Мәнгілік ел» патриоттық актісінің құндылықтарын мектепте оқылатын барлық пәнге ендіруге болады. Соның ішінде жаратылыстану ғылымдарының бірі - физика курсын оқыту мен оқу жағдайында қарастырамыз.

Зерттеудің мазмұны

Мектепте физика 7-11 сынып аралығында оқылады. Алғашқы жылы пәнді оқытудың өзіндік ерекшеліктері бар. Оқушылардың пәнге ынтасын арттырудың оңтайлы тәсілдері таңдалмаса, оқушылардың білім сапасы төмендеуі ықтимал. Ол өз кезегінде оқушының тұлғалық дамуы, кәсіби-бағдарына елеулі ықпал етері сөзсіз. Келеңсіз жайлардың орын алмауына педагогикалық іс

тәжірибенің тигізер пайдасы мол болды. Оқу бағдарламасын басшылыққа ала отырып, оқу материалын ұсынудың тиімді әдістемесін табу үшін соңғы жылдардағы (Умаров У.С.[4], Бурцева Н.М.[5], Байсеркеев А.Э.[6], Ордабаева Ж.Ж.[7], Каймулдина А.К.[8], т.б.) ғылыми еңбектер зерделенді.

7 сынып физика курсы бойынша орта мерзімді жоспар құрғанда физиканы 7-9 сыныптарда оқытуға аоналған оқу бағдарламасы негізінде оқушы бойына ұлттық құндылықтарды "Мәңгілік Ел" патриоттық актісінің негізінде қалыптастыру көзделді [9]. Ол үшін 1-кестеде көрсетілгендей "Мәңгілік Ел" идеясының әр бағытын физика тақырыптарымен байланыстыруға ұмтылдық.

Кесте 1. «Мәңгілік ел» жалпы ұлттық идеясы құндылықтарының 7 сыныптағы физика курсында қарастырылуы

«Мәңгілік ел» патриоттық актісінің құндылықтары	*7 сынып физика курсы бойынша тараулар*
"Тәуелсіздік және Астана"	*Физика - табиғат туралы ғылым, Механикалық қозғалыс*
"Жалпы ұлттық бірлік, бейбітшілік пен келісім"	*Физика - табиғат туралы ғылым,*
"Зайырлы Мемлекет және Жоғары Руханият"	*Ғарыш және Жер*
"Инновация негізіндегі тұрақты Экономикалық Өсім"	*Денелердің өзара әрекеттесуі*
"Жалпыға Ортақ Еңбек Қоғамы"	*Жұмыс. Қуат. Энергия*
"Тарихтың, Мәдениет пен Тілдің ортақтығы"	*Физикалық шамалар*
"Ұлттық қауіпсіздік және Қазақстанның жалпы әлемдік және өңірлік проблемаларды шешуге жаһандық тұрғыдан қатысуы"	*Ғарыш және Жер*

Әр құндылық бағытына сәйкес оқыту әдістемесі жасақталды.

1. *Тәуелсіздік және Астана***.** Көрген адамның көзін тойдыратын ғимараттар, олардың әртүрлілігі, физикалық өлшемдері, құрылыс нысандарына қолданылған материалдары туралы мәліметтер пайдаланылады.

Бұл мәліметтермен есептер шығарған және құрастырған тиімді.

Оқушылар ғимараттар арасын географиялық қала картасынан қашықтықты анықтап, оны автобуспен, жеңіл көлікпен, жаяу, велосипедпен жүру уақытын табу және оларды салыстыру сияқты жобалық есептеулер жасай алады.

«Нұр-Сұлтанның жеті кереметі» зерттеу жұмысын жүргізуге болады.

2. *Жалпы ұлттық бірлік, бейбітшілік пен келісім.* Әдістемелік тұрғыда, оқушылардың жұптық, топтық формада жұмыстануы басшылыққа алынады. «Бәріміз біріміз үшін, біріміз бәріміз үшін» қағидасы басшылыққа алынады.

Зертханалық жұмыстарда қазақтың ұлттық тағам түрлеріне жататын айран, көже, сүт, қымыз, шұбат түрлеріне сай бір-бірінен ерекшелігін, жасалу жолы мен пайдасы («Сұйықтықтың және қатты денелердің тығыздығын анықтау»), қазақтың байырғы аңшылық және жауынгерлік қаруы - садақ («Серіппенің қатаңдығын анықтау»), тұрмыс тіршілігіндегі маңызы зор баспана - киіз үй, оның негізгі құрылыс материалы киіз («Жылуөткізгіштік, конвекция, сәуле шығару») туралы оқушыларға түсінік беріп, зертханалық жұмыстың мазмұнына қосуға болады.

3. *Зайырлы Мемлекет және Жоғары Руханият.* «Табиғатты зерттеудің ғылыми әдістері» тақырыбында физика және техника саласындағы жетістіктер мен, дамуы туралы айтылады.

Оқушылардың ғылыми ізденіске баулу бағытында ғарыш саласының, Байқоңыр ғарыш айлағының жаңалықтарымен байланыстыру көзделеді.

Бізді қоршаған ортадағы жақсылық пен жамандықты физикамен байланыстыру арқылы тәрбие шаралары оздырылады.

Ғалымдармен кездесу ұйымдастырып, жастарды физика ғылымының тұңғиығына жетелеген жөн.

4. *Инновация негізіндегі тұрақты Экономикалық Өсім***.** Біздің елімізде өткен EXPO-2017 халықаралық көрмесінің маңызы мен балама энергия көздерін қолдануды көздейтін құзыреттілікке бағдарланған тапсырмалар (Энергия. Отын энергиясы. т.с.с.) оқушылардың қызығушылығын арттырады. Бұған ата-аналар да белсене араласады. Мұны стендалық баяндама түрінде дайындап, конференция сабақ өткізілгені тиімді.

«Не? Қайда? Қашан?», «Сен, мен деген біз» ойыны арқылы көпшіл, қайырымды болуға ұлттық дәстүр негізінде тәрбиелей отырып, оның физикалық мәнін ашу қызықты ғана емес, «Білгенге маржан, білмеске арзан» физиканы терең меңгеруіне мүмкіндік туғызады.

5. *Жалпыға Ортақ Еңбек Қоғамы.* Қазақстан тарихындағы қол еңбегінен роботтанған еңбекке көшу хронологиясын жасау мен оны энергияның (механикалық, электрлік, жылу, су, атом) дамуымен сәйкестендіру тапсырмасын қарастыруға болады [10].

Әр отбасының бір айдағы электр энергиясын тұтынуы мен кез келген мекеменің тұтынуын зерттеу, сынып оқушыларының отбасылық энергия тұтынуын салыстырмалы көрсету оқушыларды үнемшілдікке тәрбиелейді.

6. *Тарихтың, Мәдениет пен Тілдің ортақтығы.* «Әлем – дөңгелек деген түсінік көшпенділердің өмір сүру салтынан, маусымдық көшу мен жаз, күз, қыс, көктемнің шеңбер бойымен қозғалатынын көрсетеді, дала адамы физикалық уақытты пайымдаған» деген тұжырымды физикалық шамалар тақырыбымен байланыстыра отырып, тиісті әдебиеттен оқыту оңтайлы әдіс.

Ежелгі және ортағасырлық Қазақстанның тарихынан жылқыға арналған ер-тоқым мен үзеңгінің, ат үстіндегі әскери ұрыс өнері мен қазіргі «Көкпар» ойынының физикалық сипатын, кілем өрнектері мен күміс әшекейлеріндегі күмістің физикалық қасиеті, сазды әуендер мен дала жылқыларының желісіндегі дыбыс толқындарын мәдениеттің асыл қазынасы ретінде қарастырып, пәнаралық байланысты, интеграциялауды пайдалануға болады. Бұл жерде қосарланған дәріс әдісі тиімді [11].

Мақал-мәтелдерді, көне өлшем бірліктерді білу олардың қазіргі кезде мағынасына сәйкес қолдану жағдайларын салыстырмалы талдау (екі жазбалы күнделік, кесте) жүргізген дұрыс [12].

«Поэзия мен музыкадағы физика», «Мен оқыған кітаптағы (көркем әдебиеттегі) физика» тақырыптары жобалық жұмысқа лайық. Мұны мұғалімдер мен оқушылар біріге жүргізіле алады. Танымдық мәні мол.

Шамалардың қазақ, орыс, ағылшын тілдерінде оқылуын, жазылуын үйрету халықтық есептерді шығару барысында үйретіледі.

7. *Ұлттық қауіпсіздік және Қазақстанның жалпы әлемдік және өңірлік проблемаларды шешуге жаһандық тұрғыдан қатысуы.* Ғарыш зерттеулерінің қорғаныс саласы үшін қажеттілігін жері үшін елін қорғаған батырлардың ерлігі, батырлар жырларымен байланыстыру пәнаралық байланысты нығайтады.

Ұлы Отан соғысының тарихындағы тылдағы еңбекті зерделеп, оның физикалық мағынасын ашу маңызды.

«Болашаққа көзқарас» атты эскиздер, макеттер, яғни, жобалар көрмесін ұйымдастыру артық етпейді. Мұнда оқушылар физикалық мағынаны ашу мақсатына жетуге ұмтылады.

«Мәңгілік ел» патриоттық актісін физика тәжірибе барысында бірнеше мысалдар мен есептер құрастырылды. Мысалы, қыздар неге сәукеле киген? Абайдың «Желсіз түнде жарық ай» әнінде қандай физикалық құбылыс сипатталады? Садақтың кермесінің созылуы, неғұрлым көп болса, соғұрлым қандай күш көп болады? Неліктен киіз үйге ақ шаңқандай киіз жабады? Көшті қай түлік бастайды, қайсысы соңынан жүреді?

Зерттеудің сандық нәтижелері

«Мәңгілік ел» патриоттық актісін физиканы оқытуға ендіру әдістемесінің тиімділігі тәжірибелік эксперимент жұмыстары арқылы дәлелденді. 2018-2019 оқу жылындағы 7 сынып оқушыларының үлгерім көрсеткіші бойынша өзгерісі төмендегі 2-3 кестелерде берілген.

Кесте 2. 2018-2019 оқу жылындағы эксперименттің қорытынды деректері

	Эксперимент басында		*Эксперимент соңында*	
	Экс. тобы,%	*Бақылау тобы, %*	*Экс тобы,%.*	*Бақылау тобы, %*
Төмен деңгей	*53,3*	*50,0*	*60,0*	*53,6*
Орта деңгей	*26,6*	*28,6*	*30,0*	*32,1*
Жеткілікті деңгей	*20,1*	*21,4*	*10,0*	*14,3*

Кесте 3. 2019-2020 оқу жылындағы эксперименттің қорытынды деректері

	Эксперимент басында		*Эксперимент соңында*	
	Экс. тобы,%	*Бақылау тобы,%*	*Экс. тобы,%*	*Бақылау тобы,%*
Төмен деңгей	*55*	*50*	*60*	*55*
Орта деңгей	*25*	*20*	*30*	*25*
Жеткілікті деңгей	*20*	*30*	*10*	*20*

Оқушылардың жоба жұмыстарын дайындау және оны қорғау машықтарының отбасымен, айналадағы қоршаған ортамен және Қазақстан тарихы, қазақ әдебиеті, т.б. пәндермен тығыз байланыста болуы жағымды әсер етті. «Ғарыш және медицина», «Экология және ғарыштық қызмет», «Физикалық есептердегі халықтық педагогика», «Болашаққа физикалық көзқарасым» сияқты ғылыми жобалар дайындалып, облыс көлемінде жүлделі орындарға ие болды. «Физика және менің елім» атты көрме ұйымдастырылды. «100 жаңа есім» мемлекеттік конкурсының жеңімпазы, философия докторы, физик Н.Жакиев туралы өткізілген сыныптан тыс шараға ата-аналар да қатысып, энергия туралы түсініктерін кеңейтті, оны оқытқан ғалымдардың пікірі онлайн режімде тыңдалды. Бұл оқушылардың қызығушылығы ата-аналар тарапынан қолдауға ұласқанын, ынтымақтастықта жұмыстанудың нәтижелі болатынын байқатады [13].

Мектеп-гимназияда өткізілген екі жылғы эксперимент нәтижелерінің сандық көрсеткіштерімен қатар, сапалық көрсеткіштердің өсуі негізінде алға қойылған мақсатқа жеткендігі дәлелденеді.

Қорытынды

Мектеп оқушыларына физикалық білім беруде «Мәңгілік Ел» патриоттық актісі мен халық педагогикасын пән мазмұны арқылы ұлттық құндылықты бойына сіңірген, отансүйгіш, елі мен жерінің қамы үшін аянбайтын, өмір бойы білім алуға даяр еңбекқор ұрпақ тәрбиеленері анық.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1 Назарбаев Н. Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру. [Электрон.ресурс]. – 2017. – URL: https://www.zakon.kz/4853272-n1201rs1201ltan-nazarbaev..html (Пайдаланған уақыты -25.04.2020)

2 Қазақстан жолы-2050: «Мәңгілік ел» стратегиясы тәуелсіз Қазақстан тарихының басты деректемелік құжаты. – [Электрон.ресурс]. – 2016. – URL: http://e-history7kz/cjotents/view/kazakstan_zholi2050_munglik_el_strategiyasi_tuelsiz_kazakstan_tarihinin_basti_derektemelik_kuzhati_2129(Пайдаланған уақыты: 10.01.2019)

3 «Мәңгілік Ел» патриоттық актісін түсіндіру бойынша әдістемелік құрал. – Астана: Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2016. – 68 б.

4 Умаров У.С. Методика использования краеведческих материалов при обучении физике в средней общеобразовательной школе: дисс....канд.пед.наук. 13.00.02/Умаров У.С.- Душанбе, 2010-256с.

5 Бурцева Н.М. Межпредметные связи как средство формирования ценностного отношения учащихся к физическим знаниям: автореферат дисс....канд.пед.наук: спец. 13 00.02/Бурцева Н.М.- Санкт-Петербург,- 2001-18с.

6 Байсеркеев А.Э. Технологии развития творческой деятельности учащихся при обучении естественных предметов в средней школе: автореферат дисс.... докт.пед.наук: спец. 13.00.02 /Байсеркеев А.Э. - Бишкек, 2017. - 37с.

7 Ордабаева Ж.Ж. Дидактические условия организации практико-ориентированного обучения учащихся в общеобразовательной школе: автореферат дисс.... канд.пед.наук:.13 00.01/Ордабаева Ж.Ж.- Евразийский гуманитарный институт.-Астана.- 2005.- 30с.

8 Каймулдина А.К. Научно-методические основы гуманизации обучения физике в условиях интеграции систем образования: автореф. дисс. ... д-ра пед. наук 13.00.02 /Каймулдина А.К.- Каз. нац. пед. ун-т им. Абая. - Алматы, 2010. - 39 с.

9 Негізгі орта білім беру деңгейінің 7-9-сыныптарына арналған "Физика" пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасы. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрі міндетін атқарушысының 2017 жылғы 25 қазандағы № 545 бұйрығына 13-қосымша Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі № 115 бұйрығына 202-қосымша. –[Электрон.ресурс]. – 2018. – URL: http://smk.edu.kz/Bank/Show/125597 (Пайдаланылған уақыт -22.11.2018)

10 Physics in a New Era: An Overview. National Research Council. Washington, DC: The National Academies Press.- 2001. –[Electronic resource]. – URL: https://doi.org/10.17226/10118. (Used time -28.04.2020)

11 Мәңгілік Ел: Оқулық / М.Б. Касымбеков, С.Ж. Пралиев, К.К. Жампеисова және т.б. Абай атындағы ҚазҰПУ – Алматы: «Ұлағат» баспасы, 2015. – 336 б.

12 XV-XVII ғасырлардағы қазақ халқының мәдениеті –[Электрон.ресурс]. – 2012. – URL: https://student.zoomru.ru/history/hvhv-asyrlarday-aza-halyny-mdeniet/164123.1346983.s3.html (Пайдаланылған уақыт -02.03.2018)

13 Медешова А.Б., Жұмабаева Ж.М. Мектептегі физика курсын оқытуда «Мәңгілік ел» құндылықтарын енгізудің әдістемесі. //БҚМУ Хабаршысы - 2019.- № 3 (75).- 82-89бб.

МРНТИ 29.19.22
УДК 546.26

PRODUCTION OF NANOMATERIALS FOR APPLICATION AS ADDITIVES

Ospanbekov E.A.[1], Paritzan G.[2], Ismailov D.V.[2], Kerimbekov D.S.[2]

[1]Abai Kazakh National pedagogical University, Almaty, Kazakhstan,
[2] al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan

Abstract

This paper presents the results of the obtained carbon nanostructures by the method of arc synthesis in helium. During the synthesis, the methodology for producing fullerene-containing soot was worked out and the yield of fullerenes was increased by 6% at an optimal current of 180 A and a voltage of 30 V, at a vacuum in the reactor of ~ 0.004 Torr, and helium supply of 0.4 kg / cm^2, water temperature of the cooling system ~ 19° C, The obtained nanostructures were subjected to purification by evaporation using a Soxhlet apparatus in 5 cycles. Then the obtained fullerenes C_{60} and C_{70} were investigated using analytical instruments confirming their presence. After that, the obtained fullerene mixtures were prepared in suspension and tested on a friction and wear machine. During the experiments, the optimal proportions of mixtures of fullerenes with industrial oils I - 40, as well as additives of metal micropowders were selected. The results of the analysis showed that the addition of fillers reduced friction and wear by 3-4%, which improves the effectiveness of additives from previous studies.

Keywords: Carbon nanostructures, fullerenes, Raman spectroscopy, optical microscopy, arc synthesis, oils, additives.

Аннотация

Е.А. Оспанбеков [1], Г. Паритзан [2], Д.В. Исмаилов [2], Д.С. Керимбеков [2]
[1] Казахский Национальный педагогический университет имени Абая, Алматы, Казахстан
[2] Казахский Национальный университет им. аль-Фараби, Алматы, Казахстан

ПРОИЗВОДСТВО НАНОМАТЕРИАЛОВ ДЛЯ ПРИМЕНЕНИЯ В КАЧЕСТВЕ ДОБАВОК

В работе представлены результаты полученных углеродных наноструктур методом дугового синтеза в среде гелия. В процессе синтеза была отработана методика получения фуллереносодержащей сажи и увеличен выход фуллеренов на 6% при оптимальном токе 180 А и напряжении 30В, при вакууме в реакторе ~ 0,004 Torr, и подачи гелия 0,4 кг/см^2, температурой воды системе охлаждения ~19 °С, Полученные наноструктуры подвергались отчистке методом выпаривания с помощью аппарата Сокслета в 5 циклов. Затем полученные фуллерены C_{60} и C_{70} исследованы с помощью аналитических приборов, подтверждающих их наличие. После чего полученные смеси фуллеренов были приготовлены в суспензии и протестированы на машине трения и износ. В ходе проведения эксперементов были подобраны оптимальные пропорции смесей фуллеренов с индустриалальными маслами И - 40, а таже добавками металлических микропорошков. Результаты анализа показали, что добавка наполнителей уменьшило трение и износ на 3-4%, что улучшает эффективность присадок из предыдущих исследований.

Ключевые слова: Углеродные наноструктуры, фуллерены, спектроскопия комбинационного рассеяния, оптическая микроскопия, дуговой синтез, масла, присадки.

Аңдатпа

Е.А. Оспанбеков [1], Г. Паритзан [3], Д.В. Исмаилов [4], Д.С. Керимбеков [5]
[1]Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы, Қазақстан
[2] әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан

ҚОСПАЛАР РЕТІНДЕ ҚОЛДАНУҒА АРНАЛҒАН НАНОМАТЕРИАЛДАР ӨНДІРІСІ

Бұл жұмыста гелийде доғалық синтез әдісімен алынған көміртекті наноқұрылымдардың нәтижелері келтірілген. Синтездеу кезінде фуллереннен тұратын күйе алу әдісі жасалды және оңтайлы ток кезінде 180 А және кернеуі 30 В, вакуумда ~ 0,004 Тор, ал гелиймен қамтамасыз ету 0,4 кг / см^2, салқындату жүйесінің су температурасы ~ 19° С, фуллереннің кірістілігі 6% -ға артты. С, Алынған наноқұрылымдар 5 циклде Сокслет аппаратын пайдаланып булану арқылы тазартуға ұшырады. Содан кейін алынған C_{60} және C_{70} толық өлшемдері олардың болуын растайтын аналитикалық құралдардың көмегімен зерттелді. Осыдан кейін алынған фуллерен қоспалары суспензияда дайындалып, үйкеліс және тозу машинасында сыналды. Тәжірибелер барысында фуллерендердің И - 40 өнеркәсіптік майларымен, сондай-ақ металл микропроцестердің қоспаларымен оңтайлы қатынасы таңдалды. Талдау нәтижелері көрсеткендей, толтырғыштарды қосу үйкеліс пен тозуды 3-4% төмендетеді, бұл алдыңғы зерттеулердегі қоспалардың тиімділігін арттырады.

Түйін сөздер: көміртекті наноқұрылымдар, фуллерендер, комбинациялық шашыраудың спектроскопиясы, оптикалық микроскопия, доғалы синтезі, май, қоспалар.

Introduction

In 1990, after the moment when it was found out the way of production of fullerenes in gram quantities, the new research began for their practical application. Large-scale studies on the use of fullerenes in many fields of science, technology and production are still in the progress. The standing point on their use is the high cost of fullerenes. However, the search for less price solutions does not stop even nowadays. Many books have already been published [1-5], which describe the methods of preparation, structure and properties of fullerene-containing materials, indicate the directions of their application and describe the advantages of new materials.

Fullerenes can be used to improve the operational characteristics of mechanisms (vehicles, etc.). Thus additives to oils and lubricants increase the wear resistance of friction pairs, anti-seize compounds are used for units operating under the high loads, brake pad composites are used for high-speed vehicles. Modified by fullerenes, wood composites are used in stern and similar bearings, and lubricating-cooling technological compounds are used for the operation of tools.

Based on the general relevance of the research topic in the world today, the decision was made to conduct a series of experiments to obtain additives based on carbon nanostructures - fullerenes within the framework of existing equipment at the National Nanotechnology Laboratory (NNLOT) at KazNU named after al-Farabi. In this work, additives based on the fullerenes were obtained. The analysis of the study was carried out with the use of Raman spectroscopy and optical microscopy, as well as the testing installation for defining friction by the Timken method in the laboratory.

During our research work, we, first of all, have obtained carbon nanostructures in an arc synthesis unit in an inert helium medium shown in Figure 1 (on the left). At the beginning, to start working on the installation, it was necessary to anneal graphite rods in a vacuum furnace at a temperature of 600 ^{0}C for 3 hours, Figure 1 (at the center).

An MPG-7 brand graphite electrode was used in the experiment. After that, the annealed rods were previously weighed and then placed in the reactor of the installation. Next, the reactor was vacuumed, and following that an inert helium gas was gradually injected, and graphite rods were gradually joint at a small voltage of ~ 30V and a current of ~ 200A. During the closure of the lower anode rod, a spark (arc) was formed with a temperature of ~ 700 ^{0}K in the center of the arc, thereby burning the lower anode graphite rod. After synthesis, carbon-containing soot appeared on the walls of the reactor, fig. 1 (on the right), which was then poured into a container and weighed on an analytical balance. The loss of mass of graphite during the synthesis was about 10-20%.




Figure 1. General view of the installation

Subsequently, the obtained carbon nanostructured carbon soot was collected from the installation and passed through a fine sieve with a mesh size of 500 μm for uniform distribution of fullerenes throughout the volume of carbon soot. Also, during the synthesis, a “deposit”, shown in Figure 2, was obtained from the upper burnt cathode graphite rod, which may vary depending on the pressure of the buffer gas in the reaction zone. In such an experiment, one can obtain amorphous carbon, single-walled nanotubes (SWNTs), and multi-walled nanotubes (MWNTs).




Figure 2. Carbon deposit, consisting of amorphous carbon, SWNTs and MWNTs.

By changing the experimental conditions and the characteristics of the production of carbon nanomaterials, it is possible to increase the volume of soot and reduce the "deposit". The main component of the "deposit" is amorphous carbon. Amorphous carbon is the smallest crystals that are not arranged uniformly, but randomly. During our experiments, there were worked out the modes, where, as the result, the carbon "deposit" accounts for only 15-20% of the total mass of the graphite electrode.

Then, after weighing, carbon soot was packaged in the filter paper, which passed through 5 cleaning cycles on a Soxhlet apparatus. The Soxhlet apparatus is used to evaporate at a low temperature and isolate fullerite crystals, thereby isolating a mixture of fullerenes from carbon soot. Figure 3 shows how the Soxhlet apparatus is used to evaporate fullerenes in help of toluene vapor condensed by a cyclic ring stream.



Soxhlet installation scheme *Cycle 1* *Cycle 2*

Figure 3. Isolation of fullerenes from fullerene-containing soot


The isolated fullerenes from soot were evaporated, thereby forming solid crystals called fullerites (See figure 4). Figure 4 shows optical microphotographs of fullerite crystals obtained by us under the condition of different electric current, where we can see the change in the geometric shape of fullerite as a function of the current change supplied to graphite electrodes, with the use of a direct current source, which was served as a welding rectifier.

The synthesis was carried out several times, during which the installation mode for producing carbon nanostructures was developed, thereby increasing the output of the fullerene mixture from 4% to 6% by choosing the optimal temperature and pressure, as well as other small parameters. Also, the obtained fullerene-containing soot was used by us as an additive, by preparing a suspension from the industrial oil I - 40A. The produced suspension was stirred with a magnetic stirrer during several hours. Then a friction machine was involved into the work, which made it possible to check quickly the quality of lubricants for holding the oil film in the steel-steel friction pairs under various loads. Temkin's machine imitated the operation of a node of working mechanisms, where lubricants played an important role in the speed of wear of parts of these nodes.


Figure 5 shows the Raman spectrum, from which the presence of the obtained C_{70} crystals can be seen. The position of the peaks in the spectrum of the studied crystals – fullerites – corresponds to the peaks of sample C_{70} presented at the reference [6, 7].

Figure 5 shows the Raman spectrum, which was captured using the integrated complex of probe and optical microscopy and spectroscopy, AFM - Raman - SBOM - TERS. From the Raman spectrum, it is seen that C70 fullerenes are present. Figure 6 shows the installation for checking friction material wear (steel-steel).


At the initial moment of friction, the upper layers of the friction pair were dispersed with the formation of fine particles of material.




135A



180A



200A



Fullerite

Figure 4. Microphotographs of the obtained fullerites obtained by the increasing of electric current.





Figure 5. Spectra of fullerenes C_{70}



a



b



c

Figure 6. a) a Timken machine for checking the reduction of friction, b) an erased bearing with an additive from a fullerene-containing suspension, on the right without an additive at erased bearing. c) a suspension of fullerene-containing soot.

Interacting with the environment and with the active elements, the surface defects of the working element were filled in. Subsequently, with the steady state of the contacting surface, a thin film of material was coated, which sharply increased the actual contact area (more than 10 times).

This contributed to an increase in the durability of friction units. The resulting lubricants made it possible to increase the efficiency by 1%, leading to an increase of engine power up to ~ 4%, since 25% of the efficiency corresponds to the full power of the engine. Reducing losses in this of steel - steel pair contributed not only to an increase in power of engine, but also brought to significant fuel economy.

Conclusion

In the course of conducting and testing the production of carbon nanomaterials, the output of fullerenes was effectively increased from 4% to 6% at the facility by varying the modes of graphite rod burning rate and pressure up to 30.7 kPa, as well as other small parameters at the facility.

The obtained fullerene materials were used as a lubricant, which allowed to reduce the friction and bearing wear on an average rate of 3-4%. This effect was most likely due to the fact that, in the process of tribopolymerization of mineral oil on rubbing surfaces, there was formed a coating in the form of a spatial tribopolymer network connected to the substrate. This coating protected the rubbing surfaces, threw steel-steel from direct contact, preventing mass transfer between the rubbing contacts and, at the same time, being a spatial polymer network, retained mineral oil in its cells, thus providing both a low-wear friction regime and a low friction coefficient. A further detailing of the supramolecular structure of the surface film requires additional research.

References:

1 Shinar J. (ed.) Optical and electronic properties of fullerenes and fullerene-based materials. - New York: Marcel Dekker, Inc. 2000. - P.380.

2 Gusev A.I., Nanocrystalline materials / Gusev A.I., Rempel A.A. – M .: Fizmatlit. 2001.-S. 224.

3 Shpak A.P., Cluster and nanostructured materials / Shpak A.P., Kunitsky Yu.A., Karbovsky V.L. // - Kiev: "Academic Period." 2001.- S. 587.

4 Matysina Z.A., Hydrogen and solid-phase transformations in metals, alloys and fullerites / Matysina Z.A., Schur D.V. // - Dnepropetrovsk: Science and education. 2002. - S. 420.

5 Veziroglu T.N., Hydrogen materials science and chemistry of carbon nanomaterials / Veziroglu T.N., Zaginaichenko S.Yu., Schur D.V., Baranowski B., Shpak A.P., Skorokhod V.V. (eds.) // - Dordrecht-Boston-London: Kluwer Academic Publishers. 2004.-- P.660.

6 Brett Kimbrell J. et.al. Analysis of mixtures of C_{60} and C_{70} by Raman spectrometry // Nanoscience Methods. 2014. –Vol. 3 (1). P. 40-46.

7 Talyzin A.V. New Fullerene Materials Obtained in Solution and by High Pressure High Temperature Treatment Acta Universitatis Upsaliensis. Comprehensive Summaries of Uppsala Dissertations from the Faculty of Science and Technology 663. 2001. - P.54. Uppsala. ISBN 91-554-5138-1.

МРНТИ 29.01.21
УДК 53:001.89

В.Б. Рыстыгулова[1], А.К. Жақсылықова[1]

[1]Абай атындағы Қазақ Ұлттық Педагогикалық Университеті, Алматы қ., Қазақстан

МЕКТЕПТЕ ФИЗИКАНЫ ОҚЫТУҒА ЖОБАЛАУ ӘДІСІН ҚОЛДАНУ

Аңдатпа

Мақалада инновациялық педагогикалық технологиялар әдістерінің бірі арқылы ғылыми жобаны зерттеудің нақты мысалы келтірілген. Физика пәні бойынша оқушылардың ғылыми-зерттеу жұмыстарына жобалық әдісті қолдану моделі алынды. Ғылыми жоба моделінде жобалау алгоритмі, жобаның SMART мақсаты, жобаның қысқаша сипаттамасы, жобалау әдісі бойынша оқытудың нәтижесі бар. «Жасанды жарық көздерінің сәуле шығару спектрін зерттеу» атты ғылыми жоба қаралды. Сәулелену спектріне талдау үшін өнеркәсіпте шығарылатын және жарықтандыруға қолданылатын 5 жарық көздері таңдалды. Сәуле шығару спектрлерін зерттеу арнайы қондырғыда жүргізілді. Таңдалған жарық көздерінің спектрлерін талдай отырып, жарқырауы түрлі-түсті жарық диодтарынан сәулелену көзін құрастыру ұсынылды. Оқушылардың жобамен жұмыс істеу дағдыларын қалыптастыру үшін 5-9 сынып оқушылары үшін физика пәнінен әр жаңа тақырыпқа жобалау әдісін қолдану ұсынылды.

Түйін сөздер: инновациялық педагогикалық технология, жобалау әдісі, физика бойынша ғылыми жоба, ғылыми жоба моделі, жобалау алгоритмі, жобаның SMART мақсаты, жобаның қысқаша сипаттамасы, жобалау әдісі бойынша оқытудың нәтижесі.

Аннотация

В.Б. Рыстыгулова[1], А.К. Жаксылыкова[1]

[1]Казахский национальный педагогический университет им. Абая, Казахстан, Алматы

ПРИМЕНЕНИЕ ПРОЕКТНОГО МЕТОДА В ОБУЧЕНИИ ФИЗИКИ В ШКОЛЕ

В статье представлен реальный пример исследования научного проекта с использованием одного из методов инновационных педагогических технологий. Получена модель применения проектного метода к научно-исследовательским работам школьников по физике. Модель научного проекта содержат алгоритм проектирования, SMART цель проекта, краткое описание проекта, результат обучения по методу проектирования. Рассмотрено научный проект на тему «Исследования спектра излучения исскуственных источников света». Для анализа спектра излучения были выбраны 5 источников света, которые выпускаются промышленно и применяются для освещения. Исследования спектров излучения проводилось на специальной установке. Анализируя спектральные линий выбранных источников света, предложено сконструировать источник излучения из светодиодов различного цвета свечения. Рекомендуется для развития у учащихся навыков работы над проектом, чтобы учителя-предметники использовали метод проектирования для каждой новой темы по физике для учащихся 5-9 классов.

Ключевые слова: инновационная педагогическая технология, метод проектирования, научный проект по физике, модель научного проекта, алгоритм проектирования, SMART цель проекта, краткое описание проекта, результат обучения по методу проектирования.

Abstract

APPLICATION OF THE DESIGN METHOD IN TEACHING PHYSICS AT SCHOOL

Rystygulova V.B.[1], Zhaksylykova A.K.[1]

[1]Kazakh National Pedagogical University named after Abai, Kazakhstan, Almaty

The article presents a real example of research of a scientific project using one of the methods of innovative pedagogical technologies. The model of application of the project method to research works of schoolchildren in physics is obtained. The scientific project model contains the design algorithm, SMART project goal, brief description of the project, and the result of training in the design method. A scientific project on the topic «Research of the radiation spectrum of artificial light sources» is considered. For the analysis of the radiation spectrum, 5 light sources were selected, which are manufactured commercially and are used for lighting. Studies of radiation spectra were carried out on a special installation. Analyzing the spectral lines of the selected light sources, it is proposed to construct a radiation source from LEDs of different colors. It is recommended that subject teachers use the design method for each new physics topic for students in grades 5-9 to develop their project skills.

Keywords: innovative pedagogical technology, design method, scientific project in physics, science project model, design algorithm, SMART project goal, brief description of the project, the result of learning in the design method.

Педагогикалық үрдістегі инновация – педагог пен білім алушылардың бірлескен қызметін ұйымдастыруда оқыту мен тәрбиенің мақсаты мен мазмұнына, әдістеріне жаңашылдық енгізуді білдіреді. Заманауи білім берудің алдында тұрған мақсаттар мен міндеттер өзгеруде. «Білімді меңгеруден» екпін «құзыреттілікті» қалыптастыруға ауыстырылады, жеке тұлғаға бағытталған тәсілге қайта бағдарлану жүргізілуде; мектептер заманауи компьютерлермен, электрондық ресурстармен, Интернетке қолжетімділікпен қамтамасыз етілуде. Осының барлығы оқу үрдісіне жаңа педагогикалық технологияларды енгізуге ықпал етеді, сондықтан практикалық маңызды бар жоба тақырыбы өте өзекті. Инновациялық педагогикалық технологиялар арасында негізінде танымдық дағдыларды дамыту, өз білімдерін өздігінен құрастыру, ақпараттық кеңістікте бағдарлану, сыни және шығармашылық ойлауды дамыту, мәселені көре білу, оны тұжырымдау және шеше білу жататын жобалау әдісі ерекше орын алады [1]. Жобалау әдісін жүзеге асыруға нақты мысал келтірейік. 9-сынып үшін «Жасанды жарық көздерінің сәулелену спектрін зерттеу» тақырыбы таңдап алынды [2]. Әуелі жобалау алгоритмі жасалады:

Жобалау алгоритмі

Пәні: Физика

Бағыты: Жаратылыстану

*Тақырыбы***:** Жасанды жарық көздерінің сәулелену спектрін зерттеу

Мәселесі: Спектрі күн сәулесіне жақын энергия үнемдегіш шам құрастыру

Жобаның түрі: зерттеушілік

Өнімі: Жарқырауы түрлі түсті жарық диодтарынан құрастырылған сәулелену көзі (шам)


Құралы: Сәулелену спектрін зерттеуге арналған құрылғы

Тапсырыс беруші: Мектептің физика үйірмесі

Жобаның орындалу мерзімі: Орташа мерзімді (1 ай)

SMART мақсат қою. Әрине, мақсат қоюдың әртүрлі жолдары бар. Солардын ішіндегі SMART деген әдісімен бөліскім келеді. Ол тиімді, әрі жетуге оңай мақсат қоюға арналған. Қысқаша айтқанда, ол қойылған мақсат нақты (**S**pecific), өлшене білетін (**M**easurable), әрекетке негізделген (**A**ction-oriented), қол жетімді (**R**ealistic) және уақытпен шектеулі (**T**ime-bound) болуы тиіс деген қағидалар [3]. Ал енді осы жобаның **SMART** мақсатын жазайық:

Жобаның SMART мақсаты



Жобаның қысқаша сипаттамасы жобаның мақсаты мен міндеттерінен, зерттеу нысаны мен пәнінен, жобаның болжамынан тұрады. Олардың әрқайсысы белгілі бір сұрақтарға жауап береді (1-кестені қараңыз).

Кесте 1. Жобаның қысқаша сипаттамасының құрылымы

Жобаның мақсаты (жобаның өнімі!) біреу	*Нәтижесінде неге қол жеткіземіз?*
Жобаның міндеттері (бірнешеу)	*Мақсатқа жету үшін не істеу қажет?*
Зерттеу нысаны	*Проблемадан шығу үшін нені зерттеу қажет?*
Зерттеу пәні	*Нысанды қай қырынан қарастырамыз?*
Зерттеудің болжамы (гипотезасы)	*Мүмкін болатын нәтижені болжау. Егер ... , онда ... , нәтижесінде ... .*
Жобаның сипаттамасы	*Жобаның негізгі идеясы қандай және ол қалай жүзеге асырылады?*

Жобаның қысқаша сипаттамасы

Мақсаты: Спектрі күн сәулесіне жақын энергия үнемдегіш шам құрастыру.

Міндеттері:

- Жасанды сәулелену көздерінің спектрлік құрамын оқып-зерттеу;
- Спектрлік талдау жасауға жарықтандыруға қолданылып жүрген өндірістік шамдарды таңдау;
- Сәулелену спектрін зерттеуге арналған қондырғыны оқып-зерттеу;
- Жасанды жарық көздерінің сәулелену спектрінің графиктерін тұрғызу және Күн спектрімен салыстыру;
- Қорытынды жасау.

Зерттеу нысаны: өндірісте шығарылатын және жарықтандыруға қолданылатын әртүрлі жарық көздері.

Зерттеу пәні: Өндірістік жарық көздерінің спектрлерін алу.

Болжамы (гипотезасы): Егер толқын ұзындықтары 435, 490, 545, 590 нм сәуле шығаратын жарық диодтары бар болса, *онда* энергия үнемдегіш жарықтандыру көзін алуға болады. *Нәтижесінде* күннің спектріне жақын спектр беретін жарық диодтарының жиынтығын құрастыруға болады.

Жоба бойынша оқытудың нәтижесінің құрылымы төмендегідей. Жобаның мәселесі қойылып, оған тапсырма беріледі.

Жоба бойынша оқытудың нәтижесі


Пәні: Физика

Тақырыбы: Жасанды жарық көздерінің сәулелену спектрін зерттеу

Мәселе. Көрінетін жарық диапазонындағы электромагниттік толқын шығаратын бірнеше жасанды жарық көздерінің спектрлік құрамына зерттеу жұмыстарын жасап, олардың әрқайсысын Күннің

сәулеленуімен салыстыра отырып, әр түрлі толқын ұзындықтағы жарық диодтарынан спектрі күн сәулесіне жақын энергия үнемдегіш шам құрастыруға болатынын оқып-зерттеңіздер.

Тапсырма: Жобаны жүзеге асыру үшін сәулелену спектрін зерттеуге арналған арнайы қондырғы орнатыңыздар. Ол үшін әмбебап шағын монохроматор (МУМ) (1), сәулені қабылдағыш пен қабылданған сигналды күшейткіш (2), күшейткішті қуаттандыру блогы (3) және жарықталынуға тура пропорционал болатын күшейткіштен шығыс кернеуді тіркейтін цифрлы вольтметрден (4) тұратын схеманы 1-суреттегідей жинаңыздар.



Сурет 1. Сәулелену спектрін зерттеуге арналған қондырғы. 1 – әмбебап шағын монохроматор (МУМ), 2 – сәулені қабылдағыш пен қабылданған сигналды күшейткіш, 3 – күшейткіштің қуаттандыру блогы, 4 –цифрлы вольтметр

Сол арқылы төменде көрсетілген 5 түрлі жасанды жарық шамдарына зерттеу жасап, күннің сәулелену спектрімен салыстыру жүргізіңіздер:


- Қуаты 100 Вт болатын кәдімгі қыздыру шамы;
- Қуаты 20 және 70 Вт болатын галоген шамдары;
- Қуаты 20 Вт болатын Camelion энергия үнемдегіш люминесценттік лампа;
- Қуаты 2,5 Вт болатын Uniel жарық диоды шамы;
- Автомобиль фарына орнатылған ксеононды шам.

Спектрлерді зерттеу барысында төмендегідей қорытындылар жасалды:


- Күн спектрі жылулық сәулеленуге жақын;
- Қыздыру шамының (оның ішінде галоген шамының) спектрі жылулық болып табылады, бірақ сәулелену максимумы ұзын толқынды аумаққа ығысқан (2-сурет);
- Люминесцентті шам люминофор мен шам «атмосферасына» кіретін әртүрлі атомдарға тән айқын спектрлік сызықтарға ие (2-сурет);
- RGB технологиясы бойынша орындалған жарық диодының жарқырауы жылулық сәулеленуден аулақ және қызыл, жасыл, көк түстерге сәйкес келетін үш максимумы бар (3-сурет).

Күн жарығына біршама жақын келетін ксенонды шамның сәулеленуі, бірақ спектріндегі 470, 530 және 590 нм толқын ұзындықтарда сәйкессіздіктер байқалады (3-сурет). Ксенонды шамдарды ғимаратты жарықтандыруға қолданбайды, себебі олар үшін жүргізу-реттеу аппаратурасы өте қымбат және электр желісіне қатысты кейбір шарттарды орындауды талап етеді.

Алынған эксперименттік нәтижелер



Сурет 2. Күн спектрімен салыстырылған қыздыру шамы (галоген шам) мен люминесценттi шам спектрлері



Сурет 3. Күн спектрімен салыстырылған жарық диоды шамы мен ксеноны шам спектрлері

5 түрлі жасанды жарық шамдарына талдау жасай келе, жарқырауы түрлі-түсті жарық диодтарынан сәулелену көзін құрастыруға ұсыныс жасалды. Ол үшін жарықтылығы реостат көмегімен реттелетін 6 түрлі жарық диоды алынды. Құрастырылған сәлелену көзі 4-суретте келтірілген спектрді берді.



Сурет 4. Күн спектрімен салыстырылған жарық диоды жиынтығы шамының спектрлері

Графиктен көріп тұрғанымыздай, толқын ұзындықтары 435, 490, 545, 590 нм сәуле шығаратын жарық диодтары бар болса, спектрі күн спектріне жақын болатын шамды құрастыруға болады. Сонымен, заманауи жартылай өткізгішті индустрияның дамуы спектрі күн спектріне жақын тиімді энергия үнемдегіш жарықтандыру көзін бере алады. Мұндай шамдарды тұрмыста бөлмені жарықтандыруға қолданып қана қоймай, күн сәулесі жеткіліксіз болатын жағдайларда жылыжай шаруашылықтағы өсімдіктердің өсуіне қолдануға болады.

Мақаланы қорытындыласақ, физика пәнінен зерттелетін тақырыпқа жоба әдісін қолданудың нақты моделі келтірілді. Кез келген зерттеу жұмысын осы модель бойынша орындауға болады. Көбінесе ғылыми-зерттеу жұмысын орындауды жоғарғы сынып оқушыларына тапсырады, бірақ олардың жұмыстарының нәтижесі жоғары болмайтындығын көріп жүрміз. Сондықтан ғылыми-зерттеу дағдыларын қалыптастыруды орта буын 5-9 сынып оқушыларынан бастаған дұрыс. Қазіргі уақытта жаңартылған білім беру мазмұнына байланысты оқушылардың өзіндік жұмыстарына көп көңіл бөлінеді. Егер физика пәнінің мұғалімдері 5-9 сынып оқушыларына әрбір жаңа тақырыпқа осы жобалау әдісін қолданса, онда оқушыларда жобамен жұмыс жасау дағдысы қалыптасар еді.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1 Алыкова Л.В. Метод проектов и его использование в образовательном процессе // Центр педагогических инноваций им. К.Д. Ушинского «Новое образование», Коломна 2014. URL: https://nsportal.ru/shkola /fizika/library/2014/12/20/proekt-po-teme-metod-proektov-i-ego-ispolzovanie-v-obrazovatelnom

2 Смирнов Н.Ю., Беликов И. Исследования спектра излучения исскуственных источников излучения» // Потенциал. Математика. Физика. Информатика № 09 (93) 09.2012. С. 39-42

3 Кадырова А.С. SMART мақсат: дұрыс бағдар – нақты нәтиже. «Өрлеу» біліктілікті арттыру ұлттық орталығы» АҚ-ның филиалы Батыс Қазақстан облысы бойынша педагогикалық қызметкерлердің біліктілігін арттыру институты. URL: http://zkoipk.kz/kz/2015smart2/1500-conf.html

ИНФОРМАТИКА. ИНФОРМАТИКАНЫ ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІ. БІЛІМ БЕРУДІ АҚПАРАТТАНДЫРУ
ИНФОРМАТИКА. МЕТОДИКА ПРЕПОДАВАНИЯ ИНФОРМАТИКИ. ИНФОРМАТИЗАЦИЯ ОБРАЗОВАНИЯ

МРНТИ 21.55:34
УДК 004.058.56

Ж.Т. Айтуганова [1], Б.Ә. Талпақова[1], Б.К. Жүсіпбек [2]

[1]Алматы технологиялық университеті, Алматы қ., Қазақстан
[2]Қ.А. Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті, Қазақстан

ДЕРЕКТЕР ҚОРЫНДА АҚПАРАТТЫ САҚТАУ ҚАУІПСІЗДІГІН АРТТЫРУДЫҢ ТИІМДІ ӘДІСТЕРІ

Аңдатпа

Технологияның қарқында дамығын дәуірінде ақпаратты қорғау мәселесі өте өзекті болып отыр. Мақалада компьютерлік жүйелерде ақпаратты байланыс каналдары бойынша оңай және тез көшіріп алуға байланысты ақпарат қауіпсіздігіне байланысты туындаған мәселелер қарастырылған. Ақпаратты қорғау мәселесі заң шығарушы орындардан бастап нақты техникалық құрылғыға дейін кең ауқымды қамтиды. Бағдарламаны өңдеушілер ақпараттың жоғары деңгейде қорғалуын қамтамасыз ететін қорғаудың техникалық құралдары қажеттігін ұсынады. Тәжірибе көрсеткендей ақпараттың қорғалуына бағдарламалық құралдар кепіл бола алмайды. Сондықтан бағдарламалық құралдар ақпаратқа қол жеткізуді, сақтау ережесін анықтайтын ұйымдастыру шараларымен толықтырылды.

Бағдарламалық құралдарды пайдаланушыларға қорғау құралдары пайдалану саласында қосымша қиындық туғызады. Бұл жұмыста қорғау құралдарының классификациясы мен өзіндік қорғау әдістері және де қосымша ақпаратты сұрау салу арқылы қорғау тәсілдері келтірілген.

Түйін сөздер: ақпаратты қорғау, мәліметтер қоры, қауіпсіздік, бағдарламалық құралдар, әдістер.

Аннотация

Ж.Т. Айтуганова [1], Б.А. Талпакова [1], Б.К. Жусипбек[2]
[1]Алматинский технологический университет, г.Алматы, Казахстан
[2]Международный Казахско-турецкий университет им.Х.А.Ясави, Казахстан

ЭФФЕКТИВНЫЕ СПОСОБЫ ПОВЫШЕНИЯ БЕЗОПАСНОСТИ ХРАНЕНИЯ ИНФОРМАЦИИ В БАЗЕ ДАННЫХ

В эпоху бурного технологического развития вопрос информационной безопасности очень актуален. В статье рассматриваются вопросы, связанные с информационной безопасностью в компьютерных системах за счет простого и быстрого копирования информации по каналам связи. Проблема информационной безопасности охватывает широкий круг вопросов, от законодательного органа до конкретного технического устройства. Разработчики программы предполагают необходимость технических средств защиты, обеспечивающих высокий уровень защиты информации. Опыт показывает, что программное обеспечение не может гарантировать защиту информации. Поэтому любое программное обеспечение нужно дополнить организационными мерами, определяющими правила доступа и хранения информации. В практике пользователи программного обеспечения сталкиваются с дополнительными проблемами при использовании инструментов безопасности.

В этой статье представлена классификация гарантий и методов самозащиты, а также методы защиты путем запроса дополнительной информации.

Ключевые слова: информационная безопасность, база данных, безопасность, программное обеспечение, методы.

Abstract

EFFECTIVE WAYS TO INCREASE THE SECURITY OF STORING INFORMATION IN A DATABASE

Aituganova Zh.T.[1], Talpakova B.A.[1], Zhussipbek B.K.[2]
[1] Almaty technological University Almaty, Kazakhstan
[2] Akhmet Yassawi International Kazakh-Turkish University, Kazakhstan

In the era of rapid technological development, the issue of information security is very relevant. The article discusses issues related to information security in computer systems due to the simple and quick copying of information through

communication channels. The problem of information security covers a wide range of issues, from the legislature to a specific technical device. Program developers suggest the need for technical means of protection that provide a high level of information security. Experience has shown that software cannot guarantee information security. Therefore, any software must be supplemented by organizational measures that determine the rules for access and storage of information. In practice, software users face additional challenges when using security tools.

This article presents a classification of guarantees and methods of self-defense, as well as methods of protection by requesting additional information.

Keywords: information security, database, security, software, methods.

Қазіргі кезде біздің елде ақпараттық қауіпсіздікті қамтамассыз ететін бөлімшелердің жұмыс нәтижесінің бағасы стандартқа сай келмейді және ұйымның интегралды қауіпсіздік деңгейін қамтитын арнайы қадағалайтын факторы жоқ. Нақты мәселеге және азаматтық сектордың қажеттілігіне байланысты көзқарастарды трансформацияланған реттелген ведомстволардың дұрыс белгілері жоқ.

Хабарлар тасымалданатын байланыс арналары көбінесе қорғалмаған болып келеді және осы арнаға қатынас құру құқығы бар кез-келген адам хабарларды қолға түсіре алады. Сондықтан тораптарда ақпаратқа біраз шабуылдар жасау мүмкіндігі бар. Қауіпсіздік өзегі барлық қорғаныш тетіктерінің құрылу негізі болып табылады.

Осы жағдайлардың бәрі ақпарат жүйесінің қауіпсіздік саясатын ұйымдастыруды қажет етіп және келесі факторларға бөлінеді:

- қорғау мақсатын анықтау;
- қорғау объектісін анықтау;
- өзекті ақпараттық қылмыстарды, осы қылмысқа кіретін субъектіні анықтау;
- қорғау сапасын анықтайтын әдістерді өңдеу;
- жүйені қорғау кепілдемесін алу.

Тәжірибелік жұмыста ұйым бойынша және ақпараттық ресурстарға байланысты ақпарат қауіпсіздік саясатының анықталмағандығына және бірдеңгейлі болмауына сәйкес түрлі факторларды қолдануға әкеп соғады. Бірдеңгейлі емес және анықталмаған қауіпсіздік саясаты факторлардың бір-бірімен түйісіп қалуына әкеледі.

Ақпараттық жүйедегі қауіпсіздік мәселесін шешетін ұйым қасиеттері:

- Ұйым өзіне сай келетін байланысқа қатысты азаматтық құқық нормасын қалыптастыруы керек, ал мемлекет басқару органдарына әкімшілік құқығын беру қажет.
- Ұйымның негізгі әрекеттер түріне ақпараттық жүйенің қауіпсіздігін байланыстырмау қажет.
- Ұйымның негізгі алға қойған мақсатына қол жеткізу және негізгі функционалды мәселелерді шешу үшін ақпараттық жүйе қауіпсіздігін қамтамассыз ету керек.
- Қауіпсіздік қызметі ереже бойынша қауіпсіздік тәртібін өзі шығармайды, оны тұтынушы мен тапсырыс беретін адам арасындағы келісім бойынша жүзеге асуы керек.

Жеті қауіпсіздік деңгейі

Әрбір деңгейдегі мамандар сатысы, ақпараттық ресурстармен жұмыс жасайтын мамандар өздеріне тән деңгейлік терминологиясын қолданады. Осыған байланысты қауіпсіздік аймағында түсінікті аппарат қалыптасады. Сол себепті осындай аппарат көрші деңгейде қолданылмайды, ал I және VII деңгейлі мамандар бір-бірлерін түсіне алмайды. Көпдеңгейлі модель ресми қолданушылардың қатысуына және ескеруіне өзінің көп үлесін қосады. Әрбір келесі деңгейлерде берілген факторлар түсінірек болады.

Нақты деңгей моделін анықтамай тұрып, оның қауіпсіздік саясатын қарау мағынасыз. Қажетті қауіпсіздік деңгейін сатылай жоғарлататын болсақ, онда біз қорғаудың тең төзімділігіне көңіл аударуымыз қажет. Қауіпсіздік деңгейі ақпараттық қылмыстардың орындалуына байланысты бара-бара өзінің нәтижесіне, яғни мақсатына жетіп, қорғау құралдарының деңгейіне де тоқталып өтеді. Осындай тұрғыдан қарастырсақ, көп жағдайлар аталған саймандарға қатысты болып келеді.

III деңгейге дейін орындалатын әрекеттер түсініктірек бола бастайды. Бекітілмеген рұқсат техникалық қорғауға байланысты көптеген сұрақтарды туындатқан болатын, яғни өте күшті сертификацияланған құрылғы қауіпсіздікті қамтамассыз етуді жүзеге асыра алады ма? Сұрақтар оның құндылығына және орналасу аймағына байланысты туындады. Ары қарай жағдайлар күрделене түседі. III деігейден жоғарғы деңгейлерде арнайы сертификацияланған қорғау құрылғысы жоқ, қауіпсіздік толығымен басқару жүйесінің программалық баптауын, программаның бүтіндігін қамтамассыз етуін және бизнес-кезеңінің штаттылығын орналастырады. Қауіпсіздікті қамтамассыз ететін баптау тұрақтылығы екі факторға бөлінеді:

- Әкімшілік жүйенің жұмыс сапасы барлық өзгертулерді бақылап отыру үшін әкімшілік саясат бөлімшелеріне бөлу қажет, өз уақытында енгізілген өзгерістерді басқару жүйесінің баптауынан

қадағалап отыру қажет. Осы әрекеттерді практика жүзінде қолдану барысында бұл сапаны әлсіретеді, ал басқару саясат рұқсаты, яғни пайдалануға берілген қолданушы құқығы және паролі әкімшілік саясатқа сәйкес келеді.

- Баптауға қолжетімділік дербес компьютерлерге желіні орналастыруға, жай қолданушыларға әкімшілікке кіруге мүмкіндік бермеу керек.

Осы берілген мәселені шешу үшін орталықтандырылған өңдеуге және орталықтанған қауіпсіздік басқаруына өту қажет. Сонымен қатар ақпарат жүйесінің қауіпсіздік төзімділігін бекіте отырып, әкімшілік компоненттер басқаруын жоғарлату керек. Осы шешім кең көлемді АТ-корпорациясын басқаруға кепілдік береді, яғни бұл тек қана толық өңдеуді орталықтандыру болып табылмайды, сонымен қоса әкімшілік ресурстар қолданушылардың әрекеттерін бақылап, әкімшілік аудиттерін тексеріп отырады. Бұл өз кезегінде қауіпсіздіктің логикалық саясатын түсінуге, нақты ұйым үшін ресурстар есебін өңдеуге мүмкіндік береді [1].

Қорғау-жүйенің объектілерін қоршаған ортадан қорғайтын механизмдерді сипаттау. Қорғау тетіктеріне тән белгілер:

- Бір пайдаланушының екінші пайдаланушыға кедергі келтіруіне жол бермеу;
- Пайдаланушының бағдарламасымен деректеріне қорғаныс құралдарын ұсыну.


Қорғау тетіктері (механизмы) төмендегідей бірқатар мәселелерді шешеді:

1. Заң шығару нормаларымен анықталатын, дербес қол жеткізуді реттеуші жеке ақпарат құпиясын қорғау.
2. Ақпаратқа қол жеткізу ережесін анықтайтын ақпарат құпиялылығын сақтау.
3. Құпиялылықтың сақталуын қамтамасыз ететін әдістер мен құралдардың ақпарат қауіпсіздігіне жол ашуы.

Алғашқы сатыда ақпараттың қорғалуы бағдарламалық әдіспен шешіледі. Тәжірибе көрсеткендей ақпараттың қорғалуына бағдарламалық құралдар кепіл бола алмайды. Сондықтан бағдарламалық құралдар ақпаратқа қол жеткізуді, сақтау ережесін анықтайтын ұйымдастыру шараларымен толықтырылды.

Келесі саты-мәліметтерді қорғау бойынша жүйе және техникалық құралдар құру болып табылады. Қорғаудың кешенді әдісі жоғары нәтиже береді. Ақпаратты қорғаудың барлық әдістері мен құралдарының жиынтығын төмендегідей түрде топтастыруға болады (1 сурет).

Қорғау құралдарының классификациясы



Сурет 1. Қорғау құралдарының классификациясы

Мәліметтерді тасымалдауға, бөлмедегі, аумақтағы қорғалған мәліметтерге қол жеткізудің физикалық кедергісі-бұл тосқауыл. Жүйе ресурстарын реттеу әдісімен қорғау арқылы пайдалану қол жеткізуді басқару болып табылады. МБ элементтеріне, тасымалдаушыға бағдарламалық құралдарды пайдаланудың техникалық тұлғасына, пайдаланушыларға арналған жұмыс кестесі белгіленеді [2].

Бұл үшін пайдаланушылардың жұмыс уақыты және қол жеткізу тәртібі мен ресурстар жүйесі тізімінің техникалық персоналға арналған түрін регламенттейді. Берілген, ұсынылған ресурстар тізбесімен пайдаланушылар тізімі жасалынады.

Пайдаланушы тізімінде МБ элементіне арналған қол жеткізуге болатын рәсімдер тізімі белгіленеді. Мәліметтерді тасымалдауға арналған тұлғалар үшін қол жеткізу құқығы бар тұлғалар және оны тұрақты сақтау орны анықталады.

Қол жеткізуді басқару қорғаудың мынадай қызметінен тұрады:

- ресурсты, дербес пайдаланушыны сәйкестендіру бесаспап идентификатор тағайындау және оны таңдау арқылы жүреді;
- өкілеттігі, яғни қабілеттігін тексеру іске қосқан уақытынан бастап ресурстарды сұрағанмен аяқталады;
- белгіленген регламент негізінде ақпаратқа қол жеткізуге рұқсат беру және жағдай жасау;
- сақталған ренсурстардың айналымын тіркеу;
- бекітілмеген жұмыстар түріне әрекет жасаудың нәтижесі.

Кодалау-бұл мәліметтерді криптографиялық түрлендіру әдісімен қорғаудың бір түрі. Қорғау әдісі пайдаланушы үшін тиімді болып саналса, онда ақпараттарды өңдеу және сақтау барысында, әрі мәліметті байланыс желісімен тарату кезінде пайдаланылып, ақпаратты қорғаудағы тиімді әдіс болып есептеледі.

Регламенттеу-мәліметтерді өңдеу және сақтаудың, бекітілмеген мәліметке қол жеткізудің мүмкіндігі болатындай жағдай туғызатын шаралар жиынтығын тарату және өңдеу болып табылады.

Мәжбүрлеу-бұл дербес және пайдаланушының мәліметтерді қылмыстық, әкімшілік, материалдық жауапкершілік қауіптен сақтаудың, өңдеудің ережесі, яғни пайдаланушыларды әкімшілік, құқықтық, материалдық жауапкершілік қаупінен ақпаратты қорғауға, сақтауға мәжбүрлеу.

Ұйымдастыру құралы дегеніміз – деректердегі ақпаратты өңдеу жүйесін пайдалану және оның қызметі барысында (жобалау, монтаждау, сынау, тексеру, пайдалану) жүзеге асатын ұйымдастыру-құқықтық және ұйымдастыру-техникалық шаралары.

Заң шығарушы құралдарға қол жеткізуді шектеуші мәліметтерді өңдеу, пайдалану ережелері және ережені бұзған жағдайдағы жауапкершілік шаралары қарастырылатын еліміздің құқықтық актілері жатады. Мысалы, Қазақстан Республикасының ақпараттандыру туралы заңы, Байланыс туралы заң, Интегралдық микросхемалар топологияларын құқықтық қорғау туралы заң, Қазақстан Республикасының патент заңы, Бұқаралық апарат құралдары туралы заң, және т.б.

Моральдық (адамгершілік)-этикалық құралдарға даму кезеңінде қалыптасқан және қоғамдағы ақпарат технологиясы таратқан дәстүрлік норма жатады. Бұл нормаларды сақтау міндетті емес, бірақ оны сақтамау телуге әкеліп соғады. Ұйғарымдама ережелер жинағы түрінде болады.

Барлық қорғау құралдары формальды және формальды емес болып бөлінеді. Қорғаудың формальды формаларына адамның қатысуынсыз алдын-ала жұмыста қарастырылған қорғау қызметін атқаратын құралдар жатады. Формальды емес қорғау құралдарына адамдардың мақсаткерлік қызметтері немесе сондай қызметті регламенттеу жатады.

Қорғау тұжырымдамасының дамуын мынадай кезеңдерге бөледі:

1. Бағдарламалық құралдар дамуының артықшылығы.
2. Қорғаныс құралдарының барлық кластарының қарқынды дамуы.
3. Қорғау құралдарының 3 даму тенденциясы:

а) қорғаудың негізгі қызметін аппараттық тарату;

ә) қорғаудың бірнеше қызметін атқаратын қорғаныс құралдарының жиынтығын құру;

б) қорғаныс құралдарын бірыңғайлау және стандарттау.

Қорғаудың техникалық құралдарын қолдану өзіндік, яғни өз бетімен атқарылған шаралар сипатында болады. Көптеген бағдарламалық құралдар (ОЖ, МББЖ) қамтамасыздандарудың жалпы жүйелік компонеттері құрамына кіреді. Ұйымдастыру компонеттерінің жиынтығы деректердегі ақпаратты өңдеу жүйесіндегі ақпараттарды қорғаудың жалпы ұйымдастыру жұмысынан тұрады.

Ақпаратты қорғау мәселесі заң шығарушы орындардан бастап нақты техникалық құрылғыға дейін кең ауқымды қамтиды. Бағдарламаны өңдеушілер ақпараттың жоғары деңгейде қорғалуын қамтамасыз ететін қорғаудың техникалық құралдары қажеттігін ұсынады. Бағдарламалық құралдарды пайдаланушыларға қорғау құралдары пайдалану тарихында қосымша қиындық туғызады. Бірден-бір

қорғау құралы болып табылатын – авторлық құқықты мойындау – яғни бағдарламалық құралдарды сату экономикалық жағынан тиімсіз. Бұдан басқа сақтайтын ақпараттардың ашылу деңгейін көтеру және оны өңдеу әдісін (ноу-хау) жоғарылату тағы бар.

Сауда-саттық қатынасында қорғалатын ақпараттың көшірмесін алуға қол сұғуды азайту, пайдаланушымен сәйкестендіру, көшірме жасауға тиым салу, қорғау құралдарына қызмет көрсететін ЕЖ ресурстарынның бөлігін пайдалану шектеулі.

Қорғау құралдары пайдаланушыға ол көшірмесін жасағанша, орындағанға дейін белгісіз болуы керек. Мұндай әрекет ету әдісін АҚШ-тағы өңдеу жүйесіне қызмет көрсетудің Ассоциациясы бойынша қорғау комитеті қабылдады, бұл комитет "үнді перне" атағын алған қорғау аппаратурасының стандартын ұсынды.

Қорғау әдістері деректер мен ЭЕМ-ді қорғаудың әдістері және бағдарламалық жабдықтарды (БЖ) қорғау әдістері болып бөлінеді [3].


Электронды есептеу машинасын (ЭЕМ) қорғау – аппаратураға физикалық қол жеткізуді шектеуге және парольдер пайдалануға негізделген. ЭЕМ-ді шағын бөлмеге орналастырып оның сақталу, қорғалуына мүмкіндік береді. Жекелей сатылатын бағдарламалық қамтамасыздандыруды поштамен салып, қорғау құралдарын меңгеретіндігін ұзақ мерзімде сынауға болады.

Қорғау құралдары төмендегі категорияларға ажыратылады:

- өзіндік қорғау;
- ЕЖ құрамында қорғау;
- сұрау салу арқылы ақпаратты қорғау;
- активті қорғау;
- пассивті қорғау.

Өзіндік қорғау құралдары

Өзіндік қорғау құралдарын төмендегідей сұлба арқылы бейнелеуге болады (2 сурет).



Сурет 2. Өзіндік қорғау

Бағдарламалық жабдықты сүйемелдеуші құжат авторлық құқық субъектісі болып саналып, қорғау функцияларын орындай алады. Бағдарламалық жабдық құжатсыз толық бағалы түрде қолданыла алмайды. Бағдарламалық жабдыққа есептеуіш жүйенің бейімделуі қажет болған кезде бағдарламаны өңдеуші тарапынан сүйемелдеудің маңызы ерекше.


Шектеулі қолданыс пайдаланушылар шеңберін шектейді, бағдарламалық жабдық санаулы қолданушылар шеңберінде пайдаланылады. Тапсырыспен жобалау – бағдарламалық жабдықты арнаулы мақсатқа өңдеу. Егер бағдарлама сирек қолданылатын болса, онда бағдарламаның коммерциялық мақсатта ұрлану қаупі де аз болады. Стандартты бағдарламалық модульдер бағдарламаны сәйкестендіретін, авторлық құқық беретін ерекше белгімен жабдықталады. Жеке таңбалау құны сауда-саттық түсімінен күтілетін түсіммен шамалас болуы керек.

Сұрау салу арқылы ақпаратты қорғау. Қосымша ақпараттың жұмысына парольдер, нөмірлер, кілттер түрінде талап етілетін бағдарламалар сұрау салу арқылы ақпаратты қорғау түріне жатады (3 срует).

Парольдер – жүйеге ену үшін қажетті кілттер ретінде қарастырылады және ақпарат тұтастығын сақтауды қамтамасыз етеді бірақ, олар басқа мақсаттар үшін де қолданылады, мысалы, дискіенгізгіште жазуды бұғаттауда, мәліметтерді шифрлеу командаларында, т.б. [4].

Парольдерді 7 негізгі топтарға бөледі:

- қолданушы орнататын парольдер;
- жүйемен генерацияланатын парольдер;
- енудің кездейсоқ кодтары;
- жартылай сөз;
- кілттік фазалар;
- "сұрақ -жауап" түріндегі интерактивті тізбек;
- "қатаң " парольдер.



Сурет 3. Қосымша ақпаратты сұрау салу арқылы қорғау

Шифрлер - ақпаратты түрлендіруге арналған криптографиялық әдістерді пайдалану. Шифрлер криптоаналитиктер үшін қарапайым болу керек, бірақ кәдімгі пайдаланушылар үшін файлға қол жеткізуді қиындатады. Бағдарламаларды, идентификациялық белгілерді шифрлеуге болады. Бағдарламаны қорғауға арналған шифрдың негізгі сипаттамасы - кілттік шифрдың ұзындығы болып саналады.

Сигнатуралар – қорғаныс үшін пайдаланылатын және бағдарламалық тәсілмен тексерілетін электронды есептеуіш машинаның бесаспап сипаттамасы.

Қорғау аппаратурасының көмегімен бағдарламны қорғаудың негізгі принципі – тұрақты есте сақтау құрылғысымен оперативті есте сақтау құрылғысынан бағдарламаларды рұқсатсыз көшіру кезінде бағдарламның өздігінен жойылып кетуіне арналған сигналдарды өндіру.

Арнайы микропроцессорлар (МП) – арнайы оптикалық құрылғы, стандартты интерфейс арқылы қосылады, сұрау салуға кейбір сандық реттілікпен үндеседі. Кемшілігі – бағдарламамен басқарылады.

Электр интеллектісімен қорғау – күрделі қорғаныс алгоритмін таратушы арнайы микропроцессоры бар электронды қорғаныс құрылғыларының бірі [5].

Тікелей қорғау құралдары-егер құпия ақпараттардан тұратын модульды бұзатын болса, тікелей қорғау динамикалық жады қорегін бұғаулайды да, құпия ақпараттарды жояды.

Ақпараттық қауіпсіздік режимін қалыптастыру кешендік мәселе болып табылады. Қазіргі таңда бұл өзекті мәселені шешуде криптогрфиялық әдісті пайдалану тиімді болып отыр. Бұл ақпараттың бүтіндігімен және қауіпсіздігімен қамтамасыз ететін өте тиімді әдіс болып табылады. Криптографиялық әдісті техникалық және ұйымдастыру шараларымен біріктіріп қолдану ақпарат қауіпсіздігін кең спектрінен сенімді қорғауларды қамтамасыз етеді.

Криптографиялық хаттамалардың (басты алмасу, электрондық-цифрлық қолтаңба (ЭЦҚ) негізгі типтерін дамыту ашық кілттерді және олардың негізінде шифрлеудің ассиметриялық хаттамаларысыз мүмкін емес.

Асимметриялық криптоалгоритмдердің негізгі идеясы хабарламаны шифрлеу үшін бір кілт, ал шифрлеудің мағынасын ашқан кезде - басқасы пайдаланылады. Одан басқа шифрлеудің рәсімі, шифрлеудің белгілі кілті бойынша тіпті тұрақты болып таңдалған – бұл асимметриялық криптографияның екінші қажетті шарты. Яғни, шифрлеу кілті мен шифрленген мәтінді біле тұрып

шығыс хабарламаны қалпына келтіру мүмкін емес – оны тек екінші кілттің – шифрлеудің мағынасын ашатын кілттің көмегімен ғана оқуға болады. Егер ондай болса, онда шифрлеу кілті қандай да бір тұлғаға хаттарды жөнелту үшін - бәрібір оқудың мүмкін еместігін біле тұрып шифрленген хабарламаны ашпауға да болады.

Сондықтан шифрлеу кілтін асимметриялық жүйелерде «ашық кілт» деп атайды, ал шифрлеудің мағынасын ашу кілтін хабарламаны алушыға құпияда ұстау қажет – ол «жабық кілт» деп аталады. Осылай, біз құпия кілттермен алмасудың күрделі міндетін шешу қажеттілігінен құтыламыз. «Неге ашық кілтті біле тұра, жабық кілтті есептеп шығаруға болмайды?» деген сұрақ сұранады – бұл асимметриялық криптографияның үшінші қажетті шарты – шифрлеу және шифрлеудің мағынасын ашу алгоритмдері ашық кілттің жабық кілтті есептеп шығарудың мүмкін еместігін біле тұра құрылады.

Жалпы асимметриялық шифрлеуді пайдаланған кезде хат жазысу жүйесі былайша өрбиді. Хат жазысуды жүргізуші N абоненттердің әрбірі үшін өзінің кілттер жұбы: «ашық» Ej және j – абоненттің нөмірі бар жерде «жабық» Dj таңдап алынған. Барлық ашық кілттер пайдаланушылардың барлығына белгілі, әрбір жабық кілт керісінше ол тиесілі абонентте ғана сақталады. Егер абонент, 7 нөмірлі деп алсақ, 9 нөмірлі абонентке ақпарат бермекші болса, ол деректерді E9 шифрлеу кілтімен шифрлейді және оны 9 абонентіне жөнелтеді. Желіні пайдаланушылардың барлығы E9 кілтін білетіндіктеріне және шифрленген жіберілім жүріп жатқан арнаға қол жеткізу мүмкіндігіне ие екеніне қарамастан олар шығыс хабарламаны оқи алмайды, өйткені шифрлеу рәсімі ашық кілт бойынша тұрақты. Және тек 9 абонент ғана жіберілімді алып, тек өзіне ғана белгілі D9 кілтінің көмегімен оған түрлендіру жүргізеді және жіберілім мәтінін қалпына келтіреді. Егер хабарламаны қарама қарсы бағытта (9 абонентінен 7 абонентіне) жөнелту керек болса, онда басқа кілттер жұбын (шифрлеу үшін E7 кілті, ал дешифрлеу үшін D7 кілті) пайдалану керектігін ескеріңіз.

Көріп тұрғанымыздай, біріншіден асимметриялық жүйелердегі бар кілттер саны абоненттердің симметриялық жүйелердегі сияқты шаршы емес, сызықтық (N пайдаланушыдан жүйеде 2N кілттер пайдаланылады) санымен байланысты. Екіншіден k жұмыс станциясы бұзылған кезде қасқүнем тек Dk кілтті ғана біледі: бұл оның k абонентіне келетін барлық хабарламаларды оқуға мүмкіндік береді, алайда хаттарды жіберген кезде оның орнына өзін қоюға мүмкіндік бермейді.

RSA асимметриялық шифрлеу стандарты.

Асимметриялық шифрлеудің ең таралған алгоритмі RSA алгоритмі болып табылады. Ол үш зерттеуші-математик Рональдом Ривестпен (R.Rivest), Ади Шамирмен (A.Shamir) және Леонард Адльманмен (L.Adleman) ұсынылған болатын. Осы алгоритмнің әзірлеушілеріне құпиямен бір тараптық жұмыс істеу идеясын тиімді асыру мүмкін болды.

RSA төзімділігі үлкен тұтас сандардың күрделілігіне базаланады. 1993 жылы RSA әдісі халыққа берілді және стандарт (PKCS #1: RSA Encryption standart) ретінде қабылданды, RSA шифрлеу/мағынасын ашу үшін сияқты электрондық цифрлық қолтаңбаны туындату/тексеру үшін де қолдануға болады [6].

ЭЦҚ сызбаларының көпшілігінің төзімділігі шифрлеудің және хэш-функциялардың асимметриялық алгоритмдерінің төзімділігіне байланысты. ЭЦҚ сызбаларына шабуылдардың, белгілі және ашық кілтпен шабуылдау түрлері бар. Шабуыл және белгілі қол қойылған хабарламаларымен – қарсылас, ашық кілттен басқа қол қойылған хабарламалар жиынтығына да ие. Қол қойылған хабарламаларды таңдаумен қарапайым шабуыл – қарсылас хабарламаларды таңдау мүмкіндігіне ие, бұл ретте ашық кілт ол хабарламаны таңдағаннан кейін алады. Хабарламаны таңдаумен бейімделген шабуыл.

Әрбір шабуыл бірнеше топтарға бөлуге болатын белгілі бір мақсатты көздейді:

1) толық ашылу. Қарсылас пайдаланушының құпия кілтін табады;

2) әмбебап қолдан жасалған. Қарсылас ЭЦҚ туындату алгоритміне функционалды ұқсас алгоритмді табады;

3) селективті қолдан жасау. Таңдалған хабарламамен қолтаңбаны қолдан жасау;

4) экзистенциалды қолдан жасау. Ең болмаса бір кездейсоқ таңдалған хабарламаның қолтаңбасын қолдан жасау [7].

Практикада ЭЦҚ қолдану мынадай іс-қимылдарды бұзушыларды айқындауға немесе алдын алуға арналған:

1) құжаттың авторлығына қатысушылардың бірінің бас тартуына;

2) қабылданған электрондық құжатты түрлендіруге;

3) құжатты қолдан жасауға мүмкіндік береді;

4) беру үрдісінде хабарламаларды тықпалау – қарсылас хабарламалар алмасуды ұстап алады және оларды түрлендіреді;

5) хабарлама жіберуді қайталау [8].

Сонымен қатар хабарлама алмасу жүйесін олардан қорғау мүмкін емес бұзушылықтар бар – бұл хабарламаны жіберуді қайталау және хабарламаны жіберу уақытын қолдан жасау. Осы бұзушылықтарға қарсы әрекет уақытша қосымшалар мен кіріс хабарламаларды қатаң есепте пайдалануға негізделуі мүмкін.

Қазіргі таңда ақпарат технологиясында апарат қауіпсіздігімен қамтамасыз ету мәселесіннің өз шешімін табуы көптеген салалардағы өзекті мәселелерді шешкен болар еді. Ақпаратты криптографиялық қорғау қазіргі таңда ақпарат қауіпсіздігін қамтамасыз ету мен мемлекет мүдесін қорғауда ең тиімді жол болмақ.

Пайданылған әдебиеттер тізімі:

1 *Анин Б. Ю. Защита компьютерной информации. СПб.: БХВ - Санкт-Петербург, 2010.*

2 *Утепбергенов И.Т., Сағындыкова Ш.Н. ақпараттық жүйелердегі деректер қоры. Оқу құралы.2016. 76 бет.*

3 *Герасименко В. А. Защита информации в автоматизированных системах обработки данных. В 2-х кн. М.: Энергоатомиздат. 2012.*

4 *Гусманова Ф.Р., Абдулкаримова Г.А. Ақпаратты қорғаудың криптографиялық әдістерін оқытудың өзекті аспектілері. //Абай атындағы ҚазҰПУ-нің Хабаршысы. «Физ.-мат. ғылымдары» сериясы, 2019, №4(68), 201 б.*

5 *Домарев В. В. Безопасность информационных технологий. Системный подход - К.: ТИД Диа Софт, 2011. 992 с.*

6 *Расторгуев С. П. Программные методы защиты информации в компьютерах и сетях. М.: Яхтсмен, 2013.*

7 *Хоффман Л. Дж. Современные методы защиты информации: Пер. с англ. М.: Сов. радио, 2008.*

8 *Лапина М. А., Ревин А. Г., Лапин В. И. Информационное право. М.: ЮНИТИ-ДАНА, Закон и право, 2014.*

МРНТИ 20.01.45
УДК 378.147

А.М. Байганова [1], Н.К. Наурызова [1]

[1]Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті, Ақтөбе қ., Қазақстан

ОҚУ ҮРДІСІН ҰЙЫМДАСТЫРУДА ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫҢ ТИІМДІЛІГІ

Аңдатпа

Қазіргі таңда жаңа инновациялық технологиялардың түрлері сан алуан. Оларды таңдау және оны қолданудан нәтиже шығару оқытушының кәсіби біліктілігіне тікелей байланысты. Жаңа инновациялық технологияның негізгі міндеттері: әрбір білім алушының білім алу, өз бетінше жұмыс істеу дағдыларын қалыптастыру, қабілетін дамыту және білім мен дағдысына сай келетін бағыт-бағдар таңдап алатындай дәрежеде тәрбиелеу. Жаңа инновациялық технологияларды пайдалану арқылы оқыту оқу үрдісінің барлық деңгейінің тиімділігі мен сапасын жоғарылатуды алға қояды. Осыған сәйкес жаңа инновациялық технологияларды қолдана отырып білім беру- қазіргі таңдағы басты міндет боп табылады. Бұл мақаланың мақсаты білім беру мекемесінде құзіреттілікті қалыптастыруға бағытталған жаңа инновациялық технологияларды тиімді таңдау және қолдану жолын көрсету болып табылады.

Түйін сөздер: инновациялық технологиялар, Padlet, Socrative, Plickers, Quick key, QuizLet, Mentimeter.

Аннотация

А.М. Байганова [1], Н.К. Наурызова [1]

[1]Актюбинский региональный государственный университет им.К.Жубанова, г.Актобе, Казахстан

ЭФФЕКТИВНОСТЬ ИННОВАЦИОННЫХ ТЕХНОЛОГИЙ В ОРГАНИЗАЦИИ ОБРАЗОВАТЕЛЬНОГО ПРОЦЕССА

Статья посвящена анализу инновационных технологий, с множеством новых видов. Выбор и использование инновационных технологий осуществляется по решению преподавателя и непосредственно зависит от профессиональной квалификации преподавателя. Основными задачами новых инновационных технологий являются: получение знаний, формирование навыков самостоятельной работы, развитие способностей каждого обучающегося в той степени, в которой они могут выбрать направление, наиболее соответствующее их знаниям и навыкам. С использованием новых инновационных технологий обучение ставит перед собой повышение эффективности и качества всех уровней учебного процесса. В соответствии с этим образование с использованием новых инновационных технологий является главной задачей на сегодняшний день. Целью статьи является демонстрация путей эффективного выбора и применения новых инновационных технологий, направленных на формирование компетенций в образовательном учреждении.

Ключевые слова: инновационные технологии, Padlet, Socrative, Plickers, Quick key, QuizLet, Mentimeter.

Abstract

EFFICIENCY OF INNOVATIVE TECHNOLOGIES IN THE ORGANIZATION OF THE EDUCATIONAL PROCESS

Baiganova A.M.[1], Nauryzova N.K.[1]

[1]K. Zhubanov Aktobe regional state university, Aktobe, Kazakhstan

The article is devoted to a close analysis of innovative technologies, with many new types. The choice and use of innovative technologies is made by the decision of the teacher and directly depends on the professional qualification of the teacher. The main tasks of new innovative technologies are: obtaining knowledge, forming skills of independent work, developing the abilities of each student to the extent that they can choose the direction that best corresponds to their knowledge and skills. With the use of new innovative technologies, training aims to improve the efficiency and quality of all levels of the educational process. In accordance with this, education using new innovative technologies is the main task today. The purpose of the article is to demonstrate the ways of effective selection and application of new innovative technologies aimed at the formation of competencies in an educational institution.

Keywords: innovative technologies, Padlet, Socrative, Plickers, Quick key, QuizLet, Mentimeter.

Қазіргі таңда Қазақстандық жоғары білім жүйесі бәсекеге қабілетті кадрлар дайындау барысында білім алушының қызығушылығын ояту принципін көздейді, яғни жоғары оқу орны оқытушылары студенттердің шығармашылық қабілетін белсендірумен қатар олардың оқуға деген ынтасын арттыру қажет. Себебі ЖОО білім беру жүйесі - әр адам өміріндегі білім алудың негізгі құрамдас бөлігі болып табылады. Әрбір тұлғаның болашақтағы жан-жақтылығы, білімділігі мен зиялылығы бүгінгі әрбір студенттің оқу процесі барысында ізденімпаздылық пен қызығушылық әрекетінің нәтижесінен көрініс таппақ.

Білім беру үрдісінде инновациялық әдістерді дұрыс қолдану - студенттердің білім алудағы қажеттіліктерін қанағаттандыра отырып, болашақта бәсекеге қабілетті жоғарғы дәрежедегі мамандар дайындаудың алғашқы сатысы болмақ.

Білім саласының парадигмасының өзгеруі болашақ мамандарды дайындауға жалпы қоғам тарапынан көзқарастың түбегейлі өзгеруін талап етеді. Бұл жерде оқытудың жаңа әдістемелік тұрғыдан жүргізілуі, оқытушының ролінің өзгеруі заман талабына сай болуы керек. Дәстүрлі әдісте оқытушы мен студент арасындағы диалог ретінде және оқытушы тарапынан бақылау ретінде қалыптасқан болса, заманауи педагогикалық технологиялар мен жаңа инновациялық технологиялар дәстүрлі әдістің сипатын жұмсартып, оқытушының ролін түбегейлі өзгерте отырып, оны тек білімнің қазығы ғана емес, әртүрлі ақпаратты игеруде жүйелі басшы ретінде, студенттің жаңаша креативті ойлауын қалыптастыратын және олардың өзіндік шығармашылық жұмысының жетекшісі ретінде көрсете түсті.

Жаңа инновациялық әдістер ЖОО алдындағы білім беру міндеттерін шешудің құралы екенін түсінуіміз керек.

Педагогикалық еңбектерде инновациялық процестердің мынадай кезеңдері анықталған [1]:

1) жаңа ұғымды ашу, яғни жаңа идея немесе жаңалықтың тұжырымдамасының пайда болу кезеңі;
2) жаңаны енгізу, жасап шығару, яғни нақты материалдық немесе рухани үлгіні ұсыну;
3) жаңаны тәжірибеде қолдану кезеңінде жаңа ұсынысты алып, өңдеп, толықтырып, тұрақты нақты тиімділігі анықталғанша сынақтан өткізу;
4) жаңаны тарату кезеңі;
5) жаңаны нақты бір аумақты сынақтан өткізу кезеңі;
6) жаңа сипаттағы өзгерісті талдап, ендіруге байланысты бұрынғы қалыптасқан процестің пайдалану аясы біртіндеп азая түседі.

Сабақта оқытудың инновациялық әдістері мен дәстүрлі әдіс тәсілдерді үйлесімділікпен ұштастыра пайдалану студенттердің зейінін төмендетпеуге, есте сақтау қабілетін күшейтуге және пәнге деген қызығушылығын арттыруға мүмкіндік береді.

Сонымен инновациялық технология дегеніміз – педагогтың білімі, білігі, инттеллектуалдық, кәсіби әдіс-тәсілдер жүйесін қолданудағы шығармашылық қабілет жиынтығы. Мұндағы қажеттілік, қабілет, мүмкіндіктен туындайтын нәтиже даму мен ұмтылыс арқылы жүзеге асады. Білім беруді дамыту үрдісінің әлемдік үрдіске кіруі, дамыған елдердің стандартына деген ұмтылыс қоғам дамуындағы қажеттіліктерді туындатып отыр.

Оқытушы үшін сабақтың дұрыс нәтижесіне қол жеткізу үшін жаңа инновациялық технологияны меңгерудің төмендегідей жолдарына көңіл бөлу керек:

- жаңа инновациялық технологияны насихаттайтын нұсқаулар, әдістемелер, ақпараттарды жинақтап, кеңінен танысу;

- жоспар құру: оқу бағдарламасы, күнтізбелік тақырыптық жоспар жасағанда жаңа инновациялық технологияны қолдануға болатын тақырыптарды іріктеу;
- сабақтың әдістемелік нұсқаулығы, конспектісі, қолданылатын әдіс - тәсілдері, дидактикалық қамтамасыз етілуі, электрондық ресурстар;
- жаңа инновациялық технологияны сабақта кейбір қажетті элементтерін енгізуден бастау керек.

Білім беру процесіндегі кең таралған инновациялық технологиялар [2]:


- ақпараттық-коммуникациялық технологиялар (АКТ);
- жеке тұлғаға бағытталған оқыту;
- жобалау және зерттеу қызметі;
- ойын технологиялары.

Ақпараттық коммуникациялық технологиялар: пәндерді оқытуды ақпараттармен интеграциялауды, сондай-ақ жалпы бағалау мен коммуникацияны компьютерлендіруді білдіреді. Компьютерді оқу процесінің кез келген кезеңінде қолданылуға болады. Студенттер электронды оқулықтар, оқу құралдарының көмегімен негізгі бағдарламалармен жұмыс істеуге, материалды оқуға үйренеді. Компьютер және проектор көмегімен оқытушы материалды баяндайды. Презентациялар, аудио және видео файлдар тақырыпты жақсы түсінуге ықпал етеді. Компьютердің, интернеттің және арнайы бағдарламалардың болуы қашықтықтан оқыту, онлайн-экскурсиялар, конференциялар мен кеңестер алуға мүмкіндік береді. Оқу нәтижесін қорытындылау мақсатында онлайн тестілеу жүйелерін пайдалануға болады. Сауатты қолданылуы студенттердің оқытушымен және бір-бірімен қарым-қатынасы тәсілі мен ақпараттың сарқылмас көзіне айналады. Педагог өз сайтын құру арқылы танымал болады. Оның арқасында қызықты кітаптармен, оқулықтармен, мақалалармен, бейне және аудио оқыту құралдарымен бөлісуге, оқушылардың сұрақтарына қашықтан жауап беруге болады. Оны топтық жобаны жасау кезінде қолдануға болады: қатысушылар бір-бірімен және жоба жетекшісімен жақсы тәжірибелерімен бөліседі, нәтижелер шығарады және мәселелерді шешеді.

Сондықтан қазіргі таңда студенттерге сабақты қызықтыра өткізгеніміз маңызды.

Сабақты ұйымдастыру барысында «Padlet» виртуальды тақтасын қолдануға болады. Бұл виртуалды тақта интернет арқылы оқушылардың смартфонды тиімді қолдану негізінде жүзеге асады [3].


Padlet - онлайн-платформасы студенттерге үлкен дербестік пен тәуелсіздікті қамтамасыз ету үшін қолданылуы мүмкін, мысалы, үй жұмысын онлайн тексеру. Оқытушы студентпен хабарламалар, сілтемелер, фотосуреттер және бейнелермен бөлісіп, пікірлер қалдыра алады (1-сурет).



Сурет 1. Padlet - онлайн-платформасы

Оқу үрдісін автоматтандыру уақытты тиімді пайдалануға мүмкіндік береді. Сондықтан білім берудегі заманауи цифрлық технологияларды қолдану дәстүрлі сабақты жандандырып, пәнге деген студенттердің қызығушылығын оятып, нәтижесінде оқыту сапасын арттырды. Аталған жаңа енгізулердің ішінде қазіргі кезде тест құруға арналған Kahoot, Socrative, оқу нәтижесін бағалау мен қорытындылауға арналған Plickers, Quick key, QuizLet онлайн платформалары қолданылуда.

Бұл қосымшалар оқу материалдарын толық қамтып, білімді меңгертуге арналған тест сұрақтарын құруға мүмкіндік береді. Студенттермен тығыз қарым - қатынас орнатуға, жаңа материалды тереңдете түсу үшін кең көлемде қолдануға болады. Студенттер сұрақтарды талқылап, жауаптарын смартфон, компьютер немесе планшет (қалта телефондары) арқылы жауап бере алады. Қосымшалар арқылы әрбір студенттің сұраққа қалай жауап беріп отырғанын, жеке студенттің нәтижесін, сондай ақ барлық топтың үлгерімін бақылауға болады. Жоғарыдағы қосымшаларды қолдану студенттің ойлау қабілетін дамытып қана коймай, сабаққа деген ынтасы мен талпынысын арттырады (2-сурет).



Сурет 2. Kahoot, Plickers қосымшаларының қолданысы

Кері байланыс қалыптастырушы бағалау үдерісінің маңызды компоненті болып табылады. Кері байланыс әрекетін ұйымдастыруда көзделетін басты мақсат: білім алушының саналы ішкі рефлексиясын даярлау, сол арқылы қазіргі кездегі маңызды болып саналатын өз бетімен еңбектену, бәсекеге қабілетті болу, алғырлық сияқты қабілеттерін дамыту.


Тиімді кері байланыс ұсыну стратегиялары:

- кері байланысты дер кезінде ұсыну қажет, өйткені бұл білім алушыларға өз оқу әрекеттерін жетілдіруіне мүмкіндік береді;
- кері байланыс оқу мақсатарына сәйкес ең маңызды мәселелерді қамтуға және білім алушыларды одан әрі дамыту бағыттарын қамтуы тиіс;
- кері байланысты ауызша (білім алушылардың деректер келтіру тұрғысындағы жауабына сол сәтте пікір білдіру: дұрыс/дұрыс емес, оның нәтижелерін білім алушылармен талдау т.б.), жазбаша (жазбаша жаттығулар бойынша) және көрсетілімді (мысалдарды қолдану, тапсырмаларды орындау алгоритмі және т.б.) түрде ұсынуға болады;
- кері байланыс жеке және топқа беріледі. Кері байланыс топқа олардың жіберген қателері барлығына ортақ болған жағдайда жалпы түрде беріледі.

Кері байланыстың мазмұны:

- кері байланыс білім алушының жеке басына емес, оның орындаған тапсырмасына немесе тапсырманы орындау үдерісіне қатысты болуы тиіс;
- критерийлер мен дескрипторлар орындалған тапсырмалар бойынша кері байланыс ұсыну үшін пайдаланылады;
- кері байланыс баға беру емес, сипаттамалық мағынада болуы керек;
- кері байланыс тапсырманың дұрыс орындалған бөлігі бойынша жағымды түсіндірмелерден басталып, содан кейін қателер бойынша түсіндірмелер беріп, оқуды жақсарту бойынша ұсынымдармен жалғасады;
- кері байланыста түсінікті, сыпайы және ақыл-ой қызметін ынталандыратын тілдік стиль қолдану керек.

Оқу үдерісінде білім алушыларды өзіне ұсынылған кері байланысты пайдалана білуге үйрету аса маңызды. Ол үшін әртүрлі тапсырмалар мен кері байланыспен жұмыс істеу көзделген сабақтарды, сондай-ақ нәтижесінде жақсы орындалған жұмыс (нәтиже) алу үшін жүйелі түрде қалыптастырушы бағалау арқылы кері байланыс беру қарастырылған ұзақ мерзімді тапсырмаларды (жобалар мен басқа да шығармашылық жұмыстар) жоспарлауға болады [4]. Сонымен қатар кері байланысты ұйымдастыру үшін Mentimeter қолдануға болады. Mentimeter.com - нақты уақыт режимінде сауалнамалар құруға және дауыс беруге арналған ақысыз, қарапайым, стильді онлайн-қызмет (3-сурет).



Сурет 3. Mentimeter онлайн қызметі

Mentimeter аудиториядан жылдам кері байланысты қамтамасыз етеді. Нақты уақыт режимінде аудиторияда қолдану тиімді, өйткені ол мобильді құрылғыларда да, электрондық ортада да қол жетімді.

Қорыта келе, инновациялық технологиялар негізінде құрылған оқу процесі түлектің жаңа білімді, кәсіби ұтқырлықты және еңбек нарығында бәсекеге қабілеттілікті алуға дайындығын қамтамасыз етеді.

Пайданылған әдебиеттер тізімі:

1 Сластенин В.А., Подымова Л.С. Педагогика: инновационная деятельность./ В.А. Сластенин, Л.С.Подымова. -М.: ИЧП "Издательство Магистр", 1997. -224 с.

2 Габбасова Л.З. Инновационные технологии в образовательном процессе // Инновационные педагогические технологии: Матер.V Междунар. науч. конф., Казань, 2016. -Казань, 2016. - С. 61-63

3 Демичева Ю.А. Использование сервисов Web 2.0 в образовательной деятельности. Выпуск 2: учебно-методическое пособие / Ю.А. Демичева. -Камчатский: Камч. ИРО, 2017. - 100 с.

4 Susan M. Brookhart. How to give effective feedback to your students. / Susan M. Brookhart. Description: Second edition. - Alexandria, Virginia: ASCD, 2017. -145 p.

МРНТИ 20.01.45
УДК 618.005

М. Ерекешева[1], А. Бедер[1]

[1]Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті, Ақтөбе қ., Қазақстан

ПРОГРАММАЛАУДЫ ОҚЫТУҒА АРНАЛҒАН ҚОСЫМША ҚҰРУ

Аңдатпа

Заманауи студенттердің көпшілігі оқу үрдісіне мобильді технологияларды қолдануға дайын және мобильді құрылғылар мен технологиялардың әлеуетін барынша тиімді пайдалану үшін жаңа мүмкіндіктерді қарастыру қажеттілігін түсінеді. Бұл міндетті шешуде жоғары оқу орындарының оқу үрдісіне мобильдік оқыту стратегиясын, нысандары мен әдістерін енгізуді талап етеді. Қазіргі уақытта мобильді қосымшаларды әзірлеу – ақпараттық технологиялар саласындағы ең танымал міндеттердің бірі болып табылады. Енді қосымшалар бірнеше көздерден алынған ақпаратқа талдау жасай алады және қолданушыға шешім қабылдауға, процестерді бақылауға және басқа да маңызды міндеттерді шешуге көмектеседі. Бұл өз кезегінде бизнес-процестерді оңтайландыруға, қабылданатын шешімдердің өнімділігі мен тиімділігін арттыруға ықпал етеді.

Мақалада программалауға үйретуші мобильді қосымшаны жобалау және құру процесі, программалық жабдықтары, қосымшаның мазмұны, функционалдық мүмкіндіктері сипатталған.

Түйін сөздер: программалау, мультимедиялық оқу құралдары, видеодәрістер, оқу порталы, Web- қосымша, электронды оқыту жүйесі, қолданушы интерфейсі, мобильді қосымша, операциялық жүйе

Аннотация

М. Ерекешева[1], А. Бедер[1]

[1]Актюбинский региональный государственный университет им.К.Жубанова, г.Актобе, Казахстан

РАЗРАБОТКА ПРИЛОЖЕНИЙ ДЛЯ ОБУЧЕНИЯ ПРОГРАММИРОВАНИЮ

Большинство современных студентов готовы использовать мобильные технологии в учебном процессе и осознают необходимость рассмотрения новых возможностей для наилучшего использования потенциала мобильных устройств и технологий. Решение этой задачи требует внедрения мобильных образовательных стратегий, форм и методов в учебный процесс вузов. В настоящее время разработка мобильных приложений является одной из самых популярных задач в области информационных технологий. Теперь приложения могут проанализировать информацию, полученную из нескольких источников, и помочь пользователю принимать решения, контролировать процессы и решать другие важные задачи. Это, в свою очередь, способствует оптимизации бизнес-процессов, повышению производительности и эффективности принимаемых решений. В статье описан процесс проектирования и создания мобильного приложения для обучения программированию, программное обеспечение, контент и функцианольные возможности приложения.

Ключевые слова: программирование, мультимедийные учебники, видеолекции, обучающий портал, Web-приложение, система электронного обучения, пользовательский интерфейс, мобильное приложение, операционная система

Abstract

DEVELOPMENT OF APPLICATIONS FOR LEARNING PROGRAMMING

Yerekesheva M[1]., Beder A.[1]

[1]K. Zhubanov Aktobe regional state University, Aktobe, Kazakhstan

Most modern students are ready to use mobile technology in the learning process, and understand the need to consider new opportunities for the best use of the potential of mobile devices and technologies. The solution of this task requires the introduction of mobile learning strategies, forms and methods in the educational process of universities. Currently, the development of mobile applications is one of the most popular tasks in the field of information technology. Applications can now analyze information from multiple sources and help the user make decisions, control processes, and solve other important tasks. This, in turn, helps to optimize business processes, increase productivity and efficiency of decisions. The article describes the process of designing and building a mobile application for teaching programming, software, content, and functionality.

Keywords: programming, multimedia textbooks, video lectures, training portal, web application, e-learning system, user interface, mobile application, operating system

Ақпараттық ресурстар, жүйелер және технологиялар – адамның қазіргі өмір сүруінің ажырамас, қарқынды дамып келе жатқан элементтері. Н.М. Куляшова, И.А. Карпюк және С.А. Дроздовтың еңбектерінде мобильді қосымшаларды құруда сапалы серпіліс үлкен сенсорлық экрандары бар мобильді құрылғылардың өндірісінен бастау алғандығын, бұл жаңа деңгейдегі мобильді қосымшаларды жасауға мүмкіндік беретінін көрсеткен. Көптеген программалаушылар кәсіби қызметтің жаңа бағыттарын игеріп, нарықтық үрдістерге бейімделе бастады [1]. Н.В. Пантилейкин өз еңбегінде мобильді қосымшаны – белгілі бір іс-әрекеттерді орындауға мүмкіндік беретін қандай да бір функционалы бар, белгілі бір платформада орнатылған телефон үшін арнайы бағдарлама деп анықтап, оның қолданылу аясына сәйкес түрлерін ажыратқан [2].

Оқытудың қазіргі әдістемелерін сапалы жаңғырту және жаңарту оқушыларды оқытудың қазіргі заманғы білім беру процесіне қажет. Мобильді программалық жабдықты пайдалану – оқытушылардың ғана емес, студенттердің де уәждемесін арттырудың тиімді және қолжетімді тәсілдерінің бірі. Мобильді оқыту – дәстүрлі оқытуды алмастырмайды, бірақ ол жоғары мектептегі оқыту процесіне қосымша ретінде және аралас оқыту компоненті ретінде пайдаланылуы мүмкін деп айтуға болады. Мобильді оқытуды белсенді қолдану компьютерлерді портативті гаджеттерге ауыстыруды мақсат етпейді, қайта білім беру үдерісін қызықты әрі өзекті әдістермен кеңейтеді және толықтырады.

Мобильді құрылғыларға арналған, арнайы бейімделген оқу материалдары бойынша, бұл әдіс – арнайы түрде қалыптастырылған электрондық оқулықтарды және оқыту файлдарын пайдалануды білдіреді, оқу материалдары мобильді платформаларға арналып арнайы жобаланады. Мобильді құрылғыларды оқыту құралы ретінде қолданудың осы тәсілі – оқушылардың мобильдік құрылғыларында оқу тапсырмаларын қарау және орындау үшін бейімделген және қалыптасқан мамандандырылған оқыту материалдарын қолдану болып табылады. В.А.Куклев мобильді оқытуды «Арнайы бағдарламалық қамтамасыз ету пайдаланылатын және пәнаралық және модульдік тәсілдерге негізделген нақты уақыт пен орынға байланысы жоқ мобильді құрылғылар мен құрылғылардың көмегімен электрондық оқыту» деп қарастырады [3].

Студенттерге мобильді құрылғыға арнайы программалар орнатуға және бақылау үшін қажетті тақырыптар бойынша оқу материалдарын жүктеуге мүмкіндік беріледі, мысалы – тестілер, сондай-ақ бақылау кезеңдерінен сәтті өту үшін қажетті барлық қосымша оқу материалдары да болады. Оқу материалдарын әзірлеудің заманауи құралдары осындай бағдарламалық кешендер мен оқу материалдарын жобалауға мүмкіндік береді, ал оқу материалдарында әртүрлі сызбаларды, кестелерді, формулаларды және мультимедиа материалдарын орналастыру мүмкіндігі кез келген оқылатын пәнге қолданылатын және әмбебап оқу материалдарын жасауға мүмкіндік береді.

Мобильді құрылғыларға арналған жобаларды техникалық іске асырудың екі бағыты бар: мобильді web-сайт және мобильді қосымша.

1. Мобильді web-сайт деп мобильді құрылғыда көру және жұмыс істеу үшін бейімделген WEB сайт саналады. Сайт JavaScript, HTML5, және API браузерлерді пайдалана отырып, интерактивті компоненттерді қамтуы мүмкін. Бұл жағдайда мұндай сайт web-қосымша деп аталады.

2. Мобильді қосымшалар – мобильді құрылғыларға орнатылатын нақты мобильді платформа (iOS, Android, Windows Phone) бойынша арнайы әзірленген бағдарлама.

Ең алдымен, "мобильді қосымша" ұғымын анықтау қажет. "Мобильді қосымша" – бұл нақты мобильді платформа (iOS, Android, Windows Phone) үшін арнайы әзірленген қосымша. Көптеген

мобильді қосымшалар алдын-ала орнатылған болады немесе App Store, Google Play Market, Windows Phone Store, Яндекс.Store сияқты қосымшалардың онлайн дүкендерінен тегін немесе ақылы жүктелуі мүмкін. Мобильді қосымшалар мобильді құрылғыларды пайдаланушылардың өмірін жеңілдетуге, сондай-ақ оны оңтайландыруға бағытталған .

Мобильді қосымша веб-сайттың ұялы нұсқасымен салыстырғанда бірқатар артықшылықтарға ие:

- ыңғайлы және түсінікті интерфейс;
- онлайн бағдарламалары;
- пайдаланушымен тұрақты байланыс;
- геолокация;
- қолданушы туралы деректерді дәл жинақтау.

Білім беруші мобильді қосымша қолданушыларға:

- дидактикалық материалды барынша ыңғайлы және көрнекі етіп беру;
- оқуға деген қызығушылық және білімдегі олқылықтарды жоюға;
- оқу материалына шолу жасау және талдау жасау;
- жауаптарды таңдау арқылы тестілеуден өту;
- кез келген ыңғайлы уақытта білім берумен айналысу;
- біліктілігі деңгейін арттыру;
- оқытушылардан жедел кері байланыс алу;
- оқыту материалдарына қол жеткізу және т.б. мүмкіндік береді.

Қазіргі заманғы технологиялар біздің өмірімізге терең енуде және қазір смартфонсыз немесе басқа да көпфункционалды гаджетсіз адамды табу қиынға соғады. Олардың жұмыс істеуі операциялық жүйесіз мүмкін емес және қазіргі уақытта Android операциялық жүйесі (ОЖ) ең танымал болып табылады. Ақпараттық технологиялар нарығын талдауға маманданған американдық Gartner компаниясының деректері бойынша Android үлесі 2017 жылдың 4 тоқсанында 85,9% құрады. Әлем бойынша осы операциялық жүйенің басқаруындағы 1,32 млрд. құрылғы сатылды [4]. Android салыстырмалы түрде жаңа операциялық жүйе болып табылады, бірақ қысқа уақыт ішінде ол мобильді құрылғылар нарығында өте танымал болды. Android платформасының негізгі артықшылықтарының бірі – оның ашықтығы. Android операциялық жүйесі ашық бастапқы код негізінде құрылған және еркін таралған. Бұл әзірлеушілерге бастапқы кодқа қол жеткізуге және қолданбалардың қасиеттері мен функцияларының қалай жүзеге асырылғанын түсінуге мүмкіндік береді. Кез келген пайдаланушы осы операциялық жүйені жетілдіруге қатыса алады.Программалық жабдықтар ішінен Android платформасы таңдалды.

Ал программалауды үйретуге арналған мобильді қосымшаның мақсатты аудиториясын анықтау үшін, осы «Программалау» пәнін кім оқиды?»,-деген сұрақтың жауабын анықтадық, олар:

- Мектеп жасындағы оқушылар;
- ЖОО-да білім алып жүрген студенттер;
- «Информатика» пәнінің мұғалімдері;
- Өз бетімен программалауды үйренгісі келетін қолданушылар (IT саласында қызмет жасаушылар, мүмкіндігі шектеулі адамдар, т.б.)

Сайып келгенде, қосымшаны пайдалануда қолданушыларға қатысты шектеулер жоқ. Ақпараттың ой-өрісін кеңейтетін білім беруге еркін қол жеткізу – салауатты қоғамның негізгі шарттарының бірі.

Қосымшалардың барлық талаптары функцияларға бөлінеді - функциональды және функционалды емес. Функционалдық талаптар қолданушылар өз міндеттерін орындай алуы үшін әзірлеушілер жасауы тиіс жүйенің функционалдығын анықтайды. Функционалды емес талаптар жүйемен жұмыс істеу кезінде пайдаланушы үшін маңызды қосымшаның сипаттамасын білдіреді.

«B2A Learning» мобильді қосымшасының функционалдық мүмкіндіктерін мына ретпен сипаттауға болады:

1) Қолданушы тіркеледі;
2) Оқитын пәнді таңдайды;
3) Таңдалған пәнге сәйкес бейне сабақтарды қарайды;
4) Қажет болған жағдайда бейне сабақтың мәтіндік нұсқасын қарайды ;
5) Сәйкес тақырып бойынша практикалық тапсырмаларды орындайды;
6) Онлайн Compiler көмегімен құрған программаларын орындауға жібереді, тексереді;


Әр тақырып соңында, бекіту мақсатында сұрақтарға жауап береді. Мобильді қосымшаның графикалық интерфейсінің дизайнын жобалау кезеңінде басты мақсат анықталды - пайдаланушыға жақсы байланыс жасау тәсілін қамтамасыз ету.

Осы аталған талаптарға сәйкес жасалған «B2A Learning» мобильді қосымшасының интерфейсі 1-суретте көрсетілген.

Қосымшаларды әзірлеуден бастамас бұрын, оның қандай түрі мен көлемін сақтау керек екенін анықтау қажет. Android операциялық жүйесінде деректерді сақтаудың бірнеше жолы бар:

1. Shared Preferences.
2. SQLite деректер қоры.
3. Ішкі немесе сыртқы жадты пайдалану арқылы қарапайым файлдар.

Аталған тәсілдердің әрқайсысының өз артықшылықтары мен кемшіліктері бар, бұл олардың арналуымен байланысты.Қарастырылған тәсілдердің бірі - Shared Preferences (Жалпы параметрлер). Бұл әдіс қарапайым деректерді сақтау болып табылады. Shared-prefs "жеке" бағдарлама қалтасындағы XML файлындағы "кілт-мән" түрінде. Shared Preferences boolean, string, float, long, int негізгі түрлерін қолдайды және әдепкі мәндерді, теңшелетін теңшеулерді, кластың айнымалы экземплярын, пайдаланушы интерфейсінің ағымдағы күйін жылдам сақтау үшін қолданылады. Көбінесе пайдаланушы сессиялары арасында деректердің тұрақтылығын қамтамасыз ету үшін пайдаланылады және көптеген бір типті құрылымдалған деректерді сақтау үшін жарамсыз.



Сурет 1. «B2A Learning» мобильді қосымшасының интерфейсі

Екінші әдіс үлкен көлемді деректерді оқу және жазу үшін басынан аяғына дейін рұқсат етілмеген. Бұл әдіс деректер, медиа және желі арқылы берілетін басқа да файлдар үшін қолайлы.

Үшінші әдіс шартты түрде екіге бөлуге және оларды дұрыс қарастыруға болады. Файлдарды ішкі жадыда сақтау пайдаланушы да, басқа да қолданбалар да өңделетін қосымшалардың файлдарына дейін болмауы тиіс болған кезде жұмыс істеу үшін қолайлы. Ішкі жады әрқашан қол жетімді. Android қолданбасын жойғанда, ішкі жадтан оның барлық файлдарын жояды.

Мобильді қосымша екі негізгі бөліктен тұрады: деректер қоры және программалық компоненттер.

Деректер қоры үш кестеден тұрады: Collections, Words және Users. Collections кестесінде пайдаланушы коллекцияларының тізімі және ол туралы ақпарат сақталады. Word кестесінде сөздер тізімі сақталады, ал Meanings кестесінде осы сөздердің мәндерінің тізімі сақталады. 1-қосымшада кестелер деректерінің толық сипаттамасы берілген.

Мобильді қосымшаның компоненттері

Қосымша архитектурасы Model-View-Presenter жобалау паттернін қолданады. Осы паттерннің негізгі идеясы қосымшаның деректер моделін, пайдаланушы интерфейсін және пайдаланушымен өзара әрекеттесуді компоненттердің біреуінің модификациясы қалғандарына ең аз әсер ететіндей үш жеке компонентке бөлу үшін кілттеледі. Бұл паттерн кластардың 3 негізгі түрінің болуын болжайды:

1) Model – бағдарлама деректерін сақтауға жауап беретін класстар, сондай-ақ осы деректермен жұмыс істеу әдістері;

2) View – қосымшаның интерфейсі үшін жауап беретін класстар. Олар Presenter қабатының кластарымен берілетін деректерді өңдейді, сондай-ақ Presenter қабатының класына басқаруды бере отырып, қолданушының іс-әрекетіне жауап қайтарады (мысалы, түймені басу);

3) Presenter – Model мен View арасындағы байланысты қамтамасыз ететін класстар. Model өзгерістеріне жауап береді, сондай-ақ View қабатының кластарын берген қолданушының іс-әрекетін өңдейді.

Программалық жабдықты тестілеу белгілі бір түрде таңдалған тесттердің соңғы жиынтығында жүзеге асырылатын бағдарламаның нақты және күтілетін мінез-құлқы арасындағы сәйкестікті тексеру [5]. Қосымшаны тестілеу үшін келесі әдістер қолданылды:

- тақырып модульдік тестілеу;
- автоматтандырылған UI-тестілеу;
- функционалдық тестілеу.

Модульдік тестілеу – бұл бағдарламаның жекелеген компоненттерінің дұрыстығын тексеруге мүмкіндік беретін тестілеу түрі

Автоматтандырылған UI тестілеу – жүйенің жұмысын нақты қолданушылардың жұмысын эмулияциялау көмегімен техникалық тапсырмаға сәйкестігін тексеру мақсатында жүргізілетін тестілеу түрі [6]. Тестілеудің осы түрін жүзеге асыру үшін Espresso және JUnit кітапханалары пайдаланылды, олар нақты Android құрылғыларында да, эмуляторларда да тесттер өткізуге мүмкіндік береді [7].

Функционалдық тестілеу – бұл функционалдық талаптардың іске асырылуын тексеру мақсатында бағдарламалық қамтамасыз етуді тестілеу, яғни бағдарламалық қамтамасыз етудің белгілі бір жағдайларда қолданушыларға қажетті міндеттерді шешу қабілеті [8]. Функционалдық талаптар бағдарламалық қамтамасыз етуді не істеп жатқанын, ол қандай міндеттерді шешетінін анықтайды. Құрылған қосымша сәйкес тестілеуден өтті.

Жоғарыда сипатталған алгоритм негізінде «B2A Learning» мобильді қосымшасы әзірленді, онда программалау бойынша сабақтар әзірленді, мультимедиалық оқу материалдары, қолданушы білімін тексеруге арналған тест ұсынылды. Мобильді қосымша оқу материалдарын сақтауға және таратуға, оқушылардың білімін бақылау туралы мәліметтерді тіркеуге, мониторинг пен бақылаудың негізгі функцияларын іске асыруға мүмкіндік бере Әзірленген мобильдік қосымшаны эксперименттік апробациялау – оқу процесін ұтқыр қолдауды ақпараттық-технологиялық қамтамасыз етуді пайдалану, білім беру мекемелеріндегі студенттердің үлгерім көрсеткіштерінің жақсаруына әкеп соқтыратынын дәлелдеді, өйткені білім беру процесі туралы деректерді сақтауға, оқу материалдарын сақтауға және таратуға, оқушылардың білімін бақылау туралы мәліметтерді тіркеуге, сондай-ақ оқытудың кемшіліктерін анықтау және білім деңгейінде әлсіз жерлерді талдау сияқты мониторинг пен бақылаудың негізгі функцияларын іске асыруға мүмкіндік береді.

Пайданылған әдебиеттер тізімі:

1. Куляшова Н. М., Карпюк И. А., Дроздов С. А. Основные принципы построения и классификации информационно-поисковых систем // Материалы XVI науч. конф. молодых ученых, аспирантов и студентов Мордов. гос. ун-та. им. Н. П. Огарёва: в 6 ч. - Ч. 3. Естественные науки. Саранск, 2013, С. 66-68

2. Пантилейкин Н. В. Мобильные приложения и их виды // Научно-методический электронный журнал Концепт. – 2016. – Т. 26. – С. 776-780.

3. Куклев В.А. Сущностные характеристики мобильного обучения. Известия ВГПУ, 68-стр, 2009.

4. SQLite vs MySQL vs PostgreSQL: Сравнение систем управления базами данных. URL: http://devacademy.ru/posts/sqlite-vs-mysql-vs-postgresql/ (от 12.04.2017).

5. Введение в веб-модель MVC Spring. URL:: https://netbeans.org/kb/docs/web/quickstart-webapps-spring_ru.html (от 23.04.2019).

6. Шалтабаев А.А., Смагулова Л.А., Теберикова Д.Б. Мобильді құрылғыларға арналған қосымшаларды тестілеу әдістерін талдау. // Абай атындағы ҚазҰПУ Хабаршысы. «Физика-математика» сериясы №2(66), 2019, 285-290б.

7. Сайт Android Studio. URL: https://developer.android.com/studio/features.html (дата обращения: 12.03.2017).

8. Тестирование программного обеспечения - основные понятия и определения. URL: http://www.protesting.ru/testing/ (дата обращения: 16.05.2017).

МРНТИ 20.01.45
УДК 378.02:37.016

Е.Х. Жабаев

Казахский национальный педагогический университет имени Абая, г. Алматы, Казахстан

ИСПОЛЬЗОВАНИЕ NETEMUL ДЛЯ МОДЕЛИРОВАНИЯ И СИМУЛЯЦИИ КОМПЬЮТЕРНЫХ СЕТЕЙ

Аннотация

На сегодняшнее время существуют различные программные среды, моделирующие структуру и функционирование компьютерных сетей такие как Cisco Packet Tracer, UNetLab, NET-Simulator, NetEmul, GNS3, и др., отличающихся друг от друга совместимостью с оборудованием компьютера, быстродействием, интерфейсом. Использование таких программных сред позволяет создавать сети различной топологии и структуры за счет эмуляции сетевых компонентов и визуализировать на экране компьютера: процессы настройки компонентов и их взаимодействия; процессы работы различных сетевых протоколов; настройку подключения локальной сети и глобальной сети Интернету; а также функционирования компьютерной сети в целом.

В данной статье рассматривается использование одной из программных сред NetEmul, которая позволяет моделировать структуру и функционирование компьютерных сетей.

Описываются возможности программной среды, обеспечивающая изоляцию процессов функционирования модели сети от других процессов компьютера. Также представлены лабораторные работы в программной среде NetEmul, после выполнения которых студенты научатся создавать локальную сеть, задавать IP-адреса, проверять работоспособность локальной сети, визуально видеть работоспособность локальной сети, более детально рассмотреть ее работы с помощью отображаемой статистики и сервиса для гибкого отслеживания происходящих событий для каждого сетевого устройства.

Ключевые слова: компьютерная сеть; NetEmul; программная среда; учитель информатики; локальная сеть.

Аңдатпа

Е.Х. Жабаев

[1]Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы қ., Қазақстан

КОМПЬЮТЕРЛІК ЖЕЛІЛЕРДІ МОДЕЛЬДЕУ ЖӘНЕ СИМУЛЯЦИЯЛАУ ҮШІН NETEMUL ҚОЛДАНУ

Қазіргі уақытта компьютерлік желілердің құрылымы мен жұмысын модельдейтін әртүрлі бағдарламалық орталар бар, мысалы, Cisco Packet Tracer, UNetLab, NET Simulator, NetEmul, GNS3 және т.б., олар бір-бірінен жылдам жұмыс істеуімен, интерфейсімен, компьютер жабдықтарына үйлесімділігімен ерекшеленеді. Мұндай бағдарламалық ортаны пайдалану желілік компоненттерді эмуляциялау арқылы әртүрлі желілер топологиясы мен құрылымын құруға және экранында визуализациялауға мүмкіндік береді: компоненттерді баптау және олардың өзара әрекеттесу процестері; әртүрлі желілік хаттамалардың жұмыс процестері; жергілікті желіні және ғаламдық Интернет желісін қосуды, сондай-ақ тұтастай компьютерлік желінің жұмыс істеуін баптау.

Мақалада компьютерлік желілердің құрылымы мен жұмысын модельдеуге мүмкіндік беретін бағдарламалық орталарының бірі болып табылатын NetEmul ортасын қолдану қарастырылады. Компьютердің басқа процестеріне кедергісіз желілік модельдің жұмыс істеу процестерін қамтамасыз ететін бағдарламалық ортаның мүмкіндіктері сипатталған. Сондай-ақ, NetEmul бағдарламалық ортасында зертханалық жұмыстар ұсынылған, мұнда студенттер жергілікті желіні құруды, IP мекен-жайларын орнатуды және жергілікті желінің жұмысын тексеруді, жергілікті желінің жұмыс жасау процессін көру, және әр құрылғыларда болып жатқан оқиғаларды бақылау арқылы көрсетілген статистика мен қызметтерін егжей-тегжейлі қарастыруды үйренеді.

Түйін сөздер: компьютерлік желі; NetEmul; бағдарламалық орта; информатика пәні мұғалімі; жергілікті желі.

Abstract

USING NETEMUL TO MODEL AND SIMULATE COMPUTER NETWORKS

Zhabayev Ye. H.

[1]Abai Kazakh National Pedagogical University, Almaty, Kazakhstan

Today, there are various software environments that simulate the structure and functioning of computer networks such as Cisco Packet Tracer, UNetLab, NET-Simulator, NetEmul, GNS3, etc., which differ from each other in compatibility with computer hardware, speed, and interface. Using such software environments allows you to create networks of different topology and structure by emulating network components and visualize on the computer screen: the processes of configuring components and their interaction; the processes of various network protocols; setting up the connection of the local network and the global network to the Internet; as well as the functioning of the computer network as a whole.

This article discusses the use of one of the NetEmul software environments, which allows you to model the structure and functioning of computer networks.

The features of the software environment that provides isolation of the network model functioning processes from other computer processes are described. Also presented are laboratory works in the NetEmul software environment, after

which students will learn how to create a local network, set IP addresses, check the performance of the local network, visually see the workability of the local network, and examine its work in more detail using displayed statistics and a service for flexible tracking of events for each network device.

Keywords: computer network; NetEmul; software environment; computer science teacher; local network.

В процессе обучения компьютерным сетям у учителя информатики вызывает затруднения показать студентам практическую часть исследования телекоммуникационных систем: построение топологии сети, настройка интерфейсов, взаимодействие сетевых протоколов и т.д. Причинами этому являются нехватка или же отсутствие необходимого оборудования, высокая стоимость оборудования, организация рабочих мест для студентов, размещение сетевых устройств и т.д. В связи с этим мы предлагаем при проведении лабораторных работ учителю информатики использовать программное обеспечение, позволяющее проводить моделирование телекоммуникационных систем. Благодаря симуляторам компьютерных сетей лабораторные работы в этой области можно проводить гораздо удобнее и экономнее, чем на реальном оборудовании.

В настоящее время существуют разнообразные программные среды, моделирующие структуру и функционирование компьютерных сетей (Cisco Packet Tracer, UNetLab, NET-Simulator, NetEmul, GNS3, и др.), отличающихся друг от друга совместимостью с оборудованием компьютера, быстродействием, интерфейсом и пр [1-3].

Использование таких программных сред позволяет создавать сети различной топологии и структуры за счет эмуляции сетевых компонентов (сетевые кабели, коммутаторы, маршрутизаторы, рабочие станции, сервера и др.) и визуализировать на экране компьютера: процессы настройки компонентов и их взаимодействия; процессы работы различных сетевых протоколов; настройку подключения локальной сети и глобальной сети Интернету; а также функционирования компьютерной сети в целом. При этом обеспечивается: определение оптимальной топологии, адекватный выбор сетевого оборудования, определение рабочих характеристик сети; влияние всплесков широковещательных запросов на функционирование сети и определение предела, за которым пойдет ее «разрушение»; возможных этапов будущего развития сети; и т.д.

Возможности программных сред обеспечивают изоляцию процессов функционирования модели сети от других процессов компьютера [4]. За счет этого при организации учебного процесса учителя информатики могут разрабатывать особые индивидуальные и групповые занятия. Студенты могут создавать, настраивать, изучать сети, определять и устранять неисправности, используя виртуальные оборудования и модели соединение. Моделирование сетей может применятся для совместной работы группы студентов по сети. Учебная среда на основе имитационных моделей помогает студентам развивать критическое мышление и творческий подход к решению задач, служит инструментом для выполнения лабораторных работ.

К примеру, на лабораторных занятиях по дисциплине «Компьютерные сети» мы предлагаем использовать одну из программных сред для моделирования и симуляции компьютерных сетей NetEmul, которая позволяет создавать, настраивать сети и проверять их на доступность. Интерфейс программы легко и быстро усваивается студентами. Верхняя панель инструментов содержит все объекты, которые можно разместить в рабочей области. Просто щелкнуть по нужному объекту и месту достаточно, чтобы разместить объект, который может быть компьютером, концентратором, маршрутизатором, коммутатором и даже простым текстовым полем в случае, если что-то нужно упомянуть [5]. В программной среде сетка позволяет размещать элементы вокруг, и по завершению, можно начать настройку соединений, перетаскивая линии от одного объекта к другому. Использование NetEmul позволяет имитировать работу различных сетевых устройств (маршрутизаторов, коммутаторов, персональных компьютеров и т.д.) и дает ощущение настройки реальной сети. Создание компьютерной сети с помощью коммутатора в NetEmul представлен на рис.1.

Приложение NetEmul предназначено не только для проектирования сетей, но и для анализа. Данная техническая сторона невероятно хорошо организована и позволяет присваивать адреса всем объектам, и даже отправлять пакеты данных с одного компьютера на другой, чтобы анализировать путь и скорость.

Ниже представлены задания по лабораторной работе в программной среде NetEmul, после выполнения которых студенты научатся создавать локальную сеть, задавать IP-адреса, проверять на сколько правильно функционирует локальная сеть.




Рисунок 1. Создание компьютерной сети с помощью коммутатора

Ход выполнения

1. Запускаем программную среду NetEmul.
2. На рабочую область добавляем два компьютера и один концентратор (Рис.2).




Рисунок 2. Рабочая область NetEmul

3. Присваиваем каждому компьютеру свои IP-адреса. Мы используем для первого компьютера IP-адрес 192.168.0.1 и для второго IP-адрес 192.168.0.2 (Рис.3).




Рисунок 3. Присвоение IP-адреса компьютеру

4. Соединяем концентратор с первым компьютером, выбрав в диалоговом окне настроек интерфейсов в левой колонке пункт «LAN1», а во второй «eth0». Таким же образом соединяем концентратор со вторым компьютером, выбрав в диалоговом окне настроек интерфейсов в левой колонке пункт «LAN2» (Рис.4).




Рисунок 4. Диалоговое окно настроек интерфейсов

5. Для проверки работоспособности локальной сети на панели устройств выбираем объект «Отправить данные», наводим курсор мыши на первый компьютер, в появившемся диалоговом окне «Отправка» выбираем протокол для передачи данных TCP и нажимаем на кнопку «Далее». После этого выбираем второй компьютер, в диалоговом окне «Отправка» выбираем интерфейс приемника «eth0» и нажимаем кнопку «Отправка». В случае верной настройки сети, по линиям, которые соединяют устройства, начнется передача данных, которые представлены в программе в виде точек (Рис.5).




Рисунок 5. Передача данных в виде «красной точки»

Рассмотрим еще одно задание: с помощью программы NetEmul необходимо построить локальную сеть, которая разделена на три виртуальных подсети.

Ход выполнения

1. Запускаем программную среду NetEmul.
2. На рабочую область добавляем шесть компьютеров, три коммутаторов и один маршрутизатора.

Для того, чтобы задать собственное имя подсетям: на панели инструментов выберите объект «Текстовая надпись»  , нажимаем левую кнопку мыши над коммутатором слева на рабочей области. В появившемся поле желтого цвета задаем имя «LAN1». Таким же образом задаем имя «LAN2» для второй подсети (справа) и для третьей подсети (внизу) «LAN3» (Рис.6).

В подсети LAN1, LAN2, LAN3 соединяем компьютеры с коммутатором, после чего коммутаторы с маршрутизатором как указано ниже на рисунке 7.




Рисунок 6.Задание собственного имени подсети




Рисунок 7. Соединение коммутаторов с маршрутизатором

Далее организуем первой подсети. Для этого нужно **в**ыделить первый компьютер в подсети LAN1, щелкнув на него правой кнопкой мыши, на появляющемся контекстном меню выбираем команду «Интерфейсы», в строке «IP-Адрес» вводим IP-адрес 192.168.10.2 и нажимаем кнопку «ОК» (Рис.8).

Таким же образом присваиваем IP-адрес 192.168.10.3 второму компьютеру в подсети LAN1; в подсети LAN2 первому компьютеру вводим IP-адрес 192.168.20.2, второму компьютеру IP-адрес 192.168.20.2; первому компьютеру в подсети LAN3 - IP-адрес 192.168.30.2, второму компьютеру - IP-адрес 192.168.30.3.

Теперь необходимо настроить маршрутизатор. Для этого выделим маршрутизатор, щелкнув на него левой кнопкой мыши. На появляющимся контекстном меню выбираем команду «Интерфейсы», на вкладке LAN1 в строке «IP-адрес» вводим 192.168.10.1. Таким же образом заполняем LAN2 (192.168.20.1), LAN3 (192.168.30.1) (Рис.9).




Рисунок 8.Организация первой подсети




Рисунок 9. Настройка маршрутизатора

После выделяем маршрутизатор, щелкнув на него правой кнопкой мыши, и в контекстном меню выбираем команду «Свойства». Поставим флажок напротив пункта «Включить маршрутизацию» и нажимаем кнопку «ОК» для сохранения изменений (Рис. 10). Далее выделим первый компьютер в подсети LAN1, щелкнув на него левой кнопкой мыши. В появившемся окне в свойства Шлюз по умолчанию вводим IP адрес 192.168.10.1. Таким же образом заполняем IP-адреса в подсети LAN2, LAN3 (Рис.11)




Рисунок 10. Свойства маршрутизатора




Рисунок 11.Свойства шлюза

Для проверки работоспособности сети необходимо в появившемся диалоговом окне «Отправка» выбрать UDP протокол для передачи данных и установить необходимый объем для передачи, после чего нажимаем кнопку «Далее» (Рис.12)




Рисунок 12. Установка объема для передачи данных

Работоспособность локальной сети NetEmul отражено ниже на рисунке 13.




Рисунок 13. Работоспособность локальной сети в NetEmul

Использование данной программной среды позволит студентам визуально видеть работоспособность локальной сети, более детально рассмотреть ее работы с помощью отображаемой статистики и сервиса для гибкого отслеживания происходящих событий для каждого сетевого устройства.

Список использованной литературы:

1 Бидайбеков Е.Ы., Жанбырбаев А.Б., Жабаев Е.Х. К вопросу подготовки будущих учителей информатики в области сетевых технологий. // XI Международная научно-практическая конференция «Инфо-Стратегия 2019». -313-317с.

2 Шекербекова Ш.Т., Жанбырбаев А.Б., Жабаев Е.Х. О необходимости обучения будущих учителей информатики сетевым технологиям на основе сетевого моделирования. // Вестник Казахского национального педагогического университета имени Абая. Серия: физико-математические науки, №2 (66), 2019.-С.301-306

3 Пыркова А.Ю., Ордабаева Г.К., Джусупбекова Г.Т., Изтаев Ж.Д. Моделирование сети в Cisco Packet Tracer // Вестник Казахского национального педагогического университета имени Абая. Серия: физико-математические науки, №3 (67), 2019. -С. 242-249.

4 Молочков В. Компьютерные сети [Электронный ресурс] Национальный Открытый Университет «ИНТУИТ». URL: http://www.intuit.ru/studies/courses/3688/930/lecture/ 20109?page=3 (дата обращения: 13.01.2020)

5 *NetEmul. URL: http://netemul.sourceforge.net/ruindex.html (дата обращения: 13.01.2020).*

МРНТИ 20.01.45
УДК 378.5:004.84(574)

Р.К. Жиренбаева[1], М. Раев[1], Б.Ж. Киргизбаева[1]

[1]Казахский национальный аграрный университет,г.Алматы, Казахстан

АНАЛИЗ ПРОЦЕССА СОЗДАНИЯ И ИСПОЛЬЗОВАНИЯ МОБИЛЬНЫХ ПРИЛОЖЕНИЙ

Аннотация

        else
                {max=z;}
```

Таңдау операторы

Switch көп нұсқалы таңдау операторы Программада кездесетін бірнеше нұсқаның бірін таңдап алу керек болған жағдайда, switch ауыстырғыш операторы қолданылады. Оның жалпы жазылуы:

```
switch <бүтін типті өрнек>; {
case белгі1: операторлар;
case белгі2: операторлар;
.....
[default: операторлар;]
}
```

Мұнда switch сөзінен кейінгі өрнек мәні есептеледі, ол бүтін санды (char типі де) типте болуы тиіс. Сол мән case сөздерінен кейін жазылған константалар мәндерімен салыстырылады. Егер олардың біріне тең болса, сол жол орындалады, жол соңында көшу операторы болмаса, келесі жолдар толық орындалады. Ал бір жолды орындап болған соң, switch операторынан шығу үшін break операторы қолданылады. Егер switch сөзінен кейінгі өрнек мәні ешбір константамен сәйкес келмесе, онда default сөзінен кейінгі операторлар атқарылады. Кейде default сөзі болмауы да мүмкін.

Default сөзі болмаса, онда switch операторынан кейінгі келесі операторлар орындала береді. Switch операторындағы өрнек түрінде нақты типтегі мәліметтерді, сөз тіркестерін (жолдарды) пайдалануға болмайды. Кейде бүтін мәндермен үйлестірілген мәліметтердің құрылымдық (структуралық) элементтері қолданылуы мүмкін.

Мысал: Екі бүтін сан енгізіп, олармен арифметикалық 4 амалдың бірін орындау қажет.

```
#include <stdio.h>
```

```
#include <conio.h>
Int main () {
char symbol;
int x,y,z;
clrscr();
printf ("Екі бүтін сан енгізіңіз: ");
scanf ("%i%i",&y,&z);
printf ("Қандай амал орындау керек: ");
scanf ("%s",symbol);
switch (symbol) {
case “-“ : x=y-z; break;
case “+” : x=y+z; break;
case “*” : x=y*z; break;
case “/” : x=y/z; break;
default: printf (”белгісіз операция\n”);
printf("\nНәтижесі - %d\n",x);
getch();
return 0;
}
```

Жұмысты орындау реті

Есеп 1. Енгізілген үш бүтін санның үлкенін табу программасы.

```
#include <stdio.h>
#include <conio.h>
int main() {
clrscr();
int max,x,y,z;
printf(“3 бүтін сан енгізіңіз:”);
scanf(“%d%d%d”,&x,&y,&z);
max=x;
if (y>max) max=y;
if (z>max) max=z;
printf (“max=%d”,max);
getch();
return 0;
}
```

Есеп 2. Формула арқылы берілген төмендегі y функциясын есептеу программасы.

$$y = \begin{cases} x+2, & \text{егер} \quad x < 0 \\ 2x^3, & \text{егер} \quad x \geq 0 \end{cases}$$

```
#include  <stdio.h>
#include <conio.h>
main()
{
clrscr();
float x,y;
printf(“x нақты санын енгізіңіз:”);
scanf(“%f”,&x);
if   (x<0)   y=x+2;
else     y=2*x*x*x;
printf(“\ny=%f”,y);
getch();
}
```

Есеп 3. Программаға бір жыл нөмірін енгізіп, сол жылдың кәбисә (366 күн) немесе қарапайым жыл (365 күн) екендігін анықтау керек. Ол үшін жылды төртке бөлеміз, егер қалдық 0-ге тең болса, ол кәбисә жыл, әйтпесе қарапайым жыл болады.

```
#include  <stdio.h>
#include <conio.h>
main()
{ int gil;
int r; /* gil-ды 4-ке бөлгендегі қалдық */
clrscr();
printf ("Жылды, мысалы, 2007 енгізіп, Enter басыңыз:
");
scanf ("%i",&gil);
r=gil % 4;
if (r)
 printf ("%i жыл - қарапайым \n", gil);
else
 printf ("%i жыл – кәбисә \n", gil);
printf ("\nАяқтау үшін Enter басыңыз");
getch();
}
```

Есеп 4. Квадрат теңдеуді шешу программасы.

```
/* Квадрат теңдеуді шешу */
#include <stdio.h>
#include <conio.h>
#include <math.h>
```

```
main()
{
float     a,b,c;
float x1,x2,d;
clrscr();
printf ("\n * Квадрат теңдеуді шешу * \n");
printf (" a,b,c мәндерін енгізіп, Enter басыңыз: ");
scanf ("%f%f%f",&a,&b,&c);
d=b*b-4*a*c;
if (d < 0)
printf ("Теңдеудің шешуі жоқ \n");
else
{x1=(-b+sqrt(d))/(2*a);
x2=(-b-sqrt(d))/(2*a);
printf ("Теңдеу түбірлері:x1=%3.2f x2=%3.2f\n",x1,x2);
}
printf("\nАяқтау үшін Enter басыңыз");
getch();
}
```

Есеп 5. Алынған балға сәйкес бағаны анықтау программасы.

Балл	Баға
90..100	A
75..89	B
60..74	C
50..59	D
0..49	F

```
#include  <stdio.h>
#include <conio.h>
main()
{
int     ball;
char baga;
clrscr();
printf("Балл мөлшері: ");
scanf("%i",&ball);
if (ball >= 90)
        baga  =  'A';
else if (ball >= 75)
         baga  =  'B';
else if (ball >= 60)
         baga  =  'C';
else if (ball >= 50)
```

```
            baga = 'D';
else
            baga = 'F';
        printf("Бағасы - %c, балл мөлшері - %i \n",baga,ball);
        printf("\nАяқтау үшін Enter басыңыз");
        getch();
        }
```

Есеп 6. Шығыс күнтізбесі (календары) бойынша жылға сәйкес жануар атын анықтау программасы.

```
#include  <stdio.h>
#include <conio.h>
main()
{ int gil;
 Printf  ("Жылды  енгізіңіз:  \n");  scanf("%i",&gil);
 switch (gil % 12)
 {
 case 0 : printf("мешін жылы");break;
 case 1 : printf("тауық жылы"); break;
 case  2  :  printf("ит  жылы");  break;
 case 3 : printf("доңыз жылы"); break;
 case 4 : printf("тышқан жылы"); break;
 case  5  :  printf("сиыр  жылы");  break;
 case 6 : printf("барыс жылы"); break;
 case  7  :  printf("қоян  жылы");  break;
 case  8  :  printf("ұлу  жылы");  break;
 case 9 : printf("жылан жылы"); break;
 case 10: printf("жылқы жылы"); break;
 case 11: printf("қой жылы"); break;
 default : printf("таңбасыз бүтін сан енгізіңіз");
 }
 printf("\nENTER басыңыз");  getch();
}
```

Зертханалық жұмысты орындауға арналған жеке тапсырмалар:

1. Жазықтағы нүктенің координаталары бойынша оның қай ширекте жататындығын анықтайтын программа құрыңдар.
2. Жазықтықта үш нүкте берілген: A(x1,y1), B(x2,y2) және C(x3,y3). Осы үш нүкте арқылы үшбұрыш құруға бола ма? Егер болса, Герон формуласын пайдаланып оның ауданын есептейтін программа құрыңдар.
3. Бүтін n саны берілген, ол бүтін m (m<n) санына қалдықсыз бөлінетінін анықтайтын программа құру керек.
4. Кез келген айдың бірінші жұлдызы аптаның қай күні екені белгілі болғанда, сол айдың енгізілген кез келген күнінің аптаның қандай күні болатынын анықтау программасын құру қажет.

5. Апта күндерінің реттік нөмірі бойынша олардың аттарын анықтайтын программа құру керек.

ЛАБОРАТОРИЯЛЫҚ ЖҰМЫС № 4

Тақырыбы: Циклдық операторлар


Жұмыстың мақсаты: C++ тілінің параметрлік, алғышартты және кейінгі шартты циклдық операторларының орындалу алгоритмін біру және олардың есептің берілгеніне қарай дұрыс пайдалана алу.

Оқу-зертханалық құрылғылар тізімі: Дербес компьютер немесе ноутбук, Windows/Linux/macOS операциялық жүйелерінің бірі, Turbo C++/Dev C++/Visual C++ бағдарламалау орталарының бірі.

Қысқаша теориялық мағлұмат:

For операторы

For операторы айнымалы ретінде берілген цикл параметрінің алғашқы, соңғы мәні мен өзгеру қадамы белгілі болғанда, соған сәйкес бір немесе бірнеше операторларды қайталап орындау кезінде қолданылады. Бұл оператор параметрлі цикл операторы немесе арифметикалық цикл деп аталады. Параметрлі циклдің орындалу схемасы:



Сурет 4.1. For циклінің орындалу алгоритмі


For цикл операторының жалпы жазылу түрі:

```
for(x=x0; x<=xk; x=x+dx)
{
<1-оператор>;
<2-оператор>;
. . .
<n-оператор>;
}
```

Мұнда x=x0 – цикл айнымалысының бастапқы мәні, x<=xk – циклдің орындалу шарты, x=x+dx – цикл айнымалысының қадамы. x=x0 цикл операторы орындаларда бір рет есептеледі, x<=xk ақиқат болса немесе 0-ге тең болмаса, цикл тұлғасы ретіндегі операторлар атқарылады. Содан соң x=x+dx есептеледі және x<=xk мәні қайта анықталады. x<=xk мәні жалған болса немесе жалпы жағдайда ол 0-ге тең болса, for операторының жұмысы аяқталады. Сонымен, цикл тұлғасының келесі орындалуы немесе орындалмауы оның атқарылуы алдында анықталады.


Мысал: /* 1-ден 100-ге дейінгі сандар қосындысын анықтау */

```
#include <stdio.h>
#include <conio.h>
int main()
{ int s=0,i;
clrscr();
printf("1-ден 100-ге дейінгі сандар
қосындысы:");
for(i=1;i<=100;i++) {
  s+=i; }
printf("s=%d",s);
printf("\nАяқтау үшін Enter басыңыз\n");
getch();
return 0;
}
```



While операторы

Орындалу саны алдын ала белгісіз болатын циклдер құру кезінде шарттары алдын ала немесе соңынан тексерілетін екі цикл түрі бар. Шарты алдын ала тексерілетін цикл операторының орындалу келесі суретте көрсетілген. Оның жазылуы:




Сурет 4.2. Шарты алдын ала тексерілетін цикл

Мұнда шарт ретінде шартты өрнек немесе кез келген типтегі өрнек пайдаланылуы мүмкін. Оператор қарапайым немесе құрама болуы мүмкін. Ол құрама оператор болса, онда операторлар жиыны жүйелі жақшаға алынып жазылады. While операторы орындалғанда, алдымен, жақша ішіндегі өрнек есептеліп тексеріледі. Егер өрнек мәні ақиқат болса немесе жалпы жағдайда 0-ге тең болмаса, онда оператор атқарылады. Содан соң жақшадағы өрнек тағы да есептеледі. Егер өрнек мәні жалған болса (немесе жалпы жағдайда 0-ге тең болса), онда while цикл операторы өз жұмысын аяқтайды.

Мұнда шарт-өрнек құрамына кіретін айнымалы цикл ішінде өзгеріп отырады. Мысал:


```
/* 1-ден 100-ге дейінгі бүтін сандар қосындысы */
#include <stdio.h>
#include <conio.h>
int main() {
int     s,k;
clrscr();
s=0; k=1;
while (k<=100) {
s+=k;
k++; }
printf ("s= %d",s);
printf("\nАяқтау үшін Enter басыңыз\n");
getch();
return 0
}
```



Do ... while цикл операторы

Шарты соңынан тексерілетін do … while циклінің орындалу схемасы 4.3- суретте көрсетілген. Осыған сәйкес оператордың жалпы жазылу түрі:

```
do {
        1-оператор;
        2-оператор;
        …
        …
        …
        n-оператор;
} while (өрнек);
```



Сурет 4.3. Кейінгі шартты циклдық оператордың орындалу схемасы

Цикл тұлғасы ретінде қарапайым немесе құрама оператор қолданылуы мүмкін. Жақшадағы өрнек цикл тұлғасынан кейін тексеріледі. Сондықтан do while цикл тұлғасы ең болмағанда бір рет орындалады. Цикл тұлғасынан кейін жазылған өрнек ақиқат болса (немесе жалған жағдайда ол 0-ге тең болмаса), цикл тұлғасы қайтадан орындалады. Ал өрнек жалған болса (немесе 0-ге тең болса), цикл аяқталады. Енді мысалдар келтірейік.

```
// Енгізілген сандардың үлкенін (максимумын) табу
#include  <stdio.h>
#include <conio.h>
main()
{
int a, max;
clrscr();
printf("\n Сандар максимумын табу \n");
printf("Аяқтау үшін 0 енгізіңіз \n");
max = -32000;
// алдын ала максимумды ең кіші бүтінге теңейміз
do
{ printf("Сан енгізіңіз : ");
scanf("%i",&a);
if (a > max) max = a;
 }
while (a!=0);
printf("Сандардың максимумы: %i",m);
```

Жұмысты орындау реті

Есеп 1. Берілген формуланың мәнін есептейтін программа.

$$y = \sum_{i=1}^{10} \frac{i^2}{2}$$

```
#include <stdio.h>
#define     n     10
main()
{
int         i;
float s=0;
for(i=1,i<=n;i++)
 s+=i*i/2;
printf (“нәтиже= %f\n”,s);
}
```

Есеп 2. x тұрақты қадаммен x0-ден xk-ға дейін өзгергенде, функция мәндері кестесін алу прогарммасы. (x0, xk, dx (қадам) пернелерден енгізіледі)

```
#include  <stdio.h>
#include  <math.h>
#include <conio.h>
main() {
float x,y,x0,xk,dx;
clrscr();/* экранды тазалау */
printf ("x-тің бастапқы, соңғы мәндері: ");
scanf ("%f%f",&x0,&xk);
printf ("x-тің өзгеру қадамы dx-ті
енгізіңіз: ");
scanf ("%f",&dx);
printf (" ---------- \n");
printf(" x | y\n");
printf("_____\n");
x=x0;
while (x<=xk)
{
 y=-2.4*x*x+5*x-3*sqrt(fabs(x));
 printf   ("%6.2f   |   %6.2f\n",x,y);
 x=x+dx;
}
printf("_____\n");
getch();
```

```
}
```

Есеп 3. Енгізілген бүтін санның тақ немесе жұп екендігі анықтайтын программа.

```
#include  <stdio.h>
#include <conio.h>
main() {
int k; /* енгізілетін сан */
char                symbol;
textcolor(RED);
textbackground(WHITE);
clrscr();
printf("\n* Санның жұп/тақ екендігін анықтау *\n");
do
{ printf("\nБір бүтін сан енгізіңіз : ");
 scanf("%i",&k);
 printf("Бұл %i саны -",k);
 if   (k   %   2   ==   0)
 printf("жұп сан.");
 else
 printf("тақ сан.");
 printf("\nТағы да енгізесіз бе? Иә-'Y',Жоқ-'N':");
 scanf("%s",&symbol);
 }
while ((symbol=='Y')||(symbol=='y'));
}
```

Зертханалық жұмысты орындауға арналған жеке тапсырмалар:

1-ден N-ге дейінгі сандардың көбейтіндісін есептейтін программа құрыңдар. N-нің мәні пернетақтадан енгізіледі.

3. Пернетақтадан N сан енгізіледі. Енгізілген сандардың ішіндегі теріс, оң сандардың және нөлдердің санын анықтайтын программа құрыңдар.

4. Ұзындықтың 1-ден 20 дюймге дейінгі мәндерін сантиметрге (1 дюйм = 2,54 см) айналдыратын және оны экранға шығаратын программа құрыңдар.

5. Банктегі жылдық өсімі 9 пайыздық салымға S теңге салынды. N жылдан кейін салынған ақша неше теңгеге жетеді?

6. Пернетақтадан 10 бүтін сан енгізіп, солардың квадраты мен кубын анықтаңдар.

7. 20-дан 50-ге дейінгі натурал сандар берілген. Олардың ішіндегі 3-ке бөлінетін, бірақ 5-ке бөлінбейтін сандарды анықтаңдар.

8. 35-тен 87-ге дейінгі натурал сандар берілген. Олардың ішінде 7-ге бөлгенде, 1-ге, 2-ге немесе 5-ке тең қалдық қалатын сандарды табыңдар.

9. 1-ден 50-ге дейінгі натурал сандар берілген. Олардың ішіндегі 5-ке немесе 7-ге бөлінетін сандардың қосындысын табыңдар.

ЛАБОРАТОРИЯЛЫҚ ЖҰМЫС № 5

Тақырыбы: Ішкі программалар

Жұмыстың мақсаты: C++ тілінде қолданушы функцияларын сипаттау және оларды пайдалану дағдыларын алу.

Оқу-зертханалық құрылғылар тізімі: Дербес компьютер немесе ноутбук, Windows/Linux/macOS операциялық жүйелерінің бірі, Turbo C++/Dev C++/Visual C++ бағдарламалау орталарының бірі.

Қысқаша теориялық мағлұмат:

С тілінде стандартты функциялармен қатар қолданушы (тұтынушы, программалаушы) өзі құрастырған функцияларымен де жұмыс істеу мүмкіндігі жасалған. Ол функцияны алдын ала main функциясына дейін толық анықтау керек немесе оны алдын ала қысқаша сипаттап алып, main функциясынан кейін толық анықтауға болады. Сондықтан, тұтынушы функциялары декларациясы екі түрде: қысқаша сипаттау түрінде (main функциясына дейін) және анықтау түрінде (main функциясынан кейін немесе дейін) толық берілуі мүмкін.

Функцияны алдын ала сипаттау барысында программалық файлдың басында оның прототипі көрсетіледі, өйткені main функциясында оның айнымалылары типтері белгілі болуы тиіс. Ол келесі түрі жазылады:

<нәтиже_типі> <функция _ аты>(<тип> <айнымалы1>,
<тип> <айнымалы2>, … <тип> <айнымалыN>);

Прототиптегі жай жақшаларға алынған айнымалылар идентификаторларын көрсетпесе де болады, өйткені тілдің компиляторы оларды өңдемейді.

Параметрлер тізімімен берілген fun функциясын сипаттаудың мысалы:

float fun(int, float, int, int);

Функция прототипі компиляторға программа мәтінінде негізгі программадан (main()) кейін оның толық анықтамасы келтірілетінін білдіреді. Функцияның толық анықталуының жазылу түрі төмендегідей:

<нәтиже_типі> < функция _ аты >(параметрлер тізімі)
{
функция коды
}

Нәтиже_типі return операторының көмегімен функцияның шақырылу нүктесіне қайтарылатын мәннің типін көрсетеді. Егер функция типі көрсетілмесе, қайтарылатын мән int типті деп саналады. Параметрлер тізімі үтірмен ажыратылған типтер мен параметрлер аттарының тізбегінен тұрады. Егер функцияның параметрлері болмаса да, жай жақшалар бәрі бір міндетті түрде көрсетілуі тиіс.

Return операторы берілген функциядан бірден шығып, нәтиженің оны шақырушы функцияға қайтарылуын қамтамасыз етеді, яғни бұл оператор функция жұмысы нәтижесін қайтару қызметін атқарады. Функция тұлғасында бірнеше return операторы болуы немесе бірде бір рет кездеспеуі де мүмкін екендігін айта кеткен жөн. Мұндай жағдайда шақырушы функцияға қайту оның тұлғасындағы соңғы оператор орындалғаннан кейін барып жүзеге асырылады.

Екі бүтін санның ішіндегі кішісін анықтайтын функцияның мысалы:

```
int mini(int x, int y)
{ int t;
 if (x<y) t=x;
else       t=y;
return t;
}
```

Mini функциясын келесі түрде де жазуға болады:

```
mini(int x, int y)
{
        return (x<y)? x:y;
}
```

Екі бүтін санның ішіндегі үлкенін анықтайтын функцияның мысалы:

```
int maxi(int x, int y)
{
if (x>y)
        return (x);
else
        return (y);
}
```

Егер қайтарылатын мәннің типі көрсетілмесе, ол int типті болып есептеледі.

С тіліндегі мәнді қайтаратын барлық функциялар өрнектердің оң жағында жазылуы тиіс, өйтпеген жағдайда ешқандай да нәтиже қайтарылмайды. Бірақ функция нәтижесінің адресі қайтарылатын жағдайда, ол сол жақта болуы керек. Егер функция ешқандай мән қайтармайтын болса, онда ол void (бос) типті функция ретінде сипатталуы тиіс. Мысалы,

дисплей экранына бір толық жолды шығару үшін келесі функцияны жазамыз:

```
void lin(char a)
{
int k;
for(k=0; k<80; k++)
        printf("%c", a);
}
```

Егер функцияда ешқандай параметр болмаса, онда функцияны декларациялау барысында жай жақша ішіне void сөзін жазған дұрыс. Мысалы, негізгі функция тақырыбының көбінесе былай жазылуы мүмкін:

```
void main(void)
```

С тілінде әрбір функция – программаның жеке бөлігі, оны орындау үшін осы функцияны шақыру керек. Мысалы, goto операторы арқылы басқаруды кез келген функцияның тұлғасына беруге болмайды. Функция келесі түрде шақырылады:

```
<функция_аты>(аргументтер_тізімі);
```

мұндағы аргументтер ретінде тұрақтыларды, айнымалыларды, өрнектерді (олардың мәндері функцияны шақырудан бұрын программада анықталады) қолдануға болады. Функцияны шақыру тізімінің аргументтері сол функцияның анықталу параметрлерінің тізімімен саны жағынан, орналасу ретімен, сәйкес параметрлері типтерімен толықтай үйлесуі тиіс. Аргументтер жоқ болған жағдайда да, функция атынан кейінгі жай жақшалардың болуы міндетті.

Жұмысты орындау реті

Есеп 1. NxN өлшемді бүтін сандар жиымын (50-ден көп емес) енгізіп, функция арқылы оның оң мәндерінің қосындысын табу керек.

```
#include  <stdio.h>
#include <conio.h>
void summa(int,int a1[ ][50]); // функцияны сипаттау
void main(void) {
int a[50][50];
int i,j,N;
clrscr();
puts("\n Жиым өлшемін N(<50) енгізіңіз \n");
scanf("%d",&N);
printf("\n Мәліметтерді енгізіңіз \n");
```

```
for(i=0; i<N; i++)
for(j=0; j<N; j++)
 {
 printf("\n a[%d][%d]=", i+1, j+1);
 scanf("%d", &a[i][j]);
 }
summa(N,a);
}
void summa(int n,int a1[ ][50])//функцияны анықтау
{
 int i, j, s;
/* Жиымның оң элементтерінің қосындысын есептеу*/
for(s=0,i=0; i<n; i++)
{
printf("\n");
for(j=0;j<n;j++)
if (a1[i][j]>0) s+=a1[i][j];
}
printf("\a Қосынды = %d, Press any key... ",s);
getch();
}
```

Есеп 2. Берілген s1 символдар тізбегінен k-сыншы символдан бастап ұзындығы L болатындай бағыныңқы s2 тізбегін бөліп алатын substr функциясын программа ішінде қарастырайық:

```
#include  <stdio.h>
#include <conio.h>

substr(s1, s2, L, k, m) {
char s1[], s2[]; int L,k,m;
int i,j;
 if     (L+k>=m)     k=m-L-1;
for(i=1, j=0; i<L+k; i++, j++)
        s2[j] = s1[i];
}

void main(void) {
char str1[80], str2[80]; int L, k, m=0;
clrscr();
puts("\n сөз тізбегін енгізіңіз \n:");
while((str1[m++] = getchar())!='\n');
printf("\n");
/* m өз мәнін сақтап қалады */
printf("\n L және k мәндерін енгізіңіз:\n");
```

```
scanf("%d %d",&L,&k);
substr(str1,str2,L,k,m);
printf("%s\n",str2);
}
```

Зертханалық жұмысты орындауға арналған жеке тапсырмалар:

1. Үш натурал сандар берілген. Олардың ең үлкен ортақ бөлгішін (ЕҮОБ) анықтайтын функцияны құру керек.
2. Натурал N саны берілген (N > 99). Ондағы жүздіктер санын анықтайтын анықтайтын функцияны құру керек.
3. Натурал N саны берілген. N санының жазбасынан басқа цифрлардың ретін өзгертпей 0 және 5 цифрларын алып тастайтын анықтайтын функцияны құру керек. Мысалы, 59015509 санынан 919 саны шығады.

ЛАБОРАТОРИЯЛЫҚ ЖҰМЫС № 6

Тақырыбы: Қатарлар мен символдарды өңдеу

Жұмыстың мақсаты: C++ тілінде символдық және қатарлық мәліметтерді өңдеуді үйрену.

Оқу-зертханалық құрылғылар тізімі: Дербес компьютер немесе ноутбук, Windows/Linux/macOS операциялық жүйелерінің бірі, Turbo C++/Dev C++/Visual C++ бағдарламалау орталарының бірі.

Қысқаша теориялық мағлұмат:

Pascal тілінде сөз тіркестерін өңдеу кезінде қолданылатын арнайы тип – string бар. Ал С тілінде мұндай арнайы тип жоқ. Сөз тіркестері char типті бір өлшемді жиым ретінде қарастырылады, яғни сөз тіркесі – нөлдік байтпен аяқталатын char типті бір өлшемді жиым. Нөлдік байт – барлық биттері де нөлге тең байт, ол „\0" символдық константасымен анықталады (тіркес соңы белгісі немесе нөл-терминатор). Сондықтан егер тіркесте k символ болса, онда жиымды сипаттауда k+1 элемент көрсетілуі тиіс.

Мысалы, char a[7] деген сипаттау тіркестің 6 символдан тұратынын, ал соңғы байт нөлдік екенін білдіреді. С тіліндегі тіркестік (жолдық) константа – қос тырнақшаға алынған символдар жиыны. Мысалы, «Берілген тапсырма» тіркесі, оның соңына нөлдік байтты компилятор автоматты түрде өзі жазады.

Айнымалы мәні болатын сөз тіркесін сипаттау кезінде бірден көрсетуге болады, мысалы, char S1[10]="123456789", S2[]="Болат";

Соңғы сөз ұзындығы тіркестің символдары санымен анықталады.

Символдар тіркесін пернелерден енгізу үшін екі стандартты функция – scanf() немесе gets() қолданылады, ал олардың прототиптері stdio.h тақырыптық файлында болады.

Символдық таңбаларды енгізу/шығару

Символдарды біртіндеп енгізу/шығару үшін printf() және scanf() функцияларының %c форматы қолданылады.

getch() – параметрсіз функция, басылған перненің кодын (int) береді, экранға ешқандай символ шығармайды.

getchar() – параметрсіз функция. Пернеден символдарды бір-бірлеп енгізеді. Сөз тіркесі <Enter> пернесі басылғанша енгізіле береді, оған дейін оны өзгертуге де болады.

putch(c) – бір символды (c – символдық айнымалы немесе константа), яғни бір таңбаны ғана экранға шығарады.

putchar(c) – бұл да тек бір таңбаны экранға шығарады.

Бұлар conio.h тақырып файлы бойынша жұмыс істейді.

Мысалы, латын әліпбиі әріптерін экранға шығару программасы төмендегідей болады:

```
#include <conio.h>
#include  <stdio.h>
void main()
{ char z;
 clrscr();
 for(z='A';z<='Z';z++)
 putchar(z);
 getch();
}
```

Нәтижесі:

ABCDEFGHIJKLMNOPQRSTUVWXYZ

Сөз тіркестерімен жұмыс істейтін функциялар

1) strlen(str) функциясы str сөз тіркесіндегі символдар санын (соңғы нөлді есепке алмайды), яғни жолдың ұзындығын анықтайды, оның типі int, тақырыптық файлы <string.h>.

2) strcat(stroka1, stroka2) функциясы қатарларды біріктіру үшін қолданылады. Ол stroka1 және stroka2 тіркестерін біріктіріп, нәтижені stroka1 айнымалысына меншіктейді, stroka2 тіркесінің мәні өзгермейді

3) strcmp(stroka1,stroka2) функциясы екі сөз тіркесін салыстыру үшін қолданылады. Егер олар бірдей болса, функцияның мәні 0-ге тең болады, әйтпесе ол екі тіркестің айырмасын береді. Егер stroka1<stroka2 болса, нәтиже 0-ден кіші, ал stroka1 > stroka2 болса, нәтиже 0-ден артық болады.

4) strcpy(str1,str2) функциясы сөз тіркесінің көшірмесін алу үшін қолданылады, мұнда str2 айнымалысындағы сөз тіркесі str1 айнымалысына көшіріледі.

Жұмысты орындау реті

Есеп 1. Символдардың ASCII-кодтарымен бірге шығаратын программа.

```
/* латын әліпбиі*/
#include <conio.h>
#include  <stdio.h>
void main()
{
char  z;
clrscr();
for(z='A';z<='Z';z++)
{
        if (z=='K' || z=='U') printf("\n");
        printf(" %c-%d ",z,z);
}
getch();
}
```

Есеп 2. Енгізілген сөз тіркесінде «т» символының неше рет кездесетінін табатын программа.

```
#include <conio.h>
#include  <stdio.h>
#include <string.h>
void main()
{
char str[80];
int       s=0;
clrscr();
puts("Сөз тіркесін (сөйлем) енгізіңіз:");
gets(str);
for(int i=0; i<strlen(str); i++)
 if (str[i] == 'т') s+=1;
printf("'т' символы %i рет кездеседі\n",s);
getch();
}
```

Есеп 3. Бірнеше сөз тіркестерінің ұзындығын анықтайтын программа.

```
// strlen(str) функциясын пайдалану
#include <conio.h>
#include  <stdio.h>
#include <string.h>
main()
{
```

```
static char t[] = ”Студенттер жайлы хабарлама.”;
clrscr();
printf(“%d\n”,strlen(t));
printf(“%d\n”,strlen(”Студенттер жайлы хабарлама.”));
printf(”%d\n”,strlen(”әл-Фараби ат.КазҰУ”));
printf(“%d\n”,strlen(“”));
getch();
}
```

Есеп 4. Қатарларды біріктіру функциясының программасы.

```
// strcat(str1, str2) функциясын пайдалану
#include <conio.h>
#include  <stdio.h>
#include <string.h>
main()
{
char str1[50]="С тілін оқимыз, ";
char str2[]="жақында емтихан тапсырамыз.";
clrscr();
printf("%s\n",strcat(str1,str2));
puts(str1); // қатарды экранға шығару
puts(strcat("Егер жақсы оқысақ, ",str2));
getch();
}
```

Есеп 5. Сөз тіркестеріне көшу программасы.

```
// strcpy(str1, str2) функциясын пайдалану
#include <conio.h>
#include  <stdio.h>
#include <string.h>
main()
{
char str1[21];
strcpy(str1,"Хал қалай, Азат?");
puts(str1);
strcpy(str1,"Тамаша!");
puts(str1);
getch();
}
```

Зертханалық жұмысты орындауға арналған жеке тапсырмалар:

1. Бір топтағы фамилиялары бірдей студенттерді табыңдар.
2. Топ студенттері фамилиялары мен аттарының бірінші әрпін шығарыңдар.

3. Әрбір сөзден кейін бір бос орын қалдырылған сөйлемдер берілген. Құрамында дауысты әріптер ең көп кездесетін сөзді табыңдар.
4. Әрбір сөзден кейін бір бос орын қалдырылған сөйлемдер берілген. Құрамында берілген әріптен басталатын сөздердің санын анықтаңдар.
5. Әрбір сөзден кейін бір бос орын қалдырылған сөйлем берілген. Сөйлемдегі ең ұзын
сөзді табыңдар.

ЛАБОРАТОРИЯЛЫҚ ЖҰМЫС № 7

Тақырыбы: Бірөлшемді және көпөлшемді массивтер

Жұмыстың мақсаты: C++ тілінде бірөлшемді және көп массивтерді ұғымымен танысу, есептер шығаруды үйрену.

Оқу-зертханалық құрылғылар тізімі: Дербес компьютер немесе ноутбук, Windows/Linux/macOS операциялық жүйелерінің бірі, Turbo C++/Dev C++/Visual C++ бағдарламалау орталарының бірі.

Қысқаша теориялық мағлұмат:

Жиым немесе массив – бір типтегі элементтердің реттелген жиыны.

Олар бір атаумен – идентификатормен аталады да, индексті айнымалы ұғымына сәйкес келеді. Мысалы, мынадай тізбек

0 1 1 2 3 5 8 13 21

Фибоначчи тізбегінің 9 элементін құрайды (алғашқы екі санды таңдап алып, келесі санды алдыңғы екеуін қосу жолымен алады). Ал мынау өзіне және бірге бөлінетін жай сандар тізбегінің алғашқы 7 элементі:

1 3 5 7 11 13 17

Осындай бір текті тізбектерді жиым түрінде С тілінде сипаттап, оған бастапқы мән беріп инициалдау үшін былай жазамыз:

int fib[8]={0, 1, 1, 2, 3, 5, 8, 13, 21}; немесе

int fib[]={0, 1, 1, 2, 3, 5, 8, 13, 21}; деп көрсетеміз,

мұндағы fib – жиым аты, оның элементтерінің типі int, ал ені, яғни ұзындығы – 9, жиым элементтерінің индекстері 0-ден бастап нөмірленеді, сол себепті 9 элемент 8 индекспен көрсетіледі. Мәндері толық көрсетілсе, индексті жазбаса да болады. Ал былай болса,

int fib[8]={0, 1, 2, 3}; қалған элементтері 0 болып саналады.

n=10; k=2; fib[n-k] = {0, 1, 2, 3}; десе де болады.

Жоғарыдағы тізбектің 7-ші элементін бір бүтін айнымалыға меншіктеу үшін былай жазамыз.

int a = fib[6]; // a = 8:

Жиымды сипаттау кезінде оның ені нақты санмен көрсетіледі, мысалы, a[20], a[n] деп жазу үшін алдын ала #define n 20 жолы көрсетіледі немесе const n=20; болып жазылады.

Жиым элементтерін енгізу немесе оларды түрлендіру үшін цикл операторлары қолданылады. Төменде 10 элементі бар жиымды 0-ден 9-ға дейінгі сандармен толтырып, содан кейін оларды кері бағытта экранға шығару мысалы көрсетілген:

```
main()
{ int ia[10];
 int index;
for(index = 0; index <10; index ++)
ia[index] = index;
for(index = 9; index >=0; index --)
 printf(" %i", ia[index]); }
```

С тілінде жиымды жиымға бірден теңестіруге болмайды, мысалы, a0, a1, a2, ... , a9 және c0, c1, c2, ... , c9 жиымдары үшін a = c деп жазуға рұқсат етілмейді. Олардың элементтерін цикл ішінде бір-біріне біртіндеп теңестіру керек. Мысалы, мынадай цикл жазылуы тиіс:

```
int a[9], c[9];
for(int i=0; i<9; ++i)
a[i]=c[i];
```

Екі өлшемді жиым

Екі өлшемді жиымды – матрицаны пайдалану үшін тік жақшалар ішінде олардың екі өлшемінің де енін көрсету керек. Мысалы: int a[4][3]; алғашқы сан жолдар санын, ал екінші сан бағаналар санын көрсетеді, а жиымы 12 элементтен тұрады. Оларға бастапқы мәнді былай береміз:

```
int a[4][3]={ {0,1,2},
{3,4,5},
{6,7,8},
                {9,10,11} };
```

ішкі жүйелі жақшаларды қоймаса да болады:

```
int a[4][3]={0,1,2,3,4,5,6,7,8,9,10,11};
```

Келесі түрде сипаттау жолдардың тек бірінші элементтерін ғана анықтайды, қалған элементтер 0-ге тең болып саналады:

```
int a[4][3]={ {0},{3},{6},{9} };
```

Егер ішкі жүйелі жақшалар алынып тасталса, онда мағынасы өзгереді.

```
int a[4][3]={ 0,3,6,9 };
```

мұнда бірінші жолдың 3 элементі мен екінші жолдың бірінші элементі анықталады да, қалғандары 0 болып саналады. Екі өлшемді жиымды инициалдау қабаттасқан циклдер арқылы орындалады.

Жұмысты орындау реті

Есеп 1. Бір өлшемді массив элементтерін кездейсоқ сандармен толтыру

```
//a[n] жиымына кездейсоқ сандар енгізу
#include<conio.h>
#include<stdio.h>
#include<stdlib.h>
void main()
{
int a[100];
int n;
printf("\nEnter the size of array:", n);
scanf("%i",&n);
for(int I=0;I<n;I++)
        {a[I]=rand()%100-50;
        printf(" %i ", a[I]);}
getch();
}
```

Есеп 2. Жиымның ең үлкен элементін анықтау.

```
// максимум табу
#include<conio.h>
#include<stdio.h>
#include<stdlib.h>
void main()
{ int a[100], n;
printf("\nEnter the size of array:", n);
scanf("%i",&n);
for(int I=0;I<n;I++)
{ a[I]=rand()%100-50;
 printf(" %i ", a[I]);
}
int     max=a[0];
for(I=1;I<n;I++)
if  (a[I]>max)   max=a[I];
printf("\nMax= %i", max);
getch();
}
```

Есеп 3. Жиымның жұп индексті элементтері қосындысын анықтау.

```
/* 0, 2, 4... индексті элементтер қосындысын табу */
#include<conio.h>
#include<stdio.h>
```

```
#include<stdlib.h>
void main()
{ int a[100], n;
printf("\nEnter the size of array:", n);
scanf("%i",&n);
for(int I=0;I<n;I++)
{ a[I]=rand()%100-50;
 printf(" %i ", a[I]);
}
int          Sum=0;
for(I=0;I<n;I+=2)
Sum+=a[I];
printf("\nSum= %i ", Sum);
getch();
}
```

Есеп 4. Екі өлшемді массивті кездейсоқ сандармен толтыру.

```
/* a[3][4] жиымы элементтерін rand() арқылы енгізу және
экранға шығару */
#include  <stdio.h>
#include <stdlib.h>
#include <conio.h>
main()
{
const int row=3, col=4;
int             a[row][col];
clrscr();
for(int   i=0;   i<row;   i++)
        for(int j=0; j<col; j++)
                a[i][j]=rand()%100-50;
printf("\na[3][4] жиым элементтері мәндері:");
for(i=0; i<row; i++)
        for(j=0; j<col; j++)
                printf(" %i",a[i][j]);
getch();
}
```

Есеп 5. Берілген a4,4 жиымының бас диагоналындағы элементтерді нөлге, ал қосалқы диагоналындағы элементтерді бірге теңестіру программасы.

```
#include  <stdio.h>
#include <stdlib.h>
#include <conio.h>
main()
```

```
{
 int a[4][4]={
{6,8,9,2},
{5,3,4,2},
{3,3,4,5},
{2,3,3,4}
 };
 int   i,j;
 clrscr();
 printf("Берілген матрица :\n");
 for(i=0; i<4; i++)
 {for(j=0;  j<4;  j  ++)
 printf(" %2i ", a[i][j]);
 printf("\n");}
 /* Матрицаны өңдеу */
for(i=0;      i<4;      i++)
a[i][i]=0;
 for(i=0;  i<4;  i++)
 for(j=0; j<4; j ++)
 if (i+j==3) a[i][j]=1;
 /* Өңделген матрица элементтерін шығару */
 printf("Нәтижелік матрица :\n");
 for(i=0; i<4; i++)
 {for(j=0;  j<4;  j  ++)
 printf(" %2i ", a[i][j]);
 printf("\n");}
getch();
}
```

Зертханалық жұмысты орындауға арналған жеке тапсырмалар:

1. Жиым өлшемі (ені, көлемі) тек константа немесе константалық өрнек бола алады.

Жиым өлшемін идентификатор түріндегі (ат қойылған) константа арқылы беру дұрыс деп саналады.

2. Жиым элементтері нөлден бастап нөмірленеді, сол себепті элементтің ең үлкен нөмірі элементтер санынан бірге кем болады.

3. Индекс нөмірлерінің жиым шекарасынан асып кетпеуін программа қадағаламайды, оны программалаушы өзі бақылауы тиіс.

4. Екіөлшемді A(10,10) жиымда әрбір жол үшін оң элементтердің қосындысын есептеп шығарыңдар.

5. Екіөлшемді A(10,10) жиымындағы оң элементтердің санын есептеп шығарыңдар.

6. Екіөлшемді A(10,10) жиымындағы ең үлкен элементті анықтаңдар.

ЛАБОРАТОРИЯЛЫҚ ЖҰМЫС № 8

Тақырыбы: Массивтерді сорттау әдістері

Жұмыстың мақсаты: C++ тілінде бірөлшемді массивтіреді сорттау әдістерін меңгеру.

Оқу-зертханалық құрылғылар тізімі: Дербес компьютер немесе ноутбук, Windows/Linux/macOS операциялық жүйелерінің бірі, Turbo C++/Dev C++/Visual C++ бағдарламалау орталарының бірі.

Қысқаша теориялық мағлұмат:

Сұрыптау – берілген объектілер жиынын (сандарды) ұсынылған реттілікпен қайта теріп орналастыру процесі.

Жиымдарды сұрыптау жылдамдығы әртүрлі болады. Қарапайым сұрыптау тәсілдері n*n рет салыстыруды керек етеді, мұндағы n – жиым элементтері саны; ал жылдам сұрыптау тәсілі n*ln(n) рет салыстыруды қажет етеді. Қарапайым тәсілдер түсінуге жеңіл, өйткені алгоритмі түсінікті. Күрделі тәсілдер аз әрекеттер санын керек еткенмен, операциялары күрделірек болады, сондықтан элементтер саны аз жиымдарға қарапайым тәсілдерді қолданған дұрыс.

Қарапайым тәсілдер 3 топқа бөлінеді:

- жай таңдау жолымен сұрыптау;
- жай енгізу тәсілімен сұрыптау;
- жай алмастыру тәсілімен сұрыптау:

Жай таңдау жолымен сұрыптау

Жиымның ең кіші элементі анықталады да, ол бірінші элементпен орын ауыстырады. Қалған элементтермен де осы тәсіл қайталанады.

44	55	12	42	94	18
		минимум			

```
int i, min, n_min, j;
for(i=0;i<n-1;i++)
{
        min=a[i];n_min=i; // минимумды іздеу
        for(j=i+1;j<n;j++)
                if(a[j]<min)
                        { min=a[j];n_min=j; }
 a[n_min]=a[i]; //алмастыру
 a[i]=min;}
```

Жай енгізу (кірістіру) тәсілімен сұрыптау

Жиым элементтері екіге – бастапқы тізбекке және дайын тізбекке бөлінеді.

Әрбір адымда I=2 нөмірінен бастап, бастапқы берілген тізбектен I-ші элемент алынады да, ол дайын тізбектің керекті жеріне орналастырылады. Мұнан кейін I-ге 1 қосылады да, сол әрекеттер қайталанады.

44	55	12	42	94	18
дайын тізбек	бастапқы тізбек				

Керекті орынды іздеу кезінде оң жақтағы келесі элементпен орын ауыстыру қарастырылады, яғни таңдалып алынған элемент сұрыпталғандардың J=I-1 нөмірінен басталатын кезекті элементімен салыстырылады. Егер таңдалып алынған элемент a[I]-ден артық болса, онда ол сұрыпталғандар ішіне қосылады, әйтпесе a[J] бір орынға ығысады да, таңдалған элемент сұрыпталғандар ішіндегі келесі элементпен салыстырылады. Керекті орынды іздеу әрекеті екі жағдайда:


- егер a[J]>a[I] болатын элемент табылса;
- дайын тізбектің сол жақ шетіне жеткен кезде аяқталады.

Мысалы:

```
int          i,j,x;
for(i=1;i<n;i++)
{       x=a[i];//ауысатын элементті есте сақтау
        j=i-1;
        while(x<a[j]&&j>=0) //керекті орынды іздеу
        {
                a[j+1]=a[j]$ //оңға жылжыту
                j--;
        }
 a[j+1]=x;//элементті кірістіріп қою
}
```

Жай алмастыру арқылы сұрыптау

Мұнда ең соңғыдан бастап, екі элемент салыстырылады да, қажет болса, орындары алмастырылады. Осындай әрекет нәтижесінде ең кіші элемент жиымның ең сол жақ шетіне ығысады. Қалған жиым элементтері үшін де осы процесс қайталанады.




```
for(int   i=1;i<n;i++)
for(int j=n-1;j>=i;j--)
```

```
if(a[j]<a[j-1])
 {int r=a[j];a[j]=a[j-1];a[j-1]=r;}
```

Жұмысты орындау реті

Есеп 1. Бүтін сандардан тұратын A10 жиымы берілген. Сол жиымның ең үлкен элементін – максимумын және оның индексін анықтау программасы.

```
/* Жиым максимумын табу */
#include <conio.h>
#include  <stdio.h>
#define     n       10
main() {
int i,t,a[n]={6,5,9,8,7,4,1,2,3,0},max;

textcolor(BLUE);
textbackground(YELLOW);

clrscr();

printf("a[10] элементтері : ");

for(i=0; i<n; i++)
        printf(" %d ",a[i]);

max=a[0]; t=0; // max - максимум, t - оның индексі

for(i=1; i<n; i++)
        if (a[i] > max) {
                max = a[i]; t=i;}

printf("\nmax = %d, индексі = %d\n", max, t);
getch();
}
```

Есеп 2. Берілген x10 жиым элементтерін сол жиымда өсу реті бойынша орналастыру программасы.

```
#include  <stdio.h>
#include <stdlib.h>
```

```
#include <conio.h>
main() {
 int xmin,x[10];
 int n,k,i;
 clrscr();
 printf("\nБерілген жиым элементтері:");
 for(k=0; k<10; k++)
 {x[k] = rand() % 100; /* 32767-ге дейінгі кездейсоқ сандарды 100-ге
бөліп, қалдықтарын алу */
printf("          %i",x[k]);}
 for(k=0; k<9; k++)
 {   xmin=x[k];   n=k;
 for(i=k+1; k<10; k++)
 if (x[i] < xmin)
 { xmin=x[i];
 n = i;
 }
 x[n]=x[k]; x[k]=xmin;
 }
 printf("\nРеттелген жиым элементтері:");
 for(k=0; k<10; k++)
 printf(" %i",x[k]);
getch();
}
```

Есеп 3. Жиымның максимумын тауып, одан кейінгі элементтерін кемуі бойынша реттеп орналастыру программасы.

```
#include <conio.h>
#include  <stdio.h>
#include  <math.h>
#define     n      10
main()
{ int i, j, t, c;
 int a[n]={6,5,9,8,7,4,1,2,3,0};
 int *pa, max;
 clrscr();
 printf("a[10] элементтері : ");
 for(i=0; i<n; i++)
 printf("    %d    ",a[i]);
 pa=a; max=*pa; t=0;
/* максимумды және оның индексін табу */
for(i=1; i<n; i++)
if((*(pa+i)) > (max))
 {max = *(pa+i); t=i; }
```

```
printf("\nmax = %d оның индексі =
 %d\n",  max,  t);
for(i=t; i<n-1; i++)
/* элементтерді кемуі бойынша */
for(j=i+1;  j<n;  j++)  //  реттеу
if(*(pa+i) < *(pa+j))
{ c=*(pa+i); /* жиымның екі  элементін алмастыру */
 *(pa+i)=*(pa+j);
 *(pa+j)=c;
}
printf("\n  нәтиже  :  ");
for(i=0;      i<n;      i++)
printf("%d   ",   *(pa+i));
getch();
}
```

Зертханалық жұмысты орындауға арналған жеке тапсырмалар:

1. Оң және теріс сандар тізбегіндегі бірінші теріс санға дейінгі орналасқан сандар тізбегінің өсу ретімен орналасатындығын анықтаңдар.
2. N кәсіпорынның бір жылғы электр энергиясын тұтынуы туралы дерек бар. Осы бойынша энергия тұтынудың арифметикалық ортасын және энергияны ең көп үнемдеген кәсіпорынды анықтаңдар.
3. 14 аудан бойынша жанармай қорының мөлшері белгілі. Жанармаймен ең жақсы қамтылған үш ауданды анықтаңдар

ЛАБОРАТОРИЯЛЫҚ ЖҰМЫС № 9

Тақырыбы: Құрылымдар және санаулар

Жұмыстың мақсаты: C++ тілінің құрылымдарын пайдаланып есептер шығаруды үйрену.

Оқу-зертханалық құрылғылар тізімі: Дербес компьютер немесе ноутбук, Windows/Linux/macOS операциялық жүйелерінің бірі, Turbo C++/Dev C++/Visual C++ бағдарламалау орталарының бірі.

Қысқаша теориялық мағлұмат:

Программа жазу кезінде бір типтегі әр түрлі мәндер қабылдай алатын шамаларды анықтау да кездесіп жатады. Ол үшін тізім түріндегі мәліметтер типін – тізбелерді қолданған жөн. Enum түйінді сөзі арқылы жасалған тізбелер программаны оқып түсінуді жеңілдетеді. Тізбелерге кіретін константалар int типінде болады. Келісім бойынша бірінші константа 0-ге

тең, келесісі – 1-ге, сонан соң – 2-ге, т.с.с. бола береді. Бір тізбедегі барлық константалардың аттары әр түрлі болуы тиіс. Тізбенің жазылу форматы:

enum [тип_аты] {константалар_тізімі};

Тип аты программада осы типтегі айнымалыларды анықтау керек болған жағдайда беріледі. Компилятор осындай айнымалылардың константалар тізіміндегі мәндерді ғана қабылдауын қамтамасыз етеді. Константалар бүтін санды типте болуы тиіс және олар алғашқы мәндерді кәдімгідей түрде қабылдауы (инициалдануы) керек. Инициалдану болмаса, бірінші константа нөл болып саналады да, келесісі алдыңғысынан бірге артық мән қабылдайды.

Мысалы:

enum {two = 2,three,four,ten = 10,eleven,fifty = ten + 40};

мұнда three және four константаларына 3 және 4 мәндері, ал eleven константасына – 11 мәні меншіктеледі.

enum color {r,g,b}; // r=0, g=1, b=2

enum color {r=2,g=4,b=6}; // типті жариялау және инициалдау

enum color {r,g=3,b}; // r=0, g=3, b=4

Құрылымдар

С тіліндегі жиымдар бір типтегі мәліметтерді сақтайтын болса, құрылымдар өзара логикалық байланысқан әртүрлі типті мәліметтерді байланыстырады.

Мысалы, бір жиымда 50 қызметкердің жалақысын сақтай аламыз. Егер солармен байланыстыра отырып, қызметкерлердің аты-жөнін, жасын, реттік (табельдік) нөмірін сақтайтын болсақ, мынадай мәліметтер типтерін жазуға тура келеді:

char name; // фамилиясы

int age; // жасы

float salary; // жалақысы

unsigned employee_number; // реттік нөмірі

Мұндайда байланысқан әртүрлі мәліметтерді бір атаумен сақтау мүмкіндігін беретін құрылымды пайдаланады. Мысалы:

struct Employee {

char name[64]; // фамилиясы

int age; // жасы

float salary; // жалақысы

unsigned employee_number; // реттік нөмірі

};

Бұл құрылымның аты Employee идентификаторы болып табылады. Оны құрылымның тәгі деп, ал оның ішкі элементтерін құрылым өрістері деп те атайды. Әрістер кез келген типте немесе соларға нұсқауыш түріндегі құрылымның адресі арқылы қатынасу амалы ретінде де бола береді.:

Жұмысты орындау реті

Есеп 1. Айдың нөмері бойынша оның атын шығаратын программа.

```
#include <stdio.h>
enum Months { /* айлар */
January = 1, February, March, April, May, June, July,
August, September, October, November, December } months;
/* мұнда тізбе түрінде 1-ден 12-ге дейінгі сан тізбегі
алынған, өйткені January айнымалысына 1 меншіктелген */
void main ()
{int present_month;
int diff;
/* үстіміздегі ай нөмірін (1 ... 12) енгізу */
printf ("Input the present month number (1-12): ");
scanf ("%d",&present_month);
months = December;
diff = (int) months - presentjnonth;
/* жыл соңына дейін ... ай қалды */
printf ("There are %d months till the end of the year\n",
diff);
}
```

Есеп 2. new_employee атты құрылым өрістерін пайдалану программасы.

```
#include <iostream.h>
struct Employee {
char name[64];
int age;
float salary;
unsigned employee_number;
} new_employee = {"Kadyrov", 32, 300.5, 1122};

void main()
{
cout << new_employee.name << endl <<
new_employee.age << endl <<
new_employee.salary << endl <<
new_employee.employee_number << endl;
}
```

Есеп 3. Қайық атын, шыққан жылын және бағасын құрылым түрінде жазу программасы.

```
/* struct_2
Құрылым жасау мысалы */
```

```
#include <stdio.h>
# define STR15 16 /* аяқтау нөлі үшін бір символ қосу */
struct stboat // Қайық құрылымы
{ char model[STR15]; // моделі
int year; // шығарылған жылы
float price; // бағасы
} boat; // қайық
void main()
{ /* қайық моделін енгізу */
printf("\n Input a model of the boat: ");
gets(boat.model);
/* шығарылған жылын енгізу */
printf("\n Input the year of the creation of the boat:
"); scanf("%d",&boat.year);
/* бағасын енгізу */
printf("\n Input the price of the boat: ");
scanf("%f",&boat.price);
/* барлық енгізілген мәліметтерді шығару */
printf("\n\nThe boat %s, the year of the creation %d\n",
boat.model, boat.year);
printf("The boat was sold for %8.2f tenge.\n",
boat.price);
}
```

Зертханалық жұмысты орындауға арналған жеке тапсырмалар:

1. Әліпби бойынша реттелген студенттердің тізімін шығару керек
2. Оқу озаттарының анкеталық мәліметтерін шығару қажет.
3. Тегі В және Г әрпінен басталатын студенттердің тізімін және олардың бағаларын шығаратын программа құру керек.
4. Сессияны «үштік» баға алмай, емтихан тапсырған студенттердің тізімін және олардың туған жылдарын шығару керек.
5. Барлық студенттердің жалпы орта балын және осы орта балдан жоғары балл жинаған студенттердің тізімі көрсетілуі тиіс.
6. Информатика пәнін 5-ке тапсырған студенттердің анкеталық мәліметтерін экранға шығару қажет.

ЛАБОРАТОРИЯЛЫҚ ЖҰМЫС № 10

Тақырыбы: Файлдар және олардың түрлері

Жұмыстың мақсаты: C++ тілінде мәтіндік, типтелген және типтелмеген файлдармен жұмыс жасау дағдыларын алу.

Оқу-зертханалық құрылғылар тізімі: Дербес компьютер немесе ноутбук, Windows/Linux/macOS операциялық жүйелерінің бірі, Turbo C++/Dev C++/Visual C++ бағдарламалау орталарының бірі.

Қысқаша теориялық мағлұмат:

Файл – сыртқы есте сақтау құрылғыларында (магниттік дискілерде) орналастырылған және мәлімет өңдеу, тасымалдау кездерінде біртұтас күйде қарастырылатын мәліметтер жиыны.

Файлдармен жұмыс істеу үшін оларды, алдымен, ашу керек, яғни файл туралы мәліметті – атын, адресін программаға белгілі ету қажет.

С тілінде файл ашу fopen() функциясы арқылы орындалады. Ол сыртқы құрылғыдағы физикалық файлды, мысалы, A:\NUR.DAT, программадағы оның логикалық атымен байланыстырады. Логикалық ат дегеніміз – файлға нұсқауыш, яғни файл туралы мәлімет сақталатын жады аймағына сілтеме жасау.

Файлға нұсқауыш сипатталуы тиіс.

Сонымен, файлдармен жұмыс істегенде нұсқауыштар қолданылады. Файлға нұсқауыш мынадай түрде сипатталады:

FILE *fp;

мұндағы FILE типі – <stdio.h> тақырыптық файлында анықталған құрылым. Бұл нұсқауышты көрсетілген файлмен сол файл ашылғаннан бастап, байланыстырып қоюға болады. Ол үшін келесі функция пайдаланылады:

fopen ("файл адресі/аты","қатынасу типі");

ол файлға нұсқауыш мәнін қайтарады немесе қате болса, NULL мәнін береді.

Мысалы, мынадай оператор орындалуы нәтижесінде

fp = fopen ("ex1.txt", "w");

жұмыс бумасындағы ex1.txt файлы оған мәлімет жазу (write) үшін ашылады, ал программада бұл файлды fp нұсқауышы арқылы пайдаланамыз (яғни fopen() функциясы файлдың сыртқы атын оның программада қолданылатын ішкі логикалық атымен байланыстырады).

Сонымен, файлды ашатын fopen() функциясының жалпы жазылуы:

fp = fopen(name, mode)

мұнда fp – файлға сілтейтін нұсқауыш; name – файлдың адресін де көрсетуге болатын аты, көбінесе символдық тіркес арқылы жазылады; mode – файл қандай режимде қолданылатынын көрсететін параметр, бұл да символдар тіркесімен төмендегідей түрде жазылады:

"r" – файлды оқу үшін ашу (файл бұрын ашылған болуы тиіс);

"w" – бос файлды информация жазу үшін ашу;

"a" – файл соңына мәлімет қосып жазу үшін оны ашу;

"r+"– файлдан информация оқу және оған информация жазу үшін ашу);

"w+"– бос файлдан информация оқу және оған мәлімет жазу үшін файл ашу (бұрын файл болса, ол өшіріледі);

"a+"– файлдан информация оқу және оның соңына информация қосып жазу үшін ашу).

"t" – файл мәтіндік (текстік) режимде ашылады, ол rt, wt, at, т.с.с. болып көрсетіле береді.

"b" – файл екілік режимде ашылады, rb, wb, ab, т.с.с. болып көрсетіле береді.

Келісім бойынша файл көбінесе мәтіндік режимде ашылады.

Файлмен жұмыс істеп болған соң, оны жабу үшін келесі функция қолданылады:

fclose (файл_нұсқауышы).

Файлға мәлімет жазу/оқу үшін жалпы енгізу/шығару функциялары тәріздес бірсыпыра функциялар пайдаланылады:

fprintf(), fscanf(), fputs(), fgets(), getc(), putc(), fgetc(), fputc().

Бұлардың ішіндегі getc()/fgetc(), putc()/fputc() функциялары әрекеттері ұқсас, айырмашылықтары тек getc() пен putc() макроанықтаулар да, ал fgetc() және fputc() – нағыз функциялар болып табылады.

Барлық файлдық функциялар прототиптері <stdio.h> файлында орналасқан.

Файлдардан мәлімет жазу/оқу әрекеттерін үш топқа бөлуге болады:

- символдарды енгізу/шығару операциялары;
- сөз тіркестері жолдарын енгізу/шығару операциялары;
- блок бойынша енгізу/шығару операциялары.

Символдарды енгізу/шығару операцияларында файлдан бір ғана символ оқылады немесе оған бір символ жазылады. Мысалы:

fgetc(FILE *fp); ашылған файлдан символ оқиды.

fputc(int ch,FILE *fp); ch символы кодын файлға жазады.

Сөз тіркестері жолдарын енгізу/шығару операцияларында бір мәлімет алмасуы кезінде файлдан сөз тіркесі жолдары оқылады немесе оған сөз тіркесі жазылады. Мысалы:

gets(char *S); файлдан мәлімет байттарын '\n' символы кездескенше біртіндеп оқиды да, оларды S тіркесіне орналастырып, '\n' символын _\0‘ (нөлтерминатор) белгісіне айналдырады.

fgets(char *S,int m,FILE *fp); fp түрінде сипатталған файлдан байттарды оқып, оларды '\n' символы кездескенше немесе m байт оқылып біткенше S тіркесі мәні ретінде жазып шығады.

Блок бойынша енгізу/шығару операцияларында мәліметтер алмасу олардың бір блогын толық қамтиды. Мысалы:

fread (void *ptv, int size, int n, FILE *fp);

мұнда fp файлынан әрқайсысы size байттан тұратын мәліметтің n блогы ptv нұсқауышы көрсетіп тұрған жады аймағына оқылады (оқылатын блок үшін алдын ала орын дайындап қою қажет).

fwrite (void *ptv, int size, int n, FILE *fp);

мұнда ptv нұсқауышы көрсетіп тұрған жады аймағында орналасқан әрқайсысы size байттан тұратын мәліметтің n блогы ашық тұрған fp файлына жазылады.

Жұмысты орындау реті

Есеп 1. Бүтін сандар тізбегін (n=5) пернелерден енгізіп, оларды файлға жазу программасы.

```
// файл ашып, оған 5 сан жазу
#include  <stdio.h>
#include <conio.h>
main()
{ int k,i,n=5;
 char fname[]="a:\\num.txt\0";
 clrscr();
 FILE                *fp;
 fp=fopen(fname,"w");
 printf("Енгізілген сандар %s файлына жазылады\n",fname);
 puts("Әр сан енгізілген соң, Enter басыңыз\n");
 for(i=0; i<n;i++)
 {scanf("%i",&k);
 fprintf(fp,"%d ",k);
 }
 fclose(fp);
 printf("Енгізілген сандар %s файлына жазылды\n", fname);
 getch();
}
```

Есеп 2. Бес бүтін санды n=5 бұрыннан бар file1.txt файлына жазып, сонан соң ондағы мәліметті оқып тексеретін программа.

```
/* файлға мәліметтер қосу */
#include  <math.h>
#include  <stdio.h>
#include <conio.h>
main()
{ int i, k=0, s=0, n=5, y, x;
 char   fname[]="file1.txt";
 clrscr();
 FILE                    *fp;
 fp=fopen("file1.txt", "at");
 if ((fp=fopen(fname,"at")) == NULL)
 { printf("\nФайлды ашуда қате болды");
getch();
 return(0);
 }
```

```
puts("Enter арқылы бөліп, 5 сан енгізіңіз:");
for(i=1; i<=n;i++)
{scanf("%i", &x);
fprintf(fp,"%d ", x);}
fclose(fp);
getch();
}
```

Зертханалық жұмысты орындауға арналған жеке тапсырмалар:

1. Файлдан сандар оқып, солардың ішіндегі теріс сандар қанша екенін анықтайтын программа құру керек.
2. Файлдан сөз тіркесін оқып, солардың ішіндегі 6 символдан артық сөздерді экранға шығарып, басқа файлға жазып шығыңдар.
3. Файлдан сандар оқып, солардың арифметикалық ортасын файл соңына қосып жазу керек.
4. Файлдан сөз тіркесін оқып, солардың керісінше жазылған нұсқасын басқа бір файлға жазып шығыңдар.
5. Файлдан сандар оқып, солардың максимумын анықтайтын программа құру керек.
6. Файлдан сөз тіркесін оқып, солардың ішіндегі бос орын орнына сызықша жазып оны басқа бір файлға жазып шығу керек.

ТЕСТ СҰРАҚТАР

«с/с++ жоғарғы деңгейлі тілде программалау» **пәнінен алынған білімін пысықтауға арналған тест сұрақтары.**

(барлық сұрақтардың А жауабы дұрыс)

1. Командалар орындалуының шешімін көрсет
int a,b;
a=4;
b=7;
m=(a>b) ?a:b; ?
А) m=7;
Б) m=4;
В) m=11;
Г) m=3;
Д) m=22;

2. Оператор орындалуының шешімі қандай
int x,y;
y=-4;
x=(y<0) ?-y:y; ?
А) x=4;
Б) x=-4;
В) x=0;
Г) x=8;
Д) x=-8;

3. Оператор орындалуының шешімі қандай
char ch;
for (ch='a'; ch<='z'; ch++) ;
printf("значение для %c равна %d. \n", ch,ch) ; ?
А) ASCII коды ұзындығын беру;
Б) арифметикалық прогрессияны есептеу
В) геометриялық прогрессияны есептеу
Г) алфавиттегі символ орнының номерін беру
Д) подключение математических понятий E и PI

4. Оператор орындалуының шешімі қандай
#define PI 3.14159 #define E 2.711828?
А) процессор бағдарламадағы барлық PI жәнеЕаттарын сәйкес сандық тұрақтыға ауыстырады

Б) E және PI мәндерінің анықтау
В) компиляторға көрсеткіш жазу
Г) ASCII кодының ұзындығын береді
Д) математикалық түсініктерін қосады

5. С тілінде орындалуының шешімі қандай
num=-256;
printf ("это число %x",num) ?
А) 100
Б) 256
В) 400
Г) -100
Д) 200

6. С тілінде орындалуының шешімі қандай
num=-11;
printf ("это число %o",num) ?
А) 13
Б) -11
В) 11
Г) -13
Д) 100

7. С тілінде орындалуының шешімі қандай
num=-11;
printf ("это число %u",num) ?
А) 11
Б) 1011
В) 1001
Г) 13
Д) 2

8. Формалды аргумент – дегеніміз ... :
А) шақырылған бағдарламадағы айнымалы
Б) шақырылған бағдарламадағы осы айнымалыға жүктелген нақты мән
В) функция жақшаларында жащылатын қатар
Г) процедура жақшаларында жазылатын қатар
Д) кейінгі шарт циклы

9. Фактілік аргумент дегеніміз... :
А) шақырылған бағдарламадағы осы айнымалыға жүктелген нақты мән
Б) шақырылған бағдарламадағы айнымалы
В) функция жақшаларында жащылатын қатар

Г) процедура жақшаларында жазылатын қатар

Д) кейінгі шарт циклы

10. #include <stdio.h> операторы... :

А) енгізу шығару кітапханасындағы функциялардың жұмыс істеуіне керекті макроанықтаулар мен берілгендер жарияланған файлды қосу

Б) бағдарламаға макроанықтауыштар береді

В) константалар ғана емес толық бағдарламалық конструкцияларды қайта анықтау

• Ознакомление студентов с будущими результатами занятия и объяснение практического значения учебного материала;

• Дифференциация учебного материала для свободного выбора студентами заданий, исходя из их способностей (при сохранении обязательного минимума). Состав групп рекомендуется периодически менять.

• Планирование работы в группах;

• Индивидуальное выполнение задания студентами;

• Выполнение практических и творческих заданий с применением игровых и групповых форм работы, с использованием активных методов обучения и средств ИКТ;

• Анализ полученных результатов, формулировка выводов, обратная связь;

• Взаимоанализ и самооценка результатов деятельности студента на занятии, в соответствии с заранее разработанными критериями оценивания.

НОВЫЕ ТЕХНОЛОГИИ В ОБУЧЕНИИ АНГЛИЙСКОМУ ЯЗЫКУ

Преподаватель. Каныбекова ЭльвираАбаевна
«Индустриально- технический колледж»
(г.Шымкент,Казахстан)

Аннотация

В данной статье автор освещает вопросы новыхтехнологии в обучении английскому языку. Методики использования критериального оценивания на разных этапах обучения.Применение на уроке различных профессиональных методов преподавания. Автор предоставляет новейшие технологий обучения английскому языку для студентов колледжа. Эта технология делает упор на самостоятельное изучение части языковых явлений с широким использованием видео, интернет, мобильных ресурсов и платформ.

Ключевые слова:онлайн-ресурсы,сайты, методы, мобильное обучение, технологий, платформы.

NEW TECHNOLOGIES IN LEARNING ENGLISH LANGUAGE

Teacher.Kanybekova Elvira Abaevna
«Industrial –technical college»
(Shymkent, Kazakhstan)

Abstract

In this article the author highlights the issues of new technologies in teaching english. Methods of using criteria-based assessment at different stages of education. Application of various professional teaching methods in the classroom.The author provides the latest technology in college students. This technology focuses on self –study of part of the language phenomena with the widespread use of video,the internet ,mobile resources and platforms.

Key words:online resources, sites, methods, mobile learning, technologies, platforms.

Изменение технологий и развитие подходов к изучению иностранных языков в новом тысячелетии было, несомненно, следствием появления новых цифровых технологий и других инновационных продуктов.

Какие перемены произошли в преподавании английского языка, одного из самых востребованных языков в мире? Что стало с уже традиционной моделью коммуникативного метода преподавания иностранного языка?

На сегодняшний день современный учитель как и современный урок должен быть эффективен, интерактивен и компетентностно- ориентирован. Как показывает практика, наиболее продуктивными технологиями в последние годы являются информационно-коммуникационная, проектная, исследовательская деятельность студентов , технология разноуровневого обучения, дифференцированного изучения , технология обучения на уроке.

Они позволяют

- активизировать роль студентов на уроках (student-centeredlessons);
- осуществлять индивидуальный подход к студентам (метод подбирается под студента , а не наоборот);
- использовать онлайн ресурсы, сайты в обучении (учебные видеоролики, фильмы, упражнения, тесты, образовательные онлайн платформы);

• применять игровые задания и упражнения (edutainment);

• использовать нетворкинг для практики устной и письменной речи (социальные сети, онлайн тренажеры, платформы для общения, языковой обмен в виде видеоконференций);

• внедрить творческие задания с использованием технологий (квизы, коллажи, квесты, запись аудио- и видео-монологов);

Хотя коммуникативный подход и является действенным и дает отличные результаты, появились его более современные модификации, новые подходы в методике обучения и изучения английского языка. Здесь представлены наиболее популярные из них:

Task-based Approach.Task- based learning.

Этот подход появился в конце 80-х, но популярность набрал в середине 2000-х. Теоретические основы заложили: PeterSkehan, RodEllis, JaneWillis и другие.

TBL является ответвлением коммуникативного метода, в котором студенты выполняют аутентичные задания; используют различные материалы и упражнения , по которым студенты выполняют в повседневной жизни. Технология TBL делает основной акцент на умения и компетенции. И важным является вопрос, не только чему мы учим, а и почему учим именно так.

Самое главное — решить поставленную задачу (взять любую вещь напрокат, провести собеседование), используя различные языковые структуры, которые есть в обиходе обучающегося. Выполнение задания включает следующие ступени : постановка проблемы – планирование деятельности – выполнение и рефлексия (получилось или же не получилось). Студенты обязательно рассказывают о том, как выполняли самостоятельное задание и каких результатов достигли. Например, делают презентацию для всей группы — это является одним из отличий от традиционного метода. Глобальное распространение информации и возможность использовать нетворкинг для практики устной и письменной речи переводит студентов в инновационную среду: социальные сети, платформы для общения, языковой обмен онлайн. Новейшие технологии позволяют внедрить больше творческих заданий с использованием технологий (веб- коллажи,проекты, веб-квесты, запись аудио- и видео-монологов). Обязательным для этого подхода является выбор в пользу аутентичных материалов для обсуждения, прочтения и просмотра.

CLIL (ContentandLanguageIntegratedLearning) –«интегрированныйконтентно-языковойподход».Метод CLILизвестен 1994 г., но популярность набрал с середины 2000-го. Термин придумал DavidMarsh. Базовые принципы достаточно просты, но осуществление зависит от многих других факторов. Основной принцип – это изучение других предметов посредством английского языка, т.е. изучаем не только язык, но и предмет. Приобретаем предметные знания и изучаем язык. Контент должен быть доступным для понимания и сопровождаться визуальными опорами: (иллюстрациями, графиками, диаграммами, видео). Все виды речевой деятельности интегрируются, но язык не адаптируется в зависимости от уровня. Трудности и пробелы языка преодолеваются за счет формирования языковой интуиции и догадки. Основной недостаток заключается в том, что не хватает аутентичных материалов и квалифицированных преподавателей.Надо сказать, что такая технология использовалась и в советской языковой школе, где существовала программа среднего политехнического образования в школах с преподаванием ряда предметов на английском языке. Такое образование было, на мой взгляд, действительно всеобъемлющим хоть, к сожалению, мало распространенным и довольно дорогостоящим.

Project-basedApproach- «технология проектного обучения».

Этот подход к обучению соответствует конкретным запросам и задачам для студентов,

подбирая языковые формы и структуры необходимые для развития определенных умений и компетенций для обучения или работы по профессии. Основной принцип обучения – выбор одной глобальной или важной темы, над которой работает группа или пара, или целый класс. Результатом такой работы может быть постановка спектакля или

исследовательская работа по Истории модальных глаголов. Под выполнение этой глобальной задачи учитель подстраивает набор лексико-грамматических структур и выбор форм для представления результата обучения.

Flippedclassroom- «перевернутый класс».

JonathanBergman и AaronSams считаются основателями этой технологии обучения. Этот тренд стали использовать в преподавании английского языка в середине 2000-х годов. Эта технология делает упор на самостоятельное изучение части языковых явлений с широким использованием видео, интернет, мобильных ресурсов и платформ.Задание даётся студентам на проработку до урока (например, по видео лекциям по грамматике), на самом занятии время не тратится на разбор теории, всё внимание уделяется обсуждению трудностей и продуктивной практике. Студенты занимаются в удобном для них темпе и приходят на урок подготовленными. Благодаря самостоятельной работе и видео опорам, учителя успевают охватывать больше материала.

К сожалению, этот подход годится только для мотивированных студентов, у которых уровень выше среднего.Однако и эти методы и технологии, предлагаемые современной методикой и учителями, уже не могут соответствовать требованиям нового поколения учащихся. Новые технологии в IT секторе и цифровых инновациях привели к появлению новейших подходов к преподаванию английского языка. На основании выводов международной ассоциации преподавателей английского языка в 2018 году было выделено топ-7 технологийв обучении иностранному языку.

Возглавляет этот список, так называемая, технология **«**смешанного обучения**».**

Blendedlearning.

Эта технология удачно объединяет традиционные формы обучения с цифровыми медиа ресурсами при подборе современного тематического материала интересного для молодого поколения. Обучение «лицом к лицу» в стенах школы обогащается практической онлайн активностью: переписка с преподавателем в формате электронного письма, совместное обсуждение в сети и т.д. LindsayClandfieldand Jill Ladfield’s InteractionOnline является примером творческого взаимодействия студента и преподавателя.

Mobilelearning-«мобильное обучение».

Эта технология завоевывает все большую популярность с наличием и доступностью различных мобильных приложений или же онлайн приложений доступных на смарт или мобильных телефонах нового поколения. Особенно полезны такие приложения для изучения лексики и их сочетаемости. Такие приложения структурированы в виде языковых игр, в которые можно «играть» вдвоем или втроем. В них встроены функции повтора и закрепления новых слов и выражений. (Например: Wordable (PlaylingoLtd. withCambridgeUniversityPress). EssentialEnglish(OxfordUniversityPress)- приложение, использующее мобильную технологию, предоставляет свободный доступ для преподавателей и для студентов к планам уроков и внеклассных мероприятий, справочникам-разговорникам, а также игровым технологиям. TriProEnglishWebsiteandMobileApps предоставляет бесплатную возможность развить и улучшить навыки аудирования (по-уровнево) и закрепить успех, выполняя различные задания на проверку понимания материала.

Creatingandsharingcontent-«достаточно близко к мобильной технологии примыкает технология «обмена контентом».

На сегодняшний день всемирная сеть предлагает обучающий контент на любой вкус и уровень на современного студента, привлекая возможность создавать свой контент и делиться им с другими. А еще получать за это знаки одобрения. Уже созданы специальные программы и приложения, такие как Quizizz и Socrative, которые позволяют студентам и преподавателям создавать свои игры и играть в них в сети со сверстниками со всего мира. Сайты эти очень креативны и создают творческую атмосферу для изучения языка. Наиболее

интересными заданиями подростки считают создание постеров, баннеров и мемов, что требует хорошей компьютерной подготовки и умения работать с аутентичной информацией. Эта технология очень широко использует приемы создания своих видеофильмов или озвучивания уже готовых роликов с интересным контентом.

Gamification-«игровые мобильные технологии».

Технология основана на двух принципах: новые цифровые возможности + интерактивная среда. Приложение LearnMatch использует принцип спортивной тренировки, соревнования или кубка для развития фонетической и лексической стороны речи. На более высоком уровне , студенты погружаются в приключенческую среду, где необходимо проявить умения сотрудничать, договариваться или влиться в команду, чтобы вернуться с незнакомой планеты домой. Ситуации в такой игре меняются в зависимости от поведения играющих и заставляют их проявлять разные языковые умения.(LearnLanguagewithRubyRei)

Embodiedlearning - «актуализированное обучение».

Основной идеей этой технологии является не запоминание набора, фактов, правил, клише, а эмоциональное, интеллектуальное, физическое и социальное вовлечение в процесс обучения. Сотрудничество, дискуссия и исследования являются основным видом деятельности обучающихся. Один из главных приемов – кинетическое движение и активное взаимодействие не только с помощью английского языка, но и с помощью рисунков, моделей, музыки. Студенты чаще всего помещаются в виртуальный мир с разной поликультурной средой.

Teachingsoftskillsandcriticalthinkingskills - «технологии гибких навыков и критического мышления».

Современный английский уже давно взял на себя роль всемирного «лингвафранка». Многие изучают его, чтобы полноценно общаться в мире бизнеса, торговли, образования и туризма. Для того, чтобы наши студенты могли стать хорошими собеседниками и переговорщиками, учителям, наверное, необходимо выйти за рамки обучения грамматике, лексике и произношению, и научить их эффективно общаться в международной бизнес среде. Ричмонд Бизнес Теория является основой для онлайн ресурсов, которые помогают преподавателям и студентам формировать «гибкие или надпрофессиональные» навыки такие как умение принимать решения, создавать презентации и эффективно решать проблемы. Так называемые “interpersonalskills”очень важны и во время обучения в колледже или университете.

Технология критического мышления в изучении английского языка имеет своюспецифику. Она объединяет несколько методов и подходов и использует новейшие достижения цифровых технологий. Основной принцип заключается в том, что внедрять эту техно-логию необходимо как можно раньше, предлагая детям уже с раннего возраста оценивать полученную информацию и высказывать собственное мнение по разным вопросам. Критическое мышление дает в руки инструмент, а как его употребить решает сам пользователь.

Digitalplatforms-«цифровые платформы».

Когда мы говорим об инновациях, мы, несомненно, думаем об Интернете и тех возможностях, которые он предоставляет изучающим английский язык. Очень многие онлайн ресурсы, такие как Фейсбук и т.д. обеспечивают студентов, учителей и их родителей безопасной средой для общения. Незаменимыми при современном объеме информации стали облачные ресурсы i-Cloud и учебные платформы типа «Антитренинг» и т.д. Все платформы дают возможность выбора готовых курсов обучения, отдельных тем или уроков. Это не только среда общения, но и возможность создавать свои интересные сайты, веб- странички, языковые сценарии как для учителей, так и для студентов. К сожалению отдельных платформ, для изучения языка английского языка пока в нашей стране мало. Это в основном,

платформы с тестовыми заданиями, но есть неплохой выбор аутентичных международных платформ. По международному рейтингу одни из лучших:

ABA Englishforalllevels 4+;

Alison – платформа с начальной ступенью обучения с 0;

GeniusEnglish – разговорный английский за 20 уроков по методу Эббингауза;

Udemy – с приложением для Андроид, для профессионально ориентированных.

В заключении хотелось бы отметить, что выбор технологии зависит от цели обучения, сроков, интересов обучающихся и конечно от возможностей преподавателя. Несомненно одно- «обучение похоже на работу плотника: выбор правильного инструмента делает работу легче, а неправильного тяжелее» (Дэвид Гриффит).

Список использованных материалов:

Аванесян, Ж.Г. Английский язык.Учебное пособие для студентов Ж.Г. Аванесян; Редактор Л.Н. Волкова. - М.: Омега-Л, 2016

Агабекян, И.П. Английский язык / И.П. Агабекян. - Рн/Д: Феникс, 2017.

Агабекян, И.П. Английский язык для бакалавров / И.П. Агабекян. - Рн/Д: Феникс, 2016.

Агабекян, И.П. Английскийязыкдлябакалавров = A-Course of English for Bachelor's Degree Students. Intermediate level / И.П. Агабекян. - Рн/Д: Феникс, 2017.

Агабекян, И.П. Английскийязык :Учебноепособиедлябакалавров / И.П. Агабекян, П.И. Коваленко. - Рн/Д: Феникс, 2016.

Агабекян, И.П. Английскийязык :Учебноепособие / И.П. Агабекян. - М.: Проспект, 2016.

Агабекян, И.П. Английский язык для студентов / И.П. Агабекян. - Рн/Д: Феникс, 2017.

Агабекян, И.П. Английский язык: Учебное пособие для бакалавров / И.П. Агабекян. - М.: Дашков и К, Наука Спектр, 2018.

Алонцева, Н.В. Английский язык = EnglishforManagers : Учебник для студентов учреждений высшего профессионального образования / Н.В. Алонцева, Ю.А. Ермошин. - М.: ИЦ Академия, 2018.

Андреева, Л.Л. Английский язык.Учебник / Л.Л. Андреева, Н.Д. Гребенникова, Н.В. Млодзинская, Г.С. Пшегусова. - М.: Дашков и К, Академцентр, 2016.

Арнольд, И.В. Стилистика. Современный английский язык: Учебник для вузов / И.В. Арнольд; Науч. ред. П.Е. Бухаркин. - М.: Флинта, Наука, 2018.

Баранова, К.М. Английский язык: К.М. Баранова, Д. Дули, В.В. Копылова. - М.: Просв., 2018.

Березина, О.А. Английский язык для студентов. Упражнения по грамматике: Учебное пособие для студентов учреждений высшего профессионального образования / О.А. Березина, Е.М. Шпилюк. - М.: ИЦ Академия, 2018.

Беседина, Н.А. Английский язык. Профессиональный курс: Учебное пособие / Н.А. Беседина, В.Ю. Белоусов. - СПб.: Лань, 2013.

ДИАЛОГТЫҚ ОҚЫТУ АУЫЗША ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСТЫҢ НЕГІЗГІ ФОРМАЛАРЫНЫҢ БІРІ

Дихамбаева Айнаш Каликановна
Педагогика ғылымдарының магистрі.
Құрылыс-техникалық колледжі
(Астана қ., Қазақстан)

Аннотация

Бұл мақала ағылшын тілін оқытудаауызша қарым-қатынас жасау дағдыларын қалыптастыру, соның ішінде басқа қатысушыны естіп, оның сұрағына дұрыс жауап беріп, өз ақпаратын толық жеткізе білу мәселесін қарастырады. Автор диалогтық оқытуда Н. Мерсердің ұсынған әңгімелесудің үш түрін сабақ барысында қолдану жолдарына тоқталады. Мақалада ауызша қарым-қатынас жасаубілім алушыларды өз бетінше шешім іздеуге итермелеп, оларды ағылшынша ойлау мен сөйлеу қабілеттерінің дамуына және өзін-өзі тәрбиелеуге ықпал ететінін ашып көрсетілді.

Түйінді сөздер:*ағылшын тілі,диалогтық оқыту, білікті тұлға, пікірталас, сапа, дамыту, білім.*

DIALOGICAL LEARNING IS ONE OF THE BASIC FORMS OF ORAL COMMUNICATION

Dikhambayeva Ainash Kalikanovna
Master of Pedagogical Sciences.
Construction and Technical College
(Astana, Kazakhstan)

Annotation

This article is devoted to the formation of oral communication skills in teaching English,including the ability to hear another participant, correctly answer his question and fully convey his own information.In dialogic teaching, the author dwells on the methods of using three types of conversation proposed by N. Mercer during the lesson. The article showed that communication skills encourages students to independently search for solutions, promotes the development of English thinking and speech skills, and self-education.

Keywords:*English,dialogical training, qualified personality, discussion, quality, development, education.*

Бүгінгі таңда ақпараттық технологияның дамуы, әлем халықтарының тілдеріне жаңа терминдер мен ұғымдардың шексіз еніп жатқандығы – жаһандану үдерісінің белсенділігінің артқанын көрсетеді. Осы көшке ілесу үшін ағылшын тіліноқып-үйрену біздің жастарымызға шексіз мүмкіндіктер ашады.Себебі кез келген тіл – мәдениеттің кілті, ұлт бірлігінің жалпы тетігі, ұлттың қоғамдық құрылым ретінде өмір сүруінің басты құралы. Ал ағылшын тілінің – әлемдік бизнестің тілі болғандықтан оны үйретуде оқытушылардың алдында білім алушыларды «білікті тұлға» ретінде қалыптастыру мақсаты тұр. Осыған орай бүгінгі таңда еліміздің білім беру жүйесі жаңа идеяларға негізделген. Бұл идеялар өсіп келе жатқан тұлғаны жан-жақты дамытуға, инновациялық білімді игеруге, өзгерістер енгізуге, жаңа педагогикалық идеялар мен жаңалықтарды жүзеге асыруға бағытталған.

Біліктілікті арттыру жүйесінде оқытушыныңәрекеті білім алушылардың қажетті білімнің мәнін түсінуге, білім алу барысында өз бетінше әрекетке баулуға және жеке өмір

тәжірибесін жетілдіру мақсаттарына байланысты қалыптасады. Заманауи оқытушының функционалдық сауаттылығын кәсіби шеберлікпен ұштастыру үшін нәтижеге бағытталған білім беру моделінде жалпы және кәсіптік білімге деген қажеттілікті дамыту арқылы студенттердің жалпы мәдениеті мен әлеуметтік белсенділігін дамытуға бағытталған танымдық әрекеттерге ынталандырулары қажет. Осы міндеттерді жүзеге асыру үшін әрбір оқытушы күн сайын ізденіс арқылы сабаққа тыңжаңалықтар мен өзгерістерді енгізіп, заманауи білім беру саласында оқытудың озық технологияларын меңгерген жан-жақты сауатты маманға айналуы қажет.

Халықаралық іскерлік байланыстардың дамуымен, жаңа шетелдік технологиялардың дамуымен және шетелдік мамандармен кәсіби ынтымақтастықтың кеңеюімен шет тілдерін білетін мамандарға деген қажеттілік артуына байланысты білікті тұлғаны қалыптастыруда ағылшын тілінің алатын орны орасан зор. Шетел тілін үйренудің басты мақсаты – қарым-қатынас жасауды үйрену, соның ішінде басқа қатысушыны естіп, оның сұрағына дұрыс жауап беріп, өз ақпаратын толық жеткізе білу. Сондықтан шетел тілдерін оқытудағы негізгі және жетекші мақсат – сөйлеу қарым-қатынасын қалыптастыру. Бұл қарым-қатынастың негізгі формаларының бірі – диалогтық сөйлеу. Оқытылатын шетел тілінде диалогтық сөйлеуді дамыту – қазіргі педагогика ғылымының өзекті мәселелерінің бірі.

Диалог дегеніміз – екі немесе одан да көп адамдар арасында тікелей пікір алмасу болатын сөйлеу формасы. Диалог құрастыру үшін мұндағы әрбір сөз бен сөз тіркестерінің мағыналарын білу қажет. Ол үшін білім алушының сөздік қоры мол болып, ағылшын грамматикасын меңгеруі қажет. Сондықтан оқытушы тілді үйретуде фонетикалық, лексикалық, грамматикалық материалдарды түсіндіре отыра сабақты жүйелі түрде ұйымдастыра алуы керек. Мәтіндегі жаңа терминдердің мағынасын есте сақтап оны ауызша сөйлеуде қолдана алу үшін:

- Match the words in bold in the article to their synonyms/antonyms.
- Replace the words/phrases in bold using words from the box in their correct form.
- Use the phrases to make sentences based on the text.

Бұл жұмыс түрлері жаңа сөздерді есте сақтап, сөйлемде орнымен қолдана білуге үйретеді. Сонымен қатар жаңа сөздерді қолдана отырып тақырыпқа байланысты пікірталастыру, диалог құру, эссе жазуға ықпал етеді.

Егер оқытушы оқулықтағы тапсырмалармен ғана шектелсе білім алушылардың білім деңгейі шектеулі болады және өз беттерінше ізденуге ынталанбайды. Студенттердің пәнге қызығушылығын арттыру үшін оларды шығармашылықпен жұмыс істеуге баулу керек.

Н. Мерсер қарым-қатынас мәдени-тарихи факторлар мен ойлау, оқу мен даму арқылы қалыптасады, ал адам өмірінің ішкі әлеуметтік және коммуникативтік табиғатын ескермей түсіну м.мкін емес екендігін атап айтады. Ол әлеуметтік-мәдени көзқарас білім берудегі сәттілік пен сәтсіздікті жеке студенттердің қабілетімен немесе олардың оқытушыларының шеберлігімен ғана емес, білім беру диалогының сапасымен түсіндіруге болатынына назар аударады.

Н. Мерсер оқытушылардың тілді үйретуде қолданатын әңгімелесудің үш түрін атап өткен:

1. Әрбір білім алушының басқа адамның айтқанын қабылдайтын және айтқанымен келісетін кумулятивті әңгіме;
2. Әр қатысушы өз ақпаратын ұсынатын зерттеушілік әңгімесі. Мұнда әр қатысушының идеясы тиімді деп бағаланып, бірақ мұқият қарастырылады. Топ мүшелері үйлесімділікке қол жеткізуге тырысады;
3. Әңгіме-пікірталас, мұнда әркімнің пікірінің алшақтығы бар және әркім өз шешімінде қалады.

Ағылшын тілі сабағында “Virtual reality” тақырыбын бекітуде білім алушылардың танымдық қабілеттерін дамыту, ақпарат көздерімен жұмыс істеу және өз бетінше алынған нәтижелердің маңыздылығын түсіну мақсатында әңгіменің үш түрі де қолданылды.

Жаңа тапқырыпты түсіндіру барысында білім алушылардың тақырып бойынша білімдерін анықтау мақсатында «оқытушы-студент» желісі бойынша кумулятивті әңгіме жүргізілді. Фактілерді анықтауға және нақтылауға бағытталған сұрақтар қоюдан басталды.

Мысалы:

- What do you know about VR?
- Why do we use it for?

Тақырып туралы жалпы мәлімет алынған соң топта жайлы атмосфера қалыптастыру мақсатында «студент-студент» желісі бойынша әңгімені дамыту жоспарланды.Сұрақ қою және әңгімелесу дағдыларын қалыптастыру үшін мысал келтіру әдісі үлкен маңызға ие. Студенттер сұрақтарын оқытушы қоятын сұрақтарға негіздейді. Сондықтан диалогтық оқытуда ағылшын тілінің сұраулы сөйлемдерінің барлық түрлерін қолданып студенттердің диалог жүргізуде сұраулы сөйлемдердің құрылысын дұрыс қолдана отырып сөйлеуінқадағалау керек.«Ашық» және «жабық» сұрақтарды қою студенттердің сыни тұрғыдан ойлауын дамытады.

- Do you have any apps?
- What do you use mobile apps for?
- What other apps do you know?
- How useful are they? деген сұрақтар қойылды.

Зерттеушілік әңгімесі білім алушылардың танымдық қабілетін дамыту, ақпарат көздерімен жұмыс істеу және өз бетінше алынған нәтижелердің маңыздылығын түсіну мақсатында қолданылды. Әңгіменің бұл түрі ұсынылған мәтіндегі ақпаратты талқылау кезінде өтті.

Мысалы тақырыпты күнделікті өмірмен байланыстыру мақсатындакелесідей зерттеулік сұрақтар қойылды:

- What apps are the most commonly used in your country?
- What applications of VR do you use?
- Which application of virtual reality do you think is the most important? Why?
- Do you think mobile apps are useful? Why (not)?
- How will VR change our life in the future?

Бұл сұрақтарға жауап беру арқылы тақырып бойынша мәлімет ұсынып, өз ойын толық жеткізіп, қойылған сұрақтарды мұқият тыңдап, оларға жауап беруге тырысатын диалогтық оқу түрі - зерттеушілік әңгімеге қатыса алады.Мәтіндегі сөйлемдердің құрылымын, сөз таптарын анықтау, етістіктің қолданылуын анықтау, сын есім, үстеу т.б. табу, сөйлемге немесе мәтіннің мағынасы бойынша сұрақ қою білім алушылардың ағылшын тілінің грамматикасын дұрыс қолдануға үйретеді.

Күмән туған жағдайда білім алушылар қарсы дау айтып сыни тұрғыда өз ойларын мысалдармен дәлелдей алады. Зерттеушілік әңгіме барысында “if”, “may be”, “can be” деген сөздерді қолданып, егер қолдау қажет болса «isn’t it?» деген сұраққа сүйенеді.

Тақырыпты толық меңгергеннен кейін білім алушылар топтарға бөлініп келесі сұрақтар бойынша пікірталас өткізді. Бұл кезеңде топ мүшелері келесі сұрақтар бойынша өз дәйектерін келтіріп, тұжырымдамалар жасады.Кез-келген диалогтың негізінде оның мәнін құрайтын әртүрлі мәлімдемлер жатады.

Мысалы: Discuss with your partner.

- 1- топ: Think of more advantages of applications of VR.
- 2- топ: Think of more disadvantages of applications of VR.

Пікірталас барысында өз ойын дәлелдеу үшін: “In my opinion”, “for example”, such as”, “firstly”, “secondly”, “thirdly”, “however”, “as a result”, “in conclusion” сөз тіркестерін қолдана

алады. Нәтижесінде студенттердің әр тобы өз ұстанымдарын растайтын фактілерді ұсынып, дәлелдей алды. Диалогтық оқытуды қолдану студенттерді өз бетінше шешім іздеуге итермеледі, сонымен қатар мұндай оқыту ойлау мен сөйлеудің дамуына, өзін-өзі тәрбиелеуге ықпал етті.

Диалогтық қарым-қатынас әрбір сабақта орын алуы керек. Білім алушыларға ауызша сөйлеуге дағдыландырып, оларды оқу үрдісінің белсенді қатысушысына айналдыруға ықпал ету керек. Бұл білім алушылардың шетел тілін үйренуге ынталандырып, олардың тілді үйрену мүмкіндігіне сенім береді. Диалогтық оқу сабақтың барлық кезеңінде көмекші бола алады. Әңгімелесу барысында білім алушылардың психологиялық климаты ен қарым қатынасы, сондай ақ ақпаратты таңдау, онымен алмасу, өз ойларын бір-біріне ашық айта алу, бір-бірін тыңдау қабілеттерінің артуыеа әсер етеді.

Н. Мерсердің зерттеушілік әңгімесі бойынша тақырыпты талқылау ұжымдық түсіну мен дәлелді шешім қабылдауға әкеледі.Мерсер мен Литлтон атап көрсеткендей диалог студенттердің білім деңгейінің өсуіне ықпал ететінін, сонымен қатар олардың сабаққа деген қызығушылығын арттыратынын көре аламыз. Сабақта бұл әдісті қолдану білім алушыларды өз бетімен ізденуге, бір-бірімен интерактивті қарым-қатынас жасауға және топтағы балалармен бірлесіп жұмыс істеуге үйретіп, олардың оқуы мен когнитивті дамуына оң әсер етеді.

Сонымен, білім берудің басты мақсаты – білім, білік, дағдыларды меңгеру ғана емес, сонымен қатар тәуелсіз, әлеуметтік және кәсіби біліктілік – ақпаратты іздеу, талдау және ұтымды пайдалану, жылдам өзгеріп жатқан заманауи әлемде лайықты өмір сүріп, еңбек етуге балу.

Қорыта келгенде диалогтық сөйлеуді оқыту әдістері тілді үйренуге үлкен мотив беріп, білім алушыларға табиғи ортаға жақын тілдік ортаны құруға көмектеседі. Диалогтық сөйлеуде лексикалық және грамматикалық материалды белсенді қолдану мүмкіндігі орнайды. Сөйлеу барысында сөздік қор есте сақталып, сөйлем құрылымдары тез меңгеріледі. Мұндай сабақтар студенттердің тыңдау дағдыларын дамытуға қосымша мүмкіндік береді. Шығармашылық жұмысқа жетелейтін тапсырмаларды білім алушылар қызығушылықпен орындайды. Нәтижесінде білім алушылар жан-жақты, білімді де білікті тұлға болып қалыптасып, болашақта қоғамымыздың дамуына үлестерін қосады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. АОО «Назарбаев Интеллектуальные школы», 2012. [Руководство для учителя]. 3-е издание.
2. Sociocultural discourse analysis:analysing classroom talk as a social mode of thinking
Neil Mercer
https://thinkingtogether.educ.cam.ac.uk/publications/journals/Mercer_JCL2005.pdf

ҚАЗІРГІ ҚОҒАМДАҒЫ СПОРТ ЖӘНЕ ДЕНЕ ШЫНЫҚТЫРУ

Исхақов Орынбасар Нұрланұлы
Индустриалды – техникалық колледж, дене шынықтыру мұғалімі
(Қазақстан, Шымкент қаласы)

Аннотация

Мақалада дене тәрбиесінің мықты, дені сау ұлтты қалыптастырудың қуатты құралы ретіндегі рөлі қарастырылған; Дене тәрбиесі арқылы адамдардың денсаулығының жағдайын айтарлықтай жақсартуға болатыны расталды. Дене тәрбиесі оқу орындарында, соның ішінде Жапония мен Ресейде педагогикалық процесс ретінде қарастырылады. Балалардың денсаулық жағдайы туралы мәліметтерді ұсынады; Ресейдің өмір сүру ұзақтығы бойынша елдер рейтингіндегі орны туралы. Елімізде дене шынықтыру мен спортты дамытуға байланысты мәселелер айтылды.Дене шынықтыру және спортпен айналысуға ынталандыратын факторлардың топтары анықталды: ішкі тұлғалық мотивтер; тұлғааралық мотивтер; қоғам деңгейінде әрекет ететін мотивтер.

Түйін сөздер: *дене тәрбиесі, дене шынықтыру және спорт, денсаулық, бейне өмір, халық, педагогикалық процесс, мектеп, университет, мотивация, сыныптар.*

SPORT AND PHYSICAL EDUCATION IN MODERN SOCIETY

Ishahov Orynbasar Nurlanuli
Industrial – technical college, physical education teacher
(Shymkent, Kazakhstan)

Abstract

The role of physical education as a powerful tool for the formation of a strong, healthy nation is revealed in the article, and it is confirmed that people's health can be significantly improved with the help of physical activity. Physical education is considered as a pedagogical process in educational organizations, including in Japan and Russia. Data on children's health status and Russia's place in the ranking of countries by life expectancy is provided. Problems connected with physical education and sport development in the country are identified. Groups of factors motivating for physical education and sport are highlighted: intrapersonal motives; interpersonal motives; community motives.

Keywords: *physical education, physical culture and sport, health, lifestyle, population, pedagogical process, school, university, motivation, classes*

Физикалық белсенділік – адамның жалпы дамуы мен өмір сүруінің «қаңқасы». Дене белсенділігінің денсаулыққа маңызды пайдасы бар және жұқпалы емес аурулардың алдын алуға ықпал етеді. Осылайша, Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының мәліметтері бойынша, дене белсенділігінің жеткіліксіздігі әлемдегі өлімнің негізгі қауіп факторларының бірі болып табылады және жұқпалы емес аурулардың бірі жүрек-қантамыр аурулары, қатерлі ісік және қант диабеті сияқты аурулардың дамуына тікелей әсер етеді; Әлемдегі әрбір төртінші ересек адам жеткілікті белсенді емес, бүкіл әлем бойынша жасөспірімдердің 80%-дан астамы физикалық белсенділіктің жетіспеушілігін сезінеді. Осы орайда баланы жастайынан дене шынықтыру мен спортқа баулудың маңызы зор. Мұнда тәлімгер рөлін ең алдымен ата-ана (баланың отбасы) және білім беру ұйымдары атқарады.

Дене тәрбиесін білім беру ұйымдарындағы педагогикалық процесс ретінде қарастыра отырып, оған Ресейде де, әлемнің басқа елдерінде де білім берудің әртүрлі деңгейлерінде айтарлықтай көңіл бөлінетінін атап өткен жөн. Мәселен, Жапония мектептерінде спорттың

10 түрі оқытылады және әр түріне жеке мұғалім жауапты. Мұғалімдердің білімдері мен дағдыларының жоғары базасы бар, олар сонымен қатар тренерлер, тәлімгерлер, психологтар, салауатты өмір салты бойынша жеке кеңесшілер. Егер студенттің денсаулығында ақау болса, онда дене шынықтыру мұғалімі дене шынықтыру, тамақтану және өмір салтының жеке бағдарламасын таңдайды. Басты мақсат – мектептен дені сау, қозғалыс және тамақтану мәдениетіне ие өз денесінің ерекшеліктерін білетін адам шығару. Бастауыш мектепте (1-6 сынып, 6-12 жас) аптасына 3 сағаттан кем емес дене шынықтыру сабағы қамтамасыз етіледі. Қосымша сабақтар бағдарламасына сәйкес әрбір студент спорт клубында аптасына бір реттен кем емес сабаққа қатысуға міндетті. Орта мектепте (үш жыл оқу) мектеп оқушыларының 40% -дан астамы аптасына кемінде тоғыз сағат спортпен айналысады, ал қалған 60% дене шынықтыруға аптасына екі-үш сағат жұмсайды - бұл міндетті минимум. Жапонияда көп мектеп секциялары студент өмір бойы мүше бола алатын спорт үйірмелерімен тығыз байланысты. Әрине, елімізде дене шынықтыруға үлкен мән беріледі, оның ішінде оны ұйымдастырудың инновациялық нысандарында. Иә, жоғарыда айтылған Жапон мектептерінде дене тәрбиесін ұйымдастыру шын мәнінде Ресейдің мектептері мен университеттерінде 20 жылдан астам уақыттан бері енгізілген, бірақ, өкінішке орай, эксперименттік нұсқасында ғана. (В.К. Балсевич, Л.И. Лубышева). Сонымен қатар, білім беру ұйымдарының спорттық инфрақұрылымының жеткіліксіз дамуы салдарынан ЖОО-да стандарттарды енгізу тәжірибесі қиын.[1]

Мемлекеттің оқушылардың дене тәрбиесіне көңіл бөлуінің, дене шынықтыруды дамытуға бөлінетін қаржының қысқаруының заңды салдары

«қайта құру» дәуірінде мектептер мен университеттердегі спорттық инфрақұрылымның дамымауы, студенттердің денсаулығының нашарлауы, олардың дене шынықтыру дайындығы, дене шынықтыру сабағына баруға деген қызығушылығы төмендеді. Бұл жаһандық мәселе негізінен дене тәрбиесіне қызығушылықтың төмендеуін түсіндіреді.

Ғылыми-статистикалық зерттеулер дене шынықтыру және спортпен белсенді және тұрақты айналысатын адамдар 1,5 есе аз зардап шегетінін растайды. Шаршау, ас қорыту жүйесінің ауруларынан 2 есе аз зардап шегеді

2,5 есе аз – гипертония, 3,5 есе аз – созылмалы тонзиллит, 2 есе аз жиі – тұмау. Нәтижесінде спортпен шұғылданатындар, спортпен шұғылданбайтындармен салыстырғанда 2-3 есе артық денсаулығына байланысты жұмысты жіберіп алу ықтималдығы аз.

Белгілі бір елдің өмір сүру салтының маңызды көрсеткіші халықтың орташа өмір сүру ұзақтығы болып табылады. Дүниежүзілік ұйымның мәліметі бойынша Денсаулық туралы есеп 2016 жылы болған, әлем бойынша әйелдер ерлерге қарағанда ұзағырақ өмір сүреді екен . Өмір сүру ұзақтығы бойынша елдер рейтингінде көш бастап тұрған ел - Жапония – 84,2% көрсеткішті көрсетіп тұр. Өкінішке орай, қазіргі уақытта маңызды мәселелердің бірі спортпен, дене шынықтырумен айналысуға баулу төменгі деңгейде қалып отыр. Дене шынықтыру саласындағы зерттеушілер айтуынша, өмір салтын белсендіруді ынталандыратын факторларға (қажеттіліктер, қызығушылықтар, мотивтер, ынталандырулар) ерекше назар аудару керек.

Өкінішке орай, көптеген адамдар денсаулық үшін жаттығу немесе жүгіру немесе жүзу жалығарлық және монотонды деп санайды. Кейбіреуі дене шынықтырумен айналысуды бастай алмайды, ал басқалары әрең бастағанда тез жеңіледі,қызығушылығы төмендеп, жаттығудан бас тартады. Ерік-жігері күшті адамдар спортпен айналысуды ұзақ уақыт жасауы мүмкін, бірақ көбі ынтамен емес, қажет болғандықтан жасайды..[2]

Дене шынықтыру және спортпен айналысу туралы шешім қабылдау жеткілікті

қиын процесс.

Біз адамдарды дене шынықтырумен айналысуға итермелейтін факторлардың топтарын анықтадық.

1) тұлғаішілік мотивтер – денсаулықты нығайту, алдын алу және емдеу

әртүрлі аурулар, салмақ жоғалту, әл-ауқатты жақсарту, физикалық мүмкіндіктерді арттыру;

2) тұлғааралық мотивтер – отбасына, достарына, әріптестеріне қолдау көрсету; Жаңа адамдармен танысу; спорт кезінде әлеуметтену;

3) қауымдастық деңгейінде әрекет ететін мотивтер – ұжымдық қызмет; тегін қатысу, тегін жазылу; мақтау, марапаттау.

Демек, мемлекет пен қоғамның қарамағында мықты, дені сау ұлт қалыптастырудың қуатты құралы – дене тәрбиесі. Халықтың барлық санаттары мен топтары үшін дене шынықтырумен және спортпен айналысуға жағдай жасау, дене шынықтыру мен спортпен айналысуға ынталандыру жүйесін дамыту жәнесалауатты өмір салты стандарттарының таралуы халықтың денсаулық жағдайын жақсарту мен өмір сүру сапасын жақсартудың маңызды факторлары болып табылады.[3]

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Об утверждении концепции федеральной целевой программы "Развитие физической культуры и спорта Российской Федерации на 2006-2015 годы" : распоряжение от 15 сентября 2005 года N 1433-р / Правительство Российской Федерации. – URL : http://docs.cntd.ru/document/901947513 (дата обращения: 28.02.2020).
2. Кремнева, В.Н. Сравнение систем образования в области физической культуры в школах России и Японии / В.Н. Кремнева, Е.М. Солодовник // Международный журнал гуманитарных и естественных наук. – 2019. – № 8-1. – С. 92–96.
3. Никифоров, Ю.Б. Учитесь наслаждаться движением / Ю.Б. Никифоров. – Москва : Советский спорт, 1989. – 46 с.
4. Об утверждении Стратегии развития спортивной индустрии до 2035 г. и комплекса мер по формированию современной отрасли спортивной индустрии на 2019–2020 гг. : распоряжение Правительства РФ от 3 июня 2019 г. № 1188-р. – URL : https://www.garant.ru/products/ipo/prime/doc/72166836/ (дата обращения: 28.02.2020).
5. Об утверждении Стратегии развития физической культуры и спорта в РФ на период до 2020 г. : распоряжение Правительства РФ от 7 августа 2009 г. N 1101-р. – URL : https://base.garant.ru/196059/ (дата обращения: 28.02.2020).
6. Щетинина, С.Ю. Повышение эффективности физической культуры учащихся на основе гуманитаризации физкультурно-спортивной среды / С.Ю. Щетинина // Учёные записки университета имени П.Ф. Лесгафта. – 2011. – № 3 (73). – С. 213–217.

ДЕНЕ ШЫНЫҚТЫРУ ПӘНІН ОҚЫТУДАҒЫ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ӘДІС-ТӘСІЛДЕРІ

Жақыпбек Нурғуйса Запарұлы
Оқытушы.Идустриалды техникалық колледжі
(Шымкент, Қазақстан)

Аннотация

Дене шынықтыру саласындағы қозғалыс қабілеттері, білімі мен дағдылары, дене шынықтыру-сауықтыру және спорттық қызметті жүзеге асырудың мотивтері мен игерілген тәсілдерін сипаттайды.

Түйінді сөздер: *Оқыту технологиялары, дене шынықтыруды зерделеу нәтижелеріне қойылатын талаптар, дене тәрбиесі, спорт, дене шынықтыру оқытушысы*

PHYSICAL EDUCATION PEDAGOGICAL METHODS AND TECHNIQUES

Zhakipbek Nurguysa Zaparovich
Teacher. Industrial-technical college
(Shymkent, Kazakhstan)

Annotation

Describes the motor abilities, knowledge and skills in the field of Physical Culture, motives and mastered approaches to the implementation of Physical Culture and Recreation and sports activities.

Key words: *teaching technologies, requirements for the results of the study of Physical Culture, physical education, sports, physical education teacher*

Қазіргі білім беру мазмұнын жаңарту бағдарламасы негізінде «Дене шынықтыру» пәнінің мәртебесі артты деуге болады. Мұнда пән белгілі нормативтерге бекітілген талаптар бойынша тек дене шынықтырып қана қоюға бағытталмайды. Арнайы педагогикалық тәсілдерге негізделеді.

Жеке адамға бағытталған тәсіл арқылы бала организмінің функционалдық мүмкіндіктеріне сәйкес келетін дене жүктемелерін мөлшерлеуді көздейді.Әрекет ету тәсілі бала қозғалыс арқылы дамитындығын қарастырса, құзыреттілік тұрғыдан келу негізгі біліктіліктерді меңгеруді көздейді. Сондай-ақ, денсаулықты сақтау тәсілі үйрету процесінде баланың денсаулығын міндетті түрде сақтауды қарастырады.

Оқытушылардың пайдаланатын оқыту тәсілдері (яғни, педагогикалық әдістемелер) студенттерді оқытудың ең жоғары стандарттарын қамтамасыз ету үшін аса қажет. Олар алдында қол жеткізген жетістіктерден кейін студенттердің алға жылжуына оқытушылардың педагогикалық шеберлігі айтарлықтай септігін тигізетінін дәйекті түрде көрсетті.

Оқытушылар пайдаланатын әдіс-тәсілдер оқудың тиімділігіне елеулі әсерін тигізеді. «Дене шынықтыру» пәнінің жеке тұлғаны тәрбиелеуде алатын орны ерекше. Ол студенттің дене дамуына, сондай-ақ әлеуметтік, дербес және рухани қасиеттерін қалыптастыруға ықпал етеді.

Колледждің білім беру жүйесінің құрамында бола отырып, дене шынықтыру студенттерде салауатты өмір салтын қалыптастыруға бағытталған. Осындай жол арқылы болашақта салауатты әлеумет қалыптастыруға болады. Сонымен қатар, дене шынықтыру сабағындағы негізгі қағидаттардың бірі–белсенділік. Ол дене шынықтырумен

айналысатындардың ойластырылған негізде, терең түсінуін қамтамасыз етіп, дене шынықтыру-спорт шараларына тұрақты қызығушылық мен қажеттілік тудыруға, сондай-ақ барынша белсенді болуға жетелеуге бағытталған.

Еліміздің даму бағытын бекіткен «Қазақстан – 2030» бағдарламасында салауатты өмір салтын ұстану мемлекеттік маңызы бар мәселелермен тең дәрежеде екендігі баса көрсетілген. Өмір салты мен денсаулық арасындағы өзара байланыс салауатты өмір салты ұғымын құрастырады. [1]

Салауатты өмір салтын насихаттауда, салауатты өмір сүру мәдениетін қалыптастыру мәселелерін жетілдіретін, осы саладағы басымдылықтарды анықтайтын ғылым да, өскелең ұрпақты оқыту, тәрбиелеу формалары мен жаңа әдістерді ұстанатын білім де қажет.

Колледж студенттерінің салауатты өмір салтын қалыптастыру туралы алған білімдері болашақ азаматтардың денсаулығын сақтап қалуға берік тірек болады. Колледж студенттерінің салауатты өмір сүру мәдениетін қалыптастыру дегеніміз:

1. Жеке тұлғаның өзін қоршаған жансыз және жанды табиғи ортамен жан – жақты үйлесім тауып, өз ұмырын Отаны, елі, отбасы және өзі үшін барынша пайдалы өткізу дағдысын қалыптастыру;

2.Салауатты өмір салты – ол денсаулықтың үйлесімді дамып, сақталуы мен орныуын қамтамасыз ету мақсатында денсаулықты нығайтуға бағытталған іс – шараларды жүргізу.

Салауатты өмір салтын қалыптастыру үшін қандай жағдайларға назар аудару керек? Өмір салты дегеніміз не? Бұл жеке адамның тіршілік етуге бағытталған мүмкіндіктерін қалыптастыру. Біздіңше, адамның әлеуметтік – психологиялық және биологиялық жақтан салауатты өмір салтын қалыптастыруға мына жағдайлар негіз бола алады:

- белсенді қозғалыс нәтижесінде организмді шынықтыру дене тәрбиесі немесе спортпен шұғылдану;
- физикалық еңбектің гигиеналық талаптарын жүзеге асыру;
- жеке және әлеуметтік гигиеналық талаптарын жүзеге асыру;
- қарым – қатынас және экологиялық мәдениетке жету;
- зиянды әдеттерден аулақ болу.

Сондықтан балаларды жасынан салауатты өмір салтына қалыптастыруға күш салып, зиянды әдеттерден сақтандыруымыз керек. Денсаулық тәрбиесі – ортақ мәселе. Халық санының өсуі, оның сапасы, деннің саулығы мемлекет әл – ауқатының дамуына мұрындық болады

Бүгінде білім - қоғамның әлеуметтік-экономикалық, интеллектуалдық және рухани дамуының стратегиялық бағдары болып отыр. Сонымен қатар біздің қоғамымыздың қауіпсіздігінің кепілі. [2]

Сондықтан да оқытудағы жаңа технология аса қажетті педагогикалық мәселелердің шешімдерін табуға, ой еңбегін арттыруға, оқу процесін тиімді басқаруды қамтамасыз етеді. Жаңа технологияларды оқыту үрдісінде қолданудың негізгі ерекшелігі ол оқытушылар мен студенттерге өз бетімен және бірлесіп шығармашылық жұмыс жасауға көп мүмкіндік береді және оны педагогикалық мақсатта пайдалану студенттердің зердесіне, сезіміне, көзқарасына әсер ете отырып оның интеллектуалдық мүмкіншіліктерін арттыруға көмектеседі.

Дене тәрбиесінің әлеуметтік жүйе және қоғамдық құбылыс есебінде дене тәрбиесі жүйесін, оның қалыптасуы мен дамуының негізгі заңдылықтарын, оның қызметі мен құрылымын танып, білудің қажеттілігі білім мен тәрбие талаптарына сәйкес өсіп келе жатқан ұрпақтың дене тәрбиесін қамтамасыз ету үшін керек. Дене тәрбиесі тек колледждегі дене шынықтыру сабағы ғана емес, ол сабақтан тыс, колледжден де тыс денсаулыққа байланысты шаралар жүйесі екенін ескерсек, қазіргі кезеңдегі білім беру орындарындағы дене тәрбиесінің жүйесі жастардың денсаулықтарын нығайтумен қоса, тұлға бойындағы биологиялық-психологиялық қажеттіліктердің жан-жақты жетілуіне, өмірге белсенді ұстаным мен ізгілікті қатынастарын дамытуды меңзейді.

Дене тәрбиесінің мәнін бүгінгі жаңа заман талабына сәйкес қарастыру – бұл адамды өзі өмір сүрген ортаның жемісі ғана емес, сол ортадағы дене мәдениеті, адамгершілік қарым-қатынасы әрекетімен көрінетін субъект деп танылуымен айқындалады. Қоғамның елеулі өзгерістерге түсуі, адамның мақсат-мұраттарына, тұрмыс-тіршілігі мен мінез-құлқына, сондай-ақ өзінің жеке басына да субъект ретінде өзгеріс енгізуде. Оның үстіне қоғамдағы салауаттылық, дене мәдениеті мен рухани құндылықтардың табиғаты, мәні, шығу тегі және атқаратын қызметтері туралы жан-жақты зерттеу, студенттердің дене тәрбиесін салауаттылық дене мәдениеті мәселесімен байланыста қарастыру қажеттігі біздің тақырыбымыздың өзектілігін айқындай түседі. Елімізде бәсекеге қабілетті білім – білім беру саласының ең басты міндеті болып отыр.

Дамыған елу елдің қатарына енудің алғышарттарының бірі де осы сапалы да бәсекеге қабілетті білім. Сондықтан да еліміздегі колледждердегі білім берудің басты ұстанымдары мен міндеттері, әрекеттері, жолдары осы мақсатқа орай ұйымдастырылады. Мақсатқа жетудің түрлі жолдары бар. Солардың бірі де бірегейі оқытудың жаңа технологияларын пайдалану. Дене тәрбиесі сабағында жаңа инновациялық технологиялардың тиімділігі жоғары. Білім – қоғамды тұрақтандыратын, рухани мұраны сақтайтын, ұрпақты ұрпаққа сабақтастыратын құрал. Қолда бар мүмкіндікті пайдаланып оқытудың жаңа әдіс-тәсілдерін тиімді қолдану, жаңа технологияны әркімнің өз сабағында пайдалану арқылы студент жастарды халықтың дәстүр үрдісінде адамгершілікке, салауатты өмір сүруге баулу дені сау ұрпақ тәрбиелеу дене тәрбиесі пәні оқышыларының басты міндеті. Олай болса, оқыту мен тәрбиелеудің ой елегінен өтетін әдіс-тәсілдерін, жаңашыл педагогтардың тапқан әдістемелерін біліп қана қою жеткіліксіз, оны әркім өз мүмкіндігінше күнделікті сабақта пайдалану қажет. [3]

Дене шынықтыру пәнінің басқа пәндерге қарағанда көптеген ерекшеліктері бар. Мұнда негізінен студенттің қабілеті, бейімділігі баса назарда болуы керек. Дегенмен де студенттерді бейімдеу, қабілетін дамыту, спортқа деген қызығушылығын арттыру жақсы ұйымдастырылған сабаққа байланысты. Сондықтан студенттердің пәнге қызығушылықтарын арттыру, сабақта тақырыпқа байланысты спорт түрлерінің шығу тарихын, спорт түрлері дамыған елдерді спорттың әр саласындағы белгілі спортшылар өмірін алуға болады.

Сол себептен оқытушы сабақты тартымды етіп теория мен практиканы ұштастыруында жаңа инновациялық технологиялардың тиімділігі баса назарда болуы қажет. Бұл оқытушы мен студент арасындағы қарым-қатынас, сабақты жақсы оқитын, спортқа бейім студенттермен белсенді жұмыс істеп қана қоймай, барлық баланың дамуы үшін қолайлы жақсы ойлар туғызып, қабілеті жеткен жерге дейін еңбек етуін ойластыру тиіс. Барлық студенттер өз қабілетін ең төменгі жеңіл тапсырмаларды орындаудан бастайды, оларды міндетті түрде толық орындап болғаннан кейін ғана, келесі күрделі деңгейдегі жаттығуларды орындауға көшіп отырады. Бұл студенттер арасындағы бәсекелестікті және әр студенттің өз қабілетіне, қызметіне сәйкес жоғары деңгейге көтерілуіне толық жағдай жасалады. Дене мәдениетін қалыптастыру. Денені шынықтыру, тәрбиелеу. Жалпы дамыту жаттығуларын меңгертеді.

Мемлекеттік стандарттық бағдарламаны жоспарлай білуді, нормативтік тест жаттығуларды игертуді береді. Дене тәрбиесі сабағында сын тұрғысынан ойлау технологиясын тиімді пайдалануға да болады. Осы технологияның шығармашылық бөлігін басшылыққа ала отырып, ой толғау жасауға болады (мысалы, дене шынықтыру сабағын ойын түрінде ұйымдастыру), сол арқылы, студенттердің бейімділігін арттыруға болады.

Күтілетін нәтиже - дене тәрбиесі пәніне деген қызығушылықтарының артуы. Студент шығармашылығы, өзін-өзі басқаруы, құрметі, эстетикалық талғамы да артып келеді. Әр түрлі ұлттық ойындарды топтық ойын әдісінде ұйымдастыру да жақсы нәтиже береді. Ойлау қабілетін дамыту тұрғысында қазақтың ұлттық ойын түрлеріне тоқталып, ұлттық ойындар

туралы өз түсініктерін сұрай отырып, сабақ барысы кезінде орындатуды жоспарлауға болады.

Студенттердің ой-қабілетін, жылдамдық ерекшелігін, тез шешім қабылдауына және топтық әрекет жасауына пәндерді байланыстыра отыра кіріктірілген сабақтардың үлесі зор. Дене шынықтыру сабақтарын биология, химия, математика, сурет, алғашқы әскери дайындықпен кіріктіріп өткізуге болады. Сабақты қызықты өткізу үшін мультимедиалық проектор арқылы қазақтың ұлттық ойындарының тарихын таныстырып өтіп, жасырылған сұрақтарды табуға машықтандыру, әр топқа белгіленген ұпай сандарына қарай бағалап отырып, кейін сабақ барысын: «Кім шапшаң?» бөлімі деп атап, студенттер белгіленген жерге дейін эстафеталық таяқшамен жүгіріп барып, белгілі жеріне жеткен кезде, тақтаға жазылып берілген есептерді шапшаң орындап шығып кейін қайтып келу талабы қойылса сабақ өте қызықты өтер еді.

Студенттің оқуға құлқының болмауы, негізінен, оқытушының оның уәжін оята алмауының салдарынан болады. Оқытушы қызметінің аса маңызды қыры – студенттердің уәжін анықтауға көмектесетін көптеген факторларды түсіну. Төмендегі кестеде оқытушы жұмысының студенттің уәжін өсіретін немесе, керісінше, өшіретін факторлар ұсынылған. Сонымен, жаңарту бағдарламасындағы дене шынықтыру пәнін оқытудың орны ерекше. Онда студенттердің пәнге деген қызығушылығын арттырып, білім сапасын көтеруге барлық мүмкіндіктер қарастырылған. Жаңарту бағдарламасы нәтижесінде студенттердің белсенділігі артып, спортқа деген бейімділігі қалыптасады. [4]

Студенттердің танымдық қабілеттерін артырып, салауатты өмір сүру, адам денсаулығы осы спортқа байланысты екендігін түсінеді. Нәтижесінде студенттердің білім сапасы артып, оқу тоқсандарында жоғары сапаға қол жеткізуге болады.

Қорыта айтқанда, дене шынықтыру сабағында алдымен жеке тұлғаның әлеуметтік құзыреттілігін дамытуға баса назар аударылады. Бұл дегеніміз студенттің өзін-өзі басқарудағы әлеуетін артып, салауатты өмір салтын ұстануына өзінді септігін тигізеді деген сөз.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. М.Л.Журавин, Н.К.меньшикова «Гимнастика» Москва-Академия 2001

2. К. Жахин, Е. Юркова Физическая культура. Методическое пособие. Часть 1, 2 Алматы кітап 2016 г.

3. М. Адамбеков, М. Тұяқбаева, Е. Уанбаев Жалпы білім беретін мектептерде дене тәрбиесі сабағын жүргізу әдістемесі. Әдістемелік ұсыныстар Дене тәрбиесі Ұлттық ғылымипрактикалық орталығы

4. У. Марчибаева, Д. Токтарбаев, Е. Стоцкая, С. Сыздыкова, Р. Сидорова, Н. Моисеева, Л. Тунгышмуратова Адаптивная физическая культура и спорт. Учебное пособие. Нур-Султан 2019 г.

ДЕНЕ ШЫНЫҚТЫРУДАҒЫ ТАНЫМДЫҚ - ДАМЫТУШЫ ТЕХНОЛОГИЯЛАР

Жұмабек Мейіржан Қайратұлы
Оқытушы.Идустриалды техникалық колледжі
(Шымкент, Қазақстан)

Аннотация

Дене шынықтыру сабақтарының танымдық-дамытушылық технологиясы дене шынықтыру сабақтарының моделіне негізделген бір-бірін органикалық түрде толықтыратын төрт бағытты қрастырады.

Түйінді сөздер: *Инновациялық әдістер, субъект-субъекттілік қарым-қатынастар, психо-физиологиялық көрсеткіштер, психо-физиологиялық көрсеткіштер.*

COGNITIVE-DEVELOPMENTAL TECHNOLOGIES IN PHYSICAL CULTURE

Zhumabek Meirzhan Kairatovich
Teacher. Industrial-technical college
(Shymkent, Kazakhstan)

Annotation

At a complex solving of problems and realization of the basic study conditions, a wide set of physical exercises is used, based on an usage of eidotic, motor-reflex, gaming, ideo-motor and musical- rhythmic methods.

Keywords: *Innovative methods, subject-subject relations, psycho-physiological indicators, psycho-physiological indicators.*

Жеке тұлғаның денсаулығы мен дамуы өзара байланыста, өзара әрекетте және өзара тәуелді болып, диалектикалық тұтастықты құрайды.

Дене шынықтыру сабақтарын ұйымдастыру бойынша арнайы әдебиеттердің, тәжірибелердің талдауы білім беру жүйесін демократияландыру барысында субъект-субъектілік қарым-қатынастар принципі алдыңғы қатарға шығатынын көрсетті. Бұл принцип тек субъект-субъекттілік қарым-қатынастар, тең құқылы ынтымақтастық пен өзара әрекет ету жағдайында ғана жеке тұлғаның нәтижелі қалыптасуы мүмкін екендігін шамалайды. Ол педагог пен тәрбиеленушінің өзара жеке әрекеттерін көздейді, оның субординациялық жағдайын қабыл алмайды, өз бетімен дамып жатқан жеке тұлғаны серіктесіне айналдырады.

Жеке тұлғаға бағытталған принцип денсаулықты сақтау принципімен тығыз байланысты, себебі балалардың қимыл белсенділігінің тәртібі олардың жеке ерекшеліктерін ескеріп, психо-физиологиялық көрсеткіштерімен жүрек-қан тамырлар жүйесінің вегетавтивтік реттелу жағдайымен жасалады. Осы себептен сабақтарда тек дене шынықтыру қасиеттерін қалыптастыру ғана емес, дене шынықтыру жағдайымен денсаулықты түзету мақсаты да қойылды.

Дене шынықтыру сабақтарының танымдық - дамытушы технологиялары жеке тұлғаның даму үлгісінде негізгі тәжірибелік бағдарды ұстанады. Дәл осы дене шынықтыру тәрбиесі жүйесіндегі танымдық-дамытушы технологиялар жеке тұлғаның даму сапасын анықтайтын дене шынықтыру әдістерін, тәсілдерін, әр түрлі амалдарын жүзеге асыруға бағытталған. Дене шынықтыру сабақтарының танымдық-дамытушы технологиялары дене шынықтыру сабақтары үлгісіне негізделеді, оған бірін-бірі толықтыратын табиғи байланысты бағыттар кіреді:

- психомоторлық қабілеттердің дамуын анықтайтын үйлестіруші бағыт;

- сабақ тапсырмаларын шешуге бағытталған басты жаттығулар кешені;
- балаларды психоэмоционалдық өріс жағдайын реттейтін психоэмоционалдық бағыт;
- қажетті цикл ептілігін, дағдыларын дамытуға және дене шынықтыру қасиеттерін тәрбиелеуге бағытталған артта қалушы қабілеттер.

Танымдық- дамытушы технологиялардың негізгі ережелері сабақ бөліктерінде уақытша орналасуы бойынша қатаң регламенттелінген және амалдар, әдістермен ұйымдастыру түрлерін үлестіру қисынымен анықталады. Сабақтың тапсырмаларын кешенді шешу және негізгі жағдайларын жүзеге асыру барысында эйдетикалық (эйдетизм- қалып, сыртқы түр), рефлексті-қимылдық, ойын, ой-қимыл және музыкалық-ырғақты әдістерді және әр түрлі ұйымдастыру түрлерін қолдануға негізделген дене шынықтыру жаттығуларының кең жиынтығы қолданылады.

Эйдетикалық әдістер дене шынықтыру сабақтарын жүргізу барысында инновация болып табылады. Және зейінді, түйсікті, жадыны, қиялды бейнелерді қабылдау, қимыл әрекеттерді көрсету есесбінен дамытуға бағытталған. Олар санадағы бейнелердің кескіні болып табылады, көрнекі қимыл әрекеттерінің сақталуымен және дене шынықтыру жаттығуларын орындаған соң шамалы уақыттан соң оларды еске түсірумен жүзеге асады. Сонымен бірге эйдетикалық әдістердің нақты құрылымы бар және есту, көру, дене арқылы сезіну, кинестетикалық және қимыл анализаторларын жеделдетуге бағытталған. Л.С.Выготскийдің айтуынша эйдетикалық бейнелерде бөлінбейтін түрде үш жетекші дербес функциялардың – ес, елестеу және ойлаудың бастамасы жасалады. Осыдан бейнені есті дамыту барысында зейін, байқағыштық, шығармашылық қиял сияқты жоғары психикалық функциялар әр түрлі қалыптасады.[1]

Рефлексті – қимыл әдістері дене шынықтыру сабағында балалардың қимыл-әрекетерін ұғынуы және талдауы, сонымен қатар психологиялық жағдайы болып саналады. Рефлексия қимыл әрекеттерінің шамасы күшейген жағдайда ғана тиімді. Рефлексияның үш түрі бар – пәндік, процессуальды, жүйелік:

- пәндік рефлексия жаттығуларды орындау кезінде мағыналы әрекетпен байланысты;
- процессуальды оларды тәжірибе жүзінде орындаумен байланысты;
- жүйелік мотивті жасауға бағытталған.

Ой – қимыл әдістерін жүзеге асыру дене шынықтыру сабақтарында дене шынықтыру жаттығуларын саналы және белсенді түрде орындауға мүмкіндік жасайды. П.Ф.Лесгафт дене шынықытру негізгі міндеттерінің бірі адамды өзінің әрекеттеріне саналы түрде қарауға үйрету деп бекер айтпаған.

Музыкалық-ырғақты әдістер - бұл дене шынықитыру жаттығуларымен музыка өзара байланысында құрылған дене шынықтыру жаттығуларының жүйесі. Ритмика сабақтарын да ойын жаттығуларын, секіру, би қимылдарын және көркем гимнастика элементтерін қолданады. Ырғақты сенуде ой-қимыл реакциясы болады, сондықтан оны қабылдару кинестетикалық түйсікті тудырады. Бұл әдістер жеке тұлғаға оның танымды және жігерлік аясын тәрбиелеу арқылы басым әсер етеді, оның үстіне музыкалық-ырғақты қимылдар еріксіз қимылдарды дамытуға мүмкіндік жасайды. [2]

Инновациялық әдістерді қолдану шығармашылық қиялды, музыкалық түйсінуді, қимыл зейінін, ойын ойнауды жақсартуды, сонымен психикалық процестердің нәтижелігімен жеке тұлғалық даярлықты дамытуды едәуір жоғарылатуды болжайды. [3]

Қимыл әрекеттерінің танымдық-дамытушы технологияларын оқу үрдісін сауықтырғыш сүйемелдеу ретінде ендіру балалардың функциональдық жағдайын едәуір жақсартуға, ақыл-ой қабілеттілігін жоғары деңгейде ұстап тұруға мүмкіндік береді, бұл жалпы алғанда балалар денсаулығының сақталуын және оқу сапасының жоғарылауын анықтайды.

Дене тәрбиесін, жаңа технология мен озат тәжірибені ұлттық және жалпыадамзаттық құндылық қағидаларымен сабақтастыра зерттеу – бүгінгі күн талабынан туындап отырған

педагогика ғылымының міндеттерінің бірі. Дене тәрбиесінің мәнін бүгінгі жаңа заман талабына сәйкес қарастыру – бұл адамды өзі өмір сүрген ортаның жемісі ғана емес, сол ортадағы дене мәдениеті, адамгершілік қарым-қатынасы әрекетімен көрінетін субъект деп танылуымен айқындалады. Қоғамның елеулі өзгерістерге түсуі, адамның мақсат-мұраттарына, тұрмыс-тіршілігі мен мінез-құлқына, сондай-ақ өзінің жеке басына да субъект ретінде өзгеріс енгізуде. Оның үстіне қоғамдағы салауаттылық, дене мәдениеті мен рухани құндылықтардың табиғаты, мәні, шығу тегі және атқаратын қызметтері туралы жан-жақты зерттеу, студенттердің дене тәрбиесін салауаттылық дене мәдениеті мәселесімен байланыста қарастыру қажеттігі біздің тақырыбымыздың өзектілігін айқындай түседі.

Дене шынықтыру пәнінің басқа пәндерге қарағанда көптеген ерекшеліктері бар. Мұнда негізінен студенттің қабілеті, бейімділігі баса назарда болуы керек. Дегенмен де студенттерді бейімдеу, қабілетін дамыту, спортқа деген қызығушылығын арттыру жақсы ұйымдастырылған сабаққа байланысты. Сондықтан, пәнге қызығушылықтарын арттыру мақсатында тақырыпқа байланысты спорт түрлерінің шығу тарихын, спорттың әр саласындағы белгілі спортшылар өмірін алуға болады. [4]

Қорыта келе мұғалім сабақты тартымды етіп өткізу үшін теория мен практиканы ұштастырып, жаңа инновациялық технологиялардың тиімділігіне баса назар аудару қажет. Студенттердің қабілетін ең төменгі жеңіл тапсырмаларды орындаудан бастайды да, оларды міндетті түрде орындап болғаннан кейін ғана, келесі күрделі деңгейдегі жаттығуларды орындауға көшіп отырады. Бұл студенттер арасындағы бәсекелестікті және өз қабілетіне, қызметіне сәйкес жоғары деңгейге көтерілуіне толық жағдай жасалады. Осылай ойын элементтерін, әдістерін деңгейлеп орындату арқылы студенттердің тапсырмаларды орындауда жинаған ұпайларын «даму мониторингі» кестесін белгілей отырып, студент біліміне талдау жасап отыру қажет . [5]

Қолданылған әдебиеттер

1. Вайнер Э.Н. Учебное пособие-Липецкое издательство, 1998 г

2. Зайцев Г.К. Валеолого-педагогические основы обеспечения здоровья человека в системе образования. АвтореферatСПб,1998 г

3. Новик Г.В. Оздоровительные занятия для учащихся. Автореферат, М.,1997г

4. Селиверстов И.И. Современные приоритетные направление развития коррекционно-педагогической работы. 1997г., №12

5. Морозова И.С. Формирование интеллектуального потенциала детей в процессе физкультурной деятельности. Автореферат. Кемеровское ГУ.2004 г.

MODERN INNOVATIVE TECHNOLOGIES IN EDUCATION

Timur Talgatovich Beilbayev
Teacher.Industrial-technical college
(Shymkent, Kazakhstan)

Annotation

In the modern world, the question of the use of new information technologies in educational institutions is very often raised. These are not only new technological means, but also new forms of teaching.

***Key words**: information technologies, educatuional institutuions, forms of teaching*

БІЛІМ БЕРУДЕГІ ЗАМАНАУИ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР

Беделбаев Тимур Талгатович
Оқытушы.Индустриалды-техникалық колледж
(Шымкент қ.,Қазақстан)

Аннотация

Қазіргі әлемде білім беру мекемелерінде жаңа ақпараттық технологияларды қолдану мәселесі жиі көтеріледі. Бұл жаңа технологиялық құралдар ғана емес, сонымен қатар оқытудың жаңа түрлері.

***Түйінді сөздер:** Ақпараттық технологиялар, білім беру мекемелері, оқыту нысандары*

At the present time in our sovereign country a new system of education is being developed, directed to the exit to the world educational space. This is due to significant changes in the educational process. Due to the fact that the paradigm of education has changed, the content of education has been updated, a new approach, new attitudes have emerged. Development of scientific and pedagogical bases of innovative activity of teachers in training and education of the growing generation in accordance with the requirements of society is one of the most important issues.

In order to become one of the most civilized countries in the future, we need modern education. It is education that makes Kazakhstan one of the most competitive countries in the world. Therefore, the current stage of development poses the problem of the learning process in the education system. Mastering innovative technologies requires a comprehensive knowledge of the teacher. A modern school teacher must be able to master a new way of thinking, be able to communicate with students quickly, be educated, skilled and businesslike.

One of the tasks set for education workers is to constantly improve teaching methods and master modern pedagogical technologies. Today, school teachers, using innovative and interactive methods in the classroom, contribute to the quality and fun of the lesson.

In education, if the pupil is able to search, read, understand, expand the scope of the topic, to share his knowledge with his peers, then the result of the work of the teacher, the student should be active in the traditional learning process.

As for the concept of "innovation", most scientists have given it different definitions. For example, E. Rogers explains innovation as follows: "Innovation is an idea that is new to a particular person." "Innovation is a special new change, and we expect it to address our systemic challenges," Miles said. The word "innovation" comes from the Latin word "novis" meaning "innovation" and "in", and its translation means "renewal, innovation, change". The term innovation is widely used in

the theory and practice of modern education.

An important feature of the implementation of education reform is the need to modernize the current learning process. In this regard, various innovative teaching technologies have recently been developed and introduced.

Types of innovative technologies include:

- collaborative pedagogy;
- technology of humanization of education;
- problem-based learning technology; learning technology through reference signals;
- advanced learning technology led by interpretation;
- differentiated learning technology; technology of differentiated learning based on mandatory results;
- modular learning technology; design learning technology;
- developing learning technology, computer technology,
- game technology, etc. b. many technologies.

To work with modern pedagogical technologies, the following prerequisites are needed:

- Mass adoption of an intensifying educational process;
- comprehensive consideration of measures to prevent learner succession.

The methodological system of teaching on innovative technologies is directly related to the content of the types of cognitive activities that allow to achieve quality results. Therefore, the introduction of innovative methods in the learning process involves the content of cognitive activities, a certain level of activity.

The principles of the new technology are the humanization of learning, the formation of a self-developing, self-improving person who can make the right decisions.

Modern pedagogical technologies, such as scenario - contextual; information technology and Internet resources; interactive learning technology; design technology; collaborative learning; game technology help to implement a student-centered approach to learning, provide individualization and differentiation of learning, taking into account the abilities of students.

Scenario - contextual technology.

To teach communication in English, you need to create real real life situations, that is, what is called the principle of authenticity of communication, which will stimulate the study of thematerial and develop adequate behavior. It is based on the principles of business communication. Examples include the following topics.

-Meeting friends in the Conference.

-Introducing

-At the Airport and others.Lesson press conference

These lessons aim to imitate the press conferences taking place in life: when groups of scientists and public figures conduct conversations with representatives of the press, which are aimed at clarifying key issues and problems in order to popularize and propagate them. Lessons of this type contribute to the development of students' skills in working with additional literature, foster curiosity, the ability to work in a team, and broaden their horizons.

The lesson-press conference is held in order to generalize and consolidate the material studied. The class is divided into groups. One part of them turns into representatives of the press; the other - in specialists of a certain field of knowledge.

Information technologies and Internet resources.

Forms of working with computer training programs in English lessons include the study ofall types of student activities, namely: reading, listening, speaking, writing.

The possibilities of using Internet resources are enormous. In the lesson, the teacher, together with the students, can solve a number of didactic tasks: to form skills and reading skills using the materials of the global network, to replenish the vocabulary of students, to form students'motivation

to learn English. This enables students to take part in tests, quizzes, contests, Olympiadsheld over the Internet, as well as participate in videoconferences and webinars, etc.

Interactive learning technology.

Interactivity creates real situations from life, and forces students to adequately respond to them through a foreign language. This work is in pairs, groups, interviews, questionnaires. In pairs, you can give grammar, reading listening with an assignment. In groups of 3-4-5 people. Tasks must be Elementary. The group is formed: - at will, - multilevel (strong + weak)

Method of projects.

One of the technologies that provides personality-oriented learning is the project method,as a way of developing creativity, cognitive activity, and independence. Projects can be divided into: mono-projects, collective, oral - speech, specific, written, Internet - projects.

Game technology.

Games allow for a differentiated approach to students, to involve each student in work, taking into account his interests and inclinations. Exercises of a playful nature enrich students withnew impressions, activate the vocabulary, perform a developmental function, and relieve fatigue. They can be varied in their purpose, content, methods of organization and conduct. Games can be performed by students both individually and collectively.

For example, in primary school, you can use the role-playing game "Acquaintance":

Sample dialogue:

- Hello!
- Hi! What is your name?
- My name is John. What is your name?
- My name is Kate. How old are you?
- I`m ten. How old are you?
- I am seven. Can you sing?
- Yes, I can. Can you swim?
- Yes, I can. Bye, John.
- Bye, Kate.

Computer presentations.

Computer presentations allow students to focus on the significant moments of the information presented and create visual effective images in the form of illustrations, diagrams,diagrams, graphic compositions, etc. The presentation allows you to influence several types ofmemory at once: visual, auditory, emotional and, in some cases, motor. ...

Teachers' pedagogical advice, methodical associations, their research work, creative activities are used in mastering teaching technologies. The main goal of all new technologies is to take into account the individual and personal characteristics of students, increase their independent search and creativity.

It is impossible to be a competent, versatile person without mastering innovative technologies in the field of modern education. Mastering innovative technologies has a positive effect on the formation of the teacher's intellectual, professional, moral, spiritual, civic and many other aspects of teaching, helps to develop themselves and systematically organize the educational process.

References:

1.Boribekova F. B., Zhanatbekova N. J. Modern pedagogical technologies. Almaty

2.Kurmanalina Sh., Mukanova B., Galimova A., Ilyasova R. Pedagogy. Astana: Foliant,

3.Turgunbayeva B. A. Developing learning technologies. - Almaty

4.Modernization: world experience and modern Kazakhstan // Republican scientific-practical conference: reports and abstracts of reports-Almaty

ЖАҢА ФОРМАЦИЯДАҒЫ ҰСТАЗ БОЛУ - ЗАМАН ТАЛАБЫ

Сейсенгалиева Гульжан Алимбаевна
Индустриалды-техникалық колледж
Шымкент қаласы

Аннотация

Бұл мақалада; мұғалімнің шеберлігі жан–жақты және әдістемелік сауаттылығы ғана емес, ол–әр сөзді студенттерге жеткізе білуі және олардың толық қабыл алуы туралы айтылады.Ұстаздық шеберлік:1) мұғалімнің өмірге көзқарасы, оның идеялық нанымды, моральды бойына сіңірген адам екендігі; 2) пәнді жетік білген, ойын толық жеткізетін және оқушылардың бойында әдеп, әдет, дағды сияқты моральдық нормаларды сіңіре білгендігі; 3) оқыту мен тәрбиелеудің әдіс–тәсілдерін меңгерген, білгенін қызықты да, тартымды өткізе алатын, педагогикалық әдеп пен талантын ұштастырған адам ғана шеберлікке ие болады.

Түйін сөздер

Жаңа форматтағы педагог, жаңартылған бағдарлама, білім беру парадигмасы,жеті модуль

BEING A TEACHER OF A NEW FORMATION IS A REQUIREMENT OF TIME

Seisengalieva Gulzhan Alimbayevna
Industrial and Technical College
Shymkent

Annotation

In this article; we are talking not only about the versatile and methodical literacy of the teacher, but also about his ability to convey every word to students and get their full recognition.Pedagogical skills:1) the teacher's attitude to life, the fact that he is a person who has instilled ideological beliefs, morality; 2) well versed in the subject, fully transmitting the game and having learned from students such moral norms as ethics, habit, skill; 3) a person who knows the techniques and techniques of teaching and upbringing, who is able to carry out knowledge in an interesting and fascinating way, only a person who combines pedagogical ethics and talent acquires mastery.

Keywords *:A teacher of a new format, an updated program, an educational paradigm, seven modules*

«Жаңа Қазақстан, жаңашыл ұстаз, жаңа ұрпақ» - бұл білім беру жүйесіндегі бәсекеге қабілетті маман даярлау, білім кеңестігіндегі мәдениет пен өнердің даму негізі. Мемлекет басшысы Қ.К.Тоқаев: «Ұстазы жақсының ұстанымы жақсы» деген халқымыз. Ұстазсыз адам болмайды. Бәріміз де кезінде мұғалім тәлімін алып, білімін үйрендік. Сондықтан болашаққа жол сілтейтін мұғалім еңбегін лайықты бағалау өте маңызды міндет» – деп тамыз конференциясында айтқан болатын. Жаңа формациядағы ұстаз-заман талабы. Теориялық білімі мен тәжірибесін жүзеге асыра алатын, жауапкершілігі жоғары, ізденімпаз жеке тұлға болуы тиіс. Жүйелі жоспар, нәтижелі сабақ, шығармашыл- ізденімпаз ұстаз ұйымдастырған жұмыстың нәтижесінде шығармашыл тұлға жаңалыққа бейім болып, қазіргі әлеуметтік сұранысқа сай, өздігінен ғылыми ізденістер мен зерттеулер жасайтын, өзін-өзі дамытатын, белсенді, тез шешім қабылдайтын, жүйелі түрде өзіне - өзі баға беріп, рефлексия жасап отыратын, мәдениетті, эрудициясы жоғары, эстетикалық талғамы бар білімге, өнердегі

жаңалықтарға қызығушылығы басым, шығармашылықпен өзін - өзі үздіксіз дамытып отыратын шәкірттер қалыптастырудамыз. Ең жақсы ұстаз дегеніміз: шәкіртінің жанын түсінеді, оны өз перзентіндей сүйе алады, оқушы үшін бойындағы барын береді, барлық білімді жібермей, шәкіртін өздігінен білім алуға жетелейді.

Жаңа формация ұстазы:

- Ұстаз білім берудің жаңа құндылықтарына бағытталған, жаңа мектептердің тұжырымдамаларын және тәрбие мен білім берудің балама жүйелерін біліп; білім мазмұнын құрудың жаңа әдістерін жұмыс барысында пайдалана алады.
- Дамыта оқытудың психологиялық-педагогикалық негіздерін біледі.
- Оқытуда кіріктіру және саралауды, тұжырымдамалық әдістер мен прициптерді, тиімді пайдалана біледі.
- Жастық және педагогикалық психологиялық базалық білімі бар: әр түрлі жас кезеңдеріндегі білім алушының, әріптестерінің психологиялық заңдылықтарын және оларды диагностикалауды; педагогикалық өзара әдістер мен тәсілдерді, өздік талдауды ұйымдастыру принциптерін игерген.
- Ұйымдастыру қарым-қабілеті бар, атап айтқанда: құрастырушылық, кәсіби, әлеуметтік, жеке тұрмыстық құзырлықтарға ие.

Кәсіби білім және жалпы беруде модернизациялау арқылы қазіргі заманның талабы мен жеке тұлғаның сұранысын қамтамасыз ете алады. Мұғалім информатор, бақылаушы, тексеруші, жазалаушы қызметін тастап, керісінше ізденуші, зерттеуші, технолог, өнертапқыш, шығармашылықпен жұмыс істейтін жаңашыл болуы керек. Қытай ғұлама данасы Конфуцидің «Маған жәй айтсаң - ұмытамын, көрсетсең есімде сақтаймын, ал өзімді іс әрекетке қатыстырсаң - үйренемін» деген даналық сөздері білім алушының білімге ықыласын арттыруда модульдік оқыту технологияларды пайдалана отырып, өзіндік ізденіс жүргізуді практикада жүзеге асыруың маңызды екендігін көрсетеді.. Терезесі тең дамыған елдермен үзеңгелесіп келе жатқан біздің мемлекетіміз үшін өзгеріс әбден керек. Өркениетті дамыған елдердің қатарында болу үшін, заман талабына сай білім қажет. Қазақстанды дамыған 50 елдің қатарына жеткізетін, терезесін тең ететін – білім». Білім беру жүйесінің мақсаты: оқыту үрдісін технологияландыру, бәсекеге қабілетті маман дайындау. Осы мақсатта оқытудың әртүрлі технологиялары сарапталып, зерттеліп жаңашыл ұстаздарымыздың іс – тәжірибесіне енуде. Осы бағытта мемлекет тарапынан мұғалімдердің біліктілігін арттыру мәселесіне ерекше назар аудырылып келеді. Қазіргі таңда білім саласындағы ұстаздарымыз жаңа заманауи тұрғыда біліктілігін арттыру мақсатында «Talap» коммерциялық емес акционерлік қоғамы, оқу – тренингтік орталығының ұйымдастыруымен түрлі тақырыптарда білім деңгейін арттыруда. Біліктілік арттыру барысында ұстаздарымыз нақты білімнің мәнін түсініп, өзіндік іс - әрекетке енуге және жеке өміріндегі тәжірибесін жетілдіріп мақсаттарына байланысты қалыптастырады. Заманауи педагог оқуға үлкен потенциалдық мүмкіндіктермен келеді. Педагогтеріміздің функционалдық сауаттылығын кәсіби шеберлікпен ұштастыру үшін нәтижеге бағытталған білім беру үлгісінде мақсатты білім беретін, қалыптастырып, дамытатын педагогикалық процесс қажет. Атап айтсақ ересектерге арналған, жалпы және кәсіби білімнің қажеттілігін дамыту, ғылым, білім мәдениет жетістіктері арқылы адамдардың жалпы мәдениеті мен әлеуметтік белсенділікті дамытуға бағытталған танымдық іс-әрекетке ынталандыру үшін білім беру. Қазіргі білім беру парадигмасы «білікті адамға» бағытталған білімнен «мәдениет адамына» бағытталған білімге көшуді көздейді. Білім беруді жаңаша ұйымдастыру - оның философиялық, психологиялық, педагогикалық негіздерін, теориясы мен тәжірибесін жаңартуды қажет етеді.

Жаңартулар мұғалімнің ойлануына, келешегі мен болашағы жайлы толғануына, жаңа идеялар мен жүйелерде жұмыс жасауына негіз болары анық. «Өрлеу» біліктілікті арттыру ұлттық орталығы ұйымдастырған «Жаңартылған білім мазмұны» бағдарламасы оқыту мен оқуда өзгеріске жетелейтін, оқыту сапасын жақсартуға, мұғалімдердің кәсіби шеберліктерін

шыңдауға, оқушылардың білім сапасының нәтижеге жетуіне ететініне көзміз жетті. Жаңартылған оқу бағдарламасы бойынша оқыту мен оқудағы жаңа тәсілдерді тиімді қолдана отырып, топтық жұмыстарды ұйымдастыруда үлгерімі төмен оқушылардың пәнге деген қызығушылықтары артып, дарынды оқушылардың сынып ішінде көшбасшы деңгейіне жетуі оң нәтиже көрсетеді. Жаңартылған оқу бағдарламасы бойынша білім алушыларды жаңа әдіс-тәсілдермен оқыту негізгі жеті модульге сараланған. Жеті модульді сабақтарда пайдалану барысында жаңашыл ұстаз сабақтарда дайын түрде білім беру емес, керісінше оқушының өз бетімен білім алуына жағдай жасайды. Оқыту мен оқудағы жаңа әдіс -тәсілдерді қолдану барысында , оқушы сыни тұрғыдан ойлауға, өз білімін бағалауға заманға сай ойы мен пікірі қалыптасқан құзіретті тұлға болуға, ақпараттық - коммуникациялық технологияларды пайдаланудағы, сандық сауаттылығын арттыруға, өзін - өзі саналы түрде басқаруға бағыт ала отырып, бойындағы дарындылығы мен таланттылығын көрсетіп , алған білімін келешекте қолдана алатын болады. Біліктілікті арттыру бағдарламасының негізгі мазмұны болып табылатын жеті модульді пайдалана отырып, мұғалім оқушы білімімен қоса өзінің біліктілігін арттыруға мүмкіндік жасайды. Мұғалімдерді кәсіби қоғамдастыққа бірігуіне, оқытудағы ортақ мәселелерді шешуде бірлесуге, ынтымақтаса жұмыс істеуге, өзара тәжірибе алмасуға үйретеді де, олардың кәсіби дағдыларын шыңдай түседі. Осылайша, жаңа формация мұғалімі болуға қадам жасалады. Ұстаздық жолындағы әр мұғалімнің мақсаты - жаңа заман талабына сай тұлға қалыптастыруда жеті модульді жүйелі түрде қолдана отырып, өз тәжірибесін одан ары қарай толықтырып, жетілдіру болмақ. Ұстаз ретінде сабақ соң оқушының жүзінен көргім келетін нәрсе - оның сабақтан шаттана шығып, жанындағы достарымен бүгінгі сабақты қалай түсінгендігі жайында мақтан етіп айтқан сәті. Менің өткен сабағым өз мәресіне жетіп, нәтижелі болды деген ой түйемін, себебі сабақ нәтижесі оқушының іс-әрекетінен көрініс табады. Жалпы айтқанда, Кембридждік әдіс- тәсілдің сабақ беру барысында оқушылар мен мұғалімдерге берері зор деп есептеймін. Заманауи мұғалім уақыт көшінен қалмай, жас ұрпаққа білім мен тәрбие беруде ақпараттық қоғамның жаңа талаптарына ілесіп отыруы тиіс. Сондықтан да қазіргі уақытта мен еңбек етіп жатқан Индустриалды-техникалық колледж жаңа форматтағы мамандар даярлауда шешуші құзыреттіліктерге аса мән береді. Қоғамдық дамудың қазіргі үдерісінде өзінің іс - әрекетін тиімді жоспарлай алатын, түпкі нәтижеге жету үшін әр түрлі топтардағы адамдармен тиімді қарым – қатынас алаңына түсе алатын, құзыретті тұлғаны оқыту мен тәрбиелеу мәселесін үнемі алға қоятын, шығармашыл ұжым қалыптасқан, 80 жылдық тарихы бар білім ордасы оқыту мен тәрбиелеу дәстүрін сақтаған, заманауи инновациялармен білім беруде.

Аталған құзыреттілік қасиеттерді тұлға бойына дарытуда педагог қауымның арнайы әлеуметтік білім беру құзыреттіліктерінің жан - жақты болуы талап етіледі. Егер педагог өзінің кәсіби өсу жобасын дұрыс жолға қоя отырып, өзінің кәсіптік қызметіне нақты берілу арқылы тұлғаның алған білімін өмірде қолдана білетіндей тапсырмалар жүйесін ұсына алатын жағдайда болғанда ғана студент құзыреттілігін қалыптастыруға мүмкіндік табады. Қорыта келе, тұлғаға бағытталған білімдер жүйесі білім стандартына сай тұлғаның жан - жақты дамуына негізделген, алған білімін өмірдің қандай бір жағдаяттарына қолдана алатындай дәрежеде ұсыну педагогтің құзыреттілігіне байланысты болатындығы сөзсіз.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. К.Құдайбергенова. Құзырлылық – тұлға дамуының сапалық критерий // «білім сапасын бағалаудың мәселелері: әдіснамалық негізі және практикалық нәтижесі » атты халықаралық ғылыми – практикалық конференцияның материалдары. 2008. 30- 32-б

2. Жаңа формациядағы педагогтың жеке элитарлы тұлғалық үлгісімен іс-әрекетінің психологиялық ерекшеліктері // «Педагогика және психология» атты ғылыми-әдістемелік журнал. №1 – Алматы, 2009.

ЗАМАНАУИ БІЛІМ: ЖАҢА ТАЛАПТАР, ЖАҢА МҮМКІНДІКТЕР

Турлыбаева Гулнур Байзаковна
Алматы қаласы Қоғамдық Денсаулық сақтау Басқармасы
ШЖҚ КМК «Жоғары медициналық колледжі»
Әлеуметтік ғылымдарының магистрі

Аннотация

Бұл мақалада автор мұғалім алдында тұрған оқушының кез-келген сұрағына жан-жақты, мазмұнды оқушы қанағаттанарлықтай жауап беруі, әрі бұрынғы стандартқа сай сабақ беріп, оқушыны сабаққа қызықтыру мүмкін еместігін. Осыдан барып оқушының сабаққа ынтасын, қызығушылығын қалай арттыруға болады, ал баяу меңгеретін оқушыға қандай әдістемелік көмек көрсету.

Түйінді сөздер: *технология, компьютер, модель, теледидар, иллюстрация, фотографиялар, бейнелік, дидактикалық материалдар*

MODERN EDUCATION: NEW REQUIREMENTS, NEW OPPORTUNITIES

Turlybayeva Gulnur Baizakovna
Department of public health of Almaty
KGK on PCV"Higher Medical College"
Master of Social Sciences

Annotation

In this article, the author notes that the teacher should give a comprehensive, meaningful student satisfactory answer to any question of the student in front of him, and every teacher understands perfectly well that it is impossible to teach according to the previous standard and interest the student in the lesson. Hence the question of how to increase the student's motivation and interest in the lesson, and what methodological assistance to provide to a slow learner.

Key words: *technology, computer, model, television, illustration, photography, video, didactic materials*

Заманауи білім беру дегеніміз – оқушыны өз пәніңнен ғана оқытып қоймай, өмірде қадамын нық басуға, қоғамнан өз орнын адаспай табуға, Абай атамыз айтқандай «Дүниедегі кетікке кірпіш болып қалана білуге» үйрету. Мұғалімге берілген жаңа талап: оқытуда жаңа идеяларды әр сабақта жан-жақты қолданып, жаңаша оқытудың тиімді жолдарын тауып, жүйелі түрде қолдану.

Қазақстан Республикасының білім беру жүйесін ақпараттандыру саясаты еліміздің даму стратегиясының негізгі бағыттарының бірі, себебі XXI ғасыр – білім беру жүйесін ақпараттандыру ғасыры. Заманауи қоғамның негізгі бөлшегі – білімді ұрпақ. «Білімді ұрпақ» дегеніміз алдымызда жан-жақты білім нәрімен сусындатып отырған оқушы. Ал заманымыздың негізгі талабы – бүгінгі қоғамдағы ақпараттану желісінің негізгі құралы – компьютерді жетік меңгеру, ақпараттық-коммуникация құралдарын талапқа сай пайдалана алу, ақпарат алмасудың негізгі көзі – Интернет желісін тиімді пайдалану болып табылуда. Ақпараттық технологияның негізгі мақсаты – оқушыны қазіргі қоғам сұранысына сай, өзінің өмірлік іс-әрекетінде дербес компьютердің құралдарын қажетті деңгейде пайдаланатын жан-жақты дара тұлға ретінде тәрбиелеу.

Баяғыда Жапониядағы бір ұстаздан шәкірттері білім алудағы басты мақсат не екенін сұрапты. «Ертең бәріміз тауға серуенге шығайық. Сонда түсіндіремін. Жолға тамақ алыңдар,

бірақ су қажет емес, барған жағымыздан табылар» дейді. Ертеңіне серуенде жүріп, ауқаттанып алғаннан кейін балалар шөлдегендерін айтқаннан соң ұстаз су көзін таба алмай қалғанын мәлімдеп, өздеріне су іздеуге кеңес береді. Түсте кеткен шәкірттері қас қарайғанда оралды. Шөлдерін қандырып, мәре-сәре болып келген шәкірттеріне қарап «Бүгін шаршап-шалдыққандарыңызға қарамастан, өз беттеріңмен ізденіп жүріп, су таптыңдар. Біздің міндетіміз – сендердің өз беттеріңше еңбектенулеріңе жағдай жасау. Ішіңіздегі бір-екі бала маған арнайы су алып келіп, адамгершіліктерін танытты. Ал басты мақсатымыз – жас ұрпақты адамгершілікке тәрбиелеу», деген екен. Елімізде қолға алынып жатқан білім реформасының да басты мақсаты осы хикаяға саяды. Нақтылап айтсақ, енді мектепте бұрынғыдай мұғалім 45 минут бойы сөйлеп, сабақты тәптіштеп түсіндірмейді. Ол тек оқушының өз бетімен оқып-ізденуіне жағдай туғызатын болады.

- Оқу дағдылары (оқылым, айтылым, тыңдалым, жазылым);
- Ойлау дағдылары (білу, түсіну, қолдану, талдау, салыстыру, бағалау);
- Шығармашылық ойлау дағдысы
- Логикалық ойлау дағдысы
- Сыни ойлау дағдысы
- Алгоритмдік ойлау дағдысы
- Критикалық ойлау дағдысы
- Проблемалық ойлау дағдысы
- Технологиялық ойлау дағдысы
- Тілдік құзіреттілік дағдысы
- Оқушылардың коммуникативтік дағдыларын дамыту;

Мұғалім заман талабына сай болуы үшін ізденушілігі күннен-күнге артуда. Себебі мұғалім алдында тұрған оқушының кез-келген сұрағына жан-жақты, мазмұнды оқушы қанағаттанарлықтай жауап беруі тиіс, әрі бұрынғы стандартқа сай сабақ беріп, оқушыны сабаққа қызықтыру мүмкін еместігін әрбір мұғалім жақсы түсінеді. Осыдан барып оқушының сабаққа ынтасын, қызығушылығын қалай арттыруға болады, ал баяу меңгеретін оқушыға қандай әдістемелік көмек көркетсем екен деген сұрақтар туындайды. Оқу үрдісінің тиімділігін қамтамасыз ету үшін қажет: бір қалыптылықты пайдаланбау, деңгейлер бойынша (білу, пайдалану, қолдану) оқушылар әрекетін ауыстырып отыру; баланың ойлау (зерделеу) қабілетін дамытуға бағытталу, яғни елестету, салыстыру, байқағыштық жалпыдан негізгіні айыра алу, ұқсастықты табу қасиеттерін дамыту; компьютерлік технологияны пайдалана отырып мықты, орташа және әлсіз оқушыға сабақта ойдағыдай меңгеруіне мүмкіндік туғызу; оқушының есте сақтау қабілетін ескеру (жедел, қысқа мерзімді және ұзақ уақыттық есте сақтау). [3] Оң мотивацияларды қалыптастыру - мұғалімнің кәсіби міндеті. Мотив оқушының танымдық қызығушылықтары, жаңа білім, іскерлік, дағдыны меңгерудегі қажеттіліктерімен тығыз байланысты. Жағымды жағдай туғызу үшін оқушыны коммуникативтілікке бағыттап, сабақта оқушы іс-әрекетін ынталандыратын ерекше сабақ формаларын таңдау керек [2]. Мұғалімдердің тәжірибесі көрсеткендей, дәстүрлі емес сабақтарды ұйымдастыру оқушылардың сабаққа деген ынтасын арттырады. Бүгінгі күнде мұғалімдер оқушылардың жемісті және тиімді іс-әрекетін ұйымдастыру үшін белсенді түрде дәстүрлі емес сабақтарды пайдалануда. Дәстүрлі емес сабақ түрлеріне видеосабақтар, интернет сабақ, спектакль-сабақ, экскурсия-сабақ және т.б. жатқызуға болады. Біз оқушыларға күрделі және көлемі үлкен материалдарды бергенде зейіндерін сабаққа аудара алмай отыратындықтарын жиі байқаймыз. Дәл осы уақытта оларды қызықты әңгімемен немесе ойын арқылы ықыластарын аударып, сабаққа қарай көңілдерін аудару қажет. Әрбір ұстаздың алдына келген бала да әртүрлі ойлау қабілетінде болады, мысалы кейбірі шапшаң ойлап, шапшаң жұмыс істесе, кейбірі тақырыпты баяу қабылдап, оған тапсырманы (тақырыпты) қайтадан қарап шығу тиімді болып табылады. Осы орайда әрбір сабақты интерактивті тақтаны пайдалана отырып

презентация құралдары арқылы сипаттап, артынан осы материалды флеш-карталарына салып ерудің тиімділігін білеміз. Видео-сабақтарды қолдану мен презентацияларды демонстрациялау оқу құралы ретінде қиялды, абстрактілік ойлауды, оқытылатын оқу материалына және пәнге қызықтырушылықты арттырады. Презентациялар бір жағынан, оқушыларға жаңа материалды (иллюстрация, фотографиялар, бейнелік, дидактикалық материалдар, т.с.с) көрнекті түрде көрсету құралы болса, екінші жағынан, мұғалімдерге осы материалдарды дайындауды және оны қолдану процесін де жеңілдетеді. Видео-сабақтар педагогикалық технологияның алға басқан тағы бір қадамы. Балалардың ақпаратты теледидар, компьютер және т.б. техникалық құралдардың көмегімен жақсы қабылдайтынын жақсы білеміз. Видео-сабақты қолдану ақпаратты жоғарғы көрнекілікте көрсету және жаңашылдық элементін енгізуге көмектеседі. Ашық көркемдеулер және анимацияланған процестер назардың көбірек аударылуына, қарастырылатын тақырыпқа байланысты қызықтырушылық тудырады. Егер мұғалімнің түсіндіруін оқушы дұрыс қабылдай алмай қалса, видео-сабақтар арқылы түсіндіру қабылдауға жеңіл әрі қызықты. Мұндай әдіс жаңа материалды түсіндіруге кететін уақытты азайтады. Мысалы лекциялық материалдың мазмұны бүкіл бір сабақтың уақытын алса, ал оқу видеофильмдері - 20 минут қана уақыт алады немесе тәжірибелік жұмысқа нұсқауды көркем жеткізуге мүмкіндік береді.

Біздің елімізде білім беру жүйесін жаңғырту үш басты бағыт бойынша жүзеге асуда. Біріншісі, білім беру мекемелерін оңтайландыру; екіншісі, оқу-тәрбие үдерісін жаңғырту; соңғысы, білім беру қызметтерінің тиімділігі мен қолжетімділігін арттыру. Мұғалімге берілген жаңа талап: оқытуда жаңа идеяларды әр сабақта жан-жақты қолданып, жаңаша оқытудың тиімді жолдарын тауып, жүйелі түрде қолдану. Оқытудың парадигмасы өзгерді. Білім берудің мазмұны жаңарып, жаңаша көзқарас пайда болды. Осыған байланысты ұстаздар алдында оқытудың әдіс-тәсілдерін үнемі жаңартып отыру және технологияларды меңгеру, оны тиімді қолдана білу міндеті тұр.Білім беру бағдарламасының негізгі мақсаты – білім мазмұнының жаңаруымен қатар, критериалды бағалау жүйесін енгізу және оқытудың әдіс-тәсілдері мен әртүрлі құралдарын қолданудың тиімділігін арттыруды талап етеді. Негізінен жаңартылған білім жүйесі құзыреттілікке және сапаға бағытталған бағдарлама. Жаңартылған білім берудің маңыздылығы – оқушыға үйлесімді, қолайлы білім беру ортасын құра отырып сын тұрғысынан ойлау, зерттеу жұмыстарын жүргізу, тәжірибе жасау, АКТ–ны қолдану, коммуникативті қарым-қатынасқа түсу, жеке, жұппен, топта жұмыс жасай білу функционалды сауаттылықты, шығармашылықты қолдана білуді және оны тиімді жүзеге асыруға дағдыландыру. Жаңартылған білім беру бағдарламасының ерекшелігі – спиральді қағидатпен берілуі. Оған оқу мақсаттарын зерделей отырып, тапсырмаларды, ықшам сабақтарды құрастыру барысында көз жеткіздік. Бағалау жүйесі де түбегейлі өзгеріске ұшырап, критериялық бағалау жүйесіне өтті. Критериалды бағалау кезінде оқушылардың үлгерімі алдын ала белгіленген критерийлердің нақты жиынтығымен өлшенеді. Оқушылардың пән бойынша үлгерімі екі тәсілмен бағаланады: қалыптастырушы бағалау және жиынтық бағалау. Критериялық бағалау жүйесі Филиппин, Сингапур, Жапония, Франция, Финляндия сынды дамыған елдерде пайдаланылады. Бұл бағалау жүйесінің артықшылығы, баланың ойлау қабілетін дамытып, ғылыммен айналысуына ықыласын туғызады. Кеңестік заманнан қалған бес балдық бағалау жүйесі жойылады. Қалыптастырушы бағалау күнделікті оқыту мен оқу үдерісінің ажырамас бөлігі болып табылады және тоқсан бойы жүйелі түрде өткізіледі. Қалыптастырушы бағалау үздіксіз жүргізіле отырып, оқушылар мен мұғалім арасындағы кері байланысты қамтамасыз етеді және балл не баға қоймастан оқу үдерісін түзетіп отыруға мүмкіндік береді. Жиынтық бағалау оқу бағдарламасынның бөлімдерін (ортақ тақырыптарын және белгілі бір оқу кезеңін (тоқсан, оқу жылы, орта білім деңгейі) аяқтаған оқушының үлгерімі туралы ақпарат алу мақсатында балл және баға қою арқылы өткізіледі.

Үйренгеніміз де, үйренеріміз де көп Үнді халқының тарихи тұлғасы Махатма Гандидің «Егер сен болашақтағы өзгерісті байқағың келсе, сол өзгерісті уақытында жаса» деген ілімін негізге ала отырып, оқушы бойындағы қабілетті жетілдіріп, оқушыларды болашаққа жетелеп, жақсы істі бастағалы отырмыз. Жаңартылған білім – болашақтың кепілі.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Ахмет Л. Компьютерлік технологияны оқу-тәрбие процесінде пайдалану мүмкіндіктері Ишанғалиева А.М. Құзыреттілік — білім мен мүмкіндіктің бірігуі //№ 2. — 34-б.
2. Бабаев С., Қазиева К. Педагогикалық инновациялар мен педагогикалық озат технологиялар — талапшаң мұғалім еншісі // Бастауыш мектеп. — 2019. — № 4.25-б.
3. Қисымова Ә.Қ., Уалиева Т.Ж. Оқыту технологиялары. – Алматы. 2017
4. Мұхамбетжанова С.Т., Мелдебекова М.Т. Педагогтардың ақпараттық – коммуникациялық технологияларды қолдану бойынша құзырлылықтарын қалыптастыру әдістемесі. Алматы: ЖШС «Дайыр Баспа», 2018 ж

ДӘНЕКЕРЛЕУ ІСІ – ЖОҒАРЫ СҰРАНЫСҚА ИЕ МАМАНДЫҚ

Тултаев Бауыржан Даулеткелдиевич, Алтынбеков Бакдаулет Узакбаевич
Индустриалды-техникалық колледж
Шымкент

Аннотация. *Бұл мақалада мамандықтың болашағы: дәнекерлеу жұмыстарын жүргізу-бұл маңызды технологиялық процесс екенін түсіндіреді.. Бұл процесте дәнекерлеу жұмыстарымен айналысатын мамандарға маңызды рөл беріледі. Ел қандай экономикалық жағдайда болса да, жоғары білікті дәнекерлеушілер барлық уақытта сұранысқа ие болды**.** Қазіргі уақытта дәнекерлеу технологиясы үнемі жетілдіріліп отырады. Дәнекерлеу процестеріне кететін уақытты оңтайландыру оларға шығындарды азайта отырып жүзеге асырылатыны жайында баяндалады..*

Түйінді сөздер: *Дәнекерлеу,дәнекерлеу өндірісі.дәнекерлеу құрал-жабдықтары.*

WELDING IS A HIGHLY DEMANDED PROFESSION

Tultayev Bauyrzhan Dauletkeldievich, Altynbekov Bakdaulet Uzakbaevich
Industrial and Technical College
Shymkent

Annotation*. This article explains the prospects of the profession: carrying out welding work is an important technological process.. An important role in this process is assigned to specialists engaged in welding work. No matter what economic conditions the country was in, highly qualified welders were in demand at all times. Currently, welding technology is constantly being improved. It is reported that the optimization of the time spent on welding processes is carried out with a reduction in their costs..*

Key words: *welding, welding production.welding equipment.*

Қазыргі таңда мемлекетіміз техникалық және кәсіптік білім беру жүйесінің дамуына, кәсіптік және техникалық білім ордаларында оқылатын мамандықтардың көбеюіне аса көңіл аударып отырғаны белгілі. Жалпы жастарға сапалы кәсіптік-техникалық білім беру – заман талабы. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Жаңа жағдайдағы Қазақстан: іс-қимыл кезеңі» атты Жолдауында кәсіби білім берудің маңызына тоқталып, кәсіби білім берудің бүкіл жүйесін еңбек нарығында сұранысқа ие білікті мамандар қалыптастыруға бағыттаған жөн екенін баса айтты. Ел Президенті «Жыл сайын мектеп бітірген 50 мың түлек оқуға ақылы негізде түседі. Олардың 85 пайызы тұрмысы төмен отбасының балалары. Бұл жағдайды түзету қажет. Сұранысқа ие барлық мамандық бойынша техникалық және кәсіби білім жүз пайыз тегін берілуі керек» деді. «Мамандық» сөзі латын сөзінен шыққан, «жұрт алдында сөйлеу, жариялау» деген ұғымды білдіреді. Өз жаныңызға жақын мамандықты іздеп табу да барынша күрделі жұмыс. Жас түлек қалауын біледі, бірақ мамандығының қалай аталатынын білмейді. Ондай жағдайа психолог-профконсультант (мектеп психологтары), мектеп мұғалімдері, оқу орындарының оқытушылары, ата-аназ, туған-туыстардың көмегіне жүгінгенз жөн. Дегенмен, ең алдымен, өз жүрегіңіздің үнін тыңдауыңызға кеңес береміз.

Мамандық қарапайым өмір сүру көзі болып табылатын және қандай да бір дайындықты, жауапкершілікті талап ететін еңбек қызметінің маңызды бөлігі. Біріншіден – ол ойға алған арманның орындалуы, отбасы дәстүрін жалғастыру, екіншіден – жаңалыққа, дербестікке талпыныс, үшіншіден әйтеуір бір мамандық алу керек болған соң. Мамандық таңдау- тағдырыңды таңдау деген сөз. Кейінгі өмірде өкінбейтіндей, өз қабілеті мен

бейімділігіне сай кәсіп түрін таңдау. Бұл өте жауапкершілікті және маңызды іс. Мамандықты таңдау үшін, адам ең алдымен өзін, өз бейімділігін тануы қажет. Елімізде 2017 жылдан бастап «Баршаға арналған тегін кәсіптік-техникалық білім беру» жобасы қолға алынды. Жобаға сәйкес, мемлекет әрбір қазақстандық азаматтың алғашқы техникалық білімді тегін алуын қамтамасыз етеді. Себебі кәсіптік-техникалық білім беру – уақыт талабы. Бүгінгі жастардың басым бөлігі таза кеңседе отыруды көздейді. Бірақ елімізге қазір сол жастар «менсіне бермейтін» мамандық иелері аса қажет болып тұр.

Атап айтсақ, Индустриалды-техникалық колледжі дайындап отырған «Дәнекерлеу ісі» мамандығы туралы айта кеткенді жөн көріп отырмын. Бұл мамандықтың артықшылығы халық шаруашылығының түрлі салаларында қызмет істеуінге болады, сол себептен де «Дәнекерлеу ісі» – өте қажет мамандық. Себебі кез келген өндірістік кәсіпорында электр газымен дәнекерлеу қолданылады. Электр газымен дәнекерлеу – қосылыс жерін балқу немесе иілу күйіне дейін қыздыру әдісі арқылы металл бөлшектердің қозғалыссыз, бөлінбейтін қосылыстарын алу үрдісі.

Электргаз дәнекерлеудің көмегімен көліктердің, әртүрлі металл құрылымдардың, көпірлердің, цистерналардың немесе қазандардың және құбырлардың металл бөлшектері жалғанады. Материалдық өндірістің кез келген саласында электр газдәнекерлеуші атқаратын жұмыстарды табуға болады. Сонымен қатар дәнекерлеу – көліктердің, құрылымдардың бөлшектерін ажырмайтындай етіп қосатын сенімді әрі үнемді тәсіл болып табылады. Дәнекерлеуші шойын, болат құбырлардың құрылымдарын, тетіктерді қолмен, доғалы, плазмалы және газбен дәнекерлеуді орындайды, сонымен қатар телевизионды, фотоэлектрондық және басқа да құралдармен жабдықталған автоматтарда дәнекерлейді. Электр газымен дәнекерлеушінің міндетіне бетті жұмысқа дайындау, технологиялық режимді таңдау, дәнекерлеу үрдісін және сапасын бақылау, тиісті жабдыққа қызмет көрсету енеді. Еңбек жағдайлары: дәнекерлеу маманы үйде де, сыртта да жұмыс істейді. Жұмыстарды биіктікте және өте ыңғайсыз және қауіпті позаларда орындауға болады. Тірек-қимыл және көру аппараттарына үлкен жүктеме. Жылу және жарық сәулелерінен қорғау үшін міндетті түрде арнайы киім мен қорғаныш жарық сүзгілері бар маска (қалқан) қолданылады. Жұмыс қарқыны еркін, жалғыз және бригадаларда жұмыс істей алады, басқа профильдердің мамандарымен өзара әрекеттеседі. Бұл жағдайда оған командада жұмыс істей білу, жалпы бригаданың жұмысы үшін, сондай-ақ әр түрлі мамандар жасаған барлық жұмыстарды сапалы орындау үшін жауапкершілік сезімі қажет. Дәнекерлеу процесіндегі шеберлік: маманның шеберлік деңгейі әдетте белгілі бір бақылау әдістерімен өнімді (құрылымды) дайындау процесінде дәнекерлеу сапасын анықтау арқылы бағаланады. Мұны кез-келген функционалды сынақтың көмегімен ақаулардың түрлерімен тікелей салыстыру арқылы немесе жанама түрде жасауға болады. Яғни, маманның біліктілігі өлшенетін ақаудың рұқсат етілген дәрежесін түсінуді білдіреді. Содан кейін, анықтама бойынша, дәнекерлеу мамандары тек бір жолмен әрекет ете алады: ақаулардың алдын алу үшін қолдан келгеннің бәрін жасаңыз. Егер дәнекерлеу кезінде ақаулар сөзсіз болса, сапаны жақсарту механизмін меңгеру үшін маман нені білуі керек? Жұмыс спецификациясында немесе стандартында көрсетілген ауытқулардың белгілі және рұқсат етілген деңгейіне қарамастан, шындық мынада: дәнекерлеу мамандары барлық технологиялық процесті ақаулардың нақты санымен немесе берілген түрімен әдейі орындай алмайды. Сондықтан дәнекерлеу процесін стандартқа "сәйкес" жүргізу мүмкін емес. Себебі, дәнекерлеу мамандары тек табиғаты бойынша сапалы, яғни ақаулардың пайда болуына ықпал ететін себептерді жоюға бағытталған ескерту шараларын қолдана алады. Өндіріс, керісінше, дәнекерлеу сапасын, өнімді (құрылымды) дайындаудың бүкіл процесін жағдайға кері бағытта анықтайды. Уақыт өте келе жинақталған тәжірибе, сынақтар мен қателіктер арқылы ғана білім алушылар мен студенттерге арналған оқулықтар мен нұсқаулықтарда сипатталған танылатын техникалық әдістердің пайда болуына әкеледі. Білім белгілі бір технологиялық процесс арқылы белгілі бір дәнекерлеуді

қалай орындау керектігін көрсететін Әдістемеде өз көрінісін тапты. Бірақ бұл тәсіл алдамшы болуы мүмкін. Бүкіл өндіріс процесінің мақсаттарын байқау және түсінбеу арқылы бір нәрсені үйрену мүмкін емес. Әдетте, дәнекерлеуші инженерлер, техниктер әзірлеген байыпты құжат, бұйымды жасаудың бүкіл процесінің процедурасын сипаттайтын құжат оны іс-әрекеттер тізбегі түрінде ұсынады. Сіз жеке тілек ретінде егжей-тегжейлі жұмыс жасай аласыз. Дәнекерлеу мамандары оқыту бағдарламасының әртүрлі кезеңдеріндегі "әрекеттер мен олардың салдарын" сәйкестендіру арқылы дағдылар мен біліктілікке ие болады. Дәнекерлеу бойынша мамандарды даярлаудың тиімділігі мен функционалдығы үшін оларға қолайлы сападағы өнімді (конструкцияны) дайындаудың бүкіл технологиялық процесінде оңтайлы нәтижелерге қалай қол жеткізуге болатындығын үйрету керек, сонымен қатар бүкіл оқу барысында және одан әрі аттестаттаудан өту кезінде маманның дайындығын ескеру қажет, біздің аузымыздан шығуы керек мәлімдемені тұжырымдауға болады, атап айтқанда: "біз мұны әлдеқайда жақсырақ жасай аламыз".

Осы ретте колледжде студенттердің кәсіби дайындық сапасын, олардың шеберлігін анықтап, жастар арасында жұмыс мамандықтарын насихаттау арқылы заманауи жағдайларда олардың беделін көтеру мақсатында көптеген іс-шаралар өткізіледі. Қазіргі заман болашақ мамандарынан тек өз пәнінің терең білгірі болу емес, тарихи танымдық, психологиялық-педагогикалық, технологиялық тұрғыдан сауатты және ақпараттық-коммуникациялық технологияны жан-жақты меңгерген ақпараттық сауаттылығы, ақпараттық мәдениеті мен ақпараттық құзыреттілігі қалыптасқан маман болуы талап етуде. Студенттерге білім беруде жаңа оқыту технологияларын қолдану, инновациялық бағытта жұмыс жасау заман талабына сай орындалуда. Оқу процесінде компьютерді тиімді пайдалану және қолдану кейінгі жылдары айтарлықтай оң тәжірибе беріп отыр. Атап айтсақ, студенттердің өз бетімен ізденісі, мамандыққа деген қызығушылығын арттырып, шығармашылығын дамытуға, оқу қызметінің мәдениетін қалыптастыруға, дербес жұмыстарын ұйымдастыруға ерекше қолайлы жағдай туғызып отыр. Мұндағы мақсат – теория мен тәжірибені ұштастырып, кәсіби білікті маман дайындау.

Three-Step Interview құрылымы. Мұғалім репродуктивті және трансформациялы жаттығулар дайындайды. Берілген құрылым сұрақтарды қайталауға арналған, ол сұхбат түрінде өтеді. Бірінші және үшінші оқушы екінші мен төртінші оқушыдан сұхбат алады, сонан соң орын алмасады, жаңа жұптар пайда болады.

Outside-Inside Circle құрылымы. Мұғалім аралас жаттығулар дайындайды. Өткен тақырып бойынша және жаңа тақырып тапсырмаларын араластыра жатттығулар дайындайды. Екі топтың оқушылары екі дөңгелек жасайды (бірі бірінің ішінде) және бір біріне қарама-қарсы тұрады. Қатысушылар бір біріне сұрақ қояды, және оны есте сақтауға тырысады, жұптарымен ауысады.

Осы орайда қазіргі таңда шетел тілін білу әрбір болашақ маман иесі үшін өте қажетті заман талабы болып саналады. Бұл міндет сонымен қатар Қазақстан Республикасының техникалық жән кәсіптік білім берудің Мемлекеттік жалпыға міндетті білім стандартының талаптарында да айтылады. Стандарт талаптырына сай болашақ мамандардың тілдік құзіреттерінің қалыптасуына өте зор көңіл аудару керек, өйткені болашақ маман әртүрлі мәдени және кәсіби ортада қарым-қатынасқа түсе білуге бейім болуы керек.

Қазіргі заманда оқу орындарындары білім берумен қатар, қоғамның жаңа әлеуметтік-саяси дамуы жағдайларында, өндіріс пен ғылым және техника салаларындағы әртүрлі жаңалықтарды игеруге дайын, заман талаптарын толық қанағаттандыратын, әртүрлі іс-әрекетке дағдыланған, жаңа талаптарға тез икемделе алатын, бәсекелі ортаға бейімді маман дайындауды мақсат етеді. Республикамыздағы оқыту реформаларының ортақ мақсаты – білім жүйесін жаңа әлеуметтік-экономикалық ортаға бейімдеу болып табылады. Қазақстан бүкіл әлем бойынша жоғары білімді мемлекет ретінде, үш тілді қолданатын мекен ретінде қабылдануы керек. Қазақ тілі – мемлекеттік тіл, орыс тілі – ұлт аралық қарым-қатынас тілі және ағылшын тілі – жаһандық экономикаға сәтті интеграция тілі» деп айтады.

Кәсіби бағытты шет тілін техникалық колледж студенттеріне оқыту әжептеуір қиын және де жеткілікті дамымаған. Техникалық колледждер студенттері үшін бұл пәнді оқыту өзекті мәселе болып табылады. Кәсіби бағытты шет тілі оқылым және ауыз екі сөйлеу әрекеттері мен кәсіби іс қағаздарын жүргізу аясында оқытылады. Студенттерге қойылатын негізгі талаптардың бірі, ең алдымен олар кәсіби лексиканы меңгерулері қажет, осы бағытта студенттің оқып жатқан мамандығы жайлы мағлұмат беретін мәтіндер таңдалынып алынып және болашақ маман иелері іс қағаздарын қарам-қатынас тілі ретінде үйреніп, ресми іс қағаздарын толтыра білуге дағдылануы керек. Қазіргі таңда типтік және жұмыс бағдарламаларында болашақ мамандандардың мамандығы жайлы мәтіндерді қамтитын оқулуықтармен жұмыс істеу қарастырылған: оқылымға арналған мәтіндер, сөздікпен аударуға арналған мәтіндер және әр мәтін ауызекі тілді дамытуға арналған жаттығулар мен арнайы терминдермен жұмыс жасай ала білу дағдыларын қамтиды. Оқытушы сабақта әр студенттің дербес ерекшелігін ескере отырып бір мәтін немесе әртүрлі мәтін беруі мүмкін, бұл жерде оқытудың мамандыққа бағытталған және дербес ерекшелігіне қарап саралап оқыту қағидасы сақталады. Мәтінмен жұмыс әдетте сабақта немесе студенттің өздік жұмысы ретінде де беріледі. Өздік жұмыс ретінде студенттер мәтіндегі терминдермен жұмыс істейді: терминнің баламасын тауып, терминнің анықтамасын жазып келеді. Қазіргі кезде Қазақ бас сәулет-құрылыс академиясы жанындағы колледждің болашақ сәулеткер мамандары V. Evans-тың «Architecture» деген оқулығымен ағылшын тілі бойынша кәсіби бағдарлы білім алып жатыр. Егер оқулықтың құрылымына тоқталып өтсек, оқулық студенттерге болашақ мамандығына қатысты мәліметтер беретін, белгілі тақырып бойынша қызықты мәліметтерді қамтитын мәтіндерден және тақырыпты пысықтауға арналған жаттығулардан тұрады. Сонымен қатар, әрбір тақырып бойынша тыңдалымға арналған мәтін және ресми іс қағаз жүргізу дағдысын қалыптастыруға арналған жаттығулар да бар. Оқулықта терминмен жұмысқа арналған жаттығулардың саны да жеткілікті.

Сонымен, студенттердің болашақ мамандықтарын меңгерудегі іс-әрекеттерінің белсенділігін арттыруға мүмкіндік тудыратын кәсіби шет тілін оқыту жүйелі түрде қарастырылуы керек және сол тұрғыда нақты іс-шаралар жүзеге асырылуы тиіс. Бұл инновациялық әдістер оқуда оң мотивация мен саралауды қамтамасыз етеді, оқу процесінің тиімділігін арттырады, барлық оқушыларды, олардың шығармашылық қызметін белсендіреді. Жұмыста инновацияны қолдану мұғалімге кәсіби өсуге, өзін-өзі өзгертуге, оқушылармен бірге оқуға мүмкіндік береді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы. Астана, 2000.

2. astana-bilim.kz/files/…/janapedagogika.doc

3. Мектепте топтық жұмысты ұйымдастыру, Маденова Л.М. – магистр,оқытушы, М.Өтемісов атындағы БҚМУ, Қазақстан

4. Новые педагогические и информационные технологии в системе образования: Учебное пособие для студентов педагогических вузов и системы повышения квалификации педагогических кадров / Сост. Е.С. Полат, М.Ю. Бухаркина, М.В. Моисеева, А.Е. Петров. — М.: Академия, 2000.

5. Таубаева Ш.Т., Лактионова С.Н. Педагогическая инноватика как теория и практика нововведений в системе образования. Алматы, 2001.

6. Щуркова Н. Е. Педагогическая технология. М., 2002.

7.ҚР Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы, 2007жыл.

8.Мемлекеттік жалпыға міндетті жоғары білім стандарты, ҚР Үкіметінің №1080 қаулысымен 23.08.2012 жылы бекітілген.

9.EvansV. Architecture. ExpressPublishing,2013

«ТЕХНИКАЛЫҚ ЖӘНЕ КӘСІПТІК БІЛІМ БЕРУ КОЛЛЕДЖДЕРІНДЕ БІЛІМ БЕРУ МЕН КӘСІБИ ДАҒДЫНЫ ДАМЫТУДЫҢ МАҢЫЗЫ»

Симова Бану Шамшидиновна
«ТИжСК» колледжінің арнайы пән оқытушысы, техника ғылымдарының магистрі
Шымкент қаласы

Аннотация

Бұл мақалада болашақ кәсіби саланың мамандарын тәрбиелеуде пайдалануға болатын әдіс тәсілдер ұсынылуда, өндірістік оқыту шеберлері мен оқытушыларының озық тәжірибесі студенттерді оқыту мен тәрбиелеуде кешенді тәсілді қолданудың нәтижесі көрсетілген, теориялық және практикалық сабақтарды ұштастыра қоғамдық аспект, педагогикалық аспект, психологиялық аспект осы үш бағыт бойынша жұмыс істеу қарастырылған. Негізгі педагогикалық талаптардың қатарына әлеуметтік психологиялық – педагогикалық міндеттерді барынша толық шешуге мүмкіндік беретін оқыту, дамыту және тәрбиелеудің барлық функциялары көрсетілген.

Түйін сөздер: *Кәсіби дағды, аспект, бағалау, тәрбиелеу, бақылау, қалыптастыру.*

"IMPORTANCE OF EDUCATION AND DEVELOPMENT OF PROFESSIONAL SKILLS IN TECHNICAL AND VOCATIONAL EDUCATION COLLEGES"

Simova Banu Shamshidinovna
Special subject teacher of
"Food Industry and Service College" master of technical sciences
Shymkent

Abstract

This article presents the methods and approaches that can be used in training specialists of the future professional field, the best practices of industrial training for masters and teachers show the result of using an integrated approach in teaching and educating students, work is planned in these three areas, combining theoretical and practical classes, social aspect, pedagogical aspect and psychological aspect. Among the main pedagogical requirements, all the functions of training, development and education are indicated, which allow to solve social psychological and pedagogical problems as fully as possible

Keywords: *Professional skill, aspect, assessment, education, control, formation.*

Еңбекші жастардың өскелең ұрпағын тәрбиелеу, әрине, кешенді көзқарасты қажет ететін процесс. Кешен деп әдетте бір бүтінді құрайтын заттар немесе құбылыстардың жиынтығы ретінде түсініледі.Бұл тәсіл ең алдымен тәрбие процесінің дұрыс орындалуына байланысты.Студенттерді тәрбиелеуде адамгершілікқарым-қатынастар жасауды тәрбиелеумен айналыса отырып, біз еңбекке деген бір жақты көзқарасты қалыптастырамыз, ал керісінше еңбекке жауапкершілікпен қарауға тәрбиелей отырып, адамгершілік тәрбиесімен де айналысамыз.Демек, тұлғаның бір бағытта немесе басқа жағын қалыптастырудағы жетістіктер тұтастай алғанда бүкіл тәрбие процесінің жетістіктеріне айналады.

Сонымен қатар, белгілі бір білімді қабылдауға барлық адамдар бірдей дайындала бермейтіні белгілі. Басқаша айтқанда, кейбіреулері жақсы, басқалары нашар, ал басқалары мүлдем қабылданбайды деген сияқты баға беріледі..Өндірістік оқыту шеберлері мен оқытушыларының озық тәжірибесі студенттерді оқыту мен тәрбиелеуде кешенді тәсілді

қолдану оң нәтиже беретінін көрсетеді.Бірақ ол үшін оның барлық құрамдастарын біліп, олардың өзара байланысын ескеріп, осының негізінде оқушыларды ұтымды оқытып, тәрбиелеу керек.

Кәсіптік және техникалық колледждердегі оқу-тәрбие үрдісінің кешенді тәсілі қандай? Қазіргі білім беру процесі ішкі мазмұны мен құрылымы ғана емес, сыртқы ортамен де күрделі байланысы бар күрделі жүйе.Қолда бар ғылыми деректерге сүйене отырып, интеграцияланған тәсіл білім беру процесінің барлық құраушы элементтерінің бірлігі мен өзара байланысын орнатудан тұрады деп болжауға болады.Ол қоғамның сұранысын, педагогика мен психологияның жетістіктерін, білім берудің барлық функцияларындағы (білім беру, дамыту және тәрбиелеу) бірлігін және оның барлық құрамдас бөліктерінің бірлігін (оқыту мақсаты, мазмұны, формалары мен әдістері) көрсетуі керек. Әр аспектіні кезекпен қарастырайық.

Қоғамдық аспект: Оқу-тәрбие процесінің әлеуметтік жағы қоғамдардың әлеуметтік тапсырысымен, зайырлы мемлекеттің білікті жұмысшыларды даярлауға қойылатын талаптарымен анықталады.Қазақстан Республикасының білім беру департаменті еліміздің барлық азаматтарының жалпыға бірдей білім алуға, кәсіптік даярлыққа, мамандықты, еңбекті еркін таңдауға, ел басқару ісіне белсене қатысуға, демалуға құқықтарын заңнамалық тұрғыдан қамтамасыз етті.Колледждің педагогикалық ұжымының қызметі қоғаммен, оның әлеуметтік-экономикалық міндеттерімен тығыз байланысты болуы керек. ТИ және СҚ оқытушылар құрамының негізгі мақсаты – студенттердің әлеуметтік белсенді, қабілетті тұлғаны, болашақта білімді, білікті жұмысшы, тәжірибенің мүмкіндіктерін бойына жинап алған, жалпы кез келген іске жауапты тұлғаны қалыптастыру.









Психологиялық аспект – сабаққа дайындалу кезінде оқушылардың жеке және жас ерекшеліктерін, олардың қызығушылықтары мен бейімділіктерін барынша ескеріп, соның негізінде оқу мен тәрбие үрдісін құру қажеттілігінде жатыр. Студенттердің өзіндік іс-әрекетін ұйымдастыруға, олардың алдына физикалық және шығармашылық күшін, қиындықтарды жеңу ерік-жігерін талап ететін орындалатын танымдық және практикалық тапсырмаларды қоюға ерекше назар аудару керек.

Педагогикалық аспектәлеуметтік және психологиялық жағынан органикалық түрде байланысты. Оқыту процесінде әлеуметтік және психологиялық аспектілер жүзеге асырылады, бұл әр сабақта кешенді және психологиялық аспектілерді міндеттейді, бұл әр сабақта оларды байланыстыруға, педагогиканың, психологияның және озық тәжірибенің соңғы жетістіктері деңгейінде оқытуды жүзеге асыруға міндеттейді. Кәсіптік білім беру жүйесі студенттерге кәсіби білім мен өндірістік біліктілік беріп қана қоймай, оларды дамытып, белсенді өмірлік ұстанымын қалыптастырып, болашақ аспаздардың, кондитерлердің, даяшылардың дағдыларын қалыптастыруы керек.









Тек осы үш аспектінің өзара байланысы оқу процесінің жоғары деңгейін қамтамасыз ете алады. Негізгі педагогикалық талаптардың қатарына әлеуметтік психологиялық – педагогикалық міндеттерді барынша толық шешуге мүмкіндік беретін оқыту, дамыту және тәрбиелеудің барлық функцияларының бірлігі принципі жатады.

Колледждердің білім беру қызметі оқытудың түпкі мақсатын анықтайды. Колледждер орта білімі, кең политехникалық ой-өрісі, дамыған техникалық ойлауы бар кең профильді

және жоғары білікті жұмысшыларды, білімді өз бетінше толықтыра алатын, шығармашылық, тұрақты жетілдіруге, өндірістік өсуге табанды ұмтылысын көрсете алатын инноваторларды даярлауы тиіс.





Оқытудың дамытушылық функциясы оқушылардың танымдық іс-әрекетін жандандырумен, оларды күн сайын жаңа міндеттерді игеріп, тәуелсіз іс-әрекеттің жаңа тәсілдерін қалыптастыра отырып, білім, әдістер мен дағдылар жүйесін игеруде үнемі алға жылжытумен байланысты. Бұл іс-әрекет процесінде оқушылардың жеке басының дамуы, сенсорлық мәдениет, эмоционалдық сала жүреді.

Бүкіл оқу процесі-мазмұны, ұйымдастырушылық формалары және оқыту әдістері - тәрбие функциясына енеді. Тәрбие идеялық-саяси, адамгершілік және еңбек бірлігі негізінде құрылуы тиіс. Бұл үшін оқу-өндірістік процесте объективті жағдайлар бар, өйткені кәсіптік мектептерде оқушылардың белсенді және танымдық және практикалық іс-әрекеттеріне, материалдық құндылықтарды құруда, өндірістік жоспарларды орындауда Тәуелсіздік пен шығармашылық көзқарастың көріністеріне мүмкіндіктер жасалған.

Оқу процесінің барлық компоненттерінің бірлігінің принципі маңызды: оқу мақсаттары, мазмұны, формалары мен әдістері, сабаққа дайындық кезінде өндірістік оқыту шебері осы жағдайларды үнемі ескеріп отыруы керек, оқушылармен сабақтарда олардың даму деңгейіне сәйкес міндеттер қоюы керек, оқушыларды оқытуды ғана емес, сонымен қатар жеке қасиеттерді қалыптастыруды да қарастыруы керек.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. «Профтехучилище в современных условиях» Н.К. Деева Москва «Высшая школа»
2. «Профессиональная ориентация молодежи»А.Д. Сазонов, Н.И.Калугин, А.П Менщиков. Москва «Высшая школа»
3. «Работа мастера производственного обучения по профессиональному воспитанию учащихся» Н.Н. Дьяченко Москва «Высшая школа»

ТЕХНИКАЛЫҚ ЖӘНЕ КӘСІПТІК БІЛІМ БЕРУ ҮРДІСІНДЕ ДУАЛЬДІ ОҚЫТУ ЖҮЙЕСІ

Шымыр Гүлшат Сапарғалиқызы
Индустриалды-техникалық колледжі
(Шымкент қаласы)

Аннотация

Бүгінгі күннің болмысы кәсіби білім жүйесі алдында еңбек нарығында бәсекеге қабілетті білікті мамандар даярлау, өз мамандықтарын жетік меңгерген, өз мамандығы бойынша тиімді жұмыс жасауға қабілетті, тұрақты кәсіби өсуге дайын, әлеуметтік және оңтайлы кадрларды даярлауды талап етеді. Осыған байланысты қойылған басты міндет - мемлекеттік құрылымдардың күшін біріктіру, жұмыс берушілер мен оқу орындарын облыстық кәсіпорындар мен өнеркәсіптерді білікті мамандармен қамтамасыз ету мәселесінде жұмылдыру. Дуалдық жүйе бойынша оқыту білім алушылардың кәсіби біліктер мен дағдыларды, іскерліктерді тікелей жұмыс орнында меңгеріп, жан-жақты кәсіби дамуына мүмкіндік беріп, түрлі жүйелердің – білім, ғылым, өндірістің – өзара байланысын, өзара әсерін, өзара кірігуін қамтамасыз ету арқылы кәсіптік білім беру жүйесінің сапасын арттыратындығы сөзсіз.

Түйін сөздер: *жобалық іс-шаралар, техникалық құралдар, заманауи инновациялық технологиялар, ынтымақтастық, интернет ресурстары, мультимедиялық құралдар, компьютерлік технологиялар*

DUAL SYSTEM OF TRAINING IN THE PROCESS OF TECHNICAL AND VOCATIONAL EDUCATION

Shimyr Gulshat Sapargalievna
Industrial and Technical College
(Shymkent city)

Annotation

The realities of today require the training of qualified specialists who are competitive in the labor market, the training of social and optimal personnel who are well versed in their specialties, able to work effectively in their specialty, ready for sustainable professional growth. In this regard, the main task is to unite the efforts of state structures, to mobilize employers and educational institutions in providing qualified specialists of regional enterprises and industry. Training in the dual system will undoubtedly improve the quality of the vocational education system by acquiring students' professional skills and abilities directly at the workplace and ensuring comprehensive professional development, interconnection, interaction, integration of various systems-education, science, production.

Keywords: *words: project activities, technical tools, modern innovative technologies, cooperation, Internet resources, multimedia tools, computer technologies*

Дуальды оқыту жүйесі дегеніміз - теорияны өндіріспен ұштастыра оқыту технологиясы. Ол алғаш Германияда пайда болып, негізі қаланды. Дуалды оқыту жүйесінің кәсіби мамандар даярлауда тиімділігі мен нәтижелілігі зор екендігі тәжірибеде дәлелденген. Дуалды оқыту жүйесінің негізгі мақсаты – техникалық – кәсіптік оқу орындарының жұмыс беруші жеке сектордағы өндіріс, шаруашылық мекемелерімен серіктестік ретінде бірлесе

отырып, нарық заманында бәсекелестікке төтеп бере алатын, жаңа инновациялық-технологиялық бағдарламаларды меңгеруге дайын жұмысшы мамандар даярлау.

Техникалық және кәсіптік білім беруге қазіргі уақытта ел көлемінде айрықша мән беріліп отыр. Техникалық және кәсіптік-білімнің бәсекеге лайық ілгерілеп дамуы мемлекет, бизнес құрылымдарының және азаматтардың әлеуметтік жағдайына орасан серпін берері сөзсіз. Дуальдық жүйе маман даярлауда өндіріс, білім алушының және мемлекеттің мүдделерін біріктіруге бағытталған кәсіптік білім берудің түрі. Бұл өндіріс орны үшін экономикалық жағынан тиімді. Маманды қайта даярлауға, жұмыс орнына бейімдеуге уақыт кетпейді. Білім алушы жастар үшін өмірдегі өз орнын ерте табуға мүмкіндік туады, жұмысқа ерте араласып, бейімделеді.

Қазіргі кезде, әлемде оқытудың дуальды жүйесі кәсіптік-техникалық кадрлар даярлаудың ең тиімді жолдарының бірі. Оның ерекшелігі сол кәсіптік оқыту үдерісінің басым бөлігі оқу орнында емес, кәсіпорындарда технологиялық, диплом алдындағы тәжірибелерден өтеді.

Шаруашылықтың қай саласын да өздері таңдаған мамандықтарын кәсіби тұрғыдан жан-жақты игеріп, озық технология мен заманауи техника тілін меңгергендер ғана дамыта алады. Сондықтан еліміздегі өндіріске қажетті мамандар әзірлеу деңгейін көтеру міндетін әлеуметтік серіктестік, теория мен тәжірибенің үйлесімділігі атқарады. Бұл үйлесімділік дуальды білім беру жүйесінде жан-жақты өрістей алады. Өңірлерде дуальдық жүйені енгізу бойынша жұмыстар кәсіпорындармен оқу жоспарларын, оқу процесінің кестесін қайта қараумен, кәсіптік білім беру орындарының материалдық-техникалық базасын жетілдірумен тығыз байланысты. Сонымен қатар, мамандықтар тізімін ұлғайтуға, оқытушылардың біліктілігін арттыруға ден қойылуда. Дуальдыжүйеменоқытудыңжетістігікөп.

- ❖ Бітіруші түлектердің жұмысқа орналасу көрсеткіші жоғары болады, себебі оқу барысында өндіріспен тығыз байланыста болған оқушы жұмыс берушінің барлық талаптарын игеріп, меңгерген жұмысшы маман болады.
- ❖ Жақсы білімді, болашақ жұмысшы маман психологиялық жағынан жаңа ортаға бейімделген дайын маман болып шығады. Өндірісте өздігінен шешім қабылдай алады. Теория мен тәжірибені меңгеріп, бекітілген жұмысқа деген жауапкершілік сезімі жоғарылайды. Өндірісте болғандықтан ұжыммен жұмыс жүргізеді және өндірістегі жұмыстарға бейімделеді.
- ❖ «Тәжірибеден теорияға» принципі мен жұмыс жүреді, оқушы теориялық, яғни текстпен айтудан гөрі, өндірістегі жағдаяттарға сәйкес жұмыс жүргізеді. Теориядағы қиындық келетін терминдер мен есептерді тәжірибежүзінде шешеді.
- ❖ Жұмыс берушінің оқушыға берген бағасы дайындалған маманның біліктілігімен байқалады. Алғашқы күннен бастап ұзақ уақыт өндірісте жұмысшы болған оқушы, өзінің білім мен ынтасын көрсетеді.
- ❖ Оқытушы тек қана теорияны ғана меңгермей, өндірістегі соңғы жаңалықтарды біліп, заманауи талаптарды меңгереді.
- ❖ Бюджеттік шығын азаяды, себебі оқуға кеткен шығынның біраз бөлігі өндірісте болғандықтан оқушы оны күнделікті көріп, игереді.

Жоғарыда аталған мәселелердің барлығы дуальды оқыту технологиясы енгізіліп, жүзеге асқан кезде қолжеткізетін нәтижелер. Еліміздегі кәсіби-техникалық білім беру жүйесі ең бірінші кезекте ұлттық экономиканың мамандарға деген қазіргі және келешектегі сұранысын барынша өтеуге бағдар ұстауы керек. Өйткені, экономиканың қарқынды дамуы мен кәсіби-техникалық маман иелеріне сұраныс та күнсанап артуда. Соған орай, теориядан гөрі тәжірибеге басымдық берілетін дуальдық жүйені енгізу халықты жұмыспен қамту проблемасын шешудің бірден-бір тиімді жолы екендігі анық.

ИНДУСТРИАЛДЫ-ТЕХНИКАЛЫҚ КОЛЛЕДЖІНЕ 80 ЖЫЛ

Білімді үйреніп басқаларға үйрету – халыққа сапалы қызмет көрсетудің тетігі тәжірбиелі, білімді мамандардың қолында – деп бекер айтылмаса керек. Білгенін басқаларға үйрету үлкен сауапты іс деп ойлаймын. Олүшін білікті де тәжірбиелі тәлімгерлерден өндірістік базасында, жұмыс орнында жұмыстың әдістерін, қырсырын үйлесімі - мен үйреніп сұранысқа ие нағыз өзісінің шебер иесі болуға тырысу. Студенттердің қызығушылығы мен мекемелердің сұранысына қарай жұмысқа деген ынтасын ептілігі мен ұқыптылығын арттыру. Дуалды жүйе бойынша оқытылатын тұлғаның қажетті біліктілік пен еңбек дағдыларына, кәсіби білімге ие болса еңбек нарығында сұранысы жоғарылайды. Сонымен бірге оқу орныны болсын мекемелерде де осы мамандыққа деген сұраныс көбейіп, халықтың жұмыссыздығы кемиді. Бұл біздің кәсіптік техникалық колледждердің, білім беру мекемелерінің бәсекелесуге қабілеттілігін жоғарылатады деп сенеміз. Өндіріс орындарының сұранысы негізінде кәсіби деңгейі жоғары көпсалалы маман даярлауда колледж қосымша жұмысшы мамандықтарды оқытуды қажет етеді. Көпсалалы мамандықтарды даярлаудың, қосымша мамандықтарды игерудің негізгі түсінігі тәжірбиедегі уақыттарын тиімді пайдалану өндіріс орындарымен келісілген оқужоспары арқылы жүргізіледі.

Қазіргі кезде кәсіптік техникалық колледждер заманымызға сай жаңару мен даму үстінде. Бұның барлығы кәсіптік білім беруде оқытудың заманауи бағдарламалары мен оқыту әдістемелерін жаңғырту игеру және пайдалануда басқару қызметінің маңыздылығына көз жеткізе түседі.Дуальды оқытудың артықшылығы ең алдымен жас мамандардың жұмысқа орналасуының жоғарғы пайзын көрсетеді. Өйткені олар жұмыс берушінің талаптарына толығымен жауапбереді. Дуалды білім беру процесі, ең алдымен жеке тұлғаға бағытталып, студенттің шығармашылық іскерлік сапаларын, коммуниактивтілігін, жұмысқа бейімділігін, рухани-адамгершілік мәдениетін және болашақ мамандардың сауаттылығын қалыптастырады. Дуалды білім беру жүйесі оқу үрдісінде кәсіптік техникалық колледждер базасында қалыптасып, жұмысшы мамандарды өндіріске бейімдеу қажет.

Қорыта келгенде, егер дуальдық жүйемен оқыту әдістемесі жетілдіріліп, заңды түрде күшіне енгізілсе, жақсы нәтиже береді деп есептеймін:

1) Дуалдық жүйе – оқытудың дәстүрлі түрлері мен әдістерінің негізгі кемшілігін, яғни теория мен тәжірибенің арасындағы алшақтықты жояды;
2) Техникалық және кәсіптік білім беру мекемелері бітіруші түлектерін кәсіпорындарға жұмысқа орналастыру үшін жұмыстанады;
3) Жұмыс беруші мен тығыз байланыста жұмыс жасайтын оқу орны болашақ мамандарға қойылатын талаптарды ескеріп отырады;
4) Әлеуметтік серіктестіктер өндіріс талабына сай, білім алушыға қойылатын біліктілік талаптарды дайындауға, кәсіптік стандарттарды, дуальды қоқыту жүйесі бойынша өзгеретін модульдық бағдарламаны, оқу бағдарламасын дайындауға және оқытушыларды тағылымдамадан өткізуге қатысады;
5) Әлеуметтік серіктестіктер мамандар дайындау бойынша мемлекеттік тапсырманы қалыптастыруға қатысады;
6) Оқушының кәсіби дайындық деңгейін бағалау және біліктілікті тағайындау үшін құзырлы мамандар мемлекеттік емтихан комиссиясы мүшесі ретінде қатысады;
7) Білімалушы дуальдық жүйемен оқыту нәтижесінде белгілі құзіреттерді меңгерген кәсіби дағдыға ие болады;
8) Оқу орнын бітіруші жұмысқа орналасу мүмкіндігіне ие болады.

Студенттер осы әлеуметтік серіктестер мен теория мен тәжірбиені ұштастырып жұмыстар жасауда және олар өндірістік машықтану кезінде озат іс тәжірибелі мамандардан үйреніп, жаңа жабдықталған технологияны меңгереді және жұмыстар жасайды.

Біздің басты бағытымыз – өзінің туған жері мен елін сүйетін, білімді де білікті, ұтқыр ойлы ұрпақтар тәрбиелеу. Тәлімгерлеріміз сапалы білім алып, отанға деген патриоттық

сезімін, еліне деген сүйіспеншілігін болашаққа деген нық сеніммен қадам басып өз міндеттеріне жауапкешілікпен қарайды деп сенемін.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы

2. Қазақстан – 2050» стратегиясы –қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауы

3.Дуальды оқытуды ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 21 қаңтардағы № 50 бұйрығы.

4. https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1600013422

ТЕХНИКАЛЫҚ ЖӘНЕ КӘСІПТІК БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМДАРЫНДА ЖАҢА ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫҢ ШЕТ ТІЛІН ОҚЫТУДАҒЫ ПАЙДАСЫ

Эргешова Зилола Пазлаковна
Ағылшын тілі пәнінің оқытушысы. Кентау көпсалалы колледжі
(Түркістан облысы, Кентау қаласы)

Аннотация.
Мақалада жаңа ақпараттық технологияларды пайдалану, интернет ресурстары сияқты заманауи инновациялық технологиялар талқыланады, шетел тілін оқытудың студентке бағытталған тәсілін жүзеге асыруға көмектеседі. Ағылшын тілі сабақтарында инновациялық технологиялардың көмегімен бірқатар дидактикалық міндеттерді шешуге болады: ғаламдық желі материалдарын пайдалана отырып, оқу дағдыларын қалыптастыру; оқушылардың жазу дағдыларын жетілдіру; оқушылардың сөздік қорын толықтыру; оқушылардың ағылшын тілін үйренуге деген мотивациясын қалыптастыру. студенттердің ой-өрісін кеңейту, ағылшын тілінде сөйлейтін елдердегі адамдармен іскерлік байланыстар орнату және қолдау

Түйін сөздер: *жобалық іс-шаралар, техникалық құралдар, заманауи инновациялық технологиялар, ынтымақтастық, интернет ресурстары, мультимедиялық құралдар, компьютерлік технологиялар*

BENEFIT OF NEW TECHNOLOGIES IN TEACHING A FOREIGN LANGUAGE IN TECHNICAL AND VOCATIONAL EDUCATION ORGANIZATIONS

Ergeshova Zilola Pazlakovna
Teacher of English language. Kentau Multidisciplinary College
(Turkistan region, Kentau city)

Abstract.
The article discusses the use of new information technologies, modern innovative technologies such as Internet resources, which help to implement a student-oriented approach to teaching a foreign language. A number of didactic tasks can be solved with the help of innovative technologies in English classes: formation of study skills using global network materials; improvement of students' writing skills; supplementing students' vocabulary; formation of students' motivation to learn English. broadening students' horizons, establishing and maintaining business contacts with people in English-speaking countries

Keywords: *words: project activities, technical tools, modern innovative technologies, cooperation, Internet resources, multimedia tools, computer technologies*

Соңғы жылдары оқу үрдісінде заманауи технологияларды қолдану мәселесі жиі көтерілуде.Бұл жаңа техникалық құралдар ғана емес, сонымен қатар оқытудың жаңа формалары мен әдістері, оқу процесіне жаңаша көзқарас. Шет тілін оқытуда заманауи технологияларды пайдалана отырып, өз алдыма қойған басты мақсатым – студенттерге шет тілін оқыту сапасын арттыру, олардың коммуникативті мәдениетін қалыптастыру және дамыту, практикалық сабақ беруде технологияларды қалай тиімді пайдалануға болатынын көрсету және шет тілін меңгеру. « Кентау көпсалалы колледжі » оқытушысы ретінде менің міндетім – әрбір студенттің тілді практикалық меңгеруіне жағдай жасау, әр студенттің өз белсенділігін, шығармашылығын көрсетуге, оқу үдерісінде танымдық белсенділікті жандандыруға мүмкіндік беретін оқыту әдістерін таңдау шет тілін үйрену. Компьютерлік

бағдарламалар мен интернет-технологиялар сияқты заманауи құралдарды, сондай-ақ бірлескен оқыту мен жобалық әдістерді пайдалану бұл мәселелерді шешуге мүмкіндік береді.

Белсенді оқыту оқушының нақты өмірде проблемалық жағдаяттарды шешу қажеттілігімен бетпе-бет келуіне негізделген. Бұл әдіс тұлғаның өзін-өзі ұйымдастыруына және өзін-өзі дамытуға бағытталған. Негізгі қағида – білім алушының өзі оның білімін жасаушы. Белсенді оқыту, әрине, шетел тілін оқытудың қазіргі кезеңіндегі басымдық болып табылады. Оқушының дербестігін, икемділігін, сыни тұрғыдан ойлауын дамытуға бағытталған белсенді оқыту әдістеріне басымдық беру керек. Мәдениетаралық өзара әрекеттестік студенттерде шет тілінің коммуникативтік құзыреттілігінің барлық компоненттері қалыптасқан жағдайда ғана мүмкін болады: білім беру, лингвистикалық, сөйлеу, әлеуметтік-мәдени және компенсаторлық.

Оқытудың заманауи тәсілі – оны технологиялық негізде құру. Оқыту технологиясының жалпы принциптері мен ережелері төмендегідей көрінеді: мақсат қою; оқушы әрекетін оның дербес әрекетіне айналдыру; тәрбиелік және дамытушылық мақсаттар мен әдістерді нақтылау; соңғы нәтижелердің қысқаша сипаттамасын және бір логикамен байланыстырылған жеке сыныптардың бүкіл тізбегін құруды қамтитын тақырыптық жоспарлау; студенттің оқу-танымдық іс-әрекетінің әрбір кезеңінде бақылау; оның шығармашылық белсенділігін ынталандыру, оқушыға білуге ғана емес, сонымен қатар қабілеттілікке бағыттау.

Әдістерді таңдаудың маңызды факторы білім берудің үздіксіздігін қамтамасыз ететін білім берудің әртүрлі деңгейлерінің сабақтастығы принципі болып табылады. Шетел тілінің коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастырудың және орта кәсіптік білім берудің сабақтастығын қамтамасыз етудің оңтайлы жолы – бірлескен оқыту, интернет пен мультимедиялық құралдарды пайдалану сияқты шет тілін оқытудың заманауи әдістерін дәстүрлі оқу үдерісіне кіріктіру.

Білім берудегі инновациялық технологиялар ең алдымен компьютерленген оқытуды қолданумен тығыз байланысты ақпараттық-коммуникациялық технологиялар болып табылады.

Оқыту процесіне ақпараттық-коммуникациялық технологияларды енгізудің басталғанына көп уақыт бола қойған жоқ. Дегенмен, оның таралу қарқыны керемет жылдам. Шетел тілі сабақтарында интернет-технологияларды пайдалану оқушылардың ынтасын дамытудың тиімді факторы болып табылады. Көп жағдайда балалар компьютермен жұмыс істегенді ұнатады. Сабақтар бейресми жағдайда өтетіндіктен, оқушыларға іс-әрекет еркіндігі беріледі, ал кейбіреулері АКТ саласындағы білімдерін «жарқырата» алады.





(Кентау көпсалалы колледжі, ағылшын тілі сабақ барысы).

Бүгінгі күні интернет-технологияларды қолданудың болашағы айтарлықтай кең. Бұл мыналар болуы мүмкін:

Оқытылатын тілдердің елдерінің тұрғындарымен электрондық пошта арқылы хат алмасу;

Халықаралық интернет-конференцияларға, семинарларға және осы тектес басқа да желілік жобаларға қатысу;

Желіде сайттар мен презентацияларды құру және орналастыру (Олар оқытушымен және студентпен бірлесіп жасалуы мүмкін. Сонымен қатар, әртүрлі елдердің оқытушылары арасында презентациялармен алмасуға болады).

Педагогикалық тәжірибе көрсеткендей, интернет-ресурстарды құру жұмысы студенттерді жаңашылдығымен, өзектілігімен, шығармашылықпен қызықтырады. Шағын топтарда оқушылардың танымдық іс-әрекетін ұйымдастыру әр оқушының өз белсенділігін көрсетуіне мүмкіндік береді. Дүниежүзілік желі шет тілін үйренушілерге түпнұсқа мәтіндерді пайдалануға, ана тілінде сөйлейтіндермен қарым-қатынас жасауға, табиғи тілдік ортаны құруға және мәдениетаралық өзара әрекеттесу қабілетін қалыптастыруға бірегей мүмкіндік береді.

Шетел тілі сабақтарында интернет материалдарын мақсатты пайдалану бірқатар дидактикалық міндеттерді тиімді шешуге мүмкіндік береді, атап айтқанда:

-оқу дағдыларын жетілдіру;

-сөздік қорын қазіргі шет тілінің сөздік қорымен толықтыру;

-желі материалдарын талқылай отырып, монологтық және диалогтік сөйлеу дағдыларын жетілдіру;

-барлығын қызықтыратын мәселелерді талқылау барысында шет тілі іс-әрекетіне тұрақты мотивацияны қалыптастыру.

Интернет шет тілін оқыту процесінде жазбаша сөйлеу әрекетінің түрлерін меңгеруге коммуникативті тәсілді жүзеге асыру мүмкіндігін бере отырып, жазбаша қарым-қатынас құралдарын меңгеру үшін ерекше мүмкіндіктер ұсынады. Шетел тілін оқыту мақсатында желіде еркін қарым-қатынас та, электронды пошта режимінде де байланыс қолданылады.

Максималды нәтижеге жету үшін оқыту үдерісінде инновациялық, оның ішінде, әрине, әр түрлі медиа білім беру технологияларын кеңінен қолдану қажет.

Заманауи әдістемеде «мультимедиа» осы оқу құралының дидактикалық қасиеттерімен және атқаратын қызметтерімен анықталатын бірқатар мәселелерді шешуге қабілетті көптеген техникалық оқыту құралдарының бірі ретінде қарастырылады. Осы тұрғыдан алғанда, мультимедиа – әр түрлі ақпарат түрлерін – дыбыстық, визуалды біріктіретін және оқушымен интерактивті әрекеттесуді қамтамасыз ететін техникалық оқыту құралы. Интерактивті қасиеттер, яғни. ақпаратты ұсыну процесін басқару қабілеті студентті белсенді оқу процесіне тартады, оның танымдық белсенділігін ынталандырады, оқуға тұрақты мотивацияны сақтауға көмектеседі.

Бұл оқу құралы (мультимедиа) сізге мүмкіндік береді:

- оқу барысында (мәтін, дыбыс, бейне) әртүрлі типтегі ақпараттарды біріктіру;
- әртүрлі типтегі үлкен көлемдегі ақпаратпен жұмыс істеу дағдыларын дамыту;
- сыни тұрғыдан ойлауды дамыту;
- танымдық процесті ынталандыру;
- оқушылармен интерактивті әрекеттесу;
- мультимедиялық ортада топтық жұмысты ұйымдастыру;
- оқуға тұрақты мотивацияны қалыптастыру;
- оқу және кәсіби дағдыларды дамыту үшін шындыққа барынша жақын жағдай жасау.

Мультимедиа оқыту құралы ретінде басқа оқу құралдарынан ең алдымен екі негізгі дидактикалық қасиетімен ерекшеленеді: ақпаратты әртүрлі формада (мәтін, дыбыс, бейне және т.б.) ұсынудың интегративті тәсілі және көптеген мәселелерді шешуге мүмкіндік

беретін оқушымен интерактивті әрекеттесу мәселелері.Заманауи дидактикалық міндеттер, атап айтқанда, қазіргі білім мазмұнының негізі ретінде нормативтік құжаттармен белгіленген негізгі құзыреттіліктерді қалыптастыру:

1. Өз бетінше танымдық іс-әрекет саласындағы құзыреттілік;
2. Азаматтық және әлеуметтік қызмет саласындағы құзыреттілік;
3. Әлеуметтік-еңбек қызметі саласындағы құзыреттілік;
4. Тұрмыстық саладағы құзыреттілік;
5. Мәдени-тынығу қызметі саласындағы құзыреттілік.

Заманауи компьютерлік құралдар оқыту, оқыту және бақылау сияқты жаңа компьютерлік бағдарламаларды жасауға мүмкіндік береді. Мұндай бағдарламалар арнайы білім беру мақсаттары үшін жасалған және шет тілін үйрену кезінде өз бетінше оқу және үй тапсырмасын орындау процесінде кеңінен қолданылады. Материалды өз бетінше меңгеру кезінде компьютерді пайдалану мыналарды қамтамасыз етеді: 1) жұмыстың еркін режимі, 2) шектеусіз жұмыс уақыты, 3) субъективті факторларды алып тастау, 4) шет тілін меңгеруге барынша қолдау көрсету. Компьютерлік бақылау құралдары өздік жұмыстың тиімділігін, нәтиже алу тиімділігін арттырады, бағалаудың объективтілігін 20-25%-ға арттырады.

Оқу үрдісіне заманауи әдістерді енгізу білім берудегі жаңа тәсілдер негізінде білім беру мақсаттарын жүзеге асыруға мүмкіндік береді:

1. Жалпы және кәсіптік білім берудің сабақтастығын қамтамасыз ету;
2. Шет тілін функционалдық білімін қамтамасыз ете отырып, студентті тіл білімін жалғастыруға ынталандыру;
3. Студенттердің өз бетімен жұмыс істеу дағдысын дамыту және олардың үздіксіз білім алу мен өзін-өзі жетілдіру қажеттілігін сезіну;
4. Мұғалімдердің кәсіби өсуіне, шығармашыл мұғалімдер қауымын құруға ықпал ету.

Колледжімізде шет тілін оқытудың инновациялық технологияларын қолдану оқытушы мен студенттер арасындағы субъектілік қарым-қатынасты дамытуға негізделген. Бұл қатынастар мынаны білдіреді: оқушыны оқу-тәрбие процесінің басты құндылығы ретінде тану; ынтымақтастыққа көшу (мұғалім білім алушының өз бетімен білім іздеуін жүргізетін оқу іс-әрекетін ұйымдастырушы ретінде әрекет етеді); студенттің субъективті тәжірибесін анықтау және барынша пайдалану, оның тәжірибесін әлеуметтік маңызды тәжірибемен үйлестіру; студенттің жеке функцияларын белсендіру.

Әрбір нақты мұғалімнің технологияны таңдауы педагогикалық жағдайды талдауға негізделген. Шетел тілін оқыту технологиясын анықтауға міндетті түрде әсер етеді, мысалы, пәнге, жеке тақырыпқа бөлінген уақыт мөлшері; оқушылардың дайындық деңгейі, олардың жас ерекшеліктері; оқу орнының материалдық жабдықталуы; мұғалімнің дайындық деңгейі.

Сонымен, қорытындылай келе, қазіргі заманғы интерактивті педагогикалық технологиялар адамды тәрбиелеу мен өзін-өзі тәрбиелеудің негізгі қозғаушы механизмі ретінде мотивацияға әкелетін мүмкіндіктердің үлкен саны деп айта аламыз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Чупрасова В.И. Білім берудегі заманауи технологиялар [Электрондық ресурс]. – қол жеткізу режимі: http://referat. kk/referats/view/ 14359

2. Горегляд О.Л. Мектеп оқушыларына шет тілін оқытудағы инновациялық үрдістер [Электрондық ресурс]. – кіру режимі: http://festival.1september.ru/

3. Полат Е.С. Шетел тілі сабақтарындағы жобалар әдісі. [Мәтін] / Е.С. Полат // Мектептегі шет тілдері. - 2000. - № 2. – Б. 3–10.

КОЛЛЕДЖДЕ БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНДЕГІ ПӘН МЕН ТІЛДІ КІРІКТІРІП ОҚЫТУ МОДЕЛІ

Әбдіқадыр Гулжан Нұралықызы
Мұғалім.Қазақ-неміс политехникалық колледжі
(Кентау қ., Түркістан)

Аннотация

Бәсекеге қабілетті мамандар даярлау – бүгінгі күннің басты талабы.Болашақ мамандарымыздың кәсіби дайындығының жоғары деңгейде, бәсекеге қабілетті болуы қазіргі жоғары білім берудің өзекті мәселесі, атап айтқанда міндеті болып табылады. Бұл мәселенің бір қыры – болашақ мұғалімдердің кәсіби міндеттерін шешуге дайындығын қалыптастыру, ол кәсіби мәселелердің негізі болып табылады. Шетел тілін оқыту саласында және пәнді оқу саласында CLIL технологиясы арқылы оқытудың негізгі ерекшеліктері – оқытылатын пәннің мазмұнына шет тілін кіріктіру, атап айтқанда тілдік деңгейді, қарым-қатынас кезінде әлеуметтік, мәдени және академиялық дағдыларды қалыптастыру. кәсіби саладағы шет тілі. Шет тілін CLIL әдісі бойынша оқыту білім беру жүйесінде міндеттер мен мақсаттарға байланысты жүзеге асырылады, әр пәнді өткен сайын шет тілін енгізу талап етіледі. CLIL технологиясы сабақтарды әртүрлі білім беру контекстінде қолданылатын бірқатар теориялар мен тәсілдермен үйлестіре өткізуге мүмкіндік береді.

Кілт сөздер: *маман моделі, кіріктірілген пән және тілді оқыту, когнитивтік тілдік құзыреттілік, CLIL мұғалімдерін дайындау, сөйлеу стратегиясы, рефлексия.*

MODEL OF CONTENT AND LANGUAGE INTEGRATED LEARNING IN THE COLLEGE SYSTEM

Abdikadyr Gulzhan Nuralykyzy
Teacher.Kazakh-german polytechnic college
(Kentau c., Turkistan)

Abstract

Training of competitive specialists is the main requirement of today. High level and competitive professional training of our future specialists is an urgent problem, in particular, a task of modern higher education. One aspect of this problem is the formation of the readiness of future teachers to solve professional tasks, which is the basis of professional problems. The main features of teaching using CLIL technology in the field of teaching a foreign language and teaching a subject are the integration of a foreign language into the content of the taught subject, in particular, the formation of language level, social, cultural and academic skills during communication. foreign language in the professional field. Teaching a foreign language according to the CLIL method is carried out in the educational system depending on the tasks and goals, each subject is required to introduce a foreign language. CLIL technology makes it possible to conduct lessons in harmony with a number of theories and approaches used in different educational contexts.

Keywords: *specialist model, integrated subject and language teaching, cognitive language competence, CLIL teacher training, speaking strategy, reflection*

Бәсекеге қабілетті маман даярлау – заман талабы. Ал ол мамандарды әрине ұстаздар тәрбиелейді. Қазіргі заманғы жоғары білім әрқашан пәнаралық байланыс пен интеграцияны жетілдіруде өзекті болып саналады. Оның мәні бөлінбейтін тұтастықты құруда айқындалады.

CLIL – кіріктірілген пәндік-тілдік білім беру пәнді шет тілінің көмегімен оқыту әдістемесін сипаттау үшін жиі қолданылады. Оның негізгі мақсаты – белгілі бір пәнді меңгеру және шет тілінде тілдік дағдыларды жетілдіру.

Заман талаптарына сай білім беру жүйесі жетіліп, жаңа қырларынан жан-жақты көрініс беріп, білім берудің мазмұны да күн өткен сайын жаңартылып әрі күрделеніп келеді.CLIL - Content and Language Integrated Learning - Пән мен тілді кіріктіріп оқыту әдісі. Пәндерді екінші не үшінші (қазақ, орыс не ағылшын) тілде оқыту. Пән мен тілді кіріктіріп оқыту әдісін (CLIL) Еуропада көп тілді білімді дамыту іс-қимылдары шеңберінде ұсынылған болатын. Аталмыш әдіс үздіксіз өзгеріс үстіндегі жаһандану заманында біздің болашақ мамандарымыздың бәсекеге қабілеттілікерінің бір белгісі болып табылатын тілдерді және басқа тілдерге пәндерді игеруді жүзеге асыру үшін әзірленген. Бұл жаңашыл көзқарас білім беру мазмұнын толықтырып, білім беру жүйесін қазіргі заман талабына сай дамыта оқытуды ұйымдастырудың түрлі әдіс-тәсілдерін түрлендіре алып отыруды қажет етеді. Бұл әдісті Еуропа елдерінде әртүрлі мектептерде тәжірибеден өткізген, атап айтқанда Финляндия, Венгрия, Балтық жағалауы елдерінде, соның ішінде Литва, Эстонияда қолданылған.

CLIL әдісі бойынша шет тілін үйрету білім беру жүйесінде міндет пен мақсатқа байланысты жүргізіледі, әрбір пәнді өтуде шет тілін енгізу талап етіледі. CLIL (Content and Language Integrated Learning — Пән және Тілді Кіріктіріп Оқыту) технологиясы әртүрлі білім беру контекстінде қолданылатын бірқатар теориялар мен тәсілдерді біріктіріп сабақ өтуге мүмкіндік береді. CLIL технологиясын енгізудің әртүрлі әдістерін сипаттайтын бірқатар терминдер бар, мысалы тілді толығымен енгізу және т.б.

Әдістер. CLIL әдісінің басты мақсатына білім алушылардың танымдық (немесе академиялық) тілдік құзіреттілігін қалыптастыруға мүмкіндік береді. Бұл әдістің артықшылығына уақытты үнемдеу, шет тілін және пәндерді шет тілінде өту барысында білім алушылардың ынтасын арттыру жатады. Сонымен қатар оқушылардың бәсекеге қабілеттілігін арттыру, шет тілін меңгеру, сөздік қорын көбейту, қажетті ақпаратты жіберу қабілеті мен іскерлігі жатады. CLIL технологиясын қолданып білім беру бағдарламаларын жоспарлау кезінде әдетте 4C әдісі ескеріледі: content (мазмұны), communication (байланыс), cognition (таным), culture (мәдениет).

Content (мазмұны) – бұл ақпараттық құзыреттілігін қалыптастыратын пәндік аймақтағы білім, іскерлік, дағды, яғни, өздігінен іздеу, талдау, таңдау, өңдеу және қажетті ақпаратты жіберу қабілеті мен іскерлігі;

Communication (байланыс) –сабақта шетел тіліне үйренуге емес, шетел тілі білімін қосымша қолдануды ұсынатын тілде оқыту, осылайша, студенттер шетел тілін оқу кезінде қолданады, сондай –ақ, оны қалай пайдалану керектігін үйренеді. Бұл аспект коммуникативті құзырлықтарды қалыптастырады, себебі тыңдай білу, сұрақтар қоя білу және оларға нақты жауаптар құрастыру, қарастырылатын мәселелерді мұқият тыңдау және белсенді талқылау, серіктесінің пікірін түсіну және оларға сыни баға беру жеке тілдік қатынас қабілетін дамытады;

Cognition (таным) – танымдық және ойлау дағдыларын дамытуды жүзеге асырады және бір немесе бірнеше оқу салаларында студенттердің жақсы даярлығын қамтамасыз ететін білім беру құзыретін қалыптастыруға ықпал етеді.

Culture(мәдениет) – мәдениет тілін меңгеруді қамтамасыз ететін, әлемді тану жолдарымен, өзін мәдениет бөлшегі ретінде ұсынумен, балама мәдениетті ұғыну және қабылдаумен жалпы мәдени құзыреттілігін дамыту аспектісі болып табылады.

CLIL әдістерін талдау арқылы CLIL технологиясының басқа әдістерден басты ерекшеліктері айқындалынады: пәнді меңгеру үшін құрал ретінде кез-келген шет тілін қолдану, өтіп жатқан пәнді қос тілде жүргізу кезінде екі тілдің де үлесінің бірдей болуы, сабақ өтіп жатқан екі оқытушының да алар орны бірдей болуы.

Осылайша, CLIL әдісі бойынша ағылшын тілінде жүргізу метапәндікбайланыстарды қамтамасыз етеді және жаңа білім беру принциптерін дамытуда практикалық нәтижелерге жетуге мүмкіндік береді, атап айтатын болсақ, мәдени хабардарлығын, тілдік құзыретін дамытады, тек оқуға ғана даярлығын емес, сонымен қатар жаңа білімін өмірде қолдана білуге және сәйкесінше өмірлік дәлелдемесін көтеруге, табысқа мақсатталған, сайып келгенде, басты мақсатқа қол жеткізуге — болашақ түлектердің кәсіби құзыреттілігін қалыптастыруға, олардың ұтқырлығы мен тез өзгеретін өмірлік жағдайларға бейімделу қабілетін арттыруға әкеледі.Қазіргі заманауи талапқа сәйкес өзіндік көзқарасы бар жан-жақты дамыған жеке тұлғаны қалыптастыру оқытушылар үшін маңызды мәселе болып отыр.

Шет тіліне толығымен ену — білім беру моделі, ол білім беру процесінде шет тілін толығымен немесе жартылай қолдануға арналған. Толығымен қолдануға сабақта ана тілін қолданбай тек шет тілінде өту жатады. Жартылай қолдануға CLIL технологиясының «ыңғайлы» нұсқасы жатады, осылайша пәнді меңгеру шет тілін үйренуде өзіндік үйлесімділік табады. Оқу процесіне шет тілін енгізу дәрежесіне байланысты CLIL арқылы білім берудің бірқатар жүйелерін келесі түрде қарастыруға болады:

-көп тілдік білім беру (еуропалық зерттеушілермен ол C1 моделі ретінде белгілі);

-білім алушылар курсты тәмамдағаннан соң кәсіби білімдері тек өз тілінде ғана емес, сонымен қатаршет тілінде де болады; бұндай жүйе еңбек сүйгіш ынталы білім алушыларға тән;

-пән бойынша және шет тілі бойынша қосымша білім беру. Мұндай білім ойлау процесін жоғары деңгейге көтеру мақсатында шет тілін сабақ өтуде қолдануға баса назар аударады, яғни шет тілінің мұғалімдері білім беру процесінде тек сыртқы қолдау көрсетеді;

-пәнді шет тілінде өту мұндай білім жүйесі тілдік құзіреттілікті дамытуға және кәсіби дағдыларды арттыруға арналған және сабақта бастан аяқ білім алушыларға қолдау көрсетеді.Осылайша, шет тілі пән арқылы меңгеріледі, сонымен қатар шет тілі пәнді меңгеруге негіз бола алады, тілдік емес пәндерді шет тілінде меңгеруге мүмкіндік береді.

Сабақ барысында жаңа әдіс-тәсілдер қолдану барысында CLIL технологиясы тиімді болып саналуда, яғни оқушылар жұпта, жеке, топта, ағылшын тілінде айтуды іске асырады, әр бідім алушы сабақта орындалатын тапсырмаларға жауапкершілікпен қарауға, топта және жұпта пікір алмасып отыруы сабаққа деген қызығушылығы мен құлшынысын жоғарылатады.

Тіл мен пәнді кіріктіріп оқытудың тағы бір ұтымды тұсы — тілдік іс-әрекеттің төрт түрін де (тыңдалым, айтылым, оқылым, жазылым) меңгеруге бағытталған. Ғылымижаратылыстану бағытындағы пәндерді оқыту контексінде Қазақстандағы мақсатты тіл – ағылшын тілі болып саналатынын ескере келсек, кіріктіріп оқытуда негізгі орынды ағылшын тілі сабақтары алады, яғни қандай пәндерді болмасын кіріктіре оқыту барысында ағылшын тілі маңызды болып саналады. Тілді үйрену кез келген пән саласы арқылы жүргізіледі деген ұғымды ескерсек, CLIL шетел тілі сабағы емес, шетел тілінде өтетін пән сабағы, яғни кәсіби бағытталған шетел тілі/ ағылшын тілі.

Қорыта айтқанда оқыту үрдісіне кіріктіре оқытуды енгізу — ең алдымен, білім алушының сабақ үстінде дамуы мен оның психологиялық жағдайын ескере отырып, оны жан-жақты қырынан дамытуға бағытталған. Ағылшын тілін кез келген бағыттағы пәндермен, мейлі ол гуманитарлық пән болсын мейлі техникалық пән болсын, кіріктіріп оқыту арқылы білім алушыларды білім алуға қызығушылықтарын арттыруға, оларды ғылыми тіл дағдыларын дамытуға, терминдерді ана тілінде ғана емес, ағылшын тіліндегі баламасын қолдануға дамытуға болады.

Мұғалімдердің пән мен тілді кіріктіріп оқыту барысында жиі қолданатын жұмыс түрлерін атап көрсетер болсақ, олар:

1. «Психологиялық атмосфера» қалыптастыру — Кез келген сабақта, үйренушілердің жаңа тақырыпты меңгеріп, сабақта белсенділік танытып отыруларына оңды ықпал ететін

жағдай – олардың көңіл-күйлеріне позитивті әсер етіп, ынталарын арттыратын жаттығу түрлерін алу;

2. «Миға шабуыл» тәсілі арқылы логикалық жұмыс түрлерін жаңа тақырыпқа кіріспе барысында да, пысықтау жұмыстарын жүргізу кезінде де алып отырған үйренушінің танымдық қабілетін арттыруға көмегі тиері даусыз;

3. Жеке немесе топтық жоба арқылы оқушылардың бір-бірімен тілдесуін дамыту бойынша жаттығулар орындау арқылы дүниетанымдарын кеңейту;

4. Слайдтар қолдану – пәнді шетел тілінде үйрету барысында, түрлі суреттер қолдану арқылы алынып жатқан жаңа сөздер мен сөз тіркестерінің қазақ тіліндегі баламасын оп-оңай табуға болады;

5. Тақырыпқа байланысты түрлі терминдерді меңгеруге дағдыландыру үйренушілердің сөздік қорын байытып қана қоймай, сонымен қатар білім берушінің алдына қойған мақсатына жетуіне оңды ықпал етеді.

Кіріктіру барысында түсіндіру-көрнекілік, іздеу, зерттеу әдістері, пікірталас, білімнің түрлі дереккөздері, теледидар бағдарламалары, кино үзінділері, мультимедиа курстары, интернет-технологиялары, оқыту мен бақылаудың басқада техникалық құралдары қолданылады. Сонымен қатар жеке, топтық, жұптық, ұжымдық жұмыс түрлері кеңінен қолданылады. Бұндай сабақтарда танымдық міндеттер жүзеге асырылып, оқушылардың шығармашылық әлеуетін жүзеге асыруға көп мүмкіндік беріліп, жағдай жасалады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Жумабеков А. С., Бекболатов Б. С. «FILA» кестесі мен «Flipped the classroom» технологиясының практикалық қабілеттердің дамытылуы үшін қолданылуы//Жас ғалым.-2016.-№17.–201б.

2. Т.Г. Рыбалко Шет тілдеріне оқытудың теориясы мен әдістемесі: Дәрістердің негізгі курсы. II бөлім. — Уфа: БГПУ басылымы, 2008. — 102 б.

3. Вторушина Н. Ю. Шет тілдеріне оқытудағы хат және жазбаша тіл // Заманауи ғылым мен білімнің альманахы // Тамбов: Грамота, 2010. № 1 (32): 132 б.

4. Кащеева А.В. Шет тілдеріндегі жазуға үйретудегі заманауи әдістер // Әлеуметтікэкономикалық құбылыстар мен үрдістер // Тамбов, 2013. № 6 (052) 194 б.

5. Кондакова М. Л., Латыпова Е. В. Аралас оқыту: қазіргі заманның алдыңғы қатарлы білім технологиялары. // «Білім жарғысы»

ИСПОЛЬЗОВАНИЕ СЕМЕЙНЫХ ТРАДИЦИЙ В ПРОФЕССИОНАЛЬНОЙ ПОДГОТОВКЕ БУДУЩИХ ВОСПИТАТЕЛЕЙ

Юферова Альбина Адонисовна, Миннуллина Ралина Ришатовна
ФГБОУ ВО «БГПУ им.М. Акмуллы» колледж
(г. Уфа, Россия)

Аннотация
В статье рассмотрены вопросы семейного воспитания, описаны возможности использования семейных традиций и их влияние на формирование ребенка. В статье приведены результаты небольшого исследования по знакомству студентов – будущих воспитателей к работе с родителями.
Ключевые слова: *Семья, семейные традиции, семейные ценности.*

USAGE OF FAMILY TRADITIONS IN PROFESSIONAL TRAINING OF FUTURE EDUCATORS

Yuferova Albina Adonisovna, Minnullina Ralina Rishatovna
Bashkir State Pedagogical University n.a. M. Akmulla, Akmulla University, college
(Ufa, Russia)

Annotation
The article deals with the issues of family education, describes the possibilities of using family traditions and their influence on the formation of a child. The article presents the results of a small study on the acquaintance of students - future educators to work with parents.
Key words: *Family, family traditions, family values.*

Teacher of the Kazakh language and literature of the Higher Technical College
(Akmola region, Kokshetau)

Annotation

It is clear that we will always focus on the effectiveness of using new technologies at the lesson. That's why I use elements of several technologies at the lesson. I plan to make each lesson interesting, because I teach students to work with modern technology by using the available opportunities. Improving the quality of teaching and learning a language depends on different circumstances. The ultimate goal of the subject of the Kazakh language taught in the Russian audience is to teach students the Kazakh language, increase their thinking ability and literacy, and bring them to the level where they can speak and write in the Kazakh language.

Кіріспе:Өмірге келген әр адамның саналы түрде мақсаты болуы заңды.Ұлы Абай сөзімен айтқандай, «Сен де бір кірпіш дүниеге кетігін тап та бар қалан.» Қандай орынды айтылған сөз дәлелді пікір. Мағынасына туралап қарап мән берсең Абай-ақын адамдарды алға ұмтылдыруға,өмірді бос мағынасыз өткізбеуге шақырып отырған жоқ па?Өмір баспалдақтары адам баласын жетелей отыра мақсат-мүдделерін де өзгертіп,жаңартып отырады.Мұның дәлелі мен өзімнің бір мақсатым мамандық таңдап мұғалім болып отырмын. Ендігі мақсатым еңбектің шыңына жету. Өзімнің тәрбиелеп отырған студенттердің жандарына жылылық ұялатып, тәлім-тәрбие бере отыра, білім нәрімен сусындатсам-ол мақсатымның шынырау шыңы.

Тағы да аталы сөз-Абай сөзі еске түседі. Ұстаздық еткен жалықпас үйретуден балаға.дана ақынның көрегенділігі, дара тұлғаның болжампаздығы.Ұстаз-мәңгі қартаймайтын тұлға, ұмытылмайтын есім.Ұстаз-үлгі, ұстаз сабақ.Білгенге маржан демекші білгеніңді білмегенге үйреткен,құлағына құйып,зердесіне құйған-ол ұстаздың міндеті. Мақсаты сол шәкірті білімді болып,саналы болып тәрбиеленіп жатса,ұстаздың бақытына бақыт қосыла береді. Келер ұрпаққа қоғам талабына сай тәрбие мен білім беруде

мұғалімдердің инновациялық іс-әрекетінің ғылыми-педагогикалық негіздерін меңгеруі — маңызды мәселелердің бірі.

Негізгі тақырып:Озық педагогикалық тәжірибе дегеніміз,қоғамдық педагогикалық қызметінің бастауы ретінде, нақты жағдайларды, студенттер ұжымының және жеке тұлғаның ерекшеліктерін ескерумен бірге,мұғалімнің жұмыс тәжірибесінде педагогика заңдары, мен принциптерін белсенді түрде меңгеруі және іске асыру деген сөз.Озық педагогикалық тәжірибе студенттерді тәрбиелеу және оқытудың жаңа идеяларын түрлі тұрғыдан қарау және технологиялардың бастауы.

Озық тәжірибені зерделеу және қорыту педагогика ғылымын дамытудың негізгі қайнар көздерінің бірі болып табылады, өйткені, бұл әдіс өзекті ғылыми мәселелерді табуға мүмкіндік береді,педагогикалық үдерістің заңдылықтарын оқып үйренуге негіз жасайды.

Қазіргі таңда ұстаздардың алдында тұрған басты мақсат-келешек ұрпаққа тек сапалы білім, саналы тәрбие берумен ғана шектелмей,оны келешек өмірге дайын азамат ретінде қалыптастыру.Қазіргі кезде бүкіл дүниежүзілік білім әлеміне кіру мақсатында Қазақстанда білім беру жаңа жүйеде. Жаңа педагогикалық техналогиялар педагогика ғылымының жаңа саласы. Шығармашылық,өзіндік ерекшелік жаңашылдық үрдістің негізі-жаңалықтарды қалыптастыру, қолдану, жүзеге асырудың тұтастық қызметі. Инновация білім деңгейінің көтерілуіне жағдай жасайды. Оны «жаңалық», «жаңа әдіс», «өзгеріс», «жаңашылдық» яғни «жаңа әдістеме құралы» деп атауға болады. Инновацияны қолдану арқылы мұғалім өз-іс тәжірибесін байытып, еңбегін жеңілдетіп, белгілі бір нәтижеге жету-педагогиканың ең асыл заты негізгі ойды түсіну болып табылады. Негізгі ойды түсініп шығармашылық көзқараспен қараған мұғалім технология бойынша жұмыс атқара алады.

Нәтижелері: Критериалды бағалау кезінде студенттердің үлгерімі алдын ала белгіленген критерийлердің нақты жиынтығы мен өлшенеді.Студенттердің білімін критериалды бағалау арқылы бағалануы студенттердің оқу жетістіктерін нақты айқындалған,бірге даярлаған, оқу үдерісінің барлық қатысушыларына алдын ала белгілі,білім берудің мақсаттары мен мазмұнын сай критерийлермен салыстыруға негізделген бағалау үдерісі. Критериалды бағалау оқыту,тәлім –тәрбие беру және бағалаудың өзара байланысына негізделген.Жаңартылған білім беру мазмұны білім салалары бойынша анықталған күтілетін нәтижеге негізделеді.Күтілетін нәтижелер студенттің жұмысы мен оның жетістігін бағалауға мүмкіндік береді,әр студенттің жеке даму траекториясының дамуын нақтылауға жағдай туғызады.Қазіргі білім беру жүйесінде жаңа технологияларды енгізу күннен-күнге басты талапқа айналып,осы әдістерді жетілдіре түсу қажеттігі күшейіп келеді.Педагогтің шеберлігі қандай жоғары болса да,педагог студенттің өз белсенділігін туғыза алмаса,берген білім күткен нәтиже бермейді.Студенттің тұлға ретінде қалыптасуы белсенділік арқылы жүзеге асады.

Қазақ тілі пәнін оқытуда деңгейлеп–саралап оқыту технологиясын пайдаланамын.Білім сапасын арттырудың бірден-бір жолы.Оқыту процесінде білім алушылардың білім қорын молайтуға,белсенділігін арттыруға,шығармашылық қабілеттерін жетілдіруге көмегі мол.Білім алушыларды шығармашылыққа, өз бетімен іс-әрекет етуге,өз пікірін айта алатын,оны дәлелдей білетін,өмірге деген өзіндік көзқарасы қалыптасқан,үнемі ізденіс үстінде болатын,қоғам дамуына үлес қоса алатын,жан-жақты жетілген жас ұрпақ өкілдерін дайындай аламыз. Сабақтың тиімді жағының бірі – ол заман талабына сай сабақты электронды оқу құралдарын, интерактивті тақтаны пайдалана отырып жүргізу. Тіл үйренушіге мәтінді электронды оқу құралдарынан компьютер көмегімен тыңдап, сұрақтарға жауап беріп, мәтін негізінде бірнеше грамматикалық тапсырмалар орындауға мүмкіндік берілген. Ең бастысы – тапсырмалар күнделікті өмірде кездесетін жағдаяттарға негізделіп берілген, яғни бұл тіл үйренушінің тілді жеңіл түсініп, тез меңгеруіне көмектеседі. Ұсынылған сабақ жоспары тиімді, кезеңдері байланыстырыла, түрлі тапсырмалармен толық түрде ұсынылған. Егер әр сабақты мұғалім аталған сабақтай жоспарлап, мүмкіншіліктерді,

жаңа технологияларды толық пайдаланып жүргізсе, мемлекеттік тілді меңгерген азаматтар санының өсері сөзсіз.

Сабақта **интерактивті әдіс**-тәсілдерді **қолдану** арқылы жеткен нәтижелерім мынадай:

1. Сөздікпен жұмыс / аудару, сөз тіркестерін құрастыру/

даңқты- прославленный
жасақталған – сформированный
қоршау – окружение
атақ - звание

2. Мәтінмен жұмыс.

А. Мәнерлеп оқыту
Ә. Тізбектеп оқыту.
Б.Сұрақ – жауап 1. Б.Момышұлы кім?
2.Қандай ерлік көрсетті?
3.Майданда қандай қызметтер атқарды?
4.Б.Момышұлының ерлігі қай кітапта суреттелді?
5.Қандай марапаттар алды?

Сөзжұмбақтағы сөйлемдерді дұрыс құрастырсаңыз, Б.Момышұлының нақыл сөзін оқисыз

Ер дегенде	Жұрт дегенде
қызмет	езіліп
жұмылып	ет

Ер дегенде езіліп,
Жұрт дегенде жұмылып қызмет ет.

IV Көп нүктенің орнына тиісті бастауышты қойып жаз.

1. .... болып тумайды.
2. .... елі үшін туады, елі үшін өледі.
3. .... жасау оңай емес.
4. .... батырларын ешқашан ұмытпайды.
5. Қоянды .... өлтіреді, батырды .... өлтіреді.

Керекті сөзер: қамыс , намыс, батыр, халық, ерлік, ер.

Глоссарий


Қазақша	Орысша
Ерлік	Героизм
Аңыз	Легенда
Шайқас	Битва
Сарбаз	Солдат
Даңқ	Слава
Күллі әлем	Весь мир

Тапсырма: Сөйлем құрастыру 1 –топ /қазақша/
2-топ /орысша/
Сөзжұмбақты шешу.

1. «Герой» сөзінің аудармасы
2. Батыр - қала
3. Б.Момышұлының туған жері.
4. Б.Момышұлы қандай батыр?
5. Батырдың немересінің есімі.
6. Ұлының есімі
7. **Б.Момышұлының жазған туындысы.**
8. **Батырдың әскери атағы.**

Сонымен, қазақ тілін орыс аудиториясында оқытудың тиімді тәсілдерінің бірі – интерактивті тақталар мен жаңа технологияларды қолдану десек, олардың бала жадын жаттықтыруға тигізер септігі мол екендігін көруге болады.

Қорыта келгенде, деңгейлеп–саралап оқыту технологиясын тіл сабақтарында қолдану, білім,білік, дағдысын есепке алуда,бағалауда өте тиімді,әріқолайлы.Білім беруші тұлғалардың интеллектуалдығына қарай өркенеу, өзін-өзі айқындау,өзін-өзі дамытуға қуат жинау,осыларға деген қызығушылығы мен қажеттіліктері жаңа түрде ұйымдастырылған топтық және жеке жұмыстарды саралауға мүмкіндік береді. Мемлекеттік тілді оқытуда – ақпараттық –коммуникациялық технологияларды оңтайлы пайдаланамын. «Еліміздің ертеңі бүгінгі ұрпақтың қолында, ал жас ұрпақтың тағдыры ұстаздың қолында»Бүгінгі нарық заманында «Өмір бойы білім алу» әрбір Қазақстандықтың жеке кредосына айналуы тиіс-деп ойлаймын. Оған дәлел өз тәжірибемде білім алушылар мынадай жетістіктерге қол жеткізе алды.



Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы. – Астана,
2. Назарбаев Н.А. Қазақстан халқына арнаған 2012 жылғы «Қазақстан – 2050 стратегиясы». – Астана, 2015
3. Техникалық және кәсіптік білім №1 (48)/2022 ж
4. Қазақстан кәсіпкері-ғылыми әдістемелік журнал № 2 (136) 2022 ж

ДУАЛДЫ ОҚЫТУ ЖҮЙЕСІ БОЙЫНША ӨНДІРІСТІК ТӘЖІРИБЕНІ ҰЙЫМДАСТЫРУ

Жанысбаева Жазира Стамчалқызы
Алматы сервистік қызмет көрсету колледжінің өндірістік оқыту шебері
Алматы, Қазақстан

Аннотация

Дуалды оқыту- кәсіптік техникалық оқу орны мен өндірісте бірге оқыту. Теория мен тәжірибені байланыстырып білікті мамандар даярлау. Техникалық және кәсіптік білім беру мекемелері бітіруші түлектерін кәсіпорындарға жұмысқа орналастыру.

Түйін сөз: *Теориялық білім мен тәжірибе арасындағы алшақтықты жойып, кәсіби құзіретке негізделген білім алу*

ORGANIZATION OF INDUSTRIAL PRACTICE ON THE DUAL TRAINING SYSTEM.

Zhanysbaeva Zhazira Stamchalovna
Master of industrial training of Almaty Service College
Almaty, Kazakhstan

Annotation.

Dual training vocational technical training and co-education in the workplace. Training of qualified specialists with correlation of theory and practice. Employment of graduates of institutions of technical and vocational education at enterprises.

Keywords*: Bridging the gap between theoretical knowledge and experience and obtaining knowledge based on professional competencies.*

Дуальды оқыту жүйесі - теорияны өндіріспен ұштастыра отырып оқыту технологиясы. Дуалды оқыту жүйесінің негізгі мақсаты техникалық – кәсіптік оқу орындарының жұмыс беруші жеке сектордағы өндіріс, шаруашылық мекемелерімен серіктестік ретінде бірлесе отырып, нарық заманында бәсекелестікке төтеп бере алатын, жаңа инновациялық-технологиялық бағдарламаларды меңгеруге дайын жұмысшы мамандар даярлау. Мұнда білім алушылар уақытының үштен екі бөлігінде еңбек ете жүріп өндірістен қол үзбей оқиды, тек уақытының үшінші бөлігін теориялық оқуға, білімді ұйымдастыруға арнайды. Дуалды жүйемен оқытудың бағыттарын атап айтсақ студенттер 60% өндірістік тәжірибеден өтсе, 40% теория бойынша білім алады.

Дуалдық жүйе бойынша алу-білім алушылардың кәсіби біліктіліктері мен дағдылары , іскерліктерін жұмыс орнында меңгеріп, жан-жақты кәсіби дамуына мүмкіндік береді.Білім, ғылым, кәсіпорынның – өзара байланысын, өзара әсерін қамтамасыз ету арқылы кәсіптік білім беру жүйесінің сапасын арттыратындығы сөзсіз. Кәсіптің қай саласы болмасын өздері таңдаған мамандықтарын, кәсіби тұрғыдан жан-жақты игеріп, озық технология мен заманауи техника тілін меңгергендер ғана дамыта алады. Сондықтанда еліміздегі өндіріске қажетті мамандар әзірлеу деңгейін көтеру міндетін әлеуметтік серіктестік, теория мен тәжірибенің үйлесімділігі атқарады. Кәсіптік білім беру мекемелерінде «дуалдық оқыту» жүйесін енгізу бойынша кәсіпорынмен бірлесе жұмыстар атқарады:

- Кәсіпорын тәжірибе бойынша жұмыс бағдарламаларын дайындау.
- Кәсіпорынның материалдық техникалық базасын қолдану арқылы білім алушылардың тәжірибелік оқуын ұйымдастыру(арнайы құрал-жабдықтарды пайдалану мүмкіндігі беріледі.**)**
- Бірлескен конференция мен семинарлар өткізу.

- Колледжді бітірушіледің қорытынды аттестация кезінде, кәсіпорын өкілдерінің мамандарды даярлау сапасын бағалау.

Білім алушы уақытының көп бөлігін кәсіпорында өткізеді.Бітіруші түлектердің жұмысқа орналасу көрсеткіші жоғары болады, себебі оқу барысында кәсіпорынмен тығыз байланыста болған білім алушы жұмыс берушінің барлық талаптарын игеріп, меңгерген жұмысшы маман болады.Білімді, болашақ жұмысшы маман психологиялық жағынан жаңа ортаға бейімделген дайын маман болып шығады. Кәсіпорында өздігінен шешім қабылдай алады.Теория мен тәжірибені меңгеріп, бекітілген жұмысқа жауапкершілігі жоғарылайды. Кәсіпорында болғандықтан ұжыммен жұмыс жүргізеді және өндірістегі жұмыстарға тез бейімделеді.«Тәжірибеден теорияға» принципімен жұмыс жасайды, оқушы теориялық, яғни текстпен айтудан гөрі, кәсіпорындағы жағдаяттарға сәйкес жұмыс жүргіз алады. Теориядан келетін терминдер мен есептерді тәжірибе жүзінде шеше алады.Жұмыс берушінің оқушыға берген бағасы дайындалған маманның біліктілігімен байқалады. Алғашқы күннен бастап ұзақ уақыт өндірісте жұмысшы болған оқушы, өзінің білім мен ынтасын көрсетеді.Білім алушы тек қана теорияны ғана меңгермей, кәсіпорында соңғы жаңалықтарды біліп, заманауи талаптарды меңгереді. Жоғарыда аталған мәселелердің барлығы дуалды оқыту технологиясы енгізіліп, жүзеге асқан кезде ғана қол жеткізетін нәтижелер болып табылады..Еліміздегі кәсіби-техникалық білім беру жүйесі ең бірінші кезекте ұлттық экономиканың мамандарға деген қазіргі және келешектегі сұранысын барынша өтеуге бағдар ұстауы керек. Өйткені, экономиканың қарқынды дамуымен кәсіби-техникалық маман иелеріне сұраныс артуда. Соған орай, теориядан гөрі тәжірибеге басымдылық беретін дуалдық жүйені енгізу- халықты жұмыспен қамту мәселесін шешудің бірден-бір тиімді жолы.Еңбек нарығы жағдайларына байланысты кәсіпорындармен әлеуметтік серіктестік мекемелермен келісе отырып, өндірістік машықтандыруды жүзеге асыру бойынша, бірігіп дуалды оқытуда мамандар дайындауда – әдістемелік мәселелер бойынша келісім шарт міндеттерін жасау. Студенттердің қызығушылығы мен мекемелердің сұранысына қарай жұмысқа деген ептілігі мен жауапкершілігін арттыру. Дуалды жүйе бойынша оқытылатын тұлғаның қажетті біліктілік пен еңбек дағдыларына, кәсіби білімге ие болса, еңбек нарығында сұранысы жоғарылайды. Сонымен бірге оқу орнының болсын мекемелерде де осы мамандыққа деген сұраныс көбейіп, халықтың жұмыссыздығы кемиді. Көп салалы мамандықтарды даярлаудың, қосымша мамандықтарды игерудің негізгі түсінігі тәжірбиедегі уақыттарын тиімді пайдалану өндіріс орындарымен келісілген оқу жоспары арқылы жүргізіледі.Қазіргі кезде кәсіптік-техникалық колледждер заманымызға сай жаңару мен даму үстінде. Бұның барлығы кәсіптік білім беруде оқытудың заманауи бағдарламалары мен оқыту әдістемелерін жаңғырту игеру және пайдалануда басқару қызметінің маңыздылығына көз жеткізе түседі Дуалды білім беру процесі, ең алдымен жеке тұлғаға бағытталып, студенттің:

- Дуалдық жүйе бойынша оқытудың дәстүрлі түрлері мен әдістерінің негізгі кемшілігін, яғни теория мен тәжірибенің арасындағы алшақтықты жояды;
- Техникалық және кәсіптік білім беру мекемелері бітіруші түлектерді кәсіпорындарға жұмысқа орналастырады.
- Жұмыс берушімен тығыз байланыста жұмыс жасайтын оқу орны болашақ мамандарға қойылатын талаптарды ескеріп отырады.
- Әлеуметтік серіктестіктер өндіріс талабына сай, білім алушыға қойылатын біліктілік талаптарды дайындауға, кәсіптік стандарттарды, дуалдық оқыту жүйесі бойынша өзгеретін модульдық бағдарламаны, оқу бағдарламасын дайындауға және оқытушыларды тағылымдамадан өткізуге қатысады.
- Әлеуметтік серіктестіктер мамандар дайындау бойынша мемлекеттік тапсырманы қалыптастыруға қатысады.

- Білім алушылар кәсіби дайындық деңгейін бағалау және біліктілікті тағайындау үшін құзырлы мамандар мемлекеттік емтихан комиссиясы мүшесі ретінде қатысады.
- Білім алушы дуалдық жүйемен оқыту нәтижесінде белгілі құзіреттерді меңгерген кәсіби дағдыға ие болады.

Қорыта келгенде, дуалды оқыту жүйесі колледж студенттері үшін зор мүмкіндіктердің бірі. Дуалды оқыту жүйесін меңгеру кезінде студенттің өзіндік ойы қалыптасады, студенттің сабаққа деген ынтасы және жауапкершілігі артады, студенттің өз білімін өзі бағалай білуіне мүмкіндік туды, өз қабілет байқайды, одан әрі шығармашылықпен айналысуына, пәнге қызығушылығының артуына мүмкіндік береді.Еңбек нарығында сұранысқа ие мамандарды даярлауға, әрбір түлектің оқу орнын бітіріп шыққан соң жұмысқа орналасуына кепілдік жүйелердің бірі.Колледжде жастардың қалаған мамандығын игеру мүмкіндігіне ие болуы, заман талабына сай бәсекеге қабілетті маман болып қалыптасуы еліміздегі кәсіптік-техникалық білім беру саласының ілгері басуы үшін жүзеге асырылып жатқан жұмыстардың нәтижесі.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы

3. «Техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың жолдары», Білім беру мекемесі басшыларының анықтамалығы № 4 (13) 2007ж;

4. «Қазіргі білім беру технологияларының әдіснамалық негіздері» ,Білім беру мекемесі басшыларының анықтамалығы №8 (20) 2008ж;

ФОРМИРОВАНИЕ ИСТОРИЧЕСКОГО СОЗНАНИЯ КАК НАЦИОНАЛЬНЫЙ ПРИОРИТЕТ

Шергалиева Манар Туребековна
Преподаватель социально-гуманитарных дисциплин. Высший аграрно-технический колледж (г. Уральск)
Ибатова Айгерим Абаевна
Преподаватель социально-гуманитарных дисциплин. Высший аграрно-технический колледж (г. Уральск)

Аннотация

В статье освещается проблема формирования исторического, национального сознания в полиэтническом государстве на современном этапе. Дается краткий экскурс в историческое прошлое народа Казахстана и акцентируется внимание на вопросе формирования и развития исторического сознания как одного из актуальных приоритетных направлений духовно-нравственного воспитания подрастающего поколения на современном этапе развития государства, в целях сохранения преемственности поколений и воспитания патриотизма нации, в условиях полиэтнического общества.

FORMATION OFHISTORICAL CONSCIOUSNESS AS A NATIONAL PRIORITY

Shergalieva Manar Turebekovna
Teacher of social and humanitarian disciplines. Higher Agrarian Technical College (Uralsk)
Ibatova Aigerim Abaevna
Teacher of social and humanitarian disciplines. Higher Agrarian Technical College (Uralsk)

Abstract

The article highlights the problem of the formation of historical, national consciousness in the multi-ethnic state at the present stage. A brief excursion into the historical past of the people of Kazakhstan is given and focuses on the issue of the formation and development of historical consciousness as one of the current priorities of the spiritual and moral education of the younger generation at the present stage of the state's development, in order to preserve the continuity of generations and foster the patriotism of the nation, in the conditions of a multi-ethnic society.

Значимость исторического сознания как одного из мощных регуляторов общественной жизни, необходимость его формирования была осознана еще на ранних ступенях развития общества. В былинах, сказаниях, героическом эпосе утверждался культ предков, закреплялись традиции знания и почитания прошлого своей этнической общности, следования её обычаям как нормам отношения к труду, природе, вещам, к людям своей среды и другим народам. В эпоху древних цивилизаций история своего этноса воспринималась как наставница жизни, дающая образцы для социального воспитания человека, как память народа, формирующая его этническое сознание. Сегодня очевидно, что только на основе изучения исторического опыта человечества, возможно, овладеть всем опытом развития цивилизации, всеми ценностями общечеловеческой культуры и одновременно ощутить самобытность культуры народов Великой степи.

Вопрос развития и формирования исторического сознания остается одним из актуальных вопросов духовно-нравственного воспитания и на современном этапе развития государств, в целях сохранения преемственности поколений и воспитания патриотизма нации, в условиях полиэтнического общества. Одними из составляющих исторического сознания являются исторические знания и историческая память. Как показывает практика,

историческое сознание оказывает воздействие на формирование ценностных ориентаций полиэтнического общества, способствует укреплению этнического самосознания, бережному отношению и сохранению самобытности социокультурных традиций и обычаев этносов. В условиях таких глобальных межгосударственных и международных процессов, таких как интеграция, и, следовательно, ассимиляция, на современном этапе остро назрела проблема не только сохранения исторической памяти и сознания, как непременное условие сохранения этнической идентичности, но и модернизация исторического сознания на основе общечеловеческих ценностей в процессе развития межэтнических отношений

Воспитание патриотических чувств, гражданской и социальной ответственности у граждан является неотъемлемой частью развития полиэтнического казахстанского общества в условиях реалий XXI века. Процесс глобализации представляет собой не только создание и функциональность общемировой системы транснациональных экономик, свободное и открытое перемещение финансов, товаров и рабочей силы. С точки зрения социокультурной составляющей, это очень сложный процесс, который может привести к стиранию особенностей развития национальных культур и духовных ценностей современных обществ. Глобализация - это реальность нашего времени. Она диктует необходимость формирования новых концептуальных подходов для сохранения и развития исторической памяти, модернизации исторического сознания.

Последние события новейшей истории показывают наглядно результат работы принципа «Что посеешь, то и пожнешь». Историческое мышление молодежи, сформированное на искажённых интерпретациях исторических фактов, человеконенавистнических теориях способны привести к общественному коллапсу государств и целых регионов планеты. Здоровое историческое мышление определяет понимание поступательного развития человечества в направлении демократии и раскрепощённой личности, формирует правосознание и стремление к самосовершенствованию, воспитывает любовь к знаниям и культуру мышления, позволяет видеть и ценить уникальность человеческой природы.

Идейной основой для выработки и реализации новых концептуальных подходов модернизации исторического сознания в Казахстане, стали положения, освещенные в статье Первого Президента РК. Назарбаева Н.А. «Семь граней Великой степи».[1] В частности, в статье впервые говорилось о том, что в системе научных исследований и познаний происходят глубокие изменения, связанные с повышением роли инновационных технологий в развитии общества, складыванием новых социокультурных ценностей и представлений. Модернизация исторического сознания в аспектах осмысления наследия Великой степи, неразрывной связи преемственности поколений, воспитания чувства патриотизма и гордости за свою страну предполагает активное исследование и изучение национальной истории. Важно понять и осмыслить ход исторического процесса. Историческое сознание является ресурсом самоидентификации общества, отражает характерные черты и признаки, социокультурные и ценностные аспекты жизнедеятельности людей.

Таким образом, идейные концепты статьи Н.А. Назарбаева «Семь граней Великой степи» раскрывают значимость наследия Великой степи в развитии полиэтнического казахстанского общества. Целевые программы *«Архив - 2025», «Великие имена Великой степи», «Генезис тюркского мира», «Музей древнего искусства и технологий Великой степи», «Тысяча лет степного фольклора и музыки», «История в кино и на телевидении»* являются новыми трендами осмысления национальной истории и культуры [2]. Каждый из вышеобозначенных проектов выявляет новые аспекты исследования национальной истории, имеет глубокое смысловое содержание по модернизации исторического сознания.

В заключение, хотелось бы отметить, что модернизация исторического сознания в системе развития полиэтнического казахстанского общества является одним из факторов социализации этносов, гармоничности межэтнических отношений, укрепления гражданского

мира и согласия. Модернизация исторического сознания способствует стабильности и конкурентоспособности Казахстана, предполагает динамику роста в рейтинге современных государств, прогнозирование стратегического будущего.

Использованная литература:

1. Статья Главы государства «Семь граней Великой степи», 21 ноября 2018 URL: http://www. akorda.kz/ru/events/statya-glavy-gosudarstva-sem-granei-velikoi-stepi (дата обращения: 28.01.2019).

2. Масаулов С. «Казахстан-2018: Модернизация исторического сознания»,29 ноября, 2018 г.Избранные статьи в telegram-канале Ia-centr.ru.

КОЛЛЕДЖДЕРДЕ ТАРИХ ПӘНІН ОҚЫТУДЫҢ ӘДІСТЕМЕЛІК ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Ерназарова Куляш Баймахановна
Әдіскер, тарих пәнінің оқытушысы индустриалды-техникалық колледж
Шымкент қаласы

Аннотация

Бұл жұмыста Индустриалды-техникалық колледжі техникалық мамандықтар студенттеріне, тарих пәнін оқытудың көп жылдық тәжірибесін жинақтауға әрекет жасалды. Онда физика мен математика негізгі пәндер болып табылады. Автор тарихты зерделеу сапасының жоғарылауына әлемде болып жатқан күрделі геосаяси үдерістер әсер ететінін айтады. Гуманитарлық білім технократиялық ойлауды жеңуге, рухани-адамгершілік құндылықтардың басымдығымен қоғамның дамуы туралы кеңістіктік-уақыттық идеяларды кеңейтуге мүмкіндік береді. Мақалада техникалық білім беру орындарында тарихты оқытудың әдістемелік ерекшеліктері қарастырылып, мотивациялық компонентті арттыру, оның ішінде қашықтықтан оқытуды қолдану қажеттілігі атап өтіледі.

Түйін сөздер: *білім беру,техникалық университеттер, тарихты оқыту әдістемесі*

METHODOLOGICAL FEATURES OF HISTORY TEACHING IN COLLEGES

Ernazarova Kulyash Baymakhanovna
Methodist, history teacher, industrial-technical college
Shymkent city

Annotation *In this work, an attempt was made to accumulate many years of experience in teaching history to students of technical specialties of the Industrial-Technical College. , where physics and mathematics are the main subjects. The author says that the improvement of the quality of historical studies is influenced by the complex geopolitical processes taking place in the world. Humanitarian education allows to overcome technocratic thinking, to expand spatial and temporal ideas about the development of society with the predominance of spiritual and moral values. The article examines the methodological features of teaching history in technical higher educational institutions and emphasizes the need to increase the motivational component, including the use of distance learning.*

Key words: *education, technical universities, methodology of teaching history*

Әлеуметтік-мәдени шындықтағы динамикалық өзгерістер: бір өлшемді және көп өлшемді, сызықтық және циклдік, эволюциялық және революциялық өзгерістер бүкіл білім беру жүйесінің дамуына елеулі түзетулер енгізді. Осыған байланысты білім сапасын арттыру мәселесіне ерекше мән беріліп отыр, бұл тек институционалдық және ұйымдастырушылық өзгерістермен ғана емес, сонымен қатар оқытудың жаңа әдістерін енгізумен де байланысты. Ең алдымен, «Ұлттық тарих» сияқты гуманитарлық циклдің пәндерін оқып-үйрену, білім беру қызметі білім беруге емес, білім алуға бағытталған кеңестік дәуірде техникалық мамандықтардың студенттері тарапынан жоғары бағаланбаған. Бүгінгі таңда дүниетанымның өзгеруі, мотивацияның болмауы (студенттерден «болашақ техник неліктен тарихты білуі керек?» деген сөзді жиі естисіз), апатты уақыттың жетіспеушілігі жағдайында (көптеген жастар жұмысқа кіріседі) институтта бірінші курсында),

өз бетінше жұмыс істеу дағдыларының болмауы, сонымен қатар ішкі ұйымдаспау, студенттер тарихты оқуда күрделі қиындықтарға тап болады. Мектепте алынған тарихи процесс туралы идеялар, әдетте, өте шашыраңқы, ол география, қоғамтану (және бұл әлеуметтану, саясаттану, құқық және экономика негіздері) саласындағы аз біліммен күрделенеді. Бұл ретте, әлемде болып жатқан күрделі геосаяси процестер контекстіндегі тарихи білімнің маңызы өте зор. Олар экономикалық, саяси, философиялық көзқарастардың біртұтас жүйесін қалыптастыруға мүмкіндік береді, жас адамды өз бетінше және кең ауқымда ойлауға, шындықпен аз байланысты біржақты тұжырымдар мен бағалаулардан аулақ болуға үйретеді. Тарихи білім болашаққа өткеннің призмасы арқылы қарауға мүмкіндік береді. Техникалық жоғары оқу орындарында тарихты оқыту мәселесі туралы айта отырып, гуманитарлық және техникалық мамандықтар өкілдерінің ойлауындағы, объективті шындықты зерттеудегі көзқарастарындағы айырмашылықты атап өткен жөн. Сонымен, техниктердің дискретті-логикалық ойлауы жақсы дамыған: олар үшін нақты, логикалық тексерілген, шағын масштабты модельдерде ойлау әлдеқайда оңай. ерекше тарихи процесс. Бірақ кері қозғалыс, тіпті оқу процесінде жүйелілік болмаған кезде де мүмкін емес болады. Техникалық студентке бөлектерді біртұтас тұтастыққа біріктіру, тарихи шындықтың елеулі бөлігін қамту, оның динамикасы мен даму тұтастығын түсіну қиын. Сондықтан техникалық мамандықтардың студенттері семинарларға, мысалы, тарихи тұлғаларға арналған тапсырмаларды қуана дайындайды, бірақ экономикалық, саяси, әлеуметтік процестермен байланыс орнатуды талап ететін сұрақтар оларға қиындықпен беріледі. Тарихи заңдылықтарды, қоғам дамуының негізгі тенденцияларын түсінуді жеңілдету үшін ұсынылып отырған дәріс материалы көлемді болмауы керек. Оқушылардың назарын жеке сипаттағы дерексіз фактілерге емес, ұзын логикалық тізбектерді құруға аудару қажет. Техникалық ой-өрісі бар студенттердің ерекшеліктерін ескере отырып, оқытушының өзі қаншалықты жарқын және беделді тұлға болғанымен, дәстүрлі дәрістер мен семинарларды өткізу әрқашан тиімді бола бермейтінін мойындаған жөн. Презентацияларды, бейне лекцияларды пайдалану, чат, форум және т.б. сияқты қашықтықтан оқыту формаларын қолданатын жұмыс тарихи «шындыққа» ену арқылы танымдық қызығушылықты айтарлықтай арттыруы мүмкін. Бұл одан да маңыздырақ, өйткені қазіргі жастар үшін медиа-орта көбінесе жарқын иллюстрациялық материалдары жоқ қарапайым мәтіндік университет оқулығының кеңістігінен гөрі тартымдырақ, өмір сүруге қолайлырақ. «Колледж студенттері мен түлегі бағдарлама пәндері бойынша білім алып қана қоймай, ... өз бетінше жаңа ғылыми ақпаратты игеріп, өздігінен білім алып, өзін-өзі дамыта алуы тиіс». Өзіндік жұмысты ұйымдастыру да студент үшін дәстүрлі эсселердің орнына (90% интернеттен жүктеп алынған) мұғалім тапсырманы инновациялық технологияларды қолдана отырып орындауды ұсынғанда тартымды көрінеді. Студенттердің мультимедиялық презентацияларды, бейне жұмыстарды және т.б., әсіресе жобаларын міндетті түрде қорғау шартын дайындаудағы дербестігі мен шығармашылығы әлде қайда жоғары. Студенттер өз жұмысының түпкілікті практикалық мақсатын көреді, өз қабілеттеріне сенімдірек сезінеді, ғылыми зерттеудің бастапқы дағдыларын, соның ішінде ұжымдық дағдыларды игереді, ал өз бетінше күш салу арқылы алынған білім санада берік сақталады. Бірақ тек медиатехнологиялар негізіндегі өзіндік жұмыс формасы жеткіліксіз, өйткені оны үздіксіз және жүйелі процесс ретінде ұйымдастыруға мүмкіндік бермейді. Керісінше, бұл мотивациялық компонентті арттыруға бағытталған қосымша жұмыс түрі. Студенттік өмірдің объективті шындығын түсіну мұғалімді тарихты түсінуге зиян келтірмей, студентке аз уақыт жұмсап практикалық тапсырманы орындауға мүмкіндік беретін осындай формаларды іздеуге мәжбүр етеді. Оқушыларды тек тарихи фактілерді жатқа білуге бағыттау – шүкіршіліксіз іс, ол аз десеңіз, мүмкін емес. Сондықтан жастарды үлгі іздеп, фактілерді салыстырып, талдауға бағыттау керек. Оның үстіне, заңдылықтарды іздеу кез келген ғылымның әдіснамасының бір бөлігі болып табылады және осы мағынада гуманитарлық және техникалық білімдерді біріктіреді.

Мысалы, техникалық ойлау қабілеті бар адам мәтінмен емес, сандармен жұмыс істеуге дағдыланғанын ескере отырып, ұлттық тарихтағы екі немесе одан да көп негізгі оқиғаларды таңдауға сәйкес хронологиялық топтаманы құрастыруды ұсынуға болады, оның төңірегінде мұғалімнің студенттермен логикалық, себептік байланыстарды құрады, фактілер мен нәтижелерді талдайды:

1380 ж. – Мамай жасақтарының Куликово кен орнында жеңілуі – Мәскеу төңірегінде орыс жерлерін одан әрі біріктіруге түрткі болды;

1480 ж. – Угра өзеніндегі қақтығыс – Орда қамытының құлауы;

Мәскеу төңірегінде орыс жерлерін біріктірудің аяқталуы.

Тағы бір тапсырма ретінде ұқсас тарихи оқиғаларды талдауды ұсынуға болады, мысалы, Степан Разин бастаған казак-шаруа көтерілісі мен Емельян Пугачев бастаған казак-шаруа көтерілісі, т.б. Әрине, 20 ғасырдың басындағы революцияларды, Бірінші және Екінші дүниежүзілік соғыстарды зерттеу біздің еліміздің басынан өткен апаттардың жалпы себептерін анықтауға ғана емес, сонымен қатар тарихи тәжірибе мен қазіргі заманғы білімді ескере отырып, қоғамның даму заңдылықтары, жағдайды қазіргі уақытқа жобалау және оқиғалардың дамуының ықтимал сценарийлері туралы қорытынды жасау. Елдің дамуында экономиканың рөлі әрқашан шешуші мәнге ие болды. Осыған байланысты студенттерге оның даму логикасын қадағалау пайдалы болады. Осылайша, ұзақ уақыт бойы ауыл шаруашылығы жетекші сала болып қала берді, ал климаттық жағдайлар оның мамандануын анықтады. Бұл кезеңде ауыл шаруашылығы экономиканың жануын анықтады, қолөнер мен сауданың дамуына, қалалардың өсуіне және халық санының артуына, т.б. Олай болса, студенттерге экономиканың белгілі бір саласының бірнеше ғасырларды қамтитын даму жоспарын құрастырып, негізгі кезеңдерін бөліп көрсету тиімді болмақ. Техникалық мамандықтардың студенттері үшін болашақ мамандықтың негізін құрайтын білім салаларының ғылым мен техниканың тарихын жалпы тарихи процестермен қатар оқудың маңызы зор. Бұл ғылыми идеяларды дамытудың логикалық желісін көруге мүмкіндік береді, бұл өз кезегінде мотивация мен танымдық қызығушылықты айтарлықтай арттырады. Қорытындылай келе, тарихты зерделеуге шығармашылық тұрғыдан қарау дегеніміз – қоғамдық дамудың жаңа тенденцияларын, құбылыстарын есепке алу, догматизмді жоққа шығару екенін атап өткім келеді. Тарихты зерделеудегі нәтиже тек берік білім ғана емес, сонымен қатар қоғам дамуының объективті және субъективті факторларын ескере отырып, өткен оқиғаларды түсіндіре білу және себеп-салдарлық байланыстарды орнату, сондай-ақ өз ұстанымын дәлелдей білу. Кез келген әлеуметтік жүйенің дамуының сәйкессіздігі әрқашан оның нәтижесінің альтернативті нұсқаларының мүмкіндігін береді. Тарихи шындықты мұндай түсіну тар, көбінесе саясиландырылған идеяларды жеңуге, жастарды әлеуметтік нұсқауларды таңдауда тәуелсіздікке үйретуге мүмкіндік береді.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Техникалық университеттегі гуманитарлық білімнің өзекті мәселелері: ғылыми еңбектер жинағы / «Тау-кен ісі» Ұлттық минералды-шикізат университеті. – Санкт-Петербург, 2013. – 305 б.

2. Дорофеева Т.В. Экономикалық бейінді университетте гуманитарлық пәндерді оқыту үдерісіндегі электрондық білім беру ресурстарының рөлі // ОЖПУ Хабаршысы. - 2013. - No 1 (129). - С. 62-65;

3.Козлова О.В., Сыченкова А.В. Техникалық университетте тарихты оқыту: жаңа Федералдық мемлекеттік білім беру стандарттарының талаптары аясындағы заманауи тәсілдер // Әлеуметтік даму теориясы мен тәжірибесі. - 2013. - No 9. - С. 162-165.

2 СЕКЦИЯ «ЖАРАТЫЛЫСТАНУ-МАТЕМАТИКА ҒЫЛЫМДАРЫ»

«ЕСТЕСТВЕННО-МАТЕМАТИЧЕСКИХ НАУК»

«СТО БАҒДАРЛАМАСЫН ХИМИЯ САБАҒЫНДА ПАЙДАЛАНУДЫҢ ТИІМДІЛІГІ.»

Алимбекова Маржан Сатбаевна
Оқытушы.Индустриалды-техникалық колледж
(Шымкент қ.,Қазақстан)

Аннотация

Бұл мақалада СТО бағдарламасын қолданудың тиімділігі туралы айтылады.СТО бағдарламасының жетістіктеріне тоқталады.Сабақ өткізуде әдіс-тәсілдерді қалай қолдану керектігін көрсетеді.Өз сабағынан мысалдар келтіреді.Негізгі пайдалану әдістері:Венн диаграммасы,топтастыру,ББҰ әдісі.

Түйінді сөздер: *СТО, Венн диаграммасы, ББҰ әдісі, топтастыру*

«EFFECTIVENESS OF USINGCRITICAL THINKING PROGRAM IN CHEMISTRY LESSON.»

Alimbekova Marzhan Satbaevna
Teacher. Industrial-technical college
(Shymkent, Kazakhstan)

Annotation

This article talks about the effectiveness of using the Critical thinking program. Focuses on the achieves ments of the Critical thinking program. Shows how to use methods in conducting lessons. Gives examples from his lessons. The main methods of use are VENN diagram, grouping, BBU method

Key words: *Critical thinking,VENN diagram,grouping, BBU method*

Оқыту мен тәрбиелеу үрдісінде оқу қарқынын жақсарту мақсатында жаңа педагогикалық технологияларды қолдану-заман талабы.СТО технологиясы-білім берудің сапасын арттырудағы тиімді жоба.Оқытушы сабақты дұрыс құрып,оқытуға шығармашылықпен келіп,оқушының білімділік,тәрбиелік жағынан қызығушылығын арттырып,ой-өрісін дамытуда аянбай еңбектенуі қажет.Сыни тұрғысынан ойлау негізінде құрылған сабақта тек жақсы оқитын оқушылар ғана белсенді жұмыс істеп қана қоймай,барлық баланың дамуы үшін қолайлы жағдай жасап, барлық оқушының белсенді іс-әрекет етуін қамтамасыз етеді.Оқушы білімді өз ізденісімен,өз біліктілігімен алады,іскерілік дағдылары қалыптасып,артады.Сыни тұрғысынан ойлау бағдарламасы негізінде өткізілген сабақтар оқушының тақырыпты толық меңгеруіне,өз бетінше жұмыс жасауына және уақытты үнемдеуге өте ыңғайлы.Бұл технологияны қолдану жеке тұлғаның ойлау қабілетін дамытуға,нақты шешім қабылдауға,ең бастысы,білім сапасын арттыруға өз көмегін береді.Сыни тұрғысынан ойлау стратегиясын химия сабағында қолдана отырып,оқушының жалпыдан жекеге қарай өз ойын жинақтау қабілетін қалыптастырады.Нақты түрде көрсете білсек:

1.Оқушы сабақ үстінде берілген тапсырмамен қосымша ізденеді.

2.Оқушының өз ойын еркін айта білу дағдысы қалыптасады.

3.Өзі ғана сөйлеп қоймай,басқа оқушыларды да тыңдай білуге үйренеді.

4.Өткен сабақ пен бүгінгі сабақтың ерекшеліктерін салыстыра білуге дағдыланады.

5.Топпен жұмыс істеуге үйренеді.

6.Эссе жазу арқылы бүгінгі сабаққа баға беріп,оқытушының еңбегін бағалап кетеді және ұстазға ертеңгі сабағын жоспарлауға көмектеседі.

Ұстаз деген ұлағатты есімге ие болу үшін,мұғалім білім берудің әдіс-тәсілдерімен қаруланған болу керек.Ол үшін жаңа инновациялық технологияларды меңгеру арқылы қол жеткізуге болады.Қанша жыл тер төгіп еңбек етсең де, «Болдым,толдым,мен бәрін де білемін »деп айтуға болмайды.Ұстаз үнемі ізденіс үстінде болуы керек.Өмір бір орында тұрмайды,үнемі алға жылжып отырады.Осыған орай жаңа заманның жаңа адамын тәрбиелеу,оқыту үшін үнемі ізденіп, білімін,біліктілігін арттырып отыру керек.Мен «Сорс Қазақстан қоры» ұйымдастырған «Оқу мен жазу арқылы сын тұрғысынан ойлауды дамыту» жобасы бойынша 2003 жылы өткізілген курсқа қатысып,қатысушы куәлігін алдым.Қазіргі таңда «Сын тұрғысынан ойлау технологиясын пайдалана отырып,білім алушылардың оқуға деген қызығушылықтарын арттыру»мәселесі бойынша жұмыс жасап келемін.Осы уақыт аралығында байқағаным, сыни тұрғысынан ойлау технологиясы оқушыларды ойлауға,еркін сөйлеуге,өз ойын еркін айтуға,өзін басқалармен тең ұстауға,топпен жұмыс жасауға,шығармашылық қабілетінің ашылуына тағы сол сияқты көптеген жақсы қасиеттерге бағыттайды.Сын тұрғысынан ойлау дегеніміз не? Сын тұрғысынан ойлау-белгілі бір идеяларды қабылдай отырып,оның неге қатысты екендігін зерттеу.Мұғалім тек бақылаушы,ұйымдастырушы қызметін атқарады,ал оқушылар жаңа сабақты өздері айтып,өздері қорытындылайды.Жаңа технология бойынша мұғалім аз сөйлеп,оқушылар өздері лидерлік қызмет атқаруы керек.Ұстаз тарапынан мадақтап отыру арқылы оқушыларға мотивация беру,оқушының оқуға деген қызығушылығын арттырады.Сыни тұрғыдан ойлау технологиясы бойынша сабақ өту кезеңдерінің үш сатысы бар.Сол себепті мұғалім сабақты жоспарлағанда оның құрылымын ой-елегінен өткізіп алғаны дұрыс.Сабақ жоспары үш деңгейден тұрады:

1.Сабаққа дейінгі процесс

2.Сабақ уақытындағы процесс

3.Сабақтан кейінгі процесс

Сабаққа дейінгі процесс-бұл біріншіден сын тұрғысынан ойлау бағытындағы сабақ жоспарын құру.Сол сабақ жоспарына сәйкес әдіс-тәсілдерді таңдап алу.Кез-келген педагогта мынадай қозғаушы күш болу керек:

1.Бұл сабақ неге маңызды?

2.Бұрынғы сабақ беру тәсілімен қалай байланыстырамын?

3.Баланың сыни тұрғыдан ойлауын дамытуда осы сабақтың мүмкіндігі қандай?

1.Қызығушылықты ояту кезеңінде сабақты ашуға көмектесетін әдісті,мысалы топтастыру әдісін пайдаланса болады.

2.Мағынаны ажырату кезеңінде топпен жұмыс жасап,сол топты жетелейтін стратегияларды қолдана отырып,сабақтың мазмұнын мұғалім емес,оқушылар өздері ашатындай,өздері қорытынды жасайтындай болу керек.

3.Үшінші ой-толғаныс кезеңінде мұғалім осы сабақ қалай өтті?Оқушылар осы сабақтан өздеріне керегін алды ма? Мүмкін мына стратегияны пайдаланғанда сабақ басқаша өтерме еді,-деген ойда болады.Бұл процесс мұғалімнің келесі сабағын жоспарлауда кеткен кемшілігінің орнын толтыруда көп себебін тигізеді.Оқушыны ойландыру үшін біріншіден проблемалық сұрақ дұрыс қойылуы керек.Сонда ғана баланы бір нәрсеге жетелеуге қол жеткізуге болады.Оқыту процесінің қиындығы ол бірден нәтиже бермейді,оған жету үшін сатылай түрде мұғалімнің үздіксіз еңбек етуі керек.Сонымен қатар материалдық база мен оқулықтар,методикалық құралдардың жетіспеушілігі де оқыту процесінде өз себебін тигізеді.Бүгінгі күнде жаңа технологияны өз сабағымда пайдалана отырып,сабақтың сапасын көтеру және оқушылардың қызығушылығын арттыру негізгі проблема болып отыр.Соған байланысты мен өз сабағымды жоспарлағанда СТО бағдарламасымен жұмыс жасаймын.Себебі бұл бағдарлама әрі түсінікті,әрі сабаққа қандай мақсат қойсаң,сол мақсатқа жетуге көмектесетін өзінің стратегиялары бар.Барлық стратегияларды қолдану мүмкін емес,бірақ тақырыпты ашуға көмектесе алатындай стратегияны таңдап ала білу қажет.

СТО бағдарламасының стартегияларын пайдаланып өткен сабақ үлгісін көрсетемін. «Қанықпаған көмірсутектер.Алкендер» атты сабағымда СТО бағдарламасының стартегияларын пайдаланып өттім.

Сабақтың тақырыбы: «Қанықпаған көмірсутектер.Алкендер»

1.Сабақтың мақсаты :

1) Этилен көмірсутектері және оның физикалық,химиялық қасиеті туралы мағлұмат беру.

2) Қаныққан көмірсутектер туралы алған білімдерін одан арі дамыту.

3) Білімгерлерді топпен жұмыс істеуге,ұйымшыл болуға ,алған білімдерін өмірде пайдалана білуге баулу.

2.**Оқу нәтижесі:**

Сабақтың түрі:Аралас сабақ

Сабақтың әдісі:Топтастыру,ББУ, Венн диограммасы.

Көрнекілігі: Интерактивті тақта,слайд,кітап,қағаз ,таблица.

Сабақтың барысы:

1. Ұйымдастыру кезеңі(2-3минут)

Оқушыларды түгелдеп,назарларын сабаққа аудару.

2. Үй тапсырмасын сұрау


а) Қаныққан көмірсутектер дегеніміз не?

ә) Олардың гомологтық қатарын ата?

б) Изомерия дегеніміз не?

Жаңа сабақ.

1. Қызығушылығын ояту



Оқушыларға өз ойларын жаздырамын

2.Мағынаны ажырату

Оқушыларды бірнеше топқа бөлу арқылы оларға тапсырма беремін.

1.топ Физикалық қасиеті.

2.топ Химиялық қасиеті

3.топ Қолданылуы

Мағынаны ажырату бөлімінде ББҮстратегиясын пайдаландым.Оқушыларды 3 топқа бөліп,әр топқа тапсырма бердім.Әр топ өз тапсырмасын білемін,білгім келеді,үйрендім графасына кітаптан іздене отырып жауабын жазады.Сол бойынша үлкен топта жаңғыртамыз. «яғни сөйлейді».Бұл стратегияның маңызы біріншіден кітаппен жұмыс жасауға,жазу мәдениеті мен үлкен топта сол жазғандарын қысылмай айта білуге баулиды және басқа топты да тыңдауға үйретеді.

Білемін	Білгім келеді	Үйрендім

3.Ой толғаныс



7.Бағалау

Сабаққа белсене қатысқан білімгерлерді бағалаймын.

8. Үй тапсырмасы

4-тарауды оқу. №1,2,3.

Ой-толғаныс кезеңінде сабақты қорытындылау мақсатында Венн диаграммасын пайдаландым.Бұл жерде оқушылар қаныққан және қанықпаған көмірсутектерді салыстыра білуге үйренеді. Осы сабақтың үш кезеңінде де белсене қатысқан оқушыларды ББҮ әдісін қолданып оқушылардан кері байланыс аламын, бағалаймын.Бұл стратегия сонымен қатар білім қорының мол болуына көмектеседі.

Қорытындылай келе СТО(сыни тұрғыдан ойлау) бағдарламасының тиімділігі туралы айтсам:

1. Бұрынғы білімге қосымша білім алу.
2. Мазмұнды түсінуге тарту.
3. Белсенділікті арттыру.
4. Тақырып жөніндегі ой қозғауға сын тұрғысынан қарау.
5. Ойлау қабілетін кеңейту.
6. Іштей ойлануға үйрену.
7. Ой алмасу.
8. Жинақталған ақпаратты тәртіпке келтіру.
9. Зерттеуге баулу.
10. Еңбек сүйгіштікке тәрбиелеу.

11. Топпен жұмыс жасау қабілетін дамыту сияқты оқушылардың білім деңгейін көтерудегі маңызы зор.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Бұзаубакова К.Ж. «Жаңа педагогикалық технология»2009ж Тараз қаласы.
2. «Дауыс пен көрініс»оқу мен жазу арқылы сыни тұрғыдан ойлау туралы ұлттық журнал №3,№4,2003-2012жж
3. «Егеменді Қазақстан»2015ж
4. Қазақстан мектебі, №12, 2010 ж.
5. «Оқу мен жазу арқылы сын тұрғысынан ойлауды дамыту». Бағдарлама жобасы үшін дайындалған I-IY методикалық құрал, 4 - 25 шілде. 1998 ж.

ФИЗИКА ПӘНІНДЕГІ ^{13}C ПЕН ПРОТОННЫҢ ӘСЕРЛЕСУ ПАРАМЕТРІН АНЫҚТАУ.

Есалиева Орынкул Қыдырәліқызы
Физика пәні оқытушысы. Санаты: Педагог-сарапшы
Шымкент қаласы білім басқармасының
«Индустриалды-техникалық колледжі» МКҚК

Аннотация

Конструкциялық элементті жобалауға және қазіргі заманғы энергетикалық қондырғыларға және қауіпсіздік жүйесіне, ядролық модельдік есептеулердің дамуына қажетті ядролық физика Институтындағы күшейткіште (изохронды циклотрон У-150М, ауыр иондарды зарядтайтын КПК-2-1) мәліметтер алу.

Түйінді сөздер: *Оптикалық потенциал, оптикалық модель, радиациялық қармау, центрлік масса жүйесі, фолдинг-потенциал, қозу функциясы, S-фактор.*

DETERMINATION OF THE PARAMETER OF THE INTERACTION OF 13C AND PROTON IN PHYSICS.

Esalieva Orynkul Kydyraliyevna
Teacher of physics. Category: teacher-expert
The Department of education of Shymkent
State public utility enterprise "Industrial-technical college"

Abstract

Preparation of experimental and calculated cross sections of nuclear reactions at the accelerator complex of the Institute of Nuclear Physics of National Nuclear Center of the Republic of Kazakhstan(isochronous cyclotron У-150М, refill heavy ion accelerator УКП-2-1). the data of these cross sections necessary for the design of structural components and safety systems of modern and future nuclear power plants, including thermonuclear power plants, nuclear testing and the development of model calculations.

Key words: *optical potential, optical model, radiative capture, folding-potential, excitation function, S-factor, Center-of-momentum frame.*

Жұмыстың мақсаты: Конструкциялық элементті жобалауға және қазіргі заманғы энергетикалық қондырғыларға және қауіпсіздік жүйесіне, ядролық модельдік есептеулердің дамуына қажетті ядролық физика Институтындағы күшейткіште (изохронды циклотрон У-150М, ауыр иондарды зарядтайтын КПК-2-1) мәліметтер алу.


Нәтижелері: Перспективалық ядролық-энергетикалық қондырғылардың модельдік есептеулерін дәл мәліметтермен қамтамасыз ету ^{13}C ядросында 500-900 кэВ энергия диапазонында аз бұрыш интервалында протонның серпімді шашырауының дифференциалдық қимасы 10% дәлдікпен алғаш рет орындалды.

^{13}C ядросындағы протондардың серпімді шашырауына келтірілген мәліметтерге шолу


Қазіргіуақытта ядролық мәліметтер базасында (мысалы EXFOR) энергиясы $E_{р, лаб.}$< 2.6 МэВ ядросындағы протондардың серпімді шашырауының қателігі 10 % энергетикалық және бұрыштық диапазонда тәжірибелікмәліметтер бар: $\theta_{р, лаб.} = 30^0, E_{р, лаб.}$ = 469 - 552 кэВ; $\theta_{р, лаб.} = 60^0, E_{р, лаб.}$ = 470 - 552 кэВ; $\theta_{р, лаб.} = 160^0, E_{р, лаб.}$ = 269 - 725 кэВ; $\theta_{р, лаб.} = 170^0, E_{р, лаб.}$ = 201, 238, 265, 648,799,800 кэВ;$\theta_{р, лаб.} = 10^0$ - $170^0, E_{р, лаб.}$ = 1000 - 2590 кэВ. Жоғарыдағы


мәліметтеркөрсеткендей, сенімді фазалық анализдер жүргізумен $E_{р,\ лаб.} < 1.2$ МэВ энергиядаоптикалық потенциал параметрлерін анықтау үшін $E_{р,\ лаб.} < 1200$ кэВ 100 – 200 кэВ қадаммен, $\theta_{р,\ лаб.} = 10^0 - 170^0$ 10^0 қадаммен $^{13}C(p,p)^{13}C$ процесінің дифференциалдық қимасына қосымшаесептеулер жүргізу қажет. Бұл энергия диапазоны термоядролық және гибридтік құрылғыларда өте төмен энергияда процестердің өтуі үшін маңызды.


^{13}C ядросында$E_{р,\ лаб.} = 500, 550, 600, 700, 800$ және 900 кэВ энергияда, $10^0 - 20^0$ қадаммен $20^0 - 160^0$ бұрыштық диапазондапротондардың серпімді шашырауының дифференциалдық қимасы 10% ақаумен есептелді(1-суретті қараңыз).



Сурет 1. ^{12}C ядросындағы шашырауаймағынан 24 см қашықтықтаорналасқан, жазық – барьерлік кремнийлі детектор көмегімен алынған протондардың серпімді шашырауы спектрінің мысалы







Сурет 2. $E_{р, лаб.}$ = 500-900 кэВ энергияда ^{3}C ядросындағы протондардың серпімді шашырауының дифференциалдық қимасы

$^{13}C(p,p)^{13}C$ қозу функциясы 10-20 кэВ қадаммен $E_{р,лаб.}$ = 360 до 1400 кэВ энергетикалық интервалда $\theta_{лаб.} = 168^{0}$ үшін 10% дәлдікпен алғаш рет есептелді.

Серпімді шашырау бойынша феноменологиялық оптикалық модель және фолдинг модельмен жұмыста алынған тәжірибелік мәліметтер аз энергия аймағында $p+^{13}C$ жүйесінің ядролық потенциал әсерлесуінің оптимал параметрлерін анықтауға көмектесті. Табылған параметрлер өте аз энергияда $^{13}C(p,\gamma)^{14}N$ реакциясының қимасын анықтауға қолданылды.

344 - 975 кэВ энергияда ұшып бара жатқан протондардың $^{13}C(p,\gamma_0)^{14}N$ радиациялық қармау реакциясының дифференциалдық қимасы есептелді.

Зерттеу мақсатына сәйкес, конструкциялық элементті жобалауға және қазіргі заманғы энергетикалық қондырғыларға жәнеқауіпсіздік жүйесіне, ядролық модельдікесептеулердің дамуына қажетті ядролық физика Институтындағы күшейткіште(изохронды циклотрон У-150М, ауыр иондарды зарядтайтын КПК-2-1) мынадай мәліметтералынды:

1) Перспективалық ядролық-энергетикалық қондырғылардың модельдікесептеулерін дәл мәліметтермен қамтамасыз ету^{13}C ядросында 500-900 кэВ энергия диапазонындааз бұрыш интервалында протонның серпімді шашырауының дифференциалдық қимасы 10% дәлдікпен алғаш рет орындалды.

2) $^{13}C(p,p)^{13}C$ қозу функциясы 10-20 кэВ қадаммен $E_{р,лаб.}$ = 360 до 1400 кэВ энергетикалық интервалда $\theta_{лаб.} = 168^{0}$үшін 10% дәлдікпен алғаш рет есептелді.

3) Серпімді шашырау бойынша феноменологиялық оптикалық модель және фолдинг модельмен жұмыстаалынған тәжірибелікмәліметтераз энергия аймағындар+^{13}C жүйесінің ядролық потенциал әсерлесуінің оптимал параметрлерін анықтауғакөмектесті. Табылған параметрлер өтеаз энергияда^{13}C(p,γ)^{14}N реакциясының қимасын анықтауға қолданылды.

4) 344 - 975 кэВ энергияда ұшып бара жатқан протондардың ^{13}C(p,γ_0)^{14}N радиациялық қармауреакциясының дифференциалдық қимасы есептелді.

5) ^{13}C(p,γ_0)^{14}N реакциясының интегралдық қимасы жәнеастрофизикалық S- факторы анықталды. Алынған интегралдық қимасының және S-факторының мәндері тәжірибелікмәліметтерді жақсы сипаттайды.


6) Астрофизикалық (0.001 - 6 млрд К) температурада^{14}N негізгікүйінерадиациялық қармауреакциясының жылдамдығы есептелді.

7) Фолдинг-потенциалды қолдана отырып екі денелік кластерлік жуықтауда^{13}C(p,γ_0)^{14}N реакциясы қимасының мәліметтеріE$_{р,\ лаб.}$< 1000 кэВ энергиядағы тәжірибелікмәліметтермен үйлеседі.Мүмкін, сәйкестік^{14}N ядросының үлкен байланыс энергиясында (E$_{св.}$ = 7.6 МэВ) шығар және қармаудың нөлден тұратын күштіорбиталық моменттен тұратын нейтрондағы жүйеде^{13}C→^{12}C+n өтетіндігінде болуы да мүмкін.

Кесте 1

^{13}C ядросындағы протондардың серпімді шашырауының оптикалық потенциалының параметрлері

E$_{р,\ лаб.}$, *(МэВ)*	V$_R$, *(МэВ)*	r$_R$, *(фм)*	a$_R$, *(фм)*	W$_D$, *(МэВ)*	r$_{WD}$, *(фм)*	a$_{WD}$, *(фм)*	V$_{SO}$, *(МэВ)*	r$_{SO}$, *(фм)*	a$_{SO}$, *(фм)*
7.0	51.5	1.25	0.65	7.5	1.25	0.70	5.5	1.25	0.65
12.2	48.0	1.27	0.62	8.5	1.27	0.48	5.5	1.27	0.62
30.4	46.44	1.063	0.616	5.65	0.743	1.085	6.63	1.063	0.616
35.0	53.4	1.064	0.623	6.045	1.20	0.6	6.4	1.0	0.575
71.8	29.27	1.16	0.68	4.67	1.22	0.58	5.67	0.917	0.48
200.0	9.0	1.39	0.55	13.5	1.12	0.68	2.75	0.91	0.52



Сурет 3. ^{13}C ядросындағы протондарсерпімді шашырауының тереңдігінің анық бөлігінің энергетикалық байланысы

Кесте 2

^{13}C ядросындағы протондардың серпімді шашырауының оптикалық потенциалының параметрлері

$E_{p, лаб.}$, *(МэВ)*	V_R, *(МэВ)*	r_R, *(фм)*	a_R, *(фм)*	W_D, *(МэВ)*	r_{WD}, *(фм)*	a_{WD}, *(фм)*	V_{SO}, *(МэВ)*	r_{SO}, *(фм)*	a_{SO}, *(фм)*
7.0	52.08	1.25	0.707	6.18	1.25	0.358	4.12	1.25	0.178
30.4	41.13	1.25	0.663	4.43	1.25	0.983	4.03	1.25	0.317
35.0	46.21	1.25	0.634	7.09	1.25	0.627	5.38	1.25	0.453
71.8	34.35	1.25	0.616	3.31	1.25	1.10	1.72	1.25	0.653
200.0	10.42	1.25	0.516	4.37	1.25	0.693	1.25	1.25	0.60

Алғаш рет, 10^0 - 20^0 қадаммен $\theta_{лаб.} = 20^0 – 160^0$ бұрышта, $E_{p, лаб.}$ = 500, 550, 600, 700, 800 және 900 кэВ энергияда $^{13}C(p,p)^{13}C$ серпімді шашырауының дифференциалдық қимасы 10 % қателікпен есептелді.

Алғаш рет, $^{13}C(p,p)^{13}C$ процесінің қозу функциясы 20^0, 30^0, 40^0, 50^0, 60^0, 70^0, 80^0, 90^0, 120^0, 140^0 және 160^0 бұрышта 10-20 кэВ қадаммен 500 - 900 кэВ энергия аралығында 10%-тен аспайтын қателікпен алынды.

^{13}C әсерлесуінің аз энергия диапазонында (500 - 900 кэВ)тәжірибелік дифференциалдық қиманы суреттейтін оптикалық фолдинг-потенциал p – параметрі анықталды.

Алғаш рет, $\theta_{лаб.} = 0^0 – 135^0$ бұрыштық дипазонда $E_{p, лаб.}$ = 344 - 975 кэВ энергияда $^{13}C(p,\gamma_0)^{14}N$ реакциясы қимасының бұрыштық таралуы өлшенді. FRESCO программасы арқылы $^{13}C(p,\gamma_0)^{14}N$ реакциясының астрофизикалық S- факторы және интегралдық қимасы анықталды. Радиациялық және парциал протондар енінің оптимал мәні табылды. Экстраполяция әдісімен нөлдік энергияда $^{13}C(p,\gamma_0)^{14}N$ астрофизикалық S- фактор өлшемі анықталды. Есептелген S- фактор мәндері 0.001 - 6 млрд К температурада $^{13}C(p,\gamma_0)^{14}N$ реакциясының жылдамдығын өлшеуге қолданылды.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Watson B. A., Singh P. P., Segel R. E. Optical-model analysis of nucleon scattering from 1p-shell nuclei between 10 and 50 MeV// Phys.Rev. – 1969. – V.182. – P.977-989.

3.Schrank G., Warburton E. K., Daehnick W. W. Inelastic scattering of 17 MeV protons from ^{9}Be, ^{10}B, ^{20}Ne, ^{25}Mg and ^{26}Mg//Phys. Rev. – 1962. – V.127. – P.2159-2179.

4.Squier G. T. A, Johnston A. R., Spiers W., Harbison S. A., Stewart N. M. Cross – section measurements for the reactions $^{10}B(p,d)^{9}B$ and $^{10}B(p,t)^{8}B$// Nucl.Phys. – 1970. – V.A141. – P.158 – 168

5. Funsten H. O., Ritzau S. M., Harper R. W., Korde R. Fundamental limits to detection of low-energy ions using silicon solid-state detectors//Applied physics letters – 2004. – V. 17. – P.124-136

6. Lyons P. B., Toevs J. W., Sargood D. G.. Total yield measurements in $^{27}Al(p,\gamma)^{28}Si$// Nucl. Phys. A. – 1969. – V.130. – P.1 -10.

7.Kajumov Sh. S., Mukhamedzhanov A. M., Yarmukhamedov R., Borbely I. Three-body coulomb effects in one-particle transfer reactions//Z. Phys.A336 – 1990 – P.297-302.

8.Artemov S. V., Zarapov E. A., Nodirbekov M., Nie G. K., Yarmukhamedov R. Influence of the three-body coulomb effects on extracted value of nuclear vertex constants from transfer reactions//Izv.RAN. – 2002 – Ser. Fiz. №66 – P.60 - 64.

9. Angulo C. at all cjmpilation of charged-particle induced thermonuclear reaction rates//Nucl. Phys. A 656 – 1999 – V.3 – P.183-188.

Мамбеталиев Адилет Серикулы, Беккулиев Бактияр Смадиярович
Өндірістік оқыту шебері. Индустриалды-техникалық колледжі.
(Шымкент қ., Қазақстан)

Аннотация

Білім беру саласында қазіргі орын алып отырған гностикалық бағыт оқыту үдерісін инновациялық тұрғыда қарастыруда оқушылардың, өзбетінше білімді меңгеруіне ықпал ете алмай отыр. Өйткені, білімді меңгеру белгілі психикалық әрекеттер барысында ғана жүзеге асады. Сондықтанда қазіргі кезде оқытуда іс-әрекеттік бағытқа көшу қажет. Адамның іс-әрекеті қоршаған ортадағы объектілерді білу тұрғысынан және іс-әрекет мазмұнын, яғни оларды меңгеру (мақсаты, үрдістің өзі, тәсілі, құралдары мен шарттары), білуден тұрады. Аталынған мәселелерді, оқыту үдерісінің біртұтастығын қамтамасыз ететін әдістемелік қызмет атқаратын құжаттар шеше алады.

Түйін сөздер:*принціп, диагностикалау, иерархиялық, обьект.*

CONTROL OF KNOWLEDGE, SKILLS AND ABILITIES OF STUDENTS, ITS STRUCTURE AND CONTENT

Mambetaliev Adilet Serikuly, Bekkuliyev Baktiyar Smadiyarovich
Master of industrial training. Industrial and Technical College.
(Shymkent, Kazakhstan)

Abstract

The Gnostic direction, which is currently taking place in the field of Education, does not contribute to the independent acquisition of knowledge by students in an innovative approach to the learning process. After all, the acquisition of knowledge takes place only in the course of certain mental actions. Therefore, at present, it is necessary to move to an active direction in teaching. Human activity consists in the knowledge of objects in the environment from the point of view of knowledge and the content of activity, that is, their assimilation (purpose, process itself, method, means and conditions). These issues can be solved by documents that perform methodological functions that ensure the unity of the learning process.

Key words: *Princip, diagnostics, hierarchical, object.*

Педагогикалық бақылау педагогтың ұйымдастырушылық және басқарушылық ролі нәтижесінде жүргізілетін, бірлескен сипаттағы, оқу үдерісінің нәтижелерін бағалауға бағытталған тексеру іс - әрекетінің біртұтас әдістемелік және дидактикалық жүйесі болып табылады. Бақылаудың көмегімен студенттердің жетістіктерін бағалауға, олардың білімдеріндегі кемшіліктерді анықтауға, білім берудің жоспарланған, жүзеге асырылып жатқан және қол жеткізілген деңгейлерінің арасындағы өзара байланысты анықтауға, оқытудың жаңа әдіс- тәсілдерінің артықшылықтары мен кемшіліктерін түсінуге, студенттердің жұмыстарын салыстыруға, оқу орны басшысына басқару шешімдерін дұрыс қабылдауға мүмкіндік беретін объективті ақпаратты беруге және осылардан да өзге маңызды бірқатар мәселелерді шешуге мүмкіндік жасауға болады.

*Бақылау-бағалау қызметінің негізгі бөліктері***.** Бақылау – бағалау қызметінің негізгі бөліктеріне мыналар кіреді:

- түсінік индикаторы ретінде қызмет атқаратын тақырыптар, бөлімдер және басқаларын айқындау;
- эмпирикалық индикаторларды (сұрақтар, тапсырмалар және т.б.) қалыптастыру жолымен түсініктерді операцианализациялау;

- бақылаудың қажет нәтижесінің үлгісін жасау;
- үлгі мен студенттердің шынайы жауаптарын бір – бірімен салыстыру;
- бағалау тұжырымдарын қалыптастыру және олардың негізінде бақылауды жалғастыру немесе баға қою туралы шешім қабылдау.

Аталған бөліктер оқытушының бақылау – бағалау қызметінің құрамында үнемі болады. Олар бақылау дәстүрлі әдістермен немесе тест әдісімен өткізілгеніне байланысты әртүрлі дәрежеде ұштастырылады және көрінеді. Тест бақылауы кезінде түсінік индикаторының рөлін тест тапсырмалары атқаратын эмпирикалық референттерге көшу болып саналады. Нәтижелер үлгілері мүмкіндігінше стандартталады, жауаптар кілті және бағалау ережелері түрінде беріледі, тестіден өткізілгендердің нәтижелерін кілтпен салыстыру субъективті фактордың ықпалын сарапшылардың жәрдемімен мүмкіндігінше қысқартуға немесе толық автоматтандыруға мүмкіндік береді.

Бақылаудың мазмұны. Бақылау – бағалау қызметінің құрылымынң бөліктерінің ішінде бағалау пәні мен бақылаудың мәнін анықтайтын түсініктік индикаторларды анықтау маңызды болып табылады. Күнделікті оқу үдерісі барысында осы үдерісті талдаумен қоса – қабат оқушылардың жаңа білімді меңгергендігің нәтижесін бағалау мен анықтауға бағытталған білімді меңгеруді бақылау жүзеге асырылады.

Бақылаудың мазмұны тек қана нені оқытып, оқыту нәтижесі ретінде нені көргісі келетіндігін ғана айқындап қоймайды, ол сондай – ақ оқыту барысында белгілі бір басылымдықтарды да айқындайды. Бақылау үдерісі кезінде оқу жетістіктеріне қойылатын талаптар міндетті түрде , әсіресе , бақылау сыртқы сипатта болған кезде, ал оның бағалары білім беруде әкімшілік –басқару шешімдерін қабылдауға пайдаланатын кезде оқытушының күнделікті жұмысының бағыт – бағдарына айналады.

Оқу үдерісіндегі бақылау түрлері. Дәстүрлі жіктеулер бойынша оқытудағы педагогикалық бақылау кіріспе, ағымдағы және қорытынды бақылау деп бөлінеді . Өзін - өзі бақылау (өзін өзі бағалау) үдерісі бұл жіктелуге кірмейді. Оларды әдетте педагогикалық психология қарастырады, өйткені ол мұғалімнің сыртқы бақылаушы ықпалын оқушының ішкі жандүниесіне енгізу мнханизмімен байланысты.

*Кіріспе бақылау.О*қыту тәжіриебесінде кіріспе бақлау жүйелі түрде жүргізілмейді. Ол тек оқушыларды кәсіптік сыныптарға бөлу кезінде, немесе оқу үдерісін дербестіндіруге басты назар аударатын оқытушылардың өзбетінше жасаған жұмысы барысында ғана пайдаланылады.

Көп жағдайда экспресс- диагностикалау сипатында болатын кіріспе бақыылауды неғұрлым тиімді жүзеге асыру педагогикалық тест өткізу жағдайында мүмкін болады.

Ағымдық бақылау. Ағымдық бақылаудың мақсаты – оқытудың барысын қадағалау. Оны жүзеге асыру оқытушыға оқу үдерісінің барысын дер кезінде жөндеп, дұрыс бағытқа қарай қайта құруға мүмкіндік беретін ол туралы шұғыл ақпарат алуға мүмкіндік береді. Дұрыс ұйымдастырылған оқу үдерісі кезінде оқытушы оқушылардың орындаған оқу әрекетінің мазмұнын ғана емес, оның қасиетін де бақылап отыруы қажет болғандықтан, әсресе әрбір оқытылушының жаңа материалды меңгеру динамикасы туралы, оның ойлау үдерісі немесе алгоритмнің ұтымдылық дәрежесі қандай екендігі тралы ақпараттар үлкен қызығушылық туындатады. Мұндай ақпаратты алу тек әрбір студент қателіктері мен қиыншылықтары талданған кезде, тест диагностикалық сипатқа енген кезде ғана мүмкін болады. Ағымдық бақылаудағы кері байланыстың диагностикалық сипатын күшейту және оның тиімділігін жоғарылату оқытушыға комьютер мен диагностикалық тестілер көмекке келетін болса жүзеге асады.

*Қорытынды бақылау***.** Қорытынды бақылау (кезеңдік, шекаралық, қорытынды бақылау) оқытудың белгілі бір кезеңін, оқу курсының бір бөлімін, немесе бүкіл тарауды аяқтаған кезде оқу жетістігін бағалауға арналған. Әдетте емтихандағы баға (ауызша немесе жазбаша) немесе тест нәтижесі оқушыларды қорытынды бағалаудың формасы болып

есептеледі. Қорытынды бағалаудың нәтижесін салыстыру және болжалдау талдауларын жүргізу оқытушыға өзінің жұмысын болашақта жақсарту үшін маңызды мәлімет береді. Талдаулардың мәліметтері егер қойылған оқу мақсаттарына сәйкес келмесе, онда оқушылардың дайындығында пайда болып отырған жүйелі түйінді мәселелерді анықтауға және оқыту үдерісін реттеуге әкімшілік шешім қабылдауға мүмкіндік береді.

Бақылаудың қызметтері Бақылаудың негізгі қызметі ретінде бақылаушылық, диагностикалық, білім берушілік, тәрбелеушілік және ынталандырушылық қызметтері орын алады. Педагогика ғылымының даму тарихы кезінде бақылаудың білім беру сапасын басқаудың құрамдас бөлігі ретіндегі рөлі туралы түсінік пайда болған кезде оған оның ақпараттық, салыстырғыштық және болжамдық рөлі де келіп қосылды.

*Бақылаушылық қызмет***.** Бақылаушылық қызмет қорытынды бақылаудың негізі қызметі болып табылады, өзінің құрамдас бөліктерінің білім беруді басқарудың әртүрлі деңгейі үшін айқындығының нәтижесінде ол туралы түсіндіріп жатуды да қажет етпейді. Ол оқытудың нәтижесін толық бақылауды, меңгерілген білім, іскерліктер мен шеберліктер дәрежесін анықтауда қарастырылады және оқу жетістігіне берілген баға түрінде көрініс табады.

*Диагностикалық қызмет***.** Диагностикалық қызмет ағымдық бақылау кезінде неғұрлым толығырақ жүзеге асады. Дагностикалық қызмет рөлін белсендіру оқу удерісінің сапасын жоғарлатудың маңызды шарты болып табылады. Әрбір оқушы келесі курсты меңгеруге қажет білімдерінің кемшіліктері мен оқылықтарын жойғаннан кейін ғана жаңа материалдармен танысуға кірісетін болғандықтан, оқушылардың қиыншылықтарының себептері мен сипаты неғұрлым тереңірек зерттелініп, талдау арқылы педагогокалық диагностика оқытуды дербестендірудің жаңа мүмкіндіктерін ашады. Ағымдық бақылаудың диагностикалық қызметі дәстүрлі құралдардың (бақылау жұмысы, сұрау, т.б.) арқылы да, арнайы тестілер арқылы да жүзеге асырылады .

Білім берушілік қызметі. Сыныпта оқушылардың берген сұрақтарына студенттердің жауаптары кезінде пайда болатын талдау, оқыушылардың бақылау жұмыстары мен сұрау жұмыстарына дайындық кезіндегі өзін - өзі бақылауы және өзін -өзі бағалауы толық емес көлемде болса да білім берушілік қызмет атқарады, өйткені бақылаудың дәстүрлі құралдары мен әдістері оларды тек ішінара түрде ғана жүзеге асырырады. Бұл жерде де басқа жағдайлардағы тәріздес тестілеуде болады.

*Тәрбиелеушілік-ынталандырушылық қызметтер***.** Студент тұлғасының білімге деген қызығушылығын, жүйелі түрде жұмыс істей алу іскерлігі, өзін бақылау және өзін өзі басқару сияқты оң қасиеттері мен сапаларын қалыптасу кезінде бақылаудың тәрбиелеушілік қызметтері жұмыс жасай бастайды.

Бақылаудың тәрбиелік қызметтері студенттердің оқу әрекетіне деген ынталанушылық негізін қалыатастыруға арналған. Күнделікті оқу үдерісі кезінде оқуға ынталандыру (мотивация) әрдайым және күнделікті жасала бермейді. Егер бақылау объективті, оқытушының бағасы әділетті болса, онда студенттерде жаңа білімді меңгеруге деген ынта пайда болады. Педагогтың бағасындағы субъективизм және осындай жағдайда жүргізілген жүйелі, тұрақты бақылаулар мен тексерулер міндетті түрде кері нәтижелерге алып келеді. Студенттердің оқытушыға деген кері қарым – қатынас орнап, оқуға деген ынта толығымен жойылады.

Оқу әрекетіне ынталанудың өсуіне тестілер мен бағалаудың критерийлік (баллдық) жүйесі көмектеседі. Критерийлер сипаттамалық деңгейде беріледі де, әрбір бағаға қалай қол жеткізуге болатындығы көрсетілген талап қоса көрсетіледі. Олар оқушыларды неғұрлым жоғары нәтижелерге ынталандырып қоймай, сондай-ақ олардың оқытушының объективтілігіне және бағаның дұрыс қойылуына деген сенімдерін де арттыра береді.

*Дамытушы қызметі***.** Бақылау еске сақтауды қалыптастырады, ойлауға және білім мен іскерлікті өмірде пайдалана алуға жалғастырады, бір сөзбен айтқанда оқытудың дамытушы қызметтерін жүзеге асыруға көмектеседі. Бақылаудың дамытушылық қызметінің неғұрлым

толық жүзеге асцыру бақылау тапсырмаларының сипатына, олардың мазмұны мен оларды орындау кезінде жасалуы керек қызмет дәрежесіне байланысты болады. Таныс жағдайда орындалатын аса терең тапсырма беру бақылаудың дамытушы қызметін белсендірмейді. Тапсырманы өзгеріп кеткен немесе мүлдем таныс емес жағдайда шешуге беру, керісінше оны орындау кезінде оқушыларды талдауға, тұжырымдауға, жалпы белгілерді анықтауға, бағалауға және шығармашылық бөлшектерін пайдалануға ынталандырады.

*Ақпараттық қызметі***.** Ақпараттық қызмет бақылаудың оның нәтижелерінің қай жерде пайдаланатындығына, жүзеге асырылу құралдарына қарамастан кез келген түріне тән болады. өзінің айқындығына байланысты қосымша түсіндіруді де қажет етпейді. Ақпараттық қызметті жүзеге асырудың толыққандылығы бақылаудың объективтілігінің дәрежесіне тәуелді, ал бұл дәреже болса бақылау нәтижелері бойынша қабылданатын басқарушылық шешімдердің жауапкершілігі неғұрлым арта түскен сайын соғұрлым жоғарылай түсуі керек. Мысалы, бақылаудың мәліметтерін инновациялар енгізу кезінде, білім беру жүйесіндегі кемшіліктер болған кезде, оқу жоспарларындағы тепе –теңдіктердің бұзылуы кезінде, оқулықтар авторларының қателіктері кезінде білім беру жүйесіндегі проблемеларды анықтап оны міндетті түрде талап етеді.

Салыстыру қызметі. Бақылаудың салыстыру қызметі жекелеген білім беру сапасындағы жіберілген олқықтарды анықтау үшін тестілеудің көрсеткіштерін аудандық, аймақтық нормалармен салыстыру кезінде пайдаланады. Мұндай салыстыру тестілеудің арнайы шкаласын жасау, тест мәліметтерін статистикалық коррекциялау, шкаларды теңестіру, оқушыларды репрезентативті жолмен таңдау, оқушылардың құрамына ықпал ететін әлеуметтік – экономикалық факторларды ескеру, оқытушылардың кадрлық құрамы және мекеменің орналасқан аудандағы жағдайдың қалыптасуын ескерген кезде дұрыс жүргізіледі.

Болжамдық қызметі. Бақылаудың болжамдық қызметі жаңа материалды меңгеру қабілетін айқындауға арналады және осыған дейін жүргізілген оқытудың ықпалын көрсетеді, сондықтан оны бақылаудың нәтижелеріне сүйене отырып болжалдауға болады. Егер бақылау тек дәстүрлі құралдардың көмегімен ғана алынған болса, онда сынақтан өтушінің болашақтағы табыс деңгейіне болжам жасау мүмкін болмайды. Алайда, болжамдық қызметі арнайы талдаулық әдістермен дәлелденген тестілерді пайдаланған кезде бұл мәселе толық шешіледі.

Бақылаудың принциптері*:*

*Ғылымилық принципі***.** Ғылымилық принцип бақылау кезінде ғылыми негізделген тексеру құралдарын, тексеру үрдістерін және бақылау мәліметтерін талдау әдістерін пайдалануды талап етеді, бұл талапты үнемі орындап отыру әркез мүмкін бола бермейді. Мысалы, оқу үдерісі барысында үнемді қолданып отырылатын бақылау жұмыстарының сапасын үнемі қалай тексеріп отыруға болады? Бұл үшін теориялық білімдерді емес, педагогикалық тәжірибені пайдалануға тура келеді. Бір оқытушыға ұнаған бақылау жұмысының мазмұны екінші оқытушының көңілінен шықпайды, өйткені әрбір оқытушының өзінің тексеру үшін қойған мақсаты, тексеру жұмысын қалай жүргізетіндіктері туралы дербес түсініктері болады. Дәстүрлі құралдарға қарағанда педагогикалық тестілер педагогикалық өлшемедер теориясына сүйене отырып, арнайы технологиялар бойынша жасалады, олардың ғылыми негізделген сапа критерийі бар. Ғылымилылық принціпі тестілеудің мәліметтерінің дәлдігі мен тұрақтылығын (сенімділік критерийі), өлшем мақсатының сәйкестігін (валидность критерийі) тексеруді қарастырады.

*Иерархиялық ұйымдастырылу принципі***.** Иерархиялық ұйымдастырылу принціпі бақылау мазмұнын іріктеген кезде білім, іскерлі және дағдылардың құрастырылуының белгілі бір иерархиясын жасауға бағыттайды. Оқытушы барлық оқушының білімін тексерудің мүлдем мүмкін еместігімен ұшырасады. Сондықтан іріктеудің иерархиялық

принціпі тестіде немесе дәстүрлі бақылау құралдарында білімнің неғұрлым ірі және маңызды бөліктерін көрсетуді қарастырады.

Жүйелілік принципі. Педагогикалық бақылаудың жүйелілік принципі соңғысының жоспарлылығына тәуелді болады. Тексерудің жиілілігінің ретсіздігі, олардың тосыннан жасалуы оқушылардың эмоциялық және жан-жүйелік қосалқы қиыншылықтарына ұшырауына алып келеді. Сонымен қоса қабат тексерудің санының кеміп кетуі де кері нәтиже береді. Бақылаудан, оны жүргізудің формалары мен әдістерін жетілдіруден бастартудың оқытудың сапасын нашарлататын тәжірибе дәлелдеп береді.

Объективтілік және әділеттілік принциптері. Объективтілік және әділеттілік принциптері өзара тығыз байланысты, өйткені объективтілік әділеттіліктің болуының бұлжымас шарты. Оқыту тәжірибесінде әділеттілік принципін жүзеге асыру үшін объективті баға түсінігін енгізу керек. Педагогикалық өлшемдер теориясына «объективті баға» түсінігі оқушының бақылау жүргізілген кездегі оқушының дайындығының деңгейін көрсететін және қате бөлшектің болмауын қарастыратын «шынайы баға» түсінігі мен алмастырылады. Сондықтан өлшемдердің қате бөлшектің аз немесе көп дәрежеде болуына байланысты объективтіліктің жоғарылығы немесе төмендігі туралы сөз қозғауға болады .

Бақылаудың объективтілігін көтерудің бірінші жолы коллегиялық сараптық бағаны қалыптастыру

Өлшеу бәрімізге белгілі, қандайда бір алдын ала белгілі шамамен өлшенетін шаманы салыстыру болып табылады. Біздің жағдайымызда, мұндай эталонды яғни білімгерлердің алған білімдерін салыстыру үшін ,белгілі бір контингентке арналған, типтік есептерді шешу үлгілері орын алады. Мұнда «өлшегіш қондырғы» қызметін, аталған пәнді жақсы білетін, оқу материалдарының құрылымын меңгерген оқытушының эксперттік бағасы болып табылады. Сонымен, оқушылар тарапынан оқу материалын меңгеру үдерісінің нәтижелелігі бақылау сұрақтарының жауабына қарай эксперттік оқытушылардың бағалау орын алады. Бұдан шығатын қорытынды, пәнді оқу үдерісінің нәтижесін оқу материалының шектеулі көлемі негізінде, оларға арналған бақылаулар, типтік есептер, сұрақтар, сонымен қатар үлгілі жауаптар мен шешімдерді пайдаланып оларды оқушылар өздерінің кез-келген жағдайында шешімін таба білетін тапсырмалар негізінде орындайды.

Оқу материалдарын меңгеру нәтижелілігін бағалау да оқу пәнінің жеке тарауларын меңгеру коэфициенттерінің динамикасысын пайдалануға ,сонымен қатар осы көрсеткіштің орташа мәнімен бағалауға болады. Дәстүрлі бес баллдық бағалау жүйесі бойынша оқушылардың салсытырмалы түрде соңғы көрсеткіші дәрежесі төмендегіше сипатталады:

Десекте, қазіргі күнге дейін емтихан бағасы оқытудың жеке-дара критерийі және нәтижелілігінің көрсеткіші қызметін атқарып келеді. Сондықтан студенттердің нақтылы материалдды меңгергендігі жөніндегі ендіріліп отырған бағалау өлшемшарттарын қосымша және әр топтың емтихандағы орташа бағасы болып табылады. Дегенімен біз мұндай бағалау өлшемшарттарын күнделікті пайдалана отырып, оның қажеттілігін растаймыз. Студенттер тарапынан пәнің тарауларын меңгеру үдерісінің нәтижелілігін өлшеу процедурасы келесі кезеңдерді қамтиды:

1) эксперттерді таңдау және дайындау;
2) оқушылардан жауап алуға арналған тест-карталарды дайындау;
3) негізгі кілттік жағдайдайлар мен алгоритмдерді анықтау, оларды бақылау есептерін шешуде пайдалану оқушыға шын мәнәнде есепті шешудің мақсаттық әдісін меңгеруіне бағыт беруі керек; Бұл қажетті жағдайлардың жиынтығы мен алгоритм эксперттердің бағалаушылық әрекеттерінің идентификаторларлық тіректік жүйесі болуы керек.
4) оқушылардың тапсырмаларды орындауы мен жауаптарындағы негізгі жағдайларды есепке алу нормасы мен критерийлері болуы тиіс;
5) бақылау жұмыстарыны тексеру процедурасын таңдау және оларды бағалау нәтижелерін белгілеу;

6) эксперттік баға нәтижесін өңдеу процедурасын таңдау;

7) нәтижені өлшеуге бағытталған бақылау сұрақтарын жасау технологиясымен келім жасау қажет болады.

Аталынған кезеңдерге жеке тоқталып көрелік.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Беспалько В.П. Теория учебника М.: Педагогика, - 1988. – 138с.
2. Сохор А.М. Педагогическая структура учебного материала. М.: Педагогика, 1974 - 192с.
3. Леонтьев А.Н. Іс-әрекет, сана, тұлға // Психология. Адамзат ақыл-ойының қазынасы. 10 томдық. Т.2 480 б.-Б.16-100
4. Гальперин П.Я. Психологиялық зеттеулер // Психология. Адамзат ақыл-ойының қазынасы. 10 томдық. Т.4 Алматы, Таймс, Баспа үйі, 2005.-479б .-16-103б.
5. Талызина Н.Ф. Білімді игеру процесін басқару // Психология. Адамзат ақыл-ойының қазынасы. 10 томдық. Т.4 Алматы, Таймс Баспа үйі, 2005.-479б .-Б.103-201
6. Бабанский Ю.К.Оптимизация учебного процесса . М.:- Просвещение, 1982.- 192с.

ТЕХНИКАЛЫҚ ЖӘНЕ КӘСІПТІК БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМДАРЫН ОҚЫТУ ПРОЦЕСІНЕ КРИТЕРИАЛДЫ БАҒАЛАУ ӘДІСТЕРІН ЕНГІЗУ

Мусалимова Нұрлыайым Құрманбекқызы

Педагогика ғылымдарының магистрі.Индустриалды-техникалық колледжі
(Шымкент қ. Қазақстан)

Аннотация

Бұл мақалада Smart технологияны сабақтарда қолданудың тиімді жолдары қарастырылған. Сонымен қатар Smart құрылғыларды шынайы өмірдегі жағдаяттарда қолдану мүмкіншілігі де сөз етіледі. Сонымен қатар қазіргі заманда білім беру саласында педагогикалық кадрларға да жаңа талап қойылуда. Олардан жаңа технологияны жетік меңгерген, жаңаша ойлайтын, интеллектуалдық, кәсіптік, адамгершілік, рухани және де басқа да көптеген адами келбеті қалыптасқан бәсекеге қабілетті педагог болу талап етілуде. Бұның нәтижесінде компьютерлерді қолдауға қатысты мәселелерге көзқарастар түбегейлі өзгерістерге ұшырауда. Осы жағдайлар оқу үрдістеріне де қатысты болып, білім берудің классикалық принциптерінен бас тартпай білім беру жолдары мен әдістерін сапалы өзгерту мүмкіндіктерін туғызады.

Түйін сөздер: *Smart құрылғылар, интерактивті тақта, кәсіби құзіреттілік, ақпараттандыру, ақпараттық коммуникациялық технология, қарым-қатынас*

INTRODUCTION OF CRITERIA-BASED ASSESSMENT METHODS INTO THE LEARNING PROCESS OF TECHNICAL AND VOCATIONAL EDUCATION ORGANIZATIONS

Musalimova Nurlyaim Kurmanbekovna
Master of Pedagogical Sciences. Industrial-technical college
(Shymkent, Kazakhstan)

Abstract

This article discusses effective ways to use Smart technologies in the classroom. The possibility of using Smart devices in real situations will also be announced. Currently, new requirements are being imposed on teaching staff in the field of education. They are required to become a competitive teacher, owning the latest technologies, thinking in a new way, possessing intellectual, professional, moral, spiritual and many other human forms. As a result, approaches to issues related to computer support are undergoing radical changes. These conditions also apply to educational processes, creating opportunities for qualitative changes in the ways and methods of teaching, without abandoning the classical principles of education.

Key words: *Smart devices, interactive whiteboard, professional competence, informatization, information and communication technologies, communication*

Білім беру саласындағы өзекті мәселелердің бірі – білім мазмұнына жаңалық енгізудің тиімді, жаңа әдістерін іздестіру болып отыр. Қазіргі әлемде жай ғана сауаттылық жеткіліксіз болып қалғаны бәрімізге мәлім. Сондықтан ақпараттық мәліметтер ағыны күшейген заманда ақыл-ой мүмкіндігін қалыптастырып, оқушылардың қабілетін, талантын дамыту білім беру мекемелерінің басты міндеті болып отыр.

Сонымен қатар қазіргі заманда білім беру саласында педагогикалық кадрларға да жаңа талап қойылуда. Олардан жаңа технологияны жетік меңгерген, жаңаша ойлайтын, интеллектуалдық, кәсіптік, адамгершілік, рухани және де басқа да көптеген адами келбеті қалыптасқан бәсекеге қабілетті педагог болу талап етілуде. Бұның нәтижесінде компьютерлерді қолдауға қатысты мәселелерге көзқарастар түбегейлі өзгерістерге

ұшырауда. Осы жағдайлар оқу үрдістеріне де қатысты болып, білім берудің классикалық принциптерінен бас тартпай білім беру жолдары мен әдістерін сапалы өзгерту мүмкіндіктерін туғызады.

Қазіргі таңда ғылыми-техникалық прогрестің тез өсу қарқыны жоғары деңгейлі мамандар даярлауда жаңаша оқыту әдістерінің қажеттігін алға қоюда. Сондықтан да білім беру жүйесі жаңа педагогикалық технологияға негізделуін және ақпараттық құралдардың кеңінен қолданылуын қажет етеді.

Бүгінгі таңда кез келген мұғалім қайда жұмыс жасайтынына, қандай пәнді жүргізетініне қарамастан, ол интерактивті технологияларды пайдалану саласында құзыретті болуы қажет. Шынында да, интерактивті технологиялар ақпаратты ұсыну, мұғалімнің жұмысын жеңілдететін құрал ғана емес, сондай-ақ кәсіби міндеттерді шешуге мүмкіндік беретін бүкіл білім беру үрдісін өзгерту құралы болып табылады. XXI ғасыр –технология ғасыры болғандықтан, Қазақстан әлем бойынша ең жаңа деген оқу формаларын зерттеп, білім саласында үнемі жаңарту жасап келеді. Сонымен қатар өкініштісі елімізде ақпараттық қоғам әлі толық қалыптаспай жатыр. Сұранысқа орай технология даму үстінде. Бірақ соңғы жылдары SMART технологиясы ұғымы яғни ақылды оқыту пайда болды және Smart қала, Smart фон, Smart құрылғы, Smart қондырғы, Smart орта деген тіркестерді жиі естіп жүрміз. Қазіргі таңда Smart технологиясын өндірушілер – АҚШ, Канада, Оңтүстік Корея елдері. Қазір елордамызда да Smart мектептер қалыптасып келеді.

Сонымен Smart дегеніміз не? Smart ағылшын тілінен аударғанда «ақылды» деген мағынаны білдіреді. Ал технологиялық сипатта да осы мағынада жұмсалады. Яғни, ақылды технология, ақылды техника, пайдалануға ыңғайлы, мейлінше ықшам, көп функциялы құрылғыларды атаймыз. Ал педагогикалық үдеріс тұрғысынан қарастыратын болсақ, оқытудың бұл түрі электронды оқыту, мобильді оқыту, кез келген жерде, кез келген ортада оқыту деген мағынада жұмсалады.

Smart білім беру тұжырымдамасы – үлкен көлемдегі әр түрлі білім ресурстарының (аудио, видео, графика) тыңдаушыға қажетінше оңай әрі жылдам, ыңғайлы түрде жеткізілуі. Сонымен қатар Smart білім беру оңай басқарылатын және әрдайым сыртқы білім ресурстарымен толығып отыратын болуы тиіс. Smart education немесе ақылды білім беру – бұл ыңғайлы түрде интерактивті ортада жүзеге асырылған әлемдік деңгейдегі қолжетімді контент арқылы білім беру болып табылады. Smart education түсінігінің негізі ол кең ауқымды қол жетімді білім ресурстары. Smart education барлық білім беру үдерістерін және осы үдерісте қолданылатын барлық әдістер мен технологияларды түгелдей жаңаруын жүзеге асырады және де ақылды тақта, ақылды экран, кез-келген жерден интернетке қосылу сияқты жаңа технологиялардың туындауына себеп болады. Осы пайда болған жаңа технологиялар контентті жасақтап, жүйелеп, пайдаланушыға жеткізеді. Яғни білім беру үдерісінің кез келген қатысушысы (білім алушы немесе мұғалім) интернет желісі арқылы ортақ контентті белсенді пайдалана алады. Бұл өз кезегінде білім беру үдерісінің уақытқа немесе орынға (сынып, аудитория) тәуелділігін жояды.

Оқыту процесінде Smart технологияларды қолданудың негізгі ерекшелігі – бұл білім алушыларға өз бетімен немесе бірлескен түрде шығармашылық жұмыспен шұғылдануға, ізденуге, өз жұмысының нәтижесін көріп, өз-өзіне сын көзбен қарауына, ғылыми жұмыспен айналысуға мүмкіндік береді.

«**S M A R T**» терминінің аббревиатурасы:

S elf-Directed –өздігінен білім алуға бағытталған;

M otivated – білім алушының белсенді танымдық әрекетін негіздейді;

A daptive –білім беру субъектісіне бейімделген;

R esourse – қолжетілімділігі еркін білім беру ресурстары;

T echnology Embedded – технологиялармен қамтамасыз етеді.

SMART құрылғыларының ең танымалы 1991 жылы қолданысқа енген интерактивті тақталарды ерекше атап өтуге болады. SMART құрылғылары білім беру жүйесінде де, жоғары білім беру жүйесінде де, бизнес саласында да, әкімшілік пен қарулы күштер саласындада сұранысқа ие. SMART өнімдерін әлемнің 175 елі кең қолдануда. SMART құрылғыларының ең танымалы интерактивті тақталардан басқа, қазіргі кезде интерактивті панельдер, интерактивті орталықтар, үстелдер, интерактивті экрандар, оқушылар үшін жауаптар жүйесі, сымсыз «грифельді» тақталар, күшейткіш аудио жүйелер, документ-камера секілді т.б. бағдарламалық қамтамасыз етуге арналған құрылғыларды ұсынып келеді.

Біз ең бірінші, мобильді құрылғы мен Smart технологияның ара жігін ашып алайық. Mobile –ағылшын сөзі, қозғалмалы, икемді деген мағынан береді. Мәселен, бұл сөз автомобиль, аэромобиль, мобильді телефон деген сөздерде жиі кездеседі. Сонымен мобиль – адам әрекетін жеделдететін, қандай да бір затқа шапшаң қол жеткізуге мүмкіндік беретін құрылғы, өмірімізді осы мобильдік құрылғыларсыз елестете алмаймыз. Соған байланысты интернет дамыды, сымсыз интернет пайда болды,

Смартфонның артықшылығы неде? Ең алдымен, техникалық мүмкіндіктері зор: байланыс құралы, Wi-Fi, мәліметтерді мобильді тасымалдау (GPRS, 3G, 4G) фото/бейне камера, ақпаратты енгізу функциялары, т.т. Мұндай мүмкіндіктерді пайдалану үшін алдымен, бағдарламалық қаматамасыз ету ортасын пайдалану қажет. Мәселен, күнделікті өзіміз пайдаланып жүрген Google - smart технологияларды әзірлеуші алпауыт компаниялардың бірі. Google сервисінің ауқымы өте кең, онымен жұмыс істеуге мүмкіндік беретін бағдарламаларының сапасы өте жоғары.

Қазіргі кезде әлемнің түкпір-түкпіріне SMART Technologies компаниялары инновациялық құралдарын ұсынып, жұмыс пен оқытуға деген адамның көзқарасын түбірімен өзгертті. Бұл компанияның жұмыс нәтижесін тапсырыс берушілер: бұлар мұғалімдер, оқушылар және де іскер адамдар SMART құрылғыларының оқытуда жаңа тәсілдер енгізуге, бірлескен жұмыстың жаңа тәсілін ойлап табуға және жаңа идеялар тудыруға мол көмегі тигендігі жөнінде пікірлерімен анықтауда. SMART құрылғыларының ең танымалы 1991 жылы қолданысқа енген интерактивті тақталарды ерекше атап өтуге болады. SMART құрылғылары білім беру жүйесінде де, жоғары білім беру жүйесінде де, бизнес саласында да, әкімшілік пен қарулы күштер саласында да сұранысқа ие. SMART өнімдерін әлемнің 175 елі кең қолдануда. SMART құрылғыларының ең танымалы интерактивті тақталардан басқа, қазіргі кезде интерактивті панельдер, интерактивті орталықтар, үстелдер, интерактивті экрандар, оқушылар үшін жауаптар жүйесі, сымсыз «грифельді» тақталар, күшейткіш аудиожүйелер, документ-камера секілді т.б. бағдарламалық қамтамасыз етуге арналған құрылғыларды ұсынып келеді.

Смарт технологияны сабақта қолданудың тиімділігі:

Оқушылар үшін тиімді:

- ✓ Оқытушыға веб-сайттар және басқа да ресурстармен жұмыс жасай отырып, материалды оқушыларға жеткізуді күшейтеді;
- ✓ Сыныпта талқылау мен араласуға кең мүмкіндік береді;
- ✓ Көптеген түрлі және динамикалық материалдарды қолдану арқасында оқушы мен оқытушыға сабақты қызықты етіп өткізуге көмектеседі;
- ✓ Оқытушыға жаңа материалды сынып центрінен түсіндіруге мүмкіндік береді;

Мұғалімдерге тиімділігі:

- ✓ Мұғалімге кез келген қосымшалардың және веб-ресурстардың үстінде сызбалар жасау мен жазу мүмкіндіктерін береді;
- ✓ Сабақ материалын беру сапасын арттырып, тиімді жұмыс жасауға мүмкіндік береді;
- ✓ Мұғалімдердің бір-бірімен материалдарымен бөлісуіне мүмкіндік береді.

Смарт құрылғылар не үшін қажет?

- ✓ Смарт телефон, планшет сияқты соңғы технологияны қолданып жүрген оқушыларға бұл тақта түсінікті, әрі сабаққа деген қызығушылығын арттырады;
- ✓ Бұл сенсорлы экран тез жұмыс жасаумен қатар, бір уақытта бірнеше оқушының жұмыс жасауына көмектеседі;
- ✓ Технология жаңартылған сайын ол кешендендіріліп, сабаққа керекті материалдар да толықтырыла түседі;
- ✓ Сабақтың центрден есте сақтау қабілетіне үлкен экраннан көрсетілуіне, сол уақытта оқушылар өздері тапсырманы жасап, немесе сол бағытта басқа бір тапсырманы жасай алуларына болады;
- ✓ Сабаққа қажетті құралдарды ресурстар сайтынан алуларына немесе интернетпен жұмыс жасауға болады;
- ✓ 3D объектілерді түсіндіруге көп көмегі тиеді;
- ✓ Егер сабаққа керек материалдар әзір болса, сабақ темпінің де жақсы өтуіне септігі тиеді;
- ✓ Смарт экранда объектілер мен жазбаларды қозғауға, суреттер мен диаграммаларға комментариилер қосуға мүмкіндік береді;

Smart құрылғыларды шынайы өмірдегі жағдаяттарда қолдану мүмкіншіліктері:

Ең алдымен, техникалық мүмкіндіктері зор: байланыс құралы, Wi-Fi, мәліметтерді мобильді тасымалдау (GPRS, 3G, 4G) фото/бейне камера, ақпаратты енгізу функциялары, т.т. Мұндай мүмкіндіктерді пайдалану үшін алдымен, бағдарламалық қаматамасыз ету ортасын пайдалану қажет. Мәселен, күнделікті өзіміз пайдаланып жүрген Google – smart технологияларды әзірлеуші алпауыт компаниялардың бірі. Google сервисінің ауқымы өте кең, онымен жұмыс істеуге мүмкіндік беретін бағдарламаларының сапасы өте жоғары. Бұл жалпы жарнама емес, шын мәніндегісі осы. Білім саласында Google сервистері YouTube, Hangouts және Google Docs сервистерін тиімді қолдануға болады.

Соңғы жылдары Smart TV технологиясын қолданатын кең функционалды мүмкіндіктерге ие болатын теледидарлар да пайда болуда. Smart TV теледидардың интернетпен тиімді байланыс орнатудың жаңа ортасын құрайды. Басқа сөзбен айтқанда Smart TV интернетке енудің кең мүмкіндігіне ие. Соның арқасында сол теледидар арқылы да әр қолданушы өзіне қажетті материалын үлкен экраннан көре отырып, оны ақпарат тасуышқа сақтай алады, онлайн көре алады, ақпарат алмаса алады.

Қазіргі таңда интернет желісіне еркін ену функциясы дамудың перспективалық бағыттарының бірі болып отыр. Үлкен экранды теледидар арқылы бейнені таза айқын көріп қана қоймай, интернет беттерін парақтауға арналған веб-браузерлерді, әлеуметтік желі қосымшаларын, видеоларды көруге мүмкіндік беретін RuTube немесе YouTube сервистерін т.б пайдалануға болады. Сонымен қатар радио клиент қызметін атқаратын vTuner арқылы іздеудің және сорттаудың кең мүмкіндігіне ие болатын радиостанциялардың үлкен тобын пайдалануға болады. Жауапты қосымшалар қоры мен әр түрлі кеңейтілімдер кез келген контентті көруге мүмкіндік береді. Smart TV арқылы интернетті әр қолданушы өз мақсатына тиімді пайдалануға және үлкен көлемді онлайн контентті пайдалану мүмкіндігіне ие бола алады.

Қорыта айтқанда, білім сапасын арттыру және нәтижеге бағытталған үлгіге беталуы барысында мұғалімдер мемлекеттік стандартта берілген нәтижелерге жетуде кәсіби шеберлікпен меңгерген зерттеу біліктері мен дағдылары нәтижесінде проблеманы шеше алатын, ақпараттық-коммуникативті мәдениеті жоғары тұлғалық-дамытушылық функцияны атқара алатындай болуы керек. Қазіргі заманда мұғалім осы құзыреттілікті меңгере отырып, тек кәсіби икемділікті оңтайландыруды қамтамасыз ету ғана емес, оны іске асыру мүмкіндігін үнемі оқып-үйрену және жасай алуы керек.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Назарбаев Н.Ә. «Қазақстан экономикалық, әлеуметтік және саяси жедел жаңару жолында» «Айқын», 2005 жылғы 19 ақпан.
2. Қазақстан Республикасының білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы.
3. Құлқараев А. «E-learning» электронды оқыту жүйесі және оның мүмкіндіктері./ /Электрондық мектеп. №2 - 2013.
4. Использование интерактивных досок по предметам [Электронный ресурс]. URL:http://www.smartboard.ru/ view.pl?mid=1131617522
5. АҚ «Білім беруді ақпараттандырудың ұлттық орталығы» (www.nci.kz)
6. http://partavl.ru/interwrite_board

АРНАЙЫ ПӘН ОҚЫТУШЫЛАРЫНЫҢ ӘДІСТЕМЕЛІК ӘРЕКЕТТЕР МАЗМҰНЫ

Альчимбаев Ерлан Есималиулы, Батырбек Роза Жаксылыккызы
Арнайы пән оқытушысы. Индустриалды-техникалық колледжі.

(Шымкент қ., Қазақстан)

Аннотация

Білім беру саласында жасалынған болжамдар бірден-бір маңызды және аталған проблеманы жетілдіруде шешуші болып табылатын оқу үдерісін біртұтас және сапалы қамтамасыз ететін, оқытудың оқу-әдістемелік кешенін түзуді ұсынылып отырған мақалада баяндалынып отыр.Бұл бағытта бір қатар ғалымдары, отандастарымыз, әдіскерлер және алдыңғы қатарлы озық педогогикалық қызметкерлердің жұмыстары баяндалған. Оқытуды оқу-әдістемелік тұрғыдан кешенді қамтамасыз ету мәселесі негізінен әлеуметтік-экономикалық, техника-технологиялық, психологиялық, дидактикалық, эстетикалық тұрғыдан шешімін табуы керек. Осы тұрғыдан қарағанда оқыту үдерісінің біртұтастығын қамтамасыз ететін, әдістемелік қызмет атқаратын құжаттар мазмұнын анықтау қолға алынуы керек деп ойлаймыз.

Түйін сөздер:*технология, дидактика, эстетика, психология.*

CONTENT OF METHODOLOGICAL ACTIONS OF TEACHERS OF SPECIAL DISCIPLINES

Alchimbayev Yerlan Yesimaliuly, Batyrbek Roza Zhaksylykkyzy
Teacher of special disciplines. Industrial and Technical College.
(Shymkent, Kazakhstan)

Abstract

The forecasts made in the field of education are set out in the article, which proposes to form an educational and methodological complex of training that will provide a holistic and high-quality educational process, which is one of the most important and decisive in improving this problem.

In this direction, the work of a number of scientists, compatriots, methodologists and advanced pedagogical workers is presented. The problem of comprehensive educational and methodological support of training should be solved mainly from the socio-economic, technical and technological, psychological, didactic, aesthetic point of view. From this point of view, we think that it is necessary to determine the content of documents that serve as a methodological function, ensuring the unity of the learning process.

Key words: *technology, didactics, aesthetics, psychology.*

Әдістемелік әрекет толыққанды және ол педагогтің өзбетінше кәсіби әрекеті түрі ретінде зерттелініп бітпеген мәселе. Педагогикалық әдебиеттерде әдістемелік әрекетке үш түрлі көзқарас қалыптасқан.

Бірінші көзқарасқа сәйкес, әдістемелік әрекет педагогтің өзбетінше білім алуы, дидактикалық құралдармен жұмыс істеуі, пәнге байланысты білімін жетілдірумен байланысқан әдістемелік жұмысқа тіреледі. Екіншісі - нақтылы пәнді оқытуға қатысты әдістемелік әрекетке жатады. Бұл жағдайда авторлар педагогтің әдістемелік және оқыту әрекеттері ерекшеліктеріне назар аудармайды, ал «әдістемелік әрекетті», «оқыту әрекетін» бір-бірінің синонимі ретінде қабылдайды.

Үшінші көзқарасты құптайтын зерттеушілер әдістемелік әрекетті кәсіби-педагогикалық әрекет құрылымындағы салыстырмалы түрде өзбетінше көрініс табатын ептіліктер жиынтығы деп таниды.

Педагог-практиктер әдістемелік әрекет маңызы мен ерекшеліктерін қабылдайды.

Мәнділігіне байланысты бұл әрекет пәнді оқыту және тәрбиелеуден кейінгі үшінші орынды алады. Сондықтан әдістемелік әрекетті кәсіби-педагогикалық әрекеттің өзбетінше орын алатын түріне жатқызамыз.

Оқыту әдістемесінің көптүрлілігіне, олардың дифференциациялануына, әртүрлі пәндер мазмұнына қарай жоспарлануына қарамай, барлық білім беру жүйесінде жалпы теориялық негізінде іске асырылатын педагогтің бірдей кәсіби-педагогикалық әрекет құрылымының түрі жалпы әдістемелік нұсқаулардың ортақ негізі болады.

Арнайы пән оқытушыларының әдістемелік әрекеті мақсаты – оқыту практикасын қамтамасыз ету.

Арнайы пән оқытушыларының әдістемелік әрекеті қызметі:

- аналитикалық;

- жобалаушылық, оқыту мазмұнын жоспарлау мен жасауға, оқыту әрекетін даярлау мен жоспарлауға қатысты әрекет;

- құрылымдық, жаңа білім, ептілік және кәсіби білік пен дағдыларды қалыптастыру үдерісіндегі оқытушы мен оқушының өзара әрекеттеріне бастайтын, алда тұрған сабақты жоспарлауға, оқу материалдарын алға тарту формаларына байланысты әрекеттер жүйесі;

- нормативтік, білім беру стандарттарын, оқу бағдарламаларының талаптарын, білім беру мекемелері типтеріне байланысты білім беру үдерісін іске асыру шарттарын орындау;

- зерттеушілік.

Арнайы пән оқытушысының әдістемелік әрекетін тікелей бақылау мүмкін бола бермейді. Талдауға, бақылауға оқытушының білім беру әрекетін алуға болады. Әдістемелік әрекет оны іске асыру жағдайлары мен тәсілдері - өте күрделі ойлау үдерісіне жатады. Мұнда, педагогикалық үдеріс пен оны іске асырудың: әдістемелік, материалды-техникалық немесе ұйымдастырушылық - ара жігін ажырату үшін олардың әрекет пәндеріндегі айырмашылықтарын анықтау қажет. [1]

Арнайы пән оқытушысының әдістемелік *әрекет нысаны* болып - кәсіби білім, ептілік және дағдыларды қалыптастыру үдерісі табылады.

Арнайы пән оқытушысының әдістемелік *әрекет пәні* болып – нақтылы пән мазмұнының ерекшелігі бойынша жаңа білім, ептіліктерді қалыптастыру үдерісінің әртүрлі тәсілдері мен әдістері, жүзеге асыру жолдары және оларды реттестіру табылады.

Арнайы пән оқытушысының әдістемелік *әрекет субъекті* болып - оқытушы немесе оқытушылар ұжымы табылады. Өйткені, жаңашыл-педагог қай уақытта да жаңа нақтылы әдістемелік тәсілдерді, өзінің жеке әдістемесі жүйесінде орын алатын құрылымдарды алға тартады.

Арнайы пән оқытушысының әдістемелік *әрекет нәтижесі* болып – таңдап алынған оқу материалдарының әртүрлі ақпараттық формада: әдістемелік тұрғыдан өңделген; тапсырмаларды шешу алгоритмі; жұмысшы дәптерлер парағы; оқыту тәсілдері мен әдістері; оқу пәнін әдістемелік қамтамасыз ету; оқу бағдарламалары; оқыту бағдарламалары және т.б. табылады.

Сонымен, арнайы пән оқытушысының әдістемелік әрекетін жеке пәндер немесе оқу пәндері циклдері бойынша оқыту мен оқу әрекеттерін реттеуді іске асыруға мүмкіндік беретін, оқыту құралдарын зерделеу, құрылымдау және жасау, жобалауға қатысты оқытушының өзбетінше кәсіби әрекет түрін айтамыз. [2]

Арнайы пән оқытушысының әдістемелік әрекеті түрлеріне:

- оқу-бағдарламалық құжаттарды, әдістемелік кешендерді талдау;

- оқу материалдарын әдістемелік талдау;

- оқытудың теориялық және практикалық сабақтары жүйесін жоспарлау;

- сабақта оқу ақпараттарын моделдеу мен құрылымдау формаларын алға тарту;

- оқушылардың техникалық ұғымдарды және практикалық ептілігін қалыптастыру әрекеттерін құрылымдау;
- пән бойынша әдістемелік нұсқаулар жасау;
- кәсіби білім, ептілік және дағдыларды бақылау түрлері мен формаларын жасау;
- сабақта оқушылардың әрекеттерін басқару мен бағалау;
- сабаққа даярлану мен оның нәтижесін талдауда өзінің әрекетін бағалау.

Әдістемелік әрекеттердің жоғарыда көрсетілген түрлері барлық кәсіби-педагогикалық мамандардың жан-жақты әдістемелік практикасын қамти алмайды. Олар арқылы оқытушы сабақты ұйымдастыру даярлығын меңгереді. Өйткені әдістемелік әрекетті меңгеру әдістемелік ептілік арқылы қалыптасады. Ептілік – алдын меңгерген білімдер негізінде оқытушының жаңа жағдайда қандайда бір әрекетті орындауы. Кәсіби мектеп ерекшелігіне және оқытылатын пәндердің күрделіліктеріне байланысты әдістемелік әрекет бірнеше топқа жіктеледі.[3]

Бірінші топ арнайы пән оқытушысының кәсіби әрекеттерінің дидактика-әдістемелік негіздерін меңгеруіне байланысты, олар:

1. Мамандарды оқытуға байланысты оқу-бағдарламалық құжаттарды талдау ептілігі;
2. Нақтылы тақырыпты оқытуға байланысты әдебиеттерді таңдау ептілігі;
3. Оқу материалдарына логика-дидактикалық талдау жасау ептілігі;
4. Аз мөлшерде берілген оқу ақпараттарына әдістемелік талдау жасау ептілігі;
5. Оқу материалдарын ұсыну формаларын таңдау ептілігі: блок-схема, техникалық есептерді шешу алгоритмі, тірек конспектілері және т.с.с.;
6. Теориялық және практикалық оқытудың кешенді тәсілдерін жасау ептілігі;
7. Оқушылардың қалыптасқан білімдері және ептіліктерінің деңгейлерін анықтау формаларын жасау ептілігі;
8. Оқушылардың әртүрлі оқу және оқу-практикалық формаларын ұйымдастыра білу ептілігі;
9. Теориялық және практикалық сабақтарды талдай білуі.

Екінші топқа оқу материалдарын зерделеу ерекшеліктеріне байланысты, оларға:

1. Әдістемелік талдау негізінде оқытылатын тақырып бойынша сабақ жүйесін жоспарлау ептілігі;
2. Оқушылардың кәсіби әрекеттеріне байланысты оқу және оқу-өндірістік жұмыстарын жоспарлау ептілігі;
3. Оқушылардың сабақ барысындағы әрекеттерін ұйымдастыра білу және оны басқару ептілігі;
4. Теориялық және өндірістік оқыту әдістерін қолдана білу ептілігі;
5. Әдістемелік нұсқауларды талдау ептілігі.

Үшінші топқа алдынғы қалыптасқан ептіліктерді синтездеуге байланысты, олар:

1. Практикада әдістемелік нұсқауларды, әдістемені және оқыту технологиясын қолдана білу ептілігі;
2. Нақтылы жағдайға және оқыту мақсатына байланысты оқыту әдістемесінің вариантарын қарастыра білу ептілігі;
3. Өзінің жеке оқытудың әдістемелік жүйесін жасау және оны ұсыну ептілігі.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Беспалько В.П. Теория учебника М.: Педагогика, - 1988. – 138с.
2. Пошаев Д.Қ., Ғылыми-педагогикалық зерттеу негіздері. Оқу құралы.- Шымкент, Нұрлы бейне, 2011- 184 б
3. Бабанский Ю.К.Оптимизация учебного процесса . М.:- Просвещение, 1982.- 192с.

МИНЕРАЛДЫҚ ҚОСЫЛЫСТАР ЖӘНЕ ӨНІМДЕРІ ЖАЙЫНДА ХИМИЯЛЫҚ ЕСЕПТЕР ШЫҒАРУ

Жаңбырбай Мөлдір Қуанышқызы
Химия пәнінің оқытушысы
Қазіргі заман гуманитарлық – техникалық колледжі
Жамбыл облысы, Тараз қаласы, Мыңбұлақ №23

Аннотация

Бұл мақалада Жамбыл облысы аймағындағы зауыттардан шыққан қалдықтарға сипаттама және минералдарға байланысты есептеулер берілген. Студенттерге ғылыми-танымдық көзқарасын қалыптастыру үшін бағытталған.

Түйінді сөздер: *минералдар; руда; кен-химиялық қосылыстар; шикізат; катализатор; радиациялық сәуле.*

PREPARATION OF CHEMICAL REPORTS ON MINERAL COMPOUNDS AND PRODUCTS

Zhanbyrbay Moldir Kuanyshovna
Chemistry teacher
Modern humanitarian and Technical College
Zhambyl region, Taraz City, Mynbulak No. 23

Annotation

This article provides a description of waste from factories in the region of Zhambyl region and calculations related to minerals. Aimed at students to form a scientific and cognitive attitude.

Key words: *minerals; Ore; Ore-chemical compounds; raw materials; catalyst; radiation radiation.*

«Жер байлығы - еліміздің игілігі үшін» деген сөз жолдары еліміздің гүлденіп, көркеюі үшін табиғаттағы ресурстарды тиімді пайдаланудың қажеттілігін көрсетеді. Жамбыл облысы республикамыздағы шикізат көзіне бай облыстың бірі. Облыс аймағында кеңестік кезеңде маңызы жоғары өндірістер қатарынан орын алған жаңа Жамбыл фосфор зауыты орналасқандығы белгілі. Өндірістің жұмыс істеп тұрған кезеңдерінде зауыттан таудай болып үйілген қалдықтар шығарылды. Бұл қалдықтарды әр түрлі мақсаттарда пайдалануға ұсыныстар, жобалар жасалып жатты. Бірақ, өңделген кен-химиялық қосылыстар екендігін ескеретін болсақ, ол қалдықтарды кәсіпкерлер ұсынып отырған құрылыс материалдары үшін емес, қайта өңдеуге қажетті шикізат көзі ретінде қарастырған жөн сияқты. Сонымен қатар, зауыт қалдықтарын химиялық тұрғыдан жете зерттеген жағдайда ғана, оларды құрылыс материалдарын дайындауға пайдалану керек; себебі, пештен шыққан руда қалдықтарында ауыр металдардың оксидтері болуы және радиациялық сәуле шығаратын қосымша заттар болуы ықтимал.

Қазақстанның химиялық кәсіпорындарында қоршаған ортаға тигізетін зиянды әсерін төмендету мақсатында бірқатар табиғатты қорғау шаралары жасалған. Атап айтқанда, Тараз қаласындағы «Қазфосфат» ЖШС филиалы Жаңа Жамбыл фосфор зауытында электрлік термикалық пештердегі фосфорлық қалдықты залалсыздандыру жүйесі енгізілуде, бұл-конусты пештерден өндірістік қалдықтардың шығуын болдырмайды. «Ақтөбе хром қосылыстары зауыты» АҚ (Ақтөбе қ.) натрий монохроматының өндірісінде монохромат қалдығы қайта қолданылады. Бұл технология пайда болуы монохроматты қалдықтың 76% дейін өндіріске қайтаруға мүмкіндік береді.

Жұмыс істеп тұрған кәсіпорындардағы қалдықтарды өндіріске қайта тарту- олардың қатты қалдықтарының кәсіпорнының аумағында жиналуын азайтып, сұйық қалдықтарының - су ресурстарын ластауларын, газ тектес қалдықтардың әуе бассейнін ластауын болдырмауға көмектеседі. Дегенмен, осы уақытқа дейін үйінді болып жатқан зауыт қалдығын пайдалы іске жарату қажет екендігі байқалып отыр.

CLIL технологиясын енгізуге байланысты тағы бір мәселе – сабаққа көп уақытты қажет ететін дайындық. Әр сынып үшін мазмұн, тіл және оқу дағдылары бойынша мақсат қою саналы күш-жігерді қажет етеді [7]. Оған қоса, егер сіз тіл мұғалімі болсаңыз және 4-сынып студенттеріне арналған арнайы мақсаттағы ағылшын тіліндегі (ESP) тіл сабақтарында технологияның кейбір бөліктерін қолдануға тырыссаңыз, сізге бар оқыту ресурстарын әзірлеуге немесе бейімдеуге көп уақыт жұмсауға тура келеді. . Тіл мұғалімі бола отырып, сіздің күш-жігеріңіз әртүрлі мазмұндық сабақтарға дайындалу арқылы еселенеді, өйткені сіз жұмыс істеуге тура келетін топтар колледждің әртүрлі факультеттерінен. Белгілі бір топқа сәйкес материалдарды табу - мұғалімдер үшін тағы бір қиындық. Тіл жеткілікті қарапайым, материалдар оқылатын, мазмұны жеткілікті бай және оқушыларды қызықтыратындай танымдық күрделі болуы керек. Шығудың жолы ретінде өзара қарым-қатынас орнату және тәжірибе алмасу және жинақтау ұсынылады. Бақытымызға орай, мұғалімдерге де, студенттерге де пайдалы болуы мүмкін кейбір пайдалы онлайн ресурстар бар: One Stop English, British Council немесе CLIL Media, Macmillan's Inspiration және т.б. [8, 9]. Осылайша, CLIL технологиясы мұғалімдердің күйзелісін жеңілдету үшін көбірек дайындық уақытын және мұғалімдер арасындағы көбірек ынтымақтастықты қажет ететінін есте ұстаған жөн. Колледж әкімшілігі курсаралық жобалар негізінде арнайы CLIL-бағдарламашыларды құру арқылы қолдау көрсете алады. Пәнаралық жобалар қоршаған орта немесе экология, нақты экономикалық саясаттарды немесе аймақтың инновациялық инженерлік технологияларын әзірлеу, жаһандану немесе кез келген жалпы адамзаттық проблемалар және т.б. сияқты тақырыптарға негізделуі мүмкін. Ең бастысы, бұл колледж әкімшілігі мен жергілікті мамандар үшін өте маңызды. ынтымақтастықты қолдау және басқару органдары. Осы бағыттың әдіс-тәсілдерін пайдалана отырып, оқушылардың білімге құштарлығын, ізденістерін ашамыз. Соңында, XXI ғасыр дағдылары осы курстың негізін құрайды және «Үлкен ойла» бөлімдері студенттерге сыни тұрғыдан ойлауды, ынтымақтастықты, қарым-қатынасты, шығармашылықты және цифрлық сауаттылық дағдыларын дамытуға көмектесуге арналған.

Пайдаланған әдебиеттер:

1.Тұрғанбек Б.А. Мұғалімнің шығармашылық әлеуетін біліктілікті арттыру жағдайында дамыту: теория және тәжірибе. – Алматы: Рауан, 2005. – 250 б.

2. Құдайберген К. Құзырлылық – тұлға дамуының сапалық критерий // «білім сапасын бағалаудың мәселелері: әдіснамалық негізі және практикалық нәтижесі » атты халықаралық ғылыми – практикалық конференцияның материалдары. 2008. 30- 32-б

3. Marsh, D (Ed) (2002) Content and Language Integrated Learning (CLIL). A Development Trajectory.

4. Maryshkina T.V., Kalizhanova A. N. Possibilities of mechanisms of bilingual education for the formation of trilingualism // Филологический аспекты: международный научно-практический газет. – Нижний Новгород: Научно-издательский центр «Открытое знание», 2018. – №11 (43). – С. 138-145 с.

5.Salekhova L.L., Grigorieva K.S. [Content and Language Integrated Learning as a Basis for Students' Professional Foreign Language Competence Forming at the Technical University].

6.Serikov G.N. [Socially Significant Aspects of Self-Identity]. *Bulletin of the South Ural State University. Ser. Education. Pedagogy,* 2014, vol. 6, no. 4, pp. 27–32. (in Russ.)

7.. Mehisto P., Marsh D., Frigols M.J. Uncovering CLIL. Content and Language Integrated Learning in Bilingual and Multilingual Education. Oxford, Macmillan Education Publ.,2012. 238 p.

8.. Vaindorf-Sysoeva M.E. [Virtual Educational Environment as an Integral Component of Modern Educational System]. Bulletin of the South Ural State University Ser. Education. Pedagogy,

2012, vol. 16, no. 14, pp. 86–91. (in Russ.)

9.What is CLIL or Learn the World Through English. Available at: http://proenglishblog. ru/metody-i-metodiki/chto-takoe-clil-ilipoznaem-mir-cherez-anglijskij.html (accessed15.03.2017).

ҒЫЛЫМИ-ТЕХНИКАЛЫҚ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ҮЙІРМЕ ЖҰМЫСТАРЫНДА РОБОТМОДЕЛЬДЕРІН ҚҰРАСТЫРУ САБАҚТАРЫНДА ЖАҢА ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ПАЙДАЛАНУ

Спабек Бақдәулет Омаруұлы
Оқытушы.Индустриалды-техникалық колледж
(Шымкент қ.,Қазақстан)

Аңдатпа

Мақалада студенттің шығармашылық қырларын тиімді қалыптастыру мәселелері қарастырылды. Үйірме жұмысы еңбекке баулу саласында техникалық шығармашылық сабақтары үдерісінде оқушыларда ғылыми техникалық білім қалыптастыру мәселелері де зерттелген. Бұйымдарды құрастыру (модельдеу), нобайлау, қысқартылған мәліметтері бар техникалық құжаттама қолдану, шығармашылық тапсырмалар орындау, бұрын жасалған бұйымдарды өзгерте отырып, жұмысты қайта орындау, ойша экспериментту, техникалық құралдарды, ақаулықтарды іздеу және жою секілді үдерістер жататын бірқатар тиімді әдістер анықталған. Ғылыми-техникалық шығармашылық оқушылардың ойлауын дамытуға оң жағдай туғызады деген қорытындыжасалды.

***Түйінді сөздер**: Техникалық шығармашылық, Lego EV3 mindstorms, әдіс-тәсілдер,бұйым*

THE USE OF NEW TECHNOLOGIES IN THE LESSONS OF ASSEMBLING ROBOT MODELS IN THE WORK OF THE CIRCLE OF SCIENTIFIC AND TECHNICAL CREATIVITY

Spabek Bakdaulet Omarovich
Teacher. Industrial-technical college
(Shymkent, Kazakhstan)

Annotation

The article discusses the issues of effective formation of the creative side of the student. The work of the circle in the field of labor training in the process of classes of technical creativity, the problems of forming scientific and technical knowledge in students are also studied. A number of effective methods have been identified, which include the process of assembling (modeling) products, sketching, applying technical documentation with abbreviated data, performing creative tasks, re-performing work with changes to previously created products, mental experimentation, search and elimination of technical means, malfunctions. It was concluded that scientific and technical creativity creates positive conditions for the development of students ' thinking.

***Key words:** technical creativity, Lego EV3 mindstorms, techniques, product*

Қазіргі білім берудің басты мақсаты-шығармашыл тұлға қалыптастыру. Егеменді еліміздің ең басты мұраты өркениетті елдер қатарына көтерілу болса, ал өркениетке жетуде жан-жақты дамыған, рухани бай тұлғаның алатын орны ерекше. Осы орайда оқушының танымдық, шығармашылық қабілеттерін дамыту ұстаздардың алдында тұрған жауапты міндеттердің бірі деп есептейміз.

Студенттің шығармашылық қабілетін ашу, оны алға қарай дамыту үшін жоспарлы істің мақсаты мен міндетін айқындап алу қажет.

Мақсат-оқушылардың іскерлігі мен дағдыларын қалыптастыра отырып, шығармашылық жұмысқа баулу, ой-өрісінің дамуына мүмкіндік тудыру.

Міндет-оқушылардың шығармашылылық қабілетін дамыту, жан-жақты дамуына көңіл

бөлу, ғылыми-зерттеу дағдыларын қалыптастыру. Алға қойған мақсат пен міндетті орындау үшін оқушы жастардың танымдық, шығармашылық әлеуетін жан-жақты өсіруге, дамытуға ден қою қажет.

Шығармашылық дегеніміз-оқушының белсенділігі мен дербес іс-әрекетінің ең жоғарғы түрі. Бұл мәслені шешуде шығармашылық тапсырмалардың орны ерекше.

Шығармашылық бағыттағы тапсырмалар оқушының білім деңгейін-оқушылық деңгейден, шығармашылық деңгейге көтеруге жол ашады..

Сыныптан тыс уақытта жүргізілетін техникалық-шығармашылық үйірмелері өзге үйірмелерге ұқсамайтын өзіндік атқаратын қызметі мен тәлім-тәрбиелік мүмкіндігі зор үйірме. «Шебер», «Робокоп» үйірмелерінің базалық мазмұны оқушылардың болашақ кәсіптерін анықтап, қабілеттерінің дамуымен қатар өздерін-өзі танып білуге, техника әлемін зерделеуге, әртүрлі салалар бойынша қабілеттерін, біліктіліктерін шыңдауға мүмкіндік жасайды.

Техникалық шығармашылық үйірмелерінде оқушы тек мұғалімнің үйретуімен модель түрлерін жасаумен шектеліп қана қоймай, оған талдау жасап, жасалу, өңделу технологиясына өз ой пікірлері мен ұсыныстарын айтуға дағдыланады. Оқушы жұмысты өз қолымен істеп көреді, тапсырмаларды қызығушылықпен орындап, оның қорытындысын көрсеткісі келеді, өзара сайыстар ұйымдастырады, шыңдалады.Үйірме сабағында өзін еркін сезініп, орындаған жұмыстарынан моральдық қанағат алады. Тапсырманы орындап қана қоймай, өзге оқушыларды да шығармашылықпен жұмыстануға тарта біледі. Осылайша үйірме жұмыстарында оқушы үйренуші шәкірттен белсенді үйретуші, өзіндік шығармашылық ой-өрісі бар, жан-жақты дамыған дара тұлға дәрежесіне көтеріледі. Осы белсенділік арқасында оқушы әрбір жұмысын шығармашылық оймен жасап, зерттеп, оған жан-жақты талдау жасап, өз бағасын берумен қатар, өз бойында келешек кәсіби мамандығын да қалыптастырады.

Техникалық-шығармашылық үйірмелер оқушылардың болашақ кәсіптерін анықтап, қабілеттерін дамытумен қатар өз-өздерін танып-білуге, техника әлемін зерделеуге мүмкіндік жасайды.[1]

Ұлдарды техникалық еңбекке үйрететін үйірмеде оқушыларды осы интернет желісі арқылы техниканың жетістіктерімен әртүрлі сайттар арқылы таныстыра аламыз. Шығармашылықпен жұмыс істеп, жаңа технологияларды үйірме барысында пайдаланып отырса, оқушылардың техникалық үйірмеге деген ынтасы мен қызығушылығы артатыны анық. Үйірме барысында әртүрлі әдістерді қолдану оқушылардың танымдық белсенділігін арттырып, олардың шығармашылық қабілетін және өздігінен жұмыс істей алуын жетілдіруге тиіс. Жан-жақты қамтылған, бүгінгі заман талабына сай әдістерді пайдалана отырып, оқушыларға техникалық-шығармашылық білім беру, оқушылардың сабақта алған білімдерін тереңдету, кеңейту және бекіту «Шебер», «Робокоп» үйірмесінің мақсаты. Практикалық жұмыс кезінде олар техникалық құрылғы үлгілерін құрастырушылық қабілеттерін, шығармашылық ойларын дамыта отырып өз беттерінше жұмыс істей алу ептілігін дамытады.

Оқушыларға ғылыми техникалық-шығармашылық білім беру мақсатында оқушылар шығармашылық орталығында «Шебер», «Робокоп» үйірмелеріне жетекшілік жасаймын. Үйірмеде 5-9 сынып оқушылары сабақтан тыс уақытта табиғи мал сүйектерінен көркем кәдесыйлар, шикізат түрлерінен техникалық құрылғы үлгілерін жасаумен айналысады. EV3 LEGO Education жинағымен, оқу материалы ми мен қол «бірге жұмыс істеген» жағдайда жақсырақ меңгеріледі. LEGO Education өнімдерімен жұмыс істеу тәжірибелік оқыту қағидаттарына: алдымен ойлану, содан соң модельді жасауға негіздеп., жинақтың әр тапсырмасында «құрастыру» кезеңіне арналған егжей-тегжейлі сипатталған тәжірибелік жұмыс кезінде оқушылар техникалық құрылғы үлгілерін құрастырушылық қабілеттерін, шығармашылық қабілеттерін дамытады. Үйірме мүшелері алғашқы жұмыстарын шаблон үлгімен істейді, сызбалармен танысады, үлгілерді сызба бойынша жасайды. Үйірме

барысында оқушы жұмысты өз қолымен істеп көреді, жұмыстың қорытындысын көрсетеді. Оқушының ой-өрісі дамып, шығармашылық шеберлігі шыңдалады.

Үйірме мүшелері белгілі бір дәрежеде, жасалынатын нысанды ойлап табудың тиімді жолдарын үйренеді. Үйірме жұмысында оқушылардың графикалық білім алуы да қарастырылған. Үйірме мүшелері алғашқы жұмыстарын қалыптағыш (шаблон) үлгімен істесе, одан әрі сызбалармен танысып, үлгілерді сызба бойынша жасайды. Осындай жетістіктерге қол жеткізу мақсатында үйірме сабақтарында әр түрлі әдістемелік тәсілдерді қолданамын. [2]

1.Баяндау әдісі (әңгімелеу, түсіндіру)

2.Көрнекіліктермен жұмыс (кітап, журналдар, сызбалар, суреттер, жобалар)3.Жобалау әдісі (жаңа үлгілер жобасын сызу, техникалық суреттер салу) 4.Саламандық жұмыс (жобалар, сызбалар, үлгілер бойынша жұмыстану)

5.Проблемалық ізденіс (оқушылар қабілетінің дамуына, ізденуіне, жаңа үлгілер жобасынжасауына жағдай жасау).

Үйірмеге алғашқы жылы қатысып отырған оқушылар алдымен қима үлгілерді (шаблон) қолдана отырып, қарапайым (автокөліктер, ұшақтар, зымырандар, су көліктері т.б.) үлгілер жасайды. Өз жұмыстарын саралап, салыстыру арқылы бағалауды үйренеді.

Үйірме жұмысының екінші жылдары оқушылар неғұрлым күрделі (жер көліктері мен су көліктерін, ғарыш кемелері мен зымыран түрлерін т.б.) техникалық үлгілердің сызбаларын жан-жақты зерттей отырып жасайды. [3]

Ал үйірменің үшінші жылдары оқушыларымыз өздері жобалаған сан алуан үлгілерді жасаумен айналысады. Жұмыс барысында туындаған жаңа идеяларды саралап, салыстыру арқылы жұмыстарын нақтылауды, бағалауды үйренеді.Қорыта келгенде бұл үйірменің берері – оқушы бойындағы белсенділікті арттырып, өзкүшіне деген сенімділік, шыдамдылық, икемділік сияқты қасиеттері пайда болады.

Оқушының ой-өрісі дамып, шығармашылық шеберлігі шыңдалады.

Оқушылардың мақсаты–робот жасап, оған арнайы бағдарламаны құйып, дұрыс жүргізіп, жинау, үйрену, жарыстарға қатынасу.

Жұмыс істейтін бағдарламаның аты – Lego EV3 mindstorms.

Шығармашылық орталықта білім беру ісіндегі басты бағдар – оқушылардың тек шығармашылық мүмкіндіктерін ашу. Мұғалімнің кез келген сабағы шығармашылық сипатта өткізіліп отырса, оқушы дербестігінің қалыптасуы жоғары деңгейде көтерілері сөзсіз. Оқушының шығармашылық белсенділігінің артуына ата-ана мен мұғалімнің қолдауы болғаны дұрыс. Бала өз жұмысын жан-жағындағыларға көрсетуге ұмтылады. Сол кезде оны ересектер дұрыс бағалап, қолдау көрсетіп, дұрыс бағыттау керек. Бала бойындағы байқағыштық қабілетімен қатар шыдамдылық та мол болғаны дұрыс. Оқушыларды ғылыми–техникалық еңбекке баулу, еңбек тәрбиесі – барлық тәрбиенің қайнар көзі. Оқушыға дұрыс бағыт берсек, шығармашылық жұмысына еркіндік беріп, нәтижесін көрсете білсек, еңбектің әр кезде, кез келген істе өтемі болатынын, еңбексіз ешнәрсеге қол жеткізе алмайтынына оқушының көзін жеткізсек көздеген мақсатымызға қол жеткіземіз. “...Еңбекке оқытудың мазмұнын анықтау кезінде оқушыларды адамгершілікке, имандылыққа жетелеу мақсатымен олардың ұлт дәстүрін, мәдениетін, халықтың қолданбалы өнері мен кәсіпшілігін тереңдете игеруіне жағдай жасау керек”

Дарынды балаларды таңдап және шығармашылық жолға бағыттау жолына келер болсақ. Шығармашылық сипаттағы сабақтар түрлерін жүйелі ұйымдастыру арқылы оқушылардың танымдық белсенділігі қалыптасып, ұстазы берген ақпаратты, іс–әрекет тәсілдері мен бағалау өлшемдерін қамтитын қоғамдық және ұжымдық тәжірибе тағылымдарын игеріп қана қоймай, оқушы барлық іс–әрекетте шығармашылық бағыт ұстанады, қабілет, білігін ұштай түседі.

Ойымды саралай келе, педагог К.Д.Ушинский сөзімен байланыстырар болсам, ол

былай деген екен: “Біз жан-жақты жеке тұлға тәрбиелегіміз келсе, ол тұлғаны жан-жақты зерттеп білуіміз керек”. Осы ой бүгінгі таңда мұғалім әрекетінің тұжырымдамасы іспеттес. Соған байланысты оқушыны, дарынды балаларды таңдай білу және шығармашылық жолға бағыттаудың мәні зор.

Негіз сөз: Өсіп келе жатқан жас буынмен бірге еліміздің робототехника саласы да бой көтеруде. Адам өмірін жеңілдетуге арналған роботтарды күнделікті өмірде қолданатын уақыт та алыс емес. Инновациялық-индустриалды Қазақ елінің болашағы жарқын болмақ! Қорытынды: XXI ғасыр информатика ғасыры, яғни ақпараттандыру технологиясы, жасанды интеллектің дамыған заманы. [4]

Пайдаланылған әдебиеттер:

1.Абишова А.К., Туркменбаева А.А. 2.Робототехника -болашақтың бағдары
3.Білім беру саласындағы робототехниканың рөлі
4.Робототехника. Роботтар туралы біліңіз. Wikipedia.org сайтынан.

AR ЖӘНЕ VR ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫНЫҢ БІЛІМ БЕРУДЕГІ РӨЛІ

Ләбиханов Нұрсейіт Бекжанұлы, Сапарбаева Лазат Куралбековна
Оқытушы.Индустриалды-техникалық колледж
(Шымкент қ.,Қазақстан)

Аннотация

Мақалада оқу материалын визуалды модельдеу, оны көрнекі ақпаратпен толықтыру мақсатында AR және VR технологияларын білім беру саласында қолдану мүмкіндігі, сонымен қатар осы технологияларды білім беруде қолдану мысалдары келтірілген, артықшылықтары мен кемшіліктері айтылған.

***Кілттік сөздер**: компьютерлік технологиялар, AR және VR технологиялары, білім беру процесі.*

THE ROLE OF AR AND VR TECHNOLOGIES IN EDUCATION

Labikhanov Nurseiit Bekzhanovich, Saparbayeva Lazat Kuralbekovna
Teacher. Industrial-technical college
(Shymkent, Kazakhstan)

Annotation

The article provides visual modeling of educational material, the possibility of using AR and VR technologies in the field of education in order to supplement it with visual information, as well as examples of the use of these technologies in education, highlights the advantages and disadvantages.

***Keywords:** computer technology, AR and VR technologies, educational process.*

Қазіргі уақытта ақпараттық қоғамдағы қызметтің басым түрі ақпараттық өнімді өндірумен байланысты. Адамның қоғамға интеграциясы, оның ақпаратпен қаншалықты тиімді жұмыс істей алатындығына тікелей байланысты. Ақпараттық технологиялардың негізгі техникалық құралы бүгінгі күні компьютер болып қала береді, оның аппараттық және бағдарламалық жасақтамасы көптеген ақпараттық процестерді, оның ішінде телекоммуникациялық өзара әрекеттесуді автоматтандыруға мүмкіндік береді.

Бүгінгі таңда оқушыларды «бүгінгі» технологияларды ғана емес, сонымен бірге болашақта пайда болатын технологияларды қолдануға дайындауға бағытталған оқытудың мазмұнын қалыптастыру мәселесі өзекті болып табылады. Бұл оқыту процесіне, оқушылардың күнделікті өміріне жаңа ақпараттық технологияларды енгізуге, түрлі оқу пәндерін оқытудың тиімділігін арттыруға ықпал ететін болады.

Цифрлық нысандар арқылы шынайылықты толықтыруға байланысты барлық технологиялар шынайылықтың екі полярлы нұсқаларының арасында орналасқан: біз өмір сүретін шынайылық және виртуалды шынайылық. Шынайылық - бұл физикалық кеңістіктегі қосымша объектілердің мүлдем болмауы, яғни физикалық кеңістіктің өзі. Виртуалды шынайылық - бұл нақты объектілердің мүлдем болмауы. Іс жүзінде шынайылық көбінесе ішкі жиындарға бөлінеді. Екі классикалық ішкі жиынтық - толықтырылған шынайылық (augmented reality, AR) және виртуалды шынайылық (virtual reality, VR). Бірінші жағдайда, шынайылықты әртүрлі объектілермен толықтыратын технологиялар, екіншісінде виртуалды шынайылықтынақты объектілермен толықтыратын технологиялар деп түсіндіріледі [1].

Мысал ретінде Ежелгі Рим әлеміне саяхаттауға мүмкіндік беретін технологияны келтіруге болады. Егер бұл технология қоршаған ортаны сол дәуірдің түрлі объектілерімен (қылыштар, сауыттар, сазды құмыралар, храмдар, ареналар) толықтырса, онда ол AR

технологиясы болып есептеледі, ал егер сізді ежелгі қалаға, оның сәулетімен, адамдарымен, ауа-райымен, оқиғаларымен және т.б. ауыстыратын болса, онда ол VR технологиясы болады.

Соңғы онжылдықта виртуалды және толықтырылған шынайылық құрылғалырының

бағасы төмендегендіктен көптеген пайдаланушыларға қол жетімді болды. Бұл өз кезегінде әртүрлі тақырыптағы программалар (қосымшалар) санының өсуіне әкелді. VR үшін бұл негізінен 1 адамнан тұратын ойындар немесе 360 градус камераларды жазу (парашютпен секіру, аттракциондар, табиғат, су асты әлемі, динозаврлар және т.б.), AR қолданушыларының бет-әлпетін өзгертуге арналған қосымшалар, нақты әлем нысандарының қашықтығын өлшеу, әртүрлі жұмбақтар, сонымен қатар оқу бағдарламалары (негізінен анатомия және астрономия) деуге болады.

Егер AR және VR технологияларын білім беруде қолданылуын айтатын болсақ, онда виртуалды шынайылық үшін бұл табиғатты зерттеу, физика бойынша зертханалық жұмыстар жүргізу, динозаврларды зерттеу, планеталарға саяхат, астрономия және т.б. айтуға болады, AR үшін бұл анатомия, химия, астрономияны зерттеуді келтіруге болады.

VR және AR технологиялары иммерсивті оқыту (immersive education) бағдарламаларында жиі айтылады. Мұндай бағдарламалар әртүрлі виртуалды әлемдер мен модельдеулерде және көбінесе ойын түрінде өтетін оқу процесінде заманауи ақпараттық технологияларды қолдануды қамтиды. Оқытудың бұл түрі білім алушылардың пәнге деген қызығушылығын, қоршаған орта мен әлемді зерттеуге талпынысын арттыруға көмектеседі.

Академиялық зерттеулер аясында толықтырылған шынайылық технологияларының оқу процесіне тигізетін әсері тақырыбында ондаған жұмыс жүргізілді (ең толық шолу тізімде көрсетілген жұмыс көздерінің бірінде ұсынылған – [2]). Шолуда оқушылардың үлгерімінің жақсаруы, материалды түсіну, мотивация деңгейінің жоғарылауы атап өтілді. Сондай-ақ, оқу процесіне қатысу деңгейі және пәнді оқуға деген қызығушылық артып, студенттер арасындағы қарым-қатынас деңгейі артқаны туралы сөз етілген.

Мұғалімдердің алдында тұрған негізгі проблемалар – бұл қосымшаларды жүктеуге, оқушылармен жұмыс істеуді үйретуге, геолокацияның нашар жұмысына, кейде модельдердің жауап беру сапасының төмендігіне, студенттердің AR форматында жұмыс жасаудағы қиындықтарын түзеп, көмектесуге қосымша уақыт жұмсалатынында. Жалпы, барлық проблемалар AR-мен жұмыс істеу тәжірибесінің жетіспеушілігімен және технологияның жетілмегендігімен байланысты. Болашақта технологияның дамуымен бұл проблемалар жойылады деген сенімдеміз.

AR және VR технологияларын білім беруде пайдалану идеяларын ұсынатын болсақ:

Виртуалды шынайылық (VR). Бұл технологияның адамды виртуалды әлемге ауыстыру мүмкіндігі, оның білім берудегі дамуының негізгі бағытын анықтайды. Техникалық, экономикалық немесе физикалық себептерге байланысты нақты әлемде жасалмайтын барлық әрекеттерді виртуалды әлемде жасауға болады. Іс жүзінде мүмкін емес жерде болу мүмкіндігі. Электр және магнит өрістерін, тарихқа дейінгі жануарларды, су астындағы әлемді, ежелгі елдерді, планеталар мен астероидтарды көзбен көріп, сезінуге мүмкіндік беретін жалғыз технология.

Физикада бұл технология зертханалық жұмыстарды заманауи жабдықталған зертханада жүргізуге мүмкіндік береді. Мысалы, үлкен андронды коллайдер немесе гравитациялық толқындар детекторы тәрізді зерттеу жұмыстарының моделін жасап, зертханаларында зерттеу жұмыстарын жүргізуге болады. Осылайша білім алушыларды ғылымның заманауи жағдайын нақты көрсету арқылы ғылымға тартуға болады.

Шет тілдерін үйрену барысында, оқытылатын тіл – ана тілі болып табылатын адаммен қарым-қатынас жасау арқылы толық меңгеруге болады. Бірақ ондай адамды табу немесе оқу аудиториясына жеткізу қиындық тудырса, онда виртуалды шынайылық көмегімен сол адаммен қарым-қатынас жасау мүмкіндігі пайда болды. Мысалы, Қазақстанда француз тілін

үйреніп жүрген топты және Францияда қазақ тілін үйреніп жүрген топтарды бір виртуалды кеңістікке шақырып, тапсырмаларды бірге орындап, бір-бірімен сөйлесуге болатын еді. Мұндай интерактивті формат кез келген жастағы білім алушыға қызықты, әрі тиімді.

Тарихты зерттеуде оқушылар әлем мұражайларының үш өлшемді экспонаттарымен, сондай-ақ қалпына келтірілген қалалармен, шайқастармен немесе басқа да тарихи оқиғалармен таныса алады. Мысалы, Бородино шайқасын қайта құрып қана қоймай, сонымен қатар студенттерге оған қатысуға және өз шешімдерін қабылдауға, сондай-ақ ұжымдық шешімдер қабылдауға мүмкіндік бере аласыз. Осылайша, бұл Мәскеуде Бородино панорамасын жасағаннан кейін дамудың жаңа қадамы болады.

География саласында 360 градус камералардың заманауи дамуы пайдаланушыларға үш өлшемді панорамалар мен бейнелер түсіруге мүмкіндік береді. Көптеген зерттеушілер, саяхатшылар және жай туристер көптеген материалдарды түсіріп, оны ашық түрде орналастырады. Бұл бейне таулар, мұхиттар, рейстер, жанартаулар, полюстер туралы. Мұндай

материалды сабақта қолдану білім алушыларға планетамыздың алыс бұрыштарын көруге және олардың саяхатқа деген қызығушылығын қолдауға мүмкіндік береді [3].

Биологияда технология ағзалардың, жасушалардың немесе тіпті ДНҚ молекуласының мөлшеріне масштабтау мүмкіндігін ашады. Интерактивті мүмкіндіктер статикалық суретті көруге ғана емес, сонымен қатар, мысалы, ДНҚ репликация процесін көруге мүмкіндік береді.

Химия саласында қосымшалар қауіпті немесе қымбат тәжірибелер жүргізуге мүмкіндік береді. Атомдар мен молекулалардың динамикадағы химиялық өзгерістерін зерттеп, бақылаңыз.

Әдебиет саласында, мысалы, көркем шығармалардың ең жарқын сәттерін елестетуге болады. Материал мен оқиғаның үйлесімі қызықты көрінеді. Мысалы, «Абай жолы» романында келтірілген «Абай үлкен үйге кірді, Құнанбай қасында, Құнанбайды қоршаған ақсақал- қарасақалдар арасында үнсіз, жым-жырт тыныштық, бірін-бірі баққан суық жүздер, әлдебір кеселді құпияны әркім өзінше іштей салмақтап, сілтідей тынып қалған» оқиғаны көріп, сол энергия мен атмосфераны сезінуге болады. Әрине, энергияны қалпына толықтай келтіру мүмкін емес, бірақ мұндай формат оқушыларға сол кезде қалыптасқан атмосфераны сезінуге мүмкіндік береді.

Толықтырылған шынайылық (AR). AR технологиясын қолдана отырып екінші және одан жоғары ретті алгебралық беттерді визуализациялау мүмкіндігі бар. Білім алушы алгебралық бетті компьютер экранында емес, оның алдындағы нақты объект ретінде көріп, сапалы зерттеуге, сонымен қатар нақты уақыт режимінде параметрлерді өзгертуге және нәтижені көруге мүмкіндік алады. Мұның бәрі теңдеулердің құрылымын (параметрлердің интерактивті өзгеруі) және беттердің үш өлшемді пішінін жақсы түсінуге ықпал етуі керек.

Физикада AR технологиясын қолданудың негізгі бағыты - математикалық физика теңдеулерін визуализациялау. Бұл жағдайда шешім физикалық процесс түрінде көрсетіледі. Білім алушы теңдеудің параметрлерін динамикалық түрде өзгерте алады және осы өзгерістің нәтижеге әсерін көре алады.



Сурет 1. Жасанды интеллект роботы София.

Фазалық диаграммаларды, атап айтқанда судың pvt диаграммасын (фазалық диаграмманы) AR технологиясы арқылы визуализациялау әлдеқайда қызықты көрінеді. Диаграммада физикалық процестерді көрсетуге болады: изобар, изохор, изотермиялық, адиабат және политропты процестер. Білім алушы белгілі бір жазықтықтағы проекциялардан гөрі процестің толық бейнесін көреді, процестің басталу және аяқталу нүктелерін интерактивті түрде өзгертеді, процесс туралы қосымша ақпаратты көреді (бөлінетін/сіңірілетін энергия, бастапқы және соңғы параметрлер).

AR технологиясымен жұмыс істеу үшін Google Glass, MS HoloLens, Google ARCore, AppleARKit және т.б. сияқты компьютерлік платформалар қолданылады.

Бүгінгі таңда жаппай жалпы білім беру тәжірибесінде толықтырылған және виртуалды шынайылық технологияларын қолдануды елестету қиын. Ол мына себептермен байланысты:

- AR және VR технологияларын қолдана отырып, қолданыстағы қосымшалардың қарапайым саны мен әртүрлілігі, әсіресе білім беру үшін арнайы жасалған, тағы бір "тежегіш" болып табылады. Жағдайды өзгерту үшін, мұндай жобаларды мемлекеттік қолдау, мемлекеттік тапсырыс қажет. Виртуалды шынайылықтың мысалы, тарих саласындағы кішігірім қосымшасын жасау үшін көптеген мамандардың: тарихшылардың, суретшілердің, программалаушылардың, мәдениеттанушылардың және т. б. жұмысын талап етеді. Мұндай ресурстарды мемлекет немесе ірі бизнес тарапынан елеулі ресурстар мен сұраныстар болған кезде немесе әртүрлі тараптардың мүдделері қиылысқан жағдайда ғана табуға болады [4].

Қорыта келгенде, білім беру саласында толықтырылған және виртуалды шынайылықтың жаңа технологияларын қолданудың өзектілігі мен қажеттілігінің жоғары дәрежесін айтуға, сонымен қатар отандық және шетелдік оқу орындарында виртуалды шынайылық технологияларын енгізудің белсенді процесін айтуға мүмкіндік береді.

Ақпараттық-коммуникациялық технологияларды адам қызметінің барлық салаларына дамытудың және енгізудің бұрын-соңды болмаған жылдамдығына байланысты білім беру мекемелері білім беру сапасын жақсартып қана қоймай, сонымен қатар әлемдік білім беру нарығындағы отандық оқу орындарының бәсекеге қабілеттілік деңгейін арттыратын жаңа оқыту форматтарын белсенді түрде енгізуде.

Оқытудың жаңа форматтарын енгізу процесі сұранысқа ие болып қана қоймай, өзара тәуелді болып табылады. Бір жағынан, білім алушылар оқытудағы кез – келген технологиялық жаңалықтарға қызығушылық танытады және ғылыми жұмыс аясында "мұғалім-оқушы" байланыс жүйесінің тиімділігін арттыру үшін ұсыныстар мен жобаларды дербес әзірлейді. Екінші жағынан, мұғалімдер жаңа виртуалды технологиялар туралы жақсы біледі, өз жұмысында онлайн-жүйелерді пайдаланады және білім беру процесіне өзекті ақпараттық-коммуникациялық технологияларды одан әрі енгізуге дайын.

AR және VR технологиялары, күн сайын белсенді түрде дамып, білім беру саласына қарқынды енгізілу перспективалары бар деп айтуға болады.

ПАЙДАЛАНҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1.Дополненная реальность=школа будущего [Электронды ресурс]. URL: http://evtoolbox.ru/ev-toolbox/education

2.Akçayır, Murat, and Gökçe Akçayır. “Advantages and challenges associated with augmented

reality for education: A systematic review of the literature.” *Educational Research Review* 20 (2017):1-11.

3.Turan Z., Meral E., Sahin I.F. The impact of mobile augmented reality in geography education: achievements, cognitive loads and views of university students // Journal of Geography in Higher Education. 2018. Vol. 42, Issue 3. P. 427–441. DOI: 10.1080/03098265.2018.1455174

4.Анализ рынка виртуальной реальности [Электронды ресурс]. URL: www.vc.ru/flood/13837- vr-use

ТЕХНИКАЛЫҚ ЖӘНЕ КӘСІПТІК БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМДАРЫН ОҚЫТУ ПРОЦЕСІНЕ КРИТЕРИАЛДЫ БАҒАЛАУ ӘДІСТЕРІН ЕНГІЗУ

Каражигитова Перизат Абзалбековна
«Мейіргерісі» академиялық бакалавры, педагог -модератор, магистрі
Астана қаласы әкімдігінің ШЖҚ "Жоғары медициналық колледж" МКК
(Астана қ. Қазақстан)

Аннотация

Халықаралық білім алушы қабілетін бағалау бағдарламасы (ағылш. Programme for International Student Assessment, фр. Programme international pour le suivi des acquis des élèves, қысқаша PISA) — Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымы (ЭЫДҰ) 2000 жылдардан бері үш жылда бір ұйымдастыратын әлем елдері арасында 15 жастағы оқушылардың функционалдық сауаттылығын тексеру мен бағалаудың халықаралық бағдарламасы.[1] PISA бағдарламасының мақсаты білімберудің әдіснамасы мен нәтижесіне пайдалы әсерет уболатын. Аталған бағдарлама қазіргі әлемдебілім алушылардың қабілетін тексеру мен бағалаудыңеңықпалдыжобасыболыпотыр. PISAжобасының білім алушылардың функционалдық сауаттылығын бағалау басыңқылығы болып табылады.[2] PISA зерттеуінде ойлау, дәйектеу, мәселе (сұрақ) қоя білу және шешебілу, модельдеу, нәтижелерді ұсынудың түрлі әдістерін пайдалану секілді қабілеттер бағаланады. Осылайша, халықаралық оқу біліктілігі әрекеттің үш оқу-танымдық түрі бойынша анықталады. Олар жаңарту, қолдану және пайдалану.[3]Зерттеудің үш бағыты бойынша білім алушылар сауаттылығын бағалау технологиясы – PISA жобасы қатысушылардың алған білімін қаншалықты экстраполяция (құбылыстың бір бөлігін байқау даналғна қорытындыларды оның екінші бөлігінде қолдануға салатынғылы ми зерттеу әдіснамасы) жасап, оларды колледжден тыс қолданаалатынын, мәселелер туралы дербес ой жүгіртіп, өзіндіңтаңдау жасай алуын анықтауға мүмкіндік туғызады.

Түйін сөздер:*функционалдық сауаттылық, орта білім, PISA жобасы, даму бағдары, қатысу, ауызша және жазбаша білдіру, тиімді оқыту.*

INTRODUCTION OF CRITERIA-BASED ASSESSMENT METHODS INTO THE LEARNING PROCESS OF TECHNICAL AND VOCATIONAL EDUCATION ORGANIZATIONS

KarazhigitovaPerizatAbzalbekovna
Academicbachelor, teacher-moderator, masterofnursing
Stateenterprise "HigherMedicalCollege" on PCV ofAstanacityakimat
(Astana, Kazakhstan)

Annotation

The international student ability assessment program (Eng. Program for International Student Assessment, Fr. Programme international pour le suivi des acquis des élèves, Pisa for short) is an international program for testing and evaluating the functional literacy of 15-year-olds among the countries of the world, organized every three years by the organization for Economic Cooperation and Development (OECD) since the 2000s.[1] the purpose of the PISA program is to have a beneficial effect on the methodology and results of Education. This program is the most effective project for testing and evaluating students ' abilities in the modern world. The main purpose of the project is to assess the functional literacy of students.[2] in the PISA study, abilities such as thinking, quoting, the ability to ask and solve a problem (question), modeling, and the use

of various methods of presenting results are evaluated. Thus, international educational qualifications are determined by three educational and cognitive types of activity. They update, use and use.[3] technology for assessing student literacy in three areas of research – the PISA project allows participants to extrapolate the knowledge gained (the methodology of brain research, which uses conclusions from observing one part of the phenomenon in the other part) and determine whether they can be applied outside of college, independently reflect on problems and make their own choice.

Keywords: *functionalliteracy, secondaryeducation, PISA project, developmentorientation, participation, oralandwrittenexpression, effectivelearning.*

Білім беруде колледждің басты міндеті – өзіндік ой- көзқарасын ашық айта алатын, өмірге бейім, қоғамда өз орнын табатын жеке тұлғаны қалыптастыру. Өйткені XXI ғасыр – бәсеке ғасыры осыны талап етуде. Әр тұлғаның ең басты функциялық сапалары белсенді, шығармашыл тұрғыда ойлай алатын, сеніммен шешім қабылдай алатын, кәсіби жолын таңдай алуға қабілетті және өмір бойы білім алуға дайын тұра алатын болуы қажет. Бұл функционалдық дағдылар мектеп қабырғасында қалыптасуы тиіс. Ол үшін оқушының функционалдық сауаттылығын арттыру өте маңызды.Функционалдық сауаттылығы дегеніміз-адамдардың әлеуметтік, мәдени, саяси және экономикалық қызметтерге белсене араласуы, яғни бүгінгі жаһандану дәуіріндегі заман ағымына, жасына қарамай ілесіп отыруы, адамның мамандығына , жасына қарамай үнемі білімін жетілдіріп отыруы. Ондағы басты мақсат жалпы білім беретін мектептерде Қазақстан Республикасының зияткерлік, дене және рухани тұрғысынан дамыған азаматын қалыптастыру, оның әлемде әлеуметтік бейімделуі болып табылады.Мұндағы басшылыққа алынатын сапалар:

-белсенділік
-шығармашылық тұрғыда ойлау
-шешім қабылдай алу
-өз кәсібін дұрыс таңдай алу
-өмір бойы білім алуға дайын тұруы болып табылады.

PISA зерттеулері біздің білім алушылардың функциялық сауаттылық деңгейі тұрғысында әлемнің дамыған елдеріндегі өз құрбыларынан артта қалғандарын көрсетіп берді. Осыған байланысты PISA-да табысқа жеткен елдердің (Австралия, Финляндия, Жапония, Жаңа Зеландия, Италия, Оңтүстік Корея, т.б) тәжірибесін ескере отырып, отандық білім берудің төмендегі негізгі проблемаларынайқындады:

- ✓ Білім алушылардың түрлі мәтіндер мазмұнын түсінуі мен өзіндік ойлау қабілеттерініңжеткіліксіздігі.
- ✓ Білім алушылардың математикалық құзіреттілігін сипаттайтын тәжірибелік дағдыларының жеткіліксіздігі.
- ✓ Күнделікті өмірдегі жағдайларды түсіндіруге арналған жаратылыстану-ғылыми түсініктерді қолдану дағдыларының, алған ақпараттарды сын тұрғысынан бағалаудың, болжамдар жасау мен өз көзқарасын негіздеу деңгейінің жеткіліксіздігі.

Сонымен PISA жобасы дегеніміз не?PISA зерттеуі (Programmefor International Student Assessment) – ХалықаралықЭкономикалықЫнтымақтастықжәне Даму Ұйымы ЭЫДҰ (OECD — Organisationfor Economic Co-operationand Development) жүзегеасыратынбағдарлама.

PISA зерттеуінің мақсаты — әлемдік деңгейде салыстырылатын әр мемлекеттің оқыту нәтижелері жөніндегі сенімді мәліметтерін алып саралау болса, негізгі міндеті – білім беру саласындағы әлемдік басымдықтарды сипаттайтын зерттеу құралдарының негізінде объективті өлшеулер арқылы алынған айқын нәтижелерді талдау және оқушылардың функционалдық сауаттылығын тексеру.

PISA зерттеуінің келесі ерекшеліктері бар:

- Ол ең ірі халықаралық кең ауқымның бірі болып табылады, білім беру саласындағы мониторингтік зерттеулер;
- Зерттеуге жалпы ҚБ 15 жастағы оқушылары да қатысады;
- Зерттеуде оқушылардың "өмірге қаншалықты дайын" екендігі бағаланады, яғни. олар мектепте алған білімдері мен дағдыларын қаншалықты қолдана алады ересек өмірде кездесетін мәселелерді шешу үшін;
- Зерттеу барысында оқушылардың математика саласындағы сауаттылығы бағаланады, оқу, жаратылыстану, шығармашылық ойлау және қаржылық мәселелер.
- Зерттеу сонымен қатар контекстік ақпаратты жинайды қатысушы елдердің білім беру жүйелерінің ерекшеліктері туралы ақпарат алыңыз.

PISA зерттеуіне қатысуы мүмкіндік береді:

- негізгі білім алушылардың қаншалықты дайын екенін анықтау оқуды жалғастыру;
- еліміздегі жалпы білім беруді жетілдіру бағыттарын анықтау;
- білім алушылардың оқу жетістіктері туралы салыстырмалы мәліметтер алу, сондай-ақ әртүрлі елдердің білім беру жүйелері туралы.

PISA зерттеуі туралы қосымша ақпаратты веб-сайттан алуға болады ЭЫДҰ ұйымдары https://www.oecd.org/pisa/.

Бізгебұл не үшін керек?

- PISA бағдарламасыарқылымемлекетішіндегібілімсапасынбағалауғаболады;
- Дүниежүзілікбілімжүйесіндегідеңгейі;
- Басқамемлекеттердіңбілім беру бағдарламаларына, ресурстарынақолжеткізуі;
- Соңғыдүниежүзілікбілімсапасынбағалаудағынәтижелергесүйенеотырыпшығарылғынәдістемеліктердіпайдалануы.

Ұйымдастыружәнеөткізубойыншажалпыұсынымдар:

"Мектептерге арналған PISA" зерттеулері. Бұл нұсқаулықта PISA моделі бойынша бағалау туралы ақпарат бар ("мектептерге арналған PISA" зерттеуі) және мамандар тобына арналған, осы зерттеуді ұйымдастыруға және жүргізуге қатысқандар – мектеп үшін аудиториялардағы үйлестірушілер, Техникалық мамандар және ұйымдастырушылар.

Білім беру ұйымдарында "мектептерге арналған PISA" зерттеуін іске асыру (бұдан әрі-ҚБ) екі кезеңде өтеді. Бірінші кезең дайындық болып табылады және оның негізгі мақсаты бұл қатысу үшін таңдалған ҚБ компьютерлері мен ноутбуктерін тексеру. "JanisonReplay" зерттеу бағдарламасымен үйлесімділікке зерттеу. Екінші кезеңнегізгі болып табылады және тікелей ұйымдастыруды және одан кейінгі кезеңді білдіредіҚБ-да" мектептерге арналған PISA " зерттеуін жүргізу.

Мектептерге арналған "PISA" зерттеуін сәтті өткізу үшін үйлестірушілерге, аудиториялардағы ұйымдастырушыларға, сондай-ақ техникалық мамандарға келесі жоспарды ұстану керек:

- Аудиторияны және компьютерлерді / ноутбуктерді зерттеу жүргізуге дайындау ("JanisonReplay" бағдарламасын іске қосылған құрылғыларға орнату "мектептерге арналған PISA" зерттеуін жүргізу, қайта диагностика жүргізу құрылғылардың "JanisonReplay" бағдарламасымен үйлесімділігі). Бағдарламаны орнату "JanisonReplay" және қайта диагностика жүргізу үш күнде жүзеге асырылады сіздің ҚБ-да зерттеу жүргізудің белгіленген күніне дейін.
- Белгіленген күні тестілеу сессиясын ұйымдастыру және өткізу (қатаң түрде осыған ұсынылған зерттеу жүргізу сценарийіне сәйкес басшылыққа).
- Білім алушыларды тестілеу нәтижелерін платформамен синхрондау "мектептерге арналған PISA" зерттеулері (онлайн / офлайн режимінде)

- "JanisonReplay" бағдарламасын ҚБ компьютерлерінен/ноутбуктарынан жою. Мектеп үйлестіруші мен техник тек осы кезеңге өте алады Аймақтық үйлестіруші барлық деректердің бар екенін растағаннан кейін зерттеу платформасымен сәтті синхрондалған.
- Есептік құжаттаманы дайындау және беру.

Қорытындылай келе,бүгінгі таңдаPISAхалықаралық зерттеу бағдарламасы әлемдемектептегі білім берудің салыстырмалы әмбебап құрал ретінде пайдаланылады.Оқушының функционалдық сауаттылығын дамыту мәселесіне мынандай тұжырымдарманы ұсынуға болады:

- Білім алушылардың бірінші сабақтан бастап сөйлесім әрекетінің түрлерін (айтылым, жазылым, тыңдалым, оқылым, тілдесім) меңгерте білу
- Білім алушылардыңалған білімдерін өмірде, кез-келген жағдайда, әлеуметтік ортада қолдана алуға үйрету;
- Мемлекеттік тілде ауызша,жазбаша қарым-қатынас жасау;
- Әлеуметтік талаптарына сай келу үшін оқушының ақпараттық технологияларды қолдану және проблемалардың шешімін таба алуға үйрету;
- Білім алушылардыңөзгермелі өмірге бейімделуіне үйрету ;
- Білім алушылардыңжеке бас қабілеттерін дамытуы;
- Білім алушылардыңәлеуметтік-мәдени дағдыларын дамытуы ;
- Қазақ халқының салт –дәстүрі, мәдениеті, тарихын түсіну және құрметтеге баулу.

«Адамның ұлылығы – оның ойлай білу қабілетінде» (Блез Паскаль), – дегендей болашақ жас ұрпағымыз терең ойлап, шынайы өмірдің мәтіндік категориялары негізінде тұлғалық, қоғамдық, кәсіби және ғылыми түрде ғылым туралы объективті шындыққа ұмтылатын риясыз ілім алып өз еліне еңбек ете берсін.

Пайдаланылғанәдебиеттер:

1. Сиренко, С. Н. Образование в Союзном государстве в цифровую эпоху: международный опыт и направления модернизации / С. Н. Сиренко // Проектирование будущего. Проблемы цифровой реальности: труды 3-й Международной конференции (6-7 февраля 2020 г., Москва). — М. : ИПМ им. М.В.Келдыша, 2020. — 200- 210. https://keldysh.ru/future/2020/17.pdf
2. Малинецкий, Г.Г. Глобализация образования в системном контексте / Г. Г. Малинецкий, С. Н. Сиренко // Мир России. – Т. 29. 2020. – № 2. С. 92–107. DOI: 10.17323/1811-038X-2020-29-2-92-107
3. Малинецкий, Г.Г. Образование на постсоветском пространстве в зеркале исследований PISA / Г. Г.Малинецкий, С. Н. Сиренко // Вестник Московского университета. Серия 20. Педагогическое образование – 2020. – № 1. – С. 35–69.
4. PISA 2018 Results (Volume 1): What StudentsKnowandCan Do. PISA OECD Publishing Parts: https://www.oecd.org/education/pisa-2018-results-volume-i-5f07c754-en.htm).
5. Савицкая, Н. С грамотностью в Москве дела обстоят гораздо лучше, чем во всей стране / Н. Савицкая // Независимая газета 04.12.2019. http://www.ng.ru/education/2019-12-04/8_7743_pisa.html
6. Schleicher A. PISA-2018. InsightsandInterpretations. – OECD, 2019. https://www.oecd.org/pisa/PISA%202018%20Insights%20and%20Interpretations%20FINAL%20PDF.pdf
7. Driversofstudentperformance: Insightsfrom Europe. https://www.mckinsey.com/industries/social-sector/ourinsights/drivers-of-student-performance-insights-from-europe
8. Mourshed M., Chijioke C., Barber M. Howtheworld'smostimprovedschoolsystemskeepgettingbetter, 2010.
9. Калдмяэ К., Контсон А., Мятийсен К., Пайс Э. Математика. Учебник для 9 класса. Часть 1 – Tallinn: KirjastusAvita, 2016. – 120 с.
10. Основные результаты исследования PISA-2015 / Федеральный институт по оценке качества образования. Институт стратегии развития образования Российской академии образования. http://adu.by/images/2018/02/PISA_2015_results_short_report.pdf

ДИАГНОСТИКА ҚҰРЫЛҒЫЛАРНЫҢ КӨМЕГІМЕН АВТОКӨЛІКТІҢ АҚАУЫН АНЫҚТАУ, ЖӨНДЕУДІ ҰЙЫМДАСТЫРУ ҚЫЗМЕТІМЕН АТҚАРАТЫН МІНДЕТТЕРІ

Торбаева Әселхан Тұрғанбекқызы
Арнайы пән оқытушысы Шымкент Индустриалды-техникалық колледжі
(Шымкент қ., Қазақстан)

Аннотация

Бұл мақалада автор автокөлікті техникалық диагностикалау құралдарын автокөліктің ақаулықтарының белгілерін, техникалық күйін бұзбай анықтау әдістерін құралдарын қарастырады. Автокөліктің агрегаттары мен механизмдерін диагностикалау нысандарды құралдарды алгоритмдерді біріктіретін кешен. Техникалық диагностика негізінде автокөліктің ақауларын анықтайды зерттейтін білім секторын, әдіс-тәсілдерін техникалық жағдайын анықтайтын құралдарын пайдалана отырып зерттеуде, диагностикалау технологиялары мен ұйымдастырылуын қарастырылады.

Түйінді сөздер: *арнайы приборлар, стендтер және компьютерлік диагностикалау.*

TASKS PERFORMED BY DIAGNOSTIC DEVICES TO DETECT VEHICLE FAILURES AND ORGANIZE REPAIR

Torbaeva Aselkhan Turganbekovna
Special subject teacher, Shymkent Industrial-Technical College
(Shymkent, Kazakhstan)

Abstract

In this article, the author considers the means of technical diagnostics of a car, the means of identifying signs of car malfunctions without violating the technical condition. Diagnostics of components and mechanisms of a car is a complex that combines objects, tools and algorithms. On the basis of technical diagnostics, the study of the branch of knowledge, methods and methods for determining the technical condition of a car, diagnostic technologies and organization are considered.

Key words*: special devices, stands and computer diagnostics.*

Қазіргі уақытта ғылым мен техниканың жедел дамыған, ақпараттық мәліметтер ағыны күшейген заманда, ақыл-ой мүмкіндігін қалыптастырып, адамның қабілетінен туындаған диагностикалау құрылғыларын ойлап тапқан ойлау қабілеті жоғары деңгейде жұмыс жасайтын білімді адамдардың жетістігі деп ойлаймын.

Диагностика-бұл автобизнестегі бірегей маман, ол қозғалтқыш құрылғысында және оның автокөліктің басқа жүйелерімен өзара әрекеттесуін егжей-тегжейлі түсіндіреді. Диагност маманы өте ерекше ақылға ие болу керек, өйткені ақауларды кешенді бағалау үшін автомобильдің механикалық құрылғысы, қозғалтқыш және оның жүйелерінің жұмыс принциптері, электрондық жабдықтары бойынша білім қажет.

Сонымен қатар жақсы диагностика жасай алу үшін автосервистік, авто-механик (автоэлектрик), электр құралдарының жалпы электр желісіне қосылу технологияларының сақталуы, электр құралдарына механикалық қызмет көрсету, жөндеу операцияларын бақылау, диагностика құралдарының көмегімен электр жабдықтарын жөндеу жұмыстарын білу керек.

Автокөліктің қызметін іске асыру үшін арналған және осы жүйенің техникалық және қолданушылық көрсеткіштерін анықтайтын көптеген параметрлерін сипаттайтын күрделі техникалық жүйе.

Автокөлікке қатысты элементтер агрегаттар, түйіндер, механизмдер және бөліктер – объектілер немесе бұйымдар қарастырылады. Диагностика ғылым тілінде ақпаратты алу мен бағалауға байланысты мәселелердің кең ауқымын қоса алғанда, техникалық жүйенің күйін түсіну ғылымы. «Диагностика» термині грек тілінен «диагноз» сөзінен шыққан, бұл дегеніміз тану, анықтау.

Диагностиканы келесі түрлерге бөлуге болады:

- көзбен көру арқылы диагностикалау;
- есту арқылы диагностикалау;
- арнайы құралдармен диагностикалау;
- жалпы стендте диагностикалау;
- қолмен диагностикалау;

Бұл жүйелердің түрлері бойынша диагностикалау нысанның жұмыс процесі кезінде жүргізіледі.

Техникалық күйінің негізгі көрсеткіштерін бөлшектемей немесе ішінара бөлшектей отырып анықтауға арналған құралдар мен әдістер жиынтығы болып табылады.

Автокөліктерге диагностикалық жұмыстарды жүргізу үшін арнаулы диагностикалық құралдарды пайдалану керек. Автокөліктерге техникалық қызмет көрсету мен жөндеу кезінде, автокөліктердің техникалық күйінің өзгеруінің зерттеуіне, осы өзгерістердің себептері мен заңдылықтарына, сондай-ақ олардың автокөліктердің сенімділігі мен жұмысқа қабілеттілігі көрсеткіштеріне ықпалын бағалауына ерекше назар аудару қажет.

Қазіргі уақытта компьютерлік диагностика кең қолданылады автокөліктердің компьютерлік диагностикалау кезеңдерінің төмендегі көрсеткіштерге бөліп қарастыруға болады:

- барлық жүйелердің ағымдағы параметрлерін бақылау;
- ақаулар кодтарын оқу және нөлдеу;
- тетіктердің жұмысқа қабілеттілігін тексеру;
- сервистік кезеңдерді нөлдеу;
- басқару блоктарын кодтау;
- иммобилайзер мен электрондық басқару блогын синхрондау;
- пневматикалық аспаны баптау;

Бұл мәселелердің автокөліктік компьютерлердің, блоктардың, датчиктердің сонымен қатар басқару жүйелерінің жүйелік техникалық диагностикасының елімізде жуырда ғана кеңінен тарала бастады. Сонымен қатар, осы уақытқа дейін шығарылатын көлік құралдарының барлығы бірдей қажетті борттық өзін-өзі диагностикалау, өзін-өзі реттеу және өзін-өзі басқару жүйелерімен компьютерлермен жабдықталған деуге болмайды.

Бастапқыда компьютерлік диагностиканың барлық қол жетімді құралдары пайдаланылады және қателер коды ғана емес, туындаған мәселеге тікелей немесе жанама қатысты барлық цифрлық деректер де оқылады. Содан кейін барлық деректерге қосымша электрлік аналогтық тексеру жүргізіледі.

Техникалық диагностиканың автокөліктің техникалық қондырғылар жағдайына ғана емес, сонымен қатар олардың қызмет көрсету жүйесіне де әсер етеді. Бұл нақты жағдайда техникалық күйдің параметрлерінің шекті мәндері алдын-алу және жөндеудің неғұрлым прогрессивті жүйесіне өтудің алғышарты. Мұнда жоспарланған техникалық бақылауда рәсімдеуде өндірісте, отынды пайдалануда немесе жұмыс уақытында байқалады оталдыру қосылғанда бақылау шамы жанады. Қозғалтқыш қосылмай жұмыс істемей тұрған кезде, жүйенің жарамдылығын тексеру жүргізіледі. Қозғалтқыш іске қосылғаннан кейін шам сөнуі

тиіс. Егер ол жанып тұра берсе, бұл кіріктірілген диагностика жүйесінің ақаулықты анықтағанын толық білдіреді.

Кең таралған үлгілерді басқарудың электрондық жүйелерін диагностикалайды. Диагностикалық функцияларға DTC кодтарын оқу, DTC кодтарын жою, деректер ағынын оқу, арнайы функциялар кіреді.

X-431 PRO Lite диагностикалық құралы автомобильдегі ақауларды іздеуге арналған жаңа диагностикалық сканер болып табылады және Android операциялық жүйесі негізінде жасалған.

Launch X-931 Touchless стенді-шырайналдырғы мен түйісу бұрышын диагностикалау үшін қолданылады. X-931 Touchless стенді автокөлік дөңгелектеріне қандай да бір нысаналар немесе датчиктер орнатпай-ақ, доңғалақтарды орнату бұрыштары туралы деректерді тез және дәл өлшеуге мүмкіндік береді, автокөліктерді өлшеу жүйесінің жанынан өткізу қажет, осылайша деректер дайын болады. Дәлдігі дәлме дәл нысаналарды пайдаланатын заманауи 3D-стендтерінен кем емес. Автомобильдің диагностикалық ағытпасы мен диагностикалық жалғағышы (VCI) және планшет арасындағы байланыс Bluetooth арнасы арқылы жүзеге асырылады, бұл X-431 PRO Lite сериялы сканерге автомобильдердің ауқымды модельдік қатарының барлық жүйелерінің ақауларына диагностика жүргізуге, соның ішінде, ақаулардың кодтарын оқуға (DTC), ақаулардың кодтарын жоюға (DTC), деректер ағынын оқуға, атқарушы құрылғыларды тестілеуге және арнайы функцияларды орындауға мүмкіндік береді.

Автокөлікті диагностикасының кезеңдері мен негізгі міндеттері:

- автокөлікті және оның тораптары мен агрегаттарын жалпы бағалау;
- ақаудың орнын, сипатын және пайда болу себептерін анықтау;
- жүргізуші көрсеткен ақаулықты тексеру;
- автокөлікті мемлекеттік техникалық байқауға дайындығын анықтау;
- техникалық қызмет және жөндеу жүргізетін ұйымның автомобильдің техникалық жөндеу туралы ақпарат беруі;
- техникалық қызмет және жөндеу жүргізу сапасын бақылау;
- еңбек және материалдық ресурстарды тиімді пайдалану үшін жағдай жасау

Бұл бүгінгі күні автомобильдерді технологиялық диагностикалау жөнінде ең көп ұсынылатын әдіс болып табылады.

Сканерден немесе электрондық басқару блогынан қарастырылған тиісті сақтандырғыштарды алып тастау. Бұл жағдайда жүйелерді адаптивті басқару жөніндегі деректер де нөлденеді. Аккумуляторлық батареяның клеммаларын «массадан» ажырату арқылы. датчик қайта іске қосылған кезде қате борттық компьютер панелінде тағы көрсетілімі пайда болады. Диагностикалық жабдықтың көмегімен ақаулықтардың қателерін (кодын) жою әрқашан кодтарды одан тиісті сигнализатордың (жарық немесе дыбыстық) көмегімен берілетін жадтың бөлімінен жоюға себеп болады.

Диагностикалық параметрлер мен диагностикалауды жүргізу әдістерінің заманауи стандарттары қазіргі уақытта OBD-II, OBD-III және EOBD сияқты үлгідегі халықаралық талаптар мен стандарттарда кеңінен таралған.

Автокөлікті пайдалануда механизмдер мен жүйелер тозады. Тозудың қарқындылығы автомобильді тұтыну режимдеріне, жол жағдайларына және жүргізушінің біліктілігіне байланысты жүргізу әдістеріне (тәсілдеріне), және ең алдымен техникалық қызмет көрсетуде және ағымдық жөндеу жұмыстарының сапасына байланысты.

Автокөлікті элементтерінің жұмысқа қабілеттілігі оның техникалық күйімен анықталады. Техникалық күй белгілі бір сәтте техникалық құжаттама белгілеген белгілермен сипатталатын қолдану барысында өзгеретін объектінің қасиеттердің жиынтығын құрайды.

Техникалық диагностика машиналар немесе оның компоненттерінің істен шығу фактісі анықталғаннан кейін кемшіліктерді ақаулықтарды табуға міндеті - орынды, типті және қажет болған жағдайда нақты сәтсіздіктің себептерін анықтау үшін өте маңызды.

Автокөліктің құрылымына диагностика жасау үшін техникалық жүйенің жағдайын танып білу қажет. Диагностикалауға анықтама бере кетсем автокөліктің жеке механизмдерінің техникалық жай-электрондық басқару жүйелері кеңінен қолданыс тауып келеді. Диагностикалық операция-диагностикалау үрдісінің бөлігі, оның орындалуы объектінің бір немесе бірнеше диагностикалық параметрлерін анықтауға мүмкіндік береді. Диагностикалау технологиясы - диагностикалау әдістері, параметрлері және операцияларының жиынтығы, ақырғы диагноз алу үшін технологиялық құжаттарға сәйкес жоспарлы және дәйектілікпен жүргізіледі. Диагностикалау өзара байланысқан екі бағытпен сипатталады, айырып тану және бақылау қабілеттілігі теориясы.

Диагностикалау негізі біз үш кезеңге бөліп қарастыруға болады:

- диагностикалау объектісінің техникалық жай-күйі жайлы ақпарат алу;
- диагноз қою;
- шешім қабылдау.

Диагноз-диагностикалаудың бастапқы нәтижесі болып табылады. Ол объектінің техникалық жай-күйі жайлы қорытынды жасайды, автокөлікте ақаудың түрі мен себебін нақты көрсетіледі. Техникалық жай-күйі-өндірістік немесе пайдалану үрдісі кезінде өзгеріске ұшырайтын объектінің қасиеті. Жай-күйінің параметрі – диагностикалау объектісінің жұмысқа қабілеттілігін немесе жарамдылығын сипаттайтын физикалық шама.

Техникалық қызмет көрсету процесіндегі диагностиканың негізгі міндеті-техникалық жағдайды анықтау және оның одан арғы өзгерістерін болжау. Бұл автокөліктердің техникалық күйін басқаруға мүмкіндік береді. Автокөліктердің электрондық жүйелерімен жұмыс істеу кезінде қозғалтқыш жүйесінің элементтері мен тораптарын қосу, бөлшектеу, монтаждау, диагностикалау жөніндегі талаптарды сақтау өте маңызды. Осы талаптарды орындау автомобильді диагностикалау және жөндеу кезінде қосымша ақауларды қосылуының мүмкіндігін жоққа шығарады Диагностикалауды қарастырғанда басқару жүйесінің кез келген элементтерін бөлшектеу алдында аккумулятор массасын ажыратыңыз, батареяны дұрыс жалғамастан, қозғалтқышты іске қосуға жол берілмейді сондай-ақ қозғалтқыш жұмыс істеп тұрған кезде аккумуляторды автокөліктің борттық желісінен ажыратуға жол берілмейді.

Техникалық диагностика жүргізу кезінде объектінің қалыпты жағдайын растау үшін екі негізгі міндет анықталады:

1) сенімді ақпарат алуды қамтамасыз ету;

2) ақпаратты іздеудің қолайлы жылдамдығын қамтамасыз ету. Аномалияларды анықтау үшін техникалық диагностикалау кезінде екі негізгі мәселе бар, сәтсіздік ықтималдығы мен «жалған дабыл» ықтималдығы, яғни дұрыс жұмыс істемеу туралы жалған Жалған дабыл ықтималдығы неғұрлым жоғары болса, ақауды дұрыс таба алмай жоғалту ықтималдығы неғұрлым төмен және керісінше қаралады.

Техникалық ақаулықтарды жою міндеті өз кезегінде, диагностикалық параметрлер мынадай қасиеттерге ие болуы тиіс: сезімталдық, өзгерістің ені, бірегейлік, тұрақтылық, ақпараттық, тіркеудің жиілігі, қол жетімділік және ыңғайлылық.

Ақпараттылық – бұл жеткіліксіз немесе артық болған диагностикалық процестің тиімділігін (диагноздың сенімділігі) төмендететін диагностикалық параметрдің сипаты. Диагностикалық параметрді тіркеу жиілігі техникалық операция талаптарына және өндірушінің нұсқауларына сәйкес анықталады және ақаудың ықтимал қалыптасу мен даму жылдамдығына байланысты болады.

Диагностикалық параметрді өлшеудің қолайлылығы мен қолжетімділігі диагностикалық объектінің құрылымына және диагностикалық құралға тікелей байланысты.

Өндіріс саласында материалдарды ұсақтауда және ұнтақтауда конусты ұсақтағыштар кеңінен қолданылады.

Диагностика-автокөліктердің одан әрі пайдалануға жарамдылығын объективті бағалауға мүмкіндік беретін арнайы жабдықты пайдалану арқылы оның тораптары мен агрегаттарын бөлшектемей тексеру жүйесін айтамыз.

Диагностикалауды бақылау-өлшеу құралдарының, арнайы жабдықтардың, аспаптардың, құрал-саймандардың көмегімен объективті жүзеге асыруға болатындығы белгілі баршамызға.

Қорыта келгенде, автокөліктің жұмысқа жарамдылығын техникалық күйін әрқашан қарап отыру қажет, автокөліктің агрегаттарын, механизімдерін сонымен қатар тораптарын тексеріп отыру керек.. Автокөлікті диагностикалауда, қозғалтқыштың қаттылығын, отын үнемділігін қозғалыс қауіпсіздігін және қоршаған ортаға тигізетін зардап әсерін анық үшін жүргізіледі ақауларды анықтайды механизімдердердің жұмыс тәсілін реттейді ақырында қорытынды бақылау жүргізеді.Соңғы түйін сөзім «Автокөліктерге қызмет көрсету, жөндеу және пайдалану» мамандығын бітіріп шығатын мамандар өте жоғары маңызды сұранысқа ие. Себебі Елімізде қазірде автокөліктердің саны күннен күнге артуда саны тым көп болғандықтан олардың бөлшектерінің ақауын анықтау, жөндеуді ұйымдастыруды талап етіледі, техникалық қызмет көрсету жөндеудің алдында техникалық диагностикадан өткізу міндетті болып табылады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Техническая диагностика машин / Сидоров В.А., Кравченко В.М., Седуш В.Я. И другие - Донецк: Новый Свет, 2003 - 125 с.

2. Сафарбаков А.М., Лукьянов А.В., Пахомов С.В. Основы технического диагностирования: Учебное пособие. - Иркутск: ИрГУПС, 2006. - 216 с.

3. Диагностикалау құралдары мен технологиялары: Оқу құралы / А.И. Гришина, К.Ш. Мураталиев, М.С. Исабеков, А.Ф. Таран. - Нұр-Сұлтан: «Кәсіпқор» холдингі» коммерциялық емес акционерлік қоғамы, 2019 ж.

ШАҒЫН ЖӘНЕ ОРТА КӘСІПКЕРЛІКТІ ДАМЫТУДЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Бекзатова Эльмира Кадыровна
Индустриалды-техникалық колледжі
(Шымкент қаласы)

Аннотация

Бұл мақалада шағын және орта кәсіпкерліктің алатын орны, өсу факторлары, міндеттері, ролі туралы айтылған. Орта және шағын бизнестің даму мәселелері Елбасымыздың Қазақстан халқына арнаған жолдауы, Қазақстанда осы бизнес түрлерінің дамуы қарастырылған. Шағын кәсіпкерліктің тиімділік көрсеткіштері бойынша да көптеген мәліметтер қамтылды

Түйінді сөздер: *индикатор, рейтинг, сфера, фактор, инфраструктура*

ACTUAL ISSUES OF DEVELOPMENT OF SMALL AND MEDIUM-SIZED BUSINESSES

Bekzatova Elmira Kadyrovna
Industrial and Technical College
(Shymkent city)

Abstract

This article discusses the role, growth factors, tasks, and role of small and medium-sized businesses. Issues of development of medium and small business the address of the head of state to the people of Kazakhstan provides for the development of these types of business in Kazakhstan. A lot of information was also provided on the performance indicators of small businesses

Key words: indicator, rating, sphere, factor, infrastructure

Шағын және орта кәсіпкерліктің нарықтық экономикада алатын орны ерекше. Өйткені, орта және шағын кәсіпкерлік-экономиканың ұтқыр әрі нәтижелі секторы және экономикалық өсу факторларының бірі болып табылады. Аса өзекті экономикалық және әлеуметтік міндеттерді шешу барысында шағын және орта кәсіпкерліктің рөлі айтарлықтай басым. Мемлекет тарапынан елеулі шығындарды талап етпестен, шағын және орта кәсіпкерлік «салауатты» бәсекелі ортаның қалыптасуына, нарықтық тепе-теңдіктің орнауына, жаңа жұмыс орындарының құрылуына, жағдайы орташа тұрғындар тобының қалыптасуына, тұрғындардың әртүрлі қажеттіліктерін қанағаттандыруға жағдай жасайды, ал бұл-соңында, тұрақты экономикалық өсуді қамтамасыз етеді.

Орта және шағын кәсіпкерліктің даму мәселелері біздің еліміздің басшылығы үшін әрдайым басымдықты мәселе болып табылады. Елбасымыз өзінің Қазақстан халқына арнаған «Қазақстандық жол - 2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты жолдауында шағын және орта бизнестің дамуын-еліміздің экономикалық саясатының басымдықты бағыттарының біріне жатқызған. Шағын және орта кәсіпкерлікті дамыту-Қазақстанның XXI ғасырдағы индустриалдық және әлеуметтік жаңаруының басты құралы болып табылады. Біздің экономикамыздағы шағын және орта бизнестің үлесі қаншалықты көп болса-Қазақстанның дамуы да соншалықты тұрақты болады [1,30 б].

Шағын және орта кәсіпкерлікті дамытпай, нарықтық экономиканы қалыптастыру мүмкін емес. Өйткені, бұл-нарықтық қатынастарды алға жетелеуші буын. Осы орайда Елбасымыз Қазақстан халқына жолдауында: «Жапония, Германия, Бельгия, Италия сияқты елдерде шағын және орта кәсіпкерлік олардың барлық кәсіпорындары санының 90%-дан астамын құрайды, көптеген дамыған елдерде олар жалпы ішкі өнімнің 50%-дан астамын

береді. Сондықтан да біздің шағын және орта кәсіпкерлікті дамытудың түбірінен жаңа идеологиясын түзуіміз қажет» деп айтқан болатын [1, 42 б].

Ал біздің елімізде шағын және орта кәсіпкерліктің ЖІӨ-ді үлесі 20,2%-ды ғана құрайды. Қазақстан үшін шағын бизнестің қалыптасуы жоғары дамыған қоғамға, жоғары дамыған экономикаға өтетін көпір болуы қажет. Сондықтан, Елбасы шағын және орта кәсіпкерлікті дамыту Қазақстанның аса маңызды мақсаттарының бірі деп белгіледі.

ҚР Статистика агенттігінің деректеріне сәйкес, Қазақстанда соңғы 9 жылда шағын және орта кәсіпкерліктің тіркелген кәсіпорындарының саны екі еседен артық мөлшерге өсіп, 2020 жылдың нәтижелері бойынша 1 442 мың бірлікті құраған [2, 2 б].

Осылайша, шағын және орта кәсіпкерлік экономикалық тұрғыда белсенді тұрғындардың арасындағы барынша кеңінен тараған қызметтің түріне айналып отыр. Бұл-мемлекетіміздің жоспарлы саясатының дұрыс таңдалғанын, сондай-ақ еліміздегі бизнес-климаттың қолайлы екенін куәландырады.

Дүниежүзілік Банктің Doing Business рейтингісінің нәтижелері бойынша 2021жылы Қазақстан 2020 жылмен салыстырғанда өз позициясын 3 тармаққа жақсарта отырып, 179 елдің арасында 50 орынды иемденген [3, 2 б].

Бұл зерттеу жыл сайынғы негізде 179 елде өткізіліп отырады және ол бойынша бизнес-климат қолайлылығының 10 бағыты бойынша елдердің рейтингісі анықталады.

2020 жылғы 1 ақпандағы жағдай бойынша елде белсенді жұмыс істейтін шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерінің саны өсуде, олардың шығаратын өнім ауқымы да артуда. Қазақстанда қазіргі кезде 755 302 шағын және орта кәсіпкерлік нысаны тіркеліпті. Оның ішінде 61 835-і - шағын кәсіпкерліктің заңды тұлғалары, орта кәсіпкерліктің заңды тұлғалары 8 308, яғни фирма-компаниялар. Олар жалпы санның небары 1,1%-ын құрайды. Ең үлкен үлес (68,1%-ы) жеке кәсіпкерлерге тиесілі, бүгінде Қазақстанда 521 914 жеке кәсіпкер бар.Ал еліміздегі шаруа қожалықтарының саны қазіргі кезде-153 145 (бұл - ШОК нысандарының 21,6%-ы). 2019 жылы белсенді ШОК нысандары Астана қаласында күрт артқан (биылғы I жарты жылдықта бірден 32,9%-ға). Ең көп кәсіпкерлер Алматы (102 146) және Оңтүстік Қазақстан облыстарында (108 361) тіркелген.

Елімізде шағын және орта кәсіпкерліктің қанат жаюына жағдай жасап, табысты саланың өркендеуіне айрықша көңіл бөлуде. Аталған бизнес позициясының жақсаруы негізінен компаниялардың Халыққа қызмет көрсету орталықтарында тіркелу уақытының қысқаруының есебінен, сондай-ақ меншікті тіркеудің жылдамдатылған рәсімінің енгізілуінің арқасында орын алып отыр. Кешенді институционалдық шараларды өткізу-«Doing Business» рейтингісінің келесі индикаторларының жақсаруына жағдай жасады: «Құрылысқа рұқсат алу» (144 орын, 3 позицияға жақсарған), «Меншікті тіркеу» (17 орын, 8 позицияға жақсарған), «Төлеу қабілетсіздігін шешу» (54 орын, 1 позицияға жақсарған). Сонымен қатар, «Салық салу» (17 орын) және «Халықаралық сауда жүргізу» (185 орын) секілді индикаторлар өзгеріссіз қалып отыр. «Кәсіпорынды тіркеу» (30 орын, 3 позицияға нашарлаған), «Электрмен жабдықтау жүйесіне қосу» (86 орын, 2 позицияға нашарлаған), «Несиелендіру» (85 орын, 4 позицияға нашарлаған), «Инвесторларды қорғау» (22 орын, 1 позицияға нашарлаған) және «Контрактілердің орындалуын қамтамасыз ету» (26 орын, 1 позицияға нашарлаған) секілді индикаторларда нашарлау дерегі орын алған.

Шағын бизнестің кәсіпкерлік субъектілерінің жалпы санындағы үлесі бойынша Қазақстан дамыған елдермен теңесті, алайда шағын кәсіпкерліктің тиімділік көрсеткіштері бойынша әлі де болса кем тұстары бар. Яғни шағын және орта кәсіпкерлікті дамытуды бұдан да жоғары деңгейге жеткізуіміз керек, кәсіпорындарда жаңашыл заман талаптарына сай дамытушы әдіс-тәсілдерді енгізу, оның ішінде маркетингтік қызметтерді алға қарай жылжытуды көздеуіміз керек. Бұл өз кезегінде тарихи, геосаяси, макроэкономикалық сипаттағы объективті себептерге, сонымен қатар заңнама, мемлекет саясаты, құқық қолдану тәжірибесі, жергілікті басқару факторларына да негізделген.

Қазіргі таңда шағын кәсіпкерліктің одан әрі дамуы үшін көптеген іс-шаралар жүргізілуде: шағын бизнес субьектілерін тіркеудің, оларды жабудың, лицензиялау мен патенттеудің тәртібі оңайлатылды; оңайлатылған есептілік құрылымы жасалды, оның өсуін көтермелеу мақсатында қолданылмайтын мемлекеттік мүліктің бөлігі шағын бизнеске берілді, мемлекеттік қолдау, соның ішінде қаражаттық қолдау жүйесі ұйымдастырылды.

Алайда мемлекеттік қолдаудың бүгінгі күнгі жүйесіз іс-әрекеті шағын кәсіпкерлік нысандарының жабылуын жылдамдатты.

Шағын кәсіпорындардың өмір сүру мерзімінің қысқа болуына әсер етуші факторлар:

- қаржының жетіспеушілігі;
- ресурс қорының әлсіздігі;
- салық қысымдары;
- қылмыстық құрылымдардың қысымы;
- әкімшілік кедергілердің көптігі;
- заң құжаттарының жетілдірілмеуі, тұрақсыздығы және әрекет етпеуі;
- тауар өткізу нарығының таралуы;
- монополияның қысымы.

Шағын фирмалардың деңгейінің қаржылық нашарлауына халықтың басым көпшілігінің кедейшілік жағдайға жетіп, төлем қабілетінің құлдырауы тікелей әсер етуде. Осы орайда мемлекеттік қолдаудың бағыттары бойынша бірнеше нақты шараларды іске асыру қажет.

Бірінші шара-шағын кәсіпкерліктің мүдделерін қорғайтын салық реформасын жасау керек, атап айтқанда, біріншіден, экономиканың бұл секторына мемлекет тарапынан таза фискалдық көзқарасты өзгерту; екіншіден, тиімді инвестициялар тарту үшін салық жеңілдіктерін енгізу. Кәсіпкерлерді мемлекет қылмыстық құрылымдардан қорғауы тиіс. Сонымен қатар, кәсіпкерлер өздерінің қоғамдық ұйымдарын мемлекеттік, аймақтық, жергілікті деңгейлерде құрып, өз-өздерін кәсіби жүйе арқылы қорғай алатындай жағдай жасау керек. Мемлекет мұқтаж өнімдерді шығаруға шағын кәсіпкерлік нысандары үшін міндетті түрдегі кіші квота енгізу-тауар өткізу нарығындағы шағын кәсіпорындардың тұрақтылығын нығайта түседі. Сондай-ақ, импортқа квота енгізу де шағын фирмалардың «тынысын кеңейте түспек». Екінші шара-шағын кәсіпкерлікке қаржылық жәрдем беретін арнайы қаржылық қорларды құру. Бұл қорлардың шағын кәсіпорындардың қаржылық жағдайы мен «ірге тасына» қарай, тіпті, несие алуға кепілдік бере алатындығы анық. Үшінші шара-монополияға қарсы күрес, әділетті бәсекелестік орнату, тұтынушылар құқығын қорғау, осыларды іс-жүзінде жетілдіру үшін республика бойынша шағын кәсіпкерлікті қолдаудың жүйесін жасау[4, 7 б].

Шағын кәсіпкерлік пен бизнесті қолдау мен дамыту-Қазақстанның экономикалық саясатының стратегиялық міндеттерінің қатарынан саналады. Соңғы жылдардағы кәсіпкерлікті қолдау жөнінде қабылданған заңдар мен бағдарламалардың шоғыры орталық басқару органдарының бұл салаға шынайы назар аударғанын айғақтайды. Мемлекет басшысының «Қазақстан-2030» стратегиялық еңбегінде әлеуметтік-экономикалық дамудың басым бағыттары ретінде кәсіпкерлікті дамытуды қолдауды атап өткендігі жайдан-жай емес. Кәсіпкерлік пен бизнесті тиімді қолдау мен жеделдете дамыту міндетін орындау жекелеген тұлғаның, кәсіпорынның ғана емес, тұтас мемлекеттің экономикалық болашағын айқындайтын негізгі факторлардың бірі.

Шағын кәсіпкерліктің дамуы Республиканың барлық азаматтарына қатысы бар күрделі әрі көп қырлы іс. Оңтайлы қаржы институттарын құрмайынша шағын кәсіпкерлікті қолдау, оған дәнекер болу мүмкін емес, өмір көрсетіп тұрғандай кәсіпкерлікті қолдау және дамыту жөніндегі бұрынғы мемлекеттік қор қызметінің басты қателігі оның қаржысының шенеуліктік құрылым арқылы бөлінуінде еді.

Республика Президентінің «Шағын кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдау және оның дамуын жеделдету жөніндегі шаралар туралы» Жарғы материалдың өнім өндіруімен айналысатын кіші кәсіпкерлік субъектілеріне салық және кеден салымдарына байланысты жеңілдіктер беруді көздейді. Экологиялық тұрғыдан қолайсыз және бару қиын шалғай аудандарда өнім өндірумен айналысатын шағын кәсіпорындарға аумақтық жеңілдіктер жасау-олардан салық жинау, ауылдық жерлерде өнім өндірумен айналысатын және сол жерде жұмыс орнын құруды мақсат ететін шағын кәсіпорындарды салықтан мүлдем босату қарастырылған. Олай болса заңдық база оған қоса жеке және шағын кәсіпкерліктің дамуына мемлекет тарапынан көмектесу әсіресе өндіріс саласындағы шағын кәсіпорындардың ілгерілеуіне, өрге басуына, дамуына жол ашады.

Кәсіпкерліктің жылдам дамуы әсіресе шағын және орта кәсіпкерліктің кең етек алуы, ең алдымен нарықтық инфрақұрылым элементтерін дамыту мен құру, шаруашылық субъектілеріне жан-жақты қызмет көрсету түрлерін көбейту, олармен өндірілген өнімді сату, өткізу процесін мейлінше жеңілдету, шикізатқа қол жеткізу мүмкіндігін арттыру, кәсіпорындардың сенімділігін арттырып, әрекет етудің тиімділігін көтермелеу арқылы жүзеге асады. Нарықтық инфрақұрылымның пассивті ролі шағын және орта кәсіпкерліктің дамуын тежейтін фактор болып табылады. Оның арқасында шағын бизнес үлкен өндірістік шығындарға батып, бәсекелестікті төмендетеді. Осы нарықтық инфрақұрылымның төмен деңгейде ұйымдастырылуы шағын кәсіпорындардың ірі кәсіпорындармен бәсекелесу позициясына кері әсерін тигізеді.
Республикадағы дағдарыс шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерінінің мемлекеттік тіркеуден өте салысымен-ақ жұмысының тоқтап қалуы, тіпті жабылуына да әсер етті. Ғылыми-техникалық прогрестің жетістіктерін орындауды қамтитын бизнестің ел үшін маңызды сферасының тоқтап қалуына да әкеледі. Осы ретте халықтың табысы болмаса, тұтыну құрылымы да әлсірейді, бар тапқан табыс тек бірінші кезектегі қажеттіліктерді қанағаттандыруға жұмсалады.

Шағын және орта кәсіпкерліктің дамуын тежейтін себептер ішінде, өндірістік қуат потенциалы аумақтар бойынша әркелкі орналасу факторы бар, оның ішінде жалпы шикізат өндіру сапасының басым көпшілігі нарықтық экономикалық қатынастар формасына бейімделген. Экология, кедейшілік басым аумақтардың болуы, жұмыс күшінің, яғни кадрлардың кәсіпқойлық дәрежесінің бүгінгі күнге сай болмауы, әрине жалпы экономикалық қатынастарының тежелуіне бірден-бір себепкер.

Шағын және орта кәсіпкерліктің даму мәселесін қозғағанда, мемлекет тарапынан тек заңдар мен нормативтік актілерді шығарып қана жағдайларды қолға алу керек. Республиканың азаматтарының жеке меншіктік құқық механизмі жеткілікті жасалмаған және олардың нарықтық қатынастар жүйесінде өз орындарын анықтау бостандығы мен оны өз бетімен шешу құқықтары жасалмағандығын айта кеткен жөн.

Нарықтық экономиканың ең негізгі талаптарының бірі-шағын бизнесті қолдау арқылы азаматтардың мемлекеттен тәуелсіз болып, өз күндерін өздері өндірісті, өздері көркейтіп, одан табыс алу, барлық экономикасындағы кеткен өркениетті елдер экономикасының концепциясы болып табылады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

Мейірбеков Б.К. Шағын кәсіпкерлік пен қолдау жолдары мен дамыту әдістері.-Алматы, 2014. –Б.24

1. Аязбеков Д. Президент шағын және орта кәсіпкерлікті қолдайды //Ақиқат, №2, 2009, - Б.15-20
2. Хамитов А.Ш «Кәсіпкерлік қызметті ұйымдастыру», www.group-global.org сайты
3. Райхан Н. ҚР өңірлік даму министрлігінің 2013-2017 жылдарға арналған стратегиялық жоспары туралы //Ақиқат, №2, 1999, - Б.15-19

ҚАЛЫПСЫЗ ВИБРОҚАЛЫПТАУ ТЕХНОЛОГИЯСЫМЕН ТЕМІРБЕТОНДЫ БҰЙЫМДАРДЫ ӨНДІРУ КЕЗІНДЕ БЕТОННЫҢ ҚҰРАМЫН БАСҚАРУҒА МҮМКІНДІК БЕРЕТІН ФАКТОРЛАР

Кадирбаева Гульжан Абдиманаповна
Арнайы пән оқытушысы, Кентау көпсалалы колледжі
(Кентау қ., Қазақстан)

Аннотация

Мақалада бетон құрамын таңдауды басқаруға С/Ц қатынасының, судың мөлшері мен қиыршық тастың фракциялық құрамының әсері туралы эксперименттік зерттеулердің деректері келтірілген. С/Ц коэффициентінің өзгеруі бетонның құрамын тиімді басқаруға мүмкіндік бермейтіні анықталды, бетон қоспасының құрамын тиімді таңдау тек судың мөлшері өзгерген кезде ғана мүмкін болады.

Түйінді сөздер: *қалыпсыз виброқалыптау, бетон құрамын таңдау, қатаю суы.*

FACTORS THAT MAKE IT POSSIBLE TO CONTROL THE COMPOSITION OF CONCRETE DURING THE PRODUCTION OF REINFORCED CONCRETE PRODUCTS WITH NON-FORMWORK VIBROFORMING TECHNOLOGY

Kadirbaeva Gulzhan Abdimanapovna
Teacher of special disciplines, Kentau multidisciplinary college
(Kentau, Kazakhstan)

Abstract

The article presents experimental data on the influence of the V / C ratio, the amount of mixing water and the fractional composition of rubble on the management of the selection of concrete composition. It has been determined that the change in the W / C ratio does not allow for the effective control of concrete compositions, an effective selection of the composition of the concrete mix is possible only by changing the amount of mixing water.

Keywords: *formless vibration molding, selection of concrete composition, mixing water.*

Шымкент қаласын әлеуметтік-экономикалық дамытудың 2022 жылдарға арналған Концепциясында 3387 мың шаршы метр тұрғын үй құру жоспарланған. Бұл өз кезегінде құрылыс индустриясының алдына спалы және техника-экономикалық жағынан тиімді құрылыс бұйымдары мен материалдарын өндіру міндетін қояды [1].

Соңғы кездерде АҚШ, Канада, Англия, Италия, Франция, Қытай сияқты мемлкеттерде бетон және металдың шығыны мен құрылысқа кететін уақытты төмендетуге мүмкіндік беретін құралмалы-қаңқалы үй құрылысы қарқынды дамуда [2]. Бірақ та құрылыс индустриясы кәсіпорындарының технологиялық жағынан артта қалуы Қазақстанда бұл технологияны кеңінен қолдануға кедергі болуда, ал қалада бой көтеріп жатқан монолитті көп қабатты үйлер құрылыстың құнын төмендетуге және соған сәйкес азаматтарды қол жетімді баспанамен қамтамасыз ету проблемасын шешуге мүмкіндік бермейді.

Еліміздегі құрылыс бұйымдары мен конструкцияларын өндіретін кәсіпорындардың негізгі бөлігі жоғары материалдық (бұйымның әр түрі үшін арнайы қалыптардың болуын) және энергетикалық (бұйымдарды жылуылғалды өңдеуді) шығындарды қажет ететін ескі технологиямен жұмыс жасайды. Темірбетон бұйымдары мен конструкцияларын өндірудің дәстүрлі технологиясынан (конвейерлі, агрегатты-ағынды, кассеталы) өзгеше, заманауи, үздіксіз, ұзын стендтерде қалыпсыз қалыптау технологиясы құрылыс бұйымдарының өзіндік

құнын төмендетуге, айналымдағы металл қалыптарын қолданудан бас тартуға және цемент пен металдың шығынын төмендетіп, жылуылғалды өңдеуден бас тартуға мүмкіндік береді.

Қалыпсыз қалыптау технологиясы Кеңес Одағы кезінде әзірленіп, алғашқы атауы «комбайн-төсеніш технологиясы» болатын. Қалыпсыз қалыптау тәсілінің технологиялық процесі: алдын-ала кернелген жоғары берікті сыммен немесе канаттармен арматуралау, бұйымды жылытылатын еденде (60◦С шамасында) қалыптау және қалыптанған бұйымдарды қажетті өлшемде кесу операцияларынан тұрады.



1 сурет – Қалыпсыз виброқалыптау технологиясы

Біздің елімізде үздіксіз қалыпсыз қалыптау технологиясының виброқалыптау, экструзия және тығыздау тәсілдері қолданылады. Соның ішінде виброқалыптау тәсілі кеңінен таралған.

Виброқалыптау тәсілі биіктігі 500мм дейінгі кез келген бұйымды дайындауға оңтайлы. Қалыптау машинасы бетон араласпасын тығыздауға арналған вибратормен жабдықталған. Бұл тәсіл қуысты жабын плиталарын, ригель, бағаналар, қадалар, маңдайшалар сияқты түрлі номенклатурадағы бұйымдарды өндіруге мүмкіндік береді. Виброқалыптау тәсілі шикізат сапасына тәуелсіз қажетті сападағы бұйымдар мен конструкцияларды өндіріп, бұйымның өзіндік құнын төмендетуге және жалпы тұрғын үйдің қолжетімділігі мәселесін шешуге мүмкіндік береді.

Қалыпсыз виброқалыптау технологиясының өндірістік циклі келесі операциялардан тұрады: қалыптау жолағын тазалау және майлау, арматураны орналастыру, арматураны тарту, бетон араласпасын дайындау, бұйымды қалыптау, жылумен өңдеу, арматураның кернеуін шешу, берілген ұзындыққа бұйымдарды кесу, дайын бұйымдарды цехтан шығару.

Дәстүрлі агрегатты-ағынды тәсілмен салыстырғанда қалыпсыз виброқалыптау технологиясы беріктігі жоғары бетон алу мүмкіндігімен, темірбетон бұйымдары габариттік өлшемдерінің жоғары дәлдігімен, ұзындығы бойынша кез келген өлшемдегі бұйымдарды өндіру, бұйымдарды қиғаш ұшты (бұйымды кез келген бұрышынан кесу мүмкіндігі) жасауға, вентеляциялық және санитарлы-техникалық блоктарға арналған ойықты жабын плиталарын шығару, сонымен қатар бұйымды қалыптау кезінде стандартты өлшемде және қажетті орнында ою, берілген өлшемдерді қатаң сақтауды қамтамасыз ету мүмкіндігімен ерекшеленеді [3].

Өндіріс жағдайында қалыпсыз виброқалыптау технологиясымен сапалы құрылыс бұйымын алу бетонның құрамын оңтайландыруға тікелей тәуелді. Біз бетон құрамын таңдауда инертті материал ретінде: қиыр тастың екі түрі, орташа құм және еленген ұсақталған қиыр тасты қолдандық. Бетон араласпасының оңтайлы икемділігін қалыптастыру кезінде екі параметр: құм мен қиыр тастың арақатынасы және су мөлшері өзгерді. Көп

жағдайларда су-цемент қатынасын (С/Ц) бетон араласпасының құрамын басқару критериі ретінде қоладанатыны белгілі. Зерттеулер С/Ц қатынасын реттеу бетон құрамын тиімді басқару мүмкіндігін бере бермейтіндігін көрсетті. 1 кестеде бетон құрамы, С/Ц қатынасы және бетон араласпасының конустық шөгуі (КШ) арасындағы тәуелділік көрсетілген.

1 ксете – Бетон құрамы, С/Ц қатынасы және КШ арасындағы тәуелділік

/с	1м^3 бетонның құрамы				Қата ю суы	КШ, см	С/Ц	Араласпаның жалпы массасы
	Қиыр тас	Елеңген толтырғыш	Құм	Цемент				
	804	1007		454	125	1,0	0,275	2410
	1097	739		449	125	2,0	0,278	2430
	898	518	514	452	130	2,0	0,289	2502
	697	580	558	451	125	2,5	0,277	2431
	750	654	552	450	130	3,0	0,289	2556
	855	1008		445	130	3,5	0,29	2461
	649	1415		455	130	4,0	0,286	2679
	957	413		450	135	4,5	0,3	2555

Кесетеден бетон араласпасының жалпы массасы мен С/Ц қатынасының ауытқуы мардымсыз екендігі және бұл ауытқулар бетон аралспасын мөлшерлеу кезінде кететін қателіктер аумағында жатқаны көрінеді.

С/Ц қатынасының мәні қатаю суының мөлшері мен КШ шамасының өзгерісіне бірдей жауап беретіндігі анықталды, сондықтан өндіріс жағдайында С/Ц қатынасы сезімталдығының төмен болуына байланысты, оны бетон құрамын таңдау критериі ретінде қолдануға болмайтындығын көрсетеді. Ал керісінше қатаю суы мөлшерінің өзгерісі мен бетон араласпасының КШ арасындағы тәуелділік жоғары. Қатаю суының мөлшерін 125-тен 135л дейін арттыру КШ 1,0-ден 4,5 см дейн, яғни қатаю суының әрбір литрі КШ 0,35 см арттырады.

Бетон құрамын оңтайландыру ірі толтырғыш фракцияларын дұрыс таңдауға тікелей тәуелді. 2 кестеде қалыпсыз виброқалыптау тәсілімен құрылыс бұйымдарын өндіруге қажетті қиыр тастың оңтайлы түйіршіктік құрамы көрсетілген.

2 кесте – Қиыр тастың оңтайлы түйіршіктік құрамы

Қиыр тастың ең жоғары ірілігі, мм	Фракциялардың үлесі,%	
	5-10мм	10-20мм
20	25-40	60-75

Қалыпсыз виброқалыптау технологиясында ірі және орташа (1,25...5,0мм) құмдарды қолданған тиімді.

Қорыта айтқанда қалыпсыз виброқалыптау технолгиясымен темірбетонды бұйымдарды өндіру кезінде бетон құрамын таңдау тиімділігі негізінен қатаю суының мөлшеріне тәуелді екендігі анықталды. Түрлі темірбетон бұйымдарын өндіру кезіндегі КШ көрсеткішінің оңтайлы мәні түрліше (1,0...3,0мм) болуы да мүмкін, бірақ КШ көрсеткішінің түрлі мәні үшін, бетон араласпасын араластыру уақытын да түрліше таңдау қажет.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Шымкент қаласын әлеуметтік-экономикалық дамытудың 2022 жылдарға арналған Концепциясы

2. Усачев С.М., Перцев В.Т., Черноусенко Г.И. Совершенствование технологии вибропрессованных бетонов // Строительные материалы, оборудование, технологии XXI века.-2007.-№ 2.-С.80-81.

3. Уткин В.Л. Безопалубочное формование плит пустотного настила и других преднапряженных железобетонных изделий // Строительная газета.-2003.-№ 42.-С.12.

ШЫМКЕНТ ҚАЛАСЫНДАҒЫ МАҢЫЗДЫ ҚОҒАМДЫҚ ОРЫНДАРҒА "АҚЫЛДЫ АЯЛДАМАЛАРДЫ" ЕНГІЗУ

Орындаған.Жол – көлік колледжінің арнайы пән оқытушылары
Тұрлыбек Айжан Айнабекқызы
Елемесова Ақмаржан Нұрланқызы
(Қазақстан, Шымкент каласы)

Аннотация

Бұл мақаланың өзектілігіШымкент қаласындағы маңызды орындарға соның ішінде қала халқының көптеп шоғырланған орындарға «ақылды аялдамаларды» енгізу бірден бір маңызды шешім болып табылатындығы және қоғамдық көліктің жұмысын жақсарту болып келеді. Мәселен, қоғамдық көлікті жан-жақты модернизациялау, жолаушыларды тасымалдау қызметін жақсарту, қауіпсіздікті қамтамасыз ету, көліктің ұтқырлығын құру бойынша осы жыл ішінде қолданыстағы маршруттар желісі жаңартылып, жолаушылар көлігін дамытудың кешенді схемасы әзірленді.

Түйінді сөздер: автокөлік, автобус аялдамасы, жолаушы, жүк,жол

«IN IMPORTANT PUBLIC PLACES OF SHYMKENT CITY INTRODUCINGSMART STOPS»

Performed by.teachers-specialists of the Road Transport College
TurlybekAizhanAinabekovna
ElemesovaAkmarzhanNurlankyzy
(Kazakhstan, Shymkent city)

Abstract

The relevance of this article lies in the fact that the introduction of "smart stops" in important places in Shymkent, including in places with a large concentration of the city's population, is an important decision and improvement of public transport. For example, in order to comprehensively modernize public transport, improve passenger service, ensure security and create transport mobility, the existing route network was updated this year, and a comprehensive scheme for the development of passenger transport was developed.

Key words:*car, bus stop, passenger, cargo,road*

Қазіргі жағдайда жолаушылар көлігі ел экономикасын дамытуда және жетілдіруде үлкен рөл атқарады. Жолаушыларды, олардың қол жүгі мен багажын тасымалдаудың сенімділігіне, тиімділігіне, қауіпсіздігіне және жайлылығына көбінесе адамдардың көңіл-күйі, олардың жұмысқа қабілеттілігі, әлеуметтік дамуы және жалпы азаматтардың денсаулығы тәуелді болады. Ыңғайлы көлікті пайдалану кезінде жолаушы аз шаршайды, демек ол көп жұмыс жасай алады. Көлік құралдарының тиімділігі мен жылдамдығын арттыру кезінде жолаушылардың өмір сүруге, демалуға және дамуға жұмсайтын уақыты үнемделеді. Көптеген адамдар күн сайын көлік қозғалысына көп уақыт жұмсайды. Біріншіден, бұл ресейліктердің шамамен 70% - ы тұратын қалалардың тұрғындарына, сондай-ақ қала маңындағы аймақтардың тұрғындарына қатысты. Сондай-ақ, тасымалдау процесі жақсарған кезде суық тию ауруының ықтималдығы төмендейді, оны жылдың суық мезгілінде аялдама пунктінде тұрып немесе адамдар көп жиналатын көлік құралында болуға болады. Сондықтан жолаушылар тасымалын ұйымдастыру кезінде халыққа Көліктік қызмет көрсетудің тиісті сапасын қамтамасыз етуге ерекше назар аудару қажет.

Қалаішілік қатынаста (қаланың немесе елді мекеннің әкімшілік шекаралары шегінде) және қала маңындағы қатынаста (көп жағдайда қала шекарасынан 50 км-ге дейін алып тастау) тасымалдардың негізгі бөлігін автомобиль көлігі орындайды. Автомобильдік жолаушы көлігі еліміздің бірыңғай көлік жүйесінің құрамдас бөлігі болып табылады. Көлік жүйесі деп, технологиялық, техникалық, ақпараттық, құқықтық және экономикалық қатынастар жүйесімен біріккен қатынас жолдарының, тасымалдау құралдарының, техникалық құрылымдар мен механизмдердің, басқару және байланыс құралдарының, көліктің барлық түрін үйлестіруді айтады. Қалалық көліктің жолаушылар тасымалдауда алатын орны ерекше. Көліктің әрбір түрі орналасуы, техникалық жарақталуы, тасымалдау мүмкіндігі, жылжымалы құрамның әртүрлілігі бойынша тек өзіне ғана тән болған, ерекшелікке ие.Көліктің қайсы түрін пайдаланудың тиімділігін объективті бағалау үшін түрлі региондарда немесе бағыттарда қалыптасқан тасымалдаудың нақты шарттары тұрғысынан қараған дұрыс. Жылжымалы құрамның түріне қарай автомобильмен жолушыларды тасымалдау: автобуспен және жеңіл автомобильмен тасымалдау болып бөлінеді.

Жылжымалы құрамның кімге тиісті екендігіне қарай: жалпы пайдаланылатын (көлік министрлігіне тиісті) көлікпен тасымалдау, ведомствалық (басқа министрлікке, ведомстволарға, кәсіпорындарға тиісті) автомобильдерментасымалдау, жеке меншіктегі жеңіл автомобильдермен тасымалдау және жалға алынған жеңіл автомобильдермен тасымалдау болып бөлінеді.

- Қатынас түрі бойынша: қалалық, қала маңындағы, жергілікті (ауылдық және ауданаралық), қалааралық және халықаралық тасымалдау болып бөлінеді.
- Тағайындалуы бойынша: саяхаттық, туристік, қызметтік, мектептік, вахталық және арнайы тасымалдау болып бөлінеді.
- Ұйымдастыру түрі бойынша: желілік, тапсырыстық және аралас тасымалдау болып бөлінеді.

Автобус (<u>француздың</u> autos – өзі және <u>латынша</u> (omni)bus, яғни баршаға арналған деген сөзінен шыққан) — жүргізушімен қоса есептегенде 9 және одан да көп адамды алып жүруге арналған, қорабы вагон түріндегі <u>автомобиль</u>. Алғашқы автобус 20 ғасырдың басында пайда болды.Автобус қалалық, қала маңы, қалааралық, жергілікті, т.б. болып бөлінеді. Автобус сыйымдылығы мен ауқымына (негізінен ұзындығына) қарап: ең кіші (5 м), кіші (7,5 м), орта (8,5 м және 9,5 м), үлкен (11 м), өте үлкен (12 м) және жалғастырылмалы (16,5 м) автобус болып ажыратылады. Ұзындығы 7,5 м қалалық автобусқа 35 – 40, ал ұзындығы 12 м автобусқа 110 – 120 адам, сондай-ақ жалғастырылмалы автобусқа 160 адам сияды. Ең жоғары жылдамдық қалалық автобус үшін сағатына 70 км, қала маңы және жергілікті автобус үшін сағатына 80 км, қалааралық автобус үшін сағатына 100 км болып белгіленген. Кейбір елдерде 1,5 және 2 қабатты автобустар пайдаланылады.

Аялдама деп —демалыс, тамақтану, материалдық бөліктердің жағдайын тексеру, ақаулықтарды жою, <u>машиналарды</u> <u>техникалық қамтамасыз ету</u> үшін аялдауы. Аялдаманың ұзақтығы мен олардың аралықтары нақты қалыптасқан жағдайға қарай анықталады. Әдетте, аялдама 3-4 сағат жүрістен кейін 1 сағат, ал тәуліктің екінші жартысында 2 сағат ұзақтыққа дейін белгіленеді. Аялдама үшін жаппай жою қаруынан қорғануға, әскерлерді бүркемелеуге қолайлы жағдайлары және су қорларының жеткілікті мөлшерлері бар аудандар, ал таулы жерлердегі жорық кезінде тастардың құлауы мен опырылуынан қауіпсіз жерлер таңдап алынады.

ШЫМКЕНТ ҚАЛАСЫНДАҒЫ МАҢЫЗДЫ ҚОҒАМДЫҚ ОРЫНДАРҒА "АҚЫЛДЫ АЯЛДАМАЛАРДЫ" ЕНГІЗУ

Ақылды аялдама- қоғамдық көлікті: автобустарды, троллейбустарды, трамвайларды, жолаушыларды қауіпсіз отырғызу мен түсіруді ыңғайлы күту үшін қосымша функциялармен

жабдықталған интерактивті аялдама. Қалалардың дамуымен және қала халқының санының өсуімен, демек, қоғамдық және жеке көлік санының көбеюімен автомобиль трафигін орталықтандырылған басқару, жол карталарын құру мәселесі туындайды. Бұл мәселені шешудің құрамдас бөліктерінің бірі-қала көшелерінде ақылды аялдамаларды пайдалану. Ақылды аялдамалар интеллектуалды ақпараттық жүйемен жабдықталған, ол маршруттық көлік құралдарының жүру кестесі, күту уақыты, жол жүру құны және т. б. туралы деректерді

Ақылды аялдамаларды іске қосу жақында 2015-2016 жылдары басталды. Көлік құралының қазіргі орналасқан жері туралы ақпарат беру үшін сервер арқылы ақылды аялдамалар GPS/ГЛОНАСС модульдерімен жабдықталған көліктермен байланысты. Пайдаланушылар арнайы сенсорлық тақталарда қоғамдық көлік бағыттарын көре алады. Ақылды аялдаманың ең көп қолданылатын нұсқаларының бірі-мобильді құрылғыны зарядтау мүмкіндігі: аялдамаларда осы мақсат үшін бірқатар USB коннекторлары бар. Сонымен қатар, мұндай аялдамалар Wi-Fi кіру нүктелері болып табылады (көбінесе 100 Мбит/с). Ауа-райының қолайсыздығы үшін (әсіресе төмен температура) көптеген ақылды аялдамаларда инфрақызыл жылытқыштары бар жылы орындықтармен жабдықталған. Қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін ақылды аялдамалар бейнебақылау жүйелерімен және полиция/жедел жәрдем/өрт сөндірушілерді шақыруға арналған дабыл батырмасымен жабдықталған. Мүмкіндігі шектеулі адамдар үшін, мысалы, нашар көретін немесе нашар еститін адамдар үшін ақылды аялдама автобус/троллейбус/трамвай аялдамасына келген нөмірді дыбыстау үшін динамиктермен жабдықталуы мүмкін.

Шымкент қаласында қоғамдық көлік саласы – әлеуметтік маңызы бар мәселе болып табылады. Тұжырымдаманың қабылдануы, салаға түбегейлі өзгеріс енгізу – бірден қабылданған шешім емес.Ал қоғамдық көлік жүйесіндегі концепцияның мақсаты – жаңа жүйе қалыптастыру. Мұның негізінде автобустарды мобильді қосымша арқылы бақылауға болады, жол ақысын электронды төлеуге мүмкіндік туады, жаңа бағыттар ашылады, цифрлық және интеллектуалдық жүйе енгізіледі.Қоғамдық көліктің жұмысын жақсарту бір бағыттан тұрмайтындықтан қазіргі таңда саланы жан-жақты дамыту жұмыстары қатарынан әрі кезең-кезеңімен жүруде. Мәселен, қоғамдық көлікті жан-жақты модернизациялау, жолаушыларды тасымалдау қызметін жақсарту, қауіпсіздікті қамтамасыз ету, көліктің ұтқырлығын құру бойынша осы жыл ішінде қолданыстағы маршруттар желісі жаңартылып, жолаушылар көлігін дамытудың кешенді схемасы әзірленді. Шымкент қаласындағы маңызды орындарға соның ішінде қала халқының көптеп шоғырланған орындарға «ақылды аялдамаларды» енгізу бірден бір маңызды шешім болып табылатыны сөзсіз. Мысалы:

- Бекжан аялдамасына;
- Темір жол вокзалы аялдамасына;
- Колос аялдамасына;
- Жоғары базар аялдамасына;
- Алаш базары аялдамасына орнату болып табылады.

ITLINE ақылды аялдамалары

Бүгін қоғамдық көлікті күту оңайырақ болды-желіде жолаушыларға автобустың, троллейбустың немесе трамвайдың уақтылы келуі туралы хабарлайтын ақпараттық жүйе бар. Автопарктің әрбір иесі ақылды аялдама сатып ала алады, мұндай жабдыққа электрондық табло, ақпаратты дыбыспен қайталау модулі, құтқару қызметінің диспетчерімен байланысу үшін дабыл түймесі және бейнебақылау жүйесі кіреді. Экранда маршрут нөмірлері, бағыты, күту және келу уақыты көрсетіледі. Мұндай аялдамалар барлық қалаларда бар-олар жолаушыларға көлік ағынын басқаруға көмектеседі. Жарықдиодты мониторлардан алынған сурет алыс қашықтықтан, тәуліктің қараңғы уақытында және қолайсыз ауа райында оқылады, ал дыбыстық файлдармен қайталау нашар көретін жолаушылар үшін ыңғайлы. ITLINE жабдығы көлікте орнатылған GPS-қабылдағыштардан деректерді қабылдайтын

навигация жүйесімен синхронды жұмыс істейді. Маршрутта әрбір машинаның келу уақытын автоматты есептеу жүргізіледі, ақпарат нақты уақыт режимінде электрондық таблоға шығарылады. Деректер үнемі жаңартылып отырады, мониторларда жолдардағы кептеліс тер, авариялар немесе ЖКО кезіндегі кідірістер туралы қосымша ақпарат көрсетілуі мүмкін.

Желіде ақылды аялдамалардың болуы-бұл бағыттың заманауи жабдықталуы:

* жолаушылар көліктің нақты келу уақытын біледі, бұл түнде, таңертең немесе кешке өте ыңғайлы;

* экрандарда желідегі барлық бағыттардың тізімі көрсетіледі, бұл ақпарат қалада алғаш рет қаланың бейтаныс бөлігінде болған туристерге немесе адамдарға бағдарлауға көмектеседі;

* Төтенше жағдайлар үшін дабыл түймесі қарастырылған, жолаушылар диспетчермен тәуліктің кез келген уақытында байланыса алады;

* бейнебақылау болған жағдайда, егер аялдамада 5-10-нан астам адам жиналса, желіге қосымша көлік шығарылады;

* егер көлік кешіктірілсе, сіз дереу таксиге қоңырау шалып, автобусты, троллейбусты немесе трамвайды күтуге уақыт жұмсамайсыз.

Аялдамалардағы электрондық таблолардан басқа, құлақтандыру жүйесі қоғамдық көлікте орнатылады – бұл салондық мониторлар мен дауыс зорайтқыштар. Аялдамалар мен автобустардағы барлық аппаратура синхронды жұмыс істейді және жолда жолаушыларды сүйемелдейді.



Аялдаманың телематикалық құралдармен жабдықталуы:

✓ ақпараттық электрондық табло-маршруттардың нөмірлері мен күту уақытын көрсетеді;

✓ ОП жанында тоқтайтын қалалық көлік. Табло бірыңғайқаланың навигациясының ақпараттық жүйесіне қосылған;

✓ қалалық форматтағы жарық қорабы тәуліктің қараңғы уақытында(1.2х1. 8) ішкі жарықтандырумен жабдықталған;

✓ Wi-Fi маршрутизаторы-күтіп отырған жолаушыларға дүниежүзілік желіге қосылуға мүмкіндік береді;

✓ Интернет арнайы жоғары жылдамдықты интернет арнасы үлкен арнаға қосылуға мүмкіндік береді. Сондай-ақ "SMART ОП" ішкі гаджеттері үшін қолданылады: камералар, табло, терминал және т. б.

✓ бейнебақылау камералары (2 дана) - аялдама павильонының периметрі бойынша

✓ бейнебақылау жүйесі орнатылған

✓ USB-зарядтау (4 қосылатын құрылғыға дейін) - күткен жолаушыларға қосылуға мүмкіндік береді;

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. КлинковштейнГ.И. Жол қозғалысын ұйымдастыру. М. "Көлік", 1975

2. Самойлов Д.С., Юдин В. А. Қалалық қозғалысты ұйымдастыру және қауіпсіздік. М. "Жоғары мектеп", 1922.

3. Гуревич П. В., РушевскийП. В Көшелер мен жолдардағы трафикті басқару. М. "Көлік", 1978.

4. Кременец Ю. А., Печерский М. П. Жол қозғалысын реттеудегі инженерлік есептеулер. М, 1977.

Кременец Ю. А. "Қысқаша автомобиль анықтамалығы". Басылым. "Көлік".

"13-01-05" прейскуранты. Алматы қ. 1989 ж.

7. Салов А.И. "Автомобиль көлігіндегі еңбекті қорғау". Басылым. "Көлік".

8. "Қарағанды облысы және Қарағанды қаласы бойынша автомобиль жолдары"анықтамалығы. Қарағанды қ. 1987 ж.

9. Анисимов А.П. "Экономика, АТ ұйымдастыру және жоспарлау" М. Көлік, 1986 ж.

10. ГрузиновВ.П. "Кәсіпорын экономикасы". М, 1999 ж.

11. ҚР Салық және салық жүйесі. Алматы, 2001 ж.

12. ҚР-да Бірыңғай тарифтік торды қолдану жөніндегі Ереже Алматы, 1996 ж.

13. ҚР Көлік және коммуникация министрлігінің 2001.07.20 № 226-1 қаулысы. "Автокөлік және арнайы техника үшін отын-жағармай және пайдалану материалдарының шығынын нормалау жөніндегі ереже". "Бухгалтер бюллетені" журналы; № 5. Алматы, 2002 ж.

14. Негізгі құралдарды толық қалпына келтіруге арналған амортизациялық аударымдардың нормалары. Алматы, 2001 ж.

15. Автомобильдердің ТР және ТР нормалары, Алматы, 1993 ж.

16. Ресей, ТМД, Балтық, Еуропа автомобиль жолдарының атласы. Картография: Астрель: АСТ, 2005 ж. 253 б. Мәскеу.

АРНАЙЫ ПӘНДЕРДЕ ЭЛЕКТРОНДЫ ОҚУ ҚҰРАЛДАРЫН ПАЙДАЛАНУ ТИІМДІЛІГІ.

Умбетова Нургуль Сериккалиевна
Арнайы экономикалық пәндер оқытушысы. Жоғары аграрлық-техникалық колледжі
(Батыс Қазақстан облысы, Орал қаласы)

Аннотация

Оқытушының негізгі ұстанған мақсаты - білімнің жаңа үлгісін жасап, белгілі бір көлемдегі білім мен білік дағдыларын меңгерту, оқу материалын қаншалықты деңгейде меңгергенін бақылаудың, оқу мен тәрбие үрдісін ұйымдастырудың сан түрлі жаңа әдіс-тәсілдерін іздестіру, жаңа технологияларды сабақта тиімді пайдалана білу. Соңғы жылдары ақпараттық-коммуникациялық заман ағымына сай күнделікті сабаққа компьютер, электрондық оқулық, интерактивті тақта қолдану айтарлықтай нәтиже беруде.

Білім берудің кез келген саласында «Электронды оқу құралдарын» пайдалану оқушылардың танымдық белсенділіктерін арттырып қана қоймай, логикалық ойлау жүйесін қалыптастыруға, шығармашылықпен жұмыс жасауына жағдай жасайды. Тек оқытушының айтқандарын немесе оқулықты пайдалану қазіргі заман талабын қанағаттандырмайды. Сондықтан қазіргі ақпараттандыру қоғамында электрондық оқулықтарды пайдаланбай алға жылжу мүмкін емес.

Білім берудің саласында "Электронды оқу құралдарын" пайдалану оқушылардың, танымдық белсенділігін арттырып кана қоймай, логикалық ойлау жүйесін қалыптастыруға шығармашылыкпен еңбек етуіне жағдай жасайды. Компьютерлік оқу құралы жалпы оқу жүйесіне қойылатын талаптарға сәйкес жасалады.

Түйінді сөздер: *электронды оқу құралдары, білім беру, жаңа технология.*

EFFECTIVENESS OF USING ELECTRONIC LEARNING TOOLS IN SPECIAL SUBJECTS.

Umbetova Nurgul Serikkalievna
Teacher of special economic subjects. Higher Agrarian Technical College
(West Kazakhstan region, Ural city)

Abstract

The main goal of the teacher is to create a new model of education, to master a certain amount of knowledge and skills, to monitor the level of mastery of the educational material, to search for various new methods of organizing the learning and educational process, to be able to effectively use new technologies in the classroom. In recent years, the use of computers, electronic textbooks, and interactive whiteboards in daily lessons in accordance with the trends of the information and communication age has given significant results.

The use of "Electronic educational tools" in any field of education not only increases the cognitive activity of students, but also creates conditions for the formation of a logical thinking system and creative work. Using only what the teacher says or the textbook does not meet the modern requirements. Therefore, in today's information society, it is impossible to move forward without using electronic textbooks.

In the field of education, the use of "Electronic learning tools" not only increases the cognitive activity of students, but also creates conditions for creative work on the formation of a

logical thinking system. The computer educational tool is created in accordance with the requirements for the general educational system.

Key words: *e-learning tools, education, new technology.*

Қазақстан Республикасының үздіксіз білім беру жүйесі саясатының басты мақсаттарының бірі жан жақты, жоғары білімді, қабілетті жеке тұлғаны тәрбиелеу. «Білім туралы» заңда білім беру жүйесінің басты міндеті «Ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтар, ғылым мен тәжірибе жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыруға, дамытуға және кәсіби шыңдауға бағытталған білім алу үшін жағдайлар жасау» делінген.

Білім берудің кез келген саласында электронды оқу құралдарын пайдалану студенттердің танымдық белсенділіктерін арттырып қана қоймай, логикалық ойлау жүйесін қалыптастыруға шығармашылықпен еңбекетуіне жағдай жасайды. Студент өзін қоршаған ортаны барлық сезім мүшелері арқылы танып біледі, алайда олардың қабылдауы әртүрлі. Ақпараттарды қабылдаудың негізгі арналары: есту, көру және сезу болып табылады. Өзін қоршаған ортадан қабылдайтын мәліметтердің 90 пайызын көру жүйесі арқылы, 9 пайызын есту жүйесі арқылы, тек 1 пайызын сезім мүшелерінің көмегімен қабылдайды. Көру жүйесі – есте сатаудың түрлері ішінде жетік, үздік дамығаны.

Қазіргі кезде жас ұрпақ тәрбиесі, оның жеке тұлғасының жаңаша қалыптасуы, әлеуметтік дүниеге көзқарасы, жалпы болмысы, ең алдымен оқытушыға байланысты. Қазіргі заман мұғалімінен өз пәнінің терең білгір болуымен қатар, тарихи танымдық, педагогикалық-психологиялық, саяси экономикалық, білімділік және ақпараттық сауаттылық талап етілуде. Ол заман талабына сай білім беруде жаңалыққа жаны құмар, шығармашылықпен жұмыс істеп, оқу – тәрбие ісіне еніп, оқытудың жаңа технологиясын шебер меңгерген жан болғанда ғана, білігі мен білімі жоғары жетекші тұлға ретінде ұлағатты саналады.

Қазақстан Республикасының білім беру жүйесін ақпараттандыру еліміздің даму стратегиясының негізгі бағыттарының бірі, себебі «XXI ғасыр — білім беру жүйесін ақпараттандыру ғасыры».

Қазіргі кезде ақпараттық-коммуникациялық технологияны дамыту білім берудің бір бөлігі. Сонымен қатар, білім беру саласын, оқытудың әр түрлі техникалық құралдарын пайдаланусыз елестету мүмкін емес. Сондықтан, уақыт талабына сай білім мазмұнын жаңарту – бүгінгі күннің басты міндеті.

Қазіргі жағдайда еліміздің білім беру жүйелерінде XXI ғасыр жастарына білім беру мен тәрбиелеу бағытында сан алуан жұмыстар жүргізілуде. Сол себепті, студенттерге білім беруде жаңа оқыту технологияларын қолдану, инновациялық бағытта жұмыс жасау заман талабына сай талап етілуде. Ал, оқытушының негізгі ұстанған мақсаты - білімнің жаңа үлгісін жасап, белгілі бір көлемдегі білім мен білік дағдыларын меңгерту, оқу материалын қаншалықты деңгейде меңгергенін бақылаудың, оқу мен тәрбие үрдісін ұйымдастырудың сан түрлі жаңа әдіс-тәсілдерін іздестіру, жаңа технологияларды сабақта тиімді пайдалана білу. Соңғы жылдары ақпараттық-коммуникациялық заман ағымына сай күнделікті сабаққа компьютер, электрондық оқулық, интерактивті тақта қолдану айтарлықтай нәтиже беруде.

Білім берудің кез келген саласында «Электронды оқу құралдарын» пайдалану оқушылардың танымдық белсенділіктерін арттырып қана қоймай, логикалық ойлау жүйесін қалыптастыруға, шығармашылықпен жұмыс жасауына жағдай жасайды. Тек оқытушының айтқандарын немесе оқулықты пайдалану қазіргі заман талабын қанағаттандырмайды. Сондықтан қазіргі ақпараттандыру қоғамында электрондық оқулықтарды пайдаланбай алға жылжу мүмкін емес.

Электронды оқу құралы жалпы оқу жүйесіне қойылатын талаптарға сәйкес жасалады.Осы уақытка дейінгі білім беру саласында тек оқытушының айтқандарын немесе оқулықгы пайдалану казіргі заман талабын канағаттандырмайды. Сондықтан казіргі ақпараттандыру қоғамында бұл оқулықтарды пайдаланбай алға жылжу мүмкін емес.

Оқу материалдарын ұтымды игерудегі электронды оқу құралдарының атқаратын рөлі зор. Онда пәндегі теориялық тақырыптар кеңінен беріліп түсіндіріледі. Теориялық материалдарды графикалық иллюстрация түріндегі әртүрлі суреттер, сұлба тәсілдер арқылы толықтырып отырса, онда теориялық білімді оқып, көзбен көріп, түйсініп және оны мида бекіту үрдістері бір уақытта өтіп отырады да материалды қорыту үрдісі ұтымды болады.

Электронды оқу құралдары ғылыми негізде дайындалған педагогикалық ақпараттық өнім. Электронды оқу құралдарын дайындаудың концептуальдық негізі модульдық оқытудың педагогикалық теориясы болып табылады. Сонымен қатар электронды оқу құралдар дайындаудың педагогикалық принциптер жүйесі оқытудың дидактикалық жүйесіне сәйкес келеді. Лабораториялық, практикалық жұмыстар компьютер көмегімен тез, жылдам түсіндіріледі. Бағдарламаны меңгеруге арналған тест сұрақтарымен қамтамасыз етілген.

Электронды оқу құралдары оқушы үшін дайын материал. Оқытушы үшін электронды оқу құралдары бұл күнбе-күн дамытылып отыратын ашық түрдегі әдістемелік жүйе, оны әрбір оқытушы өз педагогикалық тәжірибесіндегі материалдармен толықтыра отырып, ары қарай жетілдіре алады.

Электронды оқу құралдары дайындаудың бір жүйеге келтірілген зандылығы болуы керек. Осыған байланысты электронды оқу құралдары дайындауда мынадай дидактикалық шарттарды ескеру керек секілді.


- белгілі бір пәнге байланысты дайындалған электрондық оқулықтың сол пәннің типтік бағдарламасына сәйкес болуын;
- электрондық оқулықтар курста оқытылатын тараулар мен тақырыптарға қатысты лекция конспектісін қамтитын негізгі;
- зертқаналық және практикалық тапсырмаларды орындауға арналған қосымша;
- материалға қатысты анықтама, библиографиядан тұратын көмекші;
- аралық және қорытынды бақылау сұрақтарынан тұратын тест;
- материалды дайындауда пайдаланылған әдебиеттер тізімдері
- ақпараттың нақты әрі қысқа берілуін ескеру керек;
- белгілі бір тақырыпқа катысты материал 2-3 экрандық беттен артық болмауы тиіс.

Электронды оқу құралдарын қолдана отырып оқушыларға сапалы білім беруге болады.Соның бірі ұстаздық тәжіибемде жүргізген жұмысымды айтқым келеді:

- өтілген материалдарды дұрыс әрі жеңіл түрде түсіндіру
Initialization - модульдің инициализациялау - алғашқы рет іске қосу бөлігінің басталуын анықтайтын арнайы сөз;

Finalization - *жұмысты аяқтау әрекеттерін орындауды көрсететін арнайы сөз;*

End - модульдің соңын анықтайтын арнайы сөз.

Модульде келтірілген бөліктердің кез келгені болмауы мүмкін.

Программаның элементтері

Object Pascal программалау тілінің негізгі элементтері келесі:

Арнаулы сөздер, идентификаторлар (атаулар), түрлер, тұрақтылар, белгілер, айнымалылар, ішкі программалар, түсініктемелер.

Арнаулы сөздер

Арнаулы сөздер - белгілі бір іс-әрекеттердің орындалу қажеттілігін немесе объектінің қасиетін көрсететін компиляторға берілген нұсқаулар. Олар - ағылшын тілінің қарапайым сөздері. Арнаулы сөздерді басқа қажеттілікке пайдалануға болмайды. Мысалы, *begin* - программаның немесе құрылымды операторлын басталуы, *end* - программаның немесе құрылымды операторлын соңы, *array* - массив түріндегі анықтаманың түйінді сөзі, *record* -жазба түріндегі анықтаманың түйінді сөзі, *program* - программа тақырыбының басталуы, *var* - айнымалы бөлігінің басталуы, *type* - түрлерді анықтау бөлігінің басталуы, *integer* - берілгенді бүтін түрде анықтау т.с.с.

Идентификаторлар

Идентификаторлар (атаулар) тұрақтыларды, айнымалыларды, олардың түрлерін, программаларды, процедураларды, функцияларды, файлдарды және т.б. программа объектілерін белгілеу үшін қолданылады. Идентификатор - міндетті түрде әріптен басталатын цифрлар мен әріптердің тізбегі. Атаудың ұзындығы 63 символдан артпауы тиіс. Идентификатор стандартты және бейстандартты (өзіміз берген атау) болып екі топқа бөлінеді. Стандартты атаулар тілдің объектілерін белгілеу үшін қолданылады, олар тек сол өз мағынасында қолдануды қажет етеді: TRUE, FALSE, CHAR, SIN, COS, EXP, INTEGER және т.б. Object Pascal тілінде программаны жазуда қолданылатын арнаулы сөздер де жәй атаулар ретінде қолданылмайтын стандартты идентификаторлар болып есептеледі, олар: AND, ARRAY, BEGIN, END, CASE, CONST, VAR, PROGRAM, IF және т.б. Object Pascal тіліндегі атауларда қолданылған бас немесе кіші әріптердің айымашылығы жоқ.

Атауларда келесі символдар қолданылады:

1) A дан Z дейінгі және a дан z дейінгі латын әріптері;
2) 0 ден 9 дейінгі араб цифрлары;
3) “_” сызықша таңбасы.

Бос және арнаулы символдар атауларда қолданылмайды.

Түрлер

Мәліметтердің түрлерін басқа элементтерді құрудағы қолданылатын үлгісі деп санауға болады. *Түрлер* - осындай түрдегі анықталған элементтің жадтағы ұзындығын, олардың қабылдай алатын мәндерінің аралығын және оларға қолдануға болатын операциялар жиынын көрсетеді. Түрлерді анықтау бөлігі арнаулы ***type*** сөзімен және одан соң түрдің атауы мен мәндерінен тұрады.

Тұрақтылар

Тұрақтылар деп, мәндері программаның орындалу кезінде өзгермейтін шамаларды айтамыз. Тұрақтылар есебінде Object Pascal тілінде бүтін, нақты, он алтылық сандар, логикалық, символдық шамалар мен жазбалар, жиындар, таңбалар жолдары, NIL - анықталмаған сілтемесі қолданылады. Программа құрамында тұрақтылар екі түрде анықталады: жай және типтік.

Белгілер

Белгілер бөлігі арнаулы сөз ***label*** және программа құрамына енетін белгілердің тізімінен тұрады.

Бөліктің жазылуы:

Label <белгілер тізімі>;

Белгілер есебінде 0-9999 сандар мен a-z символдарынан құралған тізбекті қолданады. Олар негізінде шартсыз ***goto*** басқару операторымен бірге қолданылады. Программа құрамында белгіден кейін екі нүкте таңбасы жазылады (:) .

Айнымалылар

Айнымалы деп, программаның орындалу барысында әр түрлі мәндерді қабылдай алатын шамаларды атайды. Олар идентификатормен белгіленеді және әрбір уақытта белгілі бір мәнге ие болады. Айнымалылар *жәй* немесе *индексті* болып екі топқа бөлінеді. Айнымалы шамаларды анықтау бөлігі арнаулы *var* сөзімен басталып, одан кейін олардың атауы мен түрлері көрсетіледі.

Түсініктемелер

Қатарлар арасына не соңына "{ }", "//", "(* *)" таңбаларға алынған түсініктеме беретін сөздер жазып отыру керек. Оларды ағылшын немесе ұлттық әріптермен жазуға рұқсат етілген.

Delphi ортасында Object Pascal тілінің элементтері

Алфавит

Тілдің алфавиты A дан Z дейінгі және a дан z дейінгі латын әріптерінен, 0 ден 9 дейінгі араб цифрларынан, он алтылық цифрлардан, арнайы символдардан, пробел - бос таңбадан, "_" сызықша таңбасынан, және арнайы сөздерден тҰрады.

Әр он алтылық цифр 0 ден 15 - дейінгі мәндерді қабылдай алады. Алдынғы 10 мәндер араб цифрлары арқылы бейнеленеді, ал соңғы 6 мән A - дан F - ке (немесе a-дан f-ке) дейінгі латын әріптерімен бейнеленеді.

Бөлгіштер

Атауларды, цифрларды және арнаулы сөздерді бір бірінен ажырату үшін бөлгіш таңбалары қолданылады. Бөлгіштер құрамына келесі символдар кіреді:

1) Бос символ;

2) Кез келген басқару символдары.

Арнаулы символдар

Арнаулы символдар деп Object Pascal тіліндегі программада орындалатын символдардың жиынын айтамыз. Олар келесі үш топқа бөлінеді:

- Пунктуация таңбалары;
- Операция таңбалары;
- Арнаулы сөздер.

өрнектер

Таңба өрнектері арифметикалық, логикалық немесе қатынастық әрекеттерді бейнелеу үшін қолданылады. Олар арифметикалық, логикалық және қатынас таңбалары болып үшке бөлінеді (3-ші, 4-ші, 5-ші кестелерде көрсетілген).

Амалдар

Арифметикалық амалдар

Таңба	Қолданылуы
+	Қосу
-	Алу
*	Көбейту
/	Бөлу
div	Екі бүтін санның бөліндісінің бүтін бөлігі
mod	Екі бүтін санның бөліндісінің қалдық бөлігі

Логикалық амалдар

Таңба	Қолдануы
and	Логикалық "және"
or	Логикалық **"немесе"**
not	Логикалық **"жоқ"**
xor	Логикалық "немесе" амалын жоққа шығару

Қатынас таңбалары

Таңба	Қолдануы
>	Үлкен
<	Кіші
>=	Үлкен немесе тең
<=	Кіші немесе тең
=	Тең
<>	Тең емес

Бақылау сұрақтар

1. Delphi ортасының қандай компоненттерін білесіз?
2. Формаға жаңа компоненттерді қалай орналастрамыз?
3. Оқиғаға сезіндіру дегеніміз не?
4. Компоненттің қасиетін қалай өзгертеміз?
5. DELPHI тіліндегі программаның құрылымы қандай бөліктерден тұрады?
6. Жобаның құрылымы қандай бөліктерден тұрады?
7. Модульдың құрылымы қандай бөліктерден тұрады?
8. Delphi ортасында Object Pascal тілінің элементтері.
9. Программаның элементтері.

3 дәрістің тақырыбы: <u>Delphi тілінің басқарушы құрылымдары.</u>

Консолдық қосымша.

Жоспар:

- **Негізгі операторлар:**
- ***Қарапайым операторлар***
- ***Шартсыз өту операторы (GOTO)***
- ***Құрамды операторлар***
- ***Шартты оператор (IF)***
- ***Таңдау операторы (CASE)***
- ***Қайталану (цикл) операторы FOR***
- ***Қайталану операторы WHILE***
- ***Қайталану операторы REPEAT***
- **Консольдық қосымша.**

Негізгі операторлар

Операторлар программаның немесе модульдің сонғы бөлімінде ***begin*** және ***end*** түйінді сөздерінің аралығында орналастырады. ***Оператор*** дегеніміз - алгоритмді жүзеге асыру барысындағы орындалатын іс-әрекеттерді анықтайтын тілдің қарапайым сөйлемі. Операторлар жазылу ретіне қарай бірінен кейін бірі тізбектеліп орындалады. Олар бір-бірінен нүктелі үтір (;) арқылы бөлініп жазылады. Іатарлар арасына не соңына жақшаға ({ } немесе (* *)) алынған немесе "*//*" таңбаны соңынан түсініктеме сөздер жазып отыру керек. Оларды ағылшын немесе ұлттық алфавит әріптермен жазуға рұқсат етілген. Операторлар *қарапайым* және *құрамды* болып екіге бөлінеді. Қарапайым операторлар тек бір операторлан тұрады, құрамында басқа операторлар болмайды. Жәй құрама оператор бірнеше қарапайым операторларды біріктіріп, қосымша жақша тәріздес ***begin*** және ***end*** арнаулы сөздерінің арасына орналастырудан пайда болады. Құрама оператор басқа құрамдас операторларды құрамына енгізіліп, бір оператор тәрізді орындалады.

Қарапайым операторлар

Қарапайым операторлар тек бір операторлан тұрады, құрамында басқа операторлар болмайды. Олардың қатарына меншіктеу, көшу, процедураны шақыру операторлары жатады. Меншіктеу операторы (:=)

Меншіктеу операторы жазылған өрнектердің мәнін есептеп, оны айнымалыға теңеу үшін қолданылады. Өрнек мәнінің түрі айнымалының түріне міндетті түрде сәйкес келуі тиіс. Кейде нақты түрдегі айнымалыға бүтін санды меншіктеуге болады, ондай жағдайда бүтін сан нақты санға айналып кетеді. Меншіктеу операторының жазылу ережесі (форматы) төмендегідей болады:

<айнымалы>:=<өрнек>;

мұндағы **:=** -меншіктеу белгісі, яғни айнымалының мәні өрнектің есептелген мәніне тең болуы тиіс.

Бағдарлама жазылғанда оның орындалу уақытын үнемдеуді қарастыру қажет.

Шартсыз өту операторы (GOTO)

Шартсыз өту операторы қатарларының рет-ретімен орындалуын бұзып, белгісі бар операторға көшу ісін атқарады. Ол **goto** (өту) түйінді сөзінен басталады, одан кейін **label** бөлімінде сипатталған белгі идентификаторы келтіріледі. Оның жазылу форматы:

GOTO_ *< белгі >;*

мұндағы < белгі >-белгінің идентификаторы, "_" - бір бос орын қалдыру белгісі.

Жалпы құрылымдық программалалау тәртібі бойынша бұл операторды қолданбауға тырысу керек. Ол программаны оқып түсіну ісін қиындатады.

Goto операторын қолданған шақта оның қатарына жүйелі жақша ішіне неліктен басқа қатарға көшу қажет екендігін түсіндіріп кету керек немесе шартты тексеріп, көшу операторын пайдаланған жөн.

Құрамды операторлар

Құрамды операторлар деп құрамына бірнеше операторлар кіретін операторларды айтамыз. Оларға келесі операторлар жатады:

1) Жәй құрама оператор;

2) Шартты оператор ***if***;
3) Таңдау операторы ***case***:
4) Қайталану операторлары ***for, repeat, while***.

Жәй құрама оператор (операторлық жақша)

Жәй құрама оператор деп ***begin … end*** жақшасына кіретін орындалатын операторлар тізбегінің жиынтын атайды. Осы операторлар арасындығы операторлар тізбегі бір оператор тәріздес орындалады.

End арнайы сөзі операторлық жақшаның жабылуын көрсетеді, сонымен қатар алдынғы оператордың соңын көрсетеді, сондықтан end алдына "; " белгісін қоймасада болады. Егер "; " белгісі тұрса, онда соңғы оператормен ***end*** арасында бос оператор тұр деп саналады, яғни осы аралыққа белгіні қоюға болады.

Шартты оператор (IF)

Басқару операторлары программа қатарларының орындалу реттілігін өзгертеді. Олар шартты (тексерту), таңдау және цикл операторларына жіктеледі. Шартты оператор *''Иә''* немесе *''Жоқ''* деп жауап беруге болатын белгілі бір логикалық шартты тексереді. Егер оның нәтижесі ақиқат, яғни құптарлық болса (Иә), онда бір программалық тармақ орындалады. Тексеру нәтижесі жалған болған жағдайда (Жоқ), программаның басқа бір тармағы жүзеге асырылады. Мұнда есептің шартына байланысты тармақталу алгоритмдерінің *Таңдау* немесе *Аттап өту* мүмкіндіктерінің бірі орындалуы тиіс.

Таңдау операторы (CASE)

CASE операторы айнымалының мәнің мүмкін болатын қатарымен салыстырады және әр мәнге сәйкес әр түрлі операторларды орындайды. ELSE сөзінің болуы міндетті емес, егер ол болмаса, яғни жәй өрнек еш бір мәнге сәйкес болмаса, онда CASE- тің End операторынан кейін тұрған оператор орындалады.

Қайталану (цикл) операторлары

Күнделікті шешілетін есептерді шығару кезінде бір теңдеуді пайдаланып, ондағы айнымалының өзгеруіне байланысты, оны бірнеше мәрте қайталап есептеуге тура келетін сәттер де жиі кездеседі. Осындай бірнеше рет қайталанатын белгілі бір бөліктерін *қайталау бөлігі* (цикл), ал алгоритмді *қайталану* (циклдық) деп атайды. Жалпы қайталану операторын пайдалану алгоритмдің тиімділігін қамтамасыз етіп, қысқартып жазу мүмкіндігін туғызады.

Қайталану (цикл) операторы FOR

Қайталану операторының синтаксисі :

1. ***FOR***(үшін)< *жәй айнымалы*>:=<*алғашқы мән* >***TO*** (*өсіру*)
<*соңғы мән* >***DO*** (*орындау*)< *оператор*>
2. ***FOR***(үшін) <*жәй айнымалы*:>=<*алғашқы мән*>
DOWNTO(*азайту*)<*соңғы мән*> ***DO*** (*орындау*)<*оператор*>

МҰндайда жәй айнымалыны- *қайталанудың параметрі* деп атайды, оның түрі нақты (REAL) типтен басқа біркелкі скалярлы типке жатуы тиіс. *Цикл параметрі* берілген түрдің мәндерін *алғашқы мәнінен* бастап *соңғы мәніне* дейін біртіндеп қабылдап отырады.

1. Қайталану операторында TO түйінді сөзі тұрса, онда циклдың параметрі +1-ге артып отырады.

2. Қайталану операторында DOWNTO түйінді сөзі тұрса, онда циклдың параметрі -1-ге азайып отырады.

Қайталану операторы WHILE

WHILE операторы шығу шартын қайталанудың басында тексереді, ол жалпылама жұмыс істейтін қайталану құрылымына жатады.

WHILE (әзірше*) және DO (*орындау) арнаулы сөздер. Қайталану операторы келесі түрде орындалады:

<Логикалық өрнек> ақиқат болғанша <оператор > орындалады, ал <Логикалық өрнек> жалған болса, <оператор> орындалмайды.

WHILE/DO оператордын REPEAT/UNTIL операторынан айырмашылығы REPEAT/ UNTIL операторы ең кемінде бір рет орындалады.

Қайталану операторы REPEAT

REPEAT/UNTIL операторы шығу шартын қайталанудың соңында тексеретін құрылым, бұл қайталану операторы ең кемінде бір рет орындалады.

For, While, Repeat қайталану операторлар құрамында Object Pascal-дің екі параметрсіз процедуралары қолданылады. *Break*- циклден бірден шығу, басқару циклдың соңғы операторынан кейін турған операторға беріледі. *Continue* - басқаруды цикл денесіндегі кез келген оператордан циклдың соңғы операторына береді. Осы екі процедураны ***Goto*** операторының орнына пайдалануға болады.

Консольдық қосымша.

Консольдық қосымша деп формасыз, яғни ешқандай қолданушылық интерфейссіз жұмыс атқаратын программа. Мұндай текті қосымшалар DOS ортасында іске асады. Консольдық қосымша құру үшін Delphi ортасында *Создать / Приложение* меню арқылы жана қосымша құрамыз. *Проект /Удалить из проекта* менюі арқылы программа формасын және оған сәйкес модуль кодын жойып тастау керек. *Проект / Исходный текст* менюі арқылы қосымшаның негізгі кодын шығарып, оған кейбір өзгерістер енгізіледі. Күй-жағдай жолы қосымша терезесінің қолданыста жиі кездесетін, үйреншікті элементі. Күй-жағдай жолы әдетте бірнеше бөліктен тұрады, олар шығарылатын ақпаратты бір-бірінен бөлу үшін қажет. Delphi ортасында ерекше жағдайды өңдеу үшін Object Pascal тілінің арнайы конструкторлары мен Exception базалық кластары негізіндегі кластар қолданылады.

Бақылау сұрақтары

1. Қарапайым операторлар дегеніміз не?
2. Шартсыз өту операторы (GOTO), жазылу форматы, орындалу ережесі.
3. Құрамды операторлар дегеніміз не?
4. Шартты оператор (IF), жазылу форматы, орындалу ережесі.
5. Тандау операторы (CASE), жазылу форматы, орындалу ережесі.
6. Қайталану (цикл) операторы FOR, жазылу форматы, орындалу ережесі.
7. Қайталану операторы WHILE, жазылу форматы, орындалу ережесі.
8. Қайталану операторы REPEAT, жазылу форматы, орындалу ережесі.
9. Консольдық қосымша дегеніміз не?

4 дәрістің тақырыбы: Массивтер. Деректердің стандартты типтері

Жоспар:

- **Массивтерді сипаттау**
- **Массивтердің түрлері, динамикалық массивтер**
- **Delphi ортасында массив элементтерімен жұмыс атқару**
- **Object Pascal тіліндегі қолданылатын берілгендердің түрлері.**
- **Деректердің стандартты типтері**

1. Массивтерді сипаттау

Бір түрдегі айнымалылар тізбегін *массив* деп атайды.
Массивтің синтаксисі келесі:
Type
<түрдің атауы> = ***array*** [<индекс түрлерінің тізімі>] ***of*** <кез келген реттік түр> , немесе айнымалылар бөлімінде бірден

Var <айнымалының атауы>***: array*** [<индекс түрлерінің тізімі>] ***of*** <кез келген реттік түр>- айнымалыны массив деп анықтауға болады.

Массивтер *бір, екі және одан да көп өлшемді* болады. Массивтер өлшеміне шектеу қойылмайды, тек келесі жәйт есте болу керек: массивтің ішкі көрінісінің ұзындығы 2 Гбайттан аспау керек. Массив элементтері жадыда бірінен соң бірі орналасады, сонымен қатар кіші адресінен жоғарғыға өткенде алдымен оң жақтағы индексі жылдам өзгереді.

Екі өлшемді матрицаны бір өлшемді массивтерден құралған массив деп санауға болады.

Динамикалық массивтер

Delphi 4 ортасынан бастап *динамикалық массивтер* деген ұғым енгізілген. Осындай түрде анықталған массивтердің индекстер аралығын анықтаудың қажеті жоқ және массив ішкі жады кеңістігінде орналасады.

Динамикалық массивтің идентификаторы негізінде массивтің элементтеріне бөлінген аймақтың бірінші байтының адресі- ***сілтеме*** болып табылады. Сондықтан массивке бөлінген жадыны босату үшін массив идентификаторына NIL мәнін меншіктесе жеткілікті (немесе Finalize процедурасын қолдануға болады).


Орнатылған динамикалық массивтің кез келген өлшем индекстерінің шегін өзгерту үшін жаңа массивке қажетті аймақ алдын-ала даярланады және бұрынғы массивтің элементтері жаңа аймаққа орналастырылады, сонан кейін ескі массивке бөлінген жадының аймағы босатылады.

Object Pascal тілінде динамикалық массивтердің екінші және одан арғы өлшемдерінің ұзындығы әртүрлі болуы мүмкін.

Delphi ортасында массив элементтерімен жұмыс атқару мысалы:

1. Бүтін элементтен тұратын бір өлшемді массив берілген. Массивті көрсету үшін *Additional* парағының ***StringGrid1*** *{Options: goEditing:=True (түзетуге болатындығы), goTabs:=True (Tab пернесіне сезіндіру); ColCount:=5 (бағаналар саны); RowCount:=1 (жолдар саны); FixedCols:=0 (бекітілген бағаналар саны); FixedRows:=0 (бекітілген жолдар саны)}* компоненті қолданылған. ***ColCount*** және ***RowCount*** *қасиеттері бағаналар және жолдар саны. Олардың нөмірлері 0 - ден басталады.*

Сонымен қатар, екі белгі - ***Label1*** (Caption - Бүтін сандар массивін енгізіңіз) және ***Label2*** (Caption - тазаланған), екі батырма - ***Button1*** (Caption - Есептеу), ***BitBtn1*** (Kind - bkClose). Массив элементтері ***StringGrid1*** ұяшықтарынан көрсетіледі және ***Есептеу*** батырмасы басылғанда олар массивке меншіктеледі де элементтердің қосындысы және орташа шамасы есептелін, Label2 - ге шығарылады. ***Close*** батырмасы басылғанда программа жұмысын тоқтатады.




Массив элементтерін StringGrid терезесінен көрсету

Модуль кодын келесі түрде келтіруге болады:

```
unit Unit1;
interface
uses
  Windows, Messages, SysUtils, Classes, Graphics, Controls, Forms, Dialogs,  Buttons, StdCtrls,
                                                                    Grids;
type
 TForm1 = class(TForm)
  StringGrid1: TStringGrid;
  //goEditing:= True, goTab:=True; ColCount=5 ; RowCount=1;
 //FixedCols:=0; FixedRows:=0;
  Label1: TLabel;
  Label2: TLabel;
  Button1: TButton;
  BitBtn1: TBitBtn;
  procedure Button1Click(Sender: TObject);
  procedure StringGrid1KeyPress(Sender: TObject; var Key: Char);
 private
  { Private declarations }
 public
  { Public declarations }
 end;
var
 Form1: TForm1;
implementation
{$R *.DFM}
procedure TForm1.Button1Click(Sender: TObject);
 var
 a: array [1..5] of integer;          // массив анықтамасы
  s,i:integer;
  sr:real;
  begin
   for i:=1 to 5 do
 if Length(StringGrid1.Cells[i-1,0])<>0  //массив элементтерін енгізу
      then
       a[i]:=StrToInt(StringGrid1.Cells[i-1,0])
// жолдар және бағаналар нөмірлері 0 - ден басталады
       else a[i]:=0;
  s:=0; for i:=1 to 5 do
  s:=s+a[i];     sr :=s/5;
  Label2.Caption :=   'Элементтер косындысы =' + IntToStr(s)+ #13+
 'Арифметикалық орташасы ='+ FloatToStr(sr);
 end;
procedure TForm1.StringGrid1KeyPress(Sender: TObject; var Key: Char);
```

```
begin          //енгізуде кеткен қателіктерді өңдеу процедурасы
 case Key of
 #8,'0'..'9': ;              // цифрлар және BackSpace пернесі
 #13:                        // Enter
  if StringGrid1.Col< StringGrid1.ColCount-1
  then StringGrid1.Col:=StringGrid1.ColCount+1;
  '.','-':
  begin
  Key:=DecimalSeparator;  //үтір және нүкте орнына бөлгіш қою
  end;
  else Key:=Chr(0);              //басқа символдар
  end; end; end.
```



Массив элементтерін StringGrid терезесінен көрсету
мысалының орындалғандағы көрінісі

Object Pascal тілінде кез келген мәліметтер - айнымалы шамалар, функцияның немесе өрнектің мәндері өзінің түрлерімен сипатталады. Кез келген объектінің мәндері және оларға қолданылатын операциялар жиыны объекттінің *түрлері* арқылы анықталады. Мәліметтер түрлері *жәй* және *құрылымды* болып екі топқа бөлінеді және түрлер құрылысы 1-суретте көрсетілген.

Жәй түрлердің негізгі қасиеттері болып олардың мәндерінің бөлінбеуі және олардың реттелініп орналасуы есептеледі. Осы қасиеттеріне байланысты жәй түрлерді *скалярлық* деп атайды. Егер бізге бүтін сандардың жиынымен немесе басқада тізбектеле орналасқан объектілердің мәндерімен жҰмыс істеу керек болса, онда скалярлық түрлерді қолдану үнемділікке жатпайды.

Берілгендердің жәй түрлері

Object Pascal тіліндегі стандартты деп нақты және бүтін сандарды, логикалық және символдық шамаларды анықтайтын түрлерді атайды.

Жәй түрлеріндегі нақты және күнделік-уақытты (Date-Time) анықтайтын шамалардан басқалары реттелген түрге жатады. Сонымен, реттелген түрлерге бүтін, символдық, логикалық, санаулы және шектелген шамаларды жатқызуға болады.

Реттелген шамалар

Реттелген шамалардың ерекшелігі- әрбір реттелген түрге жататын шамалардың қабылдай алатын мәндерінің саны шектеулі болғандығы. Оларды белгілі бір заңдылықпен реттеуге және әрбір мәнге бір бүтін санды- *реттегі нөмірін* сәйкестеуге болады.

Реттелген шамаларға мәндің реттегі нөмірін қайтаратын ORD(X) функциясын қолдануға болады. Бүтін шамалардың ORD функциясы шаманы мәнін қайтарады.

Бүтін шамалар

Бүтін түрлер қатарына бүтін сандар жиыны жатады. Есептеу техникасының (компьютердің) сандарды ішкі өрнектеуіне байланысты (сандардың бір, екі, төрт немесе сегіз байтпен өрнектелуі) бүтін түрлер 9 топқа бөлінеді. Бүтін сандар реттелген шамалар түріне жатады, оны реттегі нөмірі шаманың мәнімен бірдей деп саналады және оларға ord, pred, succ, inc, dec, low, high функцияларын қолдануға болады.



1 - сурет. Мәліметтер түрлерінің жіктелуі

Логикалық шамалар

Логикалық шамалар екілік сандар жүйесі сияқты екі ғана мәнді қабылдайды. МҰндағы белгілі бір шарттың орындалатыны, яғни нәтижесінің "ақиқаттығы" немесе оның орындалмайтыны, яғни тұжырымның "жалған" екендігі тексеріледі. Бұл екі мән ағылшын тілінде айтылуына сәйкес "true" (ақиқат) және "false" (жалған) болып жазылады.

Логикалық шамалардың бірнеше түрін ажыратады:

Логикалық шамалардың түрлері

Түрі	өлшемі, байт
Boolean	1 байт
ByteBool	1 байт
WordBool	2 байт (Word сияқты)
LongBool	4 байт (Longint сияқты)

Стандартты Pascal тілінде тек қана Boolean түрі анықталған, ал Object Pascal құрамына кіретін логикалық шамалардың басқа түрлері Windows ортасымен тіркесуін қамту үшін енгізілген.

Айнымалы шамаларды анықтау бөлігінде арнаулы ***var*** сөзінен кейін логикалық шаманың атауы және логикалық шама екенін анықтайтын *Boolean*, ByteBool, WordBool, Bool, LongBool арнайы сөз жазылады.

Логикалық шамаларға келесі үш логикалық амалдар қолданылады: not- логикалық терістеу, and-конъюнкция (логикалық көбейту), or-дизъюнкция (логикалық қосу). Амалдардың орындалуының нәтижесінде анықталатын логикалық шамалардың мәндері берілген.

Логикалық амалдардың ережелері

Операндтар мәні		Амалдар орындалуының нәтижесі			
x1	x2	Not x1	not x2	x1 and x2	x1 or x2
False	False	True	True	False	false
False	True	True	False	False	true
True	False	False	True	False	true
True	True	False	False	True	true

Логикалық шамалардың мәні енгізілмейді, оларды программада меншіктеуге және баспаға шығаруға болады. Boolean түрінде логикалық шамалар берілгендердің реттелген түріне жатады. False мәні True- ден кіші және False- тің нөмері -0, ал True-дің нөмірі - 1 деп саналады. Оларға ord, pred, succ функцияларын колдануға болады. Boolean шамалар реттік түрге жатқандықтан, оларды қайталау операторында пайдалануға болады,

Бақылау сұрақтар

1. Массивтер. Массивтерді сипаттау.
2. Массивтердің түрлері, динамикалық массивтер дегеніміз не?
3. Delphi ортасында массив элементтерімен жұмыс жасау жолдары.
4. Object Pascal тіліндегі қолданылатын берілгендердің түрлері атаңыз?
5. Деректердің кандай стндартты типтерін білесіз?

5 дәрістің тақырыбы: ***Символдар мен жолдар.***

Жоспар:

1. **Жолдық мәліметтер.**
2. **Жолдық өрнектер.**
3. **Жолдық функциялар мен процедуралар.**
4. **Символдық мәліметтерді өңдеудің есептерін программалау.**

Object Pascal тілінде жалпы мәтіндерді өңдеуде жолдардың келесі түрлері қолданылады:

- Қысқа жол - *ShortString* немесе *String[N],* мұнда N<255;
- Ұзын жол - *String;*
- Алшақ жол - *WideString*;
- Нөл - терминалдық жол - *PChar.*

Жолдар программада ұзындығы айнымалы, мысалы *String[N]* - дегі элементтер саны 0 - ден N - ге дейн, ал *String* және *Pchar* түріндегі шамалардың ұзындығы 0 байттан 2 Гбайтка дейн болып өзгере алатын, бір өлшемді массив тәріздес болып келеді.

Түрлермен танысуды *ShortString* - жолдық түрдегі шамалармен бастаймыз (стандартты Pascal - дағы String[255] түрі). Бұл түр арқылы әр байты бір символдан тұратын жадының айнымалы аймағын анықтайды. Object Pascal тілінде символдық түріндегі шамалар Char арқылы анықталады және әр символдың жолдағы өз нөмірі болады. Жадыда осындай жолдық шамаға N+1 байт орын бөлінеді және бірінші байтта (нөмірі 0) жолдың ұзындығы көрсетіледі. Бірінші символдың жолдағы нөмірі 1 - ден басталады.

Delphi ортасының 32 - разрядтық нұсқаларында жоғарыдағы екі түрдің тиімділігін үйлестіретін жана *String* түрі анықталған. Осындай түрдегі анықталған шамаға жадыдағы орын динамикалық тәртіпте, яғни қажеттілікке сай бөлінеді және жолдың ұзындығы жадының кол жетерлік кеңістігімен байланысты болады.

OLE - үрдістеріне негізделген компоненттерімен тіркестіру үшін Delphi – 32 - де *WideString* деген стандартты түр анықталған. Түрдің қасиеттері *String* ұзын жолдын қасиеттері сияқты, бірақ әр таңбаны өрнектеуде бір емес, екі разряд қолданылады.

PChar түріндегі анықталған айнымалымен жұмыс атқару жоғарыдағы келтірілген іс-әрекеттер сияқты болып келеді және компилятор осы айнымалыны ***сілтеме*** деп санайды, оған 4 байт орын бөледі.

Сонымен қатар жолдық шамаларға келесі салыстыру амалдары қолданылады:

= тең
< > тең емес
> үлкен
< кіші
> = үлкен немесе тең
<= кіші немесе тең

Салыстыру амалдарды қолданудың нәтижесі логикалық шама болып табылады: *False* (жалған) немесе *True* (ақиқат). Осы амалдарды орындағанда жолдардың әр байты солдан оңға бөлек салыстырылады (ішкі көріністері).

Жалпы Delphi ортасындағы редакторлау элементтерінде (Memo, Edit, MaskEdit және т.б.) көрсетілген шамалар әртүрлі болады: нақты, бүтін, символ, жол. Бірақ орта олардың түрлерін жолдық деп санайды. Сондықтан редакциялау элементтеріндегі көрсетілген мәндерді жолдық және символдық түрлерден басқа түрдегі анықталған айнымалыларға меншіктегенде, оқылған мәнді керекті түріне айналдыруды қажет етеді. Керісінше, өнделген бүтін немесе дата-уақыт, нақты және он алтылық түрдегі шамаларды редакциялау терезеліріне немесе белгіге шығарғанда ол шамаларды жолдық түрге айналдырады. Сонымен катар жолдық шамалар стандартты процедура және функциялар қолданылады.

Нақты сандарды түрлендірудегі жиі қолданылатын функциялар FloatToStrF және FormatFloat. Бірінші функциядағы Format мәні TFloatFormat түгелденген түріне жатады және Precision және Digits- екі қосымша параметрлері қолданылады

Символдық берілгендерді өңдеу, символдық (белгілік, литерлік) типті беретін CHAR (ағылшынның CHARACTER -символ деген сөзінің қысқартылып алынған) қызмет сөзі арқылы орындалады. CHAR типтегі айнымалының мәні, сол машинада пайдаланыла алатын кез келген жеке символдар, белгілер бола алады.

Егер программада мынадай бейнелеу болса: A, B: CHAR; онда меншіктеу операторын: A:='k' B:=A, B:='5', A:='*' және т.с.с. түрінде жазуға болады. Мұндағы '' (апостроф) символық мән екенін білдіреді. Символдық мән дисплейден немесе принтер арқылы алынған қағаздан көрінгенде '' белгісі алынып қалады да, тек символдың өзі көрінеді.

Символдық берілгендер үшін =, (<>), >, >=, <, <= қатынас белгілері пайдаланылады, себебі барлық символдар, белгілер, цифрлар реттелініп орналасқан. Тізімде қай символ бұрын орналасса, келесі символға қарағанда оның коды кіші деп есептеледі. Әріптер алфавит бойынша орналасады. Кіші латын әріптері бірінен соң бірі алфавит бойынша бір топ құра орналасады, мысалы:

... a,b,... ,z,..., ал араб цифрлары өсу тәртібі бойынша: ...0,1,2,...,9,... орналасады. Олай болса: 'a'<'c'; 'y'>'x'; '2'>'1', 'x'<>'z', IF C='c' сияқты белгілерді жазуға болады.

Жолдық айнымалының типі программаның тип бөлігінен кейін қарастырылады немесе тікелей айнымалы бөлігінде бейнеленеді.

Айнымалы бөлігінде бейнеленуі:

Var

<айнымалы аты, ...> : string [жолдың max.ұзын.];

Жолдық өрнектер

Жолдық өрнектер алгоритмдік тілдегі арифметикалық өрнектерге сәйкес келеді. Жолдық өрнек деп амал белгілері, жолдық тұрақтылар, айнымалылар және функция атауларынан құралған, ұзындығы 256 символдан аспайтын тізбекті айтады.

Жолдық стандартты функциялар мен процедуралар:

1. CHR(I) - I санына /кодына/ сәйкес символды береді. Мысалы, CHR(1)='!', CHR(250)='з', CHR(255)='ч' және т.с.с.
2. ORD(S) - S символының кодын береді. Мысалы, ORD(!)=1, ORD(з)=250, ORD(ч)=255.

Бұл программа бойынша, егер n-ге 255 мәні берілсе, онда 1-ден бастап Ч-ге дейінгі барлық символдар шығады және A-дан Z-ке дейінгі латынның баспа әріптерінің кодтары шығады.

3. COPY(S,N,M) - S жолының N-1 орындағы символынан бастап M символды бөліп алады. S жолдық айнымалы, N, M - бүтін сандар. Егер жолдың ұзындығынан артық болса, онда нәтиже бос орын болады.

4. CONCAT(S1,S2,Sn) - жолдарды реті бойынша жалғастырады. Мысалы, CONCAT('a', 'b', 'c')='abc'.

5. LENGTH(S) - S жолдық айнымалысының мәніндегі символдар санын береді. Мысалы, LENGTH('ABCD')=4, LENGTH('a'_f_M_D')=7.

6. POS(S1,S2) - S1 кіші жолы S2 жолының бөлігі болатынын немесе болмайтынын анықтайды. Бұл функциядан шыққан нәтиже бүтін сан болады да, S1- мәні S2- мәніне сәйкес келетін орынды көрсететін санға тең болады. Егер нәтиже нөлге тең болса, онда S1 жолы S2 жолының бөлігі бола алмайды. Мысалы,

POS('ab', 'abcd')=1, POS('ab', 'array')=0.

7. UPCASE(CH) - латынның кіші әріптерін оған сәйкес үлкен әріпке аударады. Мысалы,

UPCASE('a')='A', UPCASE('q')='Q'

UPCASE('b')='B', UPCASE('c')='C'

Жолдық процедуралар

Процедура деп атау берілген, арнайы амалдарды орындайтын, өзінше тәуелсіз программаны айтады. Процедура тақырыбынан және оның денесінен тұрады. Процедураны оның атауы арқылы шақырады.

1. DELETE(S,M,N) S-тің мәнінің M-ші орнынан бастап N символды алып тастап нәтижені S-ке жазады.

2. INSERT(S1,S2,N) - S2-нің N позициясынан бастап S1 жолын S2 жолының арасына орналастырады да, нәтижені S2-ге жазады.

3. STR(I,S) - I санын жолға айналдырады да, S-айнымалысына орналастырады.

4. VAL(S,I,cod) - сандық S жолын бүтін немесе нақты санға аударады да, нәтижені I-ге жазады, cod-бүтін типті сан. Егер cod=0, онда аударылғаны дұрыс, cod<>0 қате, оның мәні I-ші қате кеткен орынды көрсететін санға тең.


Қосымша құру мысалы

Еркін жолда сөздердің санын санау үшін Windows-қосымша құру. Жолдағы сөздер бос орындардың кез-келген санымен бөлінеді. Жолды енгізуді Enter пернесін басумен аяқтау. Қосымшаның жұмысы Close батырмасын басумен аяқталу керек.

Формада компоненттерді орналастыру

Жолдармен жұмыс кезінде экранға ақпаратты енгізуді және шығаруды ListBox және ComboBox компоненттері арқылы жасау ыңғайлы.

ListBox компоненті жолды ұсынады, бұнда элементтер пернетақта немесе "тышқан" көмегімен таңдалады. Элементттер тізімі Items қасиеті арқылы беріледі, бұның Add, Delete және Insert әдістері, сәйкесінше жолдарды қосу, жою, енгізу үшін пайдаланылады. Белгіленген элементтің нөмірін анықтау үшін ItemIndex қасиеті қолданылады.



5.1 сурет

ComboBox компоненті ListBox тізімінің және Edit редакторының комбинациясын ұсынады, сондықтан барлық қасиеттері осы компоненттерге тәуелденген. Редакторлау терезесімен жұмыс жасау үшін Edit- тегі тәрізді Text қасиеті, ал таңдау тізімімен жұмыс жасау үшін ListBox – тегі тәрізді Items қасиеті пайдаланылады. Style қасиетімен анықталатын компоненттің 5 модификациясы болады. csSimple модификациясында тізім әркашанда ашық, калғандарында ол редактордың оң жағындағы батырманы басқаннан кейін ашылады.

ListBox және ComboBox компоненттері Компоненттер Палитрасының Standard бетінде орналасқан.

BitBtn компоненті Компоненттер Палитрасының Additional бетінде орналасқан және стандартты Button батырмасының әртүрлілігін көрсетеді. Оның ерекшелігі – Glyph қасиетімен анықталатын батырманың үстінде расторлық суреттің бар болуы. Бұдан басқа, 11 стандартты әртүрлі батырмалардың ішінен біреуін беретін Kind қасиеті бар. Бұлардың ішінен bkCustom және bkHelp –тан басқа кез-келгенін басу модалды терезені жабады. bkClose батырмасы негізгі терезені жабады және программа жұмысын аяқтайды.

5.1.2 Оқиғаларды өңдеуші процедураларды құру

Қосымшаны жүктеу кезінде, Интерфейс панелі экранға шыққан кезде пайдаланушы үшін курсордың ComboBox компонентінің редакторлау өрісінде орналасканы ыңғайлы. Форманың активтелуі кезінде OnActivate оқиғасы пайда болады, бұны ComboBox компонентіне енгізу фокусын беру үшін пайдалануға болады. Осы оқиғаның өңдеу-процедурасын құру үшін Объектілер Инспекторында Form1 компонентін таңдау қажет, Events бетінде OnActivate оқиғасын тауып және оның оң жақ(ақ) бөлігінен "тышқанмен" екі рет шерту керек. Курсор Форма активтелу оқиғасы өңдеу-процедурасының **procedure TForm1.FormActivate(Sender: TObject)** мәтінінде орналасады. Процедураның осы жерінде ComboBox1 компонентіне фокустың берілу операторын теріңіздер (к. 5.1.3 келтірілген UnStr модуль мәтінін қараңыздар).

Тапсырмаға сәйкес Enter пернесін басқан кезде, пайдаланушы редакциялау терезесінде терген символдар жолы ComboBox компонентінің таңдау тізіміне ауысуы қажет. Осы оқиғаның өңдеу-процедурасын құрған кезде Объектілер Инспекторында ComboBox1 компонентін таңдау керек , Events бетінде OnKeyPress оқиғасын тауып, оның оң жақ бөлігінен "тышқанмен" екі рет шерту керек. Курсор пернетақтадан пернелерді басу оқиғасының өңдеуші-процедурасының :

procedure TForm1.ComboBox1KeyPress(Sender:TObject;var Key:Char) мәтініне орналасады. Процедураның осы жерінде UnStr модуль мәтінін пайдаланып Enter пернесін басқан кезде жолды редакторлау өрісінен таңдау тізіміне ауыстыратын және редакторлау өрісін тазартатын операторларды теріңіздер.

Таңдау өрісінде **procedure TForm1.ComboBox1Click(Sender: TObject)** "тышқан" пернесін басу оқиғасы өңдеушісінің процедурасының құрылу үрдісі ComboBox1 компонентінің OnClick оқиғасы үшін ұқсас орындалады.

UnStr модулінің мәтінін пайдаланып, таңдалған жолдың символдарын өңдеудің негізгі алгоритмін орындайтын операторларды теріңіздер.

5.1.3 UnStr модулінің мәтіні

```
Unit UnStr;
interface
uses
  Windows, Messages, SysUtils, Classes, Graphics, Controls, Forms, Dialogs,
  StdCtrls, Buttons;
type
  TForm1 = class(TForm)
    Label2: TLabel;
    Label3: TLabel;
    BitBtn1: TBitBtn;
    ComboBox1: TComboBox;
    Label1: TLabel;
    procedure ComboBox1KeyPress(Sender: TObject; var Key: Char);
    procedure ComboBox1Click(Sender: TObject);
    procedure FormActivate(Sender: TObject);
  private
    { Private declarations }
  public
    { Public declarations }
  end;
var
  Form1: TForm1;
Implementation
{$R *.DFM}
//  Форманы активтеу оқиғасын өңдеу
procedure TForm1.FormActivate(Sender: TObject);
begin
ComboBox1.SetFocus;                 // ComboBox1 енгізу фокусының ауысуы
end;
// Enter пернесін басу  және символдарды енгізу оқиғасын өңдеу
procedure TForm1.ComboBox1KeyPress(Sender: TObject; var Key: Char);
begin
 if key=#13 then                              // Enter пернесі басылған болса, онда
  begin                                       //редактор өрісінен жол
ComboBox1.Items.Add(ComboBox1.Text); // таңдау тізіміне апарылады
ComboBox1.Text:='';                           // редакциялау терезесінің тазалануы
  end; end;
//таңдау тізімінде  "тышқан" пернесін басу оқиғасын өңдеу
procedure TForm1.ComboBox1Click(Sender: TObject);
var
 st       : string;
 n,i,nst,ind: integer;
begin
   n:=0;                              // n сөздердің саны
 ind:=0;
 nst:=ComboBox1.ItemIndex;   // таңдалған жолдың нөмірін анықтау
  st:=ComboBox1.Items[nst];   // st –ға таңдалған жол меншіктеледі
  for i:=1 to Length(st) do       //жолдың барлық символдарын көру
    case ind of
```

```
  0 : if st[i]<>' ' then          // егер символ кездессе
                    begin
                     ind:=1;
                      n:=n+1;   // сөздердің саны 1-ге өседі
                    end;
  1 : if st[i]=' ' then           // егер бос орын кездессе
                   ind:=0;
end;
 Label3.Caption:=IntToStr(n); // Label3-ке сөздердің санын шығару
end;
end.
```

Бақылау сұрақтары

1. Жолдық мәліметтер дегеніміз қандай мәліметтер?.
2. Жолдық өрнек дегеніміз не?.
3. Жолдық мәліметтерді өңдеуге арналған функцияларды атаңыз?
4. Жолдық мәліметтерді өңдеуге арналған процедураларды атаңыз?
5. Символдық мәліметтерді өңдеудің есептерін программалау жолдары.

6 дәрістің тақырыбы: <u>Программистің өзі анықтайтын деректердің типтері</u>

Жоспар:

- **Санаулы түрлер**
- **Құрылымды түрлер.**
- **Жазбалар.**
- **Жолдар.**
- **Варианттар.**
- **Delphi ортасында динамикалық жады және сілтемелік шамалар.**
- **Сілтеме және оны анықтау.**
- **Динамикалық жадыны бөлу және оны босату.**
- **Динамикалық жадпен жұмыс атқаратын процедуралар мен функциялар.**

Санаулы түрлер

Берілгендердің санаулы мәндерімен анықталатын түрлерді *санаулы* немесе *түгелденген* деп атайды. Санаулы түрлердің әрқайсысы идентификатор арқылы аталады, ал оның қабылдайтын мәндерінің тізімі жақшаға алынады. Санаулы түрлердің анықталу форматы:

Type < *санаулы түрдің аты* > **=** *(санаулы түрдің мәндері);*

Берілгендердің түгелденген түрін құрастырғанда программалаушы түрдің мәні ретінде бірнеше шамаларды көрсетеді.

Санаулы шамалардың жиі кездесетін түріне ***шектелген*** *түрлер* жатады. Шектелген түрлер деп - санаулы түрдің қысқартып жазылуын айтамыз. Шектелген түрлер шаманың екі ғана мәнімен анықталады, олар ".." таңбасымен ажыратылған ең кіші және ең үлкен мәндері.

Object Pascal құрамында шектелген шамалармен жұмыс атқаратын екі стандартты функция бар, олар:

High(X)- X айнымалы жататын шектелген түрдің ең үлкен шамасын анықтайды;

Low(X) - X айнымалы жататын шектелген түрдің ең кіші шамасын анықтайды

Нақты шамалар

Нақты шамалар кәдімгі табиғи аралас сандар тәрізді саннын бүтін мен бөлшек бөліктерін нүкте арқылы бөлінген күйде жазылады.

Comp және Currency форматтарының нақты сандарды анықтаудағы орны бөлекше. Оларды ұзындығы тұрақты бөлшегі бар нақты сандар деп атайды. Comp форматында бөлшегінің Ұзындығы 0 разряд, яғни мүлдем жоқ, ал Currency форматындағы бөлшегінің ұзындығы - 4 разряд. Осы форматтар өте үлкен шамаларды анықтайды және олардың маңызды разрядтар (таңбалар) саны 19-20.

Сонымен қатар, бұл форматтар нақты сандардың басқа түрлерімен тіркеседі және оларға жалпы нақты сандарға қолданылатын барлық амалдарды, стандартты функцияларды пайдалануға болады. Әдетте Comp және Currency форматтары бухгалтерлік есептеулерде қолданылады.

Логарифмдық және экспоненциялдық функциялар

Функция	***Қайтарылатын мәні***
Arccosh (x)	Гиперболық арккосинус мәнін қайтарады
Arcsinh(x)	Гиперболық арксинус мәнін қайтарады
ArcTanh(x)	Гиперболық арктангенс мәнін есептейді
Cosh(x)	Аргументтің гиперболық косинусын қайтарады
Sinh(x)	Аргументтің гиперболық синусын қайтарады
Tanh(x)	Гиперболық тангенс мәнін есептейді
LnXP1(x)	Егер X мәні нөлге жақын болса, онда X+1 шамасының натуралды логарифмын есептейді
Log10(x)	Ондық логарифмын есептейді
Log2(x)	Екілік логарифмын есептейді
LogN(b,x)	**X**-тын логарифмын **b** – табаны бойынша есептейді

Құрылымдық түрлер

Object Pascal тіліндегі түрлердің маңызы өте зор. Түрлер арқылы тілдің негізгі құралы - кластары анықталады.

Көптеген компоненттер жиынынан немесе біртекті реттелінген объектілердің мәнінен тұратын күрделі түрлерді *құрылымды* деп атайды. Бірнеше компоненттерден құрылған айнымалы шамаларды *құрылымды* айнымалы шамалар дейді. Құрылымдық айнымалы шамалардың түрлерін анықтау үшін бөлек элементтерді құрылымға біріктіру тәсілін және құрылымға кіретін элементтердің түрлерін білу кажет. Құрылымды түрлерге жазбалар, жиындар, жолдар, файлдар және варианттар жатады.

Жазбалар

Бір құрылымға біріктірілген әртүрлі тектегі бір - бірімен байланысты мәліметтердің жиыны ***жазба*** деп аталады. Жазба, массив тәрізді, мәліметтердің күрделі түріне жатады және бір заттың әртүрлі маңызды мәліметтерін біріктіріп қолдану үшін пайдаланылады. Жалпы жазба пайдалануға өте тиімді деп саналады, олар *дерекқорлармен жұмыс істеуге бейімделген.* Жазбаның ***(record)*** құрамына кіретін мәліметтерді ***өрістер*** деп атайды, және жазба өрістерінің массив элементтерінен айырмашылығы келесіде:

- жазбаның өрістері бірыңғай түрге жатпауының мүмкіндігі;
- өрістерге олардың аты арқылы қол жеткізуге болатындығы.

Жазбаның құрамындағы өрістердің аты *қайталанбауы* тиіс, бірақта әртүрлі жазбаларға кіретін өрістердің аты бірдей болуы мүмкін. *Дерекқорлар* әртүрлі жазбаларды бір - бірімен байланыстырып жұмыс атқаруды қажет етеді, мұндай жағдайда жазбалар арасындағы байланыс аттары бірдей өрістер арқылы орындалады. Жазбаның және өрістердің атында латын әріптерін қолданған жөн.

Жазбалар түріндегі анықталған айнымалыларға, массив сияқты, осы түрдегі анықталған басқа шаманың мәнін бірден меншіктеуге болады.

Жазбалармен жұмыс атқарғанда кейбір өрістерінің мәніне сәйкес осы мәнімен байланысты басқа да мәліметтер қажет болуы ықтимал. Жазбаның ерекше түрі - ***вариантты***қ *(таңдамалы)* ***жазба*** қолданылады. Кез келген құрылымдық түр өрістердің *бекітілген тізімінен* басқа осы түрдің бірнеше құрылымын анықтайтын *варианттық бөлігінен* тұруы, яғни әртүрлі айнымалылар бір түрге жатса да олардың құрылымы әртүрлі болып анықталуы мүмкін. Бұл айырмашылық мәліметтердің (өрістердің) санына және олардың түріне де қатысты бола алады.

Таңдамалы бөлігін анықтау үшін ***Case of*** түйінді сөздер қолданылады. Жазбаны анықтайтын варианттық бөлімінің саны бір ғана бола алады және ол жазбаның бекітілген тізімінен соң орналасуы тиіс.

Жиындар

Бір түрдегі санаулы немесе түгелденген объектілерді ***жиындар*** деп атайды. Жиынның түрі жиынды құратын обектілердің түрімен анықталады. Жиын элементтерінің саны 255 - дан аспайды. Олардың реттік нөмірі 0... 255 аралықта болады.

Жиындарды анықтау үшін ‘’***Set of*** ‘’ (- дан жиын) деген сөздер қолданылады. Түйінді сөздерден соң мәліметтердің негізгі түрі көрсетіледі. Негізгі түрі ретінде Word, Integer, LongInt, Int64 түрлерінен басқа кез келген реттік түрлерді пайдалануға болады.

Жиынды анықтау *жиынның құрастырушысы* деген конструкция көмегімен орындалады. Жиынға кіретін элементтер тізімін квадрат жақшаларына орналастырып, оларды үтірмен бөліп, жиынды құруға болады. Элементтер ретінде тұрақтылар және шектелген шамалар болуы мүмкін. Егер тізім шектелген элементтерден құрылса, онда жиынның жазуында ".." таңбаларды алғашқы және соңғы мәндерін көрсетіп, қоюға болады.

Варианттар

Варианттар (*Variant*) - берілгендердің арнайы енгізілген түрі. Осындай түрдің анықтауын компиляциялау кезеңінде өрнектің құрамындағы немесе ішкі программаның параметрі ретінде қолданылатын берілгендердің түрі алдын ала белгісіз болған жағдайда пайдаланады. Варианттық айнымалы жадыда қосымша 2 байт орын алады, ол байттарда айнымалының нақты түрі туралы мәлімет орналасады. Осы мәлімет кажетті түрлендірулерді компиляторға прогон кезеңінде орындауға мүмкіндік туғызады.

Варианттарды бүтін сандық, нақты, логикалық және уақыт - дата түріндегі өрнектерде қолданғанда түрлендірудің әдептілігін сақтау кажет. Сонымен кез келген варианттық айнымалы жадыда 12 байт орын алады, оның 4 байты өзіндік берілгендерінен немесе олардың адресін көрсететін сілтемеден тұратын таңдамалы бөлігі болып табылады. VType өрісінде вариантты құрастырғанда компилятор берілгендердің жоктығының белгісін VarEmpty - ді кояды. Орындалып жатқан

программадағы осы өрістің мағынасы варианттың таңдамалы бөлігінде орналаскан берілгендердің ағымдағы түрімен байланысты болып өзгеріп тұрады. Варианттық шаманың өрістеріне программадан тікелей қол жеткізуге болмайды. Варианттық берілгендің түрін анықтау үшін VarType функциясы қолданылады, ал осы түрді өзгерту үшін вариантқа жаңа мән меншіктеу қажет.

Варианттық шаманы басқа түрге айналдыру

Егер өрнекте варианттық шамалар қолданылса және варианттың мәні басқа түрдегі берілгендерге меншіктелсе, онда түрлендіру ережелер бойынша орындалады.

Мұнда бүтіндерге varBue, varSmallInt, varInteger, varrror жатады; нақтыларға - varSingle, varDouble, varCurrecy; жолдық шамаларға -varString, varOLEStr.

Варианттық массивтер

Варианттың мәні ретінде берілгендердің массиві қолданылуы мүмкін, осындай варианттарды *варианттық массивтер* деп атайды. Варианттық массивтердің элементі ретінде varString - нен басқа вариантта қолданылатын берілгендердің кез келген түрі бола алады. Варианттық массивтің элементтері варианттық түрдегі берілгендерден құрылуы мүмкін, сондықтан массивте бірге әртүрлі берілгендер сақталынады.

Варианттарды OLE үрдістерінде қолдану

OLE (Object Linking and Embeding - объектіні байланыстыру және ендіру) үрдісі Windows ортасының мәлімет алмастыру стандартты құралы болып саналады. Осы үрдіс бойынша бір программаның (клиент) құрамында басқа программаның (сервер) көмегімен құрастырылған берілгендері (объектілері) болуы мүмкін.

Delphi ортасында OLE - үрдісін сүйемелдейтін әртүрлі құралдар бар. Олардың кейбіреуі варианттарды қолдануымен сүйемелденеді. Себебі варианттың мәні OLE - объекті бола алады.

OLE - объектін құрастыру үшін ***CreateOLEObject*** стандартты функциясы қолданылады.

Функция берілген ClassName - сервердің аты бойынша серверді шақырудағы қолданылатын Idispatch - интерфейстің идентификаторын қайтарады. ClassName аты операциялық жүйеге сервер ретінде қолдануға болатындығы белгілі болуы қажет.

Динамикалық жады

Динамикалық жад (үйме) деп - берілгендердің сегментінен (64 Кбайт), стек сегментінен (процедура және функциялардың жергілікті айнымалалары орналаскан аймақ) және программалар денесінен тыс дербес компьютердің жедел жадының бос аймағын атайды.

Берілгендердің динамикалық жадта орналасуын және оның босатылуын программа орындалу барысында пайдаланады, ал берілгендердің статистикалық орналастырылуын Delphi ортасының компиляторы орындайды. Берілгендерді динамикалық жадка орналастырғанда, алдын ала олардың түрі мен ұзындығы белгісіз, болғандықтан, оларға аты арқылы қол жеткізуге болмайды.

Сілтеме және оны анықтау

Дербес компьютердің жедел жады - ақпаратты сақтауға арналған қарапайым ұяшықтар - ***байттар*** тізбегінен тұрады. Әр байттың тізбектегі өз нөмірі - *адресі* болады. Байтқа қол жеткізу - оның адресі арқылы орындалады. Object Pascal тілінде динамикалық жадты басқару үшін, ***сілтемелер*** тәсілі қолданылады. Сілтеменің мәні - жадтағы байттың адресі.

Сілтемелер арқылы динамикалық жадка, Object Pascal тілінде қолданылатын кез келген тұрдегі берілгендерді орналастыруға болады. ***Byte, Char, Shortint, Boolean*** тұрдегі берілгендер бір байт орын алады, басқа түрдегілер - бірнеше көрші байттарда орналасатын сондықтан, сілтеме тек қана бірінші байттың адресін көрсетеді.

Әдетте сілтемелер, берілгендердің бір түрімен байланысты болады. Оларды - *типтік сілтемелер* деп атайды. Типтік сілтемені анықтау үшін "^" белгісі қолданылады.

Жоғарыда айтылғандай, *сілтемелік шаманың мәні жадтағы орналасқан мәліметтердің адресі.* Object Pascal-да мәлімет алмасу әрекеттері тек қана бір түрдегі сілтемелік шамалар арасында орындалады.

Динамикалық жадыны бөлу және оны босату.

Object Pascal - да кез келген типтелген динамикалық айнымалыларға жадта орын ***New*** процедурасы арқылы бөлінеді. Процедурадағы көрсетілген параметр, типтік сілтемелік шама болуы қажет. Процедура шақырылғанда, параметрінде көрсетілген айнымалы сиятын жадтың ең кіші бос үзіндісінің адресін табады. Енді осы табылған адресті сілтеменің мәніне қайтарады, яғни орналастыруға болатын бастапқы динамикалық адреске теңестіреді. Енді сілтеме белгілі бір мәнді - адресті қабылдағаннан кейін жадтың осы адресі бойынша көрсетілген тектегі кез келген мәнді орналастыруға болады. Динамикалық жадка берілгендердің мәнін ***жазу, меншіктеу*** операторы келесі түрде келтіріледі: анықталған сілтеменің мәнінен - адрестен соң сілтемелік белгісі " ^ " қойылады,

одан кейін меншіктеу амалының белгісі ":= "тұрады, ал оң жақта-өрнек немесе белгілі бір мән жазылады.

Сонымен, сілтеме арқылы анықталған берілгендердің мәнін көрсету үшін сілтемеден кейін '^ ' таңбасын қою керек.

Бұрыннан бөлінген динамикалық жадты босатуға, яғни үймеге қайтаруға болады. Ол үшін Dispose процедурасы қолданылады.

Типсіз сілтемелермен жұмыс атқару үшін, *GetMem* және *FreeMem* процедуралары қолданылады:

GetMem (P,Size); // жадты бөлу
FreeMem(p,Size); // жадты босату

Мұндағы, P - типсіз сілтеме, Size - байт өлшеміндегі жадтағы аймақтың ұзындығы.

GetMem және *FreeMem* процедуралардың қолдануы келесі талаптарға сай болуын қажет етеді: босатылған және бөлінген аймақтың адресі, оның ұзындығы бірдей болуы тиіс.

Динамикалық жадпен жұмыс атқаратын процедуралар мен функциялар.

Динамикалық сілтемелерге қолданылатын процедуралар мен функцияларды карастырайық.

Addr(x) - ***x*** аргументтің ***Pointer*** типтегі адресін анықтайтын функция. Мұндағы x программаның кез келген объекті (айнымалы, процедура немесе функцияның аты). қайтарылған адрес кез келген типтегі сілтеме болуы мүмкін.

Dispose(TP) - бұрыннан бөлінген жадтың үзіндісін, үймеге қайтаратын процедурасы. ***TP*** - типтік шама. ***Dispose*** процедурасы босатылған үзіндіге қайтадан колданылғанда орындалу кезенінің қатесі пайда болады.

FreeMem (P,Size) - типсіз сілтемелік шамаға бұрыннан бөлінген жадының үзіндісін үймеге қайтаратын процедурасы. ***P*** - типсіз сілтемелік шама. ***Size*** - босатылатын немесе үймеге қайтарылатын жадының ұзындығы.

GetMem(P,Size) - типсіз сілтемелік шамаға жадының үзіндісін бөлетін процедура. ***P*** - типсіз сілтемелік шама. ***Size*** - қажетті жадтың ұзындығы.

New(TP) - типтік сілтемелік айнымалыға жадтың үзіндісін бөлетін процедура. ***TP*** - типтік сілтемелік шама. ***New*** процедурасы бір рет орындалғандағы нәтижесі 65521 байттан аспайды. Егер үймеде бос орын жоқ болса, онда *орындалу кезеңінің қатесі* пайда болады.

SizeOf(x) - объекттің ішкі көрінісінің ұзындығын (байт) көрсетеді. Мұндағы ***x*** - айнымалының, функцияның немесе типтің аты.

Жалпы Windows ортасынының динамикалық жадымен жұмыс аткаратын көптеген құралдары бар.

Бақылау сұрақтар

1. Санаулы түрлер дегеніміз қандай түрлер?
2. Құрылымды түрлер дегеніміз не?
3. Жазбалар дегеніміз не?
4. Жолдар дегеніміз не?
5. Варианттар дегеніміз не?
6. Delphi ортасында динамикалық жады және сілтемелік шамалар.
7. Сілтеме дегеніміз не? Ол калай анықталады?
8. Динамикалық жадыны дегеніміз не?
9. Динамикалық жадпен жұмыс аткаратын процедуралар мен функциялар.

7 дәрістің тақырыбы: <u>Файлдар.</u>

Жоспар:

- ***Мәтіндік файлдар.***
- ***Типтік файлдар.***
- ***Типсіз файлдар.***
- ***Жалпы файлдарға қолданылатын процедуралар мен функциялар.***

Файлдар

Программада енгізілетін мәліметтер көп, әрі көлемді болып программаның орындалу нәтижесінде есептелген шамалардың мәндерін сақтау қажет болса, онда *файлдық айнымалы шамалар* қолданылады. Көп көлемді берілгендерді алдын ала сыртқы файлда даярлап, программа орындалу барысында сыртқы файлды программада қолданылатын файлдық айнымалы шамамен байланыстырып, файлды өңдеуге болады.

Файлдық айнымалы шамалар - ***File*** түйінді сөзі арқылы сипатталады және нақты сыртқы файлдармен ***AssignFile*** процедурасы арқылы байланысады.

Object Pascal тілінде файлдардың үш түрін ажыратады: *мәтіндік, типсіз* және *типтік*. Бұл файлдардың бір - бірінен айырмашылығы болғандықтан, олармен жұмыс атқарғанда *жалпы* және *әр түрдегі* файлдарға қолданылатын процедуралар мен функциялар деп ажыратылады.

File of, TextFile, File - *түйінді сөздері*. Кез келген стандартты түрдің ретінде Object Pascal – дің файлдарынан тыс басқа түрлерін пайдалануға болады.

Файлдармен жұмыс атқару үшін, оларды алдын ала ашып алу қажет. Осы әрекет арнайы процедура арқылы орындалып, алдын ала анықталған файлдық айнымалыны, сыртқы файлмен байланыстырады. Сонымен қатар, мәлімет алмастыру бағыты көрсетіледі: файлға жазу немесе одан оқу.

Мәтіндік файлдар

Мәтіндік файлдар деп - ASCII таңбалар жолдарынан құралған табақшадағы файлдарды атайды. Мәтіндік файл жолдың соңы (**CR/LF** немесе ***Enter*** пернесі басу) деген белгісі бар ұзындығы әртүрлі жолдар - жазбалар түрінде сақталынып, файлдың соңында **^Z** белгісі тұрады. Файлдың ұзындығы алдын ала анықталмайды және оның ұзындығы, табақшаның мөлшеріне байланысты болады. Мәтіндік файлдың компоненттері тек қана тізбектеле өңделеді. Программада мәтіндік файлдар - ***Text*** (мәтін) түрінде анықталады.

Мәтіндік файлдарға қолданылатын процедуралар:

Append (F) - бұрыннан құрылған файлды тек қана мәліметті қосуға, үстеуге даярлап ашады;

Reset(F) - файлды оқуға даярлап ашу процедурасы;

Rewrite(F) - жаңа ақпаратты жазуға даярлап, файлды ашу процедурасы. Егер ***F*** файлы бұрыннан бар болса, онда ескі файлды жойып, жаңа бос файл құрады;

Read(F,V1,V2,...,Vn) - тізімдегі айнымалылардың мәнін файлдан оқу процедурасы. Егер ***F*** файлдық айнымалы көрсетілмесе, онда тізімдегі айнымалылардың мәндері - пернелер тақтасынан енгізіледі; ***Write(F,V1,V2,...,Vn)*** - тізімдегі айнымалылардың мәнін файлға жазу процедурасы. Егер ***F*** файлдық айнымалы көрсетілмесе, онда тізімдегі айнымалылардың мәндері - экранға шығарылады;

CloseFile(F) - файлды жабу процедурасы.

Read(F,V1,V2,...,Vn) - тізімдегі айнымалылардың мәнін файлдан оқу процедурасы. Жалпы файлдан оқу процедурасының орындалуы, тізімдегі көрсетілген айнымалылардың түріне байланысты. Символдық айнымалыға файлдағы кезекті, символ бөлгіш таңбалармен ***(Ctrl / LF / ^Z)*** бірге орналастырады, арифметикалық типке - бос орындар мен көлденен табуляция таңбаларын тастап өтіп, арифметикалық тұрақтының мәнін келесі бос орындар және көлденең табуляция таңбалары кездескенге дейін, жолдың немесе файлдың соңына дейін оқиды.

Write(F,V1,V2,...,Vn) файлға жазу процедурасының орындалуы тізімдегі көрсетілген айнымалылардың түріне байланысты. Символдық, арифметикалық және жолдық шамалардың мәндері жазылады, ал Boolean шамалардың мәндері - True немесе False түрінде шығарылады.

Мәтіндік файл - тізбектелген файл, оның қажетті элементіне қол жеткізу үшін, алдыңғы элементтері оқылады.

Типтік файлдар

Жалпы файлдарға қолданылатын процедуралар мен функциялардан басқа *типтік* файлдарға қосымша келесі ішкі программаларды қолдануға болады:

Read(F, "енгізу тізімі") - файлдағы мәліметтерді көрсетілген *"енгізу тізіміндегі"* айнымалыларға оқитын процедура;

Seek(F,NUM) - файлдың көрсетілген компонентіне файл көрсеткішін орналастыру (жылжыту) процедурасы. ***NUM*** - файл компонентінің нөмірі, ол нөлден басталады. Бұл процедура арқылы типтік файлдың кез келген бөлігіне қолма-қол қол жеткізуге болады;

Truncate(F) - берілген позициядан бастап, файлдың соңына дейін файлдың бөлігін жою процедурасы;

Write(F, "шығару тізімі") - *"шығару тізіміндегі"* көрсетілген айнымалылардың мәнін файлға жазу процедурасы;

FilePos(F) - файл көрсеткіші ағымдағы компоненттің нөмірін анықтау функциясы;
FileSize(F) - алдын ала ашылған файлдың көлемін анықтау функциясы. Берілген файлға қосымша компоненттерді жазу үшін, файл көрсеткішін файлдың соңына жылжыту қажет.

Типсіз файлдар

Типсіз файлдарды біріншіден - кез келген түрдегі файлдармен байланыстыруға болады, екіншіден, жадымен магниттік табақша арасындағы осы файлдар арқылы мәлімет алмастыру іс-әрекеттері өте шапшаң орындалады.

Reset және ***Rewrite*** дайындау жұмыстарын аткарғанда, процедурада файлдың ұзындығын көрсетуге болады.

Типтік файлдарға арналған процедуралар мен функцияларды типсіз файлдарға да қолдануға болады. Бірақ ***Read*** және ***Write*** орнына ***BlockRead пен BlockWrite*** процедурасын қолданады.

BlockRead(F, <буферлік айнымалы>, [<NN>]);
BlockWrite (F, <буферлік айнымалы>, [<NN>]);

мұндағы ***F*** - файлдық айнымалының аты; ***<буферлық айнымалы>*** - осы айнымалы арқылы алмастыру жұмыстары орындалады; ***<NN>*** -міндетті емес параметр, процедура жұмысын бітіргеннен кейін, бұл параметрдің мәні - алмастырылған жазулар санына тең болады.

Жалпы ***Seek(F,NUM), FilePos(F), FileSize(F)*** процеруралар арқылы файлдың кез келген компонентіне қол жеткізуге болады.

Жалпы файлдарға қолданылатын процедуралар мен функциялар

Келесі процедуралар мен функцияларды кез келген түрдегі (мәтіндік, типтік және типсіз) файлдарға қолдануға болады:

Procedure ***AssignFile (var*** *F; FileName:String)* - файлдық айнымалы шаманы сыртқы файлмен байланыстырады. ***FileName*** - сыртқы файлдың аты (кейде маршруты көрсетілуі ықтимал), ***F*** - файлдық айнымалы шама. ***Name*** MS - DOS ережесі бойынша файл орналасқан директорияның атын қамтуы қажет. Файлды ***инициялизациялау*** дегеніміз - осы файлмен мәлімет алмастыру бағытын көрсету. Object Pascal - да файлды оқуға, жазуға немесе бірден оқуға, жазуға даярлап ашуға болады;

Procedure ***Reset (var*** *F)* - файлды тек қана оқуға даярлап ашу процедурасы. Файл көрсеткіші файлдың басына, яғни реттік нөмірі 0 - компонентіне орналасады;

Procedure ***Rewrite(F)*** - жана файлды жазуға даярлап ашу процедурасы, егер ***F*** файлы бұрыннан бар болса, онда ескі файлды жойып, жана бос файл құрады;

Function ***ChangeFileExt (const*** *FileName,Extension:* ***string): string*** - файл атының кеңейтілуін *Extension* параметрімен анықталған кеңейтілуге өзгертеді;

Procedure ***ChDir****(Path:* ***string)*** - ағымдағы директорияны өзгертеді. ***Path*** параметрі жаңа директорияның аты мен тұрағын қамтуы қажет;

Procedure ***CloseFile (var*** *F)* - байланысын үзбей, файлды жабады. Жаңа файлды құрғанда немесе ескіні ұлғайтканда, барлық жана жазуларын сақтап, файлды каталогка тіркестіреді. Егер программаның жұмысы дұрыс аяқталса, онда барлық ашылған файлдар автоматты түрде жабылады;

*Function****DateTimeToFileDate****(DateTime:TDateTime):****Integer*** - *DateTime* түріндегі берілгеннің мәнін файлдың құрастырылған немесе өзгертілген уақытының жүйелі форматына түрлендіреді.

Function ***DiskFree****(D:Byte):* ***LongInt*** - көрсетілген табақшадағы бос орын көлемін анықтайды. Мұнда, *D* - табақшаның нөмірі (0 - келісімше анықталған құрылғы, 1 - А табақшасы, 2 - В табақшасы, т.с.с). Егер жоқ табақшаның нөмірі көрсетілсе, онда "- 1" мәні қайтарылады;

Function ***DeleteFile (const*** *FileName: String):****Boolean*** - *FileName* арқылы аты және тұрағы анықталған файл жойылады. Операция сәтті өтсе, онда нәтижесі True болады;

Function ***DiskSize****(D:Byte):****LongInt*** - көрсетілген табақшаның көлемін анықтайды. Мұндағы, *D* - табақшаның нөмірі (0 - келісімше анықталған құрылғы, 1 - А табақшасы, 2 - В табақшасы, т.с.с). Егер жоқ табақшаның нөмірі көрсетілсе, онда "- 1" мәні қайтарылады;

Function ***Eof (var F)*** - файлдың соңын анықтайтын функция. Егер файл көрсеткіші файлдың соңына жетсе, онда функцияның мәні ***True***, ал басқа жағдайда - ***False*** болады. Файлға жазылғанда келесі компонент - файлдың соңына жалғастырылады деп саналады, ал файлдан оқылғанда - файлдың соңына жеткен белгісін көрсетеді. Сырткы файл даярланғанда, файлдың соңы **^Z (CTRL - Z)** - пен анықталады;

Procedure ***Erase (var F)*** - сырткы файлды жояды. Файл алдын ала жабылған күйде болу керек;

Function ***FileAge (const*** *FileName: string):Integer* - *FileName* атты файлдың соңғы өзгертілу уақытын анықтайды. Егер ондай файл жок болса, онда "- 1" мәні қайтарылады.

Procedure ***GetDir****(N: byte;* ***var*** *S:* ***string)*** - файл орналаскан табақшада директорияның атын анықтайды. ***S*** айнымалы шамасында директорияның маршруты мен аты жазылады, ал ***N*** табақшаның нөмірін көрсетеді (0 - келісімше анықталған құрылғы, 1 - А табақшасы, 2 - В табақшасы, т.с.с);

Procedure ***MkDir****(Path:* ***string)*** - жаңа директорияны құрады. ***Path*** параметрі жаңа директорияның маршруты мен атын қамтуы қажет;

Procedure ***Rename*** *(****var*** *F: file, NewName:* ***string)*** - файлдың атын өзгерту процедурасы. ***F*** - файлдық айнымалы шама, ***NewName*** - файлдың жаңа аты;

Procedure ***RmDir****(Path:****string)*** - бос директорияны жою процедурасы;

IoResult - соңғы енгізу-шығару операциясының орындалу нәтижесін шығаратын функция. Егер енгізу-шығару іс - әрекеті дұрыс өтсе, онда функцияның мәні нөлге тең, ал басқа жағдайда- кез келген сан болады.

Бақылау сұрақтар

1.Файл дегеніміз не?

2.Мәтіндік файлдар дегеніміз не?

3.Типтік файлдар дегеніміз не?

4.Типсіз файлдар дегеніміз не?

5.Файлдарға қолданылатын процедуралар мен функциялар.

8 дәрістің тақырыбы: **Процедуралар мен функциялар**

- **Бейстандартты процедуралар мен функциялар.**
- **Процедура мен функцияны анықтау.**
- **Процедура және функцияны шақыру операторлары.**
- **Формальды параметрлер және нақты аргументтер.**
- **Процедуралық түрлер.**
- **Рекурсиялық ішкі программалары.**
- **Ішкі программаларды алдын ала анықтау.**
- **Модульдер. Программаның модульдік құрылымы туралы толық түсінік.**
- **Модульдердің тақырыбы, интерфейстік, орындалатын және аяқтаушы бөліктері.**

Бейстандартты процедуралар мен функциялар.

Процедуралар мен функциялар негізгі программаның аталған ішкі программалары болып табылады. Олар үлкен программалы есептерді бірнеше қарапайым есептерге бөлуге бейімделген және негізгі программаның денесіндегі кез келген жерден қолдануды қамтамасыз етеді. Ішкі программаны шақырудың саны шектелмейді.

Ішкі программаның құрылымы негізгі программаның құрылымына ұқсас болып, оның тақырыбынан және денесінен тұрады, бірақ ішкі программаның денесінде модульдерді пайдалану бөлімі қолданылмайды. Сонымен қатар ішкі программалардың тақырыптары басқаша жазылады.

Ішкі программалармен жұмыс атқаруда негізі екі кезеңді ажыратады:

♦ Ішкі программаның анықталуы;

♦ Ішкі программаның шақырылуы.

Delphi ортасында алдын ала анықтауды қажет етпейтін көптеген стандартты ішкі программалар бар. Бірақ қосымшаны құрастыру кезеңінде программалаушы өзінің қажеттілігіне сай ішкі программаларды құрастыруға мәжбүр болуы мүмкін. Осындай ішкі программаларды ***бейстандартты*** деп атайды және ***процедура*** немесе ***функция*** деп ажыратады.

Процедура мен функцияның айырмашылығы келесіде: функция шақырылғанда өзінің аты арқылы тек қана бір мән қайтарады, сондықтан оны өрнектің операнды ретінде қолданады. Процедураның қайтаратын мәндерінің саны шектелмейді.

Процедуралар мен функциялар ***параметрлі*** *және* ***параметрсіз*** болып екіге бөлінеді.

Процедура мен функцияны анықтау

Параметрсіз процедураның сипатталуы:

Procedure *< процедураның аты >;*
< белгілерді анықтау>;
< мұрақтыларды сипаттау >;
< түрлерді сипаттау >;
< айнымалыларды сипаттау >;
<қатарластырылған процедура және функцияларды сипаттау >;

```
Begin
  < орындалатын операторлар>;
```

End;

Параметрлі процедураның сипатталуы :

Параметрлі процедураның анықталуы параметрсіз процедураның анықталуымен бірдей, тек процедураның тақырыбы келесі түрде келтіріледі:

Procedure *< процедураның аты > (Var G1: T1; G2: T2;...);*

МҰндағы Gi- формальды параметрдің аты; Ti- формальды параметрдің түрі. Бірінін артынан бірі орналасқан бір түрдегі параметрлерді арасын үтірмен ажыратып, ішкі тізімге біріктіруге болады.

Егер Gi- формальды параметрдің алдында **Var** айнымалылар бөлімінің аты жазылмайтын және формальды параметрдің мәні процедураның ішінде өзгеріске Ұшырайтын болса, онда оның өзгерісі негізгі программаға әсер етпейді.

***Параметрсіз функцияның сипатталуы*:**

Function *< функцияның аты > : функцияның түрі;*
< белгілерді анықтау>;
< мұрақтыларды сипаттау >;

< түрлерді сипаттау >;
< айнымалыларды сипаттау >;
<қатарластырылған процедураны және функцияны сипаттау >;
Begin
< орындалатын операторлар>;
< функцияның аты > := <өрнек>;
// міндетті түрде көрсетілу керек
End;

Параметрлі функцияның сипатталуы :

Параметрлі функцияның анықталуы параметрсіз функцияның анықталуымен бірдей, тек функцияның тақырыбы келесі түрде келтіріледі:

Function *<функцияның аты> (Var G1: T1; G2: T2;...) : <функцияның түрі>;* Функцияның түрі файлдық түрден басқа кез келген болуы мүмкін. Әр функцияда келісімше функцияның нәтижесі орналасатын ***Result*** айнымалысы анықталған. Бұл айнымалының түрі функцияның түрімен бірдей болады.

Ішкі программалардың тақырыбы және денесі міндетті түрде болу қажет, ал басқа бөлімдері болмауы да мүмкін.

♦ Ішкі программалардың тақырыбынан соң кейбір стандартты нұсқаулар орналасуы мүмкін: ***Assembler, External, Far, Forward, Inline, Interrupt, Near.*** Бұл нұсқаулар ішкі программа туралы компиляторға қосымша мәлімет беріп отырады (берілгендердің алмастыру әдісі, программалау тілі туралы және т.с.с.). Ішкі программаның тақырыбынан соң тұрған нұсқау тек қана осы процедура немесе функцияға қатысы бар.

Процедура және функцияны шақыру операторлары

Программаның денесінде ішкі программаларды шақыру олардың аты арқылы орындалады: процедураны шақыру операторы бөлек оператор ретінде көрсетіледі, ал функцияны шақырғанда оның шақыру операторы бір өрнектің операнды ретінде меншіктеу немесе шығару операторлардың құрамында болу қажет. Параметрлі процедура немесе функция шақырылғанда, ішкі программалардың шақыру операторында формальды параметрлерінің орнына саны және түрлері сәйкес нақты аргументтері көрсетіледі.

Формальды параметрлер және нақты аргументтер

Ішкі программалардың анықтамасында формальды параметрлер тізімі мүлдем болмауы мүмкін, ал бұл тізім анықталса, онда параметрлер атауымен бірге олардың түрлері анықталуы қажет. Мысалы,

Procedure *SB (a : real; b:integer; c : cha2);*

Ішкі программалардың түрі стандартты немесе алдын ала анықталған болуы қажет. Мысалы, массивті және жолдық түрдегі формальды параметрлерді қолданғандағы төменгі ішкі программалардың анықтамалары қате:

Function *F(a:array [1..20] of Integer):Integer;*
Procedure *P(b=String[25]);*

ДҰрысы:

Type
A=array[1..20] of Integer;
B=String[25];
Function *F(a);Integer;*
Procedure *P(b);*


Программаның операторлары формальды параметрлер тізімін анықтама бөлігінің ұлғайтылған кеңістігі ретінде қарастырады, сондықтан осы тізімдегі айнымалыларды негізгі программаның денесіндегі кез келген өрнекте қолдануға болады.

Келесі мысалды қарастырайық. Object Pascal- да шаманың кез келген дәрежесін есептеу стандартты фунциясы қарастырылмаған. Бірақ осы есепті стандартты ln және exp функциялары арқылы шешуге болады, яғни $x^y = \exp(y*\ln(x))$, мҰнда x, y - кез келген нақты сандар.

Кез келген санның дәрежесін есептеуді (1 - сурет) осы процедураның құрамындағы ішкі программаны Power функциясы түрінде анықтайық:

```
procedure TForm1.Button1Click(Sender: TObject);
var x,y,s: real;          //негізгі процедураның айнымалылары
 Function Power(a,b: real): real;          // бейстандартты функция
 Begin      { Power}
   If a> 0 then                  // егер а мәні нөлден үлкен болса,
```

```
   Power := exp(b*ln(a))      //онда бірінші жолымен есептеледі
    Else if a<0 then          // егер а мәні нөлден кіші болса,
   Power := exp(b*ln(abs(a))) // онда екінші жолымен есептеледі
    Else if b=0 then
      Power :=1
   Else Power:=0;
End;                    { Power }
 Begin {main}
   Button2.Show;
   x:=StrToInt(edit1.text);              // x мәнін енгізу
   y:=StrToInt(edit2.text);              // y мәнін енгізу
   s:=power(x,y);                  // x^y мәнің s -ке меншіктеу
 memo1.lines.add(FloatToStr(x)+ ' in '+
FloatToStr(y)+ ' power=' + Floattostr(s));  // нәтижесін шығару
   Button1.hide;
   Button2.Enabled:=True;
   end; {main}
```



Кез келген санның дәрежесін есептеу мысалы

Программа бойынша "Есептеу" батырмасы басылғанда алдын ала "х мәні " және "у мәні " терезелерінде көрсетілген екі шаманың мәні енгізіледі және Memo1 терезесіне х - тің у дәрежесі шығарылады. Алгоритм сұхбаттасу тәртібінде құрылған, сол себептен "Қайталау" батырмасы басылғанда программаны қайталауға болады.

Power функциясын шақыру операторы меншіктеу операторының өрнегі ретінде қолданылған. Шақыру операторындағы көрсетілген х және у айнымалылары - нақты параметрлері (аргументтері). Олар функцияның тақырыбындағы көрсетілген а және b формальды параметрлердің орнына қойылады, енді х және у айнымалылар мәнімен функциядағы анықталған әрекеттер орындалады. "Іайталау" батырмасы басылғанда "Есептеу" батырмасы көрсетіледі, алдыңғы батырма жасырынды күйге келтіріледі.

"Есептеу" батырмасы басылғанда, осы батырма жасырынды күйге келтіріледі, ал "Қайталау " батырмасы көрініп тұрады.

Delphi ортасы формальды және нақты параметрлер санын және олардың түрлерінің сәйкестігін қадағалап отырады.

Параметрді мән, айнымалы немесе тұрақты түрінде анықтау

Формальды параметрлерлердің кез келгені параметр - мән, параметр - айнымалы немесе параметр - тұрақты ретінде қолданылуы мүмкін. Алдынғы мысалда Х және У параметрлері мәндер түрінде анықталған. Егер параметрлері айнымалылар немесе тұрақтылар түрінде анықталса, онда функцияның тақырыбында ***var*** немесе ***const*** түйінді сөздерді көрсету қажет. Мысалы,

Procedure MyProc(var a: real; b: real; const c: String); мұнда,

A - параметр айнымалы; ***b*** - параметр мән; ***c*** - параметр тҰрақты.

Формальды параметрлердің әр түрлі анықталуы негізгі программаның нәтижесіне әсер етеді. Егер формальды параметрлер айнымалы түрінде анықталса, онда ішкі программа шақырылғандағы нақты аргументтер түрі формальдылармен бір түрдегі айнымалы болу керек. Ал процедура және функция тақырыбындағы параметр - мән немесе параметр - тұрақты түріндегі анықталған формальды параметрлерге негізгі программадан шақырылғанда кез келген өрнек сәйкестелуі мүмкін. Мысалы, егер жоғарыдағы функцияның тақырыбы келесі түрде анықталса:

Function *Power(var a,b : real):real;*, онда функцияның *s:= Power(x,-y);* шақырылуында компилятор формальды және нақты параметрлердің сәйкес келмеуі туралы хабар шығарады, себебі (-y) - өрнек, ал оған сәйкестелген формальды параметр айнымалы түрінде анықталған.

Негізгі программаға процедурадан мәні қайтарылатын формальды параметрді айнымалы түрінде анықтау қажет.

Процедуралық түрлер.

Ішкі программалардың нақты аргументтері ретінде процедураларды және функцияларды қолдануға болады. Осындай әрекеттер процедуралық түрлер арқылы орындалады. Процедуралық түрлер - процедура түрі және функция түрі деп ажыратылады. Процедуралық түрді жариялау үшін аты көрсетілмеген ішкі программаның тақырыбы қолданылады:

```
Type
Proc1= procedure (x,y,r:Double);
Proc2= procedure (var a,b:Integer);
Func1= function():Boolean;
```

Процедуралық түрлердің анықтамасы Type бөлігінде орналасады және анықтамасы келесі:

```
type
Proc1= procedure (x,y:Integer; var r:integer);
Func1=function(x,y:Integer):Integer;
```

Процедуралық түрлердің денесі {$R,*.DFM} - компилятордың нҰсқауынан соң орналасады және мәтіні келесі:

```
Function Add(x,y:integer):integer;
Begin
Result:=x+y;
End;
Procedure Increase(x,y:Integer; var r:Integer);
Begin
 r:=x*y;
End;
```

Ішкі программалардың денесінен соң Button1 батырмасы басылғандағы оқиғаны өңдеуші үзіндісін келесі түрде келтіруге болады:

```
Procedure Tform1.Button1Click(Sender:Tobject);
  Procedure Add1(F:Func1; P:Proc1);
    // процедуралық түлерді колданылатын ішкі программа
   Var  i,k:integer;
    Begin
     For i:=1 to 3 do
      Begin
       P(i,i,k);
       Memo1.Lines.Add(IntToStr( F(i,i)  +k));
       End;
    End;        // Add1
Begin     // main
Add1(Add,Increase);
End;   // main
```

Программадағы формальды параметрлер - жоғарыда келтірілген процедуралық түрлердің параметрлері. Әр қайталауда алдымен екі санның қосындысын есептейтін Proc1 процедуралық шама параметр ретінде қолданылады. Сонан кейін Memo1 терезесіне процедуралық параметр P және Func1-дің F-процедуралық параметрінің қосындысын шығарады. Button1 басылғандағы оқиғаны өңдеушісінде Add1 процедурасы шақырылғанда оның нақты аргументтері ретінде Add және Increase процедуралық түрлер қолданылады. Бұл қарапайым мысал процедуралық түрлердің қолдануын көрсетеді.

Рекурсиялық ішкі программалары

Кейбір жағдайларда ішкі программа өзін өзі шақыруды қажет етуі мүмкін. Осындай шақыру әдісі ***рекурсиялық*** деп аталады. Жалпы рекурсия әдісі негізгі есепті бірнеше ішкі есепке бөлуге болатын жағдайда пайдалы болады. Бұл жәйтта ішкі есептерді шешу әдісі негізгімен бірдей болу керек.

Ішкі программаларды алдын ала анықтау

Кейде рекурсиялық шақыру жанама жолымен көрсетілу мүмкін. Бұл сәтте ішкі программа өзін шақыруды жанама жолымен, яғни құрамында аталмыш ішкі программаның шақыруы бар басқа бір ішкі программаны қолданады.

Жалпы ережелер бойынша кез келген идентификаторды қолданудың алдында, оны анықтап алу керек. Ал осындай шақыруларды қолдану үшін *алдын ала анықтау тәсілі* қолданылады:

```
Procedure B (j:byte);   Forward;
Procedure A (i:byte);
    Begin
    ... ... ... ... ..
    B(i):
     ... ... ... .....
     End;
  Procedure B ;
Begin
... ... ...
A (j);
... .....
End;
```

Келтірілген үзіндіде алдын ала анықтау тәсілі келесі түрде іске асырылған: алдымен В процедураның тақырыбы ғана келтірілген, ал оның денесінің орнына стандартты ***Forward*** - *алда* нұсқауы тұр. Енді А процедураның денесінде формальды параметрлері анықталған В процедурасын шақыруға болады және компилятор осындай шақыруды дұрыс өңдейді. В процедурасының денесін анықтағанда оның тақырыбында алдын ала көрсетілген формальды параметрлерін келтірмейді.

Модульдер. Программаның модульдік құрылымы

Object Pascal тілінде күрделі программаны құрастыруда модульдік принцип қолданылады. *Модуль* дегеніміз, программаларда (жобада) немесе басқа модульдерде пайдалану мүмкіндігін туғызатын бөлек компиляцияланатын әр түрлі интерфейстік (қарым - қатынастық) бөлігінің компоненттерінен және орындалатын операторлар жиынынан тұратын программа.

Интерфейстік бөлігінде объектілердің пайда болуы негізгі программаның немесе басқа модульдердің осы объектілерге қол жеткізу мүмкіндігін туғызады. Ал аталмыш модульдің денесі оның орындалатын бөлігінде орналасып, пайдаланушыдан жасырынды күйде болады.

Модульдер тек қана программаның құрамында орындалады.

Delphi ортасы программаға кіретін әр формаға бөлек модуль құрастырады және сол формаға орналастырылған барлық басқару элементтерінің сипаттамаларын бір ғана программалық бірлікте сақтайды.

Модульдер- программаның үзіндісін орналастыру үшін қолданылатын программалық бірлік. *Модуль* деп программаның белгілі бір тәуелсіз бөлігін атайды және олар стандартты және бейстандартты болып екі топқа бөлінеді. Модульдің коды программаның бет алысын анықтайды.

Модуль - басқа модульдерде және программаларда пайдалану мүмкіндігін туғызатын, бөлек *компиляцияланатын* (компьютердің тіліне аударылатын) әр түрлі типтердің анықтамалық бөлігінен және орындалатын операторлар жиынтығынан тұратын программа. Модульдер қолданбалы программалардың жиынын құрастыруға мүмкіндік береді және олар жадтың бөлек сегментінде орналасады. Жалпы модульдер бөлек орындала алмайтын программа. Модульдерді қолдану арқылы күрделі программаларды құруға болады.

Кез-келген модуль келесі бөліктерен тұрады:

- Тақырыбы;
- Интерфейстік бөлігі;
- Орындалатын бөлігі;
- Терминатор.

Модуль тақырыбы Unit арнайы сөзінен басталады, сонан соң модуль атауы және үтірлі нүкте тұрады. Интерфейстік бөлігі Interface түйінді сөзімен, ал орындалатын бөлігі Implementation түйінді сөзімен басталады. Модульдің терминаторы программаның терминаторы сияқты, яғни нүктелі End.

Модульдің атауы оны басқа модульдермен және негізгі программамен байланыстыру үшін қолданылады. Модульдің интерфейстік объектілеріне қол жеткізу үшін программада қажетті *TPU (машина тіліне аударылған)* файлдың атын көрсету керек. Бұл байланыс келесі сөйлем арқылы жүзеге асырылады:

***USES* <модульдер тізімі>;**

USES- арнайы сөз; *<модульдер тізімі>*- программа және модульдерді бір-бірімен байланыстыруға қажетті модульдердің тізімі. Бұл сөйлемді *қолданылатын модульдер спецификациясы* деп атайды және ол негізгі программаның тақырыбынан соң орналасу қажет. Егер аталмыш модуль басқа бір модульдің объектілерін қолданса, онда осындай спецификация *Interface* түйінді сөзінен соң бірден орналасады. Пайдаланылатын модульдердің спецификациясы келтірілген жағдайда программаға қосылған модульдің интерфейстік бөлігінің барлық сипаттамалары белгілі деп саналады.

Модульдің интерфейстік бөлігінде негізгі программада және басқа модульдерде қолданылатын аталмыш модульдің барлық сырткы (ашық) объектілері (түрлер, кластар, ішкі программалар процедуралар және функциялар) анықталады. Паскаль программасы сияқты бұл анықтамадағы объектілердің реті кез - келген түрде бола алады. Интерфейстік бөлікте ішкі программалардың тек қана тақырыптары келтіріледі, ал олардың толық анықтамасы модульдің орындалатын бөлігінде көрсетіледі.

Модульдің орындалатын *Implementation* бөлігінде интерфейсте көрсетілген ішкі программалар орындайтын жұмыстар анықталады. Ішкі программалардың орналасу реті интерфейстік бөлікте көрсетілген ретпен бірдей болмауы да мүмкін.

Инициялизациялау (алғашқы рет іске қосу) бөлігінде осы модульдерді іске асыратын программаның жұмысы басталғандағы операторлары орналасады. Модульдердің іске асырылуы программаның Uses бөлігінде көрсетілген ретпен орындалады. Бұл бөлік *Initialisation* сөзімен басталады және бұл бөліктің болмауы да мүмкін.

Егер программада инициялизациялау бөлігі бар болса, онда *деинициялизациялау* бөлігі де болуы мүмкін. Бұл бөлік *Finalization* сөзінен басталады және оның құрамына программа жұмысын тоқтатқандағы орындалатын операторлар кіреді. Модульдерді деинициялизациялау әрекеттері бағдарламаның Uses бөлігінде көрсетілген ретке кері бағытта орындалады.

Әр жаңа форма құрылғанда жаңа модуль де құрылады. Жалпы программа құрамында көптеген формалар және олармен байланысты модульдер болуы мүмкін.

Жоғарыдағы құрастырылған формаға сәйкестелген модульдің кодын File =>Open опцияларын орындау аркылы Example файлын ашып көруге болады (1-сурет). Модульдің коды орналасқан файл келесі:



Модуль кодын ашу терезесі

Бұл мәтінді Delphi ортасы өзі құрастырады. Жоғарыда айтылғандай, жобаның файлына араласуға тиым салынған, ал модульдің файлына әртүрлі жұмыстарды орындауға негізделген өзгерістерді енгізуге болады.

Модульдің интерфейстік бөлігінде бір түр (TfmExample класы) және бір объект- кластың туындысы - fmExample айнымалысы анықталған.

Класс деп объектілерді құруда қолданылатын үлгілерді айтады, ал **объект** сол үлгінің туындысы болып табылады. Белгілер Object Pascal- да түрлер деп саналады. Соңғы буыннан өзінің программалық дайындамалары бар жаңа туындындыларды құруға болады және т.с.с. Нәтижесінде ағаш тәріздес саты құрылады, төбесінде ең түпкі буын - қарапайым TObject класы тұрады. Ал төменгі сатыларында сол бір ғана TObject-тің туындылары орналасады.

Модульдердің тақырыбы, интерфейстік, орындалатын және аяқтаушы бөліктері

Модульдің тақырыбында Unit арнайы сөзінен кейін модульдің атауы тұрады. Delphi ортасы дұрыс жұмыс істеу үшін осы атау модульдің мәтіні орналасқан табақшадағы файлдың атымен бірдей болу керек. Мысалы, модульдің атауы келесі түрде көрсетілген, болсын:

Unit Glob;

Онда модуль мәтіні табақшадағы ***Glob.pas*** файлында орналасқаны жөн.

Модульдің атауы модульді басқа модульдермен және негізгі программамен байланыстыру үшін қолданылады. Бұл байланыс келесі сөйлем арқылы жүзеге асырылады:

***Uses** ‹модульдер тізімі›;*

Uses - арнайы сөз; *‹модульдер тізімі›* - программа және модульдерді бір - бірімен байланыстыруға қажет модульдердің тізімі.

Тізімдегі модульдер бір - бірінен үтірмен ажыратылады және тізімнің соңында ";" таңбасы тұрады. Бұл сөйлемді *қолданылатын модульдер спецификациясы* деп атайды және ол *Interfase* немесе *Implementation* сөздерінен соң немесе екі сөзден де соң орналасуы ықтимал.

Мысалы, ***Uses Windows, SysUtils, MyUnit***;

Егер аталмыш модуль басқа бір модульдің объектілерін пайдаланса, онда осындай спецификация *Interface* түйінді сөзінен соң бірден орналасады. Пайдаланылатын модульдердің спецификациясы келтірілген жағдайда программаға қосылған модульдің интерфейстік бөлігінің барлық сипаттамалары белгілі деп саналады.

Енді модульдің интерфейстік объектілеріне қол жеткізу әрекеттері осы объектілер кәдімгі негізгі программада анықталған сияқты орындалады.

Модульдің интерфейстік бөлігі Interfase арнаулы сөзімен басталады. Модульдің интерфейстік бөлігінде негізгі программада және басқа модульдерде қолданылатын аталмыш модульдің барлық сыртқы (ашық) объектілері анықталады (түрлер, тұрақты және айнымалы шамалар, ішкі программалардың - процедуралар және функциялардың тақырыптары). Программа сияқты бұл анықтамадағы объектілерді реті кез келген болады. Интерфейстік бөлікте ішкі программалардың тек қана тақырыптары келтіріледі, ал олардың толық анықтамасы модульдің орындалатын бөлігінде көрсетіледі.

Модульдің орындалатын бөлігі арнайы ***Implementation*** сөзімен басталып, интерфейстік бөліктегі жарияланған ішкі программаның баяндауынан құралады, яғни модулдің интерфейстік бөлігінде аталған ішкі программалардың денелері осы бөлікте анықталуы қажет. Ішкі программалардың толық анықтамасында процедураның немесе функцияның тақырыбы қысқартылған түрде көрсетілуі мүмкін: ***procedure*** немесе ***function*** түйінді сөздер, олардың атаулары және ' ;' таңба келтіріледі.

Егер ішкі программаның тақырыбы толық көрсетілсе, онда ол интерфейстік бөліктегімен бірдей болуы керек. Сонымен қатар, бұл бөлікте аталмыш модульдің инициализациялау бөлігінде қолданылатын жергілікті обьектілері - қосымша түрлері, тұрақтылары, айнымалы шамалары, белгілері жариялануы мүмкін.

Модульдерді инициализациялау бөлігінде негізгі программа іске қосылмай тұрғандағы орындалатын операторлар жиыны көрсетіледі. Әдетте бұл операторлар негізгі программаның жұмысын даярлау әрекеттерінен орындайды. Мысалы, айнымалыларды инициализациялау, яғни бастапқы мәндерін анықтау жұмыстары, файлдарды ашу әрекеттері және т.б. Осы операторлар негізгі программаға басқаруды бергенге дейін орындалады да негізгі программаны жұмыска дайындау үшін қолданылады.

Модульдердің аяқтау бөлігінде негізгі программа жұмысын тоқтаткандағы орындалатын іс - әрекеттер көрсетіледі. Мысалы, файлдарды жабу, компьютердің ресурстарын босату және т.б. жұмыстар. Бұл бөліктің болмауы немесе тек қана ***begin*** және ***end*** сөздерінен құрылып, бос болуы да мүмкін.

Егер программада бірнеше ***Unit*** қолданылса, онда олардың инициализациялаушы бөліктері ***Uses*** тізіміндегі көрсетілген ретте орындалады. Ал бірнеше модульдерде аяқтау бөліктері көрсетілсе, онда осы бөліктер модульдердің ***Uses*** тізіміндегі ретіне кері орындалады.

EXE - файл құрылғанда әр ***Unit*** программа денесіне тек қана бір рет қосылады.

Бақылау сұрақтар

1. Бейстандартты процедуралар мен функцияларды атаңыз.
2. Процедура мен функцияны қалай анықтаймыз?
3. Процедура және функцияны шақыру операторлары.
4. Формальды параметрлер және нақты аргументтер дегеніміз не?
5. Процедуралық түрлер дегеніміз не?
6. Рекурсиялық ішкі программалар дегеніміз не?
7. Ішкі программаларды алдын ала қалай анықтауға болады?
8. Модульдер. Программаның модульдік құрылымы туралы толық түсінік беріңіз.

9 дәрістің тақырыбы: **Ерекше жағдайларды өңдеу**

Жоспар:

- **Try… Except… End операторы;**
- **Қорғалған блок механизмі.**
- **Қосымша компиляциясы және жөндеу.**

TString Grid компоненті ұяшықтарына еркін текстік жолдар орналасқан таблицаны құруға арналған. TStringGrid компонентінің Cells [ACol, ARow] касиеті [ACol, ARow] (баған номері, жол номері) таблицалық координатты ұяшық мәнін анықтайды.

Ерекшелікті өңдеу үшін Object Pascal- да блокты қорғау механизмі қарастырылған:

```
Try
<операторлар>
Except
<ерекшелікті өңдеу>
Else
<операторлар>
End;
```

Программада StringGrid1 компонентінің OnSet EditText (Sender: Tobject, Acol, Arow: LongInt; Const Value: String) оқиғасы қолданылады. Бұл оқиға ұяшықты (ACol, ARow) редакциялауды аяқтағанда пайда болады. Value параметрінде оқиға енгізу нәтижесін немесе текстті редакциялауды алады.

Программада қолданылғаньTStringGrid компоненттінің Cells [ACol, A Row] касиеті [ACol, A Row] таблицалық координатты ұяшық мәнін анықтайды. Көңіл аударыңыз, бірінші жолда баған номері, екінші орында жол номері орналасқан. А массиві Cells массивіне қатысты транспорленген.

```
  Const      nn=30; mm=5;
 //Оқушылардың саны=30.
 //  Емтихан саны=5.
  Var
   Form1: Tform1; n:Integer;
   a: array [1.. nn, 1.. mm] of real;
   ss: Array [1..nn] of real;
  // n- оқушының ағымдағы номері. Оқушылар саны.
  //  a- бағалар массиві.
  //  ss- оқушылардың орта балына арналған массив.
   implementation.
      { $ R*. DFM }
procedure Tform1. StringGrid1SetEditText( Sender:Tobject; Acol, ARow: Integer;   Const
Value: String);
      Var  b: real;  j: byte;
// b- редакциялау жолының нақты мәні.
// j- а матрицасының  ағымдағы баған номеріне арналған цикл параметрі.
            Begin
               With StringGrid1     Do
begin
               If Value=' ' Then Exit; // Егер ештене енгізілмесе
                                       //  Онда процедурадан шығу.
// Қорғалған блок басы.
   Try b: = StrTofloat (Value)
   Except  ShowMessage ('символ дұрыс емес!' ); b:=0
   End; // Қорғалған блок соңы.
// Дұрыс енгізілмеген бағаға реакция.
   1 f (b<1) or (b>5) then Begin Cells [ACol, ARow]:='  '; Exit; End;
   Cells [ACol, ARow]:=Value; // Бағаны таблицаға белгілеу.
   a [arow, ACol]:=b;// Бағаны массивке жазу.
//  төменде орта балл есептеледі.
```

```
        ss[aRow]:=0; For j:=1 To 4 Do
      ss [aRow]: =ss [aRow]+a[aRow,j];
      ss [aRow]:= ss [aRow]/4;
// Орта балды таблицаның 5- ші бағанында бейнелеу.
Cells [5, aRow]:= FormatFloat (' ##. ##', SS [Arow] );
    End;
```

Қорғалған блок механизмі.

1. Әр ерекше жағдайда программаны басқаруды Delphi ортасы алады. Ерекше жағдайды өзіміз басқару үшін, ортаның бұл тәртібін алып тастау кажет. Ол үшін Tools\ Debugger опцияларын шақырыныз және Language Exceptions бетінде Stop on Delphi exceptions айырғышындағы таңдауды алып тастаныз.
2. Программада қорғалған блок механизмі қолданылады. Егер ұяшыққа цифрдан өзгеше символ енгізілсе, онда экранда мына хабар шығады:<<Символ дұрыс емес!>>.

Программа жұмысын тоқтатып (үзіліс) және басқаруды Delphi ортасына беретін бақылаушы тоқтату нүктесін программада оператор анықтайды. Үзіліс нүктесі View \ Debug Windows \ Breakpoints опциялары арқылы беріледі. Негізінде үзіліс нүктесін орнататын жолдың сол жақ бұрышына тышқанның сол кнопкасымен сырт еткізген дұрыс.

Айнымалының немесе өрнектің күйін View \ Debug Windows \ Watches опциялары арқылы шақырылатын арнайы терезе арқылы бақылауға болады.

Ағымдағы айнымалы мәнін < Ctrl> + <F7> клавиштері арқылы шақырылатын Evaluate \ Modity терезесінің көмегімен өзгертуге болады.

Expression жолында айнымалына енгізу керек, Modity кнопкасын басып одан кейін NewValue жолында жаңа мәнді енгізу керек.

```
Cons t nn = 20; mm= 5;
// оқушылар саны max = 20.
// емтихан саны max = 5.
pp: array [0..1] of string [1] = ('m', 'g');
// жыныста анықтайтын массив.
Var
Form 1: Tform1; n: integer;
f: array [1..nn] of String [30];
p:array [1..nn] of String [1];
a: array [1..nn, 1..mm] of real;
ss: array [1..nn] of real;
// n- ағымдағы оқушы номері. Оқушылар саны.
//f- фамилиялар массиві
//p – жынысты анықтайтын массив.
// a- бағалар массиві
// s –оқушылардың орта балын анықтайтын массив.
implementation
{$ R *. DFM}
Procedure Tform1. BitBtm1. Click (Sender: Tobject);
// "Жазу" кнопкасының оқиғасы.
// Фамилиясы және жынысы енгізіледі.
// Фамилия таблицаның белгіленген бағанына көшіріледі.
Begin
n:= n+1;
f [n]: = Edit 1. Text;
p [n]: = pp [Radio Group1. Item Index];
StringGrid 1. Cells [0, n]: = f [n];
Edit1. SetFocus;  Edit1. Clear;
End;
Procedure Tform1. Form Activate (Sender : TObject);
// Таблицаның белгіленген жолының мәнін енгізетін оқиға.
Begin
```

```
n: =  0;
Edit1. SetFocus.
With StringGrid1  Do
Begin
Cells [1.0]: = 'Физика'; Cells [2,0]: = 'математика';
Cells [3,0]: = 'Тарих'; Cells [4,0]: = 'Шет тілі';
Cells [5,0]: = 'Орта  балл';
    End;
End;
```

StIring Grid1. Set Edit Text оқиғасы алдыңғы қосымшада келтірілді. Осы оқиға өңдеуші текстін тағы қарастырайық.

```
Procedure Tform 1. String Grid1  Set Edit Text (Sender: Tobject; ACol, A Row: Integer; Const
    Value: String);
Var b: real; j: byte;
Begin
With StringGrid 1 Do
Begin
I f Value = '' then Exit;
Try  b: = StrToFloat ( Value)
ExCept  Show Message ('Символ дұрыс емес') ; b:= 0;
End;
I f (b< 1) or (b> 5) then begin Cells [aCol,  arow]:= ' ';
Exit; end;
Cells [aCol, arow]: =value; a[arow,acol]:=b;
SS [arow ] := 0; for  j : = 1 to 4 do
Ss[ a row]:= ss[ arow] + a [arow, j];
Ss[arow]: = ss[arow] /4;
Cells [5, arow]:= format float ('##. ## ', ss [a row]);
   End;
End;
```

Орта балды есептеу:

```
Procedure Tform1. Radio Group2. Click (Sender: T object);
//Оқиға есептеу белгісін ауыстырғанда пайда болады.
Var S: real; k, i : byte;
Begin
S: =0; K:= 0;
With  RadioGroup 2  Do
Begin
Case ItemIndex  Of
0: begin //Ұлдар орта балын есептеу.
For i:= 1 to n do
If p [i] = ' m' then begin s: = s+ ss [i]; k: = k+1; end;
If k= 0 then s:= 0  else s: =s/k;
End;
1: begin //кыздар орта балын есептеу.
For i:1 to n do
If p [i]= 'g ' then begin s:= s+ ss [i]; k: = k+ 1;
End;
If k=0 then s: =0 else S: =s / k;
End;
2: begin // жалпы орта балды есептеу
for i: = 1 to n Do
S: =S+ ss[i];
If n=0 then S:=  0 else s:= s/n;
   End;
 End;
// Редактор терезесіне нәтижені шығару.
Edit2. Text: = Format float ('## . ##', s);
```

End; end;

1.1. Көңіл аударыңыз. String Grid1 компонентінің OnClick оқиғасы бар. Ол Radio Group2 арналған OnClick оқиғасымен бірдей.

Қосымша компиляциясы және жөндеу.

Қосымшаны жөндеуге дайындау.

Алдымен арнайы жолмен қосымшаны компиляциядан өткізу керек. Project\ Options командаларын орындаңыз және Compiler бетін таңдаңыз. Бұл бетте мына опцияларды белгіленіз: Debug Information, Local Symbols және Referince Info. Бұдан кейін Project \ Compile (<Ctrl + f9>) командаларын орындаңыз. Енді қосымша жөндеуге дайын.

View \ Debug Windows \ Watches командаларының көмегімен бақылау терезесін шақырамыз. Бақылау терезесі жөндеу режимінде осы терезеде көрсетілген өрнек мәні өзгерісін бақылауға қолданылады. Жаңа өрнек қосу үшін терезеге тышқанның оң жақ кнопкасын сырт еткізіңіз және Add Watch опцияларын таңдаңыз. Expression жолында ACol мәнін енгізіңіз. Repeat Count терезесі мәліметтер массивіндегі көрсетілген элементтер санын анықтайды. Digits терезесі нақты мәліметтердің мәнді цифрларын көрсетеді. Enabled айырғышы өрнекті есептеуді рұқсат етеді немесе рұқсат етпейді. Қалған элементтер көрсетілген мән түрін анықтайды. Жөндеу режимінде ағымдағы кез- келген айнымалының мәнін көруге болады. Курсормен көрсетсе жеткілікті.

Екі бақылау нүктесін белгіленіз: программаның таңдалған жолының сол жағына тышқанмен сырт еткізіңіз. (ACol жолын таңдаңыз).

Программаны орындаңыз. Одан кейін программаны жол бойынша орындаңыз. Курсор қойылған айнымалы мәнін қараңыз.

Жөндеудің басқа әдістерін қараңыз, мысалы Run To Cursor, Program Pause, Program Reset.

Қосымшада TBitBtn кнопкасының жаңа касиеті қаралды.

Бақылау сұрақтар

1. Try... Except... End операторының қызметі?
2. Try... Except... End операторының жазылу форматы
3. Қорғалған блок механизмі дегеніміз не?
4. Қосымшаны компиляциядан қалай өткіземіз?
5. Қосымшаны қалай жөндеуге болады?

10 дәрістің тақырыбы: Графикалық мүмкіндіктер

Жоспар:

- **Қозғалысты программалау**
- **Диаграмма және график салу**
- **Индикаторларды пайдалану**
- **Функциялардың графиктері мен диаграммаларын сызу**

Қозғалысты программалау.

Қозғалысты еліктету немесе анимация кффектін көрсету негізгі үш қадамдын орындалуымен қамтылады:

- Объектіні ккран бетіне шығару (кейде шағын үзіліс орнатылғаны жөн);
- Объектіні ккраннан алып тастау;
- Объектіні басқа жерге шығару.

Диаграмма және график салу

Диаграмма мен график сандық берілгендерді ұғынуды жеңілдетуге бейімделген және **Delphi** ортасы олармен жұмыс аткаратын компоненттерімен қамтылған. Диаграммаларды екі топқа бөлуге болады:

- Индикаторлар;
- Күрделі диаграммалар және графиктер.

Индикаторларды пайдалану

Индикатор жалпы диаграмманың қарапайым түріне жатады және ол арқылы кейбір ұзақ уақыт орындалатын іс-әрекет (мысалы, дискетті форматтау, файлды көшіру, т.с.с.) процестердің көрінісін мәтіндік және графикалық түрде бейнелеуге арналған.

Delphi ортасы жұмыстың орындалуын көрсететін ***ProgressBar*** және ***Gauge*** компоненттерін ұсынады.

ProgressBar ортаның **Win32** парағында орналаскан, бұл компонент белдеу түрінде болып, кейбір ұзақ уақыт орындалатын іс-әрекеттің көрінісін ккран бетіне шығарады.



Delphi ортасының Win32 парағы

ProgressBar компонентінің индикация өрістері мен реңінің түсін өзгертетін қасиеттері жоқ, сондықтан бұл параметрлер контейнер параметрлерімен анықталады. Әдетте графикалық белдеу көк түспен боялады.

ProgressBar компонентінің келесі қасиеттерін негізгі деп санайды:

- ***Min*** және ***Max*** - индикатордың алғашқы және соңғы мәндерінің аралығын анықтайды. Келісімше Min=0%, Max=100% деп саналады.
- ***Position*** - орындалған іс-әрекеттің салыстырмалы көлемін Min және Max мәндеріне сәйкес анықтайды. Мысалы, Min=0, Max=80 деп көрсетілсе, онда ***Position***-ның 20 деген мәніне сәйкес орындалған жұмыстың көлемі 25% деп саналады.
- ***Step*** - индикатордың көлемі өскендегі позицияның қандай мәнге өсіп отыратынын анықтайды.

Индикатордың позициясын программада көрсетуге болады, мысалы:

ProgressBar1. Position:=35;

ProgressBar-ның элементінің позициясын StepIt (өсімшесі *Step)* және **StepBy** (Delta:Integer) (өсімшесі **Delta**) процедуралары арқылы өзгертуге болады. Мысалы, ***ProgressBar1.StepBy*** *(13).*

Бұл оператор бойынша ***ProgressBar1***-дің индикаторы 13-ке өсіп отырады.

ProgressBar1 компонентінің **Caption** немесе **Text** қасиеттері жоқ болғандықтан, жұмыс аткару индикаторын жазумен қамту үшін, **Label** компонентін қолдануға болады.

Samples парағында орналасқан ***Gauge*** элементі қарапайым диаграммаларды шығаруда қолданылады. *Gauge* компоненті арқылы белгілі бір параметрдің мәнін пайызға сәйкестеп, лайықтап шығарады.

Kind қасиеті шығарылатын диаграмманың түрін анықтайды және оның мәні келесідей бола алады :

- GkHorizontalBar - көлденең төртбұрыш;
- gkVerticalBar - тік төртбұрыш;
- gkPie - сектор;
- gkNeedle - спидометр;
- gkText - тек қана мәтін.




Диаграмма түрлері

BorderStyle - жиектерінің түрі ***bsSingle*** деп анықталса, онда жиегі жіңішке сызықпен салынады. Егер ***bsNone*** деп анықталса - жиегі болмайды. ***ForeColor*** - индикатордың түсін, ***BackColor*** диаграмманың индикатордан бос аймағының түсін, ***Progress*** - параметр мәнін пайызға сәйкестеп анықтайды.

MinValue және ***MaxValue*** - параметрдің ең кіші және ең үлкен мәндерін анықтайды (әдетте ол мәндер - 0% және 100%).

Мысалы, бейнетаспаны ойнау ***Animate*** компоненті арқылы іске асырылады. Бұл компонент тек тығыздалмаған графикалық бейне бөлігін ойнауға бейімделген. Осы әрекеттің орындалуын графикалық түрде *ProgressBar* компоненті арқылы көрсетуге болады.

График және диаграмма

Chart компоненті әртүрлі күрделі диаграммаларды салуда қолданылады. Бұл компоненттің құрамындағы көптеген қасиеттері өздері объект ретінде анықталған және олардың ішкі қасиеттері болады.



Additional парағының Chart компоненті

Тәжірибеде **Chart** компонентінің параметрлерін анықтау әрекеттері ***Editing Chart*** редакторының терезесінде анықталады. Ол терезені шақыру үшін формадағы TChart терезесін екі рет сырт еткізіңіз немесе тышқанның оң жақ батырмасын басқандағы ***Edit Chart*** опциясын таңданыз. Ашылған редактордың терезесіндегі ***Series*** параметрінде ***Add*** батырмасын басу арқылы диаграмманың немесе графиктің түрін анықтауға болады.

Берілгендердің шығар көзі ***Series=> Data Source*** парағында анықталады. Егер берілгендердің жиыны қосымшаның орындалу барысында қалыптастандырылса, онда ***No data*** деп көрсету керек.

DBChart және ***QRChart*** компоненттерінің шығар көзін ***Table*** - кесте деп анықтауға болады.

Диаграмма құрылғандағы пайдаланылатын берілгендердің мәндерін басқару үшін ***Add, Delete, Clear*** әдістері қолданылады.

Add (**Const AValue :Double; Const ALabel:String; Acolor:Tcolor**): **LongInt** функциясы **Avalue** параметрімен анықталған мәнді диаграммаға қосады. Диаграмма шығарылғанда, **Alabel** - мәндің атын, ал **Acolor** - оның түсін анықтайды.

Delete (ValueIndex:LongInt) процедурасы **ValueIndex** нөмірімен анықталған мәнді жояды. Жалпы барлық мәндерді жою үшін ***Clear*** процедурасы қолданылады.

Delphi ортасы схемаларды, сызбаларды, түрлі иллюстрацияларды экранға шығаратын программаларды неғұрлым қарапайым жолмен құруға мүмкіндік береді.

Графикалық элементтер объекттің үстінгі жағында шығарылады (формалар немесе **Image** компоненті), бұған **Canvas** қасиеттері сәйкес келеді. Объектінің бетіне графиктік элементтерді (түзу сызық, шеңбер және т.б.) шығару үшін осы объектінің **Canvas** қасиетін қолдану әдісін пайдаланамыз.

Мысалы, **form1.Canvas.Restangle (10, 10, 100, 100);**

Бет (Холст)

Қарапайым графиктерді шығару әдісінде сурет салуға болатын абстрактты бет (холст) ретінде **Canvas** қасиеттері қарастырылады. Бұл бет (холст) жеке нүктелерден – пиксельдерден тұрады, олардың әркайсысы көлденен (x) және тік (y) координаталар арқылы анықталады.

Қарандаш және қылқалам

Қарапайым графиктерді бет (холст) бетіне салуды қамтамасыз ететін әдістер үшін, ***қарандаш*** және ***қылқалам*** қолданылады: қарандашты түзулер мен контурларды сызуға қолданады, ал қылқаламды аймақтарды шекаралық контурмен бояуға қолданады.

Графиктерді бетке (холстқа) шығаратын арнайы қарандаш және қылқаламға **Pen** (карандаш) **Brush** (қылқалам) қасиеттері сәйкес келеді, бұлар **TPen** және **TBrush** типтерін көрсетеді. Осы объектілердің қасиеттерінің мәні шығарылатын графикалық элементтердің түрін анықтайды.

TPen объектісінің мынадай қасиеттері бар:

Color – түзудің түсі (контуры);

Width – түзудің қалындығы (пиксель бойынша);

Style – түзудің түрі.

Pen.Color қасиетінің мәні ретінде мынадай атаулы тұрақтыларды қолдануға болады (**TColor**): **clBlack, clOlive, clGray, clBlue, clMaroon, clNavy, clSilver, clAqua, clGreen, clPurple, clRed, clWhite.**

Pen.Style қасиеті мынадай мәндерді қабылдайды:

psSolid – біркелкі түзу;

psDash – пунктирлік түзу, ұзын штрихтар;

psDot – пунктирлік түзу, қысқа штрихтар;

psClear – түзу көрінбейді.

Егер **Pen.Width** қасиетінің мәні бірден үлкен болса, онда пунктирлік түзулер біркелкі түзулер болып шығады.

Қылқалам (**Canvas. Brush**) тұйық аймақтарды сызатын және сол облыстарды бояуды қамтамасыз ететін әдіс ретінде қолданылады. Қылқалам объект сияқты екі қасиетке ие:

Color – тұйық облысты бояйтын түс;

Style – аймақты толықтыру стилі (типі).

Brush.Color қасиетінің мәні ретінде жоғарыда айтылып өткен **TColor** типті атаулы тұрақтылардықолдануға болады.

Brush.Style қасиеті мындай мәндерді қабылдайды **:**

bsSolid – біркелкі бояу;

bsClear – облыс болмайды;

bsHorizontal – көлденен штрих;

bsVertical – тік штрих;

bsFDiagonal – ілгері қарай көлбеген диагоналдық штрих.

Мәтінді шығару

Графикалық объекттің бетіне мәтін шығару үшін **TextOut** әдісі қолданылады. Осы әдістің шақыру нұсқауы жалпы жағдайда мынадай түрде болады:

Объект.Canvas. TextOut(x, y, Текст);

Мұндағы ***x, y*** – шығатын мәтіннің координат нүктелері; ***Текст*** – айнымалы немесе символдық типті тұрақты (шығарылатын мәтін).

TextOut әдісімен шығарылатын мәтін облысының оң жақ шекара координаттарын, **PenPos** қасиетін пайдыланып алуға болады, мысалы:

TextOut(PenPos.x, PenPos.y, ('руб.');

Қарапайым графиктерді сызу әдістері

LineTo әдісі түзуді қарандаштың ағымдағы орнынан координатасы көрсетілген нүктеге дейін сызады.

Объект.Canvas.LineTo(x, y);

MoveTo әдісі қарандашты белгіленген нүктеге апарады:

Объект.Canvas.MoveTo(x, y);

Ellipse әдісі эллипс сызады (жеке жағдайда, шенбер – параметр мәндеріне тәуелді болады):

Объект.Canvas.Ellipse(x1, y1, x2, y2);

Мұндағы *x1, y1, x2, y2* – ішіне эллипс сызылатын тіктөртбұрыш координаттары.

Arc әдісі доға сызады:

Объект.Canvas.Arc(x1, y1, x2, y2, x3, y3, x4, y4);

Мұндағы *x1, y1, x2, y2* – эллипс параметрлері, эллипс бөлігі яғни сызылатын доға болады.

Rectangle әдісі тіктөртбұрыш сызады:

Объект.Canvas.Rectangle (x1, y1, x2, y2);

Мұндағы *x1, y1* және *x2, y2* – сол жақ үстінгі және оң жақ астынғы тіктөртбұрыш бұрыштарының координаттары.

FillRect әдісі **Brush.Color** қасиеті арқылы берілген түсімен тіктөртбұрышты бояйды. Бұл әдістің бір ғана параметрі бар, бұл структураның TRect типі. Мысалы:

```
var
        R :Rect(20, 20, 150, 150);
        with Canvas do
        begin
                Brush.Color:=clRed;
                FillRect(R);
        end;
end;
```

Canvas объектінің қасиеттері

Айтып кеткендей, программа орындайтын графиктерді бетке шығару үшін **Canvas** қасиеті келеді. **Canvas** объектісінің **Pixels** қасиетін пайдалана отырып, графикалық беттің кез келген нүктесін қажетті түске бояуға болады. Мысалы, нұсқауы

Form1.Canvas.Pixels[10, 10] :=clRed;

форм бетіндегі нүктені қызыл түске бояйды.

Мысал1. Форма бетіне олимпиялық жалау суретін салайық. Объектіні Image компонентінің үстіне шығарамыз. Формаға Image, button1 компоненттерін орналастырамыз. Button1 компонентінің Caption қасиетіне «сурет салу» мәнін енгіземіз. Button1 компонентінің Onclick окиғасын құрамыз. Коды:


```
procedure TForm1.Button1Click(Sender: TObject);
begin
 with Image1.canvas do
begin
pen.Width:=1;Pen.Color:=clblack;
brush.Color:=clcream;Rectangle(30,30,150,115);
pen.Width:=2;brush.Style:=bsclear;
Pen.Color:=clblue;ellipse(40,40,80,80);
Pen.Color:=clblack;ellipse(70,40,110,80);
Pen.Color:=clred;ellipse(100,40,140,80);
Pen.Color:=clyellow;ellipse(55,65,95,105);
Pen.Color:=clgreen;ellipse(85,65,125,105);
end;
end;
```

Функциялардың графиктері мен диаграммаларын сызу

Sin (K* pi/10) функциясы берілген, K=0…20. Функцияның графигін салайық (4 - сурет). Функцияның графигін сызу үшін ***Chart1.SeriesList[0]. AddXY(k, (sin(k*pi/10)),' ', clGreen)*** *операторын қолдануға болады.*

***unit** Graf_sin_s;*

```
interface
uses
  Windows, Messages, SysUtils, Classes, Graphics, Controls, Forms, Dialogs,
  TeEngine, Series, ExtCtrls, TeeProcs, Chart;
type
  TForm1 = class(TForm)
    Chart1: TChart;
    Series2: TLineSeries;
    procedure FormActivate(Sender: TObject);
  private
    { Private declarations }
  public
    { Public declarations }
  end;
var
  Form1: TForm1;
implementation
{$R *.DFM}
procedure TForm1.FormActivate(Sender: TObject);
 var k: integer;
 begin
for k:=0 to 20 do
Chart1.SeriesList[0]. AddXY(k,(sin(k*pi/10)),'  ',  clGreen);
end;    end.
```



Синус функциясының графигі

Бақылау сұрақтары

1. Қозғалысты қалай программалаймыз?
2. Графиктік функцияларды атаңыз?
3. Графиктік процедураларды атаңыз?
4. Диаграмма және график салу жолдары.
5. Индикаторларды пайдалану жолдары.
6. Функциялардың графиктері мен диаграммаларды қалай сызамыз?

11 дәрістің тақырыбы: Мултимедиалық мүмкіндіктер

Жоспар:

1. **Кіріспе**
2. **Animate компоненті**
3. **MediaPlayer компоненті**
4. **Дыбыс шығару**
5. **Дыбысты жазу**
6. **Видеороликтер мен анимацияларды көру**
7. **Анимацияны құру**

Кіріспе

TMediaPlayer - компоненті әртүлі мультимедиялық құрылғылардан: компакт дискілері, дыбыстық карталары және т.б. тұрады. TmediaPlayer компонентінің бірнеше батырмалары бар, олар өздеріне тиісті қызметтерін атқарады.

Windows жүйесінің бүкіл қосымшаларында өзінің дербес менюі болады. Меню қолданушылық интерфейсінің тараған түрінің бірі, ол функциональды қасиеттері бойынша біріктірілген пункттер тізімі болып келеді, олардың әрқайсысы команда немесе іштей менюді көрсетеді. Қосымшада бір басты меню және бірнеше контекстік меню болады. Негізгі меню бүкіл қосымшаны басқаруға, контекстік менюдің әрқайсысы жеке интерфейстік элементі басқаруға арналған.

Animate компоненті

Animate компоненті **Win32** парағында орналасқан, ол вкадрлары AVI-файлында орналасқандар үшін анимацияны шығаруға мүмкіндік береді.




Animate компонентінің белгісі

Animate компоненті формаға әдеттегідей қосылады. Компонентті формаға орналастырғаннан кейін онын қасиеттерін қою керек:

Animate компонентінің қасиеттері

Қасиет	Қызметі
Name	Компоненттің аты.
FileName	Компоненттің көмегі арқылы бейнеленетін анимация орналасқан AVI-файлының аты.
StartFrame	Анимацияның бейнеленуі басталатын кадрдың нөмірі
stopFrame	Анимацияның бейнеленуі аяқталатын кадрдың нөмірі
Activate	Анимация кадрларынын бейнелену процессінің активтену белгісі
Color	Анимация іске қосылатын компоненттің фонының түсі
Repetitions	Анимацияның қайталану саны

AVI-файлда не нәрсе бар екендігін көру үшін Windows-тан қажетті буманы ашып AVI-файлын көрсетіп жанама менюден **Свойства** командасын таңдап алу керек:



Сводка парағында AVI-файлы туралы ақпарат шығады



Просмотр анимации программасының формасы

Келесі программа Animate компонентінің қолдануына мысал келтірілген:

Animate1 компонентінің қасиеттері

Қасиеттер	**Мәні**
FileName	bart.avi
Active	False
Transparent	True

```
unit ShowAVI_;

interface

uses
Windows, Messages, SysUtils,
Classes, Graphics, Controls,
Forms, Dialogs, StdCtrls, ComCtrls,
    ExtCtrls;

type
TForm1 = class(TForm)
Animate1: TAnimate;
// Animate компоненті
Button1: TButton; //  Пуск-Стоп батырмасы
Button2: TButton; // келесі кадр
Button3: TButton; // алдынғы кадр
RadioButton1: TRadioButton;
// барлық анимацияны карап шығу
RadioButton2: TRadioButton;
// әр кадр бойынша карап шығу
procedure Button1Click(Sender:
    TObject);

procedure Button2Click(Sender:
    TObject);

procedure Button3Click(Sender:
    TObject);

procedure RadioButton1Click(Sender:
    TObject);

procedure RadioButton2Click(Sender:
    TObject);

private
{ Private declarations }
public
{ Public declarations )

end;
```

```
var Form1: TForm1; // форма
CFrame: integer;

implementation {$R *.DFM}

procedure TForm1.Button2Click(Sender: TObject);
begin
if CFrame = 1 then
Button2.Enabled := True;
if CFrame < Animate1.FrameCount then
    begin
CFrame := CFrame + 1;
Animate1.StartFrame := CFrame;
Animate1.StopFrame := CFrame;
Animate1.Active := True;
if CFrame = Animate1.FrameCount
then Button2.Enabled:=False;
end;
end;

procedure TForm1.Button3Click(Sender:
    TObject);
begin
if CFrame = Animate1.FrameCount
then Button2.Enabled := True;
if CFrame > 1 then begin
CFrame := CFrame — 1;
Animate1.StartFrame := CFrame;
Animate1.StopFrame := CFrame;
Animate1.Active := True;
if CFrame = 1 // текущий кадр — первый
then Form1.Button3.Enabled := False;
end;
end;

procedure TForml.RadioButtonlClick(Sender:
    TObject);
begin
Buttonl.Enabled:=True;

Form1.Button3.Enabled:=False ;
Form1.Button2.Enabled:=False;
end;

procedure
    TForm1.RadioButton2Click(Sender:TObj
    ect);
begin
Button2.Enabled:=True;
Buttons.Enabled:=False
Buttonl.Enabled:=False; end;

procedure TForm1.ButtonlClick(Sender:
    TObject);
begin
if Animate1.Active = False
then begin
Animate1.StartFrame:=l;

Animate1.StopFrame:=Animate1.Frame
    Count;
Animate1.Active:=True;
Button1.caption:='Стоп';
RadioButton2.Enabled:=False;
end
else
begin
Animate1.Active:=False;
Button1.caption:='Пуск';
RadioButton2.Enabled:=True;
end;
end;

end.
```

comonAVi қасиетінің мәндері анимацияны анықтайды


Мән	Анимация	Процесс
AviCopyFiles		Файлды көшіру
AviDeleteFile		Файлды алып тастау
aviRecycleFile		Файлды корзинаға алып тастау

MediaPlayer компоненті

MediaPlayer компонентінің белгісі **System** парағында орналасқан. Ол видеороликтерді, дыбысты және ды быспен байланысқан анимацияны шығаруға мүмкіндік береді.



MediaPlayer компонентінің белгісі



MediaPlayer компоненті

MediaPlayer компонентінің батырмалары


Батырма	**Белгіленуі**	**Атқаратын қызметі**
Шығару	btPlay	Дыбыс немесе аудионы шығару
Пауза	btPause	Шығаруды уақытша тоқтату
Стоп	btStop	Шығаруды тоқтату
Келесі	btNext	Келесі кадрге көшу
Алдыңғы	btPrev	Алдыңғы кадрге көшу
Қадам	btStep	Келесі дыбыстық фрагментке көшу, мысалы CD-дегі келесі әнге көшу
Назад	btBack	Алдыңғы дыбыстық фрагментке көшу, мысалы CD-дегі алдыңғы әнге көшу
Жазу	btRecord	Жазу
Ашу/Жабу	btEject	Компьютердің CD-дисководын ашу немесе жабу

Дыбысты шығару

Дыбыстық фрагменттер WAV кеңейтілуі бар файлдарда орналасқан. Мысалы, C:\Winnt\Media каталогында Windows стандартты дыбыстары бар файлдарды табуға болады.

Келесі программа WAV-файлдарда орналасқан дыбыстық фрагменттерді шығару үшін ediaPiayer компонентін пайдалану мүмкіндігін көрсетеді.

Microsoft Windows-тың дыбыстары программасының формасы



MediaPlayer1 компонентінің қасиеттерінің мәндері

Компонент	**Мәні**
DeviceType	DtAutoSelect
FileName	C:\Winnt\Media\Звук Microsoft.wav
AutoOpen	True
VisibleButtons . btNext	False
VisibleButtons .btPrev	False
VisibleButtons . btStep	False
VisibleButtons . btBack	False
VisibleButtons . btRecord	False
VisibleButtons .btEject	False

Листинг:

```
unit WinSound_; interface
uses
Windows, Messages, SysUtils,
Classes, Graphics, Controls, Forms,
Dialogs, StdCtrls, MPlayer;
type
TForm1 = class(TForm)
MediaPlayer1: TMediaPlayer; //
    медиаплеер
Label1: TLabel;
ListBox1: TListBox;
Label2: TLabel;
procedure FormActivate(Sender: TObject);
procedure ListBox1Click(Sender:
    TObject);
procedure MediaPlayer1Click(Sender:
    TObject; Button: TMPBtnType;
var DoDefault: Boolean); private
{ Private declarations } public
{ Public declarations } end;
const
SOUNDPATCH='c:\winnt\media\';
```

```
var
Form1: TForm1;
implementation
{$R *.DFM}
procedure TForm1.FormActivate(Sender:
    TObject);
var
SearchRec: TSearchRec;
begin
Form1.MediaPlayer1.Play ;

if FindFirst(SOUNDPATCH+'*.wav',
    faAnyFile, SearchRec) =0 then
begin


Form1.ListBox1.Items.Add(SearchRec.Na
    me) ;

while (FindNext(SearchRec) = 0) do
Form1.ListBox1.Items.Add(SearchRec.Na
    me);
end;
end;
```

```
procedure TForm1.ListBoxlClick(Sender:
    TObject);
begin


Label2.Caption:=ListBox1.Items[ListBox1.
    itemIndex];

procedure
    TForm1.MediaPlayerlClick(Sender:
    TObject; Button: TMPBtnType;
var DoDefault: Boolean); begin
if (Button = btPlay) and (Label2.Caption
    <> '') then
begin

with MediaPlayerl do begin
FileName:=SOUNDPATCH+Label2.Captio
    n;
Open;
end;
end;
end;
end.
```

Дыбысты жазу


Дыбыстық фрагментті алу үшін Windows-тың құрамындағы **Звукозапись** программасын пайдалануға болады. Ол үшін **Пуск** | **Программы** | **Стандартные** | **Развлечения** | **Звукозапись** командаларын тандак керек.




Звукозапись

программасының диалогтық терезесі


WAV-файл келесі түрде құрылады. Алдымен дыбыстың кайнар көзін анықтау керек. Ол үшін **Параметры** менюінен **Свойства** командасын алып **Регулятор громкости** таңдау керек. Сонан соң **Запись айырғышын таңдап Отображаемые регуляторы громкости** тізіміндегі керекті сигналдарды орнату үшін жалаушаларды таңдау керек. Енді дыбысты жазуға көшуге болады.



Свойства диалогтық терезес





Уровень записи диалогтық терезе



Процесті тоқтату үшін **Стоп** батырмасын басу жеткілікті.

Видеороликтер мен анимацияны қарап шығу





MediaPlayer-ді қолдану программасының терезесі

MediaPlayer1 компонентінің қасиеттерінің мәні

Қасиет	**Мән**
Name	MediaPlayer1
FileName	delphi.avi
DeviceType	dtAVIVideo
AutoOpen	True

Display	Panel1
Visible	False

Листинг:

```
uses
Windows, Messages, SysUtils,
Classes, Graphics, Controls,
Forms, Dialogs, MPlayer, StdCtrls,
    ExtCtrls;
type
TForm1 = class(TForm)
Label1: TLabel; Panel1: TPanelButton1:
    TButtonMediaPlayer1: TMediaPlayer;
    procedure ButtonlClick(Sender:
    TObject);
procedure FormCreate(Sender: TObject);
private
{ Private declarations ) public
{ Public declarations } end;
var
Form1: TForm1 ;
implementation
($R *.DFM}
procedure TForm1.ButtonlClick(Sender:
    TObject);
begin
MediaPlayer1.Play;
end;
procedure TForm1.FormCreate(Sender:
    TObject);
begin
MediaPlayer1.DisplayRect:=Rect(0,0,60,60
    );
end;
end.
```

Анимацияны құру

Мысал:



Дельфи храмының эскизі



1



2



3



4



5



6




7 ...




37

Бұл есепті шешу үшін Macromedia Flash 5 программасын қолдануға болады.



Movie терезесі




Movie Propertiesтерезесіндегі мінездемелер

Бірінші кадрды жәй ғана салу керек. Ол үшін : қарындаш, өшіргіш сияқты стандартты құралдарды пайдаланса жеткілікті.


Келесі кадрды құру үшін **Insert** менюінен **Keyframe** командасын таңдау керек. Нәтижесінде алдыңғы кадрге келесі кадр қосылады. Енді екінші кадрды салуға болады. Тура осылайша келесі кадрлер құрылады.


Шығарылатын анимация дыбыспен байланысуы үшін алдыменен сәйкес дыбыстық файлды қолдануға мүмкіншілік алк керек. Ол үшін **File** менюінен **Import** командасын таңдап алу керек те оны дыбыстық файлдың проектіне қосу керек.



Дыбыстық файлды импорттау

Сонан соң Timeline терезесінде кадрды таңдап алу керек. Количество повторов нужно ввести в поле **Loops** өрісінде қайталану санын көрсету керек.





Анимация мысалы



Export Windows AVI терезе

Бақылау сұрақтары

1. Animate компоненті. Қасиеттері.
2. MediaPlayer компоненті. Қасиеттері.
3. Дыбыс шығару жолдары.
4. Дыбысты жазу жолдары.
5. Видеороликтер мен анимацияларды көру
6. Анимация құру

12 дәрістің тақырыбы: Объекті-бағдарлы программалаудың элементтері

- **Объекті- бағдарлы тәсілдердің негіздері.**
- **Кластың құрылымы және оны жариялау.**
- **Protected және private нұсқаулары.**
- **Полиморфизм және виртуалдық әдістер.**
- **Жалпы қажеттіліктерге қолданылатын кластар**

Объекті- бағдарлы тәсілдердің негіздері.

Объектіге - бағдарлы (ОББ) тәсілдерінің негізінде берілгендерді және оларға орындалатын іс - әрекеттердің жиынын бір құрылымға біріктіру ойы жатыр. Берілгендерді ***өрістері***, орындалатын әрекеттерді іске асыратын ішкі программаларды ***әдістері*** деп атайды.

Object Pascal құрамына өрістерді, әдістерді және қасиеттерді біріктіретін арнайы түр - ***класс*** ендірілген. Класс құрамына берілгендер мен берілгендерге орындалатын әрекеттер жиыны кіреді.

ОББ тәсілдері *инкапсуляция, иемдену* және *полиморфизм* ұғымдарына негізделген.

Инкапсуляция, дегеніміз - берілгендерді оларды басқаратын процедура және функциялармен қатар қолдану. Осындай қатарластырудың нәтижесінде берілгендердің жаңа түрі - ***объект*** пайда болады.

Иемдену - алдын ала анықталған объектілерді пайдалану арқылы олардың туындыларын құрастыру мүмкіндігі. Кез келген класс алғы буын класының туындысы ретінде анықталуы мүмкін. Осындай туынды алғы буынның өрістерін, әдістерін және қасиеттерін иемденеді. Осы сәтте иемденген берілгендерді, әдістерді және қасиеттерді анықтаудың қажеті жоқ, оларды бірден пайдалануға болады.

Полиморфизм - кластың барлық объектілеріне қолдануға болатын аты бірдей әрекетті анықтаудың мүмкіндігі, сонымен бірге әр объект осы әрекетті өзінше орындайды. Объектке - бағдарлы тәсілдері айтарлықтай күрделі есептердің программаларын құрастыруды жеңілдетеді және программаның кодын қайталап қолдануға мүмкіндік тұғызыды.

Кластың құрылымы және оны жариялау

Жалпы ОББ тәсілдерінің ерекшелігі - алдын ала құрылып қойылған объектілерді қолдану және де сол объектілердің көптеген туындыларын пайдалану болатындығы.

Кластың құрамындағы өрістер кез келген түрде болуы мүмкін. Кластың құрылымы арнайы бекітілген ***Class*** сөзімен басталады, сонан кейін жақшада осы кластың тікелей алғы буыны көрсетіледі. Ары бөлек жол түрінде өрістері, әдістері және қасиеттері келтіріледі және соңында ***End*** тұрады.

Классқа сәйкес типті объекті тип деп атайтын боламыз:

```
type
      TMyObject = class(TObject)
       MyField: Integer;
       function MyMethod: Integer;

end;
```

Объект

Объектке жадыдан орын бөлу арнайы *кластың құрастырушы* әдісі арқылы орындалады, әдетте оның аты *Create.* Құрастырушының маңызын және бет алысын көрсету үшін кластың сипттасасында *procedure* сөзінің орнына *Consructor* деген сөзді көрсетеді.

Мысалы, жоғарыдағы сипаттаманы өзгертейік:

```
TPerson = class          // TPerson - кластың аты
Private
Fname: integer;          //1 - ші өрісінің аты
Faddress: string[35];        //2 - ші өрісінің аты
Constructor Create;        // құрастырушы
```

```
Public
Procedure Show;          // Show - әдіci
End;
```

Объектілер қалай құрылады және жойылады?

Объект конструктор деп аталатын арнайы тәсілдің негізінде пайда болады да, баска бір тәсіл- деструктордын көмегімен жойылады:

```
AMyObject := TMyObject.Create;

{ құрылған объектіге қолданылатын амалдар }
...

AMyObject.Destroy;
```

Класстың бірнеше конструкторы болуы мүмкін. Конструктордың жалпы аты create. Деструктордың типтік аталуы — Destroy.

```
type
    TMyObject = class(TObject)
    MyField: Integer;
     Constructor Create;
     Destructor Destroy;
     Function MyMethod: Integer;
end;
```

Өрістер, қасиеттер және тәсілдер

Класстың өрістері - класстың ішінде сипатталған айнымалылар. Олар класстың объектісінің жұмысы барысында деректерді сақтауға арналған.

Класстың сипаттамасында өрістер тәсілдер мен қасиеттерден бұрын келуі керек.

Әдетте өрістер класстың ішіндегі операциялардың орындалуын қамтамасыз ету үшін қолданылады.

Деректер алмасу үшін класста қасиеттер қолданылады. Қасиеттерді сипаттау үшін класста property сөзі қолданылады.

Мысалы, қосымша терезесіндегі қарапайым батырманың түс, өлшем, алатын орны сияқты қасиеттері болады.

Қасиеттер сыртқы ортамен дерек алмасуды қамтамасыз етеді.

Сондықтан оның мәнін пайдалану үшін класстың арнайы тәсілдері пайдаланылады.

Әдетте касиет үш элемент арқылы анықталады: өріс және оқу/жазуды жүзеге асыратын екі тәсіл:

```
type
     TAnObject = class(TObject)
     function GetColor: TSomeType;
      procedure SetColor(ANewValue:
      TSomeType);
      property AColor:
     TSomeType read GetColor write
     SetColor;
 end;
```

Егер касиет тек оқылатын немесе жазылатын болса, онда оның сипаттамасында сәйкес тәсіл жазыла алады:

```
type
    TAnObject = class(TObject)
    property AProperty: TSomeType
    read GetValue;
end;
```

Объектінің берілгендеріне орын бөлу - құрастырушы Create әдісін қолданудың нәтижесін меншіктеу арқылы орындалады, мысалы:

Proff:=TPerson.Create;

// proff объектінің берілгендеріне қажетті орын бөлу

Сонымен қатар, *Consructor* көмегімен объектінің берілгендеріне бастапқы мәндерін меншіктеуге, яғни объектіні инициялизациялау әрекетін орындауға болады:

```
Constructor TPerson Create;
 Begin
   fname:=' ';
   faddress:=' ';
end;
```

Енді объектіні жариялап, инициялизациялаудан кейін оны пайдалануға болады.

Жоғарыда айтылғандай, объектінің өрісіне қол жеткізу үшін объектінің және өрістің атын көрсету керек (арасында нүкте тұрады). Мысалы, ***Proff.fname***. Егер белгілі бір объект ары қолданылмаса, онда жадыны босатуға болады. Осы әрекетті орындау үшін ***Free*** - *деструктор* әдісін қолдану керек, мысалы: ***Proff.Free;***

Әдістер

Кластың әдістері (кластың анықтамасындағы көрсетілген процедуралар және функциялар) осы кластың объектілерімен жұмыс аткарады. Әдісті қолдануда объектінің атын және әдістің атын нүктемен ажыратып көрсетеді. Әдісті объектке қолдану - процедураның шақырылуына ұқсас. Кластың әдістерін анықтау әдеттегі процедуралар және функциялардың анықталуымен бірдей, тек әдістің процедурасының және функцияларының аты күрделі болып екі бөліктен тұрады: иесінің - кластың атынан, нүкте және әдістің атынан.

Инкапсуляция және объектінің қасиеттері

Инкапсуляция деп объектінің өрістеріне оның әдістері арқылы қол жеткізу үшін объектінің өрістерін жасыруды атайды. Delphi ортасында объектінің өрістеріне қол жетерлік мүмкіндіктерін шектеуді оның қасиеттері арқылы анықтайды. Объектінің қасиеті оның мәнін сақтайтын өрісімен және осы өріске қол жетерлік мүмкіндіктерін анықтайтын екі әдіспен сипатталады. Қасиеттің мәнін орнатуды *қасиеттің мәнін жазу (Write)* , ал қасиеттің мәнін қайтару - *қасиеттің мәнін оқу (Read)* әдістерімен орындалады. Кластың анықтамасында қасиеттің атының алдына ***Properties*** сөзі, оның түрі және осы қасиетке қол жетерлік мүмкіндігін қамтитын әдістің аты орналасады.

Иемдену

ОББ - ның ***иемдену*** қасиеті бұрыннан анықталған кластарға жаңа өрістер, әдістер және қасиеттерді қосу арқылы туындыларын құрастыруға мүмкіндік туғызады. Сонымен бірге жаңа буын өз "иесінің" барлық өрістерін, әдістерін және қасиеттерін иемденеді.

Туындысын жариялағанда алғы буынның атын міндетті түрде көрсету қажет. Мысалы, қызметкерлер класын ***TEmpl*** жоғарыдағы қарастырылған TPerson класына ***FDep*** (бөлім) деген өрісті қосу арқылы анықтауға болады.

Protected және private нұсқаулары

Клас элементтерін (өрістері, әдістері және қасиеттері) жариялаумен қатар әдетте кластың анықтамасына ***protected*** *(қорғалған*) және ***private*** (жасырылған) нұсқауларын келтіреді. Бұл нұсқаулар кластың элементтеріне қол жетерлік мүмкіндігін анықтайды.

Protected арқылы анықталған элементтерді *тек олардың туындыларынан* көруге болады. Қол жетерлік аймақ кластың анықтамасы орналасқан модульмен шектелмейді. Әдетте *Protected* бөлімшесіне кластың әдістер анықтамасын орналастырады.

Private арқылы анықталған элементтер тек модульде белгілі болып саналады. Осындай сипатталған элементтерге модульден тыс және кластардың туындыларынан қол жеткізуге

болмайды. Әдетте *Private* бөлімшесіне кластың өрістерінің сипаттамаларын орналастырады, ал осы өрістерге қол жеткізу үшін қолданылатын әдістер анықтамасын *Protected* бөлімшесінде орналастырады.

Полиморфизм және виртуалдық әдістер

Полиморфизм, дегеніміз, - әртүрлі кластарға жататын әдістерге бір атауды қолдану мүмкіндігі. ОББ - ның осы қасиеті арқылы кластың әртүрлі объектілеріне бір атаудағы әдісті қолданғанда, дәл аталмыш объектіне сәйкес әдістің орындалуын қамтиды.

Негізгі класта *Virtual* нұсқауы арқылы бұл әдіс *виртуалды* деп анықталған. Әдістің виртуалды деп анықталуы туындыларына осы әдісті өз қажеттілігіне сай өзгертуге мүмкіндік береді. Негізгі кластың туындылары да *Info* функциясын қолданады, *тек* әр туынды негізгі класс әдісінің орнына өзінің әдісін қояды. Негізгі кластың виртуалды әдісінің орнына туындыдағы анықталған әдісті *Override* - аластату нұсқауы арқылы көрсетеді.

Жалпы қажеттіліктерге қолданылатын кластар

Object Pascal құрамындағы барлық кластар ***TObject*** класының - ***ең түпкі буынның*** туындылары болып саналады. TObject класы стандартты SYSTEM.PAS модулінде орналасады және көптеген қасиеттер және әдістермен қамтылған. Әдістердің арасында ClassName - анықталған объектінің алғы буынының атын қайтарады, ClassType - кластың туындысы туралы мәлімет қайтарады, Create - объектінің данасын құрастырады, Free - объектіні жояды және қажет болса объект орналаскан жадының аймағын босатады т.с.с.

1.TPersistent класы өзінің Tobject - алғы буын мүмкіндіктерін ұлғайтып, берілгендерді файлда сақтау, файлдан оқу әрекеттерін "орындай" алады, нәтижесінде оның барлық туындылары аталған әрекеттерді "орындайды".

2.TControl класының бірнеше қасиеттерін карастырайық. Мысалы, Align - тегістеу тәртібін орнатады, Caption - компонентің бетіне жазу шығарады, Color - компонентің түсін анықтайды, Enabled - компонентін екпінділігін көрсетеді және т.с.с. Бұл класс көптеген әдістермен қамтылған. Олардың арасындағы бірнеше әдістерді атап шығайық: Click- сырт еткізудегі оқиғаны өңдеуші үзіндіні шақырады, DblClick - екі рет сырт еткізудегі оқиғаны өңдеуші үзіндіні шақырады, Hide - копонентті жасырады, Show - компонентті көрсетеді, Refresh - компонеттің бейнесін қайтадан сызады және т.с.с. Оқиғалары: OnClick, OnDblClick және т.с.с.

Бақылау сұрақтары

1. Объекті-бағдарлы программалау дегеніміз не?
2. Объекті-бағдарлы программалаудың негізгі тәсілдері.
3. Класс дегеніміз не?
4. Кластың құрылымы және оны жариялау.
5. Protected және private нұсқаулары.
6. Полиморфизм және виртуалдық әдістер дегеніміз не?
7. Жалпы қажеттіліктерге қолданылатын кластарды атаңыз?

13 дәрістің тақырыбы: Қолданушының компоненттерін құру

- **Визуалдық компоненттерді қолданудың негіздері.**
- **Ауыстырғыштар.**
- **Фреймдер**
- **Негізгі меню.**

1. Визуалдық компоненттерді қолданудың негіздері.

Визуалдық компоненттер жинағының (VCL) құрамындағы барлық компоненттердің алғы буыны **TControl** класы деп саналады. Осы класс компоненттің мекен – жайын, мөлшерін, оның тақырыбын, түсін және басқа да сипттамаларын камтиды. Сипаттамаларымен бірге аталған класқа барлық визуалдық компоненттердің ортақ қасиеттері, оқиғалары және әдістері жатады. Визуалдық компоненттерді екі үлкен топқа бөлуге болады: терезелік және де терезелік емес.

Терезелік компоненттер - белгілі бір қажеттілікке арнайы даярланған терезе. Оларға командалық батырмаларды, редакторлау терезелерін, қарап шығу белдеулерін және т.с.с жатқызуға болады. Терезелік элементтер **TWinControl** (Tcontrol класының туындысы) түріне жатады. Терезелік элементтерге фокусты беру төменгі екі әдістің біреумен орындалады:

- Редакторлаудың көрсеткіші арқылы;
- Төртбұрыштың көмегімен.

Edit және **Memo** - ге фокусты бергеннен (пернелер тақтасымен байланыстырғаннан) кейін енгізу жолында редакторлау көрсеткіші жыпылықтап тұрған тік сызық түрінде пернелер тақтасынан символды енгізетін позицияны көрсетіп тұрады. Осы көрсеткішті жылжыту пернелер тақтасындағы көрсеткішті басқару пернелерінің көмегімен орындалады.

Мәліметті редакторлау әрекеттерімен байланыспаған компоненттерге фокусты бергенде, көрсеткіш қара төртбырышпен бейнеленеді. Мысалы, төртбұрыш **Button** батырмасының сыртында орналасады, ал **ListBox** тізімінің таңдалған бір жолын белгілеп (бұл жол басқа түспен боялады, мысалы көк түспен) тұрады.

Терезелік емес басқару элементтерінің негізі болып TControl - дың туындысы **TGraphicControl** түрі саналады. Терезелік емес басқару элементтеріне фокус берілмейді және оларды контейнер ретінде қолдануға болмайды. Терезелік емес басқару элементтерінің артықшылығы - дескриптордың қажеті жоқ болғандықтан, осындай элементке кететін компьютердің ресурстары біршама төмен болады. Мысалы, программада құралдар тақташасын құрастыру үшін стандартты Button батырмасының орнына **SpeedButton** - жылдам батырмалардың орнатылғаны жөн.

Визуалдық компоненттердің көптеген ортақ қасиеттері, оқиғалары және әдістері болады.

Қасиеттері

Программа құрастырылғанда және орындалғанда компоненттің сыртқы көрінісін және бет алысын қасиеттер арқылы басқаруға болады. Компоненттің көптеген қасиеттерін Объектілер бақылаушысы арқылы форманы қалыптастыру кезенінде анықтауға болады. Жалпы компоненттің қасиеттер мәнін меншіктеу операторымен анықтауға да болады.

TCaption түріне жататын **Caption** қасиеті компонентің атын (тақырыбын) жазатын жолдан тұрады. Caption - String түрімен ұқсас деп саналады. Тақырыптағы кейбір символдардың асты сызылып тұруы мүмкін, олар жедел қол жеткізу пернелерінің қисындастыруын көрсетеді. Көрсетілген символдың Alt пернесімен бірге басылуы осы элементті тышқан тетігімен басуымен бірдей деп есептеледі. Пернелердің қиылысуын анықтау үшін тақырыптағы сәйкес символдың алдына & таңбасы қойылады.

- TAlign түріне жататын **Align** қасиеті контейнердің ішіндегі компоненттің тегістеуін камтиды. Тегістеу тәртібі контейнердің мөлшері өзгертілгенде интерфейстік элементтің контейнер ішінде белгілі бір орынды алып тұруын қамту қажеттілігіне пайдалынады. Кейбір компонентердің, мысалы Button батырмасын осы қасиетіне тек қана программа орындалып жатқанда жол ашылады.

- Компоненттің түсін кейбір тұрақтылар арқылы анықтауға болады. Ол тұрақтылар экран қасиеттерінің Оформление – безендіру бетбелгісімен анықталған Windows ортасының жүйелік палитрасының құрамындағы элементтер түстері.

- Boolean түріндегі **Ctl3D** қасиеті арқылы визуалдық компоненттің көрініс түрін анықтауға болады. Erep Ct13D - ның мәні False болса, онда көрінісі екі өлшемді, ал True болса, онда үш өлшемді болады. Үш өлшемді көрініс элементтің жанғылған эффекті арқылы беріледі. Бұл қасиет кейбір компоненттерде болмайды, мысалы Label - де ол жоқ.

♦ TCursor түрінің **Cursor** қасиеті тышқан көрсеткішінің көрінісін анықтайды. Мысалы, crDefault мәні көрсеткіштің түрін келісімше (әдетте тілсызық) қалтырады, crNone - көрсеткіш көрінбейді, crHourGlass - көрінісі құм сағат түрінде шығады.

♦ Boolean түріндегі **Enabled** - компоненттің екпінділігін, яғни тышқаннан немесе пернелерден түскен хабарға сезіну қабылеті бар екендігін көрсетеді. Егер қасиеттің мәні True болса, онда компонент екпінді деп саналады, False болса, онда компоненттің көрінісі бозарып, екпінді емес күйде болады.

♦ Integer түріндегі **Height** және **Width** қасиеттері компоненттің контейнердегі биіктігін және ұзындығын көрсетеді. Форма өзі қкранға орналасқан компонент деп саналады және оның координаттар нөмірі ккранның жоғарғы сол жақ бұрышынан басталады. Integer түріндегі **Left** және **Top** компоненттің контейнердегі жоғарғы сол жақ бұрышын анықтайды.

♦ String түріндегі **Hint** қасиеті арқылы көрсеткіш белгілі бір компонент аймағында жылжымай орналасып тұрғанда еске түсіретін хабар шығарылады. Ол хабар Hint қасиетінің оң жақтағы бос жолына енгізіледі. Енді хабар шығып тұруын қамту үшін Show Hint:= True деп анықтау керек. Әдетте келісімше Show Hint мәні False болып тұрады.

♦ TMainMenu түрінің **MainMenu** туындысы арқылы формаға меню жүйесін орнатуға болады. Меню құрастырушысы мәтіндік редакторға ұқсас және онымен жұмыс атқару ыңғайлы және жеңіл түрде орындалады.

♦ TPopupMenu түрінің туындысы **PopupMenu** арқылы белгілі бір компоненттің аумағында тышқанның оң батырмасын басқанда жергілікті контекстік (тақырыпқа байланысты) меню жүйесін шығаруға болады.

♦ **TabOrder** қасиеті арқылы Tab пернесі басылғандағы объектілерге фокусты беру реті анықталады. Келісімше бұл тізбек форманы құрастырғанда оған орнатылған элементтер реті бойынша анықталады, ең алдымен орналастырылған компоненттің TabOrder қасиеті 0 болады, екінші болып орнатылған компоненттің TabOrder тең 1-ге және т.с.с.

♦ Жалпы компоненттердің Parent параметріне ұқсас TComponent түріндегі **Owner - иесі** қасиеті болады. Әдетте формаға орналастырылған компоненттердің иесі - Form деп саналады. Егер компоненттердің иесі жойылса, онда оған орналастырылған барлық элементтер де жойылады.

♦ Программаның орындалу барысында белгілі бір компоненттің орналастыруы **Create (self)** функциясы арқылы орындалады.

♦ **DragMode** қасиеті программалау кезеңінде объектілерді жылжыту амалдарымен байланысты **Drag – and - Drop** тәсілін қолдануда пайдаланылады және басқару элементін тышқанмен жылжытқандағы бет алысын анықтайды. DragMode мәні dmAutomatic және dmManual болады. Келісімше DragMode мәні dmManual болып тұрады. Бұл тәртіпте BeginDrag әдісі шақырылмағанға дейін басқару элементін жылжытуға болмайды. Егер қасиеттің мәні dmAutomatic болса, онда объектіні кез келген мезгілде жылжытуға болады. Объектіні жылжыту амалдарын орындау үшін DragMode мәнін анықтаумен бірге жылжыту амалдары орындалғандағы оқиғаны өңдеуші үзіндісін көлтіруді қажет етеді.

Әдістері

Delphi ортасының визуалдық және визуалдық емес компоненттері көптеген әдістермен байланысты болады. Ол әдістер арқылы объектілерді құрастыру, оларды жойып тастау, сызу, бейнелеу, жасыру және т.с.с. операцияларды орындауға болады. Визуалдық компоненттерге жиі қолданылатын әдістерді қарастырайық.

SetFocus прцедурасы терезелік басқару элементіне енгізу фокусын береді. Егер басқару элементі қазіргі мезетте енгізу фокусын қабылдай алмайтын жағдайда болса, онда қате шығады. Сондықтан фокусты элементке беру алдында элементтің фокусты қабылдайтын қабылетін **CanFocus** функциясы арқылы тексеру керек. Егер функцияның нәтижесі True болса, онда элементке фокусты беруге болады, керісінше (False) - элемент фокусты қабылдай алмайды. Фокусты қабылдамайтын жағдай - элемент екпінді емес күйде болуы, яғни оның Enabled қасиетінің мәні False болғандығы анықтайды.

♦ **Clear** әдісі элементтің мазмұнын (мәтіндік немесе сандық берігендерді) жойып тастайды, яғни элементті тазалайды.

♦ **Refresh** әдісі басқару элементтерін жаңарту үшін қолданылады. Жаңарту дегеніміз, элементті алып тастау және қайтадан салу деп түсіну қажет. Элементті қайталап салу қажет болса, әдетте осы әдіс автоматты түрде шақырылады. Бірақ кейде, программалаушы қайталап салу әрекеттерін өзі басқарып отырған жағдайда, бұл әдісті программа кодында көлтіру қажет.

Refresh әдісі **Invalidate** және **UpDate** әдістерін шақырып отырады. Invalidate әдісі Windows ортасына бейнені жаңарту қажеттігі туралы хабар жібереді. Жүйе осы операцияны мүмкін болғанда ғана орындайды. UpDate әдісі бойынша хабар келісімен бірден жаңарту операциясы орындала береді.

Информацияны енгізу және редакторлау

Delphi ортасының **Edit, MaskEdit, Memo, RichEdit** компоненттері арқылы информацияны енгізуге және оны өзгеруге болады. **Edit** компоненті **Enter** пернесінің басылғанына сезімбейді.

- **Edit** - тің CharCase қасиеті енгізілетін мәтіндегі әріптердің регистрын анықтайды:
- EcLowerCase - барлық көрсетілген әріптерді кіші әріпке аударады;
- EcNormal - әріптерді көрсетілген түрінде бейнелейді;
- EcUpperCase - барлық көрсетілген әріптерді бас әріпке аударады.

- Егер Edit - тың **Password** (құпия сөз) қасиетінің мәні #0 болса, онда енгізу жолында терілген таңбалар көрініп тұрады. Енгізілген информацияны көрсетпеу үшін **Password** мәні #0 - ден тыс болу керек. Енгізу жолындағы таңбалардың орнында жұлдызшалар (*) тұрады.
- **MaskEdit** компоненті енгізілетін берілгендің үлгісін анықтайды (мысалы, бүтін, нақты сандарды, датаны немесе телефон нөмірін). Үлгі компоненттің EditMask қасиеті арқылы анықталады. Сол қасиеттің оң жағын екі рет сырт еткізіп, шыққан терезеде берілгендердің үлгісін анықтауға болады.
- Жалпы Edit элементі Enter және Esc басқару пернелерін басқанға сезімбейді. Enter пернесін басқандағы орындалатын әрекеттерді программалаушы әдейі көрсету керек. Әдетте бұл перненің басылуы редактордың жолындағы берілгендің соңын және басқа басқару элементіне өту, яғни **SetFocus** әдісі немесе **ActiveControl** қасиетінің мәнін көрсету арқылы оған енгізу фокусын беру қажеттілігін анықтайды. Жиі кездесетін бір жәйт - басқару бір енгізу элементіне берілгенін көрсеткеннен кейін басқа басқару элементіне өткенде (табуляция орындалғанда), Enter пернесін басумен байланысты оқиғаны бөліп өңдеу тәсілі қолданылады.

Көп жолдық редактор

Көп жолдық мәтінді өңдеу үшін Delphi ортасы **Memo** компонентін ұсынады. Бұл редактордың мүмкіндіктері бір жолдық Edit элементімен бірдей, тек Memo - де бірнеше жол орналастыруға болады. Memo - нын мазмұнына қол жеткізу үшін String түріндегі **Lines** қасиеті қолданылады. Бұл жәйтта терезенің мазмұны бір жолдық шама деп саналады, жолдың соңын көрсету үшін Enter пернесі басылған, яғни соңында #13#10 таңбалары тұр деп саналады.

Memo - нын бөлек жолымен жұмыс атқаруда TString түрінің Lines қасиеті қолданылады. TString класы арнайы жолдық шамалармен жұмыс атқаруға негізделген және көптеген қасиеттер мен әдістерді қолдануға мүмкіндік туғызады.

WantTab қасиетінің мәні True болса, онда Tab пернесі басылғанда мәтінге табуляция белгісі орналастырылады, яғни келесі жолды енгізуге мүмкіндік туғызады. Келісімше WantTab қасиетінің мәні False, осы тәртіпте Tab пернесі басылғанда енгізу фокусы келесі терезелік басқару элементіне беріледі.

RichEdit компоненті мәтінді редакторлау мүмкіндігімен қамтылған, ол мәтінді форматтауды және келесі әрекеттерді орындауды сүйемелдейді: тегістеу және табуляция тәртібін орнату, шегіністі қолдану, шрифты өзгерту және т.с.с. Осы редактордағы даярланған мәтін RTF (Rich Text Format) форматымен тіркеседі, яғни Windows ортасындағы барлық мәтіндік редакторлармен сүйемелденеді.

Қиылыстырылған тізім

Қиылыстырылған тізім редакторлау өрісін тізіммен байланыстырады. Тізімдегі бір мәнді таңдап, сол мәнді тізімде көрсетуге болады. Осындай әрекеттерді орындау үшін Delphi ортасы **ComboBox** компонентін ұсынады. ComboBox компоненті арқылы анықталған тізім жәй және жазылатын түрде болуы мүмкін.

DropDownCount параметрі (келісімше - 8) қкран бетіне шығып тұратын элементтердің санын анықтайды. Егер тізімдегі элементтер саны Items - тың Count параметрінде анықталған шамадан артып түссе, онда жазылатын тізім автоматты түрде тік белдеумен қамтылады.

DroppedDown (Boolean) параметрі тізім жазылған немесе жазылмаған күйде екенін анықтайды. Егер бұл параметр True деп анықталса, онда тізім жазылған күйде, керісінше болса - бүктелген күйде көрсетіледі. Бұл анықтама Style - дың мәні csSimple - ден басқа сипаттамаларына ғана әсер етеді.

Жазылатын тізім көрсетілгенде TNotifyEvent түрінің OnDropDown оқиғасы туады. DroppedDown параметрінің мәнін өзгерту арқылы программа орындалғанда тізімді бүктеуге немесе жазуға болады.

Жалпы тізімдер туралы

Жәй және қиылыстырылған тізімдер бір біріне ұқсас болып келеді және олардың көптеген ортақ қасиеттері, оқиғалары және әдістері болады. Жалпы тізімдердің жолдармен жұмыс істеуге бейімделген және өзінің көптеген қасиеттерімен қатар әдістері бар негізгі қасиеті - **Items** болып саналады.

Items қасиеті

TString түрінің Items қасиеті массив тәріздес, ол жолдардың санын және олардың мазмұнын анықтайды. Жалпы TString түрі - базалық түрге жатады және ол жолдық шамалармен жұмыс атқаруды қамтамасыз етеді.

Бөлек жолдармен жұмыс атқарғанда жолдардың нөмірін қадағалап отыру керек, мысалы, егер Items құрамында үш жол анықталған болса, ал программа орындалу барысында бір операторда төртінші жолдың нөмірі көрсетілсе, онда осындай жағдай қатеге алып келеді және программа жұмысын апаттық түрде тоқтатады. Count параметрі тізімдегі элементтер санын анықтайды. Соңғы элементтің нөмірі (Count –1) болып саналады.

Қосымшаны құрастырғанда кейде бір тізімдегі элементтерді басқа тізімге жылжыту қажет болуы мүмкін. Осындай әрекетті тізімдерді келістіру деп атайды. Келісілген тізімдерді орнату **AddStrings** және **Assign** әдістері арқылы орындалады. **Equals** әдісі арқылы тізімдердің келісуінің қажеттілігін тексеруге болады.

Move (CurIndex, NewIndex:Integer) процедурасы CurIndex - пен анықталған жолды NewIndex - пен анықталған орынға жылжытады.

IndexOf (const S:String) : Integer функциясы арқылы тізімде S жолдың бар болуы тексереді. Егер тізімде осындай жол бар болса, онда табылған жолдың нөмірін көрсетеді, керісінше (– 1) мәнін қайтарады.

Стандартты батырма

Button - терезелік басқару батырмасы болып саналады. Оның бетіне батырманының тағайындалуы туралы немесе батырманы басқандағы орындалатын іс - әрекеттің қысқаша анықтамасы келтірілуі мүмкін.

Button батырмасымен орындалатын негізі оқиға - **OnClick** - оны сырт еткізу. Осы сәтте батырма түрін өзгертіп, команданы қабылдағанын көрсетіп тұрады. Батырманы жібергеннен кейін OnClick оқиғасын өңдеуші үзінді өз жұмысын бірден бастайды. Батырманы әртүрлі әдістермен басуға болады:

Терезені жабудағы колданылатын батырмалардың **ModalResult** қасиетін пайдалануға болады. Бұл параметр терезе жабылғандағы форманың ModalResult мәнін анықтайды. Әдетте ModalResult - ты сұхбаттасу терезелерін жабуда қолданады және оның мүмкін болатын мәндері бүтін сан түрінде анықталады. Егер батырманын ModalResult мәні mrNone - дан басқа кез келген мәнді қабылдаса, онда батырма басылғанда форма автоматты түрде жабылады. Мәндердің кейбіреулері аталынған тұрақтылар түрінде жарияланған.

Суреті бар батырма

Суреті бар батырмасы есебінде TButton түрінің туындысы **BitBtn** компоненті саналады. Оның Button батырмасынан айырмашылығы: BitBtn батырмасында жазуымен қатар растрлық сурет (глиф) орналасады.

- **bkCustom** - батырманың бетінде таңдалған сурет орналасады, бірақ ол арнайы жұктеуді кажет етеді;
- **bk OK** - жасыл түспен боялған қанатша мен **OK** (келісу) жазуы шығып тұрады. Компоненттің Default қасиеті True, ал ModalResult - mrOK деп анықталған;
- **bkCancel** - қызыл түспен боялған **X** таңбасы мен **Cancel** - (аластату) жазуымен қамтылған батырма. Компоненттің Cancel қасиеті True, ал ModalResult - mrCancel деп анықталған;
- **bkYes** - жасыл түспен боялған қанатша мен **Yes** (келісу) жазуы шығып тұрады. Компоненттің Default қасиеті True, ал ModalResult - ты - mrYes деп анықталған;
- **bkNo** - батырма үстінен сызылып тасталған қызыл түсті шеңберден және **No** (келіспеу) жазуымен қамтылған. Компоненттің Cancel қасиеті True, ал ModalResult - mrNo деп анықталған;
- **bkClose** - батырманың бетінде жабылып жатқан есіктің бейнесі және **Close** (жабу) жазуы орналасқан. Батырма басылғанда форма автоматты түрде жабылады;
- **bkAbor t**- қызыл түспен боялған **X** таңбасы мен **Abort** (аппаттық түрде токтату) жазуымен қамтылған;
- **bkRetry** - жасыл түспен боялған тіл сызық белгісі мен **Retry** (кайталау) жазуымен қамтылған;
- **bkIgnore** - батырма елемеу белгісімен және **Ignore** (елемеу) сөзімен қамтылған;

♦ **bkAll** - батырманың бетінде екі жасыл түсті қанатша және **Yes to ALL** - (барлық ұсыныстармен келісу) жазуы орналасқан:

♦ **bkHelp** - батырманың бетінде көкшіл түсті сұрақ белгісі және **Help** - (жәрдем) жазуы орналасқан.

BitBtn батырманың Kind қасиеті келісімше bkCustom деп тұрады. Жалпы алдын ала анықталған батырмалардың Glif параметрін өзгертуге болмайды, себебі онда осы қасиетке алдын ала тағайындалған жұмыс орындалмайды.

Батырманың **Margin** қасиеті арқылы глиф пен жазуды батырманың шеттері бойынша тегістеуге болады. Келісімше бұл параметрдің мәні -1 деп тұрады, яғни бейне мен жазу батырманың ортасында орналасқанын көрсетеді.

Тегістеу шеті Layout мәнімен байланысты , егер Layout мәні blGlifLeft деп анықталса, онда тегістеу сол жақ шеті бойынша орындалады.

Space қасиеті арқылы глиф пен жазбаның ара қашықтығы анықталады.

Жедел батырмалар

Delphi ортасы жедел - тез арада қол жеткізу батырмасы ретінде BitBtn - ге ұқсас TGraficControl класының **SpeedButton** туындысын ұсынады. SpeedButton батырмасы терезелік емес компоненттерге жатады, сондықтан бұл батырма енгізу фокусын қабылдай алмайды, бірақ BitBtn және Button батырмаларымен салыстырылғанда оның жұмысына кететін компьютердің ресурстары айтарлықтай кем болып келеді. Әдетте бұл батырманы құралдар тақташасын құрастыруда пайдаланады.

SpeedButton жедел батырмасы ауыстырғыш ретінде жиі қолданылады. Әдеттегі және басылған күйден басқа бұл батырма таңдалған - қосылған (жаңшылған) түрде болуы мүмкін. Батырманың қосылған күй - жағдайын Down (Boolean) параметрі арқылы анықтауға болады, егер оның мәні True болса, онда батырма косылған күйде, керісінше - қосылмаған күйде деп саналады.

2. Ауыстырғыштар

Ауыстырғыштар (жалаушалар) анықталған жиыннан бір ғана мәнді таңдауға мүмкіндік туғызады. Ауыстырғыштар қосылған немесе ажыратылған күйде болады. Ауыстырғыштың күй - жайын тексеріп отырып, программалаушы қажетті операцияларды орындайды.

Delphi ортасы ауыстырғыштармен жұмыс атқару үшін **CheckBox, RadioButton** және **RadioGroup** компоненттерін ұсынады. CheckBox және RadioButton компоненттері - TbuttonControl класының туындылары, сондықтан оларды кейде бекітілген батырмалар деп атайды: CheckBox -тәуелсіз бекітілген, RadioButton - тәуелді бекітілген.

Тәуелсіз бекітілген ауыстырғыш

CheckBox тәуелсіз бекітілген ауыстырғыш және оның көрінісі мәтіндік тақырыбы бар төрт бұрыш түрінде шығып тұрады. Егер осы төрт бұрышта қанатша көрініп тұрса, онда осы опция (ұйғарым) қосылып тұр немесе жалауша орнатылған деп айтады. Бір батырманың күй-жайы басқа батырмаларға әсер етпейді.

Жалаушаның жоғарыда анықталған екі түрінен басқа үшінші - тиым салынған күй - жағдайы болуы мүмкін. Осы күй - жағдайдың болуы Boolean түріндегі **AllowGrayed** параметрімен қамтылады, егер оның мәні True болса, онда тышқанды сырт еткізу арқылы жалаушаның үш күй-жайын анықтайтын тәртібін орнатуға болады. Олар - қосылған, ажыратылған және тиым салынған күй - жағдайлар. Тиым салынған ауыстырғыш сұр түспен боялып, төртбұрышта қанатша орнатылып тұрады.

Ауыстырғыштың күй - жайын өзгерткенде **OnClick** оқиғасы туады. Осы оқиғаны өңдеушінің құрамында әдетте ауыстырғыштың күй - жайын тексеру және тағы да басқа қажетті әрекеттерді орындайтын операторлары болуы мүмкін.

Басқару элементтерін біріктіру

Кейде қосымшаны құрастырғанда әртүрлі басқару элементтер біріктіруді қажет етеді, мысалы ауыстырғыштар немесе құралдар тақташасымен жұмыс атқарғанда. Осындай біріктіру әрекеттері **контейнерлер** арқылы орындалады. Әдетте контейнер деп өзінің бетінде басқа элементтердің орнатылуын және осы компоненттердің біріктіруін қамтамасыз ететін визуалдық элементті атайды. Контейнер өз бетінде орнатылған компоненттердің иесі болып саналады және өз туындылар бейнелерінің салынуына жауап береді. Контейнердің туындысы өзінің алғы буынына **Parent** қасиеті арқылы сілтейді. Әр контейнер өз құрамындағы элементтерді шектеп тұрады.

Әмбебап контейнерлер ретінде Delphi ортасы келесі компонентерді ұсынады:

♦ **GroupBox** - топ;

♦ **Panel** - тақташа;

♦ **ScrollBox** - қарап шығу белдеулерімен қамтылған аймақ;

♦ **Frame** - фрейм.

Жалпы контейнер ретінде форма да колданылады. Форма - оның бетінде орналасқан барлық компоненттердің иесі болып саналады.

3. Фреймдер

Фрейм (TFrame) - бетіне басқа компоненттерді орналастыруға болатын контейнер ретінде қолданылады. Фреймді қолданудың айырмашылығы - оның өзінің басқа бір контейнерде орналасуының мүмкіндігі, мысалы формада немесе тақташада (Panel). Фреймді қолданудың негізгі мақсаты - программаның терезесін әдемі және көрнекі түрде шығару.

Фрейммен жұмыс атқару келесі екі кезеңнен тұрады:

♦ Фреймді құрастыру;

♦ Фреймді формаға немесе Panel - ге орналастыру.

Фреймді құрастыру үшін File=> New Frame опцияларын таңдау керек, сол сәтте қкран бетіне фреймнің бос терезесі шығады және жобаның құрамына жаңа фрейм қосылып тұрады. Енді фреймнің бетіне қажетті басқару элементтерін орналастыруға және оқиғаларға сезіндіру үзінділерін құрастыруға болады. Фрейм және формамен жұмыс атқару ұқсас болып келеді.

Формаға фреймді орналастырғанда жобаның **Uses** бөлімінде автоматты түрде фрейм модулінің сілтемесі көрсетіледі, ал форма класының анықтамасына (Type сөзімен басталған бөлімінде) фрейм элементтерінің оқиғаларын өңдеуші үзінділеріне сілтемелер қосылып отырады.

Бақылау сақтары

1. Қолданушының компоненттерін құру жолдары?
2. Визуалдық компоненттерді қалай қолданамыз?
3. Ауыстырғыштар дегеніміз не?.
4. Фреймдер.
5. фреймдер құрастыру.

МАЗМҰНЫ

Кіріспе..... 3

1 дәрістің тақырыбы: Кіріспе. Delphi ортасымен танысу.....4

2 дәрістің тақырыбы: Визуалдық программалау негіздері.....9

3 дәрістің тақырыбы: Delphi тілінің басқарушы құрылымдары
Консолдық қосымша. 18

4 дәрістің тақырыбы: Массивтер. Деректердің стңдартты типтері.....21

5 дәрістің тақырыбы: *Символдар мен жолдар.* 26

6 дәрістің тақырыбы: Программистің өзі анықтайтын деректердің типтері..... 31

7 дәрістің тақырыбы: Файлдар. 35

8 дәрістің тақырыбы: Процедуралар мен функциялар..... 38

9 дәрістің тақырыбы: Ерекше жағдайларды өңдеу..... 45

10 дәрістің тақырыбы: Графикалық мүмкіндіктер..... 49

11 дәрістің тақырыбы: Мултимедиалық мүмкіндіктер..... 54

12 дәрістің тақырыбы: Объекті-бағдарлы программалаудың элементтері 64

13 дәрістің тақырыбы: Қолданушының компоненттерін құру..... .... .68

Әдебиеттер..... 74

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. В Фаронов. Объектно-риентированная среда Delphi. Версия 6. Учебное пособие. "Русская редакция", 2002.
2. Я. Н. Глинский, В. Е. Анохин, В. А. Ряжская – TURBO PASCAL 7.0 и Delphi. Учебное пособие. Москва – Санкт – Петербург-Киев. 2001.
3. Культин Н. Delphi 3. Программирование на Object Pascal. Санкт-Петербург, 1998. -304 с.
4. Конопка Р. Создание оригинальных компонентов в среде OeIphi.Перс англ.Рей.К.:НИПФ «Диа Софт ЛТД», 1996. -152 с.
5. Орлик С.В. Секреты Delphi на примерах. М.: Бином, 1996. - 136 с.
6. Нурбекова Ж. Практикум решения задач на Delphi 5.О. Учебно-методическое пособие. Павлодар, 2001. -106 с.
7. Халықова К.З. Паскаль тілінде программалау. Оқу құралы. Абай ат.ҚазҰПУ. Алматы, 2002. -2106.
8. Дудина И.П. Построние графиков функций в Delphi. Информатика и образование. №6, 2003, стр.27-31.
9. Давыдова Е.В., Скородумов И.А., Балаханов В.А. Создание базовых элементов интерфейса Windows программы в среде Delphi.
Информатика и образование. №4,5,6. 2002.
10. Халықова К.З., Ануарбекова Г.Ж. Object Pascal тілі. Delphi ортасы. Оқу әдістемелік құрал. – Алматы: Абай ат.ҚазҰПУ, 2008. – 220 бет.
11. Б. Д. Сыдықов, Ш. Т. Шекербекова, Н. И. Культин - Delphi ортасында бағдарламалау практикумы. Алматы, 2005